



ҚАЗАҚСТАН


тарихы

1

Оңтүстік Қазақстан және Жетісудағы

Ұлы Жібек жолы


КАРТА



ортағасырлық қалалар мен

жолдарының

картасы



ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

- - Қазіргі елді мекендер
- - Ортағасырлық қалалар
- - Керуен жолдары


ЕСКЕРТПЕ: Картадағы ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің атаулары әр дәуірде, әрбір ғылыми еңбекте, зерттеулерде әртүрлі аталып жүр.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ – ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ**

**Ш. Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ  
Ә. Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

# **ҚАЗАҚСТАН тарихы**

**КӨНЕ ЗАМАННАН БҮГІНГЕ ДЕЙІН  
ТӨРТ ТОМДЫҚ**




**«АТАМҰРА» БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ, 1996**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ – АКАДЕМИЯ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМ. Ч. Ч. ВАЛИХАНОВА  
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ ИМ. А. Х. МАРГУЛАНА**

# **История КАЗАХСТАНА**

**С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ  
В ЧЕТЫРЕХ ТОМАХ**



**ИЗДАТЕЛЬСТВО «АТАМУРА»  
АЛМАТЫ, 1996**

**БАС РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**АСЫЛБЕКОВ М. Х.,**

**АЛДАЖҰМАНОВ Қ. С**

**БАЙПАҚОВ К.М.,**

**ИСМАҒҰЛОВ О. И.,**

**КӨМЕКОВ Б. Е.,**

**ҚОЗЫБАЕВ М. Қ. (Бас редактор),**

**ҚОШАНОВ А. Қ.,**

**ҚҰЛ-МҰХАММЕД М. А.,**

**НҰРПЕЙІСОВ К. Н.,**

**РОМАНОВ Ю. И.,**

**САҒАДИЕВ К. Ә.**

---

I ТОМ

**ПАЛЕОЛИТ ДӘУІРІНЕН  
СОҢҒЫ ОРТА  
ҒАСЫРЛАРҒА  
ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН**

---

ББК 63.3 (2К)  
Қ 18

Қ 18 **Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Төрт томдық.**  
I том. — Алматы: "Атамұра", 1996. — 544 бет.

ISBN 5-7667-2979-0, т.І.  
ISBN 5-7667-2984-7

Томда тас ғасыры дәуірінен монғол шапқыншылығы кезеңіне дейінгі тарих камтылады. Кітапта тас ғасыры, палеолит және неолит дәуіріндегі шаруашылық пен мәдениеттің дамуы қарастырылады. Қола дәуірінің материалдары келтіріледі. Ертедегі көшпелілер, олардың бірлестіктері, тайпалар мен тайпалық одақтар, сак. усун және кангюй мемлекеттері тарихының өзекті мәселелері айқындалады.

Кітапта ертедегі орта ғасырлар, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ қағанаттарының, сонымен қатар оғыз, қыпшақ. қарахан мемлекеттерінің саяси және әлеуметтік тарихы зерттелінеді.

Ұлы Жібек жолына, ортағасырлық қалалар мен көшпелілер мәдениетін бейнелеуге жеке тараулар арналған. Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар мен халықтардың өзара және көрші халықтармен қарым-қатынастары көрсетіледі.

Кітап тарихшыларға, мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы тарихын оқып-білгісі келетіндердің бәріне арналған.

**ТОМНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ:**

**К. А. АҚЫШЕВ, К. М. БАЙПАҚОВ,  
О. И. ИСМАҒҰЛОВ, Б. Е. КӨМЕКОВ**

Қ 0503000905 — 015 Без объявл.  
418 (05) — 96

ББК 63.3 (2К)

ISBN 5-7667-2979-0, т.І.  
ISBN 5-7667-2984-7

"Атамұра"



## КІРІСПЕ

Бүгінде Қазақстан өз тарихында күрделі бетбұрыс кезеңін бастан кешіріп отыр. Республика тәуелсіздік алып, дүниежүзілік қоғамдастық таныған егеменді мемлекетке айналды. Жаңа азаматтық қоғам және президенттік басқару нысанындағы демократиялық мемлекет дүниеге келіп, 1995 жылғы тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген саяси бостандықтар орнығып келеді, экономикаға реформа жасалуда — әр түрлі меншік түрлері, нарықтық қатынастар қалыптастырылып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының, Қазақстан Республикасының тарихында хронологиясы жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да жаңа дәуір басталды. Жаңа қоғамның қандай болатынын бүгін таңда ешкім де алдын ала болжап айта алмайтын болар. Оған тез арада қиындықсыз өту туралы түсініктер қиял болып шықты. Өту жолы болжанғанына қарағанда әлдеқайда күрделі де қиын жолға айналды. Дағдарыс құбылыстары саяси, экономикалық және рухани саланы шарпыды. Сөз жоқ, мұның бәрі өтпелі кезеңге тән.

Жаңа әлеуметтік-саяси және экономикалық шындықтар Қазақстан халықтарының сана-сезімін өзгертуде. Дүниеге, қоғамға, халықтың тарихына көзқарас өзгеріп келеді. Ұлттық сана-сезім, ал сонымен бірге Отанымыздың шыншыл да ақиқатты ғана айтатын тарихына деген ынта-ықылас та қауырт өсе түсті. Болып жатқан өзгерістерге өткен кездерден ұқсастық іздестіріліп, қазіргі заманның күрделі проблемаларын шешу жолын табуға талпыныс жасалуда. Осындай жағдайларда Қазақстанның тарихи өткен жолының объективті, идеологиялық конъюнктурадан ада көрінісін қалпына келтіру халықтың тарихи зердесін қайта түлетудің негізі, ұлттық бірлікті қалыптастырудың, азаматтылық пен елжандылыққа тәрбиелеудің аса маңызды факторларының бірі болып табылады.

Тарих дегеніміз халықтың зердесі. Ол болып өткен, оны түзете алмайсың және жақында ғана жасалып келгеніндей, конъюнктураға жағынып, бір түсін екіншісімен ауыстырып, жаңадан жаза алмайсың. Біз оны бүкіл қайшылықтарымен, қайғармандық және қайғылы беттерімен қоса, ол қандай болса нақ сондай, бүкіл алуан түрлі, тұтас күйінде қабылдауға тиіспіз.

Өтпелі кезеңнің қиыншылықтары мен қайшылықтары отандық тарих ғылымында да теріс баяндалып келді. Ондаған жылдар бойы ол жалпы одақ-

тық тарих ғылымының арнасында дамыды, оның құрамдас бөлігі болды. Көптеген тарихи зерттеулерге тарихи үрдісті шамадан тыс идеологияландыру, қарадүрсін-тікелей түсіну, схематизм тән еді. Тыйым салу жүйесі зерттеулердің, әсіресе кеңестік кезеңде, деректеме базасын шектеп отырды. Қоғам өмірінің барлық құбылыстары бойынша таптар мен тап күресін маркстік-лениндік тұрғыдан түсіндіруге негізделген таптық-әлеуметтік көзқарас негіз етіп алынған методология үстемдік етті. Бұқараның санасына бұрынғы КСРО халықтарының тарихында, дүниежүзілік тарихта Ресейдің ерекше рөл атқарғаны, оның ерекше үстемдік дәрежесі туралы идея қоярда-қоймай сіңірілді.

Қазақ халқының төл тарихы формациялық сипаттағы жалпы заңдылықтарға лайықталып баяндалып, схемаға түсірілді, одан маңызды оқиғалар мен фактілер, қызметі ресми идеологияның доктриналық нұсқаулары аясына сыймаған аса көрнекті тарихи тұлғалар алынып тасталды. Халық тарихының қайғылы беттері айтылмады. Қазақ халқының аса бай мәдени және тарихи мұрасы, көшпелі өркениеттің дүниежүзілік тарихта атқарған рөлі жете бағаланбады. Дүниежүзілік мәдениеттің дамуы тек отырықшы өмір салтына және шаруашылық жүргізуге байланыстырылды. Адамзат мәдениеті мен техниканың барлық жетістіктері европалық өркениетке ғана телінді. Қазақстан тарихы Орта Азия елдерінің түркі халықтары тарихынан әдейі оқшаулатылды. Бұл сарын «ресми» тарихнамада кең таралды. Бірақ ол біркелкі дамыған жоқ. Археология, этникалық антропология, этнография, ертедегі және орта ғасыр тарихы саласында негізгі нақты және теориялық қағидалары осы кезде де мойындалмай отырған көптеген еңбектер жарыққа шықты. «Социализм дәуіріндегі» ғылыми әдебиетті қабылдамау керек, өйткені онда идеологиялық өзгешеліктердің таңбалары сақталған, кәсіби емес деген пікір бар. Тіпті идеологияландырылғанын ескергеннің өзінде де бұл әдебиет, біріншіден, тарихи ой-пікір эволюциясын зерттеу үшін маңызды деректеме, ал екіншіден, өткенді тануға сын көзбен қарау кезінде қажет болатын нақты тарихи ақпарат.

Республикада бетбұрыс кезеңінде болып жатқан ғаламат өзгерістер тарих ғылымының алдына көптеген проблемалар қойды, олар асығып-аптықпай, салмақты, ғылыми тұрғыдан дәлелденген жауап қайтарылуын талап етеді. Плюрализм көптеген тарихи әдебиеттер туғызды.

Әсіресе ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихы жөнінде көптеген еңбектер шықты, оларда өткен кез әшкереленіп, теріске шығарылды немесе тек қана келеңсіз тұрғыдан қаралды, мұның өзі оны объективті түрде тануға кедергі жасайды. Мұндай еңбектердің авторлары өздерінің тарихи принциптен ауытқығанына, қоғам дамуының диалектикасын елемейтініне қысылып-қымтырылмайды, ал мұның өзі тоталитарлық жүйе жағдайында да орын алған еді. Тарих ғылымына нигилистікпен қарау сарыны, тарихты қайта жаза бастау үшін ол ғылымды жоққа шығаруға ұмтылыс пайда болды. Бұл орайда, кез келген басқа ғылымдағы сияқты, тарих ғылымында да белгілі бір ғылыми таным заңдарының бар екені, білім жинақтау процесінің үздіксіз жүріп жататыны және қол жеткізілгеннің бәрін лақтырып тастап, бәрін қайтадан бастау ғылым жүруге тиісті жол емес екені еленбеді. Бірсыпыра авторлар жекелеген тарихи фактілер мен оқиғаларды жазған кезде жұртты дүрліктірумен, шамадан тыс субъективизммен, оқырмандардың ой-қиялын кез келген әдіспен таңғалдыруға ұмтылумен әуестеніп кетті. Ал шыншыл тарих

жасау объективті талдау жасауды, пікірлердің салмақтылығын, фактілердің дәл берілуін талап етеді, өйткені мұнда адамдардың сезімі, олардың өткен кезбен өзара қатынасы, ұлттық жәйіттер қозғалады.

Тарих тақырыбындағы жарияланымдар арасында этникалық, саяси, әлеуметтік тарихтың күрделі мәселелері кәсіби емес, әуесқой деңгейде шешілетіндері аз емес. Ал мұндай ғылым дүмшелерімен сындарлы сұхбат жасап, пікір сайыстыруға әрекет етуден әдетте түк шықпайды.

Қазіргі қоғамдық қозғалыстар мен партиялар да тарихты кейде өздерінің саяси мақсаттары мен мүдделері үшін пайдалануға тырысады. Мұның объективті себептері де бар. Қоғамда қазақ халқы тарихының үздіксіздігі мен сабақтастығы, оның дүниежүзілік өркениеттілік үрдісінде, Орта Азия елдері жүйесінде алатын орны мен атқаратын рөлі туралы, егеменді мемлекеттің сыртқы дүниемен өзара қатынастары және т. б. туралы өткір пікірсайыстар жүріп жатыр. Бұл жағдайда саясатшылар, қоғамдық қозғалыстар мен партиялардың көшбасшылары тарих тәжірибесін жұмылдыруға, тарих білімін пайдаланып, ғалымдардан қолдау табуға ұмтылуда.

Қоғамдағы өзгерістермен бірге тарих ғылымында да маңызды өзгерістер болып жатыр. Соңғы жылдардағы тарихи ой-пікірде жаңаның өркендері, тез өзгеріп жатқан нақты шындықты ұғынушылық пайда болды. Тарихшылар жаңа әдістемелік көзқарастар, ойлау әдістерін жасауға, тарихи үрдісті оның өзі қандай болса және шын мәнінде қандай болып отырса, сол күйінде — өзара байланысты, тұтастықпен ұласқан, диалектикалық даму үстіндегі түрінде көруге ұмтылуда. Жаңа айқындамалар тұрғысында жазылған еңбектер жарық көрді, өкінішке қарай, ақырына дейін болмаса да, архив қорлары ашылды, Қазақстан тарихының ең елеулі «ақтандақтары» жойылып келеді. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңес қабылдаған «Қазақстан Республикасының тарихи санасын қалыптастыру тұжырымдамасында» атап өтілгеніндей, өткенді және қазіргіні ой елегінен өткізу қажеттігі Қазақстанның, оның халқының тарихи тағдырына талдау жасауды жандандырып, терендете түсуді мейлінше талап етеді.

Қоғамның объективті тарих біліміне ынта-ықыласы мен қажеттері, Қазақстан тарихы үрдісінің үздіксіздігін, қазақ халқы тарихы мен мәдениетінің ежелден бастап қазіргі күндерге дейінгі сабақтастығын жана айқындамалар тұрғысынан ашып көрсетуге әрекет жасау осы іргелі еңбекті дайындап, басып шығаруды қажет етті. Мұнда соңғы онжылдық ішінде Қазақстан тарихын зерттеудің қорытындысы шығарылып, Қазақстан тарихнамасының жаңа еңбектері, археологтар мен антропологтардың жаңалықтары, этнографтардың талдамалары, Қазақстанның этникалық тарихының, этникалық аумағы қалыптасуының және аумақтық тұтастығының, қазақ халқы бірлігінің проблемалары, ұлттық мемлекеттілік, қазақтардың монғол жаулап алушыларына, жоңғар шапқыншылығына, патша самодержавиесіне қарсы өз Отаны жолындағы ұлт-азаттық күресі проблемалары, түркі халықтарымен өзара байланыстары және т. б. бойынша өткізілген ғылыми-теориялық конференциялардың, пікірсайыстардың ұсыныстары мен тұжырымдары ескерілген. Жаңа құжаттар, соның ішінде нарративтік деректемелерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігінің бұрын жабық болып келген архивтері мен Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің үкіметтік мекемелері қорларынан алынған құжат-

тар ғылыми айналымға енгізіліп, шетелдік тарихнаманың бұрын қол жетпей келген еңбектері пайдаланылды. Мұның өзі өткенді тереңірек түсініп, халық тарихының, әсіресе кеңестік кезеңдегі қаһармандық беттерін ғана емес, қасіретті беттерін де тарихи зердеге оралтуға мүмкіндік берді.

Авторлар ұжымы Қазақстан тарихын өзіндік төл тарих ретінде және сонымен бірге Евразия тарихының, түрік дүниесі халықтары тарихының табиғи бір бөлігі ретінде, адамзаттың дүниежүзілік тарихының бір бөлігі ретінде қарастыруға, дүниежүзілік өркениеттілік үрдісіндегі қазақ халқының орны мен рөлін ашып көрсетуге тырысты. Мұның қаншалықты орындалғанын оқырмандар айта жатар.

Басылым төрт томнан тұрады. Бірінші томы — көне заманнан, палеолит дәуірінен XIII ғасырдағы монғол шапқыншылығына дейінгі кезенді, екіншісі — XIV—XVIII ғасырдың басын, яғни Қазақ хандығының ұлттық мемлекет ретінде құрылып, дамуы мен қазақ этносының қалыптасу уақытын, үшіншісі — XVIII ғасырдың 30-жылдарынан 1917 жылға дейінгі кезенді және төртіншісі — 1917 жылдан қазіргі кезге дейінгі кезенді қамтиды. Өз кезегінде әрбір томда кезеңдер неғұрлым бөлшектеліп баяндалған бөлімдер бар.

Авторлар бүкіл тарихты қайтадан жазып шығуға ұмтылған жоқ, оларға өткенді, әсіресе соңғы жетпіс жылды жоққа шығаратын нигилистік көзқарас жат болды. Басылымның басты мақсаты — тарихи үрдіске жаңаша ой жүгірту, қазақ халқының өткендегі тарихи құбылыстарын объективті ғылыми тұрғыдан түсіндіруге жаңа көзқарастар табу. Кітаптың бөлімдері мен тараулары фактологиялық материалдардың молдығымен, теориялық қорыту деңгейімен және стилистикалық жағынан ерекшеленеді, жекелеген қағидалар, тұжырымдар әлі де жеткілікті тиянақталмаған, сондықтан пікірсайыс туғызуы мүмкін.

Басылымға мамандығы әр түрлі авторлардың үлкен тобы қатысады, сондықтан бірқатар тұжырымдамалық мәселелерде түрлі пікірлер бары айқындалды. Редакциялық алқа мұндай жағдайларда авторлардың дүниетанымдық айқындамаларын жақындастыруға тырысқан жоқ. Бұл жекелеген проблемаларды баяндауға жаңа көзқарастар іздестірілгенін көрсетеді, ал мұның өзі уақытты, қосымша деректемелерді, әдістеменің одан әрі жетілдірілуін талап етеді. Сонымен бірге авторлар ұжымы тарихи өткенді объективті түрде көрсетуге, тарихи тұрғыдағы принциптерді, сабақтастықты сақтауға ұмтылды.

Ұжымдық «Қазақстан тарихы» еңбегі тарихи энциклопедия емес, мұнда проблемалардың ашылу дәрежесінің әр түрлі екені, көптеген оқиғалардың, фактілердің басылымға еңбей қалғаны табиғи нәрсе. Кітапта тарих ғылымының бүгінгі тандағы жетістіктері қамтылған. Басылым Қазақстан тарихының жекелеген проблемаларын зерттеудегі «осал буындарды» да аңғартты, бұл мағынасында алғанда ол ғалымдардың тағы да не жөнінде жұмыс істеуі керек екеніне бағдар береді. Бұл түрлі бағыттардағы ғылыми ізденістерді жандандыра түседі деп сенеміз. Басылымда Отанымыздың тарихы жөнінде мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау үшін жаңа тұжырымдамалық қағидалар мен материалдар бар.

Бұл еңбекті дайындау кезінде авторлар ұжымы ұшқарылықтарға ұрынбауға тырысты, сөйтіп өткеннің дәстүрі мен тәжірибесін жаңа идеялармен және түсініктермен ұштастырып, өздерінің Қазақстан тарихының күрделі

проблемаларын зерттеуде аз іс тындырмаған ізашарларына құрмет сезімін көрсетті. Тексте осының алдындағы бес томдық Қазақстан тарихы басылымының (1977—1981 жж.) материалын қайталайтын жекелеген үзінділер кездеседі. Бұл негізінен ежелгі және ортағасырлық тарихқа қатысты. Бұл кезеңдердің жазылуы оншама көп идеологияландырылмаған, ол дәуірлердің проблемалары бойынша жасалған талдамалар халықаралық деңгейде танылған, сондықтан біз оларды қазақ халқының өткені туралы тарихи білімнің бүгінгі таңда да маңызды негізі болып қала береді деп санаймыз.

Авторлар ұжымы өзінің алдында тұрған негізінен өтпелі кезеңге байланысты қиындықтар мен проблемаларды ұғынды және солай бола тұрса да, көп томдық іргелі еңбек жасауға бел байлады. Біз басылым кең көлемде ғылыми қауымның, студенттердің, оқытушылардың назарын аударады, өлкетанушыларға көмек көрсетеді, Қазақстан тарихы жөнінде жаңа ақпарат алғысы келетін оқырмандардың ынта-ықыласын туғызады деп үміттенеміз. Біз сындарлы сипатта айтылған ескертпелерге ризашылық білдіреміз.

Басылымды жоғары оқу орындары оқытушыларының қатысуымен Ғылым академиясының Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институты әзірледі.

Редакциялық алқа реті келгенін пайдаланып, басылымды дайындау жұмысына қатысқандардың бәріне — авторлар ұжымының мүшелеріне, құрастырушыларға, техникалық жұмысты орындаған қызметкерлерге, баспа қызметкерлеріне алғыс айтады.

Редакциялық алқа мен авторлар ұжымы осы басылымды жүзеге асырғаны үшін «Атамұра» корпорациясы мен Алматы темекі компаниясының акционерлік қоғамына және «PHILIP MORRIS» компаниясының тобына терең ризашылық сезімін білдіреді. Олардың баспагерлік көмегінсіз бұл басылым жарық көрмес еді.

Редакциялық алқа, 1995 жылғы қараша

## РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚАДАН

Төрт томдық «Қазақстан тарихының» бірінші томы ежелгі, көне және ерте ортағасырлық тарих проблемаларына арналған. Бес томдық «Қазақ ССР тарихының» 1977 және 1979 жылдарда бірінші және екінші томдары шыққаннан бергі уақыт ішінде зерттеушілер Қазақстан тарихының ертедегі және орта ғасырлардағы даму кезеңдері жөнінде жаңа материалдар жинақтады. Сонын нәтижесінде бұрынғы бірқатар қағидалар нақтыланып, неғұрлым салиқалы дәлелденді, кейбіреулері отандық және дүниежүзілік тарих ғылымында болған өзгерістер тұрғысынан қайта қаралды.

Палеолит, неолит және энеолит дәуірлерінің жаңа ескерткіштері ашылды. Олардың ішінде Ертістегі Қозыбай қонысы, Маңғыстау мен Солтүстік Қазақстанның неолиттік ескерткіштері бар. Солтүстік Қазақстандағы энеолиттік Ботай қонысының қазбалары Қазақстанның жылқыны үйрету және болашақтағы көшпелі өркениетті қалыптастыру өңіріне кіретінін анықтады. Тұрғын жайлар, тас пен сүйектен істелген көптеген әрнекті заттар табылды, олар Қазақстанның тас дәуіріндегі ежелгі тарихы мен археологиясын жаңа қырынан ашып көрсетеді.

Осыдан төрт мың жыл бұрын, қола ғасыры дәуірінің өзінде-ақ Қазақстан аумағында тарихқа андронов және бегазы-дәндібай мәдениеті деген атпен енген тайпа мекендеген. Олар егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысқан, жауынгерлік күйме жасаған тамаша жауынгерлер болған. Ежелгі адамдар күймесінің бейнесі өздерінің тайпалық қасиетті ғибадатханаларына айналдырған жартастарда сақталып қалған, ал ол ғибадатханалардың төбесіне көк аспан күмбез болған. Күн күйдірген қара жартастардың беттеріне адамдар би көріністерін, күн сияқты басы бар құдайлардың, ежелгі құдай бейнелерін көрсететін алып түйелер мен өгіздердің бейнелерін қашап салған.

Қазақ даласының әр жерінде жатқан атақты жауынгерлердің қорғандары үйінділері мен сағаналарының алып көлемімен ерекшеленеді. Сарыарқа мен Арал өңірінің далаларындағы Түгіскен және Бегазы мен Дәндібай кесенелері мейлінше мәлім. Ол дәуірдегі адамдар тамаша жауынгер, бақташы және егінші болып қана қоймай, сонымен қатар таңғажайып металлург те болған. Олар қоладан балта, пышақ, қанжар, әсемдік заттар жасаған.

Ол кездегі адамдар қазірде де пайдаланылып келе жатқан мыс кеніш-

терін игере бастаған, олар — Жезқазған және Саяқ мыс кеніштері. Бұл адамдар үлкен қоныстарда және қабырғалармен қоршалып, айналдыра ор қазылған ежелгі қалаларда тұрған. Қалаларды жауынгерлер мен қолөнершілер, абыздар мен егіншілер мекендеген. Бұл тайпалар Қазақстан аумағын мың жылға жуық — б. з. б. XVII ғасырдан б. з. б. IX—VIII ғасырға дейін мекен еткен.

Олардың орнына сақтар келген. Бұл халықты ежелгі парсылар солай атаса, қытайлар оны «сэ», ал гректер «скифтер» деп атаған. Олар көшпелі, жартылай көшпелі және егінші ел болатын. Бірақ олар ең алдымен тамаша шабандоздар еді. Дүниеде атпен шауып келе жатып садақпен атуды бірінші болып сақтар меңгерген. Қайтпас қайсар кісікиік (кентавр) бейнесінің үлгісі салт атты скиф және сақ адамы болған.

Б. з. б. VI—III ғасырларда сақтар өзінің тұңғыш мемлекетін құрып, оның орталығы Жетісуда, оңтүстік-шығыс Қазақстанда болған. Сақтардың патшалары бір мезгілде жоғарғы абыздардың рөлін атқарған. Сақтардың өз жазуы, мифологиясы және дүниежүзілік деңгейдегі үздік өнері болды, ол әдебиетте «Аң стильді өнер» деп аталды. Сюжеттері — жыртқыш аңдар мен шөппен қоректенетін жануарлар, солардың арасындағы күрес. Сақтардың алтын мен қоладан жасалған үздік туындылары дүние жүзі мұражайларының мұрағаттарын көріктендіріп тұр.

Тіл мәселесі де күрделі болатын. Б. з. б. I мыңжылдық ішінде Қазақстан тұрғындары көбінесе үнді-европа, үнді-иран тілдерінде сөйлеген деп саналып келді. Ал қазір қола ғасыр тайпаларының, әсіресе сақтардың ішінде ежелгі түркі тілдерінде сөйлеген тайпалар болған деген пікір барған сайын орнығып келеді.

Есік қорғанында «Алтын адам» көмбесінен түбіне 26 таңба ойып жазылған күміс тостаған табылды. Ол әлі оқылған жоқ. Бір ғалымдар жазба түрік тілдерінің бірінде, басқа біреулері ертедегі түркі тілінде жазылған деп есептейді. Бірақ қандай жағдайда болса да, орта ғасырлардағы және қазіргі қазақтардың бет пішіні мен тілі, олардың психологиялық стереотиптері, мәдениетінің, тұрмысы мен халықтық әдет-ғұрпының көптеген элементтері сол кезде қалыптаса бастайды.

Б. з. I ғасырының орта шені — қазақтар мен күллі түріктер тарихындағы аса маңызды ғасыр. Осы кезде этникалық орта өзгере бастайды — түркі тілдес тайпалар басымдық алып, олардың орталығы Алтай болады. VI ғасырдың екінші жартысында жазба деректерде «түрік» термині кездеседі (қытайша айтылуы — туцзюе, соғды тілінде — түрк).

Түрік ескерткіштерін археологиялық зерттеу оларды кейбір түрік тайпалық бірлестіктерімен белгілі бір дәрежеде салыстыруға мүмкіндік береді. Саян-Алтайда ертедегі қырғыздармен, ертедегі қыпшақтармен, ертедегі оғыздармен салыстырылатын археологиялық мәдениет бөліп көрсетілген. Өзара қырқыстар, тайпалық соғыстар, билік пен мал өрісі үшін күрестер барысында Қазақстан даласында, алқаптарында өмір сүрген түрік тайпаларының бір бөлігі оңтүстікке — Орталық Азияға (түргештер, қарлұқтар, қыпшақтар, өзбектер, оғыздар, түрікмен-салжұқтар), Кіші Азияға, Кавказға (түрікмендер мен салжұқтар), Шығыс Европаға (қангар-печенегтер, қыпшақ-половцтар, түркі-оғыздар, карақалпақтар) қоныс аударды.

VI ғасырдан XIII ғасырдың басына дейін Қазақстан аумағында монғол шапқыншылығына дейін бірін-бірі ауыстыра отырып, Батыс-Түрік, Түргеш,

Қарлұқ қағанаттары, оғыздардың, қарахандардың, кимектердің, қыпшақтардың мемлекеттері өмір сүрді. Монғол шапқыншылығынан кейін XIII ғасырдың басында Монғол империясының Жошы және Шағатай ұлыстары құрылып, сонан соң олар Ақ орда, Моғолстан, ал кейіннен Қазақ хандығын өмірге келтірді.

Бұл мемлекеттердің бәрі аралас экономикалы болатын. Малшылардың тайпалары егіншілер тайпаларымен көршілес тұрып, дала мен қала бір-бірін толықтырып отырды. Ертеде және орта ғасырларда Батыс пен Шығысты: Жапонияны, Корея мен Қытайды Орталық Азиямен, Иранмен, салжұқтар мемлекетімен, Русьпен және Византиямен, Франция және Италиямен жалғастырып жатқан Ұлы Жібек жолының бойында Тараз, Отырар, Испиджаб, Талхир қалалары тұрды.

Ұлы Жібек жолының бойына би мен кескіндеме өнері, сәулет және музыка өнері таралды. Оның бойымен манихей және будда, христиан және ислам діндері келді, ал ислам діні VIII ғасырдан бастап басымдық алып, сонан соң қазақтардың да дініне айналды. XIV ғасырдың аяғы – XV ғасырдың басында Сырдария жағасындағы Түркістан қаласында бүкіл түркі тілдес халықтардың діни қасиетті орны – Қожа Ахмет Иассауи кешені салынды.

Қазақстан территориясында тұратын халықтар түрлі әлемдік өркениеттің бағалы қазыналарын бойына сіңіріп, өз кезегінде оны шаруашылықты жүргізу мен мәдениетте жеткен жетістіктерімен: көшпелі тұрмысқа қолайлы киіз үй, аттың ер-тұрманы, соғыс өнері, қол өнері, кілем тоқу және күміс әшекейлері, сайын даладағы жылқы шабысын еске түсіретін әуенімен, әсем ән-жырымен байыта түсті. Мұның бәрі ертедегі және орта ғасырдағы Қазақстан тарихының тұтастығы мен сабақтастығын анықтайды.

Жалпы томның мазмұны Евразия құрылығының ажырағысыз бөлігі – Қазақстан өзінің сан ғасырлық бүкіл тарихы бойында Шығыс және Батыс өркениеттерінің этникааралық байланыстарының белсенді аймағы болғанын айқындайды. Табиғи және адамдар туғызған дүлей апаттардың қысымымен халықтардың ұлы көші-қоны, үлкенді-кішілі мемлекеттердің әрлеуі мен құлдырауы, қазіргі ұлттардың негізіне айналған түрлі халықтардың қалыптасуы, олардың дүниежүзілік мәдениет қазынасына қосқан үлесі – осының бәрі Ұлы дала мен оның халқы ойкуменнің шет аймақтағы шылауы емес, қайта Ескі дүниенің этникалық тарихының қақ ортасында болғанын айқын дәлелдейді.

«Қазақстан тарихы» бірінші томының тексін мына авторлар жазды: «Ертедегі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы» тарауы – А. А. Бисембаевтың материалдарын пайдаланып К. М. Байпаков (§ 1); 3-параграфта К. Ш. Хафизованың материалдарын пайдаланып, Б. Е. Көмеков (§§ 2, 3); 1-бөлім, 1 тарау – 4-параграфта А. М. Кисленконың материалдарын пайдаланып, Ж. К. Таймағамбетов; 2-тарау – Ж. К. Таймағамбетов, осы тараудың 1, 2-параграфтардың тексін Манғыстаудың неолиті (жартылай) мен энеолитін З. С. Самашев пен А. Е. Астафьев, Солтүстік Қазақстанның энеолитін А. М. Кисленко жазды; 3-тарау – К. А. Ақышев (§§ 1, 2, 4, 6); 4-параграф Г. Б. Здановичпен бірге, 6-параграф Арал өңірі тайпаларының мәдениетін жазуда М. А. Итинаның материалдары пайдаланылды, § 3 – М. Қ. Қалдырбаев, Ж. Қ. Құрманқұлов, § 5 – А. Г. Максимова, § 7 – А. О. Исмағұлова. 2 бөлім, 1-тарау – К. А. Ақышев (§§ 1, 2, 8, 9), 2-параграф Түгіскен мен Ұйғарақ тексін М. А. Итина дайындалды; §§ 3, 5 – М. Қ. Қалдырбаев,



§ 4 – М. К. Хабдулина, § 6 – Р. Б. Исмагилов, § 7 – З. С. Самашев пен В. С. Ольховский; 2-тарау – К. А. Ақышев, § 1 Ю. А. Зуевпен бірге; 3-тарау – К. М. Байпақов пен Е. А. Смағұлов (§§ 1, 2, 3); § 4 – А. О. Исмағұлова. 3-бөлім, 1-тарау – Б. Е. Көмеков (§§ 2–6); § 1 – Ю. А. Зуев, 3,5-параграфта С. Г. Агаджановтың материалдары пайдаланылды; 2-тарау – К. М. Байпақов, 7-параграфта С. Г. Кляшторныйдың материалдары пайдаланылды; 3-тарау – Б. Е. Көмеков (§§ 1, 4), А. Ш. Қадырбаев (§§ 2, 6), Ю. А. Зуев (§ 3), А. О. Исмағұлова (§ 5), 4 және 5-тараулар – К. М. Байпақов.

Томдағы иллюстрациялар мен картографиялық материалдарды К. А. Ақышев, А. Е. Астафьев, К. М. Байпақов, А. О. Исмағұлова, Б. Е. Көмеков, Ш. Қ. Құрманқұлов, В. С. Ольховский, З. С. Самашев, Е. А. Смағұлов, Ж. К. Таймағамбетовтер әзірледі.

Ұлы Жібек жолының картасын К. М. Байпақов дайындады.

Этнонимдер көрсеткішін – С. К. Өтениязов, хронологиялық көрсеткішті Ю. И. Романов, тарихи-географиялық және топографиялық атаулар көрсеткішін – Қ. С. Алдажұманов, З. Х. Наурызбаева, есімдер көрсеткішін – А. Т. Қапаева әзірледі.

Құрастыру жұмысын жүргізген Ю. И. Романов. Томды басуға дайындау жөніндегі техникалық жұмысты жүргізгендер: Ж. А. Аханов, Қ. Е. Ерғазиева, А. И. Нарманбетова, Г. Ж. Өскенбаева, Ю. И. Романов, А. Т. Тұрысбеков, фотограф О. Г. Медведев, чертежін сызған Г. Б. Демченко, суретші К. А. Власов.

Томды қазақ тіліне аударған Ж. Ә. Әбішев.

Қазақша басылымның редакциясын қарағандар: М. Қ. Қозыбаев, Қ. С. Алдажұманов.

## ЕРТЕДЕГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫ

### 1. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН. АРХЕОЛОГИЯ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛДАП ЗЕРТТЕУ

Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер орта ғасырлардағы ғалымдар мен тарихшылар, географтар мен саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. Олар өз еңбектерінде өздері тікелей көзімен көрген немесе өздеріне айту бойынша мәлім болған әдеттен тыс заттар, бейнелер, өз замандарынан көп бұрын болған қалалар мен қоныстардың жұрттарын, оқиғаларды айтып кеткен.

Қазақстанның өткендегісін ғылыми зерттеуде І Петрдің көне мұраларға ұқыпты қарауға, оларды суреттеу мен жинауға әмір берген жарлықтары, сондай-ақ оның бастамасы бойынша Сібірді және Ресейге жапсарлас жатқан Қазақстан жерін зерттеу мақсатымен қолданылған шаралар маңызды рөл атқарды. Осы әрекеттердің нәтижесінде 1707 жылы Тобыл боярының ұлы С. Ремезов жазған «Сібірдің сызба кітабы» жарық көрді. Онда географиялық деректермен қатар, қазақ даласының археологиялық ескерткіштері туралы мәліметтер де келтірілген<sup>1</sup>.\*

Келесі археологиялық қызықты мәліметтер 1733 жылы Сібірге академик Г. Ф. Миллердің басқаруымен жасалған бірінші академиялық экспедицияның есептерінде айтылған. Экспедиция құрамында белгілі ғалымдар Л. Делаклоер, И. Фишер, геодезистер А. Красильников, А. Иванов, М. Ушаков жұмыс істеген еді.

1768–1774 жылдары Еділ бойының Оралдың, Сібір мен Қазақстанның тарихын, географиясын және олардағы халықтардың этнографиясын зерттеу мақсатымен ұйымдастырылған екінші академиялық экспедиция Қазақстанда археологиялық зерттеу ісін жалғастырды. Экспедицияға сол кездегі аса көрнекті ғалымдар П. С. Паллас, И. П. Фальк, И. Г. Георги, П. И. Рычков, Х. Барданес қатысты<sup>2</sup>.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресейде Орталық және Шығыс Қазақстанның табиғи байлықтарына қызығушылық күшейе түсті. Геологтар, кен инженерлері жол-жөнекей көненің көздеріне де назар аударып, оларды си-

\* Сілтемелер әр бөлімнің соңында беріледі.

паттап, жазып отырды, сөйтіп бұл аудандардың ескерткіштері туралы мәліметтер қорын молайта берді.

XIX ғасырдың орта шеніне қарай негізінен Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстан бойынша едәуір материал жинақталды<sup>3</sup>.

Әрине, сол кезеңге қарағанда, археологиялық ескерткіштердің шын мәніндегі ғылыми зерттелуі жөнінде айтуға болмайды. Көбіне кездейсоқ, мақсатты зерттеулер нәтижесінде емес, жол-жөнекей алынған мәліметтердің бастапқы жинақталу фактісін ғана атап өтуге болады. Қазба жұмыстары жайында да байсалды сөз етуге болмайды. Кейбір ғалымдар қорғанды қазып көруге әрекет жасады, бірақ қазба жұмыстарын жүргізудің әдістемесі болмағандықтан, алдарына қойған мақсат-міндеттері болмады да, сондықтан олар заттарды жинаумен ғана айналысты. Алайда ескерткіштерді тіркеу, олардың картасын жасау, белгілеу фактілерінің жасалғаны рас, олар істеген жұмыстың құндылығы да міне осында. Бұл салада сол кезде атқарылған жұмыстың көбі бүгінгі таңда да өз маңызын жоғалтқан жоқ.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласындағы көненің көздері Археологиялық комиссияның, Тарих мұражайының, Мәскеу археологиялық қоғамы мен Ресейдің басқа да орталық ғылыми мекемелерінің назарын аударып бастады. Сырдария (Түркістан) және Жетісу облыстары құрамында Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуына байланысты жаңа өлкеге, соның ішінде оның өткендегісіне ден қою күшейе түседі.

Талғар қаласының орнын, Шеңгелдінің қираған үйіндісін суреттеп, Ш. Ш. Уәлиханов Жетісу тарихының археологиялық ескерткіштері туралы маңызды жазбалар қалдырды<sup>4</sup>.

1862 жылы Қазақстанда В. В. Радлов археологиялық жұмыстар жүргізе бастады, қола ғасыр көмбелерін алғаш рет ғылыми негізде қазу жұмыстарын жүргізу ісі соның есімімен байланысты. В. В. Радлов солтүстік-шығыс Қазақстан мен Сібірдің ертедегі ескерткіштерін топтауды және кезең-кезеңге бөлуді ұсынды. Бұл аудандар мәдениетінің тарихын ол мыс және қола ғасыры, ертедегі темір ғасыры, жаңа темір ғасыры және ертедегі орта ғасырлар кезеңдеріне бөлді. Бұл ғалымның еңбектері Қазақстан археологиясының ілгері басқан үлкен қадамы болып, оны дамыта түсті<sup>5</sup>.

1867 жылы Археологиялық комиссияның тапсыруымен орыстың белгілі шығыстанушысы П. И. Лерх Түркістан өлкесін зерттеді. Ол Сырдария бойындағы Сауран, Сығанақ қалаларының орындарын қарап шықты, Талас алқабының бірқатар қалаларының орындарында болып, Жанкент қаласының орнын қазды. Ол өзі кездестірген ескерткіштерді тіркеумен, мұқият сипаттаумен қоса, олар туралы жазбаша хабарларды іріктеп, осы үзінділерге талдау жасады және түсініктеме берді. Жазбаша деректемелердің мәліметтерін өзінің археологиялық олжаларымен салыстыра келіп, ол қираған орындарды нақты тарихи қалалармен баламалады<sup>6</sup>.

1893—1894 жылдарда В. В. Бартольдтың осы аймаққа іссапармен келуі археология мен шығыстану ісін дамытуда зор рөл атқарған оқиға болды. Ол Шу және Талас алқабының, Ыстықкөл ойпаты мен Іле өзені алқабының ескерткіштерін көріп шықты. Ол жазған «Ғылыми мақсатпен Орта Азияға сапар туралы есеп» осы кезге дейін тарихи ақпараттың үлгісі болып қалып отыр. Көптеген жазбаша деректемелерге сүйене келіп, В. В. Бартольд зерттеген ауданының топографиялық көрінісін суреттеп, археологиялық жағы-

нан болашағы зор ескерткіштерді анықтады және оларды орта ғасырдағы белгілі қалалармен салыстырды. Атап айтқанда, ол Таразды Әулиеата (Жамбыл) орнында деп белгіледі. В. В. Бартольдтың материалдары Қазақстанның оңтүстігі мен Қырғызстан халықтарының өткен тарихының пердесін ашып берді. 1895 жылы Ташкентте құрылып, жергілікті зиялылардың өлкенің өткеніне, оның тарихына, сәулет және өнер ескерткіштеріне ден қоятын өкілдерін, әскери адамдарды, чиновниктерді біріктірген археология әуесқойларының Түркістан үйірмесінің ұйымдастырылуы соның есімімен байланысты<sup>7</sup>.

XX ғасырдың басында құрылған Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір, Семей және Орынбор бөлімдері, Орынбор ғылыми архив комиссиясы Орталық, Солтүстік-Шығыс Қазақстанды археологиялық зерттеу ісінде елеулі рөл атқарды. Соның нәтижесінде XIX–XX ғасырдың басында нақтылы, мол материал жинақталып, ол кейбір дәрежеде жүйеге келтірілді. Көненің көздерін қорғау жөнінде де шаралар қолданылды. Сол кездегі ескерткіштердің көбісі қазір жойылып, қиратылып жіберілген, алғашқы зерттеушілердің ынта-жігері арқасында ғана бүгінгі таңда ғылымда олар туралы мәліметтер бар.

1917 жылғы революциядан кейін археологиялық зерттеулер жалғастырылды, бірақ олар енді мемлекеттік негізде жүргізілді. 1919 жылы Материалдық мәдениет тарихы академиясы, ал 1920 жылы Мұражайлар және өнер, табиғат, көне ескерткіштерді қорғау істері жөніндегі Түркістан комитеті құрылды. В. В. Бартольдтың ұсынысы бойынша, комитеттің ең таяудағы міндеті археологиялық карта жасау болды. Сөйтіп ежелгі ескерткіштерді есепке алудың, зерттеудің, сақтаудың негізі қаланды.

Революциядан кейінгі алғашқы жылдардағы еңбектер ішінде археологтар П. П. Ивановтың Сайрамда және В. Д. Городецкийдің Жетісуда, Қазақстанның оңтүстігінде жүргізген зерттеулері, Орта Азияның ертедегі тарихын ең ірі зерттеуші М. Е. Массонның Сайрам қала жұртына және Түркістандағы Ахмет Иассауи кесенесіне арналған мақалалары бар<sup>8</sup>. Батыс Қазақстанда 1926 жылы М. П. Грязновтың I Киргильд пен II Киргильд қабірлерін, Орал сайды, Құнанбай сайды ашып, қазба жұмыстарын жүргізуі бай материал берді және андронов мәдениеті тек Батыс Сібірге ғана тән деп орныққан пікірді өзгертті<sup>9</sup>.

30-жылдары бірқатар ірі экспедициялардың зерттеулері республиканың көптеген аудандарын қамтыды. Археологияны тарих ғылымының дербес бөліміне біржола айналдыру ісі жүргізілді.

Олардың ішінде П. С. Рыков, О. А. Кривцова-Гракова, С. С. Черников басшылық еткен экспедициялар бар<sup>10</sup>.

Сарыарқаның ежелгі ескерткіштерін және әсіресе ертедегі кен ісі мен мыс балқыту өндірісін зерттеуде Қ. И. Сәтбаев маңызды рөл атқарды<sup>11</sup>.

Осы жылдарда Қазақстан ғылыми мекемелерінің қызметі жандана түседі. Қазақстанның Орталық музейі ескерткіштерді тіркеу, кездейсоқ табылған олжалардың есебін алу ісін және шағын қазба жұмыстарын жүзеге асырады. Баспасөзде Көксу өзеніндегі қаланың орны туралы және Жетісудағы ескерткіштер туралы мақалалар шығады<sup>12</sup>. 30-жылдардағы археологиялық жұмыстарда Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігіндегі экспедициялық зерттеулер жетекші орындардың бірін алады, оларды А. Н. Бернштамның басшылығымен Ғылым академиясының Қазақ филиалымен бірлесе отырып,

КСРО ҒА-ның Материалдық мәдениет тарихы институты ұйымдастырған еді. Соғыс алдында далада өткізілген төрт жылдық зерттеу маусымы аралығында (1936–1940 жж.) Жетісу археологиялық экспедициясы бірқатар қалалардың орнына кең көлемде барлау және тұрақты қазба жұмыстарын жүргізді. Ортағасырлық Тараз қаласы орнында жүргізілген кең ауқымды қазба жұмыстарының және оның округіндегі ескерткіштерді зерттеудің нәтижелері бойынша осы ауданның археологиялық материалдарын кезеңдерге бөлу ұсынылып, қала дамуының негізгі сатылары белгіленді, оның округінің қалыптасу жолдары анықталды. Қазақстан археологиясы үшін бұл ортағасырлық қаланы кешенді түрде тарихи-археологиялық зерттеудің тұңғыш тәжірибесі болатын.

А. И. Бернштамның мақалаларында жаңа материалдар жарияланып қана қоймай, сонымен бірге ортағасырлық қала тарихының, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың отырықшы және көшпелі халықтарының өзара әрекетінің аса маңызды проблемалары, қаланың қалыптасу мәселелері мен оның мәдени-тарихи байланыстары, сондай-ақ тарихи топографиясы белгіленіп, ішінара шешілді.

1946 жылы Қазақстанда Ғылым академиясының құрылуына байланысты археологиялық жұмыстардың көпшілігін Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археология бөлімі жүргізді. Сол кезден бастап археологиялық зерттеулер ауыртпалығының орталығы Алматыға ауысады, Қазақ археология мектебі қалыптасады. Жалпы 1946 жыл Қазақстан археологиясының дамуындағы жаңа кезеңнің басы болды.

Құрылған бөлімнің алғаш ұйымдастырған археологиялық экспедициясы Орталық Қазақстан экспедициясы (ОҚАЭ) болды, оны сол кезде академик Ә. Х. Марғұлан басқарды. Бұл экспедиция осы кезге дейін Сарыарқадағы көненің көздерін үнемі іздестіріп, зерттеп келеді.

Ә. Х. Марғұлан экспедициясының жұмысы жер аумағымен ғана емес, сонымен қатар зерттелетін ескерткіштердің хронологиялық диапазонының кеңдігімен де ерекшеленді. Экспедиция неолит және энеолит дәуірлерінің тұрақтарын, андронов және дөңдібай-бегазы мәдениеттерінің қоныстары мен зираттарын, б. з. б. VII–I ғасырлардағы жерлеу ғимараттарын, түрік заманы қорғандарын, ортағасырлық қалалар мен қоныстарды тауып, зерттеді және қазу жұмыстарын жүргізді. Ә. Х. Марғұлан орта ғасырларда Орталық Қазақстанның көшпелілер елі ғана емес, сонымен қатар отырықшы және қала мәдениеті орталықтарының да бірі болғанын дәлелдеп берді. Мұнда Нұра және Сарысу алқаптарында, Ұлытау етегінен қолөнерінің, сауда мен егіншіліктің орталықтары болған ортағасырлық қоныстар мен қалалардың қалдықтары табылды. Олар түсті металдар — мыс, қалайы, күміс өндіріп, балқыту орындары ретінде ерекше маңызды болды.

Соғыстан кейінгі екінші ірі экспедиция — А. Н. Бернштам мен Е. И. Агеева басқарған Оңтүстік Қазақстан экспедициясы. Оның жұмысының қорытындысы Отырар оазисіндегі, Шу-Талас өзендерінің аралығындағы, Қаратаудың солтүстік беткейіндегі, Сырдария алқабындағы қалалар мен қоныстар орындарының үлкен тобын зерттеу, картаға түсіру болды. Қала орындарын зерттеу мен керамиканы топтау түйінді мәдени-тарихи кезеңдер туралы, қолөнер мен сауданың даму деңгейі туралы пікір айтуға мүмкіндік берді.

1945 жылдан бастап, Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясымен және Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясымен қатар дерлік КСРО Ғылым академиясының С. П. Толстов басшылық еткен Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Қызылорда облысында археологиялық зерттеу ісін жүргізді.

1947 жылдан С. С. Черниковтың басшылығымен Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыс істей бастайды. Экспедицияның негізгі міндеті Өскемен және Бұқтырма су электр станцияларының салынуына байланысты су астында қалатын аймақта орналасқан ескерткіштерді анықтап, зерттеу болатын. Мұнда неолит дәуірінен орта ғасырларға дейінгі көптеген ескерткіштер анықталып, Шығыс Қазақстанның тарихи өткендегісін сипаттайтын материал алынды.

1954 жылы Тарих, археология және этнография институты болашақта Қапшағай су электр станциясының суы астында қалатын аймақты зерттеу мақсатымен К. А. Ақышев бастаған Іле археологиялық экспедициясын ұйымдастырды. Алғашқы бір маусымның өзінде-ақ экспедиция сақтар мен усундер дәуірінің қорған обаларының үлкен тобын тапты<sup>14</sup>.

Қазақстан археологиясының 50-жылдардың орта шеніндегі аса жарқын жаңалықтарының бірі Оңтүстік Қазақстандағы Қаратауда ежелгі палеолиттік тұрғын жайдың табылуы болды. Оларды геолог Г. Я. Ярмак пен археолог Х. А. Алпысбаев тапқан еді. Бұл жаңалық Қазақстан археологиясындағы жаңа бағыттың — палеолитті зерттеудің негізін қалады<sup>15</sup>.

Жалпы алғанда, 40-жылдардың аяғы мен 50-жылдар археологиялық зерттеулердің кең өрістеуімен есте қалды. Олар Қазақстанның негізгі аймақтарының бәрін дерлік қамтып, жұмыс аясына мейлінше әр түрлі хронологиялық ауқымдағы ескерткіштерді енгізді. Бұл жылдардағы маңызды жаңалықтар арасында Қазақстанның оңтүстігіндегі палеолит ескерткіштері, Іле өзені аңғарындағы сақтар мен усундердің қорғандары, Таңбалытас шатқалындағы жартастағы суреттер бар. Іле өзеніндегі Бесшатыр обасын, Сырдарияда Шардара шатқалындағы үнгір көмбелерін қазу жұмыстары сол кезде басталып, Баба-Ата қамалындағы қазу жұмыстары аяқталды.

Ескерткіштерді зерттеумен Қазақстан ғалымдарымен бірге Мәскеудің және Ленинградтың белгілі археологтары С. П. Толстов, А. Н. Бернштам, С. С. Черников, В. С. Сорокин айналысты<sup>16</sup>. 1960 жылы Қазақстан археологиялық картасының шығарылуы Қазақстан археологиясының дамуындағы 1946 жылы басталған маңызды кезеңнің өзінше бір қорытындысын шығарды, ол көп жылдарға созылған кең ауқымды археологиялық жұмысты қорытып, оның ең перспективалы бағыттарын белгілеуге мүмкіндік берді.

Қазақстан археологиясы дамуының келесі кезеңі 60—70-жылдарды қамтиды. Жаңа ескерткіштерді анықтап, оларды алғаш суреттеуге байланысты зерттеулерді кеңейтіп қана қоймай, көп жылдар бойы тұрақты қазуды ұйымдастыру жолымен тереңдете зерттей түсу үрдісі жүріп жатты. Ә. Х. Марғұлан, ал одан соң М. Қ. Қадырбаев, С. М. Ақынжанов бастаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы бұрынғысынша қола және ерте темір дәуірлерінің ескерткіштерін зерттеуді өзінің басты міндеті деп білді.

Тасмола мәдениетінің обалары, Тасмола және Нұрманбай шатқалдарында андронов ескерткіштері және қола дәуірінің 30 қонысы зерттелді. Олардың қатарында Атасу, Ортау, Бұғылы, Ақсу-Аюлы, Байбала, Жамантас, Тағыбай-Бұлақ қоныстарына жан-жақты археологиялық сипаттама жасалынды.

Солтүстік Бетпақдалада — Ақсай, Сартабан обалары, Атасу алқабында — Қараөзек обасы, сондай-ақ кен орындары зерттеліп жатты. Қарқаралы ауданы мен Баянауыл тауларында көптеген андронов ескерткіштері табылып, зерттелді. Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеттері туралы монографиялар Шағалалы қонысын көп жыл бойы қазу жұмыстарының нәтижесі болды. Ә. Х. Марғұланның бегазы-дәндібай мәдениетіне арналған жұмысы іргелілігімен ерекшеленеді, ал ол мәдениетті ғалым андрон мәдениетінің жалғасы деп санаған еді<sup>17</sup>.

Кең көлемді қазу жұмыстары, Солтүстік Қазақстанда қазып алынған материалдарға мұқият талдау жасау Г. Б. Здановичтің оларды жана кезендерге бөліп, хронология жасауды ұсынуына мүмкіндік берді. Мол дерек жинап алған В. В. Евдокимов қола дәуіріндегі Орталық Қазақстанның экономикасы мен халқының демографиясы проблемаларын зерттеді.

Х. А. Алпысбаев Қазақстанның оңтүстігінде, Қаратау шатқалдарында, Сырдария алқабында тас ғасыр ескерткіштеріне жеделдете зерттеу жүргізді. 1979 жылы жарыққа шыққан монография сол жұмыстың нәтижесі болатын, онда палеолиттік Бөріқазған, Кемер, Қызылрысбек, Тоқалы, Дарбаза тұрақтары мен басқаларының материалдары жарияланды. Солтүстік Балқаш өңірінің орталық бөлігіндегі палеолиттік тұрақтарды А. Г. Медоев басшылық еткен топ зерттеді.

Бұл жылдарда Батыс Қазақстаннан, Маңғыстаудан тас дәуірінің тұрақтары табылып, зерттелді<sup>18</sup>. Ертіс өңірінде, Павлодар облысында неолиттік тұрақтар жоспарлы түрде зерттеліп, қазыла бастады. Бұлар — Пенька көлі үлгісіндегі тұрақтар<sup>19</sup>.

Жетісудағы сақтар мен усундердің ескерткіштерін зерттеу жөніндегі жұмыстар да 60-жылдары одан әрі жалғастырылды (Жетісу археологиялық экспедициясы). Іле алқабының сақтары мен усундері мәдениетіне арналған монографиясында К. А. Ақышев сақтар мен сақ мәдениетінің шығу мәселелерін қарастырды, жебе ұштарын хронологиялық жағынан топтастырып берді. Г. А. Кушаев Жетісудағы усун мәдениетін кезендерге бөлу сатыларын белгіледі<sup>20</sup>. «Есік» қорғанындағы көмбенің ашылуы Қазақстан археологиясында дүниежүзілік маңызы бар даңқты оқиға болды, одан табылған олжалар сақтар мәдениетін, олардың мифологиясын, өнерін, жазуын, әлеуметтік құрылысын зерттеуге тың тыныс берді<sup>21</sup>.

Орталық Қазақстандағы «тасмола мәдениеті» деп аталып кеткен сақ мәдениетінің ескерткіштерін М. Қ. Қадырбаев зерттеді. Ғалым бұл мәдениеттің ерекшеліктерін көрсетіп, кезендерге бөлу мәселелерін талдап шешті, ежелгі тайпалардың шаруашылығына талдау жасады. Батыс Қазақстанда, Лебедев обасынан сармат заманының аса құнды олжалары табылады<sup>22</sup>.

Сырдарияның төменгі ағысында Жосалы маңындағы Жетіасар мәдениетінің ескерткіштерін Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы топтарының бірі зерттеді. Жетіасар аңғарындағы жұмыс жалғастырылып, онда қоныстар мен обалар ашылды. Жаңа деректер мен бұрынғы жылдар материалдарының негізінде біздің заманымыздың I мыңыншы жылындағы Сырдария керамикасына арналған монография дайындалды<sup>23</sup>.

70-жылдарда Қазақстан археологиясының тағы бір бағыты — петроглифтерді зерттеу бағыты айқындалды. Егер бұрын осы бір археологиялық деректемені зерттеу үздік-создық және жүйесіз жүргізіліп келсе, енді олар М. Қ. Қадырбаевтың, А. Н. Марьяшевтің, А. Г. Медоевтың арнаулы зерттеу-

лерінің объектісіне айналуда. Қаратаудың, Маңғыстаудың және басқа да аймақтардың жартастағы суреттеріне арналған қорытушы ірі жұмыстардың пайда болуы солардың есімдеріне байланысты<sup>24</sup>.

1969 жылы — Отырар, ал 1971 жылы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы ұйымдастырылды. Олар Отырар оазисіндегі Отырар, Қостөбе, Көк-Мардан, Мардан-Күйік, Құйрықтөбе, Түркістан, Қаратаудың солтүстік беткейіндегі Раң және Күлтөбе қалаларының қираған орындарын көп жылдық тұрақты қазба жұмыстарына негізгі объектілер етіп алды. Қалалар мен қоныстардың орындарына қоса, экспедиция мүшелері түрлі дәуірлердің обаларын, соның ішінде белгілі және бұрын зерттелген Бөріжар обасын, Шағаны, Көк-Марданды зерттеді. Отырар төбе қаласының орнында кең көлемді қазу жұмысы ұйымдастырылды, XVI—XVIII ғасырлар қабаттарының деңгейінде көптеген тұрғын махаллалары, қыш және кірпіш күйдіру шеберханалары, қоғамдық құрылыстар — мешіттер, кесенелер, моншалар қазылып аршылды. Біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың бірінші жартысындағы қоныстарда Көк-Марданға ауқымды қазба жұмысы жүргізілді, онда да тұрғын махаллалар, үйлер мен ғибадатханалар аршылды.

Құйрықтөбе қаласы орнындағы қамалда VI—IX ғасырлар деңгейінен сарай құрылысы аршылды, оның салтанатты залынан құдайлардың бейнелері мен ақсүйектер көрінісі қашап жасалған бірегей тақталар табылды. Қала орнының шахристанында VI—VIII, IX—XI, XII ғасырлардағы құрылыс кешендері, XIII—XIV ғасырлардағы темір соғатын шеберханалар және X—XI ғасырлардағы алқалы мешіт аршып алынды.

Бөріжар обасын қазған кезде жерлеу ғұрпына байланысты және ертедегі, орта ғасырлардағы халықтық діни көзқарастарды көрсететін қызықты материалдар алынды. Экспедиция тобы Отырар оазисінде, Қаратаудың оңтүстік және солтүстік беткейлерінде, Сауран маңында ирригациялық, одан кейінгі орта ғасырлардағы кәріздер жүйесін тапты.

Сонымен бірге палеоэтнографиялық зерттеулер, атап айтқанда, қазақтардың отырықшылану үрдістерін анықтау мақсатымен қазақ қыстауларын қазу жұмыстары да жүргізілді.

60-жылдардың орта шенінде Қазақстан нумизматикасы дами бастайды. Отырарды, Құйрықтөбені қазу кезінде көптеген теңге материалы жинақталды. Бұл бірлі-жарым олжа ғана емес, қазына да болатын. Теңгелер тарихи мерзімді анықтайтын материал ретінде де, сондай-ақ ортағасырлардағы Қазақстанның саяси және экономикалық тарихын, оның сауда және мәдени байланыстарын зерттеуге арналған деректеме ретінде де зерттелді. Соның қорытындысында Қазақстанда Отырарда, Испиджапта, Түркістанда, Жентте, Сығанақта, Таразда теңге сарайларының жұмыс істегені анықталды. Сөйтіп, Оңтүстік Қазақстан кешенді экспедициясы республикалық археологияны сапасы жағынан жаңа ақпараттық деңгейге көтерді, соның нәтижесінде бірқатар жаңа ғылыми бағыттар белгіленді. Экспедиция жұмысының қорытындылары бойынша бірнеше монография жарияланды<sup>25</sup>.

Екінші кезеңдегі археологиялық жұмыстардың қорытындысы бес томдық «Қазақ ССР тарихының» екі томының шығарылуы болды, онда археологиялық деректермелерге талдау жасалып, ертедегі және орта ғасырлардағы Қазақстанның тарихи үрдісі көрсетілді.

Қазақ археологиясы тарихының жаңа зерттеу кезеңі 80-жылдардан бас-



талды. Бұл кезең археологиядағы ұйымдық өзгерістермен, облыстарда археологиялық мектептердің пайда болуымен, археологиялық жұмыстардың кеңеюімен және ең бастысы — монографиялық ірі талдамалардың пайда болуымен сипатталады.

Қазақтардың этногенезін, археологиялық деректер бойынша Қазақстанның палеоэкономикасын, атап айтқанда, мал шаруашылығының, металл өндірудің пайда болу мәселелерін зерттеуге байланысты ірі проблемалар талдап шешіле бастайды. Қазақстан тарихы мен мәдениеті ескерткіштерінің жинағын, республика аумағындағы барлық ескерткіштердің ғылыми реестрін дайындау негізгі міндеттердің біріне айналады. Мұндай энциклопедиялық басылым археология саласында стратегиялық зерттеулер әзірлеу үшін база болуға, сондай-ақ мәдени мұраны сақтау ісін жақсартуға тиіс еді.

Көшпелілік тақырыбы, егіншілік және көшпелілік мәдениеттердің өзара әсері негізгі зерттеу тақырыптардың бірі болып аталды.

80-жылдары Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Атасу қонысын қазуды жалғастырып, металл балқытатын орындарды, ертедегі металлургиялық пештердің орнын тапты. Жаңа деректерге сәйкес, соның ішінде Орталық Қазақстанның қола және ерте темір дәуіріндегі палеоэкономикасы бойынша мал шаруашылығы, кен ісі және ертедегі металлургия, қыш өндірісі жөніндегі материалдарға талдау жасалды. Бұл жылдарда Қазақстанның далалық өңірінде жарқын жаңалықтар ашылды. Мәселен, В. Ф. Зайберттің бастауымен Қызылжар қаласының археологтары Ботай қонысын ашып, энеолит дәуіріне жататын ертедегі Ботай жылқы шаруашылығы мәдениетін бөліп көрсетті. Қазақстанда және Орал сыртында ертедегі қала үлгілес кешендерді Арқайым, Кент қоныстарын ашудың сәті түсіп, олар қола дәуіріндегі мал шаруашылық және малшы-егіншілік өркениеттің негіздемесін кеңейтіп, тереңдетуге мүмкіндік берді<sup>26</sup>.

Қазақстанның әр түрлі аудандарында, атап айтқанда Шығыс Қазақстанда тас дәуірінің ескерткіштерін зерттеу жалғастырылды.

Қазақстанның оңтүстігінде Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы зерттеу жұмысын одан әрі жалғастырды. Оның топтары Отырарда, Құйрықтөбе және Алтынтөбе қалаларының орындарында, Қаратаудағы ертедегі темір дәуірі мен кейінгі ортағасырлық көшпелілердің обаларында қазу жұмыстарын жүргізді.

1980—1983 жылдарда Шульба СЭС-ның құрылысы өңірінде Шульба археологиялық экспедициясы жұмыс істеді. Кең көлемді археологиялық зерттеулер тас, қола, ертедегі темір дәуірлерінің, орта ғасыр көшпелілерінің ескерткіштерін қазуды, петроглифтерді зерттеуді қамтыды<sup>27</sup>.

Палеолиттік мәдениеттердің эволюциялық жолдары мен аймақтағы ежелгі халықтың миграциялық үрдістерін анықтаған кезде Қазақстан аумағының географиялық жағдайы мен көлемі ерекше маңыз алады. Қаратаудың палеолиттік ескерткіштерімен шектес аумақтардың да, сондай-ақ тым шалғай жатқан аудандар — Орта Азияның, Қытайдың, Пәкстанның, Үндістанның, Монғолияның тұрақтарына ұқсастық байқалады. Бұл ұқсастық «ежелгі мәдениеттер дамуының жолы бір» деп болжауға негіз береді<sup>28</sup>.

Қазақстан палеолитін одан әрі тереңдете зерттеу, сенімді хронологиялық байлам жасау үшін Көшқорған, Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ (Оңтүстік Қазақстан), Шульба (Шығыс Қазақстан) сияқты стратификацияланған, қайта қабаттанбаған тұрақтардың зор маңызы бар<sup>29</sup>.

Палеолитті зерттеулердің нәтижелері, жаңа материалдар Қазақстан аумағына алғашқы қауым адамының қоныстанған уақыты мен жолдары туралы мәселені жаңаша қоюға мүмкіндік береді.

Орталық Қазақстанда мезолиттен Қарағанды-15 және Әкімбек тұрақтары бар<sup>30</sup>. Алдыңғы неолиттік Тельман-14 тұрағы кремнийден еңбек құралдарын дайындау жөніндегі тұрақты шеберхана ретінде сипатталады<sup>31</sup>.

В. Ф. Зайберттің «Атбасар мәдениеті» деген монографиясы Солтүстік Қазақстанның неолитіне арналған. Қазақстанның неолиті мен энеолиті ұзақ уақыт бойы аз зерттелген күйінде қалып келді. Негізінен жинау нәтижесінде алынған материал көршілес аумақтарға ұқсастығы бойынша қарастырылды. Шағын аудандарға бөлу, олардың салыстырмалы-типологиялық сипаттамасы және аймақтың неолиттік индустриясына талдау жасау Атбасар мәдениетін бөліп алуға мүмкіндік берді.

Неолит пен энеолитті біріншісін алдыңғы, ортаңғы және соңғы деп бөлшектей отырып ұсынылған кезендерге бөлу б. з. б. V мыңжылдықтан II мыңжылдықтың басына дейінгі кезенді қамтиды.

Аталған мәдениеттің географиялық шекарасы батыс жағынан — Торғай жырасы, солтүстік-батыс жағынан Тобыл өңірі арқылы өтеді.

Торғай ойпаты аумағында тағы бір неолиттік мәдениет айқындалған.

Орал-Ертіс өзендері аралығындағы кең-байтақ аймақтың энеолиті мал шаруашылығы (жылқы өсіру) басым болған көп салалы шаруашылық ретінде сипатталған Ботай мәдениетінің шаруашылық-мәдени үлгісі тұрғысынан қарастырылады.

Бұл аймақ климатының құрғап, қуаң тартып өзгеруі аймақ тұрғындарының орын ауыстыруын туғызды, ал бұл тұрғындарының бір бөлігі қола ғасыры кезеңінде андронов мәдениеттерінің құрамдас бөлігі болған еді<sup>32</sup>.

Б. з. б. III мыңжылдықтағы Торғай ескерткіштерінің геометриялық керамика мәдениеті құрамдас бөлігі ретінде Оңтүстік Орал сырты мен Есіл өңірінің ботай, сұртанды және терсек мәдениетін таратушылар қалдырған ұқсас ескерткіштерге байланысы бар<sup>33</sup>.

Қайыңды-3 тұрағының остеологиялық материалы терсек тұрғындарының шаруашылығын жайылымды бақташылық ретінде сипаттайды. Аң аулау да елеулі рөл атқарған<sup>34</sup>.

Суреттеліп отырған кезеңде андроновтанушылық зерттеулер протогород мәдениеті мен социумды, идеология мен палеоэкономиканы тереңдете зерттеу бағыты бойынша да дамыды<sup>35</sup>. Бұған Евразияның қола дәуірі мәдениетін зерттеуге тың тыныс берген Арқайым, Синташта, Кент сияқты бірегей ескерткіштердің ашылуы едәуір дәрежеде себепші болды.

Солтүстік Бетпақдала қоныстары мен обаларынан алынған көптеген жаңа деректер ғылыми айналымға енгізілді. М. Қ. Қадырбаев пен Ж. Қ. Құрманқұловтың монографиясында Атасу-1, Мыржық, Ақ Мұстафа, Ақмая ескерткіштерінің материалдары жүйеленіп, оларға талдау жасалған, олардың орналасу заңдылықтары анықталған<sup>36</sup>.

Көлемі 15 мың шаршы метрден астам, қола балқыту мен қола бұйымдар дайындауға мамандандырылған ірі қоныс — Атасу-1 қонысын зерттеу нәтижелерінің ерекше маңызы бар. Қоныс аумағында мыс балқытылатын 7 кешен және 14 шұңқыр-пеш зерттелген. Металл өндіретін көптеген құралдың түрлері сипатталынған. Еңбектің тарауларының бірінде жерлеу ғұрпы мен обалардың материалдары қарастырылады. Ескерткіштердің уақытын анық-

тау үшін табылған бұйымдар мен керамика бойынша типтендіру әдістері қолданылған. Ескерткіштердің уақытын оны мынадай хронологиялық екі кезеңге бөле отырып белгілеу ұсынылған: алдыңғы кезең — б. з. б. XV—XIII ғғ. және соңғы кезең — б. з. б. XII—VIII ғғ., бұл орайда біріншісі мынадай екі кезеңге бөлінеді: б. з. б. XV—XIV ғғ. және б. з. б. XIV—XIII ғғ.

Жетісудағы қола дәуірі бойынша материалдар жинақтау да жалғастырыла берді, онда кейінгі жылдарда бұл аймақты андронов мәдениетінің ірі орталықтарының біріне айналдыратын ондаған жаңа қоныстар мен обалар табылды<sup>37</sup>.

Батыс Қазақстандағы қола дәуірінің ескерткіштерін зерттеген кезде қызықты нәтижелер алынды. Г. А. Кушаев Батыс Қазақстанға екі мәдени қауымдастық — андронов және қима мәдениетінің көршілес болуы тән екенін атап өтті, оның пікірінше олардың арасындағы шекара Ор және Елек өзендерінің арасынан өткен<sup>38</sup>.

Маңғыстау облысындағы зерттеулерге қарағанда, онда да сондай жағдай болған. Бұл орайда көшпелі мал шаруашылығының мұнда б. з. б. II мыңжылдықтың өзінде-ақ қалыптасқаны атап өтіледі<sup>39</sup>.

Ертедегі көшпелілердің ескерткіштерін және сақтардың, сарматтардың, усундердің, кангюйлердің, ғұндардың мәдени, әлеуметтік-экономикалық өмірінің проблемаларын зерттеу әдетте Қазақстандағы маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады.

Атап айтқанда, К. А. Ақышевтың еңбектерінде Алакөлден Таласқа дейінгі аймақтағы сақ обаларын картаға түсіру материалдары бойынша Жетісудың сақ қоғамын стратификациялау туралы тезис дамытылады.

Жаңадан сақ өнері заттарының табылуына байланысты сақ (скиф) өнерінің шығу тегі жөніндегі мәселелер де қарастырылды. К. А. Ақышевтың пікірінше, құлан бейнеленген алтын сырғаның табылуы «аң» стилі жергілікті негізде қалыптасты деуге мүмкіндік береді<sup>40</sup>.

Скифтердің шығу тегі жөніндегі мәселелерге арналған еңбектер пайда болды. Атап айтқанда, Р. Б. Исмагилов Қара теңіз өңіріндегі «патша» қорғандары жерлеу ғұрлының кейбір белгілері Жетісудың сақ мәдениетін таратушы көшпелілер тобының қоныс аударуына байланысты пайда болған болуы мүмкін деп жазады<sup>41</sup>. Скифтер мен сақтардың бір бөлігі түркілерге тән тілдерде сөйлеген деген пікір пайда болуда<sup>42</sup>.

Жалпы алғанда, Батыс Қазақстан мен Маңғыстауда ертедегі темір ғасырының ескерткіштерін зерттеу ісінің жандана түскені байқалады. Бәйте ғибадатханасын қазудан алынған, діни құрылыстарға және көшпелі тайпалардың көптеген мүсіндеріне байланысты материалдар ғылыми әдебиет пен ғылыми-көпшілік әдебиетте үлкен пікір туғызуда<sup>43</sup>.

Г. А. Кушаевтың «Далалық Арал өңірі ежелгі тарихының этюдтері» деген бірегей еңбегін сарматтану саласындағы елеулі жетістік деп санау керек. Онда аса бай материал, соның ішінде сармат ескерткіштерін көп жыл бойы қазудан алынған материал жүйеге келтіріліп, олардың исседондармен және сарматтармен этникалық атрибуциясын анықтауға, сондай-ақ сармат тарихын біздің заманымыздың VIII ғасырына дейін жалғастыруға әрекет жасалған<sup>44</sup>.

Солтүстік Қазақстанның ертедегі темір ғасырының археологиясы жөніндегі іргелі еңбектің пайда болғанын атап өткен жөн<sup>45</sup>. Зерттеу авторы осы терминнің тарихи-географиялық түсіндірілуін анықтап, оны екі табиғи-

географиялық аймақтың: Батыс Сібір жазығының оңтүстігі мен Қазақстанның солтүстіктегі ұсақ шоқылы кең даласы тоғысып жатқан орталық Евразия учаскесі деп түсінеді.

Мұнда көп жыл бойы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде аса құнды археологиялық материалдар жинақталып, соның негізінде осындағы темір ғасырын кезендерге бөлуді ұсыну, скиф-сақ үлгісіндегі мәдениеттердің шығу проблемаларын, көшпелі мал шаруашылығының қалыптасу механизмдерін, ертедегі қоғамның және көшпелілер мемлекеттілігінің стратификациялануы мәселелерін нақтылай түсу мүмкін болды.

Қазақстан палеоэкономикасын зерттеуде ілгері басқандық байқалды. Қазақстанның Евразияда, соның ішінде энеолит және қола дәуірінде мал шаруашылығы қалыптасып, дамыған ежелгі аймақтардың бірі болғаны анықталды. Өндіруші шаруашылықтың пайда болуына, жануарларды қолға үйретуге, жылқы шаруашылығының алғашқы кезендеріне қатысты проблемалар ең алдымен қоныстарды қазғандағы остеологиялық материалды зерттеуге байланысты болатын. Орталық және Солтүстік Қазақстан аудандары үшін көптеген жылдар бойы осындай жұмыс жүргізілді. Энеолиттік заманның қоныстары Тұздықөл мен Ботайдан, қола дәуірінің қоныстары — Атасу, Сарғара, Ново-Никольское-1 мен Петровка-2 және басқа қоныстардан табылған орасан көп материал электронды-есептеу машинасының көмегімен талданып, жүйелі түрде өңделді.

Бірқатар жаңа тұжырымдар, атап айтқанда, энеолиттік қоныстарда, сондай-ақ ертедегі қола дәуірі қоныстарында жылқы сүйектерінің көп екендігі, мұның өзі бұл жерде жылқы шаруашылығы басым болған деп айтуға мүмкіндік беретіндігі туралы тұжырымдар жасалды. Қола дәуірінде мал шаруашылығының дамыған түрі болып, ірі қара мен ұсақ мал және жылқы өсірілгені анықталды. Қазір Қазақстанда мал шаруашылығы энеолит дәуірінде-ақ өріс алған деп сеніммен айтуға болады.

Жабайы жануарлардың сүйектерін зерттеу энеолит және қола дәуірінде аң аулаудың дамығандығы жөнінде мағлұмат алуға, ауланған ең бағалы аңдарды анықтауға мүмкіндік берді<sup>46</sup>.

Қазақстан археологиясының тарихнамасында ірі аймақ — Сарыарқадағы (Орталық Қазақстан) қола және ертедегі темір дәуірінің металлургиясы мен қыш құмыра ісіне арналған іргелі еңбек тұңғыш рет жазылды<sup>47</sup>. Осы заманғы талдау әдістерін пайдалану ертедегі металлургтер өнімінің химиялық және минералдық құрамын анықтауға, мыстан, қоладан, алтын мен күмістен бұйымдар жасап шығару үрдісінің технологиялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Ертедегі металлургтердің мүмкіндігі жөнінде маңызды бақылау жасалды, ол Евразиядағы жетекші металлургиялық орталықтардың озық технологияларынан кем түспеген. Шикізат базасын металлургиялық өндіріспен және нақты объектілермен байланыстыру мәселелері шешілген. Ертедегі (б. з. б. VII—III ғғ.) көшпелілер дәуіріндегі металлургияның дамуында прогресшіл белгілер байқалды. Бұл ең алдымен металл сапасынан көрінді. Металлургия мен кен ісін, үстемелердің технологиялық ерекшеліктері мен құрамын кешенді зерттеу нәтижесінде Қазақстанның кен-металлургия аймағында 7 металлургия орталығы анықталды.

Керамика кешендеріне техникалық-технологиялық зерттеулер жүргізу қола дәуірінде Орталық Қазақстандағы қыш құмыра ісінің даму деңгейі ту-

ралы, әр түрлі халық топтарының байланыстары туралы, тайпалардың көшіп-қонуы туралы қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Жартастағы бейнелер археологиялық ескерткіштердің жалпы тобын құрайды. Жоңғар Алатауының батыс сілемі болып табылатын Ешкіөлмес жотасының петроглифтері хронологиялық белгісі бойынша үш топқа: қола, ертедегі темір және орта ғасыр бейнелеріне бөлінген. Бірінші топ бейнелерінің стилистикалық ерекшеліктері Ешкіөлмес петроглифтерін соған ұқсас басқа да бірқатар ескерткіштерден ерекшелейді. «Ешкіөлместің ежелгі петроглифтерінің едәуір бөлігінің діни сипаты» айқын көрінеді<sup>48</sup>.

З. С. Самашевтің «Жоғарғы Ертіс өңірінің жартастағы бейнелері» деген монографиясында Шығыс Қазақстан петроглифтері жайлы материалдар топтастырылған<sup>49</sup>.

Евразияның далалық өңірі халқының энеолит дәуірі мен қола кезеңіндегі қоныс аудару үрдісінің мәселелері қарастырылған.

Түрлі аймақтар арбаларының бейнелерін зерттеу б. з. б. IV мыңжылдықтың аяғы – III мыңжылдықтағы Евразия аумағында доңғалақты көліктің таралу бағытын анықтауға мүмкіндік берді<sup>50</sup>.

Доңғалақты көлік қолданылып, дамытылған екі орталық – Қосөзен мен дала аймағы тұжырымдамасы ұсынылды. Автордың пікірінше, екінші орталықтың қалыптасуы малшы халықтың, майкоп мәдениетін таратушылардың қоныс аударуына байланысты, не бейнелер мен саз модельдерде көрсетілген білімді пайдалану нәтижесінде болуы ықтимал.

Соңғы кезде петроглифте Маңғыстауда таралған, ұлутастан жасалатын құлпытастардағы суреттерді зерттеуге байланысты бағыт дамып келеді. Олар қазақтардың материалдық және рухани мәдениеті туралы ақпарат беріп қана қоймайды, сонымен қатар суреттерден ертедегі жартастағы бейнелердің дәстүрін көруге болады<sup>51</sup>.

Археология институтының аса маңызды ғылыми бағдарламаларының бірі халықаралық «Ұлы Жібек жолы: мәдениеттердің сұхбаты» болып табылады<sup>52</sup>. Ол Қазақстанда дәстүр бойынша зерттеліп келген, айтарлықтай табыстарға қол жеткізіліп, қызықты жұмыстар тындырылған ертедегі және ортағасырлық Қазақстанның өркендеуіне, қала мен даланың өзара әрекетіне байланысты мәселелерді қамтиды<sup>53</sup>.

Қазақстанның отырықшылық мәдениеті мен өркендеуін зерттеу шеңберінде көшпелі және жартылай көшпелі малшылар арасында отырықшылықтың, егіншілік пен қала мәдениетінің дамуындағы заңдылықты айқындауға, аридті аймақтардың тау бөктерлері мен өзен аңғарларының халықтары шаруашылығының қалыптасуындағы географиялық ортаның рөлін анықтауға, материалдық және рухани мәдениеттің эволюциясын ашуға, этникалық факторларды, мәдени дәстүрлерді айқындауға мүмкіндік беретін материалдар алуды мақсат етіп қоятын зерттеулер жүргізілуде.

Урбанизацияның даму серпінділігін зерттеу міндетіне баса назар аударылып отыр. Қала құрылымын, қалалардың атқарған міндеттерін, құрылысты, сәулет өнерін, Қазақстан халқының рухани өмірін көршілес елдермен және халықтармен өзара байланыста алып зерттеу көзделуде. Осы проблемаларға байланысты Отырарды және Отырардың қираған жұрты алқабын, Талас аңғарындағы Қостөбені, Шу аңғарындағы Құлан мен Іле аңғарындағы Талғарды (Талхирды) қазу жұмыстары жалғастырылды. Өткен кезде

урбанизацияның кангюй проблемасына байланысты алдыңғы кезендерін зерттеуге маңызды орын берілді<sup>54</sup>.

Ортағасырлық қираған қалалар, құрылыстар топографиясының, қала тұрғын жайлары сипатының мәселелері Қазақстан медиевистикасында дәстүр бойынша кеңінен мәлім<sup>55</sup>. Отырар туралы, Отырар тұрғын жайлары, оның эволюциясы, белгілі бір хронологиялық кезеңде пайда болған жаңа үлгілер туралы бірқатар мақалалар жарық көрді<sup>56</sup>.

Отырар алқабында тұрғын үйдің пайда болу және қалыптасу негіздерін іздестіру әрекеттері қызықты. Соңғы орта ғасырлардағы оңтүстік Қазақстан тұрғындарының этникалық тегін анықтауға байланысты, тұрғын үйлер мен жазба деректерді талдау материалдары негізінде жасалған мәселелерден қоюға лайық. Сарттар, олардың этногенезі мен тағдырлары туралы шыққан бірнеше мақала бұл мәселенің қаншалықты күрделі екенін дәлелдейді<sup>57</sup>. Алайда Қазақстан сарттары ертедегі және ортағасырлық қала халқының бөлшегі, қазақ этносының қалыптасуында айтарлықтай рөл атқарған кангюйлер мен кангарлардың ұрпақтары деген пікір басым болып отыр.

Қыш құмыра ісінің, ыдыстар, соның ішінде жер суару құралдарын дайындау технологиясының дамуы туралы зерттеулер мен бақылаулар да қызықты<sup>58</sup>.

Ортағасырлық Отырардың орта ғасырлардағы көркем керамикасы альбомының басып шығарылуын Қазақстан археологтарының жетістіктері қатарына жатқызу керек, оған көркем қолөнер және өнер туындылары енгізілген<sup>59</sup>.

Ортағасырлық Қазақстандағы, республиканың оңтүстігі мен Жетісудағы егіншілік және ирригация мәселелері зерттеліп жатыр<sup>60</sup>.

Нумизматика жөніндегі зерттеулер жандана түсті<sup>61</sup>. Хорезмнің бақылауында болғанымен, XIV ғасырдағы Жент, Баршыкент (Баршын) қалаларының Еділ бойындағы Алтын Орда қалаларына бейімделген сауда аймағында жатқаны анықталды. Женттен табылған XIV ғасырдағы екі теңге қаланың Түркістанмен тығыз сауда байланыстары болғанын және сол кезде қаланың өрлеу кезеңін бастан кешіргенін көрсетеді.

Жетісудың қираған қалалары орнын қазған кезде нумизматикалық жаңа деректер алынды. Зерттеушілердің пікірінше, Қостөбеден табылған VII—VIII ғасырлардағы теңгелер Жамукеттің Шашпен сауда байланыстарын жасағандығын дәлелдейді, бұл орайда Жамукет қаласы Талас аңғарындағы саудаға зор ықпал жасаған<sup>62</sup>.

Қала өмірі көбінесе саудамен, соның ішінде халықаралық саудамен анықталды. Қалаларда жергілікті, аймақтық және халықаралық сауда тоғысып отырды. Қала өмірі, оның аман сақталуы, гүлденуі көп жағынан саудаға байланысты болды. Бірқатар зерттеулерде сауда байланыстары, сауда жолдарының сипаты және қалаларды қазған кезде табылған товарлар сипатталған<sup>63</sup>.

Қазақстан археологиясында соңғы жылдары дамыған жаңа бағыт археологиялық сәулет өнері болды. Археологтар аршыған іргелі құрылыстар мен жай тұрғын үйлер қалдықтарының сәулеті тұңғыш рет тарих тұрғысынан зерттеле бастады. Олардың ішінде ертедегі ортағасырлық Кедер және Жамукет қалаларының сарай кешендері, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың мұсылмандық діни сәулет өнері бар. Олардың жоспарлану ерекшеліктері, салыну тәсілі және сәнделуі — ағаштан ойылған өрнектер, ойып жасалған заттар және түрлі оюлармен сипатталады. Ұлы Жібек жолы бойын-

дағы мәдени байланыстар мен сәулет өнері эталондарының таралуы көрсетілген<sup>64</sup>.

Жаңа материалдар орта ғасырлардағы Қазақстан тұрғындарының идеологиясы проблемаларымен қоса, олардың шешілуін ілгері бастыруға, мұнда буддизмнің, зороастризмнің, шаманизмнің және әр түрлі діндердің таралу жолдарын анықтауға мүмкіндік берді<sup>65</sup>. Ислам дінінің таралу уақыты мен орталықтары айқындалуда<sup>66</sup>.

Ортағасырлық археология жөнінде іргелі зерттеулер пайда болды. Олардың бірі Іле аңғарындағы ірі аудандардың бірі — Іле Алатауының солтүстік беткейлерінің (Іле өзенінің сол жақ жағалауы) отырықшылық мәдениетіне арналған<sup>67</sup>. Зерттеудің негізіне X ғасырдағы кім жазғаны белгісіз парсы тіліндегі «Худуд әл-алам» шығармасында айтылуы бойынша мәлім ортағасырлық Талхир қаласы деп саналатын ірі Талғар қаласының қираған орнын қазудан табылған материалдар алынған. Атап айтқанда, мұны Талғар қаласының малға арналған үлкен аулалары және аулаларында киіз үйлер болуы дәстүрге айналған тұрғын жайлар дәлелдейді.

Қаланың салынуы, оның махаллаларының құрылымы, үйлері мен әскери құрылыстары, қаланың жайғастырылып, көркейтілуі жөнінде жаңа материал алынып, талданған.

Жергілікті қала мәдениетінің өзіндік ерекшелігі туралы да қорытынды жасалған, сонымен қатар оның мәдениет пен мұсылман дүниесінің дамуымен байланысы көрсетілген.

Қазақстандағы Жібек жолының тарихы, негізгі жолдардың бағыттары мен олар арқылы товарлардың, мәдениет үлгілері мен діндердің таралуы сипатталған<sup>68</sup>.

Алайда Қазақстандағы ортағасырлық көшпелілер археологиясының нашар зерттелгенін атап көрсетуге тура келеді. Қазақстанның тас балбалдары мен қабірлерге қойылған құлпытастары туралы бірнеше шағын мақалаларды ғана атауға болады<sup>69</sup>. Бұл олқылық қыпшақтар мен кумандар, кимектер проблемалары жөніндегі жаңа тарихи зерттеулер тұрғысынан қарағанда мейлінше айқын бола түседі<sup>70</sup>.

Тарих ғылымының іргелі проблемаларының бірі Евразия көшпелілерінің қоғамдық құрылысының проблемасы екені мәлім<sup>71</sup>.

Ғылымда тарихи үрдіске талдау жасаудың тұжырымдамалық негіздерін жаңарту және жетілдіру үрдісінің өріс алуы, қоғамдық жүйелерді типтендірудің сапасы жағынан жаңа теориясының қалыптасуы көшпелі қоғамдарды типологиялық жағынан бағалауда ұзақ уақыт орын алып келген ала-құла пікірлерді жою үшін және дәлме-дәл үлгі жасау үшін принципті мүмкіндіктер туғызды. Қазір көшпелі өркениетті анықтауға байланысты теориялық проблемаларды шешу керек болып отыр<sup>72</sup>.

Ертедегі және ортағасырлық тарих пен археология жөнінде қорытындылаушы еңбектердің пайда болуы Қазақстан археологиясының тарихнамасындағы маңызды, сапасы жағынан жаңа өзгерістердің бірі болып табылады<sup>73</sup>.

Бір кезде жалпыодақтық және республикалық тақырып бойынша дайындалған «Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштері жинағы» томдарының сериясынан бірінші томы — «Шымкент облысы» басып шығарылды<sup>74</sup>.

\*\*\*

Тарихтың кеңістік жиегін кеңейтіп және өткеннің көрінісін жүз есе ұлғайтып, археология тарих ғылымында төңкеріс жасады. Ол бірқатар себептерге байланысты жазбаша деректемелер саны көп емес елдер мен халықтар үшін ерекше маңызды. Бұл Қазақстанға да қатысты. Мұнда табылған жазбалар б. з. б. IV ғасырға жатқанымен, тарихи өмір шындығының тұтас көрінісін алуға жазбаша құжаттар, хроникалар, заң құжаттары, тарихи шығармалар, әсіресе олардың ертедегі және алдыңғы ортағасырлық кезеңдерге арналғандары жеткіліксіз. Ал тарихтың жазу шыққанға дейінгі орасан үлкен кезеңі археологиялық деректердің арқасында ғана мәлім, еліміздің ежелгі, ертедегі және орта ғасырлардағы тарихы жөніндегі бөлімдерді дайындау мен жазуға негіз болған да сол деректер. Қазақстанда археологиялық деректемелер жинақталуының, оларды түсіндірудің өз тарихы, даму кезеңдері, өз жетістіктері бар.

Қазақстан археологиясы дамуының бастауында аса көрнекті орыс және қазақ шығыстанушылары мен тарихшылары – В. В. Бартольд, В. В. Радлов, П. И. Лерх, Ш. Ш. Уәлиханов, сондай-ақ алдыңғы қатарлы орыс интеллигенциясының өкілдері болды.

Республиканың археологиялық ғылымының қалыптасуында М. Е. Массонның, С. П. Толстовтың, А. Н. Бернштамның, М. П. Грязновтың, С. С. Черниковтың рөлі зор. Алайда Қазақстан қоғамтануының дербес ғылыми бағыты ретінде археология Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы жүйесінде қалыптасты. Қазақстан археологиясы үздік жаңалықтарымен дүниежүзілік ғылымды байытып қана қойған жоқ, сонымен қатар ертеде және орта ғасырларда Қазақстандағы қоғам дамуының негізгі кезеңдерін анықтауға да мүмкіндік туғызды<sup>75</sup>.

Оның ең маңызды жетістіктерінің арасында Қазақстан аумағында осыдан миллион жылдай бұрын адам мекендегенін дәлелдеген ежелгі палеолиттік тұрақтардың ашылуы болды. Қазақстан мен Евразияның төменгі палеолитінде бірқатар ортақ белгілердің болуы Қазақстанның төменгі палеолиттік мәдениеті адамзат мәдениетінің жалпы тізбегіндегі буындардың бірі екенін дәлелдейді. Евразияның қола дәуірі тайпаларының палеоэкономикасын дамытудағы Қазақстан металлургиялық орталығының атқарған рөлі анықталды.

Қазір Қазақстанның малшы-егінші тайпалардың ертедегі көшпелілерге айналу үрдісі болып өткен аймақтардың бірі болғанын анықтау мүмкін болып отыр. Жаңадан ашылған археологиялық жаңалықтар, атап айтқанда, Іле жағалауларындағы және Сырдарияның төменгі ағысындағы сақ қорғандарын қазу жұмыстары Қазақстанды сақ тайпаларының маңызды орталығы болған деуге мүмкіндік береді.

Урбанизациялық үрдістердің, отырықшылық және қала мәдениеті дамуының серпінділігін анықтау Қазақстан археологиясының ірі жетістігі болды. Дүниежүзілік өркениеттің ғажайып жетістіктерінің бірі – Ұлы Жібек жолының Қазақстан жері арқылы өткені анықталды.

Қазақстан мәдениетінің көп қырлылығын археологиялық материалдар дәлелдеп отыр. Оның қалыптасуына Қытаймен, Таяу және Орта Шығыспен, Орта Азиямен, Еділ бойымен, Орал өңірімен, Сібірмен саяси, экономикалық және мәдени байланыстар зор ықпал жасады. Әр түрлі мәдениеттердің, әр түрлі мәдени аймақтардың өзара әрекеті мен өзара ықпалы этногенездің дамуында да аса маңызды фактор болды. Орталықтары Қазақстан



аумағында болған Батыс түрік қағанаты, ал одан кейін Түргеш, Қарлұқ қағанаттары және кейініректегі Қарахандар мемлекеті өз мәдениетіне әр түрлі этникалық дәстүрлерді жасампаздықпен жинақтаған ортағасырлық мемлекеттік құрылымдар болғаны анықталды.

Отырарды, Кедерді, Таразды, Түркістанды, Сарайшықты, Талхирді археологиялық зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, қазақтардың мемлекеттілігі, Қазақ хандығының мәдениеті ежелгі түріктердің, қарахандардың, қыпшақтардың мемлекеттілігі мен мәдениетіне ұштасып жатыр.

Көшпелі және отырықшы өркениетті зерттеу әр түрлі халықтар мәдениетінің өзара әсері мен өзара байытылуы дүниежүзілік прогрестің сара бағыты болды. Қазақстан мен Орта Азияның қазіргі халықтары этногенезінің бастауы да сондай өзара әсерде жатыр.

## 2. ЖАЗБАША ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

Ежелгі дәуірдегі, әуелгі және кейінгі орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы жөніндегі мәліметтер түрлі тілдерде: көне парсы, көне грек, латын, қытай, көне түрік, араб, парсы, түрік тілдерінде жазып қалдырылған. Бұл түпкі деректемелердің ақпараттық деңгейі оның хронологиялық және аумақтық шектеулілігі, сондай-ақ осы аймақтың халықтары мен тайпалары тарихының мейлінше әр түрлі болуы салдарынан ерекшеленеді. Сондай-ақ тарихи үрдістің дамуына қарай жазба ескерткіштердегі нақты материалдардың жинақталуы да өскелең бағытта жүреді. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерімен ұштастырып алғанда жазбаша ақпараттың сипаты мен мазмұны жөнінен бұлайша алуан түрлі болуы 2,5 мыңжылдықтан астам уақыт бойындағы тарихи оқиғаларды, Қазақстанның әр түрлі этностарының шаруашылық және әлеуметтік қатынастарын, мәдениетін, тұрмысы мен әдет-ғұрыптарын зерттеуге мүмкіндік береді. Деректемелердің негізгі топтарының сипаттамасына тоқталайық.

Қазақстан халықтарының тарихы жөніндегі ежелгі жазбаша деректеме Дарий (б. з. б. 522—486 жж.) және Ксеркс (б. з. б. 486—465 жж.) патшалардың Ахеменид державасында қолданылған негізгі үш тілде: көне парсы, элам және аккад тілдерінде жазылған ежелгі парсы жазбалары болып табылады.

Дарийдің өкімет басына келуінің және содан кейін болған азамат соғысының мән-жайы туралы баяндалатын I Дарийдің Бехистун жазбасының мейлінше зор маңызы бар. Жазбада «елдер» — тайпалық облыстар тізіп келтіріліп, Таяу және Орта Шығыстың, сондай-ақ Орталық Азияның тарихи географиясы жөнінде едәуір материал берілді. Қазіргі уақытта ғылыми әдебиетте, әсіресе археологиялық әдебиетте сақ тайпаларының аталған жазбалары — хаумаварга мен тиграхауда Қазақстан аумағына қатысты деген пікір орныққан, алайда Ахменидтер дәуірінің басқа жазбаларын тарта отырып, жазба деректеріне мұқият талдау жасау бұл тайпалардың Хамун көлі ауданында, қазіргі Иран мен Ауғанстан шекарасында, кейіннен Сақстан (Сеистан) аталған ауданда орналасқанын көрсетеді.

Ахменидтер дәуіріндегі мәдениет пен дінді зерттеу үшін маңызы бар басқа бір ірі жазба Ксеркстің «дәулер туралы» дейтін жазбасы болып табылады, онда Ксеркстің көптеген ғалымдар Заратуштра есімі аталмаса да, Зороастризмнің мемлекеттік дін ретінде енгізілуімен байланыстыратын діни реформасы баяндалады. Көне парсы жазбаларында тарихи-географиялық де-

ректен басқа, антик деректемелерінің мәліметтерін тексеруге және оларды едәуір нақтылай түсу үшін біраз материал береді.

Сонымен бірге бұл ескерткіштер парсы тілінің тарихын, оның ерте замандағы диалектілерін зерттеу үшін теңдесі жоқ материал болып табылады.

Авеста Зороастра дінінің қасиетті кітабы, Иран жерінде Аршак дәуірінен басталған және әсіресе Сасанилер кезінде бірнеше діни реформалар барысында қалыптасқан қағида болып табылады.

Авестаның тексі көне парсы тілінен өзгеше және бірқатар белгілері бойынша неғұрлым кейінгі шығыс иран (соғды, хорезм, сақ және т. б.) тілдеріне жақын көне иран тілінде жазылған.

Бастапқыда шамамен 1000 жыл бойы ауызша беріліп келген Авеста тексі, сірә, Сасанилер кезінде қалыптасқан парсы (арамей әліпбиі негізінде) әліпбиімен, содан соң соның негізінде жасалған фонетикалық жазбамен тұңғыш рет бір ізге салынған болса керек.

Бізге дейін жеткен Авеста текстерінің мерзімі ерте дегенде XIII ғасыр деп белгіленеді және ол бастапқы текстің жартысына жетпейді. Сақталған Авеста тексі мынадай бөліктерден тұрады:

«Тағзым ету» яснасында арабтар жаулап алғаннан кейін қуғын көрген құдайлар мен батырлар тізіп келтіріледі және жалпы алғанда кейінгі кезде, ең алдымен зороастралық қауымдардың қажеттері үшін жазылған, алайда өте ертедегі текстер, атап айтқанда, Гаталар — дәстүрді Заратуштраның өзіне апарып тірейтін салтанатты әндер, сондай-ақ бірсыпыра дешталар (Хом-яшт, Срош-яшт және басқалар) да бар.

Виспрат («Судьяның салмағы») — Яснаға рәсімдік қосымша.

Видевдат («Дәулерге қарсы заң») — зороастрашылардың күнделікті мінез-құлқы туралы, негізінен кейінгі кезде жазылған, бірақ өте ежелгі заманнан келе жатқан фрагменттер де бар өмір салттың, текстер мен бұйрықтардың жинағы.

Яшталар («Гимндер») — өте ежелгі дәуірден, кейде үнді-иран қауымы дәуірінен келе жатқан және Орта Азия мен оған жапсарлас жатқан Иран мен Ауғанстанның ертедегі тұрғындарының рухани өмірін зерттеу үшін көп материал беретін құдайлардың гимндері.

Кіші Авеста — көлемі шағын текстер жинағы, ол кейде ежелгі дүниенің діни-философиялық білімдерінің тарихын зерттеу үшін едәуір ынта-ықылас туғызады.

Текстерінде өз зерттеушісін күтіп тұрған аса бай материал болғанымен, Авеста деректері сақ кезеңіндегі Қазақстанның ежелгі тұрғындарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге біршама аз тартылды.

**Ортаңғы Иран ескерткіштері** — парфяндар тілінен бастап, «ортаңғы кезең» дейтін иран тілдеріндегі эпиграфиялық және нарративтік деректемелер осылай аталады. Парфяндардың, ортаңғы парсы, соғды, хорезм, бактрия тілдері мен тіл деректемелерде нашар куәландырылған басқа да бірқатар тілдер соған жатады.

Арамей жазбасының ерекше түрінде және парфяндардың ортаңғы парсы және соғды тілдерінің өзге де диалектілерінде жазылған манихей дінінің ескерткіштері де соған қосылады. Тарихшы үшін мына шығармалар мейлінше маңызды:

1) Бундахишн. «Әлем» — зороастрашылардың ғарышнама және Ғаламның құрылысы туралы түсініктері айтылған өте көлемді шығарма.

2) Денкарт. «Наным негіздері» — зороастралық діни ілімінің бізге дейін жетпеген Авеста бөлімдері тізіп келтірілген және қайталап айтылған көп томды энциклопедиялық баяндалуы.

3) Арда-Вираз-намак — Александр Македонский жаулап алғаннан кейін құлдырап кеткен зороастралық наным туралы дұрыс түсінік алу үшін Вираз Әулиенің жұмақ пен тозаққа саяхаты жөніндегі шығарма. Тегінде, кейінгі Сасанилер дәуіріндегі зороастризм реформацияларының бірін бейнелейтін өте қызықты шығарма.

4) Панд-намак-и Зардушт — «даңқты Зороастра кітабы» — зороастралық мектепте оқытылған діни ілімнің негіздері.

5) Кар-намак-и Ардашир-и Панақан — Сасанилер әулетінің билік басына келуінің аңызға айналған нұсқасы айтылған ақсүйектік шығарма.

Ортағасырлық иран тілдеріндегі басқа текстер сияқты, ортаңғы парсы текстеріне де Орта Азия мен Қазақстан тарихшылары зор ынта қояды, өйткені онда дәуіріне сай, яғни алдыңғы орта ғасырдан XII—XIII ғасырларға дейінгі түпнұсқалық жазба деректер келтірілген. Оларда түріктер, эфталиттер, осы аймақтағы басқа да халықтар мен оқиғалар туралы деректер бар. Алайда осы кезге дейін бұл деректер өте нашар тартылып келді, мұның өзі бірінші кезекте иран тілдерінің фонотекасына өте нашар бейімделген арамей жазбасымен жазылған ортағасырлық текстердің қиындықтарына байланысты.

Антик тарихнамасы неғұрлым мазмұнды. Қазақстанның тұрғындары туралы мәліметтер ертедегі Грекияға Персия арқылы, сондай-ақ Қара теңіз өңіріндегі грек отарлары арқылы жетіп тұрды. Тегінде, бұл аймақтың тарихи тағдырлары жөнінде бірсыпыра анық мәліметтер беретін «Тарих» деген тамаша еңбекті жазған Геродот (б. з. б. 484—425 жж.) болар. Қазақстан халықтары туралы хабарлар ең көп дәрежеде төртінші кітапта шоғырландырылған, онда көшпелі скиф тайпаларының орналасу географиясы, олардың тарихы, рухани мәдениеті, әдет-ғұрыптары туралы баяндалады. Геродот хабарларының негізіне деректі материалдар да, Қазақстан мен Орта Азияның сак (скиф) тайпаларына барып тірелетін ауызша фольклорлық дәстүр де алынған.

Ктесийдің куәліктерінде ахеменид уақытының тарихы жөнінде бірқатар құнды деректер бар, олар оның «Персия тарихы» деген шығармасында жиналған. Бұл еңбекті Диодор (б. з. б. I ғ.), Үлкен Плиний (б. з. I ғ.), Клавдий Элиан (б. з. II—III ғғ.) сияқты авторлар деректеме ретінде пайдаланған. Неғұрлым кейінгі авторлар Ктесийді «тарихи романның атасы» деп атайды. Ктесийдің әңгімелерінде кейде анахронизм сарыны сезіледі. Дегенмен ежелгі грек жазушысының ақпаратында ертедегі Қазақстан этностары, олардың орналасқан жерлері, қоғамның саяси ұйымдастырылуы туралы анық деректердің жекелеген маңызды ұшықтары әр жерде шашырап жатыр. Ктесийдің бірқатар қызықты новеллалары шын мәнінде жергілікті халық дәстүрінен мәліметтер береді.

Қазақстан тарихын зерттеу үшін грек тарихшыларының Александр Македонскийдің жорықтарын суреттейтін шығармаларының бірсыпыра маңызы бар, олардың арасында Диодорды, Помпей Трогты, Полибийді атап өткен жөн. Олардың көшпелілер мен Парфия, Грекия мен Бактрия арасындағы саяси қатығыстар туралы жеткізген мәліметтері ерекше маңызды. Алайда оларда Қазақстанның ертедегі дәуірлері туралы анық ақпарат көп емес.

Оларда айтылатын этностарды басқа мәліметтермен ұқсастыру өте қиын. Ертедегі Қазақстан тарихы үшін географиялық антик әдебиеті маңызды деректеме болып табылады. Страбонды (б. з. б. I ғ. — б. з. I ғ.) оның көрнекті өкілдерінің бірі деп санау керек. Оның «Географиясында» Қазақстан мен Орта Азияның табиғи жағдайлары мен халықтарының тұрмыс салты туралы мәліметтер олардың саяси тарихының әр түрлі оқиғаларымен ұштастырылды. Страбон географиялық әдебиетті үстірт бағдарға ала отырып, кейде нағыз географиялық жағдайды онша біле бермеді. Мәселен, ол Каспий теңізін тұйық бассейн емес, мұхит шығанағы деп санады және Арал теңізі жөнінде ешнәрсе білмеді, мұның өзі, әлбетте, жалпы көріністің бұрмалануына әкеп соқты. Птолемейдің (б. з. I ғасырдың аяғы — II ғ.) «География» атты шығармасы күрделі болса да, бағалы деректеме болып табылады. Тексте қалалардың, өзендердің, тау тізбектерінің, көлдердің географиялық координаттары беріліп, әр түрлі аймақтардың, соның ішінде Орта Азия мен Қазақстанның шекаралары көрсетілген. Птолемей сақтар елімен (сірә, Қазақстанның оңтүстігі, Сырдария алабының бойы болар) қатар Скифияны да біледі, ал Еділден Балқаш көліне дейінгі кең-байтақ жер Скифия деп қарастырылды. Бұл мәліметтердің құндылығы өте зор екені даусыз, алайда оларды пайдаланғанда өте сақ болу қажет, өйткені Птолемейдің түрлі деректемелерден алынған деректерді сын көзбен байыптап тексеріп алмай қоса салатыны да кездеседі.

Б. з. б. II ғасырдан бастап Қазақстан тарихын зерттеуде қытай деректемелері айтарлықтай рөл атқарады. Антик авторларына қарағанда, қытай авторлары жалпы алғанда Қазақстандағы жағдайды жақсырақ білетін еді. Қытайдың экспансиясының батысқа жылжуы Шығыс Түркістандағы, Қазақстан мен Орта Азиядағы жағдайды дәл білу қажеттігін туғызды. Бұл орайда халықтар мен тайпалардың мінез-құлқы мен әдет-ғұрпы, олардың өмір салты, саяси құрылысы мен соғыс оқиғалары туралы материал мақсатты түрде жиналды. Бұл ақпарат әдетте барлауды мақсат ететін елшілердің, саудагерлердің, саясатшылар мен миссионерлердің Орта Азия иеліктеріне сапарларының нәтижесінде алынып, жеткізіліп отыратын. Сонымен бірге мәліметтер жинау қытай әскерлерінің жорықтары кезінде жүзеге асырылды, сондай жорықтардың ең ертедегі б. з. б. 104—102 жылдардағы Хань әскерлерінің Ферғана алқабындағы Давань иелігіне жасаған жорығы болатын. Қазақстан халықтары туралы алғашқы анық мәліметтер император У-ди (б. з. б. 140—86 жж.) батыс облыстарға жіберген тұңғыш қытай елшілігінің жетекшісі Чжан Цяннан алынған. Чжан Цянь «батысқа» б. з. б. 138 жылы және б. з. б. 115 жылы екі саяхат жасады. Басқасын былай қойғанда, оларда сундарға (ғұндарға) қарсы Орта Азия тұрғындары юэчжилермен және Жетісу усундерімен одақтасуға қол жеткізу мақсаты көзделген еді. Чжан Цянь өз миссиясы барысында жат жерліктер шаруашылығының жай-күйіне, олардың әскерлері санына, қару-жарақтарына ерекше назар аударды, сондай-ақ олардың әдет-ғұрпының, мінез-құлқының, киім-кешегінің ерекшеліктерінің бәрін жазып алып отырды.

Әулеттік тарихтар ішінде Қазақстан мен Орта Азия халықтары туралы ең көлемді және бағалы деректер Сыма Цянның (б. з. б. 145—86 жж.) «Тарихи жазбалар» («Шицзи») деген тарихи еңбегінде, атап айтқанда, «Өмірбаян» бөлімінің «Сюнну туралы хикая» және «Давань туралы хикая» деген екі тарауында, сондай-ақ хань императорлары мен қолбасшыларының өмірбаян-

дық суреттемелерінде келтірілген. Мұнда Орталық Азия иеліктері, олардың өзара және Қытаймен қатынастары туралы маңызды мәліметтер жиналған. Сыма Цяньның еңбегінде аңызға айналған кезден аса көрнекті тарихшы өмір сүрген кезге дейінгі көз жететін бүкіл тарихи кезең қамтылады.

«Шицзиден» кейін «Ежелгі Хань тарихы» («Цянь Ханьшу») келеді, оны негізінен біздің заманымыздың I ғасырында Бань Гу жазып, оның оқымысты қарындасы Бань Чжао аяқтаған. Бань Гудың еңбегі ортодоксалдық конфуциандық еңбектер қатарына жатады, ол тарихи шығармалардың жаңа жанрын — бір әулеттің басқару тарихын бастап берді. Қытай мен Орталық Азияның б. з. б. II ғасырынан бастап жаңа заманға дейінгі тарихы баяндалатын 26 әулет тарихы Қытайдың бірегей тарихи мұрасы болып табылады. Бань Гудың шығармасында Орталық Азияның жат жерлік халықтары суреттелетін мәліметтерге «Сиюй чжуань» («Батыс өлке туралы хикая») деген арнаулы тарау бөлінген. Осы тарихи-географиялық жағынан жаңа аймақты бөліп көрсету қытайлардың географиялық білімінің кеңейгенін ғана емес, сонымен қатар Қытайдың сыртқы саясаты мен геосаясатында оған стратегиялық мән берілгенін де дәлелдейді. Хроникада Хань империясынан Орта Азияға апаратын негізгі жолдар көрсетіліп, оның этникалық топтары, олардың айналысатын жұмыс түрі, экономикалық және әскери жағдайы, Шығыс Түркістанның полистері, олардың арасындағы соғыстар мен сауда, саяси одақтар суреттелген. Онда Қытайдың Батыс өлкедегі дипломатиясы да сипатталған. Тарихшының туған бауыры, Қытайдың аса көрнекті дипломаты Сиюйге жіберіліп, онда Хань әулетінің саясатын ойдағыдай жүзеге асырғаны мәлім. Бань Гудың еңбегі 200 жылдай кезенді қамтиды, онда Давань, Усун, Кангюй, сондай-ақ Сюнну иеліктері туралы, оның ішінде сюнну билеушісі (шаньюй) Чжичжидің Солтүстік-Батыс Тянь-Шандағы иеліктері туралы мәліметтер бар. Алайда Бань Гу өзінің еңбегінде өз кезіндегі оқиғалар туралы жазбаған, сондықтан да оның еңбегі «Ертедегі Хань әулетінің тарихы» деп аталады. Бұл жөнінде осы еңбекке қосымшаны V ғасырдағы ғалым Фань Е жазған. Фань Е «Цянь Ханьшу» мәліметтерін толықтыра келіп, Бань Гудың еңбегіне баға берген, Бань Гудың бауыры Бань Чжао жұмыс істеген Сиюйдегі қызмет пен жағдайларды бірінші рет жазған. Фань Е Қытайдың сыртқы саясаты мен Орталық Азиядағы дипломатиясына, Қытайдың дәстүрлі «батыс» саясатының саяси тұжырымдамаларына неғұрлым егжей-тегжейлі тоқталған. Бұл фактінің зор маңызы бар, өйткені ол Орталық Азия халықтары туралы материалдар іріктеп алуға және олардың Қытай тарихнамасында көрсетілуі мен бағалануына ықпал жасады. Қытайдың феодалдық тарихында көршілес халықтардың тарихын баяндау ұлыхандық шовинизм мен қытайлық центризм тұрғысынан жүргізілген.

Хань әулеті билік еткен кезеңде (б. з. б. II ғ. — б. з. II ғ.) Жібек жолының негізі салынып, Қытай мен Орталық Азия мемлекетінің сауда және саяси байланыстары, Орталық Азия халықтарының мәдениеттері мен қытай мәдениетінің өзара әсері мен өзара ықпалы жанданды. Қытайға және Қытайдан үлкен сауда керуендерін ілестірген бірнеше елшілік аттандырылды, Қытаймен саудаға Орта Азия көпестері дәнекер болды.

Жібек жолының толысып гүлденуі Қытайда Тан әулеті билік еткен кезеңге (618—907) тұстас келеді. Орталық Азия халықтары, олардың тарихы туралы мәліметтердің келесі үлкен кешені сол дәуірге арналған екі хроникада бар. «Тан әулетінің ескі тарихын» («Цзю Таншу») Қытайдың бөлшек-

тенуі кезеңінде — авторлар тобы, ал «Тан әулетінің жаңа тарихын» («Синь Таншу») да Сун дәуірінде (1043—60) Қытайдың аса көрнекті ғалымы әрі ақыны Суян Сю (1007—72) бастаған авторлар ұжымы жазған. Тан әулетінің тарихы жөніндегі екінші еңбек біріншісінен жаңсақтықтар мен қателер көп табылуына байланысты жазылған. Хроникаларда батыс түріктер, түргештер, олардың этногенезі, Батыс түрік қағанатының, Түргеш қағанатының құрылуы мен олардың ыдырауы туралы саяси тарих пен этнологиялық мәліметтер берілген. Қарлұқтар, олардың Жетісуда және Қазақстанның оңтүстігінде, сондай-ақ қазіргі Қырғызстанда орналасуы туралы қытай материалдары өте құнды. Ертедегі дәуір мен б. з. VIII ғасырына дейінгі Орталық Азия тайпалары мен олардың мемлекеттік құрылымдары тарихының негізгі арқауын нақ қытай деректемелері бойынша біршама толық жасауға болады, бұл әсіресе усундердің, кангюйлердің, ежелгі түріктердің, түргештердің, қарлұқтардың саяси тарихына байланысты.

Орталық Азияға саясатшылардың жазбалар жанры Тан әулеті билеген кезеңде де, XIII ғасырда да ең басты деректеме болып қала береді. «Синь Таншу» мен «Цзю Таншуда» Жетісуға Шығыс Түркістан полистері арқылы жүріп өткен қытай саяхатшыларының маршруттары: Шу, Талас өзендерінің аңғарлары, Ыстықкөл суреттелген. Алайда олардың ішінде буддаға тауап етуші Сюань Цзан (шамамен 596—664) қалдырған жазбалар мейлінше толық болып табылады. Ол жазған шығарма «Ұлы Тан әулеті кезіндегі Батыс өлкесі туралы жазбалар» («Да Тан Сиюйцзи») деп аталады және Сюань Цзанның Орта Азия арқылы Үндістанға саяхатына арналған. Сюань Цзан Суяб, Невакет, Талас арқылы жүріп өткен. Ол қаған сарайын, түрік тайпалары мен басқа да тайпалар кәсібінің әдет-ғұрпын суреттеген.

Батысқа саяхат жасаушылардың жолжазба жанры монғол дәуірінде толығырақ түсті, бұл кезде қытайлардың география мен этнография бойынша түсініктері едәуір кеңейді. Бұл — «Сопы Чан Чунның Батысқа саяхаты туралы жазбалар» («Чжан Чунь чжэнь және Си юцзи»). Чан Чунь Солтүстік Қытайдан Орта Азияға 1220—1224 жж. Шыңғыс-хан жорықтары кезінде саяхат жасаған, ол Жетісу, Шу және Талас аңғарларымен жүріп өтіп, саяхатшы жергілікті тайпалардың мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысуын суреттеген. Басқа бір «Батысқа саяхат суреттемесін» билік етуші Ляо (кидань әулеті) үйінің ұрпағы Елюй Чуцай жазған, ол Шыңғыс-хан Орта Азияға жорықтар жасағанда оған еріп жүрген еді. Елюй Чуцай монғол ханы жаулап алған халықтардың тұрмысы, әдет-ғұрпы, мінез-құлқымен жақсы таныс болған.

Ертедегі және орта ғасырлардағы қытай деректемелері, сынаржақ болғанына қарамастан, Қазақстанның тарихы мен мәдениетін зерттеуде ерекше құнды.

Біздің заманымыздағы I мыңжылдықта ежелгі түрік және түркі тілдес тайпалар мекендеген жерлерден шыққан көне түрік жазбаша ескерткіштерінің құны баға жеткізсіз. Түрік авторлар жазған бұл жазбаша деректемелердің елеулі және даусыз екі қасиеті бар, олар — автохтондылығымен, яғни жергілікті сипатта болуымен және түпнұсқалылығымен ерекшеленеді — автор өзінің көз алдында не болғаны немесе болғанынан көп уақыт өтпеген оқиғалар жайында, өзі жақсы білетін фактілер туралы жазған. Сол арқылы ежелгі түрік деректемелері түрік қоғамындағы этникалық, әлеуметтік және мәдени үрдістер туралы жат жерлік байқаушылар жазған мәліметтер-

ге қарағанда неғұрлым дәл түсінік береді. Монғолия жерінен мейлінше құнды ежелгі түрік тексттері табылды. Деректеметануда Енисей мен Таластан ашылған ескерткіштердің зор маңызы бар.

Ең алдымен түрік хандары Күл-тегін (732) мен Білге-қаған (735) құрметіне қойылған ескерткіштер — Кошоцайдама құлпытастарын атап өту керек. Бұл жазбалардың авторы, басқа да көпшілігіндегі сияқты, қаған әулетінен шыққан Йолығ-тегін болған, ол түрік тілінде жазған есімі бізге белгілі тұңғыш жазушы. Осы екі ескерткіш басқа да руна жазбаларының бәрі дерлік салыстырылатын өзінше бір өлшемдерге айналды. Тоникөк ескерткіші (шамамен 716), Құлшора құрметіне орнатылған ескерткіш (722), Онгин жазбасы қосылатын Кошоцайдаманың мәнерлі тексі негізінен Шығыс түрік қағанаты жөнінде мәліметтер береді. Сонымен бірге оларда Қазақстан мен Орта Азияның батыс түріктері тарихының оқиғаларына қатысты маңызды естеліктер бар, оларға талдау жасау тарихи-географиялық, тарихи-саяси және этнографиялық проблемалардың тұтас кешенін зерттеу жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді. Ең құндысы — «он оқ» (он жебе) халқы, түргештер, қарлұқтар, оғыздар, кенгерестер, Жетісу соғдылары туралы мәліметтер.

Елетміш Білге-қаған (747—759) құрметіне жазылған эпитафия болып табылатын Селенга тасы (яғни Шине Усу ескерткіші) орхон ескерткіштеріне жатады. Бұл жазбада түріктермен бірге ұйғырлардың тайпалық бірлестігіне билік еткен қыпшақтар уақыты жағынан бірінші рет ауызға алынады. Елетміш-қағанның түріктермен, түргештермен, қарлұқтармен және басмылдармен өзара қатынастарының тарихы да баяндалады.

Терхин құлпытасы да (756 ж.) Елетміш-қағанға арналған және көп жағынан мазмұны Шине Усу жазбасынан асып түседі, кейде оған жолма-жол сәйкес келеді. Ескерткіште Алтай-Тарбағатай қарлұқтарының Жетісуға қоныстану уақытына қатысты мезгілі көрсетілген маңызды тарихи оқиға айтылады. Ежелгі түріктердің руникалық ескерткіштерінде кейіннен Қарлұқ және Қарахан мемлекеттерінде елеулі рөл атқарған ягма тайпасының уақыты жағынан бірінші рет аталуы да құнды мәліметтердің бірі болып табылады.

VII—X ғасырлар деп белгіленген Енисей аңғарының жазбалары мен Суджа құлпытастарынан тұратын Қырғыз мемлекетінің ескерткіштері белгілі бір ынта-ықылас туғызады. Енисейдің екі тексінен Қазақстанның алдыңғы ортағасырлық тарихына қатысты материалдар табылды. Бір эпитафияда қырғыздар жерінде өлген түргеш бегі туралы айтылады. Басқа бір жазбада түргештердің Қара ханына елші болып кетіп, қайтып оралмаған атакты қырғызды жоқтау тексінің үзінділері бар. Бұл оқиғалар 744 және 756 жылдарға жатады.

Батыс-түрік қағанатының Жетісудан (Талас өңірінен) табылған ескерткіштері елеулі мәдени-тарихи қазына болып табылады, оған қабірлерге қойылған құлпытастарға, теңгелерге, тұрмыстық заттар мен ағаш таяқшаларға жазылған 12 жазба жатады. Бұл ескерткіштердің жоғарғы мерзімі едәуір айқын — VIII ғасыр, ал төменгі хронологиялық шегі, тегінде, VI—VII ғасырлар шебі болуы ықтимал. Талас эпитафиялары «қара рудан» шыққан түргеш қағандары — Сұлық Шабыт-шора мен оның ұлы билік еткен кезге (716—740 жж.) жатады.

Ежелгі түрік ескерткіштерінің алдыңғы ортағасырлық Қазақстанның тарихи географиясы мәселелерін талдап шешуге айқын жарық беретін деректеме ретіндегі маңызын бағалау қиын.

Деректеметануда IX—XVII ғасырлардағы араб, парсы және түрік әдебиеті ерекше орын алады, онда Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихы бойынша маңыздылығы мен сипаты жөнінен едәуір құнды материалдар бар.

Араб халифаты дәуірінде арабтардың Шығысты жаулап алуы, синкретикалық мұсылман мәдениеті мен ислам дінінің ықпал өрісін кеңейту ісіндегі белсенділігі, мұсылман дүниесінің саяси шекарасынан тыс жатқан алыс аймақтармен сауданың дамуы арабтарды Шығыс Европа мен Орталық Азияның көршілес елдерімен және алыстағы халықтар мен тайпалар туралы ақпарат жинауға құлшындырды. Арабтардың орта ғасырларындағы тарихнамасының Қазақстан аймағына ерекше ден қоюы олардың Орта Азиядағы жаулап алған жерлерін нығайту және Қазақстанның жауынгер көшпелі тайпаларынан сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігімен де байланысты болды.

Қазақстан тұрғындары туралы ең ертедегі мәліметтер арабтардың классикалық тарихи шығармаларында кездеседі. Мәселен, әл-Балазур (IX ғ.) мен ат-Табаридің (IX ғ.) туындыларында VII—VIII ғасырлардың орта шенінде араб шапқыншылығына қарсы күресте Орта Азия халықтарына елеулі көмек көрсеткен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның түркі халықтары туралы маңызды мәліметтер бар. Оңтүстік Қазақстанның жекелеген аудандарына арабтардың басқыншылық жорықтары туралы деректер келтірілген. Арабтың аса ірі тарихшысы, парсы текті әл-Балазур Орталық Азия тарихы жөніндегі құнды деректемелердің бірі «Елдерді жаулап алу Кітабы» (Китаб футух әл-булдан) деген шығарманың авторы болып табылады, «Пайғамбар мен патшалар тарихы» (Тарих әр-русул уә-л- мулук) деген елеулі еңбек жазған ат-Табари да парсылық болатын. Ат-Табари халифаттың әр түрлі қалаларын аралап, көп саяхат жасады, сонан соң Бағдатқа орын тепті де, өмірінің ақырына дейін сонда тұрып, өз өмірін ғылымға арнады. Оның бізге қысқартылған редакциясында жеткен еңбегінде арабтардың алдында болған халықтар туралы мәліметтер келтіріліп, халифат тарихы жылнама ретінде баяндалады. Ат-Табаридің замандасы, Бағдатта туған, энциклопедиялық білімі бар адам — әл-Жахиз (IX ғ.) «Түріктердің қасиеттері» (Манакиб әл атрак) деген кітабында Қазақстанның көшпелі түрік тайпаларын тұңғыш рет этнографиялық тұрғыдан суреттеп берді. Әл-Жахиз Аббас халифтары ұланының түрік гулямдарымен жақын таныс араб оқырмандарына оның әр түрлі себептермен ерекше қызықты болған тақырыптарды іріктеп алған. Ол түріктердің әскери қасиеттерін, олардың қалада тұратын арабтың көзіне әдеттен тыс ерекшелігімен айрықша көрінген немесе халифтардың саяси төңірегіндегілерге маңызды болған әдет-ғұрпын суреттейді, өйткені Аббас халифатының уәзірлеріне «түрік істерімен» едәуір жиі кездесуіне тура келетін еді.

Араб Тамим ибн Бахрдың солтүстік-шығыс Қазақстандағы Ертіс аңғарында жатқан кимектер елі арқылы Тоғыз-ғұз қағанының астанасына уақыты жағынан алғандағы алғашқы саясаты IX ғасырдың бірінші жартысына жатады. Тамим ибн Бахр саясатының сипаты белгісіз, оның сапары әлдебір дипломатиялық тапсырмаларға байланысты болуы мүмкін. Тамим ибн Бахр кимектердің орналасуы, шаруашылығы туралы мәліметтер келтіреді, Тараздан (қазіргі Жамбыл) кимектер патшасының ордасына барған жолын да айтып өтеді.



Нак сол IX ғасырда араб тілді географиялық шығармаларда да Қазақстан аумағында мекендеген тайпалар туралы хабарлар пайда болады. Байланыс және хабар беру қызметінің бастығы Ибн Хордадбехтің «Жолдар мен мемлекеттер кітабы» (Китаб әлмасалик уә-л-мамалик) деген әкімшілік-географиялық анықтамалығы сақталып қалған әлгіндей шығармалардың ең ертедегісі болып табылады. Ол сауда жолдарын сипаттап, әр түрлі елді мекендер арасындағы қашықтықты көрсеткен, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Ұлы жол бойында орналасқан қалалар мен қоныстарды тізіп келтірген. Ибн Хордадбехтің еңбегі көп жағынан халифаттың байланыс, почта қызметінің архивтеріне негізделген. Сірә, оның түріктер туралы айқын мәліметтерінің көбі, соның ішінде түрік тайпаларының жиі-жиі дәйексөз келтірілетін тізімі де (тоғыз-ғұздар, оғыздар, қарлұқтар, кимектер, қыпшақтар, азкиштер, түргештер және басқалары) VIII ғасырға жататын болса керек. Әл-Якуби (IX ғ.) мен Кудама ибн Жафардың (X ғ.) шығармалары жанры жағынан Ибн Хордадбехтің еңбегіне жақын.

Тарихшы әрі географ Әл-Якубидің «Елдер кітабы» (Китаб әл-бұлдан) деген географиялық шығармасында Қазақстан түріктері туралы ауқымды тарихи-этнографиялық материал бар. Оның кең хабардарлығы мен хабарларының дәлдігі біршама жоғары екенін атап өткен жөн. Әл-Якубидің оғыздар, қарлұқтар, кимектер, тоғыз-ғұздар мемлекеттілігі туралы мәліметтері ерекше маңызды. Араб географы және филологы Кудама ибн Жафар «Харадж және хатшы өнері туралы кітап» (Китаб әл-харадж уә санъат әл-китаба) деген географиялық-әкімшілік шығарма жазған. Ол арамей болатын, Басрада тұрып, почта бастығының жоғары қызметін атқарған. Ол өз шығармасын жазған кезде өзі қолына түсіре алған ресми құжаттарды кеңінен пайдаланған. Онда халифаттың әкімшілік бөлінісі, аса маңызды қалалар, таулар, өзендер, жеті климат (белдеу) туралы мәліметтер бар. Байланыс жолдарына және жерге орналасуы мен алынатын салықтар туралы деректер келтіріледі, провинцияларды суреттеуге едәуір көңіл бөлген. Онда мұсылман елдерімен көршілес жерлер туралы да құнды мәліметтер келтірілген; мәселен, түрік тайпалары: қарлұқтар, кимектер, оғыздар, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу шегіндегі сауда жолдары туралы, маршруттар, қалалар, қоныстар және олардың арақашықтығы туралы нақтылы материал бар.

Қарастырылып отырған деректемелер кешені арасында араб географы Ибн әл-Факихтің (IX ғасырдың аяғы — X ғасырдың басы) «Елдер туралы әңгімелер кітабын» (Китаб ахбар әл-бұлдан) да атап өткен жөн. Ол өз кітабын көбінесе өзінен бұрынғы авторлардың (әл-Жахиз, Ибн Хордадбех, әл-Жейхани) шығармаларын негізге ала отырып, 903 жылдар шамасында құрастырған. Онда Азия мен Шығыс Еуропаның көптеген елдері туралы тарихи-географиялық материалдар жеткілікті. Түріктер туралы тарау ерекше назар аударарлық, онда түрік тайпалары (қарлұқтар, кимектер, қыпшақтар, оғыздар, тоғыз-ғұздар және басқалар) туралы, олардың елдері, қалалары, сауда жолдары, орналасуы, шаруашылық және мәдени қызметі туралы құнды мәліметтер келтіріледі. Ибн Русте көп томды энциклопедиялық шығармасын Ибн әл-Факихпен бір мезгілде жазды деуге болады. Бұл еңбектен климат тарихи-географиялық тұрғыдан суреттелетін бір томы ғана сақталған. Ибн Рустенің «Қымбат тұратын алқа туралы кітап» (Китаб әл-алак ән-насифа) деген шығармасы түгелдей кітап деректемелеріне негізделген. Автор түрлі саяхатшылар мен географтардың туындыларынан құнды фактілерді

ерінбей-жалықпай көп жинаған. Оның түркі тілдес тайпалар мен олар мекендеген жерлер туралы бөлімдерінің зор маңызы бар.

Араб географиялық әдебиетінің ең гүлденген шағы — X ғасыр. Араб географы әрі саяхатшысы, Орталық Иранның тұрғыны әл-Истахри (X ғ.) — сол дәуірдің танымал өкілі. Оның «Жолдар мен мемлекеттер туралы кітап» деген еңбегі әл-Балхидің неғұрлым ертедегі, бізге дейін жетпеген географиялық еңбегінің өңделген және толықтырылған нұсқасы болып табылады. Кітапта Аравия, Парсы теңізі, Мағриб, Мысыр, Сирия, Румдар теңізі, Ирак, Үндістан, Иран, Хазар теңізі, Армения, Азербайжан, Хорасан және Мауараннахр суреттеледі. Әрбір ел жөнінде шекаралары, қалалары, қашықтығы, маршруттары туралы мәліметтер; өнімдері, саудасы, қолөнері туралы жеке-леген деректер келтіріледі. Шығыс Европа туралы қызықты мәліметтер бар, хазарлар, буртастар, орыстар, бұлғарлар өмірі суреттеледі. Қазіргі Қазақстан аумағында тұрған түрік тайпалары: оғыздар, кимектер, қарлұқтар туралы маңызды да нақты материалдар кездеседі. Онда «Дүние жүзінің картасы» келтіріліп, түрік тайпаларының шоғырланған жерлері көрсетілген. Әл-Истахридін еңбегін өз кезегінде X ғасырдың аяғында Ибн Хаукаль редакциялап, толықтырды және оны «Жолдар мен мемлекеттер кітабы» (Китаб әл-масалик уә-л-мамалик) деп атады.

Ибн Хаукаль солтүстік Месопотамиядан шыққан, өз кезінде көп саяхат жасаған. Түрік тайпалары туралы тарихи-географиялық мәліметтері әл-Истахридін хабарларымен көп жағдайда сәйкес келеді. Оның түрік тайпаларына берген лингвистикалық сипаттамасы ден қоярлық: оның айтуынша, олардың бәрі бір тілде сөйлейді. Әл-Истахри мен Ибн Хаукаль еңбегінің маңызды бөлігі «Жер келбеті» (Сурат әл-ард) деген географиялық карта болып табылады. Тексімен бірге картаны зерттеу түрік тайпаларының орналасуы туралы мәліметті әлдеқайда жақсы анықтауға мүмкіндік береді. X ғасырда арабтың екі саяхатшысы Ибн Фадлан мен Әбу Дулаф Қазақстан жері арқылы жүріп өткен. Ибн Фадлан туралы ешқандай өмірбаяндық мәліметтер жоқ. Ол «Жазба» (Рисала) деген елеулі туынды жазған, онда хазарларға қарсы араб-бұлғар одағын орнату және бұлғарлар арасында ислам негіздерін орнықтыру мақсатымен араб халифатының астанасынан Еділ бұлғарларына бірнеше адам болып барған делегацияның сапары суреттелген. Елшілік Бағдаттан 921 жылғы маусым айында шығып, бұлғарларға 922 жылдың мамырында жеткен. Жолды Хамадан, Рей, Нишапур, Мерв, Бұхара, содан соң Хорезм, Үстірт және Жайық арқылы Еділ бойына қарай жүріп өткен. Қайтар жолдағы мерзімдері мен карталар белгісіз. Онда орыстардың, хазарлардың әлеуметтік және рухани тарихы жөнінде маңызды мәліметтер келтіріледі. Этнографиялық сипаттағы мәліметтер толып жатқан көшпелі түрік тайпаларына: печенегтерге, башқұрттарға және әсіресе қазіргі Қазақстанның батыс облыстарында мекендеген оғыздарға қатысты.

Әбу Дулаф Бұхарада самани билеушісі II Насырдың сарай қызметшісі болған. 942 жылы Әбу Дулаф Қытай мен Үндістанға сапар жасап, өз замандастары арасында саяхатшы атанған. Әбу Дулаф саяхаттары туралы өз естеліктерін екі «Жазбада» (Рисала) баяндаған, оларда оғыздардың, кимектердің, қарлұқтардың, жікілдердің шаруашылығы, діні мен тұрмысы туралы мәліметтер айтылады. Көзімен көргендері туралы хабарларға қосылған есіткендері де аз емес.

Бағдатта туған араб тарихшысы әрі географ әл-Масудидің (X ғ.) шығармалары бағалы тарихи деректеме болып табылады. Оның білімінің негізгі көзі Үндістаннан Атлант мұхитына, Қызыл теңізден Каспий теңізіне дейінгі барлық елдерді қамтыған саяхаттар мен халықтың мейлінше алуан түрлі топтарының өкілдерімен нақты қарым-қатынас жасау болды. «Уақыт тарихы» (Ахбар әз-заман) деген 30 томдық тарихи-географиялық энциклопедиядан бізге жеткені — «Алтын жуғыштар мен асыл тастар кеніштері» (Мурудж әз-захаб уә мадин әл-джавахир, 943 ж.) мен «Тәлімгерлік және қайта қарау кітабы» (Китаб ат-танбих уә-л-ишраф, 956 ж.). Әл-Масудидің еңбектерінде түрік тайпалары (кимектер, оғыздар, қарлұқтар, барысхандар, тоғыз-ғұздар, хазарлар) туралы тарихи-географиялық мәліметтер мен алдыңғы ортағасырлық Қазақстанның тарихи географиясы жөнінде деректер келтірілген. IX ғасырдың екінші жартысында Батыс Қазақстанда болған тарихи оқиғалардың қысқаша баяндалуы елеулі ынта-ықылас туғызады.

Әл-Макдисидің (X ғ.) шығармаларында өз көзімен көргендерге негізделген тарихи-географиялық деректер бұдан да маңызды орын алады. Араб географы әрі саяхатшы, Иерусалимде туған ол Шығыстың барлық мұсылман елдерін аралап шықты деуге болады. Оның шамамен 985 жылы жазылған «Климаттарды тануға арналған ең жақсы бөлініс» (Ахсан ат-такасим фи марифат әл-акалим) деген шығармасында елдер мен аймақтардың араб әдебиетіндегі толық және жүйелі суреттемесі беріледі, соның ішінде Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан, халықтың тайпалық құрамы, қалалары мен қоныстары, сауда жолдары мен сауда жасайтын заттары, шаруашылығы мен діни көзқарастары, тілі мен ғұрыптары туралы маңызды мәліметтер бар.

Испан-араб географы Исхак ибн әл-Хусейннің (XI ғ.) Андалусияда жазылған «Кез келген жердегі атакты қалалар суреттелетін інжулер үйінділері» деген шығармасында Қазақстанның түркі тілдес тайпалары суреттеледі. Оның түріктер туралы тарауда келтірілген мәліметтеріне Гардизидің (XI ғ.), әл-Бирунидің (XI ғ.) және әл-Марвазидің (XII ғ.) ақпараттарында ұқсас сипаттар аңғарылады.

Кітапта түркі халықтары туралы этнографиялық және тарихи-географиялық сипаттағы деректер бар. Әл-Марвазидің (XII ғ.) «Жануарлардың табиғи қасиеттері» (Табаи әл-Хайауан) деген шығармасын Қазақстанның ортағасырлардағы тарихының құнды деректемесі деп атаған жөн. Автор салжұқ Мәлікшахтың (1072—1092) сарайында дәрігер және Санжар (1118—1157) билегенге дейін оның мирасқоры болған. Әл-Марвазидің туындыларында түркі халықтары туралы бірегей этнографиялық мәліметтер бар. XI ғасырдың басында кимек, қыпшақ, оғыз тайпаларының қоныстануына елеулі ықпал жасаған халықтардың қоныс аударуы туралы хабар ерекше құнды. XII ғасырдың орта шенінде арабтың географ-ғалымы әл-Идриси арабтардың орта ғасырлары жөнінде «Аймақтарды аралап қажыған адамның көңіл көтеруі» (Нузхат әл-муштак фи-хтирак әл-афак) деген аса ірі географиялық шығарма жазды. Ол Сеутте туып, Кордовода оқыған, жас кезінен көп саяхат жасап, Лиссабонда, Англияда, Францияда, Мароккода, Кіші Азияда болған. Географиялық шығарма Сицилияның королі II Роджерге (1098—1154) арналған. Онда Европаның, Азия мен Африканың елдері егжей-тегжейлі суреттеледі. Ол Шығыс Европаны, Кавказды, Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген халықтар туралы этнографиялық және тарихи-географиялық сипаттағы қызықты әрі бірегей хабарлар айтады. Орта ғасырлардағы Қазақ-

стан аумағында мекендеген түрік тайпалары: кимектер, қыпшақтар, оғыздар, қарлұқтар, түргештер, азкиштер туралы, олардың орналасуы, шаруашылығы, қалалары, сауда жолдары, қолөнері туралы маңызды мәліметтер келтіріледі.

Әл-Идрисидің бізге келіп жетпеген жазбаша деректерге негізделген мәліметтері көбінесе бірегей сипатта болып келеді. Мәселен, кимектер елін суреттеген кезде ол Шығыс Қазақстан далаларында туған кимек ханзадасы Жанак ибн Хакан әл-Кимеки (X—XI ғғ.) жазған кітапты пайдаланған. Әл-Идрисидің еңбегінде келтірілген және «Жер келбеті» (Сурат әл-ард) деп аталатын географиялық карталар ерекше ынта-ықылас туғызады. Карталарда географиялық және экономикалық объектілердің белгілері көп, бұл ерекшеліктер оларды өте құнды қосымша деректемелерге айналдырады.

XIII ғасырдан бастап ортағасырлық араб тілдес авторлар көбіне құрастырушыға айналып, өз заманындағы жағдайды сирек суреттейді және өздерінің алдындағы географтар мен тарихшылардан дәйексөздер келтіруді жөн көреді, бірақ оның есесіне бізге келіп жетпеген бірқатар деректемелердің құнды мәліметтерін сақтап қалған. Ғарышнамалық әдебиет дамып, алуан түрлі экзотика мен кереметтерге ынта-ықылас туғызады. Араб географы Ибн Саид (XIII ғ.) әл-Идрисидің тікелей ізбасары болып табылады. Оның «Жеті климат туралы» шығармасы бұрынғы деректемелерге едәуір тәуелді екеніне қарамастан, Қазақстанның Еділ бойы мен Орта Азияның XIII ғасырдың орта шеніне дейінгі тарихи географиясын зерттеу үшін өз бетінше ынта-ықылас аударады. Қыпшақтар мен кумандар туралы, олардың қоныстануы, қалалық қоныстары мен діні туралы қызықты мәліметтер жеткілікті. Тарихшы және географ Закария әл-Казвинидің (XIII ғ.) туындылары да деректемелердің осы тобына жатады. Автордың есімі «Жан-жануарлардың кереметтері» (Аджаиб әл-махлукат) және «Қалалар ескерткіштері» (Асар әл-билад) деген екі тарихи-географиялық еңбектерімен әйгілі болды. Бұл еңбектер әр түрлі жарық көздері, жердің жеті климаты (ықылым), теңіздер, өзендер, таулар, минералдар, өсімдіктер, жануарлар мен әр түрлі экзотика туралы нақты материалдарға бай. Сонымен бірге оларда IX—X ғасырларда қазіргі Қазақстан аумағында мекендеген түркі тілдес тайпалар: оғыздар, қарлұқтар, жікілдер, кимектер туралы тарихи-этнографиялық маңызды деректер де келтірілген. Суфизмді ұнатқан және тегінде соны ұнатудың салдарынан болар, өмірінің ақырында Палестинаға кетіп қалған сириялық әд-Димашки «Құрғақтағы және теңіздегі уақыт пен ғажайыптардың тандаулылары» (Нухбат әд-дахр фи аджаиб әл-барр уә-л-бахр) деген ғарышнамалық үлкен еңбек жазған. Оның шығармасы араб авторларының едәуір дәрежеде IX—XI ғасырлардағы дәстүрлі бағыттағы шығармаларына негізделген. Сонымен бірге онда түркі халықтары және олардың орналасуы, қыпшақтардың тайпалық құрамы туралы бұрын белгісіз деректер келтіріліп, кумандар қыпшақтардың этникалық компоненттерінің бірі деп көрсетілген.

XIII ғасырда Сирия ғалымы Якут «Елдер тізбесі» (Муджам әл-бұлдан) деген географиялық әмбебап түсіндірме сөздік жасады. Онда мұсылмандар тобының да, оның шегінен алыс жатқан жерлердің де халықтарының географиясы, тарихы, лингвистикасы, фольклоры, материалдық және рухани мәдениеті жөніндегі автор білетін мәліметтердің бәрі қамтылды. Якуттың орта ғасырлардағы Қазақстан мен оған шектес жерлердің XIII ғасырдың басына дейінгі көшпелі түркі тайпалары туралы деректері едәуір толық әрі

маңызды. Сөздікте сондай-ақ монғол шапқыншылығы, монғол әскерлерінің қыпшақтар, аландар, бұлғарлар және Саксин аймағы арқылы жүріп өтуі келтірілген. Месопотамияда туған көрнекті араб тарихшысы Ибн әл-Асир (XIII ғ.) Якуттың замандасы әрі жақын танысы болған. Ол Аравияны, Сирияны, Палестинаны аралап саяхат жасаған, 1188 жылы Салах ад-Диннің крестілерге қарсы шайқастарына қатысқан. Мосулде өлген. Ибн әл-Асир бірқатар тарихи-библиографиялық еңбектер, соның ішінде «Тарихтың толық суреттемесі» (Әл-камил фи-т- тарих) деген іргелі тарихи хроника жазған, онда монғол шапқыншылығын қоса алғанға дейінгі мұсылман дүниесінің тарихы баяндалған. Ғалым орасан зор нақтылы материал жинаған, бірқатар жағдайларда ол бізге келіп жетпеген жазбаша деректемелерді пайдаланған. Мұсылман әулеттері мен оларға шектес мемлекеттердің (Араб халифатының, Саманилердің, Карахандардың, Хорезмшахтардың, қарақытайлардың және басқаларының) саяси тарихы егжей-тегжейлі суреттеледі. Ертедегі түріктер, карлұқтар, оғыздар, қыпшақтар жөніндегі саяси, этникалық, этнографиялық және мәдени сипаттағы деректердің Қазақстан тарихы үшін зор маңызы бар. Ол өз заманындағы оқиғалар ретінде монғол шапқыншылығының жойқын зардаптарын суреттеген. Саяси оқиғаларды баяндауды ол 1232 жылға дейін жеткізеді.

Хорезмнен шыққан араб тілді тарихшы, ең соңғы хорезмшах Жалал ад-диннің сарайындағы хатшысы және өмірбаяншысы ән-Насави Ибн әл-Асирдің замандасы болатын. Оның монғол шапқыншылығының қарсаңындағы және сол кездегі хорезмшахтар мемлекетіндегі оқиғаларға арналған «Жалал ад-дин Манкубирти сұлтанның өмірбаяны» (Сират ас-султан Жалал ад-дин Манкубирти) деп аталатын шығармасында сол кезеңде қыпшақтармен және түріктердің басқа да көршілес тайпаларымен тұрақты қарым-қатынас жасап отырған Хорезмнің ішкі және сыртқы істері туралы мәліметтер бар; еңбекте Қазақстан даласы қыпшақтарының Хорезммен бейбіт қатынастары мен қарулы қақтығысының фактілері көрсетілген, сондай-ақ қыпшақ қоғамының ішкі құрылымы туралы бірсыпыра деректер келтірілген.

Билік басына мамлюктер (қыпшақтар) әулетінің келуі және олардың Алтын Ордамен байланыстарының жандануы себепті XIV—XV ғасырларда Мысырда тарихи әдебиеттің едәуір дамығандығы байқалды. Әкімшілік мақсаттары үшін іргелі энциклопедиялар жасалады, оларға түрік әулеттері, халықтары және олардың елдері туралы тарихи-географиялық деректер де енгізіледі. Мысырда қыпшақтан шыққан сұлтан Рукн-ад-дин Бейбарыстың (1260—1277) өмірбаянына арнап, оның хатшысы Әбді өз-Захир жазған тарихи еңбек XIII ғасырдың өзінде-ақ пайда болады. Өмірбаяндық шығармада Алтын Ордамен өзара қатынастар туралы мәліметтер келтіріледі, Қырымнан Итилге (Еділге) дейінгі қысқаша жолнұсқа беріледі, сол кезде-ақ Дешті Қыпшақтан шыққандар көп тұратын Қырым халқының тайпалық құрамы. Алтын Ордадағы діни және идеологиялық жағдай туралы хабарланады. «Әдеп тәртіптері жөніндегі тілектер шегі» деген энциклопедиялық жинақ көрнекті тарихшы ән-Нувайридін (XIV ғ.) қаламынан туған. Энциклопедия 5 бөлімге бөлінеді, олардың соңғысы тарихқа арналған және бүкіл еңбектің жартысын алады деуге болады. Тарих бөлігі негізінен құрастырма, тек соңғы жылдар хроникасы ғана түпнұсқа сипатында, баяндау 1331 жылға дейін жеткізілген. Автор түрік халықтары туралы тарихи-этнографиялық деректер келтіреді, «Қыпшақтар елін» қысқаша сипаттап, қыпшақ рулары арасындағы өзара

қыркыс туралы хабарлайды, қыпшақ тайпаларының құнды тізімін келтіреді. Дамаскіде туған әл-Омари жазған «Қалалардың иеліктері жөніндегі шолу жолдары» (Масалик әл-абсар фи-мамалик әл-амсар) деген энциклопедия да қызықты және оның деректік маңызы аз емес. 1347–1351 жылдарда ол ән-Нәсір сұлтан кезінде мемлекеттік хатшы қызметін атқарған. Шығыстан Батысқа дейінгі авторға мәлім мемлекеттердің бәрін суреттеу бұл шығарманың жеке томына енгізілген. Монғол шапқыншылығының Орта Азия, Еділ бойы мен Кавказ тағдыры үшін зардаптары туралы, Дешті Қыпшақтың қалалары мен сауда жолдары, қыпшақтардың орналасуы, олардың әдет-ғұрыптары туралы мәліметтер едәуір ынта-ықылас туғызады. Белгілі араб саяхатшысы Ибн Баттутаның (XIV ғ.) еңбегі де сол дәуірге жатады, ол 25 жыл (1325–1349) саяхат жасап, 150 мың шақырымнан астам жол жүріп өткен. Мысырда, Палестинада, Сирияда, Иракта, Үндістанда, Бенгалияда, Цейлонда, Қытайда, Ауғанстанда, Орталық Африкада болған. Ол көптеген сапарлары туралы «Қалалардың ғажайыптары мен саяхаттардың кереметтері туралы пайымдаушыларға тарту» (Тухфат ән-Нузар фи гараиб әл-амсар уә аджаиб әл-асфар) деген кітабында айтып береді. Қырымнан оңтүстік орыс даласымен Еділге дейінгі маршрутты суреттеуінде құнды материал бар. Бұл жерлер Алтын Орданың қарамағында болған еді. Ғалым Астраханнан Константинопольге барған, сонан соң Алтын Ордаға қайтып келіп, хан ордасы Сарайда болған, Еділден жүзіп өтіп, Үстірт, Хорезм, Бұхара мен Ауғанстан арқылы жүріп өткен.

Қазақстанның кең-байтақ аумағында және оңтүстік-орыс далаларында қоныстанған ортағасырлық қыпшақтардың шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті, географиясы туралы мәліметтер ерекше ден қоюға лайық. Ибн Халдун (XIV–XV ғасырдың басы) аса көрнекті араб тарихшылары санлақтарының шоғырына жатады. Ол өзінің үш кітаптан тұратын «Өсиеттер мен Ғибратты үлгілер кітабы» (Китаб әл-ибар...) деген тарихи еңбегінде, оның бірінші бөлімінде қоғам мен мемлекеттің дамуына, жалпы алғанда адамзат өркениетінің дамуына, соның ішінде мәдениетке және адамдардың шаруашылық қызметіне өзінің философиялық және саяси-экономикалық көзқарастарын, дүниетанымын баяндайды. Екінші кітапта ежелгі халықтардың және автор заманындағы мұсылмандардың Шығыстағы мемлекеттерінің, соның ішінде Таяу Шығыс пен Орта Азияда билік еткен Қарахандар, Салжұқтар, Хорезмшахтар, Мамлюктер, монғол әулеттері мемлекеттерінің тарихы баяндалады. Үшіншісі арабтар мен берберлердің тарихына арналған. Ибн Халдунның еңбегінде түрік тайпаларының: оғыздардың, қарлұқтардың, кимектердің, қыпшақтардың алдыңғы ортағасырлық тарихы жөнінде де мол нақтылы материалдар кездеседі. Мысыр тарихшылары арасында Ибн әл-Фурат (XIV ғ.), әл-Калкашанди (XIV–XV ғасырдың басы), әл-Макризи (XIV–XV ғасырдың басы), Ибн Тагриберди (XV ғ.) елеулі тұлғалар болып табылады, олардың туындыларында Қазақстан аумағында мекендеген алдыңғы ортағасырлардағы түрік халықтары мен тайпалары туралы қызықты мәліметтер бар.

Бұл деректемелердің сипаты туралы айтқанда, орта ғасырлардағы Шығыс авторларының көпшілігі өз баяндауларында бір-біріне байланысты екенін, кейде неғұрлым кейінгі авторлар аз мәліметтерін алдыңғы жазбаша деректемелерден алып, мұны еш жерде ескертпейтіндігін айтып өту керек. Ортағасырлық авторлар құрастыру әдісін кеңінен пайдаланып, өз еңбектерінде

түрлі анахронизмде және жекелеген фактілерді анықтаудағы көрінеу қателіктерге ұрынады. Қазақстанның және онымен шектес аймақтардың халықтары мен тайпалары туралы қол жетерлік деректердің бәрін бұл хабарлардың авторлары немесе жеткізушілері кім болғанын, олардың ақпарат бергенде бір-біріне қаншалықты және не жөнінен тәуелді екенін, олардың туындылары қандай дәуірде, қандай саяси және әлеуметтік жағдайларда жасалғанын біліп, осы ақпараттың бәрін ескере отырып, сенім білдіруге лайықты түпнұсқа мәліметтерді құрастырылған, күмәнді мәліметтерден ажыратуға және соның нәтижесінде зерттеліп отырған дәуірдің біршама анық тарихи көрінісін алуға болады. Басқаша айтқанда, ортағасырлық деректемелердің деректері қазіргі зерттеушілерден тынымсыз және ыждағатты деректеметанушылық жұмысты талап етеді.

### **3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕДЕГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ (Б. З. Б. VII Ғ. – Б. З. XIII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)**

**Жазбаша деректер бойынша**

Қазақстанның өткен тарихы отандық және шетелдік ғалымдардың көптен бері назарын аударып келді. Өлкенің ортағасырлық тарихын жазу жөнінде Евразия тарихнамасындағы алғашқы тәжірибелер XVII ғасырда жасалды. Жалайыр тайпасынан шыққан түрік тарихшысы Қадырәлі бек 1602 жылы ауызша айтылып келген тарихи аңыздар мен Рашид ад-Диннің (XVI ғ.) тарихи жинағы негізінде «Оқиғалар жинағы» деген еңбек құрастырған, онда монғол шапқыншылығынан кейінгі қыпшақ даласында болған оқиғалар суреттеледі<sup>76</sup>. Алдыңғы ортағасырлық кезең үшін бірқатар түрік тайпаларының (қыпшақтардың, қарлұқтардың, қаңлылардың, ұйғырлардың), оғыз тайпасының негізін қалаушы Оғыз ханның тарихымен тікелей байланысты аталуының маңызы зор. Хиуа ханы Әбілғазы (XVII ғ.) тарихи екі шығарма: «Түріктер шежіресі» және «Түрікмендер шежіресі» жазған, олардың беттерінде оғыздардың, қыпшақтардың, қаңлылардың алдыңғы және кейінгі орта ғасырларға қатысты тарихына едәуір көңіл бөлініп, түрік этнонимдерінің этимологиясы келтіріледі, сондай-ақ Қазақстанның тарихи географиясы жөніндегі мәселе қозғалады<sup>77</sup>.

Нақ сол ғасырда түрік тарихшысы Мунеджджим-башы өзінің елеулі шығармасында VIII–XIII ғасырларда Қазақстан жерінде мекендеген көптеген түрік тайпаларының тарихы мен этнографиясына ден қояды<sup>78</sup>. Орталық Азияның мемлекеттері мен әулеттері, атап айтқанда, қарахандар, салжұқтар, хорезмшахтар және басқалар туралы маңызды мәліметтер келтіріледі. Мунеджджим-башы өзінің алдындағы мұсылман шежірешілерінің көптеген шығармаларын пайдаланған.

Батыс Европа тарихнамасында Қазақстанның ортағасырлық тарихы мәселелерін қамтитын алғашқы жарияланымдар XVII ғасырдың аяғында пайда болады. Ориенталист д'Эрбело мұсылман тобының оғыздар мен кимектер туралы бірқатар жазбаша ескерткіштерінің мәліметтерін тарихи айналымға енгізген<sup>79</sup>. XVII ғасырда қытай жылнамалары мен арабтардың құрастырған азын-аулақ шығармалары негізінде Ж. Дегинь түрік және монғол тайпаларының тарихына жалпы шолу жасауға тұңғыш рет әрекет етті<sup>80</sup>. Шығыстың нарративтік деректемелері бойынша монғолдар тарихын жазған арабист д'Оссон ән-Нувайри (XIV ғ.) бойынша қыпшақ тайпаларының тізбесін бер-

ген<sup>81</sup>. И. Хаммер-Пургшталь да Шығыстың ертедегі тарихын алғашқы зерттеушілер қатарына жатады<sup>82</sup>. Арабтардың кейінгі тарихнамасына европалық ғалымдар бірінші кезекте қол жеткізді, ал олардың түрік тайпаларына көңіл бөлуі Европаның мұсылман көршілерінің тарихына жалпы көңіл бөлу шеңберінен аспады. Олардың еңбектерінде сирия-египет тарихнамалық дәстүрі, кейінгі жүйесіз құрастырылған, неғұрлым алдыңғы деректемелерді зерттемейінше талдау жасауға тым қиын болатын дәстүр көрініс тапқан. Европадағы ғылыми әдебиетте оғыздар, қыпшақтар мен кимектер туралы алғашқы мәліметтердің бұл проблеманы одан әрі пысықтауға шынына келгенде ешқандай ықпал жасамағанына таң қалуға болмайды.

XVIII ғасырдың басындағы орыс ориенталистикасының алғашқы өкілі Г. З. Байер<sup>83</sup> Әбілғазының «Түріктердің шежірелік тармағы» деген шығармасын аударумен шұғылданды. Түрік этностарының ортағасырлық тарихын зерттеу ісінде Ресей тарихнамасының бастауында В. Н. Татищев, Н. М. Карамзин, С. М. Соловьев, В. Г. Василевский, П. В. Голубовский және басқалар болды, олар оғыздар мен қыпшақтардың (половецтердің) тарихын Киев Русінің тарихымен тікелей байланысы болған ыңғайда қарастырды, Н. М. Карамзиннің өзі қыпшақтардың қазақтармен (қырғыздармен) генетикалық байланысына назар аударды<sup>84</sup>.

Түрік тайпалары мен олардың бірлестіктері айтылған IX–XII ғасырлардағы түпнұсқа араб деректемелеріне жүгіну XIX ғасырдың екінші жартысында А. Шпренгердің, Г. Юльдің, А. Вамберидің, Х. Френнің, В. В. Григорьевтің, В. П. Тизенгаузеннің еңбектерінде олар туралы толып жатқан анық мәліметтерді анықтауға мүмкіндік берді. Нақ осы кезеңде орыстың Шығыс тарихнамасы нарративтік жазбаша ескерткіштер мен нумизматикалық материалдар түрінде берік тарихтану базасына ие болды.

Қазақстанның ортағасырлық тарихы жөніндегі мәліметтер келтірілген бірқатар бағалы деректемелерді ашып, ғылыми айналымға енгізуге Х. Д. Френ (1782–1851) зор еңбек сіңірді. Ол Ресей құрамына енген халықтардың тарихын зерттеуге араб деректемелерін бірінші болып тарта бастады. Х. Д. Френнің көптеген жарияланымдары арасында оның өзі Якут географиялық сөздігінен (XIII ғ.) тауып, көлемді түсініктеме берген Ибн Фадланның (X ғ.) 1829 жылы басып шығарылған «Жазбалары» ерекше бағалы болды; онда Ибн Хаукальдың (X ғ.)<sup>85</sup> басқа да бірқатар араб географтарының қосарластыра келтірілген араб текстері бар еді. «Жазбалар» «бұл саладағы еңбектердің бүкіл XIX ғасыр бойы еш теңдесі болмаған үлгісіне» айналды<sup>86</sup>.

XIX ғасырдың екінші жартысында орыс ориенталистикасында қазақ халқының шығу тегі проблемаларына, оның негізгі этникалық компоненттерінің тарихына, рулық-тайпалық құрылымына ынта-ықылас арта түсті. Ресейде Шығыс тарихынан университеттік курсты алғашқы рет оқыта бастаған В. В. Григорьев Қазақстанның тарихы мен мәдениетін зерттеуге ерекше көңіл бөлді. Араб саяхатшысы Әбу Дулафтың (X ғ.) алдыңғы ортағасырлық Қазақстан тарихы үшін зор маңызы бар деректерін, әсіресе кимектердің, қарлұқтардың, шігілдердің, оғыздардың шаруашылығы, орналасуы, діні туралы мәліметтерді ғылыми айналымға тұнғыш рет В. В. Григорьев қосты<sup>87</sup>. В. В. Григорьев түсініктеме беріп, әсіресе сол толықтырған К. Риттердің «Шығыс Түркістан» деген кітабы өзінің ғылыми маңызын әлі де жоғалтқан жоқ<sup>88</sup>. Мұнда ол көшпелі сақтардың қоныстану географиясына көңіл аударып отырып, ертедегі авторлардың материалдарын, сондай-ақ ертерек-



тегі араб географтарының Қазақстан халықтары мен тайпалары туралы, оның жерін басып өтетін сауда жолдары, ортағасырлық қалалар мен қоныстар туралы хабарларын пайдаланады. В. В. Григорьевтің пайымдауымен Орталық Азиядағы алғашқы мұсылмандық түрік мемлекеті Қарахандар мемлекеті деп аталып кеткен. Бұл мемлекеттің тарихын ол мұсылмандық авторлардың көптеген нарративтік деректемелерін, соның бірі сирек кездесетін және бізге дейін жетпеген қолжазбаларды пайдаланған түрік авторы Ахмет Әпендінің деректемесі негізінде зерттеген<sup>89</sup>. В. В. Григорьевтің қарахандар державасының ұйытқысы қарлұқтар болғаны туралы пікірін кейінгі зерттеушілер растады. А. Левшиннің, Н. И. Гродековтың<sup>90</sup> зерттеулерінде қазақ халқының құрамына кірген бірқатар рулар мен тайпалардың тарихи тағдырлары туралы, олардың ұрандары мен таңбалары туралы мәліметтер келтіріледі.

Орыс шығыстанушыларының Орталық Азияның тарихы мен мәдениеті жөніндегі деректеме базасын тереңдету мен кеңейту саласындағы тынымсыз жұмысы жалғастырыла берді. Шығыстың жазбаша ескерткіштерін табу мен басып шығаруға В. Г. Тизенгаузен зор үлес қосты. Оның мұсылман қолжазбалары бойынша көп еңбек етуінің жемісі араб және парсы шығармаларынан Алтын Орданың тарихы жөнінде алынған үзінділер жинағы болды<sup>91</sup>. Европа қорларында сақтаулы тұрған әр түрлі қолжазбалардан оның анықтаған материалдары Шығыс Дешті Қыпшақтың монғолдардан бұрынғы және монғолдар кезіндегі тарихы жөніндегі ақпараттың аса құнды деректемесі болып табылады.

XIX ғасырдың орта шенінде Қазақстанда өз халқына ағарту және ғылым саласында қызмет етуге құлшынған ұлттық кадрлар пайда болды. Қазақтың тамаша шығыстанушысы Ш. Ш. Уәлихановтың түрік халықтарының тарихы мен мәдениеті жөніндегі еңбектері мен зерттеулері орыс және дүние жүзі ғылымында жоғары бағаланды және қазіргі күндерге дейін өзінің ғылыми маңызын жойған жоқ. Ш. Ш. Уәлиханов тарихи деректемелердің ғалымдарға беймәлім жаңа қабатын — кең көлемді жазбаша материалдармен бірге эпосты, аңыз-әңгімелерді ғылыми қолдануға енгізді, ол деректер қазақ халқы қалыптасуының ертедегі кезеңінің бастауларын анықтап, оның құрылу барысында көшіп-қонудың елеулі рөл атқарғанын атап көрсетуге мүмкіндік берген еді<sup>92</sup>.

Тарих-шығыстану талдамаларының дамуына Н. Н. Пантусов өз үлесін қосты. Түркістан өлкесінде 30 жылдан астам уақыт бойы қызметте болған ол тарихқа, этнографияға, нумизматикаға, Шығыс қолжазбаларын оқуға ден қойды. Ертедегі араб географтарының географиялық шығармаларынан, сондай-ақ Бабырдың «Жазбаларынан» аудармалар жариялады. Г. С. Саблуков пен П. И. Демезонның Әбілғазының ең алдымен деректеметанушылық маңызы бар «Түріктер шежіресі» деген шығармасын<sup>93</sup> аударғанын атап өткен жөн.

Тарих-шығыстану зерттеулерінің одан әрі дамуы, сондай-ақ география ғылымы мен этнография жетістіктері XIX ғасырдың аяғына қарай орыс ғалымдарының жекелеген шаңырағы, негізінен әскери-саяси сипаттағы мәліметтерді түсіндіруден оларды тарихи тұрғыдан қорытуға көшуіне, жекелеген түрік халықтарының этникалық тарихы жөнінде жиынтық еңбек жасауға әрекет етуіне мүмкіндік берді. Бұл тұрғыдан Қазақстанның ортағасырлық тарихын зерттеуде Н. А. Аристовтың түрік тайпалары мен халықтары тура-

лы кеңінен мәлім еңбектері ерекше орын алады<sup>94</sup>. Н. А. Аристов арнаулы білімі бар шығыстанушы болған жоқ, бірақ оның «... Этникалық құрамы туралы заметкалары», аса көрнекті ғалым В. В. Бартольдтің сөзімен айтқанда, «біздің шығыстану жөніндегі әдебиетіміздегі ең қуанышты құбылыстардың бірі» болып табылады<sup>95</sup>. Н. А. Аристовтың ғылыми еңбектерінің лайықты жағы мынада: олар зерттеліп отырған тақырып бойынша кең көлемді деректемелер мен әдебиет негізінде жазылған. Соның нәтижесінде ол түрік тайпалары мен халықтарының этникалық құрамы туралы материалдардың мейлінше толық жинағын жасай білді. Ол қазақ халқын бәрінен де толық қарастырды, өйткені қазақтар «түрік халықтарының бәрінен гөрі мал шаруашылық және көшпелі өмір салты мен рулық тұрмысты көбірек сақтап қалған, сондықтан рулық және тайпалық бөліністер мен олардың есімдерін олар барынша күшті және айқын ұстанады»<sup>96</sup>. Қазақтың үш жүзінің этникалық құрамын анықтаған ол ежелгі түрік тайпаларының атауларын өз заманындағы рулар мен тайпалардың атауларымен салыстырады; батыс түріктердің дулу тайпалық бірлестігін Ұлы жүздің дулаттарымен байланыстырады; қазақтардың құрылуына қанлылар мен қыпшақтар барынша көп қатысқан деп атап көрсетеді; ғұндар империясын ежелгі түрік мемлекеті ретінде қарастырады, мұның өзі жалпы алғанда ғұн федерациясының ішінде ежелгі түрік тілдерінде сөйлесетін тайпалардың басым болғандығы туралы қазіргі ғылыми әдебиетте орныққан пікірмен үйлеседі.

XIX ғасырдың орта шенінде Н. Я. Бичуриннің қытай жазба ескерткіштерінің ертедегі Орта Азия халықтары туралы мәліметтері жинағын бастырып шығаруы синологиядағы аса көрнекті құбылыс болды<sup>97</sup>. Үш томдық еңбекте қытай деректемелерінің Қазақстанды ертеде және орта ғасырларда мекендеушілердің: хуннулардың (сюннулардың), усундердің, кангюйлердің, яньцайлар мен түрік тайпаларының тарихы жөніндегі негізгі ақпарат жинақталған. Қытай хроникаларының материалдарына ауқымды тарихи-филологиялық түсініктемелер берілген. Қытай деректемелеріне негізделген нақ сондай ертедегі зерттеулерді араб деректемелерін қоса отырып Абель Ремюза, Ст. Жюльэн жүргізген<sup>98</sup>. Оларда түріктердің, эфталиттердің тарихы, Орта Азия мен Қазақстанда манихей, будда діндерінің таралуы қарастырылады. Орталық және Ішкі Азияның ортағасырлық тарихын жасауға жол ашағын қытай деректемелерін басып шығару өз кезінде одан әрі жалғастырылды (Э. Бретшнейдер)<sup>99</sup>. Қытай және Византия деректерін салыстыру негізінде Э. Шаванн (1903) VI–VIII ғасырлардағы Жетісудың батыс түріктерінің тарихын зерттеді<sup>100</sup>; Қытай, Үндістан, Алдыңғы Азия және Византия арасындағы өзара қатынастар мен мәдени алмасуды жеңілдету ісінде Батыс түріктерінің атқарған рөлін анықтады; Сюань Цзанның маршрутын тарихи-географиялық тұрғыдан түсіндіріп берді; Сыма Цянның «Тарихи жазбаларын» аударуды жүзеге асырып, оған ауқымды тарихи түсініктемелер жазды. Біршама уақыт өткен соң де Грот (1921) хуннулар туралы тарауды аудару және олар туралы неғұрлым толық текстологиялық мәліметтер келтіру үшін Сыма Цянның шығармасын қайтадан қолға алады<sup>101</sup>.

Орта Азия мен Қазақстанның ежелгі дәуірінің аса маңызды деректемелерінің бірі «Авестаның» ертедегі діни тексінің мәліметтері А. Дюперрон жүзеге асырған, кейіннен анықталғанындай, көп жағынан маңайлайтын аударманың арқасында XVIII ғасырдың екінші жартысында европалық ғылымға мәлім болды<sup>102</sup>.

XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басында грек және рим авторларының (Геродот, Ксенофонт, Полибий, Полиен, Прокопий Кесарийский) ертедегі Қазақстан мен Орта Азияның саяси және экономикалық, сондай-ақ экономикалық және мәдени тарихы мен тарихи географиясы жөнінде көптеген құнды материалдар бар бірқатар шығармалары орыс тіліне аударылды. В. В. Латышев көптеген антик авторларының еңбектерінен алынған Скифия туралы үзінділерді жарыққа шығарды<sup>103</sup>.

Өткен ғасырдың аяғы түркология тарихында асқан зор маңызы бар оқиғамен есте қалды — Монғолиядағы Орхон өзенінде руналық екі үлкен ескерткіш: Күл-тегін және Білге-қаған құрметіне қойылған ескерткіштер ашылды. Дат лингвисті В. Томсеннен кейін В. В. Радлов бұл жазбаларды оқудың кілтін тапты. Сол кезден бастап ежелгі түрік эпиграфикасын зерттеу түркологияның орталығы болған Петербургте маңызды салаға айналды. 1892—1903 жылдары В. В. Радловтың инициативасымен орхон-енисей жазбаларын зерттеудің нәтижелері қорытылған іргелі еңбектер шығарылды. П. М. Мелиоранскийдің Күл-тегін құрметіне орнатылған ескерткішті тарихи-филологиялық тұрғыдан түсіндіру жөніндегі елеулі еңбегі сол кезде жарық көрді<sup>104</sup>.

Тарих ғылымының Орталық Азия халықтарының өткенін қатаң ғылыми тұрғыда зерттеуді көбінесе Ресейдегі ғылым өкілдерінен күтуге құқығы бар еді, өйткені олар үшін Қазақстан мен Орта Азия тарихының барысын анықтаудың таза теориялық мәні болып қана қойған жоқ. Петербургте аймақтың тарихы жөніндегі қолжазба деректемелердің аса бай жинағының шоғырландырылуы кездейсоқ емес еді. Алайда, В. В. Бартольдтің бағалауынша, Қазақстан мен Орта Азияның ертедегі тарихы мен алдыңғы орта ғасырлары жөнінен ғылыми талаптарды қанағаттандыратын монографиялар XIX ғасырдың аяғына дейін болған жоқ. В. В. Бартольдтің өзіне осы елеулі кемшіліктің орнын толтыруға тура келді.

В. В. Бартольдтің ортағасырлық Қазақстанның тарихы жөніндегі зерттеулерінің теңдесі жоқ ғылыми маңызы бар. Оның еңбектері отандық және дүниежүзілік шығыстануда тарих түпнұсқа деректемелер бойынша тарихи сынның қатаң талаптарына сәйкес зерттелген алғашқы еңбектер болды.

Ол кимектер, қыпшақтар, қарлұқтар, оғыздар туралы аса маңызды деректеме — Гардизидің «Зайн әл-ахбар» деген еңбегінің<sup>105</sup> түріктер туралы тарауларының түсініктеме берілген аудармасын да жариялауға еңбек сіңіріп, алдыңғы ортағасырлық Қазақстанның тарихы үшін маңызды «Худуд әл-алам» сияқты деректемені түсінікті етті<sup>106</sup>, сондай-ақ Орталық Азия тарихы жөніндегі аса бағалы деректеме — Махмуд Қашғари шығармасының географиялық, этнографиялық және тарихи деректерін мұқият пайдаланды<sup>107</sup>.

В. В. Бартольд Қазақстан тақырыбына тамаша ескерткіш — оғыздардың «Китаб дәдәм Қорқуд» батырлық эпосын аударуға байланысты ынта қойған еді<sup>108</sup>. Оғыздардың эпикалық аңызын тарихи және фольклорлық тұрғыдан түсіндіру барысында В. В. Бартольд Сырдарияның алдыңғы ортағасырлық түркі тілдес халқынан мұра етіп алған Қорқыт туралы оғыз (түрікмен) және қазақ аңыздарының ортақ көзі туралы елеулі тұжырым жасады.

Оның 1898 жылы Верныйда (қазіргі Алматы) бірінші рет жарияланған «Жетісу тарихының очерктері» деген кітабы Қазақстан тарихын зерттеуге қосылған бағалы ғылыми үлес болды<sup>109</sup>. Бұл кітап б. з. б. II ғасырдан б. з. XVIII ғасырға дейінгі Жетісудың саяси тарихын көрсетуде ғылыми маңы-

зын берік сақтап қалып отыр. Оның екі бөлімнен тұратын, авторға лайықты дүниежүзілік данқ әперген «Түркістан монғол шапқыншылығы дәуірінде» деген іргелі еңбегі<sup>110</sup> «Очерктермен» тығыз байланысты.

Қазан революциясынан кейін В. В. Бартольд қазақ тақырыбын түрік халықтарының тарихы жөніндегі жұмыстардың кең көлемді проблемалық және хронологиялық диапозонына енгізеді. Бұған ұлттық тарих пен ұлттық мәдени дәстүрлерге деген зор ықыластың Қазақстан мен Орта Азияда революциялық оқиғалар кезеңінде оянып, 1924 жылғы ұлттық межелену кезінде ерекше күшейе түсуі себепші болды.

Қазақтың жоғары педагогикалық институтында болған кезінде В. В. Бартольд «Түрік-монғол халықтарының тарихы» (1927) деген лекция оқыды. Ол Махмуд Қашғаридің материалдары негізінде халықтар мен тайпалардың Қазақстан жерінде орналасу көрінісін жеткілікті дәрежеде тәптіштеп көрсетіп, кейіннен қазақ халқының қалыптасуында негізгі компонент болған қыпшақтар тілінің лингвистикалық ерекшеліктерін сипаттап берді.

1926 жылы В. В. Бартольд түркі тілдес халықтардың тарихын күрделі процесс ретінде қорытуға, тілі бойынша туыс, бірақ экономикалық тұрмысы жөнінен әр түрлі халықтардың кем дегенде екі мыңжылдық бойында жүріп өткен дербес әлеуметтік, саяси және мәдени даму жолын көрсетуге тұнғыш рет ғылыми негізделген әрекет жасайды. Зерттеулерінің бұл бағыты ең алдымен оның «Орта Азияның түрік халықтарының тарихы жөніндегі он екі лекция» деген еңбегінде көрініс тапты, бұл еңбегінде ол өзінің «Шығыс тарихын Европаның тарихы сияқты ғылыми әдістерді қолдану жолымен ғана түсіндіруге болады» деген тезисін мейлінше дәл әрі айқын ұстанады<sup>111</sup>.

В. В. Бартольдтің орта ғасырлардағы Қазақстан мен Орта Азия тарихын бір жүйеге келтіріп белгілеген кезеңдері тарих ғылымына қосқан сөзсіз үлесі болып табылады, ол негізгі белгілері жағынан Шығыстың тарихнамасынан берік орын алды. В. В. Бартольдтің еңбектері Қазақстан тарихын зерттеуде көп жағынан негізге алынады.

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі көрнекті шығыстанушы И. Маркварт танымының кең және жан-жақты болуымен ерекшеленеді, жиналған мәліметтерінің байлығы және алуан түрлілігі жөнінен ол мамандардың толық көңіл бөлуіне лайық. И. Маркварт Шығыс Европа елдерінде мұсылман мәліметтерін және олардың ортағасырлық байланыстарын талдауға әрекет жасалуына байланысты түрік тайпалары тарихының сюжеттеріне бірінші болып жүгінеді<sup>112</sup>. Проблеманы жол-жөнекей зерттеумен шектелмей, ғалымның пікірінше, өте ерекше этнос қыпшақтарға (командарға) арнаулы монография<sup>113</sup> арнап, онда сюжеті жөнінен әр алуан сипатты және тілі жөнінен алуан түрлі жазбаша деректемелер негізінде Евразияның далалық өңірінің халықтары мен тайпаларының тарихы жөніндегі мәселелерді кең көлемде қозғады.

Қазақстандағы тарихи-шығыстанушылық зерттеулердің бастапқы кезеңі А. П. Чулошниковтың, С. Ж. Асфендияровтың есімдерімен байланысты. А. П. Чулошниковтың ғылыми ізденістері жаңа деректемелер тартуға, қазақтардың және оларды құрайтын этникалық компоненттердің тарихын басқа да түрік халықтарының тағдырларымен байланыстыруға әрекет жасауға бағытталды<sup>114</sup>. С. Ж. Асфендияров тарихтың және мәдениет тарихының көптеген түбегейлі проблемаларын — қазақтардың этногенезін, қазақ эпосын зерттеді, Қазақстан аумағында феодалдық құрылыс қалыптасуының күрделі және

сонымен бірге әлі де аз зерттелген үрдісін ой елегінен өткізіп, қорытуға елеулі әрекет жасады<sup>115</sup>. Ру тарихын тану бұрынғысынша көкейтесті проблема болып қала берді. М. Тынышбаев қазақтардың негізгі тайпалары мен руларының генеалогиясын қысқаша баяндап, тарихи түсініктемелер жасады<sup>116</sup>.

Б. Я. Владимирцовтың кітабы тарих білімінің дамуындағы маңызды қадам болды<sup>117</sup>. Онда монғолдардың XI–XVIII ғасырлар бойындағы қоғамдық қатынастарының сипатына ауқымды нақтылы материалдар негізінде талдау жасалады. Б. Я. Владимирцовтың монографиясы монғолтанудың үдемелі қарқынмен ілгерілеуінде ғана емес, сонымен қатар түрік халықтарының тарихнамасында да зор рөл атқарды. Осыған байланысты белгілі салжұқтанушы В. А. Гордлевскийдің мына ескертпесін көрсете кеткен жөн: «Түрік халықтарының тарихын дұрыс түсіну үшін монғолдарды зерттеу қажет; ол түріктердің рулық құрылысы мен олардың әлеуметтік-экономикалық жағынан ұйымдасуын да түсіндіруге тиіс»<sup>118</sup>. Сондықтан Б. Я. Владимирцовтың көшпелі мал шаруашылығына негізделген монғолдар қоғамына арналған еңбегінің көшпелі және жартылай көшпелі түрік халықтарының тарихын зерттеумен шұғылданушы көптеген зерттеушілерге ықпал жасауы кездейсоқ емес. 30-жылдары Шығыс қоғамдарының әлеуметтік-экономикалық жаратылысы мен азиаттық өндіріс әдісі туралы өрістетілген пікірсайыстар тарихи танымның өрістеуі үшін көп нәрсе берді.

Бұл жылдарда да жазбаша ескерткіштердің материалдарын анықтау және нарративтік деректемелердің жинақтарын басып шығару жөніндегі маңызды жаңа кезең байқалады. Мәселен, Қазақстан тарихы бойынша «Қазақстанның өткені деректемелер мен материалдарда» деген жинақ жарыққа шықты (Алматы, 1935–1936, т. 1–2), онда түрі мен мазмұны жөнінен әр түрлі ертедегі және ортағасырлық: көне грек, латын, византия, қытай, араб-парсы жазбаша ескерткіштерінің кешені болды. «Түрікмендер мен Түрікменстан тарихы жөніндегі материалдар» деген жинақтың шығарылуы елеулі деректемелік базаға айналды, оның негізгі мазмұны араб, парсы және түрік тілдерінде жазылған, VII ғасырдан XIX ғасырға дейінгі кезенді қамтитын шығармалардан алынған үзінділердің аудармаларынан құралды<sup>119</sup>. Жинақ ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеушілерге орта және төменгі Сырдария бойында, Арал өңірінде мекендеген оғыздар туралы көлемді де жан-жақты деректер береді.

Сонымен бірге, 30-жылдары «Авестаны» зерттеу жұмысы жандана түсті (Э. Бенвенист, Х. Нюберг, Э. Херцфельд). Осы бір ежелгі ескерткішті одан әрі талдау барысында С. П. Толстов, В. И. Абаев, Г. Виденгрэн, И. М. Дьяконов, В. А. Лившиц деректеметанушылық талдау мен текстерді түсіндіруге елеулі үлес қосты. «Авеста» әр түрлі уақытта жасалған, бәлкім, түрлі аймақтарда жасалған да болар, сондықтан оны нақты тарихи зерттеулерге пайдаланғанда белгілі бір дәрежеде сақтық жасалады.

Қазақстанның ортағасырлық тарихы саласында В. В. Бартольдтің ісін тікелей жалғастырушылардың бірі, кең ауқымдағы зерттеуші, күрделі теориялық проблемалардың шешімін қарастырған А. Н. Бернштам болды. Оның археолог, этнограф және тарихшы ретінде жан-жақты қызметінің қазақ халқы тарихының алдыңғы кезеңін, соның ішінде усундер, ғұндар тарихының көптеген бөлімдерін зерттеудегі маңызы зор. Жазбаша (көне түрік және қытай) деректемелеріне жүгіне отырып, А. Н. Бернштам ежелгі түрік мемлекетінің әлеуметтік құрылымын зерттеп, әскери-демократиялық қоғамның

ерте феодалдық қатынастар жүйесіне ұласуын айқындады. Ол сондай-ақ V—VII ғасырлардағы соғды қоныстанушылығының рөлі мен маңызын және оның Түрік қағанатымен өзара қатынасын анықтады, Жетісудағы қарлұқ кезеңі туралы мәселені нақтылады<sup>120</sup>. А. Н. Бернштам соғысқа дейінгі кезеңде Жетісу мен Тянь-Шанның ертедегі және орта ғасырлардағы тарихы дамуының негізгі нобайларын белгіледі.

А. Ю. Якубовский жазбаша мұсылман деректемелерін тамаша білетіндігімен ерекше көзге түсті. Оның жазбаша ескерткіштерден алынған мәліметтерге егжей-тегжейлі талдау жасап, Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қаласы Сығанақты суреттеуге арналған мақаласы осы кезге дейін белгілі бір объектіге археологиялық зерттеу жүргізуге дайындаудың үлгісі бола алады<sup>121</sup>. А. Ю. Якубовский VIII ғасырдан XV ғасырға дейінгі түрікмендер тарихы жөнінде үлкен еңбек жазды<sup>122</sup>. Онда оғыздар, олардың алдыңғы орта ғасырлардағы рулық-тайпалық құрылымы, шаруашылық өмірі және әлеуметтік-экономикалық қатынастары туралы ауқымды материал жүйеге түсірілген. А. Ю. Якубовскийдің Алтын Орданың тарихы жөніндегі зерттеуі ғылымдағы ірі жетістік болып табылады, ол шын мәнінде осы мемлекет туралы алғашқы іргелі еңбектің пайда болуымен аяқталды<sup>123</sup>. Оның XI—XIII ғасырлардағы монғолдар тарихына шолуы теориялық тұрғыдан алғанда монғолдардың ғана емес, сонымен қатар монғолдармен тарихи жағынан мейлінше тығыз байланысты көшпелі түрік халықтарының да әлеуметтік-экономикалық тарихын зерттеу үшін маңызды<sup>124</sup>. Ол VI—XV ғасырлардағы Орта Азияны кезеңдерге бөлуді де белгіледі. Орта Азия мен Қазақстанның тарихшылары сол кезеңдерге бөлудің көптеген қағидаларын қабылдады.

С. П. Толстовтың ғылыми қызметі де нақ сол 40—50-жылдарға жатады, Қазақстанның тарих ғылымының дамуына ол да елеуі үлес қосты. Хорезмнің археологиясы мен этнографиясын түрлі бағыттарда тереңдете зерттеуге байланысты оның еңбектерінде ежелгі дәуір мен орта ғасырлардағы Батыс және Оңтүстік Қазақстан халқының қоғамдық құрылысы мен мәдени-тұрмыстық укладына терең талдау жасалған<sup>125</sup>. С. П. Толстовтың этнографияның түрлі қырлары бойынша, атап айтқанда, әдістемелік проблемалар бойынша зерттеулері этнографияның дамуындағы маңызды кезең болып табылады. Ертедегі жазбаша ескерткіштерге тәптіштеп талдау жасау оның массагеттер, дайлар, кангюйлер тарихына өз ғылыми тұжырымдарын айтуына мүмкіндік берді. С. П. Толстов Сырдария оғыздары туралы үлкен тарихи-археологиялық материалды ғылыми айналымға енгізудің абыройына бөленді. Бұл орайда ол Сырдария атырауындағы оғыз қоныстарының сипатын анықтауға<sup>126</sup>, X ғасыр мен XI ғасырдың басындағы оғыздардың шығу тегіне өзінің көзқарасын белгілеуге әрекет жасады. Оның еңбектері Қазақстан мен Орта Азия халықтары мәдениетінің ертедегі және ерекше бастауларын анықтауға мүмкіндік берді.

В. Ф. Минорскийдің іргелі еңбектері зор маңызға ие болды. Оның парсының географиялық анонимі «Худуд әл-аламды» зерттеу еңбегі тарихи-деректеметану тұрғысынан сәтті орындалған<sup>127</sup>. Түріктің ягма, қарлұқ, жікіл, тухси, оғыз, печенег, қыпшақ тайпаларының мекендері салаларына қатысты ауқымды түсіндірмелердің дербес маңызы бар. Араб тілді автор әл-Марвазидің (XII ғ.) еңбегі В. Ф. Минорский түріктер, Қытай және Үндістан туралы тарауды ағылшын тіліне аудармасын қосып, егжей-тегжейлі түсініктемелер беріп жарияланғаннан кейін ғана ғылымда қолданыла бастады<sup>128</sup>. Бұл

шығарма түрік тайпалары туралы бірегей этнографиялық мәліметтерінің арқасында тарихи жағынан өте құнды болып табылады. Түрік тайпаларының Батыс бағытында орасан зор көшіп-қонуының тізбегін туғызып, тайпалардың Ішкі Азиядан қоныс аударуы туралы мәліметтер ерекше маңызды. Оның Тамим ибн Бахрдың (IX ғ.) Ішкі Азияға саяхаты туралы мақаласының әдістемелік жағынан маңызы зор<sup>129</sup>.

40 және 50-жылдарда Қазақстан жерінде мемлекеттіліктің пайда болу және даму тарихының проблемалары зерттелді. Қазақстан жерінде мемлекеттіліктің біршама кейініректе пайда болғаны туралы бұрын жалпы жұрт қабылдаған көзқарас қайта қаралды. Тарихшылардың зерттеулері Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінің сонау ертедегі тұрғындары – усундер мен кангюйлердің біздің заманымыздың шебіндегі саяси құрылысының сипаты және мемлекеттік элементтердің пайда болуы туралы мәселе қоюға мүмкіндік берді.

Қазақ КСР-інің ежелгі заманнан 2-ші дүниежүзілік соғысқа дейінгі тарихы жөніндегі 1949 жылы шыққан бірегей ұжымдық еңбек Қазақстан тарихы жөніндегі оның алдындағы барлық еңбектерден принципті түрде ерекше болды. Сонымен бірге мұндай еңбектің жасалуы түйінді тарихи проблемалар бойынша монографиялар шыққанға дейін жүзеге асырылды.

Соғыстан кейінгі жылдардың өзінде-ақ шығыстанушылардың Мәскеу мен Ленинградтың ғылыми мектептерінде қалыптасқан ұлттық қазақ кадрлары бірқатар ғылыми зерттеулерді жүзеге асырды. Ә. Х. Марғұлан солардың қатарына жататын. Ә. Х. Марғұланның еңбектеріне тақырыптардың алуан түрлі және зерттелетін ескерткіштердің хронологиялық ауқымының кең болуы тән. Көшпелілер мен егіншілердің өзара іс-қимылы, отырықшы қоныстары мен қалалардың қалыптасуындағы көшпелілердің рөлі, ертедегі және орта ғасырлардағы тайпалардың орналасу мәселелерін анықтау, ежелгі керуен жолдарын зерттеу сияқты проблемаларды талдау табысты болып шықты<sup>130</sup>. Көп жылдық еңбектің қорытындысы – «Орталық Қазақстанның ертедегі мәдениеті» деген монография Орталық Қазақстанның ежелгі заманын зерттеудегі маңызды кезең болып табылады<sup>131</sup>.

50-жылдардың басында ежелгі парсы жазбаларының мейлінше толық басылымы жүзеге асырылды (Р. Кент)<sup>132</sup>. Ескерткіштерді деректемелер текстологиялық жағынан зерттеу ісі кеңейтілді; Орта Азия халықтарының тарихындағы тұңғыш рет дәл белгіленген мерзім – массагеттердің Кир әскерін талқандауы (б. з. б. 530 ж.) анықталып; ежелгі парсы жазбаларын антик авторларының деректерімен теңеп салғастыру жұмысы жүргізілді. Алайда ежелгі парсы және антик деректемелердегі тайпаларды Қазақстан мен Орта Азияның қазіргі картасына орналастыруы туралы мәселе шешілмеді. Сақ-скиф тайпаларының орналасу географиясы жөнінде әр түрлі көзқарас айтылды (К. В. Тревер, В. В. Струве, В. И. Абаев, С. И. Руденко, М. А. Дандамаев, С. С. Черников, И. В. Пьянков, Б. А. Литвинский, К. А. Ақышев, М. Қ. Қадырбаев және басқалар).

50-жылдар мен 60-жылдардың басында ертедегі және ортағасырлық Қазақстанның этно-саяси тарихының проблемалары бойынша зерттеулер неғұрлым кең өрістетілді. Олар негізгі екі бағытта, Шығыс деректемелерінің аудармаларын жариялау және маңызды тарихнамалық проблемаларды зерттеу бағыттарында жүргізілді.

Рашид ад-Диннің (XIV ғасырдың басы) Азия далаларының көшпелі тай-

паларының тарихы жөніндегі деректемелер ішінде ерекше орын алатын іргелі тарихи еңбегі «Жылнамалар жинағын» аударып басып шығару ісі аяқталды<sup>133</sup>. Рашид ад-Дин белгілі бір оқиғалар туралы өзі мәліметтер алған деректемелерінің арасында қытай, үнді, ұйғыр және қыпшақ даналарының кітаптарын атайды. Алайда, өкінішке орай, ол еңбектердің өздері де, олардың авторлары да көрсетілмейді. Рашид ад-Диннің Орталық Азияның халықтары мен тайпалары туралы мәліметтеріне талдау жасаудың аяқталуына әлі де көп уақыт керек. Оғыздар тарихы жөніндегі ең құнды деректеме — Ахмет Ибн Фадланның кітабы кең көлемді тарихи-филологиялық түсініктемелер беріліп жарық көрді (А. П. Ковалевский)<sup>134</sup>. С. Л. Волин Талас өзенінің аңғары мен оған шектес аудандар туралы IX—XVI ғасырлардағы араб деректемелерінің мәліметтерін жариялады<sup>135</sup>. Н. Я. Бичуриннің жақсы дәстүрін жалғастыра отырып, Н. В. Кюнер Орталық Азия халықтары туралы қытайдың құнды хабарларының үлкен топтамасын жариялады. «Юань-ши» мәліметтерінен қыпшақтар мен қырғыздар тарихы жөніндегі маңызды үзінді ғылыми айналымға енгізілді (Е. И. Кычанов)<sup>136</sup>. Түріктер туралы тарихи мәліметтердің қытай тілінде екі томдық жинағы шығарылды (Чэнь Чжунмянь)<sup>137</sup>.

Ертедегі және алдыңғы орта ғасырлардағы Қазақстан жөніндегі қытай деректерінің хабарлары тартылды. Оларға усундер, Түрік Қағанаты кезіндегі түріктер, түргештер, қарлұқтар жөнінде Ю. А. Зуев жасаған талдау жемісті болып шықты. Қытай жылнамаларынан аудармалардың жариялануы, әулеттік хроникалардың мәліметтерін ежелгі түрік ескерткіштері мен генеалогиялық аңыздардың материалдарымен, сол сияқты антик дәстүрімен салыстыру ертедегі Қазақстанның этникалық үрдістерінің, саяси оқиғалары мен тарихи географиясының кейбір жақтарын жаңаша түсінуге мүмкіндік берді<sup>138</sup>.

Қазақстан тарихшыларының еңбектерінде «қазақ» терминінің пайда болған уақыты мен мәні туралы мәселе көрініс тапты<sup>139</sup>.

Көне түрік жазуын зерттеу ісінде С. Е. Маловтың еңбектерінің маңызы ерекше<sup>140</sup>. Ғалымдардың ежелгі түрік ескерткіштерінің материалдарына негізделген зерттеулерінің нәтижелері түрік қағанаттары шеңберінде болған этногенетикалық үрдістердің Орталық Азия мен Сібірдің түркі тілдес халықтарының қалыптасу тарихына өте елеулі ықпал жасағанын көрсетті.

К. Цегледи мен О. Прицак Қазақстанның ертедегі және орта ғасырлардағы тарихы зерттелген егжей-тегжейлі ғылыми жарияланымдардың авторлары болды. Сенімді деректемелерге (мұсылман деректемелері тобына, қытай шежірелеріне, ежелгі түріктердің руналық ескерткіштері мен византия шығармаларына) сүйене отырып, К. Цегледи деректеметану-текстологиялық және тарихнамалық сипаттағы мәселелерді кең ауқымда қарастырды. Оның зерттеулері ғұндардың, ертедегі түріктердің, печенегтердің, қарлұқтардың, кумандардың тарихымен байланысты<sup>141</sup>. К. Цегледидің Орталық Азияның тарихи географиясы, ежелгі түрік қоғамының әлеуметтік құрылымы саласындағы ғылыми есептеулері өте құнды.

О. Прицактың қарлұқтар, қарахандар, печенегтер тарихы жөніндегі талдамалары ғылымға қосылған үлкен үлес болды<sup>142</sup>. Ол ұзақ уақыт бойы пікірсайыс жүргізіліп келген қарахандар әулетінің шығу тегі туралы проблеманың бәрін анықтап берді. Олардың қарлұқтық белгілері туралы пікірі иланымды фактілер мен дәлелдер арқылы негізделді.



1957 жылы «Қазақ ССР тарихының» жаңа басылымы шықты, онда бұрынғы шығарылымдарының қателері ескеріліп, түзетілді, олқылықтары тоқтырылды, Қазақстанның ертедегі және ортағасырлық тарихы жөніндегі зерттеулердің өз кезіндегі негізгі нәтижелері қорытылып, кезеңдерге бөлудің көптеген мәселелері жаңаша зерттеледі.

Бұрынғы жылдардан айырмашылығы — Қазақстан тарихшылары ғалымдардың халықаралық форумдарының жұмысына қатыса бастады, атап айтқанда шығыстанушылардың XXV халықаралық конгресіне (Мәскеу, 1960 ж.), этнографтар мен антропологтардың VII және VIII халықаралық конгрестеріне (Мәскеу, 1964; Токио, 1968) қатысты.

60-жылдардың ортасы, 70-жылдарда Қазақстанда тарихи-шығыстанушылық зерттеулердің дамуы тарихи өткен кезге ынта-ықыластың өсуімен ғана ерекше болған жоқ. Табылған жазбаша деректемелерді пайдалана отырып, ғалымдар тайпалық одақтар мен алдыңғы ортағасырлық мемлекеттік құрылымдардың тарихын зерттеуді неғұрлым жоғары деңгейге көтерді. Қазақстанның ертедегі тұрғындарының қазақ этносымен сабақтас генетикалық байланыстары, сондай-ақ бұл үрдістердегі ертедегі тайпалар мен халықтардың көшіп-қонуының орны мен рөлі жөніндегі тақырып көкейтесті болды. Бұл кездегі зерттеулерде түпнұсқаларға негізделген іргелі жұмыстар мен монографиялық талдамаларға көшу тән. Мәселен, қазақ тайпалары мен руларының шығу тегінің мәселелері жөніндегі әр түрлі деректемелердің материалдары қорытылып, олардың нақты арқауы алдыңғы және соңғы ортағасырларда жатқан генетикалық байланыстары іздестірілді, олардың ғасырлар бойы орналасуын анықтауға ерекше көңіл бөлінді; бұл орайда қазақ халқының белгілі бір тайпаларының тарихы жөніндегі кейбір түсініктер қайта қаралып, жаңа көзқарастар айтылды (В. В. Востров, М. С. Мұқанов)<sup>143</sup>. М. С. Мұқановтың тағы бір елеулі еңбегі Орта жүз қазақтарының этникалық тарихы мен орналасуына арналған<sup>144</sup>. Шығыстың жазбаша деректемелері, сондай-ақ архив материалдары негізінде XVIII ғасырдың басындағы қазақ тайпаларының этникалық тарихы мен орналасу көрінісі зерттеліп, ретроспективалық тұрғыда ертедегі дәуір мен орта ғасырларға шолу жасалған.

Орыстың тарих-филология ғылымындағы дәстүрлі половец (қыпшақ) тақырыбы одан әрі талданып, қорытылды (М. И. Артамонов, С. А. Плетнева, Г. А. Федоров-Давыдов)<sup>145</sup>.

С. Г. Кляшторныйдың монографиясында ежелгі түріктердің руналық текстерінен алынған материалдар талданып, жүйеге келтірілген, олар басқа деректемелердің материалдарымен салғастырылып, қол жеткен нәтижелер Қазақстан мен Орта Азия тарихына сәйкес тарихнамалық тұрғыдан да, деректемелер тұлғасынан да қорытылған<sup>146</sup>. Түріктер тарихын талдап жасаумен бірге, кангюй проблемасы, Жетісуға соғдылардың қоныстануы соншалықты мұқият зерттелді.

Л. Н. Гумилевтің түрік халықтарының тарихы жөніндегі кітаптарының жарыққа шығуын да атап өту қажет. Олар хунну державасы мен ежелгі түріктердің мемлекетіне арналған<sup>147</sup>. Сол әлеуметтік-саяси көшпелі қауымдастықтардың пайда болу, даму және жойылу заңдылықтары зерттеледі. Автор кең көлемді тарихи проблемаларға (хуннулар мен түріктердің саяси өміріне, олардың тұрмысына, дініне, мәдениетіне), сондай-ақ екі дәуір — ертедегі дәуір мен орта ғасырлар шебіндегі Ішкі және Орталық Азия көшпелілерінің географиялық орналасуына зор көңіл бөлген.

Оғыздардың этникалық ірі бірлестігінің тарихы жөнінде С. Г. Агаджанов құнды зерттеу жазды<sup>148</sup>. Араб, парсы және түрік шығармаларын сарқып пайдалану негізінде С. Г. Агаджанов ІХ–ХІІІ ғасырлардағы оғыздар мен түрікмендердің тарихын мұқият талдап зерттеді. Оның еңбегі нарративтік мұсылман ескерткіштерінде оғыздардың алғашқы аталуынан бастап, монғол шапқыншылығынан кейін олардың атауының тарих бетінен жойылуына дейінгі уақытты қамтиды. Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Еуропа тарихында маңызды рөл атқарған Сырдария оғыздары туралы көлемді очеркі келтіріледі. Бұл еңбектің басқа еңбектерден ерекше пайдалы екендігі мынада: онда кейде картаға өзінше бір түсіндірме жазба сияқты қабылданатын белгілі бір географиялық шығарманың ажырағысыз бөлігі болып табылатын картографиялық материал кеңінен келтірілген. С. Г. Агаджанов зерттеуінің оғыздар, түрікмендер мен салжұқтар тарихын зерттеуге қосылған ірі үлес екені даусыз.

Ұлттық шығыстанушы кадрларын даярлау мен қалыптастыруға көбінесе Ресей ғалымдарының (А. Ю. Якубовский, С. Е. Малов, С. П. Толстов, А. Н. Бернштам, Б. Ф. Гафуров, А. Н. Кононов, И. П. Петрушевский, В. А. Ромодин, С. Г. Кляшторный, Е. И. Кычанов, Б. А. Ахмедовтардың) сіңірген еңбегі зор. ІХ–ХІ ғасырлардағы кимектер тарихы жөніндегі монографиялық зерттеуін<sup>149</sup> қазақ этногенезінің түйінді сюжеттерінің біріне арнаған Б. Е. Көмеков – шығыстанушылардың Петербург мектебінің көрнекті өкілінің бірі. Мұсылман топтарын егжей-тегжейлі зерттеу негізінде ол қазақ халқының тегі деп санауға болатын кимектер мемлекетінің өмір сүруі мен қала мәдениетінің проблемасын тұжырымдап, талдап шешті; ІХ–ХІ ғасырлардағы Қазақстан аумағының шығысында бір емес, бірнеше шаруашылық-мәдени үлгілер болғанын дәлелдеп берді.

Өзімен шектесіп жатқан елдер мен халықтар сияқты, Қазақстан да өзінің тарихи дамуында ешқашан томаға-тұйық болған жоқ. Керісінше, сақтар, усундер, кангюйлер, ғұндар, түріктер, түргештер, қарлұқтар, оғыздар, кимектер, қыпшақтар өздерінің төңірегіндегі этностармен тығыз саяси, этникалық, шаруашылық және мәдени байланыстар жасап отырды. Түркі тілдес тайпалардың тегі бір, тілі жақын, шаруашылықтары, тұрмысы мен мәдениеті біртектес болуы бір-бірінің жеріне өтіп жүруіне, белгілі бір тайпалардың әр түрлі түрік халықтарының құрылуына қатысуына және т. б. әкеп соқты. Осы заңдылықтар себепті ертедегі және ортағасырлық Қазақстанды тарихи-шығыстанушылық зерттеулерді дамыту үшін башқұрттар (Р. Г. Кузеев)<sup>150</sup>, қырғыздар (С. М. Абрамзон)<sup>151</sup>, қарақалпақтар (Т. А. Жданко)<sup>152</sup>, өзбектердің этникалық компоненттері ретіндегі қарлұқтар мен қыпшақтар (К. Шаниязов)<sup>153</sup>, алтайлар (Л. П. Потапов)<sup>154</sup> жөніндегі нақты талдамалар мейлінше пайдалы болып табылады; VII–XII ғасырлардағы Оңтүстік және Батыс Сібір кимектері мен қыпшақтарының этно-мәдени қауымдастығының қалыптасу кезеңдерін Д. Г. Савинов иланымды көрсеткен<sup>155</sup>.

Айтылғандарға сүйене келгенде, өте елеулі Түркологиялық конференцияның Алматы қаласында өткізілуі (1976 ж.) кездейсоқ емес; онда проблемалық мәселелер: түрік халықтарының этникалық және тарихи-мәдени байланыстары, түрлі тарихи кезеңдердегі этносаралық байланыстар, түрік халықтарының этногенезі мен этникалық тарихының проблемасы қаралды, Орталық Азияның түркі тілдес халықтарының ертедегі және ортағасырлық тарихы бойынша тарихи-мәдени проблематикаға да назар аударылды.

Қазақстанның ежелгі, ертедегі және ортағасырлық тарихы жүйелі түрде баяндалған «Қазақ ССР тарихының» I және II томдарының шығарылуы (1977, 1979) ғылымға қосылған үлес болғаны күмәнсіз. Бұл ауқымды еңбек өзінің алдындағылардан берік деректемелер бағасының болуымен ерекше. Пайдаланылатын жазбаша деректемелер шеңбері едәуір кеңейтіліп, түркі тілді, парсы тілді, араб тілді және қытай деректемелері пайдаланылды. Әдетте жазбаша деректемелердің аудармалары немесе мазмұны емес, қайта олардың түпнұсқа тексттері пайдаланылады. Авторлар Қазақстан археологтарының қазбаларының нәтижесінде алынған археологиялық материалдарға да, нумизматикалық және антропологиялық деректерге де сүйенеді. Қазақстан аумағында болып өткен тарихи үрдістер бүкіл көлемінде және көп жағдайда аса дәлдікпен қарастырылған. Қазақстанның ертедегі және ортағасырлық тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық тарихы егжей-тегжейлі баяндалады. Зерттеу тарих ғылымының жетістіктерін толық көрсеткен<sup>156</sup>.

80-жылдарда тарихшылардың күш-жігері бірқатар бағыттарға: Қазақстанның тарихи географиясына (көне заманнан XVIII ғасырға дейінгі), қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихына; көшпелі мал шаруашылығының генезисіне, отырықшы егіншілік пен көшпелі мал шаруашылығының арақатынасы мен өзара аса тығыз байланысына қатысты ең маңызды көкейтесті проблемаларға шоғырландырылды. Осыған байланысты З. М. Буниятовтың кітабында хорезмшахтар Ануштегиндердің қыпшақтармен саяси және мәдени араласуы Шығыс деректемелерінің көптеген нақты материалдары арқылы көрініс тапты<sup>157</sup>. Шынына келгенде нақ осы XI ғасырдың аяғы – XIII ғасырдың басындағы хорезм-қыпшақ қатынастары тақырыбын С. М. Ақынжанов Қазақстанның ортағасырлық қыпшақтарына арналған монографиялық зерттеулерінде едәуір толық талдап шешті: ол қыпшақтардың шығу тегі, шаруашылығы және этнографиясы мәселелерін де қарастырды. Сонымен бірге қыпшақ және кимек этнонимдерінің арақатынасы туралы мәселеге назар аударылды<sup>158</sup>.

Қазақтың аса көрнекті ғалымы, ағартушы, саяхатшы, этнограф, Қазақстанның, Орта және Орталық Азияның тарихы мен мәдениетін зерттеуші Ш. Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына қарай 5 томдық Шығармалар жинағының жаңа басылымы жарыққа шықты<sup>159</sup>.

Мерекелік 1985 жылы Алматыда ЮНЕСКО шеңберінде «Орта ғасырлардағы Орталық Азиядағы мәдени-тарихи үрдістер» деген халықаралық конференция өткізілді. Онда VIII–XVII ғасырларда Орталық Азияда болып өткен этно-мәдени үрдістерге, аймақтың көшпелі және отырықшы халқы өркениетінің әлеуметтік-экономикалық базасы мен олардың арасындағы өзара қатынастарға, мемлекеттік құрылыс сипатына, мәдениеттердің өзара байланысы мен өзара ықпалына баса назар аударылды.

Қытай жылнамаларының материалдарын ғылыми айналымға енгізу, ертедегі және ортағасырлық Қазақстанның түрік тайпаларының тарихын талдап шешу жалғастырылды (В. С. Таскин, А. Г. Малявкин, Ю. А. Зувев, И. Рахевильц, А. Ш. Қадырбаев).

Американың шығыстанушы-медиевисті П. Голден «Түрік халықтарының тарихына кіріспе» деген іргелі еңбек басып шығарды<sup>160</sup>. Онда ертедегі дәуір мен орта ғасырлардағы түрік тайпаларының этнологиясы мен мемлекеттік ұйымдасуының мәселелері қарастырылды.

С. Г. Кляшторный мен Т. И. Сұлтановтың жазбаша деректемелер мен археологиялық деректердің бай материалына сүйеніп жазған «Қазақстан. Үш мыңжылдық жылнамасы» деген кітабының шығуы Қазақстан тарихнамасында елеулі құбылыс болды<sup>161</sup>. Ғалымдар Қазақстанның шығыстанушы-тарихшылары мен археологтарының халықаралық үлкен қоғамдастығы жетістіктерін қорыту еңбегін өз мойнына алған. Қазақ халқы этногенезінің жалпы үрдісін авторлар 2—3 мың жыл бойы халықтың екі тобының: үнді-европалық және орталық-азиялық топтарының өзара әсері мен қосылуы деп көрсетеді. Нақ солардың арасынан біздің заманымыздың екінші мыңжылдығында қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек халықтары мен басқа да түрік халықтары қалыптасқан. Қыпшақ қоғамы қалыптасуының Солтүстік Моңғолия мен Алтай аймағында өткен алғашқы кезеңдері де көрсетілген. Қыпшақ этносының құрылуын С. Г. Кляшторный біздің заманымыздағы III—IV ғасырларға жатқызады және көне түрік жазбаларындағы сирлермен ұқсастырады.

Қазақстан Республикасының өз тәуелсіздігі мен мемлекеттік тұтастығын алуына байланысты тарих ғылымы дамуының сапасы жағынан жаңа кезеңі басталды. Қазір Қазақстанның Орталық Азиядағы, Евразиядағы және жалпы бүкіл дүниежүзілік-тарихи үрдістердегі орны мен рөлін анықтау проблемасы барған сайын зор маңыз алып келеді. Неғұрлым кең әрі тығыз халықаралық ғылыми байланыстар орнату қажет. Қазақтардың этногенезі, «қазақ» терминінің шығуы мен семантикасы, қазақ мемлекеттілігінің генезисі мен эволюциясы, қазақ халқының этникалық аумағының қалыптасуы проблемаларына Республика жұртшылығының ынта-ықыласы арта түскенін атап өту керек. Мәдениеттану проблемаларын талдап шешуге зор көңіл бөлінуге тиіс, дәстүрлі әдістемелермен қатар инновациялық, атап айтқанда, өркениетті көзқарастарды қолдану қажет.

<sup>1</sup> Чертежная книга Сибири, составленная тобольским сыном боярским Семёном Ремезовым в 1701 г. СПб., 1882.

<sup>2</sup> Археологическая карта Казахстана. А., 1960, 8—9-б.; Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966, 17—20-б.

<sup>3</sup> Археологическая карта Казахстана, 11-б.; Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Көрсетілген еңбегі, 21—31-б.

<sup>4</sup> Валиханов Ч. Ч. Очерки Джунгарии. Избр. произведения, А., 1958, 83—116-б.; Соныкі. Дневник поездки на Иссык-Куль. Бұл да сонда, 239—240, 245—280, 281, 334—339-б.

<sup>5</sup> Радлов В. В. Сообщение о раскопках. Отчеты археологической комиссии (ОАК) за 1866 г. СПб., 1867, XXII—XXIV-б.; Соныкі. Сообщение о раскопках в Семиреченской и Копальской областях, и в районе города Верного. ОАК за 1862 г., XXII—XXIII-б.; Соныкі. Из Сибири. М., 1989, 419—531-б.

<sup>6</sup> Лерх П. И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. СПб., 1870.

<sup>7</sup> Бартольд В. В. Соч., т. IV. М., 1966, 21—87-б.; Байпаков К. М., Кумекоев Б. Е. В. В. Бартольд как историк и археолог средневекового Казахстана. // Известия АН КазССР. Серия общественных наук, 1974, № 6, 83—88-б.

<sup>8</sup> Савельева Т. В. Охрана и изучение древностей Казахстана Туркометарисом (Средазиометарисом). // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. А., 1976, 227—233-б.

<sup>9</sup> *Грязнов М. П.* Погребения бронзовой эпохи в Западном Казахстане. // Казаки. Антропологические очерки, вып. 2. Л., 1927, 172–215-б.

<sup>10</sup> *Рыков П. С.* Работы в совхозе «Гигант» (Караганда). // Известия Гос. Академии истории матер. культуры (ИГАИМК), 110. Археологические работы Академии наук СССР на Новостройках. Т. V. М., 1935; *Кривцова-Гракова О. А.* Алексеевское поселение и могильник. // Труды Гос. историч. музея (ТГИМ). XVII. М., 1948; *Черников С. С.* Древняя металлургия и горное дело Западного Алтая. А., 1949.

<sup>11</sup> *Сатпаев К. И.* Избранные труды. А., 1970, т. 5, 44–45, 68–69, 70-б.

<sup>12</sup> *Ходжиков К.* Древнейшие памятники Семиречья. — Труды Каз. научно-исследов. ин-та национальной культуры, т. 1, А., 1935; *Тынышбаев М.* История казахского народа. А., 1993, 200–218-б.; *Дублицкий Б. Н.* Хроника археологических разведок и находок на территории КазССР. Архив Института археологии НАН РК. 2-к., 161–162-ис.

<sup>13</sup> *Бернштам А. Н.* Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая. Материалы исследования по археологии СССР. МИА, 26. М.-Л., 1952; Список основных печатных работ А. Н. Бернштама: Краткие сообщения Ин-та ист. матер. культуры (КСИИМК), т. 80, М., 1960, 9–16-б.

<sup>14</sup> *Акишев К. А.* Отчет о работе Илийской археологической экспедиции 1954 г. // ТИИАЭ, т. I, А., 1956, 5–32-б.

<sup>15</sup> *Алысбаев Х. А.* Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. А., 1979.

<sup>16</sup> *Акишев К. А.* Археология Казахстана за советский период. — СА, 1967, 4, 76–78-б.

<sup>17</sup> *Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М.* Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966; *Маргулан А. Х.* Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. А., 1979; *Оразбаев А. М.* Поселение Чаглинка (Шагалала). Некоторые формы и типы. // По следам древнейших культур Казахстана. А., 1970, 129–146-б.

<sup>18</sup> *Таймагамбетов Ж. К.* История изучения палеолита Казахстана. // Актуальные проблемы историографии древнего Казахстана. А., 1989, 22–40-б.

<sup>19</sup> *Чалая Л. А.* Озерные стоянки Павлодарской области Пеньки II, I. // Поиски и раскопки в Казахстане. А., 1972, 163–181-б.

<sup>20</sup> *Акишев К. А., Кушаев Г. А.* Древняя культура саков и усуней долины р. Или. А., 1962.

<sup>21</sup> *Акишев К. А.* Курган Иссык. М., 1978; *Акишев К. А.* Искусство и мифология саков Семиречья. А., 1986.

<sup>22</sup> *Багриков Г. И., Сенигова Т. Н.* Открытие гробниц в Западном Казахстане. // Известия АН КазССР, 1968, № 1.

<sup>23</sup> *Левина Л. М.* Керамика нижней и средней Сырдарьи в I тыс. н. э. М., 1972.

<sup>24</sup> *Кадырбаев М. К., Марьяшев А. М.* Наскальные изображения хребта Каратау. А., 1977; *Медоев А. Г.* Гравюры на скалах. А., 1979; *Самашев З. С.* История изучения наскальных изображений Восточного Казахстана. // Актуальные проблемы историографии древнего Казахстана. А., 1989, 40–56-б.

<sup>25</sup> *Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.* Древний Отрар. А., 1972; Сол авторлар. Позднесредневековый Отрар. А., 1981; Сол авторлар. Отрар в XIII–XV вв. А., 1987; *Байпаков К. М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. А., 1986; *Савельева Т. В., Костина Д. М.* Отрар, Отрарский оазис и Южный Казахстан. Проблемные исследования Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции. 1971–1985. А., 1986; *Бурнашева Р. З.* Отрар, Отрарский оазис и Южный Казахстан. Нумизматические исследования по денежному делу южноказахстанских городов VII–XVII вв. Общественные науки. Научно-аналитический обзор. А., 1989.

<sup>26</sup> *Зайберт В. Ф.* Динамика взаимодействия природно-экологических и соци-

ально-экономических факторов в процессе становления и развития производящего хозяйства в степях Казахстана. // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. А., 1989, 171–179-б.; *Зданович Г. Б.* Феномен протоцивилизации бронзового века Урало-казахстанских степей. Культурная и социально-экономическая обусловленность. Бұл да сонда, 179–189-б.

<sup>27</sup> Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. А., 1987.

<sup>28</sup> *Таймагамбетов Ж. К.* О постановке вопроса о древних связях палеолитических культур Казахстана и сопредельных территорий. // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути. А., 1991, 43–44-б.

<sup>29</sup> *Аубакиров Б. Ж., Артюхова О. А., Таймагамбетов Ж. К.* О значении стратифицированных стоянок в изучении палеолита Казахстана. // Маргулановские чтения. Петропавл, 1992, 22–24-б.; *Артюхова О. А., Аубакиров Б. Ж., Таймагамбетов Ж. К.* Древнейшие этапы развития палеолита Казахстана. // Палеоэкология и расселение древнего человека в Северной Азии и Америке. Красноярск, 1992, 6–10-б.

<sup>30</sup> *Чиндин А. Ю.* Новые данные по мезолиту Центрального Казахстана. // Маргулановские чтения. Петропавл, 1993, 32–35-б.

<sup>31</sup> *Плешаков А. А.* Реконструкция хозяйственных комплексов раннеолитической стоянки Тельмана XIV по результатам трасологических исследований. // Маргулановские чтения. М., 1992, 65–71-б.

<sup>32</sup> *Зайберт В. Ф.* Энеолит Урало-Иртышского междуречья. Петропавл, 1993.

<sup>33</sup> *Калиева С. С.* К проблеме культурной атрибуции энеолитических памятников Тургая III тыс. до н. э. // Маргулановские чтения. М., 1992, 54–59-б.

<sup>34</sup> *Логвин В. Н.* Новые данные по хозяйству терсекского населения. // Маргулановские чтения. Петропавл, 1992, 40–42-б.

<sup>35</sup> *Усманова Э. Р.* Дифференцированный подход к умершему в погребальном обряде. // Маргулановские чтения, 1990, М., 1992, 97–104-б.; *Ткачев А. А.* К проблеме миграции в андроновскую эпоху. // Маргулановские чтения. Петропавл, 1992, 51–53-б.; *Кукушкин И. А.* Огонь в андроновском погребальном обряде. Бұл да сонда, 63–65-б.; *Варфоломеев В. В.* Кент как поселение городского типа. Бұл да сонда, 59–62-б.; *Зданович С. Я.* Орудия горного дела и металлообработки на поселениях бронзового века Урало-Ишимского региона. Бұл да сонда, 67–69-б.

<sup>36</sup> *Кадырбаев М. К., Курманкулов Ж. К.* Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. А., 1992.

<sup>37</sup> *Карабаспакова К. М.* К вопросу о становлении семиреченского очага металлообработки в эпоху бронзы. // Маргулановские чтения. Петропавл, 1992, 49–51-б.; *Марьяшев А. Н., Горячев А. Н.* Археологические памятники эпохи бронзы урочища Ок-Джайляу (Семиречье). // Археологические исследования в Казахстане. А., 1992, 3–15-б.; Сол авторлар. Могильник эпохи бронзы Кульсай-1. // Археологические памятники на Великом Шелковом пути. А., 1993, 19–27-б.

<sup>38</sup> *Кушаев Г. А.* Этюды древней истории степного Приуралья. Орал, 1993, 41–45-б.

<sup>39</sup> *Галкин Л. Л.* Кочевники эпохи бронзы Западного Казахстана. // Маргулановские чтения, 1990. М., 1992, 77–79-б.

<sup>40</sup> *Акишев К. А.* Происхождение «звериного стиля» в изобразительном искусстве саков. // Маргулановские чтения. М., 1992, 4–9-б.

<sup>41</sup> *Исмагилов Р. Б.* Скифо-греческий торговый путь или миграционный путь сарматов. // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути. А., 1991, 34–35-б.

<sup>42</sup> *Исмагилов Р. Б.* Таргитай, прародитель скифов. // Маргулановские чтения. Петропавл, 1992, 98–100-б.

<sup>43</sup> *Ольховский В. С.* Святилище Байте III в Западном Казахстане. // Маргулановские чтения, 1990. М., 1992, 157–162-б.; *Галкин Л.* Каменные батыры

Устюрта. // Памятники истории и культуры Казахстана. Вып. 5. А., 1992, 158–162-б.; Кошеленко В. История массагетов еще мало известна и открытия археологов, сделанные на Устюрте, прольют новый свет на их культуру. Бұл да сонда, 162–164-б.

<sup>44</sup> Кушаев Г. А. Этюды древней истории степного Приуралья, 51–60-б.

<sup>45</sup> Хабдулина М. К. Степное Приишимье в эпоху раннего железа. А., 1994.

<sup>46</sup> Ахинжанов С. М., Макарова Л. А., Нурумов Т. Н. К истории скотоводства и охоты в Казахстане. А., 1992.

<sup>47</sup> Кузнецова Э. Ф., Тепловодская Т. М. Древняя металлургия и гончарство Центрального Казахстана. А., 1994.

<sup>48</sup> Марьяшев А. Н., Рогожинский А. Е. Наскальные изображения в горах Ешки-Ольмес. А., 1991.

<sup>49</sup> Самашев З. С. Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. А., 1992.

<sup>50</sup> Новоженев В. А. Наскальные изображения повозок Средней и Центральной Азии (К проблеме миграции населения степной Евразии в эпоху энеолита и бронзы). А., 1994.

<sup>51</sup> Жетібаев Ж. М. Маңғыстау және Үстірт казактарының халық суреттеріндегі қару-жарақтар. // Известия НАН РК. Сер. общ. наук, 1993, № 5, 61–68-б.; Соныкі. Казахские этнографические рисунки и шаманство. // Известия НАН РК. Сер. общ. наук, 1994, № 5, 92–95-б.

<sup>52</sup> Байпаков К. М. Археологические исследования по программе ЮНЕСКО «Великий Шелковый путь». // Вестник АН КазССР, 1991, № 12, 17–28-б.

<sup>53</sup> Взаимодействие кочевых культур и оседлых цивилизаций. А., 1989.

<sup>54</sup> Низовья Сырдарьи в древности. Вып. II. Джетыясарская культура. Склепы. М., 1993; Низовья Сырдарьи в древности. Вып. III. Джетыясарская культура. Могильники Томпакасар и Косасар. М., 1993.

<sup>55</sup> Байпаков К. М. Городище Куйрыктобе. // Памятники истории и культуры Казахстана. Вып. 5. А., 1992, 150–158-б.

<sup>56</sup> Байпаков К. М. Некоторые социально-экономические и этнокультурные аспекты в изучении жилища Южного Казахстана. // Известия НАН РК, 1994, № 5, 20–33-б.

<sup>57</sup> Ерзакович Л. Б. О периодизации развития средневекового Отрара. // Маргулановские чтения, 1990. М., 1992, 177–182-б.; Соныкі. К вопросу о застройке: рабада Отрара. // Археологические памятники на Великом Шелковом пути. А., 1993, 93–101-б.; Соныкі. Об одном типе жилого дома Отрара XVII в. // Известия НАН РК, 1993, № 5, 51–56-б.; Ходжаев М. Б. Причины последнего общегородского пожара и окончательное запущение Отрара. // Известия НАН РК, 1994, № 5, 57–61-б.; Смагулов Е. А. К вопросу об этнической принадлежности культуры позднесредневекового Отрара. // Маргулановские чтения, 1990. М., 1992, 196–206-б.

<sup>58</sup> Ходжаев М. Б. О керамическом производстве Отрара второй половины XIII – первой половины XIV вв. // Маргулановские чтения, 1992. Петропавл, 1992; Кузнецова О. В. Керамика с городища Алматы. // Известия НАН РК, 1994, № 5, 63-б.; Тепловодская Т. М. Структурный анализ изделий с росписью кобальта из Отрара. // Известия НАН РК, 1994, № 5; Керамика средневекового Отрара. Составители: К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. А., 1990.

<sup>59</sup> Грошев В. А. Средневековая ирригация Южного Казахстана. А., 1987; Соныкі. Историческая динамика водных ресурсов и археологические памятники Казахстана. // Археологические памятники Казахстана на Великом Шелковом пути. А., 1993, 89–92-б.; Соныкі. Водные источники и трасса Шелкового пути. А., 1991, 62–63-б.

<sup>60</sup> Бурнашева Р. З. Новые монетные дворы (VII–XVII вв.). // Памятники истории и культуры Казахстана. А., 1992, 164–171-б.

<sup>61</sup> *Бурнашева Р. З.* Неизвестный медный чекан Дженда. // Археологические памятники на Великом Шелковом пути. А., 1993, 80–86-б.; *Бурнашева Р. З., Юсупова С. М.* Новые данные по денежному обращению сырдарьинских городов золотоордынского периода. // Известия НАН РК, Сер. общ. наук, 1994, № 5, 45–50-б.

<sup>62</sup> *Бурнашева Р. З., Юсупова С. М.* Монетные находки с городища Костобе (Жамбылская обл.). // Известия НАН РК. Сер. общ. наук, 1993, № 5, 77–80-б.; *Бурнашева Р. З., Юсупова С. М.* Торговые связи города Джамуката по монетным данным. // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути, 60–62-б.

<sup>63</sup> *Ерзакович Л. Б., Ходжаев М. К.* К вопросу о торговых связях Отрара в эпоху средневековья. // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути, 68–69-б.; *Савельева Т. В.* Международные культурные и торговые связи городов Южного Казахстана в XII–XV вв. Бұл да сонда, 93–94-б.; *Ходжаев М.* Гончарные изделия импортного происхождения из Отрара. // Известия НАН РК. Сер. общ. наук, 1994, № 5, 66–70-б.

<sup>64</sup> *Шарденова З. Ж.* Архитектура центрального зала дворца городища Костобе. // Археологические исследования в Казахстане. А., 1992, 51–61-б.; *Соныкі.* О перекрытии обходного коридора во дворце Костобе. // Известия НАН РК, 1993, № 5, 36–40-б.; *Соныкі.* Архитектурный декор во дворце Костобе. // Известия НАН РК, 1994, № 5, 71–81-б.; *Байпаков К. М., Шарденова З. Ж.* Архитектура цитадели городища Куйрыктобе на Сырдарье. // Археологические памятники на Великом Шелковом пути. А., 1993, 28–44-б.; *Шарденова З. Ж.* Ранняя мусульманская архитектура на Сырдарье. Древний Амударья. Проблемы истории и культуры Средней Амударьи. Чарджоу, 1993, 37–39-б.

<sup>65</sup> *Смагулов Е. А.* Комплекс ритуальных атрибутов из Отрарского оазиса. // Археологические исследования в Казахстане. А., 1992, 34–42-б.; *Терновая Г. А.* О семантике сосуда из Садыр-Кургана. // Археологические памятники на Великом Шелковом пути. А., 1993, 137–144-б.; *Соныкі.* Керамика Таласской долины. // Известия НАН РК, 1993, № 5, 40–51-б.

<sup>66</sup> *Нурмуханбетов Б. Н.* Некоторые черты раннего ислама в Средней и Нижней Арыси. // Известия НАН РК, 1994, № 5, 34–39-б.

<sup>67</sup> *Савельева Т. В.* Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау в VIII–XIII вв. А., 1994.

<sup>68</sup> По Великому Шелковому пути. А., 1991.

<sup>69</sup> *Ермоленко Л. Н., Курманкулов Ж. К.* Центрально-казахстанские памятники с изваяниями кыпчакского облика. // Маргулановские чтения. Петропавл., 1992, 116–119-б.; *Илюшин А. М.* Об этнокультурной идентификации погребений по обряду кремации конца I тыс. из Казахстанского Прииртышья и Кузнецкой котловины. // Маргулановские чтения. Петропавл, 1992, 119–121-б.; *Кушаев Г. А.* Этюды древней истории Степного Приуралья. 94–112-б.

<sup>70</sup> *Ахинжанов С. М.* Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. А., 1994; *Кумекоев Б. Е.* Арабские источники по истории кыпчаков, куманов и кимаков VIII – начала XIII вв. Диссертация в виде научного доклада на соискание ученой степени докт. ист. наук. СПб., 1994.

<sup>71</sup> *Акишев К. А.* Экономика и общественный строй Южного Казахстана и Северной Киргизии в эпоху саков и усуней. Научн. доклад дис. докт. ист. наук. М., 1986.

<sup>72</sup> *Цинман М. З.* Методологические проблемы типологии отношений собственности у кочевников. А., 1992.

<sup>73</sup> История Казахстана. Очерк. А., 1993.

<sup>74</sup> Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. А., 1994.



- <sup>75</sup> Байпаков К. М. Итоги и перспективы развития казахстанской археологии. // Известия НАН РК, № 5, 1993, 3–7-б.
- <sup>76</sup> Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. А., 1991.
- <sup>77</sup> Кононов А. Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази хана Хивинского. М.-Л., 1958.
- <sup>78</sup> Munecimbasi A. Sahaif ul-ahbar. Istanbul, 1273/х.
- <sup>79</sup> D'Herbelot. Bibliotheque oriental ou dictionnaire universel. Т. I-II. La Haye, 1789.
- <sup>80</sup> Deguignes J. Histoire general des Huns, des Turces, des Mongols et des autres Tartares occidentaux. Т. 1, р. 2. Paris, 1756.
- <sup>81</sup> D'Ohsson C. Histoire des Mongols, depuis Tchinguiz-khan jusqu'a Tamerlan. Т. I-IV. La Haye, 1834-1835.
- <sup>82</sup> Hammer J. Sur les origines russes. SPb., 1827.
- <sup>83</sup> Кононов А. Н. Тюркология. Сб. Азиатский музей – ЛОИВ АН СССР. М., 1972, 400-б.
- <sup>84</sup> Карамзин Н. М. История государства Российского. Т. II, СПб., 1833, 67-б.
- <sup>85</sup> Frahn Ch. Ibn-Foszlans und anderer Araber Berichte uber die Russen alterer Zeit. SPb., 1823.
- <sup>86</sup> Крачковский И. Ю. Избр. соч. Т. V. М.-Л., 1958, 72-б.
- <sup>87</sup> Григорьев В. В. Об арабском путешественнике X в. Абу-Долефе и странствии его по Средней Азии. СПб., 1872.
- <sup>88</sup> Соныкі. Землеведение Риттера. География стран Азии, находящихся в непосредственных сношениях с Россией. СПб., 1873.
- <sup>89</sup> Соныкі. Караханиды в Мавераннахре. ТВОРАО, ч. XVII, 1874.
- <sup>90</sup> Левшин А. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казацких орд и степей. т. I–II. СПб., 1832.
- <sup>91</sup> Тизенгаузен В. Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. т. I. СПб., 1884; т. II. М.-Л., 1941.
- <sup>92</sup> Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. В 5-и томах. А., 1961–1968.
- <sup>93</sup> Саблуков Г. С. Родословная тюрков. Библиотека восточных историков. Т. III. Казань, 1854; Demaisons. Histoire des Mongols et des Tatares par Aboul-Ghazi Behadour khan. Т. I, SPb., 1871; т. II. 1874.
- <sup>94</sup> Аристов Н. А. Опыт выяснения этнического состава киргиз- казаков Большой Орды и каракиргизов. ЖИ, Вып. 3–4, 1894; Соныкі. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1897.
- <sup>95</sup> Бартольд В. В. Сочинения. т. V. М., 1968, 266-б.
- <sup>96</sup> Аристов Н. А. Заметки., 120-б.
- <sup>97</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. т. I–III. М., 1950.
- <sup>98</sup> Abel-Remusat. Memoire... a la geographie de l'Asie Centrale; Julien S. Memoires sur le contrees occidentales, traduits du sanscrit en chinois, en l'an 648 par Hiouen-Thang. vol. 1-2, Paris, 1857-1858.
- <sup>99</sup> Bretschneider E. Mediaeval researches..., vol. 1-2, London, 1910.
- <sup>100</sup> Chavannes Ed. Documents sur les Tou-kiue (Turks) occidentaux. СТОЭ, vol. VI, 1903.
- <sup>101</sup> de Groot. Die der vorchristlichen Zeit. Berlin-Leipzig, 1921.
- <sup>102</sup> Гафуров Б. Г. Таджики. М., 1972, 46-б.
- <sup>103</sup> Латышев В. В. Известия древних писателей, греческих и латинских о Скифии и Кавказе. Ч. I–II. СПб., 1904–1906.
- <sup>104</sup> Мелиоранский П. М. Памятник в честь Кюль-тегина. ЗВО, т. XII, 1899; сондай-ақ қараңыз: Айдаров Г. Язык памятника Кюль-тегину. VIII век. А., 1993; Соныкі. Язык орхонского памятника Бильге-кагана. А., 1966.

- <sup>105</sup> Бартольд В. В. Извлечения из сочинения «Зайн ал-ахбар». Соч., т. VIII, М., 1973.
- <sup>106</sup> Соныкі. Худуд ал-алам. Л., 1930.
- <sup>107</sup> Соныкі. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Соч., т. V. М., 1968.
- <sup>108</sup> Книга моего деда Коркута. Огузский героический эпос. М.-Л., 1962.
- <sup>109</sup> Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. Соч., т. II, ч. I, М., 1963.
- <sup>110</sup> Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Т. I—II, СПб., 1900.
- <sup>111</sup> Соныкі. История изучения Востока в Европе и России. Изд. 2-е, Л., 1925, 34-б.
- <sup>112</sup> Marquart J. Osteuropaishe und ostasiatische Streifzuge. Leipzig, 1903.
- <sup>113</sup> Marquart J. Uber das Volkstum der Komanen. AKGWG, Bd XIII, N I, 1914.
- <sup>114</sup> Чулошников А. П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч. I, Оренбург, 1924; Соныкі. Вопрос о происхождении киргизской народности в исторической науке и народные киргизские предания как источник дальнейшего его изучения. // Труды Общества изучения Киргизского края, вып. 5, Орынбор, 1924.
- <sup>115</sup> Асфендияров С. Ж. История Казахстана (с древнейших времен), т. I. А., 1936.
- <sup>116</sup> Тынышпаев М. Материалы по истории киргиз-казакского народа. Ташкент, 1925.
- <sup>117</sup> Владимирцов Б. Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Л., 1934.
- <sup>118</sup> Гордлевский В. Л. Государство Сельджукидов Малой Азии. М.-Л., 1941, 69-б.
- <sup>119</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. т. I, М.-Л., 1939.
- <sup>120</sup> Бернштам А. Н. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI—VIII вв. М.-Л., 1946; Соныкі. Согдийская колонизация Семиречья. КСИ-ИМК, вып. VI, 1940.
- <sup>121</sup> Якубовский А. Ю. Развалины Сыгнака. Сообщения ГАИМК, т. 2. Л., 1929.
- <sup>122</sup> Соныкі. Очерки по истории туркменского народа и Туркменистана в VIII—XIX вв. Ашхабад, 1954.
- <sup>123</sup> Греков Б. Д., Якубовский А. Ю. Золотая Орда и ее падение. М.-Л., 1950.
- <sup>124</sup> Якубовский А. Ю. Из истории изучения монголов периода XI—XIII вв. // Очерки по истории русского востоковедения. М., 1953.
- <sup>125</sup> Толстов С. П. Древний Хорезм. М., 1948; Соныкі. По следам древнехорезмийской цивилизации. М., 1948.
- <sup>126</sup> Толстов С. П. Города огузов. СЭ, 1947, № 3.
- <sup>127</sup> Minorsky V. Hudud al-Alam. London, 1937 (GMS, XI).
- <sup>128</sup> Minorsky V. Sharaf al-Zaman Tahir Marvazi on China, the Turks and India. London, 1942.
- <sup>129</sup> Minorsky V. Tamim ibn Bahr's journey to the Uyhurs. BSOAS, vol. XII, pt. 2, 1948.
- <sup>130</sup> Маргулан А. Х. Отчет о работах Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1947. // ИАН КазССР, СА, 1949, № 2; Соныкі. Третий сезон археологической работы в Центральном Казахстане. // ИАН КазССР, 1950, № 3; Соныкі. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. А., 1950; Соныкі. Древние караванные пути через пустыню Бетпак-Дала. // ВАН КазССР, 1949, № 1.
- <sup>131</sup> Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966.
- <sup>132</sup> Kent R. G. Old Persian. Second ed. New Haven, Connecticut, 1953 (AOS, vol. XXXIII).

- <sup>133</sup> *Рашид ад-Дин*. Сборник летописей. Т. I–III. М.-Л., 1946–1960.
- <sup>134</sup> *Ковалевский А. П.* Книга Ахмеда ибн Фадлана о его путешествии на Волгу в 921–922 гг. Харьков, 1956.
- <sup>135</sup> *Волин С. Л.* Сведения арабских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах. // ТИИАЭ АН КазССР, 1960.
- <sup>136</sup> *Кычанов Е. И.* Сведения «Юань-Ши» о переселении киргизов в XIII в. // ИАН КирССР, СОН, 1963, т. 5, вып. I.
- <sup>137</sup> *Чэнь Чжун-мянь*. Собрание исторических сведений о тюрках. Т. I–II, Пекин, 1958 (кытай тілінде).
- <sup>138</sup> *Зуев Ю. А.* К этнической истории усуней. // ТИИАЭ, т. 8, 1960; Соныкі. Китайские известия о Суябе. // Изв. АН КазССР, СИАЭ, 1960, вып. 3; Соныкі. Тамги лошадей из вассальных княжеств. // ТИИАЭ АН КазССР, т. 8.
- <sup>139</sup> *Адильгереев Х. М.* К истории образования казахской народности. // Вестник АН КазССР, 1951, № 1; *Ақынжанов М. Б.* Қазақтың тегі туралы, А., 1957; *Шахматов В. Ф.* К вопросу об этногенезе казахского народа. // Изв. АН КазССР, 1950, № 94, вып. 6; *Юшков С. В.* Об основных моментах истории казахского государства (досоветский период). Изв. АН КазССР. Сер. ист., 1948, № 49, вып. 4.
- <sup>140</sup> *Малов С. Е.* Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951; Соныкі. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.-Л., 1959.
- <sup>141</sup> *Czegledy K. A* Kunok eredeterol. Magyar Nyelv, 1949, XLV; Idem. A karluk torzsek nevei. MN, 1949; Idem. Gardizi on the History of Central Asia. Acta. Orient. Hung. XXVII, 1973; Idem. From East to West: The Age of Nomadic Nigrations in Eurasia. AEMA, vol. III, 1983.
- <sup>142</sup> *Pritsak O.* Von den Karluk zu den Karachaniden. ZDMG, Bd 101, 1951; Idem. Die Karachaniden. "Der Islam", Bd 31, 1954; Idem. The Pecenegs. AEMA, N I, 1975.
- <sup>143</sup> *Востров В. В., Муканов М. С. П.* Родоплеменной состав и расселение казахов. А., 1968.
- <sup>144</sup> *Муканов М. С.* Этнический состав и расселение казахов среднего жуза. А., 1974.
- <sup>145</sup> *Плетнева С. А.* Печенеги, тюрки и половцы в южнорусских степях. МИА, № 62, 1958; Соныкі. Половцы. М., 1990; *Федоров-Давыдов Г. А.* Кочевники Восточной Европы под властью Золотоордынских ханов. М., 1966.
- <sup>146</sup> *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964.
- <sup>147</sup> *Гумилев Л. Н.* Хунну. М., 1960; Соныкі. Древние тюрки. М., 1967.
- <sup>148</sup> *Агаджанов С. Г.* Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX–XIII вв. Ашхабад, 1969.
- <sup>149</sup> *Кумекоев Б. Е.* Государство кимаков IX–XI вв. по арабским источникам. А., 1972.
- <sup>150</sup> *Кузеев Р. Г.* Происхождение башкирского народа. М., 1974.
- <sup>151</sup> *Абрамзон С. М.* Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Л., 1971.
- <sup>152</sup> *Жданко Т. А.* Очерки исторической этнографии каракалпаков. // Труды ИЭ АН СССР, т. IX. М.-Л., 1950.
- <sup>153</sup> *Шаниязов К.* Узбеки-карлуки. Ташкент, 1964; Соныкі. К этнической истории узбекского народа (на материалах кипчакского компонента), Ташкент, 1974.
- <sup>154</sup> *Потапов Л. П.* Этнический состав и происхождение алтайцев. Л., 1969.
- <sup>155</sup> *Савинов Д. Г.* Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху. Л., 1984.
- <sup>156</sup> *Кычанов Е. И., Литвинский Б. А.* Рецензия на кн. «История Казахской ССР». Т. 2. А., 1979. // Народы Азии и Африки, 1981, № 2.

<sup>157</sup> *Бунятов З. М.* Государство Хорезмшахов-Ануштегинидов. 1097–1231. М., 1986.

<sup>158</sup> *Ахинжанов С. М.* Кипчаки в истории средневекового Казахстана. А., 1989.

<sup>159</sup> *Валиханов Ч. Ч.* Собрание сочинений. Т. 1–5, А., 1984–1985; Сондай-ак қараңыз: Чокан Валиханов. Избр. сочинения. М., 1986.

<sup>160</sup> *Golden P. B.* An Introduction to the History of the Turkic Peoples. Otto Harrassowitz, Wiesbaden, 1992.

<sup>161</sup> *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан. Летопись трех тысячелетий. А., 1992.

---

*БІРІНШІ БӨЛІМ*

**ЕЖЕЛГІ  
ҚАЗАҚСТАН**

---

## *Б і р і н ш і т а р а у*

### **ЕЖЕЛГІ ТАС ҒАСЫРЫ (ПАЛЕОЛИТ) ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН**

Планетамыздың барлық түкпірлерінде адамның шығуы мен даму тарихында, сондай-ақ оның еңбек қызметінің іздерінде ортақ нәрсе көп және олар өзара тағыз байланысты. Алайда адамзаттың ежелгі өткен заманының көптеген беттері осы кезге дейін ашылған жоқ, анықталған мәселелер мен даулы қағидалар әлі де көп. Біздің ертедегі бабаларымыздың өмірі туралы қазіргі түсініктер адам еңбегінің қалдықтары — тас құралдар, оларды дайындаған кездегі қалдықтар, тамақ қалдықтары — жануарлардың сүйектері сақталып, үңгірлерді, үңгіме қуыстарды зерттеуге негізделеді. Осы заманғы «мешеу халықтар» дейтіндердің өмірінен алынатын этнографиялық деректердің де маңызы аз емес. Олар ежелгі адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің кейбір жақтарын жақсырақ түсіндіруге мүмкіндік береді. Бірақ басты ақпаратты дегенмен де алғашқы қауымдық қоғамның ең көп таралған материалы — тастан жасалған еңбек құралдары береді.

Ежелгі адам өз дамуында бірінен кейін бірі келетін бірнеше кезендерден өтті. Олардың негізінде тасты өңдеу техникасының жетілдірілуі және соған байланысты еңбек өнімділігінің, материалдық және рухани мәдениеттің өсуі жатыр. Археологияда қабылданған кезендерге бәлуге сәйкес адамзат тарихы тас, қола және темір дәуірлеріне бөлінеді. Аталған дәуірлердің әрқайсысы өз кезегінде хронологиялық ірі кезендерге бөлінеді. Тас ғасыры үш кезеннен: палеолит, мезолит, неолит кезендерінен тұрады. Палеолиттің ерекшелігі Евразия мен Африка аймақтарының сол дәуірдегі мәдениеттерінің едәуір ұқсастығы болып табылады. Палеолиттің кеңінен мәлім кезеңге бөлінуі соңғы жылдарда жеткілікті дәрежеде елеулі өзгерістерге ұшырады. Қазір палеолиттің бірінші, ең ертедегі мәдениеті деп олдувай мәдениеті дейтін танылады. Осыған байланысты Қазақстанның палеолитін кезендерге бөлу де басқаша көрінеді.

Ежелгі тас ғасыры дәуірі — адам мен оның шаруашылығы қалыптасуының бастапқы уақыты. Алғашқы қауым адамы жабайы өсетін дөңдерді, жеміс-жидектерді жинап, жануарларды аулаған. Палеолит дәуіріндегі адамдардың қоғамдық ұйымы күрделі де ұзақ даму жолынан өтті. Оның бастапқы кезеңі алғашқы тобыр — бірлесіп қорғану және шабуыл жасау, аң аулау және жиын-терін үшін бірлесу болды. Бұл әлеуметтік құрылым бейнесіздігімен, қоғамдық қатынастардың жетілмегендігімен ерекшеленеді. Сонымен бірге оған неке байланыстарының кейбір реттелгендігі тән болды.

Алғашқы тобыр төменгі палеолиттің алдыңғы кезеңдерінің бірі — ашель дәуіріне сәйкес келеді. Ашель уақытында жаңа әлеуметтік организм — алғашқы қауымның алғышарттары бірте-бірте толыса бастайды. Ал мустье дәуірінде жынысы мен жасына қарай табиғи еңбек бөлінісі болады, қауымның бастапқы нысандары шыға бастайды. Әлеуметтік жағынан алғанда соңғы палеолиттегі адам ұжымы жаңа межемен — алғашқы қауымның толысқан нысандарының қалыптасуымен сипатталады. Көптеген зерттеушілердің топшылауынша, бұл сапалық секіріс неандерталдың осы заманғыдай дене бітімі бар адамға айналуымен тұстас келеді.

Келесі дәуір — мезолит дәуірін, ал одан кейін неолит пен энеолитті көшпелі және отырықшы тұрмыс салтындағы аңшылар мен балықшылар мәдениетінің қалыптасу және даму уақыты ретінде сипаттауға болады. Ал қарастырылып отырған дәуір бізден қаншалықты қашық болғанымен, біз алғашқы қауым аңшылары мен жинаушыларының ежелгі мәдениеті шектес аймақтардың мәдениеттерімен өзара тығыз әсер ету арқылы дамыды деп сеніммен айта аламыз.

## 1. ТАБИҒАТ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ЕРТЕДЕГІ ГОМИНИДТЕР МЕКЕНДЕГЕН ОРТА

Евразияның кең-байтақ кеңістіктеріндегі шөл, шөлейт аймақ пен далаларда кейінгі 35 жыл ішінде тас ғасырының көптеген тұрақтары табылып зерттелді. Евразияның қуаңшылық аймағы бетінің құрылысында асқар биік таулар мен қыраттардан бастап ойпат далаға дейінгі мейлінше алуан түрлі жер бедерлері бар. Әлбетте, жер бедері мен көрінісінің бұлайша алуан түрлі болуы мен олардың қуаң аймақта орналасуы ертедегі гоминидтер мекендерінің алуан түрлі ғана емес, сонымен қатар ұқсас болуына да жағдай жасады. Қуаңшылықты өңір аймақтарына эволюциядағы айырмашылық пен оның ұзаққа созылуы, жер аумағын игерудің бастапқы кезеңіндегі ерекшеліктер, сондай-ақ гоминидтердің шығуы мен эволюциясы тән. Бірақ қуаң аймақтың бір сипатты ерекшелігі бар, ол ашық (жер бетіндегі) үлгідегі тұрақтардың өте басым болуы. Олардың көбі кешенді болып келеді және адамдардың ежелгі бабаларының белгілі бір геоморфологиялық жағдайда өте ұзақ уақыт (екінің бірінде жүз мыңдаған жылдар бойы) болған іздерін көрсетеді.

Өзінің қуаң өңірдегі жағдайына, жер аумағының кеңдігіне және табиғи ландшафтық өңірінің алуан түрлі, жер бедері үлгілерінің көп мөлшерде болуына қарай Қазақстан Евразияның қуаң өңірінің палеолитін зерттеуге модель бола алады. Қазақстан аумағында ежелгі гоминидтер пайда болуының алғышарттарын адамзат тарихындағы өтпелі және ең маңызды кезеңдегі геологиялық-географиялық жағдайларды негізге ала отырып іздестіру керек, ал ондай кезең плиоценнің екінші жартысы болып табылады. Ең ертедегі гоминидтердің Африка құрылығынан бастап қазіргі қуаң өңір мен Сібір аумағына дейінгі кең-байтақ жерде анықталған іздері алғашқы адамдардың өте ауқымды кеңістікте қоныстанғанын дәлелдейді. Қазір бір нәрсе айқын: 1,5—1 млн жыл мәулетінде-ақ Каспий маңы ойпатының ашық кеңістіктерінде, Тұран далаларында, Монғолия мен Солтүстік Қытайда гоминидтердің тұрақтары болған. Плиоценнің палеогеографиялық жағдайлары таулары біршама аласа және климаты қолайлы Азия жазықтарын ежелгі адамдар-

Неогендік	ТӨР									
Эоплейстоцен (Апшерон)	П Л Е Й С									
	ТӨМЕНГІ					ОРТАҒЫ				
18000	423					736				
Хоргос кезеңі	Бакү кезеңі					Койбын кезеңі				
Матуяма	Б Р Ю									
О°	ОІ,₄	ОІ,₃	ОІ,₂	ОІ,₁	ОІ,₀	ОІ,₅	ОІ,₄	ОІ,₃	ОІ,₂	ОІ,₁
	120	180	210	270	295	360	410	470	560	620
	Бива 1	Ямайка	Чаган- Днепр Бива II	Бива III	Эмперор	Егунино V	Егунино VI	Егунино VII		730
	Шелек-Кима		Котырбулак		Жоғарғы Бийік		Хоргос		Хоргос	
	Шолак- сай	Сарысу	Есіл	Боралдай	Үшқоңыр	Жоғарғы Бийік	Хоргос	Хоргос	Хоргос	Хоргос
Олдувай	А Ш Е Л Ь									
Арыстанды (?) Арыстанды	А Ш Е Л Ь , Л Е В А Л Л У А - А Ш Е Л Ь 1 Бөріқазған, Тәңірқазған, Сүйсінген, Құйғанкөл, Ақкөл									
ПРОТОЛЕВАЛ- ЛУА-АШЕЛЬ(?) Шақпақатасай	Л Е В А Л Л У А - А Ш Е Л Ь 1 Шақпақатасай, Сарытас А Ш Е Л Ь Тонтай, Қазанғап, Жаман-Айбат									
	А Ш Е Л Ь Өгізтау1, Үлкен Ақмая, Талды 1, Семізбұғы, Тораңғы, Қызылқайнар, Шөлқызыл, Бәле, Вишневка; Аққошқар 1,6 Л Е В А Л Л У А - А Ш Е Л Ь 1 Жалпак, Құдайкөл, Қарасор, Қойтас									
	А Ш Е Л Ь Хантау, Ақтоғай									



ЖАЛПЫ СТРАТИГРАФИЯЛЫҚ ШКАЛА		Жүйе	
ГОЛОЦЕН		Бөлім	
ОСЫ ЗАМАҢҒЫ		Звено	
10		Абсолюттік жасы	
Алматы кезеңі		Тектоникалық кезеңдер	
130 Жоңғар кезеңі		Магнитті аймақ.	
IV		Индекс	
III <sub>4</sub>		Полярлылығы	
III <sub>3</sub>		Магнитті стратиграфиялық шкала	
III <sub>2</sub>		Өтпелі аймақтар және шағын аймақ.	
III <sub>1</sub>		105	
Шәукен		Голоцен	
12,7 Готен-13,4 бурғ		Горизонттан жоғары	
25 Моно		Өтпелі атлант. кабат	
27		Өтпелі бо-реаль кабаты	
42 Карго-44 полове		Атлантикалық кабат	
44		Бореалды кабат	
105		Бореалға дейінгі кабат	
X		Горизонт	
X		Жалпы алғанда	
МУСТЬЕ		МЕЗОЛИТ НЕОЛИТ	
СОҢҒЫ ПАЛЕОЛИТ		МЕЗОЛИТ НЕОЛИТ	
Кәдімгі мустье өшқорған, Тұмақты 1-Шақпақ, Алғабас, Табақты т.б..		Оңтүстік Қазақстан	
Соңғы палеолит Ш. Уәлиханов ат. 1 қаб., Ұшықтас, Ащысай		Каспий маңы — Туран өлкесі	
Леваллуа-Ашель II Шақпақатасай, Құмақеке, Аққыр		ШАҚПАҚАТА НЕОЛИТ Шақпақатасай	
Тісті мустье Бұрма, Мамырбұлақ, Қызылжар, Түлкілі Ашельдік дәстүрлі мустье Семізбұғы 2-10, Тораңғы, Қаршығалы 2-3 Леваллуа-Ашель II Салпақ, Құдайкөл Мустье Қошқар		НЕОЛИТ	
Соңғы палеолит Жыланды 3-6, Саяқ Семізбұғы, Тораңғы, Еспе 1-2 Құдайкөл 1-II Шідерті, Құдайкөл Соңғы палеолит Баршын 3, Батпак		Сарыарқа	
Мустье Қызылсу, Осиха, Бөде-1. Мустье-Леваллуа Шынай, Ақтоғай Ашельдік дәстүрлі мустье Шынтау		НЕОЛИТ	
Соңғы палеолит Шұлбынка, Қанай, Пещера		Таулы аймақ (Шығыс және Оңт.-Шығыс Қазақстан)	

ТАС ДӘУІРІ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

КАЗАҚСТАН

дың алыс солтүстікке қоныс аударуына жәрдемдесе алды деп санауға мүмкіндік береді. Ол кезде Қазақстан, Монғолия мен Солтүстік Қытай Евразияны қоныстанудың алғашқы кезендері үшін ең солтүстік аудандар болған.

Плиоценнің аяғындағы апат пен төрттік кезең жағдайды өзгертті. Гиндукуш пен Гималай, Қаракорым, Тянь-Шань мен Алтай муссондарды өткізбейтін кедергі болып қана қойған жоқ, сонымен қатар ландшафты да толық өзгертті. Муссондар мен циклондар қозғалуының өзгеруі, қуаң өңірде климат континенттігінің ұлғаюы едәуір аумақтың шөлге айналуына себепші болды. Сол бір өзгерген жағдайларда бұл өзгерістер Қазақстанның түрлі аймақтарына бірдей әсер еткен жоқ.

Тұран және Каспий маңы ойпаты мейлінше тұрақты жағдайларымен сипатталады. Каспий теңізінің жағалауы мен Үстірт қыратында тас ғасырының палеолиттің алдыңғы кезендерінен неолитке дейінгі үздіксіз эволюцияны дәлелдейтін көптеген тұрақтары сақталған. Каспий өңірі мен Үстірттің палеолиті шақпақтас шикізатына негізделді.

Каспий маңы ойпаты мен Үстірт қыратындағы эволюцияның ұзақ уақытқа созылуына палеографиялық жағдайлардың тұрақтылығы (қолайлы климат; аң аулау объектілері мен мекендеу орындарының молдығы; шикізаттың шексіз мөлшерде болуы; тұщы судың молдығы) негіз болды. Сақталған тұрақтардың топографиясы геологтардың жағалау шегінің талай рет өзгергені туралы деректерін растайды.

Ұсақ шоқылар мен жазықтардың ұштасуы тән, түбі жайпақ кең аңғарлары бар Сарыарқа геоморфологиялық жағдайлары жағынан мейлінше тұрақты аймақ болып келді және солай болып қала да береді. Мұнда палеолиттің эволюциясы ашельдің едәуір соңғы кезеңінен басталып, соңғы палеолитке дейін созылады. Тас ғасыр тұрақтары топографиясының өзіндік ерекшеліктері ежелгі адамдардың Сарыарқаның негізгі су айырығының бойымен өтіп, одан соң Солтүстік Балқаш өңіріне қоныстануы мүмкін екенін көрсетеді. Палеографиялық жағдайлардың тұрақтылығы, жануарлардың қоныс аударатын және мекендейтін, құстардың ұшып өтетін жолдарының орнығып, тегінде, өзгермеуі, тас шикізаты өнімінің молдылығы және тұрақты су көздерінің көп болуы палеолиттің әр түрлі мәдениеттерін таратушы алғашқы ұжымдардың белгілі бір тұрақтарда ұзақ уақыт мекендеуіне мүмкіндік жасады. Олар кені алынған шұқыр тізбектеріне, өзен жағаларына, терең қарасу немесе тұщы сулы бұлақтар жанына жайғасты, қазіргі сияқты, бұрын да тұрақтардың орналасқан жері мен жүретін жолдары едәуір дәрежеде солар арқылы белгіленді. Өте суық әрі құрғақ болған жоғарғы плейстоценнің аяғындағы төтенше жағдайлар ғана су жүйесін біржола бұзды. Көпжылдық тонданудың өрістеуі жағдайында Сарыарқаның көптеген аудандарында Сарыарқаны қоныстанған жануарлар мен бір кезде тұрақты мекендейтін осы жерлерден біржола кетіп қалған гоминидтердің қалыптасқан байланыстары бұзылып, қалпына келмеді. Тек өтпелі аймақтарда, Сарыарқаның шығысындағы Ертіс өңірінде ғана эволюция неолитке дейін толастамады.

Өтпелі аймақтар әрқашанда мұқият көңіл бөлінетін объект болып келді. Қаратау жотасы осындай өте қызықты өтпелі учаскелердің бірі болуы ықтимал. Оның географиялық жағдайының өзіндік ерекшелігі мынада: ол, бір жағынан, Солтүстік Тянь-Шань жоталарының сілемі болып табылады және соларға тән биіктік белдеуі бар, ал ең суық дәуірлерде, сірә, онда мұзарттар

болса керек. Екінші жағынан, ол екі ірі аймақты — Орта Азияның құмды даласы мен Бетпақдаланың саздақты даласын шектеп, бөліп тұр. Климаты жағынан Қаратау жотасының жағдайы ерекше қолайлы. Қаратау жотасының мұндай жағдайы ұзақ уақыт бойы, кем дегенде жоғарғы плиоценнен бастап сақталып келген. Мұны неоген кезінен сақталған көптеген ежелгі өсімдіктер мен жануарлар дүниесі дәлелдейді.

Екінші жағынан, Қаратау жотасының шөл дала аймағындағы табиғат жағдайы мұнда алыс жақтарында, қалың құмдар мен ойпаттарында сары топырақты қабаттардың қалыптасуына да жағдай жасады. Қаратау жотасының көптеген аудандарының геологиялық құрылысы да мұнда жануарлардың сансыз көп үйірлерінің тұрақты мекендеуіне қолайлы болды, олардың қалдықтарының Көшқорған, Ш. Уәлиханов атындағы және т. б. елді мекендер сияқты көптеген жерлерден табылғаны мәлім. Осылардың бәрі бұл арадан тамақ пен су көздерін, сондай-ақ өзен жағаларынан, үңгірлерден және сары топырақты жерлерден мекендейтін жақсы орындар тапқан ежелгі гоминидтердің осында мекендеуіне себепші болғаны қайран қалдырмайды.

Алайда, өтпелі (шекаралық) аудандардың ерекшелігі — оқиғалар мен құбылыстардың қалдықтық және алуан түрлі болуы. Мәселен, Қаратау жотасының палеолиті қалай болғанда да эволюцияның екі (үшеу болуы да мүмкін) бағытымен сипатталады. Бірінші жол Кіші Қаратау ауданына тән және Бөріқазған мен Тәңірқазғанның салмақты қара шақпақ тастарына негізделген. Ең ежелгі тұрақтар мүйісті-қыратты биіктеріне байланысты. Неғұрлым «соңғы» — ашельдік, мустьелік және соңғы палеолиттік тұрақтар тау етегінде орналасқан және Бөріқазған мен Тәңірқазғанның алдыңғы палеолиті жайғасқан жерден хронологиялық алшақтығы басым көрінеді.

Екінші бағыт неғұрлым жақсы қасиеттері бар және өнделгендерінен неғұрлым сапалы сынықтар алуға мүмкіндік беретін ашық-сұрғылт түсті шақпақ тастар негізінде дамыды. Негізгісі Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ болып табылады. Оның бірегейлігі мынада: оның өмір сүруі өзендердің аңғарлары кесіп өткен сары топырақты үстірт тарихымен байланысты.

Үшінші даму бағытының немесе құмайттарда даму бағытының іздері де бар. Ш. Уәлиханов атындағы тұрақ ауданында және басқа да жерлерде типологиялық ерекшеліктері бойынша Сарыарқадағы саяқ мәдениетіне ұқсайтын соңғы палеолит үлгілері жиналды.

Қазақстанның соңғы палеолиттік мәдениеттері өмір сүрген кездің палеогеографиялық жағдайлары қандай болған? Сібір, Қазақстан, Орта Азия үшін қабылданған уақыт аралығы кері қарай 10 мың жылға дейінгі 40—30 мың жыл аралығында белгіленеді. Қазақстан үшін бұл уақыт ландшафтағы, палеоклиматтағы, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіндегі үлкен өзгерістермен сипатталады. Бұл кезге қарай Қазақстанның жер бетінің құрылысы қазіргісіне жақын болды. Негізгі ареалдарда тас ғасыры мәдениетінің дамуы өзгеріссіз жүрді.

Соңғы, былайша айтқанда, осташковтық-сартандық мұздану және қатты салқындау зардаптары Қазақстанның едәуір бөлігі үшін қиын жағдай туғызды. Бұл кездегі климаттың ерекшелігі сонда: бұл өте суық және құрғақшылық кезең болды<sup>1</sup>. Маңызды палеогеографиялық екі оқиға — Қазақстанның шығыс жағында көлемді таулы аймақтың пайда болуы және Қазақстанның батысы мен шығысында палеогеографиялық жағдайлардың айқын ерекшеленуі осы уақытпен байланысты.

Біріншісімен сабақтас екінші оқиға — кең-байтақ Сарыарқа аймағы су желісінің нашарлауы мен мұнда жануарлар мекендейтін ежелден қалыптасқан аймақты бұзған тондану жағдайларының пайда болуы. Гоминидтер өздерінің қоныстанған орындарынан біржола кетіп қалды. Олардың Сарысуды, Торғай ойпанының құрғақшылық жайлаған аңғарлары мен көлдерін жағалай, Сарыарқаның шет жақтарындағы көлдердің тізбектерін бойлай орналасқан сирек тұрақтар түріндегі қоныс аударған іздері жануарлардың сонынан кетуге тура келгендердің іздері болуы ықтимал. Жалпы алғанда Солтүстік Қытай мен Монғолия сияқты аудандарда соған ұқсас жағдай орын алуы мүмкін еді.

Қуаң аймақты аталған тұрақты ландшафт-климат жағдайлары қажет болатын күрделі бірыңғай механизм ретінде қарастыру керек. Қазақстан үшін бұл мынадай аса маңызды үш буын:

а) Сарыарқаның, Бетпақдаланың кең-байтақ шөл аудандары, Тұранның құмдақты және саздауыт шөлі — қуаң аймақтың жүрегі, ірі ауқымда алғанда суық кезде мекендейтін орта;

ә) солтүстік аудандар (орманды дала, дала) — ыстық кезде мекендейтін аймақтар;

б) таулы аймақтар — дағдарысты палеогеографиялық төтенше жағдайлар кезінде мекендейтін өңір.

Әзірше Қазақстанның таулы аймақтары мейлінше аз зерттелген күйінде қалып отыр. Мұнда палеолит тұрақтарын іздестірудің қиыншылықтары жауын-шашынның мол жиналу ерекшеліктерімен және жер бедерінің тез өзгеруімен анықталады.


Жер шарының белгілі бір аймағының географиялық және климат ерекшеліктері туғызған әр түрлі табиғи жағдайлар приматтардың әр жерде адамға айналуының негізгі факторлары болды. Әр түрлі ендік халықтарының ертедегі шаруашылығы мен алғашқы мәдениетіндегі айырмашылықтарды көп жағынан айқындап, адамзат пен өркениеттің кейінгі даму қарқындарына ықпал еткен де солар.

## 2. ЕЖЕЛГІ ПАЛЕОЛИТ

Ежелгі палеолит ірі-ірі үш кезеңге (мәдениетке): олдувэй (бұдан бұрынғы 2,6 млн жыл — 700 мың жыл), ашель (бұдан бұрынғы 700 мың — 150—120 мың жыл) және мустье (бұдан бұрынғы 150—120 мың — 35—30 мың жыл) кезеңдеріне бөлінеді. Ол кездің адамдары тастың қасиеттерін жақсы білген, өйткені оның оңай жарылатын шақпақ тасты бәрінен де көбірек қолданғаны, ал оған ұқсас тас түрлерін кей жерлерде қолданбағаны тегін емес. Материал таңдау көбінесе құралдың қолданылатын мақсатына байланысты болды. Құралдардың мынадай түрлері: шапқылар, қырғыштар, үшкір тастар, шой балғалар, піспектер, пышақтар, тескіштер және т. б. бөлініп шыққан.

Ауыр салмақты, тік бұрышты ұсақ шақпақ тастар ең ежелгі еңбек құралдарына жатқызылады, олар Кеңірдек елді мекені жанынан, Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі Арыстанды өзенінің ең жоғары жайылмасынан, қатып қалған төменгі төрттік кезеңнің қалың конгломераты арасынан табылған<sup>2</sup>. «Клектон тұрпаттас» деп аталатын бұл ежелгі құралдардың одан анағұрлым кейінгілерден айырмасы — олардың соғатын қыры тым

үлкен, ол тіпті бүкіл сынық көлемінің жартысынан көбірек. Олармен бірге үлкен шакпақ тастар, дөңес нуклеустер де табылды; әлгі сынықтар солардан сындырылып алынған. Ашельдік Бөріқазған және Тәңірқазған тұрақтары мейлінше назар аударуға лайық<sup>3</sup>. Бұл тұрақтардағы құралдардың таралу шегі айқын және өңделген шакпақ тас бұйымдар белгілі бір шектен тыс жерлерде сирек кездеседі. Бөріқазған мен Тәңірқазғаннан табылған ежелгі палеолиттік саймандар төрт топқа: екі қырлы және бір қырлы шапқы құралдар; шапқылар; ауыр тас сынықтар; ірі ұра тастар — нуклеустер болып бөлінеді. Бірінші тобы көбірек кездеседі. Шапқы құралдардың Оңтүстік-Шығыс Азия мен Африканың шель-ашель кеніштерінен табылған дәрекі тас саймандардан елеулі айырмашылығы жоқ<sup>4</sup>, олардың барлық жағдайда да малта тас сияқты түрде болуы айқын аңғарылады, тас құралдардың бір шеті өңделген, екі жағынан мол сындырылып жұқартылған, өткірленген имек жүзі бар, ал қарсы жағы өңделмеген. Төменгі палеолитте адам тасты сындыру үшін басқа тасты пайдаланып, біріне-бірін ұрған. Мұндай техника «соққылау техникасы» немесе «малта тас мәдениеті» деп аталып кеткен, өйткені оған көпшілік жағдайда өзендерде кездесетін кәдімгі малта тастар шикізат болған. Кейіннен шой балғалар пайда болып, олар жақсырақ нәтижелерге жетуге мүмкіндік берді. Олар көбінесе цилиндр немесе дөңгелек түрде болып, көп жерінде жемірілген және соғылған із қалған. Мысалы, Х. А. Алпысбаевтың Қаратау жотасы ауданынан тапқан құралдары жоғарыда аталған тәсілмен өңделген. Құралдар дайындау үшін негізгі шикізат малта тастар болған. Құралдарды өңдеу кезінде тастың екі жақ шетінен ортасына қарай шеттері мол сындырылып, жұқартылған да кесетін имек жүз шығарылған. Құрал кейіннен шапқы ретінде пайдаланылған. Қаратау жотасының тас құралдарын зерттеудің нәтижелері Мовиустың негізгі қағидаларына қайшы келеді<sup>5</sup>, ол төменгі палеолит дәуірінде шектеулі екі аймақ болға-



Тас құралдар. Палеолит. Орталық Қазақстан.

ны туралы болжам ұсынған еді. Олардың біріне мекендеушілеріне қолдан жасаған шапқыларды пайдалану ғана тән болған Үндістан, Оңтүстік және Батыс Европа, Алдыңғы Азия мен Африка жатқызылды. Екінші аймақ солтүстік-батыс Үндістан, Жоғарғы Бирма, Қытай, Ява болып табылады, олардың тас құралдарды жасау техникасында екі және бір жағы өткір шапқы құралдар тән. Оңтүстік Қазақстанда табылған тас құралдар негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: «Екі немесе бір шеті шабатын құралдар мен қол шапқыларының бір жерден табылуы азиялық төменгі палеолиттік мүлде ерекше мәдениеттің болуы туралы және төменгі палеолит дәуірінде Азияның даму жолының ерекше екендігі туралы пайымдаулармен келісуімізге мүмкіндік бермейді»<sup>6</sup>. Оңтүстік Қазақстаннан табылған материалдардың Азия мен Африка аумағында табылған еңбек құралдарымен ұқсастығы және солармен баланатындығы төменгі палеолиттік мәдениет дамуының бірдей екендігі, оларда өзгерістер мен дамудың бір жолмен жүргендігі туралы жорамал айтуға мүмкіндік береді.

Ашель уақытының ескерткіштері Орталық Қазақстаннан да табылады. Мұнда құралдар қара және сұрғылт-жасыл түсті шақпақ тас жыныстарынан дайындалған. Осындай тұрақтардың бірі – Сарыарқаның солтүстік-шығыс шетінде орналасқан Құдайкөл<sup>7</sup>. Құралдар арасынан бифастарды, яғни тастан екі жақ беті өңделіп жасалған құралдарды, жануарлардың терісін өңдеуге және ағашты ұқсатуға арналған қырғыштарды, сондай-ақ көптеген нуклеустерді – жоңқалар мен жалпак тіліктер сындырылып алынып құрал ретінде пайдаланылған ауыр тастарды атап өтуге болады. Орталық Қазақстандағы басқа да ашельдік ескерткіштер арасынан Жезқазған қаласынан 150 шақырым қашықтықта орналасқан Жаман Айбат және Қарағанды облысының Жезді ауданынан табылған Обалысай тұрақтары назар аударуға лайық. Тас бұйымдар жиынтығы арасында шапқы құралдар ерекше көзге түседі. 60–70-жылдары Балқаш өңірі мен Маңғыстау даласында интенсивті жүргізілген зерттеулер археолог А. Г. Медоевтің Қазақстанның алғашқы заман тарихы проблемаларына және тас ғасыр индустриясының өзіндік дамуына дәстүрлі емес көзқарастарының қалыптасуын көп жағынан анықтады. Зерттелген ескерткіштерді көзбен шолып байқау оның ертеде өткен кездің археологиялық қырларын бірегей түсінуге жетуіне мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, оның көзқарастары сол кезге қарай дүниежүзілік археологиялық ғылымда жинақталған деректемелермен жақсы ұштасты.

Осы уақытқа қарай жинақталған материалдар қайтадан ой елегінен өткізілуде және Қазақстан сияқты қуаң аймақтағы палеолит ескерткіштерінің өзіндік ерекшеліктерін анықтау өте маңызды болып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда алғашқы адамдардың «ашық үлгідегі» Семізбұғы<sup>8</sup>, Бөріқазған<sup>9</sup>, Шақпақата<sup>10</sup>, Өнежек<sup>11</sup> тұрақтары мен басқалары зор рөл атқарды. Мәселе мынада: шөгінділердің сары топырақты немесе жайылма катпарларында көміліп қалған археологиялық қалдықтар алғашқы адамдардың өмірі туралы, олардың тас саймандары туралы бірегей, егжей-тегжейлі ақпарат береді. Бірақ мұндай ескерткіштер біршама қысқа уақыт аралығын ғана қамтиды. «Ашық үлгідегі» ескерткіштер керісінше, едәуір ұзақ уақыт аралығын қамтиды, сондықтан оларды зерттей келіп, тас бұйымдарды өңдеу дәстүрлерінің эволюциясын қадағалауға болады.

Қазақстанның палеолиттік мәдениеті аймағында Солтүстік Балқаш өңірі өзекті орындардың бірін алады. Бұл ауданда түрлі уақыттардағы тұрақтар

өнімі алынған шұңқырлар тізбектерінің үстіне, өзен және көл қабақтарына, шикізат шығатын шоқылардың ұшар басы мен беткейлеріне орналасқан. Ұсақ шоқылы Семізбұғы алқабы Жезқазған облысындағы Саяқ поселкесінің шығыс жағында 60 шақырым жерде жатыр.

Солтүстік Балқаш өңірінің тек бір ғана — аумағы 2500x300 м ұсақ шоқылы Семізбұғы мекенінен барлығы 1611 тас құралдар табылған. Оларды дайындаған негізгі шикізат қара түсті шакпақ тас девон алевролиттері болған. Тас бұйымдары арасында нуклеустер, клетон сынықтары, тісті құралдар, қырғыштар, бифастар, пышақтар, жаңқалар мен пластиналар бар. Жалпы алғанда, Семізбұғы индустрия кешендерінің эволюциясын бағалай келіп, жетекші технологиясы леваллуа дәстүрі болып табылатынын мойындау керек.

Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан жеріндегі ең ежелгі ескерткіш Қозыбай тұрағы саналады<sup>12</sup>. Бұл тұрақ Күршім ауданындағы Қаратоғай ауылына жақын жерге, Қалғұтты өзенінің жағасына орналасқан. Алғашқы адамның қолымен дайындалған тас бұйымдар, соның ішінде шапқы құрал, екі жағы өңделген құралдар мен қара түсті шакпақ тас жыныстарынан жасалған үшкір сынықтар биік қабаттардың беткейінен табылған.

Кейінгі кезең — мустьелік кезеңде тас өндеудің жаңа техникасы ойлап табылды, бірақ ұсақ малта тас та қолданыла берді. Оңтүстік және Орталық Қазақстан жерінде мұндай ескерткіштер көп кездеседі. Олардың бірі 1958 жылы Х. А. Алпысбаев тауып, кейіннен Ш. Ш. Уәлихановтың есімімен аталған көп қабатты тұрақ болып табылады.

Қазіргі кезге қарай тұрақтан 6 мәдениет қабаты<sup>13</sup> анықталып, олардан тас бұйымдар, от жағылған орын мен ошақтар, жылқы, бизон, киік, асыл тұқымды бұғы сияқты жануарлардың сүйектері табылды. Оның қабаттары Арыстанды өзенінің оң жағасының қазіргі бетінен әр түрлі тереңдікте көлбей орналасқан. Әзірше бұл — Қазақстан жеріндегі тас бұйымдар мен басқа да мәдени-тұрмыстық қалдықтар бастапқы күйінде, яғни оны мустьелік уақытта адам қалай қалдырса, сол күйінде жатқан бірден-бір тұрақ. Қазудың қиындығы мәдени қабаттардың 2,30 метрден 7,20 метрге дейінгі тереңдікте жатқандығында болып табылады. Х. А. Алпысбаевтың мәліметтеріне қоса, алғашқы аңшылардың өмірі туралы жаңа мағлұматтар алу, еңбек құралдарын дайындайтын шеберхананы аршу және соның негізінде тұрақты адамдардың ұзақ уақыт бойы, іс жүзінде мустьеден бастап, жоғарғы палеолит дәуіріне дейін үздіксіз мекендегендігі туралы тұжырым жасау мүмкін болды<sup>14</sup>.

Мұнда құралдар дайындау үшін негізгі шикізат материалы ашық ренді халцедон болған. Құралдар арасында пышақ тәрізді қалақтар, қырғыштар басым. Остеологиялық материал жануарлардың, соның ішінде жылқының, бизонның, бұғы мен киіктің сүйектерінің ұсақ сынықтарынан тұрады. Аталған аң сүйегінің қалдықтары ландшафттың далалық сипатын, климаттың құрғақ болғанын дәлелдейді. Бұл жағдайды споралы-тозандық талдау деректері де көрсетеді.

Шымкент облысындағы Көшқорғанды қазғанда қызықты мәліметтер алынды<sup>15</sup>. Мұнда артезиан қайнар көзінің биіктігі 1 метрге дейін жететін травертин орамы көмкерген ежелгі грифоны (аузы) орналасқан. Орамның диаметрі 25 м. Грифонда палеозоологтар әр жылдарда қазба жұмыстарын жүргізіп, сүтқоректілердің төменгі төрттік фаунасының бай жиынтығын жинаған, ол «Көшқорған кешені» деген атаумен бөліп көрсетілген.

Археологиялық қазба жұмыстары көптеген тас сайман тапты, олар өте ерекше және оған ұқсастарын табу қиын. Негізіне ақ кварц пен сарғылт-сұр құмдақ басым шикізат пайдаланған.

Құралдардың жетекші үлгісі көбінесе жай дөңесті және тура бүйірлі қырғыштар болып табылады, сүйір ұшты сынықтар мен пышақтар да кездеседі. Алуан түрлі жануарлар — мүйізтұмсық, бизон, жылқы сүйектері мен тас бұйымдардың мол болуы палеолит адамының суға келген кезінде бұлақ жанындағы батпаққа батқан жануарларды аулауының нәтижесі екенін дәлелдейді.

Ескерткіштердің бұған ұқсас индустриясын Көлбұлақ материалдарынан және Тәжікстандағы «сары топырақты» палеолиттен табуға болады. Сонымен бірге Көшқорған кешенінің бірқатар белгілері жөнінен Орталық Европадағы кешендермен: Вертешселеш (Венгрия) және Бильцинисглебен (Германия) тұрақтарымен жақындығы аңғарылды. Бұл орайда Вертешселештегі тұрақтың өмір сүрген уақыты 350—600 мың жылмен белгіленеді. Көшқорғанға ұқсайтын тұрақтарды алыс шығыстан да ұшыратамыз. Мәселен, Қытайдың Чжоу-коу-дянь үңгір тұрақтарының кешені. Мұның бәрін қосып алғанда, Көшқорғанды, сірә, плейстоценнің бас кезіндегі батыс және шығыс ескерткіштері аралығындағы байланыстырушы буын болар деп ойлауға мәжбүр етеді.

1984 жылы Жезқазған облысының Ағадыр ауданында мустьерлік заманның жаңа ескерткіштері табылды. Бұлар — Өгізтау-1 және -2, Үлкен Ақмая сияқты тұрақтар<sup>16</sup>. Мұнда тас бұйымдар бұлақ жанындағы аласа төбенің баурайында жатыр. Шикізат материалдарының жақын және бұлақтың болуы адамдардың мекендеуіне себепші болған. Бір жағы және екі жағы қырланған балталар, қырғыштар, ойық қалақтар мен нуклеустер жергілікті шикізат — сұрғылт кварциттен дайындалған. Көптеген құралдар кейінгі кезендердің өзінде-ақ қайталап пайдаланылған, мұны тас бұйымдардағы «жана» сынықтардың болуы көрсетеді.

Дөңгелек нуклеустермен қатар протопризмалы нуклеустердің, сондай-ақ жиектері симметриялы пластиналардың және үш бұрыш түріндегі сынық тастардың болуы тас өңдеу техникасындағы ілгері басқандықты дәлелдейді. Тас сайманға типологиялық талдау жасау тұрақтардың өмір сүрген мерзімін алдыңғы мустье, бәлкім, ашель заманына да жатқызуға мүмкіндік береді.

Орталық Қазақстанның көптеген палеолиттік тұрақтарында тас сайман топырақ бетінде, бастапқы орнында жатады<sup>17</sup>. Жер бетінен табылған материалдар деректемелерімен берілсе де, суреттелген олжалар бұл аумақты алғашқы адамның мекендегені туралы сұраққа белгілі бір дәрежеде жауап қайтаруға мүмкіндік береді.

Батыс Қазақстанның Сарыташ шығанағы маңында орналасқан палеолиттік ескерткіштері (Шакпақата, Өнежек) ерекше ынта туғызады. Құрал Құмақапа аңғарынан да табылды. Құралдар дайындау үшін негізгі шикізат материалы ретінде теңіздің құрғап қалған қабаттарынан мол кездесетін шақпақ тас конкрециялары пайдаланылған. Тас индустрияларының жиынтығын мұқият зерттеу негізінде А. Г. Медоев мынадай мәдениеттерді бөліп көрсетеді: протолеваллуа — ашеллеваллуа- ашель-1—2, Шакпақата-1 (соңғы палеолит), Шакпақата-2 (эпипалеолит) және микролиттердің неолиттік индустриясы.



Протолеваллуа-ашель мәдениеті жиынтығының көпшілігі арасында протолеваллуалық үлгідегі нуклеустер, тік бұрыш түріндегі көлемі үлкен сынық тастар, нуклеустерден жасалған ірі әрі салмақты үшкір тастар, ал құралдардан — бифастар басым. Аталғандарынан басқа сынық тастардан істелген «тас балталар» бөлініп көрсетілген, кейбір бұйымдардың олдувэй мәдениеті құралдарымен қайран қаларлықтай ұқсастығы бар<sup>18</sup>.

Келесі мәдениет — ортаңғы ашельге сәйкес келетін леваллуа-ашель-І мәдениетінде тас балталар мен кливерлер аз кездеседі. Тас бұйымдар теңіз жарқабақтарының жағалауындағы ежелгі белдіктерінде, сондай-ақ Түпқорған үстіртінің беткейлерінде жатыр. Осының алдындағы индустриямен салыстырғанда енді құралдар мен бұйымдардың көлемі кішірейгені байқалады. Ежелгі үлгідегі бифастар жоғалып, жаңа түрлер пайда болады.

Ақырында, леваллуа-ашель-2 мәдениетіне найзалардың өңделген тас ұштары мен екі жағы қырланған пышақтар тән болып келеді. Барлық тұрақтар Каспий теңізінің жағалауындағы жарқабақ аяндарына орналасқан. Құрал табылған жеті жерді қамтитын Өнежек тобының тұрақтарын сипаттауға тоқталып өтейік<sup>19</sup>. Тұрақтар бір-біріне жақын орналасқан, бірақ тас құралдарда бірқатар айырмашылық та байқалады. Олардың (тұрақтардың) әрқайсысында дерлік құралдардың алғашқы және соңғы түрлері ұшырасады, сондықтан оларды хронологиялық жағынан айыру қиын. Тас бұйымдар арасынан нуклеустер, қырғыштар, бифастар, найзалардың ұштары және көп мөлшерде сынық тастар бөлек көрінеді. Соңғыларының ішінде ауқымды леваллуа үшкір тастары да бар. Нуклеустер арасында ұзындығы 30 сантиметрге дейін жететін леваллуа пластиналарын алуға арналған ауыр тас сынықтары да ұшырасады. Өнежек индустриясына жалпақ аянды нуклеустердің, алуан түрлі (үш бұрышты, төрт бұрышты) симметриялы пластиналардың және аз мөлшерде болса да, жақсы өңделген құралдардың болуы тән.

Қазақстанның ежелгі тұрғындары эволюциялық дамуы жөнінен *Homo Sapiens* сатысына сәйкес келетін замандастары болған. Қаратау мен Маңғыстаудың алғашқы мекендеушілері сол кезде-ақ от жағып, оны сақтай білген, ірі және ұсақ жануарларды аулаумен, жиын-терінмен шұғылданған:

### 3. СОҢҒЫ ПАЛЕОЛИТ

Соңғы палеолит б. з. б. 40—35 мыңжылдан басталып, 10 мыңжылмен аяқталады. Бұл Жер шарының барлық климаттық аймақтарына адамның кеңінен тарай қоныстанған және нәсілдер мен нәсілдік топтардың қалыптасу уақыты.

Ақыл-ойлы адамның шығуы мен соңғы палеолит дәуіріндегі адамзат қоғамының материалдық және рухани мәдениетінің одан әрі дамуы арасында тікелей байланыс бар. Бұл құбылыс қоғамдық қатынастардың прогрестік дамуымен, рулық қауымның қалыптасу үрдісімен, адам ұжымының қоғамдық ұйымдасуының өзіне тән алғашқы нышаны ретіндегі рудың шығуымен тікелей байланысты. Рулық ұйым барлық жерлерде ана тектес және шеше жағынан топтасты, ал әйелдер қауымда үстем жағдайда болды деп топшыланады. Сонымен, аналық ру өзара қандас туыстығы арқылы біріккен және шешелері жағынан шыққан тегі бір адамдардың экзогамиялық тобы болды. Сондай-ақ әйелдердің қоғамдық өміріндегі жоғары дәрежесі де қауымдық үй шаруашылығының өзгешілігінен, руды өрбітуші ретіндегі әйелдің

отбасындағы рөлінен туындады. Ежелгі адамдардың идеологиялық ұғымдарында ру бастығы және ошақ иесі ретіндегі әйелге табынушылықтың пайда болуы кездейсоқ емес.

Соңғы палеолит дәуіріндегі адамның дүниетанымы күрделене түсті. Аншылар магиясына табыну кең таралды; мұның негізінде хайуанның бейнесін — символын бағындыру арқылы оған өктемдік етуге болады деп сену болды. Магияның әмбебап құралы сол кезде пайда болған алғашқы өнер болды деп топшыланады. Оның басты тақырыбы — әр түрлі жануарлардың суретін салып, бітім-тұрпатын, мүсінін жасап бейнелеу болды. Сүйектен ойып немесе жұмсақ тастан қашап жасалған әйел мүсіндері жердің құнарлығын, аналық қасиетті бейнеледі.

Адамның жаны туралы, жердегі тіршіліктің жалғасы сияқты о дүниедегі өмір туралы ұғымдар күрделі әдет-ғұрыптық рәсімдердің пайда болуына әкелді. Өлген адамның денесіне қызыл жоса себілді, оның кеудесіне тесілген қабыршықтардан, жыртқыш аңдардың тістерінен жасалған алқа тағылды, аяғына мамонттың азуынан жасалған білезік кигізілді, киіміне моншақ тізбесі тігілді. Өліктің қасына шақпақ тастан, мүйізден жасалған заттар қойылды.

Соңғы палеолиттік мәдениет ареалы Қазақстан аумағы үшін әлі де айқындала қойған жоқ, солай бола тұрса да алдын ала жасалған тұжырымдар санының аз болғанына қарамастан, ескерткіштерді географиялық жағынан кең таралған деп үміттенуге мүмкіндік береді. Біздіңше, олардың саны аз болуы палеогеографиялық жағдайларға байланысты. Нақ сол кезде күн салқындап, қуаншылық туған, мұның өзі адамдардың мекендеуіне қолайсыз жағдай туғызды.

Алдындағы кезеңнің ескерткіштерімен салыстырғанда бұл уақыт тұрақтарының аз табылғанын атап өтеміз. Шығыс Қазақстанда Қанай, Свинчатка, Пещера, Ново-Никольское және Шүлбі тұрақтары мәлім.

Пещера тұрағы Бұқтырманның оң жағасында үңгірге кіре берісте орналасқан. Көмбенің шығыс жағындағы 30—50 см және батыс жағындағы 60—170 см тереңдікте қазба жұмысы барысында палеолиттік бұйымдар табылды, олардың арасында айналдыра өндеп жасалған қырғыш, қайшы сияқты қалақшаның сынығы, қайшы тәрізді құрал, сынық ізді пирамида түріндегі нуклеус, шой балға және қара шақпақ тас пен жасыл кварцит жынысы өндірісінің қалдықтары бар. Барлық құралдардың бет жағы өңезденіп, әк ренді болып келеді, жануарлар: мүйізтұмсық, бизон, үңгір арыстаны және басқалар сүйектерінің көмірі, сынықтары табылды. Құралдардың сипаты тұрақты мерзімін жоғарғы палеолит деп шамалауға мүмкіндік береді.

Алдындағы кезеңдерге қарағанда жоғарғы палеолитте тас құралдарды өндеу неғұрлым күрделі болды. Сүйек және ағаш жақтауларға сына ретінде пайдалануға арналған жұқа қалақшалар жонылып, сонан соң бұл құралдар пышақ және қырғыш ретінде пайдаланылған. Қыспа ретушь техникасы да кең қолданылды, ол жүзі жұқа құралдар — найзалардың, сүнгілердің ұштарын алуға мүмкіндік берді.

Ертістегі Шүлбі тұрағында 5000 тас бұйымдар арасында сынық тастар мен қалақшалар, қырғыштар, өткір ұштар, кескіштер, түйрегіштер, алуан түрлі нуклеустер мен өндіріс қалдықтары кездеседі. Тас бұйымдардан басқа жұмыр тастардан қаланған, күл қабаты бар ошақтар табылды, ал ошақтардың айналасында едәуір қашық жерде диаметрі шағын және дөңгелек түрдегі қара дақтар жатыр<sup>20</sup>. Бұлар тұрғын жайдың негізі болған ағаш дінгектердің қалдықтары болуы ықтимал. Жердің қолайлы орналасуы, биік жарқабақ,

өзен, орман — осылардың бәрі адамдарға пана болған, ал жаз кезінде күйдірген күн мен жаңбырдан бас сауғалап, ол өзіне уақытша тұрғын жай салған, мұны қара дақтар мен ошақтар дәлелдейді. Мәдени-тұрмыстық қалдықтармен қоса адам қабірі табылды, онда адам тік күйінде сол бүйірінен жатқызылып, басы батысқа қаратылған. Қанқа өте нашар сақталған, өйткені тайызда жатыр, бірақ оның табылуының өзі назар аударуға лайық. Шүлбі тұрағындағы құралдарды дайындауға пайдаланылған негізгі шикізат материалы — халцедон, яшма, шакпақ тас және тау хрусталі. Бұдан көрініп отырғанындай, тас ғасырының алдыңғы дәуірлерімен салыстырғанда, алуан түрлі тас түрлері және жергілікті жерден шықпағандары да пайдаланылған. Алтай мен Сібір тұрақтарынан да осыған ұқсас жиынтықтар табылған, мұның өзі олардың мерзімін 30—25 мың жыл деп белгілеуге мүмкіндік береді<sup>21</sup>.

Қазақстан аумағында соңғы палеолиттің толық зерттелген ескерткіштері көп емес, бірақ қолда бар материалдар ежелгі тас ғасыры адамдарының материалдық мәдениеті дамуының, сондай-ақ Қазақстан аумағын мекендеу үрдісінің үздіксіз жүргенін аңғаруға мүмкіндік туғызады. Жоғарғы палеолит — адамның одан әрі дамып, тас құралдар дайындайтын жаңа техникасы пайда болған және олар жетілдірілген кез. Бұрынғысынша, ұсақ малта тастардан жасалған шапқыш көне құралдар, ауыр салмақты қырғыштар, үш бұрышты қалақшалар көп, олар дөңгелек түрдегі нуклеустерден омырылып алынған. Омыру техникасының жетілдірілуі соққы жасалатын беті жару сызығына тура бұрыш жасап тұратындай етіп алдын ала дайындалған призмалы нуклеустердің пайда болуынан көрінеді. Соның нәтижесінде омырылғаннан кейін нуклеус көп қырлы призма түрін алған.

Жоғарғы палеолит адамының өмір жағдайларын сипаттау үшін Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау жотасы ауданында<sup>22</sup>, Шығыс Қазақстандағы Ертісте<sup>23</sup>, Сарысу өзені өңірі мен Солтүстік Балқаш өңірінде<sup>24</sup> табылған тас бұйымдар мейлінше толық материал береді.

#### 4. МЕЗОЛИТ

Қазақстан аумағында мезолит кезеңі осы кезге дейін аз зерттелген. Бұл уақыттың материалдық мәдениеті туралы алғашқы ақпарат 50-жылдарда ғана пайда болды<sup>25</sup>. 70—80-жылдардағы В. Ф. Зайберттің Есіл өңірінде, В. Н. Логвиннің Қостанай маңы мен Торғайда жүргізген далалық зерттеу жұмыстары ғана мезолит және оның далалық өңірдегі айрықша белгілері туралы жалпы сипатта алғашқы түсініктер алуға мүмкіндік берді. 80-жылдардың аяғы мен 90-жылдардың басында Батыс және Оңтүстік Қазақстанда археологиялық зерттеулер жандандырылып, бірнеше жаңа тұрақ ашылды.

Палеолиттен мезолитке (грекше «мезос» — орта деген сөзден шыққан) көшу климаттағы өзгерістермен ерекше болды. Бірінші кезекте бұл мұздықтардың еруімен байланысты. Бұл кезде қазіргісіне жақын гидрографиялық желі орнығып, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің қазіргісіне жақын құрамы қалыптасады. «Мамонттық» жануарлар түрлерінің жойылуы тамақ табудың бұрынғы әдістерін (қамалап аулау және т. б.) жарамсыз етіп, тіршілік құралдарын қамтамасыз етудің жаңа әдістерін жедел іздестіру қажеттігін туғызды. Мейлінше елеулі фауналық өзгерістер болған бір аймақтарда егіншілік және мал шаруашылығы элементтері пайда болып, басқаларында балық аулау және жинау — аңшылық кәсібі қалыптасады<sup>26</sup>. Әдебиетте мезо-

литтің мейлінше әр түрлі хронологиялық шеңберлері мен оның ерекше сипаттамалары бар. Қазақстан аумағының далалық өңірі үшін ең қолайлысы мезолиттің б. з. б. X—VII мыңжылдықтар бойы болуын мойындау керек<sup>27</sup>. Садақ пен жебенің кеңінен қолданылуын, еңбек құралдарын дайындауда сына техникасының таралуын, халықтың орын ауыстыруының артуын мезолиттің ең жалпы ерекше белгілері деп санауға болады. Мәдени-шаруашылық үлгілердің және еңбек құралдарын дайындау технологиясы сипатының аймақтық ерекшеліктері археологиялық мәдениетті бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Тас ғасырының аяғына қарай далалық-орманды далалық өңірдегі жабайы жануарлардың түр құрамы едәуір артып: жылқы, қоян, сутышқан, құндыз, қасқыр, түлкі, аю, қабан, елік, бұлан, қарақұйрық, киік, бизон, тур болды<sup>28</sup>. Олардың арасында жануарлар үйірлерінің саны жеткіліктігіне байланысты сонау палеолит дәуірінде қалыптасқан тобырлы түрде қамалап және қуалап аулау дағдысы жойылмады. Бірақ Қазақстан тұрғындарының өмірінде аң аулаудың жеке әдістері жетекші маңыз алады.

Алғашқы аңшылар жоғарғы палеолиттің өзінде-ақ жайғасқан жерлерінен аңды қамалап аулауға тиімді орындарға қоныс аударды. Бұл табиғат аймақтарының ауысуына ғана емес, халық санының ұлғаюына да байланысты: аң аулайтын жер таршылық етіп, тұрғындардың бір бөлігі барған сайын алыс солтүстікке, Ертіс, Есіл, Тобыл, Торғай, Орал өзендерінің аңғарларына қоныс аударады. Мезолиттік тұрақтар осы кезге дейін палеолиттік орындар табылмаған жерлерде пайда болады. Сонымен бірге бүкіл Қазақстан аумағында осы кезге дейін жиырма шақты ғана мезолиттік тұрақтар мәлім және солар ғана жақсы зерттелген, ал палеолиттік (неғұрлым ертедегі) тұрақтардың қазірдің өзінде тіркелгені жүзден астам. Бұл тұрғындар санының кемігенін білдірмейді. Ежелгі адамның өмір салты өзгерді, олар неғұрлым жиі қозғалып, аң аулауға қолайлы алаптарды іздестіріп жиі қоныс аударып отырды. Сондықтан бүгінгі күні ортаңғы тас ғасырының тұрақтарын табуға байланысты қиындықтар туып отыр: өйткені олар көбінесе небәрі бір маусым ішінде ғана болып, олардың орнында материалдық қалдықтар қалмады деуге болады. Сонымен бірге б. з. б. VIII мыңжылдыққа қарай қазіргісінен әлдеқайда жұмсақ болған жылы климат ұзақ мерзімді, жылы және басқа тұрғын жайлар салуды қажет етпеді, сондықтан аңшылар өз тұрақтарының орнын оңай әрі тез ауыстырып отырды. Қызылжар қаласына жақын Есіл бойынан Мичурин, Боголюбов-2, Явленко-2 тұрақтары табылды. Сәл оңтүстікте, Атбасар маңында — Тельман-7, -8а, -9а, -14а, одан да оңтүстікте, Қарағанды маңында Әкімбек және Қарағанды-15 тұрақтары бар. Көкшетау маңындағы далалық Шағалалы жағалауындағы Виноградовка-2а, -12 тұрақтары мәлім. Торғай ойпаңы ауданында — Дүзбай-6, Қостанай қаласы маңында Дачная және Евгеньевка тұрақтары орналасқан<sup>29</sup>.

Әлбетте тұрақтар өзендер мен көлдердің жағасына орналасатын. Жоғарыда айтылғанындай, тұрғын үй құрылыстарының қалдықтары сақталмаған. Есіл өзені аңғарында көлемі 40—60 шаршы метр, қаңқасының, қабырғаларының бөренелері терең көмілмеген жеңіл, тік бұрышты құрылыстар болған деп жорамалдауға ғана болады. Сондай-ақ лашық тәрізді тұрғын жайлар салынған, олардың орындарында шағын шұңқырлар ғана қалған.

Мезолит дәуірінің ең маңызды өнертабысы — садақ. Шынына келгенде адамға ол жоғарғы палеолитте мәлім болған, бірақ оның кең таралуы жеке аң аулауға көшуге байланысты ғана мейлінше қажет болды. Садақ пен же-

бенің ойлап табылуы өндіргіш күштер дамуында шын мәнінде революция еді. Сайып келгенде бұл ежелгі адамның шаруашылық өміріндегі түбірлі өзгерістерге жеткізді. Садақ пен жебе барлық жерге дерлік тез таралды. Ол 10 мың жылдан астам уақыт бойы ең тез атылатын және ең жаңа қару болды. Оның найза мен шанышқыдан артықшылығы нысананы алыстан атуында ғана емес, сонымен қатар ату әдістерінің алуан түрлі: тұрып та, жатып та, отырып та атуға болатындығында еді.

Мезолитте еңбек құралдарын дайындау техникасында да одан әрі принципті өзгерістер болды: олардың мөлшері тастың мөлшеріне байланысты болған жоқ. Бұл қыстырма техникасының арқасында мүмкін болды. Оның мәні мынада еді: заттың (пышақтың, қанжардың, жебе мен найза ұшының) негізі сүйектен немесе ағаштан жасалды. Олардың негізінде ұзынша қиықтар-саңылаулар жасалып, оларға ұзындығы 2—1 см пышақ сияқты тас қалақшадан істелген өткір ұш салынып, қара маймен немесе қара майлы затпен бекітілді<sup>30</sup>. Сөйтіп осындай қалақша бейімделген нұсқаның түпкі түрі ретінде (оның үстіне Қазақстан аумағында ғана емес, іс жүзінде бүкіл әлемде) кеңінен таралды. Бейімделген нұсқаны қосымша өңдеу және оларды негізге немесе сапқа бекітудің әр түрлі әдістері арқылы іс жүзінде кез келген еңбек құралын дайындауға болатын еді. Сол кезде олардың жаппай таралғандары мыналар: жебелердің, шанышқылардың, найзалардың ұштары, тері өңдеуге арналған қырғыштар мен сүргілер, пышақтар, әр түрлі түйреуіштер, теріні, сүйек пен ағашты өңдеуге, саңылау тесуге арналған сүргілер мен біздер, кескіштер, жебе сабын өңдеуге арналған қырғылар. Тас сынықтарынан көбінесе қырғыштар жасалған.

Қазақстан мезолиті ескерткіштерінен табылған материалдық қалдықтар кешенінің Оңтүстік Орал, Батыс Сібір, Шығыс Каспий маңы өңірі ескерткіштерінен елеулі айырмашылықтары жоқ. Жебелер ұштарының түріндегі және бейімделген нұсқаны қосымша өңдеу әдістеріндегі болмашы айырмашылықтарды ғана атап өтуге болады. Мысалы, Мичурин, Дүзбай-6, Дачная тұрақтарындағы геометриялық нысанда қыстырмалар жоқ. Сонымен бірге бұлардағы қыстырма қалақшалар тым шағындығымен ерекшеленеді, сондықтан «микролиттер» деп аталған. Бұл ерекшеліктер аумақтық та, хронологиялық та бола алатын еді. Маңғыстау түбегінің мезолиттік мәдениетінің қалыптасуы туралы мәселе адамның Арал-Каспий су айырығын игеру тарихымен өзара тығыз байланысты<sup>31</sup>. Маңғыстаудың мезолиттік тұрағы (Қызылсу-1 және басқалар) мен Солтүстік-Батыс (Айдабол тобы) және Оңтүстік-Батыс (Дефе-Шығанак) Үстірттің соларға жақын ескерткіштері ұшты қырғыштардың үлкен тобымен, жиектері ұсақ оймалы және иілген қырғылармен, ассимметриялы және сирек болса да симметриялы трапециялармен, «шағын кескіштермен», кескіштермен, сабынан суырылатын жапырақ сияқты жебе ұштарымен, қыстырмалармен, ұшы қиғаш өткір бізімен, қалақшалармен және қабаттары өңделген ұшы бар сынық тастармен сипатталады.

<sup>1</sup> Аубекеров Б. Ж. Криогенные структуры и криолитозоны плейстоцена Казахстана. — Изв. АН СССР. Сер. географ. 1990, № 4.

<sup>2</sup> Алпысбаев Х. А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. А., 1979.

<sup>3</sup> Бұл да сонда.

<sup>4</sup> Алпысбаев Х. А. Олдувея, Магадевиана индустриясы және олардың Қаратау бұйымдарымен байланысы. // Поиски и раскопки в Казахстане. А., 1972, 47—56-б.

<sup>5</sup> Movius H. Early man and pleistocene stratigraphy in Southern and Eastern Asia

Papers of the Peabody Museum of Am. archaeol. and ethiol. Cambridge, Mass., 1944. Vol. XIV. N 3, 284 p.

<sup>6</sup> *Алысбаев Х. А.* Значение палеолита для расчленения антропогенных отложений. — Мына кітапта: Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. А., 1969, 119-б.

<sup>7</sup> *Медоев А. Г.* Геохронология палеолита Казахстана. А., 1982.

<sup>8</sup> *Деревянко А. П., Аубекеров Б. Ж., Таймагамбетов Ж. К.* и др. Палеолит Северного Прибалхашья (Семизбугу пункт. 2. Ранний- поздний палеолит). Новосибирск, 1993.

<sup>9</sup> *Алысбаев Х. А.* Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. А., 1979.

<sup>10</sup> *Медоев А. Г.* Геохронология палеолита Казахстана. А., 1982.

<sup>11</sup> *Таймагамбетов Ж. К.* Проблемы палеолита Западного Казахстана. — Тез. докл. Всесоюз. арх. конферен. М., 244—245-б.

<sup>12</sup> *Таймагамбетов Ж. К.* Древнейшая стоянка человека в Восточном Казахстане. — Маргулановские чтения. Петропавл, 1992, 26—27-б.

<sup>13</sup> *Таймагамбетов Ж. К.* Геоморфологическая ситуация и стратиграфия многослойной палеолитической стоянки им. Ч. Валиханова. — Мына жинакта: Палеология и расселение древнего человека в Северной Азии и Америке. Красноярск, 1992.

<sup>14</sup> *Таймагамбетов Ж. К.* Палеолитическая стоянка им. Ч. Валиханова. А., 1990.

<sup>15</sup> *Деревянко А. П., Таймагамбетов Ж. К.* и др. Исследования в Южном Казахстане. — АО, М., 1993, 197-б.

<sup>16</sup> *Таймагамбетов Ж. К.* Палеолитические памятники Центрального Казахстана. — Мына кітапта: Археологические, этнографические и антропологические исследования в Монголии. Новосибирск, 1990, 103—106-б.

<sup>17</sup> *Медоев А. Г.* Об истоках древнего палеолита Сары-Арки. // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1965. Вып. 4, 7-б.; Соныкі. Каменный век Сары-Арки в свете новейших исследований. // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук, 1964. Вып. 6, 92-б.

<sup>18</sup> *Медоев А. Г.* Геохронология палеолита Казахстана. А., 1982.

<sup>19</sup> *Таймагамбетов Ж. К., Нуркабаев М. С.* Исследования на Мангышлаке. // Археологические открытия, 1985. М., 1987, 581-б.; *Таймагамбетов Ж. К.* Проблемы палеолита Западного Казахстана. // Тезисы докл. Всесоюзн. арх. конф. «Задачи советской археологии в свете решений XXVII съезда КПСС». М., 1987, 244—245-б.

<sup>20</sup> *Черников С. С.* Находки палеолитических стоянок в Восточном Казахстане. // Вестник АН КазССР, 1951, № 12, 63—70-б.

<sup>21</sup> *Таймагамбетов Ж. К.* Памятники каменного века. — Мына кітапта: Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. — А., 1987, I тарау.

<sup>22</sup> *Костенко Н. Н., Алысбаев Х. А.* Палеолит в районе Турланского перевала хребта Каратау. // Вестник АН КазССР, 1966, № 8, 67-б.; *Алысбаев Ж. А.* Находки памятников каменного века в хребте Каратау. // Труды ИИАЭ АН КазССР, 1962, т. 14, 20-б.

<sup>23</sup> *Черников С. С.* Находки палеолитических стоянок в Восточном Казахстане, 63—70-б.; *Таймагамбетов Ж. К.* Стоянка эпохи каменного века в зоне Шульбинской ГЭС. // Проблемы археологии и этнографии Сибири. Иркутск, 1982, 27—29-б.

<sup>24</sup> *Клапчук М. К.* К вопросу об археологических культурах Центрального Казахстана в верхнем плейстоцене. // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. А., 1969, 121—135-б.; *Медоев А. Г.* Геохронология палеолита Казахстана. А., 1982.

<sup>25</sup> *Формозов А. А.* Новые материалы о стоянках с микролитическим инвентарем. // КСИИМК, 1949, Вып. 25.

<sup>26</sup> *Матюшин Г. Н.* Мезолит Южного Урала. М., 1976.

<sup>27</sup> *Логвин В. Н.* Каменный век Казахстанского Притоболья (мезолит-энеолит). А., 1991; *Кисленко А. М.* О перспективе формирования курса «Древняя история Казахстана». А., КазНГУ, 1994.

<sup>28</sup> *Ахинжанов С. М., Макарова Л. А., Нурумов Т. Н.* К истории скотоводчества и охоты в Казахстане. А., 1992.

<sup>29</sup> *Логвин В. Н.* Каменный век Казахстанского Притоболья (мезолит-энеолит). А., 1991; *Зайберт В. Ф.* Атбасарская культура. Екатеринбург, 1992; *Чиндин А. Ю.* Каменные индустрии племен Центрального Казахстана эпохи мезолита-энеолита. Автореф. дисс. к. и. н. СПб., 1992.

<sup>30</sup> *Мартынов А. И.* Археология СССР. М., 1973.

<sup>31</sup> *Таймагамбетов Ж. К.* Палеолит Казахстана. Автореф. дисс. д. и. н. Новосибирск, 1993.

## *Е к і н ш і т а р а у*

### **ЖАҢА ТАС ҒАСЫРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

#### **1. НЕОЛИТ**

Бұл дәуірдің басы шамамен б. з. б. VII мыңжылдықтың екінші жартысы мен VI мыңжылдықтың басына тұстас келеді. Бұл тас өндеуде техника гүлденген кез болды. Еңбек құралдарын өндіру барған сайын мамандандырылды. Қыспа ретушь техникасының жетілдіруімен қатар тас өндеудің тегістеу, бұрғылау, арамен кесу сияқты жаңа технологиялық әдістері шықты. Тас балталар, кетпендер, дәнүккіштер, келілер, келсаптар жасала бастады. Нефриттен, яшмадан, серпентениттен, басқа да тастардан әшекейлер-білезіктер, алқалар жасалды.

Неолит дәуірінің аса маңызды белгісі табиғаттың дайын өнімдерін иемдену орнына — жиын-терін мен аң аулаудың орнына келген өндіруші шаруашылыққа негіз болған мал шаруашылығы мен егіншіліктің тууы болып табылады. Шаруашылықтың жаңа түрлері шығуының адамзат қоғамының дамуы үшін орасан зор маңызы болды, адамның еңбек кәсібінің саласын кеңейтті, сонымен қатар оның сипатын сапасы жағынан өзгертті. Адамның экономикалық қызметінің одан кейін талай мың жылдарға созылған бүкіл тарихы едәуір дәрежеде осы екі шаруашылықтың даму, жетілу тарихы болып табылады.

Неолит дәуірінде алғашқы адамдардың қолы жеткен өндіргіш күштер дамуының деңгейі басқа да мәдени-тұрмыстық жаңалықтардың шығуына себепші болды. Қазақстанның ежелгі тұрғындарында кен кәсібінің бастамалары шықты. Қыш құмыра ісі, тоқымашылық дамыды.

Әлеуметтік жағынан алғанда неолит дәуірі рулық қауым дәуірі болды; онда ұжымдық еңбек және өндіріс құрал-жабдықтарына ортақ меншік үстем болды. Сонымен бірге мұның өзі қоғамның ұйымдасу түрлерінің неғұрлым жоғары дамыған уақыты болды: тайпалар немесе тайпалық бірлестіктер құрылды. Тайпалар қандас-туысқандық байланысына қарай және шаруашылығының біртекті сипатына қарай біріккен бірнеше (саны азды-көпті) рулық қауымдардан құрылды.

Қазіргі уақытта Қазақстан аумағында 600-ден аса неолиттік және энеолиттік ескерткіш мәлім. Неолиттік тұрақтар орналасу сипатына қарай — бұлақтық, өзендік, көлдік, үңгірлік тұрақ деп төрт түрге бөлінеді. Әдетте өзендік тұрақтарда, сондай-ақ көлдік үлгідегі тұрақтарда едәуір көп заттар табылады; мұның өзі бұл жерлерде адамның тұрақты немесе ұзақ уақыт тұрғанын көрсетеді. Мұндай тұрақтардағы негізгі құрал-саймандар — пышақ тәрізді қалақтар және солардан жасалған заттар.

Қазақстан аумағында бұлақтық тұрақтар неғұрлым көп тараған, өйткені



ОЙЫҚТЫ МӘДЕНИЕТІ

ТӨЛЕС МӘДЕНИЕТІ

Б.з.б. IV мыңжыл.

Б.з.б. V мыңжылдық

Б.з.б. VI мыңжылдық





шөл және шөлейт аймақтарда өзендер аз болады. Бұлақтардың жанындағы тұрақтар — көбінесе кезбе аңшылардың уақытша, маусымда тұрған жерлері.

Қазақстанның шөл даласындағы неолиттік ескерткіштердің бір ерекшелігі сол, олардың көпшілігі — ашық үлгідегі тұрақтар.

Барлық тұрақтарда жергілікті материалдардан жасалған тас құралдар — жебелер мен найзалардың ұштары, балталар, қашаулар, пышақтар, қырғыштар табылды. Белгілі бір құралдарды жасау үшін тастардың түрлері сараланып, іріктеліп алынатын болды. Шикізаттың алуан түрлі болуы оны ұқсатудың әр түрлі техникалық тәсілдерін дамытып, жетілдіруге себепкер болды. Қазақстанның неолиттік ескерткіштері бірнеше аумақтық топ құрайды, бұл топтардың мәдениеті жағынан бір-біріне жақын, туыс тайпалардың мекендеген аудандарына сай келуі ықтимал. Дала неолитін Ежелгі Шығыс елдерінің мәдениеті дамуының ұқсас кезеңдерімен салыстырған кезде мезолит дәуіріне қарағанда бұл уақытқа қарай түрлі аумақтарда тарихи дамудың біркелкі болмауы бұрынғыдан да айқын аңғарылатынын есте сақтау керек. Егер далада неолиттің хронологиялық шеңбері б. з. б. VI—IV мыңжылдықтың орта шені шегінде белгіленсе, Алдыңғы Азия үшін ол б. з. б. VIII—VI мыңжылдықтарды қамтиды. Өндіруші шаруашылықтың негіздері де нақ сонда қалыптасады. Әдебиетте алғашқы тайпалар шаруашылығындағы түбірлі өзгерістер «неолиттік революция» деп аталды. Тамақ өндіруге, жеуге жарайтын өсімдіктерді, өсіресе дәнді өсімдіктерді саналы түрде өсіруге, жануарларды қолға үйретуге, өсіруге және іріктеуге көшу адамзат тарихында адамның от жағу өнерін меңгергенінен кейінгі асқан зор экономикалық революция болды. Ол адамның өз бақылауында болып, оған шексіз дерлік мүмкіндік беретін және одан мұны талап ететін неғұрлым бай және сенімді тамақ көзін пайдалануға мүмкіндік берді<sup>1</sup>. Неолитте Ежелгі Шығыста дәнді дақылдардың барлық түрлері, көкөністердің, жеміс-жидектердің едәуір түрлері өсіріліп, қазіргі үй малының барлық түрлері қолға үйретілді деуге болады. Ал жылқы энеолитте Евразия далаларында қолға үйретілді — бұл оқиғаны «неолиттік революцияның» маңызды компоненттерінің бірі деп атауға және оның аяқталуы деп қарастыруға болады. Бірақ далалық аймақтың неолиттік қоғамының шаруашылығында ерекше өзгерістер әлі де бола қойған жоқ — мұнда бұрынғысынша тамақ табудың негізгі көзі аң және балық аулау болды. Сірә, континенттік климат халық санының артуына қолайлы болмай, табиғи ресурстар халық қажеттерін қанағаттандыруға әбден жеткілікті болса керек. Жерорта теңізінің неғұрлым жұмсақ және бірыңғай климаты аймақта демографиялық жағынан артық жағдай туғызып, Шығыс елдерінде адам аң, балық аулау мен жиын-терінге қоса қосымша тамақ көздерін өте ертерек іздестіруге мәжбүр болды, өйткені қоғамның қажеттері табиғи ортаның сол кезде болған мүмкіндіктерінен асып кеткен еді.

---

**Ойықты және төлес мәдениетінің тас және керамика бұйымдары (Самашев З. С., Астафьев А. Е.).**

Маңғыстау. 1—3, 5, 6, 14, 15, 19, 30, 37—39 — геометриялық микролиттер; 4, 10, 11, 17, 40, 48—50 — құрамалы құралдың қыстырмалары; 7 — микронуклеус; 8 — «микрокескіш»; 9, 46 — ұштары қиғаш пластиналар; 12, 20, 21, 45 — кескіштер; 16, 44 — ұштары өңделген сынықтар; 18, 31, 41, 47, 51 — бұрғылар; 24 — тескіш; 22, 29, 36 — жебенің ұштары; 23, 27, 52 — ойықты қалақтар; 25, 26, 42, 43 — қырғыштар; 13 — тармақталған ағысты оюлары бар қыш ыдыс; 28, 32, 35 — шығыршықты, тарақ тәрізді және сызықша оюлары бар қыш ыдыстардың сынықтары; 53 — шырша өрнекті қыш ыдыс.

Сөйтіп, неолитте (б. з. б. IV мыңжылдықтың аяғына дейін) ежелгі Қазақстан жеріне шаруашылықтың өндіруші түрлері әлі тарала қойған жоқ. Табиғи орта өлке тұрғындарына қиыншылықтарды жеңіп шығып дамуына қолайлы жағдай жасады. Қазақстан аумағы қарама-қарсы табиғи аймақтарды қамтымады және табиғи шептерге бөлінбеді, ал мұндай жағдайларда біртекті материалдық мәдениет қалыптасады. Сондықтан Қазақстан неолиті үшін бөлінетін азын-аулақ археологиялық мәдениеттердің түбегейлі айырмашылықтары жоқ және олардың таралу аймағы өте кең. Бұл орайда картада өзінше бір археологиялық шағын аудандарды — ежелгі тұрақтар шоғырланған орындарды белгілеуге болады. Әдетте тұрақтар адамдардың тіршілігін қамтамасыз ететін жерлерге жақын — балық және құс аулайтын, жануарлар су ішуге келетін өзендердің (Есіл, Тобыл, Торғай, Терісаққан, Обаған өзендері мен тайыз дала жылғаларының; көптеген көлдердің) жағаларына орналасқан. Сондай-ақ неолит халқының тығыздығы құралдар дайындау үшін қажетті тас қорының жеткілікті болуына байланысты екені аңғарылған. Мұндай тастың негізгі түрі шақпақ тас, оның кварцты және яшмалы түрлері болып қала берді. Солтүстік Қазақстан (В. Ф. Зайберт) және Қостанай-Торғай (В. Н. Логвин) археологиялық экспедициялары жүргізген көптеген зерттеулердің нәтижесінде Солтүстік Қазақстан аумағынан жақсы құжатталған, салмақты материал алынды. 300-ден астам тұрақтың материалдарына талдау жасаған зерттеушілер Есіл өңіріндегі — Атбасар мен Торғай үстіртіндегі маханжар неолиттік мәдениетін бөліп көрсетті. Мейлінше ортақ белгілері бойынша бұл мәдениеттер кельтеминар және Оңтүстік Орал неолитіне ұқсас.

Қараүңгір үңгірінің неолиттік тұрағы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түлкібас ауданының Қараүңгір ауылынан солтүстікке қарай 1,5 шақырым жерде, өзі аттас өзеннің оң жағасына орналасқан. Үңгірдің өзі өзен арнасынан 7 м биікте жатыр. Кіреберісінің ені 20—25 м, биіктігі 2—16 метрге жуық. Үңгір екі залдан тұрады: алдыңғысының ұзындығы — 20 м және төргісі — 9 м. Қазу барысында мәдени-тұрмыстық қалдықтардың мол жиынтығы (тастан және сүйектен жасалған бұйымдар, қыш, жануарлардың сүйектері және т. б.), ежелгі қырғыштар, бүйірі ойық қалақшалар, бұрғылар, жиектері мұқалған қалақшалар, жүздері ретушьпен өңделген және өңделмеген қалақшалар, жебелердің ұштары, нуклеустер, шот-балталар, келсаптар, қырғышпышақтар және көптеген өндіріс қалдықтары алынды. Шақпақтастан жасалған құралдармен қатар көп мөлшерде сүйек бұйымдар — көзі бар инелер, біз, тескіштер, тегістегіш-жонғыштар және т. б. табылды.

Ежелгі қараүңгірліктер құлан, аю, бұғы, елік, қабан, жылқы, қасқыр, сиыр, кекілік, қырғауыл, тасбақа сияқты жануарларды аулаған. Мұны үңгірден табылған сүйек қалдықтары көрсетеді<sup>1</sup>. Ескерткіштің жас шамасы (мерзімі абсолютті көрсетілген) б. з. б. 5000 жыл.

Батыс Қазақстанда неолиттің бұрын кельтеминарлық — батысқазақстандық нұсқасы бөліп көрсетіліп келді. Жалпы алғанда кельтеминарлық мәдениет мерзімі б. з. б. IV мыңжылдықтың аяғы — II мыңжылдықтың басы деп белгіленеді және Қазақстан мен Орта Азияның едәуір аумағын қамтиды. Тас индустриясы көлемі орташа қалақшалар мен шағын қалақшалар, қалақшалардың сынықтары мен сындырылып алынған тастар түріндегі бейімделген нұсқалармен сипатталады. Атырау облысынан табылған неолиттік тұрақтарды: Шатпакөл, Құлсары-1-5, Шандыауыл, Қыземшек, Жыланқабак, Қойқара, Сарықамыс, Шаянды тұрақтары мен басқаларын мысалға

келтіруге болады<sup>2</sup>. Көптеген бұйымдар арасында жүздері ретушьпен өңделгені де, өңделмегені де бар пышақ тәрізді қалақшалар, сынық тастар мен қырғыштар, кескіштер, жебелердің екі жағы да қырланған сүйек ұштары, бүйірлері ойық құрал — анкоштар, нуклеус түріндегі сынық тастар мен призма түріндегі нуклеустер бөліп көрсетілген. Керамика фрагменттерінің көпшілігінде өрнек жоқ, тек кейбіреулерінде ғана соғып жасалған көлденең сызықтар бар, олардан төмен қарай тура немесе тік сызықтар жүргізілген.

Жыланқабак және Қойқара орындарына «шырша» және ұсақ «таракша» өрнегі бар керамика фрагменттерінің болуы тән. Тас саймандар жоғарыда аталған тұрақтардың индустриясына ұқсас.

Тұрақтардың тас индустриясы мен орналасқан жерлері жөніндегі тұжырымдарды жинақтай келгенде, өңдеу және омырып алу сипаты жөнінен оларды: жиегіндегі, бір жағындағы, екі жақты ретушь жөнінен жақын, сырт жағы мұқалған және бір не екі жағы кесілген немесе тік ұшы бар қалақшалар, ұшты қалақтар, ойықты сынық тастар мен қырғыштар кең таралған деуге болады. Соңғылары сүргі рөлін атқарған.

Шақпақ тас саймандар кейбір жағынан Қараүңгір (Оңтүстік Қазақстан) үңгірінің тас бұйымдарымен және Өзбекстанның егіншілік неолитімен ұштасып жатыр.

Маңғыстауда мезолиттік материалдар негізінде б. з. б. VI—V мыңжылдықтар шегінде белгіленетін, ойықты және төлес мәдениеттерінің тұрақтары болып табылатын жергілікті неолит қалыптасады. Бозащы түбегі (Шебір-7) мен Орталық Маңғыстаудың Түйесу (Сенек-1, -4, -5, -8) құмдарында табылған ойықты үлгілі тұрақтар едәуір көп. Мезолитпен салыстырғанда асимметриялық трапециялар санының кемуі, асимметриялық ұзынша пропорциялы үш бұрыштардың, ірі параллелограммалардың, ұшы шабылған қыстырмалардың, өткір ұшты және бірлі-жарым «мүйізді» трапециялардың пайда болуы ойықты еңбек құралдарының ерекшеліктері болып саналады.

Керамика аз табылған. Бұлар — қолдан жасалған ыдыстардың сынықтары, олардың қабырғалары жұқа, шеттері ішіне қарай бүгілген және кеуде кескіні аздап ішке қарай тартылған болып келеді. Жалпақ түпті керамика сынықтары да ұшырасты. Ыдыстардың жоғарғы жағы қарапайым әдіспен орындалған геометриялық өрнектермен безендірілген. Құмыралар жасалған балшыққа кейде құм қосылған. Б. з. б. V мыңжылдықтың орта шеніндегі өрнектерде тарак тәрізді штамп, бос жер қалдырылып түйретілетін, ал композициясында «ілінбелі» үш бұрыш бар техника пайда болады. Бұл белгілер ойықтылардың Оңтүстік Орал және Еділ-Жайық өзендері аралығындағы неолит тұрғындарымен өзара іс-қимылын көрсетеді.

Тұрақтардың материалдары ойықты мәдениетін ұстанушылардың аң аулаумен және жиын-терінмен айналасқанын дәлелдейді. Олар тұрмыста теріні, сүйек пен ағашты өңдеуді кеңінен қолданған, ал теңіз тұздары мен қазып алынатын моллюскалардан әсемдік заттар дайындаған.

Ойықтыларды кезбе аңшылар болған деп жорамалдау керек. Олардың тұрақтары уақытша сипатта болған және Шығыс Каспий маңы өңірінде солтүстіктен оңтүстікке қарай 600 шақырымға созыла орналасады. Маңғыстау мен Үстірттің табиғаты мен ландшафы алғашқы адам үшін жабайы аңдардың көзге көрініп тұрған кәсіптік маңызына шешуші ықпал жасаған. Орта Азияның қос өзен аралығындағы неолиттік тұрақтар туралы остеологиялық материалдар негізінде дала және шөлейт аймақтарды бұқа, түйе, құлан,

киік, дала қойы және қарақұйрық мекендегені мәлім<sup>3</sup>. Құлан, киік және қарақұйрық жақын кезге дейін Маңғыстау мен Үстірттегі тұрақты ауланатын аң болып келді. Бұл жануарлар күзгі-көктемгі кезендерде меридиан бағытында әлденеше жүздеген шақырымға өріс аударып отырған. Тұяқтылар өрісінің шеткі нүктелері оңтүстікте Красноводск, Қарабұғазкөл және Оңтүстік Үстірт, солтүстігінде Бозащы түбегі мен Жем өзені деп саналады. Сірә, жабайы жануарлар үйірлерінің ізімен неолиттік аңшылар да қоныс аударуға мәжбүр болса керек.

Маңғыстау тұрғындарының әлдебір бөлігінің маусымдық орын ауыстыруы мен оның көршілерімен байланыстары ойықтылар мәдениетінің дамуына әсер еткен. Б. з. б. V мыңжылдықта Маңғыстауда төлес мәдениетінің тұрақтары пайда болады<sup>4</sup>. Бекбөке үлгісіндегі Маңғыстау тұрақтары әзірше көп емес. Олар Орталық Маңғыстаудың Сауысқан (Үштаған-1) және Түйесу (Семек-10) құмдарынан табылды.

Төлес мәдениеті тұрақтарының материалдары аз болғанымен, өте ерекше. Шақпақтас индустриясы, әсіресе Маңғыстау нұсқасында алғанда, өзінің шығуы жағынан ойықты дәстүрлерімен тығыз байланысты. Төлес керамикасы оның қалыптасу барысында алуан қырлы болғанын көрсетеді. Табылған ыдыстар мен олардың сынықтарының негізгі көпшілігі бірыңғай, түрі мен өрнектері стандартты — ыдыстар жоғары пропорциялы, кескіні нашар, түбі онша жалпақ емес немесе жалпайтып иілген, «қабыршақты» және өрнектері түйрелген, тісті қалыппен басылған қарапайым техникамен орындалған, өрнек көлденең салынған, композициясы — «шырша» тәрізді. Ыдысты жасайтын балшық үшін топырақ немесе өсімдік қоспасы пайдаланылғанын атап өткен жөн. Ыдыстардың қабығы қалың және сыртқы беті боялған. Төлес ыдыстары сияқты, ыдыстардың түрі Солтүстік Каспий маңы өңіріндегі Тентексор тұрағын сипаттайды. Қара бояумен шаншып өрнек салу техникасының шығуы осы аймақпен байланысты. Төлес өрнегінде негізінен алғанда Орал-Орта Азия, солтүстік және шығыс Каспий неолитіне тән геометриялық фигуралар жоқ. Өрнектің геометриялық жай құрылымдары мәдениеттің неғұрлым солтүстік шеңберін — Еділ бойы мен Оңтүстік Оралдың орманды-даласының неолиті мен энеолитін және Еділ—Кама неолитін анықтайды.

Төлес мәдениеті белгілерінің аралас болуы негізінде оларды таратушылардың шаруашылықты жүргізу ерекшеліктері жатыр. Ең алдымен б. з. б. V мыңжылдықтың орта шенінде төлес мәдениеті ойықты мәдениетінің бір нұсқасы ретінде бөлініп шыққан. Бұған тұрғындарды экономиканың белгілі бір саласын иемденуге мамандандырған табиғи-климаттық өзгерістер әсер еткен. Тұрақты су көздері жоқ Маңғыстау түбегінің ішкі кеңістігі мен Үстірт өңірі тек аң аулаумен айналысуға ғана мүмкіндік берді, ал ауланатын жануарлардың едәуір бөлігінің аууы бұл аудандар халықтарының да көбірек қоныс аударуын талап етті. Бүгінгі таңда ашылған төлес мәдениетінің тұрақтары құланның, киік пен қарақұйрықтың маусымдық өрістеу бағыттарына сәйкес келеді. Бұлардың кезбе аңшылар қосындарының жұрты болуы да мүмкін. Төлестердің көшпелі тұрмыс салтының өзі олардың мәдениетін қалыптастырған элементтердің осындай алуан түрлі болуына әкеп соғуы ықтимал. Кезбе аңшылардың Арал-Каспий су айрығы аралығында маусымға қарай орын ауыстыруы қола дәуірі малшыларының маусымдық көшу жүйесін білдіреді.

Маңғыстауды мекендеушілердің басқа бір бөлігі Каспий теңізінің жағалауында тұрған. Балық аулау көшіп-қонуды, үнемі көшіп отыруды талап еткен жоқ. Тұрақтар үшін жағалау өңіріндегі сумен қамтамасыз етілген қолайлы орындар тандап алынған. Аң аулау қосымша сипатта болды. Балықшылардың отырықшы тұрмыс салты ұзақ уақыт тұратын тұрғын жайлар салуға жеткізді. Жағалау халқының аз көшіп-қонуы мәдени дәстүрлердің тұрақтануына себепші болды.

Бұл факті облыс орталығы Ақтау қаласына жақын жерден табылған Қосқұдық-1 тұрағынан өте айқын аңғарылады. Ол қазіргі теңіз жағалауынан 1 шақырым болатын теңіз жарқабағының жоғарғы шетіне орналасқан. Тұрақта қалыңдығы 35 сантиметрге дейін жететін мәдени қабат сақталған, онда тас қабырғаның — қаңқалы-бағаналы үлгідегі үлкен құрылыс үлгісінің қалдықтары орналасқан. Салыну тұрғысынан ол сопақша 16x14 м түрінде болған. Оның қабырғалары жергілікті ұлутастан қаланған. Мәдениет қабатынан шақпақ және жай тастардан жасалған көптеген бұйымдар, мөнерлеп жабыстырылған ыдыстардың сынықтары, теңіз қабыршақтары мен солардан жасалған әшекейлердің сынықтары табылды.

Қосқұдық-1 тұрағының индустриясында көп жағынан ойықты мәдениеті құралдарының өте көне үлгілері — асимметриялық трапециялар мен үш бұрыштар, орташа және ретушталған кескіштер, қырғыш ұштылардың көп мөлшері, шеті мұқалған қыстырмалар, «шағын қырғыштар», шеттері сындырылып ретушталған сынық тастар мен қалақшалар сақталған. Бұйымдардың жаңа түрлері де пайда болады. Бұлар — қашау тәрізді құралдар, ұсақ сигменттер және көп мөлшердегі ұсақ бұрғылар. Табылған моншақтар мен олардың қабыршақты бейімделген нұсқалары Қосқұдық тұрғындарының қабыршақтардан жақ сияқты бұрғылардың көмегімен әсемдік заттар дайындау әдісін меңгергендігін дәлелдейді. Олар сол кезде-ақ жіп иіре білген, өйткені тастан жасалған ұршықбастар табылды. Жебелердің ұштары, сақпан салу үшін әктастан дайындалған лақтырылатын тастар мен ауды батырып тұратын тастар тұрақ тұрғындарының шаруашылық бағытын көрсетеді.

Қосқұдық тұрағы керамикасының бір бөлігінде төменгі неолиттің өрнекті техникасы мен композициясының элементтері бар ойықты дәстүрі сақталады. Ауыр салмақты гүл тәжі, тарак тәрізді өрнектері және қабыршақ ұнтақталып қосылған жаңа үлгідегі ыдыстардың сынықтары ерекше көзге түседі. Мұндай керамика Солтүстік Каспий маңындағы Еділ бойының Хвалын мәдениетінің материалдарында ғана кездеседі. Бұл мәдениеттің ескерткіштері Маңғыстауда да табылды. Олар шебір үлгісі болып бөлінген. Маңғыстау тайпаларының тарихындағы жаңа кезеңге — энеолитке көшу солармен байланысты.

Хвалын керамикасының негізінде Қосқұдық тұрағының мерзімі б. з. б. V мыңжылдықтың аяғы — IV мыңжылдықтың бірінші жартысы деп белгіленді.

Табылған бірқатар олжалар қосқұдықтардың кейбір нанымдары мен әдет-ғұрыптары жайында айтуға мүмкіндік береді. Тұрғын жайға жақын жерден ересек жастағы еркектің қабірі аршылды. Ол бүгілген күйінде сол жақ бүйірімен саңылау тәрізді лақаты бар шағын дөңгелек шұңқырға жерленген. Шұңқырға тас қаланып, ол алғашқы кезінде төмпешік сияқты болып тұрған. Жерленген адаммен бірге көмілген зат табылған жоқ. Қабірінің топырағынан оның үй салу кезінде адамды құрбандыққа шалуға байланысты ғұрыптық жерлеу екенін көрсететін шақпақ тас бұйымдар кездестірілді.

Бүгінде Қосқұдық-1 тұрағының көмбесі Қазақстандағы ең ежелгі қабір болып табылады.

Қосқұдық тұрағының тұрғындары су құдыретіне табынғанын растайтын мәліметтер бар. Тұрақ жанындағы жартастан сындырылған науа жүйесі, бес метрлік жылан бейнесі және жаңбыр суын жинайтын шұңқыр табылды<sup>5</sup>.

Ертіс өңіріндегі неолиттік заманға жататын олжалар елсіз Сатшықыз ауылының төңірегінде Қызылсу өзенінің оң жағалауындағы жайылманың екінші сатысынан, Семей облысындағы Белокаменск ауылынан 2–2,5 шақырым жерден табылды<sup>6</sup>. Қазып алынған материал жиынтығы нуклеустерден, жебелердің ұштарынан, қырғыштардан, пышақ сияқты қалақшалардан, микролиттерден және өндіріс қалдықтарынан тұрады. Нуклеустер — призма түрінде сындырылған, бейнесіз, көлемі шағын. Құралдардың көпшілігі жұмыс істелетін шеті сопақша келген ұшты қырғыштар болып табылады. Кейбіреулерінде бүйір жағы ретушталған. Қырғыштар ірі, көлемді түрде де болып келеді. Жебелердің ұштары екі жағынан қырланған, көлемі шағын. Жебе ұштарының бейімделген нұсқалары да кездестірілді. Кейбір бұйымдар шеттері мұқалған, екі немесе бір жағы қырланған және көлемі шағын қалақшалар болып келеді. Бұйымдардың материалы — негізінен алғанда яшма, халцедон, опал.

**Атбасар мәдениеті** тұрақтар мейлінше шоғырланған жер — Ақмола облысының Атбасар ауданы бойынша аталған. Оның таралған аумағы: далалық өңірдегі Есіл өзенінің аңғары (Есіл даласы) мен қазақтың ұсақ шоқылы өңірінің солтүстік-батыс бөлігі. Мәдениет б. з. б. VII мыңжылдықтың аяғы — VI мыңжылдықтың басында Арал өңірінің немесе шығыс Каспий маңы өңірінің тұрғындары араласуы жағдайында жергілікті мезолит тайпаларының материалдық негізінде қалыптасты (кельтеминар және ойықты мәдениеті). 200-ге жуық тұрақ зерттеліп, олардың 20 шақтысы қазылды. Бұл кезеңнің ең жарқын ескерткіштері: Виноградовка-2 (жоғарғы қабат), Тельман-1, -10, Явленка селосының маңындағы, Қарлыға, Боголюбово, Виноградовка-10, -14, Жабай—Покровка-3 тұрақтары. Әдетте, Атбасар мәдениеті тұрақтарының бәрі Солтүстік Қазақстанның аса маңызды су жолдарының (Есіл, Шағалалы) ертедегі арналарының жағаларына (күрғақ арналарға) орналасқан. Сақталып қалған іздерге қарағанда, тұрғын үйлер жеңіл, жер бетіндегі сипатта болған. Бұлар көлемі 25 шаршы метрден аспайтын дөңгелек және төрт бұрышты лашық түріндегі құрылыстар еді. Атбасар тұрғындарының көшпелілігін ескерткіштердің топографиясы, индустрияның сипаты, мәдени қабаттың нашарлығы, шаруашылықтың сипаты дәлелдейді.

Құралдар жиынтығы да бірегей. Ол қалақша қалыптардан жасалған бұйымдар мен екі жағын өңдеу әдісімен сынық тастардан дайындаған құралдардың ұштасуымен сипатталады. Соңғылардың арасында жебелердің ұштары көп. Бұл кезде ірі қырғыштар мен пышақтар, шой балғалар, балғалар пайда болады. Соңғы екі үлгі шақпақ тас шикізатының алғашқы өңделгенін дәлелдейді. Шақпақ тастар табиғи шығарылатын жерлерде мамандандырылған шеберханалар болып, шикізат алғашқы өңдеуден өткізілген<sup>7</sup>.

Тельман-1 тұрағында сол кездің өзінде-ақ жұмыр тастар мен нуклеустер одан әрі өңделген; мұнда қыстырма еңбек құралдарын дайындауға жарамды қалақшалар мен тас сынықтары түріндегі бейімделген нұсқалар алынған<sup>8</sup>.

Керамика ыдыс көлемі 1–5 л шамасындағы жарты жұмыртқа түрінде

болған. Оның сырты тарақ тәрізді қалыппен безендірілген. Бірақ керамика-ның қалдықтары өте аз табылған. Остеологиялық қалдықтар да аз. Тек соңғы, ал кейде ортаңғы неолит тұрақтарында ғана жылқының, ірі қараның сүйектері кездеседі. Сүйек қалдықтарының тым аз ұшырасуы оларды жабайы немесе үй жануарларына сенімді түрде жатқызуға мүмкіндік бермейді. Бірақ фауна өкілдерінің нақ осы жиынтығы б. з. б. III мыңжылдықтың басында Солтүстік Қазақстанда өндіруші шаруашылық элементтері қалыптасқан деуге мүмкіндік береді.

Біздің қолымызда сол кездің мәдениетімен байланысты бірде-бір жерлеу ескерткіш осы уақытқа дейін жоқ. Бірақ кейбір тұрақтардың (Виноградовка-14, Тельман-10 және -14) шет жақтарынан тереңдігі 1 метрге жуық және диаметрі 1,5 метрге дейін жететін шұңқырлар табылды. Олардың түбінде кальцийге айналған қосындылары бар көмір қалдықтарының қалың қабаты жатыр. Бұл өлгендерді өртеу ғұрпының осы шұңқырларда жасалған қалдығы болуы да мүмкін. Оның үстіне кейініректе, қола ғасырында, бұл аумақта өлгендерді өртеудің қалыптасқан дәстүрін кездестіреміз.

Бұл аумақтағы кейінгі Ботай мәдениетімен айқын байланыс осы кезге дейін табылмай келеді. Жоғарыда аталғанындай, б. з. б. IV мыңжылдықтың аяғына қарай қалақша индустриясының төмендеп, сынық тас индустриясының қалыптасуы ғана байқалды.

Торғай ойпаңы ауданындағы шектес аумақта маханжар мәдениетін терсек мәдениеті ауыстырған кезде де жағдай толық қайталады.

**Маханжар мәдениеті.** Бұл мәдениет ескерткіштерінің бізге белгілі көпшілігі Торғай ойпатының түбінде жатыр. Олардың ішінде бірнешеуінде ғана мәдениет қабаты сақталып, жақсы зерттелген, олар: Маханжар. Тұздықөл-2, Дүзбай-1—4, -12, Сор-2, Бестамақ, Амангелді. Тобылда әзірше Алқау-2 тұрағы ғана мәлім.

Ескерткіштердің топографиялық сипаты: олардың көпшілігі жайылма сулардың кең учаскелерінде, олар күрт тарылатын жерлерінде орналасқан. Жайылмалардың ені жалпақ келетін учаскелерінің жағалауын қамыс басқан. Қазір мұндай сулар балыққа және құстарға бай. Олар ертеде де сонысымен ерекшеленген болуы ықтимал.

Бүгінде белгілі тұрақтардың бәрінде мәдениет қабаты құм немесе құмдауыт қабаттан тұрады және едәуір дәрежеде жойылып кеткен. Тек біреуінде — Дүзбай-1 ескерткішінде ғана әлдебір құрылыстардың қалдықтарын табу мүмкін болды. Оларға қарағанда, мұнда неолит тұрғындарында жерге жарты метрдей қазылған жартылай жертөлелер болған.

Маханжар мәдениетінің ыдысы ерекше: керамикалық жұқа ыдыс қолдан жасалған және ұзынша пропорцияда болған. Әдетте қылта мойыны жіңішке, түбі конус тәрізді, кейде бұдырлы болып бітеді. Өрнек ыдыстардың әлі келіп үлгірмеген сыртына тісті («тарақша») қалыппен салынған. Композициясы көлденең немесе тігінен салынған иректер, сызылған параллельдер және басқа элементтер кейде бүкіл сыртқы бетін безендіріп тұрған.

Еңбек құралдарын дайындаған кезде Тобыл өңірінің ежелгі тұрғындары қалақша қыстырмалар техникасын пайдалануды артық санаған. Әдетте олар тұрақтарда барлық олжалардың жартысын құрайды деуге болады. Бірақ сол кездің өзінде-ақ құралдар үшін жергілікті көздерден алынатын шикізатты пайдалануды жөн көреді. Бұл орайда мұнда мезолит дәуірінен бері белгілі қайталап өндеудің барлық тәсілдері: соның ішінде трапеция түріндегі гео-

метриялық қыстырмалар дайындау да сақталады. Құралдарды шетіне ретушь салу және кескішпен жаңқалау әдісімен дайындаумен қатар тегістеу әдісінің пайдалануы дұрыс атап өтілген<sup>9</sup>. Сонымен бірге бұрғылап тесілген ұршықтың басы табылды. Бұл бұрғылау әдісінің пайда болуын ғана емес, сонымен қатар жіп иірудің таралғанын да дәлелдейді. Дүзбай-2, Бестамақ тұрақтарынан табылған тас қалақшалардан жасалған бұрғылар мәлім. Маханжар мәдениеті тұрақтарында жебе ұштарының болмауы да қызықты. Сірә, оған бірнеше қыстырмадан тұратын конструкция пайдаланылған болса керек.

Өндіруші шаруашылық дәуіріндегі Қазақстан аумағы тұрғындарының демографиясы туралы мәселені қарастыра келгенде, ауланған жануарлардың құрамына қарағанда, камалап және қуып аулау жеке аулаумен ойдағыдай ұштастырылған аңшылық шаруашылық сол кездегі қоғамның біршама әл-ауқатты болуын жеткілікті дәрежеде сенімді қамтамасыз еткен. Алдыңғы кезендерде едәуір кең болып, адам санының өсуіне қарай барған сайын тарыла түскен аң аулайтын жер аумағы аңшылық шаруашылық жүйесінің маңызды бөлігі болды. Украинаның, Еділ бойы мен Қазақстанның далалық өңірлері бойынша қолда бар материалдар қажетті ең аз аңшылық аумағының мөлшерін шамамен есептеп шығаруға мүмкіндік береді. Тұрғын жайлардың көлемі мен мөлшеріне қарағанда, аңшылық қауым орта есеппен 50 адамнан тұрған. Оның етке деген жылдық қажеті 11000 килограмға тең, ал ауланатын сүт қоректілер биомассасының табиғи өсімі 100 шаршы километрге шаққанда 4000 кг болатынын негізге алғанда, аң аулайтын жердің ең аз мөлшерін 750 шаршы шақырым деп белгілеу керек (адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдік сақталған жағдайда). Теория жүзінде бүкіл Қазақстан 3620 қауым (немесе 161000 адам) тұратын жер бола алады. Бірақ бұл орайда аң аулау жөнінен өнімді емес алаптар мен қоныстануға қолайсыз аймақтың шартты түрде 50% болатынын ұмытпаған жөн. Сондықтан Қазақстан неолиті үшін халық санын ең көп дегенде 80000 адам деп есептеу мейлінше дұрыс болады.

Қазақстан аумағынан, негізінен алғанда Солтүстік Қазақстаннан әзірше неолиттік бірнеше қабір табылды. Қабірлердің бірде-біреуінің жер бетінде сыртқы белгілері жоқ. Барлық молаларда сүйектермен бірге жебелердің табылуы бабаларымыздың аң аулаумен айналысып қана қоймай, соғыс жанжалдарына жиі түсіп тұрғанын да көрсетеді. Қабірлерде керамика өте аз, ал кейбіреулерінде ол мүлде жоқ.

Железинка ауылы жанындағы қабір бойынша (Пеньки тұрағынан 100 шақырым) неолит дәуіріндегі жерлеу ғұрпы туралы мейлінше толық пікір айтуға болады<sup>10</sup>. Мола, сірә, рулық ұйымдағы ерекше дәрежелі әйелдікі болса керек. Сәндік заттардың, еңбек құралдарының көптігі, оның үстіне жерлеудің күнге табынуға байланысты ерекше ғұрпы осыны көрсетеді. Ондай әдет бойынша өлік кремацияланатын болған. Бұл жолы өлік толық өртелмеген; денесінің қалған мүрдесі өлген адамның заттарымен бірге молаға көмілген; ол заттардың ішінде бас киімге тағылған, шеті ұсақ кертпешелермен сәнделген, орақ тәрізді сүйек қаптырма, жыртқыш аңдардың тістері, қауашақтан жасалған ірі моншақтар тізілген алқа бар. Мейлінше сәнделген киіммен бірге молаға еңбек құралдары (шот, сүйек біз), аңшылық құралдары (найзалардың, жебелердің тастан және сүйектен жасалған ұштары) және балшықтан жасалған, құты тәріздес, түбі домалақ, кішкене үш ыдыс салыныпты. Сол жерден құланның екі то-



пайы табылды; бұлар қызыл жосамен боялған, бұл түс ежелгі адамдардың ұғымынша өртеу, отқа табыну рәсімін білдірген.

Аңшылар мен балықшылар дүниесі шеңберінде болған тығыз мәдени-шаруашылық байланыстар археологиялық материалдардан айқын көрінеді. Мұндай байланыстарды Орта Азияның солтүстік аймақтарын мекендеген келтеминар мәдениетінің немесе келтеминар мәдени қауымының тайпаларынан айқын аңғаруға болады. Ол байланыстар бәрінен де Оңтүстік Қазақстанның және әсіресе Батыс Қазақстанның тайпаларында анық көрінеді. Ежелгі байланыстар тізбегі алыс солтүстік пен солтүстік-батыстағы Орал өңірі мен Батыс Сібірге жетіп жатыр. Солтүстік және Шығыс Қазақстан тайпаларының мәдениеті Орта Азия халқының мәдениетіне ұқсас белгілерін аңғарта отырып, сонымен бірге жаңа тас ғасырларындағы Алтай мен Байкал өңірі тайпаларына неғұрлым жақын болды. Сонымен, Қазақстанның неолиттік тайпалары мәдени дәстүрлерінің ерекшелігі мен өзгешілігін сақтай отырып, көршілес аймақтар мен аудандардың тайпаларымен тығыз байланыста дамыды.

## 2. ЭНЕОЛИТ

Археологиялық кезеңдерге бөлу өлшемдеріне сәйкес, адамдар өміріне мыс құралдар енген дәуірді энеолит деп түсіну керек. Әдетте, бұл жалпы алғанда шақпақ тас индустриясының құлдырап, тас құралдар жиынтығының кемуіне әкеп соғады. Археологиялық үлгілердің материалдық мәдениетке жататын жаңа жиынтықтары: жалпақ түпті, өрнегі бай керамика, ұсақ қалақша, тұрғын үйлер айқын көрінеді. Мыс қосылған шақпақ тас бұйымдарымен ұштасқан бұл үлгілер жиынтығы энеолиттік үлгідегі археологиялық кешендерді сипаттайды. Энеолиттік кешендер оңтүстік өңірлерде неғұрлым айқын көрінеді, оларда мыс құралдардың енгізілуі егіншілер мен малшыларға өндірісті дамытуда елеулі табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Энеолиттік дәуір мал шаруашылығы басым дамыған далалық өңірде де маңызды рөл атқарды. Қазақстан даласындағы энеолит мүлде басқаша көрінеді. Мұнда табиғи-экологиялық орта мүлде басқаша және оны игеру үшін адам ең оңай жолмен жүре отырып, бейімделудің басқа жолын таңдап алды. Бұл жолда тас индустриясы кері кете қойған жоқ, керісінше бұрынғысынан да жоғары деңгейге көтерілді. Адам тасты өндеудің (тесу, өздігінен қайралатын балталар, мінсіз аэродинамикалық түрдегі найзалардың ірі ұштары, оймалау және т. б.) мүмкіндіктерін ақырына дейін жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар өндірістік-шаруашылық (соның ішінде керамикалық және сүйек) саймандарының түр-түрін де шамадан тыс кеңейтті. Рас, бұл уақытта қалақша-қыстырма индустрия өз мәнін жоғалтқан еді. Энеолит дәуірінде климат ылғал болды. Сол арқылы ірі сүтқоректілер санының белсенді түрде табиғи өсуіне, көбеюіне мінсіз жағдай жасалды. Бұл кезде мұнда жылқы да осындай болды. Бұл түрдің экологиялық тепе-теңдікті бұзбай күрт көбеюі, аң аулайтын алқап көлемінің бөлінісіне шаққанда оның мөлшерінің ұлғаюы басқа үрдістерді өмірге келтірді. Аңшылық ұжымдардың өздері көшіп жүретін аумақты қысқарту, ал кейде оны толық тоқтату есебінен өз алқаптарының көлемін кеміткені былай тұрсын, сонымен бірге бір жерде ұзақ уақыт бойы шоғырлана да білді. Тарылған аң аулау алқапта-

рындағы тұтынылатын биомассаның орнын толықтыру өз төлінің табиғи өсу есебінен ғана емес, сонымен қатар аңшылардан босаған аумақтардан табындардың ағылып келуі есебінен де жүзеге асып отырды.

**Ботай мәдениеті.** Көкшетау облысындағы Ботай бекеті жанындағы қоныстың атымен аталған. Ботай мәдениеті Солтүстік Қазақстанның (Жайық-Ертіс өзендері аралығының) далалық энеолитін сипаттайды және мерзімі б. з. б. III—II мыңжылдықтармен белгіленеді. Демек, ол бір мың жыл болған.

Ботай мәдениетінің қалыптасуына неолиттік атбасар және маханжар мәдениетін құраған тайпалар қатысты. Оның қалыптасу барысына Шығыс Каспий маңы өңірі мен Оңтүстік Оралдың сырттай ықпал жасағаны жөнінде мәліметтер бар. Ботай мәдениетін В. В. Зайберт ашты<sup>11</sup>. В. Н. Логвин, С. Қалиева оның батыстық нұсқасын, терсек мәдениетін бөліп көрсетті. Терсек мәдениетінде басқа мәдениеттің ықпалы айқын аңғарылады және оның кейбір ескерткіштері б. з. б. IV мыңжылдықпен белгіленетін алдыңғы энеолит дәуіріне жатуы ықтимал. Бірқатар қоныстар: Қостанай және Торғай облыстарында — Бестамақ, Тұздықөл-1, Ливановка, Құмкешу, Қожай, Дүзбай-3; Көкшетау облысында Ботай, Красный Яр, Васильков-4 қоныстары ашылды; барлығы жиырмадан астам қоныс белгілі.

Қоныстар әдетте шағын дала өзендері: Торғайдың, Терісаққанның, жоғарғы Тобылдың, Обағанның, Шағалалының, Иманбұрлықтың биік жағаларындағы алаптарды алып жатыр. Олардың көлемі кейбіреуінде 15 гектарға жетеді. Сипаттау үшін ең көп ақпарат беретіні Ботай қонысы болып табылады. Ол шамамен 200 жылды — б. з. б. XXIV—XXII ғасырларды қамтиды. Қазіргі бетінде 158 тұрғын үйдің жұрты табылды. Қазу барысында олардың қонысы тіршілік еткен соңғы кезеңде салынғаны анықталды. Неғұрлым ертеректегі құрылыс кезеңдерінде салынған тұрғын үйлердің қалдықтары соңғыларын салу кезінде жойылып жіберілген. Ертедегі поселкенің құрылыстары өте тығыз болған: тұрғын жайлар көбінесе бір-біріне жалғасып, өзінше бір махаллалар құрып жатқан. Мұндай томаға-тұйық жоспарланған орындарға жататын құрылыстар 30-ға дейін жетеді. Олардың ішінен белгілі бір жүйені байқауға болады: ені 4—8 м болатын, ал ұзындығы 50 метрге дейін жететін параллель көшелердің екі жағына кейде 15—16 үйден салынған.

Тұрғын жайлар былайша салынған. Тереңдігі 1 метрге дейін және көлемі 20 шаршы метрден 70 шаршы метрге дейін жететін 4—3 бұрыш түрінде шұңқыр қазылған. Қазу кезінде шығарылған балшық шұңқыр жиектеріне биіктігі 1 метрдей дуал етіп үйілген. Осылайша салынған қабырғаларға төбесі тарыла беретін шеген түрінде бағаналар қаланған. Жасаған күмбез бұтақтармен және шым қабаттарымен жабылып, бұл орайда ортасынан түтін шығатын тесік қалдырылған. Кіретін есік қабырғада ойық түрінде қалдырылып, оның сыртында шағын дәліз болған. Ішінде, ортадағы шұңқырда ошақ орналасқан. Ошақ пен есік арасы — шаруашылыққа арналған орын, төрде — ұйықтауға арналған жер. Әдетте қабырғаның бүйір жағынан азық-түлік сақтау үшін шұңқыр қазылады. Тобылдағы құмдауыт топырақта құрылыс сипаты біршама өзгеше: қабырғаларының ағаштан салынуы ықтимал.

Өндірістік-шаруашылық саймандар алуан түрлі тастардан, сазбалшықтан, сүйектен жасалды. Құрал-саймандар тұрғындардың шаруашылық укладанының күрделі болғанын көрсетеді. Жүгеннің сүйек элементтері, кісенге арналған ілгектер жылқының қолға үйретіле бастағанын дәлелдейді. Тас тоқпақтар, пышақтар, қанжарлар, боластар, жебелердің, сүңгілердің, най-

залардың ұштары аң аулаумен байланысты құралдар. Шанышқылар балық аулау кәсібін көрсетеді. Тұрғын жайлар салу кезінде ағаш өндейтін көптеген аспаптар: балталар, шоттар, қашаулар, керткіштер, жонғыштар, кескіштер, пышақтар, қырғылар пайдаланған. Тас пен сүйек өндеу едәуір жетілдірілген, ал оларсыз сапалы еңбек құралдарын дайындау мүмкін емес еді. Қосалқы саймандар арасында шой балғалар, ретушерлер, балғалар, түрпілер, шақпақ тастан жасалған бұрғылар, кескіштер, қалақшалар бар. Тері өндеу ісінде қырғыштар, қырнауыштар, пышақтар, кескіштер, жонғыштар, жұмсарту үшін сүйек келілер, түрпілер және теріні тегістеуге арналған тегіс-тегіштер қажет болды. Тігін керек-жарақтарының арасында инелер, тескіштер, біз бар. Ши тоқу үшін сүйек ілмектер, жіп иіру үшін ұршықбастар қажет болды. Керамика өндірісінде келсаптар, үккіштер, жылтыратқыштар, мейлінше әр түрлі қалыптар іске қосылды. Көптеген сүйек саптар мен тас-тан жасалған төстер табылды. Олжалар жиынтығында сондай-ақ діни нанымдық заттар, бойтұмарлар, әсемдік заттар да бар<sup>12</sup>.

Орасан зор мөлшердегі остеологиялық материалдың басым көпшілігі жылқы сүйектері. Мәселен, Ботай қонысында 70 000 жылқының сүйегі табылды. Сондай-ақ зубрдың, турдың, бұланның, еліктің, аюдың, иттің, түлкінің, қарсақтың, түйенің, құндыздың, суырдың, қоянның, қабанның, құстардың сүйектері де бар<sup>13</sup>.

Жерлеу ғұрпы мен бірқатар символдық заттар тотемизмнің, бабаларға табынудың болғанын көрсетеді. Туыстарын қоныс аумағындағы ескі тұрғын жайларға жерлеп, жерленгендердің айналасына қабырғаларды жағалата жылқының бас сүйектерін қойған. Тұрғын жайлардың бірінде, қабырғалардағы сөреде ер адамның саз балшықпен мумияланған бас сүйегі табылды. Тұрғын жайлардың табалдырығы астында ит көмілуі жиі кездеседі, сірә, рәсімдік сипатта болса керек.

Оңтүстік Оралдың далалық өңірінің суртандылық халқы<sup>14</sup> мен Еділ бойындағы хвалын мәдениетінің ескерткіштері өз белгілері жағынан жоғарыда суреттелген мәдениетке жақын. Оңтүстік-шығысында ботай мәдениетінің материалдары афанасьев (Алтай) және усть-нарым (Шығыс Қазақстан) мәдениетінің олжаларымен ұштасып жатыр. Соңғы жылдарда жаңадан табылған олжалар Орынбордың далалық өңірінде турганик, ал Тобылдың Қорған өңірінде савинов мәдениетін бөліп көрсету туралы мәселені алға қойды. Материалдарды одан әрі зерттеу мен қорыту кезінде андронов үлгісіндегі ірі қауымды бөліп шығару туралы мәселе туады. Қазірдің өзінде-ақ зерттеушілердің андроновқа дейінгі тұрғындар терминін жиі пайдаланып, бұл орайда олардың генетикалық байланысын айтатындығы жиі кездеседі.

Бірақ далалық энеолит қауымының өз ішінде де мәдениет бір мезгілде қалыптасқан жоқ және даму мен өзара ықпал етудің түрлі деңгейінде болған. Тегінде, Еділ бойын және Жайық-Ертіс өзендерінің аралығындағы мал шаруашылығы қалыптасқан екі орталықты атап өтуге болады. Энеолиттің орта шенінде афанасьев және усть-нарым ескерткіштеріне ботай мәдениетінің ықпалы аңғарыла бастады. Ал екі жақты байланыстар барлық шет аймақтарда, соның ішінде шаруашылықты жүргізу тәсілі ерекше өзгерістерге ұшырамаған орманды аймақтар тұрғындарымен (Батыс Сібірдің Боборыкин, Одиновск мәдениеті) байланыстары ұшырасады<sup>15</sup>. Тек энеолиттің орта шенінде ғана Ташков тұрғындарында (Тоболдың орманды өңірі) ілгері басқан құбылыстар байқалады. Зерттелмегендігі себепті, әзірше келтеми-

нар тұрғындарымен өзара байланыс және өзара ықпал ету мәселесі айқын емес. Бірақ тас ғасырында халықтың оңтүстіктен Орал-Ертіс далалық өңірінің аумағына тұрақты түрде қоныс аударуы Шығыс Каспий маңы өңірінің аумағы арқылы жүзеге асырылғанына күмән жоқ.

Маңғыстау тарихындағы энеолит көп жағынан алғанда шартты болып табылады, жалпы жұрт қабылдаған кезендерге бөлуге сәйкес келеді. Бұл аумақ үшін б. з. б. V мыңжылдықтың аяғы — IV мыңжылдықтың басына да байырғы тұрғындардың көршілерімен интенсивті байланыстары немесе ең дұрысы, солтүстік пен оңтүстік-шығыстан мәдениеті өзгеше екі толқынның жергілікті ортаға құйылып-қосылуы тән болды. Бірінші толқын Еділ-Жайық бойының энеолиттік хвалын мәдениетіне жататын шебір үлгілес ескерткіштермен көрсетілген. Бозащы түбегінде, Маңғыстау түбегінің орталық және жағалау бөлігінде тұрақтар мен жекелеген олжалар табылған. Ең елеулі тұрақ Бозащыда, көшпелі құм өңіріндегі Шебір елді мекенінің маңынан табылды. Мұнда шақпақ тас пен керамика фрагменттерінің екі үлкен жиынтығы тіркелді. Олар өте тығыз жинақталған, сірә, жер бетіндегі сияқты сақталмаған құрылыстар шегін сипаттайтын болар. Мәдени қабат учаскелерін аршу кезінде шаруашылық мақсатында және сыпырып тазартылған шұңқырлар мен шағын құдық — қызыл бояулы топырақпен, 105 ұсақ сынықтармен және қалақшалармен толтырылған табынушылық мәні бар шұңқыр кездестірілді.

Шебір үлгісіндегі шақпақ тастар жиынтығы қалақшалар мен оларға арналған құралдар көлемінің ірі болуымен ерекшеленеді. Құралдар жиынтығы жергілікті неолит тұрақтары үшін дағдылы. Бірақ тері өңдеу үрдісін тездетуге мүмкіндік беретін бүйірлі қырғыштар басым бола бастайды. Қашау тәрізді құралдар, бір жүзді пышақтар, иінді бұрғылар пайда болады. Тұрақтардан геометриялық микролиттер табылған жоқ. Құрамы күрделі құралдар қыстырмаларының көп табылуы арқылы орны толтырылғанмен, жебе ұштары жоқ деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Еңбек құралдары мен қаруларды дайындау үшін жергілікті кеніштердің шақпақ тастары шикізат ретінде пайдаланылған.

Ыдыстар саз балшықтан қолдан жасалған. Ыдыстар түбі дөңгелек конус тәрізді етіп, жұмыртқа сияқты жабық түрде істелген. Ыдысқа ішкі жағында қыры бар жаға сияқты салмақты жиек жасалған. Өрнектеу үшін негізінен тарақ сияқты қалып пайдаланылған. Ыдыстың жоғарғы және төменгі жағына геометриялық қарапайым әшекей салынған. Ыдыстың ішкі жағы да нақ сол тарақша арқылы тегістелген. Саз балшыққа жерден қазып алынып ұсақталып ұнталған қабыршақ қосылған. Ыдыс жұқа болған жағдайда олардың сыйымдылығы 6—7 литрге жетеді.

Шебір халқы теңіз моллюскаларының қабықтарынан жасалған ірі моншақтар мен диаметрі 3—6 мм болатын цилиндр тәрізді ұсақ моншақ сияқты жаңа әшекейлер туғызды. Соңғылары теңіз қабыршақтарының қабықтарынан жасалды. Моншақтардың жиектері мұқият тегістелген, ал тесіктері қарсы бұрғылау әдісімен жасалған.

Шебір тұрағынан кішкене металл біз табылды. Бұл Хвалын зиратында көп табылған металл бұйымдарға қайшы келмейді<sup>16</sup>.

Келімсектердің екінші толқыны Орта Азияның екі өзені аралығынан шығады. Ол Маңғыстаудағы Жынғылды-6 үлгілес келтеминар тұрағының олжаларына байланысты, бұл тұрақ Қошқарата құйылысының жағалауына орналасқан. Тұрақтың шақпақ тас құралдары арасында бүйірі ойық қалақша

ұштар, асимметриялы ойықтары бар қырнауыштар, сырты мұқалған шеті бар және іші үшкірленген ұшты қыстырма, үш бұрышты бұрғы мен кішкене бұрғы сияқты бұйымдар ерекше көзге түседі. Бұл құралдар келтеминар мәдениетінің дамыған және соңғы кезеңдеріне тән.

Хронологиялық жағынан Маңғыстаудың хвалын және келтеминар мәдениетінің ескерткіштері ұқсас. Келтеминар белгілері бар шақпақ тас жиынтығы жағдайында Қошқарата-4 тұрағының керамикасында шебір ыдыстарының белгілері бар, бірақ олардың түбі жалпақ. Өз кезегінде, бұл мәдениеттер жергілікті ойықты және төлес мәдениеттерімен қатар болған, мұны Қосқұдық тұрағында табылған шебір үлгілес керамика растайды.

Б. з. б. IV мыңжылдықтағы үрдістерді түсіну өндіруші экономика (мал шаруашылығы) негіздерінің таралуындағы Шығыс Каспий маңы аймағының маңызы туралы мәселемен тығыз байланысты. Егер бұрын Таяу Шығыс мәдени ошағы аудандарынан қойдың таралуына бұл аймақ шешуші рөл атқарды деген басымдық беріліп келсе<sup>17</sup>, соңғы кезде бұл қағидаға М. И. Итина<sup>18</sup> мен В. А. Алешкин<sup>19</sup> қарсы пікір айтуда. Олар ортаазиялық қосөзен аралығына мал шаруашылығының неғұрлым солтүстік, далалық өңірден енуі мүмкін екендігін көрсетеді.

Келтеминар мәдениетінің жоғарғы шегінің хронологиялық жағынан кешігуі мен Орта Азиядағы өндіруші шаруашылықтың таралу өңірінің солтүстікке қарай кешігіп орын ауыстыруы (б. з. б. III және II мыңжылдықтар шебінде) Еділ—Жайық өңірінің б. з. б. V және IV мыңжылдықтар шебінде дамыған (көшпелі) мал шаруашылығы түрлеріне ие болған хвалын тайпаларының неғұрлым прогресшіл дамуы туралы айтуға мүмкіндік береді. Сонымен, Маңғыстау түбегінің археологиялық кезеңдерге бөлінуіндегі дәуір ретінде энеолиттің бастауы мұнда шаруашылық жүргізудің жаңа түрі — жылжымалы мал шаруашылығының пайда болуына байланысты. Көшіп келген тайпалардың жергілікті неолиттік тұрғындармен неғұрлым белсенді араласуы уақыт өте келе Маңғыстауда қола ғасыры көшпелілерінің жаңа мәдениетінің пайда болуына жеткізді. Алайда бұл кезеңнің уақыт шегі әзірге дәл анықталған жоқ.

<sup>1</sup> *Алпысбаев Х. А.* Неолитическая стоянка в пещере Караунгур. // Изв. АН КазССР. Сер. обществ., 1969, № 2. 85—87-б.

<sup>2</sup> *Макарова Л. А.* Териофауна пещеры Караунгур. // Археологические исследования в Казахстане. А., 1973, 146—155-б.

<sup>3</sup> *Виноградов А. В.* Древние охотники и рыболовы Среднеазиатского междуречья. ТХАЭЭ. Т. XIII, М., 1981.

<sup>4</sup> *Праслов Н. Д., Постинков Г. Б., Ротшильд Е.* Новые памятники с микролитическим инвентарем в Северо-Восточном Прикаспий. // КСИА, № 117, М., 1990.

<sup>5</sup> *Антонова Е. В.* Обряды и верования первобытных земледельцев Востока. М., 1990.

<sup>6</sup> *Таймагамбетов Ж. К.* Памятники каменного века. // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. I-тарау, А., 1987.

<sup>7</sup> *Зайберт В. Ф.* Энеолит Урало-Иртышского междуречья. Петропавл, 1993.

<sup>8</sup> *Соныкі.* Атбасарская культура. Екатеринбург, 1992.

<sup>9</sup> *Логвин В. Н.* Каменный век казахстанского Притоболья (мезолит — энеолит). А., 1991.

<sup>10</sup> Бул да сонда.

<sup>11</sup> *Зайберт В. Ф.* Энеолит Урало-Иртышского междуречья.

<sup>12</sup> *Кисленко А. М.* Проблемы реконструкции энеолитического жилища. // Проблемы реконструкции хозяйства и технологий по данным археологии. Петропавл, 1993.

<sup>13</sup> *Ахинжанов С. М., Макарова Л. А., Нұрымов Т. Н.* К истории скотоводства и охоты в Казахстане. А., 1992.

<sup>14</sup> *Матюшин М. Ф.* Энеолит Южного Урала. М., 1982.

<sup>15</sup> *Косарев М. Ф.* Древняя история Западной Сибири; человек и природная среда. М., 1991.

<sup>16</sup> *Аганов С. А., Васильев И. Б., Пестрикова В. И.* Хвалынский энеолитический могильник. Куйбышев, 1990.

<sup>17</sup> *Мерпорт Н. Я.* Древнейшие скотоводы Волжско-Уральского междуречья. М., 1974.

<sup>18</sup> *Итина М. А.* Взаимодействие земледельческих цивилизаций Средней Азии с их «варварской» периферией в эпоху бронзового века. // Археология Средней Азии и Ближнего Востока. Тез. докл., Ташкент, 1983.

<sup>19</sup> *Алешкин В. А.* Культурные контакты племен Средней Азии (неолит — эпоха бронзы). // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. А., 1989.

## Үшінші тарау

### ҚАЗАҚСТАН ЕРТЕДЕГІ ДӘУІРДЕ

#### 1. ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАЙПАЛАРЫ

**Дәуірдің ерекшеліктері.** Неолит дәуірінде-ақ байқала бастаған шаруашылық өзгерістері б. з. б. II мыңжылдықта малшылық-егіншілік экономикасы мен жоғары дамыған металлургияның қалыптасуына жеткізді. Өндіруші тұрпаттағы экономикаға көшу Қазақстан аумағындағы бүкіл жағдайды түбірінен өзгертті. Қоныстарын жиі өзгертетін, жігерлі, пысық малшы тайпалар ұлан-байтақ және қуатты бірлестіктер құрды; бұлардың қалыптасуында соғыс қақтығыстары едәуір рөл атқарды. Қару енді жабайы хайуандарды аулау үшін ғана емес, сонымен қатар тайпалар арасындағы қақтығыстарда да жиі пайдаланылатын болды. Қару жасау бірте-бірте металл өндеудің дербес саласына айналды.

Археологиялық материалдар бойынша, андронов тұрпатты ескерткіштер қалдырған далалық малшы-егінші тайпалардың мәдени ортақтығы жақсы мәлім. Барлық жергілікті өзгешіліктеріне қарамастан, ұлан-байтақ аумаққа тараған бұл тайпалар неолит дәуіріндегі тайпалық ала-құлалықты айқын мәдени біркелкілік ауыстырғанын көрсетті.

Қола дәуіріндегі қоғамның ілгері басуы екі факторға байланысты. Олардың бірі — жаңа дәуірді белгілеген фактор — палеометалдардың өндірістік жолмен игерілуі болды.

Б. з. б. II мыңжылдықтың ортасында Қазақстан тайпалары қола бұйымдар жасау ісін меңгерді. Қоланың өзі бұйымның неге арналуына қарай, әр түрлі пропорцияда мыс пен қалайының, кейде сүрменің, күшшаланьның, қорғасынның қорытпасы болып табылады. Мыспен салыстырғанда қоланың бірсыпыра артықшылықтары бар: оның өзгешілігі — өзі қатты, балқу температурасы төмен, түсі алтын сияқты әдемі. Қола еңбек құралдары мен қару жасау үшін қолданылатын негізгі шикізат бола бастады. Қазақстан жер қойнауында полиметалдардың, ең алдымен қалайы-мыс рудаларының барынша молдығы бұл аумақта металлургияның мықты ошағы шығуының бір себебі болды.

Б. з. б. II мыңжылдықтың басында-ақ Еділ бойы, Орал өңірінің, Қазақстан мен Алтайдың далалық тайпаларында кешенді малшылық-егіншілік шаруашылық қалыптасады. Ал б. з. б. II мыңжылдықтың ортасында Қазақстанның далалық тайпаларында алғашқы өндірістің өрлеуі байқалады, мал шаруашылығы жедел дамиды. Осы уақыттан бастап далалық Евразия тұрғындарының шаруашылығында мал шаруашылығы неғұрлым көбірек орын ала бастайды. Б. з. б. II мыңжылдықтың аяғында — I мыңжылдықтың басында далалық өңірлердегі тұрғындардың көпшілігі шаруашылықтың маманданған

жаңа түріне — көшпелі мал шаруашылығына көшеді. Батыс Азия мен Шығыс Европаның далалық аймағында бақташы тайпаларының бөлініп шығуы, шынында, б. з. б. II мыңжылдықтың басында болды деуге келеді, алайда әр қилы табиғи ортадағы даму қарқынының әр түрлі болғанын ескеру керек.

Алғашқы экономиканың қайта құрылуына бәрінен бұрын табиғи-климаттық өзгерістер себепші болды. Мәселен, қола дәуірінде ұзаққа созылған салқын-ылғал кезеңнің орнына климаттың жылылық пен қуаңшылыққа қарай бірте-бірте өзгеруінің мың жылдан асатын дәуірі келді, сөйтіп, ксеротермиялық минимум дәуірі басталды. Қуаңшылық дәуірінде өзендердің суы тартылды, жайылмадағы алаңқайлар бірте-бірте құрғады, көлдердің су деңгейі төмендеді, түптеп келгенде, Солтүстік жартышардағы құрлықтардың жалпы ылғалдылығы азайды<sup>1</sup>.

Климаттың жедел құрғауына байланысты Шығыс Европа мен Батыс Азиядағы далалық тайпалардың шаруашылығы мен тұрмысында болған өзгерістерді археологиялық деректемелер де растайды. Батыс және Орталық Қазақстанның ұзақ уақытқа арналған қоныстарында сумен жабдықтаудың жаңа әдісі — құдық қазу шығады.

Егер Қазақстанның солтүстік аудандарының тұрғындары мен Батыс Сібірдің орман және тайгалы аймақтарының тайпалары энеолит пен алдыңғы қола дәуірінде шаруашылық және мәдениет жағынан бір-біріне көп ұқсас болса, кейін климат өзгергенде бұл ұқсастық жойылады. Б. з. б. II мыңжылдықтың ортасында, Орталық Қазақстандағы сияқты, бұл аудандарда да малшылық-егіншілік шаруашылық өрістеп, мал шаруашылығы басым дамиды.

Оңтүстік Сібірде Нарым өлкесінің тайгалы-батпақты аудандарына дейін бұл аймақтың тұрғындарына тән емес ежелгі мал шаруашылығының шаруашылық дәстүрлерінің кең таралуын және Қазақстанның далалық тайпалары мәдениеті ықпалының күшеюін, сірә, нақ сол табиғи-климаттық құбылыстармен түсіндіруге болар.

Тұрғындардың қоғамдық құрылысы мен отбасылық-некелік қатынастарында елеулі өзгерістер болды.

Қола дәуіріндегі экономиканың басты-басты екі бағыты болып табылатын мал шаруашылығы мен металлургияның тез дамуы өндіргіш күштердің өсуіне, қоғамдық еңбек мамандануының күшеюіне, қоғамдық өмірдегі ірі өзгерістерге жеткізді. Жеке отбасылар оқшауланды, отбасылық меншік кеңейді, рулық қауым ішінде мүлік теңсіздігі өсті.

**Андронов мәдениеті.** Қола дәуірінде Сібірдің, Жайық өңірінің, Қазақстанның және Орта Азияның ұлан-ғайыр далаларын тегі жағынан және тарихи тағдырларының ортақтығы жағынан туыс тайпалар мекендеді; бұл тайпалар өзінше бір үлгідегі жарқын мәдениет қалдырды. Бірінші ескерткіштің табылған жері Ачинск маңындағы Андронов селосының атына қарай бұл мәдениет ғылымда шарты түрде «Андронов мәдениеті» деп аталды.

Андронов мәдени-тарихи қауымның негізгі орталықтарының бірі Қазақстан аумағында болды. Батыс аудандардың андроновтық тұрғындары қима мәдениетінің туысқан тайпаларының ықпалына үнемі түсіп және өз тарапынан оларға тікелей ықпал жасап отырды.

Археологиялық деректер андроновтық тұрғындардың басым көпшілігі отырықшылық өмір сүргенін көрсетеді. Қоныс-мекендер кең жайылма шалғыны бар өзендердің жағаларына орналасты. Патриархаттық отбасылардың үйлері үлкен жертөлелер болды; олардың жанынан әр түрлі шаруашы-



лық жайлар мен мал қамайтын қашалар салынды. Бұл қоныс-мекендерге мал бағу кәсібі едәуір басым малшылық-егіншілік шаруашылығының кешенді сипаты тән болды.

Андроновтық уақытқа байланысты металдан жасалған еңбек құралдары, қарулар және сәндік заттар: ұңғысы бар, дүмі шығыңқы балталар, сағасында ойығы бар пышақтар, балға-шоттар, найзалар мен жебелердің өзгеше ұштары, білезіктер, айналар, моншақтар және әр түрлі ілмешектер көп тарайды.

Андроновтық тұрғындарды басқа тайпалардан айыратын мәдениеттің ең басты этнографиялық белгілері жерлеу ғұрпы, геометриялық өрнегі бар балшық ыдыстардың өзінше бір жиынтығы, металл бұйымдардың түрлері болып табылады.

Андронов тайпалары тұрқы әр түрлі тас қоршаулар түрінде зираттар тұрғызды, олар тік бұрышталып, дөңгелектей, сопақталып қоршалатын болды. Кейде, әсіресе, Орал өңірінде бұлардың орнына обалар үйілді. Өлген тайпалас адамдар не өртелді, не ерекше әдіспен бүйірінен жатқызылып, қол-аяғы бүктеліп, тас тақталардан жасалған «жәшікке» немесе қазылған төрт бұрышты шұңқырға салынып жерленді.

Ыдыстар қолдан жапсырылып жасалды. Мұның алдындағы уақытта ыдыстардың түбі шығыңқы домаланып келетін болса, ол енді тайпақ болды. Олардың сырты тарақ тәрізді немесе тегіс қалыппен түсірілген күрделі геометриялық өрнектермен сәнделді.

Сәндік заттардың андроновтық тайпалар мәдениетінің тараған шегінен аспаған ерекше түрлері: алтын жапырақшадан бір жарым қайырым бүктеліп жасалған сырғалар, бас киімге және басқа да киімге тағылатын «көзілдірік тәрізді» және «табан із тәрізді» сәнді салпыншақтар, қақтама өрнекті тоғалар, шеттері иректеліп түйілген білезіктер болды.

Өндіріс техникасының дамығандығы және қола заттар мен балшық ыдыстар түрлерінің әдемілігі мәдениет деңгейінің жоғары болғанын көрсетеді.

Андронов мәдениетінің қалай шыққаны — пікірсайыс туғызып келе жатқан проблема. Бұл проблеманы шешудің қиындығына бұдан бұрынғы неолит пен энеолит дәуірлеріндегі ескерткіштердің жеткіліксіз зерттелуі себеп болып отыр.

Тарих ғылымында бірнеше болжам бар.

Зерттеушілердің көпшілігі андронов мәдениеті неолит пен энеолит дәуірлеріндегі Қазақстан даласының солтүстік аймағының және Орал сырты мен Батыс Сібірдің іргелес аудандарының мәдениет жағынан, әрі, сірә, шыққан тегі жағынан туыс тайпаларының табиғи дамуы негізінде құрылған деп есептейді. Сол кездің өзінде-ақ мал өсіру, қарапайым егіншілік және кен кәсібінің бастамасы мәлім болатын.

Үй жанында мал бағу мен жайылмада кетпенмен егін салудың одан әрі дамуы отырықшылықтың ұлғаюына, үй кәсіпшіліктерінің шығуына, металлургияның дамуына жеткізді. Ұлан-ғайыр далалық аймақта осы материалдық игіліктерді шығаратын негізгі өндірістер прогресінің шамамен бір деңгейлес болуы андронов мәдениетінің өзіне тән ерекшеліктерінің қалыптасуына, қоғамның әлеуметтік укладтарының жақын түрлеріне жеткізді.

Андронов қауымының тарихындағы күрделі әрі пікірсайыс туғызатын мәселелердің бірі тұрғындардың этникалық тегін анықтау болып табылады.

Бірнеше пікірлер бар. Олардың біреуі бойынша андроновтықтар финн-угор этникалық тобына жатқан<sup>2</sup>.

Үнді-иранның ежелгі жазбаша ескерткіштерін — Авестаны, Ригведаны, Атхарваведаны, Яджурведаны, Шатапатханы және топономика мен ономастиканың басқа да деректерін, археологиялық материалдарды талдау негізінде тарих және филология ғылымында андронов тайпаларының үнді-иран немесе арий текті екендігі туралы болжам қалыптасқан<sup>3</sup>.

Кейінгі жылдарда тілшілер, түркологтар, этнографтар, тарихшылар арасында андронов тайпаларының түркі тілдес болғаны туралы болжам ұсынылатын бірқатар зерттеулер пайда болды<sup>4</sup>.

Андронов мәдениетінің алғашқы ескерткіштерін 1914 ж. А. Я. Тугаринов ашты. Содан бері өткен уақыттың ішінде орасан көп археологиялық материал жиналды.

Бұл мәдениеттің ескерткіштерін кезендерге бөліп, топтастыруды бастаған С. А. Теплоухов<sup>5</sup> болды. Әсіресе М. П. Грязновтың сіңірген еңбегі зор. Ол 30-жылдарда-ақ андронов мәдениетінің тарихи құбылыс ретіндегі суреттемесін жасап берді және далалық қола дәуірінің хронологиялық үш кезеңін: алдыңғы, ортаңғы және соңғы кезендерін саралап берді<sup>6</sup>.

Кейін К. В. Сальников Орал сыртының андронов мәдениетіне хронологиялық топтама жасады; оны бірінің орнын бірі басқан үш кезеңге бөліп, оларға шартты түрде мынадай аттар берді: федоров кезеңі — б. з. б. XVIII—XVI ғасырлар, алакөл кезеңі — б. з. б. XV—XII ғасырлар, замараев кезеңі — б. з. б. XII—VIII ғасырлар<sup>7</sup>. Андронов мәдениетін К. В. Сальниковтың кезендерге бөлуі тарих ғылымында дұрыс деп танылды және далалық қола дәуірінің ескерткіштерін зерттегенде осы мәдениеттің тараған аудандарының бәрінде қолданылды.

Қазақстанның андронов мәдениетін кезендерге бөлу проблемасымен Ә. Х. Марғұлан, К. А. Ақышев, А. Г. Максимова, С. С. Черников, А. М. Оразбаевтар айналысты<sup>8</sup>.

Қазіргі кезде К. В. Сальниковтың кезендерге бөлуі қатаң қаралып, Э. А. Федорова-Давыдованың, В. С. Стоколостың, Г. Б. Зданович пен басқа да зерттеушілердің еңбектерінде нақтылана түсті<sup>9</sup>.

Андронов мәдениетін кезендерге бөлуге байланысты бұл болжамдарды жақтаушылардың принципті пікір алалығы бұл мәдениеттің федоров кезеңі мен алакөл кезеңінің хронологиялық шеңберлерін бағалау жөнінде болып отыр.

Ең көп тараған көзқарас мынадай: бұл кезендер бірінен соң бірі келіп отырды, соның өзінде неғұрлым ертеректегі кезең ретіндегі федоров кезеңінен кейін алакөл кезеңі келеді, ал алакөл кезеңі андроновтық тайпалардың экономикасы мен мәдениетінің ең дамыған шағы болып табылады. Екінші көзқарас бойынша, федоров пен алакөл уақытындағы ескерткіштер бір уақыттың ескерткіштері, бірақ өлке тұрғындарының әр түрлі топтарынан қалған. Алакөлдiк тайпалар Жайық өңірін, Батыс және Солтүстік Қазақстанды мекендеген және Еділ бойының қима мәдениетті тайпаларымен, Орта Азияның далалық тұрғындарымен тығыз байланыс жасаған, ал федоровтық тайпалар Шығыс Қазақстанды, ішінара Орталық Қазақстанды мекендеген және этникалық, мәдени-шаруашылық жағынан Батыс Сібірдің орманды-далалық аймағы халқының тобына жақын болған.

Бұл дәуірдегі ежелгі евразиялық дала туралы ғылыми түсініктерге қала

үлгісіндегі Синташт және Арқайым бекіністі қоныстарының ашылуы мен зерттелуі принципті түзетулер енгізді<sup>10</sup>.

Андронов мәдениеті бұл терминнің кең тарихи-мәдени мағынасында алғанда, қола дәуірінің алдыңғы кезеңіне (б. з. б. XVIII—XVI ғасырлар) және ортаңғы кезеңіне (б. з. б. XV—XII ғасырлар) тұстас келеді. Б. з. б. II мыңжылдықтың аяғында — I мыңжылдықтың басында андронов мәдениеті тайпаларының экономикасында, тұрмысы мен мәдениетінде өзгерістер болды; бұл өзгерістер қоғамның жаңа шаруашылық негізіне байланысты, әуелі жайлауда, кейін көше жүріп мал өсіруге байланысты туды.

Соңғы қола дәуірі деп аталған бұл кезеңде (б. з. б. XII ғасыр — VIII ғасырдың басы), археологиялық деректердің көрсетуінше, шаруашылық пен мәдениеттегі андроновтық дәстүрлердің орнына ерте темір дәуіріндегі қоғамның экономикасы мен материалдық мәдениетінің неғұрлым прогресшіл түрлері келді.

## 2. ШАРУАШЫЛЫҚ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАТЫНАСТАР

**Мал шаруашылығы мен егіншіліктің дамуы.** Жабайы жануарларды қолға үйретуге көшу адам қоғамы дамуының заңды кезеңі болды. Қолға үйретілген және қолда өсірілген жануарлар аңшылық сәтсіз болған күнде, әсіресе, қыс кезінде, тамақ қоры болуын қамтамасыз етті. Жабайы жануарларды қолға үйрету сонау неолит дәуірінде басталды. Солтүстік Арал өңіріндегі, Қазақстанның батыс, орталық және шығыс аудандарындағы неолиттік тұрақтарда жабайы жануарлардың сүйектерімен қатар қолға үйретілген сиырдың, жылқының, қойдың және сірә, ешкінің де болар, сүйектері табылды<sup>11</sup>. Неолиттен кейінгі қола дәуірінде қолға үйретілген жануарлардың саны көбейді, малдың түр құрамы да көбейді. Қола дәуірі шаруашылық нысаны ретіндегі мал шаруашылығының үздіксіз дамыған уақыты болды.

Қола дәуірінің алдыңғы кезеңіндегі қоныстарда жиналған сүйек материал бұл уақытта Қазақстан аумағындағы адамның негізгі кәсібі үй маңында мал өсіру болды деуге мүмкіндік береді. Малдың көбі ірі қара болды; оны жаю үшін жайылымдағы шалғын пайдаланылды. Қой мен жылқы аз болды. Кәрі малдар мен әр жылғы төл қысқа ет дайындауға арналды, ал төлдің бір бөлегі табында қалдырылды.

Үй маңында мал бағу бірте-бірте жайлауда мал бағуға ұласты. Малды жайлауда баққанда бақташылар малмен бірге бір жайылымнан екінші жайылымға жылжи көшіп отырды<sup>12</sup>. Табын құрамында ұсақ малдың (қой-ешкінің) және жылқының үлесі көбейді. Мәселен, Атасу қонысынан табылған сүйектердің дені жылқының сүйегі болып шықты.

Ботай қонысынан алынған материалдың көрсеткеніндей, жылқыны қолға үйрету мен оны салт мініп жүруге пайдалану энеолит дәуірінде орын алған<sup>13</sup>.

Дамыған қола дәуірінде жылқы неғұрлым кең көлемде: күш көлігі ретінде және салт мініп жүру үшін пайдаланылды. Мұны Степняктағы, Айдаболдағы, Тастыбұлақтағы қоныстардан табылған, сүйектен жасалған жұмсақ ауыздықтардың айшықтары дәлелдейді. Жылқыны көлік ретінде пайдалану даладағы және биік таудағы жайылымдарды игеру мүмкіншілігін молайтты. Орталық Қазақстанның далаларында жабайы түйе қолға үйретілді. Ақсу-

Аюлы-2 кешендерінің бірін қазғанда ботаның сүйегі шықты. Алексеевка қонысында да түйенің кейбір сүйектері табылды<sup>14</sup>.

Ежелгі замандағы мал шаруашылығы экстенсивті шаруашылық болды. Жайылымдарды игеріп, көлемін кеңейту, төзімді, тебінге жарайтын (қыста қар астынан аяғымен шөп аршып алуға және ұзақ жер жүруге қабілетті) жылқы, қой сияқты мал түрлерін өсіріп, өндіру малдың көбеюіне жеткізді. Қола дәуірінің соңғы кезеңінде Қазақстанның далалық аудандарында мал өсіру шаруашылықтың негізгі саласына айналды және көшпелі мал шаруашылығына жақын түрге ие болды.

Сірә, ол кезде Қазақстанның кең-байтақ аумағындағы халықтың бәрі бірдей шаруашылық жүргізудің осы жаңа түрлеріне көше қоймаған болу керек. Мәселен, соңғы қола дәуіріндегі Шығыс Қазақстандағы (Трушниково, Мало-Красноярка), Батыс Қазақстандағы (Алексеевка) және Солтүстік Қазақстандағы (Явленко-1) қоныстарда малдың дені әлі де ірі қара болған; мұның өзі Орталық Қазақстанның тайпаларымен салыстырғанда бұл жерлерді мекендеушілердің көшіп-қонуы аз болғандығын көрсетеді.

Өнімді мал шаруашылығына көшу ілгері басқан құбылыс болды. Жаңа еңбек құралы, өндіріс құрал-жабдығы ретінде бақташы тайпаларға мал материалдық игіліктер өндіруде көп артықшылықтар берді. Ет-сүт өнімдерінің қоры молайды, олардың жаңа түрлері (ірімшік, сүзбе) пайда болды, үй кәсібі (теріден, жүннен бұйым жасау) ұлғайды.

Қазақстан аумағында мал шаруашылығымен қатар неолит дәуірінен бастап егіншілік дами бастады. Қола дәуіріндегі тайпалардың шаруашылығында мал шаруашылығы мен егіншілік бірін-бірі толықтырып, өзара байланысты болды. Мәселен, Усть-Нарым қонысында (Шығыс Қазақстан) табылған қыстырма орақтар егіншіліктің болғанын көрсетеді. Ол уақыттағы адам кездейсоқ, ұсақ егістен өзендердің жайылмаларындағы шағын алқаптарға тұрақты егін егуге көшті.

Алдыңғы қола дәуірінің қоныстарында тастан және бұғы мүйізінен жасалған теселер табылды. Жер қопсытатын таяқтармен және мүйіз теселермен салыстырғанда тас кетпендер өнімдірек болды: бұлармен жерді жақсырақ қопсытуға болатын еді. Тастан астық үгетін құралдар да: астық түйгіштер, тоқпақшалар, түйгіштер, келілер, келсаптар пайдаланылған болса керек, ал соңғы қола дәуірінде бітімі әр түрлі қола және мыс орақтар, қола шалғылар пайдаланылды (Шағалалы қонысы). Олар, сондай-ақ, мал үшін қысқа пішен дайындауда, қамыс дайындауда қолданылған болуы мүмкін.

Неғұрлым жетілген құралдардың пайда болуына байланысты егіс те біраз өсті. Негізінде бидай, қара бидай, тары егілді. Дәнді дақылдардың бұл түрлерінің бәрі қоныстарда салынған үйлер мен қора-қопсыларда айқын көрінеді<sup>15</sup>. Егіншілік өзінің сипаты жағынан қарапайым болып қала берді және мал өсірумен салыстырғанда көмекші рөл атқарды, бірақ ол тамақ өнімдерін алудың маңызды көзі болды.

Мұнан басқа кейбір қоныстардың шаруашылық ұраларын толтырған қабатында тұз құстарының — қаз бен сұр тырнаның сүйектері (Қанай), шортанның, бекіренің сүйектері мен қабыршақтары табылды. Балық аумен ауланған: мұны табылған қыш және тас батырғылардан аңғаруға болады. Алайда қола дәуірінде аң және балық аулау өзінің бұрынғы маңызынан айрылады. Жабайы жануарлардың (елік, марал, солтүстік бұғысы, арқар, қабан, құндыз, ақ қоян, түлкі) сүйектерінің үлесі алдыңғы қола дәуірінің қоныст-

арында 3,6%, соңғы қола дәуірінде Шығыс Қазақстанның қоныстарында 4 процентке дейін (Трушниково), ал Солтүстік Қазақстанның қоныстарында 1 процентке дейін (Алексеевка) болады.

Қазақстан аумағында тараған аудандардың бәрінде қола дәуірі мәдениетінің даму сатыларын сипаттайтын материал шаруашылық тұрпатының өзгергенін көрсетеді: қола дәуіріндегі тайпалар үй маңында мал өсіруден жайлауда мал бағуға, одан кейін көшпелі мал шаруашылығына көшті. Нақ осы жағдай материалдық мәдениеттегі өзгерістерді туғызды, дегенмен бұл өзгерістер барлық жерде бірдей болған жоқ. Географиялық және басқа факторларға байланысты бір аудандарда әуелі жабайы хайуандарды қолға үйрету басталды, ал екінші бір аудандарда әуелі қарапайым кетпендік егіншілік шығып, тарады.

Соңғы онжылдықтарда (1976–1994 жж.) мыс балқыту өндірісі мен қыш құмыра жасаудың<sup>16</sup>, кен кәсібінің<sup>17</sup> және металл өңдеудің<sup>18</sup>, сондай-ақ мал шаруашылығы мен аң аулаудың<sup>19</sup>, егіншілік пен үй кәсібінің ежелгі тарихын толықтырған, Сарыарқаның оңтүстік бөлігіндегі дамыған және соңғы қола кезендері ескерткіштерінің кезендерге бөлінуі мен хронологиясын нақтылай түсуге мүмкіндік берген жаңа деректемелер мәлім болды<sup>20</sup>.

**Кен ісі, металлургия.** Қола дәуірінде адам қоғамының өндіргіш күштерінің дамуында мал шаруашылығымен және егіншілікпен қатар әр түрлі рудаларды өндіру, тас пен сүйекті ұқсату аса маңызды рөл атқарды.

Қазақстан аумағында мыстың, қалайының және алтынның бай кендері бар екендігі ежелгі уақыттан белгілі болатын. Көптеген көне кен орындары – мыс (Жезқазған, Зыряновск, Қаршыға, Жалтыр, Ащылы, Ұратөбе, Күшікбай), қалайы (Атасу тауы, Қалба және Нарым жоталары), алтын (Степняк, Қазаншұңқыр, Балажал, Ақжал, Дайбай, Майқапшағай, Ақабек) кен орындары бұл аймақтың ежелгі металлургия орталықтарының бірі болғанын көрсетеді.

Геологиялық зерттеулер ежелгі заманда тоттанған мыс рудаларын өндіріп, балқыту ісінің зор мөлшерге жеткенін аңғартады. Ең жұпыны есептің өзі Жезқазған өңірінде балқытылған мыстың көлемі шамамен 100 мың тонна болғанын көрсетеді. Успенск мыс руднигінен 200 мың тонна руда шығарылған<sup>21</sup>, ал Имантау кен орнынан ежелгі заманда 48 мың тонна мыс рудасы қазылып алынған. Ежелгі заманда касситерит шығарылған кеніштерінің барлық зерттелген орындары бойынша жүргізілген есептің көрсетуінше, мұнда 130 тонна қалайы өндірілген<sup>22</sup>. Кені қазылып алынған орындардың аумағы мен шығарылған руданың көлемі мыс, қалайы және алтын кеніштерінің талай ғасырлар бойы пайдаланылып келгенін көрсетеді.

Мысы мен қалайысы мол, тотықтанған руда ғана (малахит, азурит, касситерит) өндірілді<sup>23</sup>. Өндірудің түрі мен әдісі рудалы қабаттың орналасу жағдайына байланысты болды. Ұңғып алу жұмысы тек рудалы өзектердің бойымен жүргізілді, ал бос топырақ қозғалмай қала берді. Қопсыма рудалар босаң құрама тастардан, кварциттерден жасалған тоқпақшалармен, балталармен қарапайым «қайлалау» арқылы өндірілді. Қайлалауға келмейтін тығыз рудаларға отпен уату әдісі қолданылды. Өзектің үстіне немесе забойдың алдындағы қуысқа от жағылды, ал тас әбден қызған кезде оған су құйылды<sup>24</sup>. Босаған қабат тас шотпен, қайламен уатылып, ағаш күрекпен тері қапқа салынды, сөйтіп сыртқа шығарылды.

Отпен уатумен қатар үңгіме де пайдаланылды; оның ізі Жезқазған маңы-

нда сақталған (Орталық Қазақстан). Ежелгі руда қазушылар ірі рудалы тастың астын үңгіп қазатын болған, содан кейін кварциттік балғамен соққылап, асты үңгіленген руданы түсірген. Терең қазылғанда төбесі опырылып түспеу үшін әр жерде тіреме қабат қалдырылған, кейде ағаш тіреуіштер қолданылған<sup>25</sup>. Алайда шахталар талай рет құлап, руда қазушыларды басып қалып отырған. Үңгімелерде табылған адам қаңқалары және олардың жанындағы рудаға толы шірімей сақталған тері қаптар осыны көрсетеді<sup>26</sup>.

Жер бетінде кен орнынан сыртқары жерде, әдетте көктемде су ағатын жырада немесе су жинау үшін арнайы қазылған орда руда тас балғамен және руда уатқышпен уатылып, кейін жуылатын болған. Су руданы «сулап» байыту үшін — оны алғашқы рет кен-тастан айырып алу үшін қажет болды<sup>27</sup>. Әбден уатылған руда ағаш күрекпен немесе ірі жануардың жауырынымен жиналып алынып, тері қапқа салынып, қоныстағы қорытатын жерге тасылды. Күрек ретінде пайдаланылған жануарлар сүйектері Милықұдық, Сорқұдық, Кресто (Орталық Қазақстан) ежелгі кен орындарынан кездесті; олар әдбен мүжіліп, бетін мыстың жасыл тоты басқан.

Руда өндіріліп, уатылған жерлерде металдан, тастан, сүйектен жасалған көптеген кен құралдары — төрт қырлы қола балға шоттар, тас құралдардан — ауыр қайлалар, балға шоттар, балғалар, сыналар, руданы үгетін келсаптар, келілер, сондай-ақ сүйек, ағаш құралдардан — марал мүйізінен жасалған балғалар, киік мүйізінен жасалған сыналар, руданы қапқа салатын жануар жауырындары, ағаш күректер табылды. Руда тікелей қоныста немесе қонысқа жақын жерде қорытылды. Қорыту үшін көрік тәрізді қорыту пештері салынды; бұлардың іздері Милықұдықта, Жезқазғанда, Шүлбі өзенінің Ертіске құяр жерінде, Қанай ауылының маңында табылды. Қанай ауылының қонысы жанында, сайдың жарында, көмір араласқан көп мыс күлі жиналды. Руданы балқыту үшін ағаш көмірі, флюс ретінде кварц, жоса пайдаланылды. Мыс рудасының күлі Атасу, Суықбұлақ қоныстарында, кесек-кесек рудалар, шлактар, мыс құймалары Былқылдақ-1, Бұғылы-1 қорымдарында, Бескөл-1, Алексеевка, Трушниково, Қанай, Петровка-2 қоныстарында табылды.

Мыс рудасы мен қалайы рудасы жеке-жеке балқытылды, ал кейінірек, белгілі бір затты құйғанда, мысқа қажетті мөлшерде қалайы қосылды. Мұны Г. Н. Щерба Саясу учаскесінің төменгі жағынан тапқан металды қалайының домалақ кесектері бар құймалар дәлелдейді<sup>28</sup>. Қола заттарға жасалған химиялық және спектрлік талдау ежелгі металлургтердің қара дүрсін технологиясымен әр түрлі құралдарға қалайы мен мысты өздерінің қалауынша қосқанын көрсетеді. Олар қорытпада қалайының үлесі көбірек болса, металдың қатты, бірақ омырылғыш болатынын, ал оның үлесі азырақ болса, онда, керісінше, металл неғұрлым жұмсақ және иілгіш болатынын білген. Сондықтан соққыш құралдар жасау үшін 5 проценттен 9 процентке дейін, тескіш құралдар үшін және құрылыс құралдарының кейбір түрлері үшін 9 проценттен 12 процентке дейін және одан да көп қалайы қосатын болған. Сәндік заттарда да қалайының проценті көп болады. Ал орақтарда қалайының проценті аз болады, өйткені, қалайысы көбірек болса, орақтың жұқа жүзі сынғыш келеді және тез істен шығып қалады<sup>29</sup>.

Құйма шеберханаларының қалдықтары Мало-Красноярка, Алексеевское, Новоникольское-1, Петровка-2 қоныстарынан табылды. Бұларда бітімі әр түрлі тас және балшық құйма қалыптарда шаруашылыққа және тұрмы-

сқа қажетті құралдардың көпшілігі — орақтар мен дүмі шығыңқы балталар, қанжарлар мен пышақтар, найзалар мен жебелердің ұштары құйылды. Сәндік заттар көбінесе соғу, қақтау, ойып өрнектеу арқылы жасалды. Олар киімге тағуға арналған дөңгелек, қыспа өрнекті ілгектер, тізбектер, білезіктер, моншақтар, өңіржиектер және т. б.

Қола дәуіріндегі Қазақстан аумағында мекендеген тайпалардың зергерлік өнерінің тамаша бұйымдары — алтынмен апталған қола әшекейлер, самайға тағылатын әр түрлі сырғалар, күрекше тәрізді түйреуіштер, ромб тәрізді тармақты және сопақша ілгектер. Сол уақыттың өзінде-ақ адамдар әйнек тәрізді ұнтақ ала білген, одан моншақ, тізбек жасаған.

Қазақстан аумағында қола дәуіріндегі руда өндіру ісінің кеңінен жүргізілуі шикізат жөніндегі өз қажетін қанағаттандыруға ғана емес, сонымен қатар металдың бірсыпырасын құйма күйінде және бұйым түрінде тайпалар арасындағы айырбас үшін пайдалануға да мүмкіндік берді.

Қазақстанның жер қойнауында қалайы, мыс кендерінің көптігі, сондай-ақ олардың қола дәуірінде кеңінен пайдалануы нәтижесінде тас құралдар мен қарулардың көбінің орнына қола құралдар мен қарулар пайдаланылатын болды. Кен кәсібінде тас құралдардың рөлі (балғалар, сыналар, қайлалар т. б.) сақталды, дегенмен, мұнда да қола шоттар, балғалар қолданыла бастады. Енді тас негізінен кейінгі тарихи замандарда да тастан жасалған астық түйгіш, тоқпақша, келі, келсап, үккіш, жүкше, ұршықбас, жоса түйгіш секілді құралдар мен бұйымдарды жасауға пайдаланылды.

Металдан, тастан жасалған құралдармен қатар тұрмыста сүйек заттар да қолданылды. Оларды жасау үшін ірі малдардың жіліктері, қабырғалары, жауырындары пайдаланылды. Әуелі сүйек балшық ыдыста қайнатылып, жұмсартылды, бұдан кейін майы жоқ, иілгіш, жұмсартқан сүйек оңай ұқсатылды. Ұқсатылған сүйек кепкен соң өзіне тән қатты, берік қалпына қайта келетін болды.

Сүйектен мынадай алуан түрлі бұйымдар жасалды: пышақтар, жебелердің ұштары, біздер, түйреуіштер, ыдыстарға өрнек салатын тарак тәрізді тегіс қалыптар; терінің майын сылу және өсімдік талшығын таспалап алу үшін қолданылатын жылқының немесе өгіздің жақ сүйегінен жасалған тегістегіштер мен лөкет пышақтар; жылқының немесе сиырдың жіліншік және бақайшақ сүйектерінен конькилер; сулықтар, ұршықбастар, тоғалар, сүйек моншақтар мен тізбектер, түймелер; бұлан мен бұғының мүйізінен кетпендер жасалатын болды. Жыртқыш аңдар мен үй жануарларының тістерінен және қабыршақтардан алқа-тұмаршалар жасалды.

Әр түрлі материалдан (металдан, тастан, сүйектен, қабыршақтан) жасалған алуан түрлі заттар қола дәуіріндегі Қазақстан аумағында мекендеген тайпалардың еңбек құралдарын, қарулар, сәндік заттар, тұрмыстық бұйымдар жасауда жоғары шеберлікке жеткенін дәлелдейді; олар құю, қақтау, қысып өрнектеу, тегістеп жылтырату техникасын жақсы меңгерді, қатты материалдан жасалған заттарға өрнек сала білді.

**Қоныстар мен тұрғын үйлер.** Қазақстан аумағында қола дәуірі қоныстарының көп екені мәлім, олардың алпысында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Әдетте, қоныстар өзендердің жайпақ жағасында, кең жайылмада, мүйісте, кейде көл маңында орналасты; бірақ мұнда да олар ойпаң жерлерде, жылғалардың немесе дала өзендерінің құяр жерінде жайғасты, өйткені мұндай

жерлерде шөп көп, ал топырағы кетпенмен ұқсатуға ыңғайлы болды. Қоныстар әдетте 6—10 үйден, үлкендері 20 үйден құралды; олар өзен жағасына бір немесе екі қатар болып орналасты. Мүйістегі үйлер ортада ашық алаң қалдырып айнала салынды; бұл алаң қоғамдық жиындар орны ретінде немесе мал қамау үшін пайдаланылды. Тұрғын үйлер жартылай жертөлелермен жер бетіндегі үйлер болып бөлінеді. Жартылай жертөлелердің негізгі үш түрін атап өтуге болады, олар: тік бұрышты, сопақ және сегіздік тәрізді жертөлелер; бәрінің де дәліз сияқты шығар аузы болды. Қабырғаларды бойлай тік бағандар орнатылды, олардың арасына ортасынан жарылған ағаштар немесе шарбақ ұсталып, балшықпен сыланатын, сыртына күл себіліп, шым қаланатын болды. Тұрғын үйлердің аумағы 100 шаршы метрден 300—400 шаршы метрге дейін жетіп отырды. Орталық және Батыс Қазақстан аудандарында ағаштың болмауы себепті мұнда тұрғын үйлер салғанда тас көп қолданылды. Қабырғалардың ішкі жағынан тас қаланды, тастан қалап бөлме-бөлме етіп бөлінді (Атасу, Бұғылы-1, 2, Ақбауыр, Тастыбұтақ). Ал жер үстіндегі үйлердің қабырғалары бөренелерден жасалған тұрпайы қима үйлер болды. Ортаңғы қола дәуірінің соңғы кезеңінде тұрғын үйлер аумағы шағын, шаршы етіліп, жер үстіне, каркас негізді, төбесі шаршылы пирамида сияқты етіп салынды. Қабырғалар қазылып орнатылған бөренелерден емес, қатарластыра қойылған бөренелерден жасалды, сондықтан оларды тігу де, жығу да оңай болды.

Үйлердің төбесі қалай жабылғанын Ақсу-Аюлы, Дәндібай, Ортау тұрпатты бейіт құрылыстарының құрылымынан аңғаруға болады. Олардың төбелері қиыстырылып шығарылды немесе тақталар бірінің үстіне бірі сатылана салынып, сүйірлене көмкерілді, бірақ төбесі жайпақ үйлердің болуы да мүмкін еді.

Солтүстік және Шығыс Қазақстанда тіреме бағанды құрылымдар тұрғын үйлер мен қора-қопсылардың негізі болды. Олардың төбесі жайпақ немесе екі сайлы етіп жабылды. Құрылыста ағаш кеңінен қолданылды.

Үй-қоралардың жайғасуы, жер ошақтардың, шаруашылық ұралардың саны мен орны үйдің немесе оның жеке бөлігінің нақ неге арналуына байланысты болды. Арнайы бөлінген жерде металл қорытылып, құралдар жасалды. Кейбір үйлер қоғамдық жұмыстарға, жиындарға және діни ғұрыптарды орындауға арналды.

Қоныстарға жақын жерде рулық зираттар орналасты. Қабірлердің үсті айнала жалпасынан салынған немесе қырынан қойылған және қазылып орнатылған тақта тастардан тік бұрышталып, шаршыланып, дөңгелектеніп қоршалды, кейде обалар да етегінен тақта тастармен айнала көмкерілді, осындай тақта тастар лақыт шығарғанда да қолданылды. Оның ең көп тараған түрі тақта тастардан тігінен қойып жасалған немесе жалпағынан салып, ішке қарай ұмсындыра өріп жапқан тас жәшіктер болды.

**Үйдегі кәсіптер.** Мал шаруашылығы тамақ өнімдерін ғана емес, сонымен қатар киім мен аяқкиім тігілетін шикізаттар да берді.

Қола дәуірінде тоқыма кәсібінің болғанын қарапайым тоқыма станогінің ұршықбастарының, сүйектен, тастан, балшықтан жасалған шүйке орағыштардың, сондай-ақ қарапайым тоқыма станогінің арқауын тартатын сүйек жуалдыздардың табылуы дәлелдейді<sup>30</sup>. Жүн киімдер қойдың биязы жүні мен ешкінің түбітінен тоқылды.

Қола дәуіріндегі тайпалар кендірден, қара қурайдан, жабайы зығырдан



және қалақайдан иірілген өсімдік жіптерді де қолданды. Бұлардан шаруашылыққа қажетті арқан есілді, балық аулайтын ау тоқылды, киім тігілді.

Қабірлерден табылған аяқкиім қалдықтарына қарағанда, олар теріден тігілген, тақалары болмаған, тарамыс жіппен тігіліп, жіліншік тұсынан баумен тартылып байланған. Теріні ұқсату үшін ірі малдың жақ сүйектерінен жасалған ләкет пышақтар және қоныстардан жиі кездесетін тегістегіштер қолданылды.

Еркектер мен әйелдер басына жүннен тоқылған немесе теріден тігілген құлақшын киді. Сыртқы киімдер де жүн матадан тігілді. Олар, сірә, қос өңірлі немесе мойнында ойығы болып, сол жағынан бір түймемен қаусырылған болса керек<sup>31</sup>.

Әйелдердің киімі көйлек, құлақшын, тері аяқкиім болды. Әдетте жүн матадан тігілген көйлектің етегі тізеден төменірек түсіп тұрған. Жеңі ұзын болған. Жеңнің қайырмасына қатар-қатар моншақ тағылды. Белдемшенің алды белдігінен етегіне дейін бірнеше қатар ақ моншақтар тізбегімен сәнделді. Мата қызыл түстің әр түрлі реңімен — алқызыл, күлгін-қызыл бояумен боялды<sup>32</sup>.

Қабірлерден табылған көптеген сәндік заттарға қарап, әйелдер құлақтарына алтын қаптаған үлкен сырғалар мен бұрама самай сырға, мойнындағына өңіржиек немесе моншақ тізілген алқа таққан, қолдарына білезік, жүзік салған деуге болады. Киімнің жағасына әйнек моншақтар тіккен, кеуделеріне дөңгелек қапсырма таққан. Табан із, дөңгелек, ромб тәрізді, кейде өрнектелген салпыншақтар мен белдік құрсаушалар кеңінен тараған. Еркектер де, әйелдер де сәндік зат және бойтұмар есебінде қабыршақтарды, жыртықш аңдар мен үй жануарларының азуларын тағатын болған. Олардың кейбіреулері қызыл жосамен боялған.

Қоныстарды мекендеушілерде керамика ыдыстарын жасау ісі едәуір орын алды. Оның бәрі шаруашылық пен тұрмыста пайдалануға арналды. Қола дәуіріндегі құмырашылар көбінесе әйелдер болды.

Ыдыс-аяққа қарап, олардың жасалу техникасы туралы сөз етуге болады. Балшық өте мұқият тандап алынып, кейде ол бірнеше шақырым жерден әкелінген<sup>33</sup>, содан соң ұқсатылатын, атап айтқанда: мұздатылатын (қыстатылатын) немесе жаз бойы кептірілетін, одан кейін жібітіліп, иленетін болған<sup>34</sup>.

Ыдыстар қолмен жапсырылып жасалды. Ыдыстардың көпшілігі (қабырғалары тік немесе бүйірі сәл шығыңқы құты тәрізді) таспалық техникамен жасалған. Құмыраларды қалыпқа салып қалыптастыру әдісі болды; мұндай қалыптар ретінде жүн матадан тігіліп, ішіне ылғал құм толтырылған дорба пайдаланылды. Дорба тисті формаға келтірілді, оны айнала балшық жапсырылып, түбі бекітілді. Мұндай кесекке жұмыр тас тығылып, бүйірі шығарылатын болды. Сөйтіп, ыдыстардың бүйірі де, түбі де дөңгелек, мойыны әдетте тік жасалды. Ыдыстардың көбі су ақпайтын болу үшін күйдіруден бұрын, қызған сүйек тегістеуішпен немесе қыздырылған кішкене таспен тегістеген. Ыдыс жылтыратылғаннан кейін тегіс, тығыз болды, ал күйдірілген соң сұйық затты жақсы сақтайтын қасиет алды<sup>35</sup>. Ыдыстар, әдетте, өрнектелді. Өрнек күйдіруден бұрын шикі немесе төбарсыған балшықтың бетіне, алдын ала сызылған жобамен емес, көзбен мөлшерленіп салынды.

Ыдыс ашық ауада, көлеңкеде немесе желқуарлы үйде кептірілді. Кейде қабырғаларының жұқалау жерлері (қолмен жапсырғанда ондай болмай

қоймайды) қабырғалардың қалыңдау жерлері кепкенше ылғалды сақтау үшін уақытша сулы шүберекпен немесе шөппен жабылды<sup>36</sup>. Ыдыстар, сірә, ашық отта күйдірілген болса керек. Кептіру мен күйдіру кезінде ыдыстар шытынап кетпеуі үшін балшық майсыздандырылды, ол үшін үгітілген кварц, қабыршақ, құм, кейде күйдірілген балшық қосылды.

Ыдыстардың тұрпатын, жасалу техникасын және өрнегін салыстыра зерттеу қола дәуіріндегі мәдениеттің әрбір кезеңіне олардың белгілі бір түрі тән екенін анықтауға мүмкіндік берді.

Алдыңғы қола дәуірінде бүйірі тік немесе біраз шығыңқы, мойны ішке қайрылған, түбі жайпақ ыдыстар басым болды. Тісті немесе тегіс қалыппен түсірілген шырша өрнектері, шаршы, үш бұрышты, сопақша өрнектер, қисайта батырылған түтікшемен түсірілген «орақ тәрізді», тырнақпен түсірілген өрнектер көп тарады. Басқа өрнектермен қатар «меруерттер» — дөңгелек, томпақ өрнектер кездеседі. Ыдыстардың бүйірі мен түбі түгел өрнектеледі. Өрнек тік, көлденең, ирек сызықтардың, тік ирекшелердің, сызықшалармен толтырылған үш бұрыштардың қиюласуынан тұрады.


Ортаңғы қола дәуіріне тән құмыралардың түбі жайпақ келеді, иіні дөңгелетіліп немесе иініне мойны мен бүйірін бөліп тұратындай ойық жасалады. Өрнек тегіс немесе ұсақ тісті қалыппен түсіріледі. Бұл дәуірдегі ең көп кездесетін геометриялық өрнек — үш бұрыш, меандр, сынық, ирек сызық және осылардың әр түрлі қиюласуы. Тұрқы дөңгелетіле жасалған ыдыстардың көбінесе ернеуі, мойны, үстіңгі жағы өрнектеледі, ал иіні ойық ыдыстарда сурет үш жерге — мойнына, ортасынан жоғарырақ бөлігіне, түбіне жақындау жерге салынады. Кейде ыдыстың түбі өрнектеледі.

Соңғы қола дәуірін иіні дөңгелек, бүйірі азды-көпті шығыңқы құмыралар сипаттайды. Олардың ернеуіне қиғаш және айқыш-ұйқыш кертпелері бар балшық таспа жапсырылады. Кейде иініне өрнектің басқа түрлерімен қатар ирек сызық, қисық ойық, шырша, «меруерт» түрінде сурет салынады. Үстіңгі жағы сопақша ойықтармен өрнектелген немесе ешбір өрнексіз ыдыстар сирек болса да кездесіп қалады.

Қола дәуіріндегі ежелгі тайпалардың көркемдік талғамы мен мәдениеті туралы сәндік заттар мен өнер бұйымдарына қарап қорытынды жасауға болады. Ілуде бір болса да, «ан» стилінде жасалған заттар кездеседі. Олардың арасында Шағалалы мен Явленко-1 қоныстарынан табылғандарында жылқының жақ сүйегінен кесіліп жасалған жануарлар басының бейнелері бар. Шебер сүйектің табиғи түрін пайдаланған; ол сүйекті ойып, көз, құлақ шығарған; жақтың шетін кесіп тастап, тегістеп жылтыратқан. Әсем жануардың басын көрнекті етіп көрсету үшін осының өзі де жеткілікті болып шыққан.

Нұра өзенінің жағасынан табылған тас келсап барынша назар аударады, онда еркек адам басының мүсіндік бейнесі бар. Беті сопақ, сәл дөңестеу мұрны өте ұзын, танауы кең. Мандайы тар және қабақ сүйегі қалың, шығыңқы болғандықтан, тым төмендеу көрінеді. Мүсіннің стильдік суреттеуі тым өзгеше. Қасы, көзі, шықшыты самайдан тараған жатық, шығыңқы қырлармен бейнеленген. Ерні жұқа, ұзын, құлағы ірі, кішкене мұрты да болса керек, сақалы бетін, шығыңқы сүйір иегін жауып тұратын етіп салынған. Мүсіннің сырт жағында, шамасы көздің деңгейінде болар, астымен қатар шығыңқы қыр бар, ол мүсіннің бүкіл желке жағын орап тұр. Қырдың ортасынан төмен қарай жіңішке кескішпен тігінен қысқа сызық тартылған.

Қола дәуіріндегі тайпалар жауынгерлік қару жасай білді; ол қару үнемі



Қола дәуірінің алдыңғы кезеңіндегі Орталық Қазақстанның керамикалық ыдыстары.

жетілдіріліп отырды. Қару-жарактың көп жасалуы шаруашылықтың жана түріне — көшпелі мал шаруашылығына көше бастауға байланысты ежелгі қоғамның өмірінде соғыстардың рөлі күшейгенін көрсетеді. Қару-жарак жапырақ сияқты, жебеге кигізілетін ұңғыма жасалған қола ұшы бар жебелер болды. Қолма-қол шайқаста қола ұшы бар найзалар, күрзілер, дүмі шығыңқы балталар, шоттар қолданылды. Кейбір жауынгерлер қола қанжар асынды; қанжар жетесінің сүйек немесе ағаш сапқа кигізетін ұшы болды. Қола дәуірінің соңғы кезеңінде қалпақша түрінде жасалған немесе айқыш-ұйқыш тұтқа-тиегі бар, тұтас қола қанжарлар да пайда болды.

**Қоғамдық қатынастар.** Қазақстанда қола дәуіріндегі тайпалардың негізгі кәсібі бақташылық, мал шаруашылығы мен кетпенді егіншілік болды. Мал шаруашылығының дамуы қоғамның азық-түлікпен және тұтыну заттарымен көбірек қамтамасыз етілуіне, артық азық-түліктердің пайда болуына, айырбастың одан әрі өсіп, ұлғаюына, түптеп келгенде, байлықтың қорлана бастауына жеткізді.

Мал шаруашылығының жедел дамуы ең бірінші ірі қоғамдық еңбек бөлінісінің, халықтың басқа бұқарасынан бақташы тайпалардың бөлініп шығуының негізі болды. Қола дәуірінде егіншіліктің дамуында да өзгерістер болып өтті. Жер бұрынғыша кетпенмен өнделсе де, өнделетін жердің аумағы едәуір ұлғайды. Шаруашылықтың тұрпатындағы өзгерістер қоғамдық ұйымдағы өзгерістерге сөзсіз жеткізуге тиіс еді. Әлеуметтік және әскери-саяси құрылымдарда рулық-тайпалық бөлімшелер пайда болады.

Еркек-көсем, еркек-жауынгер, қоғамда, материалдық игіліктерді өндіруде үстем дәреже алды; ол рулық қауымның басшысы болды, туыстық әке жағынан есептеле бастады. Бұл дәуірде патриархаттық қатынастардың болғанын растайтын археологиялық дәлелдердің бірі — андроновтық ескерткіштердегі қос табыттар; онда күйеуінің моласына кейін әйелін жерлейтін болған. Қола дәуіріндегі жерлеу ғұрпына тән нәрсе — өліктің сол жақ немесе оң жақ бүйірімен бүктетіліп, басын батысқа қаратып жатқызылуы.

Патриархаттық әулеттік қауым өзінің дамуында бірнеше кезеңнен өтті. Алғашқы түрінде ол өзінің алдындағы матриархаттық әулеттің көп белгілерін: өндіріс құрал-жабдықтары және тұрмыстық мәселелерді шешуде қоғамның барлық ересек мүшелерінің теңдігін, қауым басшысының беделіне өз еркімен бағынуды мұра етіп алған еді. Мұндай қауымның негізі, бұрынғы сияқты, жұп отбасы болды, мұның өзі ерлі-зайыптылар байланысының берік болмауымен және ортақ балаларды иемденуге еркектер мен әйелдер құқықтарының теңдігімен сипатталады.

Ерте кездегі патриархаттық әулеттік қауымдар әке жағынан туыс адамдардың төрт-бес ұрпағынан құралды және аумағы 200 шаршы метрдей немесе одан да кең үлкен үйлерде бірге тұрды. Әрбір патриархаттық-рулық қоныс осындай бірнеше үйлерден құралды.

Әлеуметтік қауым отбасылық-өндірістік ұжым болды, ал ұжымдық еңбек тұсында өндіріс құрал-жабдықтары мен өндіріс өнімдеріне ортақ меншік болған еді. Кейін келе, әсіресе соңғы қола дәуірінде, кейбір күшейген патриархаттық әулеттік қауымдар барған сайын оқшаулануға тырысты; мұның өзі келе-келе алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауына, отбасылық меншіктің шығуына әкеліп соқты.

Солтүстік Қазақстандағы қоныстарды қоршай жасалған дуалдар мен орлар түріндегі қорғаныс бекіністері қола дәуірінің ортаңғы кезеңінде,

тайпалар арасындағы қақтығыстар күшейген дәуірде пайда болған. Сондай-ақ қоныстар мен қорымдардан табылған жебелердің қола және сүйек ұштары да тайпалардың арасындағы қақтығыстарды көрсетеді. Жебе ұшы бір жолы (Шығыс Қазақстан) тізенің ұршығына, тағы бір жолы (Орталық Қазақстан) адам қаңқасының жамбас сүйегіне қадалып тұрған жерінен табылды.

Қола дәуірінің соңғы кезеңінде рудың ыдырауы және одан жеке отбасы шаруашылықтардың бөлініп шығуы нәтижесінде үйлер өзгереді. Олар бітеу қабырғалармен дербес отбасыларына арналған бөлімдерге бөлінген. Мәселен, Батыс Қазақстандағы Алексеевка қонысында жертөлелердің бірі бір-біріне ұқсас екі бөлімге бөлінген; екеуінің де от жағатын, тамақ пісіретін бөлек жер ошақтары, жер ошақ жанында қойма-ұралары бар<sup>37</sup>. Нақ сол жерден көсемнің белгісі жақсы тегістелген тас күрзі табылды.

Рулық құрылыстың ыдырағанын және мүлік теңсіздігінің пайда болғанын қорымдардың материалдары да көрсетеді. Қазақстанның қола дәуіріндегі қорымдардың бәрінде қауымның қатардағы мүшелерінің жұпыны қабірлерімен қатар бай қабірлер де кездеседі. Кедейлердің қабірлері қабірдің қарапайым жасалынуымен және жерлеу заттарының жұпынылығымен ерекшеленеді. Байлардың қабірлерінен алтын және қола заттар, шебер өрнектелген қыш ыдыстар табылды. Мұндай молалардағы тас жәшіктердің тақталары шеберлікпен жасалған, бір-бірімен жақсы қиюластырылған, жәшіктердің көлемі де үлкен. Әулет басшыларының, ру мен тайпа көсемдерінің қабірлері үстіне биік етіп топырақ оба үйілген немесе үлкен-үлкен гранит тақталардан қоршау жасалған.

Мал санының өсуімен қатар азық-түлік өнімдері мен шикізат — сүт, ет, тері, жүн, ешкі түбіті көбейді. Бірсыпыра артық азық-түлік болды, олардан қор жасауға және айырбастауға жағдай туды. Қола дәуірінің алдыңғы сатыларында заттай айырбас бір тайпаға жататын қауымдардың арасында жүргізілді және кездейсоқ сипатта болды.

Айырбас соңғы қола дәуірі кезеңінде кең өріс алды. Көптеген мыс, қалайы құймалары кен орындары бар жерлерден бұлар жоқ жерлерге апарылды. Трушниково селосы жанындағы қоныста меруертті қабыршақтың табылуы көршілерімен ғана емес, алыстағы тайпалармен де айырбас жасалғанын көрсетеді. Айырбастың, әсіресе жеке тайпалар арасындағы айырбастың дамып, ұлғаюына жылқыны мініске үйретудің, оны көлік ретінде пайдаланудың едәуір маңызы болды.

**Діни нанымдар мен табынушылықтар.** Қола дәуіріндегі тайпалардың тұрмысы мен әл-ауқаты түгелдей табиғатқа тәуелді болды, сондықтан адам табиғат күшін күдірет деп білді. Бұл ең алдымен күн, от, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі болды. Күн мен от жылылық береді — мұның бәрі қайырымды, күдіретті рухтармен байланыстырылды. Күн тәңірісінің белгілерін сәндік заттардан — бір ортадан жан-жаққа тарайтын шұғыла түріндегі өрнегі бар қаптырмалардан, қыш ыдыстардағы меандрлардан көруге болады.

Қола дәуіріндегі тайпалар отқа табынған; мұны сол дәуірде кең тараған өлікті өртеу ғұрпы көрсетеді. Қола дәуірінің түрлі кезеңдеріндегі қабірлерде өртенген сүйектердің қалдықтары кездесті. Ежелгі адамдардың ұғымынша, от денені жамандықтардан тазартады және өлген адамды зұлым рухтардан қорғады.

Кейде өлік қойылған қабірлерде күл мен көмірдің қалдықтары кездеседі, мұны да отқа табынушылықпен байланыстыруға болады. Қола дәуірінде өлікке қызыл жоса себілетін немесе молаға бір түйір қызыл жоса салынатын жерлеу ғұрпы кеңінен қолданылды. Ежелгі адамдардың санасында қызыл түс отты білдірді және күнмен қатар оттың құдіретті күші, зұлым рухтардан қорғайтын қасиеті бар деп есептеледі. Сонымен бірге қызыл бояу қанның белгісі болды; қан да киелі күш деп есептелді<sup>38</sup>.

Қола дәуірінің соңғы кезеңінде шаруашылықтың жаңа түрі — көшпелі мал шаруашылығының дамуына байланысты күнге табынумен бірге ай мен жұлдыздарға табыну пайда болды, өйткені көшпелілер түнде көшкенде соларға қарап бағыт ұстайтын болды.

Қола дәуірінің тайпаларында ата-бабаларына сиыну және о дүниеге сену кеңінен тарады. Олар бабалар аруағының желеп-жебеуіне жетуге тырысты, ол көмектеседі, қамқор болып қорғайды деп сенетін, сонымен бірге олардан қорқатын да еді<sup>39</sup>. Сондықтан қола дәуірінің тайпалары өлген адамды о дүниеде қажет болады деп тамақпен, киіммен, еңбек құралдарымен, қарумен, сәндік заттармен мүмкіндігінше жақсылап жабдықтауға тырысты. Оған үйге ұқсас бейіт салды, біраз уақыт өткен соң оған қосымша тамақ әкеліп, жәшіктің жанына, қоршау тақталардың түбіне немесе обаның топырағына көмді; мұның өзі, сірә, бұл кезде бата қылу ғұрпының пайда болғанын көрсететін болу керек.

Сол кезде өтуге болмайтын әр түрлі шарбақтар, қоршаулар пайда болды. Екінші-малшылар оларды әуелі мал қамау үшін, егінді жабайы және үй жануарларынан қорғау үшін салды, ал кейін өлген адамның шығып кетпеуі үшін моланы да айнала қоршайтын болды.

Қола дәуірінде құрбан шалу ғұрпы пайда болды. Қоныстардың қасында құрбан шалатын арнайы орындар болды. Олар таспен қоршалған дөңгелек алаң немесе топырақ үйілген төбешік еді. Ғұрып орындарын қазғанда күйген дәннің қалдықтары, астық түйгіштер, хайуандардың сүйектері, күлдің орны, ыдыс-аяқтың, келсаптардың сынықтары шықты. Құрбан шалатын екі орынды зерттегенде руда ұсақтайтын тас құралдар да табылды.

Қола дәуірінде күнге, отқа, айға, жұлдыздарға, сондай-ақ қорғаушы рухтарға арнап құрбан шалынды. Петровка-2 қонысында қорғаныс орларына салынған өткелдің қасында оттың, мал қаңқалары мен бас сүйектерінің қалдықтары бар шұңқыр табылды, ал ордың арнаулы тарамында құрбан шалатын орын сақталған, одан үш ыдыс, сиырдың жақ сүйектері, қойдың бас сүйектері мен сирақ сүйектері шықты.

Қола дәуірінің әр түрлі кезеңдеріндегі қабірлерде жыртқыш аңның (қасқырдың, түлкінің) және үй хайуанының (иттің, жылқының) тістері кездесті; олар тек сәндік заттар ғана болып қоймаған, сірә, олар киелі деп есептелген, адамды зұлым рухтардан қорғайтын және өз күшінің біразын адамға беретін амулет, «бойтұмарлар» деп саналған болса керек.

Қола дәуірінің алдыңғы кезеңінде адам өзін рулық қауымның бөлінбес бөлігі деп сезінген және рудан тыс өмір сүремін деп ойламаған. Соңғы қола дәуірінде, яғни алғашқы қауымдық құрылыс ыдыраған дәуірде, мүлік теңсіздігі пайда болған кезде көп тайпаларда тайпа, ру көсемдерінің немесе

бай отбасыларының иемденген малы мен еңбек құралдарына тиюге тыйым салу, оларды «киелі» деп білу әдеті шықты.

Адамның ой өрісінің дамуы оның өзі туралы және табиғат туралы ұғымының күрделенуіне, діни дүниетанымының пайда болуына әкеліп соқты.

### 3. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАЙПАЛАРЫ

Шүйгін жайылымдар мен рудалы кен орындарының көптігі арқасында Орталық Қазақстан ежелгі замандағы мал шаруашылығы, кен кәсібі мен металлургия дамыған ірі аймаққа, андронов мәдениетінің негізгі орталықтарының біріне айналды. Мал шаруашылығы мен металлургия және бұлармен бірге бақша егіншілігі арқасында Орталық Қазақстанды мекендеуші ежелгі адамдардың материалдық және рухани мәдениеті жоғары деңгейде болды.

Қазақтың ұсақ шоқылығының байтақ жерін мекендеген тайпалар тұрғын үйлер мен қора-қопсылардың қалдықтары бар қоныстар, бейіт құрылыстары мен көне рудниктер, жартастағы суреттер мен құрбан шалу орындары сияқты көптеген ескерткіштер қалдырды.


Қола дәуіріндегі ескерткіштердің тараған батыс шегі Жезқазған – Ұлытау – Арғанаты – Терісаққан өзеңінің жоғарғы бойлығы арқылы өтеді. Жезқазғанда бұл мәдениет көптеген кен орындарымен көрінеді, олардың ішіндегі ең ірілері Кресто, Петро, Златоуст, Милықұдық болды. Солтүстігінде бұл шекара Есіл мен Тобыл өзендерінің аңғарына дейін, шығысында Ертістің сол жағасы мен Шыңғыс жотасына дейін барады, ал оңтүстікте бұл мәдениеттің ошақтары Бетпақдала шөлінің солтүстік шетінен Жетіқоңыр өңірінен, Тайатқан, Шұнақ тауларынан, Батпақсу мен Шажағай өзендерінің алқаптарынан мәлім.

Бұл кең-байтақ аумақты қола дәуіріндегі тайпалар әр келкі мекендеді. Ол кездегі неғұрлым игерілген өңірлер Нұра, Шерубай-Нұра, Атасу және Талды-Нұра өзендері мен олардың көптеген салаларының аңғарлары, Бұғылы, Бегазы, Қызыларай, Кент, Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау жоталарының аралығындағы жазықтар және басқалары болды.

Орталық Қазақстандағы андроновтық қорымдардың көпшілігі осы мәдениеттің басқа аудандардағы ескерткіштермен салыстырғанда құрылымының күрделілігімен, көрнектілігімен, бейіт құрылыстарын салудың жоғары техникасымен көзге түседі. Ертедегі шеберлер мөлшері жағынан орасан зор тас қоршаулар мен лақыттар салды. Тұрғындар діни құрылыстарды салуда да құрылыс ісінен тәжірибе жинақтап, дәстүрге ие болды.

Қазіргі уақытта Орталық Қазақстанда қола дәуірінің 50-ге жуық қонысы мен 150 ірі қорымы табылды. Қазба ісі 40 қорым мен 10 қоныста жүргізілді.

Орталық Қазақстандағы андронов мәдениеті тайпалары өз дамуында бірінен соң бірі келетін екі кезеңнен өтті: оның алдыңғысы – Нұра кезеңі, ортаңғысы – Атасу кезеңі (Нұра, Атасу өзендеріне қарай алынған шартты атаулар). Соңғы қола дәуірінде (б. з. б. X–VIII ғасырлар) олар андронов мәдениетімен салыстырғанда анағұрлым жоғары, көрнекті Дөңдібай-Бегазы мәдениетін құрды (Қарағанды қаласы маңындағы Дөңдібай аулында және солтүстік Балқаш өңіріндегі Бегазы қойнауы-



Оюланған сүйек бұйымдары. Мыржық қонысы. Қола дәуірі. Орталық Қазақстан.



нда қола ескерткіштерінің алғашқы қазылған жеріне қарай осылай аталған)<sup>40</sup>.

**Алдыңғы қола мәдениеті.** Мәдениеттің алдыңғы, Нұра кезеңі әзірше толық зерттелмеген, бейіт құрылыстарының материалдары бойынша ғана мәлім.

Нұра кезеңінің тайпаларына өлікті өртеп жерлеу ғұрпы тән. Өлік қазылып қойған молаға жақын жерде өртеліп, одан соң күлі молаға қойылған, ал өртелген жерге тас тақталар үйілген.

Бұл замандағы тайпалардың өлікті жерлеуінде оны өртеу негізгі ғұрып болғанымен, бірден-бір ғұрып болған жоқ. Өлікті молаға салу ғұрпы да болды, ол әсіресе Қазақстан қоласының Атасу кезеңінде ерекше кеңінен тарады.


Нұра кезеңіндегі қорымдардың аумағы онша үлкен емес, әдетте ол аласа төмпешік болды, оны айнала тігінен орнатылған немесе жалпағынан салынған тақта тастардан дөңгелетіп немесе тік бұрышты етіп қоршайтын болды. Қабір қоршаудың ішінен қазылды. Өлік қабырғалары жалпағынан салынған тақта тастармен шегенделген лақытқа, тас жәшіктерге салынып, тік бұрышты етіп қазылған қабірлерге көмілді. Жерлеу ғұрпы жасалғаннан кейін лақыттар тас тақталармен жабылды.

Нұра кезеңіндегі тайпалардың мәдениетін қыш ыдыстар ерекше айқын сипаттайды. Ыдыстардың дені ернеуінің жиегі сыртқа қарай иіліп, мойны мен бүйірі иіліп барып жалғасатын құмыралар болып келеді. Түбі жайпак, кейде шығыңқы, сүйір болады. Бұл ыдыстар вазаға ұқсас. Ыдыстардың көбінің көлемі мен сыйымдылығы бірдей. Олар үш бұрыштардың, меандрлардың, қатарлас каннелюрлердің қиюласуы түрінде ернеуінен орта беліне дейін салынады, кейде ыдыстың түп жағы да сәнделеді. Өрнек тарақ тәрізді және тегіс қалыппен түсірілген. Нұра заманындағы бейіттерде қола бұйымдар біршама аз табылған.

Қорымдардың дені Бұғылы-1, Ақсу-Аюлы-1 қорымдары секілді болып келеді. Оның бірнеше қоршаудан тұратын біріншісі Шерубай-Нұра өзені алқабының батыс жағында, Бұғылы тауының етегінде орналасқан. Бұғылы-1 қорымында қазылып ашылған дөңгелек және тік бұрышты қоршауларда тік бұрышты қабірлер болды; кейде олар жалпағынан салынған тақта тастармен шегенделген (цисталар). Бейіттегілердің көпшілігі өлікті өртеу ғұрпы бойынша жерленген. Лақыттарда мол өрнектелген бір-екі қыш ыдыс табылды, олардың кейбіреуінің түбі вазаның түбіндей әсем, бұлармен бірге балшық ұршықбас, дөңгелек қола айна, қола моншақтар мен тізбектер шықты. Молалардан және олардың жанынан үй жануарларының (жылқының, қойдың) — батаға сойылған малдың сүйектері табылды.

Ақсу-Аюлы-1 қорымы өзі аттас өзеннің оң жақтағы биік жағалауына орналасқан. Қорымның орта шенінде жағаны бойлай қатарласқан сегіз оба тобы ерекше көзге түседі. Үйілген топырақ астынан жалпағынан салынған тақта тастардан дөңгелете қаланған қоршаулар шықты. Қоршаулардың ішіндегі шұңқырларға тік бұрышты цисталар қаланған, олардың бұрышында әдетте адамның қураған сүйектері мен екі-үш қыш ыдыс жатады.

Нұра кезеңінің соңына таман өлікті жерлеу ғұрпы оны өртеу ғұрпын бірте-бірте ығыстыра бастайды. Бұл бірсыпыра ескерткіштерден, мәселен, Орталық Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарындағы ескерткіштерден көрінеді; бұларда жерлеу ғұрпы аралас: өлік өртеу де, өлікті жерлеу де кездеседі, оның үстіне өлікті көміп жерлеу басымырақ.



Қыш шөміштер мен металл қорытатын ыдыс сынықтары. Қола дәуірі. Орталық Қазақстан. Атасу қонысы.

Тік бұрышты шұңқырлардан нұралық тұрпатты қыш ыдыстар табылды. Бітімі жаңа ыдыстар — Солтүстік және Батыс Қазақстандағы көрші тайпалардың ыдыстарына ұқсас иіні ойық ыдыстар шығады. Кейін мұндай үлгідегі ыдыстар Орталық Қазақстанда да басым бола бастайды.

Атасу кезеңіндегі андронов тұрғындарының мәдениеті — адыңғы қола мәдениетінің жалғасы мен табиғи дамуы. Сонымен бірге бұл — қоғамның, оның экономикасы мен мәдениетінің дамуындағы жаңа, неғұрлым жоғары кезең; бұл кезең қола дәуірінің дамыған ортаңғы кезеңіне жатады<sup>41</sup>.

Шаруашылық жағынан алғанда бұл кезең мал өсірудің бұрынғыдан гөрі кеңірек таралуымен және кетпенмен өндейтін егіншілік көлемінің өсуімен сипатталады. Қорымдар мен қоныстардағы мал сүйектерінің қалдықтары Атасу заманындағы тұрғындардың өсірген мал түліктері туралы түсінік береді. Мұнда сиыр мен қой-ешкі, жылқы үлкен рөл атқарды. Бұл кезеңде жылқы мен қойдың шаруашылық маңызы артады.

Малдың көбеюі және халықтың өсуі шөлейт жерлерді шаруашылық жағынан игеруге итермеледі. Тайпалардың бір бөлігі өзен алқаптарын тастап, шөлдер мен шөлейттердің оазистеріне ауысты; онда сумен жабдықталудың бірден-бір көзі құдықтар болды.

Кен жұмыстарының көлемі өсті, мыс пен қалайы табу, демек, өндіру артты. Мыс пен қоладан еңбек құралдарын, тұрмыстық және сәндік заттар жасау едәуір ұлғайды.

Мыс пен қола металлургиясының, бақташылық мал шаруашылығының дамуы шаруашылықтың мамандануына және бірқатар әлеуметтік өзгерістерге жеткізді.

Атасулық андроновтық тайпаларда жерлеу ғұрпы тұрақты сипат алды. Өлгендер жерленгенде бүктетіліп, көбінесе сол қырынан жатқызылды, қолдары қусырылды, басы батысқа қаратылып, кейде аздап солтүстікке немесе оңтүстікке бейімденкірей жатқызылды. Оның үстіне, Нұра кезеңінің мұрасы ретінде әлі қолданылып келе жатқан қазулы шұңқырмен және цисталармен қатар, тік бұрыш бітімді тас жәшіктер тарады; ол жәшіктер шомбал, жалпақ төрт тақта тастан құралып, қабір шұңқырының төрт жағынан қойылды.

Атасу кезеңінде иіні дөңестеліп иілген ыдыстар сақталды, бірақ мойыны мен бүйірінің арасы ойық құмыралар, қарапайым құты сияқты ыдыстар, аралық түрлер басым болды.

Иіні дөңестеліп иілетін көзелер бұрынғы әсем көрнекілігінен айрылады, олардың биікше, жіңішке түбі жоғалады, өрнектер үш қатарға — ыдыстың мойнына, бүйірінің жоғарғы бөлігіне және түбіне салынады. Әрбір қатарда өрнекті орналастыру дәстүрі қалыптасады. Мойнына көбірек салынатын сурет тік бұрышты немесе тең қабырғалы үш бұрыштардан ұшы жоғары қаратылып тізілген тізбектер болып келеді. Кейде үш бұрыштардың орнына ромбылар, сынық сызықтар және басқалар салынады. Өрнектердің екінші қатары үш бұрышты фестондардан, меандрлардан, қатарлас каннелюрлерден құралады. Бұл өрнектер қиюласып, кілемнің ою-өрнегіндей болып шығады. Түпкі қатар ұшы жоғары қаратылған үш бұрыштар немесе белдеулей сызылған қатар сызықтармен әсемделеді. Иіні дөңестеліп немесе ойықталып жасалатын ыдыстарда ғана өрнек көп кездеседі. Қарапайым құты тәрізді ыдыста күрделі меандрлы немесе фестонды сурет болмайды және онда өрнекті белдеулер салынуы көп кездеспейді. Ондай ыдыстың ернеуі мен

мойны ғана ірі үш бұрыштармен, қатарлас сызықтармен, кейде шырша өрнекпен сәнделеді. Солтүстік және Батыс Қазақстаннан — Орталық Қазақстандағы ыдыстардың мойнында меандрлы фигуралардан жасалған өздерінің дәстүрлі айырмашылығы өрнегі болады.

Атасу заманында қола құю өнері жоғары дәрежеде кемеліне жеткен. Табылған бұйымдардың бәрі соғу, құю, ою және қақтау арқылы жасалған. Көне замандағы шеберлер қалақ түріндегі қанжарларды, жебелердің қос қанатты, жалпақша ұштарын, екі ұшы сүйір моншақтарды, дөңгелек және тік бұрышты айналарды құйды. Соғу, қысып өрнектеу мен қақтау төрт қырлы біздерді, инелерді, білезіктерді, алуан түрлі алқаларды, мүсінді тоғаларды және басқаларды жасағанда қолданылды.

Ол замандағы қорымдардың көбі Атасу өзенінің алқабындағы қорымдар тобына ұқсас. Бұлардың ең ірілері — Дарат, Саңғыру, Мыржық, Ақсай, Телжан, Қосағал және әсіресе Ұйтас (Қараөзек) қорымдары.

Мейлінше алуан түрлі бейіт құрылыстары жер бетінен 20—50 см сыртқа шығып тұратын көлемді тақта тастармен белгіленген. Оларда қосарлы және екі қабатты жәшіктерге қойылған көп лақытты әулеттік-патриархаттық үлкен қабірлердің саны көбейген. Қоршаулардың бәрінде дерлік лақыт жәшіктері екі-төрт гранит тақтамен жабылған. Негізгі ғұрып — өлікті өртемей жерлеу. Дегенмен, Атасу заманындағы басқа ескерткіштердегі сияқты, мұнда да өлікті өртеу кездеседі.

Қорымдардан көптеген қыш ыдыстар, бұраңды бұрамалары түйісіп келетін қола білезіктер, самайға тағылатын алтын жалатылған сырғалар, қола тізбектер, алқалар және палеометалдан жасалған басқа да бұйымдар, ұнтақтан қатырылған, меруерттен, тастан жасалған моншақтары бар алқалар, тесіп ілінетін жыртқыш азулары мен қабыршақтар жиналды.

Орталық Қазақстанда Атасу кезеңінің ескерткіштері көп, олар: Қонырат ауданындағы Былқылдақ, Қарасай, Темірастау, Қарабие қорымдары, Шерубай-Нұра өзені алқабындағы Басбалдақ, Ақсу-Аюлы-1 қорымдары, Бетпақдаланың солтүстік шетіндегі Елшібек, Бәласар қорымдары және басқалар.

Құрбан шалынатын орындар да Орталық Қазақстандағы (Атасу өзені алқабының таулы жерлеріндегі, Нұра, Қарасу, Жарлы, Ақбілек өзендерінің алқаптарындағы) дамыған қоланың өзінше бір үлгідегі ескерткіштері болып табылады. Олар әр уақытта жазық жерде, маңайына қарағанда дөңестеу, қоныстар мен қорымдардан оңашалау жерде орналасады. Көбінесе бұл құрылыстар сопақ немесе онша дөңгелек емес түрдегі жалпағынан салынған сегіз-тоғыз шомбал тастан құралады.

Құрбан шалу алаңдарында табылған заттар құрбан шалудың тек діни ұғыммен ғана емес, сонымен қатар өндірістік үрдіспен де едәуір байланысты болғанын көрсетеді. Оларды қазғанда еңбек құралдары — тас кетпендер, қол диірмендер, астық түйгіштер табылды. Боксайдағы (Атасу өзені) ғұрып орындарында ағаш көмірі мен күлдің қалың қабаты, сондай-ақ қалыңдығы 40 сантиметрдей органикалық қалдықтар табылды (сірә, сүттен жасалған тамақтың қалдықтары болар).

Нұра өзеніндегі (Бесоба ауылы, Жамантас қойнауы) құрбан шалу алаңында кварцты құм қосып, алебастрдан жасалған екі мүсін табылды; бірі — добал орақ сияқты, екіншісі — параболалық үш бұрыш тәрізді. Бұлардың екеуі де, тегінде, еңбек құралдарын бейнелесе керек. Мұнда сонымен қатар

ұзыншалау тас келсап, түбі жайпақ ыдыстар керамикасының фрагменттері болды.

Дамыған қола дәуіріндегі Орталық Қазақстан тұрғындарының шаруашылығы мен тұрмысын қоныстардан табылған археологиялық заттарға қарап топшылауға әбден болады; мұндай қоныстар әдетте тау қойнауларында немесе даладағы өзендер мен көлдердің үскірік пен аңызак соқпайтын жағаларында орналасқан.

Тұрғын үйлер мен қора-қопсылар тобы (10 және одан көбірек, кейде 80-ге дейін, Бұғылы-1) ортада ашық ішкі алаң қалдырылып айнала салынған; ол алаң мал қамауға арналған. Кейініректегі үй-жайлар ішкі аланды айнала салынған орталық құрылыстар тобынан тысқары тұрғызылған.

Әдетте, құрылыстың негізі қазылған шұңқыр болды. Оның қабырғалары көлденең қаланған таспен бекітілді немесе қырынан қойылған тақта тастармен қапталды.

Қоныстардың қалай орналасқанын, тұрғын үйлердің безендірілуін Атасуға құятын тау өзені Мыңбасайдың алқабындағы қоныстың қазылған орнына қарап білуге болады. Атасу қонысы дөңес алаңға орналасқан және ол шет-шеттерінен тақта тастар көрініп тұрған бірнеше тайыз апандар болып табылады. Ауданы 15 мың шаршы метрге жететін бұл жерге 35 тұрғын үй мен қора-қопсы орналасқан. Жеке үйлер жіңішке ұзын жолдар арқылы жалғасқан, әрқайсысында үлкен күлшұңқыр болған, онда күл мен қой-ешкі сүйектері жиналған. Әр үйдегі үлкен күлшұңқырлар қоныстың ұзақ уақыт болғанын дәлелдейді.

Қоныс орнын қазғанда бір тұрғын үй, мыс рудасын қорытатын бір шеберхана, екі күлшұңқыр шықты. Адам тұратын жартылай жертөле тік бұрышты, аумағы 13x12 м. Онда екі мәдени қабат олардың ортасындағы өрт ізі бар қабат сақталыпты. Үйдің солтүстік бұрышымен іргелес кішкене үш жертөле бар; олар дәліз арқылы жалғасқан. Жаппаның тіреуіші ретінде ағаш бағандар пайдаланылған; бұлар әрі үйді екі бөлмеге бөлетін қабырға болған: бөлмелердің біреуінде адамдар тұрған, екіншісінде мал ұсталған. Адам тұратын бөлменің жер едені тегіс, құмды-балшықпен тапталған және беті балшықпен сыланған. Қора-жайдың жер едені едәуір төмен, онда шіріген көң қадықтарының қабаты сақталған.

Тұрғын үйдің солтүстік-шығыс бұрышында гранит тақталардан қаланған ұзындығы 4 метр, көлденеңі 1 метр ошақ табылды; оның арнайы бөлінген үш бөлімшесі бар. Ошақтың бір тармағы, ең үлкені, үйді жылытқан; екіншісінде тамақ пісірілген, үшіншісі қорыту пешінің рөлін атқарған. Ошақта 5 килограмдай мыс құймасы, мыс шлагы, тас және қыш ожаулар мен шөміштердің сынықтары, құю қалыбы жатыр. Мұнда руда ұсақтайтын тас құралдар, балғалар, келсаптар, тоқпақшалар, дәнүккіштер, керамикалық бұйымдарды тегістейтін қалақтар, тас кетпендер табылды.

Атасу қонысының тұрғындары ыдыстың түрлі үлгілерін — тамақ пісіретін өрнексіз долбарлы керамиканы және тамақ ішетін, геометриялық өрнектермен сәнделген ыдыстарды жасай білген. Өрнектер көбіне тегіс қалыппен түсірілген, бірақ тарақ тәрізді қалыппен түсірілген өрнектер де аз емес.

Шаруашылық пен тұрмыста қола құралдармен қатар сүйектен жасалған тескіш, біз, теріні өңдеу үшін жылқының жағынан жасалған лөкет пышақ сияқты құралдар да қолданылған. Ірі малдың жілігінен жасалған шүйке орағыштың табылуы жүнді ұқсатып, дөрекі мата тоқи білгендікті көрсетеді.

Жүгеннің мүйіз сулықтары жылқының көлік ретінде пайдаланылғандығын дәлелдейді.

Руда қорығатын шеберхана жерді қазып салынған қаңқалы үй болды; төбесі, сірә, шошақ болса керек; ортада көрігі бар пеш тұрған. Үйдің ішіндегі және маңындағы отынның, шлақтың, таттанған руда түйірлерінің қалдықтарынан тұтасқан қалың қабат шеберхананың ұзақ уақыт жұмыс істегенін көрсетеді.

Жамбай-Қарасу, Бұғылы-1, 2 және басқа қоныстар андронов мәдениетінің атасулық дәуіріндегі соңғы кезеңге жатады.

Бұғылы (Шопа өзенінің алқабы) тұрғын үйлері мен қора-қопсыларының орналасуы, салыну әдістері, сондай-ақ материалдық мәдениеттің бүкіл бейнесі Атасу қоныстарындағыға ұқсас. Тұрғын үйлер тік бұрышты, бірақ Атасу қоныстарындағыдан ерекшелігі — олардан көлемі анағұрлым кіші. Үйлер жердің бетіне салынған, қабырғалары — жалпағынан қаланған тас блоктар; бұлардың сыртқы жағынан да, ішкі жағынан да тігінен қойылған тақта тастармен қапталған. Қалаудың ішкі жағынан ағаш жақтау салынған; бөренелерден құрастырылған күрке тәрізді шатыр осыған тіреледі. Шатырдың биік қыры тік қазылып орнатылған бірқатар бағандармен тірелген. Бүкіл құрылыс буылған қамыспен және бұтамен жабылған. Мұндай үйдегі тас блоктардан жасалған аласа қабырғалар қатты желден, жаңбырдан, қардан пана болды. Тұрғын үйлердің сыртқы түрі көбіне көшпелі малшылардың жылы киіз үйлеріне ұқсас.

**Дәндібай-Бегазы мәдениеті.** Дәндібай-Бегазы заманындағы (б. з. б. X—VIII ғасырлар) тайпалар мәдениетінің дамуы бірінен кейін бірі келетін үш кезеңге: өтпелі, дамыған және соңғы кезеңдерге бөлінеді.

Атасу заманынан Дәндібай-Бегазы заманына дейінгі өтпелі кезең Атасу өзенінен Ертіске дейінгі байтақ далада таралған көптеген ескерткіштермен сипатталады. Олардың қатарына Ақсу-Аюлы-2, Ортау-2, Байбала-2, Бесоба, Бұғылы-3 кешендері жатады. Бұл ескерткіштерге, бір жағынан, андроновтық дәстүрлердің сақталуы, екінші жағынан, мәдениеттің жаңа элементтерінің: тұрпаты ерекше бейіт тамдардың, жатаған, домалақ ыдыстардың пайда болуы тән. Жерлеу ғұрпы да андронов мәдениетіне тән емес. Әдеттегі бүктетілген қаңқалармен қатар аяқтарын созып, шалқасынан жатқызылған қаңқалар да кездеседі. Мұндай жерлеу ғұрпы кейінгі, ерте темір дәуірінде Қазақстан аумағында тұрған малшы тайпаларда кеңінен тараған.

Соңғы қола дәуірінің өтпелі кезеңін, яғни алдыңғы Бегазы дәуірін Ақсу-Аюлы-2 (Қарағанды қаласының оңтүстігіне таман) жерлеу кешені бәрінен де гөрі толық сипаттайды. Бұл кешен біріне-бірі ұқсас төбешік обалардан құралған; обалардың етегі қырынан қазылып орнатылған ірі гранит тақталармен айнала белдеуленген. Бұлар патриархаттық-әлеуметтік қауымдардың рулық бейіттері емес, патриархаттық-рулық қоғамның неғұрлым көрнекті мүшелерінің қабірлері. Ішкі құрылыстары ауқымды мұндай бейіттер тұрпатының пайда болуы соңғы андронов дәуірінде (б. з. б. XIII—XI ғасырлар) мүлік теңсіздігінің шығуы нәтижесінде Орталық Қазақстан тайпаларында байқалған өндірістерді көрсетеді.

Ақсу-Аюлы-2 кешеніндегі ең үлкен обаның биіктігі 2 метр, диаметрі 30 метр. Үйіндінің астынан бір-біріне жалғасқан төрт тас құрылыс : үш қоршау және үлкен-үлкен төрт тақта тастан жасалған шомбал тас жәшік шықты. Бірінші, сыртқы қоршау қырынан қазылып орнатылған ірі гранит тақ-

талардан құралыпты. Екінші қоршау әдейі іріктелген тік бұрышты тақталардан көлденең қалау техникасы арқылы салынған. Қалау сол кездегі жердің бетінен басталыпты. Дуалдардың төменгі жағы тіп-тік, ал жоғарғы жағы аздап ішке қарай иілген. Бұл — соңғы қола дәуіріндегі құрылыс техникасына тән әдіс; мұнда артылта қалау арқылы жалған күмбез жасау шешімінің бастамасы көрінеді. Үшінші кіші қоршау екіншісіне жалғастырылған. Ол тік бұрышты түрде салыныпты, бұрыштары иілген. Екінші қоршау сияқты, бұл қоршау да эллипс бітімдес. Оның батыс және шығыс дуалдарының мандайшасына қосымша бір-бір үлкен тақта орнатылған. Құрылыс төбесінің негізгі салмағы осы тақталарға түсірілген.

Сонымен, ішкі қоршау бейне бір екі дуалмен және айналма галереямен қоршалған үй сияқты. Бейіт тамның ортасында, көлемі 4 шаршы метрдей, терендігі 1,5 метрден астам шұңқырдан шомбал тас жәшік шықты; оның үстіне екі үлкен тақта тас жабылыпты. Бір кезде тігінен орнатылған және там төбесінің орталық тірегі болған нақ осындай ірі тақталар жәшіктің айналасында жатыр.

Бүкіл құрылыс алаңы тығыздалып тапталған және қалыңдығы жарты метрдей балшық, құм, қиыршық, түйір тас араласқан қабатпен жабылған. Бұл қабат дуал тіректеріне дейін жеткізіліпті; мұның өзі дуалдар мен басқа тіректердің орнықтылығын қамтамасыз етіп, бүкіл құрылыстың негізін бекітіп тұрған. Қиыршық, түйір тас, саз балшық қабірдің астына да құйылған. Өтпелі кезеңдегі бірқатар басқа бейіттік құрылыстардың құрылымы да осындай немесе осыған жақын.

Дәндібай-Бегазы мәдениетінің өтпелі және дамыған кезеңдеріндегі құрылыстардың көбінің ішкі қоршауларында ағаш төбесінің қалдықтары сақталыпты; бұл төбе пирамидалы-сатылы жақтау түрінде бөренелермен жабылған. Бөренелерден қалған көмір мен күлдің кейде 30 сантиметрдей болатын қалың қабаты төбеге жабылған ағаштарды өртеу рәсімі жасалғанын көрсетеді. Ағаш құрылыстарды өртеп бата қылудың мұндай ғұрпы Қазақстан аумағында соңғы қола дәуірі тайпаларында кеңінен тараған. Мәселен, Оңтүстік Қазақстандағы Түгіскен кесенесін қалдырған тайпаларда осындай немесе осыған ұқсас ғұрып болған.

Ақсу-Аюлы-2 кешеніндегі үлкен обаның тас жәшігінен қол-аяғы созылып жатқан адамның қаңқасы шықты. Дәндібай-Бегазы мәдениетінің басқа ескерткіштерінде созылып жатқан қаңқалармен қатар әдеттегідей бүктетіліп жатқан қаңқалар да кездесті.

Бұл обадан табылған қыш көзе өтпелі кезеңдегі керамикалық ыдыстың үлгісі бола алады. Түрі мен өрнектелуі жағынан ол андронов ыдыстарына жақын. Оның ернеуі үзік сызықты үш бұрыштармен және сопақша ойықтармен сәнделіпті. Бүйіріне жоғарғы жағын белдеулей әсем меандр мен бұршақ көлеміндей дөңгелек ойықтармен белдеу жүргізілген. Мұндағы өрнек түсіру техникасы көлденең сызықтары бар ірі тарак тәрізді қалып; мұндай қалып Орталық Қазақстандағы соңғы қола дәуіріне тән. Жалпы алғанда, керамикалық ыдыстың бітімі түбірінен өзгеріске ұшырап, көшіп-қонымы көп тұрмыс салтына барған сайын бейімделе түседі.

Соңғы қола дәуірі тайпаларының шаруашылықта ілгері басуы және, бөрінен бұрын, жайлаулы, кейін көшпелі мал шаруашылығына көшуге байланысты мал санының ұдайы көбеюі жерлеу ғұрпынан да аңғарылады; бұл ғұрып бойынша өлікпен қоса ол жейді деп ет салынатын болған. Қабірле-

рде үй жануарларының сүйектері көп. Құрбанға шалынған малдар үшін тіпті арнаулы тас жәшіктер қойылған.

Дәндібай-Бегазы мәдениетінің дамыған дәуіріне жататындар — Бегазы, Айбас-Дарасы, Аққойтас, Дәндібай, Ортау-3, Саңғыру-1, -3 зираттары, Ұлытау, Шортанды бұлақ, Қарқаралы-1—3 қоныстары және басқалары. Бұл қорымдар мен қоныстар тұрғын үйлері мен ғұрыптық-табыну үйлерінің сәулет-құрылыс жағынан жетілгендігімен, шар тәрізді керамиканың жана түрлерінің әр алуандағымен сипатталады. Әсіресе Бегазы тауының сілемдерінде орналасқан Бегазы тақта тас қоршаулары айта қаларлық.

Бегазыдағы ескерткіштер тобында біртектес алты қоршау бар, көлемі жағынан бұлардың екеуі көзге түседі. Бегазы құрылыстарының негізі — кіретін дәлізі, айналма галереясы мен тіреуіш тас бағандары бар аралас тұрпатты құрылым. Барлық ескерткіштердің іргелері 0,8—1,2 метрдей тереңдікте жерге көмілген. Бегазы монументтері бір немесе екі бөлікті төрт бұрышты құрылыстардан тұрады; ал төрт бұрыштың төрт жағы әлемнің төрт жағына қарай бағдарланған, тігінен қойылған жалпақ гранит тақталармен қапталған немесе қырлы тастардан көлденең қаланған. Соңғы жағдайда қаланған тас арасы құрылымы өте тығыз ерітіндімен бекітілген. Құрылыстың көмілген бөлігінің жиегінен жоғары, жер бетінде, биіктігі бір метрдей дуал бар. Ол сыртынан тігінен қатарластырып жерге қазып орнатылған, бір-біріне тығыз қиюластырылған үлкен-үлкен гранит тақталармен түгелдей қапталған.

Бегазы ескерткіштерін салу үшін сұр түсті граниттің өте үлкен кесектері іріктеліп алыныпты; мұндай гранит құрылыстарға жақын жерден шыққан. Құрылыстың кейбір тік бұрышты тақталарының салмағы үш тоннаға дейін жетеді. Дуалдар берік, әрі орнықты болуы үшін бұл тақталардың биіктігінің үштен бірі жерге көмілген, соның өзінде олардың жазық жерден биіктігі 2—2,5 метрдей.

Жақсылап қырланған, төрт бұрышты ұзын тас бағандар тік тіреулер мен қосымша тіреулер етіп орнатылған. Тігінен қойылған қаптама тақталардың түйіскен жерлері, ішкі және сыртқы қоршаулардың бұрыштарының жалғасқан жерлері солармен нығайтылған. Оның үстіне, дуалдармен бірге олар бейіттік құрылыстың ауыр тас төбесін тіреп тұр. Үлкен қоршаулардағы мұндай бағандардың саны 14-ке жетеді. Құрылымы мен орнатылу мақсаты жағынан олар қола дәуіріндегі тұрғын үй құрылыстарының тіреуіш ағаш бағандарына ұқсайды.

Бегазы кешеніндегі ең ірі құрылыстардың бірі — шаршы түріндегі тақта тас қоршау; оның сыртқы орамасы 9,6x9,6 м, ішкі орамасы 6x6 м. Қоршаудың ішкі дуалдары қапталып 0,7 метрдей қазылып орнатылған. Дуалдың жалпы биіктігі 2,1 м, ал жер бетіндегі бөлігінің биіктігі 1,3 м. Екінші, сырттағы дуалдың да биіктігі сондай — 1,3 м. Қаланған қаптамамен екі арадағы қуыс тастың сынықтарымен толтырылған, лай құйылып, әбден тығыздатылған. Осы екі метрдей дуалдың мұқият тегістелген үстінгі беті қыш ыдыстарды және басқа заттарды қоятын сөре болған. Сынықтардың тым көптігіне қарағанда, сөреде ондаған жұқа керамикалық ыдыс тұрса керек. Құрылыстың сыртқы дуалдарын қаптаған үлкен гранит тақталар сөрелі жауып тұрған. Солардың және ішкі қоршаудың төбесі есебінен үйдің бүкіл айналасы бойынша айналма галерея жасалған. Құрылыстың барлық дуалдарын төрт қырлы қатар-қатар тірек бағандар ұстап тұр. Ішкі үйдің төбесі бірнеше қатар тақта тастармен жабылған. Төбені жабу үшін қолданылған тақта тастар



мөлшері жағынан ішкі үй тіректерінің аралығына сай келеді, ал ішкі үй тас бағандар арқылы үш метрлік екі бөлікке бөлініпті. Ішкі үйдің ұзындығын екіге бөлу алты метрлік ұзындықты қысқартып, оны үш метрлік тақта таспен жабу үшін ету қажет болған. Мұндай төбенің бір шеті мықты дуалға, екінші шеті құрылыстың ұзына бойына қатар-қатар орнатылған ішкі бағандарға тіреледі. Кесененің шығыс жағындағы кіреберіс ірі, биік, «қошқар» тақта тастармен қапталған; бұл — мәжусилік бейіт тамның маңыздылығын білдіретін болған. Кіреберісте ұзындығы 9 м, көлденеңі 4 м дәліз салыныпты. Ол қырлы тастан көлденең қалау әдісімен қаланған. Табыттан алыстаған сайын дәліз дуалының қалыңдығы мен биіктігі кеми береді.

Бегазыдағы бай кесенелердің көңіл қоярлық ерекшеліктерінің бірі — діни-ғұрыптық заттарды қою үшін және құрбан шалу үшін арнайы істелген мехрап орны. Бірінші қоршауда бұл — құрылыстың астына ор қазғанда қалдырылған жер үстел немесе сөре. Ішкі үйдің батыс қабырғасына жалғастырылған кертпе үстелдің үстіне үш тас баған орнатылған. Олардың айналасындағы үстел бетіне май мен органикалық қалдықтар сіңген. Мұнда толып жатқан қой сүйектері түрінде құрбан шалудың және ас берудің іздері сақталыпты. Құрбан шалу үстеліне көптеген қыш ыдыстар қойылған. Әр түрлі керек-жарақтар да, сәндік заттар мен қару-жарақ та осында тұрған.

Шаруашылықтың көпшелі қалыпқа бейімделуімен сипатталатын кейінгі даму кезеңінде бір кезде жоғары дәрежеде болған Дәндібай-Бегазы мәдениеті жаңа сатыға көшеді. Өткен замандағы күрделі бейіттік құрылыстардың орнына қоршаусыз ірі тас жәшіктерден жасалған қарапайым құрылыстар пайда болады. Бұлар — Қарқаралы маңының Кент тауларындағы, Айдарлы, Бұғылы-2, Құрылыс алқаптарындағы ескерткіштер. Қыш ыдыстарда өткен уақыттағы дәстүрлер әлі сақталады. Бірақ қазан тәрізді, бүйірі өте шығыңқы, мойны қысқа, ернеуі сыртына қайрылған көзелер, жағалы деп аталатын, ернеуі сыртына қарай кеңейтілген, ақырында, мойнына білеулеп балшық жапсырылған ыдыстар көбейе түседі.

Ыдыстардағы өрнектер қарадүрсінденіп, негізінде тегіс қалыппен белдеулей салынған қиғаш кертпелер, біріне-бірі көлденең сызықшалар, көлбей сызылған айқаспа шыршалар түрінде болып келеді. Кейбір көзелерде таяқшаның ұшымен салынған шұңқырша, тырнақша, жарты ай, шекілдеуік тәрізді өрнектер кездеседі. Кейбір ыдыстардың мойны «меруерт» деп аталатын шығыңқы шеңберлермен сәнделеді; бұлар көзенің ішінен ұшы жұмырланған таяқшамен басу арқылы жасалған.

Жоғарыда айтылғандай, соңғы қола дәуіріне бейіттік құрылыстардан басқа Қарқаралы қаласы жанындағы (Суықбұлақ, Қарқаралы), Ұлытау поселкесі маңындағы, Қызылтаудағы (Тағыбайбұлақ) және басқа қоныстар жатады.

Қабырғалары тастан қаланған үйлердің құрылымында өткен уақыттағы дәстүрлі белгілер сақтала отырып, жердің үстіндегі құрылыстар көбейе бастайды. Қызылтау тауларындағы (Баянауыл поселкесінің оңтүстігіне таман) Тағыбайбұлақ қонысы осындай; ол жер үстіндегі алты үйден құралады. Үйлер тік бұрышты болып келген; солтүстік және шығыс жағынан оларға шығатын аузы бар тас қоралар жалғасады. Құрылыстың сыртқы дуалдары өте қалың — 1,5—1,7 метр; олар екі қатар шомбал тақта тастардан тігінен көміп қаланған; бұлардың арасындағы қуыс топырақ араластырған ұсақ тас қиы-

ршықтарымен толтырылған. Үй мен қоралардың арасындағы ішкі дуалдар да тастан қаланған, бірақ олар онша қалың емес.

Керамикалық 130 ыдыстың сынығы табылды; олардың көпшілігі «меруерт» өрнегі бар, қазан тәрізді үлкен көзелер мен кертпе және тырнақша тәрізді өрнекпен сәнделген білік тәрізді ыдыстар; осы сынықтардың ішінен шүмекшесі бар сақ құмырасы сияқты ыдыстың фрагменті кездесті; оның ернеуі аздап сыртқа қайырылыпты және домалақ бүйірімен білінбей жалғасып кетеді, ал ернеуінің төменгі жағы «меруерт» белдеумен көркемделген.

Орталық Қазақстанның таулы аймағының тұрғындары бұл кезде де үйді жертөле және жартылай жертөле түрінде салатын болған. Ұлытау, Қарқаралы, Суықбұлақ қоныстарындағы тұрғын үйлердің түрі дәстүрлі қалпында қалды, бірақ басқа құрылыс материалы — Ұлытау мен Қарқаралы тауларының өңірінде қазірде де көп ағаш пайдаланылды. Мұнда тұрғын үй орларының қабырғаларына ортасынан жарылған ағаштар ұсталды, ал жаппа төбесі тігінен қазылып орнатылған ағаш бағандармен тірелді. Жер ошақтар дөңгелек шұңқыр түрінде жасалып, олардың астына жалпақ тастар төселді.

Дәндібай-Бегазы заманының төл-тума мәдениеті бар тұрғындары Қазақстан даласында ертедегі темір дәуірінде қалыптасқан жаңа этникалық-мәдени құрамдардың бір компоненті болды.

Орталық Қазақстанның соңғы қола дәуіріндегі тайпалары Оңтүстік Орал сыртындағы (замараев мәдениеті), Алтай мен Енисейдегі (карасук мәдениеті) туыс тайпалармен өзара тығыз байланыста дамыды. Бір-бірінің арасында ұлан-байтақ жазық дала жатқан бұл аймақтардың материалдық мәдениетін сипаттайтын керамикалық заттар, қола құралдар, тұрмыстық және сәндік заттар әжептеуір ұқсас; мұның өзі ежелгі тайпалар арасында тығыз мәдени және экономикалық байланыс болғанын дәлелдейді. Бұл мәдени алмасуда тайпалардың қарым-қатынасына маңызды дәнекер болған Қазақстан палеометалы (мыс, қалайы, алтын) елеулі рөл атқарды. Сонымен қатар Орталық Қазақстанның қола дәуір мәдениетінің өзіне тән белгілері оның, негізінде, жергілікті жерде қалыптасқанын көрсетеді.

#### **4. СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАЙПАЛАРЫ**

Қола дәуірінде Солтүстік және Батыс Қазақстандағы тайпалардың тарихи тағдырлары бір-бірімен тығыз байланысты дамыды. Б. з. б. II мыңжылдықта бұл аумақта андроновтық (алакөлдік) тайпалар мекендеді. Олардың шаруашылығының негізі мал өсіру мен кетпенмен өндейтін егіншілік болды. Сол дәуірдегі шаруашылықтың талаптарына сай келетін қолайлы жер көлемінің шектеулі болуы құнарлы шүйгін жерлердегі тұрғын аландардың бос тұрмау себептерінің бірі еді. Бір тайпалардың орнына екінші тайпалар келді; олар дәстүрлі жерлерге қоныстанды, көбінесе өздерінің тұрғын үйлерін салу үшін бір кезде біреулерден қалған ескі құрылыстарды пайдаланды. Сөйтіп, Солтүстік және Батыс Қазақстанның андроновтық қоныс-мекендері көп қабатты ескерткіштерге айналды.

Қорымдар қоныстарға жақын, айналаның бәрі көрініп тұратын қыратты жерге салынды. Олардың көбі өзен жағасын бойлай жатқан еңсіз өңірге салынған ондаған құрылыстардан тұрды. Батыс Сібірмен іргелес Солтүстік Қазақстанның орманды-далалы аудандарында топырақтан үйілген обалар

көп кездеседі. Сондай-ақ тігінен қойылған тақта тастардан дөңгелете немесе тік бұрышталып қоршалған қоршаулар, тас қаламалар және қоршалған жер обалар көп тараған. Ақтөбе далаларында және іргелес аудандарда бейіттік құрылыстардың екі түрі — дөңгелете қоршаған тас қоршаулар мен обалар табылды. Батыс Сібір ойпатының Есіл өзенінің орта ағысы бойындағы өңірінде жер үстіне тұрғызылған үйінді бейіттер бар. Қабірлердің орналасуына қарағанда, онда құрылыстардың болғаны күмәнсіз, бірақ олардың ешқандай қалдығы сақталмаған.

Солтүстік және Батыс Қазақстанда қола ғасырларындағы 150-ден аса қоныс пен 200-ге жуық қорым ашылды. Тұрақты зерттеулер жүргізу арқылы жалпы саны 300-ге жуық қабір ашылды<sup>43</sup>.

**Алдыңғы қола мәдениеті.** Бұл аймақта алдыңғы қола дәуірінің ескерткіштері онша көп шыққан жоқ: көбі әбден қираған жеті қоныс және өлікті өртеу ғұрпы бойынша жасалған екі көмбе бейіт шықты. Неғұрлым көбірек зерттелгені Вишневка-1 шағын қонысы (Петропавл қаласының маңында) болды. Онда сақталған конструкциялар алдыңғы қола дәуіріндегі тұрғын үй туралы түсінік береді. Бұл — жер бетіне салынған үй, едені құмайт жердің топырағы. Ол тік бұрыш сияқты созыла орналасқан, аумағы 126 шаршы метр. Үйдің төбесі (сірә, екі сайлы болса керек) ұзынынан салынған бөренелерден қиылған қабырғаларға және үйдің ұзына бойындағы бағандарға (бағандар орнатылған бірнеше шұңқыр байқалды) тірелген.

Бұл аймақтың алдыңғы қола дәуіріндегі тайпаларының жерлеу ғұрпы туралы мәліметтер Қарға аралы қонысындағы зерттеулермен шектеулі; оны тігінен қазған кезде екі ыдыс табылды; оның біреуінен өртенген өліктің қалдықтары шықты. Сірә, Бескөл селосының жанында табылған ыдыстар да осы ғұрыппен байланысты болса керек. Мұнда қабір үстіндегі құрылыстар кездескен жоқ.

Алдыңғы қола ескерткіштерінің материалдары неолит дәуірімен салыстырғанда халықтың көбірек отырықшы болғанын көрсетеді. Балық аулау мен аң аулау бірте-бірте екінші қатарға ығысқан. Бұл кез — кешенді малшылық-егіншілік шаруашылығы қалыптасқан және металл игерілген кез. Қоладан жасалған бұйымдар әзірше байқалған жоқ, бірақ олардың таралғандығына тастан жасалған заттардың күрт азаюы және бір кезде күрделі болған тас дәуірі техникасының құлдырап төмендеуі жанама дәлел болып табылады. Олардың ішінде жүзі жұқартылған тас балталар, үшкіл және талдың жапырағы тәріздес жебе ұштары (Вишневка-1, Қарлыға-1), долбарлы ретушпен жасалған сыдырғыштар мен қырғыштар бар. Сүйек бұйымдар бұрынғысынша кеңінен пайдаланылады. Вишневка-1 қонысынан табылған, бұланның мүйізінен жасалған күрекше бірегей дүние, сүңгі де тамаша өңделген.

Алдыңғы қола ескерткіштеріндегі ыдыстар құты сияқты, түбі жайпақ. Суреттердің композициялық құрылымы және өрнек тұрпаттарының арақатынасы әр түрлі ыдыстарда әр келкі. Сол заманға жататын ыдыстардың бірінші тобына, Бескөл-1, -5, Вишневка-2, Пестрое қоныстарынан және көмбе бейіттерден табылған ыдыстарға тоқыма-шұңқырша керамика тән. Оның ең көп тараған элементтері — үшбұрышты, төртбұрышты, сопақша келген алуан түрлі шұңқырша ойықтар. Өрнек ыдыстардың бүйірі мен түбіне салынған. Сурет түсіру үшін әдетте бір элемент пайдаланылады. Керамиканың басым көпшілігінде дәрекі матаның ізі бар.

Ыдыстардың екінші тобында — Вишневка-1, Петровка-1, Алтын күз, Қарлыға-1 қоныстарынан шыққан ыдыстарда тарақ тәрізді қалыппен және таяқшамен түсірілген суреттер басым. Өрнектер тік, көлденең, ирек сызықтардың, бойлай сызылған бұралаң сызықтардың, шимақталған үш бұрыштардың қиюласуынан құралады. Ыдыстардың бүйірі ғана өрнекпен қапталған, ал түбінің сәнделуі сирек кездеседі. Ыдыстардың екі тобының арасындағы бұл айтылған өзгешеліктер олардың әр заманға жататындығынан туындайды.

**Ортаңғы қола мәдениеті.** Б. з. б. II мыңжылдықтың екінші ширегінде өндіруші үлгідегі шаруашылық біржола орнықты, ал қола ғасырының металлургиясы әбден гүлденген шағына жетеді. Ортаңғы қола дәуірінде бірінен кейін бірі келетін үш кезең аңғарылды. Оның бірі — алдыңғы кезең осы мәдениеттің қалыптасуы тарихына жатады; бұл кезде адыңғы қоланың жергілікті тұрғындары арасына басқа бір мәдениеттің — Арал маңы арқылы егіншіліктің ежелгі орталықтарымен байланысты мәдениеттің элементтері белсенді түрде енеді. Бұл заманның ең айқын ескерткіштері Есіл материалдарында жақсы бейнеленген; ол материалдар — Петровка-2 және Новоникольское-1<sup>44</sup> қоныстарының төменгі белдеулері, Петровка селосы жанындағы қорым мен ғұрып орны. Тобыл өзенінің аңғарында бір қабатты Жетікөл қонысы<sup>45</sup> зерттелді; Батыс Қазақстанда Қарғалы өзені бойында, Ақтөбе маңында кейбір заттар табылды<sup>46</sup>.

Көп қабатты қоныстарды (Алексеевское<sup>47</sup>, Садчиковское<sup>48</sup>, Новоникольское-1, Явленка-1, Петровка-2) және Солтүстік Қазақстандағы Алексеевское, Семипалатное қорымдарын, Ақтөбе облысындағы Тастыбұтақ қорымы мен қонысын<sup>49</sup> зерттегенде одан кейінгі кезенді сипаттайтын кешендер алынды.

Соңғы кезең андроновтық-қималық ортақ мәдениеттің белсенді өзара ықпалымен сипатталады. Батыс Қазақстанның мәдениетіне Еділ бойының қима мәдениеті, ал Солтүстік Қазақстанның мәдениетіне Орталық және Шығыс Қазақстанның андронов мәдениеті күшті ықпал жасайды. Осындай өзара ықпалдың іздері Бурабай<sup>50</sup>, Бүйреккөл<sup>51</sup>, Борлық<sup>52</sup>, Петропавл<sup>53</sup> қорымдарында жақсы байқалады. Бір қабатты Бескөл-4 қонысын қазғанда соңғы кезеңдегі өзінше бір үлгідегі керамикалық кешендер табылды. Орталық және Шығыс Қазақстан тайпаларының ықпал-әсерін шалғай батыстан да — Қыркелді мен Тереклі<sup>54</sup> өзендері бойындағы қорымдардың материалдары бойынша да аңғаруға болады.

Петровка-2, Новоникольское-1, Семиозерное қоныстарындағы алдыңғы алакөлдік тұрғын үйлер әдетте үлкен емес; едендері 15—20 см ғана қазылып жасалған, сондықтан оларды жер үстіндегі құрылыс деп атауға әбден болады. Үйлердің бейнесі тік бұрышты; төбесін ұстап тұрған тіреуіштердің шұңқырлары жақсы сақталыпты. Қабырғалары долбарлай қиылған бөренелерден салынған. Едені өзеннің қиыршығын араластырған балшықпен сыланған. Тамақ дайындау үшін және үйді жылыту үшін жер ошақ қазылған; олар әдетте айналасына тастар қаланған кішкене сопақ шұңқырша болып келеді. Үйлер тығыз орналасқан; тұрғын алаңдар қорғаныс құрылыстарымен қоршалған.

Алакөл заманындағы тұрғын үй құрылысы алдыңғы алакөлдік (петровтық) құрылымнан өзгеше. Бұл — Явленко-1, Петровка-2 және Тастыбұтақ қоныстарындағы<sup>55</sup> сияқты жартылай жертөле тұрпатындағы бірқатар тұрғын

үйлер. Олар тік бұрышты ұзынша сипатта болып келеді. Үйлердің аумағы 140 шаршы метрден 200 шаршы метрге дейін барады. Әдетте шығатын жері бұрышта, дәліз тәрізді. Үйлер екі бөлімге бөлінеді; оларда 1-ден 8-ге дейін ошақ бар.

Қазақстанның орманды-далалы аймағындағы қоныстарда тұрғын үйлер негізінен қайың бөренелерден салынды. Үйдің негізгі салмақ түсетін қаңқасы ордың қабырғасын бойлай қатарластыра көміп орнатылған тіреуіштер және үйді шамалас үш бөлімге бөлетін, ұзын қабырғаларға қатарластыра екі қатар етіп орнатылған ортаңғы тіреуіштер болған. Үйлердің едендерінде 200-дей тіреуіштің шұңқыр орны бар екендігі байқалды. Бөрене қаптама, шарбақ, балшықпен сыланған қамыс, қабырғаларды шым қабаттарымен қаптау, күл себу — осының бәрі континенттік климаттың қатаң жағдайларында үйлерді жылыту үшін істелді. Үйдің төбесі, сірә, судың ағып кетуі үшін аздап көлбеу салынған жайпақ болған.

Батыс Қазақстан даласында ағаштың болмауы себепті Тастыбұтақ қонысындағы тұрғын үйлердің кейбір ерекшеліктері бар. Тіреуішті құрылыстар өте аз пайдаланылды, оның есесіне тас кеңінен қолданылды. Тастан ішкі қабырғалар қаланды, жер ошақтар таспен қоршалды, әр түрлі шаруашылық қажеттеріне тас қоршамалар жасалды<sup>56</sup>. Тұрғын үйлерде қабырғалары сексеуілмен шегенделген құдықтар болды.

Тұрғын үйдің немесе оның әрбір бөлігінің неге арналғандығы, үйлердің орналасуы, ошақтардың, шаруашылық ұраларының саны мен орны дәлмедәл белгіленген. Металл қорыту, құрал жасау ісі арнаулы орындарда жүргізілді. Кейбір үйлер қоғамдық жиындар өткізуге, табыну ғұрыптарын атқаруға арналды. Тұрғын үйлерді бұлай мұқият саралап пайдалану тек отырықшылық тұсында және адамдар ұжымының тұрмысы барлық жағынан тұрақты жағдайда ғана мүмкін болады.

Дамыған қола дәуірінің қоныс-мекендерінің өзгешілігі — олар өте жинақы. Бұл әсіресе алдыңғы алакөлдік заманға тән; ол кезде тұрғын алаңдар алакөлдік ескерткіштердің бәрінде байқалды (Боголюбово-1, Петровка-2, Новоникольское-1, Семиозерное), ал мұның себебі — бұл тайпалар арасындағы қақтығыстар заманы еді. Қорғаныс бекіністерінің үлгілері әр түрлі болды — айнала топырақ үйіліп, басқа жақтардан табиғи қорғаныштар — тік жарлар пайдаланылған бекіністер кездеседі.

Петровка-2 қонысының жанындағы бейіттік құрылыстар алдыңғы алакөлдік заманның ескерткіші болып табылады. Олар сопақ және тік бұрыш етіп қазылған шұңқырлар болып келеді, бұларда бейіт үстіндегі құрылыстардың ізі жоқ. Екі шұңқырда ғана көмілген адамдардың қалдықтары шықты; біреуінде өлік өртелмей, екіншісінде өртеліп жерленген. Шұңқырлардың көпшілігінде бірден үшке дейін ыдыс жатты, бұлардың қасында кейде қой сүйектері кездесті. Сірә, бұл ескерткіш әрі бейіт, әрі табыну орны болса керек<sup>57</sup>.

Тастыбұтақ-1 қорымының бетіндегі құрылыстар дөңгелек, сопақ қисық қаланған тас қоршаулар болып келеді. Бұл қоршаулар тігінен қазылып орнатылған тастардан, кейде ешқандай байланыстыратын материалдарсыз жай қаланған тастардан жасалған. Молалардың салынуы әр түрлі — қазылған таяз шұңқырлар, не тас жәшіктер.

Қорымнан жалғыз және қосарлап қойылған мүрделер табылды. Сүйектері сақталған қос қаңқалардың ішінде еркек пен әйел, бала-

лар қанқалары басым, әйелдің баламен бірге жерленуі де кездеседі. Негізінен алғанда өліктер өртелмей жатқызылып жерленген, бірақ өлікті өртегендері де бар. Өліктер молаға сол жақ немес оң жақ қырынан салынған, аяқтары бүгулі, қолдары бетінің алдына қойылып жатқызылған<sup>58</sup>.

Қабірлердегі ыдыстардың саны бірден беске дейін, бірақ көбінесе екеу болып келеді. Дәстүр бойынша ыдыс жерленген адамның бас жағына қойылатын болған. Сондай-ақ қола білезіктер, ұнтақтан қатырған моншақтар, қабыршақтан жасалған сәндік заттар, топайлар табылды. Бес бейіттен малдың сүйектері шықты.

Солтүстік Қазақстанда екі алакөлдік қорым: Тобыл өзеніндегі Алексеевское және Есіл өзеніндегі Семипалатное қорымы қазылды.

Семипалатное селосы жанындағы қорым қабірлердің үстіне топырақ үйілген төмпешіктерден тұрады. Қорым алаңының орталық бөлігінде ірі шұңқырлар жатыр, оларға балалардың молалары орналасыпты. Молалардың бірінен алты қыш ыдыс, екі қола пышақ, алты жебенің сүйек ұшы, айылбас, моншақтар, қоладан бұранда тәріздендіріліп жасалған сәндік заттар шықты.

Сүйек қалдықтарына қарағанда, өлікті жерлерде міндетті түрде үй жануарлары, әдетте қой құрбандыққа шалыныпты, Өлген кісіге қойдың омыртқалары мен сирақтары қалдырылыпты. Мұнда, оба түбіндегі аланда, екіден тоғызға дейін ыдыс қойылыпты.

Тамақ салынған ыдысты тамағымен жерге көмуге байланысты табыну ғұрыптарының болғандығына Алексеевка селосының маңынан табылған заттар айқын дәлел бола алады.

Бұл қорым қоныспен және құрбан шалу орнымен бірге Тобыл өзенінің сол жақ жағасында Қостанай қаласына жақын жерде орналасқан. Қабірлер сопақша етіліп қазылған. Олардың ұзын жағы ендік бағытына бағдарланған, өліктердің басы шығысқа қаратылып жатқызылған. Қанқалар лақыттарда бүктетіліп қырынан жатыр. Қол-аяқтары барынша бүктетілген, омыртқа жотасы тым көп иіліпті — осының бәрі өліктердің көбі байланып немесе қатты оралып салынғанын көрсетеді.

Ересектер мен балалардың лақыттарынан, әдетте лақыттың шығыс шетіне, өліктің бас жағына қойылған екі-екіден құмыра шықты. Заттай құрал-саймандар ішінде қола және ұнтақтан қатырып жасалған моншақтар, самайға тағатын бұранда ілмешектер, білезіктер, ромб тәрізді қаптырмалар бар.

Қабірлердің біріндегі материалдар бойынша бір дәулетті әйелдің киіміндегі сәндік заттар қалпына келтірілді. Бүкіл киіміне қола немесе ұнтақтан қатырып жасалған моншақтар, жарты шар тәрізді қола қаптырмалар, қырлы тізбектер тігіліпті. Аяғының үстінде жіліншік тұсында тізілген моншақтар болса керек. Аяқкиімі жарты шар мен ромб тәрізді қаптырмалармен сәнделіпті. «Мойнында шетінде тесіктері бар, дөңгелете иілген қола өңіржиек, одан біраз жоғарырақта үлкен сақина тәрізді күміс сырғалар бар. Шетінде тесіктері бар сегіз дөңгелек сопақша қаптырма иығы мен басының маңында шашылып жатыр. Осы жерде омырауға тағатын жалпақ таспаға қола қаптырмалар қапталған өзгеше бір сәндік заттың қалдықтары мен ұнтақтан қатырған көптеген моншақтар болды. Білектеріне және қарына шеті бұранда түрінде қайрылған екі қола жүзік, олардың жанынан қырлы

кола тізбектердің қатарлары табылды. Арқасынан бұрымдарына ілінген төрт қола жапырақша шолпы табылды»<sup>59</sup>.

Алексеевскоедегі табыну кешенінің құрбан шалу орны төбенің басында болған. Оның батыс жағынан қорым жалғасады, ал оңтүстік-шығыс жағынан қоныстың тұрғын үйлері басталады. Төбенің ең биік жерінде қасиетті орын болған; бұларға керамиканың ірі фрагменттерінен жасалған қақпақ жабылған бір немесе екі ыдыс қойылыпты. Құрбан шалу орнындағы материалдарда ата-бабаларына табынумен ұштасатын, малшылық пен егіншілікке тән табынушылық байқалады.

Зерттелген аймақтың қола дәуіріндегі мәдениетінің дамуындағы бұдан кейінгі кезең бұл жерге андроновтық тұрғындардың келуіне байланысты. Егер Батыс Қазақстанда андроновтық ықпалдың іздерін керамиканы өрнектеудегі кейбір жаңа әуендер негізінде ғана байқау мүмкін болса, Солтүстік Қазақстанда нағыз андроновтық тұрпаттағы ескерткіштер пайда болады; бұлардың ішіндегі ең көрнектісі — Бурабай селосы жанындағы қорым<sup>60</sup>.

Қорым жерге тігінен көміп орнатылған гранит немесе жалпақ тақта тастары жер бетінде көрініп тұрған қоршаулардан тұрады. Көбі тік бұрышты қоршаулар, оның үстіне кейде оларға жапсырыла басқа құрылыстар салынған немесе ішінен дуалдармен бөлінген. Дөңгелек немесе сопақша құрылыстар сирек кездеседі; оларда ендікке қарай әжептеуір тұрақты бағдарланған тік бұрышты шұңқырлар бар. Кейбір шұңқырларда тас жәшіктер түріндегі, ортасынан жарылған ағаштардан немесе тақта тастардан жасалған лақыттардың қалдықтары сақталыпты. Қабірдің үсті тақта тастармен, кейде көлденең салынған бөренелермен жабылған. Өліктер көбінесе өртеу және өртемей салу ғұрпымен жерленген. Әрбір қабірде сүттен немесе өсімдіктен дайындалған тамақ құйылған бірден беске дейін ыдыс қойылған; етті тамақтың қалдықтары байқалмады. Осында қоладан жасалған еңбек-құралдары мен сәндік заттар: пышақтар, біздер, инелер, сырғалар, әр түрлі қаптырмалар мен ілмешектер табылды.

Батыс Қазақстандағы алакөлдік ескерткіштердің қабір үстіндегі құрылыстары тігінен көміліп орнатылған немесе жалпағынан қаланған тастардан салынған; осы тастардан дөңгелек, әжептеуір биік қоршаулар жасалып, бұлардың ішіне топырақ толтырылған.

Тереклі мен Қыркелді өзендерінің бойындағы қорымдарда қоршаулардан басқа жер обалар да кездесті; бұлардың үсті айналдыра аумақты тас қаланып жабылыпты. Батыс Сібір ойпатында және онымен іргелес өңірлерде жер обалар көбірек тараған. Үйілген топырақ әбден жайылып, шөккен. Солтүстік Қазақстанның оңтүстігінде және одан оңтүстікке таман шаршы және дөңгелек тас қоршаулар кездеседі, көбінесе олармен бірге кішкене төбешіктер болады. Алакөлдік тайпаларға андроновтық ықпалдың күшеюіне байланысты тік бұрышты қоршаулар Ор өзенінің оң жақ жағасындағы Қожамберді қорымы сияқты батыстағы ескерткіштерде де пайда болады<sup>61</sup>.

Ортаңғы қола дәуірінде Батыс және Солтүстік Қазақстанда өлген кісіні жерлеудің екі әдісі — өлікті жерлеу мен өртеу әдістері болды. Өлгендер басы батысқа қаратылып жерленді, бірақ ара-тұра бұдан басқаша жерлеу де кездеседі. Өліктер киімімен көмілді; бұл әсіресе әйелдердің қабірлерінен анық көрінеді.

Өлік өртеу ғұрпы бойынша жерлегенде мәйітті өртеу үрдісі қабірден сыртқарырақ, арнайы бөлінген жерде өткізілген. Киімді сәндейтін заттар

мен бұйымдар, киімінің өзі де, күлмен, күйген сүйектермен бірге молаға қойылатын болса керек. Олармен қатар сүттен немесе өсімдіктен, кейде еттен жасалған тамағы бар бір-екі ыдыс қойылған.

Аймақтық ерекшеліктеріне қарамастан, Батыс және Солтүстік Қазақстан тайпаларының материалдық мәдениетінде бүкіл Қазақстанның және көршілес елдердің дамыған қола дәуіріндегі тайпаларының мәдениетімен ортақ, тектес нәрсе көп.

**Соңғы қола мәдениеті.** Солтүстік және Батыс Қазақстанның соңғы қола дәуіріндегі тайпаларының мәдениетінде екі кезең болды. Бірінші кезеңде, б. з. б. I мыңжылдықтың басында, батыстағы тайпалар Еділ бойының, солтүстіктегі тайпалар — Жайық өңірінің соңғы кима мәдениетінің ықпалына түсті. Тальк қолданылған және геометриялық фигуралармен қиюласатын ойық өрнегі бар, Жайық өңіріне тән ыдыс Есіл бойындағы Явленко-1, Карьерное, Бескөл-5 қоныстарында және басқа бірқатар қоныстарда пайда болады. Бұл ықпал тұрғын үйлердің өзінше бір үлгісінен және еңбек құралдарының кейбір түрлерінен көрінеді. Алайда Есіл бойының мәдениетіне едәуір ықпал жасай отырып, Жайық өңірінің тайпалары бірте-бірте жергілікті тұрғындардың арасына сіңіп кетті.

Соңғы қола тайпаларының дамуындағы екінші кезең мәдениеттердің күрт ауысуымен байланысты. Бір кезде өркендеген андроновтық-кима қауымның бүкіл аумағына — Еділ бойының, Жайық өңірінің, Қазақстанның және Батыс Сібірдің оңтүстік өңірінің ұлан-байтақ жазығына «білемді керамика» мәдениетінің тайпалары қоныстанады. Олар өзендердің жайылма алаңқайларындағы қола дәуірі үшін дәстүрлі жерлерді мекендейді, олардың қоныс-жайлары б. з. б. VIII—VII ғасырларға дейін мекен болады. Тобылдағы<sup>62</sup> және Есілдің Қызылжар өңіріндегі<sup>63</sup> қоныстардың жоғарғы қабаттары солардан қалған. Шағалалы өзенінің бойында осындай ескерткіштердің үлкен тобы анықталды<sup>64</sup>. Сірә, Обалы қонысы да сол уақытқа қатысты болса керек<sup>65</sup>. Степняк қаласы жанында зерттелген руда казушылардың қоныс-жайларындағы негізгі қабаттар да соңғы қоламен байланысты<sup>66</sup>.

Батыс және Солтүстік Қазақстанның әр түрлі қоныстарында сол уақытқа жататын барлығы 60-тан аса тұрғын үй зерттелді. Олар жартылай жертөлелер және жер үстіндегі құрылыстар болып бөлінеді. Жартылай жертөлелер қоныстардағы негізгі тұрғын үйлер болып табылады. Олардың ішінде түрі жағынан тікбұрышты, сопақша, сегіздік тәрізді жертөлелерді бөліп көрсетуге болады.

Жартылай жертөле түріндегі тікбұрышты тұрғын үйлер көбірек тараған. Олар аумағы үлкен, орларының тереңдігі 0,8—1,5 метр, қабырғалары тік болуымен ерекшеленеді. Үйдің едені біршама тегіс, бірақ әдетте үйдің бір жартысы екінші жартысынан тереңірек. Сірә, мұнда мал ұсталса керек; мұны жер ошақтардың орналасуы да дәлелдейді, олар құрылыстың едені неғұрлым биігірек жартысында жинақталыпты. Жер ошақтардың қасында тас төселген сопақша алаңдар мен еденде қазылған жыралар кездеседі; олар үйдің ұзына бойына қарай қазылған және кейде жер ошақ шұңқырларымен жалғасып жатады. Әдетте еденде тіреуіштердің шұңқырлары көп, бір үйде 200-ден 600-ге дейін жетеді. Тіреуіштер қабырғалардың қаңқалары болған; үйдің төбесі солармен тірелген; нарлар, төселген тақтайлар осы тіреуіштерге бекітілген, жертөленің іші де осы тіреулердің аралары арқылы қосылып бөлінген.



Сопакша жартылай жертөлелер мен сегіздік тәрізді жартылай жертөлелер Шағалалы-1 қонысынан табылды<sup>67</sup>. Сопакша үйдің аумағы 20x12 м. Едені тегене тәрізді, ортасы дөңестеу. Еденде үш шұңқыр бары байқалды. Бірі жер ошақ, екіншісі, сірә, астық сақтайтын ұра болса керек. Үйдің оңтүстік-шығыс жағындағы үшінші шұңқыр тереңдігі 1,8 метрдей құдық болып шықты. Үйге іргелес мал қора немесе мал қамайтын қаша салынған.

Бұл тұрғын жай бірінен-бірі оқшау екі үйден құралған — бірі шығыс жақта, екіншісі батыс жақта. Үйлердің бітімі сопакша, диаметрі 10 метрдей болған және бір-бірімен ұзындығы 2 м, ені 1—1,2 м дәлізбен жалғасқан. Үйден шығатын есік жартылай жертөленің шығыс жақтағы жартысында болды. Ол ұзын, жіңішке дәліз тәрізді; дәліз үйге суық ауа кіргізбейтін ауыз үй сияқты болған.

Жартылай жертөленің батыс жақ бөлігі тұрғын үй болған. Мұнда үлкен жер ошақ тұрыпты, ал қабырғаларының бірінің түбінде диаметрі 1,4 м, тереңдігі 2,7 м құдық қазылған. Жартылай жертөленің шығыс жақтағы жартысы тек шаруашылық қажетке ғана арналыпты; онда астық сақтайтын ұралар мен екі құдық бар.

Соңғы қола дәуіріндегі тұрғын үйлер құрылымының алуан түрлі болуын шаруашылық кәсіптің күрделілене түсуімен түсіндіруге болады. Жартылай көшпелі мал шаруашылығына көшуге байланысты тайпалардың көшім-қонымы көбейгендіктен, жеңіл сопакша үйлер жердің үстіне салынатын болды. Сонымен қатар аумағы 300—400 шаршы метрдей, асты тереңдетіліп қазылған үлкен жартылай жертөлелер де тарала бастады; бұларда қыстыгүні мал ұсталды. Мал санының көбеюі тұрғындардың жейтін тамағының көбіет болды деп айтуға мүмкіндік береді.

Қоныстардың тұрғындары қола шот, лөкет пышак, ойығы бар ауыр шапашот, шеге тәрізді біз, ұңғысы бар қашау, балдақ сапты пышак, саңырауқұлақ тәрізді немесе дөңгелек тиекті сабы бар қанжар сияқты қару-құралдарды қолданды. Ұңғымасы бар үш қырлы жебе ұштары да, сірә, алғаш рет осы дәуірде шықса керек.

Бұл аймақтағы соңғы қола дәуіріне қатысты табылған заттардың ішінде егіншілікке байланысты еңбек құралдары толық дерлік жоғалады да, мал шаруашылығы кәсібінде — тері мен жүнді ұқсатуда қолданылатын сүйек, қола бұйымдар, сондай-ақ қанжарлар, жебелер мен найзалардың қола ұштары көбейеді. Керамика өндірісі одан әрі өркендейді. Жылқы өсірудің маңызы күрт артады.

Б. з. б. I мыңжылдықтың басында білемді керамика жасаушы тайпалар андроновтық-кима мәдени қауымның бүкіл байтақ жер аумағына орналасып қана қоймай, сонымен қатар онымен іргелес өңірлерге де қоныстанады. Б. з. б. VII ғасыр қарсаңында көшпелі мал шаруашылығына көшу жеделдейді. Солтүстік Қазақстанда бұған климаттың біраз ылғалдану кезеңі себеп болды. Негізгі су арналарының — Есіл мен Тобылдың жайылмаларын тұнба балшық басады, жер құнарлылығынан және мал өсіру-егіншілік шаруашылығы үлгісіндегі бұрынғы маңызынан айырылады. Шөбі шүйгін, ылғалды дала мал шаруашылығының шапшаң дамуын жеделдете түседі. Қола дәуірінің аяқ кезеңіндегі Солтүстік және Батыс Қазақстан тайпалары ертедегі темір дәуірінің сақ-сармат мәдениетінің қалыптасуына қатысады.

## 5. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТАЙПАЛАРЫ

Алтайдың, Қалба жотасы мен Тарбағатайдың таулы және биік таулы аудандары, солтүстігіндегі далалар, оңтүстігіндегі шөл және шөлейт жерлер — Шығыс Қазақстанның алуан түрлі жер бедері, міне, осындай. Негізгі су арнасы — Ертіс пен оның көптеген салалары — Бұқтырма, Күршім, Оба, Үлбі, Шар, Қызылсу және басқалары. Топырағы құнарлы жазық алқаптар, жайылымдар, таулардағы мыстың, қалайының, алтынның көптеген кеніштері, балығы мол өзендері, аңға толы ормандары қола дәуірінің жоғары мәдениетінің дамуына себепші болды.

Қола дәуіріндегі Шығыс Қазақстан тайпаларының мәдениеті үш кезеңнің: алдыңғы, ортаңғы және соңғы кезеңдердің ескерткіштерімен танылды. Бұлардың ішінде андронов мәдени қауымына жататын ортаңғы қола ескерткіштері неғұрлым жақсы зерттелген<sup>68</sup>.

Тайпалардың бұл уақыттағы шаруашылығының негізі андронов мәдениетінің барлық ареалдарындағы сияқты бақташылық мал шаруашылығы мен кетпенмен өндейтін егіншілік болды. Кен өндіру ісі мен металлургия жоғары деңгейге жетті. Шығыс Қазақстан мыс, қалайы рудаларын және алтын өндіретін орталықтардың бірі болды. Үй кәсіптері, оның ішінде қыш ыдыстар жасау дамыды. Тұрмыста ыдыстың екі түрі: көзелер мен қыш құмыралар қолданылды, әдетте ыдыстың бүкіл сырты тарақ тәрізді қалыппен түсірілген күрделі геометриялық суретпен мольнан өрнектелді. Көзелердегі ою-өрнек шырша түрінде, ал кейде шырша ойықтармен, тырнақ ізді «маржандармен» ұштастырылып отырды. Тырнақ ізді ою-өрнек бұл кезең үшін Шығыс Қазақстан керамикасына ғана тән.

Неғұрлым кейінгі кезең мәдениетіне ыдыстың мойнын бүйірінен анық бөліп тұратын ойығы бар құмыра бітімдес қыш ыдыстар тән болып келеді. Олардағы ою-өрнек үш жеріне: ернеуіне, иініне және түбіне салынады. Көбінесе жылтыр қалыппен салынған ромбылар, тең бүйірлі үш бұрыштар, сынық сызықтар, меандрлар басым болып келеді, сонымен бірге ұсақ тісті тарақ тәрізді қалып та ұшырасады. Көзе түріндегі ыдыстардың біразына ою-өрнек салынбаған. Бітімі жатық құмыралар да кездеседі.

Өлген адамдарды жерден қазылған шұңқырларға, тас жәшіктерде және цисталарда жерлеген, ал моланың үстіне үйінді оба немесе тас қоршау тұрғызылатын болған.

Жерлеу құрылыстарының құрылымында, өлікті жерлеу ғұрпында, ою-өрнек мәнерлерінде бұдан бұрынғы кезеңмен сабақтастық байланыс сақталған. Жерлеу құрылыстары қырынан қойылған және жерді қазып орнатылған тақта тастардан тұратын тікбұрышты, шаршы, сопақша қоршаулар болып келеді. Көбінде өлікті көмумен бірге өлікті өртеу де кездеседі, мұның өзі Шығыс Қазақстанды Орталық Қазақстанмен жақындата түседі. Ішінде бірнеше мола бар үлкен қоршаулар да ұшырасады, бұлар, сірә, әулеттік зираттар болса керек.

Сондай-ақ соңғы қола дәуірі ескерткіштерінің ортаңғы қола дәуірі ескерткіштерімен — андронов мәдениетімен сабақтастық байланысы да аңғарылады. Бұл қабір үстіндегі құрылыстардың құрылымынан (қоршаулар тікбұрышты, шаршы және шеңбер түрінде болып келеді), жерлеу құрылыстарынан (жерден қазылған қабір шұңқырлары, тас жәшіктер, цисталар), жерленгендердің жатқызылуынан (өлікті оң немесе сол қыры-

нан бүгіп жерлеу), оларды белгілі бір бағытқа қаратып жерлеуден (басын оңтүстікке қаратып салып, аздап батысқа бұру), жерлеу мүліктерінен (бітімі жатық құмыра түріндегі қыш ыдыстар), ою-өрнектерден (кейде ыдыс тұтастай ою-өрнекпен көмкеріледі) көрінеді. Сонымен бірге Шығыс Қазақстанның соңғы қола ескерткіштерінде бір-біріне жалғасқан шеңбер қоршаулар құрылысынан, бір қабірге бірнеше ересек адамды, кейде балаларымен бірге жерлеуден көрінетін Оңтүстік Сібір мен Алтайдың карасук тайпалары мәдениетінің ықпалы аңғарылады. Бұл ықпалдың қыш ыдыста да, металл бұйымдарда да (пышақтарда, әшек-ейлерде) ізі бар.

Бұл аймақтың соңғы қола заманына қыры сәл қайқылау, сапты және шығыршықты тұтқыры бар қола пышақтар, қоладан істелген құсырма және сына тәрізді қашаулар, шеге тәрізді заттар, қайлалар, дөңгелек қалпақша тәрізді бәйегі бар қанжарлар, шот-күректер, қырлы дүмі шығыңқы балталар, ойығы бар шапашоттар тән болып келеді.

Шығыс Қазақстан тайпаларының соңғы қола мәдениеті Сібірдің карасук мәдениетіне, Орал сыртының замараев және Орталық Қазақстанның дәндібай-бегазы мәдениетіне тұстас келеді.

**Алдыңғы және ортаңғы қола мәдениеті.** Неолит дәуірінің ескерткіштерінен (Железинка селосы маңындағы мола<sup>69</sup>, Пеньки-І, -2 көлдік тұрақтары<sup>70</sup>) кейінгі ең ертедегі ескерткіш уақыт жағынан Сібірдің афанасьев мәдениетіне жақын Қанай ауылы іргесіндегі бейіт болып табылады<sup>71</sup>. Ол жер үстінде тігінен қойылған тақта тастардан тұратын шаршы қоршаумен белгіленген. Қоршаудың қабырғалары әлемнің төрт жағына қарай бағдарланған. Жерден қазылған қабірден бастарын шығысқа қаратып, шалқасынан жатқызылған еркек пен әйелдің сүйектері шықты. Сүйектердің біразы жосамен боялған. Жерленгендердің екеуі де андроновтық антропологиялық тұрпатқа жатады. Қабірде өлік асының қалдықтары, жебенің жайпақ қола ұшы, ашық-жасыл түсті тас моншақ, таяқшамен әр жерінен батырылып өрнек салынған көзе сияқты қыш ыдыстың сынықтары және топайлар сақталған.

Қола дәуірінің ортаңғы (дамыған) кезеңіндегі Шығыс Қазақстан тұрғындарының мәдениеті қоныстар мен қорымдардың үлкен тобымен сипатталады. Неғұрлым көрнекі материалдар Қанай ауылы маңындағы қоныстан, қорымдар мен құрбан шалатын орыннан, Зевакино селосы, Сарыкөл көлі маңындағы, Кіші қойтас, Нұрмамбет қойнауларындағы және т. б. қорымдардан алынды.

Ертістің оң жағалауына орналасқан Қанай ауылы іргесіндегі қоныста жапсарластыра салынған шаруашылық құрылыстары бар тікбұрыш түріндегі (аумағы 50 шаршы метрге жуық) тұрғын жай ашылды. Жай жартылай жертөле сияқты<sup>72</sup>. Құрылыс қабырғаларының негізі — тіреулер, олардың арасына қамыс салынып, балшықпен сыланған. Едені жер, онда тастан қаланған үш ошақ бар. Оның екеуі тамақ дайындауға, біреуі үйді жылытуға арналған. Шаруашылық қора-қопсы негізгі тұрғын жаймен бірге тұтас жайдақ төбемен жабылған. Тұрғын жайға өзенге қараған тар дәлізден кіреді. Жайдың орталық бөлігі кіретін дәлізден аласа қабырғамен бөлінген. Бөлінген жағы шаруашылыққа арналған болу керек — онда төлдер ұсталған (бұзау мен лақтың қаңқалары табылды). Жайдың біршама биік оңтүстік-шығыс бөлігінен ыдысқа ою-өрнек салу

үшін сүйектен істелген жылтыр және тарақ тәрізді қалыптар, қыш жүкшенің сынығы, тас келсап пен үккіш, малдың өнделген жауырыны, малдың жақ сүйегінен жасалған сабау, қола моншақтар, білезік бұрама-сы шықты.

Жапсарлас салынған жайлардың бірінде мыс рудасының түйірі мен ішкі бетінде мыс шлагы мен мыстың дағы бар қыш ыдыстың сынығы, екінші біреуінде құйма қалыптың жартысы табылды. Қоныстың шығыс және солтүстік жақтарынан тастан қаланған қоршаулардың қалдықтары ұшырасты. Оны мал қамауға арналған деп топшылауға болады. Қоныстың оңтүстік-шығыс шетінде салмағы 6 килограмнан астам уатылған мыс рудасының кесектері табылды. Қонысқа жақын маңнан ағаш көмірімен араласқан мыс шлагының кесектері (10 кг) бар қорыту пешінің қалдықтары ашылды. Шамасы, руданы қонысқа Нарым жотасындағы жақын маңдағы кен орнынан әкелген болу керек.

Тұрғындар шаруашылықта және тұрмыста тас дәнүккіштер, үккіштер, келсаптар, тас тоқпақшалар, кетпендер, жылтыратқыштар, құйма қалыптар, бұғы мүйізінен істелген кетпендер, сүйек пышақтар мен сабаулар, тегіс және тарақ тәрізді қалыптар, малдың өнделген жауырындарын, тоғалар, қола біздер, моншақтар, білезіктер; ұршықтарға арналған қыш кермелер, блок тәрізді жүкшелер және негізінен екі түрлі ыдыстар: тік немесе шамалы шығыңқы бүйірлі көзелер мен иіні дөңгелек келген қыш құмыралар тұтынған.

Қоныстан оңтүстік-шығысқа таман үш тас қаламамен белгіленген табынатын орын болған. Мал сүйектері, бет жағын ыс басқан дәнүккіштердің сынықтары, сондай-ақ күл, көмір мен күйген сүйектер бұл жерде құрбан шалу ғұрпының атқарылғандығын көрсетеді.

Зевакино селосы, Қанай аулы, Сарыкөл көлі, Қаражал мен Кіші Қойтас, Нұрмамбет атыраптары маңындағы, Усть-Буконь, Көкдомбақ және басқа селолар түбіндегі қорымдарды қазу кезінде алынған материалдар қола дәуірі адамдарының шаруашылығы, тұрмысы, кескін-кейпі туралы біздің білімімізді едәуір кеңейтіп, толықтыра түседі.

Ертістің оң жағалауында орналасқан Зевакино қорымы<sup>73</sup> әр кезеңдегі 500-ден астам, Қанай қорымы 15 бейіт құрылыстарынан тұрады<sup>74</sup>. Бір қабірге бір ғана өлік жерленгенде оларды жерден қазылған қабірлерге, тас жәшіктерге, цисталарға және ағаш қималарға қоятын болған. Жерленгендер сол және оң қырынан, басы батысқа және солтүстік-батысқа қаратылып, бүктетіліп жатқызылған.

Ерлер мен әйелдер қабірлеріндегі қоса көмілген құрал-саймандар көзе сияқты ыдыстардың сынығы және бүтін ыдыстар, жатық және ернеуі ептеп қайырылған құмыралар болып келеді. Олар шыршалармен, «маржандармен», қиғаш кертпешелермен, қабырғалары сызылған үш бұрыштармен, тырнақ іздерімен, ирек сызықтармен өрнектелген. Мұнан басқа, әйел қабірлерінен сәндік заттар — қола тоғалар, түйреуіштер, шыны тектес заттан және ұнтақтан жасалған моншақтар, ерлер қабірлерінен еңбек құралдары, қару-жарақ табылды.

Сарыкөл көлі<sup>75</sup>, Көкдомбақ<sup>76</sup> және Кіші Қойтас<sup>77</sup> селолары маңындағы қорымдар іргелерін шеңберлей, шаршылап және тікбұрыштап тақта тастармен қоршаған, топырақ үйілген обалардан тұрады. Бұл қорымдардағы материалдық мәдениет заттары мен жерлеу ғұрпы үйіндісі жоқ

қоршаулардағыдай болып келеді. Кейде тақта тастармен жабылған тас жәшіктерде және ағаштармен жабылған жерден қазылған тікбұрышты қабірлерде әдетте өлік өртелмей қойылатын болған, сол сияқты өлікті өртеу де ұшырасады. Ру ақсүйектері жерленген қабірлер қыш ыдыстарының көптігімен, сан алуан әшекейлерінің молдығымен ерекшеленеді. Ыдыстардың сипаты, ою-өрнек пен оны бедерлеу техникасы андронов мәдениеті дәстүріне сай келеді. Оның есесіне әшекей заттарының жиынтығы көбірек, әрі алуан түрлі. Бұлар шетіне мұқыл шегемен ою-өрнек салынған және ою-өрнексіз конус тәріздес қола тоғалар, самайға тағатын алтын сырғалар, мыс моншақтар, жыртқыш аңның тісі, тас салпыншақтар. Әшекейлердің көпшілігі қоладан немесе мыстан жасалып, алтынмен қапталған. Бұлар салпыншақты сырғалар, бұрама сымдардан жасалған конустар, өрнегі қабырғалары сызылған үш бұрыштар болып келетін, түйнектері мен каннелюрлері бар тармақты салпыншақтар, ромбының әрбір ширегінде біріне-бірі тік келетін қосарлас сызықтармен өрнектелген ромб тәрізді қаптырма, үш бұрышты қаптырма және басқалары.

Шідерті өзенінің оң жағалауына орналасқан Нұрмамбет қорымындағы<sup>78</sup> екі адамның қаңқасы шыққан қабір ерекше көңіл қоярлық. Жерленгендер бір-біріне бетпе-бет құшақтастырылып салынған: ері — сол қырынан, әйелі — оң қырынан жатқызылған. Ер адамның бас жағына қола құйма қанжар қойылған. Әйелдің саусақтарында бес қола сақина, ал білектерінде бір-бірден қола білезік; аяқтарында, тізесінің буынына таман қола моншақтар тізілген білезіктер бар. Бас жағында — қола бізбен ине. Ою-өрнегі мол қыш ыдыстан қойдың сүйектері — өлік асының қалдықтары табылды.

**Соңғы қола мәдениеті.** Қазақстанның барлық жерлеріндегі сияқты, Шығыс Қазақстанның соңғы қола кезеңі — бақташы тайпалардың көшпелі мал шаруашылығына көшкен уақыты.

Бұл кезенді Трушниково селосының іргесіндегі қонысты, Мало-Красноярка селосы іргесіндегі қоныс пен қорымды, Зевакино қорымын зерттеу кезінде алынған археологиялық деректер сипаттайды.

Трушниково қонысында<sup>79</sup> тікбұрышты жартылай жертөле үлгісіндегі екі тұрғын жай ашылды. Олардың біреуінің қабырғаларының негізі жерге көмілген тіреулер болды, бұл тіреулердің аралығы шарбақпен немесе ағашпен өріліп бекітілген. Үйлерден қыш ыдыстардың сынықтары, мал мен балық сүйектері шыққан шаруашылық ұралары табылды. Бұлардың біреуінен жебенің оқ тәріздес, екі шетінде қыры бар, ұңғылы қола ұшы табылды. Жер ошақтардың шұңқырларында ыс пен күйе іздері бар тастар, көп мөлшерде күл, ағаш көмірі мен күйген шырпы, еденде мыс рудасының түйірлері сақталған. Екінші үйдің маңында диаметрі 1,2 және тереңдігі 2,1 м құдық болған.

Сол жерден жиналған тас кетпендер, дәнүккіштер, тас тоқпақшалар, келілер, келсаптар бұл араны мекендеушілердің егін салғанын көрсетеді. Осында табылған, сүйектен жасалған бес тісті құрал, сірә, өрмекті тығыздауға арналған болу керек, ұршыққа арналған қыш керме тоқымашылықтың болғанын көрсетеді. Тері илеу де белгілі болды (лөкет пышақтар, тегістегіштер). Қола түйірлерінің, қоладан жасалған бұйымдардың (біздердің, пышақтардың, әшекейлердің, жебе ұштарының) та-

былуы олардың жергілікті жерде жасалғанын білдіреді. Қоныстан табылған көптеген қыш ыдыстардың арасында құмыралардың екі түрі: иіні дөңгелек, ернеуі тік немесе сәл сыртқа қайырылған құмыралар және бүйірі өте-мөте шығыңқы, ернеуі тік немесе сәл сыртқа қайырылған құмыралар басым болып келеді. Олар ернеуінде, мойнында тарақ тәрізді немесе тегіс қалыппен түсірілген қиғаш және айқыш-ұйқыш ойықтары бар белдеулермен, қисық жіңішке белдеулермен өрнектелген. Түбі дөңгелек келген, ою-өрнек салынбаған ыдыстар да бар.

Мало-Красноярка селосы іргесіндегі қоныста<sup>80</sup> жапсарластыра салған қора-қопсысы бар екі тұрғын үй ашылды. Үйдің бұрыштары иіліп келген тік бұрыш бітімді, жартылай жертөле үлгісінде; аумағы 160 шаршы метрге жуық. Ортадағы екі қатар тіреулер екі сайлы шатырды тіреп тұрған. Сопакша келген жер ошақ үйдің ортасынан қазылған, оған таяу граниттен жасалған келі табылды. Үйдің солтүстік-шығыс жақтағы қабырғасына дәліз іспетті екі құрылыс жалғасқан, олар да жерден қазылып терендетілген. Бұлар бейне бір жабық аула сияқты. Екі құрылыс та күрке тәріздес жабылған.

Шағын аулаға кіре берісте күл қалдығы астынан жердің үстіндегі бір құрылыстың төбесін немесе жаппаны тіреп тұрған үлкен тіреулердің орнатылған орнындағы шұңқырлар табылды. Бұл мыс және қола заттар жасайтын шеберхана болған. Осында мыс шлагының, күйген тастардың кесектері, құйма қалыптың сынықтары, металл ерітетін ыдыстың сынығы және найзаның қола ұшы табылды.

Тұрғын жайлар мен қора-қопсыларда қоладан жасалған (шоттар, пышақтар, дән сабақтарының дағы бар орақтар, біздер), тастан жасалған (құйма қалып, күрзі, келісаптар, дәнүккіштер, келілер, тоқпақшалар, қайрақ тастар), сүйектен жасалған (лөкет пышақтар, біздер, инелер, тоғалар), балшықтан жасалған (керме, қыш ыдыс) еңбек құралдары көптеп табылды. Көбіне бүйірлі және ернеуі тік құмыралар ұшырасады. Олар кертпешелі және бүршікті жапсырма белдіктермен өрнектелген.

Мало-Красноярка және Трушниково қоныстарында жебелердің қола ұштарының болуы тайпааралық қақтығыстарды дәлелдейді.

Соңғы қола дәуірінде қоныстарды мекендеушілердің жерлеу ғұрпын Зевакино қорымының материалдарынан көруге болады<sup>81</sup>, мұнда әр кезеңдегі жүзден астам жерлеу құрылыстары зерттелді.

Жерлеу құрылыстары такта тастармен, бөренелермен жабылған тас жәшіктер, цисталар, тікбұрышты және сопақша келген жерден қазылған шұңқырлар түрінде болып келеді. (Көбінде жеке өлік қабірлері, сонымен бірге бір қабірде екіден, үштен және төрттен өлік көмілген қабірлер де кездеседі. Жерленгендер қол-аяғы бүгіліп, оң жақ қырынан, кейде сол жақ қырынан жатқызылған, шалқасынан немесе етпетінен жатқызып жерлеуде кездеседі. Кейбір қабірлерден жосаның, күйген ағаштың және ағаш көмірінің кесектері, өлік асының қалдықтары (жылқының бас сүйегі, жіліктері, қойдың жауырыны, жіліктерінің, қабырғаларының сынықтары) ұшырасады.)

Жерлеу мүлкі қола пышақтар, қанжар, қыш ыдыстар, металдан, тас пен сүйектен істелген әшекейлер мен тұрмыстық заттар түрінде болып келеді. Балалар жерленген қабірлерде көп мөлшерде қойдың асықтары кездеседі, олардың біразы қызыл жосамен боялған, қайсыбірінде өңдеудің іздері байқалады.

Трушниково мен Мало-Красноярка қоныстарында қой-ешкі сүйегінің басым болуы, жылқы сүйектерінің көбеюі, сондай-ақ бүйірі шығыңқы, ернеуі тік немесе аздап сыртқа қайырылған, жапсырып соғылған белдіктермен өрнектелген немесе өрнексіз ыдыстардың жаңа түрлерінің, сондай-ақ түбі дөңгелек келетін ыдыстардың шығуы соңғы қола дәуірі тайпаларының экономикасында өзгерістер болды деуге мүмкіндік береді.

Қазақстан мен Оңтүстік Сібірдің шектес аймақтарындағы сияқты, мұнда да шаруашылық нысандарының өзгеру үрдісі жүріп жатты.

## 6. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕН ЖЕТІСУ ТАЙПАЛАРЫ

Қазақстанның басқа аудандарымен салыстырғанда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда қола дәуірінің ескерткіштері анағұрлым аз зерттелген. Көп жылғы ізденістер нәтижесінде бірен-саран қорымдар мен қоныстар ғана табылып, зерттелді.

Мәселен, Оңтүстік Қазақстанда Таутары қорымы, әр жерден табылған бірнеше қабір мен кездейсоқ табылған заттар мәлім. Жетісудан табылған ескерткіштер көбірек. Бұлар — Алакөл ойпатындағы Қарақұдық қорымы, бірен-саран бейіттер мен қоныс жұрттары. Қапал және Биғаш селолары маңынан тас жәшіктер мен қоршаулар, сондай-ақ Алматы қаласының тұрған жері мен оның төңірегінен едәуір кездейсоқ заттар мен қола еңбек құралдары, қару-жарақтар және тұрмыстық заттар көмбелері табылды.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қола дәуірінің ескерткіштері жерлеу құрылыстары көлемінің шағындығымен және салынуының қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Мұнда, Орталық Қазақстандағы сияқты, жүздеген қоршаулары мен обалары бар мазарлар жоқ, ал қорымдарда көп дегенде он шақты, жиырма шақты қабір бар. Жерлеу мүлкі де жұпыны: қоладан істеген бұйымдар аз ұшырасады, қыш ыдыстарға көбіне ою-өрнек салынбаған.

80-жылдары Жетісу аумағын жоспарлы түрде зерттеу Алматы, Талдықорған, Жамбыл облыстарында едәуір мөлшерде қорымдар мен қоныстар табуға мүмкіндік берді. Жамбыл облысының аумағындағы қорымдар Анрақай жотасы мен Шу-Іле тауларының арасындағы кең жазықта, Қордай бекетінің маңында, Шоқпар және Алайғыр станцияларының маңында, Шу-Іле тауларының тау жоталарында, Ойжайлау алқабы мен Масаншы поселкесінің маңында орналасқан. Алматы облысында ескерткіштер Майбұлақ аңғарынан, Фабричный селосы мен Ақсай селосының маңынан және биік тауда, Көлсай ауданы маңынан табылды. Талдықорған облысының аумағында Биғаш селосы маңында, Талапты селосының түбінде, Құйған аңғарында, Ленин селосы маңында және басқаларында осындай ескерткіштер бар. Іле Алатауы мен Күнгей Алатаудан, Анрақай таулары мен Жоңғар Алатауының тау беткейлерінен 5—10 қоршаудан тұратын шағын қорымдар табылды.

Сонымен, Жетісуда қола дәуірі тайпаларының далалық, тау бөктеріндегі және биік таулы өңірлерді мекендегені анықталды. Сонымен бірге ірі қорымдар орналасқан ауданнан қоныстар мен петроглиф сақталған орындар ашылды<sup>82</sup>.

Солтүстік-Шығыс Жетісу аумағында дамыған (Қапал, Мыншұңқыр-3, -4, Талапты-1, -2, Құйған-2, Қарақұдық) және соңғы (Биғаш, Ақсай, Сағынды) кезендері мен қола дәуірінен ерте темір ғасырына өту уақытына (Арасан, Биен-13 және Биен қонысы) жататын бірқатар қорымдар зерттелді<sup>83</sup>.

Аралдың шығыс төңірегіндегі қола дәуірінің ескерткіштері жақсырақ зерттелген. КСРО Ғылым академиясы Хорезм экспедициясының Сырдария өзенінің көне атырауы аймағындағы көп жылдық жұмыстары нәтижесінде дамыған қола кезеңінің бірнеше тұрақтары ашылды. Олардың көпшілігі — Сырдарияның ескі арнасы — Інкәрдарияда, атап айтқанда Ұйғарақ адыры маңындағы Егіскөк және Көксеңгір атырабындағы тұрақтар. Бұлардан табылған қыш ыдыстардың сынықтарында оюлы және тарак тәрізді қалыппен салынған өрнектер бар. Өрнек мәнерлерінің арасында сынық сызықтардың, меандрлардың қатарлары, тұйықталмаған үш бұрыштар, «шырша», «жалаушалар», тамшы іздер және т. б. таралған.

Інкәрдарияның төменгі бойында, оның салалары Әмударияның Ақшадария атырауы салаларымен қосылатын жерінде басқаша жағдай байқалады. Мұнда андронов керамикасынан басқа Ақшадарияда, әсіресе оңтүстік атырауда б. з.б. II мыңжылдықтың екінші жартысының ортасында басым болған тазабагьяб керамикасы кездеседі<sup>84</sup>. Тегінде, тазабагьяб мәдениеті тайпаларының жылжуы оңтүстіктен солтүстікке қарай Ақшадария бойымен жүргенге ұқсайды, ал солтүстіктен және шығыстан Сырдария салаларының бойымен андронов мәдениетінің тайпалары тараған.

Осы екі мәдениет ареалдарының бір-бірімен тоғысуы кейініректе, б. з. б. IX—VIII ғасырларда да байқалады. Бұл кезде оңтүстік Ақшадария атырауына тараған мәдениет енді тазабагьяб мәдениеті емес, солтүстік Атыраудың көптеген жерлерінде, Солтүстік Түгіскеннің ұқсас кешенінде, Інкәрдариядағы сол кезеңдегі бытыраңқы тұрақтардың көбінде кездесетін әмірабад мәдениеті<sup>85</sup>; бұл мәдениетке тазабагьяб және андронов формаларынан бүтіндей айырмасы бар, айнадай жылтыратылған, бүйірі шығынқы ыдыстар тән болып келеді. Бұл керамика түгіскендік үлгідегі кейінгі андроновтық керамикамен және замараевтік үлгідегі, ернеуі жаға тәріздес қайырылған және жапсырма белдік салынған керамикамен бірге Інкәрдария кешендерінде ұшырасады.

Соңғы қола дәуірінің неғұрлым көрнекті ескерткіші — Інкәрдария жағасындағы (Қызылорда қаласынан оңтүстік-шығысқа таман) Түгіскен адырына орналасқан Солтүстік Түгіскен мазары. Бұл тікбұрышты шикі кірпіштен қаланған жерлеу құрылыстарының кешенінде, сәулет өнерінің еңселілігіне және жерлеу мүлкінің байлығына қарағанда, тайпалардың көсемдері жерленген. Сөз жоқ, кесенелер бір мәдениетке жатады, бірақ олардың арасынан неғұрлым ертедегілері мен неғұрлым кейінгілерін бөліп көрсетуге болады.

**Оңтүстік Қазақстан тайпаларының мәдениеті.** Қола дәуірінің ортаңғы кезеңінен мұнда Қаратаудың солтүстік баурайына орналасқан Таутары қорымы бар<sup>86</sup>. Мұндағы қабір үстіндегі ескерткіштер — жер үстіне қырынан қазылып орнатылған тақта тастармен немесе жерге қазылмай қойылған тастармен белгіленген, тікбұрышты, шаршы, сопақша келген, шеңбер түріндегі қоршаулар.

Өліктер қайсыбірі тақта тастармен жабылған жерден қазылған шұңқырларға қойылған. Өлікті өртеу ғұрпы басым болған. Өртелген сүйектердің



қалдықтары көбінесе бір немесе бірнеше жерге шұңқырдың батыс жағына үйілген немесе бүкіл батыс бөлігіне шашылып тасталған. Қабірдің шығыс немесе батыс бөлігіне тағам салынған бірден беске дейін қыш ыдыс қойылып отырған. Ыдыстардың түбі жайпак, бітімдері екі түрлі: көзелер және иіні дөңгелетіліп шығарылған немесе мойны мен бүйірі ойықталып жалғасатын құмыралар түрінде болып келеді. Құмыралардың біразы биік, жіңішке, енді біразы бүйірлі, жатаған. Олар негізінен тарақ тәрізді қалыппен өрнектелген. Әдетте өрнек ыдыстың мойнына, бүйірінің жоғарғы бөлігіне, кейде түбіне жақын жеріне және түбіне салынады. Тең бүйірлі шимақталған үш бұрыштар, сынық сызықтар, меандр, ойық үш бұрыштар түріндегі, ыдыстың мойнынан бүйіріне қарай каннелюр түріндегі ою-өрнек салу кең тараған. Көзе ыдыстар ою-өрнексіз болады немесе тең бүйірлі шимақталған үш бұрыштармен өрнектеледі. Кейбір құмыра тәріздес ыдыстарда күйген тағамның қалдықтары сақталған, бұлар басқадан гөрі тары немесе бидай ботқасының қалдықтары деуге көбірек келеді. Қола мен алтыннан істелген ұсақ бұйымдар, әшекейлі заттар болған. Олардың арасында тесігі бар «тармақты» және сопақша салпыншақтар, шығыршықтар, сақиналар, тізбелер, моншақтар, сымнан иілген, алтынмен апталған самай сырғалары, ұнтақтан, шыны тектес заттан және сүрмеден істелген моншақтар, киімге қадауға арналған қола қаптырмалар бар.

Таутарының материалдық мәдениеті Қазақстанның, Жайық өңірінің, Оңтүстік Сібірдің андронов мәдениетіне жақын.

Жамантоғай атырабындағы оба үйіндісінің астындағы үш қабір соңғы қола дәуіріне жатады<sup>87</sup>. Мұнда жерленгендердің жанынан қыш ыдыстардан басқа қола пышақ және төрт қырлы біз шықты.

**Жетісу тайпаларының мәдениеті.** Жетісудағы ең ірі ескерткіш Шу-Іле тауларының солтүстік-шығыс беткейінің етегіне орналасқан Қарақұдық қорымы болып табылады<sup>88</sup>. Тақта тастармен жабылған тас жәшіктерде балалар мен жасөспірімдер жерленген. Цисталарда — бір-бірімен беттесіп, ішке қарай ұмсындыра қаланған тақта тастардан тұратын және тақта тастармен жабылған лақыттарда ересек адамдар жерленген. Балалар, сондай-ақ ересектер жерленген кейбір жәшіктер шеңберлей, сопақшаланып немесе тікбұрышталып қоршалған. Балалардың қабірлері қорымның оңтүстік бөлігінде, ортада қабірден бос алаң қалдырып, айналдырыла орналастырылған. Барлық қаңқа сүйектер қол-аяқтары қусырылған күйінде, бастары батыс, солтүстік-батысқа қаратылып жатыр. Балалар қабірінде (олардың кейбіреулері тақта тастармен жабылған) бас жағына тостаған, текше немесе құмыра тәріздес, өрнек салынбаған бір-бірден шағын қыш ыдыс қойылған.

Ересектер қабірлерінен құмыра тәрізді үлкен ыдыстардың сынықтары, қола моншақтар мен сырт жағында ілмек сабы бар қола айна табылды. Қабірлерден табылған қой сүйектері, ыдыс сынықтарынан күйген тағам қалдықтарының табылуы өліктердің жанына сүт, өсімдік және ет тағамдары қойылғандығын көрсетеді.

Алакөл ойпатында, Онағаш атырабында әйел қабірінен әшекейлерді тағудың салтын қалпына келтіруге мүмкіндік берген заттар табылды. Әйел құлағына бір ұшында салпыншағы бар үлкен сырға таққан, қолына қола білезіктер салған. Киіміне көптеген қола қаптырмалар мен моншақтар тігілген. Осында, Онағаш атырабында қабірдің маңынан қоныс жұрты табылды. Үйлер жартылай жертөле үлгісіндегі тікбұрыш тәрізді, екі бөлімді

құрылымнан тұрады. Есіктері көл жағынан шығарылған. Тұрғын жаймен іргелес орналасқан күлсалғыш орыннан астан қалған көп қалдықтар — қой-ешкі мен ірі қара сүйектері, қыш ыдыстардың сынықтары және ромб тәріздес қола тоға табылды.

Соңғы қола дәуіріндегі Жетісудың қола құю өндірісі мен тұтас алғанда материалдық мәдениетінің даму деңгейін қола заттардың көмбесі мен табылған кейбір заттар сипаттайды<sup>90</sup>. Олардың арасында еңбек құралдары — орақтар, дүмі шығынқы ұнғылы балталар, шапашоттар, ұнғылы, сопақша және найза тәріздес қашаулар, пышақтар, мінсіз жасалған тас дәнүккіштер мен келсаптар бар.

**Арал өңірі тайпаларының мәдениеті.** Б. з. б. II мыңжылдықтың екінші жартысында — I мыңжылдықтың бас кезінде Сырдарияның төменгі бойының тұрғындары, сірә, Батыс және Орталық Қазақстанның далалық тайпаларымен неғұрлым тығыз байланысты болса керек, өйткені мұнда дамудың жергілікті бағыты андронов мәдениеті болып келеді. Аралдың оңтүстік өңірімен б. з. б. II мыңжылдықтың екінші жартысында өзара жақындасу шығысқа таман емес, тек қана Іңкәрдария мен Ақшадария арналары өңірінде болды. Б. з. б. I мыңжылдықтың бас кезінде хорезмдік әмірабад керамикасы бүкіл Іңкәрдария бойында дерлік ұшырасады және Солтүстік Түгіскен кешендерінде көрнекті орын алады.

Тегінде, одан да гөрі оңтүстік аймақтардан Түгіскенге оңтүстік өркениетінің шикі кірпіш пен шеңберлі керамика сияқты элементтері әкелінген болса керек. Алайда мұның бәрі жергілікті, негізінен андронов мәдениетіне үстеме болып қана қосылады, бұл мәдениет керамика үлгілерінде, жерлеу құрылыстарының құрылымында, жерлеу ғұрпының кейбір элементтерінде дәстүрлі түрде сақталады. Дамыған және соңғы қола кезендеріне тән отырықшылық қоныстар Сырдария бойында жоқ. Осы жағдай, сондай-ақ Сырдария атырабының жер бедері-климат жағдайларының өзіндік ерекшелігі жергілікті тұрғындардың шаруашылығындағы негізгі бағыт мал шаруашылығы болған деп топшылауға итермелейді. Алайда оңтүстікпен екі арадағы, Солтүстік Түгіскеннің материалдарында айқын көрінетін мәдени байланыстар, сондай-ақ шағын алқаптарда суармалы егіншіліктің болу мүмкіндігі Сырдарияның төменгі бойында соңғы қола дәуірінің шаруашылығы кешенді, жартылай отырықшы мал шаруашылығы мен егіншілік болды деген қорытындыға келтіреді.

Қазақстанның соңғы қола дәуірінің аса көрнекті ескерткіштері болып табылатын Түгіскен кесенелері Аралдың шығыс өңірінің ежелгі малшыларының діни құрылыстар архитектурасы мен құрылыс техникасының барынша дамығандығын көрсетеді.

Тікбұрышты, сарғыш түсті шикі кірпіштен салынған кесенелердің бір тобы өте ерте заман құрылыстары болып табылады. Олар шикі кірпіш пен ағаштан тұрғызылған дөңгеленген-үшкіл құрылыстар түрінде болып келеді. Төрт бұрышты етіп салынған құрылыс сыртқы қабырғалардың бұрыштарына орнатылған кірпіш бағандар арқылы үстінгі барабанға жалғасады. Бұл әдіс, сірә, тромптардың пайда болуына негіз болса керек. Төрт бұрыш түрінде болып келетін сыртқы қабырға төбені тірейтін конструкция болған. Бұл құрылыстарды жобалаудың негізі әлемнің төрт жағына бағдарланған сыртқы қабырғалардың шаршысы ішіндегі шеңбер болып табылады. Сыртқы қабырғалардан сәл ішке қарай шеңбер бойымен сегіз немесе он екі тік-

бұрышты кірпіш бағандар тұрғызылған, сақталған бағандардың биіктігі екі метрге жуық.

Одан әрі шеңберден ортаға таман осындай төрт немесе сегіз бағаннан тұратын, негізінде тікбұрыш жасайтын екінші қатар келеді. Құрылыстың төрт бұрышының әрқайсысында бір-бірден баған бар. Бірінші қатардағы бағандардың арасына жұқа кірпіш қаланып немесе шарбақ тоқылып, екі жағы сыланған. Кесенелердің біреуінде ішкі жақтан осы қабырғаға қатар тұрған екі бағанның арасын жапсарластыра орындықтар орнатылған, сөйтіп жұқа қабырға осы орындықтардың арқалығы сияқты.

Екінші, ішкі қатардың бағандары бір-бірімен қосылмаған. Сөйтіп, жерлеу құрылысы бағандар жүйесі арқылы сыртқы дәлізге, одан кейінгі, бұл да шеңбер тәріздес, ішкі дәлізге және ең соңында, ортада орналасқан тікбұрышты жайға бөлінеді. Кесененің кіретін есігі шығыс қабырғасында және ол тура ішкі дәлізге апарады.

Сол кездегі жердің беті болған құм еденде, бағандардың ішкі және сыртқы жағында, сондай-ақ кесенелер қабырғаларының ішкі жағында да бірнеше қатар шеңберлей орнатылған ағаш тіреулердің шұқырша орындары бар. Бұлар қажет бола қоймаған, өйткені кірпіш бағандар төбеге мықты тірек бола алатын еді. Бәлкім, тіреулі құрылымдардың сақталуы мазардың тұрғын үй құрылымын қайталайтындығынан болса керек.

Орталық бөлікте және ішкі дәлізде жерлеу мүліктері: керамика, қолдан істелген құралдар, қола және алтын әшекейлер және басқалары тұрған. Өлгендермен бірге қабірге мүшелеп бөлінген мал етін салу ғұрпы болған.

Түгіскенде өлікті өртеу ғұрпы басым болған. Осы ғұрыпты атқару кезінде бүкіл ғимарат өртелген. Ғимараттың бұдан әрі қалай сақталғаны әзірге белгісіз. Мәселе мынада: кесенелер көсемдерді жерлейтін орын болған, соның өзінде олардың әрқайсысының маңына отбасы мүшелері мен жақындарының көлемі жағынан неғұрлым жұпыны бейіттері топтастырылған. Бұл қабірлер негізгісімен тұтас бір кешен болып, оған жапсарлас орналасқан. Бұл орайда ғимарат қираған күйінде тұра берді деу қиын. Ғұрып атқарылғаннан кейін кесене қайтадан жабылуы мүмкін, ал бұл жағдайда оның төбесі кірпіш бағандардың үстіне орнатылған.

Неғұрлым кейін, негізгісіне жапсарластыра салынған бейіттер көкшіл-ақ шикі кірпіштен өрілген тікбұрышты қоршаулар болып келеді. Мола шұңқыры жер бетінен 60—80 см тереңдетіліп қазылды. Қоршаулардың аумағы 35 шаршы метрден 50 шаршы метрге дейін жетеді, оларды салу кезінде кесененің қабырғасы жиі пайдаланылған. Бұларға көсемнің туысқандары мен дос-жарандары жерленген. Мұндай үлгідегі құрылыстардың арасында ірі кесенелердің бірінің солтүстік қабырғасына жапсарластыра салынған, бірақ құрылымы жағынан онымен байланыспайтын кешен ерекше орын алады. Оның орталық бөлігіне, тегінде, әйел жерленген болу керек, онда ыдыстар мен әшекейлер жиынтығы (алтыннан және ақықтан жасалған моншақтар, салмақты алтын сырға, қола түйреуіш) қойылған. Бұл бөліктен батысқа таман тағы бір бөлме бар, оның жер ошағының төңірегінде сан алуан және көлемі әр түрлі қырыққа жуық ыдыс табылды.

Құрылыстардың енді бір тобы жапсарлас қоршаулармен бір уақытта салынған. Олар да сол көкшіл-ақ кірпіштен салынған, өзінің жоспары жағынан ежелгі кесенелерден неғұрлым қарапайым, бірақ олардың құрылымының барлық негізгі принциптерін сақтаған. Кесене жобасында сыртқы шар-

шы пішіні сақталмаған, сыртқы қабырғасы дөңгелек болып келеді, ал қабырға мен тікбұрышты бөлік аралығында дөңгелек дәліз бар. Кіретін есік бұрынғысынша шығыс жағында, тіреулер орнатылған шұңқыршалар жүйесі де сол тектес, бірақ бағандар жоқ және тіреулер енді құрылымның негізіне кіреді. Өлікті өртейтін жер айнала ойып қазылған, сондықтан оның түрі жерден жасалған үстел сияқты.

Сірә, диаметрі 25 метрге жуық дөңгеленіп келген жерлеу құрылысының қалдықтары түріндегі кесене Түгіскеннің жерлеу құрылысының ішіндегі неғұрлым кейінгі кезде салынған құрылыс болса керек. Ол диаметрі 15 метрге жуық, шикі кірпіштен қаланған, ішінде төрт бұрышты бөлігі бар цилиндр тәрізді көлемді орталық жайдан тұрады. Кесене сыртқы қабырғамен айналдыра қоршалған, осылайша ені 2 метр айналма дәліз жасалған. Сыртқы және ішкі қабырғалардан шығыс жағынан шамамен ені бір метрдей есік ойылған.

Жерлеу лақыты әлемнің төрт жағына қарай бағдарланған, оның аумағы 7,8x6,9 м. Ол сол кездегі жер бетінің деңгейінен 1,3 м қазылып терендетілген. Қабырғаларына қалың етіп қамыс пен бұта ұсталған, сірә, бұл сырғауылдармен және бағандармен ұстатылған бір шарбақ болуы керек. Едені балшықпен жұқалап сыланған оның үстіне жұқа жоңқадан немесе қабықтан тоқылған төсеніш төселген. Бөлікті айнала ені 60–70 см арық қазылған, ол еденнің деңгейінен 30 см төмен.

Өлік жерлеу бөлігінде өртелген. Оның бұрыш-бұрышына белгілі бір мақсатқа арналған ыдыстар қойылған. Мұнан басқа, орақ тәріздес қола пышақтар, қола инелер, алтыннан істелген ұсақ бұйымдар табылды. Осында табылған жүзден астам қола шеге назар аудартады, сірә, бұлармен қабырғаларға кілемдер немесе киіздер ілінген болу керек. Сақ заманына жататын екінші және бесінші Пазырық обаларының<sup>91</sup> жерлеу бөлігінің қабырғаларына киіздер осындай шегелермен ілінген.

Түгіскен кесенелерінің бірінен 60-тан астам ыдыстың мол жиынтығы табылды. Олардың біразы құмыра жасайтын ұршықшада істелген, қалғандары қолмен жапсыру арқылы жасалған.

Кесене мен қоршаулардың ежелгі дәуірінің өзінде-ақ тоналғанына қарамастан, табылған заттар көп. Мұнда әр түрлі екі жүзден астам бүтін ыдыстың табылғанын айтсақ та жеткілікті.

Түгіскен керамикалық кешеніне тән ерекшелік — оның мейлінше алуан түрлі болуы. Қолмен жапсырып жасалған ыдыста жергілікті андроновтық дәстүрлер ерекше айқын аңғарылады. Бұлар аузы жайпақ құмыралар немесе тегене тәрізді ыдыстар болып келеді. Олардың қабырғалары түгелдей өрнектелген; кейде иінінен бүйіріне дейін тарақ тәрізді қалыппен түсірілген таға сияқты өрнекпен өрнектелген ыдыстар да кездеседі. Бұл жағдайда мойнына бөлек бір белдеу өрнек салынған ыдыстар өте жиі ұшырасады. Негізгі ою-өрнек мәнерлері: тең бүйірлі шимақталған үш бұрыштар, ромбылар, меандр, тұйықталмаған үш бұрыштар, каннелюрлер, неғұрлым ұсақ суреттер көмкере салынатын үш бұрышты ірі фестондар және т. б.

Бүйірінің бітімі және кейбіреулерінде ернеулерінің бүріліп жасалуы жағынан бұл ыдыстарды соңғы андронов заманына жатқызуға болады, мұндай белгілер сол заманға тән.

Жоғары жағынан бедерлі белдікпен әшекейленген түбі жалпақ құмыралар мен тегенелер тобының сырты сұрғылт, қара және қоңыр түспен

жылтыратылған. Мұндай үлгідегі ыдыстар б. з. б. IX—VIII ғасырлардағы Хорезмнің әмірабад кешендерінде неғұрлым кеңінен таралған.

Қысқа тік мойынды, бүйірі жарты шар тәрізді шығыңқы және шағын жайпақ түбі бар кейде түбі дөңгелек, жылтыратылған ыдыстар назар аударады. Ою-өрнек мәнерлерінің түрі мен сан алуан болып келуі жағынан олар қайсыбір ретте дәндібай-бегазы және қарасук мәдениеттерімен (Бұғылы-2, Дәндібай қорымдары, Бегазы-2, -3 тақта тас қоршаулары және басқалары) ұқсас келеді<sup>92</sup>.

Құмырашы ұршықшасында жасалған ыдыстардың бүйірі шығыңқы және түбі шағын жайпақ, мойыны қысқа, сұрғылт, жылтыр болып келеді, тұтас-тай немесе бүйірін белдеулей бұдырлап көмкеріледі. Әсіресе Түгіскеннің соңғы кезеңдегі кешендерінде ернеуі бүрілген, жылтыр, тұтқасы жоқ, бүйірі өте-мөте шығыңқы, белдеулей бедерлеумен немесе ақ ұнтақ салып, неше түрлі геометриялық ою-өрнектермен әшекейленген құмыралар кең тараған. Ең соңында, кесенелердің бірінен екі үлкен қыш кеспек табылды, бұлар түрі мен жасау техникасына қарай Хорезмнің ертедегі, атап айтқанда Қойқырылған-қала, Діңгілже маңындағы ежелгі қоныстардан, Көзеліден және басқаларынан табылған ірі қыш ыдыстарға өте ұқсас<sup>93</sup>.

Табылған заттардың керамикалық кешені және басқа заттар, мәселен, жебенің жалпақ қола ұштары, Солтүстік Түгіскен кесенелерінің салынған уақытын б. з. б. IX—VIII ғасырлар деп анықтауға мүмкіндік береді.

Өте сирек ұшырасатын осы ескерткіштің қай мәдениетке жататынын анықтау — принципті маңызы бар мәселе. Ең алдымен, мұнда андронов мәдениетінің басым дәстүрлері айқын аңғарылады. Олар кесенелер мен оған жапсарлас салынған қоршаулардың орналасуынан, барлық кесенелердің кіретін есіктері шығысқа қаратылғандықтан, өлікті қабірге шартты түрде басын батысқа қаратып қоюдан (мұнда өлік өртелген), жерлеу құрылымдарында шаршы және шеңбер сияқты элементтердің қосарласа келуінен көрінеді. Ең ақырында, ыдыстардың дәстүрлі андроновтық үлгілері, оларды өрнектеудің әдістері мен мәнерлері — міне, осының бәрі байырғы тұрғындардың андронов мәдениетін ұстаған тайпалар екендігіне көз жеткізді. Алайда, бұл қуатты андронов компоненті, Орталық Қазақстандағы сияқты, оқшау түрінде емес, дәндібай-бегазы мәдениетіне тән бірқатар жаңа белгілермен аралас ұшырасады. Мұның жоғарыда айтылып өткен керамикадан басқа жерлеу құрылыстарының сипатына және басқа ерекшеліктерге де қатысы бар.

Көлемді қабырғалары, ортасында бөлігі, айналма дәліздері бар Түгіскен кесенелері Орталық Қазақстандағы осы тектес құрылыстарға ұқсас, бірақ ондағы құрылыстар орасан ірі тастардан қаланса, мұндағылар шикі кірпіштен қаланған. Бұл жағдайдың мәні өте зор. Орта Азиядағы далалық қола мәдениеттері тараған аумақтағы сияқты, соңғы қола дәуірі үшін Қазақстан аумағында да шикі кірпіштің пайдаланылуы белгісіз. Онда құрылыстар жергілікті материалдан — тастан салынған.

Оңтүстік Түрікменстанның егіншілік мәдениеттерінде құрылысты шикі кірпіштен салу ежелгі заманнан бар, сондықтан Түгіскен кесенелерін салушылар өздерінің оңтүстіктегі көршілерінің құрылыс тәжірибелерімен таныс болған деп топшылау керек. Көне кесенелер салу кезінде пайдаланылған 42—45x22—24x10 см стандартты тікбұрышты кірпіш оңтүстікте Намазға-5 кезеңінде (б. з. б. III мыңжылдықтың аяғында — II мыңжылдықтың

басында) кеңінен қолданылған. Намазға-6 кезеңінде (б. з. б. II мыңжылдықтың екінші жартысы) 48–49x23–24x11–12 см стандарты пайда болады, ол б. з. б. I мыңжылдықтың басында салынған деп белгіленген Теккемтепе (50–48x25–24x14 см), Яз (54x28x11 см) сияқты неғұрлым кейінгі кезең ескерткіштеріне де тән. Түгіскенде нақ осы стандарт (50–60x25–30x20 см) Түгіскен кесенелерінің ең кейін салынғанында табылған, оның негізі ішінде төрт бұрышты жерлеу бөлігі бар цилиндр тәріздес құрылыс болып табылады.

Сөйтіп, Түгіскен кесенелерінің сәулеттік шешімі негізінде дөңдібай-бегазы ескерткіштері тектес жоспарлау идеясы бар, бірақ ол басқа құралдармен орындалған. Ол былай тұрсын, жоспарда шаршы болып келетін құрылысты дөңгелек барабанға бұру әдісі (кірпіш бағандарды сыртқы шаршы қабырғалардың ішкі бұрышына орнату), тегінде, троптардан бұрын қолданылған болуы керек. Бұрыш-бұрышқа бағандар орнатудың бұл тәсілі Бегазыда да белгілі болған, тек онда тас бағандар орнатылған. Сөйтіп, бұл арада біз сәулетшілік шеберлігінің әжептеуір жетілген деңгейін көріп отырмыз; Орта Азия далаларында бұларға ұқсас құрылыстар жоқ. Оңтүстік компоненті дөңгелек керамиканың, көне үлгідегі кеспектердің болуынан көрінеді, бірақ олармен бірге қолдан жапсырып жасалған, оюлы-өрнекпен әшекейленген, жапсырма белдігі бар үлкен қыш кеспектер де ұшырасады, оған Трушниково қонысынан (б. з. б. IX–VIII ғасырлар) табылған ыдыс ұқсас келеді.

Сонымен, қола дәуірінде Қазақстан аумағында қоғамның дамуында түбегейлі өзгерістер болды: неолит кезеңінің шаруашылығы мен тұрмысының ежелгі түрлерінің орнына – егіншілік пен мал шаруашылығы, уақытша тұрақтардың орнына – жайлы қоныстар, шақпақ тас құралдарының орнына әр түрлі металл қоспалардан жасалған жоғары сапалы бұйымдар келді. Шаруашылық кәсіптің жаңа түрлеріне көшу тұсында халықтың саны өсіп, ірі-ірі мәдени қауымдар қалыптасты; мұның өзі андроновтық үлгідегі ескерткіштердің таралуынан көрінеді. Андронов мәдени қауымының таралуы белгілі бір кезендерде көршілес аумақтарға ықпал еткен жауынгер тайпалардың үлкен бір бірлестігінің өмір сүруімен де байланысты болуы ықтимал.

Қолда бар материалдар мұнымен қатар мүлік теңсіздігі арта түсті, тайпалық үстем топ және ең алдымен көсемдер окшауланып бөлінді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді; бұлардың окшаулануы дәуірдің аяқ кезінде, Дөңдібай мен Бегазының еңселі мазарларынан және Түгіскен кесенелерінен ерекше айқын аңғарылды.

Осыған ұқсас құбылыстар тұтас алғанда Евразияның Шығыс Европадан Орталық Азияға дейінгі далалық өңіріне тән. Мұнда барлық жерде малшы-егінші тайпалардың ірі қауымдарының құрылуы және олардың көршілес жерлерге таралуы байқалады. Мәселен, андронов үлгісіндегі мәдениетті ұстаған тайпалар Солтүстік Қырғызстан аумағына қоныстанады, Ферғана алқабына жылжып, Әмудария мен Зеравшанның төменгі ағыстарына дейін жетеді.

Орта Азияның оңтүстік аймақтарының отырықшы егіншілерінің ескерткіштерінен олардың далалық мал өсірушілер мәдениетімен қарым-қатынаста болғандығының іздері байқалады. Оңтүстік егіншілері мен солтүстік мал өсірушілерінің байланыстары Орта Азияның құрылыстарды шикі

кірпіштен салатын сәулет өнерінің құрылыс дәстүрлері пайдаланылып салынған Түгіскен кесенелерінен ерекше айқын көрінеді. Қазақстанның батысында жергілікті тайпалар қола дәуірінде Шығыс Европа далаларын кеңінен қамтыған қима мәдени қауымының тайпаларымен өзара тығыз байланыс жасайды. Қарым-қатынас болған аймақтарда аралас үлгідегі ескерткіштер пайда болады.

Соңғы жиырма жыл ішінде Шығыс Евразияның орманды даласы мен Ұлы дала белдеуінің тоғысатын жерінде энеолит заманынан соңғы сақ заманына дейінгі дәуірге жататын ескерткіштердің (қоныстар мен қорымдардың) үлкен тобы табылып, ішінара зерттелді. Олардың табылуы шын мәнінде ғылыми жаңалыққа тең, ал оларды зерттеу (қазу жұмыстары мен жарияланымдар) тарих ғылымына қосылған үлес болды және ертедегі Евразия далалары туралы біздің түсініктерімізге елеулі түзетулер енгізді.

Жаңа болса да, қазірдің өзінде кеңінен белгілі ескерткіштер арасында энеолит заманының (Ботай), қола ғасырының (Синташта, Арқайым) және соңғы сақ кезеңінің (Ақтау) қоныстары назар аударуға лайық. Бұл дәуірдегі тарихи оқиғалар мен экономика саласындағы жаңалықтар бүкіл үнді-европа дүниесінің этномәдени және әлеуметтік-экономикалық өміріне күшті ықпал жасағанын көрсетті. Өркениеттің тууына негіз болған монолитті стилбад қызметін атқарған асқан зор жаңалық пен өнертабыс металлургия мен жабайы дәнді дақылдарды қолдан өсіріп, жабайы жануарларды қолға үйрету болды.

Жылқыны үйрету, оны салт мініп жүруді, кейіннен жегіп пайдалануды ойлап табу азаматтың ілгері басуында, сөз жоқ, ерекше рөл атқарды. Бұл оқиғаны бағаламау қиын болса, оның маңызын жете бағаламауға да болмайды. Адамның уақыт пен кеңістікті бағындыруына негіз қаланды, ол ойкуменді тез әрі тиімді игеруге мүмкіндік алды. Адамзаттың қазіргі ғарыштық шапшандыққа жетудегі ұзақ та азапты жолын жылқының шапшандық мүмкіндігін пайдаланған ата-бабаларымыз осыдан мыңдаған жылдар бұрын салған еді.

Соңғы ашылған археологиялық жаңалықтар Евразияның дәнді дақылдарды қолдан өсіру (Вавилов) мен жануарларды қолға үйрету орталықтардың бірі болғаны туралы айтылып жүрген пікірді растайтын қосымша деректер беріп отыр. Евразия аймағының далалық өңірінде жылқының ертерек үй жануарына айналдырылып, табынды жылқы шаруашылығының пайда болуы халықтың материалдық жағынан қамтамасыз етілуі мен тұрмыс деңгейінің жедел артуына, қоғамның, оның мәдениеті мен дүниетанымының серпінді түрде дамуына, кейінгі, неғұрлым соңғы дәуірлерде адамдардың тұрмыс салтының түбірінен өзгеруіне жеткізді.

Б. з. б. III мыңжылдықта Ұлы Евразия даласында болған экономикалық құбылыстар кейінгі дәуірлердегі тарихи ілгері басудың бүкіл барысын шапшандата түсуге ықпал жасады. Ұлы дала тұрғындарының саны біртіндеп арта түсті; жылқы мен басқа жануарлар санының көбеюі бақташыларды мал жаятын өрісті кеңейтуге мәжбүр етіп, мұның өзі басқа рулармен және тайпалармен қақтығыстарға әкеп соғып отырды; қару көп қажет болып, бұл металлургияны дамытуға ынталандырды; шектес әлеуметтік топтармен айырбас және сауда қатынастары орнатылып, мұның өзі тіршіліктің барлық жақтарына қатысып жаңа идеялар мен өнертабыстарды қабылдауға жәрдемдесті; географиялық космогониялық, астрономиялық мағлұматтар

жинақтала берді. Сонымен, Ұлы дала төсі қимыл-қозғалысқа келіп, жасампаздықтың да, киратқыш күштің де потенциалды қуаты арта түсті.

Тарихи даму келесі мыңжылдықта Ұлы дала кеңістігіне андронов және қима, ал тағы бір мың жылдан кейін — скиф, сармат және сақ қауымдары ретінде орасан зор тарихи қауымдарын әкелді. Тайпалардың жинақылығының артуына, олардың әскери-саяси одақтарға ертерек бірігуіне, олардың ортасында Заратуштра уағызының тууына, елеп-екшеліп, көшіп-қону үрдісінің күшеюіне қозғау салған да сол еді. Сайып келгенде, үрдістің дамуы тарихи арийлер мен олардың ұрпақтарының Оңтүстік пен Батысқа көп сатылы түрде көшіп баруына әкеп соқты.

Арийлік және арийлерден кейінгі көшіп-қонудың негізгі бағыттарында алдыңғы шептер, ұзақ мерзімді әскери ставкалар, паналайтын бекіністер пайда болмай қоймайтын еді, ал оларсыз құрлықаралық көп сатылы көшіп-қонуы мүмкін емес болатын. Орал археологтары тауып, зерттеген, қазірдің өзінде жиырмадан асып кеткен қоныстардың үлкен тобы осындай ескерткіштер қатарына жатады. Ертiске дейiнгi неғұрлым кең-байтақ аумақты ғарыштан және аспаннан түсірілген фотосуреттердің бұдан былайғы сырын ашу, тегінде, Синташтаға, Арқайым мен Ақтауға тұстас және ұқсас ескерткіштердің жаңа тізбегінің табылуына жеткізетін болар<sup>94</sup>.

Қола ғасырындағы Қазақстан тайпалары бастапқы мәдени қабатты құрап, соның негізінде ертедегі көшпелілердің мәдениеті қалыптасты; оның экономикалық, әлеуметтік және мәдени алғышарттары тамырының қола дәуірінде жатқаны анық.

## 7. ҚОЛА ҒАСЫРЫНЫҢ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Қазақстанның қола дәуірі археологиялық жағынан едәуір жақсы зерттелген. Зерттеушілердің көпшілігі қарастырылып отырған аймақтың негізінен солтүстік, орталық және шығыс бөліктерінде қалыптасқан андронов мәдениетін сол дәуірдегі ең көп тараған мәдениет деп таныды. Қазақстанның батыс бөлігінде андронов мәдениетімен бір мезгілде оған жақын қима мәдениеті таралды, оның таралған орталығы Еділ бойында болатын. Андронов мәдениеті оңтүстікте өзімен тектес, Арал өңіріндегі тазабагьяб мәдениетімен шектесіп жатты.

Қазақстанның аталған аудандарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары қола дәуірінің біршама көп палеоантропологиялық материалын берді.

Жекелеген аймақтар бойынша бұл материалдарды зерттеу Қазақстанның шығыс, солтүстік, орталық бөліктерінде негізінен алғанда андроновтық антропологиялық тұрпат дейтіннің таралғанын көрсетті. Осы краниологиялық белгілердің бүкіл кешені протоевропоидтық нәсілдің бір нұсқасын құрайды және генетикалық жағынан Қазақстанның неолиттік мекендеушілерінің антропологиялық ерекшеліктеріне тіреліп жатыр. Жыныс айырмашылықтарын ескергенде андроновтықтардың сыртқы пішіні туралы жалпы түсінік оны бас сүйегі бойынша пластикалық әдіспен қайта қалпына келтірген жағдайда алынды. Қола дәуірінің Алексеевское қонысынан алынған әйелдің бас сүйегінің қайта жасалған мүсіні беріліп отыр.

Археологиялық тұрғыдан андронов мәдениетінің негізінен екі кезеңге:





Қола заманындағы қайта құрастырылған әйелдің бейнесі.

ның шығынқы неғұрлым айқын кескінделуі оны Көкше-3 қорымынан (Арал өңіріндегі тазабагьяб мәдениеті) алынған бас сүйектермен<sup>96</sup> және көп жағынан Тигровая Балка (II) (Оңтүстік Тәжікстанның вахш мәдениеті) қорымынан алынған топпен<sup>97</sup> жақындатады.

Жоғарыда келтірілгендерден Ойжайлаудың бас сүйектері төбе сүйегі жалпақ болғандықтан, бас сүйегі үлкен, беті кішкене, мұрыны таңқы болуымен ерекшеленеді.

Ойжайлаудан алынған бас сүйектер санының аз екенін ескере отырып, андронов және Жерорта теңізі антропологиялық үлгілері арасында бейнебір «аралық» жағдай алатын морфологиялық белгілердің шағын кешені бар екенін айтуға болады.

Неғұрлым соңғы кезеңде, қола дәуірінен темір дәуіріне көшкен кезде, Шығыс Қазақстаннан алынған қолда бар краниологиялық материалдарда (Зевакино және Измайлов қорымдары, Темірқанқа қорымы) болмашы ғана айырмашылығы бар андроновтық антропологиялық тұрпат атап өтіледі. Мәселен, Зевакино қорымынан алынған өтпелі кезең бас сүйектерінің негізі ерекшеліктері — бас сүйегі долихокранды (сопақ басты), бет-пішіні ат жақтылау, көз шарасы ұялы және мұрын қуысы қусырыңқы болып келеді. Басқа жағынан бұл топтың басқа андроновтық топтардан айырмашылығы жоқ. Зевакино қорымы краниологиялық тобының келтірілген морфологиялық ерекшеліктері, шынына келгенде, оңтүстік аймақтардың, атап айтқанда, Орта Азияның тұрғындарымен кейбір байланыстарды көрсетеді. Мұндай жағдай

алакөл және федоров кезеңдеріне бөлінетіні мәлім. Осыған байланысты, аталған кезеңдер бойынша палеоантропологиялық материалды қарастыру белгілі бір дәрежеде ынта-ықылас туғызады.

Мәселен, Орталық және Солтүстік Қазақстанның федоров кезеңіне жататын краниологиялық сериялары неғұрлым шығыс аймақтардың (Минуса ойпаты) халқымен жақындығын аңғартады, ал алакөл кезеңі бас сүйектерінің сериялары Қазақстанның батыс аудандарының тайпаларына бейім<sup>95</sup>.

Қарастырылып отырған дала мәдениетінің екі кезеңі өкілдерінің арасындағы осы шағын айырмашылықтармен қатар қола дәуірінің Ойжайлау қорымынан (Жамбыл облысы) алынған бас сүйектердің шағын тобында краниологиялық белгілердің біршама басқаша ұштасатыны аңғарылды. Оған тән біршама шағын сопақша бет, мандайы-

жоғарыда Жетісудан алынған қола дәуірінің антропологиялық материалдарында да атап өтілді (Ойжайлау қорымы).

Қазақстанның батыс бөлігіне келетін болсақ, қола дәуірінде онда негізінен алғанда қима мәдениетінің тайпалары мекендеген. Олардың морфологиялық белгілері Төменгі Еділ бойы аумағындағы кейбір шағын топтарымен ұқсастығын аңғартады, ал ол жерде қимашылардың өзі дене бітімі жөнінен кейбір әр тектілігімен ерекшеленеді<sup>98</sup>. Солай бола тұрса да соңғылары, жалпы алғанда, Жерорта теңізі нәсілінің долихокрандық көрікті тұрпатына жатады. Бұрынғы және жаңа палеоантропологиялық материалдарға талдау жасау Батыс Қазақстанның қималық тайпаларының андроновтардан айырмашылығы — олардың бас қорабы долихокранды, мезокрандылыққа ұқсас орташа келте басты, беті төмендеу және жалпақ, көз ойығы түсіңкі, кеңсірек үсті шығыңқы, қыр мұрынды, көрікті болып келеді.

Жоғарыда келтірілген айырмашылықтарға қарамастан, оларды дегенмен дене пішіні жағынан ғана емес, сонымен қатар мәдениет жағынан да толып жатқан ортақ белгілер жақындастырады, мұның өзі Қазақстанның қима және андронов мәдениеттерін таратушылардың өзара алыс-берісін, тарихи және антропологиялық түбінің бір екенін дәлелдейді.

Сонымен, қола ғасырларындағы Қазақстан халқының тұтас алғанда антропологиялық тегі бір, оған монголоидтық элементтердің қандай болсын қоспасынсыз протоевропоидтық нәсіл негіз болған (Бұл нәсіл ауқымында антропологиялық белгілердің көп нұсқалы болуы белгілі бір дәрежеде аңғарылып тұратынын ескерте кеткен жөн. Соңғы жылдарда қазылып алынған палеоантропологиялық материал осыны көрсетіп отыр.) Бұл орайда андроновтықтарға тән антропологиялық белгілер бұрынғысынша Қазақстан аумағында негізгі, басым белгілер болып қала беретіні күмәнсіз.

<sup>1</sup> Шнитников А. В. Изменчивость общей увлажненности материков Северного полушария. — Мына кітапта: Записки Географического общества СССР, т. 16, новая серия. М.-Л., 1957, 261—264-б.

<sup>2</sup> Чернецов В. Н. К вопросу о месте и времени формирования финно-угорской этнической группы. // Тезисы докладов. Методология этногенетических исследований. М., 1951; Соныкі. Древняя история Нижнего Приобья. // МИА. № 35. М., 1953, 58—61-б.; Вереш П. Этнокультурное развитие угорских народов. // Этнокультурная история населения Западной Сибири. Томск, 1978.

<sup>3</sup> Обзор литературы. Қараңыз: Кузьмина Е. Е. Откуда пришли индоарии. М., 1994, 5—11-б.

<sup>4</sup> Лайпанов К. Т., Мизиев И. М. О происхождении тюркских народов. Черкесск, 1993, 115—116-б.

<sup>5</sup> Теплоухов С. А. Опыт классификации древних металлургических культур Минусинского края. — Мына кітапта: Материалы по этнографии. Л., 1929, т. IV, вып. 2, 41—62-б.

<sup>6</sup> Грязнов М. П. Погребения бронзовой эпохи в Западном Казахстане. — Мына кітапта: Казаки. Антропологические очерки. Л., 1927, вып. 2, 199, 210-б.; Грязнов М. П. Казахстанский очаг бронзовой культуры. — Мына кітапта: Сборник статей антропологического отряда Казахстанской экспедиции Академии наук СССР. Исследование 1927 г. Л., 1930, вып. 15, 150—162-б.

<sup>7</sup> Сальников К. В. Очерки древней истории Южного Урала. М., 1967.

<sup>8</sup> Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966.

<sup>9</sup> Федорова-Давыдова Э. А. К проблеме андроновской культуры. — Мына кітапта: Проблемы археологии Урала и Сибири. М., 1973; Стоколос В. С. Культура населения бронзового века Южного Зауралья. М., 1972; Зданович Г. Б. Периодизация и хронология памятников эпохи бронзы Петропавловского Приишимья. Автореф. канд. дис. М., 1975; Соныкі. Бронзовый век Урало-Казахстанских степей. Свердловск, 1988.

<sup>10</sup> Зданович Г. Б. Архитектура поселения Аркаим. // Маргулановские чтения. 1990. М., 1992; Генинг В. Ф., Зданович Г. Б., Генинг В. В. Синташта. Челябинск, 1992. Т. 1. Аркаим, исследования, поиски, открытия. Челябинск, 1995.

<sup>11</sup> Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана, 258-б.; Формозов А. А. К вопросу о происхождении андроновской культуры. — КСИИМК, 1951, вып. 39, 11-б.; Соныкі. Кельтеминарская культура в Западном Казахстане. — КСИИМК, 1949, вып. 25, 51-52-б.

<sup>12</sup> Грязнов М. П. Этапы развития хозяйства скотоводческих племен Казахстана и Южной Сибири в эпоху бронзы. КСИЭ АН СССР, 1957, вып. 26.

<sup>13</sup> Зайберт В. Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. Петропавл, 1993.

<sup>14</sup> Кривцова-Гракова О. А. Алексеевское поселение и могильник. Тр. ГИМ, 1948, т. XVII, 101-б.

<sup>15</sup> Кривцова-Гракова О. А. Алексеевское поселение и могильник, 73-б.; Черников С. С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. МИА, 1960, № 88, 44-б.; Минаева Г. М., Фурсаев А. Д. Ботанические находки в археологическом материале. — «Советская ботаника», 1934, № 3, 150-б.

<sup>16</sup> Кузнецова Э. Ф., Тепловодская Т. М. Древняя металлургия и гончарство Центрального Казахстана. А., 1994.

<sup>17</sup> Жаумбаев С. У. Древняя металлургия и горное дело Центрального Казахстана (эпоха бронзы). Автореф. дисс. канд. ист. наук, Кемерово, 1984; Соныкі. Древние медные рудники Центрального Казахстана. // Бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. Челябинск, 1984; Соныкі. Хронология древних рудников Центрального Казахстана. // Вопросы периодизации археологических памятников Центрального и Северного Казахстана. Караганда, 1987.

<sup>18</sup> Дегтярева А. Д. Металлообрабатывающее производство Казахстана и Киргизии в эпоху поздней бронзы. Автореф. дисс. канд. ист. наук. М., 1985.

<sup>19</sup> Ахинжанов С. М., Макарова О. А., Нурумов Т. Н. К истории скотоводства и охоты в Казахстане. А., 1992.

<sup>20</sup> Курманкулов Ж. Поселения и могильники эпохи бронзы Северной Бетпакадалы. Автореф. дисс. канд. ист. наук. Кемерово, 1988; Кадырбаев М. К., Курманкулов Ж. Культура древних скотоводов и металлургов Сары-Арки. А., «Ғылым», 1992.

<sup>21</sup> Сатпаев К. И. Доисторические памятники в Джезказганском районе. «Народное хозяйство Казахстана», 1941. № 1.

<sup>22</sup> Черников С. С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. МИА, 1960, № 88, 134-б.

<sup>23</sup> Мыс рудасына сандық анализ ҚРҰҒА Геология ғылымдары институтынын полярография лабораториясында жасалынды.

<sup>24</sup> Русаков М. П. Археологическая справка о характере древних работ на олово на месторождениях Калбы и Нарыма. Мына кітапта: Большой Алтай, т. 2. М.-Л., 1936, вып. 15, 660-б.; Черников С. С. Древняя металлургия и горное дело Западного Алтая. А., 1949, 42-б.

<sup>25</sup> Радлов В. В. Сибирские древности. СПб., 1896, 14-б.

<sup>26</sup> Паллас А. С. Путешествие по разным местам Российского государства. Ч. 2, кн. 2, СПб., 1786, 354-б.; Радлов В. В. Аборигены Сибири. «Живописная Россия», т.

XI, 1884, 11-б.; *Эйхвальд Э. Н.* О чудских копиях. «Труды Восточного отдела Русского археологического общества», ч. III. СПб., 1856, 14-б.

<sup>27</sup> *Сатпаев К. И.* Доисторические памятники в Джекказганском районе. «Народное хозяйство Казахстана», 1941, № 1, 69-б.

<sup>28</sup> *Щерба Г. Н.* Археологические находки на Южном Алтае в 1949 г. — «Изв. АН КазССР, сер. археол.», 1951, вып. 3, 120-б.

<sup>29</sup> *Черников С. С.* К вопросу о составе древних бронз Казахстана. — СА, 1951, XV, 140—161-б.

<sup>30</sup> *Грязнов М. П.* Землянки бронзового века близ хутора Ляпичева на Дону. КСИИМК, 1948, вып. 50, 142-б.; *Сальников К. В.* Бронзовый век Южного Зауралья. МИА, 1951, № 21, 139-б.

<sup>31</sup> *Сосновский Г. П.* Древнейшие шерстяные ткани Сибири. «Проблемы истории докапиталистических обществ», 1934, № 2, 95—96-б.

<sup>32</sup> *Сальников К. В.* Бронзовый век Южного Зауралья. МИА, 1951, № 21, 140-б.

<sup>33</sup> *Кривцова-Гракова О. А.* Алексеевское поселение и могильник, 142-б.

<sup>34</sup> *Богаевский Б. Л.* Техника первобытнокоммунистического общества. Мына кітапта: История техники. т. I, ч. I. М.-Л., 1936, 293-б.

<sup>35</sup> *Богаевский Б. Л.* Бұл да сонда, 294-б.

<sup>36</sup> *Квельфельт Э. К.* Керамика Ближнего Востока. Л., 1947.

<sup>37</sup> *Кривцова-Гракова О. А.* Алексеевское поселение и могильник, 100-б.

<sup>38</sup> *Кукушкин И. А.* Культ огня у племен Казахстана в эпоху бронзы: динамика, функции. Автореф. канд. ист. наук. А., 1993.

<sup>39</sup> *Усманова Э. Р.* О менталитете «федоровцев» и «алакульцев» в погребальном обряде (по материалам могильника Лисаковский). // Россия и Восток: проблемы взаимодействия. Материалы конференции. Челябинск, 1995.

<sup>40</sup> *Грязнов М. П.* Памятники карасукского этапа в Центральном Казахстане. // СА. 1952. XVI; *Маргулан А. Х.* Отчет о работе Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1947 г. — «Изв. АН КазССР, сер. археол.», 1950, № 67, вып. 2.

<sup>41</sup> *Ткачев А. А.* Культура населения Центрального Казахстана в эпоху развитой бронзы. Автореф. дисс. канд. ист. наук. М., 1991.

<sup>42</sup> *Маргулан А. Х.* Бегазы-дандыбаевская культура. А., 1988; *Варфоломеев В. В.* Сарыарка в конце бронзовой эпохи. Автореф. дисс. канд. ист. наук. А., 1991.

<sup>43</sup> *Зданович Г. Б.* Бронзовый век Урало-Казахстанских степей. Свердловск, 1988; *Логвин В. Н., Калиева С. С.* Терсекские памятники Торгайского прогиба. // Древние культуры Северного Прикаспия. Куйбышев, 1986.

<sup>44</sup> *Зданович Г. Б.* Стратиграфия поселения Новоникольского I. Мына кітапта: Археологические исследования в Казахстане. А., 1973, 113-б.

<sup>45</sup> *Евдокимов В. В., Логвин В. Н.* Исследования в Кустанайской области. Мына кітапта: Археологические открытия 1971 года. М., 1972, 289-б.

<sup>46</sup> *Грязнов М. П.* Погребения эпохи бронзы в Западном Казахстане. Мына кітапта: Казаки. Материалы Особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. Л., 1927, вып. II, 23-2-сурет.

<sup>47</sup> *Кривцова-Гракова О. А.* Алексеевское поселение и могильник, 156—164-б.

<sup>48</sup> *Кривцова-Гракова О. А.* Садчиковское поселение. // МИА, 1951, № 21, 152—181-б.

<sup>49</sup> *Сорокин В. С.* Могильник бронзовой эпохи Тасты-Бутак I в Западном Казахстане. — МИА, 1962, № 120.

<sup>50</sup> *Оразбаев А. М.* Северный Казахстан в эпоху бронзы. ТИИАЭ АН КазССР, 1958, т. 5, 220—239-б.

<sup>51</sup> Бұл да сонда, 241—247-б.

<sup>52</sup> *Зданович С. Я.* Могильник эпохи бронзы Бурлук I. Мына кітапта: По следам древних культур Казахстана. А., 1970, 154—163-б.

<sup>53</sup> *Оразбаев А. М.* Северный Казахстан в эпоху бронзы, 259—263-б.

- <sup>54</sup> *Грязнов М. П.* Погребения эпохи бронзы в Западном Казахстане, 172–215-б.
- <sup>55</sup> *Сорокин В. С.* Жилища поселения Тасты-Бутак. КСИА, 1962, вып. 91, 51–60-б.; *Соныкі.* Могильник бронзовой эпохи Тасты-Бутак I в Западном Казахстане, 84-б.
- <sup>56</sup> *Сорокин В. С.* Жилища поселения Тасты-Бутак, 53–54-б.
- <sup>57</sup> *Кривцова-Гракова О. А.* Алексеевское поселение и могильник. 71–73-б.; *Сальников К. В.* Курганы на озере Алакуль. МИА, 1952, № 24, 15–17-б.
- <sup>58</sup> *Сорокин В. С.* Могильник бронзовой эпохи Тасты-Бутак I в Западном Казахстане.
- <sup>59</sup> *Кривцова-Гракова О. А.* Алексеевское поселение и могильник, 68–69-б.
- <sup>60</sup> *Оразбаев А. М.* Северный Казахстан в эпоху бронзы, 220–239-б.
- <sup>61</sup> *Кривцова-Гракова О. А.* Кожумбердинский могильник (Выдержки из дневника раскопок). Тр. ГИМ, 1948, вып. XVII. М., 165-б.
- <sup>62</sup> *Кривцова-Гракова О. А.* Алексеевское поселение и могильник. 73–100-б.; *Соныкі.* Садчиковское поселение, 152–181-б.
- <sup>63</sup> *Зданович Г. В.* Новое поселение эпохи бронзы в Северном Казахстане. Мына кітапта: По следам древних культур Казахстана. А., 1970, 147–153-б.; *Зданович С. Я.* Саргаринская культура. Заключительный этап бронзового века в Северном Казахстане. Автореф. дисс. канд. ист. наук. М., 1979.
- <sup>64</sup> *Акишев К. А.* Памятники старины Северного Казахстана. ТИИАЭ АН КазССР, 1959, т. 7, 18–19-б.
- <sup>65</sup> Бұл да сонда, 19–20-б.
- <sup>66</sup> *Черников С. С.* Древнее горное дело в районе г. Степняк. «Изв. АН КазССР, сер. археол.», 1949, № 46, вып. I, 13–32-б.; *Оразбаев А. М.* Северный Казахстан в эпоху бронзы, 273–276-б.
- <sup>67</sup> *Оразбаев А. М.* Поселение Чаглинка (Шагалалы). Некоторые формы и типы жилищ. Мына кітапта: По следам древних культур Казахстана. А., 1970, 129–146-б.
- <sup>68</sup> Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. А., 1987.
- <sup>69</sup> *Агеева Е. И., Максимова А. Г.* Отчет Павлодарской экспедиции 1955 года. ТИИАЭ АН КазССР, 1959, т. 7, 57-б.
- <sup>70</sup> *Чалая Л. А.* Озерные стоянки Павлодарской области. Пеньки I. II. Мына кітапта: Поиски и раскопки в Казахстане. А., 1972, 163–181-б.
- <sup>71</sup> *Черников С. С.* Восточный Казахстан в эпоху бронзы. МИА, 1960, № 88, 32-б.; *Максимова А. Г.* Эпоха бронзы Восточного Казахстана. ТИИАЭ АН КазССР, 1959, т. 7, 100-б.
- <sup>72</sup> *Максимова А. Г.* Эпоха бронзы Восточного Казахстана, 91–98-б.
- <sup>73</sup> *Арсланова Ф. Х.* Памятники андроновской культуры из Восточно-Казахстанской области. — СА, 1973, № 4, 160–168-б., *Соныкі.* Погребения эпохи бронзы Зевакинско-го могильника. — Первобытная археология Сибири. Л., 1975.
- <sup>74</sup> *Черников С. С.* Восточный Казахстан в эпоху бронзы. МИА, 1960, № 88, 31–35-б.
- <sup>75</sup> *Нифонтова Л. К.* Андроновское погребение в Абаевском районе Семипалатинской области. «Изв. АН КазССР, сер. археол.», 1949, вып. 2, 143-б.; *Черников С. С.* Восточный Казахстан в эпоху бронзы. МИА, 1960, № 88, 15–16-б.
- <sup>76</sup> *Агеева Е. И., Максимова А. Г.* Отчет Павлодарской экспедиции 1955 года. ТИИАЭ АН КазССР, 1959, т. 7, 37-б.
- <sup>77</sup> Отчет Каменского В. И. Вещи хранятся в МАЭ, г. Ленинграде. Коллекция № 1726.
- <sup>78</sup> *Оразбаев А. М.* Нұрмамбет бейіттері не дейді? — «Білім және еңбек», 1960, № 12, 14–15-б.
- <sup>79</sup> *Черников С. С.* Восточный Казахстан в эпоху бронзы, 52–62-б.
- <sup>80</sup> Бұл да сонда, 40–52-б.
- <sup>81</sup> *Арсланова Ф. Х.* Погребальный комплекс VIII–VII веков до нашей эры из Восточного Казахстана. Мына кітапта: В глубь веков. А., 1974, 46–60-б.; *Соныкі.*

Новые материалы эпохи бронзы Восточного Казахстана. Мына кітапта: Материалы X научной конференции профессорско-преподавательского состава (гуманитарные науки). Усть-Каменогорск, 1969, 3–5-б.

<sup>82</sup> *Марьяшев А. Н., Горячев А. А.* К вопросу о типологии и хронологии памятников эпохи бронзы Семиречья. // Российская археология. М., 1993, 5-б.

<sup>83</sup> *Карабаспакова К. М.* К вопросу о культурной принадлежности памятников начального этапа поздней бронзы Семиречья. // Проблемы культур начального этапа эпохи поздней бронзы Волго- Урала. Саратов, 1991; Соныкі. К вопросу о культурной принадлежности памятников эпохи поздней бронзы Северо- Восточного Семиречья и их связь с памятниками Центрального Казахстана. // Вопросы периодизации археологических памятников Центрального и Северного Казахстана. Караганда, 1987; Соныкі. Этнокультурные связи населения эпохи поздней бронзы Семиречья. // Маргулановские чтения. А., 1989.

<sup>84</sup> *Итина М. А.* О месте тазабагьябской культуры среди культур степной бронзы. — СЭ, 1967. № 2, 62–79-б.; Соныкі. Древнехорезмийские земледельцы. Мына кітапта: История, археология и этнография Средней Азии. М., 1968, 75–86-б.

<sup>85</sup> *Итина М. А.* Поселение Якке-Парсан 2 (раскопки 1958–1959 гг.). МХЭ, М., 1963, 107–129-б.; *Толстов С. П.* По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962, 68–74-б.

<sup>86</sup> *Максимова А. Г.* Могильник эпохи бронзы в урочище Тау-Тары. ТИИАЭ АН КазССР, 1962, т. 14, 37–56-б.

<sup>87</sup> *Максимова А. Г., Мерциев М. С., Вайнберг Б. И., Левина Л. М.* Древности Чардары. А., 1968, 8, 175, 176, 179-б.

<sup>88</sup> *Максимова А. Г.* Могильник эпохи бронзы в урочище Каракудук. Труды ИИАЭ АН КазССР, 1961, т. 12, 62–71-б.

<sup>89</sup> *Кушаев Г. А.* Памятники Алакульской впадины и долины реки Или. Архив отдела археологии ИИАЭ АН КазССР, № 120.

<sup>90</sup> *Акишев К. А., Кушаев Г. А.* Древняя культура саков и усуней долины реки Или. А., 1963, 107, 108-б.; Джусупов А. Орудия эпохи бронзы из случайных находок в окрестностях Алма-Аты. ТИИАЭ АН КазССР, 1956, т. I, 261-б.; Археологическая карта Казахстана. А., 1960, № 4413, 4438.

<sup>91</sup> *Руденко С. И.* Культура населения горного Алтая в скифское время. М.-Л., 1953, 47, 49-б., 23-сурет.

<sup>92</sup> *Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М.* Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966, ХХ., I кесте; ХХI., I кесте; I, IX кесте; *Кызласов Л. Р., Маргулан А. Х.* Плиточные ограды могильника Бегазы. // КСИ-ИМК, 1950, ХХХII, 126–136-б.; *Грязнов М. П.* Памятники карасукского этапа в Центральном Казахстане. — СА, 1952, ХVI, 137–141-б., 5–9-сурет.

<sup>93</sup> *Воробьева М. Г.* Керамика Хорезма античного периода. — Тр. ХЭ. М., 1959, т. IV, 71–72-б.

<sup>94</sup> *Акишев К. А., Хабдуллина М. К.* Аркаим. Памятники его типа. Архитектурно-планировочные параллели и функции. // Россия и Восток: проблемы взаимодействия. Челябинск, 1995.

<sup>95</sup> *Дремов В. А.* Антропология Верхнего Приобья в эпоху неолита и бронзы. Автореф. канд. дисс. М., 1981.

<sup>96</sup> *Трофимова Т. А.* Древнее население Хорезма по данным палеоантропологии. Материалы Хорезмской экспедиции, 1959, вып. 2.

<sup>97</sup> *Кияткина Т. А.* Палеоантропология западных районов Центральной Азии эпохи бронзы. Душанбе, 1987.

<sup>98</sup> *Шевченко А. В.* Новые материалы по палеоантропологии Нижнего Поволжья (Эпоха бронзы). // Проблемы этнической антропологии и морфологии человека. Л., 1974.

---

*ЕКІНШІ БӨЛІМ*

**САҚ-САРМАТ ДӘУІРІНДЕГІ  
ҚАЗАҚСТАН**

---

# *Б і р і н ш і т а р а у*

## **ЕРТЕДЕГІ ТЕМІР ДӘУІРІ**

### **1. Б. З. Б. VII–IV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТАЙПАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР**

Б. з. б. I мыңжылдықта Солтүстік Үндістанды, Ауғанстанды, Орта Азияны және Қазақстанның оңтүстігін қамтитын кең-байтақ аумақта жинақтап алғанда «сақ» деп аталатын көптеген тайпалар мекендеген. Геродот (б. з. б. V ғ.) және басқа антик тарихшылары оларды Азия скифтері деп атаған.

Сақ тайпалары Солтүстік Қара теңіз өңірі мен Днепр бойын мекендеген скифтердің және төменгі Еділ бойы мен Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтардың, Кир мен I Дарий парсыларының және Александр Македонский дәуіріндегі гректердің замандастары болған. Олар ежелгі парсылармен тығыз қарым-қатынас жасаған, тіпті б. з. б. VI–V ғасырларда Ахеменидтер империясының құрамына да кірген. Ахеменидтік сына жазба деректемелерінде сақтар туралы аз болса да, анық деректер келтірілді. Мәселен, оларда сақтардың үш тобы: хаумаварга-сақтар (хаом сусынын қайнататын сақтар), тиграхауда-сақтар (шошақ бөрік киетін сақтар), тияй-парадрайя-сақтар (теңіздің арғы бетіндегі сақтар) туралы хабарланды. Алғашқы екі топ Геродотқа таныс болды, бұларды ол амюргия-сақтар және ортокарибантия-сақтар деп атайды.

Ғылымда сақтардың бұл топтарының Орта Азия мен Қазақстан аумағында шоғырланғаны туралы көптеген болжамдар бар. Олардың біреуіне сәйкес Шаш (Ташкент ауданы), Солтүстік Қырғызстан аумағында және Қазақстанның оңтүстігінде тиграхауда-сақтар мекендеген<sup>1</sup>, бұл сақ тайпаларының этникалық аумағы кеңірек болған, оған Оңтүстік Орал өңірі мен Таулы Алтай да енген.

Бұл аймақта ондаған діни құрылыстар — орасан зор тас және топырақ үйінділері — сақ «пирамидалары» зерттелді. Пазырық (Таулы Алтай), Шілікті (Шығыс Қазақстан), Бесшатыр және Есік (оңтүстік-шығыс Қазақстан) обаларынан ашылған тамаша жаңалықтар кеңінен мәлім, олар ғылымды металдан, ағаш пен матадан жасалған көркемдігі жоғары бейнелеу өнерінің бұйымдарымен, ағаштан салынған ежелгі сәулет өнерінің ескерткіштерімен байытты. Бұл қорғаннан табылған ғажайып олжалар сақ тайпаларының жоғары және көп жағынан өзіндік төл мәдениеті, «олардың патшаларының» ұлылығын және қоғамның әлеуметтік құрылымының дамығандығын бірінші рет айқын көрсетті. Ежелгі жазбаша деректемелердің сақтардың тайпалық одақтарына қатысты мәліметтерін екі топқа: 1) антик деректемелерінің деректері: Геродот (б. з. б. V ғ.), Ксенофонт (б. з. б. VI–V ғғ.), Птоломей (б. з. б. II ғ.); 2) ахеменидтік (ежелгі парсы) сына жазбалары топтарына бөлуге болады.




Көне парсы, элам және аккад тілдерінде құрастырылған Дарий мен Ксеркс патшалардың жазбалары, сондай-ақ көне ирандықтардың зороастриялық дін кітаптарының жинағы — «Авеста» көңіл қоярлық деректемелер болып табылады. I Дарийдің Бехистун жазбасының бесінші бағанының, Накши-Рустемдегі «а» жазуының, Персепольдегі «е» тексінің және Суздегі жазбалардың, Ксеркстің «дэвтер туралы жазба» деп аталатынының<sup>2</sup> ерекше маңызы бар. Бұл текстерде Ахеменид империясы бірнеше дүркін қақтығысқан солтүстік-шығыс елдерінің (Иранға қатысты) тарихи фактілері мен кейбір тайпалардың аттары бар. Дарий мен Ксеркстің уақыты дәл көрсетілген жазбаларына қарағанда, «Авестаны» зерттеудегі ең басты қиындық сол онда мейлінше әр түрлі дәуірлерге қатысты мәліметтер жинақталып, араласып кеткен.

Заратуштра уағыздарының «Яштар» кітабына кіретін жолдары — «Гаттар» Авестаның ежелгі бөлігі болып табылатыны дәлелденген. Көптеген шығыстанушылар ауызша дәстүрге негізделген «Гаттардың» шығуын б. з. б. 1000—600 жылдар аралығына, не б. з. б. I мыңжылдықтың бас кезіне жатқызады, ал кейбіреулері б. з. б. VII—VI ғасырдың бас кезіндегі уақыт жайында сөз болып отыр деп санайды. Бұл жағдайдың екеуінде де «Гаттардың» қалыптасуы Ахеменидтік кезеңге дейінгі уақытқа жатқызылады<sup>3</sup>. «Гаттар» мен Авестаның уақыт жағынан оларға жақын басқа бөліктерінің туындаған және шыққан жері туралы мәселе бойынша даулар да аз емес. Авеста қоғамының әлеуметтік құрылысы, идеологиясы мен тілі және суреттелетін оқиғалардың географиялық жағдайы жөніндегі қазіргі зерттеулер Авестаның ежелгі бөлімдері Орта Азияның және оған солтүстігінде жапсарлас жатқан Қазақстан аймақтарының да бакташы-егінші тайпаларының ортасында қалыптасқан деген қорытындыға келтіреді<sup>4</sup>.

Көбіне грек және ішінара латын тілдеріндегі антик деректемелері де өте құнды. Олардың арасында б. з. б. V ғасырдың 40-жылдарының аяғында — 30-жылдарының басында жазылған Геродоттың «Тарихы» оқшау тұрады<sup>5</sup>. Цицеронның Геродотты тауып атағанындай, «тарих атасының» тоғыз кітабынан ертедегі Қазақстан тарихы үшін төртінші кітабы неғұрлым маңызды, онда Дарийдің скифтерге қарсы жорығын суреттеумен байланысты Евразия тайпалары туралы неғұрлым толық деректер жинақталған.

«Тарихтың» негізіне парсы мен гректің ауыз-екі әңгімелері, Геродоттың өзінің байқаулары мен одан бұрынғы адамдардың кейбір жазбаша хабарлары алынған. Соңғылардың арасынан Гекатей Милетский мен Аристей Проконесскийдің еңбектері көзге түседі. Ахеменид заманының тарихы жөнінде Ксенофонт, Ктесий және кейінгі кезең авторлары — Беррос, Арриан, Полиен, Диодор, Полибий, Плиний, Помпей Трог, Птолемей, Страбон бірқатар құнды деректер қалдырды<sup>6</sup>. Алайда бұларда Қазақстанның ежелгі тайпалары мен халықтары туралы нақты ақпарат көп емес. Оларда келтірілетін тайпалар мен халықтардың аттарын басқа мәліметтермен салыстыру өте қиынға соғады. Сондықтан жазбаша деректемелер маңызды, дегенмен де, археологиялық деректемелермен салыстырғанда көмекші рөл атқарады.

Қазақстан аумағындағы бакташы тайпалар туралы ең ертедегі деректердің бірі Авестада кездеседі. Сондағы 13 Яштта (Фравардин Яшт, 143—144) Airya, Tura, Saırīma, Daḥa және басқа халықтар аталады. Гаттардың контекстіне қарағанда, көне Иран эпосында отырықшы мал өсірушілер мен егіншілердің — арийлердің қоғамына қарсы қойылатын Қазақстан мен Орта Азия аумағы-



Ежелгі көшпелілер заманындағы Қазақстан мен Орта Азия аумағына тайпалардың орналасуы. Б. з. б. VII—IV ғғ.

ндағы Шығыс ирандық көшпелі тайпалардың бәрі «турлар» деген жинақталған атпен аталады. Кейбір зерттеушілер тур халқын ежелгі грек деректемелері бойынша массагеттер деген атпен белгілі тайпалардың нақты тобымен байланыстырады<sup>7</sup>.

Неғұрлым көне парсы сына жазуы текстерінде жаңағы Шығыс Иран тайпалары Saka деген жалпы атпен аталған (Персепольдің «е» тексті; Бехистун жазбасы). Бұл терминнің Авестаның «турлар» деген атауынан айырмасы сол, ол иран, грек-латын, ал одан кейін қытай деректемелерінде де кеңінен таралған.

Біршама кейінгі кезеңдегі сына жазуы тізімдерінде (Накши-Рустемнен «а», Сузден «е» жазбалары; алтын және күміс қалақшаларға жазылған Дарийдің Хамадан және Персеполь текстері; Ксеркстің «антидэвтік жазбасы») Saka термині неғұрлым нақты мазмұнмен толықтырылады. Осы уақыттан бастап бірнеше сақ тайпаларының немесе тайпалар топтарының аттары келтіріледі: Saka tyaiu paraδraua (теңіздің арғы жағындағы сақтар), Saka haumavarga («хаом сусынын дайындайтындар»), Saka tigrāhauδa («шошақ бөрік киетіндер»), Saka tyaiu para sugdam («Соғдының ар жағындағы сақтар»). Daδa есімі де белгілі бір дәрежеде сақтармен байланысты, бұл есім парсы анналарында алғаш рет Ксеркстің «дэвтер туралы жазбасында» келтірілген, бірақ бұдан ертеректе ол Авестада айтылған.

Сына жазуы текстерінің кейбір этнонимдері грек деректемелеріндегі тайпалар аттарымен иланымды ұқсастырылады. Мәселен, Геродоттың өз айтуы бойынша Ахеменид державасының оныншы әкімшілік округіне кірген (Геродот, III, 92) ортокарибантийлері тиграхауда-сақтарға, амюргийлік сақтар — хаумаварга-сақтарға (Геродот, VIII, 64), ал дайлар — Авестаның және Ксеркс жазбасының дахтарына сәйкес келеді.

Басқа да грек авторларының көпшілігі сияқты, Геродот та кейде «азиялық скифтер» деген терминді қоса отырып, сақтарды скифтер деп атайды. Бұл атау грек тарихшыларына жақсы таныс Солтүстік Қара теңіз өңірі мен Алдыңғы Азияның көшпелі скиф тайпаларына қарап айтылды. Бірақ грек деректемелерінде ахеменидтік сына жазуларында кездеспейтін басқа атаулар да бар, олар: массагеттер, савроматтар (кейінгі кезде сарматтар), аргиппейлер, аримаспылар, ассилер, пасиандар, сакараулдар (сакарауктар) және басқалары.

Парсы және антик деректемелеріндегі тайпаларды Қазақстан мен Орта Азияның осы заманғы картасына орналастыру туралы мәселе әлі түпкілікті шешілген жоқ. Теңіздің арғы жағындағы сақтарды оқшаулап бөлуде таяу уақытқа дейін екі көзқарас болып келді. Бірінші көзқарас (В. В. Струве) тұрғысынан, парадрайа-сақтарды Арал теңізінен шығысқа таман және Әмудария мен Сырдария өзендерінің төменгі бойларына орналастыру керек еді. Мәселені бұлайша қоюға I Дарийдің сақтарға қарсы жорығының жүрген жолы туралы әңгімелейтін Бехистун жазбасының бесінші бағанының екінші жартысын қайта құруды ұсыну негіз болды. Бехистуннан алынған текстің қалпына келтірілген бөлігін, ал одан кейін Накши-Рустем және Персеполь жазуларын антик деректемелерінің мәліметтерімен салыстыру негізінде — парадрайа-сақтардың және «Соғдының ар жағындағы» сақтардың — массагеттерге, дайларға, каспилерге сәйкестігі туралы болжам жасалды<sup>8</sup>.

В. В. Григорьев басқаша көзқарасын айтады, оған қарағанда парадрайа-сақтар деп Оңтүстік Ресей және онымен шектес аймақтар аумағын мекендеген европалық скифтерді түсіну қажет болады<sup>9</sup>. Бехистун жазбасын жаң-

адан зерттеу және аудару Бехистун жазбасының V бағанасын басқаша қарап, басқаша түсіндіруге әкеп соқты. Қазіргі уақытта парадрайа-сақтарды Қара теңіздің солтүстік төңірегіне орналасты деу дұрысырақ деп саналады<sup>10</sup>.

Орта Азия мен Қазақстан сақтарының басқа екі тобы (хаумаварга мен тиграхауда) Таяу Шығыстың халықтарына көбірек мәлім болған. Кир мен Дарий жорықтар жасаған тиграхауда-сақтар Ахеменид бедерлері мен мөрлерінде бірнеше рет бейнеленген. Олардың Скунха деп аталатын көсемінің тұлғасы басқа да бағындырылған халықтардың патшаларымен бірге Дарийдің бұйрығы бойынша Ирандағы Бехистун деген жердегі жарта-сқа қашап салынған.

Ежелгі Шығыстың ең көне және аса маңызды саяси құжаттарының бірі деп әбден орынды саналатын Бехистун жазбасының сақ көсемін тұтқынға алумен байланысты оқиғаларға арналған V бағанасының 20—30-жолында былай делінген:

«Дарий патша былай дейді: содан кейін мен әскеріммен Сақтарға аттандым. Шошақ бөрік киетін сақтар шайқасқа шықты. Мен теңізге жеттім де, бүкіл әскеріммен арғы бетке өттім. Сөйтіп мен сақтардың бір бөлігін ойсырата талқандадым да, екінші бөлігін тұтқынға алдым...

Скунха деген көсемін қолға түсіріп, маған әкелді. Сол жерде мен өз дегеніммен екінші біреуін (олардың) көсемі қылып тағайындадым. Бұдан кейін ел маған қарады»<sup>11</sup>.

Бұл текст шошақ бөрік киетін тиграхауда-сақтар туралы ақпарат беретін, сақталып қалған бірден-бір жазбаша құжат болып табылады. Онда тиграхауда-сақтар жері басталатын бір судың бар екендігі де айтылады.

Сақтар мен массагеттер еліне Ахеменид патшалары Дарий мен одан бұрынғы II Кирдің жорықтары тарихи анықталған фактілер қатарына жатады. Осы оқиғалар туралы егжей-тегжейлі әңгімелейтін Геродот массагеттер жерін Каспий теңізінен шығысқа таман, «Аракс өзінің арғы жағындағы күннің шығу бағыты бойынша орналастырады (Геродот, I, 201, 204). II Кир мен Дарий жорықтарының жолдары талас туғызады. Біреулер Дарий өзінің ізашарының жүрген жолын қайталай отырып, сақтармен Әмударияның арғы жағында Арал теңізі маңында кездесті деп санайды, екінші біреулер II Кир массагеттермен Үзбой өзені арғы жағында (Әмударияның бүгінде тартылып қалған батыс саласы) шайқасты, ал Дарий сақтар жеріне Әмударияның орта тұсынан өтті деп санайды. Бір нәрсе айқын: пікірлердің қайшылықтарына қарамастан, екі жорық та массагет-сақтар тайпаларына қарсы бағытталған; бұлардың жері Геродоттың ортокарибантийлерінің (Геродот, I, 92) немесе Бехистун жазбасындағы тиграхауда-сақтардың жерімен толық немесе ішінара сәйкес келеді деп топшылау керек. Географиялық жағынан алғанда, бұл — Каспийдің шығыс төңірегі мен Үзбойдан Сырдария өзеніне дейін қоса алғандағы Арал өңірінің аймағы<sup>12</sup>. Массагет одағы, сірә, дербиктер, абийлер, апасиактар сияқты тайпаларды да біріктірсе керек.

Сондай-ақ тиграхауда-сақтар Шашты, Тянь-Шаньді және Жетісуды мекендеген деген пікір де бар<sup>13</sup>.

Страбонның айтуы бойынша, массагеттерден солтүстікке таман, «Меотидадан жоғары» (Страбон, XI, 9, 2) жерлерде дай тайпалары қоныстанған. Сырдарияның арғы жағындағы олар Александр Македонскийдің замандастарына да мәлім болды (Арриан. Анабасис. III, 28, 8, 10). Антик авторлар оларды, бұрынырақта Геродоттың жазғанындай, массагеттердің иелігіндегі

жерлерде орналастырады. «Дах» атауы неғұрлым ертеректегі деректемелер — «Авеста» мен Ксеркстің «дэвтер» туралы жазбасында да мәлім. Мұның бәрі дахтардың (дайлардың) әуелде массагеттердің солтүстігіне таман аймақты мекендегенін, не массагеттердің бірлестігіне кіргенін көрсетеді. Б. з. б. III ғасырдың орта шенінде дайлар тарих өресінде массагеттердің орнын алып, Каспий маңының оңтүстік-шығысынан, Парфия шекарасынан келіп шығады<sup>14</sup>. Осы уақыттан бері «көптеген скифтер, Каспий теңізінен бастап, дайлар деп аталады» (Страбон, XI, 8, 2).

Парсы сына жазуларының хаумаварга-сақтары ең ірі тайпа немесе тайпалар тобы болды, олар грек деректемелерінде амюргий-сақтар деп аталады. Көптеген зерттеушілер амюргий-сақтарды ежелгі Бактрия және Маргиана аймақтарына (Әмудария мен Мұрғаб өзендерінің жағалауы)<sup>15</sup> орналастырады. Бұлар ертедегі парсылар танысқан алғашқы сақ тайпалары еді. Геродот былай деп жазды: «Бұл — амюргийлік сақтар деп аталған тайпа (ол шын мәнінде, скифтік тайпа). Өйткені парсылар скифтердің бәрін сақтар деп атайды» (Геродот, VII, 64)<sup>16</sup>.

Бірақ хаумаварга-сақтардың қоныстанған аумағы Бактрия мен Маргиана деңгейімен шектеліп қалмайды. Амюргийлік сақтар бірлестігінің құрамына сына жазуы деректемелерінің «Соғдының ар жағындағы» сақтары да кірген деп топшылауға негіз бар. Олар Сырдарияның арғы бетінде, осы күнгі Ташкент облысы аудандарында және ішінара Ферғана алқабында тұрған<sup>17</sup>.

Көне парсы сына жазулары текстерінде сақтардан солтүстікке таман өмір сүрген тайпалар мен халықтар туралы ештеңе айтылмайды. Тек Авестада ғана сайрим деген атау айтылады, бірақ бұл халықтың қай жерді мекендейтіні туралы ешқандай мәлімет жоқ. Ежелгі грек деректемелеріндегі мәліметтер көбірек, оларда Авестаның сайримдерімен салғастыруға болатын савроматтар тайпасы туралы айтылады. Савроматтар туралы алғашқы деректер Геродотта бар: «Танаис өзенінің (қазіргі Дон өзенінің) арғы жағы енді скиф өлкесі емес, бірақ ондағы алғашқы жер иеліктері савроматтардың қолында. Савроматтар Меотия көлі ойпатынан бастап солтүстікке қарай он бес күнде жүріп өтуге болатын жерді мекендейді...» (Геродот, IV, 21). Мұның өзі Донның құйылысынан Еділдің сағасына дейінгі аумаққа сәйкес келеді<sup>18</sup>.

Алайда, «сақтар», «скифтер», кейініректегі «түріктер» терминдері сияқты, «савроматтар» терминін де авторлар көбіне екі мағынада: тайпалардың өз атаулары ретінде және тілі мен мәдениеті жағынан туыстас тайпалардың үлкен тобын біріктіретін термин ретінде қолданған. Грек-латын деректемелері көбіне бұл этнонимді жиынтық мағынада, савромат бірлестігінің әр түрлі тайпалар құрамын тікелей көрсете отырып (Үлкен Плиний, Эфор, Псевдо-Скилак, Эвдокс) қолданады.

Савромат бірлестігінің осындай тайпаларының бірі аорстар болды, олардың аты кейініректе, б. з. б. II ғасырда грек-рим жазушыларына белгілі болған. Олар Оңтүстік Жайық өңірінен және Қазақстан жерінің шектес солтүстік-батыс аймақтарынан шыққан болуы керек<sup>19</sup>. Мұндай қорытынды Жайық-Елек өзендері аралығы мен Еділ-Дон арасындағы ескерткіштер тобының тығыз этникалық-мәдени байланыстарын көрсететін археологиялық деректермен сәйкес келеді.

Геродоттың жазуы бойынша, савроматтардың сыртында жерін «ағаштың түр-түрі бар қалың орман басқан» будиндер (Геродот, IV, 21), ал олардан гөрі солтүстікке таман аңшылықпен айналысқан фиссагеттер мен иирктер

мекендейді (IV, 22). Одан әрі «биік таулардың етегінде» мекендеген агриппей тайпасы аталады (IV, 23), бұл арада, сірә, оңтүстік-шығыс Жайық өңірі айтылып отырса керек.

Геродотқа аты мен таралу аймағы «анық мәлім» исседондар тайпалары аргиппейлерден шығысқа таман орналасқан (IV, 25). Исседондардың айтуы бойынша, дейді одан әрі Геродот, олардан жоғарырақ аңызға айналған ари-маспылар мен «алтын қорыған самұрық» тайпалары тұрады. Қиял-ғажайып қауесеттер антик жазушыларына дейін жеткен ари-маспылар мен самұрықтар тайпалары ірі-ірі алтын рудниктері болған Қазақстанның солтүстік-шығысымен байланыстырылады<sup>20</sup>. Исседондар туралы Геродоттың тағы бір айғағы бар. Кирдің массагеттерге жорыққа әзірленуі туралы әңгімелейтін фрагментте бұл тайпалардың «Аракс өзенінің арғы бетінде күншығысқа қарай, исседондарға қарсы шығыс бағытта» тұратындығы айтылады (Геродот, I, 201). Геродоттың болжауына қарағанда, исседондар Орталық Қазақстан далаларында<sup>21</sup> немесе Оңтүстік Жайық өңірі мен Батыс Қазақстанда тіршілік еткен деп топшылауға болады<sup>22</sup>.

Сөйтіп, жазбаша деректемелер б. з. б. VII—IV ғасырдағы Қазақстан аумағына бірқатар тайпалар мен тайпалық топтарды орналастыруға мүмкіндік береді: оңтүстікте бұлар тиграхауда-сақтар, грек деректемелеріндегі массагеттер солар және дахтар (дайлар); батыста — савроматтар (ежелгі аорстар), орталық аудандарда — исседондар, солтүстік-шығыста — ари-маспылар. Бұлардың бәрі рулық-тайпалық бөлімшелер ретінде тілі жағынан туыс және мәдениеті жағынан жақын сақ және сармат тайпаларының этникалық-мәдени бірлігіне кірген.

**Тайпалардың көршілерімен қарым-қатынастары.** Б. з. б. VII—IV ғасырлардағы Евразияның этникалық және саяси картасы барынша ала-кұла болуымен ерекше. Сонымен бірге жақын және алыс тайпалар, халықтар, мемлекеттер арасында біршама тұрақты экономикалық, саяси және мәдени байланыстар орнады, соғыс қақтығыстары да аз болған жоқ. Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар Орта Азияның, Алтайдың, Хакасияның, Тува мен Солтүстік Монғолияның туыстас халқымен өзара байланыс орнатып, қарым-қатынас жасады. Солтүстік-шығыста және солтүстікте Қазақстанның мал өсірумен айналысқан ежелгі халқы Орал тілді қауымның угор тектес тармағының орманды далалар мен ормандарды мекендеген тайпалармен — мансилер мен хантылардың арғы тегімен шектесіп жатты.

Батыстың савромат тайпалары Қара теңіз өңірінің скифтерімен көрші болды, олармен сауда-саттық жасады, соғыс одағын құрды немесе қарулы қақтығыстарға түсіп жүрді. Оңтүстікте савроматтар өз тағдырын өте ертеде, Ахеменид заманына дейін-ақ, Үлкен Хорезм және Бактрия патшалығы сияқты мемлекеттік құрылымдармен байланыстырды.

Жазбаша деректемелер мен археологиялық деректер б. з. б. VIII—VII ғасырларда-ақ Қазақстан мен Орта Азияны мекендеген тайпалар ежелгі дүние өркениеттерімен — Ассириямен және Мидиямен, ал б. з. б. VI ғасырдың ортасынан, Ахеменидтер мемлекеті құрылған уақыттан бастап — Персиямен байланысты болғанын көрсетеді. Сақтар сол кездегі көптеген тарихи оқиғаларға қатысты. Мәселен, Кир сақтармен одақ жасап, Лидия патшасы Крезбен соғысуы кезінде олардан көмек алды. Одақ жасасуды қанағаттанбаған Кир сақтар мен массагеттерді бағындырмақшы болды. Парсылардың жорықтары кескілескен қарсылыққа кездесті, Кир жорығы күйреп тынды, оның әскерлері талқандалып, өзі қаза тапты. Геродот мынадай аңызды

келтіреді: парсыларды жеңгеннен кейін массагеттер падишасы Томирис торсыққа толтыра қан құйғызып, «Сен қанға құмартып едің, енді шөлің қансын!» деп оған Кирдің басын салдырған.

Кирдің Орта Азияға басқыншылық жорықтарын І Дарий (521—486) жалғастырды. Ол аз уақыт болса да жекелеген сақ тайпаларын, оның ішінде хаумаварга-сақтарды немесе амюргийлік сақтарды, сондай-ақ каспилерді бағындырып алды. Бұл тайпалар Ахеменидтердің XV сатрапиясының (салық аймағының) құрамына кірді және алым төлеуге тиіс болды, бірақ алым мезгілінде төленіп тұрмады және көбіне сыйлықтар сипатында болды. Сақтар Ахеменидтердің әскерінде қызмет атқарды. Тіпті олардың біразы парсы патшасының «өлмейтін он мың» деп аталатын жеке ұланына да кірді.

Б. з. б. 518 жылы І Дарий, өзінің алдындағы патша сияқты, массагет-сақтарға қарсы жорық бастады, бірақ ол да жеңіліске ұшырады. Грек тарихшысы Полиен массагет-сақтардың парсыларға қарсы күресінің қызықты бір оқиғасы жайындағы әңгімені келтіреді. Шырақ есімді бір сақ өзінің денесін пышақпен тілгілейді де, парсыларға қашып өтеді, сөйтіп өзін сақ көсемдерінен жәбір көрген адам ретінде көрсетеді. Өз руластарынан кек алғысы келетінін мәлімдеп, Шырақ жауларды сусыз шөлге апарып адастырады, осында олардың көбі қырылып қалады.

Б. з. б. VI ғасырдың аяғында — V ғасырдың басында ежелгі Шығыста грек-парсы соғыстарының басталуымен байланысты ірі-ірі саяси оқиғалар пісіп-жетілді. Кейбір сақ тайпалары бұл соғыстарға одақтастар мен жалдамалылар ретінде парсылар жағында қатысты. Гавгамелы маңындағы ұрыста, мәселен, сақтардың жеңіл атты әскері қатысқан.

Грек-парсы соғыстары (б. з. б. 500—449 жылдары) парсылардың жеңілуімен аяқталды. Ал бұл кезде Грекияда экономикалық және саяси дағдарыс күрт өршіді, құл иеленушілер бұдан шығудың жолы шығысқа басқыншылық жорық ұйымдастыру деп білді. Б. з. б. IV ғасырдың 30-жылдарында македондық-гректер Александр Македонскийдің басшылығымен соңғы Ахеменид, III Дарий Кодоманның армиясын талқандап, Орта Азияға баса-көктеп кірді. Маракандты (Самаркандты) алып, олар Сырдарияға бет алды.

Гректердің баса-көктеп енуіне Орта Азия тайпалары мен халықтары табан тіресе қарсыласты. Александр Македонскийдің әскерлеріне қарсы күресте сол кезде Қазақстанның оңтүстік аудандарын мекендеушілер, оның ішінде массагеттер белсене қатысты. Александр Македонский әскерлерімен Сырдариядан өтпек болған кезінде сақ жебесі тиіп, жараланды. Македондық-гректер Сырдария бойындағы қалаларды қоршаған кезде олардың тылында көтеріліс шығып, оны Спитамен басқарды. Спитамен массагет-сақтардың қолдауын пайдалана отырып, сол кезде жеңілмейтін деп саналған македондық-гректер әскерлерін бірнеше дүркін талқандады. Көтерілісшілердің арасына жік салу үшін Александр Македонский олардың кейбір көсемдерін азғырып алды. Үш жыл бойы дерлік болған кескілескен күрестен кейін ғана македондық-гректер Орта Азияның кейбір тайпалары мен халықтарын уақытша бағындырып алды. Сырдарияның арғы бетіндегі сақ тайпалары өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалды.

Александр Македонский өлгеннен кейін оның ұлан-байтақ империясы ыдырады, өйткені ол берік экономикалық және саяси байланыстары жоқ тайпалар мен халықтардың әлдеқалай біріктірілген, бірімен-бірінің байланысы аз құрамасы болған еді.

## 2. ЕРТЕДЕГІ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ЖЕТІСУ МЕН ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

### Мәдениет сипаттамасы

Б. з. б. I мыңжылдықта Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан — болжамдардың бірі бойынша тиграхауда-сақтарға<sup>23</sup> баланатын сақ тайпаларының үлкен тобы қоныстанған Орта Азия мен Қазақстанның этно-мәдени сақ қауымының өзіндік жарқын мәдениетінің ірі ошағы саналды. Сақ өркениеті — Орталық және Алдыңғы Азияның мәдениеті мен өнері жетістіктерінің бірегей синтезі.

Оба қорымдары мен петроглифтер топографиясы және олардың көп болуы ерте кезде Қазақстан аумағының оңтүстік-шығысы мен оңтүстігінің толық игерілгенін көрсетеді. Үлкенді-кішілі Сырдария, Іле, Талас, Лепсі, Есік, Шелек, Шарын, Кеген өзендері мен басқаларының аңғарларында көптеген тас және топырақ обалар шоғырланған. Олардың көбісі жүздеген төмпешіктері бар үлкен молалы жер болып табылады. Мәселен, Жуантөбе қорымы (Іле өзенінің сол жақ жағалауы) — 300 обадан, Берікқара қорымы (Талас өзені) 500 төмпешіктен тұрады, Кетпен-Төбе алқабында (Солтүстік Қырғызстан) 700 обадан тұратын қорымдар бар. Бұларда және Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның басқа да ірі оба қорымдарында адамдар әр түрлі уақыттарда жерленіп, олар жүздеген жылдар бойында қалыптасқан.

Биіктігі 20 метрге дейін жететін «патша» обалары дейтіндердің көп жинақталуы жөнінен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға Орта Азияда және Қазақстанның басқа аудандарында тең келетіні жоқ. Осындай археологиялық ландшафт А. Н. Бернштамды «патша сақтары мен усундер» нақ Жетісуды мекендеген деген қорытындыға келтірген<sup>24</sup>.

Б. з. б. V ғасырға жататын Бесшатыр қорымының сақ «пирамидаларынан» бөренелерден тұрғызылған ірі жерлеу құрылыстары тамаша сақталған күйінде табылды, олар Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы жер бетіне ағаштан салынған ең ежелгі сәулет өнерінің бірегей ескерткіштері<sup>25</sup>.

Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі үлкен қорымға енетін «Есік» обасындағы ақсүйек сақтың қабірі жерлеу ғұрпының байлығымен қайран қалдырады. Оның киімі, бас киімі мен аяқкиімі алтыннан жасалған 4000-ға жуық қаптырма мен қалақша арқылы әшекейлеген, олардың көпшілігі скиф-сақ кезіндегі «аң» стилінде орындалған. Есік қабірінен табылған күміс тостағанның маңызы ерекше, оның түбіндегі 26 таңбадан тұратын жазу, тегінде, әліпбилік жазба болуы ықтимал<sup>26</sup>.

Берікқара қорымының обасын (Талас өзенінің аңғарында) топографиялық зерттеу мұндағы үлкен обалардың топырақ үйінділері тастан қаланған шеңбер, төрт бұрыш, жол, құйрықты жұлдыз сияқты нәрселер түріндегі әр алуан тұлғалардың қайран қалдырарлықтай ұштасуын толықтыра түсетіндігін көрсетеді. Олардың сақ тайпаларының сол дәуірде болған діни және әлемнің шығуы туралы ғарышнамалық түсініктерін көрсеткеніне күмән жоқ<sup>27</sup>.

Оңтүстік Қазақстандағы, Аралдың шығыс өңіріндегі сақ кезінің материалдық мәдениетін Оңтүстік Түгіскен<sup>28</sup> және Ұйғарақ<sup>29</sup> қорымдарының обаларынан көруге болады. Табылған алуан түрлі олжалар — қару, үй тұрмысына қажетті заттар және алуан түрлі сәндік заттар сақ-массагеттердің материалдық мәдениетінің деңгейін сипаттайды. Табылған заттар арасында



алтын тоғалар мен қоладан жасалған ат әбзелдеріндегі андардың бедерлі бейнелері ерекше ынта туғызады. Ал шағын обалар — қатардағы қауым мүшелерінің жерлену ескерткіштері (ал олар ақсүйектердің ескерткіштеріне қарағанда әлденеше есе көп) шаруашылық және мал табынының түр құрамы туралы, аймақтағы ежелгі мекендеушілер өмірінің тұрмыс салты туралы құнды мәліметтер береді.

Қорымдардың материалдарын көптеген кездейсоқ табылған олжалар мен көркемдік қола бұйымдар көмбелері: қазандар, құрбандық ыдыстары, шырағандар, еңбек құралдары, қару және ер-тұрман заттары едәуір толықтыра түседі. Олардың көпшілігі жануарлар мен андардың, кейде адамның бедерлі және мүсінді бейнелерімен сәнделген. Олар сақтардың құю техникасы мен көркемдік мәдениетінің жоғары, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның ертедегі темір дәуірінде Орта Азия мен Қазақстандағы металлургия өндірісінің ірі орталығы болғанын дәлелдейді.

### Бесшатыр қорымы

Бесшатыр қорымы Іле өзенінің оң жағасында, Шылбыр қойнауында орналасқан. Ол 31 обадан тұрады, олардың 21-і таспен, ал 10-ы қиыршық тас және топырақ үйінділерімен жабылған. Үйінділердің көлеміне қарай қорым обалары үлкен, орташа және кіші обалар болып бөлінеді. Үлкен обалардың диаметрі 45 метрден 105 метрге, олардың биіктігі 6 метрден 18 метрге дейін жетіп ауытқып отырады; орташаларында тиісінше — 25—38 м және 5—6 м; кішілерінде — 6—18 м және 0,8—2 м.

Сирек кездесетіндері болмаса, қазылған обалар бұрындары тоналып кеткен болып шықты. Дегенмен де Бесшатыр обалары мерзімін белгілеуге болатын тамаша материал (қанжарлар, жебелердің ұштары) ғана емес, сонымен қатар қабір үстіне орнатылған іргелі құрылымдардың ерекше бағалы, жаңа үлгілерін де берді. Диаметрі 104 м, биіктігі 17 м Үлкен Бесшатыр обасы ерекше. Үйінді төбесі қиық конус тәрізді, жалпақ төбесінің диаметрі 32 м. Обаның тас жамылғысы табаны жағалай тығыз етіп бірнеше қабат төселген, бұл — орасан зор үйінді орнатқан цоколь секілді болып көрінеді. Үйіндінің солтүстік және оңтүстік жақтарында төменге қарай түсетін ордың (ені 2 м) ізі байқалады. Үйіндінің айналасынан 5—7 метр қашықтықтан тас дуал өтеді (ені 2 м және сақталып қалған биіктігі 50—60 см). Үйіндімен қатар бір басы көмілген ірі тас бағандардан (менгирлерден) және үлкен қой тастардан қоршау түрінде тұрғызылған дөңгелек құрылыстар салынған. Үлкен обаның айналасында барлығы 94 қоршау бар. Кейбір тік тұрған тас бағандарға қазақ ру-тайпаларының таңбалары қашап салынған. Обаның солтүстік-шығыс жағында тағы да осындай жеті қоршау бар, олар оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Олардың жанынан қыш ыдыстардың көптеген сынықтары табылды, қыш қазандардың тұтқалары кездеседі. Қазылған қоршаулардың көпшілігінде тайыз жерден күл-ыс дақтары табылды, екеуінен сүйек қалдықтары, керамиканың сынықтары мен моншақтар шықты. Сірә, қоршаулар табыну мақсатына арналып, отқа табынуға және құрбан шалу ғұрпына байланысты болуы ықтимал.

Бесшатырда үш үлкен оба: Бірінші, Үшінші және Алтыншы Бесшатыр обалары, орташа үш оба мен барлық ұсақ обалар қазылды. Бірінші Бесшатыр обасының диаметрі 52 м, биіктігі 7,6 м, оңтүстік жағынан — 8,93 м. Оба

таспен жабылған. Үйіндінің түп жағына тас неғұрлым тығыз қаланған, обаның төбесі жалпақ. Үйінді үш қабат. Ең үлкені — екінші қабаты, ол қалыңдығы 8,5 метрден 13 метрге дейін жететін топырақ пен қиыршақ тастан тұрады. Төменгі қабатының астында Тянь-Шань шыршасының өңделген тұтас бөренелерінен салынған үлкен ағаш құрылыс табылды. Сағана үйілген топырақ астына жерленген адамның үстіне тұрғызылған, бұл түгелдей жер бетіндегі құрылыс.

Бесшатыр сағанасы сол кезде ағаштан салынған күрделі құрылыс болып табылады, ол бірнеше бөліктен тұрады, олар: дәліз (дромос), қабірдің алдыңғы кірер аузы және жерлеу бөлмесі. Сағананың барлық бөренелері жақсы өңделген: бұтақтары мен бұдырлары тегістеліп шабылып, қабығы аршылған. Бөлменің қабырғасын құрайтын бөренелер мұқият тегістеліп, бір-біріне тығыз қиюластырылған; бүкіл құрылысты мейлінше тұрақты ету үшін бөренелердің жуан жұмыр басы қарама-қарсы айқастырып салынған. Бұрыштарында бөренелер бір-біріне тек түйісіп қана тұрады және өзара бекітілмеген, сондықтан Бесшатыр құрылысы дағдылы түсініктегі қима емес.

Бөренелерде қашау мен пышақ іздері жақсы сақталған — олардың екі шеті мен ортасында кертік бар. Жерлеу бөлмесінің бөренелерден тұратын жалпақ төбесі шиден есілген арқандармен буылған қамыс төсеніш қабатымен жабылған. Сірә, жерлеу ғұрпынан кейін бөлмеге апаратын есікке ірі тастар қаланып, дәліз бөлігі қиыршақ тас араластырған кесек тастармен төбесіне дейін бекітіліп тасталған болуы ықтимал. Осыдан кейін ғана жерлеу құрылысының үстіне тас пен қиыршақ тас аралас зор үйінді үйілген. Үлкен обалар тобының ең оңтүстігіндегі Алтыншы обадағы құрылыс та осындай. Оның үйіндісі таспен жабылған. Обаның диаметрі — 52 м, биіктігі — 8 м. Үйіндінің астында, ертедегі жер беті деңгейінен шамамен 2 м тереңдікте жерасты жолдарының жүйесі болған. Олар жерден қазылған және орталық бағыттағы есік пен бүйірдегі тарамдардан тұрады, негізгі жолдан түрлі бағыттарға бүйірге қарай жеті тармақ кетеді, олардың батыс жақтағы екеуі жарым-жартылай топырақпен, ал солтүстік-шығыс жақтағы біреуі ірі тастармен толтырылған. Жолдардың күмбезі жарты шеңбер тәрізді, жерасты жолдарының биіктігі 1,1 метрден 1,68 метрге дейін, ені 75—80 см. Қабырғалардың көптеген жерлерінде кішкене ойықтар жасалған, олардың айналасындағы ыс іздері оларда жер астында жұмыс істеген жер қазушыларға жарық беретін май шырағандар тұрғанын дәлелдейді, бүйірдегі тарамдардан жануарлардың сүйектері — құрбандық шалудың қалдығы табылды. Бүйірдегі тармақтарымен қоса алғанда негізгі жолдың жалпы ұзындығы — 55 м.

14-обаны қазған кезде жерлеу құрылымының жаңа үлгісі ашылды. Обаның жерлеу құрылысының негізі — ұсақ қиыршық тастар араластырып топырақтан тұрғызылған қабырғалар. Қабырғалар бөренелермен үш қатар етіп жабылған, бөренелердің төменгі екі қатары Тянь-Шань шыршасынан, ал жоғарғы қатары жиде бөренелер. Бөренемен жабылған төбесінде тас пен бұтадан және сексеуілдің шырпысынан он алты қатар етіп күмбез тәрізді жаппа жасалған. Мазардың негізі төртбұрышты, ал төбесі дөңгелек күмбез сияқты болған.

Қабірдің шығыс жағында есігі болып, есіктің екі жағында жерге тігінен көмілген қос-қостан екі бағана тұрған. Қос бағаналар бір-бірімен қазықтармен бекітілген, мейлінше берік болу үшін бөренелер шиден өрілген жуан арқандармен байланып тасталған. Кірер ауыздың төбесін бөренелердің

үстінен ши арқандармен буылған екі қабат төсенішпен жапқан. Қабірдің лақытына кірер жердің жанына жуан бөрененің кесіндісі қойылған. Лақыттың еденінде адамның шашыраған сүйектері жатыр.

Бесшатырдың хронологиясы кіші обалардың бірінен табылған заттар бойынша айқындалады. Оның үйіндісі астындағы ұзын жағы батыстан шығысқа қаратылған үлкен қабір шұңқырында (көлемі 3,50 де 2 м) жерленген екі адамның қаңқалары жатты. Сүйектер бірінің жанында бірі шалқасынан созылып, бастары батысқа қаратып қойылған. Жерленгендердің әрқайсысының жанына оң жағынан қысқа семсер-акинақтар қойылған, ал сол жағында қола ұшты жебелер салынған қорамсақтардың қалдықтары жатыр (қорамсақтарда барлығы 50 қысқа сапты және ұңғылы жебе ұштарының он екі түрі бар). Қанжарлардың сабы көбелек тәрізді, ұшы бүлінген. Солтүстік жақтағы сүйектің сол жағында темір умбон жатыр, тағы бір жатқан нәрсе, сірә, кішкене ағаш қалқанның қалдығы болуы мүмкін, бел тұсында темір тоға жатты. Сүйектердің арасынан төрт ақық моншақ және біріне-бірі дәнекерленіп жапсырылған іші қуыс алтын түйіршектерден жасалған екі моншақ табылды. Материалдар жиынтығына талдау жасау жалпы алғанда Бесшатырды б. з. б. V—IV ғғ. деп белгілеуге мүмкіндік береді.

### **Бесшатыр обаларының архитектурасы және құрылыс техникасы**

Бесшатыр қорымының көлемі 2 шаршы шақырым жерді алып жатыр. Алайда Бесшатыр обаларымен байланысты ескерткіштердің таралған жері қорымның өз ауқымынан әлдеқайда кең. Мәселен, қорымның солтүстік-шығыс жағындағы 5 шақырым жердегі төбеде алты қоршау орналасқан, олар келбеті мен салынуы жағынан Бесшатыр обаларына ұқсас. Обалардың батыс жағында үш шақырым жерде нақ осындай төрт қоршау бар. Одан да әріректе, батыс жағындағы 10 шақырым жерде де осындай, оңтүстіктен солтүстікке қарай орналасқан 45 қоршау жатыр.

Қорымның төңірегіндегі бұл құрылыстардың орналасуы, олардың сыртқы түрі, құрылымдары мен көлемінің бірдейлігі оларды Бесшатыр қабірлерімен бір мезгілде салынған және олармен байланысты деп санауға негіз береді. Менгирлерден қорымдар төңірегіне қарай ашық салынған қоршаулар — Бесшатыр обаларына байланыссыз, қайта негізгі объектіні толықтыратын сияқты.

Сірә, Бесшатыр кешені Іле өзенінің аңғарында мекендеген Жетісу сақтарының киелі орны болса керек. Орасан зор Бесшатыр патшалық обалары орналасқан жерге сақтар ғасырлар бойы келіп табынып, сансыз көп құрбандықтар әкелген, ас беріп, бата қылған, әр түрлі діни жоралғылар жасаған. Мұндай діни салтанаттар мен жоралғылар өткізілетін орындарға менгирлер мен қойтастардан үлкен қоршаулар тұрғызылған.

Бесшатыр қорымының барлық обаларына — үлкендері мен орташаларына да, кішілеріне де біркелкілік тән, олар тастар мен ірі қиыршық тастардан үйілген, төбесі жалпақ (трапеция тәрізді), етегіне тас тығыз қиюластырып қаланған болып келеді. Үлкен обалар құрылымының ерекшелігі — үйінділер етегіндегі ордың терең болуы, обалардың астына кіретін жер осы орлардан басталған. Тегінде, жерлеу және обаны тұрғызу жоралғылары жасалғаннан кейін жер астына кіретін есік бата қылу, құлшылық ету және құрбан шалу

үшін белгілі бір уақытқа ашық қалдырылып, сонан соң обаның кірер ауыз үстіндегі топырағының бір бөлігі құлап басып қалған болса керек.

Сәулет өнерінің ескерткіші ретінде Бесшатырдың әрбір үлкен обасы құрылыстың екі түрінен: сыртқы және ішкі түрлерінен тұрады. Сыртқы құрылыс — тығыз қаланған тастардан, тас дуалдардан және үйінділер төңірегіндегі менгирлер мен қойтастар тізбегінен тұратын үйдің үстінгі қабатында орнатылған сияқты жалпақ төбелі үшкіл үйінді. Үйінді архитектурасында жер астына түсетін ор және ішкі құрылыстары — ағаш қабір мен қуыстар маңызды ескерткіштер болып табылады.

Мұның бәрі сақ тайпаларында Бесшатырдағы ғұрыптық құрылыстар салынғанға дейін-ақ архитектуралық-құрылыс тәсілдері мен түрлері: төрт бұрышты және дөңгелек етіп жоспарлау, тас қалау әдісі, ағаш өңдеу дағдылары мен ағаштан құрылыс салу, құрылыс кезінде ағашты, қамысты, тасты шеберлікпен ұштастыра пайдалана білудің ертеде-ақ орныққанын дәлелдейді. Сірә, мұндай құрылыс тәжірибесі ғұрыптық ескерткіштерді салу нәтижесінде ғана емес, сонымен қатар тұрғын үйлер мен қора-қопсылар салу кезінде де жинақталған болса керек.

Бесшатырдың ғұрыптық құрылыстары тайпаларының көсемдерін мәңгі есте қалдыруға тырысқанын көрсетеді. Құрылыс салғанда оларды бүлінбейтіндей (тонамайтын) ету ғана емес, сонымен бірге «мәңгі» тұратындай етіп салу мақсаты да көзделді. Сақтардың түсінігі бойынша, ескерткіш өзінің көлемі жағынан көсемнің құдыреті мен байлығына сай келіп, келер ұрпақтың бойына құрмет және қорқыныш сезімін ұялатуға тиіс болды.

Бесшатыр обалары өздерінің көрнектілігімен зор әсер қалдырады. Үлкен обаны тұрғызу үшін ғана елу мың текше метрден астам топырақ, тас, қиыршық тас пайдаланылған, ал оның үстіне қорымнан 3 шақырым жерде орналасқан ең жақын таулардан мыңға жуық тақта тастар мен қойтастар тасып әкелінген.

Оба үйінділерін стратиграфиялық зерттеу бұл үлкен қорғандардың әрқайсысы тастар мен топырақты жөн-жосықсыз текшелеу ғана емес, қайта құрылымы алдын ала ойластырылған сәулетті ғимарат екенін көрсетеді. Топырақтың көп қабат етіп үйілуі оба ішіндегі ағаш құрылысқа қажетті микроклиматты қалыптастырып, ескерткіш-обаның өз сынын ұзақ уақыт сақтауына да әсер еткен.

Үйінділердің көлемі жағынан қорым обалары үлкен, орташа және кіші болып бөлінеді, үйінділердің осы үш тобына қабір құрылыстарының әр алуан түрі: үлкендері мен орташаларына — бөренелерден тұрғызылған қабір, киіз үй тәрізді бейіт, ал барлық кіші обаларға жерден қазылған шұңқыр (кейде оған салынған тас жәшік) сәйкес келеді. 14-ші обадағы киіз үй тәрізді шатырлы бейітке ешқайсысы ұқсамайды. Әзірше ол скиф-сармат мәдениетінің обаларынан табылған осы түрдегі бірден-бір құрылыс.

Бесшатыр құрылыстарын салуға қажетті бөренелер оба орналасқан орыннан шамамен 200—250 шақырым болатын Іле өзенінің арғы бетінен, Іле Алатауының сілемдерінен дайындалған. Сол жерде, ағаш кесілген, бұтақтары мен бұдырларынан тазартылып, жасалған кертпелер арқылы оларды өзенге сүйретіп апарып, салмен құрылыс салынатын жерге жеткізген. Бұл орайда қыл арқандар мен ши талшықтарынан есілген арқандар пайдаланылған.

Ағаш кесу, бөренелерді қысқарту және басқа да ауыр жұмыстар жүзі тез мұқалатын ауыр қола балталармен орындалған. Бөренелерді өңдеу сан алу-

ан шоттар, қашаулар, үскілер, қола шапашоттармен жүргізілген болса керек.

Бесшатыр обаларын қазғандағы материалдар Жетісудың сақ тайпаларының мәдениеті туралы түсінікті байыта түседі. Олар көпжылдық тәжірибенің, жоғарыда атап өтілгеніндей, жерлеу қабірлерін салу кезінде ғана емес, сонымен қатар тұрғын үйлер салу кезінде де жинақталғанын дәлелдейді. Бұдан Жетісу сақтары «таза» көшпелі болған жоқ, олар жылдың жылы маусымдарында ғана көшіп, суық түсісімен қыстайтын жерлеріне барған да, қысқы тұрғын үйлерінде қыстаған деген қорытынды шығады. Тұрғын үй салғанда олар ағаш, тас, қамыс, бұта сияқты жергілікті материалды пайдаланған.

### «Есік» обасы

Есік обасы 40-тан астам обадан тұратын үлкен қорымның оңтүстік шетінде орналасқан. Обаның диаметрі 60 м, биіктігі 6 м. Үйілген топырақтың құрылымы айқын емес, бірақ көп қабатты (3—4 қабат), малта тас қабаты қиыршық-сазды қабатпен ауысып отырады, орталықтағы моланың айналасынан ірі қойтастар жиынтығы байқалады. Үйінді астында екі қабір: орталық және бүйірдегі (оңтүстік) қабірлер бар. Ортадағы қабір қарақшылардың неше дүркін тонауының салдарынан әбден шөккен. Бүйірдегі қабір сол күйінде сақталған. Лақыт Тянь-Шань шыршасының өңделген бөренелерінен салынған, оның көлемі: ішінен өлшегенде 2,9х1,5 м, сырты — 3,3х1,9 м, қабатымен қоса алғандағы биіктігі 1,3—1,5 м.

Лақыттың оңтүстік және батыс бөліктеріне ыдыстар қойылған, ал солтүстік бөлігінде, лақыттың тура тақтай еденінде жерленген адамның сүйектері жатыр. Ағаш қалдықтары мен темір тұтқаларға қарағанда, өлік ағаш қақпақпен жабылған болуы керек. Ол басын батысқа қаратып, шалқасынан созылып жатыр, бас сүйегінен өкше сүйегіне дейінгі ұзындығы 165 см.

Есік обасындағы қабір құрылысы, сірә, былайша тұрғызылған болса керек: әуелі ұзына бойы батыстан шығысқа бағытталған тікбұрышты қабір шұңқырын қазған. Оның түбіне бөрене қима — лақыт жасалған. Оның құрылымы өте қарапайым: ұзындықтары бірдей бөренелерді көлденеңінен лақыттың қабырғасы болатындай етіп қаластырған. Бұрыштарында бөренелер өзара байланбаған, тек түйісіп қана тұр, лақыттың ұзын және көлденең қабырғаларындағы бөренелердің ұштары қабірдің опырылып түспеуі үшін кезек-кезек ұмсындырылып шығарылған.

Лақыттың қабырғаларына бөренелер бес қатар етіп салынып, ол үстінен де ұзын қабырғаларына көлденеңінен қойылған бөренелермен жабылған. Түбіне жақсылап өңделген он тақтайдан бір біріне жақсы қиюластырып еден төселген. Еденге өлік пен неше түрлі нәрселер қойылған.

Шамасы, еденнің өлік жатқызылған тұсына ұсақ алтын қаптырмаларымен әшекейлеп тігілген мата төсеніш төселген болуы керек. Төсеніш үстіне тамаша сәнді киімі кигізіліп, бес қаруы түгел асылған өлік қойылған. Орындыққан салт бойынша, өлік аяқ-қолы созылып, басын батысқа, бетін жоғары қаратып шалқасынан жатқызылған, оң қолының саусақтары кіндігінен төмен қойылып, сол қолы бір жағына созылып жатыр.

Оң жағында бел тұсына ағаш қыны бар темір семсер қойылған. Қару ілетін аспалы белдікке алтын қаптырмалар мен жолбарыс басының бедерлі бейнесі бар өткерме шегелеген. Белдіктің сол жағына шауып бара жатқан

бұлан мен ат пішінінде жасалған екі алтын тілігі жапсырылған, қайыспен қапталған ағаш қыны бар темір ақинақ ілінген. Оның әшекейлері арасынан белдіктің аспалары үшін жасалған, бүктетілген қасқырдың бедерлі бейнесі салынған цилиндр формалы екі қаптырма-тоға ерекше көз тартады.

Сол қолының қарында алтын ұшты символды жебе, одан жоғарырақ сабы жалпақ алтын таспамен бунақтала оралған қамшы, одан жоғарырақ — ішіне қола айна мен қызыл бояу салынған шағын жібек қоржын жатты.

Лақыттың еденіне өлік тамағы салынған және ғұрыптың ыдыстар қойылған. Жазуы бар күміс тостаған мен оқшауырақ тұрған алтынмен апталған қола тегененің де соларға жататыны анық. Оның ішінде жыртқыш құстың тұмсығы мен тырнақтары түрінде жасалған бірнеше мүсіндік алтын тіліктер жатыр. Ыдыстардың бірде-біреуінен жануарлардың сүйектері — ет тағамының қалдықтары табылған жоқ.

Ыдыстарды орналастыруда белгілі бір тәртіп сақталған. Қыш және ағаш ыдыстар бөлек қойылған. Оңтүстік қабырғаға жақын ағаш ыдыстар, арт жағында — екі қатарда төрт табақша, алдыңғы жағында — тегенелер мен ожау тұр. Екінші қабырға жанына қыш құмыралар бір-біріне түйістіріліп, бір қатарға тізіліп қойылған, олардың алдында тегенелер орналасқан, тегенелердің арасында екі күміс тостаған мен қасық бірге қойылған. Қола аяқ бөлек, қаңқаның бас жағында тұр. Лақыттың шығыс қабырғасы жағындағы еден бөлігі заттардан бос. Сірә, лақыттың есігі (Бесшатыр обаларындағы сияқты) оның шығыс жағында болса керек.

Жерлеу ғұрпы жасалып, дене қойылған соң лақыт қысқа бөренелермен жабылып, шұңқыр топырақпен көмілген де, сонан соң топырақ үйілген.

Антропологтардың анықтауынша, Есік обасына жерленген адам 17—18 жасар, бет бітіміне қарағанда ол сақтарға жатады. Ол алтынмен мол тігілген сәнді киім киінген. Басына түгелдей түрі де, көлемі де әр түрлі алтын қаптырмалармен сәнделген, төбесі шошак, биік (65—70 сантиметрге дейін) бас киім киген. Бас киім жылқы барыс, тау теке, құс бейнеленген 150-дей алтын қаптырмалармен және тоғалармен сәнделген. Есік жауынгерінің мойнында — ұшы жолбарыстың басы іспеттес алтын алқа, сол жақ сырғаларында — перузадан жасалған салпыншақтары бар, көз салған алтын сырға болған. Үстіне мата көйлек кигізілген, оның өңірі мен жеңдері неше түрлі алтын қаптырмалар мен тізбелер араластырып, әшекейлеп, кестеленген; көйлектің сыртынан киілген қызыл бояумен боялған былғары бешпенттің өн бойы жолбарыстың басы бейнеленген алтын тоғалармен және үш сала жапырақ формасындағы кішкене тоғалармен қапталған. Бешпенттің сыртынан зооморфтық стильде жасалған, көздің жауын алатын он алты көлемді қаптырмамен қапталған құрама белдік тағылған. Белдіктің оң жағына қызыл қынға салынған ұзын темір семсер, сол жағына бұлан мен жылқы бейнеленген алтын қаптырмалар шегеленген қыны бар темір ақинақ ілінген. Шалбар тігіс-тігісі бойымен ұсақ алтын шеттіктермен әдіптелген және балақтары бешпенттегідей алтын қаптырмалар шегеленген саптама етікке сұғындырылған. Сақ жауынгері саусағына екі алтын жүзік таққан, олардың біреуі — сәнді бас киім киіп қырын қарап тұрған адамның бас бейнесі бар алтын (жүзік-мөр). Есік обасындағы қабірдің мерзімі б. з. б. IV ғасырдың алғы — III ғ. деп белгіленіп отыр.

## Қатардағы сақтардың қабірлері (б. з. б. VII–IV ғғ.)

Сақ заманындағы қатардағы қауым мүшелерінің қабірлері көлемі, бейіттік құрылыстың құрылымы мен қойылған заттары жөнінен бесшатырлық және есіктік үлгідегі патшалық қабірлерден мүлдем өзгеше.

Сақ мәдениеті алдыңғы кезеңінің (б. з. б. VII–VI ғасырлар) мұндай жерлеу орындарына Қарғалы-1 және Алтынемел-2 қорымдары жатады. Қарғалы-1 қорымы осылай аталатын қойнауа (Алматыдан батысқа қарай) орналасқан. Мұндағы обаларға да тас үйінді тұрғызылған, олардың астында сүйек салынған тас жәшіктер болды. Сүйектер созылған күйінде, бастары солтүстік-батысқа қарап жатты. Ескерткішті зерттеушілер Қарғалы-1 қорымының мерзімін б. з. б. VIII–VII ғасырларға, қоладан сақтарға өтетін өтпелі дәуірге жатқызады<sup>30</sup>.

Шолақ тауларының Алтынемел асуындағы тас жәшікті жерлеу орындары алдыңғы сақ заманына жатады. Мұндағы тас жәшіктер қырынан көмілген жалпақ тақта тастардан құралған да, ұзына бойымен батыстан шығысқа бағытталған.

Жуантөбе қорымындағы обалар да сақ мәдениетінің алдыңғы кезеңіне жатады. Олардың көлемі шағын, өзеннің малта тастары аралас топырақтан үйілген. Қабірлерде адам сүйектері көлденең қойылған ағаштармен жабылған, ұзына бойы батыстан шығысқа қарай бағыттанып, жер шұңқырларда жатты. Жерленгендердің жанынан табылған қола ауыздықтар, пышақтар, сүйек пен ағаштан жасалған тарақтар, моншақтар, тартпалардың қола айылбастары және керамикалық ыдыстар Жуантөбе мерзімін б. з. б. VI–V ғғ. деп белгілейді<sup>31</sup>.

Соңғы сақ заманының (б. з. б. V–IV ғғ.) біршама жақсы мәлім Қадырбай-3, Қарашоқы және Қызылауыз сияқты ескерткіштер сол заманға жатады.

Шолақ тауларында, Іле өзенінің оң жағасында орналасқан Қарашоқы<sup>32</sup> қорымында қазылған обаның топырақ пен қиыршық тас араласқан шағын үйіндісі; үйінді үстінде дөңгелек қоршау мен оның сыртынан қоршалған тағы бір қоршаудың тастары болды. Адам жерден қазылған шұңқырға жерленген. Қабірдің ішінен б. з. б. V–IV ғасырларға жататын жебелердің ұңғылы қола ұштары табылды<sup>33</sup>.

Қадырбай-2 (Іле аңғары) қорымының обаларындағы үйінді тас аралас топырақтан тұрғызылып, олардың іргелерін белдеулей тас қаланған. Жерден қазылған шұңқырдың түбіне қойылған тас жәшіктердің ішінен шалқасынан созылған күйінде, басы солтүстік-батысқа немесе батысқа қаратып жерленген өліктердің сүйектері табылды. Қабірлерден б. з. б. IV–III ғасырларға тән керамикалық ыдыстар, андық стильде сәнделген қола тоға және сабы бар қола айна шықты. Жерлеу мезгілі б. з. б. IV–III ғғ. деп белгіленеді.

Тұрақты жерлеу ғұрпы мен құрал-саймандар Қызылауызға да тән<sup>35</sup>.

### Жетісу қолалары

Кездейсоқ олжалар мен көмбелерден табылған мыс және қола заттар сақ тайпаларының материалдық мәдениетінің тарихы жөніндегі жарқын деректемелер болып табылады. Көркемдігі жоғары қола олжа-

лар мен көмбелердің саны жөнінен сақ мәдениеті дамыған басқа аудандардан Жетісуға тең келетіні жоқ. Олардың ішінде барынша назар аудартатындары — қола қазандар, құрбандық ыдыстары және шырағдандар жинағы, тұрмыс заттары мен қару-жарак, әсіресе монументті көркемдеп құю бұйымдары. Бұлар — төрт аласа аяғы бар, жиегіне қанатты 25 арыстандардың мүсіні орналасқан тікбұрышты үстел<sup>36</sup>, сондай-ақ төрт мыс және бір темір қазан мен қола шырағданнан тұратын көмбе. Төртбұрышты табақшалардың бұрыштарына орналастырылған шырағдан қанатты жолбарыстардың төрт мүсінімен безендірілген<sup>37</sup>. Басқа бір көмбеден табылған шырағданның дөңгелек табақшасы қуыс конус тәрізді тұғырға бекітілген, жиегінде бірінің соңынан бірі маңғаз басып келе жатқан сегіз жолбарыс бейнеленген, ал табақшаның дәл ортасына айыр өркешті екі түйенің мүсіндік бейнесі бекітілген<sup>38</sup>.

Тағы бір шырағдан төрт (үш қола және бір темір) қазанмен бірге Есік қаласы маңынан табылды. Шырағданның дөңгелек табақшасы тор көзді конус тәрізді тұғырға орнатылған. Табақша үстінде аттың, ал оның қарсысында шығыстықтарша малдас құрып отырған ер адамның мүсіні бекітілген<sup>39</sup>.

Каменское плато маңынан (Алматы қаласының төңірегі) көпшілігінің жануарлардың аяқтары түрінде жасалған үш аяғы бар он қола қазаннан тұратын көмбе табылды. Жетісу қазандары, құрбан шалатын орындары, шырағдандары сақтардың құю тәжірибесі мен жетік техникасын және көркемдік талғамын дәлелдейтін аса көрнекті мәдениет ескерткіштері болып табылады. Сақтардың көркемдік қола бұйымдарының көптеп табылуы Жетісу тайпаларында құю ісі өнерінің барынша дамығандығын және олардың мәдениетінің төлтумалылығын көрсетеді.

### **Түгіскен және Ұйғарақ**

Ертедегі темір дәуірінде Шығыс Арал өңірінің аумағы мен Оңтүстік Қазақстанның оған шектес аудандарын массагет-сақтардың құрамына кіретін этникалық топтар мекендеген. Олардың сол кездегі мәдениетінің ескерткіштері Сырдарияның төменгі бойындағы Ұйғарақ және Түгіскен қыраттарында орналасқан обалы қорымдар болып табылады<sup>40</sup>.

Түгіскен қорымы екі дәуірдің ескерткіштерінен тұрады. Ең алдымен бұл — Солтүстік Түгіскен, б. з. б. IX—VIII ғасырлардағы қорымдар. Сақтардың обалы қорымы — Оңтүстік Түгіскен де осында Түгіскен үстіртінде орналасқан. Ол өз кезегінде екі кешенге бөлінеді, олардың біріншісі 9, екіншісі 27 обадан тұрады. Оңтүстік Түгіскеннің барлық сақ обалары б. з. б. VII—V ғасырларда тұрғызылған. Ұйғарақтағы сол заманның 80 обасы үш топқа: шығыс, орталық және батыс топтарға шоғырланған<sup>41</sup>. Олардан 70 оба қазылды.

Ұйғарақ пен Түгіскенде жерлеу құрылыстары әртектес болғанмен, жерлеу ғұрпы бірдей.

### **VII—V ғғ. обалары**

Ұйғарақ пен Оңтүстік Түгіскеннің құм үйінділері астынан алуан түрлі жерлеу құрылыстары қазылып ашылды. Оның бірі, негізінен Ұйғарақтан



ғана шыққаны — адамдарды жердің бетіне, жеңіл қаңқалы ағаш құрылыстың не күркенің ішіне, қамыс төсеніш үстіне жерлеу. Мұндай құрылыстардың сыртқы бітімі дөңгелек, сопақ немесе тікбұрышты болған.

Олар Солтүстік Түгіскендегі қола дәуірінің қарапайым жерлеу құрылыстарына ұқсас<sup>42</sup>. Оларды Солтүстік Түгіскендегі жерлеумен жақындастыратын белгі — өліктің басын батысқа қаратып жерлеу және ішінара — өлікті өртеу салты.

Жерлеу құрылыстарының екінші үлгісі — жерден қазылған шұңқырлар. Олардың бірнеше түрлері бар. Ұйғарақ пен Оңтүстік Түгіскен қорымдарында шығыстан батысқа бағытталған тікбұрышты үлкен жер шұңқырларға жерлеу түрі көп тараған. Лақыттар ағаш бөренелерімен жабылып, олардың үстіне қамыс немесе ұсақ бұтақтар қабаты төселген. Шұңқыр айналасындағы ескі қабат пен қабір топырағын да қамыспен жауып тастаған. Сонан соң диаметрі 15—20 м, кейде 30 метрге дейін жететін оба үйген. Кейбір жағдайларда үйінді қамыс пен топырақ қабаттарынан тұрғызылған. Басқа жерлеу құрылыстарындағы сияқты, мұнда да отқа табыну кең таралған.

Қабірдің бұрыштарында тіреу орындары сияқты кішкене шұңқырлар жиі кездеседі. Кейбір қабірлерде лақыттың түбінен қабырғаны жағалай арықша қазылған да, өлік жер «үстел» үстінде жатқандай болып көрінеді. Қабір бұрыштарындағы шұңқырлар сияқты, мұндай «үстелдер» де Солтүстік Түгіскендегі кесенелерінен дәстүрге айналған белгілі жерлеу ғұрпының жергілікті тәсілдері<sup>43</sup>.

Түгіскенде жерден қазылған шұңқырларға жерленетін обалардың тағы бір өзгеше тобы бар. Құрылыстардың бұл нұсқасы — ортасында беті ағаш бөренелермен жабылған жер шұңқыры бар, жан-жағы айнала қоршалған топырақ дуалдан тұрады. Дуалдың топырағы айналасындағы белдеулей қазылған орлардан алынған. Бұдан басқа, топырақ дуалды қоршаған ор жанғыш материалдармен (шөпшекпен) толтырылған. Сірә, жерлеу кезінде барлық құрылысты айнала от жағылатын болса керек.

Ақырында, Ұйғарақта жер қабірлердің Түгіскенде жоқ түрі бар. Бұл негізінен бұрыштары дөңгеленіп келген тікбұрышты тар молалар. Құрылымы жағынан оларды Түгіскен мен Ұйғарақтағы үлкен жер шұңқырға жерлеумен жақындастыратын белгі — сырғауылдармен және бұтақтармен жабылуы.

Жерлеу құрылыстарының осындай әр түрлі болуы, шамасы, отбасылық қатынастар жүйесін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік құрылымды, рулық қауымның эволюциясын да көрсетсе керек. Бұл, әсіресе, Ұйғарақ қорымындағы әр түрлі обалар топтарының үлгісінде ерекше айқын байқалады<sup>44</sup>. Абыз әйелдер көп жерленген шығыс топтың молаларында кейінгі қола дәуірінен келе жатқан ғұрып-дәстүрлері айқынырақ байқалады.

Ұйғарақ обаларының орталық кешенін қалдырған рулық топ, мүліктердің құрамына және үлкен жер лақыттарға қарағанда, ең ықпалды топ болған. Оның өкілдері әскери билік пен абыздық қызметті қатар жүргізген көсемдер болған. Бұған билік белгісі — күрзінің және салттық айбалта-қанжардың табылуы дәлел. Бұл жерде жерленген қару-жарақты салт атты жауынгерлердің зираттарының көпшілігі, сірә, басқа рудың мүшелерінікі болса керек. Батыс

жақ шетіндегі тікбұрышты тар қабірлерге атағы жоқ және кедей рулық қауым мүшелерін жерлеген.

Түгіскенде б. з. б. V ғасырдағы бай қабірлер тобы айқын аңғарылды<sup>45</sup>. Олардың құрылымына тән нәрсе — кірер ауыздағы ұзын дәліз-дромос. Лақыттар өте терең болуымен ерекшеленеді. Өліктің басы шығысқа — солтүстік шығысқа қаратып жатқызылады. Шұңқыр әдетте, неғұрлым ерте-ректегі обалардағы сияқты қабырғаларымен емес, бұрыштармен бағытталған. Жерленгендер шалқасынан созылған күйінде, бастары шығыс-солтүстік-шығысқа қаратылып кейде оларды лақыт шұңқырларын қиғаштай, аяқтарын ромб тәрізді тізесінен бүгіп, өкшелерін ішке қаратып (ат үстінде отырған кейіпте) жатқызылған. Лақыт шұңқырлары мен дромос (ішінара) тегіс етіп жабылған.

Сонымен б. з. б. V ғасыр обаларына бұрынғысынша тән нәрселер: лақыттардың бұрыштарындағы шұңқырлардың сақталуы, ілуде бір болғанымен, жерден қазылған қабірлер мен жер үстіне салынған жерлеу құрылыстарының қатар қолданылуы, оттың жерлеу салтындағы елеулі рөл атқаруы.

### Материалдық мәдениет

Табылған көптеген және алуан түрлі заттар б. з. б. VII—V ғасырларда Аралдың шығыс өңірін мекендеушілердің материалдық мәдениетінің бейнесін толық сипаттайды. Көптеп табылған заттардың қатарына жапсырылып істелген жергілікті ыдыстар мен құмырашы ұршықшасында жасалған керамика, қола пышақтар, киім әшекейлері мен сәндік бұйымдар, тас құрбандық ыдыстары мен жануыштар, ат әбзелдері мен қару-жарақтар жатады. Ағаш өңделгенде қолданылған, жер өңдеу жұмыстарына және қару ретінде пайдаланылатын қола шапашоттар сирек кездеседі. Басқа сақ тайпаларында мүлде кездеспейтін қола және темір балғалар, айбалта мен қанжардың қызметін қоса атқаратын өте тамаша жасалынған қола бұйымдар да бар.

Керамиканың материалдық мәдениет ерекшеліктерін мейлінше айқын көрсететіні және түрі ұқсас болған жағдайда түрлі аймақтардың металл бұйымдарының, керамикалық түрлерінің ерекшеліктері елеулі болуы мүмкін.

Түгіскен мен Ұйғарақта керамика барлық жерлеу орындарында кездесе берген жоқ. Биік тік мойыны бар және жайпақ түпті, көбінесе жылтыратылған, алмұрт бітімдес ыдыстар керамиканың негізгі түрлері болып табылады<sup>46</sup>. Мұның өзі көңіл аударарлық жай, өйткені савромат ескерткіштерінде алмұрт бітімдес ыдыстар б. з. б. VI ғасырда ғана пайда болады және оларға тән емес<sup>47</sup>. Олардың Орта Азиядан шыққан болуы неғұрлым ықтимал.

Түтікше шүмегі бар ыдыс та ортаазиялық түр болып табылады<sup>48</sup>. Шүмегі түтікше ыдыстар Түгіскен мен Ұйғарақтағы б. з. б. VI ғасырдағы қабірлерден табылды, Қазақстан аумағындағы басқа сақ кешендерінде олар ұшыраспады. Сонымен бірге Оңтүстік Түгіскен мен Ұйғарақта бір не екі тұтқасы бар жапсырма сапты аяқтар, ернеуі ішіне қарай аздап емеурілген, бүйірі шығыңқы тостағандар кездесті — ыдыстардың бұл түрлері Еділ бойы мен Оңтүстік Жайық өңірінің савроматтар дүниесінде, сондай-ақ Қазақстанның ертедегі көшпелілердің жерлеу орындарында жақсы белгілі.

Арал өңірінің жерлеу кешендерінен қару-жарақтар, көбінесе жебе ұштары мен ат әбзелдері табылды. Олар Евразияның алдыңғы сақ заманын-

дағы шығыс аудандарына — Қазақстанға, Сібірге, Алтайға тән. Мұнда да жебе ұштарының басты-басты екі түрі — қысқа сапты және ұнғылы түрі қатар қолданылған. Қысқа мойынды жебе ұшының орнына б. з. б. VI ғасырдың екінші жартысында қанды басы үш қанатты немесе үш қырлы ұнғылы жебе ұшын қолдану басқа аудандарға қарағанда ертерек басталды, мұның өзі бұлардың солтүстік-батыс көршілері — Оңтүстік Жайық өңірінің савроматтарымен байланыстары мен жер жағынан жақындығының арқасында болған еді.

Қорамсақтарда жебелердің сақ мәдениеті өріс алған басқа жерлерде аз тараған ромб тәрізді ұнғылы және қос қалақты қысқа мойын ұштары да кездеседі. Жебелердің қысқа мойындағы ұштарының қанды басын төрт қырлы етіп жасаған түрі де басқа жерлерден әзірге табылған жоқ. Оның есесіне қорамсақты белінің сол жағына, жебелердің ұштарын төмен қаратып салып жүретін классикалық скиф-сақ әдісі басым болған<sup>49</sup>.

Арал өңірі сақтарының жерлеу орындарынан ең көп табылатын заттардың бірі — ат әбзелдері. Ұйғарақтағы қабірлердің жартысынан дерлік жүгеннің қалдықтары — ауыздықтар, айшықтар, әр түрлі қапсырмалар, сондай-ақ тартпалардың айылбастары табылған.

Ұйғарақтағы ат ер-тұрманы — Орталық Қазақстанда, Алтайда, Жетісуда сақ заманында кең тараған ат әбзелдерінің бір нұсқасы<sup>50</sup>. Кейбір ауыздықтардың, айшықтардың түрлері мен оларды жасау әдістерінде, айылбастарында және жүген жиынтығының бірқатар заттарында ғана емес, сонымен қатар сол жиынтықтарға кіретін заттардың өз құрамында да ұқсастық байқалады. Алайда Ұйғарақтағы ер-тұрман ауыздық пен айшықты бірге құйып шығарған ерекше үлгіде болды, Қазақстан аумағының басқа аудандарындағы сақтарда мұндай үлгі болмаған. Сондай-ақ, үш тесікті мүйіз не қола айшықты, үзеңгі түріндегі шығыршықты ауыздықтары бар жүгендер де ерекше үйлесімімен көзге түседі. Ұштары тік-бұрышты жұмыр келген және қосарлы қондырмалы айшықтары бар, бітімі өзгеше ауыздықтардың Арал өңірінен көптеп табылуы бұл ауданның Жетісумен бірге осындай үлгідегі жүген жасайтын орталықтардың бірі болғанын көрсетеді<sup>51</sup>.

Сырдарияның төменгі бойындағы ескерткіштерді савромат-сақтар дүниесімен табылған басқа заттар да, мысалы, тастан жасалған құрбандық ыдыстары, кішкене қыш ыдыстар және темір семсерлер де жақындастырады. Айта кетсек, Ұйғарақта жергілікті жерге бейімдей салынған жыртқыш құстың басы түріндегі «құстұмсық тәрізді» деп аталатын құрбандық ыдыстарының ерекше түрі де кең таралған.

### Аң стиліндегі бұйымдар

Ұйғарақ пен Түгіскеннің жерлеу мүліктерінің ішінде бейнелеу өнерінің көз тартар үлгілері де кездеседі. Бұлар — ер-тұрмандағы, алтын қаптырмалардағы, алтын шеттіктердегі хайуандардың бейнелері. Хайуанаттар бейнелерінің арасында бұғы, киік, жылқы, таутеке, қабан, арыстан, барыс не қабылан, жыртқыш құс, түйе бар. Бұл заттардың жасалу әдістері мен стилі Арал өңірі сақтарының мәдениетін скифтік-сібірлік өнер дүниесіне енгізеді.

Жинақтарда осы өнердің тым ертедегі үлгілерінің, ең алдымен І Петр коллекциясындағы<sup>52</sup> дөңгелене бүктетіліп жатқан барыс не қабылан түріндегі қола қаптырмалардың болуы мәнді.

Құйрығының ұшы мен аяқтары иілген, құлағы айқын көрінбейтін, көзі мен мұрны бір сызық бойында жатқан концентрациялық шеңберлер түріндегі, денесінің бұлшық еті білемделген Ұйғарақ тоғалары — Евразияның ежелгі аң стилінің үлгілері, олардың скиф өнері заттарына ұқсастығы байқалады. Ұйғарақта бейнелеу қағидаларын сақтай отырып, тек өз ерекшеліктерін енгізу ғана байқалады.

Арыстанды бейнелеу Арал маңы сақтарының өңіріндегі тұрақты тақырыптардың бірі болып табылады. Оңтүстік Түгіскеннің № 45 обасындағы б. з. б. VII—VI ғасырларға жататын кешеннен отырған арыстанның бейнесі салынған тартпаның екі тоғасы (дәл сондай тоға Ұйғарақта да бар), басы артына қарай бұрулы отырған арыстандарды ойып салған төрт алтын тілік табылды. Аңның басы арыстанның басына онша ұқсамайды, сірә, шеберге бұл бейне таныс болмаса керек, бірақ стиль әбден ұстамды әрі дәстүрлі. 31-обадан Алдыңғы Азиядағы ежелгі түріне ұқсас түрегеп тұрған арыстан мүсіні бар алтын қаптырма табылды<sup>53</sup>. Арыстанның құйрығы ширатылған, бірақ аяқтары нағыз реалистік тұрғыда берілген, мысық көзді және жалы бар. 53-обадан табылған жүріп келе жатқан арыстандардың мүсіндері осындай үлгіге еліктелінгені анық, бірақ аң мүсінін орналастыруда өзгеріс бар, көздерін дөңгелек дерлік етіп жасаған, жалы жоқ. Ақырында, арыстан бейнеленген тағы бір нұсқа — Түгіскендегі 53-обадан табылған қорамсақтың қарсы ілгек-қапсырмасында тұмсығын аяғының үстіне салып жатқан жыртқыштың бейнесі өте табиғи түрде берілген.

Құйрығының ұшын қайқита иген және аяғының нобайы бар белгісіз бір ірі аңның (жыртқыштың?) мүсінінің бергі жағына өзінің көрнектілігі жөнінен екі бұғы өте тамаша бейнеленген алтынның жалпақ тілігі (Оңтүстік Түгіскен б. з. б. VII ғасыр) Арал өңірі сақтарының бейнелеу өнерінің ертедегі үлгілері қатарына жатады. Бұлардың тұмсықтары, көздерінің бітімі ертедегі Алдыңғы Азия мөрлеріндегі<sup>54</sup> бейнелерге өте мөте ұқсас, бірақ мүйіздерінің салынуы бейнелерді скифтер заманындағы қазақстандық-сібірлік мәдени ортамен жақындастырады<sup>55</sup>. «Тұяғының ұшымен» тұрған бұғының қола мүсіні де осы мәдени ортаға бейімделеді (Ұйғарақ, б. з. б. VI ғ.)<sup>56</sup>.

Көбіне өз ерекшеліктерімен салынған жыртқыш құстың басы түріндегі қаптырмалар көп. Құрбандық шалатын кішкене тас мехраптың өзінше бір үлгідегі бітімі осындай әуенді, бірақ өз ерекшеліктеріне әбден бейімдендіріп бейнелейді<sup>57</sup>.

Аң стиліне кеңінен мәлім әуен — таутеке мен қабанды бейнелеу де Ұйғарақ пен Түгіскеннен кездестірілді. Ұйғарақтағы түйенің басы түрінде жасалған алқада және Түгіскендегі 66-обадан табылған киік мүсіні түріндегі алтын қаптырмада жергілікті сюжеттің бейнеленгені сөзсіз. 53-обадағы арыстандарды бейнелеу тәсілімен жасалған Түгіскен қаптырмалары Қазақстан аумағы мен Минуса ойпатынан табылған, аяқтары бұгулі бұғылардың бейнелеріне өте қатты ұқсайды.

Б. з. б. V ғасырдағы қорғандардан табылған алтын астарлардағы бейнелер Оралдың және Оңтүстік Орал өңірінің савромат дүниесінің өнері-

не жақын. 53-обадан табылған қынның алтын қалақша-астарында бірінің артында бірі «жер бауырлап» жатқан ғажайып екі аң бейнеленген; олардың жоны мысық тұқымдас хайуанға ұқсайды, басы жылқының басы сияқты, ал иығына үш бұрыш түріндегі скифтердің аң стилінде қабылданған геометриялық өрнектер салынған<sup>58</sup>. Түгіскен мен Ұйғарақтың обаларынан табылған барлық өнер заттары Арал өңірі ауданын скифтік-сібірлік аң стилі ареалына әкеліп қосады. Соңғы жылдардағы зерттеулер оның шекараларын шығысқа, тек Қазақстан далаларына ғана емес, Туваға дейін де кеңейтті. Бұл орайда шығыс ескерткіштерінің бәрі аң стилінің пайда болу мерзімін б. з. б. VII—VI ғасырлармен, бірқатар жағдайларда тіпті б. з. б. VII ғасырдың басымен белгілейтіні, оның жекелеген мәдени аймақтарда өзіндік ерекшеліктермен пайда болғаны айқын көрсетіледі. Мысалы, Тува, Алтай, Оңтүстік Сібір және Қазақстан аумағының дені европалық скифтік-сарматтық және Жайық өңіріндегі сарматтық аймақтардан ерекше аймақ құратыны анық. Арал өңірі сақтарының негізінен батыс савроматтық бағдардағы, бірақ азиялық төлтума ерекшеліктері басым аң стиліндегі ескерткіштері әлдебір аралық жағдай секілді сипатта болуы ықтимал, ал Арал өңірі сақтарының өздері аң стилінің ареалы болған ең басты екі аймақтың мәдени жалғастырушылары болуы мүмкін.

Алдыңғы Азиядан шыққан кейбір бейнелеу үлгілері Орта Азия арқылы скифтер заманындағы Алтай мен Оңтүстік Сібір өнеріне үйлесіп, сол арқылы орнығуы мүмкін деген жорамал расталып отыр. Бұл Оңтүстік Орал өңірінің савроматтық ескерткіштеріндегі кейбір бейнелер жөнінде де сондай дәрежеде дұрыс<sup>59</sup>.

### **Арал өңірі сақтарының тарихи даму ерекшеліктері**

Сырдарияның төменгі бойындағы сақ тайпаларының тарихы ең әуелі қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі аймақ тұрғындарының жергілікті этникалық-мәдени ортасынан басталады. Ұйғарақ пен Оңтүстік Түгіскеннің жерлеу құрылыстарының ежелгі беткі қабаттағы құрылыстары, топырақ лақыттардың бағанды құрылымдары, «жер столдар» деп аталатындар, жерлеу салтындағы кең тараған отқа табынушылық секілді өзіне тән белгілері нақ содан, Солтүстік Түгіскеннің кесенелері мен басқа да ескерткіштерінен басталады. Бірақ Арал өңірі сақтарының этникалық-мәдени дамуы жергілікті бағытпен ғана шектеліп қалған жоқ.

Жерлеу ғұрпындағы ерекшеліктер Оңтүстік Жайық өңірі мен Солтүстік-Батыс Қазақстандағы савромат тайпаларының мәдениетімен де көп жағынан ұқсас.

Қола дәуіріндегі Орынбор далалары мен Арал өңірі тұрғындарының арасындағы белсенді байланыстар, андронов мәдениетінің Батыс Қазақстан нұсқасының Орталық Қазақстан немесе Солтүстік Қазақстан нұсқасынан айырмашылығы, қималық компоненттің Жайық өңірі мен Оңтүстік Арал өңірі далаларының қола дәуіріндегі мәдениетінің дамуына қатысуы — осының бәрі Оңтүстік Жайық өңірінің савроматтары мен Оңтүстік Арал өңірі сақтарының мәдениеттерінде ұқсастық болуына себепші болды. Мұнда, сірә, халықтың біріне-бірінің араласуы, жеке-

леген тайпалардың екі жақтың да тайпалық одақтарының құрамына енген болуы мүмкін<sup>60</sup>.

Алайда Арал өңірі сақтарының географиялық жағдайы сақтар дүниесінің батыс шегі болуы мен олардың «батысқа бағдар алуы» олардың мәдениетін басқа да сақ тайпаларының мәдениетінен ерекшелендіретін белгілері әлі де толық айқындалмаған. Арал өңірі даласының тұрғындары Орта Азияның егіншілік оазистерінің тұрғындарымен сонау соңғы қола заманынан-ақ тұрақты қарым-қатынас жасап байланыста болған.

Сырдария сағасының табиғи жағдайлары, сол сияқты б. з. б. VII—VI ғасырлардың өзінде-ақ суармалы егіншілік дамыған Әмударияның төменгі ағысының жері жағынан жақын егінші халқымен мәдени байланыстары да Арал өңірі сақтарының шаруашылығында егіншілік рөлінің артуына және оларда жартылай көшпелі шаруашылықтың дамуына себепші болды. Бір ғажабы, Арал өңірі сақтарының қабірлерінде ат жүгенінің міндетті түрде болуы жағдайында, оларда мал шаруашылығы неғұрлым көшпелі түрдегі тайпалардан мәлім болған малды қоса көму салты іс жүзінде байқалмады. Сақтардың Шірік-Рабат қаласы мен одан солтүстіктегі Бәбіш-Молдаға жақын жерде су жүйесі желісінің болуы<sup>61</sup> мұнда суармалы егіншіліктің де өз тарихы болғанын көрсетеді.

Арал өңірі сақтарының ортаазиялық және алдыңғы азиялық елдермен байланыс жасағаны Ұйғарақтағы жерлеу орындарынан шеттен әкелінген ыдыстардың табылуымен<sup>62</sup>, бейнелеу өнерінде арыстан мен қабылан бейнелерінің пайда болуымен, перуза мен ақықтан жасалған, үнділерден шыққан бау-бақ өрнекті моншақтар сияқты әшекей бұйымдардың табылуымен дәлелденеді.

Сірә, Арал өңірінің сақтары Оңтүстік Жайық өңірінің савроматтарына орта не алдыңғы азиялық мәдениетінің кейбір элементтерінің енуіне едәуір себепші болса керек. Олар, шамасы, Қазақстан-Сібір тобындағы сақ тайпалары жөнінде де осындай қызмет атқарған сияқты.

Сырдарияның төменгі бойындағы ертедегі сақтардың этникалық және мәдени байланыстарының кең өріс алуы, олардың шаруашылығының ерекшелігі, антропологиялық пішінінің кейбір өзіндік ерекшелігі оларды бір тайпа емес, үлкен тайпалық одаққа кірген туыстас бірнеше сақ тайпаларының ерекше тобы деп есептеуге негіз береді.

Сырдария сақтарының мәдениеті б. з. б. I мыңжылдықтың екінші жартысында гүлденген деңгейіне жетті. Бұл кезде, тегінде, Іңкәрдариядан біршама солтүстікке таман тармақталып ағып жатқан Жаңадария негізгі су жолы болса керек. Бұл орайда Іңкәрдария арнасының кей тұстары құрғап, оларда аз уақыт қана, ең алдымен су тасыған кезде ғана сақталған.

Б. з. б. I мыңжылдықтың екінші жартысы — Әмударияның төменгі ағысында Хорезм мемлекетінің қалыптасып, нығайған кезі. Ежелгі егіншілікті оазис пен оның көшпелі шет аймақтарының арасындағы экономикалық және мәдени байланыстар бұл кезде ерекше маңыз алды. Сырдария сақтарының жерінде тек бекіністі ірі қоныстар ғана емес, қалалар да пайда болды. Олардың қатарына, мысалы, Шірік-Рабат қаласы және Жаңадариядағы айналасында жергілікті қоныстар кешені мен дамыған суландыру жүйелері бар, көлемі кішірек бекіністі Бәбіш-Молда қаласы жатады. Осы тектес тағы бір ескерткіш — Іңкәрдариядағы кішігірім бекіністі Баланды қалашығы<sup>63</sup>. Оларға жақын маңда зәулім

жерлеу құрылыстары бар, оларда жергілікті ақсүйектер жерленген және алуан түрлі жерлеу мүліктері қойылған.

Аты аталған қалалардың жоспарлануында және әскери-инженерлік құрылыстарында, архитектуралық-құрылыстық тәсілдерінде Хорезм оазисінің неғұрлым кемелді мәдениетінің әсері әжептеуір анық байқалады. Хорезмнің сақтар мәдениетіне ықпалы керамикалық өндіріс саласында да көрінеді.

Солай болғанмен де, жергілікті дәстүр де одан әрі байқалады, ол әсіресе жерлеу құрылыстарының құрылымы мен жоспарлануында анық көрінеді. Ол былай тұрсын, соңғылардың айқаспа төрт бөлімге бөлінген шеңбер тұрғысындағы жоспарлау принципіне ұқсас құрылыстар Хорезмнен кездеседі. Сірә, бұл жерде біз сақтардың өз көршілерінің мәдениетіне аз ықпалын тигізгенін де көреміз.

Қалаларды, қоныстар мен қорымдарды ескерткішке қалдырған Арал өңірінің сақ тайпалары, сірә, мүлік теңсіздігін білген болса керек, бірақ алғашқы қауымдық құрылыстың сарқыншақтары әлі де толық жойылмады. Бұл мал шаруашылығымен де, су жүйесі бар егіншілікпен және әр түрлі үй кәсіптерімен де айналысатын тайпалардың әскери одағы болатын.

### **3. ЕРТЕДЕГІ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН**

#### **Жалпы сипаттама**

Ертедегі темір дәуірі ескерткішінің едәуір бөлігі Шығыс Қазақстанның ең басты су артериясы – Ертіс өзенінің аңғарларына орналасқан. Оның сол жақ жағалауындағы обалы қорымдар Қалба жотасының солтүстік және оңтүстік баурайына шоғырланған, ал онан әрі оңтүстік-батысқа Шыңғыстауға және Тарбағатайдың батыс аудандарына дейін созылады. Өлкенің оңтүстігінде олар Зайсан ойдымында тараған. Шығыстағы таулы аудандарда обалар Нарым, Бұқтырма өзендерінің жағалауларына және Бұқтырманың көптеген салаларына тарай орналасады да, Таулы Алтай аудандарының ескерткіштерімен ұштасып жатады.

«Патша» обалары деп аталатын ең үлкен обалар Зайсан ойдымының Шілікті аңғарында және Оңтүстік Алтай тауларында Бұқтырма өзенінің жағалауында шоғырланған. Шығыс Қазақстанның тастары мол таулы аудандарында обалардың көбінің тас үйінділері бар (Берел, Катон, Күрті, Майәмір). Жоғарғы Ертіс өңірі аңғарларында обалар малта тас араласқан топырақтан үйілген, ал жерлеу құрылыстарына әрқашан дерлік, кейде алыстан әкелінген тас пайдаланылған (Құлажорға, Баты, Шілікті, Усть-Бұқтарма). Ортаңғы Ертістің Құлынды даласына іргелес жазық аудандарында обалар топырақтан үйілген (Жолқұдық, Чернореченск, Ертіс, Боброво, Леонтьевка).

Шығыс Қазақстанның пайдалы қазбалары қола дәуірінде ғана емес, ертедегі темір ғасырында да игерілген. Кенді Алтайдың полиметалл белдеуінде 850-ге жуық кеніштер мен кен орындары бар. Олардың көпшілігі кезінде ертедегі, «керемет» кен орындарының іздері бойынша ашылған. Оларда мыс, қалайы, алтын өндірілген<sup>65</sup>. Мұнда металлургия мен мал шаруашылығы ежелгі кәсіпшіліктің жетекші салалары болды.

Шығыс Қазақстанның ежелгі халқы б. з. б. VII—IV ғасырларда Қазақстан аумағын мекен еткен көптеген тайпаларды біріктірген сақ тайпалары одағына кірді. Орталық Қазақстанның және Жетісудың туыстас тайпаларымен материалдық мәдениеті жағынан көптеген ұқсастықтары болғанымен, олар этникалық жағынан біртектес емес еді. Шығыс аудандардағы таулы жерлерді мекендеушілер көршілес алтай тайпаларының этникалық-мәдени ықпалын қабылдады.

Зайсан ойдымының далалық аудандарының ескерткіштері Жетісу ескерткіштеріне неғұрлым жақын болды, бұл археологиялық деректерден басқа палеантропологиялық материалдармен де дәлелденеді<sup>66</sup>. Солтүстік Қазақстан мәдениетімен тығыз байланыста болған павлодарлық Ертіс өңірі тұрғындарының мәдениеті Батыс Сібірдің орманды дала мәдениетіне, атап айтқанда, саргат мәдениеті деп аталатын көшпелі угор тайпаларының мәдениетіне бейім болды.

Шығыс Қазақстан аумағын мекендеген тайпалардың өздерін қалай атағаны бізге дейін жеткен жоқ және бұл мәселе осы кезге дейін шешілмей қалып отыр. Тарихи әдебиетте Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстанның таулы белдеуіне көбіне аты аңызға айналған аримаспылар тайпаларын орналастырады. Мұндай оқшаулауға антик авторларының аримаспылар жерінде ірі-ірі алтын кеніштері бар деген деректері негізге алынады, ал бұл кеніштер дегенде Степняк қаласының маңайы мен Қалба жотасындағы ертедегі алтын өндіру орталықтары айтылған деп болжанады.

Шығыс Қазақстанның оңтүстік, далалық аудандары сақтардың есімдерімен байланыстырылады. Шығыс Қазақстан тұрғындарының этникалық айырмашылықтарын әсірелемеу керек. Сірә, бұлар жақын туыс тайпалар тобы болған. Ғылымда олардың материалдық мәдениетінің ең басты үш кезеңі бөліп көрсетіледі, олар: б. з. б. VII—VI ғасырлардағы майәмір, V—IV ғасырлардағы берел, III—I ғасырлардағы күлажорға кезеңдері.

### **Майәмір кезеңі (б. з. б. VII—VI ғғ.)**

Майәмір кезеңі Нарым өзенінің жоғарғы ағысындағы Майәмір даласындағы обалы қорымның аты бойынша белгіленген<sup>67</sup>.

Таулы Алтайдың қарапайым майәмір обаларының көбінесе іргесін белдеулей қоршаған аласа тас үйінділері болды. Қабір лақыттары тікбұрышты етіп қазылды, олардың қабырғалары ағашпен шегенделді және бір қабат бөренелермен жабылды.

Майәмір ескерткіштерінен жиегі шығыңқы және дөңгелегінің ортасында тұзағы бар қола айналардың, сыртқы ілмешектері өте кішкене үзеңгі тәріздес қола ауыздығы бар жүгендердің ертеректегі түрлерінің, үш тесікті немесе ортаңғы тесігінің орнына ілмешегі бар айшықтардың өте мол жиынтығы табылды. Майәмір заманының қолданбалы өнеріне көбінесе атылғалы тұрған жыртқыштың, жүріп келе жатқан немесе жүруге ыңғайланған жануарлардың бейнесі тән.

Жерлеу ғұрпы мен зат кешенінің біршама тұрақтылығы Шығыс Қазақстанда б. з. б. VII—VI ғасырларда-ақ ертедегі темір заманы мәдениетінің негізі қалыптасқанын көрсетеді.

Бұқтырма өзенінің жоғарғы ағысында Күртінің салаларынан неғұрлым ертедегі ескерткіштер табылды. Олар жер бетінен шығыңқы, үлкен қойта-



стардан қаланған шеңберлер түрінде көрінеді<sup>68</sup>. Шеңбердің ішіндегі онша терең емес шұңқырды көмкере ірі тастарды қаз-қатар сопақша етіп қаластырған. Осындай екі қаламаға адамдар басы солтүстік-батысқа қаратылып, сол жақ қырынан бүктетіле жатқызылып жерленген. Жерлеу ғұрпы бойынша Күрті ескерткіштері шалқасынан жатқызып, аяқ-қолын созып жерлейтін майәмір салтынан өзгеше болып келеді.

Қабірлерді сопақша етіп ірі тастармен қоршап қалау да майәмір салтына тән емес. Күрті қорымындағы бүктетілдіріп жерлеу дәстүрі — ертеректегі андронов мәдениетінің қалдығы. Өліктің аяқ жағына тастан арнайы салынған жанама құрылыс ішіне атты жерлеу де айырмашылықты айқын аңғартады. Аттың жақ сүйектерінің екі жағынан «ауыздықтаулы» күйінде ертеректегі жобамен жасалған екі мүйіз айшық табылды. Металдан жасалған ауыздықтардың болмауы Күрті молаларын ертедегі мал өсірушілердің тұрмысында қайыс ауыздықты, «ауыздықсыз» деп аталатын жүгендердің болған заманына қатысты деуге мүмкіндік береді. Осы сияқты ескерткіштер б. з. б. IX—VIII ғасырларға, майәмір ескерткіштерінің алдындағы Қазақстанның ежелгі көшпелілер мәдениетінің өте ертеректегі кезеңіне жатады. Мұндай ескерткіш түрлері Шығыс Қазақстанның далалық аудандарынан да табылған<sup>69</sup>.

Жаугершілікте мінілген ат пен иесін жеке-жеке жерлеу ғұрпы ертедегі мал өсірушілер тарихының тек өте ежелгі кезеңіне ғана тән, кейінірек ол кездеспейді. Майәмір кезеңінің аяқ кезінде ғана алғаш рет жалпы лақытқа иесін атымен қоса жерлеу пайда болады.

### Шілікті обасы

Шығыс Қазақстанның далалық бөлігінің тамаша ескерткіші Шілікті<sup>70</sup> обасы болып табылады, ол 51 үйіндіден тұратын үлкен қорымның құрамына кіреді. Басқа жерлердегі сияқты, мұнда да ұсақ обалар жоқ. Қорымның үйілген топырағының диаметрі 100 метрге, биіктігі 8—10 метрге дейін жетеді. Бұл — жүздеген жылдар бойы кісі жерленген, тайпалар мен ру көсемдерінің үлкен зираты.

Обаны қазу жұмыстары оның құрылымын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Жердің бетінен аумағы 58 шаршы метрдей, тереңдігі 1 метрдей шұңқыр қазылған. Оның ішіне балқарағайдың жуан бөренелерінен шаршы қима жасалған, бөліктерінің қабырғалары екі, ал төбесі бір қатар бөренелерден тұрады; бөренелер жылжып кетпес үшін шұңқырдың қабырғалары мен ағаш құрылыс арасына уатылған тас толтырылған. Қиманың бұрыштары бөренелердің бір-біріне тиер жерінде күйдіріліпті. Ағаш моланың ішінде, батыс жақ қабырғасы жанында, жоңылған қалың тақтай еденде 40—50 жастағы еркек пен 50—60 жастағы әйел және олардың жанына қойылған заттар жатты. Өліктерді қабірге шығыс жағынан жалғасқан дәліз-дромос арқылы кіргізген. Жерлеп болғаннан кейін дромос бөренелермен жабылып, бүкіл құрылыс уатылған ірі тастармен көмілген. Содан кейін тығыз сары түсті балшықтан үйінді тұрғызылып, оның үстіне майда малта тас араласқан топырақ үйілген. Алғашқы түрінде обаның диаметрі 45 м, биіктігі шамамен 10 м үйінді болған. Кейін бірте-бірте шөгіп, қазатын кезде оның диаметрі 66 м, ал биіктігі 6 м болды.

Шілікті обасы өз кезеңі үшін күрделі архитектуралық құрылыс болды

және оны тұрғызуға көптеген адамдардың еңбегі пайдаланылған. Обаға қажетті тас одан 15 шақырым жердегі ең жақын деген таулардан, ал бөрелер аңғардың шығыс жағындағы 40 шақырым жердегі қарағайлы орманнан тасып әкелінген. Басқа да көптеген «патша» обалары сияқты, Шілікті мола-сы да көне заманда-ақ, шамасы, жерленгеннен кейін 50 жылдан соң тона-лған. Тонаушылар обаны ортасынан үнгіп қазған, қима төбесінің оңтүстік-батыс бұрышынан шығып, төбені тескен де, осылайша қабірдің ішіне кірген.

Тоналғанына қарамастан, обада өте бағалы заттар: ертеректегі жебелердің ассиметриялы-ромб түріндегі деп аталатын ұңғылы қола ұштарының он үші салынған былғары қорамсақтың қалдығы, темір заттың сынығы және ерте-дегі қолданбалы өнердің 524 алтын бұйымынан тұратын жарқын үлгілері сақталған. Олардың арасында қорамсақтарды сәндеген, аяқтары бүгулі бұғы түріндегі қаптырмалар (14 дана), басы бұрулы бүркіттердің (9 дана), шиыр-шықтала бүктетілген қабыланның (29 дана) бедерлі мүсіндері, жұқа қаны-лтырдан қиып жасалған қабандардың мүсіндері (12 дана), балық бейнесі, перуза тас өткермеленіп, майда домалақ алтын түйіршіктермен әшекейле-нген, қанаттары жаюлы құс түріндегі қаптырма және басқа неғұрлым ұсақ зергерлік әшекейлер бар.

Шілікті обасы б. з. б. VII—VI ғасырлар аралығына жатқызылады. Бұл Қазақстанның солтүстік далалық өңіріндегі ең ертедегі «патшалық» оба және Евразия аймағындағы сондай обалардың бірі. Мұнда Евразия далаларын-дағы мал өсіруші тайпалардың қолданбалы өнері айқын көрсетілген. Шілікті обасындағы аң стиліндегі бірқатар көркем туындылар (аяқтары бүгулі бұғы, шиыршақтала бүктетілген қабылан, басы бұрулы бүркіттер) сақ-скиф дүни-есі өнерінің алғашқы үлгілеріне жатады.

### **Берел кезеңі (б. з. б. V—IV ғғ.)**

Берел кезеңінде Шығыс Қазақстанның ежелгі мал өсірушілерінің мәде-ниеті бұдан да айқындалып, кемелдене түседі. Таулы аудандарда обалардың таспен нобайланған, жер шұңқырда ағаш қимасы бар және аттар көмілген бұрыннан белгілі тұрақты түрі таралады.

Ескерткіштердің бұл түрі Шығыс Алтайдың кеңінен мәлім Пазырық обаларынан ерекше айқын көрінеді. Олар Таулы Алтайдың басқа жерлерін-де де, соның ішінде Шығыс Қазақстан аумағында да тараған. Олардың ішінде ең маңыздысы Берел қорымы болып табылады; мұның атымен шартты түрде тұтас бір тарихи кезең аталған.

Үлкен Берел обасы үстірттің шетінен көтеріліп, Бұқтырма жайылмасы үстінде асқақтап тұр. Оның үйіндісін тұрғызуға кемінде 1000 м<sup>3</sup> шамасында ірі тас қажет болғандығы есептеліп шығарылған. Тас үйіндісінің биіктігі 5 м және диаметрі 30 метр; бірақ оның бастапқы диаметрі 20 м болып, биіктігі 9 метрге жеткен. Лақыт жерден барынша тереңдете қазылған: оңтүстік жартысы 7 метрге, ал солтүстік жартысы 5,5—5,7 метрге дейін жетеді.

Шұңқырдың оңтүстік жағының қабырғасы тақтаймен тіреле қапталған. Шұңқырдың бұрыш-бұрышына ағаш бөрелелерден салынып, қайың қабығы-мен жабылған ауыр төбесін ұстап тұру үшін жалпақ тастардан тіреуіш-бағ-андар тұрғызылған. Лақыттың еденінде қарағайдың жуан (диаметрі бір метр-ден астам) діңгегінен қақ жарып, қашап жасалған астау-саркофаг жатыр. Саркофагтың сырты қайың қабығымен қапталған, ал астаудың қақпағы қана-

ттары жазулы ғажайып құстардың төрт қола мүсіншелері салынып безендірілген.

Шұңқырдың солтүстік жартысында жерлеу үшін өлтірілген он алты аттың сүйектері жатыр. Он жетіншісі астау-саркофагтың жанында. Өлтірілген аттар қабық төсеніш үстіне белгілі бір тәртіппен — әр қатарға төрт аттан төрт қатар етіп орналастырылған да, үстінен бірнеше қабат жалпақ қабықтармен жабылған. Аттардың үстерінде әр түрлі қабықтармен әшекейлеген ер-тұрман қалдықтары мен темір ауыздықтары және жапырақша алтынмен қапталған мүсінді ағаш қаптармалары бар қайыс жүгендер сақталған.

Үлкен Берел обасының ағаштан, алтыннан және қайың қабығынан жасалған көптеген әшекейлерінің арасында заттардың негізгі екі түрі: бейнелей салынған аңдардың немесе олардың дене мүшелерінің мүсіндері (мысық тұқымдас жыртқыштар, таутекелер, арқарлар, бұлан, зооморфтық бейнелер) мен геометриялық және өсімдік өрнектерімен безендірілген бұйымдар ерекше көрінеді.

Үлкен Берел обасына, шамасы, тайпа көсемі немесе ру ақсақалы жерленген болуы керек. Оның моласы байлығымен және салтанаттылығымен ерекшеленеді, бірақ жерлеу ғұрпының қауымның көптеген қатардағы мүшелерін жерлеу салтынан айырмашылығы жоқ.

Қарапайым жерлеу құрылыстары өздерінің көсемдерінің молаларын кішірейтілген түрде қайталайды. Олардың ішінде ағаш астау-саркофаг болған жоқ, орнына 3—4 қатар бөренелерден қаланған аласа қима ғана болды. Көптеген дағдылы қабірлерде солтүстік жағындағы биіктеу басқыштарға аттарды көму ғұрпы да сақталған. Мысалы, сол Берел қорымының 2-обасында бес ат, ал үшінші обасында — үш ат көмілген. Иелерін аттарымен қосып жерлеу Шығыс Қазақстанның басқа таулы аудандарында да белгілі.

Мұнда б. з. б. V—IV ғасырларда Ертіс бойы мен Зайсан ойдымындағы далалық көршілерінен әжептеуір өзгеше этникалық тайпалар тобы қалыптасты. Бұқтырманың жоғарғы бойының ескерткіштері — ареалы Алтай және Тува аумақтарын қамтыған, пазырық үлгісіндегі мәдениеттің етене бөлігі.

Шығыс Қазақстанның таулы аудандарының ежелгі тұрғындары көп уақытқа дейін берелдік жерлеу ғұрпының дәстүрлерін сақтап келді. Шамамен б. з. б. III ғасырдың басында бір жерлерде атты қоса көмудің тоқтатылғанын айтпағанда, қалған салттар біздің заманымыздың шегіне дейін жеткен болуы керек.

Берел кезеңінің мәдениеті ерекшеліктерінің бірі — жайпақ түпті қышыдыстың таралуы. Ол негізінен екі түрлі: мойны қусырылып жасалған және кейде тік болып келетін құмыралар мен жатаған көзелер. Кейбір ыдыстар кертілген жапсырмалы белдіктермен, таға тәрізді білікпен көмкерілген, тесіктермен әшекейленген. Құмыралардың бірінде қоңыр минералды бояумен ангобтың үстіне салынған көркем сурет бар, кейбір ыдыстар ашыққызыл түске боялған.

Ертіс пен Зайсан көлі жағалауының ежелгі тұрғындарының жерлеу ғұрпы басқаша болды. Мұнда оба үйінділері малта тас араласқан топырақтан тұрғызылды, қабірлерде аттар көмілмеген және ағаш қималар жоқ. Усть-Буконь мен Усть-Бұқтырмада ағашпен жапқан төбені ұстап тұру үшін жер шұңқырлардың екі жағы кертпеш жар етіп қазылған.

V—IV ғасырларға тән заттар — құрсауының шетінде сабы бар немесе сырт жағында кішкене ілмесі бар шағын қола айналар. Қола қанжарлар азайып,

олардың орнына темір қанжарлар шығады. Қанжарлар сабының ұшы түзу не сынған қайрақ түрінде болып келеді, олар грифондардың қарама-қарсы тұрған бастарымен безендіріледі, ал олардың сабы канат немесе көбелек тәрізді болып жасалады. Соғыс жебелерінің ұштары бұрынғыша қоладан құйылып жасалынады және олардың тұрақты екі түрі: қысқа сапты үш қал-ақты немесе қанды басы қырланып, төмен қарай созыла кертілген ұңғылы болды.

Ағаш пен сүйектен, алтын мен қоладан, былғарыдан, аң терісінен және киізден жасалған қолданбалы өнер ескерткіштері өте көркем. Орталық сюжетінің бағыты аңдар шайқасы, жануарлардың серпінді бейнелері бола бастаған «аң» стиліндегі өнер гүлденген шағына жетеді.

Берел кезеңінің аяқ кезіне таман барлық жерде қоланы темір ығыстырып шығарады. Қола ауыздықтарының орнына шығыршықты темір ауыздықтар шығады; қысқа ақинақ-семсерлер мен пышақтар да темірден жасалады.

### Құлажорға кезеңі (б. з. б. III—I ғғ.)

Б. з. б. III ғасырға таман Шығыс Қазақстанның археологиялық ескерткіштерінің түрлері мен құрылымы өз сипатын өзгертті. Тарбағатай мен Ертістің жоғарғы бойы аралығындағы далаларда құлажорғалық үлгідегі деп аталатын жерлеу құрылыстары таралады.

Тас жәшіктер қырынан көміліп, үстін тақта тастармен жапқан төрт және одан да көбірек қашалмаған көлемді тақта тастардан құрастырылған. Өліктерді шалқасынан, созылған күйінде, басын батысқа не шығысқа қаратып жерлеген. Тек бірнеше жағдайларда ғана оң жақ қырынан бүрістіріп жерленгендер кездесті.

Құлажорға үлгісіндегі ескерткіштердің заттары кешенінің арасында ең көбі қыш ыдыстар болды. Қыш ыдыстар аласа жұмыр мойынды жатаған құмыралар, кіреңке тәрізді көзелер, ілмек сияқты сабы бар дөңгелек түпті, бүйірлі және аласа текшелер түрінде болып келеді. Жетісуда таралған қола қазандарына ұқсайтын тік және көлденең құлақтары бар қыш қазандарының едәуір сирек түрлері де кездесті. Тікбұрышты астауша, тік және кесе сияқты, кейде тұтқасы болатын тостағандар түріндегі ағаш ыдыстар Жетісу мен Солтүстік Қырғызстан ыдыстарына жақын. Ағаш ыдыстарының сыртын көбінесе қызыл бояумен бояған. Қыш көзелер де көбіне осындай бояумен боялады (Құлажорға, Баты, Катон, Зевакино). Негізінен құмыралар мен көзелердің түрлері Шығыс Қазақстан мал өсірушілерінің мәдениеті үшін дәстүрлі болып табылады, ал олардың шығу тегі пазырық үлгісіндегі ескерткіштерден айқын көрінеді, ал басқа біреулері, мысалы, текшелер Қазақстанның оңтүстік-шығысынан алынғаны айқын аңғарылады.

Құлажорға мәдениетін жасаушылар Жетісудың ежелгі тұрғындарына туыстас жергілікті этникалық топ болған. Этникалық-мәдени байланыстары бірнеше бағыттардан: қыш және ағаш ыдыстардың түрлерінен басқа, тізбектеле орналасқан молалар топографиясының ұқсастығынан, үйінділердің құрылымы мен бейнесінен, жерленгендегі ендікке бағдарлануынан, молаға қой етінің мүшесін (көбінесе, жамбас жағын) қою салтынан байқалады.

Ақырында, жерленгендердің сүйектеріне талдау жасаудың көрсетіп оты-

рғанындай, Шығыс Қазақстан далалары мен Жетісу тұрғындарының антропологиялық тұрпаты да ұқсас. Оның негізі аздаған монголоидтік қоспасы бар европеоидтік тұрпатта болды, ортаазиялық өзенаралық түрге ауысатын андроновтық түрдің белгілері басым келеді<sup>71</sup>. Қола бұйымдарының құрамынан да ғажайып ұқсастық анықталып отыр.

Қазақстан аумағының шығысы мен оңтүстік-шығысының этникалық және мәдени жағынан жақын болуына саяси жағдай да себепші болды. Б. з. б. IV—III ғасырларда Жетісуда мемлекеттіліктің қалыптасу және көршілес аумақтарға, атап айтқанда, солтүстік-шығысқа ықпалдың таралу үрдісі жүріп жатты.

Ғұндардың (гундардың) мемлекеттік бірлестігі сол кезде өзара қырқысулар мен халық көтерілістерінен әлсіреген Қытай империясымен күрес жүгізеді. Ғұн одағының ықпал өрісі орасан зор аумақты — Байкалдан Енисейдің жоғарғы бойына дейінгі аралықты және Шығыс Түркістанды қамтыды. Ірі саяси оқиғалар қытай деректемелерінде көрініс таппай қалған жоқ, оларда Орталық Азияның көптеген тайпаларының орналасуы туралы мәліметтер пайда болады. Мәселен, б. з. б. II—I ғасырлардағы саяси жағдайды бейнелейтін ертедегі тарихи карталардың бірінде (Дзинь-Дань-Хуан-юй, 1-шығарылым, 1-карта) Тарбағатай мен Ертістің жоғарғы ағысына у-ге (у-цзе) тайпасы орналастырылған. Оның орналасу ареалы Құлажорға үлгісіндегі ескерткіштер тараған аумаққа сәйкес келеді. У-ге б. з. б. III—I ғасырлардағы Шығыс Қазақстанның далалық бөлігінің халқы болуы да мүмкін.

#### 4. ЕРТЕДЕГІ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**Обалар мен қоныстар хронологиясы.** Солтүстік Қазақстанның ертедегі темір дәуірі ескерткіштерінің хронологиялық негізіне заттай құрал-саймандарға — металл бұйымдарға, ең алдымен қару-жарак, еңбек құралдарына, сондай-ақ керамикаға салыстырмалы-типологиялық талдау жасау нәтижелері алынған. Қоныс ескерткіштерінің хронологиялық айқындамалары мен мәдени керек-жарактарының ең басты өлшемі керамика болып табылады. Солтүстік Қазақстанның төрт қонысынан алынған ыдысты статистикалық жағынан өңдеу оның мерзімін анықтауға және оған салыстырмалы талдау жасауға сенімді негіз берді.

Сақтар заманының алғашқы кезеңі (б. з. б. VIII—VII ғғ.) обаларының негізгі тобы жебе ұштарының жиынтығы бойынша ерекшеленеді. Мәдени топтастыру кестесін жасау кезінде жаратылыстану ғылымдарын тарта отырып, салыстырмалы-типологиялық талдау жасау жолымен б. з. б. VII ғасырда болған мәдени үлгілерді бір ғасырға дейінгі дәлдікпен анықтау мүмкін болды.

Оларды негізге алып, обаларды уақыты жөнінен бөлуге болады. Жебелердің ұштары бойынша ең ертедегі обалар қатарына екі оба жатқызылады, олар: Бірлік-2, 5-оба; Бірлік, 1-оба. Біріншісінің мерзімі қос қалақшасы бар ұңғылы және қысқа үш қалақшалы, үш қырлы алты жебе ұшының болуымен белгіленеді. Б. з. б. VII ғасырдың өзінде-ақ басы мен жүзі біршама өзгеше түрде болған екі қалақшасы бар ұңғылы ұштардың ежелден келе жатқанына баса назар аударылды<sup>72</sup>.

Қоладан жасалған қысқа жебе ұштары Қазақстанда қола дәуірінен белгілі болатын, сондықтан олардың мерзімінің ертедегі деп көрсетілуі күмән туғызбауға тиіс. Обадан соңғы қола кезіне тән ыдыстар табылды. Табылған екінші жебенің уақыты дөңгелек ұзын нысанда сүйектен жасалған төрт бұрышты ұңғылы ұштармен анықталады. Бұл жебе ұштары табылған құрал-саймандардың өзге заттарымен ұштастырылғанда олар скифтерден бұрынғы уақытқа тән кешенді құрайды. Бұған ұқсастары Солтүстік Қара теңіз өңірінің киммерийлер молалары мен Аржан обасының материалдарынан белгілі<sup>73</sup>.

Б. з. б. VII ғасырға жататын төрт қорған мыналар: Алыпқаш, 1, 13-обалар; Покровка, 1-оба; Бектеңіз, 3-оба. Алыпқаштағы 13-обаның жиынтығы жарқын, анықтығымен ерекшеленеді. Ол жебе ұштарының алты түрінен тұрады, б. з. б. VII ғасыр үшін олардың ұштасуы тұрақты болып табылады.

Жебе ұштарының типологиясы алдыңғы сақ заманының әскери қабірілерінің жарқын кешендерін ашып көрсетті. Олардың жерлеу құрал-саймандарына жебе ұштарымен бірге хронологиялық көрсеткіш бола алатын пышақтар жатады. Бұлар — бір жүзі бар, алқымы шеңберлі немесе сабы қомакты, ұшы өткір жалпақ пышақтар. Олардың түрлері Қазақстан мен Орта Азияның аумағында қола дәуірінен белгілі<sup>74</sup>. Төрт қырлы шүйдесі бар, ұңғылы, жалпақ уатқышты қола қалып қызықты олжа болып табылады. Қарудың мұндай түрінің мерзімі сақтар заманының алғашқы кезеңіне сәйкес келеді<sup>75</sup>.

Бұл кезеңге тән сақ обаларының шеңбері оған ернеуі және сыртында ілмешегі бар дөңгелек қола айнадан тұратын кешендердің енгізілуі есебінен кеңейе түседі. Қазақстанның бес кешенінде айналар ертедегі үлгідегі жүген жиынтығымен бірге табылды. Бұл — тікбұрышты үзеңгі мен тіреуішке қоса, тесіктері екі қатар жасалған өзекше тәрізді орамы бар қола ауыздық. Ауыздықтың көне заманға жататындығын айқын көрсететін белгі өзекшелеріндегі шығыңқы, «езуіне» құйып жасалған «ойық» түріндегі өрнек болып табылады. Солтүстік Кавказ кешені бойынша мұндай өрнегі бар ауыздықтар б. з. б. VIII—VII ғасырлардан кейін таралған жоқ<sup>76</sup>.

Бұл кезеңге үш қоныс жатады. Қарлыға-1 және Бөркі-2 қоныстарының заттай құрал-саймандарының арасында қоныс мерзімін дәл анықтайтын бұйымдар кездеспеді. Керамикалық кешеннің орманды-дала өңірі ескерткіштерінде ұқсастары бар. Қоныстардың уақытын анықтау үшін біз жанама сипаттағы мәліметтерге жүгінуге мәжбүр болдық.

Керамикалық кешендері бойынша Қарлыға-1 және Бөркі-2 қоныстары бәйіт мәдениеті ескерткіштерінің тобына жатады. Оның аумағы Тобыл-Есіл өзендерінің аралығындағы орманды-дала өңірін қамтиды. Бәйіт мәдениетінің хронологиялық шеңбері (б. з. б. VIII—V ғғ.) салыстырмалы мерзіммен белгіленген. Төменгі шегі (б. з. б. VIII—VII ғғ.) соңғы қола дәуірінің Тобыл өңіріндегі қоныстары тұрғын жайларының ойпатындағы бәйіт және крест керамикасының бірге жату фактілерімен көрсетілген<sup>77</sup>.

Солтүстік Қазақстанның дала бөлігіндегі ертедегі темір ғасырының басындағы тарихи жағдайды Кеңөткел-10 қонысының материалдары көрсетеді. Ескерткіштер жиынтығын құрайтындар: қола пышақтар, біздер, түйреуіштер, сүйек бұйымдардың фрагменттері, алуан түрлі тас құралдар (келсаптар, үккіш тақталар, ұсақтағыштар, ұнтағыштар, қайрақтар). Зат кешені құрамының сипаты қонысты қола дәуірінің ескерткіштерімен жақындатады.

Қола пышақтар алқымы сақина сияқты және сабы айқын аңғарылмайтын жалпақша екі түрлі болып келеді. Солтүстік Қазақстан материалдарына қарағанда, олардың көп таралған уақыты — б. з. б. VIII—VII ғғ. Қоныстан Батыс Сібір үлгісіндегі қола дәуір кельттерінің өрнектеріне ұқсас ойыш жасалған сызықтармен әшекейлеген сүйек кетпеннің фрагменті табылды.

Кеңөткел-10 қонысының маусымдық тұрақ емес, ұсталық өнердің едәуір тұрақты орталығы болуы әбден ықтимал. Мұны жанама түрде болса да күлдің тығыз, қалыңдығы 0,6—0,8 метрге дейін жететін қалың қабаты және қола бұйымдардың табылуы дәлелдейді. Тас құрал-саймандардан табылғандары: қайрақтар, тасмола мәдениетінің обаларына тән тастан жасалған құрбан шалатын орындардың фрагменттері.

Сонымен, Кеңөткел-10 қонысы Қазақстанның далалық өңірінде табылған сақ дәуірі қоныстарының алғашқысы болып табылады. Ескерткіш материалдарына алдыңғы дәуір кешендерінің де, одан кейінгі уақыт кешендерінің де ұқсастары бар. Кеңөткел керамикасынан көрінген өрнек дәстүрі едәуір өміршен болып шықты. Б. з. б. IV—II ғасырлар ыдыстарының өрнегін әр түрлі ойыстыру, шұқыршалар, қыстыру сипаттайды.

Жерлеу ескерткіштерінің келесі хронологиялық тобы б. з. б. VI—V ғасырларға жатады. Оның өзегі қабірлерде екі қалақшалы, ұңғылы бірлі-жарым даналарын сақтай отырып, үш қалақшалы және үш қырлы ұңғылы жебе ұштары бар обалардан тұрады. Бұл қабірлердің құрал-саймандарынан — алқымы бар пышақтар, металл қоспасынан жасалған көбелек тәрізді ойығы мен мүйіз тәрізді алқымы бар темір қанжар табылды<sup>78</sup>. Олардың бірінен (Алыпқаш, 2-оба) қола жапсырмалы белдік кездестірілді, оған ұқсас белдіктердің Орталық Қазақстандағы Тасмола обаларынан<sup>79</sup>, Алтай мен Тува обаларынан<sup>80</sup> табылғаны мәлім. Бұл заттардың тобы мерзімін б. з. б. VI—V ғғ. деп белгілеуге сенімді негіз береді. Бір топ обалар бүйірлерінде тұтқалары бар қола айналардың болуына қарай сол хронологиялық кезеңге жатқызылды. Жалпы алғанда, айналардың бұл түрінің мерзімі б. з. б. VII—IV ғғ. деп белгіленеді. Алайда олардың арасында неғұрлым ертедегі үлгілері де бар. Олардың басым көпшілігі б. з. б. VI—V ғасырлардағы обалардан кездестірілді (Сарғара, 1-оба; Бектеңіз, 5-оба; Ақшиат, 2-оба).

Б. з. б. V—IV ғасырлардағы обалар тобы қару-жарак жөнінен айқын ерекшеленеді (Бірлік, 6-оба; Бағанаты, 1-оба; Амангелді, 14-оба, 2-қабір; Өрнек, 2-оба). Олардың мерзімін белгілеу негізіне темір қанжарлар, ат әбзелдері, жебелердің ұштары алынды. Өрнек атырабындағы 2-обада темір қанжар мен пышақтың сол кезең үшін көне үлгілері жеткілікті мөлшерде бар. Ұшы қайрақ тас сияқты және бұрышы морт сынған тар алқымды қанжар ертедегі сарматтардың кем дегенде б. з. б. IV ғасырда таралған қаруының өтпелі түрлеріне жатады. Жебелердің темірден жасалған қысқа ұштары да сол кезеңге жатады.

Б. з. б. III ғасырда жебелердің ұштарын қоладан жасау аяқталады. Қола және темір кешендерінің арасында қоладан, темірден, сүйектен жасалған жебе ұштары түрлі мөлшерде болатын кешендер де бар. Мерзімін белгілеуге жебенің ұңғылы қола ұштары пайдаланылды<sup>81</sup>. Бөркі-1 зиратынан табылған жебелердің темірден жасалған қысқа ұштарының уақыты сармат жебелерінің типологиясы бойынша белгіленді<sup>82</sup>.

Керамикаға типологиялық талдау жасау б. з. б. IV—II ғасырларда көп таралған үлгілерді анықтап берді. Бұл — ең алдымен түбі дөңгелек керамика.

Екі қоныс — Бөркі-1 және Ақтау қоныстары б. з. б. IV—II ғасырларға жатады. Бөркі-1 және Ақтау қоныстары мерзімінің ертеректегі деп көрсетілуін (б. з. б. V—III ғғ.) керамикалық кешен ғана емес, сонымен қатар Ақтау қаласының қираған орнының мәдени қабатынан жебелердің үш қола ұшының табылуы да растайды. Олардың екеуі — ішінде ұңғысы бар үш қырлы, үшіншісі — біз тәрізді әдеттен тыс қысқа үш қалақшалы. Егер алғашқы екеуі б. з. б. IV—III ғасырлардың қорамсақтарына сай келетін болса, жебенің қолдан жасалған қысқа ұшының болуы Ақтау қалашығы б. з. б. V ғасырда-ақ болуы ықтимал деп топшылауға мүмкіндік береді.

Б. з. б. II—I ғасырлардағы обалар тобының хронологиялық шеңбері қару-жарактың көрнекі жиынтығымен белгіленді. Қоңырсу атырабындағы 1-оба б. з. б. II—I ғасырлар кезеңінің бас кезіне жатады, одан ортаңғы сармат мәдениетінің айқындаушы элементі болып табылатын шығыршық сапты қанжар табылды<sup>83</sup>.

Жалтыр көлі жанындағы оба кешенінің мерзімі б. з. б. II ғ. — біздің заманымыздағы I ғ. шегінде белгіленеді. Оның мерзімі орамасыз, тік тұтқалы темір қанжар арқылы анықталды. Көлемі үлкен жебелердің темірден жасалған қысқа ұштары да сол кезге жатады. Сүйек бұйымдар жиынтығы — ұршық пен біреуінің беті дөңгелек өрнекпен безендірілген екі қалақша назар аудартады. Сүйек қалақшалар жебелердің ұштарының қасынан тік тұрған күйінде табылды. Мұндай бұйымдар ертедегі темір ғасыры мен орта ғасыр ескерткіштерінде кездеседі<sup>84</sup>. Этнографиялық материалдарға қарағанда, олар садақ атқан кезде қолды адырнаның соққысынан қорғаған қол қалқан болуы мүмкін<sup>85</sup>.

Қару-жарак жиынтығы бойынша, бұл хронологиялық топқа енгізілген екі обаның мерзімін б. з. б. I ғ. — біздің заманымыздағы I ғ. деп белгілеуге болады. Бұлар — Сарғары аңғарындағы 3-оба мен Жабай-Покровка қорымындағы 32-қабір. Төменгі мерзімін темір қанжарлардың үлгілері көрсетеді. Сарғары атырабындағы 3-обадан табылған қанжарда қаусырмалардың болуы оның ортаңғы сармат заманына жататындығын дәлелдейді.

Обаның екеуінде де темір қанжарлардан басқа күрделі түрде жасалған садақтар мен ұзын семсерлердің сүйек жапсырмалары ұшырасты. Қарудың бұл түрлерінің пайда болуы біздің заманымыздың шебімен байланыстырылады. Б. з. б. II ғасырда Азия далаларының шығыс аймақтарының ежелгі ғұн-сармат дүниесі бойынша ұзын семсерлер Орталық Азияның салт атты жауынгерлерінің құралдарына айналып та үлгірген еді<sup>86</sup>.

Біздің заманымыздағы II—IV ғасырлар кезеңінің үш обасы зерттелінді (Покровка, 2, 4-обалар, Красный яр). Олардың жерлеу мүлкіне қос сулықты темір ауыздықтар, ат жүгенінің бөлшектері, құрамы күрделі садақтардың сүйек бастырмалары, халцедон сапты ұзын семсер, тікбұрышты қалқаншалы қола тоға, ішіне алтын жалатылған ұсақ шыны моншақтар кіреді. Ертедегі сармат және Орта Азияға тән бұл бұйымдардың уақытын хронологиялық жағынан біздің заманымыздағы II—IV ғасырлары деп сеніммен айтуға болады.

**Мәдениеттің эволюциясы және этникалық байланыстар.** Солтүстік Қазақстанның ертедегі темір ғасырының этникалық-мәдени картасы әр түрлі екі археологиялық мәдениеттердің көршілес болғанын көрсетеді.

Соңғы қола дәуірінде дала және орманды-дала халқының шаруашылығы бір-біріне жақын және кешенді малшылық-егіншілік сипатта болды. Ор-



манды-дала өңірінің ерекшелігі аңшылықтың, балық аулау мен жиын-теріннің неғұрлым айтарлықтай рөл атқаруы еді.

Мәдени-тарихи жағдайдағы кейінгі өзгерісті б. з. б. II мыңжылдықтың басында климат жағдайының күрт ауысуы туғызды. Оның орманды-дала мен далаға тигізген зардаптары әр түрлі деңгейде болды. Егер Батыс Сібірдің орманды-дала өңірінде бұл шаруашылық дәстүрлерінің тоқырауына, мәдени-генетикалық үрдістердің баяу өтуіне әкеліп соқса, далада шаруашылықтың қауырт өрістеуіне және мәдени өзгерістердің факторына айналды.

Су көздерінің молайып, жер бетінің дымқылдануының (плювиал) артуы ең алдымен орманды аймаққа әсер етті. Оңтүстік тайга және орман аңшылары мен балықшыларының алыс оңтүстікке қоныс ауыстырып, б. з. б. IX—VIII ғасырларда қазіргі орманды-дала өңірінде «айқаспа керамика мәдениеті» қауымының қалыптасуы басталады<sup>87</sup>.

Қуаңшылық өңірдің солтүстік бөлігінде плювиалдың зардаптары біршама өзгеше түрде байқалады. Дала ландшафының ендік шекарасының қысқаруы, дәстүрлі егіншілікке пайдаланылатын учаскелер — су көздерінің батпақтануы тарихи-мәдени тұрақсыздыққа әкеп соғып, Солтүстік Қазақстан халқын тіршіліктің өзгерген ортасына қарай шаруашылық жағынан бейімделудің жаңа түрлерін іздестіруге мәжбүр етеді. Бұған қос өзен аралығындағы кең даланың ылғалдануы, көл ойпаттарының суға толуы едәуір дәрежеде себепші болады. Көшпелі мал шаруашылығына көшу үрдісі бір-екі ғасырға созылды. Экономикалық жағынан қолайлы жазираларда сарғара тұрғындары шаруашылықтың дағдылы кешенді жүйесін сақтауға тырысты. Соңғы қола қоныстарының (Трушниково, Кент)<sup>88</sup> мәдени қабатымен ұштасып жатқан жекелеген тұрғын үй шұңқырлары түрінде табылған, көлемі шағын қысқа мерзімді тұрақтардың пайда болуын сол әрекеттердің көрінісі деп санау керек. Бұл тұрғын жайлардың керамикасы негізгі көрсеткіштері жағынан алғанда Сарғара және Тасмола дәстүрлері арасындағы аралық кешен болып табылады. Алғашқы табылған бір жердің атымен бұл ыдыс донгал үлгісіндегі керамика деп аталып кетті<sup>89</sup>.

Қола ғасыры дәстүрлерінің біртіндеп өзгеруі, Солтүстік Қазақстандағы ертедегі темір ғасырының көшпелі мал шаруашылығы мен мәдениетінің қалыптасу үрдісін Кеңөткел-10 қонысының материалы көрсетеді. Ескерткіштің шағын дала өзенінің жағасына, қысқы желден қорғалған, шоқылар арасындағы құнарлы алқапта орналасуы егіншілік үшін де, мал жаю үшін де барлық жағдайды туғызған. Мәдени қабаттың құрамы, қоланың, қола бұйымдарының, күл мен тас құрал-саймандардың ұсақ фрагменттерінің табылуы қонысты қолөнер және егіншілік орталығы деп санауға мүмкіндік береді.

Мұндай қоныстың пайда болуы — көшпелі мал шаруашылығы қалыптасуының заңды нәтижесі. Көшпеліліктің таза күйінде тіршілік ете алмайтыны мәлім. Оның табиғи тіршілік етуі үшін отырықшы қолөнер және егіншілік орталықтарымен өзара байланыс жасауы қажет. Шаруашылықты жүргізудің жылжымалы түрлеріне көшудің бастапқы кезеңінде отырықшылық ошақтары бір этникалық, туыстық ортада пайда болды. Бұл іс жүзінде қауымның көшпелілерге қызмет ететін бір бөлігі еді.

Одан кейін жаңа өндірістік маманданудың кеңеюі мен топтануына байланысты көшпелі және отырықшы дүниенің алшақтау үрдісі басталады. Отырықшы компонент этникалық қауым шегінен шығады. Б. з. б. I мың-

жылдықтың орта шеніне қарай Солтүстік Қазақстанның көшпелілері үшін егінші әріптестер ролін Батыс Сібірдің орманды-далалық өңірінің отырықшы орталықтары өз мойнына алды.

Солтүстік Қазақстанның далалық өңірінде көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуымен бірге ертедегі темір ғасыры мәдениетінің қалыптасу үрдісі жүріп жатты. Мұны өтпелі кезеңдегі обалар тобы айқын көрсетеді, ал ол кездің ғұрпында қола ғасырының да, ертедегі темір ғасырының да белгілері ұштасып жатыр.

Б. з. б. I мыңжылдықтың басында палеоклиматтық және шаруашылық өзгерістердің нәтижесінде ландшафтық аймақтардың қазіргі шектері қалыптасып, әр түрлі екі археологиялық мәдениеттер мен шаруашылық-мәдени үлгілердің қалыптасу үрдісі жүріп жатты. Олардың арасында қатаң шек болған жоқ. Шаруашылықтың жаңа уклады неғұрлым ілгері басушылық және ширақ қадам болды, ал оны таратушы дала аймағының көшпелі тайпалары орманды-далалық өңірдің оңтүстік шетіндегі тұрғындарға ықпал жасады. Бұл ықпал мәдениет пен өндіріс саласында жекелеген элементтердің (жылжымалы мал шаруашылығының элементтері) алмасуы түрінде көрінді<sup>90</sup>.

Жайық-Ертіс өзендерінің аралығындағы далалық аудандарда сак үлгісіндегі мәдениет қалыптасады. Солтүстік Қазақстанның сак дәуіріндегі тұрғындарының жерлеу ғұрпынан негізгі көрсеткіштері жағынан алғанда Орталық Қазақстандағы Тасмола мәдениетінің ғұрпымен ұқсастық байқалады. Ол б. з. б. (VIII) VII—III ғасырлардағы алғашқы екі хронологиялық кезеңдер бойы тұрақты болды, тек материалдық мәдениет заттары ғана эволюцияға ұшырады<sup>91</sup>.

Солтүстік Қазақстан тайпаларында басқа мәдени байланыстар және бөлкім, тайпалық байланыстар да айқынырақ көрінеді. Солтүстік Қазақстан тұрғындарының мәдениеті өздерінің оңтүстік көршілерімен бірқатар жетекші белгілерінің ұқсастығын сақтай отырып, бір жағынан — Батыс Сібірдің орманды далаларының, екінші жағынан — Орталық Қазақстанның далалық аудандарының төркіндес мәдениеттеріне жақын. Б. з. б. VII—VI ғасырлардағы тасмолалықтар ғұрпына тән белгі жылқыға табыну болатын. II үлгідегі обалар лақыттарының оңтүстік жағына жылқының бас сүйегі, аяқтарының сүйектері, тіпті терісі көмілсе керек. «Мұртты» обалар тобына кіретін шағын обалар үйінділерінің астынан жылқының тұтас қаңқалары немесе сүйектері аршылып алынды. Солтүстік Қазақстан ғұрпында жылқыға табыну онша айқын аңғарылмады. Ат әбзелдеріне жататын заттар бірлі-жарым кездесті және оба үйінділерінің тобына кіретін жекелеген тас қоршаулардан табылды. Келесі айырмашылық отқа табыну көріністеріне қатысты. Тасмолалықтарда ол жерлеу ғұрпына жатады, мола шұңқыры бар обалардың сыртына шығарылған. Оның іздері шағын — серіктес обаның ежелгі үстінгі беттерінен кездеседі. Солтүстік Қазақстан ғұрпында ол жерлеу үрдісінің өзімен байланысты рәсімдік әрекеттер құрамына енгізілген және б. з. б. IV—II ғасырларда мейлінше айқын көрінеді. Қыш ыдыстарының сипаты мен қызметі де әр түрлі. Тасмолалықтарда ыдыстар жерлеу обаларының үйінділері астынан табылды. Солтүстік Қазақстан ғұрпында ыдыс моладан табылады, түрі, жасалу құрамы және өрнегінің салынуы жағынан ерекше болып келеді.


Солтүстік Қазақстанның далалық бөлігіндегі ертедегі темір ғасырының ескерткіштері тасмола мәдениетінің шағын нұсқасы болып табылады. Ұлыбай атырабындағы обалар тобына жататын жарқын ескерткіштердің бірі



«Алтын киімді адам». «Есік» қорғанынан табылған сақ киімі.



Б. з. б. V—III ғғ. сарматтардың құр-  
бандық табақтары.



Тараздан табылған табак.



«Есік» қорғанынан табылған әшекей.

бойынша Солтүстік Қазақстанның ертедегі темір ғасырының мәдениетін ұлыбай-тасмола мәдениеті деп атап, сол арқылы аймақтың археологиялық кешендерінің өзіндік ерекшелігін атап көрсетуге және оларды Сарыарқа ескерткіштерімен біртұтас мәдени қауым шеңберіне біріктіруге болады.

Ұлыбай-тасмола мәдениеті өз дамуында хронологиялық үш кезеңнен өтеді, олар: б. з. б. VIII—VII; VI—V; IV—II ғғ. Кезеңдердің мазмұны мен жетекші сипаттамалары этникалық және мәдени байланыстардың жиынтығымен анықталады. Ең жарқын, мазмұны бай әрі серпінді кезеңі алғашқы сак кезеңі болып табылады. Солтүстік Қазақстан аумағында ол кезеңнің қоныс және жерлеу кешендері бар.

Бұл заманда Қазақстан далаларында түсті металлургияның қуатты өндірістік ошағы одан әрі жұмыс істеді. Оның өнімі Қазақстан шегінде пайдаланып қана қоймай, евразия даласының шектес және алыс аудандарына да шығарылады. Сібір мен Қазақстан үшін сипатты металл құрамы бар бұйымдар алыстағы батыстан, Шығыс Европа мен Солтүстік Кавказдан табылды. Түрлі топтардағы құрал-саймандардың жалпы скифтік үлгілерін дайындап, пайдаланумен қатар аймақтың өзіне тән ерекшелік беретін жергілікті үлгілер жасалады. Мәселен, Солтүстік Қазақстанда сыртында ілмешегі бар дөңгелек айналардың таралуымен бір мезгілде қосымша ілмешек салынған бүйірінде тұтқасы бар айналар пайда болады.

Б. з. б. VIII—VII ғасырларда темір қорыту ісі игеріле бастайды. Мұны қоспа металдардан және темірден жасалған пышақтардың, тоғалардың, қалқшалардың табылуы дәлелдейді. Бұл технологиялық жетістікке, шектес аумақтарға қарағанда, Қазақстан далаларында ертерек қол жеткізілген. Жайықтың арғы беті мен Батыс Сібірдің орманды-далалық өңірлерінде темірден жасалған бұйымдар — б. з. б. V ғасырда<sup>92</sup>, Оңтүстік Оралда б. з. б. VII—VI ғасырлардың аяғында<sup>93</sup> пайда болады.

Б. з. б. VIII—VII ғасырларда Солтүстік Қазақстанның және жалпы алғанда ертедегі темір ғасыры тұрғындарының тарихында тасмола мәдени-этнографиялық қауымы ерекше орын алады. Бұл — тасмолалықтардың гүлденген кезеңі. Олар Жайық-Ертіс өзендері аралығындағы далалық аймақтың орасан зор аумағын игерді.

Әр түрлі хронологиялық кезеңдер ескерткіштерінің сан жағынан алғандағы арақатынасына қарағанда, б. з. б. VIII—VII ғасырларда Солтүстік Қазақстан далалары белгілі бір демографиялық дүмпуді бастан кешіреді. Ескерткіштердің көпшілігі сол кезеңге жатады.

Ойкуменнің кеңеюі, Батыс Азия аймағының далалық өңірінің және орманды-далалық өңірі оңтүстік жағының халқымен тікелей қарым-қатынас орнату мәдениетті алыс-беріспен толықтырып, байыта түсті, оның шектес аудандарының мәдениетіне ерекше өзгешілік берді. Азия далаларының солтүстік бөлігінде негізгі сауда және көшіп-қону арналарының бірі тасмолалықтар ықпал жасайтын өңірге кіреді. Сібірдің қуатты металлургия ошағын Шығыс Европамен жалғастырып жатқан, шикізат (қалайы), дайын өнім (карасук үлгісіндегі қанжарлар, қола айналар, ат әбзелдері) тасылып отырған транзитті жол орманды-дала шетімен өткен. Мәдени байланыстар жүйесіне бақылау жасау мен қатысу ең жаңа және неғұрлым жетілдірілген қару-жарақ үлгілерімен, тұрмыс заттарымен және технологиялармен тікелей танысып, оларды алмасуға қосымша жағдайлар жасайды.

Б. з. б. VI—V ғасырларға қарай Солтүстік Қазақстан далаларындағы жағ-

дай өзгеріп, тайпалар мекендеген аумақ тарылады. Мәдени байланыстардың жаңа бағдары байқалады. Батыстағы көршілермен қарым-қатынас күшейеді. Мұны жебелердің ұштары мен қанжарлардың скифтік түрлері дәлелдейді.

Б. з. б. VII—VI ғасырлардың өзінде-ақ қанжарлардың соңғы үлгідегі карасук түрлерімен бірге алқымы көбелек тәрізді қола ақинақтар пайда болады. Темірден жасалған алғашқы қанжарлар табылады. Солтүстік Қазақстанның темірден жасалған қанжарларының тобы мүйіз және ағаш сапты үлгіде болып келеді.

Б. з. б. V—IV ғасырлар ертедегі темір ғасыры мәдениетінің тарихында ерекше маңызды кезең саналады. Олардың ішкі дамуы көшпелілер қоғамының әлеуметтік сатыларының күшеюімен — рулық-тайпалық ақсүйектердің бөлініп шығып, оқшаулануымен сипатталады. Сырттай қарағанда, экологиялық факторларға емес, қайта әлеуметтік-саяси себептерге байланысты этникалық-мәдени картаның қайта құрылуына әкеп соғады.

Далада «бос» жердің болмауы көшпелі халықтың бір бөлігінің орманды-далаға қоныс аударуына, отырықшылыққа ауысып, жаңа негізде бұрынғы көшелі шаруашылыққа қайтып оралуға әкеп соғады. Бұл сарғат мәдениетінің қалыптаса бастау үрдісі болды. Көшпелілік дәстүрі жаңа табиғи ортада шаруашылық жүргізу түрінде әсер етіп, мал шаруашылығының жартылай отырықшы, жартылай көшпелі түрлерін ұштастыратын біріктірілген шаруашылық-мәдени үлгісін қалыптастырды<sup>94</sup>.

Мәдени-тарихи байланыстардың бағытына қарай V—IV ғасырлар шебінде бірнеше шағын аудандар бөлініп шығады. Солтүстік-Қазақстандағы Есіл өңірінің ескерткіштері осындай аудандардың бірін құрайды. Олардың көпшілігі б. з. б. I мыңжылдықтың екінші жартысындағы деп белгіленеді. Сарғат мәдениетінің жерлеу ескерткіштері кеңінен мәлім. Солтүстік Қазақстан аумағында сарғат дәуірінің бүгінгі таңда толық зерттелген бірден-бір қала орны ашылды, ол сарғат тайпаларының қорғаныс құрылысы жөнінде құнды деректер берді.

Ақтау қаласының қираған орнында қуатты фортификациялық бекініс жүйесі болған. Бекіністің қабырғасы 5—6 м етіліп үйілген топырақ дуалдың үстіне ағаштан тұрғызылған. Оның архитектурасына дуал ішіндегі дәліз және жоғарғы ұрыс галереясы бойынша жер бетіндегі техникалық-ұтымды екі деңгейлі қорғаныс принципі алынған. Жоғарғы атыс галереясы бүкіл фортификациялық жүйе белдеуі бойынша көктей өтеді. Әскери өнер тұрғысынан алғанда дуал-қабырғаның кеңістік орналасуы да оңтайлы. Бекініс белдеуі жеке-жеке бес қорғаныс қалқасынан тұрады. Бекіністің кіре беріс құрылысы да қорғаныстың композициялық шырқау шегі болып табылады. Әрбір қорғаныс қалқаның ұзына бойы еркін жүріп-тұру бекіністі қорғаушылардың қимыл өрісін қосымша кеңейтіп, дуал алдындағы кеңістікке бақылау жасауды ғана емес, сонымен қатар оған келер жолды екі жақтан да атқылауды қамтамасыз етеді.

Дуал-қабырғаның қасбеті түйетайлы. Оның иленген балшықтан тығыз қаланған астыңғы қабаты ауыр тақтайлармен бекітілген. Дуал-қабырғаның етегінен бекініске тікелей шабуыл жасауды қиындату үшін тереңдігі 1,3—1,5 м ор қазылған. Қираған қала орнының ішкі бөлінісі қорғаныс сипатындағы мақсаттарға бағындырылған. Тұрғын үйлердің орналасуы фортификациялық бекіністер бағытын қайталайды.

Ұлыбай-тасмола тұрғындарының бір бөлігінің орманды-далаға орын ауыстыруы б. з. б. I мыңжылдықтың орта шеніндегі тарихи оқиғалар тізбегіндегі бір буын болып табылады. Б. з. б. V—IV ғасырларға қарай нығайып алған көшпелі конфедерация орындарынан қозғалып, егіншілік аудандарға бет бұрды. Сармат шапқыншылығының бір бағыты Солтүстік Қазақстан аумағын да шарпыды. Б. з. б. V—IV ғасырлардағы қорғандарда өлгендерді оңтүстікке қаратып лақытқа қою таралды, ыдыстар мен қанжарлардың жаңа үлгілері пайда болды, олар батыс сармат дүниесімен байланысын көрсетеді.

Б. з. б. IV—II ғғ. ұлыбай-тасмола мәдениетінің тарихындағы қорытындылаушы кезең болып табылады. Бұл кезеңдегі жерлеу ғұрпының дамуы ежелгі қоғамның мүлік жағынан жіктелу үрдісінің басталуымен, рулық-тайпалық ақсүйектер қабірлерінің оқшау көрінуімен байланысты.

Лақыттардың құрылымы күрделеніп, неғұрлым алуан түрлі бола түседі. Қарапайым жер шұқырлармен, шегендеулермен қатар лақыттап қою таралды. Әсіресе ірі обалардағы лақыттардың безендірілуі, ағаш табыттардың қалдықтары, ыдыс-аяқ, қару-жарақтар, сылақ іздері өзіндік ерекшелігімен сипатталады.

Отқа табыну сол күйінде қалған, бірақ неғұрлым айқын сипат алған. Өлікті өртеудің бірнеше түрлері қолданылған. Жердің бетінен қазылған шұңқырға отты қыздыра жағып, бір қабат қызыл шоқ үстіне өлікті жайғастырған. Өлікті өртеудің басқа да түрлері белгілі.

Ірі обалардың төңірегінен өлікті еске түсіруге арнап құрбандыққа шалынған жылқы сүйектері табылды.

Б. з. б. IV—II ғасырлардағы обаларда жалпақ түпкі керамикамен қатар дөңгелек түпті керамика пайда болады. Орманды-дала және дала тұрғындарының өзара қатынастарының сипатын Есіл-Шағалалы шағын ауданы обаларының тобы көрсетеді, оларда жерлеу ғұрпы мен саймандарының алуан түрлі элементтерінің ұштасуы аңғарылады. Құрбан шалатын тас орындар кешенінде сарғат тұрпаттас ыдыстар табылды.

Солтүстік және Орталық Қазақстанның тасмолалық тұрғындарының тарихи тағдыры бірдей болып шықты. Дамудың үздіксіздігі мен этникалық-мәдени бірлік замандар шебінде бұзылады. Б. з. б. II ғ. — біздің заманымыздағы I ғасырда бүкіл жауынгерлік жарақтарымен: жебе салынған қорамсағымен, ғұн садағымен, салт аттының ұзын семсерімен және қанжарымен қосып жерленген әскери қабірлердің айқын тобы пайда болады. Жауынгерлердің жанында көне сипаттағы, алқымы үш қырлы, не ромб қималы, жалпақ жүзді қанжарлармен бірге стандартты ұзын темір семсерлер жатты.

Б. з. б. I мыңжылдықтағы — біздің заманымыздың алғашқы ғасырларындағы ескерткіштер Азия далаларының оңтүстік-шығыс және оңтүстік аймақтарымен байланыстардың күшейгенін көрсетеді. Оңтүстікке бағдарлану кейбір қару-жарақ үлгілерінің Орта Азия мен Жетісудың қабірлерінен табылған түрлеріне ұқсастығынан айқын байқалады.

Солтүстік Қазақстан аумағында салт аттыны жерлеу ғұрпының таралуы, сөз жоқ, далада б. з. б. I мыңжылдықтың аяғына қарай қалыптасқан жалпы тарихи жағдайдың көрінісі болып табылады.

Азия далаларының оңтүстік бөлігіндегі оқиғалар, халықтардың ұлы қоныс аудару үрдісінің басталуы жағдайдың тұрақсызданып, Солтүстік Қазақстан далаларының бос қалуына әкеп соғады.

## 5. ЕРТЕДЕГІ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

**Ескерткіштер топографиясы.** Бұл кезде Орталық Қазақстанда ең көп таралғаны — обалы қорымдар. Ең ірі обалар: Бұғылы, Қызыларай, Қарқаралы, Баянауыл, Қызылтас, Кент, Арқарлы, Қу, Қызылтау, Ортау, Ақтау таулары мен сілемдері аудандарында шоғырланған. Олар Ұлытау, Арғанаты, Желдіадыр тауларының бөктерлерінде, Желдітауда, Тайатқанда, Шұнақта жақсы мәлім, Солтүстік Бетпақдалаға дейін жетіп жатыр. Балқаш өңірінің шөлді аймағында обалар Қотанемел, Тесіктас, Қайрақтас, Жалғызтау, Жорға, Көксеңгір тауларында шоғырланып, шығысында Шыңғыс жотасына дейін жетеді. Солтүстік-шығыста обалы қорымдар Шідерті, Өлеңті өзендері мен олардың салалары жағалауындағы жарқабақты тегіс аймақтарда, солтүстікте Ерейментау таулы жазығына және Сілеті өзенінің бас жағына орналасқан.

Мыс, алтын және басқа металдар өндіру ертедегі темір дәуіріне жатады, олар сонау қола дәуірінде пайда болған. Бұлар — Солтүстік Балқаш өңіріндегі (Тесіктас, Кенелі, Саяк, Ақоба, Қызылтас, Сорқұдық), Нұра өзенінің бас жағындағы (Алтынсу, Бесшоқы), Атасу өзеніндегі, Баянауыл және Қарқаралы далаларындағы, Ұлытау мен Имантаудағы, ақырында, Жезқазған кенді аймағының көптеген кеніштеріндегі мыс кенін өндіретін орындар. Есіл өзенінде, Көкшетау тауларында және Бетпақдаланың солтүстік алқаптарында қалайы өндірілген орындар мәлім. Степняк, Бестөбе, Майқайың, Жосалы аудандарының кеніштері алтын өндіретін негізгі орталықтар болған.

Орталық Қазақстанның ертедегі темір дәуіріне тән көрнекілік — жарта-сқа салынған суреттер-петроглифтер. Олардың көпшілігі тастардың жалаңаш тегіс беттеріне қашап салынған және жануарлардың, адамдардың әр түрлі тұлғаларын бейнелейді. Көптеген петроглифтер аңшылықтың, садақшылар шайқасының күрделі композициялық көріністері, аңды жан-жақтан қамалап аулау сюжеттері. Бұл сюжеттерден жайылып жүрген жабайы және үй хайуандарын, түйе керуендері мен түйе жегілген қос доңғалақты арбаларды көруге болады. Жартас бетіндегі гравюралар Ұлытау таулары өңірінен, Қалмакқырылған тауларынан, Сарысу өзенінің оң жағалауынан, Абыралы, Шұнак, Дегелең тауларынан, Нұраның жоғарғы және Өлеңтінің орта ағысынан, Баянауыл тауларынан, Балқаш маңынан және Солтүстік Бетпақдаланың басқа аудандарынан табылды.

**Тасмола мәдениеті.** Ертедегі темір дәуіріндегі Орталық Қазақстанның ежелгі малшыларының мәдениеті неғұрлым көлемді археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген Тасмола қойнауының атына сәйкес Тасмола мәдениеті деп аталды<sup>95</sup>. Оны ерекше бөліп алуға тастар тізбегі бар обалар — «мұртты обалар» деп аталатын ерекше үлгідегі ескерткіштер себеп болды. Мұндай ескерткіштер қазақтың ұсақ шоқылы өңірінен тыс жерлерден, мысалы, Қазақстанның шығыс және оңтүстік облыстарынан (Оба, Көктал, Ащысай және Еділ бойы («Үш ағайынды» аңғары) кездеседі, бірақ олардың кең тараған негізгі өңірі Орталық Қазақстан болып табылады.

Мұртты обалардың түрлері көп, бірақ олардың барлығы дерлік біртұтас сәулет өнері кешеніне кіреді. Үйілген топырақ астында өлікті жерлеу үшін қазылған терең сопақша шұңқыры бар үлкен оба оның негізін құрайды. Үлкен үйіндіге жақын, әдетте шығыс жағынан, кіші оба салынатын болған. Оның астына, сол заманғы жердің бетіне, жаны-



на қыш ыдыс қойылып, ат жерленген. Сонан соң кіші обадан шығысқа қарай бағыттталып, шет жақтарында дөңгелек тас құрылыстары бар, доға тәрізді тас тізбектері қаланған.

«Мұртты» обалардың архитектуралық кешені қола дәуірі тайпаларының табынушылық құрылыс өнерінің дәстүрлерін айқын бейнеледі, бірақ сонымен бірге бұл б. з. б. VII—VI ғасырларға және онан кейінгі кезеңдерге де тән жаңа құбылыс.

Бұрынғы аттың терісі мен басын жерлеу ғұрпынан айырмашылығы — тасты тізбектері бар обалардан өлген адамның аяқ жағына көмілген жылқы қаңқасы табылды. Сірә, атын құрбандыққа шалатын бұл ғұрып күнге табынушылыққа байланысты болса керек.

Тасты тізбектері бар обалар кешенінің элементтерінен күн құдайға атты немесе оның белгілі бір мүшесін құрбан ету, үнемі «кірер аузы» шығысқа, таңертеңгі күнге қаратып салынатын тас тізбектері сияқты күнге табынушылықтың ерекше белгілері деп топшылауға негіз бар. Ал доға тәрізді тас соқпақтар, сірә, алыста қалған, Ригведаға сәйкес, күнге арнап Варуна құдай дайындайтын сүрлеумен байланысты болса керек<sup>96</sup>. Тізбектердің ұштарындағы дөңгелек тас құрылыстар ішіне бата қылу кезінде жағылған оттардың іздері де күнге табынушылықпен байланысты екені шүбәсіз.

Өлікке жылқы малын арнау және атты күн құдайға құрбандыққа шалу ғұрыптары көбінесе діни ұғымдардың негізі ретінде Орталық Қазақстанның ежелгі малшылары арасына кең тараған.

Тасты тізбектері бар құрылыс кешендері салынуына еңбектің көп жұмсалуды, байлығы, сәнділігі жағынан ру-тайпа ақсүйектерін жерлеуге арналған. Әрбір рулық зиратта ондай құрылыстар онша көп емес, ал олардың жандарында қатардағы тайпаластары жерленген көптеген қарапайым обашықтар бар.

Ескерткіштердің бұл түрлерінде адамды жерлеу ғұрпының неғұрлым мәнді-мәнді сипаттары ұқсас. Бұлар — этникалық-тайпалық құрылымы бір, бірақ әр түрлі әлеуметтік топтардың ескерткіштері.

Тұрғындардың антропологиялық үлгісі мен материалдық мәдениеттің аса маңызды элементтері ертедегі темір дәуіріндегі Орталық Қазақстан тайпалары мен олардан бұрын өмір сүрген андронов тайпаларының сабақтастық бар екенін айқын көрсетеді.

Тас тізбекті обалар ішіне тастан жәшіктер мен дөңгелектер салуда, б. з. б. VII—V ғасырлардың кейбір обаларында тақта тастарды жалпағынан қалап, тас лақыттар тұрғызу тәсілдерінде, қаруларда, өрнектерде (мысалы, Сыпыра-оба моласынан табылған қорамсақтың алтын қалақшасында) андроновтық құрылыс дәстүрі сақталған.

Археологиялық деректер және ішінара жазбаша деректерден алынған үзінді мәліметтер тасмола мәдениеті тайпалары сақ тайпаларының қуатты одағы құрамына кіргенін көрсетеді. Қазақстан аумағының басқа аудандарының көпшілігіндегі сияқты, Арал-Ертіс су айырығы аумағын мекендеген тайпалардың да нақты этнонимін анықтау қиын. Дегенмен де ертедегі темір дәуіріндегі Орталық Қазақстан тайпаларын негізінен Аристей Проконесский жылқыға, қой мен өгіздер табынына бай сансыз көп және даңқты жауынгерлер деп сипаттаған исседондар деп жорамалдауға болады<sup>97</sup>. Басқа авторлар, атап айтқанда, Гекатей Милетский, олардың шығыс скифтеріне немесе сақтарға жататынын атап көрсетеді<sup>98</sup>.

Обаларды қазғандағы материалдар бойынша тасмола мәдениеті тайпаларының үш даму кезеңі шартты түрде бөлінген.

Бірінші кезең б. з. б. VII—VI ғасырларды қамтиды. Бұл кезең туралы Тасмола-1—5, Қарамұрын-1, Нұрманбет-4 қорымдары неғұрлым толық мәліметтер береді.

Екібастұздан солтүстік-батысқа қарай, далалық Шідерті өзенінің оң жағасындағы әр түрлі кезде жерленген Тасмола-1 құрылыстар тобында 19-обаның бейіті мейлінше назар аударарлық болып шықты. Жерден қазылған қабір шұңқырында төселген қамыс үстінде қола айнасы, темір пышағы және қайрақ тасы бар әйел жатты.

Осында аттың басы, жауырыны және екі қойдың басы табылды. Аттың басында жүгені бар, ал қайыс жүген әр түрлі қола бұйымдармен сәнделген.

Басқа бір обаға (Тасмола-5, 2) жерленген адамның аяқ жағына жеті жылқының терісі мен басы қойылған. Осы жерден ат ауыздығының бай жиынтығы, таутеке мүсіні түрінде қоладан жасалған әшекей заттар, салмақты қоңыраулар табылды. Алайда бұл жай ғана құрбан шалу, не арнау ғұрпы емес, қайта жеті ат жегілген «аспан арбасын» жабдықтау салты. Бір ғажабы, Ригведада күн құдай Сурья нақ жеті алтын түсті бие жегілген күймемен жүреді.

Қарамұрын қорымынан (5-оба) жебелердің б. з. б. VII—VI ғасырларға тән жиынтығы, нақ содан — Қазақстан аумағындағы ең ертедегі шұңқырдың бір бүйірін үнгіл қою деп аталатын жерлеу құрылысы табылды, ол неғұрлым кейінгі кезде де таралған. Обаға жерленген жауынгерге қоса қайың сапты және екі түрлі — қос қанатты ұңғылы және үш қалақты келте қола ұшы бар 46 жебе салынған, жылқы терісінен жасалған қорамсақ көмілген.

Нұрмамбет-4 қойнауындағы жауынгер жерленген бейітте (1-оба) тасмолалық ескерткіштерге тән жер лақыт ішінен тақта тастармен шегенделген. Бұл арадан бір бума жебе, мүсінді сабы бар қоладан жасалған ауыр ақинақ-қанжар мен сабы сақиналы пышақ ілінген, металдан жасалған құрастырмалы шомбал белдік табылды.

Тасмола мәдениетінің алғашқы кезеңінің обаларынан табылған заттар жиынтығы тұрақты болып келеді; ұңғылы, қос қанатты және үш қалақты жебе ұштары, сабының жоғарғы ұшы кесек немесе санырауқұлақ тәріздес қол жылжымас үшін жасалған қаптамасы бар ақинақ-қанжарлардың айрықша түрі тек осы кезеңге ғана тән. Ұштары кішкене үзеңгі тәрізді қола ауыздығы және қоладан не мүйізден жасалған үш тесікті айшықтары бар, құрылымы ерекше жүген де сол уақыттарға тән.

Қолданбалы өнерге басын бері бұрып тұрған жолбарыстардың алтыннан соғылған мүсіндері, қос доңғалақты арбаны безендіріп тұрған таутеке-лердің қола мүсіндері, қола айнаға бедерлеп салынған қабан мен бұланның мүсіндері, бұратылып жатқан қабандар түріндегі сүйектен және мүйізден жасалған тоғалар тән болып келеді. Б. з. б. VI ғасырдың аяғына таман «зоологиялық шытырман» стиліндегі көп мүсінді композициялар пайда бола бастайды. Тасмола-5 қорымындағы 3-обадан табылған мүйіз тоғадағы бұл сюжет Евразияда өте-мөте сирек кездеседі және бұған алыстағы Туваның сол уақыттардағы Алды-бел ескерткіштерінен табылған заттар ғана ұқсас келуі мүмкін.

Түйірлеу мен көмкерудің күрделі де нәзік әдісімен безендірілген жаңа зергерлік бұйымдар пайда болды (Жыланды, Шілікті, Арасан-1). Кейінірек

Тынық мұхиттан Шығыс Европаға дейінгі орасан зор аумаққа тараған полихромды стиль деп аталатын стильдің техникасы шыға бастады.

Археологиялық материал Орталық Қазақстан тайпаларының Тасмола мәдениетінің бастапқы кезеңінде-ақ темірмен таныс болғандығын көрсетеді. Қақтау әдісімен темірден сабы сақиналы және түзу сапты пышақтар, сондай-ақ айшықтар және жүгеннің бастырмалары соғылды.

Екінші кезеңде (б. з. б. V—III ғғ.) Тасмола тайпаларының мәдениеті көбінесе өзінен бұрынғылардың дәстүрлерін жалғастырды. Жерлеу жоралғыларының кейбір бөліктері ғана өзгерді, атап айтқанда, өлікке ат арнап, бірге көму ғұрпы жойылды.

Қару-жарақ, шаруашылық және тұрмыстық қажетке арналған заттарды жасауда неғұрлым елеулі өзгерістер болды. Садақтың күрделірек және алысқа ататын құрылымына байланысты жебелердің бұрынғы түрлерінің орнына қоладан жасаған ұңғылы, қанды басы үш қырлы стандартты жебе ұштары шықты. Темір анағұрлым кең пайдаланыла бастады. Одан бәйегі мүйізше сияқтанған семсерлер, ұштары иіліп дөңгелетілген ауыздықтар жасалынды. Б. з. б. III ғасырда қарудың ең көп тараған түрі жебенің ұшын жасауда да темір қоланы ығыстыра бастады. Дөңгелегінің кенересінде биік жиекшесі бар, қоладан жасалған шомбал айна енді болмайды. Олардың орнына сабы бар және дөңгелегі тегіс, шағын айналар шықты, айналардың саптары мен басқа да іс қажеттеріне арналған заттар «аң» стилінде жасалынған бейнелермен безендірілген.

Көп мүсінді композиция дамыды, негізгі сюжеттік желінің бірі — аңдардың таласуы, жыртқыштардың шабуыл жасау көріністері болып, жануарлар дүниесінің реалистік бейнелерін стильдік және схемалық тұрғыдан бейнелеу тереңдей түсті. Қорғантас қойнауынан табылған тікбұрышты қола тоғадағы барақ иттің бұғыны бас салып жатқан кезін бейнелейтін сурет көз тартарлық өрнекке айналдырылған.

Сонымен бірге жерлеу кешендерінде неғұрлым ерте кезде тараған бұйымдар тобы сақталып қалды. Олардың ішінде қыш ыдыстар, тастан жасалған құрбандық құралдары және қайрақ тастар ерекше көрінеді.

Орталық Қазақстандағы ежелгі малшылар тұрмысында ағаш және металл ыдыстар кең орын алған болуы ықтимал. Тас тізбекті обалар кешендерінде қыш ыдыстар кездеспейді деуге болады. Мұндай ыдыстар жиынтығы Қазақстан аумағының басқа аудандарының ертедегі керамикасынан мүлде өзгеше және сонымен бірге Тасмола мәдениетінің барлық кезеңдері үшін дәстүрлі. Таспалап жапсыру әдісімен істелген, түбі жайпақ үлкен ыдыстар ғұрыптық ыдыстар болған және жерлеу ғұрпы үшін арнайы жасалған деп топшыланады.

Тастан жасалған құрбандық ыдыстары мен қайрақтар Тасмола мәдениетінің бастапқы кезеңдеріне де, одан кейінгі кезеңдеріне де тән, олар тек әйелдерді жерлеуге байланысты болады. Олар сопақша бітімді, аласа жиекті құмдақ тастан істелген шағын табак түрінде қырналып жасалады, тегіс келген түбінде тұғырлары, не аяқтары болмайды. Белдікке іліп қоятын тесігі бар құмдақ тас қайрақтардың түрі тікбұрышты және ірі келеді.

Б. з. б. III—I ғасырларда обалардың дәстүрлі түрі сақталған. Алайда, жерлеу ғұрпында тасмолалықтарға тән емес ерекшеліктер пайда болды. Бұл Нұрмамбет-1, Қарамұрын-2 қорымдарындағы үш құрылыстан айқын көрінеді. Жерленгендердің басын оңтүстікке қаратып салу, түбі жайпақ, түрі

домалаңқы керамикалық ыдыстар жиынтығы, алебастрдан жасалған, темекі салып тартатын ыдыс үлгілері — бұлардың бәрі б. з. б. IV—II ғасырларда Оңтүстік Жайық өңірі мен Батыс Қазақстанды мекендеген сармат тайпаларының жерлеу ғұрпына жақын.

Сармат тайпаларының топтары, кейбір зерттеушілердің топшылайтынындай<sup>99</sup>, тек Орта Азияға ғана емес, Солтүстік Қазақстан аумағына да жылжуы мүмкін. Керісінше, Орталық Қазақстанның оңтүстік-шығыс аудандары Жетісуды ертедегі мекендеушілердің ықпалына ұшырады. Олардың қабірлерді ендік бағытта қазып, өліктердің бас жағына қыш ыдыстар, қой еті мен темір пышақтар қойып жерлеу ғұрпы Балқаштың солтүстік-шығыс өңірінің бірқатар ескерткіштерінде (Қайрактас, Құрбақанас, Жалғызтау) байқалады. Олардан оңтүстік-шығыс аудандарына тән кеселер мен алмұрт бітімдес құмыра түріндегі қыш ыдыстар табылды.

Б. з. б. III—I ғасырлардың бірқатар ескерткіштерінің тасмолалық шығу тегін көрсететін тұтас топ Қараоба және Қорғантас қорымдарының обалары болып табылады. Оларға ортақ сипат: жерленгендерді меридиандық бағытта салу, қабірдің бір бөлігін құрбандыққа шалынатын малдың сүйектеріне арнап бос қою.

Жерлеу ғұрыптарындағы осыншама ала-құлалық пен қарама-қайшы көрініс б. з. б. I мыңжылдықтың соңғы ғасырларында аймақта орын алған күрделі, бірақ бәрі бірдей әлі де айқын емес саяси жағдайды бейнелейді. Малшы тайпалар Орталық Азияның батысы мен шығысына көптеп қоныс аударды<sup>100</sup>.

## 6. БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ САВРОМАТ—САРМАТ МӘДЕНИЕТІ

**Ареал. Ескерткіштер топографиясының ерекшеліктері.** Ертедегі темір ғасырының ескерткіштері Батыс Қазақстанның ұлан-байтақ жерінде аймақтың гидрографиялық және табиғи-климаттық ерекшеліктеріне сәйкес тіпті де біркелкі орналаспаған. Жалпы алғанда, олардың мейлінше ірі өзендер (Жайық, Елек, Жем, Сағыз) ағып жатқан, ылғалдылығы жоғары, демек, малдың жайлауы мен адамдардың өмірі үшін жақсы жағдай бар солтүстік далалық аумаққа көп шоғырланғаны байқалады. Аймақтың сазды және құмды Атырау шөлейті бар оңтүстігі мен Ақтөбе облысының оңтүстік бөлігінде, Маңғыстау облысының тастақ шөлейтінде көненің көздері азырақ. Ескерткіштердің көпшілігі — обалардағы қабірлер, бұл орайда топырақ үйінділері жер бетіне шығып жатқан тастары аз Батыс Қазақстанға ғана дағдылы болып келеді. Аймақтың қалған аудандарындағы обалары тастан немесе тас аралас топырақтан үйілген. Бүкіл аумақта обалардан басқа іс жүзінде жерден қазылған қабірлер белгілі, олар әсіресе жел эрозиясына ұшыраған құм топырақты жерлерде жиі кездеседі. Атырау облысының оңтүстік-шығысындағы теңіз жағалауы аудандарында (шамамен Сарықамыс поселкесінен Құлсары поселкесіне дейінгі аралықта) әдеттен тыс үлгідегі ескерткіштер таралған, бұл жерде қиылып өтетін жер балшықты сорлар бөліп жатқан сазды-топырақ төбелердің тұтас тізбегі болып табылады. Жел жалаңаштап тастаған дөңестердің беттерінде адамдар мен жануарлардың сүйектері, керамика сынықтары мен өзге де заттар жатыр, олар түрлі кездерде жерден қазылып, қираған зираттар мен уақытша тұрақтардан шығып қалған. «Бэр

дөңдері» деп аталып кеткен жақын үлгідегі ескерткіштер Қазақстан шегінен тыс жерлерде, Астраханның Еділ бойындағы шектес аудандарында да мәлім. Айтпақшы, сырттай қарағанда бәр дәуіріндегі ескерткіштер таралған осы екі бөлек-бөлек ауданды Каспий маңы ойпатының жағалау өңірі қосып жатыр, онда да көбінесе ертедегі темір ғасырынан келе жатқан жердің жоғары қабатынан табылған материалдарға бай.

**Савромат ескерткіштері.** Батыс Қазақстанның тарихи савроматтармен байланыстырылатын ең жарқын әрі айқын археологиялық кешендері Ақтөбе облысы шегінде, Елек өзенінің орта ағысы аңғарында шоғырланған. Мәдени-типологиялық және хронологиялық жағынан алғанда бұл ескерткіштер Елек өзенінің төменгі бойындағы кешендермен біртұтас шағын топ құрайды. Бірқатар айқындамалары бойынша оларға Оралдың арғы жағындағы ескерткіштер жақын. Батыс Қазақстан облысының ескерткіштері өз сипаттамалары бойынша Төменгі Еділдің сол жағалауының кешендеріне жақындайды.

Електе көне ескерткіштер өте сирек. Олардың біреуі 100-ден астам үйіндісі бар және Орал өңіріндегі ең ірі Целинный-1 қорымында зерттелді. Дөңгелек қабір шұңқырға екі қабат етіп адам жерленген. Үстіңгі жерленген адам басын батысқа қаратып, шалқасынан қойылған, оның қасында қой жілігінің сүйектері, жапсырма қыш ыдыс, шақпақ тас жаңқасы мен жебеге толы қорамсақ, қола қаңылтыр мен темірден жасалған қорамсақ ілгіші жатыр. Астыңғы жерленген адам да осылай қойылған оның қасына да қой жіліктері, даланың ірі құсының еті және сопақша тақта тас қойылған. Бірінші өліктің үстінен мола шұңқырларының айнала жиналған топырағына төменгі ұшы тіреліп, екінші, үстіңгі өлік жерленгенге дейін өртеп жіберілген әлдебір ағаш құрылыс салынғаны анықталды. Жебелердің ұшына қарай отырып, оба б. з. б. VII ғасырдың екінші жартысында үйілген деп белгіленді.

Електегі обалардың басым көпшілігі осы мәдениеттің гүлдену кезеңіне — б. з. б. VI—V ғасырлардың аяғына жатады.

Сынтас қорымының 1-обасында ертедегі жер бетінде, бөренелерден салынған шатыр тәрізді құрылыста бастары батысқа және оңтүстікке қаратылған үш өлік (олардың екеуі жауынгер) жатыр, олар бейнебір өздерінің арасына салынып, тайыз қабірге жерленген «әскер басын» қоршап жатқан сияқты<sup>101</sup>. Өліктерге қоса салынған саймандар — қару (жебелердің қола ұштары, темір қанжарлар мен қорамсақ ілмектері), ат әбзелдері (темір ауыздықтар мен тоғалар, қола айылбастар, өткермелер және т. б.), тұрмыс заттары (қыш ыдыстар, темір пышақтар және басқалар). Сынтаста басын артқа қаратып, аузын ақситып жатқан қасқыр мүсінімен және киіктің басымен, текелердің мүсінімен және жыртқыш аңдардың басымен шебер безендерілген сүйек қасықтар ерекше.

Бесоба қорымының 3-обасының қабірі едәуір бай болып шықты, оның биіктігі 2 метрдей болатын үйіндісі бөренелерден, тал мен шөптен жасалған шатыр сияқты құрылыспен жабылған, диаметрі 6 метрден асатын, терең дөңгелек аланды жауып тұр<sup>102</sup>. Шұңқырдың солтүстік жартысында басы оңтүстік-батысқа қаратылған абыз-әйелдердің қаңқасы шалқалай жатқызылған, оның қасына алуан түрлі көп заттар, соның ішінде алқызыл құмтастан жасалған, тістері ақсиган қасқыр басының түрінде соғылған үш аяқты, құрбан шалатын үстел, қола айна, жасыл және қызыл бояу т. б. қойылған.

Алтыннан жасалған бұйымдар жиынтығында ірі қуыс түйірлермен әшек-ейленген сырғалар, алқа, моншақтар және т. б. бар.

Нагорный қорымында көп адам жерленген дромостық қабірлер тобы ерекше көрінеді. Көлемі 200–250 шаршы метрге дейін жететін орасан зор үлкен ағаш құрылыстардың астында кейде ор қазып нобайланған, 10–15 өлікті орналастыруға жететіндей көлемдегі төрт бұрышты құрылыстар бар, өліктер мазарға бөренеден жасалған арнаулы дәліз арқылы біртіндеп енгізілген. № 2-обаға он екі өлік жерленген, олардың 11-і — жауынгерлер де, біреуі — жасөспірім қыз, оларға арнаулы табыну құрылысын жапқан бөренелерге салынған 12 аттың бас сүйегі мен терісі сәйкес келеді.

Батыс Қазақстан облысында мұндай алып жерлеу құрылыстары әлі толық зерттелген жоқ. Мұнда бұрыштары иілген, кең көлемді тікбұрыш түріндегі обалар астынан жерден қазылған, савроматтарға дағдылы қабір шұңқырлары көп. Мәселен, Алебастрово-2 қорымының түбінен бастап тас қалап бекітілген үйіндісі бар 7-обасынан тікбұрышты, батыстан шығысқа қаратылған, көлемі 2,2x1,8 м, тереңдігі 1 м бір қабір шұңқыры табылды. Түбінде басы шығысқа қаратылып, шалқасынан жатқызылған әйел сүйегі жатты. Ұрылар ақтарған жерлеу саймандары үлкен екі қабыршақтан, көзді және жылтыраған моншақтардан, екі аяқты сопақша тас үстелшеден, тас ұнтақтағыштан және қой сүйегінен тұрады.

Савромат кезеңінің аяғына таман Батыс Қазақстан облысында үңгілген лақыт қуыстарға жерлеу пайда болады.

Батыс Қазақстан савроматтарының жерлеу ғұрпы Оңтүстік Орал өңірі мен Төменгі Еділ бойының савроматтық ескерткіштерінің бүкіл жиынтығына дағдылы ерекшеліктермен сипатталады. Қарастырылып отырған аумақта біршама үлкен, кең, бірақ онша терең емес, әдетте басы батыстан шығысқа бағытталған, тікбұрышты сипаттағы қабір шұңқырларына жерлеу басым болып келеді. Өліктер әдетте жеке жерленеді, қосарлап жерлеу сирек кездеседі. Сүйектер әдетте шалқасынан, басын батысқа, кейде шығысқа қаратып жатқызылады. Молалардан ақ бояу (бор) мен жанған нәрселердің іздері жиі кездеседі. Елек тобы ескерткіштерінің негізгі ерекшеліктері мыналар: ағаш құрылымдар процентінің көп болуы, олар кейде әдейі өртелген; жерлеу құрылыстарының әр алуан үлгіде болуы (тікбұрышты, дөңгелек және сопақ шұңқырлар, дромостық молалар, жер бетіне жерлеу және т. б.); көп адам жерлеудің (соның ішінде — көп қабатты) көп кездесуі, басын оңтүстікке қаратып жерленгендер процентінің жоғары болуы.

Жерлеу саймандары заттардың негізгі топтары үлгілерінің тұрақтылығымен сипатталады. Тұрмыс заттары арасында құрал-саймандардың ең көп кездесетіндері — жапсырып істелген, жайпақ түпті ыдыстар, дегенмен б. з. б. V ғасырда Електе тегіс және дөңгелек түпті ыдыстар пайда болады. Дағдылылары — кішкене немесе керісінше, көрінеу ұзартылған, жүзі шағын темір пышақтар, саздан немесе тастан жасалған ұршық бастары және т. б. Қару үстіңгі жағы жалпақ (кейде үшкір) және көбелек тәрізді, кейде алқымы дөңес темір семсерлер мен қанжарлардан тұрады. Б. з. б. V ғасырдан бастап Електе жүзі доға тәрізді және алқымы күрт кесілген сияқты семсерлер болғаны мәлім. Жебелердің екі қырлы (ертеректегі жиынтықтар) және үш қырлы ұңғылы қола ұштарынан тұратын қорамсақ кешендері ерекше көп және типологиялық жағынан алуан түрлі; олардың арасынан «сақтардың» сапты ұштары да жиі кездеседі. Қорамсақ ілмектерінің темір болуы

дағдылы. Қорғаныш жарақтарының қалдықтары өте сирек. Ат жүгендерінде тура немесе «S» тәрізді сулықтары бар темір ауыздықтар, қола айылбастар және түрі мен мақсаты әр алуан қаңылтырлар, өткермелер және т. б. көп. Заттардың көбісін өрнектегенде аң стилі жиі қолданылған.

**Алдыңғы сармат ескерткіштері.** Алдыңғы сармат (прохоров) уақытында Жайық өңірі—Еділ бойы тұрғындарының мәдениетінде елеулі өзгерістер болады. Ең алдымен, көшпелі тұрғындардың батысқа ағыла жылжуы аңғарылады. Еділдің арғы жағы мен Жайық өзенінің орта және төменгі ағысы бойындағы ескерткіштер, тегінде, көшпелілердің Електен кетуі есебінен болар, едәуір көбейген. Сапалық және сандық өзгерістер айқын біліне бастайды. Ақтөбенің төңірегінде ауқатты және ақсүйек әулеттердің мүшелері көп мөлшерде жерленген алып ағаш құрылыстары бар үлкен обалар жойылады. Олардың орнын қатардағы жауынгерлердің қатты сиреп кеткен жеке қабірлері алады. Сонымен бірге Орал ауданында көбінесе Таяу Шығыстан, Орта Азиядан немесе Римнен әкелінген ғажайып саймандар салынған едәуір бай қабірлер пайда болады.

Олардың біреуі екі қабат етіп жерленген Володарка № 4 обаның үлкен (6х3 м) моласынан табылды<sup>103</sup>. Бір қабір түгелдей дерлік қираған, шұңқырдың оңтүстік жартысындағы екіншісі тонаушылардан аман қалыпты. Жерленген адамның сол жақ жамбасында — ұзын семсер, сол қолының білезігінде сырт жағында білігі және шығыңқы сабы бар қола айна жатыр. Өлген адамның оң жағында жылқы сүйектері сақталған. Оның оң жақ білегі бес орамды алтын сым білезікпен сәнделген. Оң жақ қолының басынан орақ тәрізді ұшы бар қысқа қанжар, аяқтарының арасынан, оң жақ тізесінен күмістен жасалып, алтын жалатылған екі үлкен фалар (аттың сәндік бұйымы) табылды. Өліктің қасында қыш ыдыс тұр. Өлген адамның кеудесінде бәйекке бекітілген, қатты бұзылып кеткен жебелердің ұсақ темір ұштары бар қорамсақ жатыр.

Фаларлар эллин дәуірі торевтикасының тамаша үлгілері болып табылады. Бұлар — алтын қаңылтырмен оралған және сырт жағында бекітуге арналған үш-үштен құлағы бар, диаметрі 24 см және салмағы 500 грамға дейін жететін күміс дөңгелектер. Дөңгелектердің шетінде екі білік бар, олардың біреуі — пунсондық өрнекпен, екіншісі лавр жапырағының бейнесімен өрнектелген. Дөңгелектердің ортасында қысқа женді көйлек пен етік киген, оң қолы жоғары көтеріліп, қанатты атқа мініп жатқан еркек адам бедерленіп көрсетілген. Пырақтың алдыңғы аяқтары тепкелі тұрған жерге арыстанның, теке мен жыланның бейнесі ұштастырылған ғажайып жануар бейнеленген. Қазба жұмыстарының авторы фаларларда гректің тажал түріндегі зұлымдыққа қарсы күресуші Беллерфонт пен Пегас туралы аңызының сюжеті бейнеленген деп санайды.

Прохоров мәдениетінің жерлеу ғұрпында, савромат кезіндегі сияқты кең емес, қайта алуан түрлі басқыштармен, иіндермен және т. б. қиындатылған тікбұрышты әрі неғұрлым терең тар шұңқырлар басым болады. Жерленгендердің едәуір проценті денені орналастыруға арналған арнаулы қуыстары — лақыттары мен үңгімелері бар шұңқырларға салынады. Лақыттарының көлемі мен құрал-саймандарының молдығы жөнінен орталық қабірлері ерекше көрінетін обалар кездеседі, оларға, сірә, әулеттің аты аңызға айналған батыр бабалары жерленіп, оны жағалай туыстарының қабірлері орналастырылған болса керек. Өліктердің басы батысқа қаратып қойылудың

орнына, б. з. б. V ғасырдың өзінде-ақ Електе мәлім болғанындай, оңтүстікке қаратып қойыла бастайды.

Қабірлерде, соның ішінде әйелдердің қабірлерінде де бұрынғысынша қару көп кездеседі. Жебелердің ұнғылы қола ұштарын сабы бар темір ұштар қолданыстан бірте-бірте ығыстырып шығарады. Жауынгерлерді ұзын семсерлермен қоса қысқа қанжар қосып жерлеу сипатты бола түседі. Бір қызықтысы, бұл ретте семсердің жүзі орақ тәрізді аздап иілінкі болса, қанжардың алқымы көбінесе сақина тәрізді және керісінше жасалады. Байлардың молаларында қорғаныш жарақтары — қабыршақ тәрізді сауыттар да кездеседі; Еділ бойында ертедегі қола дулығалар табылғаны мәлім. Ол уақытқа катафрактарий деп аталатын ауыр жарақты атты әскер тән бола бастайды, ал олардың пайда болуына сарматтар да елеулі рөл атқарады.

Сол кезеңдегі және келесі кезеңдердегі көптеген қорымдарда топырақ үйіп қоршалған дөңгелек, көбінесе тікбұрышты немесе төрт бұрышты етіп арнайы салынған алаңшалар пайда болады. Бірнешеуін қазған кезде олардың табыну мақсатына арналғанын көрсетті: дуалдың ішінен от жағылған жер, керамиканың ұсақ сынықтары, жануарлардың сүйектері табылды.

Ертедегі сарматтар тарихының проблемаларымен айналысушы археологтардың көпшілігі прохоров мәдениеті Оңтүстік Орал өңірінде жергілікті савроматтардың мәдениеті негізінде қалыптасып, Төменгі Еділ бойына дайын күйінде әкелінген деп санайды. Нақ Електе және Орал сыртында б. з. б. V ғасырдың өзінде-ақ жерлеу мәдениеті мен жерлеу ғұрпында савромат мәдениеті қойнауында келесі, б. з. б. IV—II ғасырлардағы алдыңғы сармат кезеңінде үстемдік алған жаңа белгілер пайда болады. Бұларға жерленгендердің басын оңтүстікке қаратып қою, түбі дөңгелек, өрнектері көп күйдірілген ыдыстар, алқымы орақ тәрізді семсерлер мен қанжарлар, сопақша және тікбұрышты қарапайым жер шұңқырлардың орнына ақым және лақыт шығарып қою түріндегі күрделірек жерлеу құрылыстары және т. б. жатады<sup>104</sup>. Бұл көзқарасты жақтаушыларға азын-аулақ қарсы шығушылар, керісінше, Орал өңірі мен Еділ бойының алдыңғы сармат ескерткіштерінің әрқайсысы тиісінше өзінің жергілікті негізінде қалыптасқан, мұның өзі Орал өңірінен шыққандардың Еділ бойына және т. б. көшуі жөніндегі болжамның қажеттігін бекерге шығарады деп пайымдайды<sup>105</sup>.

Соңғы жылдарда алдыңғы сармат мәдениетінің хронологиясы туралы мәселе де шиеленіскен пікір алалықтарын туғызуда. Атап айтқанда, б. з. б. IV—II ғасырлардағы прохоровканың дәстүрлі мерзімін А. С. Скрипкин шамамен бір ғасырға жасартуға тырысып, жалпы жұрт қабылдаған датаның орнына б. з. б. III—I ғасырларды ұсынады<sup>106</sup>.

**Ортаңғы сармат және соңғы сармат ескерткіштері.** Бұл кезеңдердегі өлке дамуының жалпы ыңғайы — археологиялық ескерткіштер санының азаюы, ол сонау алдыңғы сармат кезеңінде-ақ тұрғындардың батыс пен оңтүстікке, отырықшы-егіншілік аймақтарға жақынырақ жерлерге ағыла көшу үрдісінің байқалғанын көрсетеді.

Ортаңғы сармат кезеңінің археологиясындағы күрделі проблемалардың бірі қиғаштап жерлеу дейтін мәселе жөнінде туындады. Термин сол кездегі қорымдарда шаршы түрдегі қабірлердің ашылып, оларда өліктердің қиғаштай салынуына байланысты пайда болды. Қазіргі уақытта жерлеу ғұрпының бұл ерекшеліктерін этникалық себептермен (мысалы, олардың иелерінің роксаландарға жататындығымен) түсіндіру әрекеттері іс жүзінде қалдыры-



лғанына қарамастан, оның себептері туралы сұраққа дегенмен де орынды жауап алынған жоқ.

Басқа көп жағынан алғанда ортаңғы сармат ескерткіштері алдыңғыларына едәуір жақын. Жерленгендердің басын оңтүстікке қаратып салу едәуір дәрежеде сақталды, өлгендердің көпшілігі бұрынғысынша тар шұңқырға жерленген. Бұл уақыт үшін ерекше дағдылы заттар бәйегі сақина тәрізді семсерлер мен қанжарлар болып табылады, мұндай сән сарматтардың көшіп баруы арқасында тіпті Орталық Еуропаға да таралған. Аң стилінде өрнектелген бұйымдар іс жүзінде жойылады. Сырттан әкелінген заттар ішінде неғұрлым көбі қола сымнан жасалған фибулалар болған, оларды өндіру орталықтары Рим империясының провинциялары болатын. Байлығы жөнінен б. з. б. I ғасырдағы Оңтүстік Бугтегі Соколов бейітіндегі сармат қабіріне жақындайтыны жоқ<sup>107</sup>.

Осы тұрғыдан алғанда соңғы сармат кезеңіндегі Батыс Қазақстан ескерткіштері неғұрлым жарқын көрінеді. Олардың ең маңыздылары Батыс Қазақстан облысының ең шығысындағы Лебедевка селосы жанындағы обаларда зерттелді. Бұл елді мекен ауданында дербес сегіз қорым, оларда бірнеше жүз оба бар. Олардың 150-ден астамы қазылды. Лебедевкадағы қабірлердің мерзімі сармат мәдениетінің түрлі даму кезеңдерімен белгіленеді, бірақ бұл қорымның атағын ең көп шығарғандары — б. з. б. IV—II ғасырлардағы ескерткіштер.

Лебедевка қорымының № 1 обасы топырақ үйіндісінің диаметрі 27 м, биіктігі 2 метрге жуық. Орталығындағы үйінді астында көлемі 3,2x2,5 м тікбұрышты қабір шұңқыры бар<sup>108</sup>. Шұңқырдың төбесі жабылған, оны қабірдің периметрлері мен ортасына көмілген 12 баған тіреп тұр. Бағандардың ортадағы қатары қабір шұңқырын екі бөлікке бөледі. Жерленген адамның қаңқасы қабір шұңқырының батыс бөлігінде жатыр. Өлік басы солтүстікке қаратылып, шалқасынан жатқызылған. Бас жағына қырлы тұтқалары бар, мойны жіңішке үлкен құмыра қойылған. Сол жақ иығында темір ожау, темір орақ және ағаш қалдықтары сақталған найзаның темір ұңғылы ұшы жатыр. Оң жағында аяғының жанында — ағаш қынды екі жүзі бар семсер. Семсер сабының алқымы дөңгелек ағатпен шектелген. Жерленген адамның киіміне жарты шар тәрізді алтын қаптапалар тігілген.

Қабірдің шығыс жағынан ұңғылы темір ұшты найза, екі-екіден шеңберлі темір және күміс ауыздығы бар ат әбзелі, тоғалар мен жүген қаптармалары табылды. Ыдыстардан табылғаны — мыс қазан, түбі дөңгелек мыс саптыаяқ, мойны жіңішке, тұтқасы иілген мыс құмыра, оның төменгі бөлігіне Дионистің басы, ал ернеуінен шығып тұрған жоғарғы жағында ұзын тұмсықты құстар қоршаған күләпаралы әбжыланның басы бейнеленген.

Шұңқырдың оңтүстік жағынан біреуінің жүзі тура, екіншісінікі иіліңкі екі темір пышақ, янтарьдың кішкене кесегі, күмістен жасалған сүзгі-тостаған және қыш ыдыстар — шырағдан, екі тостаған мен саптыаяқ табылды. Нақ осы жерден зооморфтық мүсін түріндегі төрт қырлы қайрақ тас, екі жүзді темір қанжар мен ілмекті айна кездесті.

2-обаның үйіндісі топырақтан тұрғызылған, диаметрі 21—22 м және биіктігі 1,5 м. Обаның ортасындағы үйінді астынан тікбұрышты, көлемі 3,7x2,9 м қабір шұңқыры аршылды. Ұзын жағымен ол солтүстіктен оңтүстікке қарай бағыттталып жатыр. Шұңқырдың қабырғалары әкпен ақта-

лып, қайың бағандармен тірелген. Шұңқырдың төбесі де қайың бөренелермен жабылған.

1,8 м тереңдікте ағаш тақтай үстінде әйелдің қаңқасы жатты. Осында табылған заттарға қарағанда ол ақсүйек әйел болған. Өлген әйел басы солтүстікке қаратылып, созылған күйінде шалқасынан қойылған. Бас сүйегінде түрлі-түсті тас салған ай сияқты алтын сырға бар, нақ сол жерден сүйек жанынан түйіршіктермен безендіріліп, сердолик салынған үлкен жүзік және үш алқа табылды. Бір алқа диаметрі әр түрлі (0,5—3,5 см) сопақша янтарь моншақтардан тұрады. Екінші алқа тау хрусталінен істелген дөңгелек моншақтардан құрастырылған. Барлық хрусталь моншақ — 28, олардың диаметрі — 1,5—3,5 см. Үшінші алқа он төрт қырлы 19 сердолик моншақтан тізілген. Алты қырлы 14-і де сердолик, екеуі сұр ұнтақтан, біреуі гематиттен және бы кара ұнтақтан бекіренің арқасы сияқты етіп жасалған. Жерленген адамның кеудесінен шет жақтарында дөңгелектері бар ромб тәрізді медальон табылды. Оның ортасында кедергілі эмаль техникасымен ақ және көгілдір түсті эмаль мен яшмадан шаршылап геометриялық әшекей жасалған. Әйелдің киіміне жартылай сфералық алтын қаңылтырлар және жалған түйіршіктермен безендірілген қалақшалар мол тігілген.

Молаға салынған мыс құмыраның жоғарғы жағынан Дионистің басы бедерленген тұтқасы мен еліктің иілген аяғы түріндегі әдемі сабы бар күміс қасық ерекше назар аудартады. Қабірден ортасында тесігі және қақпағы цилиндр тәрізді қуысы бар шар сияқты күміс шырағдан, кеуіп кеткен шөп сабақтарының қалдықтары бар күміс сүзгі, сақина сияқты шығынқы құлақтары бар екі қола қазан шықты. Бас жағында қола шелек тұрды, жылтыратылған қобдишаға салынған былғары қапты қола айна (диаметрі 8 см) жатты.

Қабірден тағы да бірнеше керамика ыдыс пен екі ағаш тостаған табылды. Өлікке қару да салынған. Бұл — дөңгелек ұңғылы және тікбұрышты ұзынша жүзі бар темір кельт пен белдікке байлайтын темір ілмегі бар кішкене балта.

## 7. АРАЛ-КАСПИЙ ДАЛАСЫНЫҢ ТАЙПАЛАРЫ

**Арал-Каспий аралығының географиясы мен палеоэкологиясы.** Каспий мен Арал теңіздері аралығында жатқан дала аймағының едәуір бөлігін екі кең үстіртті-қыратты өңір — Маңғыстау мен Үстірт алып жатыр: олардың біріншісі Каспийдің солтүстік-шығыс жағалауына, шығысыраққа орнала-сқан, екіншісі Арал жағалауына ұштасады. Маңғыстау жоны біршама ала-са, ал Үстірт мұқит деңгейінен 200—370 метр жоғары және биіктігі 150 метр-дей тік жар (әсіресе батысы мен шығысында) болып бітеді. Үстірттің бірша-ма тұйықтығы мен жетуге қиындығы ертедегі темір дәуірінде оның табиғи-климаттық жағдайының көрінеу ерекше болуына себепші болды. Ол кезде Маңғыстау мен Үстірттің толқын тәрізді бедері аласа тау сілемдерімен, бал-шықпен, сорлармен және құммен алмасып жататын сазды-тасты шөл және шөлейт болып келді. Одан әрі солтүстікке қарай қуаң дала, ал оңтүстікке таман, Қарабұғазгол шығанағы мен Үзбойдың (Каспийге құйылған Әмуд-арияның ежелгі арнасы) арғы жағы ақшағыл құм созылып жатыр. Соны-мен, Арал-Каспий аймағы Еділ бойының, Оңтүстік Орал өңірі мен Солтүстік Қазақстанның далаларын қазіргі Түрікменстан мен Шығыс Иранның ау-

мағындағы ежелгі өркениет аудандарымен қосып жатқан өзінше бір табиғи «көпір» болды. Алайда б. з. б. I мыңжылдықтың басы мен I-жартысында бұл аймақта тұрғындар сирек қоныстанған, мұны қуаңшылықты (ыстық, құрғақ) табиғи өңірдің қатаң жағдайымен түсіндіруге болады.

Б. з. б. I мыңжылдықтың орта шенінде, Евразияның далалық белдеуі аумағының үлкен бөлігіндегі сияқты, Арал-Каспий аймағында да елеулі табиғи-климаттық өзгерістер болды<sup>109</sup>. Бұрынғы құрғақ және континенттік климаттың орнына неғұрлым ылғалды климат орнады, оның үстіне бұл үрдіс қауырт, серпінді жүрді. Жауын-шашын мөлшерінің көбейіп, ауа райының бірсыпыра салқындауы қуаң дала өңірінің оңтүстікке ығысуына, шөптің шүйгін тартып, аймақтың суы артуына әкеп соқты. Мұның бәрі Солтүстік Қазақстан мен Орал өңірі аудандарындағы ғана емес, сонымен қатар Үстірт пен Маңғыстаудың бұрын тіршілік үшін онша жарамсыз кеңістігіндегі де экологиялық жағдайды жақсартты. Қолайлы климаттық өзгерістердің аса маңызды нәтижесі көшпелі шаруашылық өнімділігінің артуына байланысты тұрғындардың едәуір көбеюі, сондай-ақ көшіп-қону үрдісінің кең көлемде жаңаруы болды. Б. з. б. IV—II ғасырларда ең алдымен солтүстіктен және солтүстік-шығыстан, Оңтүстік Оралдың, Солтүстік Каспий мен Солтүстік Қазақстанның орманды-далалық және далалық өңірінен келген тұрғындар Арал-Каспий теңіздері аралығын белсенді түрде игере бастады.

**Арал-Каспий аймағының тұрғындары жайлы жазбаша деректер.** Б. з. б. I мыңжылдықтың орта шенінде Арал-Каспий теңіздері аралығында мекендеген тұрғындар жайлы алғашқы мағлұматтар б. з. б. V ғасырдағы жазбаша құжаттарда — Геродоттың «Тоғыз кітаптан тұратын тарихында» және парсы патшасы Ксеркстің Персепольдегі «антидэвтік» жазбаларында келтірілген. Осы тым шағын хабарларға қарағанда, дах (дай, даг), сақ, массагет және скиф тайпалары көп санды болып, көшпелі өмір сүрген, жаугершілігімен және бостандық сүйгіштігімен көзге түскен.

Көшпелі өмір салты және көптеген мемлекеттер жеріндегі соғыстарға белсене қатысуы себепті тайпаның нақты мекендеген жерін тек жазбаша деректемелердің деректері бойынша дәл анықтау қиын<sup>110</sup>. Археологиялық зерттеулер сақтардың, массагеттердің, скифтер мен дахтардың материалдық мәдениетінде айтарлықтай ортақтық (тұрмыстық керек-жарақтардың, ат әбзелдерінің, қарудың және т. б. ұқсастығы) бар екенін айқын дәлелдеп берді.

Арал-Каспий аймағында және оңтүстікке қарай дахтар (дайлар, дагтар) көшіп жүрген. Жазбаша деректерде айтылатын каспилер (гирканилер) Гиркан (Каспий) теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауында өмір сүрген және тегінде, жартылай отырықшы болса керек.

Сақ-массагеттер, дахтар мен скифтер Александр Македонскийдің Азияға жорығына және Ахеменидтердің Парсы державасын талқандауға байланысты оқиғаларға белсене қатысқан: бұл туралы мәліметтер грек-рим авторлары — Ксенофонттың, Курций Руфтың, Помпей Трогтың, Аррианның, Страбонның және басқалардың шығармаларында бар<sup>111</sup>.

Арал-Каспий аймағы тұрғындарының одан кейінгі тарихы жазбаша деректерде өте аз көрсетілген. Атап айтқанда, дайлардың бірнеше рулық-тайпалық топтарға — апарндарға (парндарға), ксанфийлерге және писсурларға бөлінгені анықталады. Б. з. б. 248—247 жылдарда Арсак (Аршак) бастаған көшпелілер — дайлар немесе парндар Парфияның үлкен бөлігін және Гирканияның онымен шектес бөлігін басып алып, онда Аршакидтер әулеті ба-

мен Елек өзені ауданында орналасқан мыс кеніші сондай кендер болуы мүмкін.

Көшпелі скиф-сармат дүниесінің басқа тайпалары сияқты, Шығыс Каспий өңіріндегі сақ-массагет металл қорытушылары да мыс негізінде алына-тын көп қосындылы қорытпалардың (қоланын) қалай жасалатынын білген және қосылатын компоненттер ретінде қалайыны, сурьманы, тотияйынды, сондай-ақ қорғасынды, никель мен күмісті пайдаланған. Бұйым металының химиялық құрамы бұйымның не мақсатқа арналғандығымен анықталды. Мыс пен қоланы өндеудің технологиялық тәсілдерінен құю (екі-үш құрамды түрде) мен қақтау кеңінен пайдаланылды. Сол кездің қабірлерінен ең көп табылғаны — жебелердің қола ұштары, ал ең ірілері — түбі конус тәрізді қола қазандар. Қола (соның ішінде алтын жалатылған) әшекей заттар, бойтұмарлар және сәндік заттар (айналар, фибулалар) кең таралған.

Қола мен темірден қарумен қоса еңбек құралдары мен аспаптар — пышақтар, біздер, шапашоттар және т. б. дайындалған. Темір аспаптардың болуы тас қашау ісін жетілдіруге жақсы жағдайлар жасады. Әк-ұлутастан тас мүсіндер, менгирлер және құрбан шалатын ыдыстар дайындалды, олар Батыс Үстірттің киелі орындарынан көп кездесті. Жерлеу-еске түсіру және ғибадат жасау құрылыстарын: тас жәшіктер мен сағаналар, молаларды жабу мен қоршау, киелі орындардың қабырғаларын және т. б. жасауға көп тас жұмсалды. Қайрайтын құралдар (қайрақ тастар), көшкенде алып жүруге қолайлы мехраптар және басқа да табыну мүліктерін дайындау үшін тастың неғұрлым қатты жыныстары — құмтас пайдаланылды.

**Діни нанымдары мен ғұрыптары.** Арал-Каспий өңірі дах-массагет тұрғындарының діни-идеологиялық түсініктері басты белгілері жағынан қола дәуіріне барып тірелетін және скиф-сармат-сақ тобының туыстас халықтарының көзқарастарынан көрінетін ежелгі үнді-иран негізі арқылы анықталды. Олардың негізінде политеизм — табиғат пен адамды Ғалам тәртіпке келтірілген шекте басқаратын басты-басты бірнеше құдай бар деген түсінік жатыр.

Дах-массагеттерде материалдық дүние элементтерінің — жартастардың, бұлақтардың, жануарлардың және т. б. жаны бар деген, сондай-ақ рухтар — табиғаттың, жануарлардың, адамдардың қамқоршысы бар деген түсініктің болғанына күмән келтіруге бола қоймас.

Дах-массагет көшпелілердің идеологиялық өмірінде өлетін және қайта тірілетін табиғат туралы түсініктермен, сондай-ақ жерлеуге табынумен тығыз байланысты ата-бабаға табынудың зор рөл атқарғаны күмәнсіз. Сондықтан адам жерленген аумақ киелі деп саналған, табынып, ара-тұра ас беріп, еске түсіру жоралғыларын жасайтын орын болған. Б. з. б. IV—II ғасырларда өлген адамдар әдетте жерден қазылған шұңқырларға (олар көбінесе тақта тастармен жабылған) немесе қырынан қойылған тақта тастардан тұрғызылатын мазарларға жерленген. Бұл орайда молаға бір емес, туыс болуы мүмкін бірнеше адам жерленген болуы ықтимал. Сол кезде адамдарды бір қабірге бірнешеден жерлеу ғұрпы таралады, бұл ретте өзінше бір тас немесе топырақ сағана болып табылатын бір жерлеу құрылысына өлген адамдар ондаған жылдар бойы жерленіп отырған. Мәселен, Дықылтас атырабындағы (Маңғыстау облысы) күрделі жерлеу құрылысын зерттеген кезде оның үш лақытынан 30 шақты адамның сүйегі табылды. Кезекті жерленетін мәйітті орналастырған кезде бұрынғы өлген адамдардың сүйектері әдетте лақыт қабы-

рғаларының біріне қарай ысырылып отырған. Б. з. б. II ғасырда — б. з. III ғасырда аймақта үңгіме қуыстарға — төбесі күмбез тәрізді және әдейі жасалған есігі бар жер лақыттарға жерлеу таралады.

Өліктің немесе оның жанының өлгеннен кейін тіршілік ететіні туралы түсініктерге сәйкес өлікті жерлеген кезде молаға оның о дүниедегі өміріне «қажетті» заттар салынып отырған. Ер адамдар жерленгенде салынатын ол заттар әдетте қару-жарақтар: темір семсер мен қанжарлар, жебелердің қола ұштары, сондай-ақ пышақтар, басқа жақтан әкелінген қыш ыдыстар болған. Әйелдерді жерлегенде әшекей заттар (моншақтар, білезіктер, жүзіктер және т. б. ), сәндік заттар (қола айналар, орамалдар), еңбек құралдары (инелер, саз және тас ұршықбастар) және керамика ыдыстар салынған.

Жерлеу құрылыстарының үстіне әдетте биіктігі 1—6 м болатын топырақ немесе тас үйілген. Сонымен бірге оба үйіндісі дүниелік тау (дүние кіндігі) идеясын айқын білдіріп, молаға орнатылған ескерткіш әрі жақсы бағдар болған. Оба үйіндісінің шет жақтары көбінесе тақта тастармен және дөңгелек орлармен айналдыра қоршалып, оның төңірегіне құрбан шалатын тас орындар, еске алатын орындар және тігінен тас бағандар — менгирлер орнатылған. Құрбан шалатын орындар — тік бұрышты немесе тостаған тәрізді, еске түсіріліп ас берілетін орындар — шеңбер тәрізді көлемі әр түрлі өңделмеген тақта тастардан салынған кішкене тас жәшік, жайпақ немесе тастан қаланған баған түрінде болған.



Б. з. б. IV—II ғасырларда ғибадатханалар тобының көптеп тұрғызылуы ата-бабаларға және ру басы — батырға табынудың маңызын ерекше айқын көрсетті. Көбінесе Батыс Үстірттен табылған осындай 20 ғибадатхананың төртеуі — Бәйте-1 және 2, Қарамөңке, Терең қазылып зерттелді<sup>113</sup>. Ғибадатханалардың ерекше белгілері олардың аумағындағы диаметрі 17 метрге дейін жететін, жете өңделмеген тақта тастардан қаланып, айналасына дөңгелете ор қазған сақина сияқты дуал түріндегі табыну құрылыстар, түрі мен көлемі әр алуан құрбан шалатын орындардың (соның ішінде көлемі 1,3x1,1 м болатын тас «үстелдердің»), еске түсіру орындарының, сондай-ақ антропоморфтық тас мүсіндер мен менгир-құлпытастардың көптігі болып табылады; кейбір жағдайларда табыну орнына көлемі едәуір оба үйілген.

Арал-Каспий теңіздері аралығындағы ғибадатханалардан табылғандары сияқты тас мүсіндер Орта Азия, Қазақстан аймағының басқа еш жерінен кездеспейді; олармен Солтүстік Қаратеніз өңірі мен Алдыңғы Кавказ скифтерінің неғұрлым ертедегі тас мүсіндерінің кейбір ұқсастығы бар. Аса ірі ғибадатханалардың аумағына орнатылған антропоморфтық мүсіндер санының көп болуы (30—40 данаға дейін) табыну кешендердің едәуір ұзаққа созылған кезең бойында жұмыс істегенін көрсетеді.


Ғибадатханалардан, сондай-ақ зираттардан құрбан шалатын тостаған тәрізді тастардың, сондай-ақ еске түсіру орындарында жағылған от іздерінің көп мөлшерде табылуы Арал-Каспий өңірінің дах-массагет тұрғындарының нанымдарында отқа (күнге) және тегінде, суға да табыну элементтерінің болғанын көрсетеді.

**Бейнелеу өнері.** Бүкіл скиф-сармат-сақ-массагет дүниесіндегі сияқты, Арал-Каспий аймағы көшпелі тұрғындарының да сәндік-қолданбалы және монументтік өнерінің ескерткіштері дүниетанымдық негізбен тығыз байланысты.

Көшпелілер өнерінде ертедегі темір дәуірінде Евразия далаларының,



Дыкылтас жерлеу-табыну кешені. Қайта құрастырған З. С. Самашев.



Дах-массагет заманының керамикалық ыдыстары (1, 2, 3, 4, 6, 7, 9 – Дыкылтас; 5, 8 – Сарыкамьс).

шөлдері мен орманды даласының мекендеушілері арасында аса кең тараған аң стилі деп аталатын бейнелер елеулі орын алған. Алғашқы зерттеулердің өзі-ақ Үстірт пен Маңғыстаудан тастар мен жартастарға көбінесе жануарлар қашап салынған петроглифтер табуға мүмкіндік берді.

Арал-Каспий аймағынан табылған сәндік-қолданбалы өнер ескерткіштері әзірше көп емес, мұның өзі жерлеу кешендері көпшілігінің тоналуына және көркемдік жағынан ерекше бағалы заттардың жоғалып кетуіне байланысты. Олардың бір бөлігін жергілікті шеберлердің жасағаны күмәнсіз, ал бір бөлігі басқа аймақтардан әкелінген. Зергерлік бұйымдар, металл заттар мен керамика көбінесе геометриялық, өсімдік және зооморфтық сарындарда безендірілген, олар жалпы алғанда Орта Азия мен Қазақстан көшпелілері өрнектерінің элементтеріне ұқсас.

Арал-Каспий аймағы көшпелілерінің монументті өнері мен ұсақ пластикасындағы антропоморфтық стиль едәуір ерекше; б. з. б. I мыңжылдықтың 2-жартысында адам тұлғасын бейнелеудің нақ тұрақты дәстүрлерінің болуы осы аймақ өнерінің ерекшелігі болып табылады. Мәселен, кейбір қабірлерден ер адамның тұлғасын бейнелейтін кішкене мүсіндер табылды, олар қамқоршы-рух, өлген адамды о дүниеге бастайтын ру басы болуы мүмкін.

Арал-Каспий аймағы көшпелілері өнерінің жарқын ерекшелігі монументтік тас мүсінінің таралуы болып табылады. Үстірт пен Маңғыстаудың (мұнда азырақ) ғибадатханаларынан табылған жүзден астам тас мүсіндердің басым көпшілігі әктастан қалап жасалған және жауынгер ер кісінің тұлғасы белгілі бір қағидамен берілген: оң қолы төмен түсірілген, сол қолы шынтағынан бүгіліп, ішін басқан. Бұл орайда мүсіндердің көлемі әр түрлі — 0,9 метрден 3,8 метрге дейін. Тас мүсіндердің көпшілігі жалпақ мүсіндердің морфологиялық үлгісіне жатқанымен, кейбіреулері ең жетік — кәдімгі мүсін сипаттамаларына толық сай келеді, мұның өзі мүсіншілердің едәуір тәжірибесі мен суреткерлік шеберлігін баса көрсетеді. Аталған ескерткіштердің ерекше құндылығы антропологиялық тұрпатты (монголоидтік белгілері бар европеоид) және бейнеленген кейіпкердің атрибуттарын этнографиялық тұрғыдан дәл көрсете білуінде болып табылады. Мәселен, мүсіндердің және басқа да бейнелеу ескерткіштерінің иконографиясына қарағанда, ақсүйек дах-массагет жауынгерінің киімі шекпен сияқты сырт киімнен, көбінесе өрнек салған жалпақ белдіктен, шалбар мен жұмсақ былғары етікпен тұрған. Жауынгердің басына кигені — қалың теріден не киізден тігілген бөрік немесе дулыға. Қару жиынтығы тура айқаспалы және ұшы тік немесе қайқы темір семсер, нақ сол сияқты қанжар және құндағы бар сигма тәрізді садақпен қорамсақты жебелерден тұрған. Қорамсақ сол жақ белдігіне, қыны бар семсер алдыңғы жағына ілінген, ал қанжар (қынымен) кішкене таспа баумен жауынгердің оң жақ беліне бекітілген. Мүсіндердің бәрінде дерлік бір не көп орамды ширатылған қалақша — мойынға тағатын алқа бейнеленген, ол скифтерде, сақтарда, сарматтар мен басқа халықтарда жоғары әлеуметтік дәреже мен билік белгісі болған; қымбат металдардан жасалған мұндай алқалар — ертедегі темір дәуіріндегі бай көшпелілер қабірлеріне міндетті түрде салынатын болған. Бейнелерге қарағанда, ақсүйек жауынгерлер алқамен бірге орама білезіктер (оң білегіне) салып, құлағына дөңгелек сырға тағып жүрген. Алтыннан соғылған мұндай заттар неғұрлым солтүстік аудандардағы сарматтар мен сақтардың қабірлерінен де кездеседі. Қарастырылып



отырған бүкіл кезең бойында Арал-Каспий көшпелілері таяудағы және неғұрлым алыс аймақтардағы тұрғындармен тұрақты және алуан түрлі байланыстар жасап отырған. Мәселен, дах-массагеттердің материалдық мәдениет заттарының кешенін (қару-жарак, ыдыс және т. б.) Оңтүстік Жайық өңірі мен Солтүстік Каспий өңірі сарматтарының зат кешенімен бірдей деуге болады, мұның өзі аталған этникалық-мәдени топтардың тектестігі және көшпелілердің негізгі көпшілігінің Үстірт пен Маңғыстауға солтүстіктен келгені туралы тұжырымға толық сәйкес келеді. Антропологиялық және лингвистикалық деректер Арал-Каспий аралығын мекендеушілерінің Орал өңірінің сарматтарымен ғана емес, сонымен қатар скиф-сармат-сақ тобының жақын туыс тайпалары мен тайпалар бірлестіктерінің тұтас тобымен де генетикалық туыстығын сөзсіз дәлелдейді. Жерлеу-мәдени кешендердің кейбір ерекшеліктері дах-массагеттердің Солтүстік Қазақстанның көшпелі халқымен қарым-қатынасын да көрсетеді.

Б. з. б. I мыңжылдықтың 2-жартысында Арал-Каспий маңы көшпелілерінің оңтүстікке және оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан мемлекеттік құрылымдар — Хорезм, Парфия, Маргиана және т. б. көршілерімен түрлі қарым-қатынасының едәуір жанданғаны байқалады. Бұл орайда ол олжа табу үшін шапқыншылық жасау, жалдамалылық және басқалары түріндегі әскери белсенділік қана болған жоқ. Көшпелілер өздеріне қажетті жоғары сапалы қолөнер өнімдерін, ал қоғамның үстем топтары оның үстіне сән-салтанат заттарын да алып, мал шаруашылығы өнімін: жүнді, етті, теріні, жылқы мен малды айырбасқа беру үшін де егіншілікті аудандардың отырықшы тұрғындарымен сауда-экономикалық байланыстар жасауға белгілі бір дәрежеде мұқтаж болды. Мәселен, Үстірттің жерлеу кешендерінен табылған материалдарға қарағанда, көшпелілер Хорезмнен қымбат бағалы металдардан, шыны мен қоладан жасалған сәндік заттар ғана емес, сәнді қыш керамика да алып отырған.

## **8. САҚ ДӘУІРІ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ТҰРМЫСЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ**

### **Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына өту**

Ертедегі халықтың ұлан-байтақ далалық, таулы-далалық және шөлейт кеңістіктерді игеру дәуірі, Европа мен Азия далалары тайпаларының шаруашылық кәсібінің жаңа формасы — экстенсивті мал шаруашылығының қалыптасу дәуірі б. з. б. I мыңжылдықтың бас кезімен байланысты.

Қазақстан аумағында мал шаруашылығы шаруашылықтың жетекші саласы ретінде қола дәуірінде орнықты. Алдыңғы андронов кезінде-ақ отырықшы тайпалардың кешенді шаруашылығы, үй жанында мал өсіру, кетпенді егіншілік, аң және балық аулау пайда болған. Алғашқы кездерде бұл бірыңғай өндіруші шаруашылық болды, онда мал шаруашылығы мен егіншілік әлі де дербес өндіріс салалары ретінде бөлінбеген

еді. Б. з. б. II мыңжылдықтың ортасына қарай көрініс өзгерді: шаруашылықта, археологиялық деректердің көрсетіп отырғанындай, алыс жерлерге көшуге және қыстыгүні тебінгілі жайылымға бейімделген қой мен жылқы сияқты жануарлардың үлес салмағы күрт өседі. Тұрғындардың көшіп-қонуы артып, далалық жайылымдық алқаптарды игеру үрдісі жүріп жатты. Мал шаруашылығының жеделдете дамуы барысында ежелгі тұрғындар арасынан шаруашылықтың осы саласымен айналысатын бақташы тайпалар бөлініп шықты. Қазақстан аумағында б. з. б. II мыңжылдықтың орта шенінде болған тұңғыш ірі қоғамдық еңбек бөлінісі шаруашылық қызметінің жаңа түрі – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының біржола қалыптасуы үшін қажетті алғышарттар жасады.

Б. з. б. I мыңжылдықтың бас кезінде-ақ Қазақстанның далаларында, шөлейт және таулы аудандарда жартылай көшпелі және көшпелі мал шаруашылығы негізгі, ал содан соң үстем шаруашылық түріне айналады. Мұндай өзгерістер бірқатар себептерге байланысты еді, ал олардың ішіндегі ең бастысы бір-бірімен аса тығыз байланысты табиғи-географиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлар болатын.

Б. з. б. II мыңжылдықтың аяғы мен I мыңжылдықтың басында, басқа далалық аудандардағы сияқты, Қазақстанда да климат өзгеріп, ол барған сайын қуаң тарта берді. Табиғи су көздері кеміді, оның өзі үлкенді-кішілі өзендердің жайылмаларында егіншіліктің өрістеуін тежеді, ал кейбір аудандарда оны күрт қысқартты. Уақыт өткен сайын малшылық-егіншілік тайпалары ішінде үздіксіз көбейе түскен халық пен өндіргіш күштердің осы халықты күнкөріс құралдарымен қамтамасыз ете алмайтын үйлесімсіз төмен деңгейі арасында сәйкессіздік пісіп-жетіле бастады. Ежелгі тайпалар өз өндірісін тез жетілдіре алмады да, орын алған жағдайдан шығудың жолы бір ғана нәрсе – жер аумағын кеңейту деп білді. Қазақстанның суы аз жерлердегі суармалы егіншілікті дамытуға мүмкіндік бермеген далалық аудандары халқының көпшілігі үшін алғашқы экономиканың халық саны артуының өндіргіш күштеріне қысымын жоятын бірден-бір бағыты мал шаруашылығының көшпелі және жартылай көшпелі түрлеріне ауысу болды. Орасан-зор жайылымдық алқаптары жағдайында мұндай шаруашылық бағыты мүмкін әрі тиімді болған еді.

Көшпелі мал шаруашылығына көшу дала мен шөлді жерлердегі тайпаларының өмірінде экономикалық ірі прогресс, алғашқы қоғамның өндіргіш күштері дамуына ілгері басқан қадам болды. Адам еңбегі неғұрлым өнімді бола түсті, өйткені шаруашылықтың мамандандырылуы мал, сондай-ақ ет, сүт, тері, жүн және т. б. түрінде артық өнім өндіруге кең мүмкіндіктер ашып берді.

Өнімдердің артығын қорға жинау және иемдену мүмкіндігі көбейді, мал және мал шаруашылығы өнімдері көп ұзамай айырбас құнына ие болды да, мал өсірушілер мен егіншілер арасындағы айырбастың дамуына жағдай жасады.

Ұлан-байтақ кең даланы шаруашылық тұрғысынан игеруге б. з. б. I мыңжылдықтың басында ерекше кең өріс алған жылқы шаруашылығының тез өсуі себепші болды. Дала тұрғындарының мініс атын пайдалануы, атты әскердің пайда болуы жекелеген аудандардың мәдени-шаруашылық жағынан томаға-тұйықтығын бұзды, сөйтіп көршілерімен, шалғай тайпалармен,

халықтармен, мемлекеттермен экономикалық және мәдени байланыстар жасалуын қамтамасыз етті.

### Мал шаруашылығының түрлері

Ежелгі авторлардың еңбектерінде Евразия далаларындағы мал өсіретін тайпалардың шаруашылығы мен тұрмыс салты сипатталады. Оларда «Суы мол, шөбі шүйгін өріс қарап, бір жерден екінші жерге көшіп-қонып жүреді» деген бір ғана тұжырым жиі қайталанатын. Мұндай жадағай суреттеу көне заманның мал шаруашылығының сан алуан типтері мен формаларын ашып көрсетпейді. Археология және этнография деректері сол уақытта мал шаруашылығының негізгі үш түрі: көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы түрлері болған деуге мүмкіндік береді. Мал шаруашылығының сипатына сәйкес шаруашылықтың басқа салаларының үлес салмағы да өзгеріп отырған<sup>114</sup>.

Шаруашылықтың бірінші түрі Батыс және Орталық Қазақстанның құрғақшылық далаларында, шөлдері мен шөлейттерінде жыл бойы көшіп-қонып жүруге негізделді. Бұл жерлерде егіншілік дами қоймады, ал шөп шабу аздаған жерлерге ғана тарады. Негізінен қой, түйе мен жылқы өсірілді, ірі қара аз болды. Тайпалар өздерінің малымен бойлық бағыт бойынша да, ендік бағыт бойынша да шалғай қашықтықтарға киізбен жабылған күркелі арбаларда топ-топ болып көшіп-қонып жүрді. Жылдың суық мезгілін көшпелілер жел мен күшті борасыннан ықтасын құм жоталарының ығына орналасқан қыстау-тұрақтарда не үлкенді-кішілі дала өзендерінің жағаларында өткізді. Бұл тұрақтарда олар ұзақ тұрақтамады, көшпелілер тағы да көшіп, келесі қыстауға қолайлы жайылымдар тандап, жаңа жайылымдық жерлерді игере берді. Шаруашылықтың қосалқы салаларынан аң аулау ерекше дамыды.

Екінші, жартылай көшпелі шаруашылық түрінде қыстап шығатын тұрақты үйлер болды, мұнда мал өсірушілер жыл сайын қыстауға оралып отырды. Шаруашылық кәсібінің бұл түрі Тянь-Шань және Алтай таулары сілемдерімен қоса Жетісу және Шығыс Қазақстан аудандары сияқты дала, орман және биік тау араласып отыратын шөбі шүйгін өңірлерде кең таралды. Маусымдық жайылымдар бір-бірінен онша қашық болған жоқ, сондықтан шаруашылықтың бірінші түріне қарағанда көшіп-қонатын жерлердің арасы біршама жақын болды. Бәрінен де көшіп-қонудың тік әдіс деп аталатын түрі кең тарады: өзен бойларындағы қыстаулардан тау баурайларындағы көктемгі жайылымдарға, одан әрі биік таулардағы шөбі шүйгін жайлауларға көшетін болды. Осыған байланысты Жетісуда, Шығыс Қазақстанда және табиғи-климаттық жағдайлары осыларға ұқсас басқа аудандарда жерді қауымдық-рулық және тайпааралық шекаралар көлемінде пайдаланудың жайылымдық жерлер мен су көздерін әр маусым үшін бөліп отырумен сипатталатын көшпелі-жайылымдық жүйесі өте ертеде, б. з. б. I мыңжылдықтың басында қалыптасты. Қыстау маңындағы жерлерде тәлімі егіншіліктің маңызы сақталды, оларда әдетте тары, арпа, бидай өсірілді. Қой және жылқы шаруашылығы ірі қара өсірумен толықтырылды. Пішен дайындалып, малдың неғұрлым бағалы тұқымдарын қыста қолда ұстау мүмкіндігі туды. Қыстауларда ұзақ уақыт болу ағаштан, тастан, қамыстан жылы тұрақты тұрғын үй салуды керек етті. Іле өзеніндегі Бесшатыр қорымын қазған кезде бөре-

неден қаланған үлкен қималардың және киіз үй тәріздес құрылыстардың шығуы тұрғын жайлар салу дәстүрі болғанын көрсетеді.

Мал шаруашылығының үшінші түрі — отырықшы мал шаруашылығы бөрінен де гөрі Оңтүстік Қазақстан аудандарында Сырдария, Шу, Талас, Арыс өзендерінің бойында, Қаратау жотасы баурайларында, табиғи су қоймалары мен кең-байтақ шабындық алқаптары бар жерлерде кеңінен тарады. Табиғат жағдайлары және Соғды мен Ферғананың егіншілік орталықтарына жақын орналасуы шаруашылықта суармалы және тәлімі егіншіліктің басым болуына, халықтың тұрақты отырықшылануына, әсіресе б. з. б. I мыңжылдықтың аяғында, мал өсіретін ірі қауымдардың жерге жаппай отырықшылануы кезеңінде ірі-ірі егіншілік қоныстарының ерте пайда болуына себеп болды. Ішінде ірі қара әжептеуір көп болған малды көктемгі-жазғы және күзгі жайылымдарға жайып, бағу жұмысын егіншілік-малшылық қауым шеңберінде жекелеген отбасылар атқаратын болды.

Әрине, бұдан кейінгі уақыттағы сияқты ежелгі жайылымдық-экстенсивті мал шаруашылығының барлық үш түрі арасында да айқын шекара болған жоқ, оқшауланған экономикалық аудандармен тұйықталып қалмады. Шаруашылықтың түрлі полюстері — егіншілік пен мал шаруашылығы арасында ғана емес, шаруашылығы әр кезде тұтас бір типті болмаған әрбір табиғи-климат аймағы ішінде де тұрақты өзара қарым-қатынастың күрделі үрдісі болып жатты.

Ол кездегі экономиканың ала-құла болуының тағы бір себебі сақ тайпаларының бөлінуі шаруашылық жағынан бөлінуіне көбіне сәйкес келмеуіне қоса, неғұрлым кең ұғым болатын. Туыстас тайпалардың бір тобының көшпелі мал шаруашылығымен айналысуы, ал екінші тобының егіншілік дәстүрлерін сақтауы жиі кездесетін. Мәселен, Орталық Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығының басым болуымен бірге Қарқаралы, Баянауыл, Қызылтас, Ұлытау, Шыңғыстау таулы-орманды алқаптарында сірә, жартылай көшпелі мал шаруашылығы болған. Ертістің далалық өңірі мен Таулы Алтайдың туыстас тайпаларында мал өсіретін шаруашылықтың нұсқалары әртүрлі. Солтүстік Қазақстанның орманды-далалық аудандарындағы мал өсіретін шаруашылық отырықшы және жартылай отырықшы шаруашылық болды деуге көбірек келеді. Елек, Үлкен Қобда, Ор өзендері жағалаулары бойында бірнеше шақырымға созылған обалы қорымдардың көп болуы солтүстік-батыс Қазақстанның савромат тайпаларының мал өсіретін шаруашылығының жартылай көшпелі сипатта болғанын дәлелдейді, өйткені олар өз зираттарын маңындағы малшылардың бәрі сияқты тұрақты қыстайтын жерлеріне жақын салған. Савроматтар тайпаларының нақ сол одағына кіретін Солтүстік Каспий өңірін мекендеушілер «таза» көшпелілер болды.

Жартылай көшпелі мал шаруашылығы негізінен суармалы егіншілік пен отырықшылық кең тараған аудан — Оңтүстік Қазақстанда да дамыды. Жартылай отырықшы сақ тайпаларынан Түгіскен мен Ұйғарақ сияқты үлкен-үлкен обалы қорымдар қалған.

Алайда малдың басым көпшілігін жыл бойы жайып бағу болып табылатын шаруашылықтың жайылымдық-экстенсивті сипаты мал шаруашылығы экономикасының барлық нұсқаларының ортақ сипаты болды. Ертедегі мал өсірушілердің шалғай жайылымдарға айдау мен тебінге, қысы суық климат жағдайларында азығын қардың астынан аршып жеуге бейімделген мал тұқымдарын өсіріп шығаруға ерекше назар аударуы тегін емес.

Сақтардың мал шаруашылығының негізгі бағыты қой шаруашылығы болды. Бұған зерттелген обалардың көпшілігінен қой сүйектерінің — ет тағамдары қалдықтарының табылуы дәлел бола алады, ал б. з. б. I мыңжылдықтың орта шеніндегі грек авторы Хэрил сақтарды қойшылар деп атаған.

Қой етті мал ретінде ғана өсірілген жоқ, одан киіз басу, арқан есу үшін және жіп иіру үшін жүні де пайдаланылды. Бесшатыр обаларынан табылған заттар дәлелдеп отырғанындай, сақтар киіздің неше түрін: киіз үйге ұстауға және жерге төсеуге арнап қарапайым қалың, қара киіздер және киім мен бас киім тігу үшін жұқа әрі жұмсақ талдырма киіздер баса білген.

Обалы қабірлерден шыққан мал сүйектерін зерттеу осы заманғы қазақтың күйрықты және ұяң жүнді тұқымдарына жақын қой өсірілгенін көрсетті. Отарда қылшық жүнді қой басым болған, бірақ биязы жүнді қой да өсірілген.

Көшпелі малшы және жауынгер сақтың тұрмысында жылқы үлкен рөл атқарды. Сақ заманындағы жылқының екі тұқымы болды. Тез семіретін және қысқы тебінге әбден төзімді, жатаған тебін жылқысы ең көп тараған тұқым болды. Олар жабы (берк)<sup>115</sup> тұқымдас далалық қазақ жылқысына ұқсас еді. Сақ жауынгерлері мен ақсүйектерінің қабірлерінен жылқының шоқтығы биік, міністік тұқымы да (Пазырық, Тасмола)<sup>116</sup> ұшырасады.

Жауға мінетін ең жақсы сайгүліктерге ерекше күтім қажет болды, оларды көшпелілер айрықша жоғары бағалады, сірә, оған тек ру-тайпа ақсүйектерінің қолы жететін болса керек. Олар жауынгердің жеке меншігінде болды және иесі өлсе, бауыздалып, оның жеке заттарымен бірге көмілген.

Тегінде, Қазақстан мен Алтай аумағының ертедегі тұрғындары жергілікті тұқымдарды Орта Азия тұқымдарымен будандастыру әдісін білсе керек, бұған қоса жергілікті далалық малдың жақсыларын тұқымға қалдырып отыратын болған. Оларды әдейі іріктеп алынғанын Страбонның хабарынан аңғаруға болады<sup>117</sup>.

Табылған сүйектердің біршама аздығына қарамастан, Қазақстанның орманды-далалық және таулы-далалық аймақтарында сиыр малын да өсірілген деуге болады. Шөлдер мен шөлейт жерлерді мекендеген сақ малшылары айыр өркешті түйе өсірген. Б. з. б. II мыңжылдықтың орта шенінен бастап ақ қолда өсірген түйелердің сүйектері Қазақстанның андроновтық тайпаларының қоныстары мен қорымдарында (Атасу, Усть-Нарым, Алексеевка) кездеседі. Бұл түліктің көптеген бейнелері Қазақстанның оңтүстік және орталық аудандарының жартастағы суреттерінде көп кездеседі. Айыр өркешті түйенің бейнесі сарматтардың қола және сүйек тоғаларында, Бактрия теңгелері мен Алдыңғы Азия сарайларының бедерлерінде жиі ұшырасады, ал оның сүйектері Соғды мен Хорезмнің отырықшы-егіншілік қалаларының жұртын қазу кезінде табылды.

Сақ заманында доңғалақты транспорт та одан әрі дамыды. Қаратау жотасы мен Шу-Іле тауларының (Таңбалы, Қойбағар, Арпаөзен) жартастарындағы суреттері, Таулы Алтайдың обаларынан табылған заттар жүк арбалары мен соғыс күймелері сияқты көлік түрлері болған деуге мүмкіндік береді. Жүк арбалары екі, төрт және алты доңғалақты болған. Олар жөніндегі мәліметтер жазбаша деректемелерде сақталған. Мәселен, Гиппократ скифтердің тұрмысын суреттей келіп, былай деп көрсетеді: «Арбалар өте шағын, төрт доңғалақты болады. Басқа бір алты доңғалақты арбалар киізбен жабылады; үйге ұқсас екі және үш қабат киіз жабылған күркелі арбалар жасалады, олар жаңбыр мен желден пана болады... Бұл арбаларда балаларымен

әйелдер тұрады, ал ерлер қашанда ат үстінде болады»<sup>118</sup>. Мұндай арбаларға өгіздер, аттар мен түйелер жегілген.

Соғыс және аңшылық күймелері әрқашанда екі доңғалақты және доңғалақтар құрылысының мейлінше әр түрлі болуымен ерекшеленген. Олардың ең ертедегілері андронов кезеңінің арбаларына орнатылған тұтас доңғалақтардың орнын басқан төрт шабақты доңғалақтар болды.

Қазақстанның оңтүстік аудандары мен Жетісудың жартастағы суреттерінде ұшырасқан күймелер мен жүк арбалардың көптеген сұлбалары соңғы андроновтық тайпалар мен сақ тайпаларында осындай көлік түрлерінің тарағанын көрсетеді. Солтүстік Қаратаудың жартастарынан жеңіл күймеге жегілген қос аттың ілуде бір ұшырасатын суреті (Қойбағар қойнауы) және осындай арбамен жүріп аң аулаудың сирек кездесетін көрінісі (Арпаөзен қойнауы) табылды. Соғыс күймелеріне көбіне ат жегілген. Алдыңғы Азиядан, Кавказдан, Шығыс Европада және басқа да аудандардан осындай ондаған суреттер табылды. Ат жегілетін күймелер туралы көптеген деректер ежелгі иран және ежелгі үнді текстерінде — Авестада, Ригведада, Махабхаратада бар, олардың Қазақстан жерінен де көп табылғаны мәлім. Сонымен бірге одан түйе жегілетін соғыс күймелері табылды.

Ежелгі сақ заманының жүк және соғыс арбаларына тән ерекшелік — көлік жегудің тертелі деп аталатын қарапайым әдісі болды: қос ат немесе түйе айыр тертеге жегілді, не тертенің ұшына бекітілген мойынтұрықтың екі жағына салынған қарапайым қамытқа жегілетін болды. Мұндай әдіс жартастардағы суреттерде жақсы көрсетілген. Тертелі, құрылысы күрделі әсем арбаның тамаша үлгісі Пазырық-5 обасынан мәлім<sup>119</sup>. Б. з. б. VI—V ғасырларда тертелі құрылымдарды неғұрлым қолайлы әрі төзімді жетекті құрылымдар ығыстырып шығарды, Әмудария көмбесінен табылған күйменің алтын көшірмесінен-ақ көлік жегудің осы жаңа тәсілі аңғарылады<sup>120</sup>.

Шаруашылықтың жетекші түрлері — мал шаруашылығы мен егіншіліктен басқа бірқатар сақ тайпаларында қосалқы кәсіп ретінде аңшылықпен балық аулау кәсіптері де қоса жүрді. Жартастағы суреттер таулы-далалық тайпаларда аңды салт атпен қаумалап аулау, иттердің көмегімен қуып аулау болғандығын көрсетті. Таутеке, арқар, қабан, бұғы, бұлан, дуадақ ауланған.

Балық аулау Ертіс жағалауында және Страбон «батпақты, аралды ел» деп атаған Сырдария атырауында тарады. Қуандария мен Жаңадарияның көне арналары бойындағы қоныс жұрттарынан балық аулайтын көптеген құралдар табылды.

## Қолөнер

Сақтардың тұрмысында үйдегі өндірістің үлкен мәні болды. Еңбек құралдарын, киімдер, қару-жарақтар, тұрғын үйлер, түрлі аспаптар жасауға керекті шикізаттардың көпшілігін ертедегі мал өсірушілер жергілікті жерде өндіріп, өндеді. Өнерлі шеберлер өз қауымы мүшелерінің қажет заттарын жасап беріп, оған айырбасқа ауыл шаруашылық өнімдерін алды. Қауым ішіндегі айырбасқа қоса руаралық және тайпааралық айырбас та қенінен тарады. Кен-руда шикізаты, бірқатар шаруа-

шылық бұйымдары, әшекейлер кейде шалғай жерлерден тасып әкелінді. Бірақ неғұрлым кейінгі уақыттағы қолөнер өндірісінен айырмашылығы — сақ қолөнері түрлерінің дамымағандығымен және мал шаруашылығына тығыз байланыстылығымен ерекшеленеді, үй кәсібі де жақын болып, бөлініп кете қойған жоқ.

Б. з. б. I мыңжылдықтың басы бұрынғы КСРО аумағының оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарын мекендеген тайпалар мен халықтар үшін адамға темір қызмет көрсете бастаған заман болды.

Қазақстан, Орта Азия және Сібір аумағының ертедегі халықтары өздерінің батыстағы көршілері — скиф-сармат тайпаларына қарағанда темірмен неғұрлым кейінірек танысты деп топшыланатын еді<sup>121</sup>. Мәселен, Геродот массагеттер тайпаларын суреттей келіп, «темір және күміс олардың күнделікті тұрмысында мүлде жоқ, өйткені бұл елде ол металдарды атымен кездестірмейсің. Мұның есесіне онда алтын мен мыс мол» деп тура айтады<sup>122</sup>. Алайда, зерттеудің көрсеткеніндей, мұндай пікір тым асырып айтылған пікір болып шықты. Б. з. б. I мыңжылдықтың басында Қазақстан аумағының ертедегі тайпалары қызыл және қоңыр темір тасы, магнитті темір жылтыры сияқты тез балқитын кен түрлерімен таныс болған. Мұны Қарқаралы қаласына жақын Суықбұлақ қоныс-жұртын қазу кезінде Тоғай-1 кенішінен табылған жақсы сұрыпталған темір кенінің үйіндісіне қарап білуге болады<sup>123</sup>. Б. з. б. VII—VI ғасырларда темірден соғылған бұйымдардың Орталық Қазақстан мен Жетісу обаларынан табылған едәуір жиынтығы (темір қанжарлар, пышақтар, жүген әшекейлері), сондай-ақ Аралдың шығыс өңірінің ертедегі сақтар тұрақтарындағы тікелей рудадан алынған темір балқымасының (кесектер мен қокыстар) көптеген іздері де осыны дәлелдейді<sup>124</sup>. Қазақстанның бірқатар аудандарында, негізінен орталық бөлігінде (Шығыс Қарқаралы аймағы) темір өндірілген ескі орындар сақталған, олардың біразы сол кезде пайдаланылған<sup>125</sup>.

Дегенмен, ежелгі Қазақстанда мыс пен қалайы өндіру неғұрлым басым болды. Саяқ пен Жезқазғандағы, Қалба мен Нарымдағы ірі-ірі түсті металлургия орталықтарынан алынған құрамында күшала және қалайы бар қоладан жасалған жоғары сапалы қола бұйымдары темір бұйымдарынан кем түскен жоқ, сондықтан адамдар темірден көміртегі мол болат қорытуды үйренген кезде барып қана қоланың орнына темір қолданылатын болды.

Сақ заманында кен ісі мен руда шикізатын алғашқы өндеу техникасы андронов дәуірімен салыстырғанда едәуір ілгеріледі. Сақ тайпалары әсіресе қола құю ісі мен басқа металдарды өндеу техникасында елеулі табыстарға жетті.

Өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарға арнап алуан түрлі бұйымдар жасалды. Құйма қалыптар ретінде қыш, металл, кейде тас пайдаланылды. Жебенің құйма ұштары мен қанжарлар жасау үшін олар екі немесе үш ұялы жармалардан тұратын қарапайым құйма қалыптарды қолданды, сақ металлургтері металл бұйымдарын жасаудың «жойылатын үлгі» тәсілімен құю сияқты күрделі әдістерін де білген. Оның мәні балауыздан немесе тоң майдан үлгі жасап алып, оның сыртын балшықпен қаптау болатын. Балшық кепкеннен кейін қалып тұтас қыздырылып, еріп кеткен балауыздың немесе майдың орнына металл құйылады. Нақ осындай тәсілмен ірі бұйымдар: үлкен мыс қазандар, құрбан шалатын үлкен үстелдер, үлкен қоңыраулар құйылды. Құйма қалыптарда олардың салмақты жармаларын бөлетін тіректер

ретінде құбырлар деп аталатын арнайы істелген кішкентай цилиндрлер қолданылды. Жануарлардың қуыс мүсіндерін жасау үшін мәнерлі біліктер мен құйма жалғамалар пайдаланылды. Құйып жасалған заттардың көбі кейін қырналып, тегістелді, қажет жерлері бұрғымен тесілді.

Қалайымен аптау техникасын меңгеру ертедегі құюшылардың елеулі жетістігі болды. Қалайымен апталған бұйымдар онша таттанбайды әрі көпке шыдайды.

Сақ металы арасында қола және мыс қазандар, құрбан шалғыштар мен шырағандар жиынтығы ерекше көп орын алады, олар Жетісу сақтарының өнері мен көркем құймаларының жалпы жұрт таныған ескерткішіне айналды. Металл өңдеудің жоғары деңгейі мен көркем құйма өнері сақ заманы қола индустриясы гүлденген кезең болғанын дәлелдейді. Шаруашылықтың жаңа түрлері, мәдениеттің біршама биік деңгейге жетіп дамуы, тұрмыстың қиындауы келе-келе еңбек құралдарының, қару мен тұрмыс және табыну заттарының алуан түрлі болуын талап етті. Алайда қола дәуірінің шой шүйделі балталары, пальстав сияқты шоттары, қырлы және ұшты қашаулары, жетісулық үлгідегі деп аталатын орақтары сияқты қола бұйымдарының ең мінсіз түрлері сақталып қалды.

Ертедегі құймашылар ат-тұрманын, қару-жарак пен тұрмыстық керек-жарактар жасауға ерекше назар аударды. Көне сақ заманының жүгендері ебедейсіз әрі күрделі болатын. Оның қола ауыздықтары екі ұшы кішкентай үзенгі тәріздес етіліп жасалды. Үзенгі тәріздес ауыздықтар жүген жақтауларына айшықтармен жалғастырылды; үш тесігі немесе ілгегі бар бұл айшықтар қоладан, сүйектен, мүйізден жасалды.

Б. з. б. V ғасырдан бастап жүгендер барынша ыңғайлы етіліп жасалатын болды; ауыздықтардың ұштары шығыршықталып, екі тесікті айшықтар шықты, тұтас алғанда жүгеннің құрылысы біршама қарапайым бола түсті. Осы уақыттан бастап ауыздық темірден жасалатын болды. Ат әбзелдерінің басқа да көптеген керек-жарактары: айылдың құйма тоғалары, қаңылтыр қаптырмалар, тартпалардың айқасқан жерлеріне арналған алуан түрлі өткермелер де мәлім.

Сақтардың қару-жарағы жебелі шағын садақтардан, парсылар ақинақ деп атаған, шабуға да, түйреуге де ыңғайлы қанжарлардан, ұзын семсерлерден, сүйменшелер, найзалардан және бітімі әр түрлі (бір жағы істік не жалпақ жүзді, екінші жағы балға секілді ұзын сапты қарулар) жауынгерлік балталардан тұрды. Сақ жауынгерінің сауыт-сайманы қоладан істелген дулығадан, шағын қалқаннан және жебе салынған қорамсақ ілінген белдіктен тұрды. Жебелердің ұшы әр түрлі: қоладан жасалған неғұрлым ертедегі ұнғылы және қысқа сапты түрлері болды. Ұнғылы түрлері сүйір жапырақ тәрізді, ромб тәрізді немесе бір жағы сүйір ромб тәрізді болды. Жебелердің сапты ұштарының қанды басы үш қырлы етіліп жасалды.

Б. з. б. V ғасырдан бастап Қазақстан аумағында, сірә, скифтерден ауысқан болса керек, қанды басы үш қырлы, ұнғылы жебелер тараған. Жебелердің ұштары көптеп жасауға неғұрлым ыңғайлы болу үшін біркелкі түрде келеді де, бұрынғы үлгілер біртіндеп қала бастайды. Темірден жасалған жебелер шыға бастайды, бұлардың бастапқылары үш қырлы сапты қола ұштардың бітіміне ұқсас болды. Біздің заманымыздың II—III ғасырларында темір жебе ұштары барлық жерде тарала бастайды.

Б. з. б. VII—VI ғасырларда соғыс қанжарлары қоладан құйылды. Алға-



шқы ақинақтардың ерекше белгісі саңырауқұлақ тәрізді қалпақша немесе шомбал кесек бәйегі, көлденең келген сопақша қалағымен немесе қол тірейтін қырымен қоса құйылған сабы болды. Кейбір ақинақтар, мәселен, Нұрманбет-4 қорымынан табылған ақинақ өте шебер жасалған<sup>126</sup>. Неғұрлым кейінгі кезеңдегі қанжарлардың тұтқыры б. з. б. VI ғасырдың аяғынан бастап ұштары төмен немесе жоғары қараған айшық түрінде болды. Тұтқырлар көбінесе ғажайып жыртқыш құс — самұрықтың бас бейнесімен безендірілді немесе сақиналанып тұйықталды. Мұндай қанжарлардың бәйектері бітімі жағынан көбелектің қанатына ұқсас болды немесе қарапайым қалақша тәріздес жасалды. Патша қабірлерінен (Есік) табылған семсерлер мен қанжарлар алтынмен апталған. Б. з. б. VI ғасырдың аяғында-ақ темірден не қола аралас темірден жасалған қанжарлар кездеседі. Солтүстік Қазақстандағы Айдабол қорымынан табылған ақинақ осындай қоспа металдан жасалған қанжарлардың мысалы бола алады<sup>127</sup>. Б. з. б. IV—III ғасырлардан бастап соғыс қанжарлары тек темірден ғана жасалатын болды.

Қорамсақтар мен ақинақтар әдетте жауынгерлердің белдіктерімен бірге табылады. Сақтардың белдіктері салмақтылығымен ерекшеленген, әдетте құрастырмалы болып, іші қуыс ірі қола қаптырмалардан тұрған. Мұндай қаптырмалардың сыртқы беті ою-өрнекпен әшекейленді, кейбіреуі мүсіндер тәріздендіріліп жасалды.

Тұрмыстық керек-жарақтан ең көп табылатыны — пышақтар. Олардың бәрінің де жетесі шағын тікше, сабының ұшы дөңгелетіліп жасалған немесе тура сабының өзіне дейін тесілген болады. Б. з. б. VI ғасырдың аяғында-ақ қола пышақтардың орнына түгелдей дерлік темір пышақтар жасалатын болды. Темір пышақтар ең қарапайым әдіспен — б. з. б. VII—V ғасырлардан-ақ қолданыла бастаған темірді суықтай соғу әдісімен жасалады. Б. з. б. VII—VI ғасырлардан бастап салмақты, жиегі шығыңқы, дөңгелек табақша қола айналар кеңінен тарады. Олар айнаның сыртына орнатылған ілмегімен әйелдердің белдіктеріне ілінді. Б. з. б. V—IV ғасырларда олардың орнына дөңгелегі жайпақ және жиегінде қарапайым тұтқасы бар айналар шықты. Елеулі бір нәрсе, сақ айналарының өзінің алдындағы андронов айналарынан айырмашылығы — олардың бетіне балқытылған қалайы жалатылған, мұның өзі оларды жылтыратып тұрған.

Сақ заманында металл әндеумен бірге қолөнердің тұрмыстық ыдыс-аяқ жасау, тас қашау, сүйек ою, тері илеу, жіп иіру және тоқымашылық сияқты басқа түрлері де болды.

Сақ тайпаларының басым көпшілігінің көшпелі тұрмысы ыдыстың жаңа түрлерін туғызып, жаңа материалдарды — металл, тері және ағашты қажет етті. Көшпелі тұрмыс басым болған Орталық Қазақстанда керамикалық ыдыс тым аз жасалды, тері, ағаш және металл ыдыстар ұсталды. Жетісу, Ертіс бойы және Батыс Қазақстанның орманды-далалық аудандары сияқты басқа аудандарда керамикалық ыдыстар бұрынғысынша жасала берді, бірақ олардың түрі қола дәуіріндегі отырықшы, бақташы тайпалардың ыдыстарынан басқаша болды.

Жетісуда көшіп-қонғанда алып жүруге қолайлы тұрқы аласа, жатаған ыдыстар кеңінен таралды. Олардың арасында жайпақ дөңгелек тостағандар, шомбал саптыаяқтар, текше тәріздес ыдыстар мейлінше жиі ұшырасады. Түбі дөңгелек ыдысты Батыс және Солтүстік Қазақстанның мал өсірушілері де пайдаланған, ол бірінен бірі үлкейе беретін жеке-жеке таспа

сияқты саздан жасалған. Керамика жасаған кезде қалып ретінде топырақ толтырылған мата үлгі пайдаланылған. Жетісудың обалы молаларынан жайпақ табақтар мен астаулар түріндегі ағаш ыдыстар табылды, көмбедегі табылған заттардың арасынан алуан түрлі тағандар мен аяқтары бар үлкен қола қазандар да көп кездесті.

Шығыс Қазақстанның таулы аудандарының тұрғындары түрі басқаша қыш ыдысты артық санаған. Мұнда майкүйғыш тәрізді және тік мойынды құмыралар мен аласа көзелер жиі кездеседі. Б. з. б. V—IV ғасырларда мұндай құмыралардың сыртына көбінесе қоныр түсті минерал бояумен әшекей салынған.

Таулы Алтайдың Пазырық обаларынан ағаш және тері ыдыстардың өте мол жиынтығы табылды. Ауданның табиғи жағдайлары арқасында (оба тоңы) онда алуан түрлі нақыштармен әшекейленген торсықтар, мал және аң терілерінен жасалған аяққаптар, ағаштан ойылған биік аяқтары бар ағаш үстелдер сақталған, оларды маталар, тұс киіздер мен кілемдердің үлгілері сақтайпаларының тері илеу ісінің және қолөнерінің басқа да түрлерінің жанжақты дамуын толықтыра түседі<sup>128</sup>.

Ертедегі темір дәуірінен бізге тас пен сүйектен жасалған бұйымдар жеткен. Сақ заманында тасқа қашап өрнек салу, бір және екі жағынан бұрғылап тесу және абразив материалмен тегістеп жылтырату техникасы кемелденді. Қанжармен және пышақпен бірге белдікке тағылып жүретін қайрақ тас сақ малшысы мен жауынгерінің жанынан тастамайтын заттары болған. Белдікке таққанда ыңғайлы болу үшін оның жоғарғы жағы арнайы тесілетін болды. Қайрақ тасқа арналған негізгі материал күм тас болды. Бұл тас неғұрлым күрделі бұйымдар тастан құрбан шалатын үстел жасау кезінде қолданылды. Мұндай заттарды жасарда өз ісіне жетік шебер өзекті әрі өрнекті күм тастың неғұрлым әдемі түрлерін іріктеп алған.

Ертедегі сүйек оюшылар материал ретінде оларға шаруашылық кәсіп пен аңшылықтың өзі беретін шикізатты пайдаланды. Ең алдымен жылқының, қойдың, маралдың жілік сүйектері, жылқының тақта сүйектері, марал мен таутекенің мүйіздері өңделді. Барлық сүйектер өңделердің алдында ұзақ қайнатылған. Өткір металл құралдардың жиынтығы пайдаланылып, сүйектен және мүйізден жебе ұштары, айшықтар, белдікке салынатын алуан түрлі қаптырмалар, түйреуіштер, тізбелер, жайпақ бедерлі тоғалар мен ілгектер, шаш түйрегіштер жасалды.

Іле өзеніндегі Бесшатыр қорымының Тянь-Шань шыршасымен жабылып, шірімей сақталған қабірлері ағаш өңдеу мен ағаш құрылыстарды салудың кейбір ерекшеліктерін білуге мүмкіндік береді. Бесшатыр мазарларын салу үшін құрылыс ағашы Іленің қарсы беттегі жағасынан 200—250 шақырым, Іле Алатауының сілемдерінде дайындалған. Ағаш кесілген жерде бұталып, тегістеліп, бөренелерге кертелер салынған. Дайындалған бөренелер арнаулы ағаш сүйретпелермен өзеннің жағасына тасылған, содан кейін байланып, қарсы бетке өткізіліп, құрылыс орнына жеткізілген. Ауыр бөренелерді үш метрден астам биіктікке көтеру кезінде иіндер мен шығырлар жүйесі пайдаланылған. Бөренелерде сақталған өңдеу іздері балташылық құрал-саймандарының ішінде ауыр қола балталар — шапашоттар, алуан түрлі шоттар, қашаулар, үскілер, пышақтар болғанын аңғартады. Сақ заманында ағаш ұсталығы да дамыды. Ағаштан сүт құятын ыдыстар, ағаш тостағандар, табақша, келілер және үй ішінің басқа да керек-жарақтары жасалды, қабық-

тан зооморфтық және өсімдік бейнелес күрделі өрнектер қиылды, олармен ер-тоқымдар, ағаш табыттар, жебе салынған қорамсақтар, әр түрлі қынаптар әшекейленді.

### Сақтардың қоғамдық құрылысы

Б. з. б. I мыңжылдықтың басы сақ қоғамындағы алғашқы рулық қатынастар ыдырап, жаңа әлеуметтік құрылымның қалыптасу үрдісінің жедел жүруімен сипатталады.

Қазақстан жерінде бұл ұзаққа созылған үрдістің басталуы сақ заманының алдындағы қола дәуіріне ұштасып жатады. Сол кездің өзінде-ақ, алғашқы ірі қоғамдық еңбек бөлінісінен, мыс пен қола металлургиясының тууы мен дамуынан кейін алғашында үлкен патриархаттық, ал одан кейін шағын және моногамиялы отбасылар окшаулана бастады.

Археологиялық деректер жеке адамдық, ал кейін барып отбасылық меншіктің шыққанын айқын көрсетеді. Мұндай арнаулы әлеуметтік институт таңбалардан — б. з. б. II мыңжылдықтың аяғында және I мыңжылдықтың басында қыш ыдыстар мен кейбір қола заттарға салынған жеке меншік белгілерінен көрінеді<sup>129</sup>. Алғашқы қауымдық қатынастардың ыдырауы сақ заманында, б. з. б. I мыңжылдықтың алғашқы жартысында одан әрі жалғаса берді.

Сақ қоғамының экономикасындағы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығына көшуден, металлургия өндірісінің өсуінен туған прогрестік өзгерістер қосымша өнімнің шапшаң өсуіне, айырбастың дамуына, жеке меншіктің қорлануына және қатардағы қауым мүшесін қанау элементтерінің шығуына әкеліп соқты. Өндірістің негізгі құрал-жабдықтары мен еңбек өнімдерін бөлу жөнінде бір кезде болған алғашқы теңдіктің орнына археологиялық деректемелер бойынша айқын аңғарылатын мүлік теңсіздігі келіп шықты. Жерге қауымдық меншіктің сақталуы тұсында малға отбасылық жеке меншік пайда болды.

Бір кезде әмбебап әлеуметтік ұя болған, өзіндегі өндірістік қатынастар қандас-туысқандық байланыстармен сәйкес келіп барынша тығыз астасқан ру туыстық жағынан емес, аумақтық-өндірістік принцип бойынша құрылған қауымға біртіндеп орын бере бастады. Тарихи үрдіс алғашында қоғамдық құрылыстың рулық байланыстарға тікелей тәуелділігінің әлсіреуіне, ал түптеп келгенде қауымдардың рулық текке қарамастан, экономикалық және аумақтық мүдделер негізінде құрылуына алып келді. Көршілестік қауым жерді меншіктенуші болған суармалы егіншілік елдерінің көпшілігінде осындай болды. Мұнда рулық байланыстар көршілестік қауымдардың өндірістік мүдделерімен қайшылыққа ертерек түсті. Шаруашылығының негізгі түрі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болған қоғамдарда ескі рулық тәртіптер жаңа қоғамдық құрылымдарда ұзақ уақыт сақталды, бірақ енді көшпелі қауымның өндірістік негізі ретінде емес, экономикалық теңсіздік пен қанаудың шын мәніндегі қатынастарын бүркемелеген рулық байланыстар түрінде сақталды.

Алғашқы рулық қатынастардың ыдырау заманын әскери демократия кезеңі немесе алғашқы көршілестік қауым кезеңі деп атайды. Соңғы анықтама қазіргі уақытта барған сайын жиі қолданылады, өйткені ол заманның әлеуметтік-экономикалық сипатын неғұрлым дәл береді<sup>130</sup>. Бірақ

көршілестік (жер) қауымның түрлері бірдей болмады, сондықтан мұндай анықтаманы әмбебеп анықтама деп атауға болмайды. Екі ұғымның да — әскери демократия мен алғашқы көршілестік қауым ұғымдарының бір-бірін жоққа шығармайтынын атап өткен жөн. Олар тек алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау заманындағы қоғамдық құрылымының әр түрлі жақтарына баса назар аударады. Патриархаттың пайда болуы — оның бастапқы кезеңі, ал соңғы шебі таптық құрылысқа көшу болды<sup>131</sup>.

Сақ заманы қоғамдық құрылысының құрылымын схемалық тұрғыдан былайша елестетуге болады: шағын туыс отбасылар тобы (патронимия) — көшпелі қауым — тайпа — тайпалар одағы. Бұл құрылымның патронимия деп аталған төменгі ұясы өрбіген үлкен патриархаттық-рулық әулеттің үлкейіп, табиғи бөлшектенуі нәтижесінде құрылды. Ол бөлінген әулет басшысының есімімен аталды<sup>132</sup>. Көшпелі-жайылымдық қауым патронимиялар жиынтығынан құрылды. Оның негізіне өндірістік, аумақтық белгі алынды, бірақ көшпелі және жартылай көшпелі қауымдарға тән белгі рулық институттардың консерватизмінде және отбасылардың бірігу принциптеріне олардың ықпалының күштілігінде болды.

Тайпа қоғамдық құрылыстың маңызды сатысына айналды. Тайпаға тән ең басты этникалық және саяси сипаттардың қатарында оның өз жерінің, атының және осы тайпаға тән диалектінің болуы, діни ұғымдарының және діни ғұрыптарының ортақтығын, ортақ істерді талқылау үшін тайпалық кеңестің, жоғарғы көсем мен әскери басшының болуы тән болды. Бұл енді әскери-демократиялық құрылыс ие болған қоғамдық билік пен басқарудың ұйымдастырылу түріне айналды. Тайпалық одақтар алғашқы қоғамның ыдырау заманының әлеуметтік ортақтығының жаңа және жоғарғы үлгісі болды.

Ертедегі темір дәуірінде Қазақстан аумағында оның оңтүстік, шығыс және орталық аудандарын мекендеген тайпалардың көбі сақ тайпалық одағына, ал оның батыс және ішінара солтүстік аудандарын мекендеген тайпалар савромат тайпалар бірлестігіне кірген. Б. з. б. I мыңжылдықтың орта шеніндегі тайпалық одақтар мемлекеттіліктің тууының алғашқы сатысы болды. Сайланып қойылатын көсемдердің қолына азаматтық және олардың басшылығымен әскери билік шоғырланды, әскери жасақтар құрылды.

Қазақстан аумағындағы тайпаларда таптық қоғам мен мемлекет құрылуының тарихи үрдісі баяу жүріп, бірнеше жүздеген жылдарға созылды, ал таптардың құрылу қарқынына тұрақты деуге келмейтін мал шаруашылығы жағдайларында қосымша өнімнің алғашқы қорлануының ерекшелігі шешуші ықпал жасады деген пікір бар<sup>133</sup>. Алайда археологиялық материалдар бұл онша дұрыс емес және проблеманы шешуде Қазақстанның әрбір аймағын саралап қарау қажет деп топшылауға негіз береді.

Қазақстанның оңтүстігі (Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу) өзінің табиғи-климаттық жағдайларының ерекшеліктері мен Орталық және Орта Азия мемлекеттерімен сан ғасырлық саяси, экономикалық, мәдени байланыстарды анықтаған географиялық жағдайы арқасында әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда өзгеше, үдемелі қарқынмен дамыды және қоғамдық құрылыстың неғұрлым жоғары сатысында тұрды. Мұны археологиялық, әсіресе Жетісудағы деректемелер растайды. Бұл тұрғыдан алғанда Бесшатыр қорымы мәдени және ежелгі сәулет өнерінің ескерткіші ретінде ғана емес, сонымен қатар мүлік теңсіздігінің ескерткіші ретінде де ғылыми назар аударта-

ды. Жетісу атырабында «патша обалары» деп аталатындардың көп болуы бұл жерде мал өсіруші сақтар арасында (б. з. б. VII–IV ғасырларда) мүлік теңсіздігінің айқын анықталғанын көрсетеді<sup>134</sup>.

Бұл орайда мұндай ескерткіштер қоғамның әрбір мүшесінің моласы үстіне тұрғызыла бермейді, олар адамдардың шағын тобының еншісіне айналған деген қорытынды дәлелдеуді керек етпейтін негізгі пікір бола алады. Мындаған шағын үйінділермен салыстырғанда үлкен обалар санының аз болуы қоғамның екі топқа: артықшылығы бар азшылық пен кедей көпшілікке бөлінгенін даусыз дәлелдейді. Ал, әлеуметтік теңсіздік негізі б. з. б. II мыңжылдықтың екінші жартысының аяғында сонау соңғы қола дәуірінде-ақ қаланған еді. Жерлеу ғұрпының сән-салтанаттылығына қарағанда, қоғамдық аз топтың негізгі халық бұқарасымен салыстырғанда едәуір артықшылықтары болған. Бұл артықшылықтар қоғамдағы азшылықтың үстемдігі мен байлығы бола алатын еді. Ал қоғамның жіктелуі, яғни байлар мен кедейлерге бөлінуі — мүлік жағынан әлеуметтік теңсіздіктің дәлелі, таптардың құрылуына бастайтын жолдағы алғашқы қадам.

Б. з. б. V–IV ғасырлардың өзінде-ақ жетісулық малшы сақтар (Бесшатыр мен Есіктегі қабірлер сол кезеңге жатады) қоғамдық прогрестің неғұрлым жоғары сатысында тұрды. Мұнда оған экономикалық алғышарттар болған еді.

Ежелгі Қазақстанның бүкіл аумағындағы сияқты, Жетісуда да б. з. б. VIII–VII ғасырларда шаруашылықтың прогресшіл жаңа түрлеріне: темірді игеруге және көшпелі мал шаруашылығына көшу аяқталды. Бұл экономикалық факторлар қоғам мен оның мәдениетінің одан әрі жедел дамуына себеп болды.

Шаруашылықтың жаңа түрі көшпелі мал шаруашылығы да материалдық игіліктер өндіру үшін мол мүмкіндіктер берді. Көшпелі мал шаруашылығы өз дамуының алғашқы кезеңінде шаруашылықтың прогресшіл түрі болған еді. Малдың тез көбейетіндігі және біреуден біреудің тартып алуының онша қиынға түспейтіндігі мал өсіретін кейбір рулардың, отбасылар мен адамдардың біршама байып, басқаларының кедейленуіне себепші болды. Бұл тұжырымды сақ тарихының соңғы кезеңіне жататын тарихи фактілер дәлелдеп бере алады. Б. з. б. III–II ғасырлардағы сақ-усун этникалық-мәдени қауым арасында, ежелгі әулеттік хроникаларда хабарланғандай, сол кезде-ақ төрт-бес мындаған жылқысы бар шонжарлар болған. Хроникаларда Цылими атты усун билеушісінің (гуньмо) ұлан-байтақ жер иеліктері болғаны, мұның өзі мындаған малдың бір қолға жинақталуына алып келгені айтылады.

Усундердегі жеке меншіктің бұл түрі сонау сақтар заманында қалыптасқан деп топшылауға болады, дегенмен, олардағы мүліктік және әлеуметтік теңсіздік туралы жазбаша деректемелер толық емес. Сондықтан археологиялық деректерден алынған социологиялық ақпарат түсіндірушілік сипатта болып отыр.

Азия скиф-сақтарының жерлеу ғұрпы туралы, ханша Заринаның мәйіті үстіне үш қырлы алып пирамида салынғаны туралы Ктесийдің жалғыз және аз ғана мәліметтерін қоғамның жоғарғы билеушілерінің — патшалардың есімдерін іргелі табынушылық ескерткіштер салу арқылы мәңгі есте қалдыру жөніндегі тұрақты этникалық-мәдени дәстүр деп түсіндіруге болады.

Мұндай дәстүрдің болғаны археологиялық тұрғыдан дәлелденіп отыр. Б. з. б. VII—V ғасырларда Қазақстан мен Орта Азияның далалық кеңістіктерінде — Бесшатыр, Есік және Шілікті сияқты тас пен топырақтан үйілген алып обалар, ал егінші-малшы сақтар аймағында сәулеттік шешімі бойынша күрделі шикі кірпіштен салынған Түгіскен кесенесі пайда болады. Қазба жұмыстары олардың сақ қоғамының жоғары дәрежелі адамдарының сағаналары екенін дәлелдеп берді. Обалы үйінділердің ауқымдары адамның белгілі бір әлеуметтік дәрежеге жатуына сай белгіленген.

Сақ обаларын осылайша түсіндіріп бағалаудың дұрыстығына олардың біреулерін (патшалық) қазған кезде лақыттардан көп материалдық қазыналардың табылуы, Есік обасында болғанындай, киім-кешек пен қарудың байлығы, басқаларында (қатардағыларында) — ондайлардың болмауы дәлелдейді.

Патшалық обаларды тұрғызуға пайдаланылған құрылыс материалдарының — топырақтың, қиыршық тастың, тас пен ағаштың және жұмсалған адам еңбегінің ауқымы да маңызды дәлел болып табылады. Мәселен, ең үлкен Бесшатыр обасы үйіндісінің көлемі 80 мың текше метрден астам, оны салуға 60 мыңдай адам-күн қажет болды. Осындай шектегі далалық өлшеу жұмыстары оба үйінділері ауқымының әр қилылығын көрсетеді:

үлкендері: диаметрі 104—48, биіктігі 20—7 м;

орташалары: диаметрі 45—30, биіктігі 6—2 м;

кішілері: диаметрі 18—6, биіктігі 1—0,5 м.

Оларды салуға жұмсалған орасан зор адам-күн шығыны әсер қалдырарлықтай:

үлкендері — 60—65 мыңнан 20—30 мыңға дейін;

орташалары — 1700—2000-нан 300—400-ге дейін;

кішілері — 0,2—0,9-дан 4,7—4,8-ге дейін.

Сонымен, ең үлкен патшалық обалардың құрылысына ең үлкен қатардағы обаларды тұрғызғандағыдан гөрі он мың еседен астам адам-күн жұмсалған. Үйінділер ауқымының әр қилылығы мен оларды салуға жұмсалған еңбек мөлшері сақ қоғамында әлеуметтік иерархия дамығандығының салдары болып табылады.

Есік обасы дәлелденіп отырған тезисті растайтын қосымша маңызды мағлұматтар береді. Есіктегі жерлеуге жұмсалған түрлі бұйымдар — қоғамның жоғары дәрежелі тұлғасының байлығы мен билігінің өлшемі. Лауазымды адамдарды сақтардың өздері қалай атағаны белгісіз, бірақ Бесшатыр мен Есік обаларында жерленгендерді патшалар деп атауға болады. Бұл орайда қателік лауазымды атақтың айтылуында болуы мүмкін, ал оның мазмұны мен мәні толық сай келеді.

Антик авторларының Азия скифтері қоғамының әлеуметтік жіктелуі туралы мәліметтерін жинақтау — әлеуметтік атақтардың қалай айтылғанын түсіндірудің бірден-бір мүмкіндігі. Сақтардың иерархиялық атақтары (дегенмен, мазмұны жағынан алғанда олар антик дүниесі дәстүрінде болуы мүмкін) — қоғамның жіктелуінің тереңдей түскенін айқын көрсетеді. Иерархиялық сатының биік тұғырында — патша мен ханша, шонжарлар мен «аксүйек» адамдар, салт атты жауынгерлер, төменгі сатысында тәуелді адамдар, құлдар, қызметшілер, жаяу жауынгерлер орналасқан.

Жинақталған ақпарат мынадай қорытындыны негіздейді: сақтар

өздерінің өлген патшаларына алтын киімін киіндіріп, кең лақытқа қойған, ал олардың үстіне зәулім архитектуралық ескерткіш — алып оба тұрғызған.

Қоғамның басқа мүшелерін жерлеу ғұрпы иерархиялық басқыш сатыларының төмендеуіне қарай оңайлатылып отырған.

Ғұрыптың әлеуметтік жағдайға қарай саралануына ата-баба аруақтарына, әсіресе патшаларға — күн бейнелі күшті қамқоршыларға табыну үлкен рөл атқарды. Патшаның жеке басы дәріптеліп, ол иерархиялық сатының ең биік тұғырында тұрған күн бейнелі құдай дәрежесінде көрсетілген. Күн-көсемінің мұрагерлері жерлеу ғұрпының рәсімдерін сақ патшалары әулетінің бұлжымастығын идеологиялық жағынан негіздеу мақсатымен бұқараға діни ықпал жасау ретінде пайдаланған. Есік сағының алтын киімінен бір ғана қызықтыра тандандыру мәні аңғарылып қоймайды, қайта оның әлеуметтік салмағы көбірек болғаны, саяси-насихат мақсатын көздегені күмәнсіз. Жарқыраған киім патшаның тұлғасын асқақтатып, оны күн бейнелі құдай дәрежесіне көтерген. Бас киіміндегі зооморфтық бейнелердің діни-идеологиялық мазмұны осы қорытындыны растайды. Есік жауынгері бас киімінің мандай жағындағы қанатты және мүйізді пырақ бейнесіне күрделі символика негіз етіліп, сақтардың діни дүниетанымының қағидалары бейнеленген.

Есік олжаларының қарастырылып отырған проблема үшін маңызы жазу ескерткішінің — жазбасы бар күміс тостағанның табылуына байланысты арта түседі. Жазуды көне түркі және парсы-арамей әліпбиі негізінде ажыратып оқудың ғылымда бірнеше нұскасы бар.

Кез келген қоғамда жазудың болу фактісі әлеуметтік-экономикалық ұйым дамуының жоғарғы деңгейін білдіреді. Мемлекеттік құрылым үлгісіндегі қоғамдық құрылыс түрі осындай орган болуы мүмкін. Мемлекет пен жазудың пайда болу үрдістері өзара байланысты болған, тегінде, жазу мемлекет туып, қалыптасқаннан кейін әлдебір аз уақыттан соң пайда болса керек.

Археологиялық және эпиграфиялық деректерден алынып келтірілген ақпаратты (үйінділер ауқымдарының әр қилылығын, материалдық қазыналардың көп болуын, құрылысқа жұмсалған адам-күн санын, жазуды және т. т.) қорыта келгенде, біз Жетісу сақтары әлеуметтік құрылымының деңгейі жөнінен өндірістік қатынастарын мемлекеттік құрылым үлгісіндегі орган тәртіпке салып, реттеп отырған алдыңғы таптық қоғамның қалыптасу сатысында болған деп санауға бейімбіз.

## 9. САҚТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІ

### Тұрғын үй және киімі

Сақ заманында Қазақстан аумағындағы мал өсіретін тайпалардың мәдениеті мен өнері өзінің алдындағы уақытпен салыстырғанда дамудың біршама жоғары сатысына жетті. Темір металлургиясы, көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы материалдық және рухани мәдениет түрлерін түбірімен өзгертті.

Евразияның мал өсіретін тайпаларының өз негізінде біртұтас экономикалық базисі, экономикалық және мәдени байланыстары Оңтүстік Сібір, Алтай, Қазақстан аумағын, Еділ бойын, Солтүстік Қара теңіз өңірін мекендеген тайпалар мен халықтардың — әсіресе ерте кездегі сақтардың, сарматтардың, скифтердің және басқаларының көптеген ұқсастығы бар мәдениетін өмірге әкелді. Алайда осы тайпалардың мәдениеті мен өнерінде елеулі айырмашылықтар да бар, олар Қазақстанның түрлі аудандарын мекендеген сақ тайпаларында әр түрлі болған<sup>135</sup>.

Ғылымда сақтардың тұрмыс салты мен тұрғын жайы туралы деректер көп емес. Бәлкім, көшім-қонымы көп тұрмыс салтына лайықты тұрғын жайдың тігіліп-жығылатын үлгісі — киіз үй сол кезде-ақ шыққан болуы ықтимал. Аңызға айналған аргиппейлерді сипаттай келіп, Геродот былай деп жазды: «Олардың әрқайсысы ағаштың астында өмір сүреді. Қыста ағаш кез келген сәтте тығыз ақ киізбен жабылады, ал жазда жабусыз қалдырылады»<sup>136</sup>. Көшпелі тұрғын жайдың бұдан кейінгі эволюциясы барысында киіз үйдің құрылымы кемелдене түсті, бірақ оны жасаудың принципі б. з. б. I мыңжылдықтың өзінде-ақ белгілі болған еді.

Геродот пен Гиппократтың хабарлайтынындай, мал өсіретін тайпалардың көш-қонды тұрғын үйлерімен бірге, көшпелілерде барынша кеңінен тараған төрт және алты дөңгелесті арбаларға орнатылған киіз үйлер де болды; жартылай көшпелілер мен отырықшы малшылар оларды жыл маусымдарында пайдаланды. Қазақстан аумағының оңтүстік, шығыс және солтүстік аудандарында тұрақты тұрғын үйлер: оңтүстікте — шикі кірпіштен, солтүстікте және шығыста — бөречелерден салынған үйлер болғаны мәлім.

Археологиялық деректер бойынша, қола дәуірінде даланы мекендеушілер күмбез тәрізді қима шатыры бар жертөле түріндегі тұрғын жайлар салды. Төбесі ағашпен дөңгелете жабылған мұндай үйлер Қазақстанда, Орта Азияда және Ресейдің оңтүстігінде табылды<sup>137</sup>. Бұғылы өңірінен (Орталық Қазақстан), Шағалалы өзенінің бойынан (Солтүстік Қазақстан) табылған соңғы андроновтық кезеңдегі жер үстіндегі тұрғын жайлар киіз үйдің одан да гөрі жақын ертедегі үлгісі болып табылады. Төбесі шатырланып және дөңгелете жабылған бұл ағаш құрылыстар киіз үйге ғажап ұқсайды<sup>138</sup>. Көшпелі сәулет өнерінің бастамасы нақ осы киіз үй тәріздес тұрғын жай болған. Орманды аймақ көшпелілерінің киіз үй тәріздес құрылыстарының бастапқы түрі төбесі шошақ күрке, ал далалық аймақта дөңгелете шатыр шығарылған жартылай жертөле болды.

Күрке мен жертөленің эволюциясы бір жағдайда төбесі шошақ киіз үйдің, екінші жағдайда төбесі дөңгелете жабылатын киіз үйдің жасалуына жеткізді<sup>139</sup>.

Сақтардың киім, бас киім және аяқ киім үлгісі туралы деректер көбірек. Мәселен, Геродот сақтар топтарының бірі жайында олардың тығыз киізден тігілген шошақ бөрік киетінін хабарлайды<sup>140</sup>.

Персепольдегі Ксеркс сарайының бедеріндегі және Пасаргадтағы Дарий мазарындағы бейнелер сақтардың киімі туралы айқын түсінік береді. Оларда бейнеленген сақтар биік шошақ бөрік, денемен дене, тізесіне дейін жететін бешпент киген, белбеу буынған, тар шалбар және өкшесіз аяқ киім киген; белбездің оң жағына қанжар, ал сол жағына садақ ілінген.

Археологиялық олжалар осы түсініктерді қуаттап толықтыра түседі. Б. з. б. VI—V ғасырлардағы Орта Азия тұрғындарының Әмудария көмбесінен



табылған алтын және платина табақшаларында бейнеленген киім-кешек пен аяқ киім иран бедерлеріне жақын, бірақ бас киімінің шошақ төбесі мұнда төмен қайырылған. Оңтүстік Қазақстаннан табылған сақтың қола мүсінінде тік жағалы қысқа бешпент, қырлы дулыға киген адам бейнеленген; Жетісудан табылған алтын тоғалардан жалбағайлы шекпен киген салт аттыны көреміз.

Есік обасынан табылған олжа ақсүйек сақтың сән-салтанат киімін, бас киімін, аяқ киімін, үстіне тағатын сәндік заттарының қалай орналасатынын қалпына келтірудің ілуде бір кездесетін мүмкіндігін береді. Оның басында тымақ тәріздес желкелігі бар, төбесі шошақ бөрік болған, ол жылқы, барыс, таутеке, құс, ағаш бейнеленген алтын қаптырмалармен және тоғалармен сәнделген; мойнында – ұшы жолбарыстың басы іспеттес алтын алқа, сол жақ құлағының сырғаларында – перузадан жасалған салпыншақтар бар, көз салған алтын сырға болған. Үстіне мата көйлек кигізілген, оның өңірі мен жендері неше түрлі алтын қаптырмалар мен тізбелер араластырып, әшекелейлеп, кестеленген; көйлектің сыртынан киілген қызыл бояумен боялған былғары бешпенттің өн бойы жолбарыстың басы бейнеленген алтын тоғалармен және үш сала жапырақ формасындағы кішкене тоғалармен қапт-алған; бешпенттің сыртынан зооморфтық стильде жасалған, көздің жауын алатын он алты көлемді қаптырмамен қапталған құрама белдік буынған. Белдіктің оң жағына қызыл қынға салынған ұзын темір семсер, сол жағына бұлан мен жылқы бейнеленген алтын қаптырмалар шегеленген қыны бар темір ақинақ ілінген. Тігіс-тігісі бойымен ұсақ алтын шеттіктермен әдіптелген шалбар киіп, балақтары бешпенттегідей алтын қаптырмалар шегеленген саптама етікке сұғындырылған. Есік жауынгерлерінің алтын киімі иерархиялық басқыштың жоғары сатысында тұрған адамның салтанатты киімі болған.

Тоң болып қатып жататындықтан Таулы Алтайдағы сақ обаларында неше түрлі киімдер: тігіс-тігісіне қызыл жүн бау жүргізіліп әшекейленген ақ мата көйлектер, ақ талдырма киізден және бұлғын терісінен тігілген бешпент, жалбағайлы киіз күртешелер, ерлер мен әйелдердің киіз ұйықтары, әйелдердің тар жеңі кестеленген бешпенттері мен қысқа қонышының ойығы бар шегірен етігі, бұлғын терісінен тігілген балалар мен әйелдердің кеудешелері және т. б. сақталған.

### Діни нанымдары мен ғұрыптары

Сақ тайпаларының діни түсініктері туралы мәселе аз зерттелген. Жерлеу материалдарына карағанда, сақтарда ата-баба аруағына, отбасылық-рулық әулиелер мен желеп-жебеушілерге сыйыну ғұрыптары болған. Бұл ғұрыптардың шығуы өлген тумаларының мәңгі жасайтынына, өлгендер өзінің рулық қауымының салттары, үйреншікті ғұрыптары мен ережелері бойынша өмір сүре беретін о дүние бар деген сенімге негізделген. Осыдан келіп өлген адаммен бірге оның беделі мен қауымдағы алатын орнына лайық мүліктің көмілуі, қауымның жеріндегі ру зиратында атқарылатын әрбір тайпаға немесе тайпалар тобына тән күрделі жерлеу ғұрпы шыққан. Малшыларда бұл ең алдымен қыстау маны болды. Өлгендердің бәрі әдетте жылдың қай мезгілінде болса да, шалғай жерден болса да осы жерге жеткізілді.

Мұндай ғұрып кейін сүйегін ру зиратына көшіретін болып не уақытша жерлеуді, немесе өліктің сақталуына көмектесетін қайсыбір амал қолдануды керек еткен.

Таулы Алтай мен Қазақстан аумағындағы сақтар зираттарын ашып-қазу сақ қоғамының ерекше ақсүйек өкілдері үшін өліктерді бальзамдау мен мумиялау қолданылғанын көрсетеді.

Ондаған және жүздеген обалардан тұратын ірі-ірі рулық зираттар Қазақстанның көптеген аудандарында (Шілікті, Есік, Бесшатыр, Жуантөбе, Сыпыра-оба, Қараоба, Ұйғарак), яғни отырықшы және жартылай көшпелі мал шаруашылығы басым болған жерлерде белгілі. Сонымен бірге шөлді-далалық аудандарда ірі зираттар жоқ, онда қыстау үшін қолайлы жерлерде әрқайсысы 2—4 обадан тұратын аздаған мола зираттар ғана бар. Сірә, халықтың көші-қонымының көптігіне және қоныстарының жиі ауыстырылуына байланысты көшпелі мал шаруашылығы аудандарында қыстайтын орындар, рулық зираттар болу дәстүрлері қалыптаспаса керек.

Сақ тайпаларының жерлеу ғұрпы алдындағы уақыттың ғұрыптарынан едәуір ерекше болды. Егер қола дәуірі үшін тас қоршаулар мен тас жәшіктерге жерлеу тән болса, сақтар мекендеген аудандардың бәрінде обалы қорымдар болып, адамдар көбіне сопақша етіліп қазылған қабірлерге жерленді. Лақыттап және ақымдап жерлеудің жаңа түрлері шықты. Жерлеу әдістері де өзгереді: өлікті өртеудің немесе оның аяқ-қолын қусырып, қырынан жатқызып жерлеудің орнына шалқасынан созылта салып жерлеу шығады.

Жерлеу ғұрыптарының салттарында да бірсыпыра айырмашылықтар орын алып, олар шағын және уақытша сипатта болған. Мәселен, Оңтүстік Орал сырты мен Батыс Қазақстанның савроматтары өлген тайпаластарын бетін ағашпен жапқан тар немесе кең тік бұрышты шұңқырларға көмген. Осы аумақтағы кейбір тайпаларда шаршы және шеңбер түріндегі қабірлерге жерлейтін болды, ұзын қабырғаларының жақтауынан шығарылған кертпешелері немесе ойықтары бар қабірлер ұшырасады.

Арал маңы сақтарында түбін айнала шамалап орлаған, жерден ойып нар жасаған және түбінің бұрыш-бұрышына не оны айналдыра орнатылған дінгектердің орны бар өзінше бір үлгідегі қабірлер кездеседі. Жетісуда және Алтайда ауқатты адамдар сол кездегі жердің бетіне салынған не жерді қазып орнатқан үлкен ағаш қималарға қойылатын болған. Бұл аудандарға қарапайым адамдарды бір қабірге бірнешеуін жерлеу немесе аса терең қазылмаған қабірлерге бірінен кейін бірін жерлеу ғұрпы да тән. Орталық Қазақстанда жалпақ тақта тастармен жабылып, жерден қазылатын сопақша жерлеу тұрақты дағдыға айналды, нақ осында тас кешенді обалар түріндегі мола құрылыстардың ерекше үлгісі де болған. Тайпалардың жерлеу ғұрпындағы айырмашылықтар оларда біртұтас жүйелі діни ұғымдардың болмағандығын көрсетеді.

Қазақстанның мал өсіруші тайпаларының отқа, жылқыға, күнге және басқа аспан шырақтарына табынумен байланысты ғұрыптары да тарихи тұрғыдан анықталып отыр. Антик деректемелері мен көне ирандық деректемелер бірқатар сақ тайпаларының сыйынатын басты құдайы Күн болғанын анық көрсетеді, онымен аспан отының бейнесі тығыз байланысты болған<sup>141</sup>. Орталық Қазақстан мен басқа аудандардың сақ қабірлерінде Күн-құдайға құрбанға жылқы шалу дағдысы талай рет анықталды, әр түрлі нұсқалары: аттың өлігі мен оның тұлыбын көму, аттың басы мен аяқтарының

терісін көму, ат әбзелдерін немесе олардың жекелеген бөлшектерін көму нұсқалары да мәлім.

Бәрінен тазартатын киелі күш деп біліп, отқа табыну Күнге табынудан келіп шыққан. Ол Евразияның мал өсіретін көптеген тайпаларында кеңінен таралған. Батыс Қазақстандағы ағаштан жасалған мола үстіндегі құрылыстарды өртеу ғұрыптары зұлым рухтарды жолатпайтын оттың тазартқыш күшіне сенумен байланысты. Арал маңы сақтары сияқты, Елек пен Жайық савроматтарының қабірлерінен де қызыл бояу — от пен Күннің символы жиі ұшырасады.

Қола (Жетісу) және тас (Арал өңірі, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Орал сырты) құрбандық мехраптарының көптеп табылуы күнге, отқа және үйдегі ошаққа сыйынумен байланысты.

Сақ және савромат тайпаларының діни нанымдарында өлген адамға екі түрлі қарау айқын аңғарылады: бір жағынан, оны құрметтеп, оған сыйынатын болса, екінші жағынан тайпаластарға өлген кісінің жаны қайтып келіп кіреді деп қорқатын болған. Соңғы жағдайда отқа табыну, сірә, өзінше бір сақтану қызметін атқарған болса керек<sup>142</sup>. Нақ осы мақсатпен жерлеу ғұрпы атқарылған кезде обаларды айнала ондаған жерге от жағылатын болған, мәселен, Қараоба (Орталық Қазақстан) және Бесшатыр (Жетісу) қорымдарында осылай істелген.


Сақ заманында түр жағынан барынша өзгерген және өңделген күйде болса да анимизм, тотемизм және магия сияқты алғашқы ең ежелгі діни ұғымдар да сақталған. Савроматтардың қабірлерінен әдейі сындырылған бұйымдардың жиі кездесетінін ғалымдар анимизмнен, заттардың жаны болады деген сенімнен деп түсіндіреді. Тайпалас адамдар өлген кісінің қаруын, айнасын және басқа да меншікті заттарын әдейі сындырғанда, өлген адамның жанымен бірге өліктер еліне жететін заттардың жанын азат етуге көмектестік деп сенген<sup>143</sup>.

Тотемизмнің және магияның сарқыншақтары әр түрлі тұмарларда, тылсымдар мен бойтұмарларда сақталған. Рудың немесе тайпаның қайсыбір мифтік хайуан тегінен шығуы туралы ұғым жануарлардың металдан жасалған мүсіндерінде бейнеленген. Шайқастарда желеп-жебейді деп онымен қару, жауға мінетін атты сақтасын деп жүген безендірілген. Сақтарға жақсы таныс жабайы аңдар бейнесіндегі киелі хайуандар туралы олардың шапшаңдығын, ептілігін және көбіне киелі күшін мадақтайтын аңыздар шығарылған.

### Бейнелеу өнері

Сақ заманы тайпаларының мәдени шығармашылығының ең жарқын көріністері арасында қолданбалы өнер ерекше орын алады. Оның басты компоненті б. з. б. VII—VI ғасырларда қалыптасып, Сібірдің, Қазақстанның, Орта Азияның және оңтүстік Европаның тайпалары арасында тараған аң стилі деп аталатын өнер болды.

Алғашында Скифияда, ал кейіннен Сібірде де бастапқы табылған орны бойынша бұл бейнелеу шығармашылығы шартты түрде скифтік-сібірлік аң стилі деп аталады. Оның негізгі тақырыбы аңдарды, хайуандарды және аңыздағы зооморфтық ғажайыптарды бейнелеу болды. Мазмұны жағынан мифо-



Үстірттің антропоморфтық мүсіндері (1 – Қанай; 2–6 – Байте III).

логиялық, түрі жағынан реалистік аң стилі өнері сәндік сипатта қолданылды. Бейнелеу әдістерінің көбі қазандар мен құрбандық ыдыстарын, семсер, қанжар, қорамсақ, айбалта, жүген, айна секілді заттарды, киімді, тулардың сабын әшекейлеу үшін пайдаланылды.

Ертедегі шеберлер көп жағдайда заттардың пайдалылығын бейнелеуді мазмұндылығымен жақсы үйлестіріп отырды, осының нәтижесінде олардың жасаған көптеген бұйымдары дүние жүзіндегі ең таңдаулы үлгілерден қалысқан жоқ. Ертедегі суретшілердің шығармашылығы өздерінің айналасындағы жануарлар дүниесінің нақты бейнелеріне етене жақын болды. Сақ шеберлері арқар мен таутекенін, жолбарыс пен қабанның, марал мен түйенін, дала қыраны мен киіктің, қасқыр мен қоянның, жылқы мен бұланның өздеріне жақсы таныс бейнелерін сомдай білген. Аңдарды бейнелеуде әр түрлі материалдар қолданылды. Бізге дейін жеткен бұйымдардың көбі қола мен алтыннан жасалған, сүйектен, мүйізден, темірден, киізден жасалған аңдардың бейнелері де кездеседі.

Аң стиліндегі өнерді шартты түрде үш кезеңге: көне заманғы кезеңге, өрлеу мен құлдырау кезеңдеріне бөлуге болады.

Б. з. б. VIII—VII ғасырлар үшін аңдарды бір орында тұрған қалпында жеке немесе ішінара бейнелеу тән болып келеді. Таутекенін, арқардың мүсіндері, басын көтеріп жатқан қабанның немесе тұрған жыртқыштың, аяғын бүккен немесе тұяғының ұшымен тұрған бұғылардың бедерлеп салынған суреттері көп кездеседі. Қос шеңберлі тұғырда тұрған екі текенің құйма қола мүсіні назар аударарлық; текелер біршама схемалы түрде, бейне бір секіруге оңтайланған кейпінде, бастары тұқырта бейнеленген, ал бедерлі үлкен мүйіздері арқаларына тиіп тұр (Тасмола).

Жетісудан (Талдықорған) табылған екі қола мүсінде мүйіздері айнытпай түсірілген текелердің басы реалистік тұрғыда көрсетілген; мүсіндер ұзын конус тәріздес төлкелерге орнатылған. Алдыңғы қола құю өнерінің тағы бір үлгісі — Солтүстік Қазақстаннан табылған, басын жоғары көтерген және мүйіздері бірнеше рет бұралған арқардың іші қуыс мүсіні, ол соғыс қаруы — балғашотқа (Бурабай) салынған. Шілікті обасынан (Шығыс Қазақстан) табылған заттардың арасында үлкен мүйіздерін арқасына қайыра жатқан бұғы кейпінде шебер жасалған алтын бұйымдар, қабандардың ойып жасалған шағын мүсіндері ерекше көзге түседі. Қола пышақтарды жыртқыштардың басын салып немесе тұтас мүсіндерін салып әдемілеу, ал жүген тоғаларына аттың басын немесе ат тұяғының таңбасын салып әшекейлеу сол кездегі көп тараған әдіс болған.

Алдыңғы кезеңнің өнеріне жануарлардың қимыл-қозғалысының болмауы тән, олар ең жақсы дегенде, мысалы, Шіліктіден табылған бүркіттің алтын мүсіндері сияқты, басы сәл бұрылып бейнеленеді. Бейне бір құрсақта жатқандай кейіпте орала бүктетіліп жатқан жануарлардың бейнесі кеңінен тараған сюжет болып табылады. Бұл кейіптес бейнелердің ең ертедегі үлгілері Евразия далаларының шығыс аудандарынан: Солтүстік Тувадан (Аржан), Қазақстаннан (Майәмір, Шілікті, Ұйғарақ) табылған. Мысық тұқымдас жыртқыштардан басқа осындай бүктетіле оралған кейіпте қасқыр, қабан мен киік бейнеленген.

Б. з. б. VI—IV ғасырларда Евразия далаларында аң стиліндегі өнер стилистикалық жағынан өзгерістерге ұшырады. Бір орында тұрған күйінде бейнеленген жануарлар бейнелерінің орнына құрылымы күрделі, серпінділікке

толы сюжеттер шығады. Мүсіндік бейнелер азайып, қозғалыс үстіндегі аңдардың бедерлі бейнелері, аңдардың шайқасып жатқан, жыртқыштардың шабуыл жасап жатқан көріністері бар композициялар көбірек кездеседі. Атыла ұмтылған қозғалыс мүсіндердің «бұратылуы» тәсілімен беріледі, бұл жағдайда аңның жарты денесі қарама-қарсы жағына бүктетіле салынады. Бейненің қозғалыста екендігін көрсетудің басқа да техникалық әдістері: қисық сызықтар жүйесі, жануарлардың дене мүшелерін бұрамалар, шырмауықтар, орамалар, үш бұрыштар, жақшалар және т. б. түріндегі арнайы белгілермен беру әдістері қолданылады. Көп мүсінді композициялар арасынан Орталық Қазақстаннан табылған қола тоға-айылбас ерекше көзге түседі, онда үш жыртқыштың (барыстардың) шалқасынан құлаған киікті жұлмап жатқан көрінісі бейнеленген. Аңдар таласының тақырыбы Батыс Сібірден және оған іргелес жатқан Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарынан алынған І Петрдің Сібір коллекциясы деп аталатын мұрағаттардан ерекше айқын көрінеді. Осы бірегей мұраның көптеген алтын тоғаларында жыртқыш аңдар мен құстардың жылқыларға, текелерге, бұғылар мен бұландарға шабуылдары, жыртқыштардың өзара таласы, жыртқыштардың жыланмен, түйемен шайқастары бейнеленген. Қазақстан аумағынан табылған басқа да археологиялық олжаларда да әлгіндей нышандар байқалады. Алайда бұл аумақтағы сақтар өнерінің оны Евразияның аң стилі тараған басқа аймақтарынан айыратын ерекше сипаттары да бар. Мұнда қозғалмай тұрған хайуандар бейнесі біршама ұзақ уақыт сақталады, ол кейбір жағдайларда көп мүсінді композиция түрінде көрінеді. Мәселен, Жетісудың кейбір құрбандық ыдыстары мен қазандарындағы аңдар шеруі көріністері осындай.

Есік обасынан табылған сақ қанжарының жұқа алтын қаптырмаларында жатқан күйінде бейнеленген аңдардың ширатылуы орындау шеберлігі жөнінен бірегей дүние. Ақинақ жүзінің екі жағына алтын қаптырмалар көмкерілген; олардың бірінде жұқа бедермен он екі, екіншісінде — тоғыз бейне бар. Олардың арасында жыланның, түлкінің, қасқырдың, арқардың, киіктің, таутекенің, қоянның шағын мүсіндері кездеседі, олардың барлығы ерте кезең өнеріне тән кейіпте аяқтарын бүгіп жатқан күйінде берілген.

Б. з. б. III—II ғасырларда аң стиліндегі өнер біртіндеп құлдырай бастайды. Аң стилі ою-өрнекке айналады. Оның орнына түрлі-түсті тастармен көз салып безендіру техникасы және басқа да әшекейлеу тәсілдері қолданылатын полихромдық деп аталатын стиль келеді, қолданбалы өнер туындылары пайда болып, оларда жануарлар дүниесінің бейнелері схемаға айналып, полихромдық бай өрнекпен араласып кетеді.

Бұл өнер дайын күйінде сырттан, бір жақтан әкелінген жоқ, ол сақ өнерінің қойнауынан шыққан. Ою-өрнектік полихромияның кейбір әдістері б. з. б. VII—VI ғасырларда-ақ жетіле бастады. Мәселен, түрлі-түсті тастан көз салу, бедерлеу (алтын түйіршіктерін дәнекерлеп бекіту), тоспа эмаль (жекелеген ұяларды арнайы құрамдағы заттармен толтырып құю) Шілікті (Шығыс Қазақстан), Жыланды (Орталық Қазақстан), Арасан (Жетісу) ескерткіштері мен басқа да ескерткіштерінде белгілі болған. Б. з. б. V—IV ғасырлардағы полихромдық өнер туындыларының Қазақстанның, Орта Азия мен Сібірдің бүкіл аумағынан ондаған үлгілері табылды. Бәлкім, нақ осы үш аймақта б. з. б. I мыңжылдықтың аяғында сақтар өнеріндегі аң стилін ығыстырған полихромдық өнердің қуатты ошағының негізі қалыптасқан да болуы мүмкін. Бірақ оның реалистік бейнелері із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ.

Аң стилінің шығуы жөнінде тарихи әдебиетте екі негізгі көзқарас бар. Бірінші болжамды жақтаушылар скиф-сақ тайпалары бұл өнерді Алдыңғы Азиядан қабылдаған деп санайды<sup>144</sup>. Евразияда оның пайда болу мерзімін б. з. б. VII ғасырдың 70-жылдарында Манней патшалығы мен Мидияның солтүстігіне таман орналасқан аймаққа скиф тайпаларының басып кіруімен байланыстырады. Мидиялықтармен этникалық жағынан туыстық пен мәдени жақындық скиф-сақтар арасында көне шығыс өнерінің кейбір үлгілерінің тез тарауына себепші болды, кейін бұл үлгілерді скифтер мен сақтар өздерінің талғамдары мен қажеттеріне бейімдеп алды. Одан әрі, шамамен, б. з. б. V ғасырдан бастап еуропалық және азиялық өнердің даму жолдары түбегейлі ажырайды, ғалымдардың пікірі бойынша, мұның өзі Қара теңіз жағалауындағы скифтерге көне Грекия ықпалының күшеюінен болған, ал сақтардың мәдениеті мен өнеріне Алдыңғы Азияның Ахеменид өнері тікелей ықпал жасады.

Екінші пікірді жақтаушылар аң стилі өнерінің қалыптасуына Алдыңғы Азия мәдениетінің ықпалы болғанын теріске шығармайды. Бұл ықпал б. з. б. VI ғасырдың соңынан бастап, Ахеменид уақытында ерекше күшті болды делінеді. Нақ осы кезеңде сақ өнерінде оған бұрын тән болмаған арыстанның, жарты денелі арыстан самұрықтың бейнелері, негізгі мүсіні қасиетті ағаш не құдайдың мүсіні болып табылатын геральдикалық композициялар, гүлдер немесе тұтас алғанда лотос түйнегі түріндегі өсімдік тектес ою-өрнектер пайда болады. Алайда, аң стиліндегі өнердің шығуын бұл зерттеушілер жергілікті ортамен байланыстырады да, оның тууын соңғы қола дәуіріне жатқызады, сөйтіп оның шыққан негізі карасук мәдениеті деп аталатын мәдениеттің мүсіндік бейнелері және неғұрлым арғы замандағы тотемдік бейнелер деп санайды<sup>145</sup>.

Аң стилі өнерінің мазмұнын анықтаумен байланысты мәселелер әлі де болса айқын емес. Оның діни наным сипатында болуы ықтимал. Скиф-сақ өнерінің мазмұнына кіретін хайуандар бейнелері нақты этникалық және тайпалық топтардың тотемдік арғы тегін бейнелеген. Әр түрлі бұйымдарға салынған бұл мүсіндер өзінше бір үлгідегі бойтұмарлар (апотропейлер) мен тұмаршалар болды. Сонымен бірге аң стилі өнері мазмұны жағынан мифологиялық өнер болды. Бұл өнер аллегориялық формада, аңдар таласының көптеген сюжеттерінде шиеленіскен тартысқа толы рулық және тайпааралық күресті, ерлік даңқы мен жаулап алушылықтың қатыгездігін бейнеледі.

Сақ заманында, алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы кезеңінде дала тайпаларында батырлар жыры пайда болады. Ертедегі эпостың кейбір бейнелері мен сюжеттері барынша өзгерген және түрленген күйінде біздің заманымызға дейін жетті<sup>146</sup>. Батырлар жырының кейбір тақырыптары, мәселен, аңшылық ерліктерінің, батырдың қайта тірілуінің көріністері, батырлардың соғыс жорығынан оралуы I Петрдің Сібір коллекциясындағы сақтардың алтын тоғаларында бейнеленген<sup>147</sup>.

Сақтардың қолданбалы өнерінің маңызды түрі ою-өрнек болды, ол аң стилі өнерімен қатар, онымен өзара байланыста дамыды. Көркемдік металға қарағанда ою-өрнек өнерінің ескерткіштері аз сақталатыны мәлім, өйткені ою-өрнек салынатын органикалық негіз (тері, киіз, ағаш, жүн маталар) тез шіриді. Сондықтан да ою-өрнек шығармашылығының кейбір үлгілері тек ерекше қолайлы жағдайларда ғана, мәселен, оба тоңында сақталған, оның ішінде бұл үлгілер Алтайдың Пазырық қабірлерінен табылған.

Сақ заманындағы ою-өрнектің бірнеше түрін: геометриялық, өсімдік тектес, зооморфтық, символдық түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Сақтардың металдан, киізден жасалған бірқатар бұйымдарында және керамикасында сақталған геометриялық ою-өрнек өзінің бастамасын андронов тайпаларының өнерінен алады. Ол сақ бұйымдарында үш бұрыштар, шеңберлер, ромбылар, шаршылар, шыршалы, меандрлық және шеңбер бөліктері тектес ою-өрнек түрінде болып келеді. Өсімдік тектес ою-өрнектің мұншалықты көне жергілікті дәстүрлері жоқ. Оның басты-басты әуендері лотостың түйіндері мен гүлдері, гүл тізбе, шыр-мауық өсімдіктерінің өрмесі, үш салалы жапырақтар түрінде болды. Кейбір ою-өрнек әуендері, мәселен, лотос Ежелгі Шығыс өнерінің ықпалынан туған.

Символдық ою-өрнектің негізі табиғат күштері мен аспан шырақтарына сыйынушылықтан туды. Шеңбер, бұрама, айқыш-ұйқыш сызық үлгісіндегі сарын күннің эмблемасы болды; бұйра толқындар сарыны бұрама ирек түріндегі қисық сызық белгілерімен, S-тәріздес сипатта берілді.

Зооморфтық ою-өрнек аң стилінің көптеген сюжеттеріне негізделді. Мұнда хайуандардың, дала қыранының бастарын, теке, бұлан, бұғы, тур мүйіздерін схемалық түрде бейнелеу көп тараған әдіс болды. Қайсыбір затта бірнеше ою-өрнек сарындарының араласып келуі де жиі ұшырасады.

Қазақстан аумағында жаппай тараған петроглифтер – жартастардағы суреттер де сақтардың бейнелеу өнерінің ескерткіші болып табылады. Әдетте олар күнге күйіп, бетін қоңыр тат басқан жартастарға үшкір металл құралдармен қашап салынған. Жартастағы гравюралар түрлі әдістермен: бейненің бүкіл көлемін тескілеп ою, сызық нобайы, ойып түсірген сызықтар, қырып түсіру арқылы салынған. Кейде бір бейненің өзі әр түрлі екі-үш әдіспен салынатын болған.

Жалпы алғанда жартастағы суреттер әр түрлі тарихи дәуірлерде салынған, бірақ олардың ең көбі – сақтар салған петроглифтер. Оларды аң стиліндегі қолданбалы өнерде жақсы мәлім бейнелер мен сюжеттер бойынша бөлуге болады.

Мәселен, талай ғасырлар бойы тайпалардың киелі орны, алуан түрлі ғұрыптық мейрамдар өткізілетін орын болған Таңбалы аңғарының (Алматы облысы), Қойбағар, Арпаөзен атыраптарының (Шымкент облысы) жартастарында сақтардың ондаған бейнелері бар. Олардың арасында сақтар суретшілеріне ұнаған (тұяқтарының ұшымен тұрған және аяқтарын бүгіп жатқан) кейіпте салынған бұғылардың суреттері, археологиялық қазбалардан табылған қола мүсіндерге ұқсас жабайы қабандардың суреттері, түйелердің шайнасқан көріністері, аю мен басқа да жыртқыштардың бедерлері бар, бұлар осы мүсіндердің металдан құйылған түрлеріне ұқсас. Сонымен бірге жартастағы гравюраларда сақтардың қолданбалы өнер бұйымдарында аз немесе мүлде ұшыраспайтын сюжеттер бар. Бұлар – адамның аң аулап жүрген кезінің көріністері, желіп келе жатқан түйелердің бейнелері, соғыс және жүк арбаларының суреттері, адам бейнеленген композициялар және басқалары.

Жартастардағы суреттер сақ тайпаларының күрделі де сан салалы көркемдік шығармашылығының көрінісін едәуір толықтыра түседі.



- <sup>1</sup> Тревер К. В. Этнический состав населения Средней Азии в VI—V вв. до н. э. — СЭ, 1947, VI—VII, 307-б.; Толстов С. П. Древний Хорезм. М., 1948, 243-б.; Руденко С. И. Культура населения горного Алтая в скифское время. М. -Л., 1960, 175-б.; Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины р. Или. А., 1963, 16-б.
- <sup>2</sup> Струве В. В. Этюды по истории Северного Причерноморья, Кавказа и Средней Азии. Л., 1968.
- <sup>3</sup> Дьяконов М. М. Очерк истории древнего Ирана. М., 1961, 75-б.; Струве В. В. Этюды по истории Северного Причерноморья., 135-б.
- <sup>4</sup> Мына әдебиетті қараңыз: Оранский И. А. Изучение памятников древнеиранской письменности в СССР (1917—1970). Сб. История Иранского государства и культуры (к 2500-летию Иранского государства), М., 1971, 45—50-б.
- <sup>5</sup> Геродот. История в девяти книгах. Перевод и примечания Г. И. Стратановского, Л., 1972; Известия древних писателей греческих и латинских о Скифии и Кавказе. Пер. В. В. Латышева. — ВДИ, 1947, № 1—4; 1948, № 1—4; 1949, № 1—4.
- <sup>6</sup> Известия древних писателей греческих и латинских о Скифии и Кавказе. Пер. В. В. Латышева.
- <sup>7</sup> Абаев В. И. Скифский быт и реформы Зороастра. — «Arhiv Orientalni», Praha, XXIV, 1956, № 1.
- <sup>8</sup> Струве В. В. Этюды по истории., 51—66-б.
- <sup>9</sup> Григорьев В. В. О скифском народе саках. СПб., 1871, 13—15, 50—59-б.
- <sup>10</sup> Дандамаев М. А. Поход Дария против скифского племени Тиграхауда. КСИНА, 1963, вып. 61, 179-б.
- <sup>11</sup> Дандамаев М. А. Иран при первых Ахеменидах. М., 1963, 269-б.
- <sup>12</sup> Струве В. В. Этюды по истории.; Пьянков И. В. К вопросу о маршруте похода Кира II на массагетов. — ВДИ, 1964, № 3.
- <sup>13</sup> Григорьев В. В. О скифском народе саках, 50—59-б.; Тревер К. В. Этнический состав населения Средней Азии в VI—V вв. до н. э. — СЭ, 1947, VI—VII, 307-б.; Копылов И. И. Сакские племена Сыр-Дарьи и Семиречья по археологическим данным. — Автореф. на соиск. уч. степени к. и. н. А., 1953, 6-б.; Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков., 16—20-б.
- <sup>14</sup> Дандамаев М. А. Иран при первых Ахеменидах, 115—116-б.; Пьянков В. И. К вопросу о маршруте похода Кира, 124—125-б.
- <sup>15</sup> Деректердің нақты мәліметін қараңыз: Литвинский Б. А. Кочевники «крыши мира». М., 1972, 163—169-б.
- <sup>16</sup> Дәйексөз Г. А. Стратановскийдің аудармасынан келтірілген. Геродот. История. Л., 1972, 333-б.
- <sup>17</sup> Литвинский Б. А. Саки, которые за Согдом. — Труды АН Таджикской ССР, т. СХХ. 1960, 96-б.
- <sup>18</sup> Смирнов К. Ф. Савроматы. М., 1964, 195-б.
- <sup>19</sup> Сонда, 197-б.
- <sup>20</sup> Черников С. С. Загадка золотого кургана. М., 1965, 66—67-б.
- <sup>21</sup> Акишев К. А., Кушаев Г. А. Культура саков и усуней долины р. Или., 17—19-б.; Кадырбаев М. К. Памятники тасмолинской культуры., 406—407-б. // Маргулан А. Х. и др. Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966.
- <sup>22</sup> Смирнов К. Ф. Савроматы., 196-б.
- <sup>23</sup> Акишев К. А. Культура саков долины р. Или. // Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины р. Или. 16—17-б.
- <sup>24</sup> Бернштам А. Н. Историко-археологические очерки Тянь-Шаня и Памиро-Алая. — МИА, 26. — М., 1962, 22-б.
- <sup>25</sup> Акишев К. А. Культура саков долины р. Или., 25—87-б.
- <sup>26</sup> Акишев К. А. Курган «Иссык». Искусство саков Казахстана. — М., 1978.

- <sup>27</sup> *Бабанская Г. Г.* Берккаринский могильник. ТИИАЭ, т. I, А., 1956, 189–206-б.
- <sup>28</sup> *Толстов С. П., Итина М. А.* Саки низовьев Сыр-Дарьи (по материалам Тагискена). – СА, 1966, № 2, 151–175-б.
- <sup>29</sup> *Вишневская О. А.* Культура сакских племен низовьев Сыр-Дарьи в VII–V вв. до н. э. // Труды ХАЭЭ, VIII, М., 1973.
- <sup>30</sup> *Бернштам А. Н.* Археологический очерк Северной Киргизии. – Фрунзе, 1941, 24–25-б.
- <sup>31</sup> *Максимова А. Г.* Курганы сакского времени могильника Жуантобе. – КСИИМК, 1960, вып. 80, 60–64-б.
- <sup>32</sup> *Бернштам А. Н.* Археологический очерк Северной Киргизии., 26-б.
- <sup>33</sup> Караңыз: МИА, 1950, № 14, табл. ХCV, 49-сурет.
- <sup>34</sup> *Агеева Е. И.* Курганные могильники ранних кочевников северо-восточной части Алма-Атинской области. // Изв. АН КазССР, сер. истор., археол., этногр., 1959, вып. 3(II), 83–85-б.
- <sup>35</sup> *Григорьев Г. В.* Келеская степь в археологическом отношении. // Изв. АН КазССР, сер. археол., вып. I, 1948, 3-б.; Материалы и исследования по археологии СССР. «Чуйская долина», № 14, 1950, т. X.
- <sup>36</sup> *Стрелков А. А.* Большой Семиреченский алтарь. // Сб. статей: С. Ф. Ольденбургу к пятидесятилетию научно-общественной деятельности, 1882–1932 гг. Л., 1934, 477–493-б.
- <sup>37</sup> Мемлекеттік Эрмижада сактаулы, № СА, 13762.
- <sup>38</sup> *Мартынов Г. С.* Иссыкские находки. // Краткие сообщения ИИМК, вып. 59, 1955, 150–156-б.
- <sup>39</sup> Қазақстанның Орталық Мемлекеттік Мұражайында сактаулы.
- <sup>40</sup> Түгіскен мен Ұйғарактағы жұмыстар туралы караңыз: Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962, 185–186-б.; Соныкі. Среднеазиатские скифы в свете новейших археологических открытий. // ВДИ, 1963, № 2; Толстов С. П., Итина М. А. Саки низовьев Сыр-Дарьи (по материалам Тагискена). // СА, 1966, № 2, 151–175-б.; Вишневская О. А., Итина М. А. Ранние саки Приаралья. // Проблемы сакской археологии. – МИА. 177. М., 1971, 197–208-б.
- <sup>41</sup> *Вишневская О. А.* Культура сакских племен низовьев Сыр-Дарьи в VII–V вв. до н. э. – Труды ХАЭЭ, VIII, М., 1973.
- <sup>42</sup> *Толстов С. П., Жданко Т. А., Итина М. А.* Работы Хорезмской археолого-этнографической экспедиции АН СССР в 1958–1961 гг. МХЭ, вып. 6, М., 1963, 14 а-сурет.
- <sup>43</sup> Бұл да сонда, 12 а-сурет, 5 в және 6-кестелер.
- <sup>44</sup> *Вишневская О. А.* Культура сакских племен., 128–129-б.
- <sup>45</sup> *Толстов С. П., Итина М. А.* Саки низовьев Сыр-Дарьи. – СА, 1966, № 2, 163-б.
- <sup>46</sup> Бұл да сонда, 159-б, 6-сурет.
- <sup>47</sup> *Смирнов К. Ф.* Савроматы., 118-б.
- <sup>48</sup> Бұл да сонда, 118–119-б.
- <sup>49</sup> *Толстов С. П., Итина М. А.* Көрсетілген еңбегі, 169 және келесі беттер.
- <sup>50</sup> *Грязнов М. П.* Памятники майэмирского этапа эпохи ранних кочевников на Алтае. // КСИИМК, XVIII, 1947; *Кадырбаев М. К.* Памятники тасмолинской культуры. // Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966; Акишев К. А. Саки азиатские и скифы европейские (общее и особенное в культуре). // Археологические исследования в Казахстане. А., 1973.
- <sup>51</sup> *Кадырбаев М. К.* Некоторые итоги и перспективы изучения археологии раннего железного века в Казахстане. // Новое в археологии Казахстана. А., 1968, 31-б.
- <sup>52</sup> *Руденко С. И.* Сибирская коллекция Петра I. – САИ, Д. 3–9, М.- Л., 1962, VI, I-кесте.

- <sup>53</sup> Толстов С. П., Итина М. А. Көрсетілген еңбегі, 169-б, 17, 5-сурет.
- <sup>54</sup> Бұл да сонда, 160-б.
- <sup>55</sup> Киселев С. В. Древняя история Южной Сибири. М., 1951, 231-б, XX, 6, 14—16-кесте; Членова Н. Л. Скифский олень. МИА, 115, 1962, 197-б., I, 1—6-кесте; Черников С. С. Загадка золотого кургана, 29-б, XI-кесте.
- <sup>56</sup> Членова Н. Л. Көрсетілген еңбегі, IV, 10-кесте.
- <sup>57</sup> Толстов С. П., Итина М. А. Көрсетілген еңбегі, 10-сурет.
- <sup>58</sup> Смирнов К. Ф. Савроматы, 370-б., 78-сурет, 225-б.
- <sup>59</sup> Иессен А. А. Ранние связи Приуралья с Ираном. — СА, XVI, 1952, 227-б.
- <sup>60</sup> Смирнов К. Ф. Савроматы, 277—280-б.
- <sup>61</sup> Андрианов Б. В. Древние оросительные системы Приаралья. М., 1969, 192—199-б.
- <sup>62</sup> Вишневская О. А., Итина М. А. Көрсетілген еңбегі, 207-б., 10-сурет.
- <sup>63</sup> Толстов С. П. По древним дельтам..., 139—181-б.
- <sup>64</sup> Бұл да сонда, 201—204-б.
- <sup>65</sup> Черников С. С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. М. -Л., 1960, 119-б.
- <sup>66</sup> Черников С. С. Загадка золотого кургана..., 65—66-б.; Гинзбург В. В., Трофимова Т. А. Палеоантропология Средней Азии. М., 1972, 128-б.
- <sup>67</sup> Грязнов М. П. Памятники Майэмирского этапа эпохи ранних кочевников на Алтае. КСИИМК, вып. XVIII, 1947.
- <sup>68</sup> Сорокин С. С. Памятники ранних кочевников в верховьях Бухтармы. АСГЭ, 8, 1966.
- <sup>69</sup> Арсланова Ф. Х. Погребальный комплекс VIII—VII вв. до н. э. из Восточного Казахстана. Сб. «В глубь веков», А., 1974.
- <sup>70</sup> Черников С. С. Загадка золотого кургана. М., 1968.
- <sup>71</sup> Гинзбург В. В., Трофимова Т. А. Палеоантропология Средней Азии, 150—175-б.
- <sup>72</sup> Медведская И. Н. Некоторые вопросы хронологии бронзовых наконечников стрел Средней Азии и Казахстана. // Советская археология, 1972, № 3, 84-б.
- <sup>73</sup> Тереножкин А. И. Киммерийцы. Киев: Наукова Думка, 1976, 32, 33-б.; Грязнов М. П. Аржан. Царский курган раннескифского времени. Л.: Наука, 1980.
- <sup>74</sup> Кузьмина Е. А. Металлические изделия энеолита и бронзового века в Средней Азии. // САИ, вып. 4—9. М., 1966; Маргулан А. Х. Бегазы—Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. А.: Ғылым, 1979; Черников С. С. Восточный Казахстан в эпоху бронзы. // МИА—88. М., 1960.
- <sup>75</sup> Членова Н. Л. Происхождение и ранняя история племен тагарской культуры. М.: Наука, 1967; Кузьминых С. В. Металлургия Волго-Камья в раннем железном веке. М.: Наука, 1983.
- <sup>76</sup> Петренко В. Г. Скифская культура на Северном Кавказе. // АСГЭ — 23. Л., 1983, 44-б.
- <sup>77</sup> Матвеева Н. П. Начальный этап раннего железного века в Тоболо-Ишимской лесостепи. // Западно-Сибирская лесостепь на рубеже бронзового и железного веков. Тюмень, 1989.
- <sup>78</sup> Акишев К. А. Памятники старины Северного Казахстана. // Тр. ИИАЭ АН КазССР. Т. 7. А., 1959.
- <sup>79</sup> Могильник Тасмола II, курган I.
- <sup>80</sup> Кадырбаев М. К. Памятники тасмолинской культуры. // Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966, 346-б.; Грач А. Д. Древние кочевники в центре Азии. М., 1980, 221-б.
- <sup>81</sup> Смирнов К. Ф. Вооружение савроматов. // МИА—101. М., 1961.
- <sup>82</sup> Хазанов А. М. Очерки военного дела сарматов. М., 1971.
- <sup>83</sup> Хазанов А. М. Көрсетілген еңбегі, 11-б.

- <sup>84</sup> *Мандельштам А. М.* Памятники кочевников кушанского времени в Северной Бактрии. // *Тр. Тадж. АЭ. Т. VII. М., 1975, 186-б., 38-кесте; Грач А. Д. Көрсетілген еңбегі, 173-б.*
- <sup>85</sup> *Глинский Е. А.* О технике стрельбы из лука у народов Северо-Востока Сибири. // *Советская этнография, 1987, № 6, 100, 109-б.*
- <sup>86</sup> *Кожомбердыев И., Худяков Ю. С.* Комплекс вооружения кенкольского воина. // *Военное дело древнего населения Северной Азии. Новосибирск, 1987, 89-б.*
- <sup>87</sup> *Косарев М. Ф.* Бронзовый век Западной Сибири. М., 1981, 181-б.
- <sup>88</sup> *Черников С. С. Көрсетілген еңбегі; Варфоломеев В. В.* Относительная хронология керамических комплексов поселения Кент. // *Вопросы периодизации археологических памятников Центрального Казахстана. Караганда, 1987.*
- <sup>89</sup> *Ломан В. Г.* Донгальский тип керамики. // *Вопросы периодизации археологических памятников Центрального Казахстана. Караганда, 1987.*
- <sup>90</sup> *Косинцев П. А.* Охота и скотоводство у населения лесного Зауралья и Пришимской лесостепи в переходное время от бронзового века к железному. // *Становление и развитие производящего хозяйства на Урале. Свердловск, 1989.*
- <sup>91</sup> *Хабдулина М. К.* Погребальный обряд населения раннего железного века Северного Казахстана. // *Ранний железный век и средневековье Урало-Иртышского междуречья. Челябинск, 1986.*
- <sup>92</sup> *Корякова Л. Н.* Культурно-исторические общности Урала и Западной Сибири. Препринт. Екатеринбург, 1991, 17-б.
- <sup>93</sup> *Смирнов К. Ф.* Савроматы. Ранняя история и культура сармат. М., 1964.
- <sup>94</sup> *Корякова Л. Н., Сергеев А. С.* Некоторые вопросы хозяйственной деятельности племен саргатской культуры. // *Становление и развитие производящего хозяйства на Урале. Свердловск, 1989.*
- <sup>95</sup> *Кадырбаев М. К.* Памятники тасмолинской культуры. // *Маргулан А. Х. и др. Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966.*
- <sup>96</sup> Ригведа, 1, 8, 24.
- <sup>97</sup> *Аристей.* Аримаспея, фр. 2—4. // *Вестник древней истории, 1947, № 1.*
- <sup>98</sup> *Гекатей.* Землеописание, фр. 168.
- <sup>99</sup> *Мошкова М. Г.* Сарматы и Средняя Азия. Тезисы докладов сессии, посвященной итогам полевых арх. исследований 1972 года в СССР. Ташкент, 1973.
- <sup>100</sup> *Бичурин Н. Я.* Собрание сведений о народах..., кн. II, М.-Л. 1950, 147—152-б.
- <sup>101</sup> *Кадырбаев М. К., Курманкулов Ж. К.* Захоронения воинов савроматского племени на левобережье р. Илек. // *Прошлое Казахстана по археологическим источникам. А., 1976, 137—156-б.*
- <sup>102</sup> *Кадырбаев М. К., Курманкулов Ж. К., Коронцова Г. Г. Ермолаева А. С.* Курганы Бесобы и Сынтаса. — АО. 1976. М., 1977, 515—516-б.; *Кадырбаев М. К., Курманкулов Ж. К.* Погребение жрицы, обнаруженное в Актюбинской области. — КСИА, № 154, М., 1978, 65—70-б.
- <sup>103</sup> *Кушаев Г. А.* Раскопки в Уральской области. — АО. 1981. М., 1983, 440—441-б.
- <sup>104</sup> *Смирнов К. Ф., Савроматы, 286 және келесі бет; Мошкова М. Г.* Памятники прохоровской культуры. М., 1963, 6 және келесі бет.
- <sup>105</sup> *Жилов В. П.* Очерки по истории древних племен Нижнего Поволжья. Л., 1975, 124-б.
- <sup>106</sup> *Скрипкин А. С.* Нижнее Поволжье в первые века нашей эры. Саратов, 1984; *Соныкі. Азиатская Сарматия. Саратов, 1990.*
- <sup>107</sup> *Ковпаненко Г. Т.* Сарматское погребение I в. н. э. на Южном Буге. Киев, 1986.
- <sup>108</sup> *Акишев К. А., Байпаков К. М.* Вопросы археологии Казахстана. А., 1979, 89—91-б.
- <sup>109</sup> *Хабдулина М. К., Зданович Г. Б.* Ландшафтно-климатические колебания



линской культуры. // Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966, 400—402-б.

<sup>136</sup> Геродот. История, VI, 23.

<sup>137</sup> Кривцова-Гракова О. А. Алексеевское поселение и могильник. // Тр. ГИМ. М., 1948, вып. 17, 81-б.; Средняя Азия в эпоху камня и бронзы. М.-Л., 1966, 136-б.; Грязнов М. П. Землянки бронзового века близ хутора Ляпичева на Дону. // КСИ-ИМК, 50, 145-б.

<sup>138</sup> Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура Центрального Казахстана, 228-б.; Оразбаев А. М. Поселение Чаглинка. // По следам древних культур Казахстана. А., 1970, 144-б.

<sup>139</sup> Пюрвеев Д. Б. Природа и кочевая архитектура. // Изв. АН КазССР, сер. общ. 1972, вып. 6, 15—18-б.

<sup>140</sup> Геродот. История, VII, 64.

<sup>141</sup> Геродот. История, I, 216; Страбон. География, XI, 8, 6; Ригведа, IV, 38—40.

<sup>142</sup> Литвинский Б. А. Древние кочевники «Крыши мира». М., 1972, 140-б.

<sup>143</sup> Смирнов К. Ф. Савроматы, 249-б.

<sup>144</sup> Руденко С. И. Искусство Алтая и Передней Азии. М., 1961, 62—64-б.; Артамонов М. И. Сокровища саков. М., 1973, 218—236-б.

<sup>145</sup> Эдинг Д. Н. Резная скульптура Урала. Из истории звериного стиля. М., 1940; Киселев С. В. Древняя история Южной Сибири. М., 1953; Черников С. С. Загадка золотого кургана. М., 1965; Акишев К. А. Происхождение звериного стиля в изобразительном искусстве саков. — Сб. Маргулановские чтения. М., 1988.

<sup>146</sup> Караныз: Абаев В. И. Нартовский эпос. // Известия Северо-Осетинского научно-исследовательского института, т. X, вып. I, Дзау-джикау, 1945.

<sup>147</sup> Грязнов М. П. Древнейшие памятники героического эпоса. // Археологический сборник. Гос. Эрмитаж, 1961, вып. 3.

## Екінші тарау

### ҒҰН ЖӘНЕ УСҰН МЕМЛЕКЕТТЕРІ

#### 1. ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ТАРИХЫ

Ғұндар. Б. з. б. I мыңжылдықта қазіргі Монғолияның оңтүстігіндегі Ордостан Каспий өңіріне дейінгі Орталық Азияның ұлан-байтақ кеңістігін тегі мен этникалық құрамы жөнінен әр түрлі тайпалар мекендеген.

Шаруашылықтың біртіндеп дамуы, тұрмыстың біршама ортақтығы, этникалық жақындық, саяси тәртіп факторы Орталық Азияда ертедегі таптық ірі бірлестіктердің құрылуына әкеп соқты. Олардың уақыты жағынан алғашқылары сюнну (ғұндар) болды<sup>1</sup>. Б. з. б. III ғасырдың аяғында қытай деректемелерінде пайда болған сюнну (ғұн) атауы тегі әр түрлі тайпаларды біріктірген және Тынық мұхит пен Солтүстік Қытайдан Алтай мен Жетісуға дейінгі аумақта, ал кейіннен одан әрі батысқа да ара-тұра таралып отырған саяси құрылымға қатысты болды.

Сюнну этнонимінің мазмұны мен нақты қалай айтылатыны әзірше айқын емес<sup>2</sup>. Зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, оның ежелгі қытайлық транскрипциясы гректер мен ертедегі орыс шежірелерінің фруна (труна) деген түріне тіреліп жатыр<sup>3</sup>. Орыс шежіресі Еділ мен Дунайдағы өздерінің сюннуларға сабақтастығын сақтап қалған ғұн-болғар ақсүйектерін сипаттай келіп, оларды трунове, яғни трундар деп атайды<sup>4</sup>. Егер осылайша, «трун» деген сөз бастапқыда «ғұн» тайпаларының ақсүйектеріне арналып айтылса, сюнну (хунну), яғни трундар ғұндар деп саналмағанын білдірмейді. Трун және ғұн терминдері бір ғана этникалық-саяси қауым жөнінде қолданылған, олардың таралған аудандары әр түрлі болғанымен ғұн термині әлдеқайда мол қауымды білдірді.

Ғұндардың жоғарғы билеушісін қытай авторлары шаньюй деп атайды. Б. з. б. 206 жылы ғұн тайпаларын Мөде шаньюй басқарды<sup>5</sup>. Мөде билік еткен алғашқы жылдардың өзінде-ақ Қытайдың шекаралық аудандарына жорықтар жасап оған күйрете соққы берді. Кескілескен күресте Мөде әскери-саяси қуаты басым Хань әулетін сюнну-ғұндардың Ордостағы көшіп жүретін жерлерінен дәме етуден бас тартуға мәжбүр етті. Хань императоры Гаоцзу Мөденің алдында бас иіп, онымен «тыныштық және туыстық туралы шартқа» қол қоюға мәжбүр болды, бұл шарт бойынша ол шаньюйге өзінің ханшасын әйелдікке беруге және жыл сайын «сыйлық» ретінде салық төлеп тұруға міндеттенді, кейін ол салықты үнемі төлеп тұрды<sup>6</sup>.

Шығыста Мөде «шығыс ху» тайпаларын бағындырды, ал оның құрамына, шамамен алғанда, Керулен және Онон алқаптарында мекендеген сяньби және ухуань тайпалары кіретін еді. Мөде батыста юеди (юечжи) тайпа-

ларына қарсы жорықтар жасады. Бұл кезде қазіргі Кореядан Тибетке және Шығыс Түркістаннан Хуанхэнің орта ағысына дейін созылып жатқан аумақ ғұн шаньюйлерінің қол астына түсті, ал солтүстікте ғұн конфедерациясына біріккен тайпалар Байкалдан арғы оңтүстік аудандарға дейінгі аумақты алып жатты.

Деректемелерде ғұндардың Саян-Алтай тайпаларына жасаған жорықтары туралы да айтылған. Шежіреші б. з. б. 201 жылы суннулердің солтүстікке және солтүстік-батысқа қарай жорығын жалғастырып, Хуньюй, Цюйшэ, Динлин, Гэкунь және Синьли елдерін бағындырғанын хабарлайды. Текске берілген түсініктемеде әлгі айтылған бес елдің суннулердің солтүстік жағында жатқаны айтылады, сірә, ол батысында Кем (Енисей) өзенінен Іле алқабына дейін созылып жатса керек<sup>7</sup>.

Б. з. б. 201 жылғы жорықта ғұндар Алтай тайпаларын түгелдей дерлік бағындырды, бірақ олар бұл аумақты толық қоластына қаратқан жоқ. Қалай дегенмен де, сол кезде осылай болғанын жазбаша деректемелер де, археологиялық материалдар да көрсете алмады.

Одан кейінгі онжылдықтарда ғұн тайпаларының күшеюіне қоса олар батыста да қызу қимыл көрсете бастайды. Б. з. б. 177 жылы Мөде көршілеріне қарсы өз бетімен қимыл жасады деген сылтаумен өзінің батыстағы туктерін (князьдарын) юедилерге қарсы жорыққа аттандарды. Ғұндардың атты әскерлері Чжанье-Ганьчжоу ауданы маңында юедилерді жеңіліске ұшыратты және сонымен бірге ғұндардың қалыптасып жатқан бірлестігінің шет аймағындағы бірнеше үлесті бағындырды. Келесі жылғы жазда бұл жөнінде шаньюй былай деген: «Аспанның рақымымен жауынгерлер аман, ал аттар мықты шықты: олар юедилерді жойып, жуасытты; семсердің ұшына іліп немесе бағындырып, (өз билігін) нығайтты. Лоулань, Усун, Хуцзе және оларға шектес 36 үлес (князьдік) суннулерге қаратылды. Олардың бәрі суннулердің армиясына кіріп, бір әулетке айналды»<sup>8</sup>.

Бұл құжат өте маңызды, бірақ сын көзбен қарауды талап етеді. «Отыз алты мемлекет» деп қазіргі Шығыс Түркістан аумағына орналасқан князьдіктер, яғни жалпы алғанда батыстағы Каспий теңізінің жағалауына дейінгі бүкіл жер айтылған. «Тарихи жазбалардың» (Ши цзи) авторы Сыма Цянь юедилердің «толық» талқандалғаны туралы хабарды құп алып, бұл орайда б. з. б. 177 жылы қытайларға юедилердің (юечжилердің) Хуанхэнің солтүстік ойпатынан батысырақта мекендеген бір бөлігінің ғана белгілі болғанын ескермеген. Қытай деректемелерінде юеди деп аталған көшпелі тайпалар Грек-Бактрияны талқандағаннан кейін олар туралы мәліметтер өзінен-өзі бүкіл Орта Азияға да тарала бастайды.

Сірә, б. з. б. 177 жылы сунну-ғұндардың Тынық мұхиттан Каспий теңізінің жағалауына дейінгі барлық елдерді бір князьдің атты әскері күшімен бағындыруын шындыққа жанаспайды деп санау керек. Дегенмен де, шығыстағы юедилердің бағындырылғанына күмән жоқ, нақ сол сияқты Лоулан, Усун және Хуцзе бірлестіктерінің юедилерге тәуелді болғаны туралы хабар да рас. Бұл этникалық-саяси атаулардың географиялық орны онша айқын емес. Қазіргі картаға Лобнор ауданындағы Лоулан (Крораина) князьдігі ғана азды-көпті сәйкес келеді. Қытай жазбаларындағы басқа деректердің уцзесімен теңестірілген Хуцзе жерінің немесе тайпасының этнонимі жергілікті Айғыр атауынан шығуы мүмкін. Ол Усун және Цзянькунь елдерінің арасында, яғни шамамен Оңтүстік Алтайда болған. Геро-





отрядын талқандады, бірақ одақтассыз қалған Чжичжи оңтүстік ғұндардың жерінен кетуге мәжбүр болды. Одан әрі деректемеде бұл және одан кейінгі оқиғалар былайша суреттеледі: «Чжичжи усун әскерінің көп екенін, өз елшісінің әлі оралмағанын көріп, өз әскерін орналастырды да, усундерге лап қойып, оларды тас-талқан етті; солтүстікке бет бұрып, Уцзеге сокқы берді, Уцзе бағынды. Чжичжи өз әскерінің көмегімен батыста Цзянькуньді қиратты, ал солтүстікте Данлинді бағындырды. Үш князьдікті бағындырған соң ол бірнеше рет Усунге әскер жіберіп, әдетте оны жеңіп жүрді»<sup>15</sup>.

Цзянькунда (Минуса ойпаты) Чжичжи өз ордасын құрып, сол жерден батысқа беттеген қозғалысын жалғастырмақшы болды. Чжичжидің армиясы ол кезге қарай қарақшы күшке айналып, оның қиратқыш күші «бағындырылған» князьдіктерге де, қатардағы қауым мүшелері сюннулерге де бірдей жайсыз тиді. Қалай дегенмен де, деректемеде сол жылдарда «Хуханье-шаньюй халқы көбейді... сөйтіп ол Чжичжиден қауіптенбей, өзін өзі қорғай алатын еді»<sup>16</sup>. Оңтүстік сюннулер саны Чжичжиден бөлініп шыққан көшпелілер және «бағынған» князьдіктер тарапынан көрінеу қарсылық жасауы есебінен өсті.

Енді құдіретті Хуханьенің кенеттен шабуыл жасауынан қорыққан Чжичжи батысқа қашып құтылу жолын іздестірді, оған апаратын жол усундер жерінен өтетін еді. Ол соларға қарсы күресу үшін күш жинап, одан соң Канцзюй (Кангюй) жерін жаулап алмақшы болды. Кангюйлер князінің кангюйлермен араз усундерге қарсы күресу үшін кенеттен Чжичжимен бірігуді ұсынуы оның ниетін өзгертті.

**Усундер.** Усундер — Орталық Азия аумағындағы ертедегі алғашқы таптық бірлестіктердің бірі. Егер VIII ғасырдағы жазушылардың Бесбалықты «Усун князінің шекарасы»<sup>17</sup> деп атайтынын ескерсек, усундердің шығыс шегі бір кездерде Бесбалық ауданы арқылы өткен деген қорытынды жасау керек. Усундер иеліктерінің шекарасы батысында Шу және Талас өзендерінің бойымен өткен. Қаратаудың шығыс беткейлеріне дейін созылып жатса керек. Усундер иеліктерінің орталығы — Іле аңғары, дегенмен олардың ордасы — «Қызыл Аңғар қаласы» Ыстықкөл мен Іле өзенінің оңтүстік жағалауы аралығында орналасты. Чжан Цянның (б. з. б. II ғ.) хабарлауына қарағанда, усундердің «бұрын» мекендеген жері шығыстағы алыс бір жерде болған<sup>18</sup>, мұның шындыққа жанаспайтыны анық.

«Усун» терминінің мағынасы осы кезге дейін анықталмай отыр. Ол қытайдың иероглифтік жазбаларынан ғана мәлім, оның қазіргі айтылуы қазақ этнонимдерінің бірі — Ұлы жүз қазақтарының басты этникалық компоненті болып табылатын тайпаның өзін атайтынындай «үйсін» сөзіне сәйкес келеді. Бірқатар зерттеушілер бұл транскрипцияны Орта Азия тарихынан мәлім асиан этнонимі деп білуге бейім<sup>19</sup>. Алайда соңғы зерттеулерде асиан термині ятии этнонимінің диалектілік нұсқаларының бірі болуы мүмкін деген басқаша түсініктеме айтылады, ал оның транскрипциясының дәстүрлі ертедегі қытайша түрі қазіргі қытай тілінде айтылатын (юечжи) иероглифтері болған<sup>20</sup>.

Усун терминінің транскрипциясын түсіндірудің тағы бір нұсқасы бар. Қазір у-сун деп айтылатын екі иероглиф ертедегі қытай тілінде а-сман, яғни асман, «аспан» делініп айтылған деп жорамалданады. Бұл айтылған-

дарды усун гуньмосына күйеуге берілген қытай ханшасының хатындағы: «Менің үйім мені... Аспан Еліне... күйеуге берді»<sup>21</sup> деген сөздер растауы мүмкін. Бұл тұрғыдан алғанда, «көк тіреген таулар» дегенді білдіретін тянь-шань деген сөздің өзі де жергілікті атаудың аудармасы сияқты екенін атап өту маңызды.

Усундердің ертедегі этникалық-саяси тарихына байланысты оқиғалар жеткілікті зерттелмеген.

Усундер туралы алғашқы хабарлар б. з. б. II ғасырдың аяғында пайда болады. Қытай императорының сарайындағылар сюннуларға қарсы күресте одақтас іздеп, Батыс өлкеге Чжан Цянь бастаған елшілік жіберген. Чжан Цяньды сюнну-ғұндар тұтқынға алып, олардың елінде он шақты жылдай болады. Алайда ол кейіннен қашып шығып, Жетісуға барады, усундер туралы алғашқы хабарды еліне сол жақтан апарған. Оның кезінде усундер арасында сэ (сақтар) «тармағы» мен юечжилер мекендеген. Юечжилер туралы хабарлар Чжанье ауданындағы сюннулерден алынғандықтан, Чжан Цянь усундердің өзі де бұрын Цилян-шань мен Дуньхуан аралығында мекендеген деген қорытынды жасаған.

Қазіргі деректер бойынша, усундер Жетісуды қосқанда неғұрлым байтақ аумақты алып жатқан. Қытай усундердің сюннулерге Ордоста соққы беруін қалады. Бұл пікір усундердің нақ сол Чжан Цянь жазып алып, кейіннен шежіреге енгізілген генеалогиялық аңызының редакциясында да өз көрінісін тапқан. Оның айтуынша, усундердің билеушісін бір кезде көршілері юечжилер өлтірген де, оның қаншық қасқыр мен қарға күзетіп жалғыз қалған ұлы есейген шағына дейін шаньюй ордасында тәрбиеленген. Ер жеткен соң гуньмо әкесін өлтіргені үшін кек қайтаруға шаньюйден рұқсат сұрап, юечжилерді талқандапты-мыс. Өз кезегінде Орта Азия юечжилерінің аман қалған бөлігі басқа тайпалармен одақтасып, б. з. б. 140 жылы Грек-Бактрия мемлекетін талқандаған.

Сірә, усундерде үштік жүйе болса керек. Сюннулер сияқты, олар да үш бөлікке: сол қанат, орталық және оң қанат болып бөлінген (олардың әрқайсысында он мыңнан жауынгер болған).

Усундер бірсыпыра уақыт бойы сюнну-ғұндарға саяси жағынан тәуелді болғандықтан, соңғы этноним белгілі бір уақыт бойы усундердің өзін де тасасында ұстап келген деп санауға болады. Мұны грек-рим жазушыларының ертедегі ғұндар туралы хабарлары дәлелдейді<sup>22</sup>. Мәселен, ғұндар туралы хронологиялық жағынан алғаш рет Страбонның айтқандарында Бактрия патшалары «өз иеліктерін серлер мен фаундарға дейін жайды» делінген. Тегінде, Грек-Бактриясының иеліктері бір кезде Тарым ойпатының батыс шегінен әріге созылып жатса керек, демек, бұлайша салыстыру тарихи-географиялық тұрғыдан даулы<sup>23</sup>.

Кейінгі уақыттағы усундер тарихы сақтармен және юечжилермен байланысты. Грек-рим авторлары енді «ғұн-усундар» жайында айтады.

Ғұндар атауының усундерге де таралғанына қарамастан, олардың этникалық туыстығы туралы айтуға берік негіз жоқ, дегенмен мұны толық бекерге шығаруға болмайды. Сюннулердің тілі әзірше белгісіз. Зерттеушілер қазіргі уақытта сюннулер тілін ежелгі түрік тіліне бәрінен де жақын «алтай» тобының тіліне жатқызуға бейім.













көшпелі қауымдар мен қандас туысқандық қатынастардың қатар өмір сүруімен байланысты еді.

**Құлдық және әлеуметтік қатынастар.** Ежелгі усун қоғамында құлдық бола тұрса да, құл еңбегі өндіріс негізі болған жоқ. Сол кездегі дүние жүзінің көптеген халықтарындағыдай, усундерде де құлдықтың негізгі көздерінің бірі соғыс тұтқындары болды. Мысалы, жазбаша деректемелерде мынадай оқиға келтірілген: б. з. б. I ғасырда усун гуньмосы Вэн Гуйми (Фэйван) ғұндарға тұтқиылдан шабуыл жасап, 40 мың адамды тұтқынға алады да<sup>50</sup>, қайтқанда өзімен бірге алып кетеді. Құлдардың шығуының борышқорларды, кейбір жағдайларда өздерінің туысқандарын құлға айналдыру сияқты көздері де болуы мүмкін. Бірақ бұл көздердің тым шектеулі болғаны анық, өйткені патриархаттық-рулық қалдықтар күшті болған қоғамда еркін ұсақ өндірушіні құлға айналдыру өте сирек кездесетін еді. Әдетте, мырзаны, оның отбасы мүшелерін күтетін малай ретінде құлдар пайдаланылды. Бірақ, сірә, қолөнерші-құлдар, малшы-құлдар немесе егінші-құлдар да болса керек.

Жазбаша деректемелер мен археологиялық материал усун қоғамындағы әлеуметтік теңсіздік фактісін анықтауға ғана емес, сонымен қатар оны ең басты әлеуметтік топтарға шартты түрде бөлуге де мүмкіндік береді. Бұл мәселенің археологиялық негіздемесін келтіре кетейік. Жетісу аумағындағы усун заманынан қалған мындаған обалар үш түрпатқа бөлінеді. Олардың біріншісі — диаметрі 50—80 м және биіктігі 8—10—12 м үлкен жер обалар. Үйінді астында, әдетте еркектер мен әйелдер жерленген бір-екі мола шығады.

Теңлік обасында (Шығыс Жетісу) бір молаға атақты әйел жерленген. Оның киімі мәнерлі үлкенді-кішілі алтын қаптырмалармен сәнделген, құлақтарында — бедерленген алтын сырғалар бар, шашына немесе бас киіміне алтынмен шебер қапталған ауыр түйреуіш түйрелген. Мұнда оның қасына сәндік заттар (қола айна және алтын жапырақша жолақтарымен өрнектелген ағаш қобдиша) қойылыпты.

Батыс Жетісуда үлкен обалардың (Қаракөл мен Бурагин обалары) астындағы қабірлер бай, олардан да мүсінді алтын қаптырмалар, Грек-Бактриядан шыққан тігіп орнататын қаптырмалар, лак бұйымдарының қалдықтары, аң стиліндегі әшекей бұйымдары, қару, қыш және ағаш ыдыстар шықты<sup>51</sup>.

Екінші үлгідегі обалардың мөлшері (Шарын өзеніндегі Қаратұма қорымы үлгісіндегі) диаметрі 15—20 м шамасында, биіктігі 1 метрге дейін болады. Үйінді астында — бір-екі мола, кейде бір молада — екі қаңқа жатты. Құрал-сайман: үш-төрт қыш және ағаш ыдыстар, ұсақ қола, кейде алтын әшекейлер (сырға, жүзік, түйреуіш, білезіктер), «скифтік» өнер стилінде жасалған қола аспалы белдіктер, қару — темір қанжарлар мен семсерлер, жебенің үш қырлы және қалақ бас ұштары. Мұндай обалар жүзге тарта үйінділері бар қорымдарда топталады.

Және, ақырында, диаметрі 5—10 м және биіктігі 30—50 см шағын үйінділер түріндегі обалардың үшінші түрі өте көп. Көмілген заттары біркелкі және аз: бір-екі ыдыс, темір пышақтар мен түйреуіштер, оқта-текте қола сырғалар мен моншақтар кездеседі, оларда қару болмайды.

Үлкен обаларда атақты адамдар — ірі меншік иелері мен олардың әйелдері немесе көңілді әйелдері қойылған деп айтуға әбден болады. Орташа обаларда өз алдына бөлек шаруашылық жүргізетін, халықтың көпшілігін

кұрайтын ерікті, қатардағы қауым адамдары, ал ұсақ обаларда — тәуелді ұсақ өндірушілер мен құлдар жерленген.

Деректемелердің хабарлауына қарағанда, ежелгі усун қоғамын халық толқулары талай рет шайқалтқан. Олар ашықтан-ашық бүлік, бөлініп көшіп кету, гуньмоларды өлтіру сияқты әр түрлі түрде болды. Мәселен, деректемелерде б. з. б. I ғасырдың 50-жылдарында гуньмо Ними (Куан-ван) «зұлым әрі долы болғандықтан» халыққа қатты қысым жасағаны, сондықтан да «халықтың сенімінен айрылғаны», мұның өзі «усундердің мазасыздануы мен қайғы-қасіретіне» себеп болғаны айтылады. 40—30-жылдарда халық «тағы да бүлік шығарып», гуньмо қашып кетеді.

Жоғарыда атап өтілгендей, халықтың едәуір бөлігінде қару болмауы ерекше назар аударарлық. Тегінде, қаруланған халықтың орнына ұлы және кіші гуньмолардың жасақтары пайда болды. Бұл жасақтар олардың билігіне сыртқы соғыстар кезінде ғана емес, халық толқулары кезінде де тірек болып отырды. Ал мұның өзі енді мемлекеттік өкімет элементтерінің айқын дәлелі болатын.

Мұндай жорамалды деректемелерде усундер туралы сөз болатын жердің бәрінде «Усун-го» — усун мемлекеті және «Син-го» — көшпелі мемлекет, сирек болса да «Бу-цзу» — тайпа, тайпалық одақ деген терминдер қолданылатыны да көрсетеді. Бұл кездейсоқ немесе хань чиновниктерінің білмегендігі емес. Ұлы және кіші гуньмолардан басқа мынадай шендер мен лауазымдар болған: Сян-да-лу; Цзо-да-лу; Ю-да-лу; Хоу; Да-гян; сол жақ гян; оң жақ гян; сол жақ ду-юй; оң жақ ду-юй; сол жақ да-цзянь; оң жақ да-цзянь; да-ли; сол жақ шечжун-да-ли; оң жақ шечжун-да-ли; ци-цзюнь.

Барлық лауазымды адамдар мен чиновниктердің әлеуметтік үстем топқа жатқаны даусыз. Олардың ішіндегі ең төмендегілері — Дин-хоу — тәуелді (вассал) князьдер, бірақ одан да ұсақтары болған<sup>52</sup>.

**Көрші халықтармен қарым-қатынастары.** Усундер ерте замандағы Орталық Азиядағы этникалық-саяси бірлестіктердің бірі деп саналды<sup>53</sup>. Усун мәдениетінің ескерткіштері ұлан-байтақ Жетісу, Ферғана (ішінара) аумағына және тегінде, Шығыс Түркістанның солтүстік бөлігіне де таралған. Б. з. б. II ғасырда халқының саны 630 мың адам болған усундер атты әскерлер мен жаяу садақшылардан тұратын көп әскер шығара алған. Гуньмо мен тақтың екі мұрагерінің жасағы әрқайсысында 10 мыңнан 30 мың атты әскерден тұратын. Б. з. б. 73 жылдың өзінде-ақ усундердің жері үш бөлікке: сол жақ (шығыс), оң жақ (батыс) және гуньмонның өзіне қарасты орталық бөліктерге бөлінді, бірақ олардың бәрі «Гуньмоға жоғарғы дәрежеде тәуелді» болды. Оның ордасы Чананнан 8900 ли немесе Вынсудың (Аксу) солтүстігінде 610 ли<sup>54</sup> болатын, Іле өзенінің оңтүстік жағалауы арасында орналасқан Чигу қаласында болды.

Б. з. б. 64—51 жылдар аралығында Хань империясының таққа мұрагерлікке араласуына халықтың наразылығы күшейді. Халық бұқарасы гуньмонның ғұн тегінен тараған мұрагерлеріне көрінеу іш тартты, сондықтан усундердің халқы мен аумағы екі бөлікке: ұлы гуньмо және кіші гуньмоға бөлінді де, олардың қарамағындағы жерлердің шекарасына межелер қойылды<sup>55</sup>.

Усундердің тарихы кіші гуньмолардың үстемдік үшін ұлы гуньмоларға қарсы, ғұндарды қолдайтын және хандарды жақтайтын саясат жағындағылар арасындағы өзара қырқысқан күрестерге толы. Мәселен, 60-жылдардың аяқ кездерінде қайтыс болған Унгуйми гуньмонның ғұн ханымынан туғ-

ан ұлы Уцзюту патшалық құрып тұрған гуньмо Нимиді (Куан-ван) өлтіріп, билікті тартып алды да, халықтың қолдауымен өзін гуньмо деп жариялады. Б. з. б. 14 жылы ұлы гуньмо Цылими кіші гуньмо Мочжэньцзянның тапсыруымен өлтірілді. Деректемелерде Цылимиді ол «бағындырып алады деп қауіптенген» Мочжэньцзян өлтірді деп тура көрсетіледі. Цылимидің билік жүргізген уақыты – б. з. б. 45–14-жылдардың арасы – усун мемлекетінің дәуірлеген кезі болса керек, өйткені ол «билікті берік ұстады» және иеліктерінде «алансыз тыныштық пен бейбітшілік... орнады.»<sup>56</sup>

Бірқатар иеліктер немесе тайпалар усундердің билігінде немесе ықпалында болған деп жорамалдауға негіз бар. Мысалы, «Цяньханьшуда» – усундер «өзіне басқа да көптеген иеліктерді бағындырды», «Давань-чжуньда» – «көршілес шағын иеліктерге шабуыл жасады» деп көрсетіледі, ал Янь Ши-гу: «бағындырған бойда вассалдарға айналдырады» деп нақтылай түседі<sup>57</sup>. Сірә, хюсюньдер, гюаньдулар (цзюаньдулар), юйтулар немесе уштар сондай тайпалар мен иеліктер болса керек. Әдет-ғұрпы мен киім-кешектеріне карағанда олардың бәрі усундерге жақын тайпалар. Б. з. б. I ғасырда Согюй немесе Яркян иелігінде жергілікті ақсақалдар мен билеушінің өтініші бойынша, «усундіктердің ізгілікті мейіріміне бөлену» үшін гуньмо Ван-Гуймидің ұлы Ваньянь билеуші болды<sup>58</sup>.

Усундер неке одақтарын жасасу арқылы басқа мемлекеттермен одақтастық қатынастар орнатты. Мәселен, б. з. б. 69 жылы нақ сол Ван-Гуйми өзінің қызы Дишиді Кучи билеушісі Гяньбиньге берген<sup>59</sup>. Усундермен одақ жасасуға мүдделі болған Хань империясы мен Ғұндар хань және ғұн ханшаларын усун гуньмоларына күйеуге беріп отырған.

Көршілес жатқан аумақтардың кейбір иелері жау шапқан кезде усундерден қорғаныш іздеген. Мәселен, солтүстіктегі чештердің билеушісі Угу ғұндардан бас сауғалап, б. з. б. 68 жылдан 62 жылға дейін усундерде тұрған<sup>60</sup>.

Хань дәуірінің әлеуметтік хроникаларында усундердің саяси тарихынан фактілер келтіру шамамен алғанда б. з. б. III ғасырға дейін жеткізілген. Ортаңғы империяның соңғы кезеңдерінің кейбір жазбаша деректемелерінде де үздік-создық мәліметтер келтірілген. «Бэйшуда» (Юаньвэй әулетінің тарихы) б. з. б. 437 жылы хань сарайына усундердің елшілер жібергені туралы хабар бар<sup>62</sup>.

Археологиялық материал, әсіресе Шығыс Жетісу аумағынан (Ақтас-2 қонысы, Ақтасты-1,4–6, Сарытау қорымдары) табылған археологиялық материал усундер түріктерге дейінгі заманда әлі де кең-байтақ жерде өмір сүре бергенін дәлелдейді. Ол былай тұрсын, нақ сол деректер бойынша (Ақшоқы-3, Өтеген-1 қорымдары) ертедегі усундер мәдениеті бұрынғы мекендеген жерлерінде, олар түрік қағанаттарының бақылауында болғанымен, одан әрі дами берген. Тіпті біздің заманымыздағы X ғасырдың өзінде деректемелер беттерінде усун атауы қайтадан пайда болады. Мәселен, император Тайцзунның хроникасында 938 жылғы тугухунь, усун және мохэ тайпалары туралы жазба бар. Ляо империясы заманында «усундердің тоғыз бірлестігі» болғаны «Винвэйчжиден» мәлім<sup>62</sup>.

Сонымен, ежелгі усундердің қазақ және қырғыз халықтарының құрамына кірген үйсіндермен және үйшұндермен генетикалық жағынан сабақтастық байланысы болды деп айтуға толық негіз бар.

### 3. ҒҰНДАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

Ғұндардың өмірінде мал шаруашылығы басты рөл атқарды. Сыма Цянь былай деп жазады: «Қытайдың солтүстігінің сырт жағын мекендей жүріп, олар өздерінің малымен бір жайылымнан екінші жайылымға көшеді. Үй малынан жылқы, ірі қара және қой-ешкі өсіреді; біразы түйе, есек ұстайды. Шөптің қалың, судың мол болуына қарай бір жерден екінші жерге көшіп жүреді... Шонжарларынан бастап бәрі де үй малының етімен тамақтанады, олардың терісін киім қылады, жүн мен аң терісін жамылады»<sup>63</sup>. Ғұндардың өмірінде жылқы ерекше маңызды рөл атқарды<sup>64</sup>. Ал қойдың етін, терісін, жүнін пайдаланды. Қой терісі мен жүннен киім, аяқ киім жасады, жүннен киіз басылды.

Малының бәрі дерлік бүкіл жыл бойына жайып бағылды. Сондықтан жазда қуаңшылық немесе қыста көктайғақ болуы, мал індеті үлкен апатқа ұшыратып отырды. Деректемелер мұны да жиі көрсетеді<sup>65</sup>.

Қытай әскерлерінің ғұндарға жорықтары суреттемелерінде келтірілген жанама деректерге қарап, халықтың жан басына шаққандағы орташа мал санын анықтауға әрекет етуге болады. Мәселен, б. з. б. 72 жылы келтірілген ең толық мәліметтер бойынша, әскербасылар өздерінің реляцияларында былай деп хабарлаған: 700 тұтқын мен 10 мың бас мал — 15 : 1; 100 тұтқын мен 2 мың бас мал — 20 : 1; 300 және 7 мың — 29 : 1; 19 және 100 — 5 : 1; 1900 және 70 мың — 35 : 1; 39 және 700 мың — 18 : 1. Сонымен, орта есеппен халықтың жан басына шаққанда 19 малдан келеді. Қарапайым мал шаруашылығы жағдайында мұндай арақатынас оңтайлы болатын<sup>66</sup>.

Ғұндар отырықшылық пен егіншілікті де білген. Деректемелерде «солтүстік жерлерде суық ерте түседі, сондықтан тары себуге қолайсыз болса да, ғұндардың жерінде тары себіледі» деп жазылған<sup>67</sup>. Байкал сыртындағы Нижне-Иволгинск қала жұртын қазған кезде еденді сылаған балшық арасынан туралған сабан шықты. Нақ осы жерден қысқы, тұрақты жартылай жертөлелердің жұрты табылды, олар кандар жүйесімен жылытылған<sup>68</sup>. Тары дәндері, шойын түрендер, темір орақ, тас дәнүккіштер және астық сақтайтын ұралар шықты. Адам жерленген ағаш қималар да ғұндарда отырықшылық болғанын дәлелдейді.

Ғұндар өмірінде аң аулау маңызды рөл атқарды. Бұл жөнінде деректемелерде былай делінген: «... балалар қойға мініп, садақ тарта алады және құстар мен тышқандарды ата біледі; біраз өскен соң олар түлкілерді және тамақ етіп жейтін қояндарды атады... Олардың арасында орнаған ғұрып бойынша, тыныштық кезде мал бағып, оған қоса құс пен аң аулайды, сөйтіп тіршілік етеді»<sup>69</sup>. Ғұндардың қабірлерін қазған кезде киіктің, қабанның, құланның, бұғының, таутекенің, еліктің, қоян мен түлкінің сүйектері табылды.

Қабірлерде керамика — құмыралар, көзелер, саптыаяқтар аз емес, олар қолдан жапсырып және құмырашы ұршықшасында дайындалған, мұның өзі қыш-құмырашылықтың дамығанын дәлелдейді<sup>70</sup>. Басқа жақтан әкелінген заттар, жібек маталар, айналар, көз салған әшекейлер кездеседі.

Ғұндарда әскердің негізі тез орын ауыстыра алатын атты әскер болған. Салт атты жауынгердің қару-жарағы — садақ пен жебелер. Қазба жұмыс-



лар өз иеліктерінде мыңбасылар, жүзбасылар тағайындай алатын еді. Алайда шаньюй өзіне бағынбаған немесе жазықты болған түменбасылардың жерін қайтарып алатын, өздерінің жүзбасылары мен онбасылары жөнінде түменбасыларының да нақ сондай құқығы болды. Лауазымдар мен жоғары шендер мұраға қалдырылды. Қарапайым халықтан алынған салықтар туралы мәліметтер бар.

Сонымен усун және ғұн қоғамдарындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар шамамен алғанда бірдей даму деңгейінде болды. Оларда ертедегі алғашқы таптық қоғамдардың құрылуы кезінде қанау мен байлық жинаудың әр алуан түрлері қалыптасады. Алайда олардың бірде-біреуі тұтас алғанда бүкіл жүйені анықтайтын доминанттық маңыз алған жоқ. Сондықтан құлдардың және құл иеленушілік қатынастардың болғанына қарамастан, бұл қоғамдарды құл иеленушілік немесе патриархаттық-құл иеленушілік қоғамдар деп сипаттауға болмайды. Усундер, ғұндар қоғамдарының үлгісіндегі ежелгі көшпелі, ертедегі таптық бірлестіктердің басқа бір сипатты белгісі өзінше бір әкімшілігі мен күштеу аппараты бар мемлекеттіліктің қалыптасуы болып табылады, олар рулық-тайпалық құрылыс органдарын сол кезде-ақ ішінара алмастырып, ішінара солардың бейнесін алып, оларды жаңа жағдайларға бейімдеді.

Ертедегі түрік қоғамына және ежелгі көшпелілер бірлестіктеріне тән әр түрлі өндіріс әдістері мен қанау түрлерінің қатар өмір сүруінің жағдайында феодалдық құрылыс барған сайын тереңірек айқындала түсті.

#### **4. УСУНДЕР МЕН ҒУНДАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ**

Ежелгі усундердің материалдық мәдениеті жеткілікті дәрежеде толық зерттелген. Жетісудағы, негізінен алғанда Іле аңғарындағы қоныстар мен қорымдарды қазу айқын да әсерлі материалдар берді, олар усундердің тұрғын жайларының сипатын, олардың ішкі көрінісін елестетуге, керамиканың эволюциясы мен негізгі үлгілерін зерделеуге, усун тайпаларының еңбек құралдары мен қаруларын білуге мүмкіндік туғызды.

##### **Жерлеу құрылыстары мен олардың хронологиясы**

Ертедегі усундердің олар қоныстанған бүкіл кең-байтақ аумақтағы қабірлерге орнатылған ескерткіштері екі үлгідегі: үйілген обалар және жалпақ қоршаулар түріндегі құрылыстар болып табылады. Әдетте, құрылыстардың екі үлгісі де бір қорымның құрамынан кездеседі. Кейде қоршаулар жеке қорым құрайды, бірақ мұндай реттер біршама аз. Тек бір ғана қоршаулардан тұратын оқшауланған қорымдарды оп-оңай санап шығуға болады. Шығыс Жетісуда бұлар: Қалқан-1, Үңгірқора-2, Бесшатыр-4, Ақшоқы-3, Ақтасты-5 (Кеген өзенінің аңғары), Өсек-2 (Өсек өзенінің аңғары). Батыс Жетісу мен солтүстік Ферғанада Шығыс Жетісумен салыстырғанда мұндай қорымдар әзірше белгісіз.

Көп жылдық қазба жұмыстарының көрсеткеніндей, бұл ескерткіштердің

сыртқы түріндегі айырмашылық олардың этникалық және мәдени тегіндегі айырмашылықты білдірмейді. Керісінше, жерлеу ғұрпы мен қоса салынған саймандар жөнінен олардың бір-бірінен ешбір айырмашылығы жоқ. Әдетте, үйіндісіз қоршаулар неғұрлым ертедегі дәуірлердің сарқыншақтарымен байланыстырылады, сондықтан олардағы хронологиялық белгілер айқын ажыратылады. Алайда біздің байқауларымызда ондай тұжырымдарды дұрыс деуге салмақты дәлелдер жоқ.

Сонымен, үйінді обалардан тұратын қорымдар усундердің жерлеу құрылыстарын сипаттайтын ескерткіштердің негізгі үлгілері болып табылады. Обалар зираттың төңірегіндегі жергілікті материалдан үйілген. Обалар жазық далаларда — топырақтан, өзен аңғарларында — сары топырақтан немесе өзеннің малта тастарынан, тау етектерінде тас араластырылған топырақтан, қиыршақ тастан, тастардан тұрғызылған. Үйінділердің көлемі мейлінше әр түрлі: диаметрі 80 метрден 100 метрге, биіктігі 10 метрден 12 метрге дейін жететін жер бетінен сәл көтеріліп жатқан үйіндісіз шағын обаларға дейін кездеседі. Усундердің белгілі обаларының бәрін көлемі және жерлеу жабдықтарының байлығы жөнінен үш топқа: үлкен, орташа және кіші топтарға бөлуге болады. Белгілі қорымдардың басым көпшілігіндегі оба құрылысында усундердің қабірге орнатқан ескерткіштері құрылысының екі үлгісі — үйінді мен қоршау ұштасып отырады. Әр түрлі нұсқалары кездеседі, бірақ ең жиі кездесетіндері: 1) «үйінді астындағы» қоршаулы обалар; 2) «үйінді сыртындағы» қоршаулы обалар, яғни қоршау негізгі үйіндіні айналдыра белгілі бір қашықтыққа орналасады; 3) «үйінді үстіндегі» қоршаулы обалар. Соңғыларының нұсқалары: үйіндіні түбінен қоршап тұратын қоршау, жиегіндегі қоршау және биік басындағы қоршау. Оба үйіндісіне екі-үш қоршау салынған реттер де мәлім, олар концентрикалық жиегі бойынша орналастырылған (Сарытай-3, Ақшоқы-4), бірақ үйінді астында бірнеше қоршауы бар обалар әлдеқайда жиі кездеседі (Қалқан-1).

Дербес топ ретінде немесе үйіндімен бірге кездесетін қоршаулар үлгісіндегі қабір құрылыстары көпшілік жағдайда — дөңгелек, кейде төрт бұрыш (шаршы, тік бұрыш), сирек болса да сопақша түрде болып келеді. Жер бетіне немесе үйінді үстіне үлкен-үлкен қойтастарды бір қатар немесе бір қабат етіп жай ғана қалай салу жолымен қоршауларға алдын ала ойластырылған түр беріліп отырған. Егер тастың көлемі неғұрлым ұсақ сынықтары пайдаланылса, олардың биіктігі мен ені бірнеше қабат етіп қаланған. Өзен аңғарларында қоршауларды калауға өзеннің үлкен малта тастары қолданылған. Қоршаулардың биіктігі мен ені орта есеппен алғанда тиісінше 0,5—0,6 м және 0,2—0,3 м. Өсек қорымында (Өсек өзенінің сол жағалауы, Жоңғар Алатауының оңтүстік етегі) ірі жентек тастар қырынан көміліп тік бұрышты және дөңгелек қоршаулар тұрғызылған.

Ертедегі усун қорымдары тек қана қыстау-қоныстардың маңына, тау етектеріне, шатқалдардан жазыққа шығар жерлерге орналасқан. Усундер қоныстануды ұнататын жер бедері қорымдарды олардың мәдениетіне тән меридианалдық «тізбекте» жоспарлауды анықтап берді. Қыстау-қоныстар тау шатқалдарының түбіне орналасқандықтан, зираттар тау өзендері мен жылғаларының жарқабақтарына салынған. Мұның өзі қабір құрылыстарының өзара орналасуы судың солтүстіктен оңтүстікке және керісінше ағу бағытына қатаң сәйкес келіп отырды. Алайда ертедегі усун қорымдарының ерекше жоспарлануын жер бедері туғызған деген тұжырым бір қорым

құрамындағы обалардың әрбір тізбегінің бір руға немесе үлкен әулетке жататындығы туралы әдебиетте бар қағиданың дұрыстығын әсте де теріске шығармайды. Ол былай тұрсын, біздегі жаңа материалдар, әсіресе Кетпентау етегіндегі Ақтасты қорымдарының тобы рудың немесе үлкен әулеттің ыдырауына қарай қорымдардың жоспарлануы қалай өзгертіндігін айқын дәлелдейді: ұсақ тізбектер үзіледі; шағын әулетке тиесілі әрбір қыстау-қоныстың жанынан өз зираты пайда болады; жүйесіз орналасқан үйінділерден тұратын көлемді қорымдар кездеседі, оларды, сірә, енді қандас туыстық байланыстары бойынша емес, қайта аумақтық-шаруашылық мүдделері бойынша біріккен ұжымдар тастап кеткен болса керек.

✓ Ақырында, кейінгі жылдарда археологиялық әдебиет беттерінде дұрыс баяндалмай келе жатқан бір жайға тоқталып өту қажет. Ол қорымдарды жоспарлаудағы және үйінділер қоршауларының орналасуындағы өзгерістерді обаның мерзімін анықтайтын белгілер деп қарастыруға әрекет жасау.

Біздің Жетісудың ертедегі кезі жөніндегі біліміміздің қазіргі сатысында А. Н. Бернштамның пікірін даусыз дұрыс деп санауға болады; оның пікірінше, белгілі бір қорымдарды қазып, мерзімін белгілейтін материал алғанға дейін-ақ сақ-усун мәдениетіне жататындығын анықтаушы белгі оларда обалардың тізбек бойынша орналасуы және қабір құрылыстарының құрылымында үйінділер мен қоршаулардың ұштасуы болып табылады. Біз сақтар мен усундердің кезіндегі мәдениет туралы жалпы сөз еткен кезде осы көзқарастың дұрыс екенін атап көрсетеміз. Бірақ олар ескерткіштерді кезең-кезең бойынша хронологиялық топтаудың өлшемі, мәдениеттің сатылық эволюциясын анықтаушы емес. Усундердің белгілі қорымдарының бәріндегі қабір құрылыстарының құрылымдарын салыстыру қоршаулардың үйінділерге қарай орналасуының әр түрлі нұсқалары усун мәдениеті дамуының барлық кезеңдеріне тән екенін көрсетеді. Сірә, әр түрлі нұсқаларды ертедегі усундердің діни көзқарасы болып табылатын әлдебір рәсімдік-магиялық ұғымдар туғызған болса керек.

Қорымдардың жоспарлануындағы өзгерістер де мерзімін дәл анықтайтын белгі бола алмайды. Біріншіден, жоғарыда айтқанымыздай, обалардың ерекше орналасуын жер бедері қалыптастырған. Екіншіден, үйінділердің «тізбектеле» орналасуы усун мәдениетінің неғұрлым алдыңғы кезеңіне, рулық байланыстар әлі де күшті болған кезге тән болған; ал олардың ыдырауына байланысты, яғни неғұрлым соңғы кезеңде үйінділері жүйесіз орналасқан қорымдар пайда болады.

Сондықтан біз қорымдардың топографиясы мен қабір құрылыстарының құрылымы олардың мерзімін белгілеудің қосалқы өлшемі ғана бола алады, ал соларға ғана негізделген тұжырымдар мен топтаудың қандайы болса да қатерлерге ұрындырмай қоймайды және олар жасанды құрылымдар деп саналуға тиіс деген тұжырымға тоқталамыз. Мұндай қателерге мысалдар аз емес. Бегазының (Орталық Қазақстан) тақтатас қоршауларын Байкал сыртындағы тақтатасты молалармен немесе Ноин-Ула қималарын Пазырық обаларының қималарымен және т. б. салыстыру сәтсіз болғанын еске сала кетейік.

Бүкіл халық үшін ортақ жерлеу ғұрпы компоненттерінің бірі ретінде ертедегі усундердің табыну құрылыстары олардың діни дүниетанымының тікелей көрінісі болып табылады. Біртіндеп күрделілене түскенімен, діни түсініктер негізінен алғанда айтарлықтай өзгерістерге ұшыр-



амады және жерлеу ғұрпы мен табыну құрылыстарының да құрылымы өзгерген жоқ.

Усун ескерткіштерін археологиялық зерттеу мәдени дамудың хронологиялық үш кезеңін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді, олардың әрқайсысына қорымдардың жоспарлану ерекшеліктері, кабір құрылыстарының өзгешелігі және құрал-саймандардың, қару-жарақтың, тұрмыс заттарының, әшекейлердің өзіндік түрлері мен үлгілері тән.

Ескерткіштердің неғұрлым ертедегі тобы б. з. б. III—I ғасырларға, орта кезеңдегілері — б. з. I—III ғасырларына, кейінгі кезеңдегі ескерткіштер б. з. III—V ғасырларына қатысты.

«Қаратал» кезеңі (б. з. б. III—I ғғ.) — ертедегі усундер мәдениеті дамуының бастапқы сатысы, бұл кезде археологиялық және палеоантропологиялық деректер бойынша сақ ескерткіштерімен сабақтастығын сақтап қалған, бірақ сапалық жағынан жаңа мәдениетке тән жаңа сипаты бар ескерткіштер тобын азды-көпті иланымды түрде бөліп көрсетуге болады. Біздің пікірімізше, бұл кезеңнің ескерткіштері: Қаратал, Қарғалы, Қапшағай-3, Үңгірқора-1, Қызылеспе, Бесшатыр-2, Өтеген-1, Қалқан-1, Ақшоқы-4, Бетағаш, Мойынтоғай-2, Сартоғай, Кеңсай, Шормак-1, Бұрана, Шелпек обалы қорымдары.

Ертедегі кезеңнің қорымдарына обалардың солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле немесе қосарласып тізбектеле орналасуы тән. Әдетте олардың әрқайсысында үйінді үстіне және үйінді сыртына оны айнала дөңгелете белдеулеп тас қаланған 5—10, ал кейде 25-ке дейін оба болады; белдеулер онша ірі емес тастар жағалата қойылған 1—2 немесе 3—4 қатардан тұрады.

Бұрыштары сәл дөңес кабір шұңқырлары шығыстан батысқа қарай ұзынынан қазылған. Шұңқырлардың қабырғалары тік, беті ағашпен жабылған. Өлік шұңқырға созыла жатқан күйінде, шалқасынан, қолын қапталына созып, басы батысқа қаратылып қойылған. Өліктің бір қолын шынтағынан бүгіп жерлеу өте сирек кездеседі. Шұңқырдың батыс бөлігіне, өліктің бас жағына қыш ыдыс қойылған. Марқұм тамақпен — қойдың сан етімен «жабдықталған». Қабірге өлген адамның немесе әйелдің өзінің тұтынып жүрген заттары — темір және қола пышақтар мен түйреуіштер, моншақтар, алтын, күміс және қола сырғалар, металл айналар, кейде жебелердің темір ұштары салынған.

«Жетісу» кезеңі (біздің заманымыздағы I—III ғғ.) — усун мәдениеті эволюциясының дамыған сатысы. Бұл кезеңнің ескерткіштері көп және мәдениет жетістіктерін мейлінше толық сипаттайды. Оларға мына обалы қорымдар жатқызылады: Талғар-1, 3, Бастау-2, 3, Ақтас-7, Сарытау-1, 2, Ақшоқы-3, 4, Өтеген-2, 3, Бесшатыр-1, 3, 4, Қадырбай-2, Шормак-2, 3, Ащысу, Ақтерек, Мойынтоғай-1, Сартоғай, Дикан-1, Күрті, Қызылауыз-2, 3, Тайғақ-1, Алтынемел-1, 3, 4, Қапшағай-2, Қалқан-4, Алатөбе-1, Ақтас-4, Қараша, Шошқалы, Ұзынбұлақ, Қызылқайнар.

Біздің заманымыздың шебіндегі қорымдарда обалар жүйесіз орналасқан. Дөңгелек қаланғаны көрініп тұратын үйінділер саны азаяды, беті ағашпен жабылған шұңқырлар саны кемиді. Мола құрылысының жаңа үлгісі — бүйірінде ұңғымасы бар шұңқыр пайда болады, ол шұңқырдан және оның бір жақ қабырғасынан кабірдің түбі деңгейінде қазылып, жерленетін өлік қойылатын ұңғыма лақыттан тұратын болды. Ұңғыма әдетте шұңқырдың солтүстік қабырғасынан қазылған.

Қабір қазудың тағы бір түрі — «ақымды» түрі пайда болады. Бұл — сырғауылдар мен бөренелерді көлбете қойып жасалған қалқамен бөлінген жерден қазылған шұңқыр. Қалқаның жоғарғы жағы шұңқырдың солтүстік қабырғасына, түбі оңтүстік қабырғасына тіреледі. Қабірге қыш ыдыстар бұрынғыдан гөрі көбірек — көбінесе алты-жеті ыдыс қойылатын болды, ыдыстың түрлері де өзгереді: оның түбі бұрын дөңгелек болса, енді жайпақ болып келетін болды.

«Іле» кезеңі (б. з. III—V ғғ.) — ертедегі усундер мәдениеті дамуының кейінгі сатысы. Зерттелген көп ескерткіштер ішінен ол кезеңге жататын бірнеше қорымды ғана бөліп алу мүмкін болды. Бұлар: Ақтас-1, 3, 6, Үңгірқора-2, Шолақжиде-1 қорымдары.

Соңғы кезеңде зираттардың жүйесіз салынуы дағдылы болған, кейде бірнеше тізбек (әрқайсысында 5—7 үйіндіден) қыстау-қоныстың маңына орналасады (Ақтас тобы). Кейде усун қабірлері арасынан бірлі-жарым түрік обалары кездеседі. Үйінді үстіне дөңгелете тас қалаған обалар жасалмай, тастан қаланған шеңбер жоғарғы жағынан топырақпен көміледі. Қабірлер екі түрлі — жерден қазылған және ұңғылап қазылған лақыт. Қабірлерден түбі жайпақ және дөңгелек көзелер, дөнүккіштер, әшекейлер, ыдыстар, ғұрыптық тамақ қалдықтары табылды.

Усун мәдениеті әр түрлі даму сатыларында сабақтастық байланыстарын сақтап отырған, бұл — 600—700 жыл бойы дамыған біртұтас мәдениет<sup>76</sup>.

## 5. ТҰРҒЫН ҮЙ, ТҰРМЫС ЖӘНЕ ҮЙДЕГІ ӨНДІРІС

Ежелгі усундердің материалдық мәдениеті әжептәуір толық зерттелген. Жетісудағы, негізінен алғанда Іле, Талас және Шу аңғарларындағы қоныстар мен қорымдарды қазу айқын да әсерлі материалдар берді, олар усундердің тұрғын жайларының сипатын, олардың ішкі көрінісін елестетуге, еңбек құралдары мен қару-жарағын білуге, керамиканың эволюциясы мен оның негізгі үлгілерін зерттеуге мүмкіндік туғызды.

Жоғарыда ертедегі усундердің жартылай көшпелі, жартылай отырықшы өмір салты оларда қыстау-қоныстар мен қала үлгісіндегі бекіністі қалалар салынуына себеп болғаны атап өтілді. Ертедегі қытайдың жазбаша деректемелеріндегі азын-аулақ мәліметтер шынында да солай болғанын қуаттайды.

Усун мемлекетінің Чигу (Қызыл Аңғар) деген өз астанасы болды<sup>77</sup>. Хань шежірелері бұл атауға «чен» деген қосымша жалғауға болады деп тапқан<sup>78</sup>, бұл арқылы олар қамал-қала үлгісіндегі бекіністі қоныс дегенді білдіреді.

Б. з. б. II ғасырда Чигу-ченде усун гуньмосы Люецзяоми мен оған ұзатылған қытай ханшасы Цзяндудың сарайы орналасты<sup>79</sup>. Үйдің сәулеттік шешімі мен ішкі көрінісі бізге беймәлім, бірақ құрылысты ежелгі қытай сәулет өнерінің дәстүріне негізделген деп топшылауға болады. Ертедегі усундер қоныстанған бүкіл кең-байтақ жерде, сірә, Чигу-чен бірден-бір қала болмаса керек. Қолда бар деректерге қарағанда, біздің заманымыздағы IV—V ғасырларда сяньбилермен соғысқан әлдебір усун гуньмосының Хангай тауларында сарайы (қала ма, әлде орда ма?) болған<sup>80</sup>.

Хань әулеттік хроникасының неғұрлым кейінгі түсіндірушісі ертедегі усундердің отырықшылық мекендері туралы мәліметтерді қуаттап, олар

малшы болып, көшпелі тұрмыс салтын жүргізгенмен, бәрібір «қалалары мен елді мекендері болды» деп көрсетеді<sup>81</sup>.

Бұл хабарлардың археологиялық жолмен расталмауын қала мәдениеті ескерткіштерінің, атап айтқанда Жетісудың бүкіл аумағындағы ертедегі отырықшы мәдениет ескерткіштерінің аз зерттелгенімен түсіндіруге болады. Екінші себебі Жетісудың қираған қалалары орындары стратиграфиясының және соған сәйкес керамикалық кешендерді хронологиялық топтаудың нашар талдап шешілгендігі болып табылады. Соңғысы әсіресе, қала мәдениетін Жетісуға соғдылардың әкелгендігі туралы сыңаржақ қағиданы негізге алып, дәстүр бойынша түрік заманына телініп жүрген алдыңғы ортағасырлық кешендерге қатысты. Солай бола тұрса да, қала орындарының түрік кезеңі қабаттары мен олардың қабірлерінен және әсіресе соңғы усун заманының қоныстарынан табылған керамикалық кешендер (тік әшекейленген тұтқалары бар ыдыстар, ілмек тәрізді тұтқалары бар саптыаяқтар, алуан түрлі көлбеу құлақты қазандар, хумчалар және т. б.)<sup>82</sup> арасындағы көптеген ресми-типологиялық ұқсастықтар түрік керамикасының мерзімін ертерекке (кем дегенде 300 жылға) ысыру қажет екеніне көз жеткізеді. Кең көлемді қазба жұмыстарын жүргізіп, стратиграфияны мұқият зерттеген жағдайда көп қабатты бірқатар қалалардың (Сүмбе, Лепсі – Шығыс Жетісу<sup>83</sup>; Суяб, Құлан, Ақтөбе – батыс далалық<sup>84</sup>) төменгі қабаттары усун заманына жатқызылатын болады.

Сонымен біздің қолымызда әулеттік хроникаларында усун қалалары туралы жоғарыда келтірілген мардымсыз мәліметтерден басқа деректер жоқ, оның есесіне «елді мекендер» туралы едәуір жақсырақ білеміз, себебі онда қоныстар мен қыстау-қоныстар туралы біршама құнды деректер келтірілген.

Усундердің отырықшы қоныстарының қалдықтары Шу және Кеген өзендерінің аңғарларында зерттелді. Шу аңғарларындағы қоныстарда тұрғын үйлердің пішімі тік бұрышты болған, шикі кірпіштен салынып, балшықтан соғылған таға тәрізді ошақтармен жылытылған.

Кеген өзеніндегі Ақтас қонысында құрылыс сипаты әлдеқайда жақсы сақталған. Мұндағы құрылыстар кешені тастан салынған 5 тұрғын жай мен бірнеше қора-қопсылардан тұрады. Құрылыстар ішінде орталығы «шаршы бөлме» болған, оған іргелес көлемі 126 шаршы метрлік «үлкен бөлме» бар, бұл бөлмеге ұзын да енісіз дәліз арқылы кіреді. «Шаршы бөлмеде» тастан қаланған жер ошақ орналасқан<sup>85</sup>.

Суық түскенде усун отбасылары екі түрлі тұрғын жайларда: кірпіш және тас үйлерде тұрған. Қысқы үйлер шикі кірпіштен және тақтатастан балшық лай құйылып қаланған. Әрбір тұрғын үйде үлкен бөлме, ұсақ қосалқы жайлар және мал қамайтын қашалар болды. Үй-жайлардың бәрі біріне-бірі жапсарластыра салынған. Олардың едендері балшықпен сыланған жер еден болды. Тұрғын бөлмелердің едендерінде айнала тас қаланған ашық шаршы жерошақтар болды. Жерошақтар үйді жылытты, жарық берді және оларда тамақ пісірілді. Қыс кезінде үй ішінің тіршілігі ошақтың айналасында өткен, оның маңынан ас құйылған қыш ыдыстар, ұн тартатын тас қол диірмендер табылды.

Бала-шағалы төрт-бес үй бір ауыл болды. Қонысқа жақын жерде ру және әулет зираттары орналастырылды. Зираттардың үстіне топырақ және тас обалар үйілді, тас қалама немесе қоршау жасалды.

Жаз кезінде, көшіп жүргенде, ежелгі авторлардың жазуына қарағанда, усун отбасылары «киізбен жабылған дөңгелек жайда» — киіз үйде тұрған.

Усун отбасының тамағы ет, сүт және түрлі өсімдіктер болған. Ерлер, әйелдер және балалар жүннен, теріден және жібектен тігілген киім киген. Жібек және басқа бөтен ел бұйымдары не сауда арқылы әкелінген, не усун шонжарлары соғыс шапқыншылықтары кезінде қолға түсірген.

Мал шаруашылығымен және егін салумен қатар усундерде үй кәсібі, қолөнер дамыған. Әсіресе керамика ыдыстар жасау кең өріс алған. Ыдыстар пайдаланылуы жағынан — тамақ ішетін, тамақ пісіретін және шаруашылық (азық-түлік қорын сақтайтын) ыдыстар болып бөлінеді. Тамақ ішетін ыдыстардың ішінде ағаштан (негізінен алғанда қайыңнан) ойып жасалғандары да болды, бұлар — тағандары бар шағын табақтар, текше тостағандар, ожаулар болып келеді.

Усундерде құмырашылық кәсібі барынша дамыды. Ыдыстар құмырашы ұршықшасында жасалды, сондай-ақ құм толтырылған мата қалыпқа қолдан жапсырылып та жасалды. Керамиканың іш жағында және түбінде матаның таңбасы кездесіп отырады. Ыдыстың қабырғасы жолақ-жолақ болып өсіп отырады, ал жолақтар бірімен-бірі қосылған жіктер сыланып, үстінен түсті бояумен боялады. Ыдыстар түрі жағынан да, пайдаланылуы жағынан да алуан түрлі болды.

Ең көп таралған ыдыс түрлері мыналар: дөңгелек кең түпті тегенелер, олар ішінен жиегі иілген, тік жиектілері сирек, бүйірінің биіктігі мен диаметрінің арақатынасы 2 : 1; түбі дөңгелек немесе сирек болса да, жайпақ және аузы тар тостағандар. Жалпы алғанда алмұрт тәрізді болып келетін құмыралардың ерекшелігі — мойны тар, биік немесе түбі кең болады. Текше тостағандар екі түрлі: аласа жатаған (биіктігі мен диаметрі бірдей) және биік. Тұтқалары ілмек тәрізді немесе шығыңқы етіліп, бүйірінің ортасына немесе ернеуіне бекітілген, биік текше тостағандарға бүйірінің ортасында ғана болатын тұтқа тән. Көзелердің аузы тар немесе кең, түбі жайпақ және иіні ішке қарай сәл иіліңкі болады.

Ас пісіретін керамикадан табылғаны — жентектелген балшықтан қаралай күйдіріліп, алуан түрлі көлденең және тік құлақ шығарылған, қалың, жайпақ қазандар.

Усун ыдыстарының негізгі түрлері — жарты шар тәріздендіріліп жасалған тегенелер мен кеселер, ілмек тұтқалы текше тостағандар, алмұрт тәріздес құмыралар, бүйірі қалың тобатайлар, жапсырма құлақ шығарылған қазандар. Тұтқасы мен шүмекшесі бар шәугімдер, тікше құтылар, су таситын шүмекшелі құмыралар кездеседі.

Біздің заманымыздың басындағы керамикаға қызыл түс пен бүйірінің тіктігі тән. Кейінгі кезеңде, III—V ғасырларда, түбі дөңгелек ыдыстар аз кездеседі, жайпақ түптілері көбірек ұшырасты.

Ежелгі усундердің шаруашылығында темір, мыс және асыл металдарды қазып алу, қорыту және өндіру маңызды орын алды. Темірден, мыс пен қоладан еңбек құралдары, тұрмыс және табыну заттары — балталар мен шоттар, орақтар мен пышақтар, біз бен шеге, қазандар мен құрбан шалатын ыдыстар, кішкене мехраптар мен шырағандар, қару-жарақ, қанжарлар мен жебелердің ұштары және сәндік заттар — білезіктер, сырғалар мен сақиналар жасалды. Алтыннан ерлер мен әйелдер киімінің, бас киімінің және қаруының әшекейлері, көлемі мен бітімі әр түрлі қаптырмалар жасалды.

Зергерлік бұйымдары — алтын, мыс немесе қола сымнан бұрап жасалған, асыл тасты алқалары бар сырғалар, қола түйреуіштер болып келеді, олардың бір шетіне құстың мүсіндік бейнесі салынады, әдетте мүсіндер өз ерекшеліктеріне барынша бейімдей жасалады.

Жұқа жапырақша алтыннан сақиналар мен қаптырмалар жасалды. Соңғы усун дәуірі кезінде зергерлік заттарға түсті тастардан көз салу таралды. Полихромдық өнердің мұндай ескерткіштерінің тамаша үлгілері қызыл тастан түйірлеп көз салған, бедерленген алтын салпыншақтар Ақтас-2 қорымын қазып ашқанда табылды. Асыл және бағалы тастар — ақық, гауһар, перуза моншақ жасауға пайдаланылды.

Алматыға жақын жердегі Қарғалы қойнауынан табылған алтын бұйымдар ежелгі усундердің зергерлік өнерін мейлінше айқын сипаттайды. Табылған заттардың ішінде айыр өркешті түйенің мүсіні салынған екі жүзік, таутекелердің он мүсіні, адамды кеміріп жатқан тышқан бейнеленген сырға, көптеген қаптырмалар бар. Бұл бұйымдардың бәрі алтыннан жасалып, перузадан өрнек салынған.

Ерекше бір көз тартатын нәрсе — Қарғалыдан табылған тәті. Бұл — жалпы ұзындығы 35 см, ені 4,7 см екі бөлектен тұратын алтын жолақ, жолақтың жоғарғы жағына да, төменгі жағына да ені 0,5 см жиек жүргізілген. Оның ішкі беті толған күрделі өсімдік тектес өрнектің ортасында тұрған аңдардың, құстардың, адамдардың бейнелері; бұлар қалыппен қысу әдісімен салынған. Мұнда басын артқа бұрып салынған марал, ұрғашы марал, олардың арасында ұшып жүрген құс, онан кейін үстіне адам мінген, андып басып келе жатқан қанатты жолбарыс бейнеленген; адам басын артына бұрып, қолымен ағаштың бұтағынан ұстап отыр. Онан әрі тұғырда тұрған қанатты ат бар. Тәтінің екінші жартысында жүгіріп келе жатқан аждаһа бейнеленген, оның үстінде сол қолымен аждаһаның мүйізінен ұстап алған адам отыр. Адамның үстінде қаз немесе үйрек ұшып бара жатыр. Онан соң тағы да тұғыр үстінде тұрған қанатты аттың суреті бар. Ақырында, бейнелердің соңғы тобы — ұшып жүрген құс, арқасында адам бар шауып келе жатқан таутеке, төбесінде құстар ұшып жүрген аю, олардың үстінде тағы да арқарға салт мініп алған адам бейнеленген. Адамның қолында гүл бар. Жануарлардың көздері түсті ақық пен альмандиннен салынған, денелерін оймыш-оймыш перуза жолақтарымен өрнектеген<sup>86</sup>.

Тәті ежелгі заман қолөнерінің тамаша ескерткіші болып табылады. Тегінде тәтіде усундердің діни ұғымдары мен мифологиясы бейнеленген болуы керек.

Усун қоғамында тоқыма, жіп иіру, тері илеу, тастан, сүйектен бұйым жасау ісі де дамыған. Жіп иіру мен тоқымашылық киіз басу, үйде жүннен киім тоқып тігуді қамтамасыз ететіндей едәуір ауқымда болған. Мата тоқу үшін қарапайым тоқыма станогы (қазақтардың «өрмегі» сияқты) қолданылған, Ақтас-2 қыстау-қонысын қазған кезде иірілген жіпті орап отыратын айқыш-ұйқыш орналасқан 4 тесігі бар сүйек қалақша табылды<sup>87</sup>. Үйде мата тоқылғанын бүйірінің ішкі жағында матаның ізі қалған ыдыстар да дәлелдейді, ал олардың көп табылғаны және жалпы жұртқа мәлім екені белгілі.

Былғары ісі — жануарлардың терісін өңдеу және аяқ киім (Қызылауыз қорымының обалы қабірінен табылған былғары аяқ киімнің жұқаналары<sup>88</sup>), ішік, тері шалбар мен бешпент<sup>89</sup> тігу үшін тері илеу, теріден ыдыстар мен ат әбзелдерін дайындау кеңінен дамыды.

Тастан еңбек құралдары — кетпен, диірмен, келі; тұрмыс заттары мен сәндік заттар — ұршықбас, мұсат, қайрақ тас, түрлі-түсті асыл тастан моншақтар жасалды. Сүйектен жұмырлағыштар, жебелердің ұштары (Ақтас-2 қонысы) істелді, сүйек түймелер мен басқа да ұсақ заттар шаруашылық пен тұрмыста пайдаланылды.

Жазбаша және археологиялық деректемелер бойынша усундердің тілі мен жазуы жөнінде жөнді ешнәрсе жоқ. Біз руналық үлгідегі белгілер тырнап салынған призмалық үш қырлы тас және төрт белгісі мен сөз бөлгіші бар, соңғы усун және соңғы сақ заманына (тиісінше б. з. б. IV—III ғғ. және б. з. III—V ғғ.) жататын кішкене тас ыдыс табылғанын бұдан бұрын айтқанбыз<sup>90</sup>. Алайда олардың жазба ескерткіштеріне жататындығы болжам ғана және оны филологтар қуаттаған жоқ.

Оның есесіне усундердің этникалық-мәдени бабалары — соңғы сақтарда беймәлім әліпбилік жазба ескерткіштің табылғаны бұлтартпайтын факт. Бұл жазуды сол тайпалар шығарып, пайдаланған деп жорамалдауға толық негіз бар<sup>91</sup>.

Усундерге көршілес мемлекеттер мен тайпалардағы лингвистикалық жағдай усун қоғамында да әліпбилік жазудың болуына қолайлы еді. Мәселен, III—VI ғасырларда Гао-чан (алдыңғы чешилер) елінде қытай жазуы ғана емес, сондай-ақ түрік жазуы да, яғни «көлденең жолдармен» жазылатын жазу да қолданылған<sup>92</sup>. VI—VII ғасырларда Кан мемлекетінде (Кангюй үйінің тармағы) тіпті түріктердің заңдар жинағы болып, қылмыскерлер сол бойынша жазаланған, мұнда да жазу көлденең жазылған<sup>93</sup>. Сірә, VI—VII ғасырларда Кучада түрік жазуы қолданылған болуы ықтимал, өйткені оның тұрғындары көлденең жолдармен жазған<sup>94</sup>.

Усундердің тілі мен жазуына ғылыми әдебиетте орын алып жүрген көзқарас негізделу дәрежесі бойынша әр түрлі, бірақ жалпы алғанда жұмыс болжамы деңгейінде қала береді.

XIX ғасырдың 20-жылдарында Абель Ремюза да 1809 жылы Ертістегі үңгірден және Зыряновск руднигінің маңынан Г. Спасский тапқан руналық тоғыз жазбаны<sup>95</sup> зерттей келіп, жазылуы жағынан олардың солтүстік руналарға ұқсастығы бар және бұл жазуды «қытайларға У-сунь деген атпен белгілі және Христос туғанға дейін 100 жыл бұрын Ертіс жағасымен Зайсан көлінің батыс жағында жатқан жерлерді мекендеген» тайпалардың қолданғаны күмәнсіз деп жазған еді<sup>96</sup>.

А. Ремюзадан кейін ежелгі түркі жазуымен айналысқан шығыстанушылар мен филологтардың көпшілігі оның көзқарасын қолдап, ертедегі усундердің түркі тілдес болуы мүмкін екеніне қосылды<sup>97</sup>.

<sup>1</sup> Таскин В. С. Скотоводство у сюнну по китайским источникам. // Вопросы истории и историографии Китая. М., 1968, 35-б.

<sup>2</sup> Сюн-ну, хунну терминінің бүгінгі аталуы Н. Я. Бичуриннің алғашқы еңбектерінен алынды.

<sup>3</sup> Pulleyblank E. A consonantal System of Old Chinese. - Asia Major, Vol. 9(1962-1963), N 2, p. 240.

<sup>4</sup> Ашмарин. Булгары и чувашы. Казань, 1902, 17-б.

<sup>5</sup> О. Прицактың пікірі бойынша бұл транскрипция ежелгі булгарлардың Витхунь (Биктун) есімін білдіреді.

<sup>6</sup> Цянь Ханьшу, гл. 4, 94а.

<sup>7</sup> Шицзи, гл. 110; Цянь Ханьшу, г. 94 а.

- <sup>8</sup> Лидай гэцзу чжуаньцзи хуйбянь, т. I, Пекин, 1957, 165, 172-б.
- <sup>9</sup> Руденко С. И. Культура населения Центрального Алтая в скифское время. М.-Л., 1960, 176–177-б.
- <sup>10</sup> Дворецкий И. X. Древнегреческо-русский словарь, т. I, 229-б.
- <sup>11</sup> Цянь Ханьшу, гл. 94 а, 1112-б.
- <sup>12</sup> Бұл да сонда.
- <sup>13</sup> Хоу Ханьшу, гл. 98, 1327-б.
- <sup>14</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I. М.-Л., 1950, 91-б.
- <sup>15</sup> Цзычжи тунцзянь, т. I, 91-б.; Бичурин Н. Я. Көрсетілген еңбегі, т. I, 91-б.
- <sup>16</sup> Цзычжи тунцзянь, т. 2, 917–918-б.
- <sup>17</sup> Ван Пу. Тан хуйяо, гл. 78, 1429-б.
- <sup>18</sup> Ши цзи, гл. 123, 1140-б.; Цянь Хуньшу, гл. 61, 750-б.
- <sup>19</sup> Умняков И. Тохарская проблема. – ВДИ, 1940, № 3–4.
- <sup>20</sup> Pulleyblank E., *ib.*
- <sup>21</sup> Цянь Ханьшу, гл. 94 а, 1112-б.
- <sup>22</sup> Зуев Ю. А. К вопросу о взаимоотношениях усуней и канцзюй с гуннами и Китаем. – Изв. АН КазССР, сер. обществ. наук, вып. 2, 1957.
- <sup>23</sup> Зуев Ю. А. К этнической истории усуней. – Труды ИИАЭ АН КазССР, А., 1960, т. 8.
- <sup>24</sup> Грязнов М. П. Этапы развития хозяйства скотоводческих племен Казахстана и Южной Сибири в эпоху бронзы. // Краткие сообщения ИЭ, вып. XXVI, М., 1957, 23-б.
- <sup>25</sup> Маргулан А. X., Акишев К. А. и др. Древняя культура... 301–302-б.
- <sup>26</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений..., т. II, 191–192-б.
- <sup>27</sup> Кюнер Н. В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. М., 1961, 117-б.
- <sup>28</sup> Дьяконов М. М. Очерк истории древнего Ирана. М., 1961, 45-б., 8-сурет; 70-б., 12-сурет, 73-б., 13-сурет.
- <sup>29</sup> Луконин В. Г. Иран в эпоху первых Сасанидов. Л., 1961, XI–XIX–XXI кестелер.
- <sup>30</sup> Дьяконов М. М. Очерк истории... 78-б., 15-сурет.
- <sup>31</sup> Руденко С. И. Сибирская коллекция Петра I. – САИ, ДЗ-9. М.-Л., 1962, VIII кесте.
- <sup>32</sup> Воеводский М. В., Грязнов М. П. Усуньские могильники на территории Киргизской ССР. – ВДИ, 1938, № 3(4), 178-б.
- <sup>33</sup> Безсонов А. И. Почвенный покров Джетысуйской области. См. Джетысу (Семиречье). Естественно-историческое описание края. Ташкент, 1925, 177–214-б.
- <sup>34</sup> Бичурин Н. Я. (Иакинф). Собрание сведений..., т. II, 196-б. Буквально «Чэн-Го» — владетель укрепленного поселения» (караңыз: Н. В. Кюнер. Китайские известия... 88-б.).
- <sup>35</sup> Кюнер Н. В. Китайские известия... 74-б.
- <sup>36</sup> Кюнер Н. В. Китайские известия... 78-б.
- <sup>37</sup> Бұл да сонда.
- <sup>38</sup> Руденко С. И. Культура населения горного Алтая в скифское время. М.-Л., 1953, 147–148-б.
- <sup>39</sup> Зуев Ю. А. Тамги лошадей из вассальных княжеств. Труды ИИАЭ АН КазССР, т. 8, 1960, 121–124-б.
- <sup>40</sup> Шелов Д. Б. Глиняные штампы из Танаиса. Сб. Новое в Советской археологии. М., 1965, 230-б.; Толстов С. П. Древний Хорезм. М., 1948, 151-б.; Кой-Крылган-Кала. Труды ХАЭ, т. V. М., 1967, 218-б.
- <sup>41</sup> А. Г. Максимова 1967 жылы Қараша қорымынан (Талас аңғары, 23-қорған) тапқан олжа.

<sup>42</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений..., т. 2, 198-б.; Кюннер Н. В. Китайские известия... 93-б.

<sup>43</sup> Кюннер Н. В. Бұл да сонда, 90-б.

<sup>44</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений..., т. 2, 160-б.

<sup>45</sup> Бұл да сонда, 190-б.

<sup>46</sup> Кюннер Н. В. Китайские известия..., 120-б.

<sup>47</sup> Кюннер Н. В. Китайские известия... 92-б.

<sup>48</sup> Бұл да сонда, 92-б., 177-ескерту.

<sup>49</sup> Потанов Л. П. О сущности патриархально-феодалных отношений у кочевых народов Средней Азии и Казахстана. // Материалы объединенной научной сессии, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьский период. Ташкент, 1955, 21-б.

<sup>50</sup> Бичурин Н. Я. т. I, 82-б.; Кюннер Н. В. Көрсетілген еңбегі, 82-б.

<sup>51</sup> Воеводский М. В., Грязнов М. П. Усуньские могильники на территории Киргизской ССР, 177—179-б.

<sup>52</sup> Кюннер Н. В. Китайские известия... 82-б.

<sup>53</sup> Бұл да сонда, 73-б., 17-ескерту.

<sup>54</sup> Қытайдың лиі 0,5 шакырымға тең; Бичурин Н. Я. Собрание сведений... 2-т. 199-б.

<sup>55</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений... т. 2, 190—198, 258-б.; Кюннер Н. В. Китайские известия... 68—100-б.

<sup>56</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений... т. 2, 190—198-б.; Кюннер Н. В. Китайские известия... 68—100-б.

<sup>57</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений... т. 2, 190-б.; Кюннер Н. В. Китайские известия... 74-б., 26, 27-ескертулер.

<sup>58</sup> Бичурин Н. Я. Бұл да сонда, 189-б.

<sup>59</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений... т. 2, 203—204-б.

<sup>60</sup> Бұл да сонда, 208—209-б.

<sup>61</sup> Кюннер Н. В. Китайские известия... 98-б.

<sup>62</sup> Бұл да сонда, 97-б.

<sup>63</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений... т. I, 39—40-б.

<sup>64</sup> Руденко С. И. Культура хуннов и юин-улинские курганы. М. —Л., 1962, 24-б.

<sup>65</sup> Таскин В. С. Скотоводство у сюнну по китайским источникам. // Вопросы истории и историографии Китая. М., 1968, 38—40-б.

<sup>66</sup> Бұл да сонда, 41—44-б.

<sup>67</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений... т. I, 40-б.

<sup>68</sup> Давыдова А. В., Шилов В. П. Предварительный отчет о раскопках Нижне-Иволгинского городища. Записки Бурят-Монгольского научно-исследовательского института культуры, Улан-Удэ, т. XIII, 1951, т. XIV, 1952; Давыдова А. В. Иволгинское городище. — Советская археология, т. XXV, 1956, 265-б.

<sup>69</sup> Таскин В. С. Скотоводство у сюнну по китайским источникам. 23-б.

<sup>70</sup> Бернштам А. Н. Кенкольский могильник. М., 1940, 16—17-б.

<sup>71</sup> «Чуйская долина», МИА, 14, 66—67-б.

<sup>72</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений... т. 2, 119-б.

<sup>73</sup> Таскин В. С. Скотоводство у сюнну по китайским источникам. 31—32-б.

<sup>74</sup> Бұл да сонда, 33-б.

<sup>75</sup> Бұл да сонда, 41-б.

<sup>76</sup> Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. А., 1963: «Чуйская долина». Материалы и исследования по археологии СССР, т. 14, 1950, 58—71-б.

<sup>77</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений... т. II, 152-б.

<sup>78</sup> Кюннер Н. В. Көрсетілген еңбегі.



- <sup>79</sup> Бичурин Н. Я. Собрание сведений... т. II.
- <sup>80</sup> Мен-гу-ю-му-цзю. Пер. П. С. Попова. СПб., 1895, 382-б.; Пэрлээ Х. К истории древних городов и поселений в Монголии. — СА, № 3, 1957; 45-б.
- <sup>81</sup> Кюнгер Н. В. Көрсетілген еңбегі, 78-б.
- <sup>82</sup> Акишев К. А. Зимовки-поселения и жилища древних усуней. — Известия АН КазССР, сер. обществ. наук, 1969, вып. I. 45-б., 4-сурет; Бернштам А. Н. Архив ЛОИА. фонд Бернштама А. Н.
- <sup>83</sup> Байпаков К. М. Раннесредневековые города и поселения Семиречья. — Изв. АН КазССР, сер. обществ. наук, 1966, № 2.
- <sup>84</sup> Кожемяко П. Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. Фрунзе, 1959.
- <sup>85</sup> Акишев К. А. Зимовки-поселения и жилища древних усуней.
- <sup>86</sup> Бернштам А. Н. Золотая диадема из шаманского погребения на реке Каргалынка. КСИИМК, 1940, вып. 5, 23—31-б.
- <sup>87</sup> Акишев К. А. Зимовки-поселения и жилища... 45-б.
- <sup>88</sup> Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины р. Или. А., 1963.
- <sup>89</sup> Мәселен, сақтар жоғары сапалы тері өңдей алды. Қараңыз: Акишев К. А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана, М., 1978, 47-б.
- <sup>90</sup> Акишев К. А. Бұл да сонда, 56-б., 72-сурет.
- <sup>91</sup> Акишев К. А. Бұл да сонда, 57—58-б.
- <sup>92</sup> Бичурин Н. Я. Көрсетілген еңбегі, т. II, 253-б.
- <sup>93</sup> Бұл да сонда, 271, 281, 310-б.
- <sup>94</sup> Бұл да сонда, 296-б.
- <sup>95</sup> Спасский Г. О некоторых древних начертаниях и надписях, в Сибири найденных. Азиатский Вестник. СПб., апрель, 1825, 287-б.
- <sup>96</sup> Аристов Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей. Живая старина. 1896, Отдельный оттиск. 18—19-б.
- <sup>97</sup> Зуев Ю. А. К вопросу о языке древних усуней. // Вестник АН КазССР, № 5(146), 1957, 72—73-б.

## Ү ш і н ш і т а р а у

### КАНГЮЙЛЕР

Б. з. б. II ғасырдың екінші жартысындағы «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» деп аталып кеткен тарихи оқиғалардың нәтижесінде Орталық Азияда жаңа мемлекеттік бірлестіктер, соның ішінде Усун, Янцай, Кангюй мемлекеттері қалыптасады. Соңғысы Қазақстан тарихында елеулі рөл атқарды<sup>1</sup>.

Тарихнаманың ауқымды болғанына қарамастан, кангюйлердің зерттелуі әлі де қанағаттандырмайды. Бұған жазбаша деректемелердің мейлінше шектеулілігі себеп болды, оның үстіне деректер үздік-создық және қарама-қайшы, мұның өзі мәселенің әркелкі түсіндірілуін туғызады. Пікірсайыс туғызатын мәселелердің бүкіл тобы осы кезге дейін «кангюйлер проблемасы» дейтін болып табылады<sup>2</sup>. Мемлекеттің аумағы ұлан-байтақ жерді: Ташкент жазирасы мен Сырдария, Жаңадария, Қуандария алабының ежелгі арналарын және Жетісудың оңтүстік-батыс бөлігін қоса Оңтүстік Қазақстанды алып жатты. Ең күдіретті кезінде оған Сусе, Фумо, Юйни, Цзи, Юйцзянь сияқты бес «шағын иелік», сондай-ақ Янцай бағынды. Алайда олардың орналасуы даулы болып қалып отыр. Айтылған аймақта археологтар сол уақыттағы негізгі үш мәдениетті — кангюй мәдениетіне балапатын қауыншы, отырар-қаратау, жетіасар мәдениетін атап көрсетеді<sup>3</sup>. Осы мәдениеттерді 70—80-жылдары белсенді түрде өрістетілген зерттеу кангюй тұрғындарының материалдық мәдениетінің сипаты, шаруашылығы, қолөнері туралы деректерді едәуір толықтыра түседі.

Алайда, жазбаша деректемелер тобын едәуір кеңейтпейінше және оларды түсіндіргенде археология деректерін қатыстырмайынша, тегінде, тарихи-саяси, этникалық мәселелерді шешу мүмкін емес. Қытайдың тарихи хроникалары деректерінің ерекшеліктері мынадай: тек соларға ғана қарап бұл мемлекеттің пайда болған уақытын, оның нақты шекарасын, астанасы Битянь қаласының қайда екенін, тәуелді бес иеліктің қалай орналасқанын және басқа да көптеген нәрселерді айқын анықтау мүмкін емес<sup>4</sup>.

**Орналасу мәселелері.** Кангюй мемлекеті мен оның иеліктерінің орналасу мәселелерінің тарихы И. Бичуриннен басталады, ол оның орналасқан жерін Сырдария өзенінің солтүстік жағындағы далалар деп белгілеген. «Шицзи» тексіне «Давань туралы хикаяда» берген түсініктемесінде ол «Кангюй иелігі қазір қазақтың Ұлы жүзі мен Орта жүзі көшіп жүрген Сырдарияның солтүстік жағындағы далаларды алып жатыр» деп атап өткен. «Шицзиде» кангюйдің орналасуы туралы былай делінген: «Кангюй Даванның солтүстік-батысында шамамен алғанда 2000 ли жерде жатыр. Бұл — әдетте 20 000 әскері бар юечжиліктерге ұқсайтын көшпелі иелік. Кангюй Давань-

мен шектес және күшінің аз болуына қарай оңтүстікте юечжилердің билігін, шығысында ғұндардың билігін таниды»<sup>5</sup>.

Үлкен Хань әулетінің келесі хроникасы «Цянь Ханьшудың» «жерге орналасуды суреттеу» деген тарауында кангюйге арналған бөлім бар, онда сөзбе-сөз келтіргенде былай делінген: «Кангюй билеушісі Лоюень елінде, Унаннан 12 300 ли жердегі Битянь қаласын мекендейді. Ол наместникке тәуелді емес. Әміршінің жазда болатын жеріне Лоюеннен жеті күнде жетуге болады... Халқы 120 000 отбасынан, 600 000 адамнан тұрады; әскер саны 120 000 адам. Әдет-ғұрпы үлкен юечжимен бірдей. Кангюй шығыс жағында ғұндарға бағынады...»<sup>6</sup>. Осы ғасырдың ортасына қарай олардың орналасу мәселелері жөнінде негізінен екі көзқарас: 1. Кангюйлер Ташкент жазирасынан Хорезмге дейінгі қос өзен арасындағы кең-байтақ жерді алып жатты; 2. Кангюй иелігі Сырдария өзенінің сағасынан Ташкентке дейінгі алқапта шоғырланған, ал байырғы жерлері Сарысу өзенінің орта ағысынан сол өзен мен Шу өзенінде, Ұлытауға дейін орналасқан деген көзқарастар қалыптасты.

Бірінші көзқарасты С. П. Толстов мейлінше дәлелді қорғады<sup>7</sup>. Кангюй жерлері шығысында Ферғанаға (Давань) дейін жетті, оңтүстігінде Парфиямен және Бактриямен шектесіп жатқан, батысында Бұхара жазирасы мен Хорезмді қамтыған. Бес иелігі былайша орналасқан: 1) Сусе — Қашқадариядағы Шахрисябз; 2) Фуму — Зеравшан өзеніндегі Кушания облысы; 3) Юени — Ташкент жазирасы; 4) Чи — Бұхара; 5) Юогань — бүкіл мемлекеттің орталығы болған Хорезм. С. П. Толстовтың бұл мәселедегі негізгі қарсыласы А. Н. Бернштам Кангюй жерінің шығыстағы шекарасы Талас өзенінің бойымен өтеді деп санады. Кейін, біздің заманымыздағы III ғасырда, Цзиньшидің мәліметтеріне қарағанда, ол Іле өзеніне дейін жеткен. Кангюйдің бес иелігі Сырдария өзенінің бойында былайша орналасқан: Юогань — Хорезм; Ги — Сырдарияның сағасы; Фуму — Жаңақорғанның солтүстік-батысынан Қазалыға дейін; Сусе — Сырдарияның орта ағысы, Арыс өзенінің аңғары, Қаратау беткейі; Юени — Ташкент жазирасы. Жекелеген археологиялық мәдениеттер соларға сәйкес келеді: Ташкент жазирасында — қауыншы мәдениеті; Сырдарияның орта ағысында — кангюй-қаратау мәдениеті; ертедегі Куандария арнасында — жетіасар мәдениеті; Сырдарияның сағасында қала жұртының мәдениеті мен антик кезеңіндегі Хорезмнің мәдениеті бар.

Алайда кангюйлердің байырғы жерлері, атап айтқанда, Сырдарияның орта ағысы бойындағы жерлер болған. А. Н. Бернштамның пікірі бойынша, неғұрлым ертедегі тарихи ескерткіштер — Авестада, Махабхаратада, Пехлевилердің бундахишні мен эпикалық Шахнамада аңызға айналдырылған Кангха нақ осында орналасқан<sup>8</sup>. Ол ежелгі түріктердің руналық ескерткіштерінің Кенгутарбанд елін де осында орналасқан деп көрсетуді ұсынған еді<sup>9</sup>. Кейіннен бұл көзқарасты Қазақстан зерттеушілері мен ежелгі Орта Азия тарихының саласындағы басқа да мамандар негізге алды<sup>10</sup>. С. Г. Кляшторный мен Л. М. Левинаның еңбектері кангюйлердің орналасу мәселелерін зерттеуге қосылған елеулі үлес болды. Біріншісі кангюйлер туралы жазбаша деректемелердегі хабарларды қорытып, кангюй жерлерінің орналасуы жөніндегі негізгі пікірлерге сын көзбен талдау жасады<sup>11</sup>. Л. М. Левина сол кезге қарай жинақталған археологиялық деректерді жүйеге келтіру

мен қорытуда көп еңбек етті. Ол кангюйлер заманындағы Сырдария алқабының негізгі үш мәдениетін сипаттап, оларды кезеңдерге бөлуді ұсынды. Жан-жақты талдау негізінде автор өзі қарастырған жетіасар, отырар-қаратау, қауыншы мәдениеті кангюй мемлекеті тұрғындары мәдениетінің нұсқалары болып табылады деген қорытындыға келді<sup>12</sup>.

Кангюйлер жерлерінің орналасуы туралы мәселеге зерттеудің жаңа кезеңінде Ю. Ф. Буряков баса назар аударды<sup>13</sup>. Ол кангюйлерді тек Ташкент жазирасы шегіне ғана орналастыратын зерттеулерге сын көзбен талдау жасап, кангюй жерінің Ташкенттен Жаңадария мен Қуандарияға дейінгі бүкіл Сырдария алқабын алып жатқан кең көлемі туралы қағиданы дамытты. Мұнда ол Битянь осы өзендердің батпақты сағаларына орналасқанын айтады. Оның пікірінше, ертедегі Шірік-Рабат, Бәбіш-молда немесе Алтынасар қалаларының қираған жұрттары сол болуы мүмкін. Ташкент жазирасында оған дәстүр бойынша Юени иелігі шоғырландырылады, ал оның астанасын Канка қаласының жұрты деп санау ұсынылады. Ол Сусені Суябка орналастырады, Фумуды – шағын иеліктегі Гуйшуань жерлеріне, Гиді – Самарқантқа, Юеганьды – Хорезмге балайды. Кангюйлердің байырғы жерлерін ол жетіасар мәдениеті тараған аймақ деп біледі. Қауыншы және отырар-қаратау мәдениетінің шын мәнінде ғажайып ұқсастығын атап өте келіп, Ю. Ф. Буряков, сірә, оларды тектес мәдениет ретінде қарастырып, орталығы Канка қаласының орны болған, жоғарыда аталған Юени иелігі таралған аймаққа орналастыратын болса керек.

Сонымен, Кангюйлер Сырдария өзенінің орта ағысының солтүстік жағын мекендеген және Кангха мемлекетінің ұйытқысы болған тайпалар одағы деп әзірше мейлінше айқын айтуға болады.

## 1. САЯСИ ТАРИХЫ

Ертедегі алуан түрлі жазбаша деректемелерде Кангха елінің аты б. з. б. XIV ғасырдан бастап мәлім болғанымен, Орта Азиядағы б. з. б. IV ғасырдың аяғындағы оқиғаларды жақсы білетін антик авторлары кангюйлерге тоқталмайды. Сырдария бойындағы аймақта «Кан үйі» б. з. б. III, дұрысында, II ғасырда көтерілген деп жорамалдауға болады. Бұл сол кезеңдегі көшпелілер үстемдігінің күшеюінен болған еді.

Егер б. з. б. II ғасырдың екінші жартысында Чжан-Цянь Кангюй жерлерінің оңтүстігінде юечжиге, ал солтүстігінде ғұндарға тәуелді екенін айтса, біздің заманымыздағы I ғасырда мұндағы жағдай өзгереді. Егер Чжан-Цянь юечжи әскерін 100–200 мың, ал кангюй әскерін 90 мың деп хабарлаған болса, Цань-Хань-Шу енді кангюй әскерін 120 мың, юечжи әскерін 100 мың дейді<sup>14</sup>.

Бұл кезеңде Орта Азиядағы қос өзен аралығында юечжилердің негізгі бөлігінің оңтүстікке, сол жағалаудағы Бактрияға ығысуы, жерге отырықшылық орын алып, жеке-жеке бес иелікке бөлінгенін, мұның өзі кангюймен салыстырғанда олардың әлсіреуіне әкеп соқпай қоймағанын, ал кангюйлердің алдынан оңтүстік пен батысқа экспансия үшін мүмкіндік ашылғанын атап өткен жөн. Сол кезде (б. з. б. II ғасырдың аяғы – I ғасырдың басы), сірә, кангюйдің жоғарыда аталған тәуелді бес иелігі пайда болса ке-

рек, ол өзіне Янцайды (Арал-Каспий өңіріндегі сармат-алан тайпалар одағы), Яньды (Орал өңіріндегі сармат тайпалары) бағындырып алды. Қытай жөнінде кангюй билеушілері өздерін тәуелсіз, тіпті батыл ұстаған, бұл жөнінде б. з. б. I ғасырдың аяғында Батыс өлкесіндегі хань наместнигі императорға былай деп хабарлаған: «...Кангюй, керісінше (Усунмен салыстырғанда) өркөкірек, батыл және біздің елшілеріміз алдында бас июге ешбір көнбейді. Онда наместниктен жіберілген чиновниктерді усундердің елшілерінен төмен отырғызады. Тамақты әуелі солардың князьдары мен ақсақалдарына, сонан соң барып наместниктің елшілеріне тартады...»<sup>15</sup>. Ал ертеректе, Ферғана-Қытай соғысының барысында, кангюйдің араласуы ғана ферғаналықтарды астанасының қиратылуынан құтқарып қалды және ферғаналықтарға тиімді бітім жасалуына жәрдемдесті<sup>16</sup>. Кейіннен, б. з. б. 47—46 жылдарда кангюйлердің билеушісі усунге қарсы күресінде солтүстік-ғұн шаньюйі Чжи Чжиді қолдады, ал усундердің одақтасы ханьдық құдіретті Қытай болды<sup>17</sup>. Осының алдында ғұндардың державасы солтүстік және оңтүстік ғұндарға бөлінген еді. Оңтүстік ғұндардың жетекшісі шаньюй Хуханье, тегінде, ру ақсүйектері мен қатардағы қауым мүшелері көпшілік бөлігінің мүдделерін білдірген болар, Қытайға беріліп, онымен татулық және достық туралы шарт жасасты. Солтүстік ғұндардың билеушісі шаньюй Чжи Чжи оңтүстік ғұндарды бағындыруға сәтсіз әрекет жасап, император сарайымен қатынасын үзгеннен кейін байырғы ғұн иеліктерінен ығыстырылды. Ол Угэні, Гяньгуньді, Динлинді бағындырды, бірақ күш алған, оның үстіне Қытай қолдаған усундерге қарсы тұра алмады. Өз кезегінде усундер б. з. б. I ғасырдың орта шенінде кангюйдің шығыстағы шекарасына қысым жасады. Міне, сол кезде кангюйлер усундерге де, Қытайға да бірдей қарсы тұра алатын күшпен одақ жасаспақшы болып ұйғарды.

Мұндай күш солтүстік ғұндардың шаньюйі Чжи Чжи болатын. Чжи Чжиге кангюй билеушісі өз қызын ұзатып, өз иеліктерінің шығыс шептерінен жер бөледі, өз әскерінің бір бөлігін оның басқаруына береді. Усун жеріне Чжи Чжи біркатар ойдағыдай шапқыншылық жасағанымен, бұл әскер усундерді біржола жеңе алмайды. Кангюйдің шарттарын (державаның шығыстағы шекарасын қауіпсіздендіруді) Чжи Чжи объективті түрде орындай алмады да, соның негізінде жанжал тұтанды. Оны Чжи Чжидің кангюйлердің әдет-ғұрпын көрінеу ұстанғысы келмеуі ушықтыра түсті. Ол Кангюй билеушісінің қызын, сондай-ақ «атақты адамдарын және жүздеген қарапайым адамдарды өлтірді немесе оларды Дулай (Талас) өзеніне тастады»<sup>18</sup>.


Чжи Чжи кангюй билеушісінің ордасынан қуылып, Талас өзеннің бас жағына кетті де, сонда өзіне қала сала бастады. Жазбаша деректемелердің мәліметтеріне қарағанда, қала салуда күн сайын 500-ге дейін адам жұмыс істеген. Шаньюй құрылысқа қаржыны Ферғана мен Парфия билеушілерінен алым ретінде алып отырды, сірә, ол құрылысшы-шеберлерді де сол жақтан шақырып алса керек. Екі жыл бойы салынған қала мықтап бекітілді, ол екі қорғанмен қоршалды, оның сыртқысы ағаш, ал ішкісі мұнаралары бар топырақ болатын. Ішіне құрылыстар мен қамал орналасқан, шаньюй мен оның жақын төңірегіндегілер сонда тұрған. Чжи Чжидің күшеюі мен оның усундерге шапқыншылықтарын жалғастыра беруі Қытай империясын едәуір аландатты. Чжи Чжиді дипломатиялық жолмен бейтараптандыру табысқа

жетпеді де, қытайлар соғысқа дайындала бастады. Қытай чиновниктерінің істің жайы туралы мынадай жазбалары сақталған: «Батыс өлке сюннулерге тиісті болатын, ал қазір Чжи Чжи шаньюйдің даңқты есімі алыс жерлерге мәлім. Ол басып кіру арқылы Усун мен Даюаньды ығыстыруда және Кангюйді басып алу туралы ойынан қайтпауда. Егер ол бұл мемлекеттерді басып алса, бірнеше жылдан кейін барлық отырықшы елдерге қауіп төнеді. Мұның үстіне оның жауынгерлері тез әрі батыл қимылдайды, олар жақсы соғысады және бірнеше рет жеңіске жеткен. Әзірше малды күтіп отырғанда (ол армияны тамақтандыру үшін келіп-жетуге тиіс), Батыс өлке сөзсіз қауіп-қатерге ұшырайды. Олардың орналасқан жері Қытайдан алыс болғанымен, тағылардың өз қорғанысы үшін бекіністі қалалары жоқ. Егер әскерлерді әскери қоныстардан көтеріп, Усуннің халқы мен әскерлерін шабуылға шығуға мәжбүр етсе, оларды соның, Чжи Чжидің, қалалары қабырғасына апарса, егер ол қашып кеткісі келмесе, пана таппай, қорғанғысы келсе, өзін қорғай алмайды. Сонда мың рет басталған іс бір күнде тындырылады»<sup>19</sup>.

Көп кешікпей қытай әскері жорыққа шықты. Ол Ұлы Жібек жолын бойлай екі бағытта жүрді. Үш отряд Қашғар, Ферғана арқылы, Шатқал жотасындағы Шанаш және Талас жотасындағы Карабура асулары арқылы оңтүстік жолмен, үш отряд солтүстік жолмен – Шығыс Түркістаннан, сірә, усундердің Чигучэн ордасы орналасқан Ыстықкөл қазан шұңқырындағы Бедел асуы арқылы өткен болар, содан соң Шу аңғарымен Таласқа беттеді. Әскерлер Чжи Чжи қаласы қорғанының жанында қосылды. Шаньюйдің өзі қоршауға дайындалған еді, ол өз әскерлерін қабырғаларды бойлай орналастырды, ал қала қақпаларының екі жағына «балық қабыршағы» сияқты етіп әдеттен тыс сап түзеген жаяу жауынгерлер отрядын қойды<sup>20</sup>.

Алайда, қаһармандықпен қорғанғанына қарамастан, қытайлар сыртқы ағаш қорғанды өртеп, топырақ дуалды опырып жіберді, қоршаудағылардың қарсылығын басып, қалаға басып кірді де, қамалды басып алды. Чжи Чжи мен оның төңірегіндегі жақындары көптеген туыстарымен, балаларымен, әйелдерімен және атақты князьдарымен бірге, 1518 адам тұтқынға алынды. Олардың бәрінің басы шабылды. Бір мың екі жүздей жауынгері Усун мен Ферғананың вассалдық князьдарына сыйға тартылды<sup>21</sup>. Қытай-кангюй қатынастарының басқа бір жағы Шығыс Түркістандағы оқиғаларға байланысты. Біздің заманымыздағы 78 жылы Бань Чжао басқарған қытай армиясы Шығыс Түркістан жазирасына үстемдігін орнатады. Алғашқыда кангюйлер император наместнигіне одақтас болады да, көп кешікпей өзінің көзқарасын өзгертіп, біздің заманымыздағы 85 жылы Бань Чжаоға қарсы көтерілген Суле (Қашғар) билеушісіне көмекке әскер жібереді.

Әулеттік некелер арқылы кангюйлердің билеуші үйімен байланысты болған кушан билеушілерінің Қытайды жақтауы ғана кангюйлерді өз әскерлерін Шығыс Түркістаннан әкетуге мәжбүр етті<sup>22</sup>. Кангюйдің солтүстік-батыс пен оңтүстіктегі саясаты туралы мәліметтер бұдан да аз. Бірақ қазіргі кеде оларды археологиялық деректермен толықтыруға болады. Хань хроникаларында кангюйлердің Арал-Каспий өңіріндегі массагеттерге тәуелділігі айтылады. Біздің заманымыздағы алғашқы ғасырларда массагет конфедерациясында алан тайпалары үстемдік ете бастады да, мұның өзі, Хоу Ханьшу деректері бойынша, Янцайдың Аланья деп аталуына әкеп соқты. «Янцай иелігі Аланья деп аталды; Кангюйге тәуелді болды.



Қоңыртөбедегі кангюй обасынан табылған сасанилік бедерлі асыл тастар (б. з. IV–V ғғ.):  
 1 – сердолик, 2–4 – халцедон.

Кангюй тұрғындарын сипаттағанда оның мәдениетінің көшпелі сипатына баса назар аударып, оны «көшпелі иелік» деп атау дәстүрге айналды<sup>24</sup>. Алайда қытай хроникасы басқа бір жерінде кангюйді халқы балшықтан соққан қорған ішінде тұратын, өзіне тәуелді Янцай иелігіне балайды. Лоюень мемлекет-еліндегі орталық ретінде астаналық Битянь қаласы аталады, бірақ билеушінің мұнда тұрақты тұрмағаны, өйткені тағы да жазғы ордасы болғаны айтылады. Мұның соңғысы бас орданың маусымдық сипатта болғанын, билеуші топтың жартылай көшпелі өмір сүргенін дәлелдейді. Соңғы жылдарда жинақталған археологиялық деректер кангюйлердің мәдениеті, шаруашылығы, нанымдары мен әдет-ғұрпы туралы түсініктерімізді кеңейтуге мүмкіндік береді.

## 2. АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР

Бір кездерде кангюйлер мекендеген аудандардан археологтар қоныстар мен қорымдар тапты. Бұл ескерткіштер қауыншы, отырар-қаратау, жетіасар археологиялық мәдениеттеріне жатқызылды.

Климаты орташа; қарағайлары, бұталары мен жусаны мол. Әдетте тұрғындарының киінуі де кангюйлерге ұқсас<sup>23</sup>. Сол кезде Кангюй өзінің экспансиясын соғды жазирасы мен Ферғанаға да таратады.

III–V ғасырларда мейлінше көмескі болған қытай деректемелері деректеріне сүйену мүмкіндіктеріне қарағанда, бұл кезде кангюйлер өзінің Орта Азиядағы қос өзен аралығындағы, Арал өңіріндегі иеліктеріне үстемдік етуінен айырылып, бірқатар тәуелсіз иеліктерге бөлініп кетеді. V ғасырда ол император сарайына елшілік жіберген елдер тізімінде ғана белгілі. Сірә, бұл кезге қарай кангюйлер орнында пайда болған ұсақ иеліктер эфталиттік мемлекеттерге тәуелді болса керек.

Біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың орта шенінен бастап Ортаңғы және Төменгі Сырдария ауданындағы этникалық-саяси жағдай өзгереді. Оған түркі тілдес тайпалар басып кіреді. Чжан Цянь заманынан бері қытай тарихнамасында кангюй

Біріншісі — Ташкент жазирасына, екіншісі — Сырдарияның орта ағысындағы Қаратау беткейлерінен Таласқа дейінгі аудандарға, үшіншісі — Қуандария мен Жаңадария аңғарына таралған. Кангюй дәуіріндегі Орталық Азия аймақтарына салыстырмалы сипаттама берген кезде Сырдарияның сағасынан Ферғанаға дейінгі біртұтас мәдени-шаруашылық өңір айқындалады. Ол өңірге отырықшы егіншілік-малшылық экономика, іргелі архитектурасы мен қорғаныс құбылыстары, қоныстанудың жетекші үлгісі ретіндегі аздап бекініс жасалған қоныстар, қолөнердің нашар дамуы, ақша айналысының шектеулілігі және басқа да белгілер тән болған<sup>25</sup>.

Шардараға жақын жердегі Ақтөбе қонысы қауыншы мәдениетінің ең жақсы зерттелген ескерткіші болып табылады. Ол Сырдарияның сол жақ жағалауына орналасқан. Қала орны үш жағынан дуалмен, ал Сырдария жағынан қазылған ормен қоршалған. Қала орнының орталығында орналасқан биіктігі 20 метрге жуық дөңгелек төбе (шоқы, оба) ерекше көрінеді. Төбе аумағында және Ақтөбе 2-нің басқа бөліктерінде қазба жұмыстары жүргізілді.

Қазбалардың біреуінен Сарай үйі толық аршылды. Ол тікбұрышты, көлемі 28х18,5 м болып шықты. Сарай шаршылап орналасқан бес жайдан, кіру кешені мен құрылысты батыстан шығысқа қарай орап өтетін екі дәлізден тұрған. Оның орталығында шаршы зал (3,6х3,6 м) бар, ол басқа жайлардың бәрімен арка арқылы өтетін жолдармен байланысқан. Бір кездерде оның төбесі жалпақ етіп жабылған. Зал қабырғаларының биіктігі қазіргі кезде 6 метрге жетеді. Зал еденінің ортасында құдық бар. Үй солтүстік-батыс бұрышына салынған, мұржасыз камин үлгісіндегі ошақпен жылытылған. Залдың айналасына орналасқан жайлар доғалана иіліп, ал олардың біреуі күмбездеп жабылған, бұл күмбез Орта Азия мен Қазақстандағы ертедегі үлгімен жабылған күмбездердің бірі болып табылады. Бөлмелердің бірінде баспалдақ бар, онымен көтеріліп үйдің шатырына шығады. Сарайдағы бүкіл құрылысы — қабырғалар, тіреулер, арка жолдары тікбұрышты ұзынша және төрт бұрышты шаршылы шикі кірпіштерден қаланған. Қазба жұмыстарын жүргізген кезде керамиканың бай жиынтығы: көзелер, саптыаяқтар, табаалар, құмғандар, шүмекті құмыралар жиналды, олар біздің ғасырымыздың І жартысындағы ескерткіштердің материалдарына ұқсас келеді. Керамикалық бұйымдардан басқа ұршықбастар, жебелердің үш қыры бар ұңғылы ұштары, алтын сырға, бір жүзді пышақтар, сүйек ұршықтар, қола сақина, қызыл шыныдан көз салынған алтын қапсырма табылды, олар біздің заманымыздағы І—IV ғасырларға жатады.

Сарай кешенінің мерзімін белгілеу үшін күмбезді жайға жерленген адамның табылуының принципті мәні бар. Өлік батыс қабырғаны бойлата қойылған, ағаштан жасалған торлы табытқа жерленген. Өлік басын батысқа қаратып, шалқасынан жатыр. Керек-жарақтары да ерекше: ағаштан жасалған екі ыдыс, көз салып, қара тас орнатылған, күміс пен алтын құймасынан жасалған сырға, қорамсақ пен садаққа арнап ағаш қабығынан жасалған қап, сүйекпен әрленген ағаш садақ, темір қанжар, екі темір айылбас жатты. Құрал-саймандарға қарағанда, адамды IV—V ғасырлар шебінде жерленген деп анық айтуға болады, демек қоныс өмірінің жоғарғы хронологиялық шегі біздің заманымыздағы IV ғасырдың басына жатады.

Отырар-қаратау мәдениеті ескерткіштері шоғырланған орталықтардың



бірі Отырар алқабы болды. Мұнда, Арыстың сол жақ жағалауында, 100 шаршы шақырымдай болатын біршама шағын аумақта көлемі әр түрлі жиырма шақты томпақ төбелердің қалдықтары жатыр. Солардың қатарында Пұшық-Мардан, Қостөбе, Шаштөбе, Сейітмантөбе, Ахайтөбе, Шөлтөбе және басқалары бар. Олардың ең ірісі ескерткіштердің көпшілігі шоғырланған алқаптың атымен Көк-Мардан деп аталады. Қираған үйінді екі бөліктен — негізгі төмпешік пен оның қасындағы төмпешіктерден тұрады. Негізгі төмпешік-қала жұртының орталық бөлігі — Арыстың ежелгі екі саласы қосылатын жерде пайда болған аралда орналасқан. Қаланың салынуы аралдың орналасуына сәйкес анықталған, Көк-Мардан қазір де солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған мойнақша түрінде. Төбенің көлемі екі гектардан сәл астам, ал ең биік жері — 15 м. Қала орнына құрылықтан баратын бірден-бір жол шығыс жағында және биіктігі 1,5 м, жоғарғы ені 1,5 м, төменгі жағы 3 м болатын қолдан салынған бөгет арқылы өтеді.

Одан әрі бөгет қақпаларға апаратын жайпақ пандусқа ұласады. Кіре беріс екі жағынан дөңгеленген екі мұнарамен қорғалған, олардың үйінді орындары ғана сақталған. Өзен тармақтары бөліп жатқан қаланың орталық төбесіне құрылыс іздері бар аумақ жанасып жатыр. Шығыс жағынан қала учаскесі биіктігі 2,5 метрдей төрт бұрышты жалпақ төбе түрінде болып, бір гектардай жерді алып жатыр. Ортадағы төбенің батысы мен солтүстік-батыс жағынан тағы да 3 гектарға жуық жер алып жатқан ертедегі құрылыс табылды. Көлемі мен орналасуына қарағанда Көк-Мардан қала орталығы болған. Солтүстігіне таман, жарты шақырымдай жерден, шөгіп қалған ондаған обалардан тұратын, биіктігі 2—2,5 м, диаметрі 15 метрге дейін жететін қалалық зират табылды. Қала орнының тек шағын учаскесі ғана ашылды. Тұрғын үйді жауын шайып, жел ұшырып әкеткен, сондықтан мүлде сақталмаған деуге болады. Оның үстіне қаланың өз өмірінің соңғы кезінде құлдырауға ұшырағаны аңғарылды. Оның құрылыстары тозып, үйлерді тұрғындары бірте-бірте тастап кеткендей.

Төменіректе орналасқан неғұрлым ертедегі қала кең көшелер мен шағын тұйық көшелер бөліп жатқан ауқымды үлкен махаллалардан тұрған. Үйлер, әдетте, бір бөлмелі болған, екі бөлмелілері сирек, оның үстіне екінші бөлмесі қойма болып келеді. Олар жер астында, дұрысырақ айтқанда, мәдени қабатта жатыр, сондықтан көше жақтан оларға үш-бес тепкішекті баспалдақ арқылы кірген. Есіктері үйдің бір бұрышына жақын орналастырылғаны аңғарылды. Үйлердің ішкі көрінісі негізінен бір қалыпты, археологтардың қазба жұмыстары аяқталғанға дейін-ақ ненің қайда орналасқаны сеніммен айта алғаны кездейсоқ емес. Есіктің қарсы алдында, үйдің ортасына жақын жерде тікбұрышты жерошақ болған. Ол шет жақтары балшықтан дөңестеу етіліп жерден қазылған. Бір жартысына от жағылған да, екінші жағына көмір мен күл үйілген. Үй қабырғаларының біреуінен еден деңгейінде және одан сәл жоғары жерден каминге арналған сопақша кертпе шығарылған. Әдетте оған саз балшықтан жасалған пеш орнатылған. Үй қарапайым тәсілмен жылытылған, түтін есіктен және төбедегі тесіктен шығарылған.

Бөлмеде қабырғаларды жағалата адам жататын аласа сәкілер орнатылған. Бұрыштарына су мен азық-түлікке арналған ыдыстар қойылған. Ыдыстар қабырғалардың жанында тұр. Әдетте олар құмандар, су таситын құмыралар, көзелер болып келеді. Егер үй екі бөлмелі болса, екінші бөлмесі

қойма болады, онда құмандар немесе күйдірілмеген балшықтан жасалған, цилиндр тәрізді сыйымды, кеспек сияқты ыдыстар тұрған. Оларда тары, күріш, бидай, арпа, асбұршақ сақталған. Ошақтың қасында еденде дәнүккіштер немесе диірмен жатты. Олар әр үйден дерлік тұтас күйінде немесе сынықтары табылды. Кейде үйлерде диірменге арналған арнаулы тұғырлар салынған. Оның төменгі жартысы — тапшаны — аласа дөңгелек бөренеге мықтап бекітілген. Диірмендердің көлемі бірдей — диаметрі 25 сантиметрден 35 сантиметрге дейін. Кейбір үйлерде, әдетте үйдің бұрыштарында қуыс жасалған. Олардың алдында сәл дөңестеу жер бар, күл қабатына қарағанда, оған ғұрыптық от жағылса керек.

Үйлердің біреуі өзінің әдеттен тыс екендігімен ерекшеленеді. Оған баспалдақпен төмен қарай кіреді, үйдің көлемі 20 шаршы метрге жуық. Кіреберістің қарама-қарсысындағы қабырғада 0,5 м биіктікте шет жақтары қошқар мүйіз түрінде жапсырып жиектелген, тікбұрыш түріндегі қуыс бар. Қуыстың астында екі сатылы тақыт — көлемі 1,5x1 м мехрап тұрды. Тақыттың оң жағында балшық қабырғамен бөлінген кішкене қоршау бар. Мұнда құрбандыққа шалынатын қой ұсталған болуы мүмкін. Үйдің ғибадатхана міндетін атқарғаны күмәнсіз. Бұған сол жерден табылған ауыр салмақты қыш шырағдандар, мехрап үстіндегі таза күл қабаты да дәлел болады.

Ғибадатхана өзіндік қайталанбастығымен ерекшеленеді, бірақ Хорезмдегі кушан заманына жатқызылған Гяур-қала орнынан қазып-аршылған залдың оған бірсыпыра ұқсастығы аңғарылады. Бұл залдың қабырғаларында жапсырып жиектелген қуыстар, олардың астында тақыттар табылған.

Көк-Марданнан басқа, Пұшық-Мардан қаласының орнына жақын орналасқан оңтүстік және солтүстік Қостөбе қоныстарынан алдын ала жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарында біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың бірінші жартысындағы қабаттар табылды. Пұшық-Мардан қаласының орталығында биік цоколь-стилобатқа салынған мықты бекіністің қираған үйіндісі табылды. Бірінші қабатында күмбез тәрізді тар дәліз болған. Екінші қабаттың құрылысы 1–1,2 м биіктікте сақталған. Оларды жоғарғы қабатына, ішінара бекініске жапсарлас жатқан ашық алаңға сәйкес келетін тұрғын үй құрылысының қабаты жауып жатыр.

Қазір Оңтүстік Қазақстанның алдыңғы орта ғасырлардағы көптеген қалаларының түп-тамыры сонау кангюйлер дәуірінде пайда болған қоныстарға барып тірелетіні анықталды. Б. з. б. I мыңжылдықтың орта шенінен б. з. I мыңжылдықтың ортасына дейін шығыс Арал өңірінде өзіндік ерекшелігі бар жетіасар мәдениеті өркендеген. Бұл мәдениеттің жүз елуден астам бекіністі қала орындарынан, жүздеген обалы қорымдардан тұратын ескерткіштері Сырдарияның ең солтүстіктегі ежелгі тармақтары Қуандария, Ежелгі Қуандария бойында шоғырланған. Археологиялық зерттеулер мұнда бірқатар қала орындарының тұрғын үй құрылысы мен бекіністі жүйесін ашты. Жетіасар мәдениеті тараған аймақ көлдер, өзен жайылмалары суландырып, ертедегі Қуандарияның атырауындағы көптеген тармақтар бөліп жатқан кең-байтақ атыраулық үйінділі жазық болып табылады. Стратиграфиялық зерттеулердің көрсеткеніндей, мұнда б. з. б. I мыңжылдықтың ортасында-ақ мықты бекіністі қамалдар пайда болады. Алайда, жетіасар мәдениеті қалаларының кейде бір жерде мың жылдай өмір сүруі себепті ең ертедегі қабаттары кейінгі терең қабаттар астында қалған. Сондықтан оларды азды-көпті кең көлемде зерттеу өте қиын және Жетіасар алқабын қоны-

стану мерзімі туралы қорытындылар осы кезге дейін алдын ала жасалған, Жетіасардың ертедегі кезеңін дәуірлерге бөлу де болжал болып қалып отыр.

Ертедегі кезеңдегі Жетіасардың барлық қираған қала орындары біртектес келеді. Олар биіктігі 10–20 м және аумағы 8–10 га, дөңгелек, сопақша түрдегі қалың екі қабатты ортасы шымнан қаланған цоколь-стилобатқа тұрғызылған. Барлық қалалар күшті және дамыған қорғаныс құрылыстарының жүйесімен бекітіліп, ішіне түгелдей секция-үйлер салынған.

Құрылыс салуға көлемі үлкен (60х30х10; 40х25х10) шикі кірпіш, күйдірілген кесектер пайдаланылған. Күмбездерді көтергенде трапеция сияқты шикі кірпіш қаланып, тұрғын жайлардың төбесін жапқанда, есік жақтауларына және басқаларына ағаш құрылымдар қолданылған. Тұрғын жайға кіретін есік бір қабырғаның ортасынан немесе бұрышынан шығарылған. Бұл жағдайда есік үйдің тұрғын жайынан кіре берістегі әлдебір қалқа сияқты шағын қабырғамен бөлінген. Біздің жоғарыда көргеніміздей, тұрғын үйдің мұндай үлгісі бүкіл Сырдария бойы аймағына тән және мұнда орта ғасырларға дейін сақталған. Негізгі тұрғын жайға қоса, оған қосалқы құрылыстар жапсарластыра салынып, олар кейде тұрғын үй және қойма ретінде пайдаланылған.

Зерттеушілер бекіністер құрылысынан қоғамдық міндеттер атқарылған, әлдебір жоралғылар өткізуге арналған жайларды да бөліп көрсетеді. Бұл жайлар көлемімен, өзгеше сәкілері болуымен және басқаларымен ерекшеленеді. Қалалар әдетте жекелеген суландыру жүйесінің төңірегіне бесжетіден топталған. Олардың арақашықтығы 10–12 шақырымға жетеді.

**Жерлеу.** Кангюйлер заманының қоныстары қасында үлкен зираттар орналасқан. Оларда түрлі аймақтарда әр түрлі жерлеу құрылыстары тараған. Кангюйлерге тән ең сипаттысы үңгіп (екі түрлі), лақыт жасап және жай шұңқырларға жерлеп, үстіне оба үю, сағана салу болып табылады.

Қауыншы мәдениеті таралған өңірде Шәушіқұм, Жамантоғай, Төребайтұмсық қорымдары зерттелді<sup>27</sup>. Сол кездегі отырар-қаратау, жетіасар мәдениеттеріне жататын басқа зираттардағы сияқты, өліктер киімімен, жеке пайдаланатын заттарымен қоса жерленген. Қабірлерге тамақ салып, су құйылған керамика ыдыстар бірге салынған. Еркектердің қабірлерінен қару-жарақтар (семсерлер, канжарлар, жебелердің ұштары, садақтардың сүйектен жасалған бастырмаалары), әйелдердің қабірлерінен көбінесе әшекей заттары: моншақтар, айналар, сырғалар, киімге тігілген қалақшалар табылды<sup>28</sup>. Жерлеу жарақтарынан алынған материалдарға салыстыра отырып жасалған талдау қабірдің мерзімін біздің заманымыздағы І мыңжылдықтың бірінші жартысы деп белгілеуге негіз береді.

Отырар алқабы мен оған жақын аудандарда Көк-Мардан, Қыркескен, Мардан қорымдары зерттелді. Мұнда да жерлеу құрылыстарының алуан түрлі екені аңғарылды. Марданкүйік (Қоңыртөбе) қаласының орны маңындағы қорымды зерттеген кезде аса құнды материал алынды. Қаланың өзі біздің заманымыздағы І мыңжылдықтың бірінші жартысында пайда болған<sup>29</sup>. Оның шығыс жағында көлемді зират орналасқан. Төбесі тапталып, опырылып қалған сопақша төбеге қазу жұмыстары жүргізілді. Оның биіктігі 2,5 метрге жетеді, көлемі 35х45 м. Онда төбенің төбесінен 0,4 метрден 1,5 метрге дейінгі тереңдікте жатқан қабірлер бар екені анықталды. Негізінен өлік тікбұрышты етіп қазылған қабір шұңқырларына жерленген. Шұңқырдың төменгі жағына шикі кірпіш қаланған, сағаналар да шикі кірпішпен

жабылған. Жүзге тарта қабір тазартылды. Олардың ішінде 12 жағдайда керамика ыдыстарға жерлеу анықталды. Негізінен, бұлар — балалар, жасөспірімдер. Ал ересектер қабір шұңқырының түбіне, киімімен, жеке керек-жарақ заттарымен (сәндік заттар, қару) қосып жерленіп, керамика ыдыстарға (құмыраларға, саптыаяқтарға) тамақ салып, су құйып қойған. Жерлеу ғұрпы мен қоса салынған құрал-саймандарға жасалған талдау Қоңыр-төбе қорымының аршылған қабірлерінің негізгі бөлігін отырықшы кангюй тайпалары мәдениетінің соңғы кезеңіне жатқызуға және оның мерзімін біздің заманымыздағы III—V ғасырлар деп белгілеуге мүмкіндік береді.


Жетіасардағы әрбір қала орнының төңірегінде мындаған жерлеу құрылыстары бар қорымдар орналасқан. Олар негізгі екі түрге: оба астына жерге көму және сағаналарға жатады. Олардың көпшілік бөлігі — оба астындағы жерден қазылған шұңқырлар. Обаның айналасынан кішкене ор қазылғаны аңғарылады. Қабір шұңқырлары әдетте солтүстіктен оңтүстік бағытына ұзынынан бағдарланған. Өлген адамның мәйіті қамыстан тоқылған төсенішке ұзынынан жатқызылып оралып, шұңқырдың түбіне немесе лақытқа салынған. Қасына 2—3 керамика ыдыс қойылған. Еркектердің қабірінен әдетте пышақтар, семсерлер, сүйектен жасалған бастырмалары бар күрделі садақтар мен жебелер шықты. Әйелдердің қабірлерінде қола айналар, қабыршақтар, сырғалар, моншақтар, білезіктер жиі кездеседі.

Жетіасардағы қабірлердің екінші тобы кірпіш сағаналар болып табылады. Жерлеу камерасына көлбеу дәліз-дромос апарады, ол да күмбез тәрізді етіп жабылған. Тікбұрышты камераның (орта есеппен 3,5x2 м) ішінде екі-үш қабырғаны бойлай жататын сәкілер салынған. Өлікті шиге немесе киізге орап, сәкіге қойған. Айналасына оған керекті заттар, тамақ салып, су құйған керамика ыдыс қойылған. Жер бетіндегі сағаналардың түрлері де жер астындағы сияқты, бірақ олар күйдірілген кесектен қаланған аласа цоколь-стилобаттарға тұрғызылып, сірә, олар да оба үйіліп жабылса керек. Қабірлерден табылған материалдарға талдау жасау жерден қазылған қабірлер жетіасар мәдениетінің бүкіл бойында болған, ал сағаналардың пайда болуы неғұрлым соңғы кезеңге — біздің заманымыздағы II—IV ғасырларға жатады деген қорытындыға келуге негіз береді<sup>30</sup>.

Бұл орайда жерден қазылған қабірлер мен сағаналарға жерленгендер арасында қандай да болсын этникалық-мәдени, антропологиялық елеулі айырмашылықтар байқалмайды.

### 3. ШАРУАШЫЛЫҚ, ҚОЛӨНЕР, САУДА

Кангюй мемлекеті алып жатқан жер табиғи-климаттық және ландшафтық-географиялық көрсеткіштері жөнінен мейлінше алуан түрлі болған. Мұнда тау аңғарларындағы құнарлы тау беткейлері, өзендердің аңғарлары, кең-байтақ дала кеңістіктері, шөлейттер мен шөлдер де бар еді. Нақты шағын аймақтардың әрқайсысындағы тұрғындардың шаруашылық қызметінің негізгі бағытын да географиялық орта анықтады. Оның үстіне түрлі аудандар адамның игеру дәрежесімен, шаруашылық қызметке тартылуымен, шаруашылықтың белгілі бір түрінің даму дәрежесімен ерекшеленді. Хорезмде, Арал өңірінде, Зеравшан аңғарында, Ташкент алқабында ертедегі және алдыңғы антик дәуірінде отырықшылық дамып, ежелгі қоныстар мен



Соңғы кангюй обаларынан табылган олжалар: 1, 2, 3, 5, 6 – Қоңыртөбе (Отырар жазирасы), 7, 8, 9 – Чоң қақпа (Талас өңірі), 4 – Қоңыртөбеден кездейсоқ табылған олжа, 1–7, 9 – қола, 8 – алтын.

қалалар қалыптасқан. Көшпелі (жартылай көшпелі) мал шаруашылығы мен суармалы егіншілікпен айналысқан тұрғындар мемлекеттік құрылым шеңберінде жарасымды біріктірілді. Бұл орайда сол шаруашылық бағыттарының өкілдері этникалық жағынан туыс еді, олардың мәдени тамырлары бір болатын.

Бұл қоныстар тұрғындарының шаруашылық қызметі қарапайым суландыру негізіндегі егіншілік болды. Бірақ біздің заманымыздағы алғашқы ғасырлардың өзінде-ақ, мысалы, Шыршық өзенінің оң жағалауында ірі Зах каналы (20 шақырым) қазылды, ал сол жағалауында Ханарық каналы тартылды.

Жетіасар алқабында тұрақты емес, тасыған өзендерді, су жайылған тоғандарды, көп еңбек жұмсау керек етілмейтін шағын суландыру жүйелерін пайдаланып, көлдете жайып суару түрі басым болды<sup>31</sup>. Көк-Мардан алқабындағы суландыру жүйесін қосымша зерттеу Арыстың ескі арналарында топырақ үйіп бөгелген тоғандар мен бөгет салынған тармақтары суландыру үшін пайдаланылғанын көрсетті, олардан егістіктер мен бақшаларға су ағатын арықтар тартылған. Жергілікті жерді зерттегенде және ескерткіштер мен олардың төңіректерінің аэрофотосуреттерін ажыратып қарағанда арықтардың іздері, плотиналар мен бөгеттердің қалдықтары аңғарылды. Кангюйдің қазылған қоныстары мен ертедегі қала орталықтарының бәрінен дәнді дақылдардың (арпа, тары, бидай) қалдықтары, бақша дақылдары (қауын, қарбыз) мен жемістердің (алма, жүзім, өрік және басқалары) дәнсүйектері табылды.

Тұрғын үйлер жанындағы зат сақтайтын жайлардан қор сақтауға арналған үлкен қыш көзелер мен ыдыстар табылды, еденнен ұра-шұңқырлар қазылған. Мәдени қабатта, тұрғын үйлердің қираған жұртында дәнүккіштер, тас диірмендер мен келілер көп. Тұрғын үйлер жанында малды қоршауда ұстауға арналғаны анық орындар кездеседі. Малдың негізгі бөлігі, сірә, қоныстан тыс жерде, ұжымдық табында ұсталса керек. Кангюйлердің қоныстарын қазған кезде үй жануарларының сүйектері көп кездеседі. Олардың ішінде ең көбі қойдың, сиырдың, ешкінің, жылқының сүйектері. Палеозоологтар елік, таутеке, арқар, киік, марал, қабан сияқты жабайы жануарлардың сүйектерін де бөліп көрсетеді. Басқасын былай қойғанда, мүйіздерден әр түрлі бұйымдар жасалған. Үйрек, қаз, бірқазан сияқты суда жүзетін құстар ауланған. Балық аулау дамыған, оны балық сүйектері мен қабыршақтарының табылуы дәлелдейді. Балықты сүңгімен түйреп, басқа да әр түрлі құралдармен аулаған.

Тегінде, мемлекеттің билеуші тандаулы адамдары, кейініректе Орталық Азия тарихында болғанындай, өздерінің ерте замандағы ата-бабаларының көшпелі тұрмыс дәстүрін, идеологиясын, тарихи аңыздарын сақтап қалса керек. Осыған байланысты қытай хроникаларының кангюйлер билеушілерінің жазғы және қысқы ордаларының әр жерде орналасқанын, олардың бір-бірінен 900 ли қашықтықта жатқанын хабарлайтындығын еске сала кетейік.

Қазақстан аумағындағы көшпелі мал шаруашылығына өте ертеден бастап, қазіргі кезге дейін жайылымдардың маусымдар бойынша бөлінуі тән екенін және көшіп-қону жолдарының меридиан бойынша болатынын ескере келіп, кангюйдің қысқы астанасы Сырдария бойындағы аймақта болса, жазғы жайылымы мен билеушінің ордасы алыста жатқан Орталық Қазақ-

стан далаларында болуы мүмкін деп жорамалдау әбден орынды болады<sup>32</sup>.

**Қолөнер.** Кангюйлердің қалалары мен қоныстары жергілікті базарларды не қажеттінің бәрімен қамтамасыз ететін қолөнер орталықтарына айналады. Қоныстар мен қорымдарды қазғанда керамика мейлінше көп табылды. Зерттеушілер шаруашылықта түрлі қажеттерді қамтамасыз ететін ыдыстардың ондаған түрін атайды. Металл ыдыспен бірге, керамика ыдыс тамақ дайындау үшін пайдаланылған. Сұйықты тасу және сақтау үшін тұтқалы құмыралар тұтынылған. Азық-түлік жерге қазып орнатылған үлкен ыдыстар — көзелерде сақталған. Ақырында, әсемдеп жасалған ас ішетін саптыаяқтар, құмыралар, кеселер де болды. Әдеттегі бұйымдар ішінде зор көркемдік талғаммен істелгендері кездеседі.

Мысалы, тұтқасы жануар мүсіні түрінде жасалған қақпақ сондай бұйым. Ол жануардың тұмсығы дөңес, құлақтары тік әрі шұнақ, сауыры шөп қоректілерге тән, қысқа құйрығы жоғары қайрылған.

Тегі, мүсінде киік бейнеленген болса керек. Бұл кезде керамика дайындау ісінде қыш ұршықшасы әлі таралмаған. Ыдыстар айналып тұратын тұғырда таспалау әдісімен жапсырып жасалған. Безендіру және сапасын жақсарту үшін ангобтық қаптама, жылтырату, ойып өрнектеу қолданылған. Күйдіру көбінесе қыш күйдіретін пештерде жүзеге асырылды. Жалпы алғанда, зерттеушілер Сырдариядағы керамика өндірісінің әдеттен тыс қарапайымдылығын, дәстүрлілігін үнемі атап көрсетеді. Кангюйлер заманындағы қорымдар мен қоныстардан алуан түрлі металл бұйымдардың табылуы жергілікті жерде металлургия қолөнерінің дамығанын көрсетеді. Кангюй үшін металлургия өндірісінің жетекші орталықтары Шаш — Илақ аймағындағы қоныстар мен қалалар болды. Нақ сол кезде осында, тауларда, жергілікті кен негізінде темір және полиметалл өндіру, алтын мен күміс өңдеу дамиды. Алдыңғы қалалық ірі металлургия орталықтарының бірі қирған Құлата қаласының орнындағы қала болған. Оның көлемі 50 гектарға жеткен, металлургия өндірісінің іздері айқын сақталған<sup>33</sup>.

Әдетте құрамы бай кеніштерден кен алынды. Олар опырылып, ашық өңірлер мен аралас топырақты өңдеу жолымен өндірілді, бұл кенді аз бергенімен, оған шығын да аз жұмсалатын еді. Кенді балқыту, байыту, тегінде, кеніштерге жақын жерде жүргізілсе керек. Дөңгелек пештер де, төрт бұрышты пештер де пайдаланылған<sup>34</sup>.

Металл бұйымдардың құрамы мен шеберханалардың қалдықтары металлургияның түрлі салалары — темір ұсталығы, қола құю, зергерлік істің дамығанын дәлелдейді. Шеберханалардың өніміне қорғаныс және шабуыл жасау қарулары, ат әбзелдерінің бөлшектері, ауыл шаруашылық құралдары, темірден соғылған бұйымдар кірген.

Кангюйлердің қабірлерінен әдетте қанжарлар, семсерлер, пышақтар, жебелердің ұштары, сауыт табақшалары табылады. Темір тағалар, шегелер, ілмектер, қапсырмалар, түсті металдан істелген бұйымдар — сырғалар, алқалар, білезіктер, айылбастар, инелер, біздер ұшырасады.

Әдетте кангюйлер қоныстарының қабаттарынан сүйектен ою оятын қолөнер іздері табылады. Қолөнершінің үйі жанындағы қоқыс төгілетін шұңқырлардан айыр тұяқтылардың өңделген (арамен кескен, тескен) іздері бар мүйіздері қалдықтар түрінде екінің бірінде кездеседі. Сүйектен пышақтың, қанжар мен семсердің саптары істелген. Қанжарлардың қындарына, әр түрлі қобдишалардың, құтылардың сыртына сүйек табақшалары салы-

нған. Белбеулер көбінесе ою-өрнектер мен сурет салынған сүйек табақшалармен безендірілетін болған. Самарқанд түбіндегі обалы қорымнан ғажайып екі айылбас-табақша табылды. Оларда көп мүсінді ұрыс және аңшылық композициясы әжептәуір шеберлікпен ойып бейнеленген. Кейіпкерлерінің егжей-тегжейлі, тәптіштеп бейнеленгені сонша, біз кангюйлердің ертедегі әскери ақсүйегінің бет-бейнесін көзге елестете аламыз<sup>35</sup>.

Қолөнер жұмысының әйелдер үшін дәстүрлі саласы жүн өңдеу болған. Қазба жұмыстары кезінде табылған нәрселердің ең дағдылысы алуан түрлі (керамика, тас) ұршықбастар, тоқыма станоктарына арналған ауыртпақтар болып табылады. Жүннен иірілген жіптен жылы киім тоқылды. Қой жүнінен киіз басылды. Ши тоқылған. Сонымен қатар еден төсеніштерінің қалдықтарын әдетте археологтар өртеніп кеткен үйлердің жұртынан ұшыратты.

**Сауда.** Біздің заманымыздағы II—V ғасырлардағы кангюйлер шаруашылығының сипаты туралы жинақталған деректер тұрғындарды барлық қажетті өнімдермен, шикізатпен және қолөнер бұйымдарымен өзін-өзі толық қамтамасыз еткен деп қорытынды жасауға қазірдің өзінде мүмкіндік береді. Ең дамыған аймақтарда ертедегі қалалық орталықтар қалыптасып, қолөнер мен сауда орталықтарына айналады. Ішкі базардың дамуын сол кезеңде жергілікті теңгелердің тұрақты соғып шығарыла бастауы дәлелдейді.

Қазіргі уақытта мамандарға салмағы әр түрлі, иконографиялық дәстүрі тұрақты 1300-ден астам мыс теңгелер мәлім. Негізгі үлгісі — билеушінің портреті қырынан бейнеленген. Иконографиялық нұсқалардың өзі де әр түрлі сериялы, бірақ оларды таңбалардың бір үлгіде бейнеленуі мен теңгенің сырт жағындағы ертедегі бейнелер біріктіреді<sup>36</sup>.

Мұндай теңгелер табылған негізгі аймақ — Ташкент алқабы. Кангюйге кейіннен енген кангюйлердің Юни деген шағын иелігі осында орналасқан. Біздің заманымыздағы III ғасырда кангюйдің бөлшектенуі салдарынан бұл иелік дербес Шаш иелігі ретінде мәлім. Жоғарыда суреттелген үлгідегі теңгелердің мерзімі дәстүр бойынша біздің заманымыздағы III—IV ғасырлар деп белгіленеді. Алайда кангюйлерде теңгенің неғұрлым ертеректе қолданылғанына дәлелдер бар. В. М. Массон Грек-Бактрия билеушісі Эвкратидтің кейіннен кангюйлер теңгелерінің соғылуына ұқсас таңба соғылған күміс теңгесін атап өткен. Бұл теңгенің мерзімі б. з. б. II ғасыр деп белгіленеді және Сырдария аймағы мәдениеттерінің кангюй тобына жатқызылады<sup>37</sup>. Ташкент теңгелеріндегі таңбалар сияқты таңба біздің заманымыздағы I ғасырдан бастап Хорезм теңгелерінде кімге тиесілі екендігінің негізгі белгісі ретінде орнықтырылады<sup>38</sup>. Осы деректер негізінде мамандар Хорезм мен Шаш билеушілерінің кангюйлердің қалыптасып, ол гүлденген кезеңде ғана орнығуы мүмкін болған туыстық байланыстары туралы мәселе қойып отыр<sup>39</sup>.

Сонымен бір мезгілде дерлік кангюй аумағында қытай теңгелері — У-шу пайда болады. Олар, атап айтқанда, Отырар алқабындағы Мардан қорымының қабірлерінен табылды<sup>40</sup> және алыс жерлермен сауда байланыстары жасалғанын дәлелдейді. Бұл теңгелер Орта Азияға Шығыс Түркістан арқылы келген. Ферғанадағы үңгіп қазып жерлеген қабірлерден олар едәуір көп табылды<sup>41</sup>. Олардың мерзімі б. з. б. II ғасырдан басталады деп белгіленеді. Қабірлерден теңгелердің табылуы, сөз жок, товар-ақша қатынастарының дамығанын дәлелдейді.

Соңғы кезеңде кангюйге кушандар мен сасанилердің күміс, мыс теңге-



лері келеді. Талас аңғарындағы Шоң-Қанқа-1 қорымынан осындай екі теңге табылды. Олардың біреуі — сасанилік Хормизд патшаның атынан соғылған күміс теңге де, екіншісі — Кушан билеушісі Васудеваның мыс теңгесі.

Көбінесе қабірлерден, кейде қала орындарын қазған кезде табылған-заттардың өздері де кангюйлердің алыс және жақын жерлермен сауда байланыстарын жасағандығына дәлел бола алады. Төменгі және Орта Сырдарияның, Талас пен Қаратаудың ескерткіштерінде мұндай шеттен келген бұйымдар саны нақ б. з. б. I мыңжылдықтың аяғынан бастап күрт көбейеді. Олардың пайда болуын зерттеушілердің құрлықаралық керуен жолдарында сауда байланыстарының жандануына орайластыруы негізсіз емес. Сол кезден бастап, көптеген зерттеушілердің есептеуінше, Евразияның аймақтық керуен жолдары Тынық мұхиттан Жерорта теңізіне дейінгі елдерді байланыстырып жатқан және ғылымда Ұлы Жібек жолы деп аталған құрлықаралық керуен жолдарының жүйесі болып қалыптасады<sup>42</sup>. Кангюй Ұлы Жібек жолының орталық бөлігінің бірін алып жатты және оның Сырдария өзенін бойлай солтүстік-батыс жақтағы Жайық өңіріне, Еділ бойына және одан әрі Солтүстік Кавказ бен Қара теңіз өңіріне беттейтін маңызды тармақтарын бақылап отырды<sup>43</sup>.

Кангюй тұрғындарының халықаралық саудаға қосылғанын алыстағы қолөнер орталықтарында дайындалған заттардың табылғаны растайды. Мәселен, Сырдарияның төменгі және орта бойындағы әйелдер қабірлерінде Қара теңіз қалалары мен Сирияның шеберханаларынан шыққан түрлітүсті шынылардан істелген моншақтар көп табылды. Үндістаннан қызғылт маржаннан тізілген моншақтар, піл сүйегі әкелініп, одан шаш түйреуіштер жасалды. Жетіасар мәдениеті мен Отырар алқабының қорымдарынан табылған янтарь моншақтар, арнаулы зерттеулердің көрсеткеніндей, Балтық бойы янтарынан жасалған<sup>44</sup>. Нақ сол қабірлерден сасанилік геммалардың табылуы Иран орталықтарымен белсенді байланыс жасалғанын көрсетеді<sup>45</sup>.

Қоладан жасалған ерекше қарсы ілгек-фибулалардың табылуы еуропалық қолөнер орталықтарымен байланыс орнатылғанын аңғартады. Сырдарияның төменгі бойының қорымдарынан олардың толығы жатқан түрлі үлгідегі топтары<sup>46</sup>, сондай-ақ Ташкент түбіндегі Жүн қорымынан Aucissa үлгісіндегі фибула табылды<sup>47</sup>. Жетіасар, Отырар және Ташкент алқаптары қорымдарының қабірлерінен Мысырдың көгілдір фаянсынан тізілген ірі моншақтар кездесті. Бұл бұйымдардың Сырдария жағалауына қандай жолдармен келгенін анықтау қиын.

Қытайдың Батыс елдеріне шығаратын экспортының дәстүрлі негізі жібек болғаны мәлім. Өкінішке қарай, ескерткіштерде жібек маталардың болуы туралы археологиялық мәліметтер өте аз. Лак жағылған бұйымдар сияқты, бұл органикалық материалдар да жер астында сақталмайды деуге болады. Қабірлерде маталардың, органикалардың сақталуына ерекше жағдайлар ғана жәрдемдеседі. Жібек маталардың кесінділері кангюйлерге көршілес Давань жеріндегі Қарабұлақ қорымының (б. з. б. IV—II ғғ.) қабірлерінде жақсы сақталған<sup>48</sup>. Жетіасар қорымдарынан табылған олжаларда жібек киімдердің қалдықтары бар<sup>49</sup>. Мұнда Қытайда жасалған басқа да заттар мәлім. Бұлар — Отырар алқабындағы Қоңыртібе қорымынан алынған нефрит бұйымдар, қытайдың қола айналары.

Сырдария бойы, Арал өңірі аймақтарының ескерткіштерінде бір мезгілдегі кешендерде Қара теңіз өңірінен, Ираннан, Сириядан,

Үндістан мен Қытайдан әкелінген заттардың кездесуі ерекше назар аударарлық.

Сонымен, қолда бар археологиялық материалдар кангюйлердің қала тұрғындарының да, көшпелі малшыларының да Ұлы Жібек жолы арқылы халықаралық сауда жүйесіне тартылғанын дәлелдейді.

#### 4. ЕРТЕДЕГІ ТЕМІР ДӘУІРІ МЕН БІЗДІҢ ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ШЕБІНДЕГІ АНТРОПОЛОГИЯ

Бұл кезең бойынша палеоантропологиялық материалдар сақ және усун заманы жөнінде біркелкі емес<sup>50</sup>. Сақтардың азын-аулақ краниологиялық белгілері олардың жалпы антропологиялық кескін-кейпін елестетуге мүмкіндік береді. Олардың бас сүйегі шағын, ми қауашағының бітімі төмен, беті едәуір жалпақ, көзі ұялы, қабақ сүйегі шығынқы, кеңсірігі дөңестеу болып келеді. Бұл краниологиялық белгілер сақтардың дене пішінінің негізіне неғұрлым алдыңғы қола дәуірінің тұрғындарына тән болған андроновтық антропологиялық бітім жатқанын дәлелдейді.

Сонымен бірге, қола дәуірімен салыстырғанда сақтардың бірқатар краниологиялық белгілерінде, онша елеулі болмаса да, айрықша ерекшеліктер аңғарылады. Олар ертедегі темір дәуірінде сақ тайпаларының жалпы европеоидтік келбетінің неғұрлым көмескіленуіне келіп саяды. Бас сүйек неғұрлым аласа болып, бас сүйек көрсеткіші біршама ұлғаяды, бет-әлпетінің жалпақтығы артып, маңдайының тік еңісі өсе түседі, мұрын сүйегінің дөңестігі азайып, көз ұясы шығынқы бола бастайды. Бұл өзгерістер тізбесінің монғолоидтік краниологиялық сипаттама жағына ойысуы сақ



Бас сүйегі бойынша қайта құрастырылған сақтың портреті.

тайпаларының құрамында аздап монғолоидтік қоспа пайда болған деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстандағы сақ бас сүйектері серияларының морфологиялық ерекшеліктеріне талдау жасау, бір жағынан, олардың арасындағы генетикалық тығыз жақындықты көрсетеді. Сонымен бірге, монғолоидтік элементтер бас сүйектердің әрбір сериясы ішінде ғана емес, сериялар арасында да біркелкі емес.

Мәселен, бұл белгілер ол Орталық Қазақстанды мекендеушілерге қарағанда, солтүстік және шығыс аймақтардың сақтарында жиірек кездеседі. Бұл айтылғандар араласу үрдісінің біршама жақын уақытта басталғанын дәлелдейді. Оның үстіне ертедегі темір дәуірінде жекелеген монғолоидтік немесе сол кезде-ақ белгілі бір дәрежеде араласқан топтар Қазақстан далаларына монғолоидтар мекендеген Орталық Азияның тікелей түкпірінен ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның шығысына жапсарлас жатқан неғұрлым жақын жерлерден – нәсілдік жағынан краниологиялық сериялары неғұрлым алдыңғы кезендерде де белгілі Таулы Алтай мен Оңтүстік Сібірден келуі мүмкін. Сірә, сақтардың Таулы Алтай тайпаларымен неғұрлым тығыз қарым-қатысына оңтүстік Қазақстаннан (Түгіскен, Ұйғарақ, Молалы қорымдарынан) алынған краниологиялық материалдар дәлел болуы мүмкін. Антропологиялық тұрғыдан алғанда, бұл ескерткіштерден табылған сақтар заманындағы бас сүйектерін жалпы морфологиялық ерекшеліктер біріктіреді. Олар мыналар болып табылады: бет-әлпеті өте биік, бұл орайда едәуір жалпақ, оның европеоидтермен салыстырғанда көлденеңінен, әсіресе бет-әлпетінің жоғарғы бөлігінде толықтығы айқынырақ, көз ұясы жоғары болып келеді, бұған ұйғарақ сериясы қосылмайды. Белгілердің суреттелген шамалары бас сүйектердің қаралып отырған сериялары құрамында монғолоидтік элементтер үлесінің едәуір елеулі екенін және Таулы Алтайдың сондай тұрғындарының морфологиялық белгілерімен ұқсастығы бар екенін дәлелдейді<sup>51</sup>. Молалы сияқты, археологиялық ескерткіштердің бір тобына жататын Шұбарат қорымынан алынған бас сүйектердің краниологиялық сериясының физикалық бітімі Қазақстан, Оңтүстік Арал өңірі далаларының, сондай-ақ Тянь-Шанның сақ тайпаларының көпшілігіне тән тұрпатта екенін, бұл орайда монғолоидтік қоспа мейлінше әлсіз аңғарылатынын атап өтеміз. Нақ сол кезеңде Қазақстанның батысында, археологиялық деректерге қарағанда, алдындағы дәуірдің қимашылары мен андроновтықтардың өзара әсері негізінде қалыптасқан савроматтар тайпалары мекендеген. Савроматтардың краниологиялық материалдарын зерттеу олардың Батыс Қазақстанның қима халқымен генетикалық сабақтастығын көрсетті, ал оның құрамында Еділ бойының қима халқына тән андроновтық пішіннің компоненттері ұштасып жатқан. Ертедегі темір дәуірінде батыс аймақ тұрғындарының Қазақстанның солтүстік, орталық және оңтүстік бөліктерімен қарым-қатынасы, тегінде, бұрынғысынан да күшейе түссе керек. Бұл олардың дене бітіміне едәуір айқын әсер еткен. Батыс Қазақстанның қима тайпаларымен салыстырғанда, савроматтардың бас сүйектерінде бас сүйек көрсеткіші үлкен, мезокrania жағына ойысқан, онша биік емес және неғұрлым жалпақ, бет-әлпетінің пішінделуі көлденеңінен қарағанда онша айқын емес, мұрын сүйектері сәл ғана дөңестеу, кеңсірік үсті онша биік емес, көз ұясы неғұрлым биік болады<sup>52</sup>. Бұл өзгерістер олардың нәсілдік тұрпатындағы андронов компоненттерінің ұлғаюы жағына қарай болғанын ескерте кеткен жөн. Ол былай тұрсын, соңғы жылдардағы краниологиялық материалдар ішінде савроматтардың (б. з. б. V—III ғасырлар, Батыс Қазақстан облысындағы Солянка

және Володарка қорымдарынан алынған) бас сүйек сериялары өзінің нәсілдік тұрпаты жағынан Жетісудағы усундердің кейбір серияларына ұқсайды деуге болады.

Савроматтардың краниологиялық деректерін Қазақстанның батысымен, сондай-ақ Төменгі Еділ бойын Қазақстанның қалған аумағындағы сақтармен салыстыру нәтижелері, кейбір айырмашылықтарына қарамастан, олардың морфологиялық жағынан өте жақын екендігі туралы тезисті растайды. Бұл жақындықты савроматтар мен сақтардың нәсілдік құрамына енген арғы ата-тектерінің ортақтығымен ғана емес, сонымен қатар олардың ертедегі темір дәуірінде нәсіл болып қалыптасу жолдарының да жалпы ортақтығымен түсіндіруге болады.

Орталық және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан тұрғындарының өздерінің алдындағы сақ тайпаларымен мәдениет жағынан да, генетикалық жағынан да сабақтастығы усундер заманында (б. з. б. III ғ. — б. з. III ғ.) едәуір айқын аңғарылады. Усундерге бас сүйектің ұзындығы мен биіктігі орташа, бірақ ені үлкен, брахикарлы (мезокранияға жақын), маңдайының біршама тайқылығы, кеңсірігінің шығыңқы және қабақ доғасының орташа дөңес, мұрнының көлемі орташа болуы тән. Жетісудан табылған ер адам бас сүйегінің М. М. Герасимов жасаған пластикалық реконструкциясы усундердің жалпы жинақталған кескінін көз алдыға келтіруге мүмкіндік береді.

Сонымен, антропологиялық тұрпаты жағынан усундердің бас сүйегі біршама монғолоидтік қоспасы бар европеоидтік нәсілге жатады. Сақ заманымен салыстырғанда, усундердің бас сүйектерінде, әсіресе әйелдер серияларында монғолоидтік элементтер біршама көбірек. Ал аумақтық жағынан алғанда, Шығыс Қазақстанның краниологиялық серияларында олар бас сүйектердің басқа аудандарындағы серияларындағыдан гөрі көбірек



Усуннің мүсіндік портреті. Жетісу.

кездеседі. Алайда бұл айырмашылықтардың онша көп еместігін атап өткен жөн. Бас сүйектердің усун сериялары Қазақстан аумағында ғана емес, Қырғызстанда да бір-бірімен едәуір жақын<sup>53</sup>. Б. з. б. III ғасырдан бастап сармат тайпаларының Батыс Қазақстан аумағында савроматтардың мирасқоры болып, олармен бірге савромат-сармат этникалық-мәдени қауымын құрғаны мәлім.

Олардың генетикалық сабақтастығын палеоантропологиялық материалдар да растайды. Савроматтардың дене бітімінің негізгі сипаттары қандай да болсын елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Савроматтардағы сияқты сарматтарда да сол аймақтағы жалпы европеоидтік сарын сақталды, оған андроновтық бітім компоненттер қосылып, ертедегі Жерорта теңізі нәсілінің белгілері әлсірей түсті.

Сонымен бірге олардың антропологиялық құрамында монғолоидтік элементтер өте аз, бірақ ол біртіндеп көбейе берді. Дыкылтас қорымынан алынған ер адамның бас сүйегі бойынша жасалған пластикалық реконструкция сарматтардың дене бітімі туралы жалпы түсінік береді.

Батыс Қазақстан аумағында савромат-сармат дәуіріндегі дене сипатының өзгеруіндегі белгілі бір әркелкілік аңғарылады. Мәселен, Бубенцы қорымынан (Батыс Қазақстан облысы) алынған б. з. б. II – біздің заманымыздағы IV ғасырлардағы саны жағынан аз краниологиялық серияда нақ сол аймақтағы қола дәуірінің қима тұрғындарының антропологиялық бітіміне барып тірелетін морфологиялық элементтер сақталған. Алайда Батыс Қазақстанның савромат-сармат тайпаларының антропологиялық



Сарматтың мүсіндік портреті. Маңғыстау.

құрамындағы аса күрделі өзгерістердің қарқыны мен дәрежесіне неғұрлым негізделген баға беру үшін саны жағынан әлдеқайда қомақты краниологиялық материалдар керек.

Қазақстан аумағындағы сарматтар мен усундер бас сүйектерінің серияларына салыстырмалы талдау жасаған кезде тұтас алғанда олардың ертедегі жалпы европеоидтік негізге байланысты морфологиялық бірлігі, оған ертедегі темір дәуірінде және әсіресе, біздің заманымыз шебінде Орталық Азияның көшпелілері енгізген монғолоид нәсілі элементтерінің қосылғаны айқындалады. Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстанды мекендеушілердің бұдан кейінгі тағдыры тайпалардың біздің заманымыздағы III–IV ғасырлардағы ұлы қоныс аудару дәуірімен аса тығыз түрде байланысты. Орталық Азиядағы ғұн тайпаларының Қазақстан аумағына басып кіруі жергілікті тайпалардың этникалық-мәдени дамуына ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар олардың дене ерекшеліктерінің монғолоидтық элементтер үлесінің көбеюі бағытында одан әрі өзгеруіне әкеліп соққаны да күмәнсіз. Қазақстанның ғұн-сармат заманындағы тайпаларының антропологиялық құрамының серпінділігіне жасалған талдаудан араласу үрдісінің күшейгені туралы жалпы қорытынды туындайды. Өкінішке қарай, Қазақстанды мекендеушілердің физикалық негізіне ғұндардың нақты қосқан үлесі туралы мәселені шешу әзірше мүмкін болмай отыр. Мұндай зерттеу міндетін ең алдымен ғұндардың Қазақстан мен Қырғызстан аумағындағы ескерткіштерін бағалаудың археологиялық өлшемдерін талдап жасаудың қиындығы ғана емес, сонымен қатар ғұн белгілері бар қорымдардан немесе жекелеген қабірлерден табылған палеоантропологиялық материалдардың мардымсыз болуы да қиындатуда. Бұл проблеманы шешудің қиындығы мұның үстіне, зерттеушілердің шамалауынша, ғұн тайпалық одағы тіршілік еткен кездегі ескерткіштер мәлім болып отырған Байкалдың арғы жағы мен Монғолия далаларынан келген деп жорамалданатын ғұн тайпаларының нәсілдік құрамының күрделі әрі әр текті екендігінде болып табылады. Олар өздерінің қоныс аударған жолында ертедегі европеоид тектес тұрғындардың жергілікті ұрпақтарымен араласуы әбден мүмкін, ал олардың ұрпақтарында да өз кезегінде сол кездің өзінде ғұндар шапқыншылығының алдын тағы дәуірдегі монғолоид топтармен көбінесе қан араластыру іздері болған<sup>54</sup>.

Бұрын ғұндарға телініп келген бас сүйекті әдейі бұзу жөніндегі мәдени дәстүрге келетін болсақ, қазіргі уақытта Ферғана алқабындағы б. з. б. V–III ғасырлардағы қорымдардың материалдарынан әлгі құбылыстың ол жерге біздің заманымыз шебінде ғұн тайпаларының келуінен әлдеқайда көп уақыт бұрын пайда болғаны мәлім болып отыр<sup>55</sup>. Демек бас сүйекті әдейі бұзу ғұрпы ғұндардың қоныс аударуымен байланысты емес. Ол ғұрып б. з. б. алғашқы ғасырларда Қазақстан, Орта Азия аумағында ғана емес, сонымен қатар Төменгі Еділ бойы мен Жайық өңірінде ортаңғы және соңғы сарматтар арасында да кең таралған, тіпті Шығыс Европадағы қола дәуірінің ақымдап жерлеу мәдениетінің бас сүйектер сериясында да атап өтілген. Қарастырылып отырған мәдениет ерекшелігінің шыққан көзі туралы мәселе әзірше беймәлім күйінде қалып отыр. Ертедегі темір дәуірінен алдыңғы орта ғасырларға дейін Евразия тұрғындары кеңінен және едәуір ұзақ уақыт қабылдаған бас сүйегін әдейі бұзу мәдени-эстетикалық және бірқатар жағдайларда әлеуметтік мақсатта жасалған деп қана топшылауға болады, ал оның алдыңғы орта ғасырларға дейін жеткенін Орта Азиядағы IX–XI ғасырлардағы Миздахкан зиратынан алынған материалдар дәлелдейді<sup>56</sup>.

Ертедегі темір дәуірі мен біздің заманымыздың шегіндегі палеоантропологиялық материалдарды қарастырудың қорытындысын шығара келіп, бұл кезде Қазақстан тұрғындарының нәсілдік-генетикалық үрдістің ұзақ та ең күрделі кезеңінен өткенін, соның нәтижесінде европеоидтік-монғолоидтік физикалық негіз қалыптасып, оның аралас тураноид нәсілінің қазақстандық нұсқасының қазіргі өкілдері үшін ертедегі ататегі болғанын атап өткіміз келеді.

<sup>1</sup> *Бернштам А. Н.* Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана. // Изв. АН КазССР, № 67, сер. археологическая, вып. 2, А., 1950, 59 және келесі беттер; *Байпаков К. М.* Взаимодействие оседлого и кочевого населения как фактор развития этнических процессов. // Вестник АН КазССР, 1987, № 8, 23-б.

<sup>2</sup> Анализ «кангюйской проблемы» на разных этапах. Қараңыз: *Бернштам А. Н.* Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана; *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964, 165–179-б.; *Литвинский Б. А.* Кангюйско-Сарматский фарн. Душанбе, 1968, 14–23-б.; *Филанович М. И.* Ташкент. Зарождение и развитие города и городской культуры. Ташкент, 1983; *Буряков Ю. Ф.* Генезис и этапы развития городской культуры Ташкентского оазиса. Ташкент, 1982, 101-б.

<sup>3</sup> *Левина Л. М.* Керамика нижней и средней Сыр-Дарьи в I тыс. н. э. Тр. ХАЭЭ, т. VII, М., 1971, 6-б.

<sup>4</sup> *Заднепровский Ю. А.* Рец., на Боровкову Л. А. Запад Центральной Азии в II в. до н. э. — VII в. н. э. М., «Наука», 1989. // Восток, 1991, № 3, 155–159-б.

<sup>5</sup> *Бичурин И. Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. II, М.-Л., 1950, 150, 152-б.

<sup>6</sup> Бұл да сонда, 184-б.

<sup>7</sup> *Толстов С. П.* Древний Хорезм. М., 1948, 20–24-б., сондай-ақ қараңыз: *Бартольд В. В.* История культурной жизни Туркестана. Л., 1927, 5–7-б.

<sup>8</sup> *Бернштам А. Н.* Проблемы древней истории..., 98-б.

<sup>9</sup> Бұл пікірге дәлел ретінде қараңыз: *Кляшторный С. Г.* Древне-тюркские рунические памятники...

<sup>10</sup> *Агеева Е. И., Пацевич Г. И.* Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. // Труды ИИАЭ, т. 5. А., 1958, 8–9-б.; *Литвинский Б. А.* Джунский могильник и некоторые аспекты кангюйской проблемы. // СА, 1967, № 2, 29 және келесі беттер.

<sup>11</sup> *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники...

<sup>12</sup> *Левина Л. М.* Керамика Нижней и Средней Сыр-Дарьи...

<sup>13</sup> *Буряков Ю. Ф.* Генезис и этапы развития..., 107-б.; Соныкі: Археологические материалы к этнической истории бассейна Средней Сыр-Дарьи в древности и средневековье. // Материалы к этнической истории населения Средней Азии. Ташкент, 1982, 56-б.

<sup>14</sup> *Бичурин И. Я.* Собрание сведений... Т. II, 150, 151, 183–184-б.

<sup>15</sup> Бұл да сонда, 185-б.

<sup>16</sup> Бұл да сонда, 165-б.

<sup>17</sup> Сол кезендердегі ірі мемлекеттердің өзара қарым-қатынасы туралы қараңыз: *Зуев Ю. А.* К вопросу о взаимоотношениях усуней и канцзюй с гуннами и Китаем. // Известия АН КазССР, сер. историч., 1957, вып. 2, 62 және келесі беттер; Бұл тарихи сюжетке А. Н. Бернштам да назар аударған. Қараңыз: Из истории гуннов I в. до н. э. Хухунье и Чжи-Чжишаньюй. — СВ, № 1, 1940; Археологический очерк северной Киргизии. Фрунзе, 1941, 45 және келесі беттер.

<sup>18</sup> *Зуев Ю. А.* К вопросу о взаимоотношениях усуней...

<sup>19</sup> Бұл да сонда, 66–67-б.

<sup>20</sup> *Массон В. М.* Страна тысячи городов. М., 1966, 106–108-б.

<sup>21</sup> *Зуев Ю. А.* К вопросу..., 67-б.

<sup>22</sup> *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники..., 173–174-б.

<sup>23</sup> *Бичурин И. Я.* Собрание сведений... Т. II, 229-б.

<sup>24</sup> *Бичурин И. Я.* Бұл да сонда, 150-б.

<sup>25</sup> *Массон В. М.* Раннесредневековая археология Средней Азии и Казахстана. // УСА, вып. 4, М., 1979, 6-б.

<sup>26</sup> Байпаков К. М., Подушкин А. И. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана. А., 1989, 61–70-б.

<sup>27</sup> Максимова А. Г., Мерциев М. С., Вайнберг Б. И., Левина Л. М. Древности Чардары. А., 1968, 201-б.

<sup>28</sup> Нурмухамбетов Б. Работы курганного отряда. // Археологические открытия 1974 года. М., 1975, 492-б.; Соныкі. Могильник Мардан. // КСИА, вып. 154, М., 1978.

<sup>29</sup> Байпаков К. М., Смагулов Е. А. Новые данные по археологии Отрарского оазиса. // Известия АН КазССР, сер. общ. наук, 1990, № 6, 21-б.

<sup>30</sup> Низовья Сырдарьи в древности. Вып. 2. Джетыясарская культура. Ч. I. Склепы. М., 1993.

<sup>31</sup> Андрианов Б. В. Древние оросительные системы Приаралья. М., 1969, 202–207-б.

<sup>32</sup> Акишев К. А. К проблеме происхождения номадизма в аридной зоне древнего Казахстана. // Поиски и раскопки в Казахстане. А., 1973. 41-б.

<sup>33</sup> Древнейшие государства Кавказа и Средней Азии. Археология СССР. М., 1985, 299-б.

<sup>34</sup> Буряков Ю. Ф. Историческая топография древних городов Ташкентского оазиса. Ташкент, 1975, 100–102-б.; Соныкі. Горное дело и металлургия средневекового Илака. Ташкент, 1974.

<sup>35</sup> Пугаченкова Г. А. Древности Мианкала. Ташкент, 1989, 124-б.

<sup>36</sup> Буряков Ю. Ф. Генезис и этапы развития..., 117–118-б.

<sup>37</sup> Массон В. М. Денежное хозяйство Средней Азии по нумизматическим данным. — ВДИ, 1955, № 2, 167–169-б.

<sup>38</sup> Вайнберг Б. И. Монеты древнего Хорезма. М., 1977, 96-б.

<sup>39</sup> Буряков Ю. Ф. Генезис и этапы развития..., 118-б.

<sup>40</sup> Нурмухамбетов Б. Н., Бурнашева Р. З. Погребение с монетами из могильника Мардан. // Изв. АН КазССР, сер. обществ. наук, 1979, № 5, 28–35-б.

<sup>41</sup> Кадыров Э. Новые материалы к изучению культуры древних скотоводов Ферганы. // УСА, 1975.

<sup>42</sup> Массон В. М. «Великий Шелковый путь» как инструмент экономической и интеллектуальной интеграции. // Формирование и развитие трасс Великого Шелкового пути в Центральной Азии в древности и средневековье (Тезисы докладов международного семинара ЮНЕСКО). Ташкент, 1990, 13–15-б.

<sup>43</sup> Заднепровский Ю. А. Усуни и Кангюй на трассе Великого Шелкового пути. // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути. (Тезисы международного семинара ЮНЕСКО), А., 1991, 35-б.

<sup>44</sup> Бубнова М. А., Половникова И. А. Торговые пути прибалтийского янтаря в Средней Азии. // Города и караван-сарай на трассах Великого Шелкового пути. Ургенч, 1991, 26–27-б.

<sup>45</sup> Левина Л. М., Никитин А. Б. Группа резных камней из восточного Приаралья. // ВДИ, 4, 1991, 63–65-б.; Смагулов Е. А. Находки сасанидских гемм в Отрарском оазисе. // Археологические памятники на Великом Шелковом пути. А., 1993, 163–173-б.

<sup>46</sup> Левина Л. М. Джетыясарские склепы. // Низовья Сыр-Дарьи в древности. Вып. 2, М., 1993, 87–88-б.

<sup>47</sup> Литвинский Б. А. Украшения из могильников Западной Ферганы. М., 1973, 87–89-б.

<sup>48</sup> Памятники культуры и искусства Киргизии. Каталог выставки. 39-б.

<sup>49</sup> Левина Л. М. Взаимодействие скотоводческо-земледельческих племен Восточного Приаралья на Великом Шелковом пути. // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути..., 38–40-б.

<sup>50</sup> Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. А., 1970.

<sup>51</sup> Алексеев В. П. Палеоантропология. Советская антропология. 1958, № 1.

<sup>52</sup> Фирштейн Б. В. Савроматы Нижнего Поволжья. Антропологический сборник. Тр. Института этнографии АН СССР. Т. 71, 1961.

<sup>53</sup> Гинзбург В. В., Трофимова Т. А. Палеоантропология Средней Азии. М., 1972.

<sup>54</sup> Алексеев В. П., Гохман И. И. Антропология Азиатской части СССР. М., 1984.

<sup>55</sup> Зезенкова В. Я. Краниологические материалы с территории древнего Мерва. Труды ЮТАКЭ, т. XI, 1959.

<sup>56</sup> Ходжаев Т. К. К палеоантропологии древнего Узбекистана. Ташкент, 1980.



---

*Ү Ш І Н Ш І Б Ө Л І М*

**ЕРТЕДЕГІ ЖӘНЕ ДАМЫҒАН  
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТЕР**

---

## *Б і р і н ш і   т а р а у*

### **ЕРТЕДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР**

#### **1. БАТЫС ТҮРІК ЖӘНЕ ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТТАРЫ**

Халықтардың ұлы қоныс аудару дәуірі (II–V ғғ.) Қазақстанның, Орта Азия мен Шығыс Европаның этникалық және саяси картасын едәуір дәрежеде өзгертті. V ғасырда түркі тілдес теле (тирек) тайпалар одағының саны көп топтары Солтүстік Монғолиядан Шығыс Европаға дейінгі далалық өңірге қоныстанды, оңтүстігінде олардың көшіп жүретін жерлері Әмударияның жоғарғы ағысына дейін жетті.

VI ғасырда Қазақстан жерлері күдіретті держава – билеушілері түрік тайпасының әулеттік ашин руынан шыққан Түрік қағанатының билігіне түсті. Түрік этносының өзі қағанаттың құрылар алдындағы кезеңде Ганьсу, Шығыс Түркістан және Алтай аудандарында III ғасырдан VI ғасырға дейін кезең-кезеңмен қалыптасты.

**Түрік қағанаты.** «Түрік»<sup>1</sup> этнонимінің алғаш рет аталуы қытай жылнамаларында кездеседі және ол 542 жылға жатады. Қытайлар түріктерді сюннулердің (ғұндардың) ұрпақтары деп санаған. Шежірелерде бұл кезде қытайдың Вэй князьдігінің солтүстік өңірлеріне солтүстік-батыс жақтың бірінен келген түріктер (туцзюе) жыл сайын шапқыншылық жасап, ойрандап кететін болды деп хабарланады. Олар туралы келесі бір мәліметтер бүкіл құрылықтағы тарихтың талай ғасырлар бойғы дамуына өзек болған оқиғаларға байланысты.

546 жылы тирек тайпалары қазіргі Монғолияның оңтүстігі мен орталық бөліктерін мекендеген және бұл жерлерге үстемдік еткен аварларға (жуань-жуань) қарсы жорық жасайды. Батыс жақтан қаптай енген тиректер армиясының сан жағынан қаншалықты көп болғаны белгісіз, бірақ олардың нөпірі сұсты болған деп топшыланады, өйткені тиректердің құрамына көптеген тайпалар енген, ал олардың қуатты аварларға аз күштермен қарсы тұра алуы екіталай еді. Түрік қағаны Бумынь күтпеген жерден қатты шабуыл жасай отырып, бей-берекет жатқан тирек армиясын қапылыста басып, кескілескен шайқастан кейін оны күйрете жеңеді де, тиректердің 50 мыңнан астам әскерін түріктер тұтқынға алады. Даланың әдеттегі құқығының қағидаларына сәйкес тұтқынға алынған әскерлер өзінен-өзі жеңушінің армиясына қосып алынатын еді. Осы кезден бастап, бұрын аварларға вассалдық тәуелділікте болған түріктер енді олардың бәсекелестеріне айналады. Мұның бір көрінісі авар қағанына келіп, авар қағаны үйінің ханшасын Бумынға әйелдікке бер деп үзілді-кесілді талап еткен түрік елшілігі болды.

Мұның өзі қағанмен тең құқықтылығын көрсетуден гөрі оны басынған-

дық еді. Авар қағаны Анағұй: «Маған бас иетін — вассал. Бұлай деуге қайтіп дәтің барды?» деп Бумыньға жаушыларын жібереді<sup>2</sup>. Бірақ аварлар қалыптаса бастаған Түрік қағанатының күшін бағалай алмады, ал түріктер тарапынан мұның өзі осылай болуға тиіс деп дұрыс ойластырылған әдіс қана болатын. Енді бұрынғы вассалдардың бұрынғы билеушілеріне қарсы соғыс ашуға дәлелі табылады. 552 жылы көктемде түріктер аварлардың ордасына шабуыл жасап, оларды күйрете жеңгені соншалық, Анағұй өзін өзі өлтіреді. Осы кезден бастап түрік билеп-төстеушілері қағандар атағын алады, сөйтіп аварлардың бұрынғы күш-қуатына да, олардың барлық иеліктеріне де өзін мұрагер ретінде орнықтырады<sup>3</sup>.

Бумынь өлгеннен кейін таққа оның інісі Қара-Еске отырады, оның бастауымен түріктер Орхонның жоғары жағында бір жердегі Букрат (Мула) тауларында аварларды екінші рет жеңеді. Қара-Ескенің мұрагері деп шежіреші оның інісі Иркінді (Ицзинь) атайды, ол қағандық тағына Мұқан-қаған (Мугань) деген атпен отырады, оның лақап аты Йанту болады. Мұның бәрі 552—554 жылдардың арасында болған. Бұл уақыттың ішінде түріктер шығыста қайлар (татабтар), қидандар және отыз-татарлар тайпаларын, солтүстікте — Енисей қырғыздарын өздеріне қаратып алады.

Бұл жылдары түріктердің батыста жасаған соғыс жорықтары бұлардан да күшті бола түседі. Бұларды Бумынның басқа бір інісі Иштеми бастайды, кейін оны батыс түріктерінің түпкі атасы және Батыс Түрік қағанатының негізін салушы деп атайды<sup>4</sup>. 552 не 553 жылы батысқа жасалған жорықтардың бірінде Иштеми Бумынмен бірге болып, «он ұлы жетекшіні (немесе қауым бастығын) басқарды, он түмен әскері болды; ху елін (соғдылықтарды?) жуасытуға аттанды және «Он тайпалық» деп атап өзін қағанмын (Шисин було қаған) деп жариялады»<sup>5</sup>. Бұл — өте-мөте назар аударарлық хабар Мұны шежіре дәстүрінің өзі де ескермеген, бұл дәстүр бойынша тайпалық-әскери ұйымның ондық жүйесінің шығуы Жетісу түріктерінде 651 жылы ғана болады, сол жылы Ашбара-Териш-қаған (Шаболо-Дилиши) «өзінің мемлекетін күтпеген жерден он ұлысқа бөледі: әрбір ұлыс оны басқарушы бір адамның карамағында болады»<sup>6</sup>. Оны шә (шад) деп атаған. Әрбір шадқа бір жебеден сыйлық береді, осыдан келіп Он жебе деген ат шығады. Тайпалық-әскери санаудың ондық дәстүрі Жетісудың ежелгі түрік тілді тайпаларында VI ғасырдың орта кезінде-ақ болған және Батыс Түрік қағанатының этникалық-саяси құрылымында айқын бейнеленеді.

552—553 жылдары түріктер «батыста идті (эфтал) бағындырады». Әңгіме Орта Азия эфталиттері туралы болып отырмағаны күмәнсіз, өйткені оларды жаулап алу үшін алдымен Алтайдан Тоқарстанға дейінгі жолдағы мемлекеттердің бәрін бағындырып алу керек еді, ал ондай мәліметтер бізде жоқ. Оның бер жағында түріктердің Орта Азия эфталиттерін 563—567 жылдары, яғни он жылдан кейін жаулап алғаны баршаға мәлім. Сондықтан «батыста идті талқандады» деген сөзді география тұрғысынан Алтай аумағымен шектеу керек. Түріктерді қараэфталит аймағына орналастыратын шежіреші олар осы жерде болған дейді<sup>7</sup>. VIII ғасырдың орта шенінде ұйғыр жансыздары да оларды осы жерден тапқан. Сөйтіп, батысқа түріктердің Бумынь мен Иштемидің бастауымен жасалған жорығы туралы айтылып отырғандықтан (соңғыға Жетісу түріктері қағанатының құрамына кіретінін көрсететін «Он тайпа» атағы берілген болатын), нақ осы ауданды түріктердің 552 жылғы әскери экспедицияларының батыстағы жеткен шегі деп санау керек.



Жетісудағы ертедегі түрік бейнесі. VI—VIII ғғ.

Отырықшы аудандардың байлығын иеленуге ұмтылу түріктердің батыстағы, Орта Азиядағы онан арғы саясатының негізі болды. Олар эфталиттерінің батыс тармағына міне осы арада кездесті, ал эфталиттердің иеліктері Каспий теңізінен Солтүстік Үндістанға және Шығыс Түркістанға дейінгі жерді алып жатқан еді. Өзінің армиясының орасан зор да, икемді құрамына қарамастан, мұндай күшті жалғыз жеңіп алуға түріктердің шамасы келмейтін. Олар үшін соғыс сасанилік Иранмен әскери одақ жасасқаннан кейін ғана табысты бола бастады. Эфталиттерге вассалдық тәуелділікте болған Иран оларға ұзақ уақыт бойы жыл сайын күміспен салық төлеп тұрды, мұны осы мақсат үшін арнайы соғылған пехлеви жазуымен қоса эфталит жазуы бар теңгелер көрсетеді. Сондықтан түріктердің эфталиттерге қысым жасауы Иранның сасанилік билеушілеріне қолайлы болды. Түрік қағанымен жасалған келісім бойынша Хұсрау І Ануширван шах өзінің армиясын Тоқарстанға аттандырып, оны 564 жылы эфталиттерден тартып алды, сөйтіп эфталиттер өздерінің берік те қамсыз тылынан уақытша айрылып қалды. Мұның өзі түрік қағаны Силзибулға 563—567 жылдары эфталит патшалығын талқандауға мүмкіндік берді. Түрік-эфталит соғысы біткен бойда-ақ Шығыс пен Батыстың арасындағы керуен жолдары бойында жатқан жерлерді бөлуге келгенде одақтастар арасында араздық басталды. Бұл жерлерді иелену жол асуларын кеңінен пайдалануға, жібек, тәтті тағамдар, сәндік заттар т. б. саудасын бақылауға, Шығыс пен Батыс арасындағы товар айырбасына белсене қатысуға мүмкіндік беретін еді.

Бұл саудада бүкіл Орта және Орталық Азия аумағында негізгі делдалдар соғды көпестері болды, олар өздеріне қолайлы жағдайды сақтап қалуға бәрінен де гөрі мүдделі болатын. Сондықтан бұрынғы одақтастармен араздасып қалған түрік қағаны Хұсрау І Ануширванға Персия арқылы Византияға жібек және басқа товарлар өткізуге рұқсат сұрап, елшілік жіберуге ұйғарғанда, бұл елшілікті соғды көпесі Маниах бастап барғанына тандануға болмайды. Алайда елшілік сәтсіздікке ұшырады. Хұсрау І Ануширван қағанатпен қатынасты көрінеу біржолата үзуге батылы бармай, әкелген жібектің бәрін сатып алуға бұйрық берді, сөйтті де, оны Маниахтың көзінше өртеді. Екінші елшілік те осылай сәтсіз болып шықты.

Бұл жағдайда түріктер тікелей Константинопольге, Византияның императоры ІІ Юстинге сөз салуды дұрыс көрді. Тағы да сол Маниах бастаған елшілікке енді Кавказ арқылы жүруге тура келді. Маниахтың Константинопольдегі келіссөзі сәтті болды, ол кейін қайтқанда түріктердің жаңа одақтасының өкілі, Византия елшісі Земархты алып қайтты. Земарх елшілігі Кавказдан асып, Каспий теңізін жағалап, Хорезм арқылы Сырдарияға жетті. Бұл елшіліктің сипатталып жазылуы Менандрда сақталған. Ол елшілердің екі оттың арасынан өтіп, тазалану рәсімін жасауға тиіс болғанын әңгімелейді, қаған шатырының ішкі жиһаздарын, дөңгелектері бар алтын тақты суреттеп жазады. Византия елшісінің түрік қағанымен келіссөзде түріктер мен Византия арасында жібекпен тікелей сауда жүргізу туралы және олардың армияларының сасанилік Иранға қарсы бірлесіп қимылдауы туралы сөз болады.

Алайда бірінші тармақта екі жақ келісімге келе алмайды, өйткені бұл кезде Византия жібек құртын өсіруді өзі үйреніп алған болатын, сондықтан ол сырттан жібек әкелуге зәру емес еді. Византиялықтар түріктерден Иранға қарсы әскери көмек қана күтті. Қаған сарайының бұған оң қар-

айтындығы айқын болса да, бұл мәселе жөнінде де нақты шешім қабылданады. Тегі, бұл Иран мен Византияны әлсіретуді көздеген дипломатиялық есеп болса керек: егер бұлар өзара соғыс жағдайында болса, түріктерге бұл қолайлы болып шығар еді. Солдай болып шықты да. Өздерінің араларындағы қатынастарды соғыс жолымен анықтап алудан қолдары босамаған Иран мен Византия қағанаттың істеріне ықпал жасай алмады.

Бірақ 575 жылы жағдай өзгерді. Византия мен Иран өзара уақытша бітім жасасты. Тіпті Византия түріктерге қарсы күреске олардың бүлікшіл вассалдары уархун (вархонит)-түріктерді тарту үшін Кавказдың арғы жағына және Кавказға кіруге әрекет жасады. Бұған жауап ретінде түрік атты әскері Киммерия Боспорына, онан кейін Қырымға және Батыс Кавказға жойқын жорық жасады.

**Батыс түрік қағанаты.** Бірақ осыншама ұлан-байтақ жер енді ғана қалыптаса бастаған мемлекеттіктің шеңберінде ұзақ уақыт қала алмайтын еді. Олар іштен және сырттан болатын қысымға қарсы тұра аларлық өзара байланысты біртұтас экономикалық және этникалық-саяси организм болмады. Тек қарудың күшімен ғана құрылған империя оған ұзақ уақыт сүйеніп тұра алмады. Түрік қағанатында әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуі, олардың талай жылдарға созылған мал індеттерімен, жұттарымен және ашаршылықпен ушыға түсуі, Суй Қытайының қағанат шекараларына шабуыл жасауы (581—618 жылдар), ақырында, оның аудандарының автономиялану үрдісінің табиғи түрде басталуы жалпы Түрік қағанатының 603 жылы екі дербес қағанатқа — Шығыс және Батыс қағанаттарына бөлінумен аяқталды; Батыс қағанаттың орталығы Суяб (Жетісу) болды. Бөлінуіне қарамастан, Батыс түрік қағанаты Шығыс түрік қағанатына біршама саяси тәуелділікте болды, онда өкімет билігі түріктердің қаған руы — ашиналардың қолында болды.

Батыс түрік қағанаты «ежелгі усун жерлеріне» ірге тепті, демек, оның аумағы ендік бағытта Қаратаудың шығыс баурайынан Жоңғарияға дейінгі жерді алып жатты. Қағанаттың негізгі этникалық-саяси ұйытқысы — «он тайпа» он-оқ будунның мекендеген жері де осы еді. Сонымен қатар ол Түрік қағанатының Шығыс Түркістан мен Орта Азиядағы (Самарқанд, Маймурғ, Кеш, Нахшеб, Иштихан, Кушания, Бұхара, Амударья және Андхой) отырықшы-егіншілік шұраттарындағы басып алған барлық жерлерінің мұрагері болды. Батыс түріктеріне тәуелді деген аты ғана болған Соғды мен Бұхарада да қағанның наместниктері, яғни, дұрысырағы, оның өкілдері болды.

Шаруашылық-экономикалық жағынан алғанда, қағанат екі негіздің — мал шаруашылығын көшпелі әдіспен жүргізуге негізделген қоғамның және бұл кезде феодалдық қатынастар едәуір дамыған отырықшы-егіншілік қоғамның ұштасуы болды.

Бұл кезде феодалдық қатынастар Византия мен сасанилер Иранында дамыған болатын. Соғыс және сауда бәсекелестігіне қарамастан (бәлкім, соның арқасында да болар), феодалдық қоғамдық қатынастар Кавказ өңірінің Хазар патшалығының көшпелі ортасына, тиректер мен Алтайдың ертедегі түріктері жеріне өтіп ұлғая түсті.

Батыс түрік (сондай-ақ Шығыс түрік) қағанатының халықаралық шаруашылық және саяси байланыстар аясына тартылуында Соғды мен Жетісудың соғдылық көпестері ерекше рөл атқарды. Жетісудың құжаттарда көбінесе «соғды» қалалары деп аталатын қалалары ежелгі түрік дәуірінде

тоқтап қана өтетін мекендер болған жоқ. Қалалардың соғды халқы да, түрік халқы да саудамен, қолөнермен, диканшылықпен бірдей дәрежеде шұғылданды. Қала мен дала қағанат құрамында бірін-бірі толықтыратын және біріне-бірі өзара керек болып отыратын біртұтас шаруашылық-саяси организмнің екі бөлегі болды.

Транзит сауда айырбасы да, ішкі сауда айырбасы да ақша айналысын туғызды, сөйтіп Батыс түрік қағанатының вассалдық шет аймақтарының да, орталығының да халқы осы айналыс өрісіне тартылды.

Қағанатта қоғамдық-экономикалық қатынастардың дамуы Евразияның басқа аудандарындағы осы сияқты үрдістерге байланысты жүріп, феодалдық қатынастардың орнығу арнасында жүргенімен, оның өз ерекшеліктері де болды.

Батыс түріктері мемлекетінің бірінші басшысы — қаған, жоғарғы билеуші, билеп-төстеуші, әскербасы болды. Ол нақты алғанда шығыс түрік қағанатына тәуелді болды, бұл оның таққа отыруына өз келісімін беретін немесе бермей де қоя алатын еді. Бірақ іс жүзінде шығыс түріктері де өздерінің інілеріне талай рет бағынышты болды. Алғашында қаған тағына мұрагерлік бойынша қағанаттың сол қанатынан шұмұқ (ашна) фратриясының өкілдері отыратын, бірақ бұл тәртіп тұғлұқтар мен оншадыпыттар топтарының арасындағы өзара тартыс күресінде мезгіл-мезгіл бұзылып отырды. Кей кездерде қағанатта бірнеше қаған болып, олардың өкілеттік дәрежесі әр түрлі болды. Қаған мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси істерінің бәріне басшылық етті, ру басшыларын тағайындады. Ол әулеттік фратриялардан шыққан шонжарларға сүйенді.

Қағанаттың астанасы және қағанның қысқы ордасы Шу аңғарындағы Суяб қаласы болды. Саяхатшылардың хабарлауына қарағанда, Суябқа жақын жазғы резиденция — Цзедань қағанның ордасы болған.

Қаған тек билеуші ғана емес, сонымен қатар қағанаттың барлық жерінің иесі де болуы мүмкін. Алайда көшпелі қоғам жағдайында (дала халқын алатын болсақ) билік негізінен алғанда жерге емес, ол жерді пайдаланатын адамдар ұжымына жүргізілді.

Техника мен жер суарудың тым қара дүрсін болуы жағдайында ауыл шаруашылығына жарамды жерлер тапшы, ал мал жайылатын жерлер көп болды. Көшпелі қоғам жылжып көшіп, тіпті үдере көшіп кете алады, ал егіншілік ұжымы жөнінде бұлай деуге болмайды. Мал шаруашылығы ұжымдарының көшіп-қонып жүруі қағанаттың жоғарғы өкіметіне енжар қарсылық жасап, қағанат әскерлерінің қолы жетпейтін алысқа үдере көшіп кетуіне мүмкіндік беретін еді.

VII ғасырдың бас кезінде Батыс түрік қағаны Ябғудың ордасында болған будда монахы Сюань Цзанның жазғандары қаған руының байлығы туралы біраз ұғым береді. Қағанды аң аулап жүрген жерінде кездестірген саяхатшы аңшылар киімдерінің сәнділігіне таң-тамаша қалады. «Қаған жасыл жібек желбегей киген, — дейді ол. — Оның қасына ерген екі жүзден астам тарханы бар, олар қамқа желбегейлер киген, шаштарын бұрымдап өрген. Басқа сарбаздары аң терісінен тігілген ішік киген, бөріктері жұмсақ матадан тігілген, қолдарына айбалта, садақ, ту ұстаған. Аттары өңшен сайгүлік. Түйе, ат мінген адамдардың көптігіне көз сүрінеді»<sup>8</sup>. Одан әрі қағанның киіз үйі туралы айтқанда, оның алтынмен сәнделгені соншалық, тіпті «көз қаратпайды» дейді ол<sup>9</sup>.

Мемлекетте қағаннан кейінгі екінші адам ұлық болған. Қағанаттағы жоғарғы лауазымдар — ябғу, шад және елтебер — қаған руының өкілдеріне тиесілі еді; оларды қаған вассал тайпаларды билейтін лауазымдарға қойған. Сот қызметтерін бұрықтар мен тархандар атқарды. Бектер — тайпа бастықтары мен өкілдері — жергілікті жерлердегі ақсүйектер сословиесінің басты тірегі болған.

Тағы бір категория — үй-қаған барынша назар аударарлық. Деректеме оны былай деп сипаттайды: «Дәрежесі ябғудан төмен қағандар болады. Сондай-ақ бір үй болып тұратын бір атадан тараған көп адамдар да (фамилиялар) өз басшысын үй-қаған деп атайды; түріктер үйді үй деп атайды, демек бұл үй қағаны деген сөз»<sup>10</sup>. Әңгіме бұл жерде қауымның негізгі экономикалық бөлінісі партиархаттық отбасылық қауым жөнінде болып отыр.

Қағанаттың қанауда болған бұқарасы мал өсіретін ерікті ұсақ қауым мүшелері болды. Батыс түрік қағанатында олардың қалай аталғаны белгісіз, бірақ шығыс түрік әлеуметтік терминологиясына ұқсастырып, оларды «қара бұдун» («тобыр», «қара халық») деп атаған деп топшыланады. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда тайпалар да, бір жағынан, ақсүйек тайпалар, ал екінші жағынан, оларға бағынышты, вассалдық, тәуелді тайпалар болып бөлінген.

Бағынышты тайпаларға және қарапайым көшпелі бұқараға жүктелген міндеткерліктер туралы жазба деректер аз. Солай бола тұрса да, басты міндеткерліктердің бірі әскери міндеткерлік (басқаша айтқанда «қанмен төлейтін салық») болғаны белгілі; бұл міндеткерлік бойынша, вассал тайпалардың барлық жауынгер-еркектері тайпа көсемі армиясының құрамына кіреді. Соғыстың негізгі ауыртпалығы, демек адам шығынының ең көбі бағынышты тайпалардың мойнына түседі. Кейде «келімсек» деп аталған бұл тайпалар соғыс шайқастары кезінде «алдағы шеп» ретінде пайдаланылған, яғни алғы шепке қойылған. Бұл дәстүр барлық жерлерге тараған.

Бағыныштылық әрқашанда алым-салық төлеумен қатар жүріп отырған. Оның үстіне бағындырылған тайпалардан, сондай-ақ соғыс қимылдары кезінде тұтқынға алынғандардан құлдар тобы қалыптасқан. Бірақ ертедегі түріктердегі «құл» деген терминді жалпыға мәлім «классикалық» түрде түсінуге болмайды. Құл тайпалар — үстем тайпаға мал және аң терісі т. б. түрінде салық төлеп тұруға міндетті вассал тайпалар.

Түріктердің көршілес тайпаларға шапқыншылық жасағандағы мақсаттарының бірі құлдар алу болған, бұл орайда, әдетте, ұлдар мен қыздарды алған. Мысалы, түріктің Баһадүр-қағанының 620 жылы бірнеше мың қыз баланы тұтқынға алғаны мәлім. «Жорықтарда тұтқынға алынған ұлдар мен қыздар, яшма мен жібек — мұның бәрі қаған меншігіне түседі», — делінеді сол кездегі құжаттардың бірінде<sup>11</sup>. Түріктің Білге-қағанының 720 жылы басмылдарды жеңуін баяндай келіп, автор түріктер «олардың (басмылдардың) ұлдары мен қыздарын алып, кейін қайтты»<sup>12</sup> деп хабарлайды. Деректемелерде мұндай мәліметтер жиі кездеседі. Тұтқын балаларды үлкен отбасылы қауымда әдетте «бала қылып алып», шаруашылыққа пайдаланды. Мұның бәрі қағанатта құлдықтың басқа түрлері болғанын (мысалы, қолөнерші, қала салушы т. с. құлдар еңбегі болғанын) теріске шығармайды, бірақ құл еңбегін пайдаланудың негізгі түрі үйдегі, яғни отбасындағы құлдық деп есептеуге мүмкіндік береді.

Тәуелділердің тағы бір категориясы болды. Білге-қаған ескерткішінің текстерінде бектерге және халыққа арналған сөздер бар. Онда мынадай жол



кездеседі: «...менің шын жүректен шыққан сөзімді сендер (бәрің) осыған (ескерткішке) қарай отырып, он жебе ұлдарына және олардың таттарына жеткізіндер!»<sup>13</sup>. Ертедегі түрік жазуларында таттар деп батыс түріктеріне тәуелді Жетісу аумағындағы отырықшы қоныстар мен қалалардың соғды тілдес тұрғындары айтылатын болуы керек<sup>14</sup>; түрік қағандарына бағынышты болған бұлар саудамен де, ауыл шаруашылығымен де шұғылданған.

Батыс түрік қағанатында әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастардың ала-құла, үстемдік ету мен бағыну түрлерінің алуан түрлі болуына қарамастан, Батыс түрік қағанатында таптардың құрылу және ертедегі феодалдық қоғамдық қатынастардың біршама тез қалыптасу үрдісінің жүргені анық.

**Түргеш қағанаты.** Батыс түрік қағанатындағы өзара тартыстар, Жетісуда өз үстемдігін орнатуға ұмтылған қытай императорлық әулетінің әскери-саяси әрекеттері қаған билігінің әлсіреуіне, сөйтіп бірте-бірте тек аты ғана қалуына көбіне-көп себепші болды. «Он жебе» құрамына кірген тайпалардың енді қаған атынан емес, өз туын көтеріп қимыл жасауы жиілей түсті. 694 жылы таққа отырған Ашина Туйцзы тибеттіктермен одақтаса отырып, шығыста қытай әскеріне қарсылық ұйымдастыруға әрекет жасаған кезде, Жетісудың өзінде азғыр Нүзүк-Иркин, түргеш Чықан және ұлық-оқ тайпасының басшысы бастаған тайпалар Суяб бекінісін қоршауды ұйымдастырған<sup>15</sup>, бірақ шежірешінің сөзіне қарағанда, олар жеңіске жете алмаған. Мұның өзі, сірә, шындыққа үйлеспейтін болса керек. Қалаға шабуылдың сәтсіз аяқталуы туралы шежірешінің сөздері наместниктің мәлімдемесіне ғана негізделген. Әдеттегідей, шайқастың қалай болғанын нақты суреттеп баяндау жоқ, шежіреші тек «жеңілді» дейді де қояды. Ол былай тұрсын, бұдан кейін бірден аймақтың халқын тыныштандыру үшін түрік Хусэлоның<sup>16</sup> бастауымен армия ұйымдастырылды (бұлар түріктерден құрылған болуы керек) делінеді. Бірақ жорыққа әзірленіп жатқан кездің өзінде қағанатта жаңа бір күш пайда болады да, мұның қуаттылығы соншалық, Хусэло батысқа жорық жасаудың орнына асығыс түрде тайып тұрады.

Бұл күш Баға-тархан (мөге-даган) деген атағы бар Үшлік (Учжилэ)<sup>17</sup> бастаған түргештер болды.

Бытыраңқылық және Хусэло қағанның қашып кетуі жағдайында түргештердің көтерілуі күтпеген жерден болған оқиға емес еді. Қағанаттың сол қанатының құрамына кіретін, халқы көп тайпа болған түргештер VI ғасырда-ақ Шу-Іле қос өзені аралығындағы үлкен аймақты алып жатты және Жетісудағы керуен жолдарының көбі солардың бақылауында болды. Түргештердің ықпалы бірте-бірте күшейе берді, оларға бағынышты тайпалар саны көбейді. Хусэло жеңілместен бұрын-ақ Үшлік өз жерлерінде әрқайсысы 7 мың адамнан 20 түтіктік құрды. Бұрын Шудың солтүстік-батыс жағында болған өз ордасын ол Суябқа көшіріп, оны Үлкен орда деп атады; Күнгіт қаласында оның Кіші ордасы болды. Күнгіт және солай аталатын тайпа Іле өзені аңғарында орналасқан<sup>18</sup> (олар мұнда XI ғасырда да тұрған, мұны Махмұд Қашғари атап көрсеткен)<sup>19</sup>. Шежіреде айтылғанындай, батыс түрік жерлері «шығыста солтүстік туцзюйлермен (яғни Шығыс түрік қағанатымен), батыста — хулармен (соғды князьдіктерімен) шектесіп, шығыста тікелей Сичжоу (Тұрфан) және Тинчжоу (Бесбалық) аймақтарына дейінгі жерді алып жатқан»<sup>20</sup>.

Бұл екі топтың арасы өте-мөте ушығып тұрған болатын. Үстемдік үшін

күрестің барысында Іле түргештері Қапаған-қаған бастаған шығыс түріктерімен әскери одақ құрды. Олардың арасындағы күрес көріністерінің бірі Ертістен бір түндік жердегі Болушу өзені бойындағы шайқас болып табылады. Шу түргештері (басқаша айтқанда, сары түргештер) қатты жеңіліске ұшырады, мұның нәтижесінде үстемдік олардың бәсекелестеріне (қара түргештер, бұлар өз ордасын Таласқа көшірді) ауысты. Бұлар қаған тағына қара түргештердің шапыш (чэбиши) тайпасының өкілі Сұлықты (Сулу) отырғызды.

Құжаттар сол кездегі Түргеш қағанатында әлеуметтік өзгерістердің болғанын көрсетеді. «Жаңа Тань тарихында» былай делінген: «Шығындар (аксүйектердің) күн сайын өсіп жатты, ал қор дегенің болған жоқ. Соңғы жылдары ол (қаған) тапшылықты сезіне бастады, сондықтан талап алынған олжаларды бірте-бірте бөліске салмай, өз қолында ұстады. Міне, осы кезде бағыныштылар да одан бөлініп шыға бастады»<sup>21</sup>. Дау-жанжалдар қара түргештер мен сары түргештердің билеуші топтары арасындағы күреске ұласты. 738 жылы Сұлық-қаған өлген кезден бастап бұл күрес өте-мөте шиелінісе түсті. Шежіреде айтылғандай, Түргеш қағанатында «Сөгенің (Сақалдың) ұрпақтарын сары рулар (сары түргеш) деп, ал Сұлу (Сулук) ұлысын қара рулар (қара түргеш) деп атайды, (олар) бірімен-бірі жауласады, біріне-бірі сенбейді»<sup>22</sup>. Түргеш шонжары шүмекен Бекан-Күлүг-шорасының (Фу-Янь-Цюэлю-чо) хатында да осы туралы айтылады: «Біз далада, толқып тұратын елде тудық, біріне-бірі шабуыл жасап, кескілесіп жатады...»<sup>23</sup>.

Қағанаттың ордалары Таласты және Суябта болған қара түргештер мен сары түргештерде бөліну жүйесі қалыптасты. Алайда VIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап-ақ бұл принцип іс жүзінде сақталмайтын болды. Бытыраңқы тайпалар 751 жылы қытай шабуылына тек сыртқы күштердің көмегімен ғана тойтарыс бере алды. 756 жылы қағанат түрік тілді қарлұқ тайпасының тегеурініне шыдамай құлады.

**Соғдылықтар Жетісуда.** Ілгеріде айтылғандай, Жетісуда соғды қоныстарының пайда болуы және соғдылықтардың Жетісу қалалары мен Қазақстан аумағының оңтүстігіндегі және оңтүстік-шығысындағы басқа да аудандарға қоныстануы<sup>24</sup> халықаралық сауданың дамуымен тығыз байланысты болатын.

VII ғасырдың бас кезінде Жетісуда болған Сюань Цзань былай деп жазды: «Суяб қаласының батыс жағында бірнеше қала орналасқан. Олардың әрқайсысында басқаларынан тәуелсіз, бірақ түріктерге бағынышты өз бастығы бар. Шудан Гешуанға (Кушанияға) дейін бүкіл ел Сули/Сулиг (Соғды) деп аталып келген. Тұрғындарының жартысы егіншілікпен, екінші жартысы саудамен шұғылданған»<sup>25</sup>. Басқа да көптеген материалдар дәлелдей түсетін бұл хабар соғдылықтардың Жетісудың жергілікті этникалық ортасына көптеп келіп сіңіскенін көрсетеді.

В. В. Бартольд соғдылықтардың қоныс аударуының негізгі себебі сауда деп санады<sup>26</sup>. Алайда, соғдылықтар келуінің басты себебі, сірә, кеңірек болуы керек: оны VI—VIII ғасырларда Соғдыда және Орта Азияның басқа да егіншілік аймақтарында болған әлеуметтік-экономикалық өзгерістерден іздеу қажет. Бұл үрдістердің бір көрінісі Нершахидің Бұхарадағы Абруй басқарып тұрған кездегі тап күресі туралы хабары болып табылады. Абруйдың қысымына төзбеген соғды дикандары мен көпестері Түркістанға кетуге мәжбүр болады, мұнда олар қала салып, оны Хамукет деп атады<sup>27</sup>.

Соғдылықтардың VI—VIII ғасырларда Жетісуға қоныс аударуы Орта Азиядағы араб жаулап алушылықтарымен де байланысты. Тоникөк жазбасының хабарларын араб деректемелерімен салыстырып карау арабқа қарсы Шығыс түрік қағанаты — Ферғана — Шаш — Соғды одағының маңызын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл одақ шығыста араб экспансиясын тежеуде жетекші рөл атқарды<sup>28</sup>. Жетісу бағынғысы келмеген соғдылықтардың арабтарға қарсы күрестегі түріктердің одақтастарының көшіп келген ең жақын ауданы болды. Соғдылықтардың көшіп келуі Жетісудың егіншілік және қала мәдениеті тарихында елеулі із қалдырды. Алайда оның әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихының басты-басты факторлары Жетісудың жергілікті отырықшы және көшпелі халқының өндіргіш күштерінің дамуы болды.

Түркі тілдес ортаға түскен соғдылықтар жергілікті тұрғындардың тіліне, мәдениетіне, әдет-салтына көшті. Түптеп келгенде соғды топтары түрік халқы бұқарасымен сіңісіп кетті; соғдылықтардың ішінде түрікше сөйлемейтіндері жоқ дейді XI ғасырда Махмұд Қашғари<sup>29</sup>.

Жетісудың жергілікті қалалық мәдениетінің дамуына соғдылықтардың ықпал жасауы әр түрлі тарихи кезеңдерде бірдей болған жоқ. Соғдылықтар VII—VIII ғасырлар кезеңінде неғұрлым зор рөл атқарды. Жетісудағы қала жұрттарын археологиялық тұрғыдан зерттеу, оған қосымша жазба деректемелер Жетісу қалаларының аралас халқының шаруашылығы, материалдық және рухани мәдениеті туралы түсінік алуға мүмкіндік береді. Соғдылықтар Жетісуда егіншілік мәдениетінің, құрылыс өнерінің, керамика қолөнерінің дамуында елеулі рөл атқарды<sup>30</sup>. Соғды жазуының тарауы да, буддизмнің, будда діни архитектурасы мен өнерінің таралуы да осымен байланысты. Мамандардың пікірінше, Ақбешім қала жұртынан табылған будда ғибадатханаларын соғды сәулетшілері салған<sup>31</sup>. Соғдылықтардың келуіне байланысты түріктер Жетісуда теңге соғуды игерді. Теңгелерді соғдылықтар түрік қағандары атынан сокқанымен, олардағы сөздер соғды тілінде жазылды<sup>32</sup>.

Соғдылықтардың шығысқа қарай ілгерілей енуі бір жақты болған жоқ. Орта Азияның түріктерге бағынуымен қатар, түріктер Орта Азия шонжарлары қатарына, халықтарының құрамына енді. Соғдының өзінде де түріктер аз рөл атқарған жоқ. Түрік және соғды халықтарының арасындағы өзара ықпал осылай жүріп отырды, мұның өзі олардың этникалық-саяси тарихында, материалдық және рухани мәдениетінде көрініс тапты.

Сөйтіп, Батыс түрік қағанатының хронологиялық тарихын негізгі үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең — оның Түрік қағанатына енген уақыты; екінші кезең — Батыс түрік қағанатының құрылуы; үшінші кезең — Түргеш қағанатының құрылуы.

## 2. ҚАРЛҰҚТАР

VI—VII ғасырларда қарлұқтар Түрік, Батыс түрік және Шығыс түрік қағанаттары ықпалының аясына кірді. Орталық Азияда орын алған саяси қиын-қыстау кезеңдер барысында қарлұқ тайпаларының бірлестігі аумақтық және саяси жағынан ыдырады. Жазбаша деректерде қарлұқтардың бірқатар шоғырланған топтары туралы хабарланған. Мәселен, шығыста

олардың Отюкен таулы жерлерінде (Монғолия), Шығыс Түркістанда Бесбалық аймағында орналасқаны айтылған, ал ең оңтүстігінде Ауғанстанның солтүстігіндегі Тоқарстанда ірге тепкен. Алайда олардың негізгі көпшілігі ертедегі түріктердің руналық ескерткіштерінің деректері бойынша Монғол Алтайы мен Балқаш көлінің аралығында, Тарбағатайдың оңтүстігі мен солтүстігі жағындағы аумаққа орналасқан «үш қарлұқ» (қарлұқтардың үш тайпасы) бірлестігі ретінде мәлім. Қарлұқ тайпалары одағының билеушісі «елтебер» деген атақ алған, ұйғырлар мен аздардың билеушілері осылай аталған. 657 жылы олардың негізгі қоныстанған ауданында қарлұқтардың үш аймағына қоса, тайпа басшылары басқаратын төртінші әкімшілік аймағы пайда болды.

Шығыс және Батыс қағанаттардың күшеюіне немесе әлсіреуіне қарай қарлұқтар кей кездері түріктердің әлеуметтік-саяси бірлестігінің бірде біреуіне, енді бірде екіншісіне бағынып жүрді. 682 жылы Монғолияда Шығыс түрік қағанаты құрылғаннан кейін қарлұқтар оған тәуелді болды. Алайда, орхон жазуларында айтылғанындай, қарлұқтар қағандарға қарсы бірнеше рет көтеріліс жасаған және оларға қарсы соғыс жорықтарын жасап отырған. Қарлұқтардың бірінші жорығы 711–712 жылдары болған, бұл жөнінде Күл-тегін мен оның інісі Могилян-ханның құрметіне арналған ежелгі түрік жазбаларында айтылады. Мұнда былай делінген: «Күл-тегін 27 жасқа келгенде қарлұқтар халқы азаттық пен тәуелсіздік нәтижесінде жауға (бізге) айналды»<sup>33</sup>. 715 жылы Білге-қаған мен Күл-тегін «қасиетті Тамағ жотасында»<sup>34</sup> (сірә, Тарбағатай тауларында болуы керек) қарлұқтарды жеңді. Қарлұқтарға қарсы жорықтар онан кейінгі жылдары да (716, 720 жылдары) жасалды. Білге-қаған өлгеннен кейін (734 ж.) көп ұзамай Шығыс түрік мемлекеті құлады.

742 жылы Монғолия далаларында саяси үстемдік шығыс түріктердің билігін күйреткен үш тайпаның — қарлұқтардың, ұйғырлар мен басмылдардың одағына көшті. Аз уақытқа басмылдар көтерілді, сөйтіп солардың көсемі қаған етілді. Қарлұқтардың басшысы мен ұйғырлардың жетекшісі ябғу (жабғу) атағын алды. Көп кешікпей, 744 жылы ұйғырлар мен қарлұқтардың біріккен күштері басмылдардың тас-талқанын шығарды. Сол жылы Ішкі Азияда түркі тілдес тайпалардың жаңа мемлекеттік құрылымы — Ұйғыр қағанаты пайда болды (744–840 жж.).

V ғасырдан VI ғасырдың орта шеніне дейін ұйғырлар Жужань (Авар), ал содан соң Түрік қағанаттарының құрамына кірген еді. VIII ғасырдың ортасында ұйғыр қағанының саяси үстемдігі Алтайдан шығысында Маньчжурияға дейін, оңтүстігінде Гобиге дейін, ал 758 жылдан Енисей қырғыздарының жеріне дейін жайылды. Ұйғыр конфедерациясының құрамына ұйғырлардың өзінің он тайпасы және оғыздардың тоғыз тайпасы кірді. Ұйғыр тайпаларының басшысы жоғарғы қаған болды да, қарлұқтардың көсемі «оң (батыс) жақ ябғу» атағын алды. Ибн Хордадбех бұл атақты қарлұқша «ж» дыбысымен басталып айтылуымен — әл-жабғу деп жазған<sup>35</sup>.

**Мемлекеттің құрылуы.** Қарлұқтардың дербестікке ұмтылуы олардың Ұйғыр қағанатынан бөлініп шығуына жеткізді. 746 жылы қарлұқтар Жетісуға қоныс аударды, ал онда саяси жағдай тым күрделі болатын. Өзара қырқысқан күресте түргеш қағандары өздерінің бұрынғы күш-құдіретінен айрылды. Соның салдарынан бытырап кеткен түргеш тайпалары қарлұқтарға лайықты қарсылық көрсете алмады. Бұл оқиғалар ертедегі түріктердің

Терхин жазбаларында: «Ит жылы үш-қарлұқ опасыздық жасап, қашып кетті. Олар батыстағы он оқ халқының еліне келді», — деп көрсетілген<sup>36</sup>. Түргештердің әулеттік руларының саяси билігінің әлсіреуін Шығыс Түркістандағы қытай наместниктері пайдалана қойды. Тань әскерлері Суябты басып алды, Шашқа (Ташкентке) дейін жетті, бірақ мұнда көк тіреген Қытайдың мүдделері батыстан өздерінің ықпал өрісін кеңейту мақсатымен ілгерілеп келе жатқан арабтардың мүдделерімен қиғаш келді. Қайшылықтың шиеленіскен түйіні 751 жылы екі империялық күш арасындағы шешуші шайқас барысында шешілді, оның нәтижесінде тань әскерлері зор шығынға ұшырады. Араб тарихшысы Ибн әл-Асирдің мәліметтеріне қарағанда, Атлах қаласының түбінде 50 мың қытай өлтіріліп, 20 мыңдайы тұтқынға алынған. Тұтқындар арасында қолөнершілер көп болған<sup>37</sup>. Талас өзеніндегі шайқастың Жетісу және Мауараннахр халықтарының тағдырларында зор тарихи маңызы болды. Қытай әскерлері Жетісу шегінен ғана емес, ұйғырлар мен тибеттіктердің қысымымен Шығыс Түркістаннан да кетті. Талас аңғарында арабтар да тұрақтап қала алмай, Шашқа шегінді. Соның нәтижесінде қарлұқтар өз жағдайын нығайтып алды.

Жетісуда түргештердің мұрасы үшін қарлұқтар мен оғыздар арасында күрес өрістеді. Алдыңғы ортағасырлық жазбаша деректерде келтірілген оғыздардың атақты аңыздарына сәйкес, Ыстықкөл мен Талас аумағы оғыздардың ежелгі отаны деп аталған<sup>38</sup>. Осы тайталастың нәтижесінде оғыздардың негізгі бөлігі Жетісу шегін тастап шығып, Сырдарияға кетуге мәжбүр болды.

766 жылы түргештердің екі қағанының ордалары — Тараз және Суябпен қоса бүкіл Жетісу қарлұқтар жабғуының қолына көшті. Сол арқылы саяси және әлеуметтік биліктердің қарлұқ көсемдерінің қолына көшуі Жетісуда Қарлұқ мемлекетінің біржола қалыптасуына жеткізді. Қарлұқтар өздеріне бағынышты жерлердің шекарасын одан әрі кеңейте берді. 766—775 жылдары қарлұқтардың бір тармағы Қашғарияны басып алды, ал VIII ғасырдың аяғында олардың басқа бір тобы Ферғанаға өз ықпалын таратты. Бұл оқиғаларды бейнелей келіп, әл-Марвази былай деп жазады: қарлұқтар «бұрын Тулис тауында тұрды және тоғыз-оғыздарға құл болды. Мұнан кейін олар өздерінің билеушілеріне қарсы көтерілді, түргештердің елін жаулап алды, ал ол жерден мұсылман елдеріне қарай жылжыды.»<sup>39</sup>

VIII—X ғасырларда Алакөл ойпаты мен Сырдарияның орта ағысы арасындағы аумақ қарлұқ тайпаларының әскери-тайпалық ақсүйектерінің билігінде болды. Қарлұқтардың мемлекеттік құрылысы үлестік-тайпалық жүйенің дамыған түрлері болуымен сипатталады, мұның өзі бір орталықтан басқару түріне жәрдемдеспеді. Қарлұқтар жағбуының билігі сөз жүзінде ғана болды. Жікіл, тухси және ягма сияқты ірі тайпаларды басқарып отырған үлестік билеушілер өздерінің жартылай дербес және іс жүзінде тәуелсіз иеліктерін нығайтуға ұмтылды. Мәселен, жікілдердің билеушісі, «алтын Аргу-Талас пен Кашудың ханы, Ордукент пен Жікіл-Балықтың билеушісі»<sup>40</sup>, сірә, қарлұқтардың жағбуына тәуелсіз болса керек. Әрбір үлестік билеушісінің бекіністі қалада немесе елді мекендерде орналасқан ордасы мен әскері болды. Тайпа шонжарларына мұрагерлік сипатта болған артықшылықтар берілді. Қарлұқтар мемлекетіндегі әскери-әкімшілік басқару жүйесі олардың көшпелі және жартылай көшпелі тұрмысының ерекшелігін бейнеледі.

Билік етуші ақсүйек үстем топтардың иерархиялық қатаң жүйесі айқын бейнеленіп қана қойған жоқ, сонымен қатар қарлұқ конфедерациясының рулары мен тайпалары да әлеуметтік маңызына қарай бөлінді.

Көшпелі тайпалардың билеп-төстеуші шонжарлары жайылымдық жерлерді ғана емес, қалалық орталықтарды да иеленді. Қарлұқтар тұрған аймақ, «Худуд әл-алам» (X ғ.) авторының мәліметтеріне қарағанда, түріктерге қарасты аумақтар арасында халық мейлінше көп қоныстанған және ең бай жер болған; онда қалалар мен отырықшы қоныстар көп еді. Нақ сол деректемеге сәйкес, қарлұқтар елінде 25 қала мен қоныс болған, олардың ішінде Құлан, Мирки, Аталық, Тұзун, Балық, Барсхан, Сикуль, Талғар, Тоң, Пенчуль және басқалар бар. Қарлұқтар хақанының қаласы ерекше, әл-Идрисидің (XII ғ.) мәліметтері бойынша, ол «көп адам тұратын және бекіністі, әскері сансыз көп және жарақтары мол» деп сипатталған<sup>41</sup>. Қарлұқтардың астанасы мен олардың көптеген қалалары Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу тұрғындары үшін дипломатиялық және сауда жолы ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени және рухани жетілу жолы ретінде де зор маңызы болған Ұлы Жібек жолының бойында жатты.

Өзара қырқыс, билік пен жайылым үшін күрес қарлұқтардың этникалық-әлеуметтік қауымын әлсіретті, солай бола тұрса да, онда патриархаттық-феодалдық қатынастар нақ сол кезде одан әрі дамыды.

**Қарлұқтардың сыртқы саясаты.** Қарлұқ жабғуы Оңтүстік Қазақстан маңайында Мауараннахрдың солтүстігіндегі жерлерді басып алу жөнінде белсенді саясат жүргізген арабтарға қарсы күресті басқарды. Арабтарға қарсы әр түрлі аттаныстарды қарлұқтар талай рет белсене қолдады.

Қарлұқтардың шығыста Ұйғыр қағанатымен бәсекелеспек болған әрекеттері кейін сәтсіздікпен аяқталды. 791 жылы ұйғырлар Бесбалық түбінде қарлұқтар мен тибеттіктердің әскерлерін талқандады. 812 жылы олар қарлұқтарды толық жеңді. Қарлұқтарды қуа отырып, ұйғыр қағаны Ферғана мен Сырдарияға дейін жетті, олардың адамдары мен малын қолға түсіріп, Орталық Азияға қайтып кетті. Осы қатаң жеңілістен кейін қарлұқ жабғуы Монғолиядағы орталығы Отюкен болған ұйғыр қағанының жоғарғы билігін мойындауға мәжбүр болды.

Ұйғырлардың билеп-төстеуіне Енисей қырғыздары табанды қарсылық көрсетті. Қырғыздардың иеліктері шығыста Байкал маңында тұрған гулиган халқы аймағына дейін тарады; батыста олардың мекендерінің шекарасы Алтай тауларына дейін, оңтүстік-шығыста – Саян жотасына дейін барды. Қырғыздардың көршілері батыс жақта кимектер, солтүстік жақта – бома халқы, оңтүстік-шығыста ұйғырлар болды. Қырғыздар Минуса ойпатында мейлінше жинақы мекендеді. Қырғыздар 80 мың жауынгер жасақтай алатын, халқы көп бірлестік болған еді. Жиырма жылға созылған табанды күрестің нәтижесінде қырғыздар 840 жылы ұйғырларды талқандап жеңді. Ішкі Азия даласындағы бұл маңызды оқиға мұсылман тарихнамасында көрініс тапқан. Мәселен, Гардизи бұл жөнінде мынадай хабар келтіреді: «Түркістандықтар (қырғыздар) хақан халқына шабуыл жасады; олар бұл халықтың беделді-беделді он екі бастығын өлтірді, семсермен турап, хақандықтардың бәрін қырып-жойды. Хақандықтардың бүкіл патшалығы Чунпан (?) мен халлұхтардың (қарлұқтардың) қолдарында қалды»<sup>42</sup>. Ұйғырлардың біразы Жоңғария – Тарбағатайдың солтүстік-батыс шетіндегі қарлұқтарға қашты. Ал ұйғырлардың негізгі көпшілігі Шығыс Түркістанға

және Ганьсудің батыс жағына қоныстанды, онда орталығы Турфан алқабында (847—1369 жылдар) және Ганьсуда (847—1036 жылдар) болған тәуелсіз мемлекет құрды.

Мұны ашина руынан тарағанбыз дейтін, бұл кезде күшейіп алған қарлұқ жабғуы пайдаланды. Қарлұқтардың көсемі Білге Күл Қадыр-хан — Испиджаб билеушісі (Гардизи мәліметтері бойынша Илмалмасын — жабғу) өзінің бұрынғы атағы — жабғуды тастап, қаған атағын алып, билікті өзінің алуға хақылы екенін ашықтан-ашық жариялады. Алайда қарлұқтардың билігі берік болмады, өйткені ол Орталық Азияның түрік тайпаларына таралған жоқ.

Бұл кезде Саманилер әулеті де өз билігін нығайтуға, мемлекет пен ислам шекарасын кеңейтуге ұмтылды. 840 жылы Саманилердің Самарқандтағы билеушісі Нұх ибн Асад «қасиетті соғыс» жариялап, Испиджабты басып алды, оның айналасына тұрғындарының жүзімдіктері мен егістерін сыртқы шапқыншылықтардан қорғайтын дуал соқтырды. Алайда Испиджаб Саманилерге сөз жүзінде ғана бағынышты болды. Солтүстік-батыста Сауранға дейінгі жерді, ал шығыста Талас аңғарын қамтып жататын Испиджаб аймағын бұрынғысынша түрік әулеті басқарды, оның маңызды артықшылықтары болды. Испиджабтың билеушісі өзінің Саманилерге бағынатындығын Саманилер сарайына алым-салықтың орнына сыйлық жөнелтіп, оған қоса 4 данек пен сыпырғыш жіберіп тұруымен білдірді<sup>43</sup>. Бағыныштылық сырттай сипатта ғана болды. Өз тарапынан Испиджаб өзіне бағынатын Жетісу қарлұқтарына ықпал жасады. Қарлұқтардың Талас пен Шу өзендері арасында орналасқан Орду қаласының билеушісі Испиджабтың билеушісіне бұрынғысынша сыйлық жіберіп тұрды<sup>44</sup>.

Испиджаб көшпелі түріктерге ислам дінін таратудың орталығына айналды. Макдисидің (X ғ.) мәліметтері бойынша, мұнда «дін жолында» соғыс жүргізу үшін 1700 рабат (керуен-сарай) салынған. Бұл цифр, әрине, көрінеу көзге асыра айтылған, бірақ ол көп жайды аңғартады. Саманилер өздерінің ықпалын бүкіл Испиджаб аймағына жүргізіп, оның халқы арасында мұсылман дінін орнықтыруға күш салды. 893 жылы Исмаил ибн Ахмад Таразға үлкен жорық жасады, мұның нәтижесінде Тараздың билеушісі өзінің дикандарымен бірге ислам дінін қабылдауға мәжбүр болды, ал қаланың басты шіркеуі мешітке айналдырылды<sup>45</sup>. Тараздың билеушісі Саманилердің әулетіне жартылай вассалдық тәуелділікте болды.

Мұнымен қатар Жетісу түріктері Саманилердің тегеурініне төтеп беріп қана қойған жоқ, сонымен қатар өздері де олардың мемлекетіне жорықтар жасап тұрды. Мәселен, 904 жылы түріктің көп әскері Мауараннахрға басып кірді, бірақ көп ұзамай онан ығыстырылып шығарылды.

Қалалық орталықтарда отырған билеуші қарлұқ шонжарларында елеулі әскери күш болды. Мәселен, тегін атағы бар Барсхан билеушісі 6 мың жауынгер жинай алатын еді, Пенджикент билеушісінің — 8 мың, Беклиг қаласында Инал-тегіннің 7 мың жауынгері болды, Суябтың ялан-шахы 20 мыңға дейін әскер шығара алды және т. т. Қарлұқ қағанатындағы үлестік-тайпалық басқару жүйесі орталық билікті мойындамай, билік жолындағы күрестің күшеюіне себепші болды. Соның салдарынан қарлұқтардың билеуші әулетін жойған күштер олардың өз ортасынан өсіп шықты.

**Этникалық және тайпалық құрамы.** Қарлұқ тайпаларының құрылуы мен ертедегі қарлұқ этникалық топтары қалыптасуының алғашқы кезеңдері Ішкі

Азия аумағында түрік және теле (оғыз) тайпаларының қоршауында өтті. Этникалық үрдістің одан кейінгі даму кезеңі үш тайпалы қарлұқ конфедерациясының құрылуымен байланысты болды, ол кейіннен сан және сапа жағынан Жетісу шегінде қарлұқ халқының қалыптасу сатысына ұласты. Алайда орта ғасырлар дәуірінде бұл үрдіс аяқталған жоқ.

Жазбаша деректемелерде қарлұқтар туралы алғашқы хабарлар қытайдың Суй әулетінің (581—618) шежіресінде кездеседі және V ғасырдың орта шеніне жатады. Онда қарлұқтар өздерінің басты руының атымен Алтайдың (Ақтағ) баурайларын мекендеушілер ретінде бұлақ деп аталған. «Таншу» әулеттік (618—907) хроникасына сәйкес, қарлұқтар (гэлолу, гэлу) түріктерден шыққан және олардың бір тармағы болған<sup>46</sup>. Қарлұқтардың түріктермен генетикалық байланысы туралы деректер орта ғасырлардағы мұсылман тарихнамасында да жинақталған. «Олар (қарлұқтар) — ежелгі түріктер», — дейді Ибн әл-Факих (X ғ.)<sup>47</sup>. Қарлұқтар ежелгі түріктердің руналық ескерткіштерінде де «үш қарлұқ» деп айтылған. Ол Монғол Алтайы мен Балқаш көлі аралығындағы аумақты алып жатқан көшпелі тайпалардың күшті одағы болды. Қарлұқтар туралы уақыты жағынан алғашқы хабар араб-парсы тілдес тарихи-географиялық әдебиетте — Табариде (737 ж.) кездеседі. Ол Тоқарстанда орналасқан қарлұқтар туралы айтады.

«Таншу» деректері бойынша, VII ғасырдың ортасында қарлұқтар құрамына үш ірі рулық бірлестіктер: моулалар, чжисилер және ташилдер кірген<sup>48</sup>. Бұл тайпалардың атаулары тиісінше бұлақ, жікіл және ташлық деп қалпына келтіріледі<sup>49</sup>. Бастапқыда бұлақ тайпасы Тянь-Шань жүйесіне кіретін Борохоро жотасы ауданындағы аумақты мекендеген. Ташлықтардың көшіп жүретін орталығы Сайрам көлінің төңірегінде болған. Жікілдер бұлақтар мен ташлықтар арасындағы аумақты иеленіп, оңтүстігінде Жоңғарияның шөлді аудандарына дейін жеткен. Кейіннен үш тайпаның бәрі бірігіп, Шығыс және Батыс түрік қағанаттары аралығында аралық жағдайда болған.

Араб-парсы деректемелері бойынша, Жетісудағы қарлұқ бірлестігі көптеген ру-тайпа топтарынан құралған. «Худуд әл-алам» анонимінде Құлан мен Мирки арасында қарлұқтардың үш тайпасы (бистан, хим, бириш) орналасқан<sup>50</sup>, Керминкентте лабан (дұрысырақ айтқанда, албан) тайпасы тұрған, Ганкафир қонысында — қарлұқтардың бірнеше руы, ал Тұзкөл көлінде — жеті қарлұқ тайпасы тұрған<sup>51</sup>.

Әл-Марвазидің деректері бойынша, қарлұқтардың тайпалық құрамына тоғыз тайпа: үш жікіл, үш бескіл, бұлақ, көкеркін және тухси кірген<sup>52</sup>. Сондай-ақ екі ру: лазана мен фаракия рулары да аталған<sup>53</sup>. Сірә, деректемелерде жекелеген топтардың атауы бұрмаланған болса керек.

Қарлұқ тайпалары конфедерациясының құрамы қарлұқ тайпаларының топтасып, саяси бірлестігінің қалыптасуы Жетісуда болғанын айқын дәлелдейді. Қарлұқтардың алғашқы үш рулы ұйытқысына, сірә, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның этникалық субстраты кірген болуы керек.

Қарлұқ конфедерациясына түркі тілдес көшпелі және жартылай көшпелі әр түрлі тайпалар: жікілдер, бұлақтар, халаждар, түргештер, азқишилер, тухсилер, шарұқтар, аргулар, барсхандар кірген. Бұлардан басқа оның құрамында оғыздардың негізгі көпшілігі Сырдарияның орта және төменгі ағысына көшкеннен кейін Жетісу аумағында қалған кейбір топтары, сондай-ақ түрік болып кеткен Жетісу соғдылары болды. Махмұд Қашғари



көптеген соғдылар түріктердің әдет-ғұрыптарын қабылдаған деп хабарлайды<sup>54</sup>. Кейінірек қарлұқтардың Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың отырықшы халықтарымен сіңісіп, ислам дінін қабылдаған бір бөлегі, сондай-ақ оғыздардың соларға сәйкес топтары да түрікмендер деп аталып кетті<sup>55</sup>.

Қарлұқ конфедерациясының қалыптасуы Жетісу мен Қашғариядан бастап Сырдарияның орта ағысы мен Ферғанаға дейінгі ұлан-ғайыр өңірде жүзеге асты. Бұл байтақ аймақтың көптеген тайпалары қарлұқтардың жабғу деген атағы бар көсемінің, сонан соң қағанның қарауында болды.

Қарлұқтар түрік тілінің әр түрлі диалектілерінде сөйлеген. Араб-парсы жазбаша деректемелерінің мәліметтеріне қарағанда, олардың бір тобы «ж» дыбысты, екінші бір тобы «й» дыбысты диалектіде сөйлейтін болған.

Қарлұқтар монғолоидтік белгілердің болмашы қоспасы бар европеоидтік антропологиялық тұрпатқа жатқан.

Әл-Масуди түріктердің ішінен қарлұқтарды бөліп көрсетіп, олар «неғұрлым әдемі, бойшаң, өнді келеді»<sup>56</sup> дейді. Қарлұқ тайпаларының бірі — жікілдер туралы олардың ішінде болған араб саяхатшысы Әбу Дулаф (X ғ.) былай деп жазады: «Олар (жікілдер) әдемі келеді. Айналасындағы тайпалардың бәрі оларды ұрлап әкетіп тұрады»<sup>57</sup>.

**Қарлұқтардың қоныстануы.** Қарлұқ тайпалары VIII—X ғасырларда Жоңғар Алатауынан Сырдарияның орта ағысына дейінгі кең-байтақ аумақта қоныстанды.

Қарлұқ топтарының бірі IX ғасырдың бас кезінде Отырар (Фараб) төңірегіне келіп қоныстанды. Ибн Хордадбех Фараб қаласында қарлұқ-түріктердің отрядтары бар деп атап өтеді. Басқа авторлар да Фараб аймағындағы Сүткент қаласында қарлұқтардың болғандығын айтады. Қарлұқтар Фараб, Кеңжиде және Шаш арасындағы жайылымдарда көшіп жүрген. «Олардың бәрі мұсылмандар, бірақ ешкімге бағынбайды», — деп атап көрсетеді әл-Истахри (X ғ.)<sup>58</sup>.

Қарлұқтардың кейбір топтары Шаш және Испиджаб аймақтарын мекендеді. Ибн Хаукальдің айтуына қарағанда, Шаш аймағына исламды қабылдаған оғыз және қарлұқ тайпалары топтасқан. Испиджаб өңірі қарлұқтар мен оғыздардың арасындағы шекара болды. Мұнда қарлұқтар Саманилер мемлекетімен шектесіп жатты. «Мауараннахр шекарасының өн бойында, — деп хабарлайды әл-Истахри, — соғыс шайқастары болып жатады: Хорезмнен Испиджаб төңірегіне дейін оғыз-түріктермен, Испиджабтан Ферғананың ең шалғай жерлеріне дейін қарлұқ-түріктермен шайқастар болып тұрады»<sup>59</sup>.

Қарлұқ тайпалары Талас аңғарында тұрды. Тараздың оңтүстігіне қарай 5 фарсах (30 шақырым) жерде Қасрибас деген жердегі жайылымда қарлұқтар қыстап жүрген. Тау қойнауындағы бұл жылы жерге таяу халаждардың қыстауы болды<sup>60</sup>. Ал Тараз VIII ғасырдың бірінші жартысында-ақ «данқты да инабатты шарұқ-түріктер» қаласы деп аталған еді<sup>61</sup>.

Тарихи-географиялық деректер қарлұқтар мен оғыздар Тараз-Испиджаб-Фараб аралығын бірлесіп мекендеген деп шамалауға мүмкіндік береді. Таразға жақын жерде, Макдисидің айтуынша, жікілдер мекендеген, мұнда олардың осы аттас қаласы болған. Махмұд Қашғарифа жікіл-түріктердің үш тобы мәлім болды. Бұлардың біреуі Таразға жақын жердегі — Жікіл қаласын, ал басқа екеуі — Барсханнан әрі Құясты және Қашғариядағы Жікіл қонысын мекендеген<sup>62</sup>.

Қарлұқтар Тараздың шығыс жағында да мекендеді. Мұнда олардың қаруында Құлан, Мирки қалалары болды. Миркидің шығыс жағында Орду деген «шағындау бір қаланың» болғаны айтылады, онда түрікмен патшасы тұрады, ол Испиджаб билеушісіне үнемі сый-сияпат жіберіп тұрады» делінген<sup>63</sup>.

Ордудың қарлұқтар орналасқан негізгі аумақта қоныстануы оның билеушісі қарлұқ болған деп топшылауға мүмкіндік береді.

«Худуд әл-аламның» мәліметтеріне қарағанда, Суяб ауданында тұхси тайпалары мекендеген<sup>64</sup>. Тұхсилердің үлкен бір тобы Х ғасырға дейін қарлұқтардан солтүстікке таман қоныстанған. Х ғасырдың орта шенінде олар оңтүстікке қарай едәуір жылжып, қарлұқтармен бірге Тянь-Шанның батыс сілемдерін бойлай орналасады. Испиджаб, Тараз және Баласағұн қалалары өңірінде түргештердің аргу тайпасы тұрды. Шу аңғарында қарлұқ қоныстарының орталығы — Баласағұн қаласы болған.

Әл-Идрисидің картасында қарлұқтардың екі тобының аумақтық орналасуы көрсетілген. Қарлұқ этнонимін әл-Идриси жазудың белгілі екі түрінде — арабша және парсыша: харлух және халлух деп береді. Хақан басқаратын қарлұқтар мекендейтін негізгі аудандар төртінші және бесінші климаттардың тоғызыншы бөлігіне орналастырған. Әл-Идрисидің картасына қарағанда, қарлұқтар елінің оңтүстігінде Бухайрат ат-түрік (Түрік көлі немесе Самджан көлі) деген үлкен көл орналасқан. Әл-Идриси еңбегінің тексінде бұл көл туралы ешқандай мәлімет жоқ, ол мүлдем ауызға алынбайды. Түрік көлінің оңтүстік жағында, қарлұқтар мекендеген аймақта Жоғарғы Барсхан қаласы көрсетілген, көптеген деректемелер бойынша қазір ол Ыстықкөлдің оңтүстік жағасына сеніммен орналастырылуда, мұның өзі Түрік көлін Ыстықкөл деп санауға берік негіз береді. Сол арқылы, К. Миллер ұсынғандай, Гаган көлін Ыстықкөл деп есептеуге болмайды<sup>65</sup>, оның үстіне, «Нузхат әл-муштактың» тексі және картаның деректері бойынша, қарастырылып отырған кезде Гаган көлінің төңірегінде кимектер қоныстанған. Ал Ыстықкөл мен оның солтүстік-шығыс жағында жікіл тайпалары мекендеген. «Ыстықкөлдің бүкіл төңірегін жікілдер алып жатыр», — деп көрсетеді Гардизи<sup>66</sup>.

Оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында қарлұқтар Тибетпен және тоғыз-ғұздармен (ұйғырлармен) шектесіп жатты. Қарлұқтар иеліктерінің Тибетке жақындығы «Худуд әл-алам» анонимінің қолжазбасында да атап өтілген. Тегінде, Памирдің оңтүстік-шығыс жағындағы таулы аймақтар мен Шығыс Түркістан аймағы (Жаркент, Хотан) Тибет делініп отырса керек. Қарлұқтар мен ұйғырлар (тоғыз-ғұздар) арасындағы шекараға келетін болсақ, ол Шершен, Тарым және ішінара Ақсу өзендерінің бойымен өткен<sup>67</sup>.

Шығыс жағында қарлұқтардың иеліктері кимектердің жеріне тікелей жақын орналасты. «Қарлұқтардың Атракан қаласынан кимектердің бірінші қаласы — Карантия қаласына дейін түріктерден шыққан көшпелі халық тұратын шөл арқылы он түнеп жетуге болады», — деп жазады әл-Идриси<sup>68</sup>. Карантия қаласы Алакөл көлінің ойпатына сәйкес келетін үлкен Гаган көлінің оңтүстік-шығысына орналасқан<sup>69</sup>. Әл-Идриси суреттеген географиялық жағдайды ескергенде, «Сурат әл-ардтың» деректері қарлұқтар мен қимақтар арасындағы шекаралық өңірді Алакөл көлдері жүйесінің батысына қарай жатқан деп анықтауға мүмкіндік береді. И. Маркварт Балқаш көлін Гаган көлі деп санады<sup>70</sup>. Алайда ұсынылған ұқсастыруды сәтті шыққан деп санауға болмайды, өйткені, «Нұзхат әл-муштақ» тексіне сәйкес, Га-

ган көлінің оңтүстігіне таман тоғыз-ғұздар мекендеген, ал сонымен бірге ортағасырлық жазбаша деректемелердің және қазіргі ғылыми зерттеулердің деректемелерін жинақтау негізінде Балқаштың оңтүстік жағында VIII ғасырдың орта кезінен бастап қарлұқтардың қоныстанғаны туралы қағида орнықты. Әл-Идрисидің «Сурат-әл-ард» деген картасында қарлұқтардың едәуір тобы Іле аңғарында, Түріктер көлі (Ыстықкөл) мен Тахама көлі (Балқаш көлі) арасында орналастырылған. Тахама көлін Балқаш көлі деп сеніммен айтуымызға болады, Балқаш көлі қарлұқтар мен кимектердің арасындағы табиғи шекара болды<sup>71</sup>.

Әл-Идрисидің картасында неғұрлым ертедегі деректемелер бойынша кеңінен белгілі Тараз (Жамбыл) және Испиджаб (Сайрам) қалалары көрсетілген. «Нұзхат әл-мұштак» тексінде Тараздың солтүстік жағында қарлұқ-түріктер мекендейтіні атап өтіледі; Тараздың оңтүстігіне таман 5 фарсах болатын Касрибас деген жердегі жайылымдарда қарлұқтардың қыстаулары бар екені де айтылады<sup>72</sup>. Қарлұқтардың Тараз аймағы шегінде мекендегенін басқа авторлардың мәліметтері де қуаттайды.

«Сурат әл-ардта» Испиджабтың солтүстік-батыс және Төменгі Барсханның солтүстік жағында Кандждех жері бар деп көрсетілген. Әл-Истахридін, Ибн Хаукальдің және әл-Макдисидің деректеріне қарағанда, Кандждех округінің астанасы Субаникет Испиджабтан екі күндік жерде<sup>73</sup>. Картаға түсіріп көрсеткенде Кандждехтің (Кангдех) орналасуының өзі маңызды, оның атауында Тұран елі туралы ертедегі Иран эпосымен байланысты көне топономикалық және этномикалық номенклатура сақталған. Әл-Идрисидің мәліметтерін Тұранның, Канганың байырғы жерлері Испиджабтың солтүстік жағында, оның шекарасында деп анықтайтын жағдай растайды<sup>74</sup>.

Қарлұқтар елінің шегінде Тараздың солтүстік-шығыс және Тахаманың (Балқаш көлінің) оңтүстік-батыс жағында шағын Жанаф таулары көрсетілген, оның етегінде Демиртағ қаласы орналасқан. Картаға түсірілген жағдайын негізге ала отырып, Жанаф тауын Шу-Іле тауларымен теңестіруге болады. Жанаф тауының солтүстігіндегі аты жоқ «бәдәуилер сияқты жүннен жасалған шатырларда тұратын көшпелі қарлұқтар тайпалары мекендейтін шөл» бары айтылады<sup>75</sup>. Сірә, бұл шөлдер дегенде Шу-Іле тауларының шығыс жағында жатқан Тауқұм және Сарышiк атырау шөлдері айтылып отырса керек.

Әл-Идрисидің картасында Тараз бен Испиджабтан оңтүстігіректе Жабрагун (немесе Жабрагуз, Чаграгуз) деген үлкен таулар жүйесі бейнеленген, ол Каспий теңізінің (Хазар теңізі) жағалауындағы Сияхкух тау жүйесінен тура шығысқа қарай, Арал теңізінің (Хорезм көлі) оңтүстік жағында орналасқан. Мұнда Сырдария (Нахр Шаш) және Әмудария (Нахр Жайхун) Кердері қаласының маңында бір салаға қосылып және аталған тауларды кесіп өтіп, Арал теңізіне құяды. Әл-Идрисидің еңбегі мен картасының тексіне басқа да ортағасырлық географиялық еңбектердің мәліметтерімен қосып мұқият талдау жасау С. Г. Агаджановтың Арал өңіріндегі Чаграгуз тау жотасын Сұлтан-Уиз-Дагпен зор негізде ұқсатуға мүмкіндік берді<sup>76</sup>.

Одан әрі Жабрагун таулары шығысында Төменгі Барсханға дейін созылып, оңтүстікте Ыстықкөл (Түрік көлі) ауданына дейін жетеді де, содан кейін оңтүстік-шығыс бағытында Хорасан шегімен жалғасады. «Сурат әл-ард» картасында Жабрагун таулары таға сияқты болып иіліп, Фараб, Шаш аймағын, Ферғананы, Усрушананы, Вахшты орай орналасқан. Жабрагунның бұлайша схемалы бейнеленуіне қарамастан, ең алдымен оны Орта Азия-

ның әр түрлі тарихи аймақтарымен салыстыруға болатынына сүйене отырып, Жабрагунды Тянь-Шань тау жүйесімен мейлінше көп мөлшерде салыстыруға болатын тәрізді.

Карталарға қарағанда, әл-Идрисидің Тянь-Шаннан Каспий теңізіне дейін үздіксіз созылып жатқан тау тізбегіне келгенде орографиялық жағдай туралы түсінігі көрінеу қате болса керек.

«Сурат әл-ардта» қарлұқтар қоныстанған аймақта қарлұқтардың қалалары мен қоныстары көрсетілген, олар: Жинқар, Салуния, Хайхам, Награн, Ханбарт, Атракана, Харлақ, Хақан, Қарлұқия, Бирк (Бирки, Мирки), Төменгі Барсхан. Әл-Идрисидің Кіші картасында сондай-ақ Жабал Шуб, Құлан, Хук көрсетілген. Көршілес елдерге баратын әр түрлі сауда және керуен жолдары осы қалалар арқылы өткен. «Нұзхат әл-мұштақта» қарлұқтар жерімен өтетін жолдар белгіленген.

Ұлы сауда жолының Тараздан Жоғарғы Барсханға дейінгі бөлігі сияқты негізгі жолдарға қоса, әл-Идриси тарихи-географиялық әдебиетте онша белгілі емес, ал кейде бұрын мүлде беймәлім болған жолдарды да келтіреді. Мәселен, Ахсикеттен (Ферғананың X ғасырдағы астанасы) қарлұқтар хақанының ордасы арқылы Алакөл көлінің жағасындағы, Тараздан Жетісу арқылы Ертістің орта ағысы ауданындағы кимек қалаларына жол өткен. Балқаш пен Ыстықкөл арасында қарлұқтардың Атракана, Барак, Салуния, Жинқар, Қарлұқия қалалары жатқан. Балқаш көлі қарлұқтар мен кимектердің арасындағы табиғи шекара болған.

Ыстықкөлдің төңірегінде және оның солтүстік-шығыс жағында қарлұқтардың жікіл тайпасы қоныстанды. «Ыстықкөлдің айналасының бәрін жікілдер алып жатыр» деп атап айтқан Гардизи<sup>77</sup>. Ыстықкөлдің солтүстігіндегі Ескөл қаласы мен оның батыс жағындағы Яр қаласы соларға қарасты болған. Ыстықкөл ойысы төңірегін қарлұқтар да мекендеді. Олар Барсхан, Тон, Талхир (Талғар) қалаларын иеленді. X ғасырда Іле аңғарынан шығысқа таман өңірді қарлұқтар тобы мекендеп, орталығы Қиялық (Талдықорған маңындағы Дүнгене қаласының жұрты) қаласы болған.

Сонымен, қарлұқтардың этникалық аумағы Қазақстанның Жоңғар Алатауынан Сырдарияның орта ағысына дейінгі кең-байтақ жерін алып жатты; бұл аумақта қарлұқ тайпалары Балқаш көлі мен Ыстықкөл аралығында, Іле, Шу, Талас өзендерінің аңғарларында, Тянь-Шань сілемдерінде, Испиджаб өңірінде ортағасырлық Отырар қаласына дейін мекендеген.

Араб саяхатшысы Әбу Дулаф өзінің қарлұқтар жерімен 25 күн жүріп өтуіне тура келгенін хабарлайды; ал Ибн Хаукальдің деректері бойынша, «қарлұқтар жерін батысынан шығысына қарай жүріп өту үшін тіпті 30 күн жол жүру керек болған»<sup>78</sup>.

X ғасырдың алғашқы жартысында қарлұқтар бірлестігінің осынау ұлан-байтақ аумағында бытыраңқылық күшейді. Мұны Қашғардың түрік билеушілері пайдалана қойды. 940 жылы олар Баласағұнды басып алды да, Қарлұқ мемлекеті құлады.

### 3. ОҒЫЗДАР

VII ғасырда Арал теңізі мен Сырдарияның орта ағысы аралығындағы аймақта кангар тайпалары этникалық қауымының қалыптасу кезеңі жүріп өтті. Сырдария араб және қытай деректерінде Кангар деп аталады. Ерте-

дегі түріктердің орхон жазбаларындағы кеңгерестер, Византия авторы Константин Багрянородныйдың (X ғ.) кангарлары және араб географы әл-Идрисидің (XII ғ.) хангакиштері — кангюйлердің этнонимдік дәстүрін сақтаушы кангар деген бір тайпалық атаудың әр түрлі нұсқалары<sup>79</sup>. Кангарлардың тайпаластары арасындағы билеуші үстем тобы болғаны анық.

Уақыт өте келе, VII—VIII ғасырлар тұсында кангар деген ескі атаудың орнына печенег деген жаңа этноним қалыптасады. Бұл өзгеріс Константин Багрянородныйдың мәліметтерінен айқын аңғарылады: «...печенегтер де басқаларынан гөрі аса батыл әрі аса ізгі жандар ретінде кангарлар деп аталады»<sup>80</sup>.

VIII ғасырдың бас кезінде Сырдария алқабы жартылай көшпелі печенег-кангар тайпаларының жалпы басшылығымен біріккен біртұтас саяси конфедерацияға енді. Конфедерацияның саяси орталығы Отырарда (немесе ертедегі түрік текстері бойынша басқаша айтқанда «Кангу Тарбан») болды<sup>81</sup>. Печенег тайпалары соғдылармен, батыс түрік тайпаларымен этникалық жағынан тұтас және елеулі жауынгерлік күш ретінде саяси және этникалық-мәдени өзара қатынастар жасады. Арабтардың жаулап алу кезеңінде печенег тайпалар одағы Сырдария алқабының отырықшы тұрғындарымен бірге әскери-саяси одақ құрып, ол арабтарға қарсы ойдағыдай күрес жүргізді.

Печенег-кангар тайпалары мал шаруашылығы, егіншілік және балық аулауды ұштастырған жартылай отырықшы шаруашылықпен айналысты.

VIII ғасырдың екінші жартысында кангар-печенег тайпалары Жетісу өңірінен кете бастаған оғыз тайпаларының бірлестігіне қарсы табанды күрес бастады.

Ертедегі оғыз тобының Жетісудан ығысуына, тегінде, бұл Батыс түрік және Түргеш қағанаттары құлағаннан кейінгі тайпааралық күрес пен Жетісуда қарлұқ этно-әлеуметтік қауымының құрылуына (766 ж.) байланысты болса керек. VIII ғасырдың соңғы үштен бірінде оғыздардың көсемдері Мауараннахрдың шекарасына жетті, ал IX ғасырдың орта шенінде кимектермен және қарлұқтармен одақтасып, кангар-печенег тайпаларын талқандады да, Сырдарияның орта және төменгі ағысының аңғары мен Арал өңірін қаратып алды<sup>82</sup>.

IX ғасырдың соңында оғыздардың әскери-тайпалық шонжарлары ұзаққа созылған күрестен кейін Арал өңірінің солтүстік жағындағы саяси үстемдікті қолына алып алды. Хазарлармен одақ құрды да, печенегтерді аяусыз жеңіліске ұшыратып, Жайық және Еділ өзендерінің аралығына ие болды. «Білуге тиісті бір нәрсе, — деп жазады Константин Багрянородный, — печенегтер әуел баста Ателде (Еділде), сондай-ақ Гемх (Жайық) өзенінде тұрды; олардың көршілері мазарлар (венгрлер) және уздар дейтіндер болды. Мұнан елу жыл бұрын уздер хазарлармен келісіп соғысқа шықты да, печенегтерді жеңіп, оларды өз елінен қуып шықты, содан бері міне осы күнге дейін оны уздар дейтіндер иемденеді.»<sup>83</sup>

Араб деректемелерінде оғыздардың әулеттік билеушілерінде олар Сырдарияның төменгі бойы мен Арал өңірін басып алғанға дейін-ақ өздерінің ордасы болғаны, оның Ескі Гузия деп аталғаны және оның астана делінгені айтылады. Шамамен алғанда Ескі Гузия Тянь-Шанның батыс сілемдері, Шу өзені және Сырдария бойындағы Қаратау аралығында орналасқан болуы керек.

VIII ғасырдың екінші жартысы — IX ғасырдың басындағы қаулаған тарихи оқиғалар оғыз тайпаларында мемлекеттік ұйым элементтерінің дамуына түрткі салды. Бұған печенег-кангар конфедерациясымен соғыс және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өмірлік қажеттігі едәуір дәрежеде себепші болды.

Оғыздардың мемлекеті туралы алғаш рет IX ғасырдың аяғы — X ғасырдың басындағы араб тілді тарихи-географиялық шығармаларда айтылады. Тегінде, Сырдария жабғулары державасының біржола қалыптасуы нақ осы кез болса керек. Оғыздарда қалыптасқан мемлекеттің болуы туралы ең ертедегі хабарлардың бірі әл-Якубидің (IX ғ.) шығармаларында кездеседі. Араб географының мағлұматы оғыздар мемлекеті туралы айтуымен ғана емес, олардың көршілес түрік тайпаларымен соғыстарын көрсетумен де қызықты. Тайпалар арасында қарлұқтардың, тоғыз-ғұздардың және кимектердің аталуы ерекше назар аудартады<sup>84</sup>. Ибн әл-Факихтің (X ғ.) географиялық еңбегінде IX—X ғасырлардағы оғыз тайпалары туралы өте қызықты мәліметтер бар, мұнда ол кимектермен және тоғыз-ғұздармен бірге оғыздардың «патшалар» (мәлік) екені және түріктерде басқалардан көбірек құрметтелетіні айтылады<sup>85</sup>.

Жазбаша деректердің нақты мәліметтері оғыздардың IX ғасырдың аяғы — X ғасырдың басында қалыптасқан өз мемлекеттілігі болды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

X ғасырда оғыз мемлекетінің астанасы Янгикент немесе Жаңа Гузия деп аталатын қала болды. Оғыз державасының саяси орталығы ретінде Янгикенттің таңдап алынуына көптеген жағдайлар себеп болады. Бұлардың ішіндегі ең бастысы оның Азияның ірі егіншілік өңірлерімен, Хорезммен және Мауараннахрмен түйісіп жатқан жердегі географиялық орны болды. Янгикент кимек даласы арқылы Сарысу, Кеңгір, Есіл және Нұра бойларына баратын маңызды керуен жолының үстінде болды, Сығанақ пен Оңтүстік Оралға баратын сауда жолы осы қаланың үстінен өтетін еді.

Басқа да ертедегі феодалдық саяси бірлестіктер сияқты оғыздар мемлекеті де тұтас топтасқан мемлекет болған жоқ. Әл-Идриси оғыздарда, сірә, хандар болар, бірнеше «патшалардың» болғаны туралы айтады. Ірі бірлестіктерді басқарған бұл көсемдердің ордалары бекіністі орындар болды, оларда қазына және азық-түлік сақталды. Оғыз хандары өздерінің иеліктерін қорғау үшін арнайы әскери отрядтар құрды, ал соғыс шыққан және шапқыншылық жасалған кезде бала-шағасы мен мал-мүлкін алып, қамалдарға тығылды<sup>86</sup>.

IX—XI ғасырларда оғыз мемлекетінің басшысы «жабғу» (ябгу) деген атағы бар жоғарғы билеуші болды. Оғыз жабғуларының елді өздерімен бірге билеушілері, сондай-ақ «күл-еркіндер» деген атақтары бар кеңесшілері болды. Жабғудың билігі, ол ресми түрде патшалыққа сайланып қойылған деп есептелсе де, мұраға қалып отырды. Билеушілер кеңестерде сайланды, бұл кеңестер өткен замандағы халық жиналыстарының өзгерген түрі болған еді. Алайда оғыздардың халық жиналыстары өте сирек шақырылған, ал күнделікті өмірде басты рөлді шонжарлар кеңесі (қаңқаш) атқарған. Халық жиналыстары шақырылған жағдайда, олар оғыз ақсүйектерінің айтқанынан шықпаған.

Аңыздарға қарағанда, оғыз билеушілері билігі жүріп тұрған «хан тұқымдарынан» «сайланған», ал «сайлаудың» өзі төре бойынша — әдеттегі құқықта-

рдың жазылмаған жиынтығы бойынша өткізілген. Оның негізіне билікті беруде інілеріне қарағанда ағасына артықшылық жасау алынды.

Жабғудың «инал» деген атағы бар өз мұрагерлері болған, бала кезінде оларды тәрбиелеу үшін арнайы қамқоршылар (атабектер) тағайындалған. Басқа түрік билеушілері сияқты, оғыз жабғуларының әйелдеріне де «қатын» деген атақ беріліп, олар сарай маңындағы өмірде айтарлықтай рөл атқарған. Сарайда әскери кеңеске сүйенетін оғыз әскерінің бастығы (сюбашы) маңызды орын атқарған. Әскер басылары саяси оқиғаларға араласқан, кейде тіпті жабғуға да қарсы шығып отырған.

Оғыз мемлекеті өзінің саяси және әлеуметтік табиғаты жағынан ертедегі феодалдық мемлекет болды. Онда әскери-демократиялық құрылыстың қойнауынан өсіп шыққан ел билеу институттары сақталды, ал жабғудың билігін ірі әскери-тайпалық ақсүйектердің кеңесі шектеп отырды.

Ескі рулық-тайпалық институттардың тез ыдырауы жағдайында патриархаттық-феодалдық қатынастар дамыды. Басқару аппараты қалыптасты. X ғасырдың аяғында-ақ уақытылы алынып тұратын алым-салық жүйесі болды. Ханның салық жинаушылары мың адамға дейін жететін арнаулы атты отряд болып құрылды, ал алым-салық төлеуден бас тартқан «бүлікшілерге» жазалау отрядтары жіберіліп отырды.

Оғыздар мемлекеті Евразияның саяси және әскери тарихында маңызды рөл атқарды. 965 жылы оғыз жабғуы мен Киев князі Святославтың арасында хазарларға қарсы бағытталған әскери одақ жасалды. Мұның нәтижесінде Хазар қағанаты талқандалды. Киев Русінің оғыздармен әскери-саяси одағы олардың саяси және сауда-экономикалық мүдделерінің бір болуынан туындады. Хазариямен бәсекелес болған ежелгі орыс мемлекетіне одақтас керек болды; екінші жағынан, феодалданып келе жатқан көшпелі оғыз шонжарлары өздерінің малына жайылымға, Дон және Қара теңіз маңындағы далаларға өте мұқтаж болды, ал оған жетуге Хазария бөгет жасады. Оғыздарды Еділ бойынан, Маңғыстаудан, Үстірттен өтіп, Европаны Азиямен жалғастыратын аса маңызды жолдар барынша қызықтырды. Бұл сауда жолдарын өз бақылауында ұстауға ертедегі орыс мемлекеті де мүдделі болатын. Хазарияның талқандалуы орыс көпестеріне Шығыс елдерінің байрыногына жол ашты. Осының бәрі оғыз жабғуларын сыртқы саяси бағытында орыс князьдерімен одақ жасасуға бағдар алуға итермеледі.

965 жылы Хазария жеңілгенге дейін оғыздар хазар қағандарымен ұзақ уақыт күрес жүргізді. Оғыздардың хазарлармен қан төгіс шайқастары, сірә, Маңғыстауға батыс жағынан іргелесетін далаларда өткен болса керек. X ғасырдың орта кезінде Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағасына дейін жеткен Хазар державасының шекарасы осы жерден басталатын еді<sup>87</sup>.

Хазар қағанатының талқандалуы оғыз державасының саяси қуатының өсуіне себепші болды. X ғасырдың аяғында оғыз жабғулары орыс князьдерімен біріге отырып, Еділ Бұлғариясын да күйрете жеңді. Орыс шежірешілері 985 жылы князь Владимирдің торктармен (оғыздармен) одақтаса отырып, бұлғарларға жорық жасағаны туралы айтады. Князь әскерлері Еділмен немесе Камамен қайықпен жүзді, ал торктар жағамен өздерінің жауға мінетін аттарымен жүріп отырды.

X—XI ғасырлар шегінде оғыз мемлекеті құлдырай бастайды. Алым-салықтардың жыртықшытықпен жиналуына наразы болған оғыз тайпаларының көтерілістері жиілей түседі. Оғыздардың тарихи аңыздарына қараға-

нда, бұл көтерілістер өкімет басына Х ғасырдың орта кезінде немесе оның екінші жартысының бас кезінде келген Әли ханның басқаруына қарсы жүргізіледі<sup>88</sup>.

Жабғулардың өз қазыналарының қамын ойлаған саясатына наразылықты Х ғасырдың орта кезінде-ақ Жентке жақын жерге келіп орын тепкен салжұқ көсемдері пайдаланды. Салжұқ көсемдері Жанкенттің оғыз билеушілеріне қарсы көтерілісті бастап, Жентті басып алады. Алайда, олар, сірә өздеріне артқан үмітті ақтай алмай, бұқараның қолдауынан айырылған болуы керек. Әйтпесе, олардың көп ұзамай-ақ Жент аймағынан кетуге мәжбүр болғанын түсіндіру қиын. Көтерілісшілер қозғалысы сәтсіздікке ұшырап, халық «ландары» жанышталды.

Осының бәрі Әли ханның мұрагері және оның орнына тұрған Шахмәлік өкіметінің нығаюына себепші болды. Оның тұсында мемлекеттің күшейгені соншалық, 1041 жылы оғыздар Хорезмді басып алды. Алайда екі жылдан кейін Шахмәлік деректемелер бойынша, бізге белгілі оғыз жабғуларының соңғысы – салжұқтардың қолына түсіп, өлтірілді. Көтерілісшілер қозғалысына қарсы күрес, салжұқтарға қарсы жылдар бойғы жүргізілген шайқастар мен соғыстар оғыз жабғуларының бірлестігін іштей үңгіп әлсіретті.

Оғыздар мемлекеті қыпшақ тайпаларының соққыларынан құлады. Оғыздардың бірсыпыра топтары қыпшақтардың тегеурінінен Шығыс Европаға, Кіші Азияға кетті, енді біразы Мауараннахрдың Қарахан әулетінің және Хорасанның салжұқ билеушілерінің қол астына көшті. Қыпшақтар ХІ ғасырдың ортасында талқандаған оғыздардың қалдықтары кейін келе Дешті Қыпшақтың түркі тілдес тайпаларына сіңісіп кетті.

**Этникалық және тайпалық құрамы.** Ертедегі оғыз тобының орныға бастауы Батыс Жетісумен байланысты<sup>89</sup>. Оғыздардың тарихи аңыздары да, осы пікірді қуаттайды, оларда оғыздардың алғашқы ата-бабаларының бірінің Ыстықкөл маңында болғаны айтылады. Бұл арада жетісулық (ежелгі оғыздық) рулық-тайпалық бөліністер еске алынып отырса керек, олар кейін қалыптасқан оғыз тайпалар одағына кірген болатын. Атақты Оғыз ханның Таластан Еділге дейінгі аралықтағы жерлерді жаулап алғаны туралы тарихи аңыздарда, оның әскерлерінде өздерін «оқғуғра-оғызбыз» деп атайтын бірнеше мың үйдің болғаны айтылады<sup>90</sup>. Бұл атаудағы «оқ» деген термин назар аудартады, ол «жебе», «ру», «тайпа» деген ұғымдарды білдірген. Айтарлықтай бір жай сол, неғұрлым кейінгі кезде жебе белгісі ұшұқтардың — оғыз әскерінің сол канатына жататын бір фратрияның эмблемасы болды.

Печенегтермен ұзақ уақыт шайқасу тайпалардың оғыз одағының саяси топтасуына себепші болды. Оғыз конфедерациясы кірме элементтердің Оңтүстік және Батыс Қазақстанның байырғы тұрғындарымен араласуының нәтижесінде құрылды. Оның құрамына кангар-печенегтердің біразы және Сырдария аңғарының, Арал маңының және Каспийдің солтүстік төңірегінің басқа да далалық тайпаларының біразы енді. Бұлар арғы тегі үнді-европалық және фин-угорлық болғанымен, бара-бара түріктенген тайпалар еді. Олардың бірсыпырасы Арал теңізінен Каспийдің шығыс жағалауына дейінгі даланы мекендеген аландар, астар болды<sup>91</sup>. Тегінде, Батыс Арал өңірінің дала халқы да осындай аралас халық болса керек, онда оғыздарға дейін VIII—IX ғасырларда бажғарлар, нукардалар және бажналар мекендеген<sup>92</sup>. Осы топтардың арасындағы тығыз қарым-қатынастың арқасында этникалық және мәдени жақындасу жүзеге асты. Сірә, қалаларда



басқа жақтан келіп қоныстанушылар саны оғыздардың отырықшы топтарынан көп болса керек. Мәселен, X ғасырда Жанкент, Жент, Хора тұрғындары негізінен алғанда «мұсылмандар» болған, ал ол кезде оғыздардың негізгі бұқарасы, соның ішінде олардың билеушілері де әлі ислам дініне кірмеген еді.

Оғыздардың көрші түркі тілдес тайпаларымен және халықтармен — қарлұқтармен, башқұрттармен, кимектермен, қыпшақтармен тығыз қарым-қатынас жасауы олардың барған сайын жақындаса түсуіне себепші болды. Мәселен, «Худуд әл-алам» шығармасына қарағанда, Андараз Хифчак аймағының кимектерінде оғыздарға ұқсас әдет-ғұрып болған<sup>93</sup>. Махмұд Қашғари оғыздар мен қыпшақтардың «ж» дыбысы басым говорларының жақындығын талай рет атап көрсеткен<sup>94</sup>. Кимек-қыпшақ тайпаларының оғыздармен этно-мәдени байланыстары ежелгі қазақ аңыздарынан да аңғарылады.

Қалыптасқан оғыз этносының құрамына Жетісудан шыққан түркі тілдес компоненттер де кірді. Бұлар ең алдымен оғыздармен бірге Сырдарияның орта шеніне ауа көшкен қарлұқ топтары, сондай-ақ халаждар және басқа батыс түрік тайпалары болды<sup>95</sup>. Олардың құрамына VIII ғасырда Шу мен Талас аңғарларын мекендеген жағрлар (шағр) және шарұқтардың бөлімдері де енген<sup>96</sup>. Тегі, XI ғасырдағы оғыз тайпаларының бірі есебінде айтылатын жарұқлұғтардың шарұқтардың ұрпағы болуы мүмкін.

Оғыздардың қалыптасуына шығыс түрік тайпаларының кейбір топтары да қатысты. Бұл орайда неғұрлым маңызды рөл атқарған имак-кимек тайпаларымен басқа да тайпалардың бөлімдері — негізгі көпшілігі Обь пен Ертістің арасын мекендеген байандұрлар, имурлер және қайлар болды<sup>97</sup>. Басқаша деуден гөрі бұл бөлімшелер оғыз көсемдерінің кангар-печенег бірлестігіне қарсы күресінде олардың одақтастары болуы мүмкін<sup>98</sup>. Печенегтерді талқандағаннан кейін шалғай батыста қалғандықтан, олар бертін келе оғыздардың құрамына енген.

Сөйтіп, оғыз этникалық қауымының қалыптасуы күрделі де ұзақ үрдіс болды. Оғыздардың құрамына Сырдария аңғары мен Арал-Каспий даласының ертедегі (негізінен түрік болып кеткен) этникалық компоненті де, Жетісу мен Сібірдің жартылай көшпелі және көшпелі рулары мен тайпалары да енді. Оғыз тобының алғашқы ұйытқысы Жетісуда қалыптасты, алайда өзінің батысқа қарай жылжу үрдісінде ол Оңтүстік және Батыс Қазақстан аумағындағы көшпелі және жартылай отырықшы халық есебінен едәуір толықты.

Оғыздар бірқатар рулық құрылымдар мен тайпаларға бөлінді. Оғыздардың тайпалық құрамы толық анықталып біткен жоқ, XI ғасырда оларда 22 тайпа болғаны ғана мәлім. «Диуани лұғат-ат-түрkte» оғыз тайпаларының мынадай тізбесі келтіріледі, олар: қынық, байандұр, ива, салұр, афшар, бектілі, бүкдүз, баят, язғыр, имур, карабұлак, алқабұлак, иғдыр, урегир, тутырқа, улайондулуг, түгер, жебни (жебеней), бежене, жуылдар, жаруқлуғ.

Махмұд Қашғари оғыздар алғашында 24 тайпадан құралған дейді<sup>99</sup>. Алайда неғұрлым кейінгі авторлар оның ішінде Марвази оғыздардың 12 тайпасы жөнінде ғана айтады<sup>100</sup>. Деректемелердің айырмашылықтарын оғыздардың екі экзогамиялық фратрияға: тиісінше олардың әскерлерінің оң және сол қанатына кірген бұзұқтар мен ұшұқтарға бөлінуімен түсіндіруге болар. Әрбір топта 24 тайпадан болды, бұлардың өзі де тепе-тең екіге бөлінеді.

Оғыздардың тарихи аңыздарына қарағанда, бұзұқтар оң қанатқа, «аға» тайпалар қатарына жатады да, ал ұшұқтар сол қанаттың «кіші» тайпаларына жатады. Жоғарғы ханды «сайлағанда» бұзұқтардың (ұшұқтарға қарағанда) көп артықшылықтары болған. Жалпы алғанда оғыз мемлекеті этникалық құрамы жөнінен ала-құла болып ерекшеленбеген.

Оғыздарда болған тайпалық және рулық бөлімшелер «бой», «оба», «көк» деп аталды. «Диуани лұғат-ат-түркке» және басқа деректемелерге қарағанда, оғыздарда «бой» тайпа деген сөз, ал «оба» және «көк» деген терминдер, сірә, көбінесе рулық бөлімшелерге қолданылған болса керек. Оғыздар бұған қоса ұрұғтар мен аймақтарға бөлінген. «Ұрұғ» деген терминмен рулық бөлімшелер және патронимия құратын атақты тұқымдар, әулеттер аталған.

Оғыздардың рулары мен тайпалары неғұрлым ірі тайпалық одақтардың құрамына кірген. Мұндай бірлестіктерді әдетте «ел» деп атаған, бұл «халық», «мемлекет» деген ұғымды береді. Оғыз рулары мен тайпалары алғашқы қауымдық үлгідегі таза қандас туысқандық ұйымдар болмаған. Олардың негізінде қандас туыстық емес, қайта шаруашылық-аумақтық байланыстар жатыр. Оғыз қоғамы іс жүзінде рулық-тайпалық ұйымның түрлерін сақтаған ертедегі таптық қоғам болды.

Оғыздардың арасында, көбінесе далалық аймақты мекендегендерінің ішінде, монғол тектес нәсілдік бет-пішін басым болды, бірақ сонымен қатар европалық-монғолдық тектер аралас пішіндер мен басқа пішіндер де болды. «Олар, — деп жазды Арал өңірінің оғыздары жөнінде X ғасырда әл-Масуди, — ең аласалары (түріктердің ішінде) және көздері барынша қысық келеді». Басқа ортағасырлық авторлар оғыздардың шаш, сақал-мұрттарының сирек, таңқы танау келетіндігін айтады. Жазбаша деректемелердің оғыздардың бет-пішіні туралы деректері палеоантропологиялық материалдармен де біршама дәлелденеді. Мәселен, Батыс Қазақстанның оғыз-печенег обаларындағы адамның бас сүйектері монғол тектес (оңтүстік-сібір пішіндес), сондай-ақ европалық тектес бет-пішінге жатады<sup>101</sup>. Этникалық жағынан араласып тоғысудың ең жедел үрдісі, сірә, Орта Азияның оңтүстік-шығыс аймақтарындағы оғыздар арасында орын алса керек.

Ортағасырлық деректемелерде оғыздардың көршілес халықтармен қан тоғысуы, араласуы туралы тікелей айтылатын мағлұматтар бар<sup>102</sup>. Жартылай көшпелі және көшпелі оғыздардың бірқатары, шын мәнінде, Оңтүстік Қазақстанның егіншілік өңірлеріндегі отырықшы халықтармен тоғысып кетті. Көбіне иран тілдес европеоидтермен араласқан мұндай этникалық топтар нарратив деректемелерде түрікмендер деп аталады.

Оғыз халқы қалыптасуының тездеуіне ескі қандас туысқандық байланыстардың ыдырып, жаңа аумақтық-шаруашылық бірлестіктердің құрылуы және ертедегі феодалдық қатынастардың орнығуы себеп болды. Алайда орта ғасырларда бұл үрдіс толық аяқталған жоқ.

Оғыз тайпалары қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түрікмен, өзбек, қар-ақалпақ халықтарының қалыптасуында компоненттердің бірі болып қатысты.

**Оғыздар Қазақстан аумағында.** Оғыз тайпалары кең-байтақ жерді мекендеді. Оғыздардың қоныстары Ырғызда, Жайықта, Жемде, Ойылда, Аралсор көлінің оң жақ жағасында болды, шығыста оғыздардың кейбір топтары Балқаш көлінің оңтүстік жағасына дейін барды, мұнда олардың Горғұз

деген бекінісі болды. Оғыздар сондай-ақ Арал маңын, Сырдария аңғарын, Қаратау баурайын, Шу өңірін мекендеді; бірақ олар бұл жерлердің бәрінде бірдей көп болған жоқ. Олар Каспийдің солтүстік өңірінде, Сырдарияның төменгі ағысында мейлінше тұтас қоныстанды.

Оғыздар билеушілерінің бірінің бекіністі ордасы Дахлан қаласы болды. «Нұзхат әл-муштак» шығармасында оғыздардың әскері көп болғаны және олардың Таразға жасаған шапқыншылықтары туралы айтылады. Соғыстардан кейін бітім жасалып, сауда жүргізіліп тұрды. Мұнда Шаштан мұсылман көпестері келіп, мал, негізінен түйе мен жылқы сатып алып жүрген<sup>103</sup>.

Ибн Хаукальдің шығармасында оғыздар Шаш (Сырдария) өзені Сабран (Сауран) шекарасынан өтетін жерлердегі шөлді де жағалай мекендейді делінеді. «(Шаш өзені) Сабран шекарасынан өткен жерде, — делінген Истахри еңбегінің парсыша нұсқасында, — осы өзен бойындағы Даруй деген жерде оғыздардың тұрғын жайлары бар»<sup>104</sup>. Сабран көршілес оғыз, кимек тайпаларына қарсы салынған шекаралық бекініс болды<sup>105</sup>.

Оғыздар Сырдарияның сол жағасында да көшіп жүрген, мұнда олар X ғасырдан бастап Фараб аймағының құрамына кірген Сүткент қаласына дейін жеткен. Оғыз тайпаларының бір тобы Сырдарияның Фараб пен Кендждех (немесе Кеңжиде) арасындағы өңірінде, Арыстың орта ағысында мекендеген.

Тарихи-географиялық материалдар оғыздардың көшіп-қонып жүрген жерлерін, шамамен алғанда, Қаратаудың оңтүстік жоталарынан, Бөген, Шаян және Арыс деңгейінен, Испиджаб шекараларына дейінгі, ал оңтүстік бағытта Шәуілдірден Алқакөл құмдарының шығыс шетіне дейінгі аралықта болған деп белгілеуге мүмкіндік береді. Оғыз тайпалары сондай-ақ Бетпақдаланың Сырдария жағалауын, Усрушанның солтүстік-батыс шекарасы төңірегін мекендеген.

Ибн Хаукальдің айтуына қарағанда, оғыздардың бір тобы Шаш аймағында орналасқан, қазіргі Арыс өзенінің аңғарындағы Пскент қаласына сәйкес келетін Бискент қаласында тұрған. «Мұнда, — деп жазады Ибн Хаукаль, — мұсылман дініне кірген оғыз-түрік және қарлұқ тайпалары жиналуда»<sup>106</sup>.

Истахри шығармасының парсыша нұсқасында Келес даласында болған «Оғыздар қонысы» (Дех-и-гузз) айтылады<sup>107</sup>. Мұнда, Келес даласында, Ангрен мен Шыршық аңғарында, Шатқал және Угам жоталарының баурайында оғыздар қарлұқтармен және басқа түркі тілдес топтармен аралас мекендеген. Ислам дініне кіргеннен кейін олардың біразы Шаш пен Испиджаб аймақтарының қалалары мен селолық қоныстарында тұрып қалады.

Оғыз тайпалары Сырдарияның төменгі ағысында да мекендеді. Мұнда Жент, Жанкент және Хора деген қалалар болған. Жент қираған Жаңақала қала жұртына сәйкес келеді, ал Жанкенттің құлаған орны Сырдарияның сол жақ жағасында, Қазалының оңтүстік жағында жатыр. Хораның нақты орны әзірше анық емес, ол Сырдарияның сағасына таяу жерде болған деуге келеді<sup>108</sup>.

Оғыздар егін салатын отырықшы аймақтар — Хорезммен, Мауараннахрмен және Хорасанмен шектес болған. «Мауараннахрдың бүкіл шекарасы, — деп жазады Истахри, — Хорезмнен Испиджабтың төңірегіне дейін оғыз-түріктермен соғыс қимылдары болып жататын жер»<sup>109</sup>. Хорезмнің оғыздармен шектес бекіністері Журжания және үлкен бекіністі қоныс Баратегін болған. Хорезмнің шекаралары Гургандждың солтүстік-батыс жағындағы шөлдегі Жита қаласының маңында да оғыздардың жерімен шектесіп жатты. Оғыз даласына баратын керуен жолы осы арадан басталатын еді. X ғасы-

рда батыста Хазарияға дейін созылып жатқан далалар, сондай-ақ Солтүстік Каспий өңіріндегі дала, Орталық, Унгуз сырты, оңтүстік-шығыс Қаракұм, Арал өңіріндегі Қызылқұм Хорезм немесе Оғыз шөлі деп аталды.

Х ғасырда оғыз тайпаларының көпшілігі Арал мен Каспий теңіздерінің маңындағы далаларға қоныстанған. Масуди Хазар теңізінің маңындағы шөлдерде көптеген көшпелі оғыздар тұрады дейді<sup>110</sup>.

Сондай-ақ оғыздар Ырғыз бойында, Мұғалжар тауының баурайында, Жем, Жайық бойында, Аралсор, Ойыл жағалауларында көшіп жүрген. Мұғалжар жотасы ауданында оғыздардың Нуджак және Бадағак деген қамалдары, Мұғалжардың солтүстік-шығыс беткейлері мен Оңтүстік Орал сілемдері арасында Даранда (Дендера) және Дарку деген шағын бекіністер болған. Соңғысы, сірә, оғыз «патшасының» жазғы ордасы болуы мүмкін; онда үнемі сауда жасайтын, қолөнермен айналысатын адамдар тұрған.

Сөйтіп, оғыздардың қоныстары мен қамалдарының батыс шекаралары Оңтүстік Орал мен Еділдің төменгі бойына дейін жеткен.

Жайық бойында және Еділдің сол жақ жағасында көшіп жүрген оғыз тайпалары башқұрттармен, бұртастармен шекаралас болған.

#### 4. КИМЕК ҚАҒАНАТЫ

Күйреген Батыс түрік қағанатының орнында көшпелі және жартылай көшпелі түркі тілдес тайпалар қазіргі Қазақстан аумағында құдіретті үш мемлекет: Жетісуда — қарлұқ этникалық-әлеуметтік бірлестігін, Сырдарияның орта және төменгі ағысы мен Арал өңірі далаларында — Оғыз державасын, ал Солтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстанда — Кимек қағанатын құрды.

Кимектер тарихының ертедегі кезеңі қытай деректемелерінде VII ғасырдағы батыс түрік ортасында болған оқиғаларға қатысты атап өтілген яньмо тайпасымен байланысты айтылған. Синологтар яньмоны йемек (имек) тайпасына балайды, ол, зерттеушілердің көпшілігі шамалайтындай, кимек атауының фонотекалық бір түрі болып табылады. Зерттеушілердің кимектер мен қыпшақтарды бір халыққа балап жүрген пікірі қате, өйткені орта ғасырлардағы жазбаша деректемелердің мәліметтері оларды екі жеке, бірақ туыс түркі тілдес этнос ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Теле тайпаларының бірі болған яньмолар VII ғасырдың бас кезінде Қобда алабында, солтүстік-батыс Монғолияда мекендеген. Олардың шығысында оғыздар болып, ал оңтүстігінде түргештер мен қарлұқтар қоныстанған. VII ғасырдың ортасына таман имектер (кимектер) Алтай тауларынан солтүстігірек жатқан аудандар мен Ертіс өңіріне көшіп барады. Бұл тайпа 656 жылы Батыс түрік қағанаты құлағаннан кейін оқшауланған еді. Шынына келгенде, кимек тайпалық одағының ұйытқысы нақ осы кезде пайда болады. Кимектер тайпасы басшысының «шад-түтік» деген атағы болған<sup>111</sup>. «Шад» және «түтік» деген атақтар түріктер арасында кеңінен мәлім және VII—IX ғасырлардағы ертедегі түріктердің руналық жазбаларында талай рет айтылады.

VIII ғасырдың екінші жартысы — IX ғасырдың басында кимек тайпалары үш бағытта: солтүстік-батыста Оңтүстік Оралға (негізінен, қыпшақтар), оңтүстік-батыста Сырдария аңғары мен Оңтүстік Қазақстанға, оңтүстікте

Солтүстік-Шығыс Жетісу шегіне қарай көшеді. 766 және 840 жылдар аралығында кимектер Батыс Алтай, Тарбағатай және Алакөл ойпаты аумағына ірге теуіп, Шығыс Түркістанда мекендеген тоғыз-ғұздардың солтүстік шектеріне дейін жетті. Олардың арасындағы шекара Жоңғар жотасының бойымен өткен.

840 жылы Орталық Монғолиядағы Ұйғыр қағанаты ыдырағаннан кейін оған кірген тайпалардың бір бөлігі (эймур, байандұр, татар) кимек бірлестігінің ұйытқысына қосылады. Жеті тайпа құрамындағы кимек федерациясы нақ сол кезде қалыптасады. Енді кимек тайпаларының басшысы «байғу» (ябғу) атағымен атала бастады<sup>112</sup>. Ябғу атағы өзінің лауазымдық дәрежесі жағынан шадтан жоғары болған. Түркі тілдес түрлі халықтардың — қарлұқтардың, оғыздардың, ұйғырлардың және басқаларының билеуші үстем топтарының ябғу атағы болғаны мәлім.

Кимек тайпаларының конфедерациясы полиэтникалық құрылым болды, оған түркі тілдес тайпалармен қоса, сірә, татарлардың түріктеніп кеткен топтары да кірген болса керек, ал татарлардың бірлестігі (тоғыз-татар) соның алдындағы уақытта Орталық Азия тоғыз-оғыздарының құрамында олармен тығыз саяси және мәдени байланыста болған еді. Кимек тайпаларының одағы қандас-туыстық байланыстарға негізделген құрылымға айналған жоқ, қайта аумақтық-әкімшілік қатынастар принциптеріне негізделді. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, кимектер бірлестігі рулық-тайпалық құрылымдардан жоғары тұрды, өйткені ондағы тайпалар бір-бірімен иерархиялық және вассалдық қатынастармен, қоғамның қатаң регламенттелген негіздерімен байланысты болды.

IX ғасырдың басында кимектер Сырдарияға қарай жылжыды, сонан соң қарлұқтармен одақтаса отырып, оғыздардың кангар-печенег тайпаларын жеңіп, оларды Сырдария мен Арал өңірінен ығыстырып шығаруына көмектесті.

**Кимек қағанатының құрылуы.** VIII ғасырдың екінші жартысы — IX ғасырда қаулаған оқиғалар кимектердің мемлекеттік ұйымдарының дамуына түрткі болды, бұл оқиғалар барысында кимек тайпалары Ертістің орта ағысынан Жоңғар қақпасына дейінгі аумақта берік ірге теуіп, батысқа қарай, Оңтүстік Орал мен Сырдария аңғарына дейін ілгерілеп барды. Кимектерде мемлекет болғаны туралы алғаш рет IX ғасырдың аяғы — X ғасырдың басындағы араб тілді тарихи-географиялық шығармаларда айтылады. Мәселен, IX ғасырдағы тарихшы әрі географ, өз хабарларында кең білімдарлығымен және біршама жоғары дәлдігімен ерекшеленетін әл-Якуби кимектер мен басқа да түркі тілдес халықтардың мемлекеттілігі туралы былай дейді: «Түркістан мен түріктер бірнеше халықтар мен мемлекеттерге (мамалик), соның ішінде: қарлұқтар, тоғыз-ғұздар, кимектер және оғыздар болып бөлінеді. Түріктердің әр тайпасында жеке мемлекеті бар және олар бір-бірімен соғысып жатады.»<sup>113</sup> Ибн әл-Факихте (X ғ.) қимақтар туралы қызықты мәліметтер бар, ол барлық түріктердің ең күштілері — оғыздардың, тоғыз-ғұздардың және кимектердің патшалары бар деп жазады<sup>114</sup>. Ал классикалық араб географтары әл-Истахри мен Ибн Хаукаль «түріктердің жерінде (олардың) тайпалары өз мемлекеттеріне сәйкес ерекшеленеді»<sup>115</sup> деп хабарлайды.

Кимек билеушісі едәуір күдіретті болған. IX ғасырдың аяғы — X ғасырдың басында кимек қағанаты қалыптасқан уақыттан бастап, олардың пат-

шасы түріктердің ең жоғары атағымен қаған (хакан) деп атала бастады<sup>116</sup>. «Қаған — түріктердің ең басты патшасы. Қаған — хандардың ханы, яғни парсылардың шаханшах дейтіні сияқты, басшылардың басшысы», — дейді Х ғасырдағы ортаазиялық ғалым әл-Хорезми<sup>117</sup>. Қаған атағы ябғу атағынан екі саты жоғары тұрған.

Сонымен, кимек қоғамының тайпадан мемлекеттік құрылымға дейінгі әлеуметтік және саяси дамуына қарай олардың басшылары атақтарында да төменгі сатыдан жоғары сатыға дейін біртіндеп көшу жүріп жатты. Салыстыру тұрғысынан алғанда ертедегі түріктердің шонжарларына мынадай дәреже сатылары: шад, ябғу (ұлы шад), кіші қаған, ұлы қаған атақтары тән болған. Көрініп отырғанындай, кимектер мен ежелгі түрік атақтарының арасында байланыс бары даусыз және олар кимектер ортасы мен ежелгі түріктердің түпкі отаны арасындағы сабақтастықты көрсетеді.

Кимектер қағанының қолында нақты билік болды, ол өз мемлекеті шегінде билеушілерді тағайындаған, ал олар тайпа шонжарларының өкілдері болған. Қағанның билігі ғана емес, сонымен қатар оның айналасындағы тайпа ақсүйектерінің билігі де мұрагерлік бойынша өтіп отырды. Кимек қағанының он бір басқарушысының үлестері мұра бойынша сол басқарушылардың балаларына беріліп отырған<sup>118</sup>.

Тайпалық бірлестіктер құрылған кездегі сияқты кимек қағанатының құрылу үрдісінде де әскери институттар зор рөл атқарды. Басқарушылар сонымен қатар әскери жетекшілер де болып, олар қағаннан қызметі үшін үлестер алып отырды. Үлестік иеліктер әскер жасақтап отырды. Бұл үлестердегі этникалық орта, негізінен алғанда, көбінесе белгілі бір тайпаның өкілдерінен құралды. Үлестік-тайпалық жүйе қоғамдық құрылыстағы ірі өзгерістердің салдарынан туды. Әдетте, үлестердің иелері кимек қағанына бағынышты болды. Әскери және әкімшілік негіздердің біріктірілуі салдарынан ірі тайпалық бірлестіктерді басқарып отырған билеуші көсемдер көшпелі жеке шаруашылығын нығайтуға және өздерінің саяси салмағын орнықтыруға ұмтылып отырды. Олардың кейбіреулері қолайлы жағдай туғанда мемлекеттегі жоғарғы билікті басып алуға ұмтылған жартылай тәуелді «хандарға» айналды. Кимектер елін суреттеген кезінде Шығыс Қазақстан даласында туған, кимек қағанының ұлы Жанақ ибн Хакан әл-Кимеки (X немесе XI ғғ.) жазған кітапты пайдаланған араб географы әл-Идриси (XII ғ.) кимектерде осындай «хандар» басқаратын бірқатар дербес иеліктер бар екенін жазады. Олардың ордалары айнала дуалмен қоршалған қалалар, мықты бекіністі сарай-қамалдар болған, олар көбінесе биік жерлерге орналасқан. Бұл қалалар мен бекіністерде «хандар» көптеген әскер ұстаған. Олардың байлықтары мен қоймалары қалаларда және адам жете бермейтін таулы аймақтарда орналасқан, «ханның» (малик) нұсқауы бойынша мұқият қорғалатын бекіністерде сақталды. Кимектер қағанының орталығы, оның ордасы Имекия (немесе Кимекия) қаласында болды, ол темір қақпалы дуалмен бекітіліп, қоршалды<sup>119</sup>. Қалада оның сансыз көп әскері мен қазынасы болды. Шынына келгенде, қаған билігі мен мемлекеттік өкімет арасында айырмашылық болған жоқ.

«Худуд әл-аламның» (X ғ.) он бір басқарушысы туралы мәліметтері, сондай-ақ әл-Идрисидің «кимектер қағанында хаджиб, уәзірлер, әділетті және жақсы мемлекеті бар»<sup>120</sup> деген хабары кимектерде мемлекеттік басқару аппараты болды деп айтуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік өкімет қаншалық-

ты қарапайым болғанымен, алайда, ол ең алдымен қоғамның әлеуметтік жіктелуінің нәтижесі. Орта ғасырлардағы деректердің жанама деректері кимек құрылымындағы әлеуметтік саралануды айқын дәлелдейді. Парсы тарихшысы Гардизи (XI ғ.) кимектер арасындағы көшпелілер «өз мырзаларының малын бақты» дейді, сондай-ақ «қысқа арнап олар (яғни кимектер) әрқайсысы өзінің шама-шарқына қарай қой, жылқы немесе сиыр етін сүрлеп алады» деп атап көрсетеді<sup>121</sup>. Әл-Идрисидің жазуынша, тек шонжарлары ғана қызыл және сары жібектен киім кие алған<sup>122</sup>, сол арқылы олар өздерінің қатардағы көшпеліге қарағанда артықшылық жағдайын көрсеткен. Нақ сол авторлардың мәліметтеріне қарағанда, кимектердің қалаларында атты әскермен қоса жаяу әскер де болған. Жаяу әскерлер контингентінің әдетте адамдардың екі тобынан: күйзеліске ұшыраған көшпелілер мен тұтқындардан тұрғаны күмәнсіз. Кимек тайпаларының қабірлерінен табылған археологиялық материалдар да жерленген адаммен бірге салынған құрал-сайманның құндылығы мен көлемі әр түрлі екенін айқын дәлелдейді.

Кимек қоғамындағы мал-мүлік теңсіздігінің әбден дендеуі, бір жағынан көшпелі аристократияны шығарса, екінші жағынан — қарапайым көшпелілердің қалың бұқарасын күйзеліске ұшыратты. Сірә, малынан айрылған көшпелілердің бірқатары Махмұд Қашғаридің айтқанындай отырықшылыққа (ятұқ) көшуге мәжбүр болса керек<sup>123</sup>.

Ятұқтар қолөнерін, балық аулауды кәсіп етті, қыстауларға орнығып қоныстанды, көшпелі ордалардың төңірегіндегі шағын мекендерде тұрды, бұл мекендер бірте-бірте қалаға айналды.

Кимек мемлекетінде алым-салықтың болғанын түріктердің өндірген алтынынан билеушінің міндетті түрде үлес алу фактісіне қарап топшылауға болады.

Кимектерде жазу болған деп топшылауға дәлел бар. Мұны Әбу Дулафтың мына сөзінен көреміз: «Оларда қамыс өседі, бұл қамыспен олар жазады.»<sup>124</sup> Тегі кимектер қамыс қаламмен жазып, мұнда ежелгі түрік әліппесін пайдаланған болуы керек. Мұны Ертіс бойынан, Тарбағатай тауларынан табылған заттар — мезгілі IX—X ғасырларға қатысты түрік жазулары бар қола айналар да көрсетеді<sup>125</sup>.

IX ғасыр мен XI ғасырдың басында кимектер ертедегі түріктердің діни нанымдарын ұстанды, олардың арасында Тәңіріге, бабалардың аруағына табыну елеулі орын алған. Жекелеген топтары отқа, күнге, жұлдыздарға, өзенге, тауға табынған. Шаман діні кеңінен тарады. Сонымен бірге кимектердің кейбір топтары манихей дінін — христиан түсінігіндегі бағытын уағыздаған. Кимектердің шонжарлары арасында ислам айтарлықтай таралған болуы мүмкін; арабша жазған кітабы сияқты, Жанақ ибн Хакан әл-Кимеки деген аттың өзі де осыны дәлелдейтін сияқты. Бұл жағынан кимектер қабірлерінің жекелеген ерекшеліктерінің мұсылманша жерлеу есебіне жатқызылуының да маңызы аз емес. Дүниежүзілік діндердің біреуіне (исламға, христиан дініне) тартылудың әлеуметтік-экономикалық дамудың белгілі бір көрсеткіші болып табылатыны мәлім.

Әлеуметтік және мәдени жағынан кимектер көп жағынан ертедегі түріктер арасында VI—IX ғасырларда қалыптасқан дәстүрін мұраға алып, дамытты, ал IX ғасырдың аяғынан XI ғасырдың басына дейін оларда қалыптасқан мемлекет болды.

Деректемелерде кимектердің соғыстары, көршілеріне шапқыншылық

жасауы, оларға жауап ретінде көршілерінің кимектердің мекендеріне шабуыл жасауы туралы мәліметтер өте көп. Әл-Идриси былай деп жазады: «Кимектер патшасы — ұлы патшалардың бірі, өзінің қабілеті жағынан даңқы шыққандардың бірі... түрік патшалары қаған өкіметінен қауіптенеді, ол кегін алады деп қорқады, оның күшінен сақтанады, оның шапқыншылықтарынан қашқақтайды, өйткені олар мұндай іске бұрын талай барғанын біледі, оларды өз бастарынан өткізген»<sup>126</sup>.

Кимек билеушілерінің тоғыз-ғұздар жерінің бір бөлігін басып алумен аяқталған оңтүстікке әскери экспансиясын Гаган (қазіргі Алакөл) көлінің оңтүстік-шығыс жағалауында орналасқан Карантия деген кимек қаласының бір кезде тоғыз-ғұздар иелігінде болғаны туралы хабар дәлелдейді. Кимектер X ғасырда өз иеліктерінің солтүстік-батыс бөлігін ғана сақтап қалған тоғыз-ғұздардың шекаралық қаласы — Шығыс Түркістандағы Жамлекеске шапқыншылық жасаған<sup>127</sup>.

Сонымен бірге, бұл да өте маңызды, деректемелерде бейбіт кездерде кимектердің оғыздар жеріне, ал оғыздардың кимектердің жерлеріне көшіп-қонып жүргені атап айтылады. Сондықтан кимек-қыпшақ тайпалары мен оғыз тайпалары арасындағы тығыз байланыстар олардың тілінде, тұрмысы мен мәдениетіне ықпал жасағаны кездейсоқ емес.

Әл-Идрисидің жанама деректерін негізге ала отырып, кимектердің қағаны Енисей қырғыздарының еліне де шапқыншылық жасаған деп топшылауға болады. «Қырғыз елі қалаларының бәрі, — деп жазады әл-Идриси, — үш күн ішінде жүріп өтетін аумақта орналасқан. Ол қалалар төртеу, үлкен дуалдармен қоршалған ол қалаларда еңбек сүйгіш, жауынгер, ержүрек халық тұрады, олар кимектердің өзінің көршілерімен әрқашан дерлік соғысып жүретін соғыс құмар патшасының пысықтығынан өте-мөте қауіптенуге тиіс.»<sup>128</sup> Ал екінші жағынан, қырғыз және кимек тайпаларының тұрмысында ұқсас белгілердің көп болуын олардың арасындағы тығыз этникалық-мәдени байланыстармен түсіндіруге болады. Мәселен, кимектердің Қырқырхан деп аталатын ауданы тұрғындарының әдет-ғұрпы қырғыздардың әдет-ғұрпына ұқсас болуымен мәлім.

Өз кезегінде, шектес жатқан ұлыстар мен халықтар кимектердің қоныстарына шабуыл жасап отырған. Карахандар кимек жерлеріне соғыс жорығын жасап, кейде олар сонау Ертіске дейін жеткен.

**Кимек қағанатының құлауы.** X ғасырдың аяғы XI ғасырдың басында Кимек мемлекеті ыдырайды. Оның құлауының екі себебі болды. Негізінен алғанда, өзін-өзі билеуге және өз мемлекеттілігін құруға ұмтылған қыпшақ хандарының кимектердің орталық билігіне бағынбауына байланысты ішкі сипаттағы себеп. Сонымен қатар XI ғасырдың басында қоныс аударып бастаған көшпелі Орталық Азия тайпалары қоныс аударуының ықпалымен болған сыртқы оқиғалар. Тайпалардың қоныс аударуының негізгі себебі — 916 жылы Солтүстік Қытайда қидандардың Ляо мемлекетінің құрылуы болды. Бұл держава жерінің батысқа қарай ұлғаюы көшпелі тайпалардың одан әрі ығысуына әкеп соқты. Тайпалардың орасан зор қоныс аударуының жаңғырығы орта ғасырлардағы көптеген деректемелерде: араб-парсы, орыс, армян, венгр, византия, сирия және т. б. деректемелерінде көрініс тапты. Бұл деректемелерден ең алдымен араб ғалымы әл-Марвазиді (XII ғ.) атап өткен жөн, оның шығармаларында сол көшу жөнінде мейлінше құнды ақпарат сақталған, ол тайпалардың қоныс аударуын былайша суреттейді: «Олар-



дың (түріктердің) арасында құндар деп аталатын бір топ адам бар, олар қытай қағанынан қорқып, Қытай жерінен келді. Олар — несториан сарынындағы христиандар. Өздерінің аймақтарынан олар жайылымның жеткіліксіздігінен кетті. Икинджи ибн Қошқар Хорезмшах солардың (арасынан) шыққан. Олар (құндар) қайлар деп аталатын халықтан теперіш көрді. Бұлар олардан көп те күшті болатын. Бұлар оларды жайылымнан қуды. Сонда құндар шарлар жеріне келіп қоныстанды да, шарлар түрікмендер жеріне көшті. Түрікмендер оғыздардың шығыс жерлеріне көшті, ал оғыздар Армян теңізіне жақын маңайдағы печенегтер жеріне көшіп барды»<sup>129</sup>. Бұл арада Армян теңізі деп Қара теңіз айтылады. Демек, бұл көшу Қытайдан Қара теңізге дейінгі халықтарды қамтыды.

Бұл мәліметтерге бірқатар ғалымдардың жасаған талдауы қысқаша түрде мынадай көріністі көзге елестетуге мүмкіндік береді: қай және құн тайпалары кимек-қыпшақ тайпаларының бір тобын Солтүстік-Шығыс Жетісу мен Ертіс өңіріне ығыстырып, кимек мемлекетіне соққы береді. Сөйтіп, қайлар қыпшақтарды орнынан қозғайды, ал қыпшақтар оғыздарды Сырдария өзенінің аңғарынан, Аралдың батыс өңірі мен Каспийдің солтүстік өңірінен ығыстырып, оларды орыстың оңтүстігіндегі және Қара теңіз өңірі далаларына көшуге мәжбүр етеді.

Оғыздардың жерін басып алғаннан кейін қыпшақ хандары едәуір күшейіп, кимек-қыпшақ және куман тайпаларының бұрынғы қоныстанған негізгі жерінде күш-қуаты жағынан басым болады, ал кимектер осы оқиғалар барысында саяси үстемдігінен айрылып қана қойған жоқ, сонымен қатар қыпшақтарға тәуелді болып қалды. Кимектердің бір бөлігі Ертісте қалып, екінші бөлігі Түркістан және Орта Азия аймағына қоныс аударды, енді біразы қыпшақ тайпаларымен бірге батысқа, оңтүстік орыс далаларына қарай қозғалды<sup>130</sup>. Қыпшақтар кимек мемлекетінің орнын басты.

**Этникалық және тайпалық құрамы.** Деректемелерде кимектердің этникалық және тілі жағынан түріктерге жататындығына тікелей еш күмән келтірілмейді. Керісінше, олар туралы жазғандардың бәрі кимектерді бірауыздан негізгі түрік тайпаларының қатарына жатқызған. Жазбаша деректемелерде кимек этнонимінің уақыты жағынан алғаш рет айтылуы VIII ғасырға жатады. Араб географы Ибн Хордадбехтің (IX ғ.) деректері бойынша саяси және әлеуметтік жағынан маңызды түрік халықтарының тізімінде кимектер тоғыз-ғұздармен, оғыздармен, печенегтермен, қарлұқтармен, қыпшақтармен, аскишилермен, түргештермен қатар аталады<sup>131</sup>.

Кимек федерациясының алғашқы құрамы Гардизи еңбегінде келтірілген. Бұл одаққа жеті тайпа: эймур, имек, татар, байандұр, қыпшақ, ланиказ, ажлар тайпалары кіреді<sup>132</sup>. Гардизи ешбір тайпа жөнінен ешқандай мәлімет келтірмейді, оның еңбегінде бұлар көптен бері келе жатқан және белгілі тайпалар ретінде айтылады. Ол бұл тайпалардың қайдан шыққанын да көрсетпейді. Кимек одағына кірген тайпалардың тарихын қарастыру олар Қазақстан аумағына Орталық Азиядан көшіп келді деп топшылауға негіз береді.

Кимек тайпаларының біріншісі, эймур тайпасы, оғыздар арасында да белгілі. Ол VIII ғасырда он екі ұйғыр тайпаларының арасында да айтылады. Эймурлардың кимектер мен Сырдария оғыздары тайпалары құрамында көрінуі эймурлардың батыс және солтүстік-батыс бағытына қарай жылжуын көрсетеді. Эймурлар кимектерге де, оғыздарға да араласып, сіңісіп кеткен жоқ, олардың құрамына тайпа ретінде кірді.

Гардизи еңбегінде айтылатын имек этнонимі VII ғасырдағы қытай шежірелеріндегі яньмо деген түрік тайпасымен бір деп саналады. Мұсылман деректемелерінде тайпа аты алғаш рет «Худуд әл-аламда» кимектердің астанасы Имекияның атында келтіріледі<sup>133</sup>, басқа бір деректерде қаған ордасы Кимекия деп аталады<sup>134</sup>. Кимек конфедерациясы тайпалары басшыларының атағы, Гардизиге сәйкес, имек-байғу<sup>135</sup>, ал әл-Масудидің мәліметтері бойынша — кимек-байғу<sup>136</sup> ретінде белгілі.

Махмұд Қашғари кимектерді йемектер деп атайды. Кимектердің үшінші тайпасы — татарлар бірінші рет отыз-татарлар деген атпен VI ғасырдағы оқиғаларға байланысты VIII ғасырдағы көне түрік жазбаларында келтіріледі. Түріктердің басқа жазбаларында олар тоғыз-татарлар ретінде мәлім. Тоғыз-татарлардың негізгі оғыз тайпаларымен тұрақты саяси өзара іс-қимылы татар тайпаларының бұл тобын VIII ғасырда Монғолияның солтүстік-шығыс жағында мекендеген деп санауға мүмкіндік береді. 740—840 жылдарда татарлар Ұйғыр қағанаты құрамына кіреді. Ұйғыр қағанаты күйрегеннен кейін татарлар оғыз-ұйғыр тайпаларымен бірге Шығыс Түркістанға көшіп барды. «Худуд әл-алам» анонимі татарды сеніммен тоғыз-ғұздарға жатқызады. Махмұд Қашғари де татарларды түркі тілдес тайпалар арасында атайды.

VIII ғасырдың орта шеніндегі руналық жазбалардың тексінде кимектерге туыс қыпшақтар туралы айтылады. Мұсылман деректемелерінде қыпшақ этнонимін алғаш рет Ибн Хордадбех VIII ғасырдағы түрік тайпаларының тізімінде де келтіреді.

С. Г. Кляшторныйдың пікірінше, қыпшақтардың ежелгі тарихы сир (немесе қытай деректемелері бойынша се) деген тайпа атауымен байланысты<sup>137</sup>. IV ғасырда се (сир) тайпасы өз көршілерін бағындырып алды. Оларды қырғынға ұшыратқан билеуші рулар жаңа конфедерацияны басқарды. Қытай тарихнамасында олар IV ғасырдан VII ғасырға дейін сеяньто деген атаумен белгілі. VI ғасырдың орта шенінде сеяньтолар түрік қағандарына саяси тәуелді болды. Олардың едәуір бөлігі Хангайда тұрды, басқа бір бөлігі Шығыс Тянь-Шанға көшіп барды. VII ғасырдың бас кезінде Солтүстік Монғолияда сеяньтолар телелердің он тайпасы одағын басқарды. 630 жылы сеяньтолар бұл одақтан бөлініп шығып, орталығы Отюкенде (Хангай) болған өзінің Сир мемлекетін құрды. Оның шекаралары Алтай мен Хинган, Гоби мен Керуленге дейін ұлғайды. Солтүстігінде сеяньтолардың қағаны Енисей қырғыздары елін бағындырды. 646 жылы тоғыз-ғұздар сеяньтоларды жеңіліске ұшыратты, сөйтіп, сирлер мемлекеті құлады. Алайда көп кешікпей түріктермен одақтасқан сирлер Орталық Азияда қаһарлы күшке айналды. 691 жылы түріктермен бірге олар тоғыз-ғұз тайпаларының конфедерациясын басқарған ұйғырлардан Отюкен даласын тартып алды. 742 жылы Орталық және Батыс Монғолиядағы өз мемлекеті құлағанға дейін түріктер мен сирлер (қыпшақтар) тоғыз-ғұздарға елу жыл бойы билік етті. VIII ғасырдан бастап ертедегі түрік ескерткіші мен мұсылман деректемесінде қыпшақ этнонимі пайда болады.

Ибн Хордадбех енді қыпшақтарды кимектерден бөлек атайды. «Худуд әл-алам» бойынша, қыпшақтар — кимектерден бөлініп шыққан және тұрмыс салты неғұрлым қарапайым халық. Кимектерден солтүстікке таман жатқан аумақты иеленген қыпшақтардың дегенмен де оларға саяси тәуелділігі сақталып қалды. Қыпшақтардың билеушілерін кимектердің қағаны тағайын-

дады. Махмұд Қашғари имектер мен қыпшақтардың жақындығын айта келіп, қыпшақтардың өздері өзін имектер деп санамайды, қайта оларды өздеріне тегі жағынан байланысты деп санайтынын атап көрсетеді<sup>138</sup>.

Сонымен, қыпшақтар туралы өте ертедегі мәліметтердің бәрі оларды VIII—XI ғасырларда кимектердің тайпалар одағымен (кейіннен мемлекетімен) саяси жағынан байланысты болған деп санауға мүмкіндік бергенімен, алайда бұл байланыстардың әлсіз болғанын, этникалық аумақтарының әртүрлі екенін, сондай-ақ экономикалық және тұрмыстық сипаттағы айырмашылықтарын атап өтеді<sup>139</sup>. Кимектер мен қыпшақтардың бірлігі туралы пікір қате, өйткені орта ғасырлардағы мұсылман тарихнамасында келтірілген мәліметтер оларды туыстас екі тайпа деп санауға мүмкіндік береді.

VIII—X ғасырларда Қазақстан аумағында қыпшақ этникалық қауымының қалыптасуы күрделі әрі ұзаққа созылған үрдіс болды, оның дамуынан екі кезең аңғарылады.

Бірінші кезеңі қыпшақ тайпаларының едәуір топтарының Ішкі Азиядан Ертіс өңіріне келуімен байланысты, бұл олардың түріктермен бірге 742 жылы Солтүстік Монғолиядағы ертедегі түрік жерін басып алған тоғызғұздардан жеңіліс табуының салдарынан болған еді. Орта Ертіс пен Алтай аймағында қыпшақтар кимек федерациясының ұйытқысына кірді. Негізгі қыпшақ тайпаларының өзін-өзі билеуге ұмтылуы VIII ғасырдың аяғында олардың кимектерден бөлініп шығуына жеткізді.

Екінші кезең — VIII ғасырдың аяғынан XI ғасырдың басына дейін. Негізгі этникалық қауымдардың өзара әсері мен бірігуінде кимек тайпалары топтастырушылық рөл атқарды. Бұл кезеңде қыпшақтар ертедегі башқұрт, печенег, қарлұқ және әсіресе оғыз тайпаларының конфедерацияларымен тығыз этникалық-мәдени өзара байланыстар және өзара ықпал жасап отырды. Сонымен бірге қыпшақ тайпаларының ішкі этникалық даму бағыты ежелгі мекендеушілердің, жергілікті оғыз, угро-фин, сармат-алан этникалық топтарының араласып, сіңісуіне бағытталды.

Нарративтік деректемелердегі байандұр этнонимі тұңғыш рет Гардизиде кимектер тайпасы ретінде кездеседі. Сонан соң олар туралы Махмұд Қашғари мен Рашид ад-Дин жазып, байандұрларды оғыз тайпасы деп айтады. Сірә, байандұрлардың бір бөлігі — кимектер құрамына, ал екінші бөлігі оғыздар құрамына кірген болса керек.

Алтыншы және жетінші тайпалар деп ланиказдар (В. Минорский нилказдар деп есептейді) мен ажларлар айтылады.

Тайпалық құрамға жасалған талдаудың көрсеткеніндей, кимектердің тарихына Енисей қырғыздарының 840 жылы Ұйғыр қағанатын талқандауы зор ықпал жасады. Шындығына келгенде эймурлар мен байандұрлардың кимек тайпалық одағында да, Сырдариядағы оғыздар одағында да, ал татарлардың кимектер арасында пайда болуы осы кезге жататын болар.

Кимек мемлекетінің қалыптасуы барысында кимек тайпаларының сандық құрамы өзгереді. «Худуд әл-алам» мен әл-Идрисидің деректері бойынша, кимек мемлекетінің ұйытқысы 12 тайпа болған. Кимектерге қарасты аумақта қыпшақ бірлестігімен қоса XI—XII ғасырларда жекелеген топтары қыпшақтардың рулық-тайпалық құрамына кірген кумандар да айтылады. Орта ғасырлардағы араб географтары кумандарды дербес этноним ретінде атайды, мұның өзі өте назар аударарлық жай, өйткені отандық және шетелдік тарихнамада қыпшақтар мен кумандар бір деген пікір кең таралған.

IX—X ғасырлардағы жазбаша деректермелердің мәліметтері бойынша, кумандар Батыс Қазақстан аумағында мекендеген және кимек, қыпшақ, куман тайпаларының үш құрамды бірлестігінің батыс тармағы болған. Оңтүстік Сібірді, Солтүстік Алтай аймағын кумандар мекендеген негізгі өңір деп санау керек. VII ғасырдың ортасында Батыс түрік қағанаты құлағаннан кейін бірқатар түркі тілдес тайпалардың оқшаулануы және сонымен бірге олардың күрделі топтасу үрдісі жүріп жатты. Солтүстік-батыс Алтай мен Шығыс Қазақстан аумағында кимектер мен қыпшақтардың этникалық-мәдени қауымы пайда болады. VIII ғасырдың аяғында қыпшақтардың едәуір тобы, сірә, кумандармен бірге кимектерден бөлініп шығып, Ертістің батысына қарай тура Оңтүстік Орал өңіріне дейінгі жерге ірге тебеді. Қыпшақ және куман тайпалары X ғасырдың аяғына дейін кимек қағанатына саяси тәуелділікте болып, Ертістен Еділге дейінгі кең-байтақ аумақтағы мемлекетке кірді. Ол мемлекет қыпшақ хандарының қолына көшкен кезде кимектер мен кумандар басқа тайпалармен бірге қыпшақтардың саяси ықпал аясына енді.

**Кимектердің, қыпшақтар мен кумандардың қоныстануы.** VIII ғасырдың ортасына дейін кимектер, қыпшақтар мен кумандар далалық Алтай, Таулы Алтай мен Ертіс өңірлерін мекендеді. Оңтүстікте кимектерге Оңтүстік Алтай мен Тарбағатай аралығындағы Ертіс бойында тұрған қарлұқтар, шығысында орталығы Минуса ойпатындағы қырғыздар көрші болды. VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап кимектер оңтүстік бағытқа жылжып, қарлұқтар жеріне қоныстана бастады. IX ғасырдың басында кимектердің жекелеген топтары Солтүстік-Батыс Жетісу аумағына көшіп барып, тоғызғұздармен көрші болды, ал олардың арасындағы шекара Жоңғар жотасының бойымен өтті. Жоңғар жотасының оңтүстігіне қарай тоғыз-ғұздар мемлекеті орналасты.

Кимектердің оңтүстікке қарай қозғалуымен бірге VIII ғасырдың екінші жартысында қыпшақтар Ертістен батысқа қарай орын ауыстырды. Әл-Идриси шығармасы тексі мен онда келтірілген картографиялық материал деректері қыпшақ тайпаларының жекелеген топтарын Ертіс пен Тобыл өзендерінің аралығына орналастыруға мүмкіндік береді. VIII—IX ғасырлар шебінде қыпшақтардың батыс бөлігі печенегтердің солтүстік жағына ірге тебеді. VIII—IX ғасырдың бірінші жартысында печенегтердің Сырдария аңғарында және Арал өңірі далаларында тұрғаны мәлім. Демек, қыпшақтар мен печенегтердің шекарасы тікелей Оңтүстік Оралдың оңтүстік-шығысы мен Арал өңірі далаларының солтүстік аймағы аралығынан өткен. IX ғасырдың басында кимектердің тайпалары Сырдарияның орталық аудандарына жақындайды. IX ғасырдың ортасында печенег конфедерациясы оғыздардың, кимектер мен қарлұқтардың одағынан жеңіліс тапты. Осы оқиғалардың нәтижесінде оғыздар печенег тайпалары одағының Сырдария бойы мен Арал өңірі далаларындағы жерін қаратып алды. Осылайша қалыптасқан жағдайда печенег конфедерациясының тайпалары қоныс аударып, Жайық пен Еділ арасындағы жайылымдарға орналасты. Алайда IX ғасырдың аяғында оғыздар хазарлармен одақтаса отырып, печенегтерді жеңіліске ұшыратты да, Жайық және Еділ өзендерінің аралығын басып алды. Печенег тайпаларының негізгі көпшілігі Оңтүстік-Шығыс Европаға көшіпкетуге мәжбүр болды, ал олардың қалған бөлігі оғыздардың және кимек-қыпшақ тайпалық бірлестігінің құрамына кірді.

Әл-Идрисидің кумандардың қоныстануына қатысты деректері осы кезге (IX ғасырдың аяғы – X ғасырдың басы) жатады. Әл-Идрисидің «Сурат әл-ард» картасында Каспий (Бахр әл-хазар) және Арал (Бухайрат әл-Хваризм) теңіздерінің солтүстік жағында Аскасия таулары орналасқан. Олар солтүстіктен оңтүстікке қарай меридиан бағытында созылып жатыр, шығыс жағы аздап еңістеу деп суреттеледі. Бұл таулардан бірнеше өзен, соның ішінде Каспийге құятын Еділ өзені ағып шығады, бұл топографиялық объектілерді ұқсастыру үшін ерекше маңызды.

Таулардың суреттелген сипаттамасы Аскасияны Орал таулары деп сеніммен айтуға мүмкіндік береді. Араб географтары Ибн Саид пен Әбу-л-Фида Аскасияның тау беткейлерінде, оның оңтүстік жағында кумандар мекендеген деп көрсетеді<sup>140</sup>. Картада Аскасияның оңтүстік-шығыс жағында онша қашық емес жерде Тагур таулары көрсетілген, кумандар елінің орталығы мен астанасы Кумания сонда орналасқан. Нақты географиялық схемаға сәйкес, Тагурды Мұғалжар тауларымен салыстыруға болады. Орта ғасырлардағы шығармалардың тексіне қарағанда, Мұғалжар кумандар қоныстанған негізгі аймақ болып табылады. Жазбаша деректемелердің деректерінен көрініп отырғанындай, кумандар Аралдың солтүстік өңірі далалары мен Оңтүстік Орал тауы етегі арасындағы кеңістікте қоныстанған. Олардың оңтүстік жағында – оғыздар (әл-Идрисидің «Кіші» картасына сәйкес) мен кимектер, батысында – печенегтер, солтүстік-батысында – бұлғарлар, солтүстік-шығысында қыпшақтар орналасқан. Текстологиялық және картографиялық материалдарға жасалған талдау орта ғасырлардағы авторлардың мәліметтерін IX–X ғасырларға жатады деп белгілеуге негіз береді. Кумандар кимек-қыпшақ бірлестігінің батыстағы тармағы болған.

X ғасырдың басында кимектер мен қыпшақтар оғыздармен бірге Жайық алабында, Арал және Каспий өңірлерінің далаларында көшіп жүрген. Бұл тайпалардың қоныстануы араб географтарының орта ғасырлардағы карталарында да көрініс тапқан. Әл-Истахридтің «Әлем картасында» кимектер Арал теңізінің солтүстік және солтүстік-батыс жағындағы жерге орналасқан.

Қыпшақтар Оралдың оңтүстік шегінде башқұрт тайпаларымен шектесіп жатқан. Араб саяхатшысы Ибн Фадлан (X ғ.) башқұрттардың осы ауданда мекендегенін көрсетіп, олардың қонысы Багнады өзенінің бойында деп атап өтеді, бұл қазіргі Явындыға сәйкес келетін болар<sup>141</sup>. Қыпшақтардың башқұрттармен тікелей қарым-қатынас жасауы олардың уақыт өте келе мәдениет пен тіл жағынан өзара тығыз араласуына әкеп соқты. Аңыз-әңгімелеріне қарағанда, башқұрттың батыс тайпалары қыпшақ бірлестігінен бөлініп, монғол шапқыншылығынан көп бұрын Орал өңіріне қоныстанды.

Тарихшы әл-Масудидің (X ғ.) атап өткеніндей, кимек және оғыз тайпаларының қыстаулары мен жайлаулары Жем және Жайық өзендерінің бойына орналасқан.

Кимек тайпалары топтарының Жем мен Жайықта көшіп жүретіні әл-Масудидің мәліметтерінде атап өтіледі. Каспий теңізіне құятын Ақ және Қара Ертіс туралы әл-Масуди былай деп хабарлайды: «Олардың сағаларының арасы он күндік жолға жуық; оларда кимектер мен оғыздардың қыстаулары мен жазда көшіп жүретін жерлері орналасқан»<sup>142</sup>. Бұл өзендер Жем мен Жайыққа ұқсастырылады. Ертістің өзінен осынша ұзақ қашықтықта Ақ және Қара Ертіс топонимдерінің пайда болуына осы кезге дейін қан-

ағаттанарлық түсінік алынған жоқ. Біздің пікірімізше, бұл бірегей ақпаратта алдыңғы орта ғасырлар дәуіріне тән заңдылық көрінеді, ол заңдылық географиялық ортаның этникалық сана-сезімде бейнеленуінде болып табылады. Мәселен, этникалық аумақтың ландшафтары онда мекендейтін адамдардың санасында «туған жерге» тәңірідей сыйынған түсініктер түрінде сақталып қалады. Басқа жерге көшіп барған этнос өзінің бұрын мекендеген жерлеріндегі тәңірідей табынған тауларының, көлдерінің, өзендерінің атауларын сол жаққа ала барады. Осыған байланысты Гардизидің: «Ертіс өзені — кимектердің құдайы» дегенін еске түсірейік<sup>143</sup>. Жем мен Жайықты тек кимектер ғана өздерінің бұрынғы қоныстанған жерлері бойынша Ақ және Қара Ертіс деп атай алған<sup>144</sup>. Сірә, әл-Масуди үшін бұл ақпараттың бастауы кимектер ортасынан шыққан болса керек.

Жайық өңірінде кимектердің көшуін «Худад әл-алам» авторының мәліметтері де растайды. Бұл деректемеге сәйкес, «Артуш өзені кимектер мен оғыздардың жерлері аралығында ағып жатыр». В. Минорскийдің пікірінше, Артуш Жайыққа сәйкес келеді<sup>145</sup>. X ғасыр авторының аты беймәлім шығармасында мұсылман дүниесінен алыста жатқан «дінсіздер» аймақтарының гидрографиясы туралы мүлде айқын емес көрініс тапқан. Бір жағынан, кимектер мен қыпшақтар, екінші жағынан, оғыздардың арасындағы тікелей шекара мен аса тығыз этникалық-мәдени байланыстардың болуы этникалық және әлеуметтік үрдістерде, материалдық және рухани мәдениетте өз ізін қалдырды. Парсы деректемесінің көрсетуіне қарағанда, кимектердің кейбір бөлігі өз ғұрыптары жағынан оғыздарға ұқсаған.

Беймәлім араб географының «Әлемнің дөңгелек картасында» келтірілген деректеріне сүйене отырып, кимектер қонысының батыс шекаралары туралы әбден айқын айтуға болады: ол Каспий өңірі далаларының солтүстік-шығыс жағы, Жайық және Жем өзендерінің аңғары, Арал теңізінен Оңтүстік Оралға дейінгі солтүстік жақтағы аудандар. Картада кимектердің X ғасырдағы орналасуы көрсетіледі.

«Худуд әл-аламның» кимектер туралы бөлімінде сол кезге қатысты елеулі мәліметтер бар, онда кимектер шегіндегі аумақтық үш бөлініс туралы айтылады. Біріншісі — Андак әл-хифчак, батыс жағында кимек жеріне жапсарлас жатқан және кейбір ғұрыптары жағынан оғыздарға ұқсайтын қыпшақтардың кейбір бөлігінің аймағы. Тегінде, Андак әл-хифчак Орталық Қазақстанның солтүстік-батыс және батыс бөлігі мен Арал өңірі далаларының солтүстік шет жағын, яғни оғыздар шегіне тікелей жақын жатқан аймақты алып жатса керек. Қыпшақ және оғыз тайпалары арасындағы сан ғасырлық аса тығыз байланыс оларды тілі, тұрмысы мен мәдениеті жағынан жақындатады. Махмұд Қашғаридің айтуынша, қыпшақ тілі диалектісінің нақ оғыздардың «ж» дыбысы басым диалектісі сияқты фонетикалық ерекшелігі болған. Қыпшақтардың оғыз тайпаларымен этникалық-мәдени байланыстары қазақтардың ескі аңыздарынан да аңғарылады. «Йагсун-йасу» — кимектердің Еділ мен Жайық өзендерінің аралығында жатқан, климат жағдайы неғұрлым қолайлы және неғұрлым бірқалыпты екінші ауданы<sup>146</sup>. Батысқа қарай қозғалуына қарай кимек тайпалары өздері табынған топонимдерінің атауларын жаңа жерлерге апарған. «Қырқырхан» — кимектердің ғұрпы қырғыздардың әдет-ғұрпына аздап ұқсайтын үшінші ауданы. Сірә, бұл аймақ басқа да көршілес түрік тайпаларына қарағанда, қырғыздардың әлдебір топтарына анағұрлым жақын жатса керек. Бұл та-

рихи-географиялық терминге басқа да жазбаша деректемелердің хабарларымен біршама салыстырып талдау жасау Қырқырханды Тарбағатайдан Шыңғыстау жотасын қоса алғанда, Қалба жотасына дейінгі ауданда болған деп шамалауға мүмкіндік береді.

Кимек тайпаларының жекелеген топтары Каспий жағалауына дейін де жеткен. Белгілі бір тарихи кезең ішінде әрбір дерлік қаланың, өзеннің немесе шөлдің бірнеше атауы болған. Бұл атаулар жалпыға мәлім топономикалық заңдылықтарға байланысты: теңіз өзінің айналасындағы елдердің атымен, жағалауында орналасқан қаланың атымен, құйып жатқан өзендердің атымен, жағалауында тұрған халықтардың атымен аталады. Кимектердің Каспий өңірі даласына келуін топономикада Каспий теңізінің аз уақыт Кимек теңізі болып аталуы көрсетеді, бұл атау «Шахнамада» айтылған<sup>147</sup>.

X ғасырдың екінші жартысында кимектер мен қыпшақтардың жекелеген топтары Түркістанның мұсылман аймақтарының шекарасында тұрды. Әл-Макдисидің (X ғ.) айтуына қарағанда, Сауран қаласы оғыздар мен кимектерге шекаралық бекініс болған. Сонымен қатар әл-Макдиси Түркістанның солтүстік жағында 26 шақырым жерде жатқан тағы бір үлкен, бай қала Шағылжанды да кимектерге қарсы шекаралық бекініс, үлкен қамалы бар елді мекен деп атайды<sup>148</sup>.

Балқаш көлі де Жетісудағы кимектер мен қарлұқтар арасындағы табиғи шекара болды.

Кимек тайпаларының көшіп жүретін жерлері солтүстігінде ормандыдала өңіріне дейін жетті. Кимектер елінің солтүстік-шығыс шекаралары Батыс және Солтүстік Алтай аймағы мен Батыс Сібірдің оңтүстігіндегі кимектердің сrostкиндік мәдениеті таралған шегіне жапсарлас жатқан аудандарды қамтыды. Сrostкин мәдениетінің ең шығыстағы ескерткіштері Кузнецк Алатауының батыс сілемдерінен табылды.

Кимектер жерін 35 күнде кесіп өткен Әбу Дулафтың саяхаты, сірә, осы кезде болса керек<sup>149</sup>.

Сонымен, шығысында Алтай мен Ертістен батысында Еділ мен Оңтүстік Оралға дейінгі, солтүстігінде Құлынды даласынан оңтүстігінде Балқаш көлі мен Жоңғар Алатауына дейінгі кең-байтақ аумақ кимектердің саяси үстемдігінде болды. Кимектердің ежелгі жерлері Ертісте орналасқан, онда кимек қағанының екі астанасы — ескі және жаңа астаналары болған.

XI ғасырдың басында қыпшақ хандары осы ұлан-байтақ жердің мұрагерлеріне айналды.

## **5. ҚАРЛҰҚТАРДЫҢ, ОҒЫЗДАРДЫҢ, КИМЕКТЕРДІҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

**Мал шаруашылығы.** Оғыздардың, қарлұқтардың және кимектердің көпшілігінің басты кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болды. Көшпелілер маусымдық жайылымдардың бірінен соң біріне ауысып, ұзақ уақыт көшіп жүрді. Өзендердің белгілі өткелдерінен, қолайлы тау асуларынан өтіп, суы мол, шөбі қалың жайлауларға жететін ғасырлар бойы қалыптасқан көші-қон жолдары болды. Жайылымдарды дұрыс пайдалану үшін жылдың қай кезінде қай жерде шөптің қалың болатынын білу керек еді. Бұрыннан келе жатқан көшу жолдарының бағыты бір үлкен экономикалық немесе саяси жағдайлар болғанда ғана өзгерді.

Кимектердің кейбір топтары қыста Жайық пен Жемнің арасын қыстап, жазда Ертіс жағасын жайлап жүрді<sup>150</sup>. Оғыздардың бір бөлігі Сырдарияның төменгі бойын қыстап, жайлауға Каспий маңындағы далаға көшетін болды. Әл-Бируни оғыздардың қара күзде Хорезм шекараларына таяу көшіп келетінін жазады және олардың енді бір топтарының кимектер елінде Манқұр көліне таяу жерде<sup>151</sup> (Ұлытау баурайы) көшіп жүретінін айтады.

Оғыздарда ұлан-байтақ даламен алыс жерлерге қоныс аударып жүретін көшпелілерге тән кішкене жолым үйлер қондырылған арбалар болған.

Орта ғасыр авторлары кимектердің, оғыздар мен қарлұқтардың жылқы, қой, ешкі, сиыр, өгіз, түйе өсіргенін айтады.

Олардың шаруашылығында қой өсіру аса маңызды рөл атқарды. «Өсімдік майының орнына мал майын пайдаланды, тоң майды шам етіп жақты»<sup>152</sup>. Оғыздар елінен Хорасан мен Мауараннахрға жеткізілетін қой еті ол кезде ең жақсы ет саналды. Ибн әл-Факих түрік қойлары «өте ірі келеді, батпандай құйрықтары жер сызады» деп жазады<sup>153</sup>. Сірә, қаракөл қойлары да өсірілген болса керек. Мысалы, Ибн Хаукаль Түркістанда әдемі елтірілер алынатын қойлар бар деп жазады. Өсіресе қара, қызыл және қоңыр-қызыл қозылардың елтірісі ерекше бағаланған.

Көшпелі шаруашылықта жылқы өсірудің ерекше маңызы болды. Жылқының жүрдектігі, төзімділігі арқасында ғана алыста жатқан жайылымдар игеріліп отырды. Жылқы соғысқа, аң аулауға пайдаланылды. Әл-Жахиздің сөзімен айтқанда, «түрік жерден гөрі ат үстінде көп отырады»<sup>154</sup>. Ибн Фадлан мен Гардизи X ғасырда оғыздар мен кимектердің жер қайыстырған қалың жылқы өсіргенін жазады. Түрік жылқысы жергілікті табиғат жағдайына және жыл бойы аяғынан жайылуға жақсы бейімделген, етті де, сүтті де болды. Көшпелі түрік тайпалары сиыр еті мен қой етінен жылқы етін артық көрді, ал биенің сүтінен қымыз ашытты<sup>155</sup>.

Жылқының екі түрі — аласа, басы үлкен, мойны қысқа әрі жуан келетін түрі және басы кішірек, тірсегі жіңішке салт мінілетін тұрықты тұқымы өсірілді. Тамим ибн Бахр кимектер патшасы мен оның әскері аттарының «тұяқтары жұқа келеді»<sup>156</sup> дегенде, сірә, бәйге аттарын айтқан болуы керек.

Көшпелі оғыздар мен қарлұқтар түйе де өсірген; оларға қарағанда кимектерде түйе азырақ болған. Деректемелерге қарағанда, оғыздар айыр өркешті ірі түйе өсірген. Осындай түйелерге мініп саяхат жасаған Ибн Фадлан оларды түрік түйесі деп атайды. Оғыз түйелері кішірек келетін хазар түйелерінен ерекше болған. Қарлұқтар түйе етін жемеген<sup>157</sup>.

Кейбір деректемелерде қарлұқтардың, оғыздар мен кимектердің сиыр өсіргені айтылады<sup>158</sup>. Сірә, ірі қараны негізінен алғанда жартылай отырықшы елдер ұстаған болса керек, әйтсе де көшпелілер өгізді жегуге пайдаланған.

Ешкі де өсірілген, бірақ олар мал шаруашылығында үлкен рөл атқармаған.

Ет пен сүт тамақ болған, ал жүннен киіз басылып, киім, кілем тоқылған және басқа бұйымдар жасалған. Мал өнімдері ішкі қажеттерді қанағаттандыру үшін ғана емес, сонымен қатар көршілес егін салатын аудандарға сату үшін де өндірілген.

**Аң аулау кәсібі.** Оғыздардың, кимектер мен қарлұқтардың күнкөріс кәсіптерінің бірі аң аулау болды. IX ғасырда әл-Йакуби көшпелі түріктер «көбіне жабайы аң-құстың етін жейді»<sup>159</sup> деп жазды. Жахиз түріктердің аң



аулау тәсілдерін қызғылықты етіп суреттейді. Оның сөзіне қарағанда, олар аң аулағанды жақсы көреді, тіпті шапқыншылықта жүрген кезінде де аң аулайды, аң аулауға салт ат мініп шығады; олар әсіресе киік пен құланды қуғанда ерекше төзімді келеді<sup>160</sup>.

Аңға жалғыз шығумен қатар, қаумалап та аулау ұйымдастырылған; олар аң аулағанда шаруашылық мақсатымен қатар, өзінше бір үлгідегі маневр, әскери жаттығу ретінде әскери маңызын да көздеген.

Кимектердің, оғыздар мен қарлұқтардың арасында терісі қымбат түлкі, сусар, құндыз сияқты аңдарды аулаушылар да болды<sup>161</sup>. Кимектер сонымен қатар бұлғын, ақ тышқан және жыртқыш ірі аңдар: жолбарыс, барыс аулаған<sup>162</sup>. Ертіс бойында ықшам киінген, ат үстінен сүңгімен жолбарысты түйрегелі жатқан кимек аңшысының суреті салынған қола тоға табылды<sup>163</sup>. Аң терісі бұл тайпалардың басқа елдерге шығарып сататын дүниелерінің бірі болды.

Оғыздардың, кимектер мен қарлұқтардың кейбір топтары, көбінесе кедейлері Сырдариядан, Ертістен және басқа өзендерден балық аулаумен айналысқан. «Диуани лұғат-ат-түрkte» және араб-қыпшақ сөздіктерінде балық аулайтын еңбек құралдарының кимек-қыпшақ терминдері: ырғақ — қармақ, ағ — ау, ожан (ұлық) — кішкене қайық, кеме (қараб) — үлкен қайық деген сөздер келтірілген. Нарративтік деректемелердің мәліметтерін Ертіс бойынан табылған археологиялық материалдар растайды. VIII—IX ғасырлардағы қорымдардан балықтардың мүсіндік бейнелері табылды.

**Отырықшы және жартылай отырықшы топтар.** Қарлұқтардың, оғыздар мен кимектердің арасында жартылай отырықшы және отырықшы халық шоғырлана қоныстанған топтар болған. Түрік тайпаларын сипаттай келіп әл-Идриси: «Адамдары көшпелі... Алайда олар жер өндейді, тұқым сеуіп, егін жинайды» деп жазады. Жоғарыда айтылғандай, IX—X ғасырларда кедейленген қауым мүшелерінің бірқатары егіншілікке көшті, сөйтіп әсіресе сауда айырбасының ұлғаюы нәтижесінде көшпелілердің отырықшы егіншілік өңірдегі халықтармен экономикалық байланыстары күшейді.

«Худуд әл-алам» авторының мәліметтері бойынша, қарлұқтар тұрған аймақ түріктердің қарауындағы халық неғұрлым жиі қоныстанған және ең бай жерлер болды, оларда қалалар мен отырықшы мекендер көп болған. Сол деректеме бойынша, қарлұқтар елінде 25 қала мен қоныс болған, олардың ішінде: Құлан, Мирки, Аталық, Тұзұн, Балық, Барсхан, Секөл, Талғар, Тоңғ, Пенчул және басқалары бар. Әсіресе қарлұқтар қағанының қаласы ерекше болған, оны әл-Идриси «халқы көп, бекінісі мықты, әскері көп және қару-жарағы мол қала» деп сипаттайды<sup>164</sup>. Археологиялық деректер де қарлұқтарда отырықшы халықтың әжептәуір болғанын көрсетеді.

Деректемелер оғыздардың арасында отырықшы егіншілер мен қала халықтарының едәуір көп болғандығын көрсетеді. «Оғыздарда қала көп, — деп жазады әл-Идриси, — олар солтүстікке және шығысқа қарай бірінен кейін бірі созылып жатады»<sup>165</sup>. Әбу Дулаф оғыздардың орда қаласында тас-тан, ағаштан және қамыстан салған үйлер болды деп көрсетеді<sup>166</sup>. Масудидің жазуынша, Арал өңіріндегі оғыздар көшпелі және отырықшы болып екіге бөлінеді<sup>167</sup>, Сырдарияның төменгі ағысындағы Жанкент, Жент, Жуара қалалары оғыздардың қалалары болған. «Худуд әл-аламға» және Бируни мен Махмұд Қашғаридың жазғандарына қарағанда, Сырдарияның орта ағысында да оғыздардың отырықшы мекендері болған, олар: Қарнак,

Сүткент, Фараб, Сығанақ және Сауран; олардың негізгі тұрғындары ятұқтар (жатақтар) болған. Махмұд Қашғаридың анықтамасы бойынша, «бұл қалаларда тұратын оғыздар басқа жерлерге көшпейді, соғыспайды, ятұқ деп, яғни елеусіз қалған жалқаулар деп аталады»<sup>168</sup>.

Сырдарияның орта және төменгі ағысында жүргізілген археологиялық зерттеулер кезінде ертедегі ортағасырлық көптеген қоныстардың жұрттары табылады, бұлар ескі, суарма арналары бар жер алқаптарына өзінше бір үлгіде орамалай салынған орталықтары бар қоныстар болған.

Кимектерде отырықшы қоныстар болғанын көптеген араб-парсы авторлары көрсеткен. Әскері бар кимек қағанын көрген Тамим ибн Бахр оның ордасының қасында қоныстар мен егін салынған жерлер барын да айтады. «Худуд әл-аламның» кимектер туралы бөлімінде «кимектер елі және олардың қалалары туралы пайымдау» деген сөздерден басталады, мұнан кейін қағанның жазғы ордасы Имекия (басқа деректерде Кимекия) және Жұбын қонысы айтылады<sup>169</sup>. Көшпелі тұрмыс салтына бейімделген тұрғын үйдің негізгі түрі — киіз үйден басқа Исхақ ибн әл-Хусейн мен әл-Марвази кимектердің жертөлелері бар деп жазады<sup>170</sup>.

Кимектердің қалалық тұрмысы туралы әл-Идриси шығармаларынан мейлінше толық мәліметтер алуға болады. Кимек ханзадасы Жанак ибн Хақан әл-Кимекидің кітабына сүйене отырып, ол кимектердің көлдер мен өзендердің жағаларына, таулы аудандарға және пайдалы кендер шығатын жерлерге салынған 16 қаласы туралы айтады. Олардың көбі сауда жолдарының бойында тұрған. Кимек қалалары жақсы бекінген. Деректемелерде таулардың арасындағы, айналасында суға толы жыралары бар қамал-қалалар айтылады. Орталық Қазақстанда қабырғасы шикі кірпіштен салынған, іш жағы шыммен, буылған қамыспен өрілген қала жұрттары табылды; мұнда көптеген қоныстардың, суарма арналардың ертедегі қалдықтары ашылды<sup>171</sup>.

Қарлұқтардың, оғыздар мен кимектердің жартылай отырықшы және отырықшы топтары егіншілікпен айналысты, көбінесе тары екті. Әл-Йакубидің айтуынша «Түркістанда жаварс деп аталатын тарыдан басқа егіншілік жоқ»<sup>172</sup>. Әбу Дулаф қарлұқтар мен кимектер азық үшін бадана, бұршақ және арпа егеді дейді<sup>173</sup>. Әл-Идриси кимектерде бидай мен арпа егілетін, жері құнарлы аудандар барын, олардың еңбек көп жұмсалатын күріш сияқты егіншілік дақылын өсіретінін айтады<sup>174</sup>, ал күрішті суармалы жерлерде ғана өсіруге болады.

Бұл дақылдарды өсірудің дәстүрлі болғанын оғыз-кимек-қыпшақ тайпаларының оларды атау үшін қолданып, түсіндірме сөздіктерде сақталып қалған терминдері де көрсетеді. Бұлардың бәрі де түрік тілінің сөздері: екін — егін, бұғдай — бидай, тару (тарығ) — тары, арпа — арпа, тутарған — күріш, мержамақ — жасмық, ирдан — қырман. Отырықшы түріктер, дейді Фахр ад-Дин Мерверруди, бау-бақша, жүзім ағаштарын өсіреді<sup>175</sup>. Таразға жақын Атлах қаласы туралы әл-Макдисиде былай делінген: «Оның жерінің көбі бау-бақша, ал бақтарының дені жүзімдік». Бұл деректерді археологиялық зерттеулердің материалдары растайды. Таразды қазып ашқанда IX—X ғасырлардың мәдени қабаттарынан өріктің, қара өріктің, шиенің сүйектері, бақша дақылдарының — қарбыз бен қауынның, сондай-ақ жүзімнің тұқымы көп табылады<sup>176</sup>.

Қарлұқтардың, оғыздар мен кимектердің егіншілік шаруашылығы натуралдық шаруашылық болды және өздері тұтынатын қажеттерді әрең қан-

ағаттандырып отырды. Олардың өздерінің егіншіліктен өндірген өнімдерін сатқаны немесе айырбастағаны туралы мәліметтер жоқ. Керісінше, деректемелерде дәнді дақылдарды және астықты отырықшы және жартылай отырықшы топтардың орталықтарына, мәселен, оғыз жабғуының ордасы — Жанкент қаласына тасығаны туралы айтылады.

Сөйтіп, кимектерде, оғыздар мен қарлұқтарда көшпелі немесе жартылай көшпелі мал шаруашылығының басым болуымен, жартылай отырықшы мал шаруашылығы немесе аң аулау кәсібі мен балық аулау қатар жүрген егін шаруашылығының болуымен байланысты әр түрлі бірнеше шаруашылық-мәдени үлгілер болды.

Қарлұқтардың, оғыздар мен кимектердің қалалары Орта Азия мен Қазақстанның жергілікті түрік халықтарының шаруашылық-мәдени дәстүрлерінің қосылуы негізінде саяси және экономикалық орталықтар ретінде қалыптасып, өсті.

**Үй кәсіптері және қолөнер.** Оғыздарда, кимектер мен қарлұқтарда үй кәсіптері мен қолөнерінің ең дамыған түрі мал өнімдері мен шикізаттарын өңдеу және қайта өңдеу болды. Малдың терісінен әр түрлі аяқ киім, ыдыс, садақтың қаптамасы, қорамсақ, ер-тұрман әбзелдері, торсық-мес секілді заттар жасалды, киіз үйге ұсталды, одан киім де тігілді. Әл-Йакуби «түріктер — киіз басуға өте шебер халық, өйткені өздерінің киімдерін сол киізден тігеді» деп атап өткен<sup>177</sup>. Киім, сондай-ақ жабайы жануарлар мен аңдардың терісінен де тігілді.

Қауымның қатардағы мүшелері әдетте өздерінің әр түрлі қаруларын, шаруашылыққа, тұрмысқа керекті бұйымдарын өздері жасады. Бұл жөнінде әл-Жахиздің мына бір сөздері назар аудартады: «Түрік қолөнердің барлық үрдістерін өзі істейді, жолдастарынан көмек сұрамайды және басқаның ақылын керек етпейді: олар (түріктер) қару, жебе, ер-тұрман, қорамсақ, найза жасайды»<sup>178</sup>.

Тұрмыста ағаш бұйымдар: ер, ыдыс-аяқ, қайық, киіз үйдің ағаш сүйегі көп қолданылды, шаңғының да болғаны айтылады.

Қарлұқтардың, оғыздар мен кимектердің қарауындағы қоныстарда құмырашылық өндірісі де әркендеді. Бұған қоса олар мекендейтін аумақта темір, күміс, алтын, мыс және асыл тастар өндірілді. «Ондағы шеберлер, — деп жазды әл-Идриси оғыздар мен кимектер туралы, — темірден ғажайып әдемі бұйымдар жасайды»<sup>179</sup>. Алтын мен күмістен сән-салтанат және әсемдік заттары дайындалды. Әл-Идрисидің мәліметтеріне қарағанда, кимектердің патшасы алтындап тігілген киім мен алтын төж киген<sup>180</sup>. Ол кимектердегі алтын балқыту технологиясын былай суреттеген: «Әдет (кимектердің) бойынша, алтынды жинап, суға шаяды, оны тазартып, сұрыптап алғаннан кейін алтын түйіршіктерін сынаппен араластырып, қоспаны сиырдың қиымен балқытады. Сөйтіп осындай жолмен едәуір мөлшерде алтын жинап алады»<sup>181</sup>.

Қарлұқтарда, оғыздар мен кимектерде қолөнер өндірісінің болғанын археологиялық материалдар растайды. Олардың қоныстары мен обалы зираттарын қазған кезде темір бұйымдар, алтыннан, күміс пен қоладан жасалған сәндік заттар, киіздің, терінің, ағаш ыдыстардың қалдықтары, қару және әр түрлі қыш керамика табылды. Бұл бұйымдардың көпшілігі жергілікті жерде өндірілгені анық екенін атап көрсеткен жөн.

Кәсіби қолөнершілер жігі біртіндеп қалыптаса бастады, алайда бұл

жалпы алғанда үй кәсіптері мен қолөнердің біршама шектеулі дамығанын өзгерте алмады, ал қолөнер дербес өндіріс саласы болып бөлініп шыққан жоқ.

## 6. АРАБТАР

Араб түбегіндегі әлеуметтік-экономикалық, саяси және этникалық үрдістердің барысында араб халқы қалыптасты және VII ғасырдың бас кезінде жаңа діни жүйе — исламның негізінде мемлекет құрылды. Мұнда феодалдық қатынастар қалыптасып, нығайды, алайда рулық-тайпалық ұйым, әсіресе көшпелілер арасында әлі күшті еді.

Мұхаммед өлгеннен (632 ж.) кейін Араб түбегінің әр жерінде билік үшін күрес өріс алды, халық қозғалысы басталды. Араб шонжарлары ішкі қайшылықтарды әлсіретіп, дін басылары билейтін мемлекетті нығайту мақсатында, соғыс олжасына кенелу үшін жаңа жерлерді жаулап алу жолына түсті.

633 жылы арабтардың «дін үшін соғыс» деген ұранмен жаулап алушылық жорықтары басталды. Аз уақыттың ішінде олар Иран, Сирия, Палестина, Египет, Ирак жерлерін басып алып, Орта Азияның оңтүстік облыстарына жақындады.

**Арабтар Орта Азияда.** Арабтардың жаулап алуы басталған қарсаңда Орта Азия мен Қазақстан аумағының көп бөлігі Батыс түрік қағанатының билігінде болған еді. Орта Азияның көп иеліктерін түрік немесе аралас текті әулеттер басқарды. Иран тілдес халық пен түрік тілдес халық арасында тығыз жақындасушылық белең алды. Шаруашылық қарым-қатынастар ұлғайып, экономикалық байланыстар өсті. Бұл факторлар араб жаулап алушыларына бірлесіп тойтарыс беруді ұйымдастыруда маңызды рөл атқарды.

Арабтар 705 жылы шапқыншылықтар тактикасынан Әмударияның шығыс жағындағы аймақ — Мауараннахрды жаулап алуға көшті. Хорасан билеушісі Кутейба ибн Муслим Балхты басып алып, 706 жылы Пайкендке (Бұхараға таяу) қарай беттеді. Түргештер соғдылықтарға көмекке келді. Түріктер мен соғдылардың біріккен қолы араб әскерлеріне қатты соққы беріп, оларды қоршап алды. Хорасан билеушісі Кутейбаның алдап-арбауының арқасында ғана одақтастарды біріне-бірін айдап салып, қоршаудан шығып кетуге мүмкіндік туды. 708 жылы Кутейба Рамитанды (Бұхара облысындағы қала) ұрыссыз алды, бірақ жеңісті баянды ете алмады. 709 жылы Кутейба Мауараннахрға тағы да аттанып, Бұхараның маңына таяп келді. Түрік-соғды тобы араб әскеріне елеулі соққы берді. Кутейба тағы да алдап-арбау тактикасын қолданып, соғды патшасы Тархұнды түріктердің көмегінен бас тартуға мәжбүр етті, ал араб әскері Бұхараны басып алды.

712 жылы Кутейба хорезмшах пен бұхархудат әскерлерімен бірге Самарқандқа бет алды. Соғдылықтар Шаш патшасынан, түрік қағанынан және Ферғана ихшидынан көмек сұрады. Одақтастарды түрік қағанының кіші баласы Инел-қаған басқарды<sup>182</sup>. Соғды патшасы Гуракқа көмекке келе жатқан қолдың жолын жансыздар арқылы біліп алған арабтар торуыл жасап, ақсүйек жауынгерлерден құрылған тандаулы түрік отрядын талқандады. Самарқанд табандатқан бір ай бойы қорғанғанымен, ақырында Гурак Самарқанд үшін өте ауыр шартқа қол қоюға мәжбүр болды. Қалада көтеріліс болуынан қауіптеніп, Кутейба осында өзінің отрядын қалдырды.

712 жылы Орта Азияға түргештерді талқандаған Шығыс түріктерінің қағаны Мочжоның әскері келді. Мочжо әскері «соғды халқын жайғастыру» үшін Сырдариядан жүзіп өтті. Бұл кезде самарқандықтар араб билеушісіне қарсы көтерілген болатын, тап осы кезде оған түрік қағаны келіп шабуыл жасады<sup>183</sup>. Бірақ бұған Кутейба келіп үлгеріп, араб гарнизонын толық талқандалудан сақтап қалды. 712–713 жылдары түріктердің, соғдылардың, шаштықтардың және ферғаналықтардың біріккен қолы арабтарға қарсы шықты. Бұған жауап ретінде Кутейба қалың қол жинап, отрядтарын Ферғана мен Шашқа жіберді. Шаш қоныстарының көпшілігі өртеп жіберілді.

**Арабтар Оңтүстік Қазақстанда.** 714 жылы Кутейба Шашты басып алып, Испиджабқа жорық жасады<sup>184</sup>. Ол Мауараннахрдағы араб өктемдігіне Түргеш қағанаты мен Орта Азия мемлекеттері одағының қандай қауіп төндіретінін түсінген еді.

723 жылы Ферғана қарлұқтары түріктермен және шаштықтармен бірігіп, арабтарды мықтап жеңді де, оларды Ходженттен Самарқандқа дейін куды. Күресте екі жақ кезек жеңіп отырды. 724 жылы араб әскері Ферғанаға кіріп, оның астанасы Қасанды қоршап алды. Ферғаналықтарға Сұлу бастаған түргештер көмекке келді. Арабтар асығыс кейін шегіне бастады, бірақ Шаш пен Ферғана әскерлері оларды Сырдариядан күтіп алып, қирата соққы берді, бұл арабтарды ұзақ қорғанысқа көшуге мәжбүр етті.

Түргештер өздерінің дәуірлеп тұрған кезеңінде Мауараннахрға билік жүргізуде арабтармен таласатын құдіретті күшке айналды. Түргештер әскер күшімен қолдаған халық көтерілістері нәтижесінде арабтар Мауараннахрдан түгел дерлік қуылды. Түргештердің қағаны арабтарға қарсы батыл да пәрменді қимыл жасады, мұнысы үшін арабтар оған «Әбу Музахим» (Сүзеген) деген ат қойды. 737 жылы ол арабтарға қарсы аттанып, Тоқарстанға дейін жетті, мұнда қарлұқтардың жабғуымен бірікті. Жетісуға қайтып келген жерінде қаған кісі қолынан өліп, түргештер елінде өзара қырқыс басталды.

Түргеш қағанатының әлсіреуін пайдаланып, Хорасандағы араб билеушісі Насыр ибн Сейяр 737–748 жылдары Орта Азияның бірқатар аймақтары мен Қазақстанның оңтүстігіне бірнеше рет жаулап алушылық жорықтар жасады. Арабтарға қарсы күрес жалғастырыла берді, жер-жерде арабтарға қарсы бой көрсетулер болды, бірақ бұлар қарудың күшімен жаншылып басылды. 737–739 жылдары Насыр ибн Сейяр Самарқандтағы, Шаштағы, Фарабтағы көтерілістерді тұншықтырды.

748 жылы қытайлар Суябты уақытша басып алып, қиратты, ал келесі жылы Шаштың билеушісі өлтірілді. Оның баласы арабтардан көмек сұрады. 751 жылы Таразға жақын жердегі Атлах қаласының түбінде араб қолбасшысы Зияд ибн Салих пен қытай қолбасшысы Гао Сянь-чжидің арасында орасан зор шайқас болды. Шайқас бес күнге созылды. Шешуші кезде қытай тылында қарлұқтар көтеріліс жасап, арабтар жағына шықты. Қытай әскері түгелдей талқандалады<sup>185</sup>.

766 жылы Жетісуда билікті басып алғаннан кейін арабтарға қарсы күресті қарлұқ жабғуы басқарды. Ферғана қарлұқтарының күресі жандана түсті. VIII ғасырдың екінші жартысында арабтар халықты «тыю» үшін Ферғанаға бірнеше рет жорық жасады. Жетісу қарлұқтары өз тайпаластарын қолдады, осы себепті 792–793 жылдары Гитриф ибн Ата қарлұқ жабғуын ығыстырып шығару үшін Ферғанаға Әмір ибн Жамилді жіберді<sup>186</sup>.

VIII ғасырдың екінші жартысы қауырт тарихи оқиғаларға, көтерілістер мен бүліктерге толы. Арабтарға қарсы және мұсылмандыққа қарсы сипаттағы ең күшті халық көтерілісі Орта Азиядағы Муканна қозғалысы болды<sup>187</sup>, оны Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың түрік тайпалары қолдады. Халық көтерілістері IX ғасырдың бас кезінде де тоқталған жоқ. 806 жылы Соғдыда Рафи ибн Лейс бастаған бүлік шықты, оған «Шаштың билеушісі өзінің түріктерімен», құрлықтар, тоғыз-оғыздар және тибеттіктер қатысты<sup>188</sup>. Арабтар бүлікті басып, 810 жылы қарлықтардың қаласы Құланға<sup>189</sup> (қазіргі Луговое қонысы) жорық ұйымдастырды. Хорасанның билеушісі Мамұн 811 жылы халиф Әминмен соғыс басталар алдында өзінің уәзірі Фадл ибн Сахлге маған соғысты ең бір қолайсыз жағдайда, қарлық жабғуы бағынудан қалып тұрған кезде бастауға тура келіп тұр деп шағынады. Отырар патшасы бұрын төлеп жүрген алымын төлеуден бас тартады. Фадл Мамұнға жабғуға хат жазып, оның қазір иеленіп отырған аймақтарын сыйлыққа беріңіз, ал Отырар патшасынан рақымдылық ретінде бір жыл алым алмайтын болыңыз деп ақыл берді. Бірақ бітімге келудің сәті түспеді.

Қарлықтар ұйғырлардан ойсырай жеңілген жылы (812 ж.) Фадл ибн Сахл Отырар аймағына басып кірді, онда шекаралық қамалдың бастығын өлтіріп, қарлықтар жабғуының екі баласы мен әйелін тұтқынға алды, ал жабғудың өзін кимектер еліне барып бас сауғалауға мәжбүр етті<sup>190</sup>. Бірақ бұдан кейін де жағдай тынышталмады. Араб тарихшылары Фарабтың, Испиджабтың және Шаштың арабтар үшін ең бір тынышсыз иеліктер болғанын атап өтеді<sup>191</sup>.

IX ғасырдың бас кезінде араб халифатының бұрынғы саяси бірлігі бұзыла бастады. Мауараннахр халықтарының арабтарға қарсы толассыз күресі мұнда жергілікті феодал ақсүйектердің билікті басып алуына қолайлы жағдай туғызды. Солай болып шықты да. IX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Хорасан мен Мауараннахрды жергілікті Тахирилер мен Саманилердің әулеті биледі, олар Бағдатқа салық төлеп тұрды, ал басқа жағынан шын мәнінде тәуелсіз болды.

Араб үстемдігі Оңтүстік Қазақстанның халифат құрамына кірген тек бір бөлігінде ғана жүрді. Ал Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың ұланғайыр аймағында арабтардың жаулап алуының елеулі зардаптары тек X—XII ғасырларда ғана білінді.

Халифаттың билеуші үстем топтары байлық жинау үшін, өз билігін нығайту үшін Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігінде әділетсіз соғыстар жүргізді. Сонымен бірге араб жаулап алушылығы тек сыртқы фактор болып қана қойған жоқ, ол халифаттың қол астында болған жерлердің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өмірінде, ондағы этникалық және тілдік үрдістерде өз ізін қалдырды.

Бағындырылған халықтар талан-таражға түсіп, зорлық-зомбылық көрді, жері мен малынан айрылды, екі жақты езгіге — араб ақсүйектері мен жергілікті шонжарлардың езгісіне түсті. Арабтардың Мауараннахрда жеңістерге жетуі Батыс түрік және Түргеш қағанаттарының ыдырауына себепші болды. Сонымен қатар сыртқы қауіп түрік тайпаларының: қарлықтардың, оғыздардың және белгілі бір дәрежеде кимектердің топтасуына жағдай жасады.

Жаңа мемлекеттік дін — ислам дінінің, араб тілі мен жазуының таралуы қоғам өміріндегі аса маңызды өзгерістердің бірі болды. Ежелгі түрік

жазуы ығыстырылып шығарылды, ал түрік лексикасына араб сөздері кірді.

Орта Азия сияқты, Оңтүстік Қазақстанның жекелеген аймақтарының халифат құрамына енуі феодалдық қатынастардың даму үрдісін тездетіп, ол терең әлеуметтік қайшылықтар мен халық қозғалыстары жағдайында өтті.

Қоғам өмірінің деңгейінде, ислам өрісіне тартылған халықтардың дәстүрлері мен тарихи тағдырларында елеулі айырмашылықтар болғанына қарамастан, ұзаққа созылған күрделі өзара ықпал үрдісінің, сайып келгенде олардың мәдениеті қабысуының нәтижесінде бірқатар халықтар үшін көп жағынан ортақ араб-мұсылман мәдениеті қалыптасты.

Кят, Отырар, Тараз, Шаш, Бұхара, Самарқанд және басқа қалалар ірі мәдениет орталықтарына айналды, оларда әл-Хорезми, әл-Фараби, әл-Бируни, Әбу Әли ибн Сина және басқа да көптеген тамаша ғалымдар өмір сүріп, жасампаздық жұмыстар жасады. Халифаттың бүкіл аумағында араб әдеби тілінің орнығуы көптеген аса көрнекті ғалымдар мен ақындардың осы тілде жаза бастауына әкеп соқты.

Әуелде «түрік» термині шонжарлардан немесе әскери аксүйектерден шыққандарды білдірген, яғни таза әлеуметтік мәні болған деп топшыланады; кейіннен бұл сөздің семантикасы ұлғайып, үстемдік етуші, «патшалық» тайпаның және оған бағынышты тайпалардың символы болған; көршілері бұларды да түріктер деп атап кеткен.

<sup>2</sup> *Цзэнь Чжун-мянь*. Туцзюе цзиши (Түріктердің жиынтық тарихы), 500-б.

<sup>3</sup> Бұл да сонда.

<sup>4</sup> *Chavannes Ed. Documents sur les Tou-Kine (Turcs) occidentaux*, St- Pbg., 1903 (СТОЭ, VI), p. 219.

<sup>5</sup> Бұл да сонда, 38-б.

<sup>6</sup> Цзю Таншу, гл. 194 б, 1445-б.

<sup>7</sup> Тан хуйяо, гл. 73, 1315-б.

<sup>8</sup> Қараңыз: *Зуев Ю. А.* Китайские известия о Суябе. — «Изв. АН КазССР, сер. ист., археол. и этногр.», 1960, вып. 3, 88-б.

<sup>9</sup> Бұл да сонда.

<sup>10</sup> *Цзэнь Чжун-мянь*. Туцзюе цзиши, 517-б.

<sup>11</sup> *Ма Чан-шоу*. Туцзюе-жэнь хэ туцзюе хань го. (Түріктер және Түрік қағанаты), 87-б.

<sup>12</sup> Цэфу Юаньгуй, гл. 962, 11, 323-б..

<sup>13</sup> Қараңыз: *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964, 122-б.

<sup>14</sup> Бұл да сонда, 133–134-б.; *Зуев Ю. А.* Китайские известия о Суябе, 90-б.

<sup>15</sup> Бұл жерде Шу аңғарындағы Суяб қаласы туралы айтылып отырған жоқ.

<sup>16</sup> Хусэло деген транскрипцияда Хұсраудың аты айтылған болуы да мүмкін.

<sup>17</sup> Синь Таншу, гл. 215 б, 1508-б.

<sup>18</sup> Бұл хабарды Н. Я. Бичурин аударған (Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М.-Л. 1950, т. I, 296-б.); «...(Учжилэ) Суйиечуаньды Үлкен орданың Гуньюе қаласы деп атады, ал Іле өзенінің маңында Кіші орда болған». Былай деп оқу керек: «...Су-ені Суяб басып алды, дереу өз астанасын көшіріп, осында тұра бастады, Су-е аңғарын Үлкен орда деп атады, Іле өзеніндегі Гунюэ қаласы Кіші орда болды».

- <sup>19</sup> Древнетюркский словарь. М., 1969, 299, 328-б.
- <sup>20</sup> Синь Таншу, гл. 215, 1508-б.
- <sup>21</sup> Синь Таншу, гл. 217 б, 1508-б.
- <sup>22</sup> Бұл да сонда.
- <sup>23</sup> Бұл да сонда.
- <sup>24</sup> *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964, 98—99-б.
- <sup>25</sup> *Бартольд В. В.* О христианстве в Туркестане в домонгольский период. — Соч., т. II, ч. 2. М., 1964, 267—268-б.
- <sup>26</sup> *Бартольд В. В.* К вопросу об языках согдийском и тохарском. — Соч., т. II, ч. 2. М., 1964, 461—470-б.
- <sup>27</sup> *Мухаммед Нершахи.* История Бухары. Перевод Н. А. Лыкошина. Ташкент, 1897, 12—13-б.
- <sup>28</sup> *Кляшторный С. Г.* Из истории борьбы народов Средней Азии против арабов. — «Эпиграфика Востока», 1954, IX, 56-б.
- <sup>29</sup> *Волин С. Л.* Сведения арабских источников IX—XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах. — ТИИАЭ АН КазССР, 1960, т. 8, 83-б.
- <sup>30</sup> Труды Семиреченской археологической экспедиции. Чуйская долина. МИА. 1950, № 14, 146—147-б.
- <sup>31</sup> *Кызласов Л. Р.* Археологические исследования на городище Ак-Бешим в 1953—1954 гг. — ТКАЭЭ, 1959, т. II, 59—60-б.
- <sup>32</sup> *Смирнов О. И.* Каталог монет с городища Пенджикент. Л., 1963, 54-б.
- <sup>33</sup> *Малов С. Е.* Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. М.-Л., 1951, 41—42-б.
- <sup>34</sup> Бұл да сонда.
- <sup>35</sup> *Ибн Хордадбек.* Китаб ал-масалик ва-л-мамалик. (BGA, VI), 16-б.
- <sup>36</sup> *Кляшторный С. Г.* Терхинская надпись. Предварительная публикация. // Советская тюркология, 1980, № 3, 94-б.
- <sup>37</sup> *Ибн ал-Асир.* Китаб ал-камил фи-т-тарих. Изд. Торнберга, т. V, 344-б.; Большаков О. Г. К истории Таласской битвы (751 г.). // Страны и народы Востока. М., 1980, вып. 22, кн. 2.
- <sup>38</sup> *Агаджанов С. Г.* Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX—XIII вв. Ашхабад, 1969, 122—129-б.
- <sup>39</sup> *Храковский В.* Шараф ал-Заман Тахир ал-Марвази. Глава о тюрках. // Труды сектора востоковедения АН КазССР, т. I. А., 1959, 213-б.
- <sup>40</sup> *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М., 1964, 131-б.
- <sup>41</sup> *Ал-Идриси.* Нузхат ал-муштак фи-хтирак ал-афак. Рукопись ГПБ. Ар. Н. С. 176, л. 65 а.
- <sup>42</sup> *Гардизи.* Зайн ал-ахбар (Бартольд В. В. Соч., т. VIII), 26, 43-б.
- <sup>43</sup> *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч., т. I. М., 1963, 270-б. Бір данек 1/6 дирхемге тең.
- <sup>44</sup> *Ал-Мукаддаси.* Ахсан ат-такасим фи марифат ал-акалим (BGA, III), 175-б.
- <sup>45</sup> *Ал-Масуди.* Мурудж аз-захаб ва маадин ал-джавахир. Изд. Барбье де Менар и Паве де Куртейль. Т. VIII, 144-б. және келесі беттер.
- <sup>46</sup> *Бичурин Н. Я.* Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I. М.-Л., 1950, 262, 347-б.
- <sup>47</sup> *Ибн ал-Факих.* Китаб ахбар ал-булдан. Фотокопия мешхедской рукописи ИВ РАН, ФВ-202, л. 168-б.
- <sup>48</sup> *Бичурин Н. Я.* Собрание сведений, т. I, 262-б.; т. II, 329-б.; т. III, 50-б. Бұл үш рулық бірлестікті Ф. Хирт Орхон жазбаларында айтылатын үш-оғыздармен теңестіреді.
- <sup>49</sup> *Karlgren B.* Analitic Dictionary of Chinese and Sino-Japanese. Paris, 1923, p. 566; *Pelliot P.* Neuf notes sur des questions d'Asie Centrale. // TP, vol. 26, 1929, p. 222-223.



- <sup>50</sup> *Худуд ал-алам*. Изд. Сетуде. Тегеран, 1962, 81-б.
- <sup>51</sup> *Худуд ал-алам*, 82-б. В. В. Бартольд Түзкөл көлін Ыстыккөлмен теңестіреді. (Соч., т. VIII, 528-б.). В. Минорский оны Қашғардың солтүстік-шығыс жағында 140 шақырым жерде жатқан Шоркөл көлімен бір деп санайды.
- <sup>52</sup> *Храковский В.* Шараф ал-Заман. Тахир ал-Марвази, 213-б.
- <sup>53</sup> *Худуд ал-алам*, 81-б.; бұл атаулар деректемеде бұрмаланған болуы мүмкін.
- <sup>54</sup> *Махмуд ал-Кашгари*. Диван лугат ат-турк. Т. I. Стамбул, 1915, 47-б.
- <sup>55</sup> *Агаджанов С. Г.* Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX—XIII вв. 80—85-б.
- <sup>56</sup> *Ал-Масуди*. Мурудж аз-захаб, т. I, 288-б.
- <sup>57</sup> *Абу Дулаф*. Фотокопия мешхедской рукописи ИВ РАН, ФВ-202, л. 176 а.
- <sup>58</sup> *Ибн Хордадбек*. Китаб ал-масалик ва-л-мамалик (BGA, II), 391-б.
- <sup>59</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. I. М.-Л., 1939, 178-б.
- <sup>60</sup> *Ибн Хордадбек*. Китаб ал-масалик ва-л-мамалик, 28—29-б.; Кудама ибн Джафар. Китаб ал-харадж ва санат ал-китаба (BGA, VI), 205—206-б.
- <sup>61</sup> *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники, 131-б.
- <sup>62</sup> *Махмуд ал-Кашгари*. Т. I, 330-б.
- <sup>63</sup> *Ал-Мукаддаси*. Ахсан ат-такасим фи марифат ал-акалим (BGA, III), 275-б.
- <sup>64</sup> *Худуд ал-алам*, 84-б.
- <sup>65</sup> *Miller K.* *Maprae Arabicae. Arabische Welt- und Lander Karten des 9-13 Jahr,* Bd IV, Stuttgart, 1929, s. 85.
- <sup>66</sup> *Гардизи*. Зайн ал-ахбар (Бартольд В. В. Соч., т. VIII), 51-б.
- <sup>67</sup> *Якубовский А. Ю.* Арабские и персидские источники об Уйгурско-Турфанском княжестве в IX—X вв. // Труды отдела Востока Государственного Эрмитажа. Т. 4, Л., 1947, 427—431-б.
- <sup>68</sup> *Ал-Идриси*. Нузхат ал-муштак. Рукопись ГПБ. Ар. Н. С. 176, л. 65 а.
- <sup>69</sup> *Караев О.* Арабские и персидские источники IX—XII вв. о киргизах и Киргизии. Фрунзе, 1968, 56-б.; Кумеков Б. Е. Государство кимаков IX—XI вв. по арабским источникам. А., 1972, 72-б.
- <sup>70</sup> *Marquart I.* *Osteuropaische und Ostasiatische Streifzuge.* Leipzig, 1898, s. 79.
- <sup>71</sup> *Кумеков Б. Е.* Государство кимаков, 70—72-б.
- <sup>72</sup> *Ибн Хордадбек*. Китаб ал-масалик ва-л-мамалик, 28—29-б.; Кудама ибн Джафар. Китаб ал-харадж, 205—206-б.
- <sup>73</sup> *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия, 233, 235-б.
- <sup>74</sup> *Птицын Г.* К вопросу о географии «Шахнаме». // ТОВГЭ, т. 4, Л., 1947, 307-б.; *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники. 163—170-б.
- <sup>75</sup> *Ал-Идриси*. Нузхат ал-муштак, л. 66 а.
- <sup>76</sup> *Агаджанов С. Г.* Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX—XIII вв. Ашхабад, 1969, 50-б.
- <sup>77</sup> *Бартольд В. В.* Соч., т. VIII, 51-б.
- <sup>78</sup> *Ибн Хаукаль*. Китаб ал-масалик ва-л-мамалик, 390-б.
- <sup>79</sup> *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники, 178—179-б.
- <sup>80</sup> Constantine Porphyrogenitus. *De Administrando Imperio.* Greeks text ed by Moravcsik, English transl. by R. I. N. Jenkins. Budapest, 1949, p. 171.
- <sup>81</sup> *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники, 163—167-б.
- <sup>82</sup> *Агаджанов С. Г.* Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX—XIII вв.
- <sup>83</sup> Сочинения Константина Багрянородного «О фемах» и «О народах». М., 1899, 139-б.
- <sup>84</sup> *Ал-Якуби*. Китаб ал-булдан (BGA, II), 295-б.
- <sup>85</sup> *Ибн ал-Факих*. Китаб ахбар ал-булдан. Фотокопия Мешхедской рукописи. ИВ РАН (ФВ-202), л. 168 а.
- <sup>86</sup> *Агаджанов С. Г.* Очерки истории огузов и туркмен, 139-б.
- <sup>87</sup> *Коковцев П. К.* Еврейско-хазарская переписка в X в. Л., 1932, 81-б.
- <sup>88</sup> *Агаджанов С. Г.* Очерки истории огузов и туркмен, 151—153-б.

- <sup>89</sup> Кононов А. Н. Родословная туркмен. Сочинения Абу-л-Гази, хана Хивинского. М.-Л., 1958, 39, 81-б.
- <sup>90</sup> Рашид ад-Дин. Джамии ат-таварих. ГПБ им. М. Е. Салтыкова-Щедрина. ПНС-46, лл. 217-227.
- <sup>91</sup> Абу Райхан Бируни. Геодезия. Исследование, перевод и примечания П. Г. Булгакова. — Избр. произв. Т. III, 1966, 95-96-б.
- <sup>92</sup> Ал-Масуди. Китаб ат-танбих ва-л-ишраф (BGA, VIII), 180-б.
- <sup>93</sup> Minorsky V. Hudud al-Alam. "The Region of the World". A Persian Geography 372 A. H. - 982 A. D. London, 1937 (GMS, XI), p. 309.
- <sup>94</sup> Махмуд Ибн Хусейн ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк. Изд. К. Рифата. Т. II. Стамбул, 1916, 253-б.; Т. III. Стамбул, 1917, 23-б.
- <sup>95</sup> Бұл да сонда. Т. I. Стамбул, 1915, 80-87-б.
- <sup>96</sup> Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники, 131-б.
- <sup>97</sup> Зуев Ю. А. К семантике этнонима имур/имир. Известия АН ТуркССР, серия обществ. наук, 1968, № 4, 95-96-б.; Кумеков Б. Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. А., 1972, 124-125-б.
- <sup>98</sup> Агаджанов С. Г. Очерки истории огузов и туркмен, 129-б.
- <sup>99</sup> Махмуд Ибн Хусейн ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк. Т. I, 56-57-б.
- <sup>100</sup> Minorsky V. Sharaf al-Zaman Tahir Margvazi on China, the Turks and India. Arabic text (circa A. D. 1120) with an English transl. and commentary. London, 1942, p. 29.
- <sup>101</sup> Masoudi. Les Prairies d'or Text et traduction par C. Barbier de Meynard et Pavet de Courteille. Т. I, 1861, p. 212.
- <sup>102</sup> Муджмал ат-таварих ва-л-кисас. Тегеран, 1939, 105-б.
- <sup>103</sup> Biruni's Picture of the World. Memoirs of the Archaeological Survey of India, N 53, Delhi, 1937.
- <sup>104</sup> Ал-Идриси. Нузхат ал-муштак фи-хитрак ал-афак. Рукопись ГПБ, Ар. Н. 176-б., л. 109 а.
- <sup>105</sup> Тарджума-и масалик ал-мамалик. Рукопись ИВ РАН, В-797, л. 145.
- <sup>106</sup> Ал-Макдиси. Ахсан ат-такасим фи маарифат ал-акалим. (BGA, III), 1906, 274-б.
- <sup>107</sup> Ибн Хаукаль. Китаб масалик ал-мамалик (BGA, II), 391-б.
- <sup>108</sup> Masalik va mamalik by Abu Ishaq Ibrahim Istahri. Anonymous Persian transl. from V-VI century A. H. Teheran, 1961, p. 269.
- <sup>109</sup> Biruni's Picture of the World, p. 51.
- <sup>110</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. I, М.-Л., 1939, 178-б.
- <sup>111</sup> Бартольд В. В. Извлечение из сочинения Гардизи «Зайн ал-ахбар». // Соч., т. 8, 1973, 27-б. (текст), 43 (перевод); «Муджмал ат-таварих ва-л-кисас» та жазылганға карағанда кимактардың падишахының «түрік» деген атағы болған (Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч. I, тексты СПб., 1898, 20-б.).
- <sup>112</sup> Бартольд В. В. Извлечения из сочинения Гардизи «Зайн ал-ахбар», 28-б. (текст), 43 (перевод).
- <sup>113</sup> Ал-Якуби. Китаб ал-булдан. Изд. де Гье (BGA, VI), 295-б.
- <sup>114</sup> Ибн ал-Факих. Китаб ахбар ал-булдан. Фотокопия мешхедской рукописи ИВ РАН, ФВ-202, л. 168.
- <sup>115</sup> Ал-Истахри. Китаб масалик ал-мамалик. Изд. де Гье (BGA, I), 9-б.; Kramers J. H. Bibliotheca Geographorum Arabicorum, Opus Geographicum auctore Ibn Haukal "Liber imaginis terrae". Lugduni Batavorum, t. I, 1938, p. 14.
- <sup>116</sup> Бартольд В. В. Худуд ал-алам. Рукопись Туманского, с введением и указателем. Л., 1930, л. 18 б; Ал-Идриси. Нузхат ал-муштак. Рукопись ГПБ. Ар. Н. 176-б., лл. 68 а, б.
- <sup>117</sup> Ал-Хорезми. Китаб мафатих ал-улум. Изд. Г. ван Флотена, Лугдуни Батаворум, 1895, 120-б.; МИТТ, т. I, 218-б.
- <sup>118</sup> Бартольд В. В. Худуд ал-алам, л. 18 б.
- <sup>119</sup> Minorsky V. Hudud al-Alam. "The Region of the World". A Persian Geography 372 A. H.-982 A. D. London, 1937, p. 310; Ал-Идриси. Нузхат ал-муштак, л. 68 б.

- <sup>120</sup> *Ал-Идриси*. Нузхат ал-муштак, л. 68 а.
- <sup>121</sup> *Бартольд В. В.* Извлечение из сочинения Гардизи, 84, 107-б.
- <sup>122</sup> *Ал-Идриси*. Нузхат ал-муштак, л. 68 б.
- <sup>123</sup> *Махмуд ал-Кашгари*. Диван лугат ат-турк, III, Стамбул, 1917, 11-б.
- <sup>124</sup> *Ибн ал-Факих*. Китаб ахбар ал-булдан, л. 176 а.
- <sup>125</sup> *Арсланова Ф. Х., Кляшторный С. Г.* Руническая надпись на зеркале из Верхнего Приртышья. // Тюркологический сборник, 1972, М., 1973, 306–315-б.
- <sup>126</sup> *Ал-Идриси*. Нузхат ал-муштак, л. 68 а.
- <sup>127</sup> *Minorsky V.* Hudud al-Alam, p. 306.
- <sup>128</sup> *Ал-Идриси*. Нузхат ал-муштак, л. 82 а.
- <sup>129</sup> *Minorsky V.* Sharaf al-Zaman Tahir Marvazi on China, the Turks and India. Arabic text with an English translation and commentary. London, 1942, p. 18.
- <sup>130</sup> *Кумекон Б. Е.* Арабские источники по истории кыпчаков, куманов и кимеков VIII–XIII вв. СПб., 1994, 19-б.
- <sup>131</sup> *Ибн Хордадбек*. Китаб ал-масалик ва-мамалик. Изд. де Гье (BGA, VI), 31-б.
- <sup>132</sup> *Бартольд В. В.* Извлечения из сочинения Гардизи, 82, 105-б.
- <sup>133</sup> *Minorsky V.* Hudud al-Alam, p. 310.
- <sup>134</sup> *Расайл ихван ас-сафа ва хуллан ал-вафа*. Т. I. Бейрут, 1957, 179-б.; *Ибн Саид*. Китаб джуграфия фи-л-акалим ас-саба. Рукопись ИВ РАН. 591-б., л. 17 а.
- <sup>135</sup> *Кумекон Б. Е.* О конъектуре к титулу бамал-байгу в «Зайн ал- ахбар» Гардизи. // Бартольдовские чтения. Вып. 7. М., 1984, 51-б.
- <sup>136</sup> *Ал-Масуди*. Китаб ат-танбих ва-л-ишраф. Изд. де Гье (BGA, VIII), 1894, 286-б.
- <sup>137</sup> *Кляшторный С. Г.* Кыпчаки по данным древнетюркских рунических памятников. // ТС. Л., 1986.
- <sup>138</sup> *Махмуд ал-Кашгари*. Диван лугат ат-турк. III, 22-б.
- <sup>139</sup> *Кумекон Б. Е.* Государство кимаков IX–XI вв. по арабским источникам. А., 1970.
- <sup>140</sup> *Ибн Саид*. Китаб баст ал-ард фи-т-тул ва-л-ард, Тетуан, 1957, 140-б.; *Renaud M., de Slane.* Geographie d'Aboulfeda. Texte arabe. Paris, 1840, p. 205.
- <sup>141</sup> *Ковалевский А. П.* Книга Ахмада ибн Фадлана о его путешествии на Волгу. Харьков, 1956, 130-б.
- <sup>142</sup> *Ал-Масуди*. Китаб ат-танбих ва-л-ишраф, 62-б.
- <sup>143</sup> *Бартольд В. В.* Извлечения из сочинения Гардизи, 83–106-б.
- <sup>144</sup> *Кумекон Б. Е.* Арабские источники по истории кыпчаков, куманов и кимеков, 15-б.
- <sup>145</sup> *Minorsky V.* Hudud al-Alam, p. 215, 308-9.
- <sup>146</sup> *Бартольд В. В.* Худуд ал-алам, л. 18 б.
- <sup>147</sup> *Ал-Фирдоуси*. Аш-Шахнаме. Изд. Абд ал-Ваххаба, II, Каир, 1932.
- <sup>148</sup> *Ал-Макдиси*. Ахсан ат-такасим фи Марифат ал-акалим (BGA, III), 1877, 274-б.
- <sup>149</sup> *Ибн ал-Факих*. Китаб ахбар ал-булдан, л. 176 а.
- <sup>150</sup> *Худуд ал-алам*, изд. В. В. Бартольда. Л., 1930, л. 18 б; *Ал- Масуди*. Китаб ат-танбих ва-л-ишраф, изд. Де Гье, 62-б.
- <sup>151</sup> *Абу-Райхан Бируни*. Памятники минувших поколений. — Избр. произв. Т. I. 1957, 211, 290-б.
- <sup>152</sup> *Ал-Идриси*. Нузхат ал-муштак. Рукопись ГПБ. Л. 69 а.
- <sup>153</sup> *Ибн ал-Факих*. Китаб ахбар ал-булдан. Фотокопия мешхедской рукописи ИВ АН СССР. ФВ-202, л. 168.
- <sup>154</sup> *Мандельштам А. М.* Характеристика тюрков IX в. в «Послании Фахту ибн Хакану» ал-Джахиза. — ТИИАЭ АН КазССР, т. I, 1956-б.
- <sup>155</sup> *Ал-Идриси*. Нузхат ал-муштак. Рукопись ГПБ, л. 69 а; Гардизи. Зайн ал-ахбар, 28, 45-б.
- <sup>156</sup> *Minorsky V.* Tatim ibn Bahr's journey to the Vyghurs. BSOAS, vol. XII, pt. 2, 1948, p. 281.
- <sup>157</sup> *Ибн ал-Факих*. Фотокопия мешхедской рукописи. Л. 176 а.

- <sup>158</sup> *Minorsky V.* Hudud al-Alam. "The Region of the World". A Persian Geography 372 A. H.-982 A. D. London, 1937, p. 86.
- <sup>159</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении, т. I, 150-б.
- <sup>160</sup> *Мандельштам А. М.* Характеристика тюрок IX в. в «Послании Фатху ибн Хакану» ал-Джахиза, 232-б.
- <sup>161</sup> Худуд ал-алам, изд. В. В. Бартольда, л. 176 б, 18; Агаджанов С. Г. Очерки истории огузов, 93-б.
- <sup>162</sup> *Ибн Ияс.* Нашк ал-азхар фи гараиб ал-актар. Рукопись ИВ АН СССР, л. 225; Гардизи. Зайн ал-ахбар, 45-б.
- <sup>163</sup> *Арсланова Ф. Х.* Бобровский могильник — «Изв. АН КазССР», 1960, вып. 4, 80-б.
- <sup>164</sup> *Ал-Идриси.* Нузхат ал-муштак. Рукопись ГПБ, л. 65 а.
- <sup>165</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении, т. I, 146-б.
- <sup>166</sup> *Ибн ал-Факих.* Фотокопия мешхедской рукописи, л. 176 а.
- <sup>167</sup> *Масуди.* Ахбар аз-заман, 101-б.
- <sup>168</sup> *Махмуд ал-Кашгари.* Диван лугат ат-турк, т. III, 11-б.
- <sup>169</sup> *Худуд ал-алам.* Изд. В. В. Бартольда, л. 18 б.
- <sup>170</sup> *Codazzi A.* Il compendio geografico arabo di Ishaq ibn al-Husayn. Roma, 1929, p. 48; *Minorsky V.* Sharaf al-Zaman Tahir Marvazi on China, the Turks and India. Arabic text (circa A. D. 1120) with an English translation and commentary, London, 1942, p. 20.
- <sup>171</sup> *Маргулан А. Х.* Третий сезон археологической работы в Центральном Казахстане. — «Изв. АН КазССР, сер. археол.», 1951, вып. 3, 38-б.
- <sup>172</sup> *Ал-Йакуби.* Китаб ал-алак ан-нафиса (BGA, VII), 295-б.
- <sup>173</sup> *Ибн ал-Факих.* Фотокопия мешхедской рукописи, л. 176 а.
- <sup>174</sup> *Ал-Идриси.* Нузхат ал-муштак. Рукопись ГПБ, л. 66 а, л. 69 а.
- <sup>175</sup> Ta'rikh-i Fakhru'd-Din Mubarakshan being the historical introduction to the Book of Genealogies of Farkhu'd-Lin Mubarakshan Marvarrudi completed in A. D. 1206. Ed. from a unique manuscript by E. Denison Ross. London, 1927, p. 41.
- <sup>176</sup> *Сенигова Т. И.* Средневековый Тараз. А., 1972, 169-б.
- <sup>177</sup> *Ал-Йакуби.* Китаб ал-булдан (BGA, VII), 295-б.
- <sup>178</sup> *Мандельштам А. М.* Характеристика тюрок IX в. в «Послании Фатху ибн Хакану» ал-Джахиза, 241-б.
- <sup>179</sup> *Ал-Идриси.* Нузхат ал-муштак. Рукопись ГПБ, л. 68 а.
- <sup>180</sup> Бұл да сонда.
- <sup>181</sup> Бұл да сонда, л. 68 б. Ср.: *Ибн ал-Варди.* Харидат ал-аджаиб ва фаридат ал-гараиб, л. 64 а.
- <sup>182</sup> История ат-Табари. Избранные отрывки. Т., 1987, 139—140-б.
- <sup>183</sup> *Ал-Йакуби.* Тарих. Изд. Хоутсма. Т. II, 344-б.
- <sup>184</sup> История ат-Табари, 144—145-б.
- <sup>185</sup> *Ибн ал-Асир.* Китаб ал-камил фи-т-тарих. Изд. Торнберга. Т. V, 344-б.
- <sup>186</sup> *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч., т. I, М., 1963, 259-б.
- <sup>187</sup> *Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г.* Средневековый город Средней Азии. Л., 1973, 160—161-б.
- <sup>188</sup> *Ат-Табари.* Тарих. Изд. де Гье. Т. III, 707-б.; *Ал-Йакуби.* Тарих. Изд. Хоутсма. Т. II, 528-б.
- <sup>189</sup> *Ат-Табари.* Тарих, 815—816-б.
- <sup>190</sup> *Ал-Азраки.* Китаб ахбар ал-Макка, ч. I. Лейпциг, 1859, 159-б.
- <sup>191</sup> *Якубовский А. Ю.* Об одном раннесаманидском фельсе. (Из ранней истории Саманидского двора). // КСИИМК, 1946, XII, 160—161-б.

## *Екінші тарау*

### **VI–IX ҒАСЫРЛАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ОТЫРЫҚШЫ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ МӘДЕНИЕТ. ҚАЛА МЕН ДАЛА.**

#### **1. КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ОТЫРЫҚШЫ МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ ӨЗАРА ӘСЕРІ**

Қазақстанның кең-байтақ жерінде отырықшылық және қала мәдениеті дамуының ірі-ірі тарихи-мәдени аймақтары ежелден ерекшеленген. Солардың бірі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағы болды. Ол бір жағынан Орта Азия, екінші жағынан Орталық Қазақстан, Сібір мен Орал аралығындағы аумақты алып жатыр. Онда үш аудан – Оңтүстік Қазақстан (Сырдария алқабы), оңтүстік-батыс Жетісу (Талас және Шу өзендерінің аралығы), солтүстік-шығыс Жетісу (Іле алқабы) аудандары өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады<sup>1</sup>. Аймақ егіншілікті жазиралар мен көшпелілік даласының тоғысқан жерінде орналасқан. Мұндай жағдай мәдениеттің дамуына ежелден ерекшелік беріп келді.

Қазақстанның егіншілік пен мал шаруашылығы жанасып жатқан өңірлерінде жер өңдеу мен мал шаруашылығының, отырықшылық пен көшпеліліктің, қала мен даланың өзара әсері мейлінше айқын көрінеді. Бұл алуан түрлі: саяси, экономикалық, мәдени, этникалық өзара әсер болатын. Бұл қарым-қатынастың сипатына зерттеушілердің көзқарастары бірдей емес. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде көшпелілер туралы: «отырықшы егіншілермен тұрақты күрес жағдайында, олар өз жолындағының бәрін жайпап кетеді және гүлденген жазираны өлі шөл далаға айналдырады» деп жазылды<sup>2</sup>. Шығыстың, соның ішінде Қазақстан мен Орта Азияның көшпелілері көбінесе көнерген мәдениетті таратушылар, ал олардың өркениет дамуына ықпалы тек бүлдірушілік тұрғыда ғана болды деп қарастырылады. Мысалы, Орта Азияның тарихы отырықшы иран өркениетін көшпелі түріктердің бірте-бірте жаулап алып, күйретуінің тарихы деп саналады<sup>3</sup>.

Алайда, бүгінде көшпелілер мен егіншілер арасындағы тығыз, етене байланыс болғаны туралы пікір басым. Әдетте қазіргі ғылымда жалпы тұрғындардың отырықшы бөлігін де, көшпелі бөлігін де қамтитын біртұтас экономикалық жүйе, шаруашылық өмірдің екі бағытының өзара тығыз байланысы туралы айтылып жүр. Бұл экономикалық бірліктің бұзылуы көшпелілердің де, отырықшы жазиралардың тұрғындарын да асқан ауыр зардаптарға ұшыратты<sup>4</sup>.

Көшпелілер мен егіншілердің өзара қатынастарын түсіну үшін «таза көшпелілердің» тым сирек кездесетінін және отырықшылық пен егіншілік элементтеріне қоса көшпелі шаруашылықтың зор маңызы барын ұмытпаған жөн; біртұтас этникалық қауымдастық шеңберінде көшпелі малшылармен бірге малшылардың жартылай көшпелі және жартылай отырықшы топтары болған<sup>5</sup>. Сондықтан егіншілер мен малшылар арасында «жан

өтпейтін шекаралар» болған жоқ және көбіне малшылардың белгілі бір жағдайларда және сәті түскенде отырықшы өмір салтына ауысатын мүмкіншілігі бар топтары көп болатын. Керісінше үрдістер де болды, бірақ тұтас алғанда шоғырланушылық және хронологиялық өзгерістердің бәрінде де отырықшылық, егіншілік және урбанизация өңірлерінің кену сарыны жетекші болып қала берді.

Орта ғасырлар дәуіріндегі қала мен дала проблемаларын шешуде қала мен дала дамуының тарихи заңдылықтарын анықтау жөніндегі ізденістердің зор маңызы бар. Мұндай зерттеулер жүргізіліп жатыр. Орта Азия мен Қазақстанның қалалары, орта ғасырлардағы көшпелілер жөнінде бірегей, іргелі еңбектер пайда болды<sup>6</sup>.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қала мәдениетін археологиялық зерттеу жөнінде соңғы жиырма жыл ішінде жеделдете жүргізілген жұмыстар жаңа материал табуға, оны жүйеге келтіріп, толып жатқан мәселелерді, соның ішінде этнографиялық мәліметтерде баяндалған кезеңге дейінгі орта ғасырлар бойында қала мәдениетінің көшпелілермен өзара іс-қимыл үстінде даму қырларын да қарастыруға мүмкіндік берді.

VI–IX ғасырлардың бірінші жартысы аралығында қала мәдениеті екі ауданда – Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік-Батыс Жетісуда дамыды. Саяси жағынан аймақ түрік әулеттеріне бағынды және реті бойынша Батыс түрік, Түргеш және Қарлұқ қағанаттарының құрамына енді. Аталған кезеңде көшіп жүретін жер аумағы шектеліп, көшу жолдары қалыптасады, тұрақты қыстаулар мен жайлаулар орнығып, егіншілік пайда болады, отырықшы кедейлер тобы бөлініп, жекелеген ру бөлімшелері отырықшылыққа көшеді. Мемлекеттік төрешілдік аппарат құрылып, ортақ тіл мен жазу қалыптасады, сауда және дипломатиялық байланыстар дамиды. Осындай жағдайда әкімшілік орталығы ретінде де, қолөнер, сауда, мәдениет орталығы ретінде де қалалар салына бастайды.

Отырықшы және қала тұрғындарының көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындармен өзара әсерінің әр түрлі жақтары болды. Алайда көшпелілердің, егіншілер мен қала тұрғындарының көбінесе біртұтас әлеуметтік-экономикалық құрылым шеңберінде бірігуін атап өткен жөн. Отырықшы егіншілер мен қала тұрғындарының ықпалымен бұрынғы көшпелілер тез арада отырықшылыққа, қала өміріне көшіп отырды. Отырықшылық-егіншілік тұрмыс салтының ықпалы көшпелілердің де дамуын жеделдетті.

Мәдениет жөнінен бір-біріне ықпал ету қырлары ауыс-түйіс, еліктеу, үйрену, араласу сияқты құбылыстармен сипатталады. Мәселен, отырықшы тұрғындар көшпелілерден қару-жарақ түрлерін, сәндік заттарды, қымбат тұратын металдардан істелген ыдыстарды алған.

Алайда отырықшы тұрғындар қалай болса солай көшіріп алу жолымен жүрмей, қайта бұл бұйымдарға өздеріне тән өзгерістер енгізді. Бірақ алдыңғы ортағасырлық қоғамның әскери ақсүйектері құнды бұйымдармен алмаса отырып, көшпелілер бұл бұйымдарға деген өз қажеттерін дамыған қала қолөнері болған жағдайда ғана толық қанағаттандыра алатын еді. Сонымен, көшпелілердің, малшылардың сұранымы қала қолөнерінің дамуын қажет етті, ал түрік қағандары қалалар салынуына мүдделі болды. Сонымен бірге, отырықшы өмірге көшкен көшпелілер отырықшы тұрғындардан құрылыс ісінің, үй салудың дәстүрлерін үйренді, ал түрік шонжарлары, сірә, сарай кешендерін тұрғызу және

оларды безендіру үшін отырықшы халық арасынан құрылысшылар шақырып алатын болса керек<sup>8</sup>.

Төменде көрсетілетіндей, Қазақстан қалаларының архитектурасы Соғды мен Шаш архитектурасына өте ұқсас болған. Түріктердің тапсырыстарымен соғды суретшілері түрік феодалдары құрылыстарының қабырғаларын ою-өрнекпен безендіріп, ағаштан ғажайып өнер туындыларын қалыптастырып отырған<sup>9</sup>. Соғды құрылысшылары мен суретшілерінің кәсіптік бірлестіктері ірі қалалық орталықтарда қалыптасқан талғамдар мен сәнсалтанат үлгілерін шет аймақтар мен түріктер арасына таратып отырды. Бұл орайда ең беделді мәдени үлгілердің әуелі қоғамның бетке ұстар үстем тобы арасында таралғанын ескеру керек. Оған едәуір дәрежеде шонжарларға жалпы ортақ, өз ерекшелігімен қайран қалдырарлық көрініс көрсету тән болды.

Қытай жібегіне, түріктердің әскери қару-жарағына, соғдылардың сәулет өнеріне, ою-өрнектері мен ағаштан түйін түйюлеріне құмарлық та содан шыққан. Бірақ сонымен бірге, соған қабаттаса, өзгелердің өнегесін бұқаралық мәдениетке — керамикаға, қатардағы үй құрылысына енгізу де жүріп жатты. Ал халықтық, бұқаралық мәдениеттің негізі қауыншы, отырар-қаратау, жетіасар мәдениеті ретінде белгілі болған жергілікті мәдени қатпарлардан тұратын еді.


Археологиялық материалдарға қарағанда, бұл мәдениеттердің талай ғасырлар бойы — б. з. б. I ғасырдан біздің заманымыздағы VI—VII ғасырларға дейін тұрақты да дәстүрлі болып келгені байқалады. Бұл мәдени кешен Кангюй этникалық-мәдени мемлекеттік бірлестігіне кірген тайпалық одақтардың өмір сүрген кезеңін сипаттайды.

Материалдық мәдениет саласындағы өзара әсерге келгенде, этникалық үрдістер туралы мәселеге соқпай өту мүмкін емес. Этникалық тұрғыдағы өзара әсер көшу, қоныс аударудың екі түрімен — халықтардың Ұлы қоныс аударуы, соғдылардың қоныстануы, түріктердің жаулап алуы сияқты халықтың үлкен топтарының араласуымен және халықтың шағын топтары, уағызшылар, саудагерлер қоныс аударған шағын көші-қондармен сипатталды.

Бұл қоныс аударуға қоса жедел түрде этногенетикалық үрдістер жүріп, олар сонымен бірге біріктіру сипатында да болды.

## 2. ҚАЛАЛАР МЕН ҚАЛАЛЫҚ ҚОНЫСТАР

Қалалар саны және қала жұрттарының үлгілері. Жаңа археологиялық материалдың жинақталуы, бұрын белгісіз болып келген қала жұрттарының ашылуы тарихи картаға алдыңғы ортағасырлық қалаларды, қоныстар мен басқа да елді мекендерді неғұрлым толық орналастыруға мүмкіндік береді. Оңтүстік Қазақстанның тау етегіндегі ең ірі қала Испиджаб саналады<sup>10</sup>. Ол 629 жылы Сюань-Цзянның жылнамасында «Ақ өзендегі қала» атымен алғаш рет аталады<sup>11</sup>. Кейініректе Махмұд Қашғари былай дейді: «Сайрам — ақ қаланың аты (Әл-Мединат әл-Байда), ол Испиджаб деп аталады. Оны «Сайрам» деп те айтады»<sup>12</sup>. Сайрам деген атаумен қала осы кезге дейін жетті және оның аумағындағы қираған қала жұртының орны орта ғасырлардағы Испиджабқа сәйкес келетініне күмән жоқ.



Оңтүстік Қазақстандағы қалалар мен қала жұрттарының картасы. VI—IX ғғ. бірінші жартысы.




Испиджабқа жақын жерде, одан Шашқа баратын жолдың бойында Газгирд қаласы жатқан. Орта ғасырларда жол Тұрбат асуынан өтіп, Сайрамға барған. Қазіргі Шарапхана ауылының аумағынан VII—X ғасырларда болған қаланың жұрты табылды, оны Газгирд деуге болады. Ертедегі Газгирд топонимінің қазіргі Қазығұрт атауында сақталып қалған болуы мүмкін. Ташкент пен Шымкент арасындағы тау сілемдері солай деп аталады, қаланың қираған жұрты соның етегінде жатыр. Испиджабтың шығыс жағында Шарап, Будухкет, Тамтаж, Абараж және Жувикат қалалары мен елді мекендері болған<sup>13</sup>. Алдыңғы екі қалаға арақашықтағы деректемелерде фарсах есебімен (Сайрамнан және бір-бірінен шақырым есебімен) көрсетілген қала орындары сәйкес келеді. Шарапқа — Төрткөл Балықшы, Будухкетке Қазатлық қалаларының жұрты сай келеді<sup>14</sup>. Тамтаж мен Абараж, сірә, керуен сарайлар болса керек.

Арыстың төменгі ағысында орталығы Отырар қаласында болған Фараб (Отырар) өңірі жатты. Жазбаша деректемелерде Отырар (Отырарбенд) VIII—IX ғасырларда пайда болады. Сонымен бірге қаланың Фараб деген аты да мәлім болған. Бұл қаланың Тарбанд деген тағы бір аты белгілі. Отырардың Отырарбенд қаласының өзі екені күмән туғызбайды<sup>15</sup>. Отырардан төменірек Сырдария бойында Шауғар өңірі орналасып, сол аттас орталығы болған. В. В. Бартольд Шауғарды Түркістан ауданында болған деп санайды<sup>16</sup>. Шауғар қаласы Түркістанның оңтүстік-шығысында 8 шақырым жерде орналасқан Шойтөбе қаласының орнында болған деп саналады<sup>17</sup>. Соғды тілінен аударғанда Шауғар «Қара тау» деген сөз<sup>18</sup>. Қаланың Қаратау етегінде орналасуы Шойтөбенің Шауғарға балануына қосымша дәлел бола алады. Осы қалалардан басқа Сырдарияның орта ағысында VI—IX ғасырдың бірінші жартысына тән мәдени қабаттары анықталған бір топ қала жұрттары жатыр. Қазақстанның оңтүстігінде барлық саны 27 болатын осындай қала жұрты бар.

Қазақстанның оңтүстігіндегі қала жұрттарына құрылымында арка — ішкі камал, шахристан — дуалмен бекіндірілген қала және рабад — қала төңірегіндегі сауда-қолөнер орны болатын топография тән. Шахристанда бай шонжарлардың, ірі саудагерлер мен дінбасылардың үйлері, сарайлар орналас-ты.

Алайда Орта Азияға тән қалыптағы Пенджикенттегі археологиялық қазбалар қала өмірінің бастапқы кезеңдерінде-ақ шахристанда шонжарлармен және көпестермен қатар қолөнершілер мен ұсақ саудагерлердің де тұрғанын және алдыңғы орта ғасырлардың өзінде қала қолөнер мен сауданың қалыптасқан орталығы болғанын көрсетті<sup>19</sup>. Жазбаша деректемелердегі қалалармен, сол кезеңнің түсінігінде қалыптасқан қала үлгісімен сәйкес келетін қала жұрттарын да қалалар қатарына жатқызу керек. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың алдыңғы орта ғасырлардағы қалаларының жұрттарын анықтаған кезде мынадай белгілердің жиынтығы: көлемі мен құрылымы (камал және бүкіл көлемі немесе камал мен шахристан); бекіністері; мәдени қабатының байлығы; археологиялық кешені пайдаланылады.

Осындай сан және сапа белгілеріне сүйенгенде, Оңтүстік Қазақстандағы алдыңғы орта ғасырлардағы барлық қалалар саны 33 болады. Алайда, Оңтүстік Қазақстанның барлық қалалары неғұрлым кейінгі уақытта да өмір сүргендіктен, қала орындарының кейінгі мәдени қабаттары ертедегі қалалардың көлемін анықтауға және олардың үлгілерін жорамалдауға



Оңтүстік-Батыс Жетісудағы қалалар мен қала жұрттарының картасы. VII-IX ғғ. бірінші жартысы.

мүмкіндік бере бермейді. Жетісудың оңтүстік-батысында, керісінше, бұған толық мүмкіндіктер болды. Жазбаша деректемелерге қарағанда, мұнда VII—X ғасырларда 27 қала мен қоныс болған, олардың көпшілігі нақты қала жұрттарымен сәйкестендірілді.

Ал Шу және Талас аңғарларындағы аумақта барлығы 36 қала жұрты табылып, олардағы VII—IX ғасырлардың мәдени қабаттары анықталды. Қалалар кейінгі кезге дейін өмір сүрген. Олардың топографиясында өзіндік ерекшелік кездеседі. Қала жұрттарында қамал мен шахристаннан тұратын «орталық бөлік» ерекше көрінеді. Орталықтағы құлаған үйінділерге ұзындығы үш шақырымнан ондаған шақырымға дейін жететін дуалмен қоршалған аумақ жапсарласып жатады<sup>20</sup>.

«Ұзын дуалды» қалалардың орналасуында қатаң заңдылық бар: Талас аңғарында олар бір-бірінен 15—20 шақырым қашықтықта аңғарлардың ең қолайлы жерлерінде, Таласқа ұсақ тау өзендерінің құятын сағаларында орналасқан. Шу аңғарында қалалардың орналасу заңдылығы одан да айқын — он үш қала тау етегіндегі аймақта тау өзендері ағып шығатын жерлерде бір-бірінен 15—35 шақырым қашықтықта орналасқан; қалғандары Қырғыз жотасы тауларынан өзендердің Шуға келіп құятын жерлерінде солтүстік жақтағы ішкі тізбекті құрайды.

Қалаларды сипаттап топтаған кезде қала орындарының көлемі мен топографиясы және жазбаша деректердің мәліметтері пайдаланылды, нәтижесінде қалаларды үш топқа бөлуге мүмкіндік болды. Бұлар: астаналық және ірі қалалар — Тараз, Суяб, Невакет және Нұзкет, олар Жетісудың оңтүстік-батысындағы Жамбыл, Акбешім, Қызылөзен және Шитөбе сияқты ірі қала жұрттарына сәйкес келеді. Орташа топқа Таластағы Ақтөбе қаласының жұрты деп саналатын Текабкет және тиісінше: Сус — Шалдовар, Мирки, Аспара, Жол — Соқылық, Харранжуван — Беловодск бекінісі, Жак — Сарығ — Грозненское жатқызылды. Шағын қалаларға жататындар: Құлан — Луговое, «Түрік қағанының ауылы» — Шөміш, Кірмірау — Покровское<sup>21</sup>. Ірі қалалардың төңірегінде орналасқан ондаған ескерткіштерді қоныстарға жатқызуға болады. Олардың құрылымында да қамалдармен шахристандардың, қала төңірегіндегі жерлердің айқын аңғарылуы жиі кездеседі. Кейбір қоныстардың мықты бекіністі құрылыстары болған. Алайда олардың көлемі шағын, 4—6 гектардан аспайды, мұның өзі, мамандардың пікірінше, қоныстарға тән. Сонымен бірге көптеген «төрткілдер» — тау шатқалдарында және ірі қалаларға жақын орналасқан, төрт бұрыш түріндегі қала орындары қоныстарға жатқызылды<sup>22</sup>. Табылып, зерттелген қала орындарының кейбіреулері бекіністер және керуен сарайлар деп анықталды.

### 3. ҚАЛА МЕН ҚОНЫС ҚҰРЫЛЫСЫ. ЗИРАТТАР

Арқалар — ішкі қамалдар қаланың міндетті элементі және оның ең бекіністі бөлігі болған. Мәселен, VII—VIII ғасырлардағы Құйрықтөбе қаласының қамалы биіктігі 10 м күйдірілген балшық тұғырға салынған сарай құрылысы болып табылады. Онда қала билеушісі тұрған.

Баба-Ата қаласы орнының қамалын қазған кезде мұнда VI—VIII ғасырларда көлемі 240 шаршы метр болатын екі қабатты құрылыс болғаны анықталды. Бірінші, төменгі қабатында диаметрі 5,8 м болатын, күмбездеп жа-

былған салтанат залы болған. Екінші қабатына қорап сияқты етіп жабылған алты бөлме салынған<sup>23</sup>. VI ғасыр мен VIII ғасырдың алғашқы жартысындағы Ақтөбе-1 қаласының ішкі қамалының орнынан саз қабатынан үш метр етіп тұрғызылған биік тұғыр үстіне орнатылған екі қабатты замок табылды<sup>24</sup>. Жамбыл (Тараз) және Құлан қалалары орнының қамалдарында жүргізілген қазба жұмыстарында бұларда да замок сияқты құрылыстардың орны анықталды<sup>25</sup>. Талас аңғарындағы Қостөбе қаласы орнының қамалын қазған кезде қызықты нәрселер байқалды. Қала орнындағы қамал жоғарғы бетінің көлемі 30x40 м, биіктігі 12–15 м болатын пирамида пішінді төбешік екен. Анықталғандай, VI–IX ғасырларға жататын бастапқы құрылыс жоғары стилобатқа орнатылған замок сияқты ғимарат болған. Құрылыстың қабырғаларын айналдыра галерея өткен.

Ақбешім қаласында 35 га жерді алып жатқан биік қамал мен шахристан болған. VIII ғасырдың екінші жартысында оның оңтүстік-шығыс жағынан қаланың көлемі 60 га болатын жаңа бөлігі жапсарластыра салынған, сірә, оның қаған ордасы болуы мүмкін. Қызылөзеннің қираған жұрты қамалдан, екі шахристаннан, діни кешені бар зираттан тұрады.

Қамалы биіктігі 16 м және көлемі 110x110 м стилобатқа орнатылған дағдылы замок құрылысы болған. Қамалдың ортасында қызметтік және тұрғын жайлар орналастырылып, өте көркем безендірілген, оларды айналдыра галерея жасалған<sup>26</sup>.

**Қала махалласы және тұрғын үй.** Қалалардың шахристандары махаллаларға топтастырылып, үйлер тығыз салынған. Қалалардың махаллаларға бөлінуі феодалдық қоғам үшін заңды болатын. Ол туыстық дәнекермен, ортақ кәсіппен, дінмен топтасқан адамдардың сол қоғамға тән топ болып тұйықталуына байланысты еді. X ғасырдағы автор Нершахидің «Бұхара тарихы» еңбегінде «ку» және «махала» («махаллат») терминдері кездеседі, олар махаллаларды білдірген<sup>27</sup>. Орта ғасырлардағы қала жұрттарын зерттеушілер «махалла» ұғымын кеңінен қолданады<sup>28</sup>.

Алайда, археологиялық әдебиетте «махалла» терминінің кеңінен пайдаланылғанына қарамастан, бұл ұғым осы кезге дейін бірыңғай түсінілмей келеді. Әдетте, махалла деп қала құрылысының бүгінгі ұғымы айтылады, ал оның түп тамыры антик дәстүрінде жатыр, ол кезде көшелердің тік бұрышты аумағы тұрақты жоспарланған тұрғын үй алаптарымен ұштасып жатқан<sup>29</sup>.

Бір зерттеушілердің пікірінше, Пенджикент махаллалары тік бұрыш жасап тоғысып жатқан тұйықталған көшелерден тұратын үй алаптары болған<sup>30</sup>. Басқа біреулері жалпы қалалық көшеден тарайтын махалла ішіндегі шолақ көшеге біріктірілген шағын үйлер тобын махалла деп санайды. Махалла барлық жағынан тұйықталған, оның шекаралары үй иеліктерінің сыртқы қабырғалары бойымен өтеді<sup>31</sup>.

Оңтүстік Қазақстан қалаларының жұртына кеңінен жүргізілген қазба жұмыстары жеке махаллаларды, олардың шекараларын бөліп көрсетуге және мынадай анықтама ұсынуға мүмкіндік берді: «махалла дегеніміз қала құрылысының ішіндегі көшелер немесе үлкен көшенің бір бөлігін біріктіретін бірнеше үйлерден тұратын шағын алабы. Махалланың сыртқы беті жабық болады, көрші махаллалармен шекарасы барлық үйлердің сыртқы қабырғалары мен шеткі үйлердің бүйірдегі қабырғаларын бойлай өтеді»<sup>32</sup>.

VI—VII ғасырдың бірінші жартысындағы махаллалар Отырар алқабындағы Көк-Мардан қаласының жұртын қазған кезде аршылды. Үйлердің үш тобын махаллалар деп санауға болады. Олардың әрқайсысы үлкен «солтүстік» көшеден тарап, бекініс дуалына барып тірелетін тұйық көшемен біріккен. Тұйық көшелердің ұзындығы — 15, 12, 10 м, махаллалардың көлемі — 370, 350 және 300 шаршы метр. «А» махалласында бес үй бар, біреуі діни үй, «Б» және «В» махаллаларының әрқайсысы 4 үйден тұрады.

VII ғасырдың екінші жартысы — IX ғасырдың бірінші жартысындағы қала махалласы Құйрықтөбе қаласының орнын қазғанда аршылды. VII—IX ғасырдың бірінші жартысына дейінгі үстіңгі қабаты шайылып кеткен. Махалланың шет жақтары да қираған болып шықты, ал оның орталық бөлігі әжептәуір жақсы сақталған. Оның махалласының көлемі 306 шаршы метр болады. Махалланың құрамына махалла ішіндегі көшенің сол және оң жақтарына орналасқан 4 үй кіреді. Үш үй толық, ал төртіншісінен бір бөлме ғана сақталған. Толық сақталған үш үйдің біреуі бір бөлмелі де, екеуі екі бөлмелі. Махалла ішіндегі кішкене көше қақпамен жабылған; оның үлкен көшемен қосылатын жерінде табалдырық тепкішегінің қалдықтары сақталған.

Жоспарлануы және салыну сипаты жағынан махалланың Көк-Мардандағы VI—VII ғасырлардың неғұрлым ертедегі махаллаларынан айырмашылығы жоқ. Махаллалардың қалыптасу себептері мен сипатын ұғынуға этнографиялық материалдар толық мүмкіндік береді. Олар махаллалардың қалыптасуына әулеттік қауым қатысқанын дәлелдейді. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, XIX—XX ғасырдың басындағы тұрғын үй махаллалары салтының орта ғасырлардағы қалалар тұрғындарының тұрмысынан елеулі айырмашылығы болмаған<sup>33</sup>.

I мыңжылдықтың орта шені Орта Азия мен Қазақстан халықтарында патриархаттық әулеттік қауымнан шағын отбасына көшудің бетбұрысты кезеңі болды<sup>34</sup>. Бұл уақытқа отбасының өзінше бір өтпелі түрінің қалыптасуы тән келді. Ол енді үш немесе одан да көп ұрпақтан емес, екі ұрпақтан құралды. Аға ұрпақ әке мен ана болды, үйленген ұлдарының бәрі солармен бірге тұрды.

Этнографтар жартылай отырықшы және отырықшы қарақалпақтарда әулеттік-рулық топтардың «көше» деп аталғанын айтады. Әрбір топты ең бай немесе ықпалды ақсақалдар арасынан «көше би» немесе «көшбасы» басқарған. Әдетте бір ауыл, кейде бірнеше ауыл бірге көшіп-қонғанда неғұрлым ірі қоныстарға жинақы әулеттік топтар болып қоныстанған. Туысқан отбасылар бірге мал бағып, қуаныштарын бірге атап өткен, салт-жораларды бірлесіп атқарған<sup>35</sup>.

Отырықшы халықта әулеттік-туыстық топтар айқын аңғарылады. Тәжіктерде олар «кавм» немесе «каум» деп аталады. Әдетте, мұндай әрбір топ бір махаллада тұрған, топтағы әрбір отбасының иелігінде үй жанындағы және егін салатын жеке жер учаскесі болған, бірақ малды бүкіл әулет бірігіп жайған, егін жинағанда, құрылыс салғанда да бір-біріне көмек көрсетіп, әулетке ортақ мерекелерді бірге өткізген, мешіті мен зираты да ортақ болған.

Көшпелілер мен жартылай көшпелілерде шағын отбасымен қатар экономикалық және аумақтық бірлік белгілері бар неғұрлым ауқымды бірлестікте пайда болды. Олар туыстық тегінің ортақтығы бойынша жинақталған

отбасылар болып топтасқан. Әрбір топ өзін «бір атаның балалары» деп атаған: қазақтарда ол — «ата баласы»; қырғыздарда — «бір аталық балдары»; түрікмендерде — «бир ата» деп аталған. Топтағы отбасылар саны 2—5-тен 20—15-ке дейін ауытқып отырған. Олар бір ауыл болып көшіп, қыстауда қатар қонған, малды бірлесіп, кезекпен бағып, еңбек еткенде бір-біріне көмектесіп отырған, мейрамдарды бірге өткізіп, ғұрыптық асты бірге ішкен. Алайда әр отбасы малдарына өз ендерін салатын болған<sup>36</sup>. Көк-Мардан мен Құйрықтөбе махаллаларының тұрғындары әулеттік-туыстық топтардан тұрған. Махалладағы үйлер саны жекелеген туыс отбасыларына тиесілі 4—6 үйге жетеді. Этнографиялық деректер бойынша белгілі әулеттік-туыстық топтың басшысы — «көше би», «көшбасшы» орта ғасырлардағы махалла раисына (старшина, староста)<sup>37</sup> және соңғы орта ғасырлардағы Бұхараның махалла ақсақалына<sup>38</sup> сәйкес келеді.

Жетісудың оңтүстік-батысындағы қала жұрттарының шахристанын кеңінен қазу жұмыстары жүргізілген жоқ және олардың махаллалары салынуының сипаты туралы әзірше деректер болмай отыр, бірақ ол негізінен Оңтүстік Қазақстан қалаларының салынуына ұқсас болса керек.

**Қалалық тұрғын үй.** Қазба жұмыстары Оңтүстік Қазақстанның ертедегі орта ғасырлардағы қалалық тұрғын үйі туралы түсінік алуға мүмкіндік берді. VI—VII ғасырдың бірінші жартысына үйлердің екі үлгісі тән. Бірінші үлгідегі үй — бір бөлмелі, тік бұрышты жоспармен салынған. Осындай көлемі 43 шаршы метр болатын үйлердің бірінде ұзындығы 4 метрлік иілген дәліз бар. Кіреберісі тамбур пішіндес. Батыс және солтүстік қабырғаларын бойлай ортасына қарай шығыңқы келген сөрелі сәкілер орнатылған. Сәкілердің ені 1 м, шығыңқы жері — 1,2 м, биіктігі 40—45 см. Кіреберістің қарсы алдынан ортаға ернеулері балшықпен сыланған көлемі 1x1,5 м болатын тік бұрышты жерошақ қазылған. Кіреберістің сол жағында, тамбурда қалыңдығы 0,3 м қабырғада көлемі 0,2x0,2 м болатын екі камин (қабырғадағы ошақ) орналасқан. Оңтүстік-шығыс бұрышы саз қалқамен бөлінген, бұл — шаруашылық бөлімі, өзінше бір ас пісіретін алаң. Жайдың еденінен тік бұрышты төрт шұңқыр — тіреуіш бағаналардың орны тазартылды. Төбесінен, сірә, жарық түсетін әрі түтін шығатын тесік жасалған болса керек. Сонымен бірге түтін есіктен де шыққан, сондықтан да ошақ пен каминдер есікке жақын тұр.

Бұл үлгідегі үйлердің сәкілері: екі қабырғада «Г» тәрізді және үш қабырғаны жағалата «П» тәрізді етіп салынуымен ерекше; орталығында екі сатылы шығыңқы жері бар. Жер ошақтың түрі тік бұрышты, сопақ немесе алдыңғы жағы дөңгелек болып келеді. Ошақтардың шет жағы қышпен қаланып қоршалған. Тұрғын үйді жылыту үшін де, тамақ асу үшін де пайдаланылған ашық үлгідегі ошақтар Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияның орта ғасырлардағы тұрғын үйінде кең таралған<sup>39</sup>. Каминдер қабырғаларға ойып жасалған сфералық қуыс болып табылады, олардың түбіне ернеуі аласа тұтқалы табалар қойылған. Жер ошақтар мен каминдердің атқаратын міндеті әр түрлі: біріншілері — үйді жылыту және ас пісіру үшін, екіншілері нан пісіру үшін пайдаланылған. Үйлерде ұн тартуға арналған жалпақ диірмендер бар. Азық-түлік қорларын сақтауға арналған кеспектер мен көзелер бұрыштарға қойылған сәкілердің үстінде тұр. Сонымен бірге күйдірілмеген балшықтан жасалған кеспек тәрізді және астау тәрізді ыдыстар қойма ретінде пайдаланылған.

Әрбір үйде мінәжат орны кезікті. Әдетте ол кіреберіске қарама-қарсы, саз балшықтан жапсырып жасалған сопақша медальонды бұрыш болып келеді. Оның астында кішкене бұрышты тақыт — күл қабаты жапқан мехрап орналасқан.

Үйлердің көлемі 12 шаршы метрден 45 шаршы метрге дейін өзгеріп отырады. Төбені жабу сипаты үйдің көлеміне байланысты болған. Үлкен үйлердің төбесі төрт бағанмен тірелген, орташаларында бір баған тіреуіш ретінде пайдаланылып, оған ұзынынан бір немесе айқасқан екі дінгек тірелген. Көлемі кішкене үйлердің төбесін қабырғалар ғана ұстап тұрған.

Екінші үлгідегі үйлер — тізбектеле салынған екі бөлмелі. Екінші бөлме — қойма — бастапқы бөлмеден мықты қабырға арқылы сегменттеу жолымен бөлінген. Қойма үйдің артқы, алдыңғы жақтарында, кейде бүйір жағында болуы мүмкін. Қоймалардың көлемі 8 шаршы метрден аспайды. Тұрғын үйлердің екі үлгісі де VI—VII ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстан үшін дәстүрге айналған, олардың алдыңғы үлгілері б. з. б. I мыңжылдықтың аяғынан бастап аңғарылады.

VII ғасырдың екінші жартысы — VIII ғасырдың алғашқы жартысындағы тұрғын үйлер Құйрықтөбе қаласының орнын қазу жұмыстарынан мәлім. Көлемі 63,8 шаршы метр болатын бір бөлмелі үй аршылды. Оған деңгейі еденнен жоғары сырттан кіретіндіктен кіреберісі жалпақ пандус түрінде жасалынған. Есік қуысында есік пен табалдырықтық жақтауы сақталып қалған. Кірер есік үйден «көрініп тұратын қабырғамен» бөлінген. Бөлменің үш жағына биіктігі 0,4 метрдей сәкілер салынған. Оңтүстік және батыс қабырғалары жағындағы сәкілердің ені — 1 м, солтүстік жағындағысы — 0,7 м. Батыстағы қабырғаның ортасында шығыңқы белдеуі бар, оның ұзындығы 2,4 м, ені 1,35 м.

Екі бөлмелі үйлер қосымша бөлмесі болуымен сипатталады, ол, сірә, қойма болса керек. Махалладағы осындай бір үйдің тұрғын жайының көлемі 28 шаршы метр, қоймасы 16,8 шаршы метр болады. Тұрғын жайдың оңтүстік жағындағы қабырғасында ені 1,7 м сәкі бар. Бөлменің ортасында жер ошақтың күйген орны сақталған. Қойманың ішкі көрінісі сақталмаған; бірақ онда, Көк-Мардандағы үйлердің қоймаларындағы сияқты, астық қорын сақтауға арналған орындар мен ыдыстар болса керек.

Қазақстанның оңтүстігіндегі ертедегі ортағасырлық тұрғын үй сан ғасырлық дамудың нәтижесі болып табылады. Оларды көрші аудандармен салыстырғанда оларға тән бірқатар ұқсастықтар байқалады. Оған VII—VIII ғасырлардағы соғдылардың Гарадани-Хисор қонысындағы бір және екі бөлмелі үйлер жақын<sup>40</sup>. Пенджикент үйлеріндегі төрт тіреулі жайлардың жоспарлануы Көк-Мардандағы төрт тіреулі, ал сәкілері шығыңқы белдеулерімен ерекшеленетін үйге ұқсас келеді. Көк-Мардандағы тұрғын үйді оңтүстік-батыс Ферғанадағы тұрғын үйлермен<sup>41</sup>, Хорезмнің афригидтік үйлерімен<sup>42</sup> салыстырғанда белгілі бір ұқсастық байқалады.

Этнографиялық жағынан осыған ұқсас тұрғын үйлер Памирде сақталған<sup>43</sup>. Дегенмен де, Орта Азияның солтүстік аудандарының ертедегі ортағасырларындағы тұрғын үйлермен ұқсастығына қарамастан, Оңтүстік Қазақстанның тұрғын үйінде б. з. б. I мыңжылдықтың бірінші жартысындағы Сырдария мәдениетінің дәстүрлі белгілері сақталады. Бұлар — Қазақстанның оңтүстігінде мейлінше таралған тізбектеп жоспарлау, тік бұрышты және сопақша ашық ошақтар, нан пісіру үшін пайдаланылған арнаулы

шаруашылық аландары, астына мехрап жасалған мінәжат орындары. Бұдан кейін үйлердің салынуы мен ішкі көрінісі түрін өзгерте отырып, одан әрі сақталды және Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырлардағы қалаларының үйлерінде дамытыла түсті<sup>44</sup>.

**Қоныстар** әзірше жеткілікті зерттелген жоқ. Жетісуда Құлан өңірінде (Луговое қала жұрты) бірнеше жайлардан, тұрғын үйлер мен қора-қопсылардан, сондай-ақ жүзім шырынынан шарап пен тәтті тағамдар өндіретін шеберхана кешенінен тұратын аула ішінара қазып-аршылды. Ауланың қабырғалары күйдірілген балшық блоктар мен ұзын шикі кірпіштерден қаланған<sup>45</sup>.

**Қорғаныс құрылыстары.** Әзірше олар да жеткіліксіз зерттелген. Оңтүстік Қазақстанда Құйрықтөбе қамалының бекіністі дуалын зерттегенде оның күйдірілген балшық блоктарынан қаланып, ені 2,7 м болғанын көрсетті. Оның бұрыштарына ішкі жағында шағын орындары бар жартылай дөңгелендіріп мұнаралар салынған<sup>46</sup>.

Зерттеушілердің пікірінше, алдыңғы орта ғасырлардағы замоктар мен қалалардың дуалдары қабырға ішінде жоғарғы жағынан қалқалап жабылған алаңқайды алмастыратын галереялары жоқ іргелі ғимараттар болған<sup>47</sup>. Құйрықтөбе сарайындағы салтанат залының ішкі көрінісі бейнеленген күйдіріп өрнектелген тақтада замоқ дуалы нақ солай көрінеді<sup>48</sup>.

Жетісудың оңтүстік-батысындағы Қызылөзен қаласы орнының бекінісі мейлінше ерекше. Шахристанға да, қамалға да, зиратқа да бекініс тұрғызылған. Дуалдарға мұнаралар мен қақпалардың алдына құрылыстар салынған. Шахристанды сыртқы жағынан ені 50 метрге дейін жететін ор қоршап жатыр. Шахристанның бекініс дуалын көлденеңінен қазғанда мынадай құрылым анықталды: саз балшықты тұғырға биіктігі 2,5 м болатын күйдірілген балшық блоктан дуал тұрғызылған. Оның ені — 2,5 м, биіктігі 5 м етіп қаланған жері сақталған. Ішкі жақтағы бекіністі дуал алдында құрылыс салынбаған бос алаң қалдырылған.

Шахристанға батысынан түйісіп жатқан зираттың дуалы «таспалап қалау» әдісімен саз балшықтан қалыңдығы 0,2—0,4 м етіліп қаланған. Төбенің басына күйдірілген балшық блоктан тұрғызылған тұғырға дуал орнатылған. Дуалдың ені етегінен 2,5 м, биіктігі 2,7 м шамасында болған.

Тараз қаласы да мықты дуалдармен қоршалған. Күйдірілген балшық блоктары мен жұмыр тас қабаттарын кезектестіре қалап тұрғызылған дуалдың ені 3—3,5 метрге жетеді<sup>49</sup>. Таластағы Ақтөбенің бекіністі дуалының көлденең кесіндісі ешнәрсе араластырмай күйдірілген балшықтан тұрғызылғанын көрсетті. Қабырғаның сырты тас сынықтарымен қапталған<sup>50</sup>.

Басқа қалалар жұртының қала төңірегіндегі аумақты айналдыра салынған ұзын дуалдарын қимасынан зерттегенде олардың құрылымында шикі кірпіш пен жұмыр және қиыршық тастар пайдаланылып, таспалап қалау әдісімен тұрғызылғаны анықталды. Дуалдардың ені 2 метрден 7 метрге дейін жетеді, олардың сақталып қалған биіктігі әдетте 5 метрден аспайды. Жетісудың ертедегі орта ғасырлардағы қалаларының дуалдарын Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан қалаларының бекіністерімен салыстырғанда олардың салынуы жағынан да, құрылыс техникасы жағынан да жақын және біртектес екені аңғарылды<sup>51</sup>.

**Қала зираттары.** Қалалардың қасында зираттар болған. Бұл кездегі қабірлердің ең көп таралған түрі күйдірілген балшық кесектер мен шикі



кірпіштен салынып, төбесі күмбезделіп жабылған тік бұрышты құрылыстар болып келеді. Қазіргі кезде олар обалар түрінде сақталған.

Қазақстанда мұндай құрылыс тұңғыш рет Арыстың орта ағысындағы Бөріжар қорымынан табылды. Үйінділер астында басқа да құрылыстар — күйдірілген балшық кесектерінен қаланған тік бұрышты қоршаулардың қалдықтары (төбесі сақталмаған), ертедегі жер беті деңгейіне өзеннің малта тастары төселген, ал кей жағдайда ыдыстардың сынықтары төселген қабірлер болды. Неғұрлым ертеректе жерленгендері бір жаққа қарай ығыстырылып, кейін қайтыс болғандарды бұрынғының қасына қойылып отырғандықтан бір қабірге бірнеше кісі жерленген. Жерленгендер түрлі бағытта қойылған. Қорым обаларының биіктігі 3—4 м болған жағдайда диаметрі 20 метрге дейін жеткен. Бұл үлгідегі дағдылы қабірлер мына тұрғыда келеді: 32-обаның диаметрі 14—16,5 м және биіктігі 2 м сопақша үйінді түрінде болды. Оба үйіндісі астында тік бұрышты шошақ төбелі төмпешік жатыр. Жерлеу лақытының көлемі 7,5 шаршы метр. Оның ішіне ұзындығы 2,5 м, ал ені 0,75 м дәлізбен кіруге болады. Лақыттың еденінен қаңқалардың шашылып жатқан қалдықтары кездесті. Адамды жерлегенде қыш ыдыстар: шүмегі бар құмыралар, құятын ернеуі бар құмыралар, сырты қызыл бояумен жылтыратылған саптыаяқтар қоса салынған. Сондай-ақ сабы бар бір жүзді темір пышақтар, темір семсерлер табылды. Қару-жарақтар ішінен жебелердің үш қанатты темір ұштарын атап көрсеткен жөн.

Сондай-ақ құрама белдіктердің лира тәрізді күміс қаптырмалары, тоғалар, қару-жарақ заттары, белдік қаптырмалары, ақық моншақтар, қола түйреуіштер, тұтқа түріндегі бойтұмарлар табылды. Қорымның мерзімі VI—VIII ғасырлар деп белгіленеді<sup>52</sup>.

Түркістан маңындағы Шаға қорымынан да осындай жерлеу құрылыстары табылды. Мұнда 5 оба қазып аршылды. Осындай бір обаның (67) диаметрі шамамен 30 м және биіктігі 2,2 м болды. Үйінді астында жерлеу құрылысы — көрхана бар. Бұл — шикі кірпіштен қаланған, көлемі 5,2x5 м болатын тік бұрышты құрылыс. Көрханаға ұзындығы 3,3 м, ені 0,9 м және биіктігі 1,15 м болатын тамбур салынған. Құрылымның қалдықтары мен құлаған үйінділерге қарағанда, дәліздің төбесі қырынан қойып қаланған кірпіштерден қорап сияқты күмбез түрінде жабылған.

Көрхананың өзі, сірә, күмбез сияқты етіп жабылған болса керек. Солтүстік және шығыс жақтарын бойлай биіктігі 15 см және ені 75 см сәкілер орнатылған. Қабырғалар, сәкілер және еден сыланып, ақталған. Көрханаға ұрылар түскендіктен оның солтүстік жағындағы сәкі үстіндегі үш қаңқаның сүйектері шашылып жатыр.

Көрханалардың біреуінен үш қабат етіп қойылған 25 өліктің сүйегі тазартылып алынды. Кіреберістегі дәлізде иттің қаңқасы жатты. Шаға көрханасынан өзінше бір археологиялық қазына алынды. Бұлар — әдемілеп жылтыратылған құмыралар мен сақина тұтқалы саптыаяқтар, бүйірлерінің орта тұсы иілінкі тегенелер. Алмұрт тәрізді кішкене құмыралар, өрнек ізі бар кеспектердің сынықтары ұшырасты. Темірден соғылған жебелердің ұштары, қайшылардың сынықтары, тоғалар табылды.

Табылған әсемдік заттар ішінде қола білезік, кішкене көз салынған сырғалардың сынықтары бар. Көрханалардың біреуінен VII ғасырдың аяғы — VIII ғасырдың басындағы соғдылардың мыс теңгесі табылды. Шаға қорымының мерзімі VII ғасырдың аяғы — VIII ғасырдың басы деп белгіленеді<sup>53</sup>.

Жерлеу құрылыстарының сипаты мен жоспарлануынан, жерлеу ғұрпынан, керамикадан, сәндік заттардан жергілікті қауыншы мәдениетінің дәстүрі, түріктер мен соғдылардың күшті ықпалы аңғарылады. Оңтүстік Қазақстан тұрғындарының материалдық және рухани мәдениетінде осындай компоненттердің болуы аймақтың ертедегі орта ғасырлар кезеңінде жергілікті отырықшы және қалалық мәдениетінің дамуындағы өзіндік ерекшелікті дәлелдейді.

Жетісудың оңтүстік-батысында Ақбешім, Қызылөзен, Беловодск бекінісі қала қоныстарындағы, Тектұрмас пен Қостөбедегі зираттар зерттелді. Ең көп және жан-жақты зерттелгендері — Қызылөзен қаласының жұртындағы қабірлер, онда түрлі уақыттардағы VIII—X ғасырдың басындағы төрт оссуарлық мола, көрханалар аршылды.

Қызылөзен қала жұртының қалалық зираты қаланың қираған орталығынан 300—350 м жерде жатыр, көлемі — 5 гектардай. Оның негізі оба үйінділері астындағы қабірлерден тұрады.

Оба астындағы қабірлердің бірнеше түрі — жерден қазылған шұңқырларға, лақыттарға, шикі кірпіш сағаналарға құрал-саймансыз жерлеудің ұштастырылғаны анықталды. Олардың мерзімі VI—VII ғасырлар деп белгіленді. Бұдан үңгіп лақыт жасалған бірнеше қабір де табылды; алайда қабірдің бұл түрі едәуір кейініректегі — VII ғасырдың аяғы — VIII ғасырдың басында көп таралған және, тегінде, қалаға отырықшыланған көшпелі халықпен байланысты болса керек.

Оба үйінділері VII ғасырдың бас кезінде құрылыс, зороастралық ғибадатхана салынған кезде тегістеліп жіберілген. Екінші кезеңдегі қабірлер мынадай үлгілерді қамтиды: жерден жартылай өрілген сағаналар, кірпіш қабірлер, сары топырақтан үңгілген лақыттар, жерден қазылған шұңқырлар, оларға оссуарийлер және кеспектер қойылған, өліктер кеспектерге немесе отырған күйінде жерленген, олар белгілі бір тәртіпті сақтамай және қосымша құрал-саймандарсыз қойылған. Шұңқырлар мен шағын сағаналарға бірнеше сүйектерді қатар салу түрінде жерлеу де басым болған.

Қала зиратының қалыптасуындағы келесі кезең лақыттап және үңгіп қазылған қабірлер қабатымен байланысты, оның үстіне бұл орайда алдындағы қабаттың құрылыстары қиратып жіберілген. Түрік ғұрпы бойынша өліктер мехрап бөлмесінің қабырғалары мен сәкілерінің астына жерленеді. Ең қызықтысы — атымен қоса жерлеу.

Қызылөзен зиратының жоғарғы қабатының мерзімі VIII ғасырдың ортасы — X ғасырдың басы деп белгіленеді және көрханаларда, бір шұңқырлы сағаналарда, ашық аландарда, көрхана қабырғаларының, бекініс дуалдарының негіздеріндегі қуыстарға жерлеудің жаңа ғұрпын көрсетіп, кеспектерге, оссуарийлерге, құмыраларға салынған бас сүйектер мен әр түрлі сүйектер табылды.

21 көрхана ашылды, олардың әрқайсысы қоршалған. Бұлар саздан және шикі кірпіштен салынып, күмбездеп немесе көтеріп жабылған бір немесе екі бөлімді құрылыстар болған. Осы өзінше бір «кесенелердің» көлемі әр түрлі — 1 шаршы метрден 10 шаршы метрге дейін болған. Көрханалар кірпіш қаланып бекітілген, бірақ жаңадан жерлеу қажет болғанда бұзылып алынатын тар жол да қалдырылған. Көрхана ішінде оссуарийлер, кеспектер, көзелер тұрды, сүйек үйінділері, жекелеген бас сүйектер жатты. Жекелеген көрханалардың кіреберісіне де өліктер қойылған. Көрхана топтары-

ның араларына құрылыс салынбаған алаңшалар қалдырылған, онда көп мөлшерде керамика, жануарлардың сүйектері, от іздері жатыр. Мұнда еске түсіру жоралғылары өткізілген. Табылған сүйек қалдықтары алаңнан қазылған кішкене жеке шұңқырларда да, қабырғалардағы кірпіштерді суырып алып жасалған қуыстарда да өліктің жерленгенін көрсетеді. Аршылған жерлеу құрылыстарының бірі ішкі жағынан өлшегенде қабырғасының ұзындығы 12,3 м, шаршы түрінде болды. Көрхана ортасында бүкіл ғимаратты бойлай әр жағында үш-үштен алты бөлік орналасқан кең дәліз бар. Дәліздің ұзындығы 3,5 м.

Кіреберісі шығыңқы екі пилонмен көркемделген. Көрхана күмбездер жүйесімен жабылған. Бөліктің кіреберістері шикі кірпіштермен бекітілген, олардың әрқайсысына 1—2 өліктен жерлеген. Бөліктердің еденінде және бұрыштарында жел үрлеген қабаттар байқалды, олар сүйектердің ұзақ уақыт бойында ашық және жел соғып тұратын жерде болғанын көрсетеді. Ақбешім қаласының орнындағы шахристанның сыртынан да жерлеу кешені аршылды, олар сүйектері кеспектерге, ыдыстарға және шұңқырларға жәшіксіз қойылған, ашық алаңшаларға және шикі кірпіштен салынған қойма-бөліктерге өлікті шалқасынан жатқыза салу ғұрпымен жерленген оссуарлық зират болып шықты. Ақбешімдегі қираған замок алаңынан да оссуарлық қабірлер табылды.

Талас аңғарында, Тараздағы қалалық зиратта оссуарлық ғұрыптың VI—IX ғасырларда таралғаны аңғарылады<sup>54</sup>. Сонымен бірге мұнда жерден қазылған және шикі кірпіштен тұрғызылған молаларға өлікті қою ғұрпымен жерленген христиандар қабірлері де кездесті.

Тектұрмасты қазған кезде ағаш табыттар мен оссуарийлерге салып жерлеген қабірлер табылды. Зерттеушілер оларды христиандар мен зороастралықтарға жатқызады<sup>55</sup>. Жамукеттегі қалалық зиратта шикі кірпіштен қаланған көрханаға өліктерді бір-бірлеп және топтап жерлеген қабірлер табылды. Топтық қабірлерде 20-ға дейін өлік жерленген. Әдетте, қаңқалардың анатомиялық жағдайы өліктер неғұрлым кейіннен көмілгеннен кезде және тонаушылық мақсатпен қазғанда бұзылған. Ал бұзылмаған қабірлерде қаңқалар басын есікке қарата, шалқалап ұзынынан жатты.

Көрханалардан күміс сырғалар, гүл табақшалары бар және дөңестелген балдақтар, тастан көз салған сырғалар, темір білезіктер, моншақтар, геральдикалық екі қораз түріндегі қаптырмалар, мойынға тағатын қола крест, қола айнаның отырған адам мүсіні түріндегі тұтқасы табылды. Сүйектер кеспекке салып көмілген және бөлек жерленген сүйек үйінділері де табылды. Өлікті ұзынынан шалқалатып, «салт атты сияқты» жатқызып жерлеу де ұшырасты. Жерлеу мерзімі VI—X ғасырлар деп белгіленді. Ең кейінгі жерленгендер — мұсылмандар. Осыған байланысты IX ғасырдың орта шенінде-ақ қалалық зираттарда шикі кірпіштен өрілген сағаналарға мұсылмандардың жерленуі кездесетінін атап өту қажет. Өлгендер мұсылман ғұрпы бойынша, зат салынбай, басы солтүстік-батысқа қаратылып, ұзынынан жатқызып жерленген.

Зираттарды қазу жұмыстары қала қауымдарының конфессионалдық өмірінің күрделі де ала-құла болғаны, алдыңғы орта ғасырлардағы әр түрлі этникалық және діни топтардың өзара әсері жөнінде түсінік береді.

#### 4. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Қазақстан аумағында түріктердің саяси үстемдігі орнағаннан кейін барлық жергілікті тайпалардың аттары жазбаша деректемелердің беттерінен кездеспейді деуге болады, олардың орнына, әдетте, жеңіп шыққандардың әулеттік есімі енгізілді. Алайда, мұның өзі көптеген жергілікті тайпалар бір-бірімен әбден араласып, сіңісіп кетті деген сөз емес. Олар, сөз жоқ, Батыс түрік қағанаты халқының көпшілігін құраған, археологиялық зерттеулердің дәлелдегеніндей, өздерінің мәдениеті мен өнерін сақтап қалған. Шаруашылық кәсібі, тұрмыс салты бойынша түріктерге жақын болғандықтан, олар түрік қағанатының, одан соң Түргеш және Қарлұқ мемлекетінің құрамына сіңісіп кеткен. Түркі тілдес тайпалардың саяси, экономикалық және этникалық-мәдени жағынан Батыс қағанат құрамына бірігуі біртектес, бірақ бытыраңқы этностардың топтасу үрдісінің басы болды.

Сонымен бірге түріктер Қазақстан жеріне жерлеу ескерткіштерінің жаңа түрлерін, атап айтқанда, тастан жасалған антропоморфты балбалдардың тізбекті мүсіндерін ала келді. Жерлеу ғұрпы өзгереді, мысалы, өліктің басын батысқа беріп жерлейтін ғасырлар бойы орнығып келген дәстүрлі бағыт жойылып, олардың басын солтүстікке бағдарлап жерлеу басым бола бастады. Молалардың көпшілігінде адамның сүйектері жауға мінген аттарының сүйектерімен, жорықтағы қару-жарақтарымен бірге жатты. Темір үзеңгілер, жебелердің темір ұштарының және қанжарлардың, қылыштардың жаңа түрлері пайда болады. Мүсінді металл қаптырмалар жиынтығымен сәнделген жауынгерлік белдіктер кеңінен тарайды.

VI—IX ғасырлардағы ескерткіштер қорымдар, жекелеген қабірлер, кездейсоқ табылған заттар және тастан жасалған тұлғалар түрінде кездеседі. Қазіргі уақытта археологиялық ескерткіштер мен олжалар кешендерін нақты этникалық құрылымдармен теңдестіру үшін материалдар әзірше аз болып отыр.

Тайпаларды оқшаулап бөлу жөніндегі ұсыныстардың көпшілігі шартты сипатта болып табылады. Ертісте қазып ашылған қабірлердің кейбіреулерін мейлінше сенімді түрде кимектермен байланыстыруға болады<sup>56</sup>.

Түріктер заманындағы жерлеудің сипатты белгісі — адамды атымен бірге жерлеу ғұрпы. Түрік заманының Шығыс Қазақстан мен Алтайдағы, Жетісудағы обалары құрылымы және олжалары жағынан өте жақын. Жерлеудің сыртқы белгілері — тастан немесе топырақтан үйілген аласа үйінділер, олардың астына әдетте тік немесе төрт бұрыш түрінде қаланған қабірлер. Өлік жерден сопақша етіп қазылған шұңқырға жерленген, өлікпен бірге киім-кешектері, сәндік заттары, қаруы қойылған. Аттың өлігін қуысқа, шұңқырдың түбінен жоғары таман, аяқтарын бүгіп бүйірінен салған. Кейде аттың орнына қабірге оның басы және кесек еттерін немесе тұяқтарымен бірге терісін көмген.

VI—X ғасырлардағы қабірлердің көбі Шығыс Қазақстандағы Ертіс аңғарында зерттелді. Бұлар — Трофимовка-1 және 2, Зевакин, Покровка, Качира және Боброво-1 және 2 қорымдары, Бұқтырма СЭС-і су қоймасының аймағындағы зираттар.

Қорымдағы обалардың бірінші тобының топырақ үйінділері бар. Обалар топ-топ болып орналасқан. Қабір үстіндегі үйінділердің диаметрлері 6 метрден 12 метрге дейін, биіктігі 15—50 сантиметрге жетеді. Қабірлер қайың

бөренелермен жабылған. Еркектердің қабірлеріндегі заттар: қару-жарак, ер-тұрман, әйелдер қабірлерінде — тұрмыс заттары, әшекейлер болып келеді.

Қабірлерден сондай-ақ жылқы қаңқаларының жекелеген бөлшектері (бас, аяқ сүйектері) табылды. Қой сүйектері және қыш ыдыстардың сынықтары ас беру ғұрпының болғанын білдіреді. Обалардың екінші тобынан оба астында және қабір шұңқырында өліктердің өртелгенін көрсететін қалдықтар табылды. Боброво-2 қорымы обаларының бірінен өртенген сүйектердің қалдықтарымен бірге үш аттың қаңқасы, қару-жарак, ат әбзелдерінің қалдықтары, тұрмыс заттары және әшекейлер, қыш ыдыстар шықты.

Ертістің жоғарғы бойында IX—X ғасырлардағы обаларда өлікті өртейтін ғұрып бойынша үйілген тастың немесе топырақтың астына, не тастан қаланған қоршауда жекелей және бірнеше адамды жерлеген қабірлер анықталды. Өлік басқа бір жерде өртеліп, содан кейін күлін жерлейтін жерге көміп, оның үстіне оба тұрғызылатын болған. Тұрмыс заттары мен ат әбзелдерін жерлеген адаммен бірге салған. Екі обадан қару-жарак заттары табылды<sup>57</sup>.

Түріктердің VI—IX ғасырлардағы атпен қоса жерлейтін едәуір көп обалы қорымдары бар, соның ішінде ең үлгілісі Күдіргі болып табылатын Шығыс Қазақстан мен Алтайға қарағанда Қазақстанның басқа аудандарында мұндай обалы қорымдар сирек ұшырасады. Бұлар — Жетісудағы Тастөбе, Қызылқайнар, Аламысық, Орталық Қазақстандағы Егізқайнар қабірлері<sup>58</sup>. Қабірлердің сыртқы белгілері — тастан, торпырақтан немесе олар араластырылып үйілген аласа оба үйінділері, олардың астында жерден сопақша етіп қазылған шұңқырлар бар. Өлік ендік бағытында шалқасынан салынған. Аттың өлігі басқышқа немесе өлікпен бір деңгейге басын керісінше немесе нақ солай бағыттап орналастырылған. Олар Алтайдың өліктерді шығысқа қаратып жерлеуіне жақын. Мысалы, Жетісудағы Қырғыз жотасының етегіндегі Қызылқайнар қорымындағы түрік қабірі былайша көрінеді. Обаның диаметрі — 7 м, биіктігі — 0,3 м, тас үйілген, түбінен айналдыра тас қаланған. Үйінді астында 2 мола шұңқыры бар, олардың біреуінде басы шығысқа қаратылған өліктің қаңқасы жатты. Оң қолы денесін бойлай созылулы, сол қолы, сүйектердің жатуына қарағанда кіндігінің тұсына қойылған. Мола шұңқырынан мынадай көмілген құрал-саймандар: темір қанжар, темір саптыаяқтың сынықтары, жебелердің темір ұштары, садақтың сүйек қаптырмалары, құрама белдіктің қола табақшалары, темір семсер табылды. Көршілес моладан ауыздықты аттың қаңқасы аршылып алынды — темір үзеңгі және киіз ердің қалдықтары табылды<sup>59</sup>.

Атпен қоса жерлеу Алматыға жақын жерден табылды, оның ерекшелігі — адам мен ат бір мола шұңқырына қойылған. Адамның өлігі басы оңтүстік-шығысқа қаратылып, ұзынынан шалқалап жатты, ал ат шұңқырдың оңтүстік бөлігінде басы солтүстік-батысқа қаратылып, аяқтары бүгіліп, сол жақ бүйірімен қойылған. Моладан садақтың сүйек қаптырмалары табылды, қаңқа сүйектерінің үстінде темір тиегі қола айылбас жатты. Айылбастың тиегінде адамның беті бедерленіп бейнеленген. Құрама белдіктен тік бұрышты 5 бастырма, белдіктің ұшы сақталған. Кеуде сүйектерінің үстінен екі күміс түйме табылды. Бас сүйектің оң жағында түйіспейтін екі шығыршықтан тұратын күміс сырға жатты<sup>60</sup>.

Қызылөзен қала жұртының қалалалық зиратын қазған кезде Жетісуға тән атпен қосарлап жерлеудің қызықты жағдайы аңғарылды. Молада еркек пен әйелдің қабірлері аршылды, олардың басы шығысқа қаратылған, ал табалдырыққа басы батысқа қаратылып, аяқтары бүйіріне қарай бүгілген ат қойылған. Зерттеушілер оған түрік пен соғды әйелі жерленген деп жорамалдайды<sup>61</sup>. Талас аңғарындағы Жамукет қаласы деп саналатын Қостөбе қаласы жұртының VI—IX ғасырлардағы зиратынан да атпен қоса жерленген өлік табылды.

Түркістан жазирасындағы (Оңтүстік Қазақстан) Арыс пен Шағадағы орасан зор Бөріжар қорымының обалы қабірлері VI—VIII ғасырлардағы түрік уақытына жатады. Бұдан жерлеу алаңшаларын ұсақ малта тас араластырылған балшықтан жасаған ұжымдық қабірлер аршылды. Жоспарда олар дөңгелек, сопақ немесе тік бұрышты болып келеді. Олардың кейбіреулері күйдірілген балшық кесектерден жасалған аласа шарбақтармен қоршалған. Обалардың астындағы жерлеу құрылыстары күйдірілген балшық кесектерден салынған. Әдетте олар күмбезделіп жабылады және кіре беріс дәлізшелері болған. Бөріжар қорымынан құрама белдіктердің күмістен және қоладан жасалған тоғалары мен қапсырмалары, темір қанжарлар мен семсерлер, пышақтар, сәндік заттар мен отырықшы халыққа тән керамика табылды<sup>62</sup>. Шаға қорымына да осыған ұқсас бейіттерге жерлеу тән болып табылады<sup>63</sup>.

Қазақстан мен Орта Азияда түріктер мен түрік заманының бірлі-жарым қабірлері ғана аршылғанын, сондықтан қазіргі уақытта белгілі бір түрік тайпаларын анықтау мүмкін еместігін атап өту керек.

Қазылған қабірлерден алынған археологиялық олжалар VI—IX ғасырлардағы Қазақстан тайпалары материалдық мәдениетінің кейбір ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Қабірлердегі құрал-саймандар қару, ат әбзелдері, тұрмыстық мақсаттағы заттар болып табылады.

Шығыс Қазақстандағы қабірлердің бірінен ағаш қынабымен бірге екі жүзді семсер табылды, оның сабы жүрек тәрізді және тік бұрышты кішкене қаптырмалармен сәнделген. Тағы бір қабірден ұзындығы 80 сантиметр және жалпақтығы 3 сантиметр қылыш шықты, ол ағаш қынапқа салынған, қынаптың бет жағы өсімдік тектес өрнекпен әшекейленген былғарымен қапталған; қынаптың ұшына күміс қаптырмалар мен шығыршықтар шегеленген. Сондай-ақ қиындысы ромб тәрізді найзаның ұшы табылды.

Қабірлердегі қару-жарақ заттары ішінде бөрінен де жебелердің ұштары жиі кездеседі. Олардың біразы ағаштан жасалып, қабықпен қапталған қорамсақтарға салынған. Қорамсақтардың ішкі жағы тегіс, сырты кедір-бұдырлы болып келеді, олардың төменгі жағы қусырылыңқы, іші матамен астарланған. Жебелер ұштары жоғары қаратылып салынған, олардың ұштарының бітімі әр түрлі — үш қырлы, төрт қырлы, ұңғылы үш қалақты болып келеді, түп жағы жапырақ пішінді жалпақтары да бар. Жебенің ағаш жағының ұзындығы 40—80 сантиметр, талдан жасалған, қайсыбірі қызыл түске боялған. Садақтар құрастырмалы (күрделі) болған, екі шеті мен ортасы сүйекпен қапталған, біреуінде қаптырманың астында ағаш сынамен біріктірілген екі ағаш жақтауы сақталған.

Аттың ер-тұрман әбзелдерінен темір ауыздықтар, үзеңгілер, әшекейленген жүгендер кездеседі. Ауыздықтар екі түрлі — тікше келген айшыққа

кигізілген бір шығыршықты және әрбір буынында сегіздік тәрізді шығыршықтары бар болып келеді. Үзеңгінің екі түрі — доғашықтың иілуінен жасалған сегіздік тәрізді тұйықталған, табақшасында тесігі бар түрі және тік бұрышты, табан тірері жалпақ түрі пайда болады.

Түрік шеберлері аттың ер-тұрманын сәндідейтін айылбастар мен тоғаларды ерекше әсем жасайтын болған. Айылбастар әдетте қола мен темірден; қаптырмалар мен тоғалар қоладан, күмістен және алтыннан жасалып, өсімдік тектес және зооморфтық өрнектермен әшекейленетін болған. Тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы бұйымдардан жүзі қалың және сабы жалпақ шындалған пышақтар кездеседі.

Құрама белдіктердегі бастырмалардың көпшілігі жүрек тәрізді және сопақша етіліп жасалған, олардың бірінде жолбарысты найзамен түйреп жатқан салт атты бейнеленген. Табылған заттардың ішінде шеңберлі тоғалар мен сүйектен жасалған салпыншақтар бар, ал Қызылқайнардан табылған алқа конус тәрізді болып келеді және ұшында сілеусіннің басы бейнеленген.

Ертіс алқабындағы қабірлердің бірінен табылған белдіктің қола тоғасы және сегіз жапырақты он төрт қола бастырмасы, аспалы белдіктің осындай жеті бастырмасы, қайыстың ұшын қаптаған төрт қаптырма және тік бұрышты кісесі болған. Қаптырманың бірінде қасиетті ағаштың — «тіршілік ағашының» түбінде тұрған екі таутеке бедерленіп бейнеленген. Әшекейлер арасында тұйықталмаған шығыршық түріндегі сырғалар, күміс жүзіктер, қадалатын салпыншақтар, опалдан, шыныдан жасалған және ұнтақтан қатырған моншақтар тізілген алқалар бар. Кейбір қабірлерде киім-кешектің қалдықтары сақталған. Мәселен, Боброво қорымындағы қабірден көкірекшесі былғары, етегі қысқа шекпен мен ұзын жібек желбегейдің қалдықтары табылды; жібек матаның жұрнақтары Қызылқайнар қорымынан да шықты.

Деректемелер мен археологиялық материалдар түрік киімінің қандай болғанын топшылауға мүмкіндік береді. Ол жүн және жібек маталардан, сырт киім теріден тігілген. Көйлек шекпен тәрізді болған, оның сол жақ өңірі оң жақ өңірімен қаусыра тігілген. Шекпен денемен дене болып тұрған, белінен белдікпен буынған. Белдікке қынапқа сұғылған семсер, пышақ, шақпақ тас пен қайрақ, ұстара және басқа да ұсақ-түйектер салынған кісі ілінген. Шалбардың балағы былғары етіктің қонышына сұғылған. Етік өкшесіз, ұлтаны жұқа және тұмсығы қайқы етіп тігілген. Әйелдер көйлектің немесе шапанның сыртынан аң терісімен немесе басқа түсті матамен әдіптелген желбегей жамылған.

Еркектер басына, сірә, биік киіз қалпақтар, аң терісінен тігілген бөрік-малақайлар, күләпаралар киген. «Үш мүйізді» жалпақ бөрік түріндегі бас киім үлгілері қызықты. Олардың бейнелері тас мүсіндерде сақталған. Еркектер де, әйелдер де сырға, алқа, салпыншақтар және сақина, білезік таққан.

Көшпелі түрік тайпаларының мәдениеті олардың ең басты кәсібі — мал шаруашылығының қажеттерімен анықталды, ал ол көшпелі мал шаруашылығынан жартылай көшпелі және отырықшы мал шаруашылығына дейін алуан түрлі болды. Шаруашылық пен тіршілік жағдайы түріктерді жиналмалы киіз үйді жақсарту мен жетілдіре түсуге мәжбүр етті. Дала байлары мен шонжарлар үшін ақ және көгілдір туырлықты киіз үйлер жасалды. Киіз үйдің қасиетін көршілес халықтар, атап айтқанда, қытайлар мен арабтар

жоғары бағалады. Қалалардағы отырықшылыққа ауысқан түріктер сарайлары мен қарапайым тұрғын үйлерінің аулаларына да киіз үй тігіп отырған. Салтанатты қабылдаулар үшін түрік ақсүйектері уықтарына алтын жалатылған үлкен киіз үйлерді пайдаланған. Киіз үйлердің ішкі көріністерін күміс пен алтыннан жасалған аттардың мүсіндік бейнелері мен күміс ыдыстар безендірген. Алтын тауыстар немесе басқа құстар мен жануарлар түріндегі алтын тақтар сән-салтанатымен қайран қалдырған. Тойларда музыкалық аспаптармен әсем музыкалар ойналған.

## 5. ҚОЛӨНЕР, САУДА, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

**Қолөнер.** Алдыңғы орта ғасырлардағы қалалардың сауда-қолөнер орталықтары ретінде дамуы қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлініп шығу үрдісіне және негізінен алғанда байлар мен ақсүйектерге қызмет ететін қолөнер өндірісінің едәуір кеңеюіне байланысты болды.

Біздің қолымызда алдыңғы орта ғасырлардағы қалада қолөнердің ұйымдастырылуы туралы деректер жеткіліксіз, ол негізінен алғанда бізге дейін жеткен дайын өнім бойынша ғана мәлім. Бұлар ең алдымен керамика, металлдан, сүйек пен тастан жасалған бұйымдар. Тоқымашылық, теріден, жүннен, киізден бұйымдар жасау сияқты қолөнер туралы түсініктің жайы мардымсыз. Жазбаша деректемелерде ондай бұйымдар туралы айтылады, бірақ олар неғұрлым кейініректегі уақытқа қатысты. Мата тоқу жөнінде ұршықбастардың табылуына қарап айтуға болады. Тері өңдеу мен одан тұрмыста және өмірде қажетті бұйымдар жасау жөнінде де солай деуге болады.

**Қыш-құмыра ісі.** Отырардың солтүстік рабады аумағынан VIII–IX ғасырлардағы қыш күйдірген пештер табылды, пештің ұзындығы 2,7 м және ені 2,5 м алмұрт тәріздес жасалған. Пештер алдыңғы заманның пештерінен неғұрлым жетілдірілген. Бұл пештердің күйдіру камерасы кеңейтілген, температураны реттеу жүйесі жақсартылған, мұның өзі дайындалатын өнімнің сапасын жақсартқаны күмәнсіз. Күйдіру пештерінің қалдықтары мен қалың күл төгілген жерлері бар құмырашылардың махаллалары Жетісу қалаларында бекіністі дуалдардың ішінен де, олардан тыс жерлерден де табылды. Пештердің біреуі Қызылөзен қаласының қираған жұртының орталығына жақын орналасқан. Оның оттығы жерден диаметрі 2,6–2,8 м, тереңдігі 2 метрден сәл астам болатын дөңгелек шұңқыр түрінде қазылып жасалған. Пешті түп жағынан оттықтың ортасына шикі кірпішпен салынған тіреу ұстап тұр. Тіреуді қалың ыс басқан. Күйдіру камерасына жалғасатын оттықтар мен ыстық жіберілетін саңылаулар байқалды.

Ыдысты қалыптау әдістерін ондағы оның қабырғасына түскен өңдеу іздері бойынша анықтауға болады. Қыш-құмыра станогының құрылысы аяқ шеңберінің қолмен айналдырылатын ұршықшалармен және күйдірілген балшықтан жасалған жалпақ дөңгелек табақшалардың ұштасуы арқылы жасалған, ыдыс соларда қалыпталған. VII–IX ғасырлардағы ыдыстың түбі тегіс емес, мұның өзі қолмен айналдырылатын қыш-құмыра ұршықшасында жасалғанын көрсетеді. Дайын ыдыс шеңберден дөңгелек табақшамен қосып алынып, кепкеннен кейін ол ыдыстан оңай бөлініп қалатын болған. Кейбір бұйымдарда қалыпталғаннан кейінгі өңдеу іздері сақталған.

**Керамика.** VI–IX ғасырдың бірінші жартысындағы Оңтүстік Қазақстан



қалаларының керамикасы хронологиялық екі: VI—VII ғасырдың бірінші жартысы және VII ғасырдың екінші жартысы — IX ғасырдың бірінші жартысы кешендеріне бөлінеді.

Ертеректегі кешен ас пісіретін ыдыстар — қазандар, көзелер, қақпақтар, табалар, мосылар; азық-түліктерді сақтауға, оларды тасымалдауға арналған ыдыстар — кеспектер, кеспекшелер, көзелер, құмыралар, кіреңкелер және ас ішетін ыдыстар — құмыралар, тегенелер, саптыаяқтар болып бөлінеді. Шырағдандар, балалардың ойыншықтары керамика бұйымдарының жеке тобын құрайды.

Асхана керамикасында көзелер басым. Бұлар — бүйірі дөңгеленген, мойны аласа, ернеуі сыртқа қарай сәл шығыңқы аласа ыдыстар. Көзелердің жартылай дөңгелек немесе шығыңқы тісті түрінде жапсырылған тұзақ тәрізді, тік тұтқалары болған. Қақпақтарының диаметрі әр түрлі — диаметрі 10—12 см болатын шағындарынан бастап, диаметрі 25—30 см болатын ірілеріне дейін бар. Бу шығуға арналған саңылауы, ортасында немесе бүйірінде тұзақ тәрізді тұтқасы бар қақпақтар да кездеседі. Қақпақтардың жиектері кейде кертіктермен, ойықтармен безендірілген.

Керамика бұйымдарының бір тобы мүйізді өгіздің басы бейнеленген тұғыр болып табылады. Мұндай тұғырлардың беті терең ойықтар салу арқылы безендірілген.

Су және тамақ өнімдерін сақтау мен тасуға арналған ыдыс қолдан жапсыру әдісімен немесе тұғырдың көмегімен жасалған. Қолдан жапсырылып жасалған ыдыстан негізінен шағын және үлкен қыш кеспектер кездеседі. Кеспектерге ортасында білігі бар, қиғаштап қарағанда тік бұрышты салмақты ернеуінің болуы тән. Қыш кеспектер жұмыртқа тәріздес сопақша, ернеуі дөңгелек, түбі жалпақ болып келеді, көбінесе онда кенеп тәрізді ірі маталардың іздері болады. Кеспектердің көпшілігі ашық-қоңыр, қызғылт, сирек болса да ақшыл ангобпен, оның үстінен неғұрлым қоңыр түсті, кейде қара деуге болатын ангобпен боялып, қауырсын сияқты жапырақтар, ирек бұрамалар, үш бұрыштар түріндегі өрнекпен сәнделген. Кеспектердің иіндерінде күйдірілгенге дейін салынған өрнектер — сопақша, қисық, айқасқан, қосарланған сызықтар кездеседі, олар саусақпен жүргізілген.

Су таситын құмыралардың мойны қысқа да кең болып, ернеуі сыртына қарай сәл қайырылған, кесіндісі ромб сияқты жиегіне ұласады. Көлбеу, шығыңқы иінді бүйірі жалпақ кең түбіне барып жалғасады. Ыдыстардың бүйірі алқызыл, қызғылт немесе қоңыр ангобпен боялып, шөппен, ылғал шүберекпен немесе арасы жиі жіңішке із қалдыратын арнаулы құралмен сүртіліп жылтыратылған. Тұтқаларының ені сопақ, қуысы бар тік бұрышты болып келеді. Олар ернеуін иінімен жалғастырады, кейде жоғарғы шеті ернеуінен сәл төменірек бекітіледі. Негізгі түрі су таситын құмыралар болып табылады, олардың мойнының қоңыр ангобы мен бедерлі бүршіктері сәнді ұштастырылған. Жапсырылған өрнектер әдетте тұтқаларында немесе бүйірінде кездеседі. Тұтқаға жапсырылған өрнек оған зооморфтық мүсіншелер түрінде сәнделген. Тұтқаның астыңғы жағында қошқар мүйіз сияқты бейнеленген «S» және «V» белгілері түрінде жапсырылған өрнектер болады. Кейбір құмыралардың бүйірінде таңба сияқты етіп сызылып салынған белгілер бар.

Ас құятын ыдыстан кездесетіндері — негізінен қызыл ангобпен боялған құмыралар мен саптыаяқтар. Ас құятын құмыралар иі қандырылған бал-

шықтан, ұршықшада жасалатын болды. Құмыралар ұзын жіңішке мойынды, түбі жайпақ, бүйірі шығыңқы болып келеді. Сопақша келген тұтқасы ернеуі мен иінін қосып шығарылған. Әдетте құмыралардың шағын шүмекшесі болған, сыртқы қабырғаларына күрең-қызыл ангоб жағылғаннан кейін барып жылтыратылған. Саптыаяқтардың бірнеше түрі бар, бүйірі жатық, ілмек тәрізді сабы бар саптыаяқтар кең тараған.

Құмыраның басқа бір түрі — бітімі жұмыртқа немесе алмұрт тәрізді, қысқа мойынды, ернеуінде үш бұрышты шүмекшесі барлары кездеседі. Олардың сырты сарғылт-жасыл ангобпен боялып, қауырсын сияқты жапырақтар, ирек бұрамалар, үш бұрыштар түріндегі өрнекпен сәнделген.

Шаруашылықта ұсталатын ыдыстар (қыш кеспектер, аузы кең су таситын құмыралар), қақпақтар мен шырағдандар қолмен жапсырылып жасалған. Қыш кеспектер жұмыртқа тәрізді сопақша, ернеуі дөңгелек, бүйірінде бірнеше бедерлі бүршіктері бар немесе тік түзу, жоғарғы жағы жалпақ болып келеді.

Шырағдан ретінде саптыаяқтардың сынықтары және шырақ түрінде, кейде аяқтары бар әдемі шағын табақшалар, сондай-ақ дінгек тәріздес биік аяғы бар, шырша өрнегімен әшекейленген шырағдандар қолданылды.

Тамақ пісіретін ыдыстар құлақтары шығарылған және құлақтары жоқ, қолмен жапсырылып жасалған түбі дөңгелек қазандар, көлемі әр түрлі құмыралар, ірі құм мен күйдірілген қыштың сынықтарын қосып, қопсыма балшықтан жасалған табалар болды.

Қыш ыдыстар әдейі салмақты етіп жасалды; олардың бөлшектері — шүмекшесінің, тұтқасының, түбінің бітімі әдеттегідей тік бұрышты және қабырға тәрізді болып келеді.

Кейбір керамикалық бұйымдар мен ыдыстарды қолданбалы өнердің көркемдік деңгейі биік туындысы деуге әбден болады.

Жетісу керамикашыларының өнімдері ішінара неғұрлым ертедегі кезеңдегі Соғды ыдыстарының үлгілерін қайталайды. Мұның өзі Жетісу құмырашыларында Соғдыдан әкелінген дәстүрдің сақталғанын, ал екінші жағынан, мұнда бұл қолөнердің біраз кенжелеп қалғаны мүмкін екенін көрсетеді. Алдыңғы ортағасырлық шеберлердің негізгі өнімі көлемі әр түрлі ыдыстар — кеспектер, шағын кеспектер, үлкен және шағын құмыралар, саптыаяқтар, кеселер, легендер, қазандар, оссуарийлер және басқа бұйымдар болған.

Жетісуда су таситын құмыралар — ыдыстың ең көп таралған түрлерінің бірі екенін атап өткен жөн. Пенджикенттен бұл құмыралардың шүмекті және шүмексіз түрлерінің екеуіне де ұқсастары табылады<sup>64</sup>. Луговое-А қонысынан табылған құмыраның мойнында қыр мұрыны мандайымен жалғасқан адамның бет бейнесі түрінде шығарылған жапсырмасы болды<sup>65</sup>. Нақ сондай жапсырмалар Сырдарияның төменгі ағысындағы керамикадан да ұшырасты. Жетіасар мәдениетінің керамикасындағы басқа элементтер сияқты, олар да бұл ауданның Жетісумен тығыз байланысы болғанын сипаттайды<sup>66</sup>.

**Кен ісі, металлургия және металл өңдеу.** Жазбаша деректемелерде тұрғындары пайдалы қазбаларды өндіріп, өндеген қалалар мен қоныстар тобы болғанын көрсетеді. Күміс пен мыс өңдеу аймағы ретінде мәлім болған Талас аңғарының қалалары жөнінде айтылады. Шу-Іле таулары мен Қаратауда полиметалдар өнделетін орындар болған.

Кен ісінің техникасы қол еңбегіне негізделген. Құралдары темір шот,

қайла, тастан жасалған шойбалға, балға, ағаштан және темірден жасалған сыналар болған. Кен жер бетіне тері қаптармен, себеттермен шығарылған Қазып алынған кен байыту сатысынан өткізілді, оны тастан жасалған шойбалғалармен немесе тас диірмендермен ұнтақтап, жуып, қолмен өңдеді. Байытылған кен содан соң қолөнер орталықтарына жеткізіліп, сол жерде олар балқытылды.

Ақтөбе қаласының жұртынан темір балқытатын пештер табылды, олар жерден қазылып, шикі кірпіштен қаланған. Пештер сопақша, көлемі 2,2x1,6 м етіп жоспарланған.

Қорғасын мен күміс көрік-пештерде бірнеше қайтара балқытылған. Әуелі қара қорғасын алынған, қайталап балқыту арқылы ол тазартылып, үшінші кезеңінде ғана күміс қорғасыннан айырылып алынған.

Ұсталар темірден әр түрлі еңбек құралдары мен қару соққан. Тұрмыстық қажеттер үшін темір қазандар, таразылар, кетпендер, шоттар, орақтар, пышақтар; жауынгерлерге арнап ұзын семсерлер, қылыштар, жебелер мен найзалардың ұштарын, түрлі бүкпе-бекітпелер, қару-жарақтар, шеге, балта, ер-тұрман бөлшектерін жасаған.

Зергерлік іс алдыңғы орта ғасырлар заманында барынша кемелденді. Зергерлерге: мүсіндеп күйю, шеку, басу, оюлау, көз салу, таспалау, металдан ою, алтын жалату сияқты техникалық тәсілдер белгілі болған. Археологиялық зерттеулер барысында әйелдердің сәндік заттары, ерлердің құрама белдіктерінің тоғалары табылды. Айналар, күміс және қола білезіктер, сырғалар, балдақтар, алқалар жасау кең таралған. Металл заттарға нефрит, гауһар, інжу және ақық көздер салынған. Түрлі-түсті тастардан моншақтар тізілген. Ең асыл тас нефрит болған. Одан пышақтардың сабы өрнектеліп, әйелдердің білезіктері, сақиналар, алқалар мен сырғалар жасалған.

Әйелдердің сәндік заттарының және құрама белдіктердің жиынтығы, киім мен бас киім, сәндік заттар иесінің әлеуметтік жағдайына байланысты түрлерінің, құрылымдарының әр түрлі болуымен ерекшеленеді. Моншақтардың, қымбат бағалы әшекей бұйымдар, қалақшалар мен қапсырмалар, ортасы ойық теңгелер мандайға, самайға, кеудеге тағатын сәндік заттар композицияларының едәуір күрделі болғанын аңғартады.

Сауда мен ақша айналысы қалалар дамуындағы аса маңызды факторлардың бірі болды. Қала материалдық игілікті өндіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге сауда да жасады, бұл орайда оның екінші міндетін сол заман үшін ең маңызды деп санауға болады. Қалада товар айырбасының негізгі үш бағыты: елдер арасындағы, қала мен оның төңірегі арасындағы, қала мен көшпелі дала арасындағы бағыттары тоғысып жатты. Сол кездегі халықаралық керуен жолымен сауда жасау кеңінен өрістеді, оның дамуында соғдылар мен түріктер маңызды рөл атқарды<sup>67</sup>. Ұлы жібек жолының солтүстік тармағы Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу арқылы өткен. Оның Суяб, Тараз және Испиджаб қалалары арқылы өтетін учаскесінің суреттелгені мәлім<sup>68</sup>. Испиджабта одан солтүстік-батыс жақтағы Фарабқа, Шауғарға және одан әрі Сырдарияның төменгі ағысы мен Орталық Қазақстан даласына кететін тармақтары шыққан.

Сауда түрік ақсүйектеріне едәуір пайда келтірді және атап айтқанда, қолға түсірілген олжаны сатуға мүмкіндік берді. 567 жылдың өзінде-ақ Иштеми-қағанның сауда ісін жолға қою үшін Иранға екі рет елші жібергені кездейсоқ емес<sup>69</sup>. Елшілік табысқа жеткізбеді. Сонда қаған Византияға

да елші жіберді, бұл жолы елшілік сапар сәтті аяқталып, екі мемлекет арасында сауда-саясат одағы жасалды.

Қытайдан жібек, қағаз, айналар әкелінді. Орта және Таяу Шығыстан, Византиядан Қытайға опа-далап, вавилон кілемдері, асыл тастар, інжу-маржандар, шыны, маталар апарылып отырды<sup>70</sup>.

Соғдылықтар күміс бұйымдар, түрлі-түсті шынылар, дәрі-дәрмек және бояу заттарын, кілемдер шығарып, сатумен айналысты<sup>71</sup>. Византиядан, Соғдыдан, Қытайдан және басқа елдерден шыққан әсемдік заттарының бір бөлігі түрік шонжарларының ордаларында, қала тұрғындарының үйлерінде қалып отыратын.

Көшпелілермен айырбас сауда Испиджаб, Отырар, Тараз, Суяб, Невакет, Дех-Нуджикет қалаларында жиналатын жәрменкелерде жүзеге асырылды. Жетісудың оңтүстік-батысында маңызды сауда орталығы Тараз болды, ол жөнінде деректемелерде «көпестер қаласы» деп айтылады<sup>72</sup>. Шу аңғарында Суяб осындай қала болды, онда «түрлі елдердің саудагерлері аралас тұрады», ал қала тұрғындарының жартысы көпестер еді<sup>73</sup>.

Халықаралық және аймақаралық саудада Қытайда (Тан әулеті), Соғдыда, Шағада, Ферғанада, Бұхарада (штрифи үлгісіндегі) соғылған теңгелер пайдаланылды. VI—VIII ғасырларда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда жаппай өз теңгелерін соғу басталады, олардың бір бөлігі халықаралық және аймақаралық саудада қолданылса, басқалары жергілікті саудада ғана қолданылды.

Отырар алқабында бірнеше түрдегі қола теңге шығарылды. Бұл теңгелердің бет жағында шаршылы садақ және аяқтары бар, конус тәрізді құрбан шалатын орын түріндегі, «Х» нысанды таңбалар сияқты белгілер бейнеленген<sup>74</sup>. Сірә, оларды Кангюй мемлекетінің мұрагері болған, орталығы Сырдарияның орта ағысында орналасқан Кангу Тарбан деген түрік бірлестігінің әр түрлі билеушілері соқтырған болса керек<sup>75</sup>.

Шу аңғарының қалаларында ақшамен сауда жасаудың дамығанын түргештер мен тухустардың теңгелері дәлелдейді, олар VII—VIII ғасырларда қағанаттарда шығарылған, бірақ XI ғасырға дейін айналыста болды.

Жетісу теңгелері диаметрі 12 миллиметрден 28 миллиметрге дейін жететін, ортасында шаршы тесігі бар, мыстан құйылған дөңгелек болып келеді. Ең көп тарағандары екі түрлі теңгелер — түргештердің теңгелері мен «түргеш» және «тухус дөңгелектері» дейтін теңгелер. Түргеш теңгелері қаған атынан шығарылған, мұны олардың бір бетіне айналдыра «Түргеш қағаны (Құдайдың қалаулысы) мырзаның теңгесі» немесе «Түргеш қағаны мырза» деген соғды жазуы дәлелдейді. Тухус теңгелерінің көлемі кішірек және сапасы нашар болған. Жетісу жиынтығы арасында бұл теңгелер төрт түрге бөлініп, олардың ішінде таңбалардың түрлі нұсқалары салынуымен, түсінік сөздердің болуымен немесе болмауымен атап өтілген жекелеген топтарды ажыратуға болады, теңгелер салмағы мен дайындалу тәсілі жағынан әр түрлі — не құйылған, не соғылған болып келеді. Ең дағдылысы — «Т. хум (Бахум?) билеушісі» деген сөздер.

Соңғы онжылдық ішінде жергілікті жерде Арслан әулеті соқтырған (9) теңгелер тобы анықталды. Арслан, сірә, Қарахандардың алдындағы әулет болса керек. Невакет қамалын (Қызылөзен қаласының жұрты) қазған кезде осындай теңге табылды: қола шеңберінің диаметрі 20—22 мм, шеңбер ішінде шаршы тесігі бар, теңгенің салмағы — 2,35 г. Соғды курсивімен сағат тіліне қарсы: «Арслан-білге-қаған мырза. Фан (Чаглан?)», — деп түсінік берілген<sup>76</sup>.

Жергілікті теңгелердің Отырар жиынтығы Жетісудағыға қарағанда неғұрлым ертеректе қалыптасқан. Алайда ол Жетісуда неғұрлым көп таралған, мұнда жүздеген теңге табылды, ал Отырардан он шақтысы ғана табылған еді. Жетісу теңгелері мейлінше алуан түрлі: мұнда түргештер теңгелерінің алты, тухустар теңгесінің төрт түрі, құны әр түрлі біртектес даналардан тұратын бірнеше сериясы айналысқа түскен.

Отырар жиынтығына кіретін теңгелер Сырдарияның орта ағысындағы қалалардан ғана табылса, Жетісудың түргеш теңгелері Отырарда, Шашта, Ферғанада, Соғдыда, Батыс Сібірде, Шығыс Түркістанда кездестірілді. Алғашқылары аймақтық ауқымдағы ақша бөлінісі болса, Жетісу теңгелері аймақаралық ауқымдағы ақша бөлінісі болған. Сондықтан Жетісуға қарағанда, Отырар алқабынан халықаралық және аймақаралық саудада пайдаланылған шетелдік теңгелер әлдеқайда көп табылды<sup>77</sup>.

**Ауыл шаруашылығы.** Қала мен отырықшы тұрғындар өмірінде егіншілік пен мал шаруашылығы маңызды рөл атқарды. Отырықшы тұрғындар дәнді дақылдардан — бидай, тары өсірді, жүзім, бау-бақша өсірумен айналысты. Егіншілік суармалы және тәлімі түрінде болды. «Талас аңғарында, — деп атап көрсетеді VIII ғасырдың орта шенінің шежірешісі, — үшінші айдан тоғызыншы айға дейін жаңбыр болмайды, ал егістікті суару үшін қар суы пайдаланылады. Мұнда арпа, күріш, бұршақ және атбас бұршақ өседі. Тұрғындар жүзім мен қарақурай шараптарын және айран ішеді»<sup>78</sup>.

Ертедегі суландыру жүйесі қалдықтарын зерттеу Сырдарияның орта және төменгі ағысында алдыңғы орта ғасырлар кезеңіне жататын дамыған суландыру жүйелері болғанын көрсетеді. Отырар алқабында сумен жабдықтаудың негізгі көзі Арыс суларына негізделіп, VII—IX ғасырлардағы барлық арықтар содан шығарылған. Отырар алқабының қалалары мен қоныстарын сумен қамтамасыз еткен ірі-ірі Көк-Мардан және Саңғыларық су жүйелерінің қалдықтары сақталған.

Көк-Мардан су жүйесінің қалдықтарын зерттеу мұндағы суландыру ісінде дағдылы «реттелмелі» арналар әдісімен бірге бөгесінді ирригация әдістерінің де болғанын көрсетті. Судың ағуы үшін Арыстың бөгет салынған салалары пайдаланылып, содан ұзындығы 100—400 метрге дейін жететін арықтар қазылған. Негізгі Саңғыларық арнасы Арыстың жағасындағы қазіргі Қызылту поселкесінің оңтүстік-шығыс жағында 1,5 шақырым жерден бастау алған. Қосарлас екі бөгет түріндегі басты құрылыстың қалдықтары сақталған. Арнаның 2 шақырым ұзындығы анықталды, жалпы ұзындығы кемінде 20 шақырым болған ол Отырар, Пышакшытөбе, Құйрықтөбе, Алтынтөбе және Марданкүйік қалаларына су жеткізген. Сол кезде суармалы жердің жалпы көлемі алқапта 6 мың гектарға дейін ұлғайған<sup>79</sup>.

Отырар алқабының қалалары мен қоныстарының орындарын қазған кезде тары, бидай, арпа, асбұршақ дәндері, алма, өрік сүйектері табылды. Қоймалардағы үлкен кеспек ыдыстар мен қыш көзелерде тамақ пен су қорлары сақталған. Марданкүйіктегі VII—VIII ғасырларда өртенген бір үйдің қоймасынан қызықты олжалар табылды. Жеті кеспекте күйіп кеткен бидай, ал сегізіншісінде мақта қауашақтары болды. Қойманың еденінде күйіп кеткен алма шашылып жатты<sup>80</sup>.

VII ғасырдың басындағы автордың айтуынша, Шу аңғарында «егін өсіретіндер мен табыс табатындар (сауда жасайтындар) тепе-тең»<sup>81</sup> болған.

Таразды, Қызылөзен қаласының жұртын қазған кезде өріктің, жүзімнің

сүйектері, қарбыз бен қауынның тұқымдары, бидайдың, тарының, күріштің дәндері табылды. Астықтың, бау-бақша дақылдары тұқымдарының табылуы егіншілікпен, бау-бақша өсірумен айналысу қосымша кәсіп болғанын дәлелдейді.

Жүзім өсіру және шарап өндірісі туралы мәлімет беретін қақпақтың фрагменті табылды. Қызылөзен және Новопокровск қалаларының орындарынан табылған қыш көзелердің жиектеріндегі соғды жазуларына қарағанда, Жетісуда шарап құйылған бұл ыдыстар сыйға тартуға арналған. Жазулардың бірінде былай делінген: «Бұл ыдыс — Пакап қауымының тартуы. Бұл шарапты шат кезінде іш, алдияр... Құдай бақыт берген Алып-Білге тақсыр бақытты болып, рахат көрсін!»<sup>82</sup>. Луговоедегі қала жұртынан VII—VIII ғасырлардағы шарап ашытатын орынның қалдықтары табылды. Шеберхана ауланың тұрғын үй кешені орындарының біріне орналасқан және бірнеше құбырмен жалғасқан жемісті сығу алаңқайларынан тұрған, олардан жүзім шырыны құдыққа аққан. шырын сонда тұндырылып, тазартылған да, сонан соң ыдыстарға құйылған. Осында қайнатылған жүзім шырыны — бекмес дайындалған<sup>83</sup>. Шарап ашытатын орын Талас аңғарындағы Төрткөл (Төменгі Барсхан) қаласының орнынан да табылды<sup>84</sup>.

Қалалар мен ауылдардың тұрғындары егіншілікпен қатар ірі қара мен қой-ешкі, жылқы, түйе өсіріп, олар шаруашылықта кеңінен пайдаланылған.

## 6. АРХИТЕКТУРА ЖӘНЕ ӨНЕР

Сәулет өнері ескерткіштері — оны жасаған қоғамның өмірі туралы аса бай ақпарат көзі. Өнердің және құрылыс техникасының ескерткіштері болумен қатар, олар дәуірдің эстетикалық нормалары, идеологиясы туралы, ғылыми-техникалық мүмкіншіліктің дамуы туралы, мәдени қарым-қатынастар туралы, құрылыс қолөнерінің ұйымдастырылуы мен деңгейі туралы айқын түсінік береді.

Алайда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда қазіргі кезге дейін сақталған архитектуралық құрылыстар саны көп емес және мұсылмандық орта ғасырлар дәуірімен шектелген. Сондықтан сәулет өнері тарихының жалпы проблемаларын шешу, архитектуралық-көркемдік бейне эволюциясын ашып көрсету, сәулет өнері дамуының заңдылықтарын зерттеу көбінесе сәулет өнері ескерткіштерін археологиялық зерттеуге байланысты.

Сәулет өнері археологиялық қазба жұмыстарында табылған ескерткіштерде, тіпті тас дәуірі ескерткіштерінің өзінен-ақ ұшырасып, одан кейінгі кезендерде барған сайын ұлғая береді. Ол адамның материалдық және рухани мәдениет сапаларын біріктіретін жасампаздық қызметінің ерекше түрі — «пайданың, беріктік пен әсемдіктің» ұштастырылуы болып табылады.

**Еңселі тұрғын үй архитектурасы.** Монументті тұрғын үй архитектурасына Жетісу қалаларының төңірегіндегі аумақтарда тұрғызылған замоктар жатады.

Олар қолдан биіктетіліп (кейде табиғи биіктерді пайдаланып) жасалған биік алаңдарға тұрғызылған еңселі үйлер. Құрылыстар көптеген жартылай қараңғы жайлары, дәліздері бар бір немесе екі қабатты болған. Әдетте төменгі қабатында ұзынша 6—8 бөлмелі болып, олардың қабырғаларының қалыңдығы екі метрге дейін жеткен және одан да қалың жасалған. Төменгі

қабаттарына төбесіндегі арнаулы саңылаулар арқылы немесе шырағдандармен жарық түсірілген. Екінші қабатқа пандус немесе кішкене аспалы көпір апарған, ал одан баспалдақпен төменгі қабаттың бөлмелеріне түсуге болады. Замокқа әдетте саз балшықпен қоршалған кең аула түйіседі. Дуалдың үстіне әдетте сатылы жақтаулар орнатылған, одан оқ атуға болады. Құрылыстың бүкіл болмысын оның тұрғын жай ғана емес, қорғаныс құрылысы да болғанын көрсетеді. Тараздан, Қызылөзен қаласының жұртынан, Луговоеден, Ақбешімнен замоктар қазып-аршылды. Олар жоспарлануы мен құрылысының құрылымы жағынан да ұқсас. Қостөбе, Құйрықтөбе және Баба-Ата қала жұрттарының қамалдарын қазған кезде қызықты материалдар алынды.

Қостөбе қала жұрты Талас аңғарында жатыр және Жамукет қаласы деп саналады<sup>85</sup>. Ол жартылай тік бұрышты етіп жоспарланған, биіктігі 15 метрге дейін жететін, жоғарғы алаңшасының көлемі 30x30 м болатын қамалдан тұрады. Оның қасында шахристан мен рабад (көлемі 450x450 м) және ұзын дуалмен қоршалған аумақ орналасқан. Негізгі қазба жұмысы қамалда жүргізілді. Қамал құрылысының ансамбліне сарай кешені кірген. Оның құрылысы VI ғасырдан IX ғасырдың басына дейін созылған. Құрылыс екі кезеңде жүргізілген: бірінші кезеңі — VI—VIII ғғ., екінші кезеңі — VIII ғасырдан IX ғасырдың басына дейін. Құрылысты қайталап салу кезінде сарайдың ішкі жайларының жоспарлануы, бекіністі дуалдардың орны өзгертілген. Барлығы 20 үй орны аршылды, олардың ішінде тұрғын бөлмелер, діни сипаттағы орындар, қонақ қабылдауға арналған салтанат жайлары, шаруашылық бөлмелері, сондай-ақ айналма дәліз бар.

Үйдің жалпы жоспары бөлмелердің екі тобының жиынтығы болып табылады, олар: үлкен залдардың орталық тобы және оның солтүстік жағынан шектесіп жатқан, орталық топқа қызмет көрсету мен оны қорғау міндетін атқарған шағын жайлардың шеткі тобы. Бүкіл ансамбльді айналасын төбесі жабық айналма дәліз қоршап жатыр.

Архитектуралық кешеннің орталық құрылымы бөлу залының тік бұрышты бөлмесі (9,5x8,2 м) болған. Оның оңтүстік-шығыс жағында қызметшілерге арналған бөлме болды. Бөлу залының шығыс жағында салтанатты «гофрирленген зал» орналасқан, оған ауланың ашық алаңшасы жапсарласып жатыр. Ортадағы бөлу залының солтүстік-батыс және солтүстік жағында діни-жоралғылық орындар орналасқан. Көлемі 40 шаршы метрге жуық діни-жоралғылық салтанат залы ағаштан ойып әсем безендірілген. Оның ортасында ғұрыптық ошағы бар жартылай дөңгелек үлкен сәкі тұр. Көлемі нақ сондай деуге болатын екінші діни-жоралғылық залдың да ортасында ошақты жартылай дөңгелек сәкі бар, алайда бұдан безендірілген іздер байқалмады. Сарайлардағы осыған ұқсас ғибадатхана кешендері Ташкент алқабындағы Қаңқа қамалынан, Мыңғұрық, Юнусабадтағы Ақтепе қалаларының жұрттарынан табылды<sup>87</sup>. Ортадағы бөлу залының батыс жағында көлемі 40 шаршы метр болатын үлкен тұрғын зал орналасқан. Үйлердің орталық тобының солтүстік жағында қосалқы міндеттер атқарған орындар бар. Демалатын және тамақ ішетін орындар кешеннің солтүстік бөлігінде, не сарайға жақын бөлек тұрған үйде орналасқан болуы мүмкін деп шамаланады.

Сарайлардың жалпы композициялық шешімі залдардың атқаратын рөлін ескере отырып, биіктігі әр түрлі болуын көздейді, мұның өзі сыртынан қарағанда көлемінің қызықты панорамасын жасаған. Мәселен, Қостөбедегі

сарай үйі де биіктігі жағынан бейне бір үш деңгейлі етіп құрастырылған. Кешеннің ең биік және еңселі орны — бөлу залы — бірінші жоғарғы деңгей, содан соң оның айналасын неғұрлым аласа залдар жартылай қоршап тұр және солтүстік жағында үшінші деңгей — бірқатар шеткі орындар бар. Биіктікті деңгейлері бойынша осындай тәсілмен бөлу арқылы бүкіл кешеннің бірегей композициясы жасалған. Шығыстың сәулет өнерінде са-



Құйрықтөбе сарайының оюлы тақтайы .VII–IX ғғ.

рай ғимараттары жоспарларының сыртқы түрі осы объектілерге ұқсас болып келуі кездеседі.

Құйрықтөбе қаласының жұрты Отырар алқабында жатыр және ол Кедер қаласы деп саналады. Ол қамалдан, шахристан мен рабадтан тұрады. Қамал жоғарғы көлемі 30x30 м болатын дөңес төбе түрінде сақталынған. Қамал сарайының құрылысы екі кезеңге созылған. Бірінші кезең (VII–VIII ғғ.) құрылыс салынып бітіп, сарайды бірте-бірте кеңейтумен сипатталады. Екінші кезеңде (VIII–IX ғасырдың екінші жартысы) сарай құрылысы қайта салынған, оған бірнеше жаңа жайлар қосылған. Сарай биіктігі 14 метрге дейін жететін мықты алаң үстінде орналасқан. Құрылыс материалдары ретінде күйдірілген балшық кесектер, шикі кірпіш, ағаш, күйдірілген балшық блоктар пайдаланылған. Сарай бір қабатты. Құрылымының қалдықтарына қарағанда, төбесі бірнеше түрде жабылған. Үлкен салтанат залының төбесі «дарбаза» түрінде, қалған бөлмелер — жалпақ бөренелермен, ал айналма галерея қорап сияқты күмбез етіп жабылған.

Сарайдың сақталып қалған бөлмелерінің жоспарына қарағанда атқаратын міндеті жөнінен ерекшеленетін бірнеше орындар байқалды. Орталық топ — салтанатты қабылдау залы, ол көлемінің үлкен (10,5x15 м) және әсем көркемделуімен ерекшеленеді. Оның батыс жағында екі бөлмеден тұра-



тын табыну орындары орналасқан. Үлкен табыну бөлмесінің ортасында (5,5x5,2 м) тұрақты шырағдан орнатуға арнап биік тұғыр жасалған. Мұндай тұғырларды Балалықтепе замогынан, Варахш сарайынан, Ташкент түбіндегі Ақтепе замогынан да көруге болады. Салтанат залының солтүстік-батыс жағында тұрғын үйлер тобы орналасқан. Сарай бөлмелерінің бүкіл кешенін айналма галерея (2,8 м) қоршап жатыр. Ол бекіністі дуалмен жанасады, оның бұрыштарына ішінде шағын камералары бар доға тәрізді мұнаралар орнатылған.

Екінші кезеңде солтүстік және шығыс жақтағы мұнаралар арасындағы кеңістік сарай алаңын кеңейту үшін пайдаланылған. Мұнда қосымша екі жай салынған, олар мұнаралар ішіндегі камералармен бірге қорғаныс тобына жатады. Сонымен, сарайдың сақталып қалған бөлігінде мына мақсатта салынған құрылыс-жайлар: салтанатты қабылдау залы, діни, тұрғын және қорғаныс орындары айқын аңғарылады.

Құйрықтөбедегі сарай кешенінің бастапқы композициясы он төрт метрлік биік алаң болып табылады, оның төбесінде сарай орналасқан. Сарай қаланың кез келген бөлігінен көрінеді, ал оның жоғары жағы біршама сыртқа шалқайыңқы үлкен бекініс дуалдары жан кіре алмайтындай берік болған. Бүкіл сарай кешенінің биік те маңызды құрылымы — салтанат залы. Зал кең де биік, ауқымды болып, бөренеден жасалған үлкен дарбазамен бекітілген. Сарайдың қалған бөлмелері салтанат залынан бір деңгей төмен орналасқан және олардың көркем жасалған оқ ататын тесіктері бар ғажайып сипаты бүкіл кешенге сан алуан әсем өң беріп тұр. Бекіністі дуалдың жоғарғы беті жауынгерлер тұратын алаңқай болған, ал дуалдың бүкіл жиегін бойлай жақтау салынған, оның төбесінде көп сатылы тісті-мерлондар бар. Құрылыс тәсілдерінің сипаты, биік алаңқайдың болуы, ұзын шикі кірпіш пен күйдірілген балшық блоктарынан араластырып қалануы, қорап тәрізді күмбездердің болуы алдыңғы орта ғасырлардағы Шаш, Соғды, Уст-рушан қалаларымен мейлінше жақын ұқсастығын көрсетеді<sup>88</sup>. Құйрықтөбе сарайының ансамблі Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырлардағы сәулет өнерінің бірегей ескерткіші болып табылады.

Баба-Ата қаласының орны Оңтүстік Қазақстанда Қаратаудың теріскей беткейінде орналасқан. Оған қамал, шахристан және рабад байқалатын топография тән. Биіктігі 10,6 м, етек жағы 42x60 м және төбесіндегі алаңы 12x17 м төбе түріндегі қамал шахристанның оңтүстік-шығыс бұрышында жатыр. Қала қамалы өмір сүруінің алғашқы кезеңі біздің заманымыздағы VI ғасырдан VII ғасырларға дейін созылған. Бұл кезде бекініс алғашқы салынған көлемді тұғырға қаланған замок түрінде болған. Оның ғимараты екі қабатты және биіктігі 6 метрден асқан. Оның орталық бөлігі биіктігі екі қабатқа жететін сегіз қырлы зал болып, оның айналасында баспалдақты екі галерея, екі дәліз, ал екінші қабатта шаршыланған төрт зал орналасқан. Ортадағы залдың айналасындағы бөлмелердің бәрі шаршылау жоспарымен салынған. Залдардың бәрі күмбезделіп, ал галереялар мен дәліздердің төбелері дөңестеліп жабылған. Замок қабырғаларына айналдыра бекіністі дуал салынған, қазған кезде оның қалдықтары табылды. Оны тұрғызу үшін шикі кірпіштер мен күйдірілген балшық блоктар пайдаланылған. Дуалдың қалыңдығы 3 метрден асады<sup>89</sup>.

Кешеннің бөлмелері бірнеше топқа бөлінеді. Ортадағы сегіз қырлы зал — діни-жоралғылық орындар. Екінші қабаттағы есіктері біркелкі залдар-

дың бәрі тұрғын үй тобына жатады. Замоктың екі дәлізі мен екі галерея да бөлмелерді өзара байланыстыру міндетін атқарады. Функционалдық соңғы топ — қосалқы топ. Оған баспалдақты екі галерея арасындағы біріктіретін зал жатады. Сонымен, Баба-Ата замогында бөлмелердің функционалдық төрт тобы: діни-жоралғылық, тұрғын, байланыстырушы және қосалқы топтары бар. Баба-Ата замогының сыртқы түрі жартылай сфера тәрізді бес күмбезбен және қорап тәрізді үш биіктік жақтауымен анықталады. Құрылыс шығынқы бөлшектерсіз және ебедейсіз зор элементтерсіз, қарапайым әрі пропорциялы салынған. Үйдің бірден-бір әшекейі сыртқы қабырғасын кірпішті көркемдеп қалау болып табылады. Баба-Ата замогын сол үлгідегі басқа ғимараттармен салыстырған кезде бұл кешеннің өзіндік ерекшелігі айқын аңғарылады.

Құйрықтөбе қаласының жұртындағы бай қала тұрғынының үйі топырақтан үйілген алаңқайға салынған және мерзімі VII—VIII ғғ. деп белгіленеді. Үй шаршылап жоспарланған деуге болады (19,5x21,5 м). Функционалдық орнына қарай жоспарланған жеті бөлмесі бар. Негізгі есік — шығыс жағында, сәкілі пеш те осы жақта салынған. Күн сәулесінің қолайлы түсіп тұруымен қоса, құрылысшылар үйді қатты соғатын «арыстанды» желінің бағыты үйдің бұрышына бағыттталатын және негізгі есік ық жақта болатын етіп орналастырған.

Үйдегі функционалдық орындар ішінде: ауызғы бөлме, қойма, мейманхана, ас үй және тұрғынжай бар. Кіретін жер — айван-сәкі, зат қоятын жақ — үйдің солтүстік-шығыс бұрышындағы қойма, қонақ күтуге арналған мейманхана және меймандардың заттары сақталатын орын болған. Ас үй жағы — ас сақтайтын орны бар ас үй және тұрғынжай жағы — сәкілі үлкен салтанат залы болып келеді. Салтанат залында қабырғаларды бойлай сәкілер салынған, бұл орайда кіреберіске қарама-қарсы орнатылған сәкінің ортасында шығынқы алаңқай бар, мұның өзі оны Соғды (Пенджикент) мен Шаш (Қаңқа) үйлерінің салтанат залдарына ұқсастырады. Салтанат залына, мейманханаға және ас үйге «дарбазалап» жабу есебінен жарық түсірілген. Үш қойманың бәріне де табиғи жарық түспеген. Құйрықтөбенің тұрғын үйлері Орта Азия аймағындағы тұрғын үйлерге ұқсас келеді.

**Діни сәулет өнері.** Қалаларда еңселі ғибадатхана және діни ғимараттар болған. Ақбешім мен Суябтан екі будда ғибадатханасы толық қазып ашылды, олардың мерзімі VII ғасырдың аяғы — VIII ғасырдың басы деп белгіленді.

Бірінші Ақбешім ғибадатханасы тік бұрышты етіп жоспарланған. Көлемі 76x22 м. Ол мінәжат ететін орын мен галереядан тұрады, оларға аула жақтан үш орамды баспалдақ апарады. Мінәжат орны жанындағы сегіз бағаналы залдың төбесі тегістеліп жабылған. Шығыс жағына тұрғылықты және шаруашылық мақсатындағы қақпалы құрылыстар орналасқан. Олардың жүйесіне шаршылап жоспарланған кішкене шіркеу қосылған. Дәліздің қабырғаларын бойлай жасалған тұғырлар мен сәкілерге мүсіндер қойылыпты. Кіреберістегі целлада екі жағында сатылы екі тұғыр тұр, сірә, оларға аяғын салбыратып отырған Будданың мүсіндері қойылған болса керек. Мінәжат орнының еденінен иконостастың Будда бейнеленіп, алтын жала-тылған қаңылтырлары (9) табылды<sup>90</sup>.

Ақбешімдегі екінші ғибадатхана шаршылап жоспарланған (38x38 м) және есігі солтүстікке қаратылған. Айқастырыла жоспарланған целлада (10,5x10 м) шағын шаршы алаңға шығатын екі дәліз салынған.

Мінәжат ететін орны мен дәліздердің қабырғаларында мүсіндер қоюға арналған қуыстар бар, қабырғалар сурет салып әшекейленген. Қыш мүсіндердің қалдықтары ішінен будда пантеонының әр түрлі кейіпкерлері, соның ішінде Будда, бодисатва, докшита мүсіндері табылды<sup>91</sup>. Мерзімі ІХ—Х ғасырлар деп белгіленген Қызылөзеннің бірінші ғибадатханасы Ақбешім ғибадатханаларынан біраз өзгеше. Ол айналма дәлізі бар целла мен оңтүстік-шығыс жағы ашық залдан тұрған. Ортадағы мінәжат ететін орынның көлемі шағын (3,2x3,2 м). Оның тегіс ақ түспен әрленген қабырғаларының көгілдір, қоңыр және қызыл бояулармен сурет салынған шағын тұстары сақталған.

Фрагменттердің біреуінде қара «сиямен» салынған жазу бар, нашар сақталуы себепті оны оқу мүмкін болмады. Айналма галерея мінәжат орнын үш жағынан қоршап жатыр, дәліздердің ені 2,3—2,7 м. Ғибадатхана кешенінде мінәжат орнының бүйір жақтарынан жапсыра салынған, аула жағы ашық екі орын бар.

Қызылөзеннің екінші ғибадатханасы жоспарлануы жағынан бірінші Ақбешім ғибадатханасына ұқсайды. Мінәжат ететін орны мен оның алдындағы ауланың кішкене учаскесі, екі айналма дәліз қазып алынды. Целла шаршылай жоспарланып (6x6 м), күмбезбен жабылған; тромпылар түріндегі, аркаларына әшекейлер салынған күмбез астындағы құрылыс жақсы сақталған. Мінәжат орны күрделі мүсіндік композициялармен безендірілген, олар құрылымы жағынан қабырғаларды ағаш бағандар мен тіреулердің көмегімен бекітуге байланысты болған. Уақыт қабырғаларындағы мүсіндерді қазіргі кезге дейін жеткізбеген, бірақ үйінділер астынан ұсақ пластиканың көптеген фрагменттері (жоғарыға, қуыстарға орналастырылған немесе мүсіндік композицияның негізімен ұштастырылған) қазылып алынды. Целлаға кіре берістен екі қыш мүсінінің қалдықтары табылды. Олар тұғырларда бүйірінен тұрады; денесінің және басының жекелеген бөліктері бойынша есептегенде олардың биіктігі бір жарым адамның бойындай болатыны анықталды. Мүсін ертедегі заманда-ақ қираған.

Айналма дәліздердің ұзындығы — 12 метрден. Қабырғаларында сары топырақты полихромдық кескіндердің қалдықтары сақталған, олар құрылыс қайта салынған кезендердің бірінде ганчаға салынған кескіндеме композициялардың астында қалған. Батысындағы дәлізде «Нирвандағы Будда» мүсіні болған (басы мен денесінің бір бөлігі сақталмаған). Мүсін қызыл түске боялған тұғырда оң жақ бүйірінен жатыр екен. Будданың матамен қатпарланып әсемделген киімі де қызыл түсті.

Ақбешім және Новопаоловск (Ключевск) қалаларының орнындағы кескіндемемен және өрнекті әшекеймен, іргелі мүсінмен және бедерленіп безендірілген тұрғын жайлар кешендерімен қоса ішінара қазып-аршылған монастырьлар (сангарамалар) мен кішкене шіркеулер де сол уақытқа жатады<sup>92</sup>.

Жетісудың несториан-христиандары ғибадатханаларының архитектура-сы жөнінде Ақбешім қала орны шахристанының солтүстік-батыс бөлігінен аршылған шіркеуден аңғаруға болады. Жоспарлануы жөнінде бұл — кіреберісі аркамен көркемделген тік бұрышты ғимарат. Оның көлемі 36x15 м. Үй ұзын жағынан батыстан шығысқа қаратылған; батыс жағында аула бар, оның қабырғаларын бойлай бастапқыда жаппа жасалған. Шығыс жағында шіркеудің өзі орналасқан. Шаршылап жоспарлаған шіркеу төбесі күмбезделіп жабылып, қабырғалары ашық бояулармен боялған. Осында қазып алы-

нған құрал-сайманды қабір арқылы бүкіл кешеннің мерзімі VII—VIII ғасырлар деп белгіленеді. Шағын, түрі қарапайым Ақбешім шіркеуі Марыдағы V—VI ғасырлардағы салтанатты (Хароба-Қошық) несториан шіркеуімен біртектес. Таяу Шығыс ғибадатханаларының христиандық сәулет өнерінен айырмашылығы — Орта Азияда шіркеудің ерекше үлгісі қалыптасты, онда неф ашық ауламен алмастырылды<sup>93</sup>.

Зороастрийлік діни құрылыстар да мәлім. Ғибадатхана мақсатындағы бір кешен, тегінде, зороастралық жерлеу салтын өткізуге және қасиетті от жағуға байланысты болса керек, ол Қызылөзен қаласы жұртының батыс бөлігіне орналасқан. Бұл — айналасында аулаға кіретін және қоршау құрайтын орындары бар мұнара тәрізді ауқымды құрылыс. Бүкіл кешен 250x160 м жерді алып жатыр. Сүйір басты, биіктігі 12 м мұнара диаметрі 40 м болатын үлкен аланда орналасқан. Төбесінде шикі кірпіш төсеп, беті арнайы қоспамен сыланған алаңша бар. Одан 2,3 метрдей төменіректе, сірә, галерея болса керек. Мұнара-ғибадатханада қасиетті от жанып тұрған болуы мүмкін, ол Иран мен Хорасанда сасанилер кезеңіндегі әдет бойынша, қоғамдық ғұрыптар кезінде жоғарыға шығарылып отырған<sup>94</sup>.

Қазақстанның зерттеліп отырған ғимараттарының құрылысында пайдаланылған негізгі құрылыс материалдары шикі кірпіш болған. Уақыт өте келе оның түрі мен көлемі біртіндеп өзгере берген. Кірпіштерден басқа күйдірілген балшық кесектері пайдаланылған. Қабырғаларды қалаудың үш түрі: шикі кірпіштен немесе күйдірілген балшық кесектерден және кірпішпен күйдірілген кесектерді араластырып қалау түрлері аңғарылды. Сарайлар мен қарапайым тұрғын үйлер бөлмелерінің едені сазбен немесе сабан араластырылған балшықпен сыланған. Олар өте беріктігімен ерекшеленді, оларды жөндеу оңай болатын, пайдалану барысында еденге балшықтың жаңа қабаты үнемі жағылып отырды. Кейбір архитектуралық ғимараттарда есіктің төменгі жағынан ағаш табалдырық табылды. Табалдырықтардың құрылысы зерттеушілердің жалпы есік жақтауы мен есік табалдырығының құрылысын анықтауына мүмкіндік береді. Орта ғасырлардағы сәулет өнеріне талдау жасай отырып, зерттеушілер еңселі үйлерде әдетте есіктерге арка тәрізді мандайшалар салынған деген қорытындыға келді. Құрылыстың төбесін жабудың жалпақ арқалықпен, күмбездегі, «дарбаза-лап» және тікелей көтеріп жабу сияқты бірнеше түрі кездеседі. Ғимараттың сипатына, жайдың неге арналғанына, климат ерекшеліктеріне, жергілікті құрылыс материалдарының болуына қарай сәулетшілер белгілі бір жабу түріне артықшылық беріп отырған. Жайдың көлемі үлкен болып, бір бөренелердің ұзындығымен жабуға мүмкін болмаса, бөлменің ортасына төрт баған орнатылып, «дарбазаның» төбесін солар ұстап тұрған. Бағандар айван-жаппалар астына да орнатылған. Сәкілер әрі жататын орындар, әрі отыратын орынның рөлін атқарған. Тұрғын жайларға бөлмені жылыту және тамақ пісіру мақсатымен ошақтар орнатылған. Ошақтардың мынадай түрлері: еденге, қабырғалар жанына, қабырғаға жанастыра орнатылған, алып жүруге ыңғайлы түрлері болған.

**Бейнелеу өнері.** Сарайлардың салтанатқа арналған және діни орындары көбінесе қабырғаларына сурет салып, бұйымға және алебастрға, ағашқа ою салу арқылы безендірілген. Қостөбенің сарай кешенінен оюланған саз бұйымдар, өрнекті ганча мол кездесті. Сәндеудің ең жақсы сақталған түрі — саз сылақтың қалың қабатын көркемдеп оймыштау. Бөлмелердегі қабы-

рғаларды оймыштау өсімдік және геометриялық түрдегі өрнектерді қамтиды. Қабырғаларға арнайы бейнелер мотивтері жиі салынған, олардың ішінде сабағына ілініп тұрған бүлдірген, құлпынай жемістері де, ірі інжулер қатарлары да, ішінде шеңбері бар қос қабатты ромб тәрізді торлар да ұшырасады. Қабырғалардың жоғарғы жағы сабағы бар әдемі гүлдермен, жапырақтармен, гүл қауыздарымен безендірілген. Оюланған белдікте шиеленіп шырматылған жапырақтар, сабақтар, үлкен медальон түріндегі өрнектер бар. Еден мен сәкілердегі оюланған бұйымдардың кесектерінде шиеленіп шырматылған қызыл беделер, көп бұтақты пальметтер, інжу салынған қос қабатты дөңес шеңберлер, жапырақтары, сабақтары және шоқталған жүзімі бар, салмақты жүзім шыбығы мотивтері сақталған. Өсімдік және геометриялық өрнектердің мұндай мотивтері Афрасиаб, Варахша сарайларының, замоктарының, бай тұрғын үйлерінің сәнделуінен жиі кездеседі<sup>95</sup>.

Ағашты өрнектеу үлгілері Құйрықтөбе қамалындағы сарайдың салтанат залынан ұшырасты. Оны қазып тазалаған кезде үйдің төбесіне салынған, ою-өрнекпен безендірілген ағаштың көмірге айналған қалдықтары көп мөлшерде жиналды. Ағаш құлап түскен төбенің астында қалу арқасында сақталған. Бөрнелердің, консольдердің, басқа да үйдің төбесіне салынған ағаштар овалдар, крестер, торлар, дөңгелектенген және жүрек тәрізді жапырақшалар, көктеп келе жатқан өсімдіктер түрлерімен өрнектеу арқылы безендірілген. Серігүл бейнеленген бөрне тіреуіштері қызықты.

Бір кезде салтанат залының қабырғасына көрік беріп тұрған фризден қалған тақталардың қалдықтары бірегей олжалар қатарына жатады. Фрагменттері бар тоғыз тақта тазартылып, алынды. Басқаларынан гөрі зооморфтық тақта отырған құдайлар бейнеленген тақтай жақсырақ сақталған. Оның ұзындығы 122 см, ені 25 см. Аркаларда тақта отырған құдайлар бейнеленген. Сол жақта қанатты екі түйе (?) мүсіні түріндегі бейнеленген еркек құдай тақта отыр. Бір түйенің ұзын тұмсығымен тікірейген құлағы сақталған. Түйелер мойындарын бұрып, бір-біріне қарап тұрғандай. Құдай қарсы қаратып бейнеленген, шынтағынан бүгіліп, қолының басы кеуде тұсында тұрған оң қолына құдай бүгілген үш өркені (?) бар нәрсе ұстап отыр. Оның сол қолында шеті кертілген тостаған бар. Оң жақтағы құдай, сірә, әйел болар, қос таутеке бейнесіндегі тақта отыр. Шынтағынан бүгіліп, жоғары көтерілген оң қолына үш бұрышты зат, сол қолына асатаяқ ұстаған, басын маңдайынан бантпен таңып алған, оның ұштары желбіреп тұр.

Фриздің төменгі жақтан түйіскен тағы бір тақтасының фрагменті табылды. Онда тақтың аяқтары қанаты бар зооморфтық хайуандар түрінде бейнеленген.

Тақтарға жабылған кілемдердің немесе көрпелердің бейнелері байқалады. Таутеке түрінде жасалған тақтың алдында, сірә, донаторлар болар, тізерлеп тағзым еткен екі адамның кішкене мүсіндері бейнеленген. Аркаларға ішкі жағынан төрт жапырақты гүлдер, аркалардың арасындағы қабырғаға отырған кейіпкерлердің бейнелері салынған. Тақта отырған құдайлардың бейнелері Соғды әшекейлерінен де белгілі. Мәселен, Варахшада бұхархұдаттар сарайы Шығыс залының қабырғаларында орталық тұлға қанатты түйелер түріндегі тіректері бар тақта отыр. Құйрықтөбедегі сияқты, олар да грифондарға ұқсас, зерттеушілердің оларды «түйенің басы, мойыны және аяғы бар сары грифондар» деп атайтыны тегін емес.

Құйрықтөбе тақтарындағы сияқты, тақ алдында тізерлеп табынушы кейіпкерлер берілген<sup>96</sup>. Пенджикент әшекейлеріндегі жұпты құдайлар көрсетілген көрініс Құйрықтөбе көрінісіне жақын. Еркек құдай түйе түрінде безендірілген тақ үстінде отыр. Оның зайыбы таутеке түріндегі тіреуіші бар таққа жайғасқан. Құдай қолына түйенің мүсінін ұстап отыр<sup>97</sup>.

Фризден қалған «замокты қоршау» көрінісі бар тағы бір тақтаның жұрнағы сақталған, оның ұзындығы — 93 см, ені — 23 см. Тақтаның орталық бөлігін, сірә, замоктың немесе қаланың болар, төрт жапырақты гүлдермен безендірілген аркасының пирамида сияқты тістері бар қабырғаларын екі садақшы бейнеленген композиция алып жатыр. Осында қолдарын көтеріп, бір қолына дөңгелек нәрсе ұстаған құдай алдыңғы жақта бейнеленген. Құдай басына қанаты бар тәж киген. Аркалар арасындағы қабырғаларға түрегеліп тұрған кейіпкерлер салынған, олар өте нашар сақталыпты. Сақталып қалған бөлшектеріне қарағанда, құдайдың төрт қолы болған, олардың екеуі, әлгінде атап өтілгеніндей, жоғары көтеріліп, қалған екі қолы төмен түсірілген. Мүмкін, замокты немесе қаланы қоршау көрінісін жау қоршаған қаланың құлауы туралы айтылатын соғды-манихей тексінің үзінділерімен салыстырған жөн болар. Онда «Нана-ханым» есімі айтылады<sup>98</sup>.

Топталған адамдардың бедерлі бейнелері бар, көлемі 125x35 см тік бұрышты ағаш тақта қызықтырарлық. Жоғарыда суреттелген, құдайлар бейнеленген тақталардан айырмашылығы, онда ақсүйектер көрінісі берілген. Ортасында бір-біріне қырынан қарап еркек пен әйел тұр, олардың атақты адамдар екені сөзсіз. Әйелдің (ол сол жақта тұрған) жүзі дөңгелек, мұрны жалпақ, көзі үлкен қиықша келген.

Басына бөрік киген, мандайына диадема таққан. Бөрік астынан жемелік байланып өрілген бұрымы оң иығына түсірілген. Оң құлағында салпыншағы бар сопақша шар түріндегі сырға, мойнына әр түрлі ірі моншақтардан алқа таққан. Әйел сыртынан желбегей жамылған.

Еркектің беті нашар сақталған. Басында бөрік, үстіне сол жаққа қарай қусырылған (оң жақ өңірі үстінде) шапан киген. Шапанның ішінен тік жағалы жейдесі көрініп тұр. Еркек оң қолымен әйелді құшақтап алған, оның саусақтары әйелдің иығына салулы, ал алақаны жоғары көтерілген сол қолы әйелдің бетіне жақындатылған. Алақанында дөңгелек нәрсе жатыр. Әйел еркектің сол қолын шынтағынан қолымен қысып ұстап тұр.

Бұл жұптың сол жағында тұрған кейіпкер тура қаратып бейнеленген, оның беті дөңгелек, мұрны жалпақ, басына сәлде ораған, мандайына жіңішке таңғыш тапқан. Құлақтарының бөбежіктеріне салпыншағы бар сопақша шар түріндегі сырға таққан, кеудесінде алқа, оның ұштарында кішкене шарлар бар. Ол шапан киген, оның кеуде тұсына інжулерден жасалған гүл жапырақтары түрінде өрнек салынған. Шапанның ішінен тік жағалы жейде көрінеді. Кейіпкер бүгілген сол қолына бір нәрсе ұстап тұр. Ақсүйек адамдардың оң жағына салынған тұлға да тура қаратылып бейнеленген. Басы мен бет-әлпеті бүлінген. Кейіпкер шапан киген, оның ішінен тік жағалы жейде көрінеді, ол қолына подноскиа немесе табакқа ұқсайтын бір нәрсе ұстап тұр.

Ортадағы топтың оң жағында тағы да екі кісі бейнеленген, бірақ олардың нобайлары ғана сақталған; топтың сол жағынан жалғыз-жарым кісілердің көмескі кескіндері байқалады. Аркалар аралығындағы қабырғаларға толтыра төрт жапырақты гүлдер мен жапырақтары салбырап тұрған

пальма бұтақтары салынған. Басқа ескерткіштерден табылған оюлы ағаш олжаларының арасында адамдары бар мұндай композиция ұшыраспады. Афрасиабтан, I-залдың солтүстік қабырғасынан табылған әшекейлердегі көріністің кейбір ұқсастығы байқалады. Бейнеленген кейіпкерлер арасында қайыққа мінген үш әйел назар аударады. Әйелдердің біреуі қасында отырған әйелдің оң қолының саусақтарын ұстап отыр, ал ол өз кезегінде сол қолын оң жақ иығына салған<sup>99</sup>. Балалықтепе кескіндемесінен осындай көрініс кездестірілді<sup>100</sup>, онда екі еркек пен артқы жақта отырған әйел бейнеленген. Л. И. Альбаумның пікірінше, «қол ишарасы» сипатты мұндай сюжеттер күйеу мен қалыңдықтың құдалары арасындағы сөз байласудың ғұрыптық көріністерімен байланысты. Құйрықтөбеден алынған оюлы тақтада да кескіндеменің сондай көрінісі бейнеленген болуы мүмкін.

Сарайлар мен ғибадатханалардың қабырғалары суреттермен, фрескалармен әшекейленген. Олар мейлінше ашық бояулармен салынған. Өкінішке қарай, суреттердің фрагменттері ғана табылды, алайда өнердің бұл түрінің төлтума екенінің Орта Азияның қалаларында сақталып, табылған суреттерге қарап айтуға болады. Суреттердің сюжеттері діни және киелі сипатта болған<sup>101</sup>. Мәселен, буддалық Қызылөзен қаласының жұртынан Будданы жерлеу, сый тарту сияқты көріністердің бейнелері табылды<sup>102</sup>.

Бейнелеу өнерінің тағы бір түрі — ертедегі түріктердің жартастағы бейнелеулері (петроглифтер) көрінеу көз тартарлығымен және терең символикасымен айрықша болды. Олар мазмұны жағынан екі топқа бөлінеді: біріншісі — салт аттылар, қаумалап аң аулау, көшіп-қону, жекпе-жек бейнеленген көріністер; екіншісінде ертедегі түрік қағанаттарының өзінше бір нышандарына айналған таутекелердің таңба сияқты бейнелері бар<sup>103</sup>.

Евразия көшпелілерінің бейнелеу өнеріндегі салт атты жауынгер бейнесі дала мемлекеттерінің әскери-саяси сипатын көрсетеді<sup>104</sup>. Түріктердің салт аттылары ұзын шекпен түріндегі қорғаныс сауытын киген. Олар мықты аттарға мінген, ат әбзелдеріне ер, үзенгі, өмілдірік пен құйысқан, жүген, жабу кіреді. Аттың жалын үш немесе одан да көп тісті етіп әдемілеп күзеу, құйрығын күзеу мен ерекше әдіспен өру оны әсемдеудің міндетті элементтері болған. Салт атты үш бұрышты ұшы бар найзамен қаруланған, ол оны бір қолымен белдемше тұсында, не қос қолымен кеуде тұсында ұстап отырады. Қылышы, садағы бар жауынгерлердің бейнелері де кездеседі. Кейбір жауынгерлердің белдіктеріне қорамсақтар ілінген. Салт аттылар дулығаларының төбесі үшкіл болып келеді, бірқатар жағдайларда үкі тағылады. «Мүйізді» дулығалар да мәлім, олар, тегінде, қорғану және ғұрыптық міндеттерді қоса атқарған болса керек. Түріктердің салт аттысын бейнелегендегі негізгі элемент ту болып табылады, ол дінгектің басындағы екі, үш және одан да көп салалы, шет жағы кең, тік бұрышты енді мата түрінде бейнеленеді. Найзаның сабына бекітілген жалаулардың, жалаушалардың және бір уыс жылқы қылын шоқтап байлаған суреттері кең таралған. Салт аттылармен бірге садақ, найза ұстаған, кейде жекпе-жек кезіндегі жаяу жауынгерлер бейнелері де ұшырасады. Петроглифтер орта ғасырлар дәуіріндегі жауынгерлердің тартыс пен ерлікке толы алыста қалған жауынгерлік рухын көрсетеді.

Мүсін өнерінен Будданың, бодисатвалардың, перілердің канонға айналдырылған бейнелері кездеседі. Буддалардың беті жалпақ, қабағы қатыңқы, құлақтарының ұшы салбыраған болып келеді.

Мүсіндерде балшыққа жағылған ганч үстінен қызыл сызықпен көз шарасының жоғарғы жағы, мұрынның қыры жүргізіліп, еріннің жиектері боялған; көздері самайда тұтасып кететін қара сызықпен қоршалған. Қас пен шаштың ірі бұйралары көк және қара түске боялып, самайға тағатын жарты шар түріндегі жапсырма үлкен әшекейлер — сылдырмақтар, кеудеге тағатын алқалар, білезіктер сызықпен айқын бейнеленген<sup>105</sup>. Ақбешімдегі будда ғибадатханасынан табылған бодисатваның басы, күнәлілерді қорқытатын докшит-дін қорғаушының басы қызықты<sup>106</sup>.

Ертедегі түріктердің тастан жасалған тұлғалары ерекше назар аудартады. Қазақстан тастан жасалған тұлғалар кең тараған аймақ болып табылады<sup>107</sup>. Көрнектілігі мен көркемдік деңгейі жағынан олар әсте де біртектес емес. Кейде таста тек бас пен бет қана бейнеленген, бірақ олардың ішінен мәселен, үш мүйізді тәж кигізілген белгілі бейне секілді нағыз өнер шығармалары кездеседі.

Мүсін жасау үшін ұзындығы 0,5 метрден 2,8 метрге дейінгі ұзынша тастар тандап алынған. Оларды тастың жалпақ бетін аса батырмай бедерлеу немесе бейненің тұрқын қашап шығару техникасымен жасаған. Тұлғалық мүсіндер сирек кездеседі.

Көбінесе мұртты және сақалды еркектер жиі бейнеленеді, әйелдердің бейнесі сирек кездеседі. Сақал-мұртты бар еркектер әдетте денесімен дене болып тұратын шекпен киіп, белдік буынған. Белдікке қару, қайрақ, қалта және басқа керек-жарақтар ілінген. Мүсіндерде қашап салынған заттар әдетте ертедегі түріктердің обаларында өлген адамдармен бірге қойылған заттардың арасынан кездеседі. Бас киім кигендері аз, кейде шашы көрсетілгендері бар. Тұлғалардың көпшілігінің оң қолына немесе екі қолына бірдей тостаған, саптыаяқ немесе текше тәрізді ыдыстар ұстатылады. Адамның басы немесе беті ғана бейнеленген мүсіндер аз емес.

Әдетте тұлғалар діни-салт ғимараттары қоршауларының шығыс жағына, беті шығысқа қаратылып орнатылған түрінде кездеседі. Оған жалғаса шығысқа қарай діңгек тас-балбалдар тізбегі кетеді. Мүсіндердегі еркектердің бет-пішіні әдетте монғол өңдес, сабырлы да салиқалы болып келеді. Қиғаш көздері, шығынқы шықшыттары айқын көрсетілген. Бейнелердің көпшілігі нақты адамдардың «портреттері» болып табылады. Ғасырлар қойнауынан мінез-құлқы әр түрлі — асқақ та өктем, жауынгер және арманшыл нақты адамдардың жүздері қарап тұрады<sup>108</sup>.

**Қолданбалы өнер.** Қала мен даланы мекендеушілердің көркем шығармашылығы мейлінше алуан түрлі болуымен ерекшеленеді. Ең алдымен көзге түсетіндері — ұсақ пластика, терракота, көркем керамика мен металл. Металл мен ағаш оюлардың көптеген сюжеттері керамикаға көшірілген. Ою өнерінде жаңа техникалық тәсілдер, атап айтқанда, жапсыру, доғал және өткір стекалар, пунсон, қалыптар игерілді. Жұқалап ойып өрнектеу мен жылтырату кеңінен дамыды. Оюлардың сюжеті де мейлінше әр түрлі: діни-магиялық сипаттағы нышандар мен эмблемалар, антропоморфтық және зооморфтық мотивтер.

Терракота бет-әлпеті, шашы және киімі жөнінен сипатты үлгідегі соғдылардың, түріктердің бейнелері болып келеді. Олар антропоморфтық ыдыстарда да, ыдыстардың жапсырмаларында да бейнеленген<sup>109</sup>. Терракоталарда мейлінше алуан түрлі кейіпкерлер бар, олардың кейбіреулері зоо-роастралық және буддалық иконография құдайларының бейнелерімен бай-



ланысты. Бұл жағынан алғанда, Қызылөзендегі терракоталық плакеткаға салынған құдай образындағы патшаның немесе қорқор ұстаған (сол қолына құрбан шалатын аспап ұстап, құрамы күрделі тәж киген және інжу шұғылалы) Аровахишт құдайларының бейнесі ерекше.

Оссуарийлер қақпақтарының төбесі көбінесе адамның басы, құстар мен аңдар, ғажайып мифологиялық бейнелер түрінде безендірілген. Оссуарийлерге балшықтан ойып, қалыптап, жапсырып және бояп түрлі бейнелер салынған.

Солардың ішінде екі оссуарийдегі бейнелер ерекше қызықты. Олар сопақша етіп жасалған, алдыңғы қабырғасында жоқтау көрінісі бейнеленген, онда композицияның ортасында мінәжат етіп, қолдарын кеудесіне басқан үш адамның бейнесі бар оссуарий мен жәшік сияқты тік бұрышты, ғибадатханада қасиетті от жағу көрінісі бар оссуарий бейнеленген. Ортасында — ішінен жалын шығып тұрған сатылы биік мехрап, ал жан-жағында ұсақ қатпарланып сәнделген және үш рет оралған белбеулі ұзын жейде киген абыздар бейнеленген. Абыздардың қолдарында және олардың айналасында ғибадатханадағы дұға оқу ғұрпына тән әр түрлі айшықтар бар<sup>110</sup>.

Көшпелі және отырықшы халықтың көркемдігі жоғары бұйымдарының көпшілігі киім-кешек әшекейлері болып табылады. Құрама белдіктердің қаптырмалары, салпыншақтары мен қарсы ілгектері, ат әбзелдерінің әшекейлері ою-өрнектерінің байлығымен ерекшеленеді. Әсем құрама белдіктердің бейнелері түріктердің тас мүсіндерінде, Пәнджикент пен Афрасиабтың фрескаларында сақталған. Қаптырмалар географиялық түрде — төрт бұрышты, ай сияқты, жүрек тәрізді мүсіндер болып келеді.

Белдіктің ұзына бойына тағылып, өсімдік тәрізді және зооморфтық оюлармен өрнектелген олар біртұтас ансамбль сияқты әсер қалдырады<sup>111</sup>. Белдіктер киімнің, жауынгерлік керек-жарақтардың атрибуттары ғана емес, сонымен қатар ерекше айырым белгісі және көркемдік мәдениет көрсеткіші болған. Жалпы алғанда, көркемдік мәдениетті былайша сипаттауға болады. Аз уақыттың ішінде бүкіл Орта Азияны бағындырып алған түріктер «отырықшы өркениет өнерін кеңінен пайдаланды, оларды көп мүсінді композициялар»... «иконографиялық канондар, күрделі оюлар қызықтырды...», олар «соғдылардың өсімдік тәрізді оюларын» үйреніп, одан әрі дамытып, «абстракттілі элементтердің ұштасуына айналдырады». Сонымен бірге көшпелілердің мәдениеті өз кезегінде соғдылардың отырықшы қоғамына да ықпал етті. Варахша жолбарыстарының жарқындығы, күміс ыдыстардағы қарақұйрық пен таутекенің сезімталдығы күдіргі және көпен ері безендірілген стильді және сонымен бірге тірі сияқты көрінетін жолбарыстар мен барыстарды, қабандар мен таутекелерді, құландар мен еліктерді еріксіз еске салады<sup>112</sup>.


## 7. НАНЫМ-СЕНІМДЕР ЖӘНЕ ДІН

Жалпы алғанда, отырықшы және көшпелі халықтың діни нанымдарында алдындағы дәуірлерден алынғаны көп. Адамдардың құдайлық күштермен «қарым-қатынасындағы» аралық міндеттер қоғамдағы ерекше топтың — шамандардың қолында болды, ал шамандар ертедегі түрік текстерінде кам деп аталған. Шамандар сәуегейлер, емшілер, «құдайдың қалауын» жариялаушылар болған.

Ертедегі түріктер дінінің негізі Көкке (Тәңір) және Жер -Суға (Йер-Суб) сыйыну болды<sup>113</sup>. Құдірет деп есептелген бұл қос күштің негізгісі Көк болды. Қағандар нақ осы Көктің еркімен билік құрып, олар «Көк тектестер және Көкте туғандар» деп аталды. «Көк өз биігінен (көк жүзінен) менің әкем Илтериш-қағанға және менің анам Илбілге-қатынға жөн сілтей отырып, оларды (халықтан) жоғары қойды, менің өзімді түрік халқының аты мен даңқы жойылып кетпеу үшін қаған етіп отырғызған (қағандарға) мемлекетті сыйлаушы Көк деп ойлау керек»<sup>114</sup>. Көктің еркімен «түріктер жеңіске жетіп немесе жеңіліске ұшырап отырды». Жұт жайлаған жылдары түрік халқын Көк пен Жер-Су сақтап қалған. Түрік хандары өздерінің жазбаларында Көкті өздерін әрқашанда желеп-жебеуге шақырады.

Өзінің мәні жөнінен бұдан кейін тұрған әйел тәңірісі Ұмай – от басы мен бала-шағаны қорғаушы болған<sup>115</sup>. Ұмайға табыну Алтайдың кейбір түркі тілдес халықтарында ХІХ ғасырдың аяғына дейін сақталып қалды. Сонымен бірге, Ұмай түріктер сыйынған құдіретті үш күштің бірі болған және оларға қашанда қамқоршы болып отырған. Мұны мәселен, Тоникөктің құрметіне орнатылған ескерткіштен көруге болады, онда түріктердің сәтті жорықтарының бірін сипаттағанда былай делінген: «Көк, Ұмай (құдай), қасиетті Жер-Су, міне, бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлау керек!».

Ертедегі орта ғасырлардағы барлық түркі тілдес тайпалардың наным-сенімінде қасиетті тауларға (ыдұқ баш) табынушылықтың маңызды мәні болды, бұл сенім Оңтүстік Сібірде өткен ғасырдың өзінде сақталып келді. Ертедегі түріктер «қасиетті Отүкен кара күшін» (Хантай таулары) ерекше қастерлеген, олардың рухы қаған тегінің қамқоршысы деп есептелген. Онда «бабалардың үңгірі» болған, түрік аңыздары бойынша, осы үңгірде қасқырдан түріктердің бабалары туған. Түріктердің пікірінше, бүкіл төңірек рух-



Қостөбе қала жұртындағы ғибадатхана. Талас аңғары. VIII–IX ғғ.

тарға толы, оларға тасаттық беріп, рақымын алып отыру керек. Адамдар өлген соң жаны орналасатын жер асты патшалығын жер асты дүниесінің билеушісі Ерікшіг басқарады<sup>116</sup>

Осы сипатталған наным-сенімдер ежелгі түрік тайпаларына, оның ішінде оғыздарға, қарлұқтарға, кимектерге, қыпшақтарға ортақ болған. Бұған, атап айтқанда, орта ғасырлардағы араб және парсы шығармаларында кездесетін түріктердің наным-сенімдерін сипаттайтын қысқа және үздік-сөздық сипаттамалар айқын дәлел бола алады. Араб географы әл-Макдиси (X ғ.) Орта Азиядағы түріктердің діні туралы былай деп жазады: «Түріктер бір тәңірі, яғни «тәңір — біреу» дейді. Олардың кейбіреулері тәңір дегеніміз зенгір көктің атауы деп пайымдаса, енді біреулері тәңір деген көктің нақ өзі дейді»<sup>117</sup>.

Ертедегі түріктер арасында әр түрлі діндер таралған, олардың ішінде ең әйгілілері — отқа табыну, жануарларға табыну, өсімдіктерге табыну. Византия тарихшысы Менандр түрік қағаны Дизабулға елші Земархтың келуін сипаттай келіп, былай деп жазады: «Түріктердің осы тайпасының ішінен кесел біткенді аластай аламыз деп өзіне-өзі сенетін біраз адам Земархқа келді де, римдіктердің өздерімен бірге ала келген заттарын бір жерге үйді, одан соң ливан ағаштарының бұтақтарын лаулатып жағып, скиф тілінде әлде бір тағылық сөздер айтып сыбырлап, дабылдарын ұрғылап, үйіліп жатқан заттарға қайта-қайта төнді. Шытырлап жанып жатқан бір бұтақты ортаға әкеліп, құтырына айғайлап, кәрін төгіп, ойнақтаған жын-шайтанды қуғандай болды. Жұрт бұл адамдарға жын-шайтанды аластап, бізді кесел-пәледен құтқарады деп сенеді; өздерінше барлық кеселді аластадық деп сенген олар Земархтың өзін осы оттан өткізіп, өзімізден де пәле-жаланы аластадық деп сенгендей болды»<sup>118</sup>.

Қала тұрғындары мен отырықшы халықтың отқа табынғанын археологиялық материалдар растайды. Баба-Ата қаласы жұртының қамалын қазыраршыған кезде сарай кешенінің ең басты залында, жердің қалың қабатына қарағанда, отқа байланысты діни ғұрып өткізілген<sup>119</sup>. Қалалардың жұрттары қазғанда қой мүсіндері шығады, олардың осы жануарларға табынумен байланысты екені даусыз. Отырар алқабындағы Көк-Мардан қаласының орнынан VI—VII ғасырлар қабатынан от жағу үшін тақыт орнатылып, қошқар мүйіз түрінде жапсырмасы бар қуыс жасалған ғибадатхана қазылып алынды.

Орта ғасырлардағы көптеген авторлар «улы» тастың күдіретті күшімен жаңбыр жаудыра алатын түрік «сиқыршылары» туралы жазады. Түріктердің сиқырлы күшке, шаман бақсы-балгерлеріне сенетіні жайлы парсы тарихшылары мен географтары да жазады. Өлген түріктер ертедегі шаман ғұрпымен жерленген. Деректемелерде жерлеу ғұрпының сипаттамалары сақталған, өлген адамды биіктеу жерге тігілген киіз үйге қойған. Туыстары құрбандыққа әкелген қойлары мен жылқыларын табалдырықтан асырып қойғанда, сонан соң киіз үйді жеті рет айналып өткен. Үйді айналып, есік алдынан өткен сайын беттерін тілгілеп, жылайтын болған; сонан соң белгіленген күні өлген адамның атын, киімдері мен заттарын алып, оларды өлген адамның денесімен бірге өртеген.

Содан, кейін қолайлы мерзімде көму үшін күлді жинап алған: егер көктемде немесе жазда өлген болса, онда шөптер мен ағаш жапырақтарының сарғаюын күткен, егер күзде немесе қыста өлген болса, онда ағаштың

бүр жарып, көктеуін күткен. Сонда барып қабір қазып, (күлді) көмген... Жерлеуден кейін олар тас қалап, оның үстіне құлпытас орнатқан. Тастардың саны жерленген адамның тірі кезінде өлтірген адамдары санына байланысты болған. Құрбандыққа әкелінген барлық қойлар мен жылқылардың бастарын дінгекке іліп қойған<sup>119</sup>.

Алайда, бертін келе өлікті жерлеу ғұрпы өзгереді, өлген адамды шұңқыр қазып, жерге көметін болған, сөйтіп топырақтан немесе тастан оба үйген. Қала мен далада ертедегі пұтқа табынатын наным-сенімдермен қатар дүние-ежүзілік діндер таралды. Бұл үрдісте Ұлы Жібек жолы маңызды рөл атқарды. Зерттеушілердің пікірінше, Қытайға будда діні Үндістаннан Орта Азия мен Қазақстан арқылы өткен. Бұл үрдіс б. з. б. I ғасырдың орта шенінде басталды. Шығыс Түркістан мен Қытайға будда дінінің таралуында Орта Азияның діншілдері мен миссионерлері, әсіресе, соғдылар, парфияндар, кангюйлер маңызды рөл атқарды<sup>120</sup>.

Алдыңғы орта ғасырларда будда дінінің негізгі миссионерлері рөлін соғдылар алды. «Бодисатва» деген сөз парсы, ұйғыр, қытай тілдеріне соғды тілінен енген. Шығыс Түркістандағы буддалық түрік текстерінің терминдеріне жасалған талдау олардың соғдылар арқылы келгенін дәлелдейді.

Бұдан бұрын атап өтілгеніндей, VI ғасырдан бастап түріктер будда дінінің күшті ықпалына ұшырады. Сюань-Цзян батыс түрік қағанының будда дініне ізгі көзқараста болғанын жазады. Зерттеушілердің пікірінше, VII ғасырдың бірінші жартысында батыс түріктердің кейбір билеушілері будда дініне көшеді немесе будда дініне қамқоршылық етеді. Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда будда діні едәуір кең таралды. Мұны бірінші кезекте будда ғибадатханаларының, монастырьларының табылуы дәлелдейді. Кездейсоқ табылған заттар ішінде үнді бұйымдары: буддалар мен будда дініне тән алтын жалатылып, асыл тастармен ою-өрнек салынған қола және күміс мүсіншелері ұшырасады.

Орта ғасырлардағы белгілі қала Испиджабтың — Сайрамның қираған жұртына жақын жерден табылған жерасты монастыры археологтардың жақында ашқан жаңалықтарының қатарына жатады.

Үңгірдегі монастырь кешендерінің ертедегі үлгілерін Үндістаннан іздестіру керек, онда үңгірдегі сәулет өнерінің дәстүрлері Маурья кезеңінде, Магадхада және соған жақын жерде (қазіргі Бихарда) дамыған. Батыс Үндістанның ертедегі үңгір ғимараттары монастырьлар болған. Әрбір монастырь бір немесе бірнеше чатъядан — мінәжат орындарынан және бірнеше вихара — монахтар тұруға арналған жайлардан тұрған<sup>121</sup>. Испиджабқа жақын жерден ашылған жайлардың вихаралар болуы мүмкін.

Будда дінімен қатар Жібек жолымен батыстан Шығысқа жылжи отырып, христиан діні де таралған. V ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Рим империясында әулие Несторийдің жолын куушылардың «күпірлік» сектасы пайда болды. Несторий Мария анадан құдай емес, адам туған, Христос «құдайлар мекенінен келуші», қасиетті рухты таратушы ғана болған деп үйретті. Несторийдің пікірінше, Мария ананы құдайдың анасы демей, қайта Христ анасы деп атау керек, «Мария құдайды емес, қайта адамды — Христы туған». Нақ осы жаңалық бұқара арасында абыржушылық туғызды. Бұл 325 жылы Нике соборында қабылданған наным нышанына қайшы келетін еді, ал ол бойынша Христос ажырағысыз болып қосылған ипостасьтардың — адам мен құдай ипостасьтарының иесі деп саналды, сондықтан орто-

доксалдық шіркеу оның құдай-әкемен бір екенін теріске шығаруды асқан зор күпірлік деп есептеді.

Несторийдің ілімі 431 жылы Эфес соборында айыпталып, несториандар аяусыз қудалана бастады. Қуғындаулар нәтижесінде олар Шығысқа қашуға мәжбүр болды<sup>122</sup>. Азияның алыстағы аймақтарының несториандармен байланысты болғаны қайран қалдырады. Олардың колониялары мен сауда факториялары Жерорта теңізінің жағалауынан «Аспан империясына» дейін созылып жатты. Таулар мен ойпаттар арқылы өткен бұл жол бойындағы алқаптардан христиан мәдениетінің ескерткіштері табылды. Метрополияда да, отарларда да соғдыларға христиан дінінің таралуы соғдылардың сирия жазуымен танысуына жеткізді. Сирия жазуы христиан-соғдылардан ертедегі түріктерге жетті; бұл жазуды ұйғырлар қабылдады: «...сириялықтар дүниежүзілік ғылым мен мәдениетке зор үлес қосты. Олар Шығысты дүниежүзілік мәдениет дамуының көне замандағы жетістіктерден бастау алған сарынына қосты»<sup>123</sup>.

VII–VIII ғасырларда несториандық ілім Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында кең таралды. Көптеген қалаларда христиан шіркеулері болды. Патриарх Тимофей кезінде (780–819), сірә, қарлұқ жабғуы болар, түрік патшасы христиан дінін қабылдаған. IX–X ғасырлар шебінде ерекше қарлұқ метрополиясы құрылды, Тараз бен Миркиде христиан шіркеулері жұмыс істеді<sup>124</sup>. Жетісу және Оңтүстік Қазақстан қалаларынан табылған несториандықпен байланысты олжалар жазбаша деректемелердің мәліметтерін айқын дәлелдейді. Бұл – Ақбешім қаласының жұртынан табылған христиан шіркеуінің қалдықтары<sup>125</sup>.

Жамукет және Невакет қалаларының зираттарын қазған кезде күміс, қола крестері бар христиан қабірлері табылды<sup>126</sup>. Шымкент қаласының мұражайында Шараб қаласы деп саналатын Төрткөлтөбе қаласының жұртынан табылған тас келі сақтаулы тұр. Онда христиан дінінің нышандары – крест пен көгершін бейнеленген<sup>127</sup>. Таразды қазған кезде VI–VIII ғасырлар қабатынан сирия жазуымен «Петр және Гавриил» деп жазылған керамика саптыаяқ табылды<sup>128</sup>.

Жетісуда дайындалған, Аниковское және Григоровское деген атпен мәлім болған, ертедегі христиан иконографиясының сюжеттері бар екі күміс табақшаны несториан қолөнершілерінің бұйымдарына жатқызу керек<sup>129</sup>. Григоровскоенің күміс дискос-табақшасында астасып жатқан үш медальонда «Мадақтау», «Табыт жанындағы әйел» және «Керіп тастау», ал араларына «Даниил арыстан апанында», «Петрдің безінуі» және «Құдайдың табытын күзету» бейнеленген<sup>130</sup>.

Невакетте христиан қауымының болғанын керамикадағы, шарап құятын үлкен кеспектердің ернеулеріндегі соғды жазбалары дәлелдейді. Олардың біреуінде былай деп жазылған: «Бұл кеспек Йарук-Тегін мұғалімге (арналған). Пастун шебер. Ол (кеспек) толып тұрсын, аминь, аминь!». Бұл жазудағы «мұғалім» деген сөз түрік-соғды эпитафияларындағы «мұғалім, тәлімгер» деген терминге ұқсайды. Қорытындысындағы «аминь» деген сөз Йарук-Тегіннің христиан қауымының басшысы болғанына күмән қалдырмайды. Қысмычи қаласының жұртынан табылған кеспектің ернеуіне «Епископ Ширфан», — деп жазылған<sup>131</sup>. Жазбалардың шарап құятын ыдыстарға ойып жазылуына қарағанда, Жетісуда шарап өндірісі ғұрыптарында шарап маңызды рөл атқарған христиандардың қолында болған.

Жібек жолының бойымен келесі бір дін – манихей діні таралған. Ол III

ғасырда Иранда пайда болып, тез арада Италиядан Қытайға дейін көп мөлшерде адептілер тапты. Ол жалпы алғанда зороастрашылдық пен христиан дінінің қосындысы болатын. Христиан дінінен манихет діні — мессияншылдықты, ал зороастрдан ізгілік пен зұлымдықтың, жарық пен қараңғылықтың күресі идеясын алған.

Манихей дінінің Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде, бірінші кезекте, отырықшы тұрғындар арасында өз жақтаушылары болды. Тұрфан алқабынан табылған манихейлік «Екі негіздің қасиетті кітабы» деген шығарманың ертедегі ұйғырша қолжазбасында бұл кітап «он оқ елінде (нанымды) ояту үшін» «Арғу, Талас (Алтын Арғу — Талас-улуше, Талас-улуше)» қаласында жазылды делінген. Бұл арада белгілі Тараз қаласы айтылып отыр<sup>132</sup>. Жетісудың тағы бірқатар қалаларында — Баласағұнда, Жікіл-Балықта манихей мекендері болғаны мәлім. Сірә, Таразды қазған кезде табылған, манихейлік астралдық құдайлар нышаны болып саналатын айы бар, әйел бейнеленген қола медальонды манихейлік жәдігерлер қатарына жатқызған жөн<sup>133</sup>.

Қазақстанның ортағасырлық қалаларының тұрғындары арасында тағы бір дүниежүзілік дін — зороастра дінінің өкілдері болған, ол дін б. з. б. VII—IV ғасырларда ежелгі Иран аумағында қалыптасты. Оның ғұрыптық практикасына Ғаламның төрт элементін — суды, отты, жерді, ауаны құрметтеу тән. Зороастра ескерткіштерін Орта Азиядан, Сырдария қалалары мен Жетісудан аңғаруға болады. Бұлар — мұнара сияқты құрылыстардың қалдықтары, оларды от жағатын мұнаралармен байланыстыру қажет. Олар Қостөбе және Қызылөзен қалалары орнының топографиясында сақталған. Алайда Орта Азия мен Қазақстанда зороастра дінінің канондық түрінен айырмашылығы бар ерекше нұсқасы таралған. Ол жергілікті табынушылық діндермен, атап айтқанда, отқа, текке, бабаларға, жануарларға — қойға, жылқыға, түйеге табынумен тығыз араласып кеткен.

Бұл дінге байланысты олжалар оссуарийлерге — сүйекті қыш жәшіктерге, кеспектерге, өлікті жер бетіндегі көрхана наус-сағаналарға қойып жерлеген жерлерден табылды<sup>134</sup>. Зороастра дінін Қазақстан қалаларына VI—VII ғасырларда сәғдылар әкелген, алайда оның элементтері одан көгі бұрын Оңтүстік Қазақстанды мекендеген сақ-массагет тайпалары арасында қалыптаса бастаған. Зороастра дінімен байланысты мәдениеттің көп жақтары Қазақстан қалаларында онда ислам келгеннен кейін де кездесе береді. Алайда ислам Шығыста христиан дінін де, будда дінін де, зороастра дінін де, жергілікті діндерді де біртіндеп ығыстырып шығарды. Жаңа дін Жібек жолының көптеген қалаларында үстем дінге айналды. VIII—IX ғасырлардың аяғындағы оқиғалар туралы баяндалатын деректемелер Оңтүстік Қазақстанды мекендеушілердің исламға көшкенін көрсетеді. 840 жылы Нух ибн Асад Испиджабты бағындырып алды<sup>135</sup>. 859 жылы оның інісі Ахмед ибн Асад Шауғарға жорық жасады, онда бірнеше мың адам діни қудалауға ұшырады<sup>136</sup>.

766 жылы Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде саяси үстемдікті басып алған қарлұқтарға мұсылман мәдениеті мейлінше ықпал жасады. Олар ислам дінін сонау Махди халиф кезінде (775—785) қабылдаған деген пікір бар<sup>137</sup>. Алайда бұл, сірә, олардың белгілі бір бөлігіне ғана қатысты болса керек, өйткені 893 жылы Исмаил ибн-Ахмад Таразды алып, «бұл қаланың басты шіркеуін мешітке айналдырды»<sup>138</sup>.

IX—X ғасырлардағы ескерткіштерге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары аймақта қалалық мұсылман мәдениетінің қалыптасқанын көрсетеді. Тараз бен Миркидің христиан шіркеулері мешіттерге айналдырылды<sup>139</sup>.

IX ғасырдың екінші жартысы — X ғасырда қала тұрғындарының жерлеу ғұрпы өзгереді. Ол мұсылман ережелері бойынша жасалатын болды: өлік жерден қазылған шұңқырларға, шикі кірпіштен қаланған сағаналарға жерленді. Өліктердің басы солтүстік-батысқа, беті оңтүстікке қаратылған. Қабірлерге құрал-саймандар қойылмаған. Ең ертедегі мұсылман зираттары Отырар алқабынан ашылды және мерзімі IX—X ғасырлар деп белгіленеді<sup>140</sup>.

## 8. ТІЛ, ЖАЗУ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

Б. з. б. II—I мыңжылдықта Сібір мен Орталық Азиядағы «алтай» тайпаларының арасында ертеректегі түрік-монғол және тунгус-маньчжур тіл қауымдастығы біртіндеп қалыптаса берді. Б. з. б. I мыңжылдықтың орта шенінде алғашқы топ ішінде ертедегі түрік және монғол тілдері қалыптаса бастады, бұл орайда ертедегі монғол тілдерінде сөйлейтін тайпалар Солтүстік Маньчжурия мен Солтүстік-Шығыс Монғолияда топтасты, ал ертедегі түрік тілінде сөйлейтін тайпалар негізінен алғанда Орталық және Ішкі Монғолияда, Байкалдан Ордосқа дейін қоныстанды. Тілдің саралану үрдісі тым күрделі болды және түрлі аймақтарда түрліше өтті; көптеген жерлерде ертедегі түрік және монғол тайпалары аралас тұрып жатты; б. з. б. II ғасырдың бас кезіне дейін юэчжилер (сірә, иран тілдес болар) басым болған Батыс және Орталық Монғолияда ертедегі түрік тайпалары олармен тікелей көрші болды.

Орта және Орталық Азияның ғұндардың (хунну) тайпалық одағы құрған Ғұн «империясы» пайда болғанға дейінгі этнолингвистикалық жағдайының ең жалпылама белгілері осындай еді. Ғұн конфедерациясының ішінде, сірә, ежелгі түрік тілдерінде сөйлеген тайпалар басым болды.

Алайда, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың далалық өңіріндегі тілдік жағдай VI ғасырдың орта шенінде едәуір өзгере бастайды, ол кезде, Түрік қағанаты құрылғаннан кейін, ертедегі түрік тайпаларының жаппай қоныстануы басталған болатын. VI—VIII ғасырларда Қазақстан мен көршілес аумақтарда ертедегі түріктердің бірнеше тілдік топтары: бұлғар-хазар, батыс түрік (оғыз), қарлұқ қалыптасады. Әрине, аталған этникалық топтардың бәрі оларға кірген тайпалар құрамының үнемі өзгеріп отыруы, сондай-ақ мейлінше әр түрлі тайпалық диалектілердің үнемі араласып, өзара ықпал етуі салдарынан ол топтардың айқындаушы тілдік белгілері бойынша тым араласып жатты. Мәселен, батыс түрік және қарлұқ тайпалары арасында «ж» диалектісінде сөйлеген тайпалар болған.

VIII—X ғасырларда, алғашында Ертіс өңірінде көне түрік тілдес көлемді топ — кимек-қыпшақ тобы қалыптасады<sup>141</sup>.

Түрік тобының тілдерімен қатар Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда отырықшы-егіншілік және қала мәдениеті өңірінде иран (көбінесе соғды) тілдік тобы одан әрі сақталып қалды. Нақ сол ортада семит тілдерінің бірі — сирия тілінде сөйлеген өте шағын халық топтары болған. Кейініректе мұнда басқа бір семит тілі — Орта Азияны жаулап алушы арабтардың тілі енді, бірақ ол мұнда X ғасырда кейбір түрік тайпалары ислам дінін қабылдап, Қарахандар мемлекеті пайда болғаннан кейін діни және заң саласында тым шектеулі түрде ғана қолданылды. Біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың аяғына қарай Солтүстік Қазақстанда түрік тілдерінің угор тілдерін біртіндеп ығыстырып шығару үрдісі аяқталды.

Сонымен, біздің заманымыздағы І мыңжылдықтың ортасы мен екінші жартысын Алтайдың батысынан Еділ бойына дейінгі далалар, соның ішінде VIII–X ғасырларда оғыздар мемлекеті құрылған Каспий-Арал өңірі аймағы, сондай-ақ Жетісудың түргеш-қарлұқ (батыс түрік) халқының түріктену кезеңі деп қарастыруға болады<sup>142</sup>.

Орта Азия мен Қазақстан аумағында тұрған халықтар ертедегі дәуірдің өзінде-ақ (б. з. б. I мыңжылдықтың ортасы — біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың ортасы) жазу мәдениетін меңгерген және шаруашылық, діни және әкімшілік-саяси практика үшін жазудың әр түрлі бірнеше жүйесін пайдаланған. Өкінішке қарай, осы аумақтан табылған ежелгі жазба ескерткіштері әзірше біршама аз.

Алматы маңындағы сақ обасын қазған кезде табылған күміс тостағандағы Есік жазбасы Қазақстандағы ежелгі олжа деуге болады. Алайда, ол әлі күнге дейін оқылған жоқ және оның тілін анықтау да даулы<sup>143</sup>.

VI–VII ғасырларда Түрік қағанатының құрамына кірген Орталық және Орта Азия мен Қазақстанның түркі тілдес тайпалары, сондай-ақ Төменгі Еділ бойының, Дон бойы мен Солтүстік Кавказдың Хазар мемлекетін құрған батыс түрік тайпалары сол кезде-ақ өз жазуын пайдаланған. Сірә, жазудың қажеттігі әкімшілік және дипломатиялық практика қажеттерінен, мемлекеттік құжаттар мен мемлекеттік дәстүрді тіркеу қажеттерінен туған болса керек; діни себептердің де белгілі бір рөл атқаруы мүмкін.

Деректемелерде түріктер «қажетті адамдардың, жылқының, алым-салық пен малдың санын» есептеген кезде кертіп (белгі?) жасаған ағаш тақтайшалар жайында хабарлар бар. Сонымен бірге түрік елшілеріне грамоталар берілетін болған. Мәселен, 568 жылы Константинопольге, Юстиннің сарайына барған түрік елшісі соғдылық Маниах қағаннан, византия тарихшысы Менандрдың айтуынша, «скиф жазуымен» жазылған хатын алып келген.

Түрік қағанаты тарихының алғашқы кезеңінде, кеш дегенде VII ғасырдың бірінші жартысында, ертедегі түрік таңбаларына (рулық нышандарына) ұқсас бірнеше белгілермен толықтырылған соғды жазуы негізінде түріктердің арасында жаңа жазу пайда болды. Ол жазған кезде бір-бірімен қосылмайтын геометриялық пішіндегі 38 таңбадан тұрған және соғды әріптерінен ерекшелігі — ағашқа немесе тасқа жазуға жақсы бейімделген еді<sup>144</sup>.

Ертедегі түрік жазуын тұңғыш рет XVIII ғасырдың 20-жылдарында І Петрде қызмет атқарған неміс ғалымы Д. Мессершмидт пен оған еріп жүрген шведтің тұтқын офицері И. Страленберг Енисей аңғарында ашты. Олар Скандинавияның руналық жазуымен ұқсастығына қарап оны «руналық» жазу деп атады. Атау онша дәл болмағанымен, қолайлы болып шықты және ғылымда осы атау орнығып қалды. 1889 жылы Н. М. Ядринцев Солтүстік Монғолияда, Орхон өзенінің аңғарынан руна жазулары бар орасан зор құлыптастарды тапты. Табылған тексті оқудың бірінші болып кілтін тапқан дат ғалымы В. Томсен және жазбаларды алғаш рет оқыған орыс түркологы В. В. Радлов болды. Негізгі ескерткіштердің табылған жері бойынша жазу «орхон-енисей» жазуы деп атала бастады, ал басқа белгілері (тілі және жазылу сипаты) бойынша ол ертедегі түріктердің руналық жазуы деп аталып келеді.

Руналық жазулардың барлық табылған ескерткіштері ішінде Солтүстік Монғолияның негізінен алғанда Орхон, Тола және Селенга өзендерінің аңғарларында шоғырланған ескерткіштері ең ірілері болып отыр. Олардың бәрі екінші Түрік қағанаты (689—744 жж.) және Монғолиядағы Ұйғыр қағанаты (745—840 жж.) дәуірінде орнатылған. Ең әйгілілері — Білге-қаған мен



оның інісі, қолбасшы Күл-тегіннің құрметіне 732—735 жылдары тұрғызылған ескерткіштер және екінші Түрік қағанатының алғашқы қағандарының кеңесшісі Тоникөктің (716 жыл) құрметіне Тоникөктің тірі кезінде-ақ орнатылған ескерткіш<sup>145</sup>.

Орта Азия мен Қазақстан аумағында руналық ескерткіштердің екі тобын — ферғаналық тобы мен жетісулық тобын бөліп қараған жөн. Бұларға үлкен-үлкен қой тастардағы, қабір басына қойылған тастардағы тоғыз жазу және Талас өзенінің аңғарындағы Терексай қойнауындағы жартас бетіндегі жазулар, Жамбыл қаласының маңынан табылған керамикадағы жазулар, теңгелер мен тұрмыстық бұйымдардағы ұсақ жазулар мен жекелеген белгілер, ағаш таяқшадағы жазу (Талас өзені бойынан кен қазу жұмыстарында кездейсоқ табылған), сондай-ақ Шығыс Қазақстаннан табылған екі қола айнадағы руналық жазулар, Талғар қала жұртынан табылған қыш ұршықбастағы ұсақ жазулар жатады.

Бұл ескерткіштердің бәрі Батыс түрік қағанаты мен Қарлұқ мемлекетінде (VII—IX ғғ.) жасалған; қола айналардағы жазулар кимектерге тән. Ағаш таяқшадағы жазудың біршама жұмбақ сыры бар. Ондағы жазу түрі орхон-енисей жазуынан өзгеше, бірақ ол ертедегі Хазар мемлекетінің аумағында — Еділ, Дон бойында және Солтүстік Кавказда қазба жұмыстары кезінде табылған алтын ыдыстардағы «печенег жазуы» деп аталатын жазуларға (Надь-Сент-Миклош жазулары) ұқсас. Руна жазуының батыстық бұл нұсқасы, барлық әрекеттерге қарамастан, азды-көпті ірі текстердің жоқтығынан әлі күнге дейін ажыратылмай келеді<sup>146</sup>. Мүмкін, Таластан табылған таяқша хазарлар мен Батыс түрік қағанаты арасындағы ертедегі байланыстарды меңзейтін болар.

Ертедегі түріктердің руна жазуы XI—XII ғасырлардан кейін қолданудан шығып қалған. Орталық және Орта Азияда оны әуелі ұйғыр курсиві, содан соң ислам дінін қабылдаған түрік тайпаларының арасына тараған араб жазуы ығыстырып шығарды<sup>147</sup>.

Түріктердің руналық жазуымен қатар Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда соғды тілі таралды. Ол соғды және түрік тұрғындары арасында халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде де пайдаланылған. Сирия және ұйғыр жазулары қолданылды. Әрине, жазуды ең алдымен қоғамның білімді өкілдері мен дінбасылар пайдаланған, алайда керамикадағы, айналардағы жазулардың көп табылуы халықтың қалың топтары арасында да сауаттылық таралғанын дәлелдейді.

Монғолия мен Енисейдің руналық текстері маңызы зор тарихи құжаттар болып қана қоймай, сонымен бірге аса көрнекті әдеби шығармалар да болып табылады. Бұл тұрғыда аса көрнектілері — Білге-қаған мен Күл-тегіннің құрметіне жазылған руналық ең үлкен екі текст. Текстін соңында көрсетілгендей, олардың авторы басқа адам болғанымен, олар Білге-қағанның өз атынан жазылған. Бүкіл ортағасырлық түркі тілдес әдебиетте шешендік өнердің және батырдың ерлігі жайындағы талай ғасырлардың өңдеуімен өткен ауызша хикаялардың дәстүрлі түрлерін сақтаған саяси прозаның бұлардан асатын тамаша үлгілері жоқ.

Екі жазудың да композициясы әбден ұқсас, тіпті жазулардың денінің текстері де бірдей. Ескерткіштердің кіріспе жолдары бағзы бір замандарға арналған: «Жоғарыда зенгір көк, төменде кара жер жаралғанда, олардың екеуінің арасында адам баласы пайда болған. Адам баласына менің ата-бабаларым үстемдік құрған!.. Дүниенің төрт бұрышы түгел оларға дұшпан

болған. Әскер құрып, жорыққа аттанып, олар дүниенің төрт бұрышының халқын түгел бағындырған... Олар бұған дейін әміршісі болмаған көк түріктердің арасында тәртіп орнатып, басқарған. Олар кемеңгер қағандар, ержүрек болса керек; олардың балалары да халықпен ынтымақты болған. Олардың мемлекетті соншалық ұзақ басқарып тұрғаны да сондықтан болу керек... Бұлардан кейін інілері қаған болды, одан соң ұлдары қаған болды. Інілері ағаларындай, ұлдары әкелеріндегі болмағандықтан, жетесіз қағандар патшалық құрып, олардың қызметіндегілер де сондай жетесіз, қорқақ болып шықты. Бектер мен халық бір-біріне сенуден қалғандықтан, Қытайдан келген алдаушылардың алдап-арбауы мен арандатуына еріп, солардың құйтырқылықтарынан, олардың ағайын арасына от салып, халық пен бектерді жауластыруынан келіп түрік халқы бұған дейінгі елдігінің шырқын бұзды, билік жүргізіп тұрған қағанын өлімге душар етті»<sup>148</sup>.

731 жылы осы текст жазылғанда құрылған кезі (VI ғасырдың орта шені) аңыздағыша өте ертеде өткендей көрінген бірінші Түрік қағанатының құрылуы мен құлдырауы, дәуірлеуі мен күйреуі жайында Білге-қаған осылайша баяндайды. Егер ескерткіштің тұжырымды тексінен қоғамдық үлкен өзгерістердің сарыны сезілмесе, ал баяндаудың өлшемді ырғағынан түріктерге патшалық құрып отырған қағанның арғы ата-бабалары берген жаңа әлеуметтік құрылысты мадақтайтын саяси декларацияның көтеріңкі сарыны айқын бой көрсетіп тұрмаса, өткен оқиғалар туралы естелікті екі ғасыр бойы сақталған дәстүрлі тарихи дегеннен гөрі эпикалық дәстүр деп атауға болар еді. Одан әрі сол ырғақта екінші Түрік қағанатының құрылуына байланысты оқиғалар баяндалып, Білге-қаған мен Күл-тегіннің ерлігі айтылады<sup>149</sup>.

Әлеуметтік демагогиясы көп саяси декларация, бұрынғы және қазіргі ұрпақтарды мадақтау мен кінәлау, «тындаушыларын» үнемі өзіне қаратып, үндеп отыру, көркемдік тәсілдердің алуан түрінің, тұрақты сөз тіркестері мен тұжырымды нақыл сөздердің қолданылуы ресми баяндауды сезімдік жағынан әрлендіріп, оның стилін құлпырта түседі, текст авторының патшалық етіп отырған әулеттің тарихшысы мен мадақтаушысының — ерекше әдеби дарындылығын көрсетеді. Ал «мәңгілік тасқа» өз билеушісінің «сөзі мен айтқандарын» жазған автор, түркі тілдес әдебиеттердің тарихында аты аталған тұңғыш автор — Білге-қағанның туысы Йолығ-тегін болды.

<sup>1</sup> *Аболин Р. И.* От пустынных степей Прибалхашья до снежных вершин Хан-Тенгри. // Труды Института почвоведения и геоботаники САГУ. Вып. 5. Ташкент, 1930; Казахстан. Природные условия и ресурсы СССР. М., 1969, 400–405-б.

<sup>2</sup> Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Т. XIX. Туркестанский край. СПб., 1913, 18–19-б.

<sup>3</sup> *Pipes K.* Muslims of Soviet Central Asia: trend and prospect. The Middle East Journal. Washington, v. 9, N 2,3, 1955.

<sup>4</sup> *Толстов С. П.* Древний Хорезм. М., 1948, 245-б.; *Маргулан А. Х.* Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. А., 1950, 4–8-б.; *Жданко Т. А.* Номадизм в Средней Азии и Казахстане. — Мына кіт.: История, археология и этнография Средней Азии. М., 1968, 247–281-б.; *Плетнева С. А.* Кочевники средневековья. М., 1982, 147-б.

<sup>5</sup> *Руденко С. И.* К вопросу о формах скотоводческого хозяйства и кочевниках. Материалы по отделению этнографии. Ч. I. Географическое общество Союза ССР. Л., 1961, 5–12-б.

<sup>6</sup> *Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г.* Средневековый город

Средней Азии. Л., 1973; *Байпаков К. М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья в VI — начале XIII вв. А., 1986; *Плетнева С. П.* Кочевники средневековья. М., 1982.

<sup>7</sup> *Распопова В. И.* Согдийский город и кочевая степь в VII—VIII вв. // КСИА, вып. 12. 1970, 86—91-б.

<sup>8</sup> *Распопова В. И.* Строительное дело Согда и Тохаристана в раннем средневековье. — Мына қит.: Бактрия и Тохаристан на древнем и средневековом Востоке. / Тезисы докладов конференции, посвященной десятилетию Южно-Таджикистанской археологической экспедиции. Душанбе, 1983, 73—74-б.

<sup>9</sup> *Негматов Н. Н. и Хмельницкий С. Г.* Средневековый Шахристан. Душанбе, 1966. 149—150-б.

<sup>10</sup> *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. — Соч. М., Наука, 1963, т. I, 232—233-б.

<sup>11</sup> *Зуев Ю. А.* Китайские известия о Суябе. — Изв. АН КазССР. Сер. ист., археол. и этногр., 1960, вып. 3 (14), 91-б.

<sup>12</sup> *Волин С. Л.* Сведения арабских и персидских источников о долине р. Талас и степных районах. Труды ИИАЭ. Т. 8. 1960, 78, 80-б.

<sup>13</sup> Бұл да сонда, 76-б.

<sup>14</sup> *Агеева Е. И., Пацевич Г. И.* Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. — Тр. ИИАЭ АН КазССР, 1958, т. 5, 134—135-б.

<sup>15</sup> *Байпаков К. М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья, 25-б.

<sup>16</sup> *Бартольд В. В.* Соч. Т. III. М., 1965, 225-б.

<sup>17</sup> *Байпаков К. М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья, 26-б.

<sup>18</sup> *Шуховцов В. К.* Заметки по топонимике Южного Казахстана. // Материалы конференции молодых ученых АН КазССР, А., 1978, 153-б.

<sup>19</sup> *Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г.* Средневековый город Средней Азии, 3—4-б.

<sup>20</sup> *Кожмяко П. Н.* Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. Фрунзе, 1959, 65—130-б.; *Соныкі.* Оседлые поселения Таласской долины. // Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе, 1963, 145—224-б.

<sup>21</sup> *Байпаков К. М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. 63—71-б.

<sup>22</sup> *Кожмяко П. Н.* Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины, 134—184-б.; *Байпаков К. М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья, 128-б.

<sup>23</sup> *Агеева Е. И.* Археологические исследования на северных склонах Каратау. Тр. ИИАЭ АН КазССР, 1962, т. 14, 117—153-б.

<sup>24</sup> *Мерциев М. С.* Городище Актобе I (IV — начало XIII в.). Мына қит.: Древности Чардары. А., 1968, 121—131-б.

<sup>25</sup> *Байпаков К. М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья, 73-б.

<sup>26</sup> Бұл да сонда.

<sup>27</sup> *Нершахи М.* История Бухары. Ташкент, 1897, 69-б.

<sup>28</sup> *Кабанов С. К.* Раскопки жилого квартала в западной части городища Варахша. — Тр. ИИА АН УзССР, 1956, вып. 8, 95—125-б.; *Князев П. И.* Разведочно-археологические работы в квартале металлистов древнего Термеза. — Тр. АН УзССР. Сер. I. История, Археология, 1945, т. 2, 163—175-б.; *Лунина С. Б.* Гончарное производство в Мерве. — Тр. ЮТАКЭ. 1962, т. 14. 218—409-б.; *Массон М. Е.* Городища старого Термеза и их изучение. — Тр. ТАКЭ, 1940, сер. I, вып. 2. 98—99-б.; *Вактурская Н. Н.* Хронологическая классификация средневековой керамики Хорезма (IX—XVII вв.) — КСИЭ. 1955, вып. 22, 88-б.; *Шишкина Г. В.* Методика изучения городского квартала в свете работ на Афрасиабе. — Мына қит.: Средневековые города Средней Азии и Казахстана. Л., 1970, 15—18-б.; *Федоров-Давыдов Г. А.* Раскопки торгово-ремесленного квартала XII—XV вв. на городище Таш-Кала в Ургенче. — Тр. АЭЭ, 1958, т. 2, 84—104-б.

<sup>29</sup> Всеобщая История Архитектуры. М., 1958, т. I, 121–122-б., 119-сурет; Развитие градостроительства. Братислава, 1963, 65-б.

<sup>30</sup> Беленицкий А. М. Из итогов последних лет раскопок Пенджикента — СА, № 3, 1965, 178–195-б.

<sup>31</sup> Лавров В. А. Градостроительная культура Средней Азии. М. 1950, 33-б.; Неразик Е. Е. К проблеме развития городов Хорезма. — Мына кит.: Культура и искусство древнего Хорезма. М. 1981, 140-б.; Сухарева О. А. Квартальная община позднефеодалного города Бухары. М., 1976, 286–327-б.

<sup>32</sup> Байпаков К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья, 76-б.

<sup>33</sup> Сухарева О. А. Квартальная община позднефеодалного города Бухары, 338-б.

<sup>34</sup> Кисляков Н. А. Очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана, 17-б.

<sup>35</sup> Бұл да сонда, 18-б.

<sup>36</sup> Амбрамзон С. М. К вопросу о патриархальной семье у кочевников Средней Азии. КСИЭ, № 28, 1957, 32–34-б.

<sup>37</sup> Большаков О. Г. Город в конце VIII — начале XIII вв. Мына кит.: Средневековый город Средней Азии. Л., 1973, 334-б.

<sup>38</sup> Сухарева О. А. Квартальная община позднефеодалного города Бухары, 33-б.

<sup>39</sup> Писарчик А. К. Традиционные способы отопления жилищ оседлого населения Средней Азии. Мына кит.: Жилище народов Средней Азии и Казахстана. М., 1982, 72–77-б.

<sup>40</sup> Якубов Ю. Раннесредневековые бытовые очаги из поселения Гардони-Хисор. Мына кит.: Жилище народов Средней Азии и Казахстана, 115–116-б., 1, 3, 4-суреттер.

<sup>41</sup> Брыкина Г. А. Юго-западная Фергана в первой половине I тысячелетия нашей эры. М., 1982, 48–50-б.

<sup>42</sup> Неразик Е. Е. Сельские поселения афригидского Хорезма. М., 1966, 68–76-б.

<sup>43</sup> Кондауров А. Н. Патриархальная домашняя община и общинные дома у ягнобцев. М.-Л., 1940, 42–60-б.; Давыдов А. С. Традиционное жилище таджиков Верхнего Зеравшана. — СЭ, 1969, № 6, 99–101-б.

<sup>44</sup> Байпаков К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья, 83–87-б.

<sup>45</sup> Байпаков К. М. Раскопки раннесредневековой мастерской в Семиречье. // Вестник АН КазССР, 1964, № 7, 88–91-б.

<sup>46</sup> Байпаков К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья, 82-б.

<sup>47</sup> Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1961, 51-б.

<sup>48</sup> Байпаков К. М. Средневековая городская культура... 11-сурет.

<sup>49</sup> Сенигова Т. Н. Средневековый Тараз. А., 1972, 65-б.

<sup>50</sup> Кожемяко П. Н. Оседлые поселения Таласской долины. // Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе, 1963, 167–171-б.

<sup>51</sup> Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г. Средневековый город Средней Азии, 14–23-б.; Воронина В. Л. Раннесредневековый город Средней Азии. — СА, № 1, 1959, 93–97-б.; Нильсен В. А. Становление феодальной архитектуры Средней Азии (V–VIII). Ташкент, 1966, 224–232-б.

<sup>52</sup> Левина Л. М. Керамика нижней и средней Сырдарьи. М., 1971, 217-б.

<sup>53</sup> Максимова А. Г. Гробница типа науса у с. Чага (Шага). Мына кит.: В глубь веков. А., 1974, 117-б.

<sup>54</sup> Ремпель Л. И. Некрополь древнего Тараза. — КСИИМК, вып. 69, 1957, 102–110-б.

<sup>55</sup> Пацевич Г. И. Зороастрийское кладбище на Тек-Турмасе. // Известия АН КазССР. Серия археологич. 1948, вып. I, 98–104-б.

<sup>56</sup> Арсланова Ф. Х. Памятники Павлодарского Прииртышья (VII–XII вв.). // «Новое в археологии Казахстана». А., 1968, 98–111-б.

<sup>57</sup> Арсланова Ф. Х. Погребения тюркского времени в Восточном Казахстане. // «Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана». А., 1968, 43–

51-б.; Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. А., 1987.

<sup>58</sup> *Кибиров А. К.* Работа Тянь-Шанского археологического отряда. КСИЭ. XXVI, 1957, 86–87-б.; *Бернштам А. Н.* Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая. МИА, 1952, вып. 26, 81–84-б.

<sup>59</sup> *Максимова А. Г.* Средневековые погребения Семиречья. // Новое в археологии Казахстана. А., 1968, 146–153-б.

<sup>60</sup> *Курманкулов Ж.* Погребение воина раннетюркского времени. // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. А., 1980, 191–196-б.

<sup>61</sup> *Байпаков К. М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья, 85-б.

<sup>62</sup> *Агеева Е. И., Пацевич Г. И.* Отчет о работах Южно-Казахстанской археологической экспедиции в 1953 г. // ТИИАЭ АН КазССР. Т. I, 1956, 53–54-б.; *Нурмаханбетов Б. Н.* Некоторые итоги раскопок Борижарского могильника. // По следам древних культур Казахстана. А., 1970, 108–120-б.

<sup>63</sup> *Максимова А. Г.* Гробницы типа науса у с. Чага (Шага). // В глубь веков, 95–118-б.

<sup>64</sup> *Бентович И. Ю.* Керамика верхнего слоя Пенджикента (VII–VIII вв.). МИА. 1964, № 124, 269–271-б., 6-сурет.

<sup>65</sup> *Байпаков К. М.* Раскопки средневекового замка в Семиречье. // ВАН КазССР, 1966, № 8, 3-сурет.

<sup>66</sup> *Левина Л. М.* Керамика нижней и средней Сырдарьи в I тысячелетии н. э., 69-б

<sup>67</sup> *Кляшторный С. Г.* Древнетюркские рунические памятники, 101–103-б.

<sup>68</sup> *Зуев Ю. А.* Китайские известия о Суябе, 87–96-б.

<sup>69</sup> *Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья. Соч. т. II, ч. I. М., 1963, 31-б.

<sup>70</sup> *Пигулевская Н. В.* Византия на путях в Индию. Мына кит.: Из истории торговли Византии с Востоком в IV–VI вв. М.-Л., 1951, 90–94-б.

<sup>71</sup> *Шефер Э.* Золотые персики Самарканда. Книга о чужеземных диковинах в империи Тан. М., Наука, 1981, 164, 270, 312-б.; *Распопова В. И.* Археологические данные о согдийской торговле. КСИИМК, 1974, вып. 138, 83-б.

<sup>72</sup> *Волин С. Л.* Сведения арабских и персидских источников IX–XVI вв., 73-б

<sup>73</sup> *Зуев Ю. А.* Китайские известия о Суябе, 90-б.

<sup>74</sup> *Бурнашева Р. З.* Монеты с городища Отрар-тобе и Отрарского оазиса. // Археологические исследования в Казахстане. А., 1975, 85–92-б.

<sup>75</sup> *Байпаков К. М.* Некоторые вопросы исторической этнографии Отрарского оазиса. // Вестник АН КазССР, 1985, № 1, 66–73-б.

<sup>76</sup> *Настич В. Н.* Монетные находки с городища Красная Речка. // Красная речка и Бурана. Фрунзе, 1989, 96–153-б.

<sup>77</sup> *Юсупова С. М.* Древнетюркские монеты Отрарского оазиса и Семиречья. // Известия НАН РК. Серия обществ. наук. 1993, № 5, 81–83-б.

<sup>78</sup> *Зуев Ю. А.* Китайские известия о Суябе, 93-б.

<sup>79</sup> *Байпаков К. М., Грошев В.* Историческая динамика ирригации на средней Сырдарье. // Аральский кризис. М., 1991, 175–177-б.

<sup>80</sup> *Байпаков К. М.* По следам древних городов Казахстана. А., 1990. 58–59-б.

<sup>81</sup> *Зуев Ю. А.* Китайские известия о Суябе, 90–91-б.

<sup>82</sup> *Лившиц В. А.* Согдийцы в Семиречье: лингвистические и этнографические свидетельства. // Красная Речка и Бурана. Фрунзе, 1989, 82-б.

<sup>83</sup> *Байпаков К. М.* Раскопки раннесредневековой мастерской в Семиречье, 88–91-б.

<sup>84</sup> *Сенигова Т. Н.* Средневековый Тараз, 68-б.

<sup>85</sup> *Байпаков К. М.* К вопросу о локализации Джамуката. // Маргулановские чтения. А., 1989, 18–27-б.

<sup>86</sup> *Буряков Ю. Ф., Богомолов Г. И.* К планировке и архитектуре раннесредневекового Хараджкета. // Градостроительство и архитектура. Ташкент, 1889, 66-б., 1–4-суреттер.

<sup>87</sup> *Шарденова З. Ж.* Раннесредневековая жилая архитектура Южного Казахстана и Семиречья. Аврорэф. дисс. канд. архитектуры. Ташкент, 1955, 12–17-б.; *Филанович М. И.* Ташкент. Зарождение и развитие города и городской культуры. Т.2. Ташкент, 1983, 104, 108, 109-б., IV-кесте. Г.

- <sup>88</sup> Бул да сонда, 103—106-б. Кестелер: IV. В. Г., 117—122-б.
- <sup>89</sup> *Агеева Е. И.* Памятники средневековья (раскопки на городище Баба-Ата). // Археологические исследования на северных склонах Каратау. А., 1972.
- <sup>90</sup> *Кызласов Л. Р.* Археологические исследования на городище Ак-Бешим, 1953—1954 гг. Тр. Кирг. арх.-этногр. экспедиции. Т. II. М., 1954, 155—227-б.
- <sup>91</sup> *Зяблин Л. П.* Второй буддийский храм Ак-Бешимского городища. Фрунзе, 1961.
- <sup>92</sup> Чуйская долина. Труды Семиреченской археологической экспедиции. МИА, 14, М.-Л., 1950, 48—55-б.
- <sup>93</sup> *Горячева В. Д., Перегудова С. Я.* Памятники христианства на территории Кыргызстана. // Из истории древних культов Средней Азии. Христианство.
- <sup>94</sup> *Горячева В. Д.* Наусы некрополя Краснореченского городища. // Красная Речка и Бурана. Фрунзе, 1989, 86—87-б.
- <sup>95</sup> *Ахраров И., Ремпель Л.* Резной штук Афрасиаба. Ташкент, 1971, 80-б.; *Шишкин В. А.* Варахша. М., 1963, 170-б., 80-сурет.
- <sup>96</sup> *Шишкин В. А.* Варахша, 160-б.
- <sup>97</sup> *Беленицкий А. М., Маршак Б. И.* Черты мировоззрения согдийцев в VII—VIII вв. в искусстве Пенджикента. Мына кит.: История и культура народов Средней Азии (древность и средние века). М., 1976, 81-б.
- <sup>98</sup> *Дьяконова Н. В., Смирнова О. И.* К вопросу о культе Наны (Анахиты) в Согде. — СА, 1967, № 1, 71—83-б.
- <sup>99</sup> *Альбаум Л. И.* Живопись Афрасиаба. Ташкент, 1975, 69-б., 21-сурет.
- <sup>100</sup> *Альбаум Л. И.* Балалык-тепа. Ташкент, 1960, 128—129-б., 97, 98-суреттер.
- <sup>101</sup> *Гаферов Б. Г.* Таджики. М., 1972, 240—243-б.
- <sup>102</sup> *Бернштам А. Н.* Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая. МИА 26, М.-Л., 1952, 151-б.
- <sup>103</sup> *Кляшторный С. Г., Савинов Д. Г.* Степные империи Евразии. СПб., 1994, Пв—129-б.
- <sup>104</sup> *Самашев З. С.* Наскальные изображения Верхнего Прииртышья. А., 1992, 174—182; 203—211-б.
- <sup>105</sup> *Горячева В. Д.* Город золотого верблюда. Фрунзе, 1987, 48—61-б.
- <sup>106</sup> *Зяблин Л.* Второй буддийский храм Акбешимского городища. Фрунзе, 1961, 39—49-б., 3, 6-суреттер.
- <sup>107</sup> *Бернштам А. Н.* Историко-археологические очерки Центрального Тянь-Шаня и Памиро-Алая. МИА, 26, М.-Л., 1952; *Маргулан А. Х.* Третий сезон археологических работ в Центральном Казахстане. — Изв. АН КазССР, сер. арх., вып. 3, 1951; *Шер Я. А.* Каменные изваяния Семиречья. М.-Л., 1966.
- <sup>108</sup> *Кляшторный С. Г., Савинов Д. Г.* Степные империи Евразии, 128-б.
- <sup>109</sup> Чуйская долина. Труды Семиреченской археологической экспедиции, 113—119-б.; *Терновая Г. Г.* Керамика Таласской долины. Известия НАН РК. 1993, № 5, 40—50-б.
- <sup>110</sup> *Горячева В. Д.* Город золотого верблюда, 32—39-б., 8, 10-суреттер.
- <sup>111</sup> *Распопова В. И.* Поясной набор Согда VII—VIII вв. — СА, 4. 1965, 89—91-б.; *Плетнева С. А.* От кочевий к городам. МИА, 1967, 142, 161—163-б.; *Настич В. Н.* Поясная накладка из Отрара. // Древности Казахстана. А., 1975, 97—105-б.
- <sup>112</sup> *Маршак Б. И.* Согдийское серебро. М., 1971, 78—81-б.
- <sup>113</sup> *Стеблева И. В.* К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы. Тюркологический сборник. 1971. М., 1972, 213—226-б.
- <sup>114</sup> *Малов С. Е.* Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951, 37-б.
- <sup>115</sup> *Стеблева И. В.* Көрсетілген еңбегі, 215-б.
- <sup>116</sup> Бул да сонда, 218-б.
- <sup>117</sup> История Казахской ССР. Т. I. А., 1977, 431-б.
- <sup>118</sup> *Дестунис С.* Византийские историки. СПб., 1860, 376-б.
- <sup>119</sup> *Байпаков К. М., Подушкин А. Н.* Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Казахстана. А., 1989, 88—89-б., 11—12-суреттер; Археологические исследования на северных склонах Каратау. Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 14. А., 1962, 131—132-б.

- <sup>120</sup> Литвинский Б. А., Зеймаль Т. И. Аджина-тепе. М., 1971, 110–115-б.
- <sup>121</sup> Литвинский Б. А., Пичикян И. Р. Пещерная культовая архитектура Восточного Туркестана. // Восточный Туркестан и Средняя Азия в системе культур древнего и средневекового Востока. М., 1986, 81–125-б.
- <sup>122</sup> Пигулевская Н. В. Культура сирийцев в средние века. М., 1979, 13–14-б.
- <sup>123</sup> Бұл да сонда, 22–27-б.
- <sup>124</sup> Кляшторный С. Г. Историко-культурное значение Суджинской надписи. — Проблемы востоковедения. 1959, № 5, 168-б.
- <sup>125</sup> Кызласов Л. Р. Археологические исследования на городище Ак-Бешим, 231-б.
- <sup>126</sup> Памятники культуры и искусства Киргизии. Каталог выставки. Л., 1983, 159-б., 261а-сурет.
- <sup>127</sup> Ремпель Л. И. Каменный сосуд из Торткуль-тобе. // Художественная культура Средней Азии в IX–XIII вв. Ташкент, 1983, 169–176-б.
- <sup>128</sup> Борисов А. А. Сирийская надпись на сосуде из Тараза. // Известия АН КазССР, сер. археол. Вып. I, 1948, 105–108-б.
- <sup>129</sup> Даркевич В. П., Маршак Б. И. О так называемом сирийском блюде из Пермской области. // СА, 1974, № 2, 213–232-б.
- <sup>130</sup> Даркевич В. П. Аргонавты средневековья, 66–68-б.
- <sup>131</sup> Лившиц В. А. Согдийцы в Семиречье: лингвистические и этнографические свидетельства. // Красная Речка и Бурана. Фрунзе, 1989, 81–83-б.
- <sup>132</sup> Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники, 130–131-б.
- <sup>133</sup> Сенигова Т. Н. Вопросы идеологии и культов Семиречья. // Новое в археологии Казахстана. А., 1968, 53–54-б., I. I.-сурет.
- <sup>134</sup> Сенигова Т. Н. Бұл да сонда, 54–61-б.; Горячева В. Д. Наусы Краснореченского городища. // Красная Речка и Бурана, 85–95-б.
- <sup>135</sup> Волин С. О. Сведения арабских и персидских источников о долине р. Талас и смежных районах, 75-б.
- <sup>136</sup> Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч., т. I. М., 1963, 268-б.
- <sup>137</sup> Бартольд В. В. Очерки истории Семиречья. Соч., т. II, ч. I, М., 1963, 39-б.
- <sup>138</sup> Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия, 315–316, 318-б.
- <sup>139</sup> Волин С. Л. Сведения арабских источников, 80–82-б.
- <sup>140</sup> Нурмуханбетов Б. Н. Раннемусульманское кладбище близ города Куйрук-тобе. // В глубь веков, 85–94-б.
- <sup>141</sup> Кляшторный С. Г., Савинов Д. Г. Степные империи Евразии. СПб., 1994, 9–12-б.
- <sup>142</sup> Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. СПб., 1992, 159–160-б.
- <sup>143</sup> Акишев К. А. Курган Иссык. М., 1978, 53–60-б.
- <sup>144</sup> Лившиц В. А. О происхождении древнетюркской рунической письменности. // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. А., 1980, 3–13-б.
- <sup>145</sup> Кляшторный С. Г. Древнетюркские письменные памятники.
- <sup>146</sup> Кляшторный С. Г., Савинов Д. Г. Степные империи Евразии, 76–77-б.; Батманов И. А. Таласские памятники древнетюркской письменности. Фрунзе, 1971; Аманжолов А. С. Тюркская руническая графика. А., 1986.
- <sup>147</sup> Лившиц В. А. Согдийцы в Семиречье: лингвистические и этнографические свидетельства. // Красная Речка и Бурана. Фрунзе, 1989, 78–84-б.; Борисов А. Я. Сирийская надпись на сосуде из Тараза. Изв. АН КазССР. Сер. арх. 46, вып. I. 1948, 105–108-б.
- <sup>148</sup> Кляшторный С. Г., Султанов Т. А. Казахстан... 156–157-б.; Стеблева И. В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в раннеклассический период. М., 1976.
- <sup>149</sup> Айдаров Г. Язык памятника Кюль-тегину. А., 1993.

## Үшінші тарау

### ДАМЫҒАН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР

#### 1. ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІ

**Қарахан мемлекетінің құрылуы.** X ғасырдың орта шенінде Жетісу аумағында және Шығыс Түркістанның (Қашғардын) бір бөлігінде әлеуметтік құрылымы біршама дамыған, өзінен бұрынғы мемлекеттік құрылымдардың көптеген әлеуметтік институттарын табиғи түрде өзіне жинақтаған Қарахан мемлекеті пайда болды. Қарахан мемлекеті тарихының бастапқы кезеңі жөнінде сенімді мағлұматтар деректемелерде сақталмаған деуге болды, осы мемлекеттің басында болған түрік әулетінің этникалық атрибуциясы әлі де толық айқындалмай қалып отыр, ал алғашқы Қарахандар туралы әңгімелер жартылай аңыз сипатында болып келеді.

Қарахан мемлекетінің құрылуында және алдыңғы тарихында қарлұқ конфедерациясының тайпалары зор рөл атқарды, бұл конфедерацияға қарлұқтармен бірге жікілдер мен яғма кірді<sup>1</sup>. X ғасырда яғманың бір бөлігі қарлұқтармен бірге Жетісуда, Нарыннан оңтүстікке таман мекендеді. Кейінірек, XI ғасырда яғма анағұрлым солтүстікке таман — Іле өзенінің алқабында өмір сүрді<sup>2</sup>. Ал осы алқапта Ыстықкөл өңірінің солтүстік аудандарынан көшіп келген жікілдер қоныстанды<sup>3</sup>. Жікілдер Тараз маңында, Құяста, Барсхан сыртында, Жікіл мекенінде және т. б. өңірлерде шоғырлана қоныстанған бірнеше топ болды.

Қарахан мемлекетінің құрылуы батыста Жетісудан Испиджабқа дейінгі және шығыста Қашғарға дейінгі ұлан-байтақ аумақта болған саяси оқиғалармен, сондай-ақ Қарлұқ қағанатының ыдырауымен байланысты еді.

Жетісуды және көршілес өңірлерді мекендеген қарлұқтардың, жікілдердің, яғмалардың Саманилерге қарсы, сондай-ақ шығыстан дүркін-дүркін шабуыл жасаған тоғыз-ғұздарға<sup>4</sup> қарсы ұзаққа созылған әрі табанды күресі Қазақстан аумағының оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы түрік тайпалары тобының этникалық-саяси тұрғыдан топтасуымен қоса жүрді, олардың ішінде қарлұқтар басты рөл атқарды. 840 жылы қарлұқтардың жетекшісі, Испиджабты билеуші Білге Күл Қадыр-хан қаған атағын қабылдап, сол арқылы жоғарғы өкіметті алуға хақысы барын мәлімдеді. Нақ сол жылы Саманилер Испиджабты бағындырды. Білге Күл Қадыр-хан өлгеннен кейін қағанаттағы билік үшін күресте оның екі баласы суырылып шықты: Базыр Арслан-хан Баласағұнды, ал Оғұлшақ Қадыр-хан Таразды билей бастады. Таразды саманилік Исмаил ибн Ахмад басып алғаннан кейін (893 ж.) Оғұлшақ, тегінде аз уақытқа Қашғарға баруға мәжбүр болса керек, одан 904 жылы ол Саманилер иелігіне шабуыл жасады<sup>5</sup>.



Оғұлшақтың немере інісі Сатұқ Боғра-ханды (915–955) Қарахан әулетінің негізін салушы деп есептейді. Исламды қабылдап, Саманилердің қолдауын пайдалана отырып, Сатұқ Боғра-хан Оғұлшаққа қарсы шығып, оны талқандады, сөйтіп Тараз бен Қашғарды бағындырды; 942 жылы ол Баласағұнда билеушісің құлатып, өзін жоғарғы қаған деп жариялады. Шынына келгенде, Қарахан мемлекетінің тарихы осы уақыттан басталды.

Сатұқ өлгеннен соң билік оның баласы Мұсаға көшті, ол 960 жылы қағанаттың мемлекеттік діні ислам деп жариялады. Оның астана қаласы Қашғар болды. Сатұқтың екінші баласы Сүлеймен-ілек, тегінде, Баласағұнды иеленсе керек. Бұл өңірді оның баласы Хасан Боғра-хан мұра етіп алды. Мұса өлген соң жоғарғы қаған атағы оның баласы Әли Арслан-ханға көшті. Оның енші жерінің орталығы Қашғар болды, сонымен қатар ол Тараз бен Баласағұнның да билеушісі болып есептелді.

Қарахан мемлекетінің саяси тарихы ол өмір сүрген алғашқы ондаған жылдың өзінде-ақ негізінен ықпалды әрі күшті екі әулеттің – Әли Арслан-хан мен Хасан (Харун) Боғра-ханның ұрпақтары арасындағы өзара қырқысқан күреске толы болды. Алғашқы кезде Әли (әлилер) ұрпағының ықпалы күштірек болды, ал кейін бұл ықпал Хасан ұрпақтарына (хасанилерге) көшті.

**Мауараннахрды жаулап алу.** Бір кездегі Саманилердің қуатты державасы X ғасырдың екінші жартысында өз ішіндегі әлеуметтік қайшылықтармен, феодалдық топтардың өзара қырқысқан жанжалдарымен титықтап, құлдырау халіне жетті. Дикан ақсүйектері мен мұсылман дінбасылары орталық өкіметке қарсы шықты да, оларды түрік ұланының (ғұлямдар) қолбасшылары да қолдай бастады.

Саманилер державасының бір кездегі күш-қуаты Нух ибн Мансұр (977–999) билеген тұста феодалдық қырқыстардан ерекше қатты әлсіреді. 990 жылы Саманилер әмірлерінің бүліктерін және олардың билігі әлсіреуін пайдаланған Хасан (Харун) Боғра-хан Испиджабты басып алды. Қарахан әскері мұнда ешқандай дерлік қарсылыққа кездеспеді, ал әскердің қалаға келуін жергілікті шонжарлар құптаған ниетпен қарсы алды. Екі жыл өткен соң Қарахандар Саманилердің астанасы – Бұхараны алды. Алайда көп кешікпей Хасан Боғра-хан Бұхараны, сондай-ақ өзі алған Самарқанды тастап, Жетісуға кетуге мәжбүр болды<sup>6</sup>. Қарахан армиясының Мауараннахрдан шегінуіне, бәрінен де гөрі Жент ауданында тұрған және Нух ибн Мансұрға көмектескен тайпалар тарапынан шабуыл жасалу қатері себеп болған еді.

Мауараннахрға жасалған сәтсіз жорық Қарахандардың басқыншылық желікпесін баса қоймады. Нақ сол 992 жылы Хасанның баласы Жүсіп Қадыр-хан Хотанды басып алды. Бірақ қарахандардың негізгі әскери-саяси ұмтылыстары Мауараннахрды көздеді. 996 жылы Әли Арсланның баласы Насыр Саманилерге жаңа жорық жасады. Қарахандарға қарсы тұратын күші болмаған Нұх ибн Мансұр өзінің газневилік вассалы Себұқ-тегіннен көмек сұрады. Алайда Себұқ-тегін қарахандармен бітім жасасты; бұл бітімге сәйкес бүкіл Сырдария аңғары Қарахандар билігінде қалды, ал Әмудариядан оңтүстікке таман жатқан жерлер Газневилерге көшті. Самани мен Қарахан мемлекеттері аралығындағы шекара Самарқандтан солтүстікке таман жатқан Қатуан даласы деп танылды.

X ғасырдың аяғында Самани мемлекетінің ұзаққа созылған драмасының соңғы көрінісі болды. 999 жылы Қарахан билеушісі Насыр ибн Әли

Мауараннахрға бет алды. Халық бұқарасы Самани билеушісінің тағдырына селқос қарады, сондықтан ол Саманилердің астанасы Бұхараны оп-оңай басып алды. Нұх ибн Мансұрдың баласы Әбді әл-Мәлік және Самани әулетінің басқа да мүшелері Үзкентте тұтқынға камалды. Қарахандарға қарсы күресті Саманилердің соңғы билеушісі Әбд әл-Мәліктің інісі Әбу Ибраһим Исмаил (лақап аты әл-Мұнтасыр) одан әрі жүргізді. Өзінің ата-бабаларының тағын қайтаруға тырысқан әрекеттерінде ол Газневи әміршілерінен көмек сұрады.

Мауараннахр үшін болған күреске бастапқыда Саманилерді қолдаған оғыз тайпалары да (салжұқтар) араласты. Салжұқ тайпаларының отаны Сырдарияның орта ағысы өңірі болатын. Осында Сығанақ ауданы мен Қаратаудың баурайын мекендеген оғыздардан тұратын олардың негізгі тобы қалыптасты. Салжұқ топтарының көсемдері мен оғыз жабғуларының арасындағы жайылым үшін болған қақтығыс Х ғасырдың орта шенінде салжұқтарды Сырдарияның орта ағысынан кетуге мәжбүр етті. Салжұқ тайпаларының бір бөлігі 80-жылдардың аяғында Жентті алды да, Сырдарияның төменгі бойына қоныстанды, енді бір бөлегі Самарқанд пен Бұхара маңындағы далада қоныс тепті.

Әбу Ибраһим Исмаил мен Салжұқ жасақтарының біріккен күштері Қарахандарды жеңген 1004 жылғы Самарқанд түбіндегі шайқаста жеңіске жеткеніне қарамастан, Саманилер Мауараннахрдағы өз билігін сақтап қала алмады. Салжұқ қолбасшылары мен соңғы Саманилер арасындағы одақ уақытша жасалған болып шықты. Салжұқ көсемдерінің біреулері Қарахандарға қарсы күресе бергілері келсе, басқалары олармен жақындасудың жолын іздестірді<sup>7</sup>.

1005 жылы Әбу Ибраһим қаза тапқаннан кейін Мауараннахр Қарахандар қолына түпкілікті көшті. Саманилер державасы Қарахандар мен Газневилер арасында бөліске түсті. Шекара Әмудария бойымен өтті.

**Қарахан мемлекетінің соғыстары мен ыдырауы.** Үлесті жүйеде негізі қалғанғаң Қарахан мемлекеті шығыс және батыс иеліктерінен тұрды. Жетісу мен Шығыс Түркістан шығыс иелігіне, Мауараннахр батыс иелігіне кірді; шығыс иелігінің саяси орталығы Баласағұнға жақын маңдағы Орда (Қара Орда, Күз Орда), содан соң Қашғар, батыс иелігінің орталығы Үзкент, кейінірек Самарқанд болды. Екі иелік бертін келе жеке-жеке мемлекетке — Шығыс және Батыс қағанаттарына бөлінді.

Жетісу мен Шығыс Түркістанды ХІ ғасырдың басында Туған-хан билеп тұрды. Онымен Боғра-хан Харунның баласы Қадыр-хан Жүсіп бәсекелес болды (араб тіліндегі кейбір деректемелерде Қадыр-хан Хотанды иеленді деп көрсетілген). 1005 жылы Қадыр-хан Жүсіп Қашғардан Туған-ханды тықсырып, қаланы қаратып алды<sup>8</sup>.

1017—1018 жылдары Жетісу шығыстан Баласағұнға бағыт ұстаған көшпелі тайпалардың шабуылына ұшырады. «Туған-ханға қарсы және ислам елдерін, түрік елдерін және қалған Мауараннахрды басып алу үшін әскерлер жорыққа аттанды», — деп жазады әл-Утби<sup>9</sup>. Хан әскерлері басқыншыларға қарсы шықты да, олардың ізіне үш ай түсіп, жеңіліске ұшыратты. Шайқастан кейін көп ұзамай Туған-хан дүние салды. Осы кезде Қадыр-хан едәуір күшейіп, Қарахан мемлекетіндегі бүкіл билік соның қолына көшті. 1026 жылы шығыс Қараханның басшысы Қадыр-хан мен Газневи сұлтаны Махмұт Қараханның батыстағы үлесін иеленуші Әли-тегінге қарсы бағыт-

талған әскери келісім жасасты, Әли-тегіннен олар Мауараннахрды тартып алып, оны Қадыр-хан Жүсіптің баласы Йинал-тегінге бергілері келді. Алайда, уақытша жеткен табыстарына қарамастан, одақтастар Әли-тегіннің үлесін басып ала алмады.

Қадыр-хан Жүсіптің иелігі 1032 жылы Жетісудан басқа, Испиджаб пен Тараз өңірлерін және астанасы Қашғар болған Шығыс Түркістанды қамтыды. Ол өлгеннен кейін Шығыс Түркістан арсланхан жоғары атағын қабылдаған үлкен баласы Боғра-тегін Сүлейменге қалды. Тараз бен Испиджабты Қадырханның екінші баласы боғрахан атағын қабылдаған Яған-тегін Мұхаммед билей бастады. Олардың екеуі де Газневи сұлтаны Махмұдтың баласы Мас'удпен байланыс жасады. Олар Әли-тегіннен Мауараннахрды тартып алу және оны Боғра-ханға әперу әрекеттерін қайта бастады, бірақ бұлар да сәтсіздікке ұшырады. Мауараннахрды билеушілер бөлектенуге және дербестікке ұмтылды да, кейде Қарахан мемлекеті шығыс бөлігінің қағанын өзінің әміршісі деп мойындамады. XI ғасырдың 40-жылдарында саяси аренада Ибраһим ибн Насыр көрнекті орын алды. Әулеттің ішкі ұрысталастарында ол Әли-тегін балаларына қарсы күресте көп ұзамай табысқа жетіп, тамғаш боғра-хан атағын қабылдады, сөйтіп 1040 жылы Мауараннахрдың толық билікті қожасына айналды.

Оның тұсында Қарахан мемлекеті екі дербес қағанатқа – Шығыс және Батыс қағанаттарына түпкілікті бөлініп тынды<sup>10</sup>. Ибраһим Тамғаш Боғрахан Батыс қағанаттың астанасын Үзкенттен Самарқандқа көшіріп, Ферғананы өз иеліктеріне қосып алды.

Жоғарғы билеуші саналған Арслан-хан Сүлеймен (Шараф-ад-Даула) 1042 жылы өзіне Қашғар мен Баласағұнды қалдырып, Шығыс қағанат әулетінің мүшелері арасында жер бөлінісін жүргізді<sup>11</sup>.

Қарахан мемлекетінің бұрын аға немесе жоғарғы ханның нақты билігінде болып келген дербес және жартылай тәуелді үлестеріне іс жүзіндегі ыдырауының заң тұрғысынан бекітілуі осылайша орын алды<sup>12</sup>.

Алайда Шығыс қағанаттағы кескілескен күрес тоқтамады. 1056 жылы Яған-тегін Мұхаммед Боғра-хан өзінің ағасы Арслан-хан мен оның иелігін талқандады, кейін мұра туралы мәселені шешумен байланысты қаскөйлікпен у беріп өлтірілді. Таққа Боғра-ханның баласы Ибраһим отырды, бірақ ол көп ұзамай Барсханның билеушісі Йинал-тегінге қарсы соғыста қаза тапты. Бұдан кейінгі Шығыс қағанатта он бес жыл бойы (1059–1074) Қадыр-хан Жүсіптің балалары: Тоғұрыл-хан мен Боғра-хан Харун билік жүргізді. Олардың тұсында Ферғана Шығыс қағанатқа біріктірілді, ал екі қағанаттың шекарасы Сырдария өзенінің бойымен өтті<sup>13</sup>.

Тоғұрыл-ханға оның баласы Тоғұрыл-тегін мұрагер болды, бірақ екі ай өткеннен кейін Тоғұрыл-тегіннің немере ағасы Боғра-хан Харун (1074–1102) билікті басып алып, Баласағұнды, Қашғар мен Хотанды билеп тұрды.

Боғра-хан билеп тұрған кезде Қарахан мемлекетіне сол уақытта өзінің жоғары саяси қуаты әбден толысқан Салжұқ мемлекеті тарапынан қатерлі қауіп төнді. 1089 жылы Салжұқ сұлтаны Мәлік-шах (1072–1092) көп әскермен Батыс қағанат шекарасына баса-көктеп кіріп, оның астанасы Самарқандты басып алды. Салжұқ әскері Үзкентке жеткеннен кейін Боғра-хан өзін Мәлік-шахтың вассалы деп мойындауға мәжбүр болды. Сөйтіп Қарахан мемлекеті Салжұқтардың жоғарғы билігіне өтті, бірақ олар Қарахан әулеті мүшелерінен өздеріне қолайлы хандарды тағайындаумен шектелді.

Нақ осы кезде Тоғұрыл (бәлкім, ол Тегіннің баласы болса керек) Қашғарды қоршады. Боғра-хан Харун тұтқынға алынды, бірақ Атбашыны билеуші Якубтың қолдаушылығы арқасында ол босатылып жіберілді. Мәлікшах Якубпен келісім жасап, Үзкенттен кетті. 1102 жылы Боғра-хан өлгеннен кейін Тараз бен Баласағұнды билеуші Қадыр-хан Жабыраил Салжұқтардың Орта Азиядағы саяси үстемдігіне қарсы шықты. Мауараннахрды басып алған ол Салжұқтардың иелігіне беттеді, бірақ Термез түбінде жеңілді де, тұтқынға алынып, жазаланды<sup>14</sup>. Осы оқиғалардан кейін Салжұқ сұлтаны Санжар Ибраһим Тамғаш-ханның шөбересі Арслан-ханды (1102–1130) Мауараннахрдың билеушісі етіп тағайындады. Арслан-хан тәуелсіз саясат жүргізуге әрекеттенді. Оның мемлекет билігін орталықтандыруға ұмтылуына дін басылары да, ақсүйектер де, соның ішінде әскери шонжарлар да қарсы шықты. Арслан-хан өзінің баласы Насырды бірлесіп билеуші етіп тағайындады, бірақ мұсылман дін басылары қастандық жасап, Насырды өлтірді. Содан Арслан-хан көмекке Санжар-сұлтанды шақырды, Санжар әскермен Мауараннахрға бет алып, Самарқандты қоршады да, оны 1130 жылы алды. Ауыр науқасқа ұшыраған Арслан-хан көп ұзамай Балқыда өлді. XII ғасырдың бірінші жартысында Қарахан мемлекеті іс жүзінде тарихи сахнадан шығып қалды.

**Саяси құрылысы.** Қарахан мемлекетінің саяси құрылысы бірден емес, біртіндеп, жаулап алған жерлерде Қарахан шонжарлары билігінің орнығуына қарай қалыптасты. Қарахандар өздері бағындырған жергілікті халықтардың көптеген мемлекеттік дәстүрлерін мұра етіп алды, оған ежелгі түрік мемлекетінің, Түргеш, әсіресе Қарлұқ қағанаттарының терең ықпалы болды. Қарахан мемлекетінде басқару құрылымына, тегінде, Қарахан бірлестігінің құрамына енген көшпелі және жартылай көшпелі тайпалардың қоғамдық институттары, ертедегі феодалдық қатынастардың орнығуы барысында өзгеріске ұшыраған әдеттегі құқық (төру) нормалары елеулі ықпал жасауы ықтимал. Газневилер сияқты, Қарахандар да Саманилердің мемлекеттік құрылысының кейбір сипаттарын қабылдады, алайда бұл ауыстыуіс атүсті болған жоқ. Қарахан мемлекетіндегі билік құрылымы — жоғарыда аталған үш негізгі бастаудың диалектикалық жиынтығы.

Қарахан державасындағы жоғарғы билік тек сырттай ғана патриархаттық (рулық-тайпалық) шапанын жамылды, ал шын мәнінде ол феодалдық иерархия принципіне негізделді. Зерттеушілердің екі тайпалық федерация: жікіл және яғма шонжарлары арасында саяси билік қатаң бөлінді деген пікірінің шындыққа қаншалықты сәйкес келетіндігін дәлме-дәл айту әлі де қиын<sup>15</sup>. Соған қарамастан, егер көшпелілер құрған басқа мемлекеттерге ұқсастық бойынша пайымдайтын болсақ, онда Қарахан мемлекетінде, қалай болғанда да оның тарихының ерте кезеңінде жеңіп алған өңірлерге билік жүргізу нақ сол ең ірі және күшті этникалық-саяси бірлестіктер басшыларының, бірінші кезекте жікіл және яғма көсемдерінің қолына шоғырланған деп жорамалдауға болады. Бұл «арслан» («арыстан») және «боғра» («бура») құрметті атақтарымен атанған жоғарғы Қарахан билеушілерінің атақтарымен дәлелденеді<sup>16</sup>. Арслан, дәлірек айтқанда, арслан хан (арслан кара-хақан) атағын жікілдердің билеушісі, ал боғра (боғра кара-хақан) атағын яғма көсемі алды. Арслан кара-хақан басты билеуші деп саналды немесе сондай билеуші болуға дәмеленді, ал боғра кара-хақан, тегінде онымен бірге билік еткен болуы мүмкін.

Атақтар иерархиясында әр түрлі кезеңде қолданылатын атақтардың жалпы жиынтығы бірдей болмады, жекелеген атақтардың маңызы өзгеріп тұрды.

Барлық жер билеуші әулеттің меншігі болып есептелді және оның ыдырауына дейін бүкіл мемлекетті көбіне тамғаш-хан атанған «хандардың ханы биледі»<sup>17</sup>.

Қарахандар мемлекеті құрылымының негізі өзінің мәні жағынан феодалдық үлестік жүйе болды. Мемлекет өз билеушілері басқарған бірқатар ірілі-ұсақты өңірлерге — үлестік жерлерге бөлінді. Олардың көпшілігі, әдетте ірі үлестік жерлерді иеленушілер билеуші әулеттерден болды. Округтердің орталықтары болған Тараз, Испиджаб және Баласағұн ірі үлестер еді. XI ғасырдың басында Баласағұн жоғарғы қағанның үлесі, ал Тараз бен Испиджаб олардың жақын тумаларының қолында болды<sup>18</sup>.

Үлестік жүйе өзара қырқыстар туғызып, оларға қоса билеушілер жиі алмасып отырды. Үлестерді, ең алдымен ірі және экономикалық жағынан дамыған провинцияларды иеленушілер, әдетте өз билеушілерінің билігін сөз жүзінде ғана мойындады. Бұдан бұрын атап көрсетілгеніндей, мемлекеттің бүкіл аумағы формальды түрде билеуші әулеттің меншігі болып есептелді және мемлекеттік жерлерге қожалық ету құқығы тек жоғарғы қағанда болды. Іс жүзінде жергілікті билеушілер өздерінің үлестік жерлерін көбейту үшін кез келген сылтауды пайдалануға тырысты, ал жоғарғы өкімет үлестік жерлерді қайта бөлу арқылы бағынбаған вассалдарды әлсіретуге ұмтылды, мұның өзі екінің бірінде феодалдық қырқыстарға әкеліп соқтырып отырды.

**Өкімет ұйымы.** Мемлекет басшысы — хақан — сонымен бірге Қарахан әулетінің басшысы болып есептелді, бірақ оның билігі іс жүзінде көбінесе «ілек» атағын алған үлестік билеушілермен шектелген еді. Әсірелеп «әлем билеушісі» (азұн тұтқушы) деп аталған хақанның сарай маңындағы адамдары мен чиновниктерінің (тапұқшылар) штаты болды. Ханға ең жақын адамдардың бірі уәзір саналды; оны деректемелер кейде атқосшымен, ал халық — сарайдың кермесінде дайын тұрған атпен салыстырады<sup>19</sup>. Уәзір жоғарғы билеушінің ең жақын көмекшісі және кеңесшісі болып саналды және, мәселен, қарлұқтарда болған көл-еркін лауазымына қайсыбір тұрғыда жақын ұқсастығы да бар; ал Қарахан әулеті сол қарлұқтардың арасынан шыққан болатын. Көл-еркін лауазымының мәнісін Махмұд Қашғари<sup>20</sup> көл-көсір ақыл-ой иесі деп түсіндіреді, бұған жоғарғы билеушінің кеңесші-қосшы билеушілері, немесе, «наместниктері» жатты.

Хан сарайы, оның басты ставкасы (ордасы) мемлекеттік және әкімшілік басқару орталығы болып есептелді. Хан төңірегінде сарай адамдары болды, олардың арасында сарай күзетінің бастығы (капығ-башы) есік қорышылар (қорықшылар), қазынашылар (ағнашылар), аспазшылар (ыдысшылар) және т. б. аталады. Чиновниктердің (тапұқшылардың) дені жергілікті шонжарлардың өкілдері болды. Олардың арасында хат жүргізушілер (бітікшілер) аз емес еді.

Деректемелерде хақанның тапсырмаларын орындайтын елшілер (яла-вашылар) да аталады. Деректемелерде сақталған мардымсыз деректер мемлекеттің әкімшілік құрылымының кейбір белгілері туралы ғана жорамалдауға мүмкіндік береді. Ол, тегінде, бірегей құрылым болмай, отырықшы және көшпелі аймақтарда өз ерекшеліктері болса керек. Екіншілік округ-

тері толық болмаса да, негізінен Саманилер тұсында қолданылған құрылымды сақтады. Жетісу мен Мауараннахрдың шұрайлы алқаптарында бұрынғысынша қоныс және қала басшылары (мехтарлар, әкімдер, раистар) болды. Сонымен бірге ілік-хандар тұсында сахиб-бариды (мәліметшілік қызметтерді қоса атқаратын почта бастықтары), мұстауфалар (қаржы-салық ведомствосының чиновнигі мен бастығы) және басқа да лауазымдар сақталды.

Далалық аймақтағы мал шаруашылығымен айналысатын халықты басқару тәртібі басқаша болды. Ол да иерархиялық принциптерге негізделетін тұрса да, көшпелі қауымдардың әкімшілік басқаруы рулық-тайпалық басшы топтар арқылы, көбіне елші басына, бектер мен хандарға бағынатын ру басылары арқылы жүзеге асырылды. Елші-басшы, яғни «ел»<sup>21</sup> басшысы ретінде өздерінің вассалдары бар бай және атақты бектер болды. Далалық аймақта төменгі әкімшіліктің шоғырланған жері, бәлкім, «киіз үйлердің алқа-қотан қонуы» болып табылатын көшпелілердің мекені болса керек<sup>22</sup>. Қарахан бектерінде едәуір кең өкілеттік болды. Олар тәртіп сақталуын қадағалады, оларға сот үкімдерінің және әдеттегі құқық (төру) нормаларының орындалуын бақылау міндеттелді, шекараларды қорғау да соларға жүктелді.

Қарахан елші-басшылары, бектер мен хандар ілектерге (ілек-хандарға) бағынды, олар үлес билеушілері еді. Хақандар тәрізді олардың әкімшілік орталықтары қызметін атқарған өз сарайлары (қаршылары) және тұрақты ставкалары (ордалары) болды. Ілектер үлесті жерлердің қалалары мен селолық округтерін басқарды. Шонжарлар арасында ілектің алдында жерді сүю дәстүрі болды, бұл вассалдың билеушіге тәуелділігінің белгісін білдіретін. Алайда бұл бектер мен хандардың, әсіресе, олардың атақтыларының кейде ілек-хандар мен чиновниктерге бағынбауына әсте де кедергі келтірмеді. Тұтас алғанда Қарахан қағанатының мемлекеттік-әкімшілік жүйесі феодалдық негізде орнықты. Ол отырықшы және көшпелі халық бұқарасын қанап, бағынышта ұстау мақсаттарына қызмет етті.

Қарахан мемлекетінде феодалдық қатынастардың дамуы — Қазақстан аумағында феодалдық құрылыстың нығаюының тарихындағы маңызды кезең. XI—XII ғасырларда өлкенің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында болған этникалық-саяси үрдістер қазақ халқының құрылуында елеулі рөл атқарды.

**Шаруашылығы.** Қарахандар тұсында Қазақстанның оңтүстік-шығыс және оңтүстік аудандары халқының негізгі кәсібі экстенсивті көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болды. Жайылым жерлерге мұқтаждық мал өсірушілерді тым шалғай жерлерге көшіп-қонып жүруге мәжбүр етті. Ибн әл-Асир былай деп атап көрсетті: Жетісу түріктерінің кейбір топтары «жазда Бұлғар Еділ бойын жайлап, қыста Баласағұн өлкесін қыстайды»<sup>23</sup>. Мұндай ұзақ жерге көшу, тегінде, екіталай болса да, көшіп-қону жолдары өте ұзақ еді.

Мал шаруашылығында жылқы өсіру жетекші орын алды. Түріктердегі жылқы шаруашылығының рөлі туралы айта келіп, Жүсіп Баласағұни былай деп жазды: «Олар үйірлеп жылқы бағады. Жылқы тамаққа, сусынға, салт жүруге пайдаланылады; айғырлар мен биелер, сондай-ақ көлік аттары да түріктерден келеді. Тамағы қымыз, сүт, май, күрт-ірімшік болып, жүннен киім-кешек пен үйдегі жасау-жабдығын жасайды»<sup>24</sup>.

Қарахан мемлекетінің құрамына енген тайпалар отар-отар қой ұстады, сондай-ақ түйе, ешкі мен ірі қара өсірді. Сиыр малын негізінен жартылай отырықшы және отырықшы мал өсірушілер ұстаған.

Аң аулау жартылай отырықшы және жартылай көшпелі халық топтары үшін тіршілік ету көздерінің бірі болды. Құлан, киік, бұғы, арқар мен қабан, қасқыр, түлкі, тиін, аю ауланды<sup>25</sup>. Халықтың жоқ-жітік, кедей топтарының шаруашылық тұрмысында, әсіресе Іле, Шу, Талас бойында, Сырдарияның орта ағысында балық аулау айтарлықтай рөл атқарды.

XI–XII ғасырларда түрік тайпаларының біразы егіншілікпен айналысуға көшіп, қала мәдениетімен араласа бастады. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының отырықшы егіншілікпен байланысы ұлғайды. Отырықшылануды негізінен халықтың бір бөлігінің малынан айрылуы, көшпелі шонжарлардың мал табандарын өз қолдарына шоғырландыруы туғызды. Отырықшыланғандар тары және басқа дәнді дақылдар өсірді. Бұрынғы көшпелі отырықшы бола отырып, мал шаруашылығынан қол үзбеді; олар ішінара ірі қара мен ұсақ мал өсірді. Отырықшыланғандардың көпшілігі қала халқын толықтырды.

Осы кезде Испиджаб пен Баласағұнның аралығындағы өңірлерде, Махмұд Қашғаридың хабарлағанындай, әдетте қалаларда тұратын соғдылықтардың түріктену үрдісі күрт күшейді. Түріктермен араласа отырып, соғдылықтар түркі тіліне көшіп, түріктерше киінетін болды<sup>26</sup>.

Деректемелер қалаларда түріктер санының барған сайын көбеюі негізінде этникалық өзара ықпалды ғана емес, сонымен бірге қарахандардың егіншілікті өркендетуге, өздерінің мемлекетінде егінші мен қолөнершінің жағдайын нығайтуға бағыт ұстағанын көрсетеді.

Алайда халықтың негізгі бұқарасы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен одан әрі шұғылданғандықтан, тіпті отырықшы-егіншілік аймақта да егіншіліктің деңгейі біршама төмен болды.

**Жер иелену түрлері. Иқта.** Алғашқы кезде бұрынғы мемлекеттік құрылымдардың дәстүрлерін жалғастырған Қарахан мемлекеті, алайда, экономикалық тұрғыдан да, әлеуметтік тұрғыдан да олардың қарапайым қайталануы болған жоқ. Қарахан мемлекетіндегі аса маңызды әлеуметтік саяси институт әскери-лендік жүйе болды. Хандар өздерінің туыскандары мен жақындарына ауданның, аймақтың немесе қаланың халқынан бұған дейін мемлекеттің пайдасына алынып келген салықтар алуға құқық берді. Мұндай тартулар «икта» деп аталды, ал оны ұстаушы араб терминімен мукта немесе иқтадар (парсы термині) деп аталды.

Деректемелерде X–XII ғасырларда Қазақстан аумағында иктаның таралуы жөнінде жанама мәліметтер ғана сақталған. Иқта институты Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының шаруашылық және саяси өмірінде елеулі рөл атқарды. XII ғасырдың 40-жылдарының бас кезінде Қарахан мемлекеті құлағаннан кейін жаулап алушылардың (кидандар) мұнда қалыптасқан институтты қабылдамай тастауы айта қаларлықтай жай. Олардың гурхандары «өмірлерге иктаны иеленуге жол бермеді, бірақ оны өздері тарту етіп, былай деді: «Иктаны алғанда зорлық-зомбылық көрсетеді»<sup>27</sup>.

Деректемелерге сәйкес, иқталардың мазмұны мен иқтадарлардың құқықтарын тәртіптеу дәлме-дәл тиянақталды. Низам әл-Мүлік былай деп жазды: «Иктасы бар мукта, мұны біліп қойсын, халыққа қатысты оларға

занды түрдегі, өздеріне тапсырылған салықты ізгі ниетпен жинаудан басқа ештеңеге де бұйрық берілмеген; олар мұны жинаған кезде, халықтың жан басына, мал-мүлкіне, әйелдері мен балаларына қауіп келмесін, олардың заттары мен иеліктері қауіпсіз болсын, мұқтаның оларда ешқандай жұмысы болмасын»<sup>28</sup>. Демек, иқта институты иқтадарға шаруаларды заңды түрде ресімдеп бекітуді көздемеген, дегенмен көптеген иқтадарлар өздеріне (иқтаны) шартты түрде ұстауды мәңгілік бекітіп алуға тырысқан.

Иқта бірнеше сипатта болды. Атап айтқанда, иқта үлгісіндегі феодалдық жер сыйлықтары ірі, орташа және ұсақ жер сыйлықтарына бөлінді. Ірі үлесті-жер сыйлықтарын әулеттің мүшелері, орташа және ұсақ төрелер, олардың вассалдары алды, яғни вассалитет немесе көп сатылы феодалдық иерархия қатынастары болды. «Әскери иқта» («иқта' ат-и-хашам») категориясы ең көп тараған категориялардың бірі еді. Иқта алған Қарахан әскербасылары, тегінде, оны өздеріне бағынышты жауынгерлермен бөліскен болса керек. Үлестердің мөлшері иқтадардың қызметіне, әскери дәрежесіне және сіңірген еңбегіне байланысты болды.

Иқтаны екінші біреулерге беру арнайы грамотамен ресімделді, онда әдетте иқтадардың және үлестің ақшаға шағылған құны көрсетілді. Жанама деректерге қарағанда, Қарахан мемлекетінде, тегінде, әскери адамдар үшін заттай және ақшалай ақы беру институты да болса керек. Иқтадарларға билеушілер талап еткен бойда өздерінің қару-жарағы бар адамдарын алып әскери қызметке келу міндеттелді.

Қарахан ұлықтары, жаңа жерге келген көшпелі-әскери шонжарлар бірден отырықшы тұрмысқа көше алмады. Көшпелі тайпалардың мыңғырған малы мен жайылымдары болған көсемдеріне далада болу дағдылы да қолайлы еді, олар қалаға хандар кеңесі болып, оған өздері қатысуы тиіс кезде ғана келіп тұрды. Көшпелі иеленушінің үнемі табыс алуын қамтамасыз ете отырып, иқта өзін ұстанушының белгілі бір жерде тұрақты тұруын талап етпеді. Көшпелі иқтадар өзінің тұрмыс салтын өзгертпей, ауыл не қаладан ауыл шаруашылығы өнімдері түрінде үнемі табысын алып тұра алатын еді.

Иқтаны иеленушілер тек салықтар алуға ғана емес, сонымен бірге жерге де, салық салынатын шаруаларға да өз құқықтарын сақтауға тырысты. Иқтадарлар шартты түрде сыйлыққа алған жерлерін, әсіресе отырықшы-егіншілік аудандарда өмір бойына иеленуге, тіпті мұрагерлік иелікке айналдыруға күш салды. XI—XII ғасырларда иқта институтының дамуы иқтадарлардың едәуір тобының мұрагерлік жер меншіктенушілерге айналуына себепші болды. Иқталарды үлестіріп беру практикасы Қараханның феодал-шонжарларының мүдделеріне әбден сай келді. Мол жер сыйлығын (иқта) алғанда Қарахан билеушілерінің қолдарына көшпелі, сондай-ақ егіншілік шаруашылықтан және қолөнермен айналысатын халықтан алынатын табыс та түсіп тұрды. Мұның бәрі Қарахан басшы топтарының баюына, олардың экономикалық және саяси күш-қуатының өсуіне, сонымен бірге олардың оқшауланушылық әрекеттерінің күшеюіне себепші болды. Иқтаның эволюциясында, феодалдардың жерге деген құқықтарының ұлғаюында жерге феодалдық меншіктің нығаюы және табыс алу құқығының жер рентасын алу құқығына айналу сарыны бейнеленген.

Иқтамен қатар жер иеленудің басқа түрлері де болды. Қарахан билеушілері қазынаға түсетін салықтардың көзі және шартты, уақытша сый-



лық беру қоры болған үлкен-үлкен жер учаскелерін иеленді. Бұл Қарахан әулетінің жауларынан тартып алынған жерлер, сондай-ақ кейде мемлекет алған учаскелерден тұрды.

Ірі жер иеленумен қатар мұсылман дін басыларының негізгі материалдық базасын діни мекемелердің пайдасына атақты және бай жер иеленушілер мен көшпелі-әскербасылары өсиет етіп қалдырған учаскелерден тұратын вақфтық жерлер де болды. Әдетте, вақфтық жерлерден мемлекет пайдасына салықтар алынбады. Мұсылман дін басыларының шонжарлар билігіне экономикалық және саяси ықпалы олардың жерлерінің көбеюіне қарай артып отырды. Ірі және орташа феодалдық жер иеленумен қатар ұсақ шаруалар меншігі мен қауымдық иелену сақталды.

Орта Азиядағы сияқты, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның отырықшы егіншілік қоныстарында да шаруаларды қанаудың кең тараған түрлерінің бірі үлескерлік арқылы жүзеге асырылды. Араб және парсы-тәжік деректемелерінде үлескерлер музари немесе барзигар деп аталды. Үлескерліктің мәні мынада болды: мемлекеттік немесе мұрагерлік жолмен жер иеленушілердің меншігіндегі жер шаруаларға жалға берілді. Үлескер түсімнің денін салық түрінде мемлекетке және жерді меншіктенушіге не вақф (вақфтық жер де жалға берілді) иесіне беруге міндеттенді. Үлескерлерге айналушылар әдетте өзінің суармалы жер учаскесі жоқ шаруалар; Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда олар көпшілігінде Мауараннахрдан қоныс аударған егіншілер немесе отырықшылыққа көшкен көшпелілерден тұрды. X—XII ғасырларда Қарахан мемлекетінің құрамына енген Қазақстан аумағында коммендация институты одан әрі жетілдірілді. Сол заман адамдарының көрсетуі бойынша, коммендацияның мәні мынада болды: «әлсіз (адам) өзінің жер учаскесін күштінің қамқорлығына береді, ол (күшті адам) әлсіз адамды қорғауға тиіс». Ұсақ меншік иесі жерді бай және ықпалды жер иелерінің не чиновниктердің қамқорлығына берді, бұл орайда басқа феодалдардың немесе чиновниктердің тарапынан болатын ауыр салықтарға қоса күштеуден қорғағаны үшін де салық төледі. Кейде тұтас қауымдар (қоныстар) өздерін және мал-мүлкін күштілердің «патронатына» беретін еді.

Егіншілер сияқты, көшпелілер де феодал шонжарларды паналауға тырысты, олар өздерінің малын барымталаудан қорғау үшін феодалдың қамқорлығына тапсырды, бұл үшін сан алуан міндеткерлік атқарды, көбінде өз феодалдарының малын бағуға және мүлкін басқалардың шабуылынан қорғауға міндеттенді, яғни феодал шонжарға тәуелділікке түсті.

Коммендация біртіндеп ұлғая түсті. Көшпелілер, малы жоқ кедейлер, отырықшы егіншілер феодалдар «қамқорлығына» көшті. Коммендацияны қабылдағандардың феодалға бағыну дәрежесі көбіне олардың мүлктік жағдайына байланысты болды: қайсыбіреулері тек салық жарнасымен шектелді, екінші біреулері жауынгерлер беріп тұрды, үшіншілері феодалдың шаруасын қарады.

Жалпы алғанда алғашқы кезде түрік қағанаттарының дәстүрін жалғастырған Қарахан мемлекеті, алайда, оларды экономикалық тұрғыдан да қайталаушыларға айналған жоқ. Мұнда ішкі азиялық бағдардан айырмашылығы бар, өзгеше мәдени бағдардағы саяси жүйе пайда болып, қалыптасты.

XII ғасырдың 30-жылдарында Шығыс Қарахан иелігін, Жетісуды және Қазақстанның оңтүстігін шығыстан келген қарақытай әскерлері жаулап алды.

## 2. НАЙМАНДАР, КЕРЕЙІТТЕР, ЖАЛАЙЫРЛАР

Наймандардың, керейіттердің, жалайырлардың ертеректегі мемлекеттері Орталық Азияның шығысында — Қазақстанға шектесіп жатқан Монғолия аумағында пайда болса да, олардың тарихының Қазақстан тарихына тікелей қатынасы бар. Көшпелі мемлекеттіліктің бастаулары Орталық Азияның нақ шығысында жатыр, ежелден Қазақстанның өз жерінде мекендеген халықтар мен тайпалардан басталатын дәстүрлермен қатар олар кейіннен қазақ мемлекеттілігіне тән болды.

Найман тайпалар одағы VIII ғасырдың орта шенінде Жоғарғы Ертіс пен Орхон аралығында сегіз-оғыз (яғни «сегіз тайпаның одағы») деген атаумен пайда болған. Сегіз-оғыздар Хангайдың батысынан Тарбағатайға дейінгі жерді, яғни өзіміз кейіннен наймандар деп атайтын жерді алып жатты. X ғасырда Орталық Азия даласын, «Ляо-шиге» қарағанда, жауынгер көшпелі тайпалар мекендеген, бұл деректемеде олар цзу-бу деген ортақ атаумен аталады. Олар (цзу-бу) тура Тарбағатайға дейінгі Орталық Азия аумағына қоныстанған. Қидандардың Ляо әулеті кезеңінде «Ляо-ши» беттерінде «найман» атауы пайда болады, ол, бәлкім, цзу-будың батыс тобы деп саналуы мүмкін<sup>30</sup>. Түрікше мағынасында «сегіз тайпаның одағы» деген баламасы бар, яғни найман деген монғол атауын да оларға Ляо әулеті кезінде монғол тілдес қидандардың бергені күмәнсіз. Найман тайпалар одағы XII ғасырдың бірінші жартысында Елюй Даши бастаған қидандардың Жетісу жеріне кетуіне байланысты аталады.

Елюй Даши күштерін батысқа жинап, чжурчжэндерді қуып шығып, қидандардың Ляо империясын қалпына келтірмекші болды. Елюй Дашиді ұйғыр идикуты қабылдаған кезде найман билеушілері оның әскерлерінің қажеттері үшін оған мал әкеліп берген<sup>31</sup>.

X—XII ғасырдың басында наймандар Ляо империясына вассалдық тәуелділікте болып, оның батыс шетінде, яғни Шығыс Қазақстан мен Батыс Монғолия жерінде тұрған. Жетісуда қарақытайлар мемлекеті құрылғаннан кейін наймандардың жерлері солардың иеліктерімен көрші болды. Рашид ад-Дин наймандар жөнінде бір бөлігі «өте тау-тасты жерлерді», ал бір бөлігі жазира-жазықтарды мекендеген көшпелілер дейді. Деректемелердің көрсеткеніндей, кеш дегенде XI ғасырда найман тайпалары Селенга мен Орхон өзендерінің сағасынан Алтай тауларының шығыс сілемдеріне дейінгі шығыстан батысқа қараған аумақты алып жатқан.

Керейіттер туралы алғашқы мәліметтер XI ғасырдың соңғы ширегіне жатады, олардың христиан дінін қабылдауына байланысты айтылады. Олар Тола өзенінің аңғарын, Орхон өзенінің орта ағысы ауданын және Онгын өзенінің аңғарын алып жатқан. Шыңғыс-хан шапқыншылығы қарсаңында керейіттер бүкіл қазіргі Монғолия мен Алтай аумағында үстемдік еткен, монғолдар да солардың қоластында болған.

Жалайырлар Шыңғыс-хан империясының өрлеу кезіне қарай Хилок және Селенга өзендерінің бойын, дәлірек айтқанда, Селенгаға құятын Орхон сағасын мекендеген.

**Шаруашылық-экономикалық құрылысы.** Наймандар, керейіттер, жалайырлар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан. Олардың өз малына жайылым іздеп, бір жерден екінші жерге жылына бірнеше рет көшіп жүруіне тура келді. Көші-қон шалғайлығы жер жағдайы мен мал санына

байланысты болған. Қысқа пішен қоры жасалмады, бірақ көшіп-қону қыстыгүні малдың азықты өзі тауып, өз аяғынан жайыла алатындай етіп реттеліп отырылды. Деректемелер жалайырлардың, наймандар мен керейіттердің көшіп-қонуын екі түрге бөлуге мүмкіндік береді. Бір жағынан, азды-көпті үлкен топтар болып көшкен (күрен әдісі) және екінші жағынан, жеке әулеттер оқшауланып немесе шағын бірлестіктер болып көшіп жүрген. Шыңғыс-хан империясының құрылуына байланысты көшіп-қонудың күрен әдісі жойылып, әскери ұйымдық түрі ғана қолданылады. Наймандардың басты байлығы үйірлі жылқы болды, жылқы болмайынша далада шаруашылық жүргізу мүмкін емес еді. Көшпелі үшін жылқы қатынас құралы, соғыста және қаумалап аң аулағанда мінер аты болды. Көшпелілер оның етін жеп, сүтін ішті, терісі мен қылын пайдаланды. Ірі қара да көлік ретінде пайдаланылды: күркелі арбаға өгіздер мен сиырларды жекті. Қой малы еті, терісі мен жүні үшін ұсталды. Бірақ наймандар, керейіттер, жалайырлар бір ғана мал шаруашылығымен тіршілік ете алмайтын еді, өйткені тамақ жетіспеді. Бұл тапшылық алуан түрлі жабайы аңдар мен ішінара балық аулаумен толықтырылып отырды.

«Сонымен, — деп жазады Рубрук, — олар өз тамағының едәуір бөлігін аң аулау арқылы табады». Ірі аңдар мен кемірушілер ауланды, бұл орайда аң аулаудың екі түрі болды: аңды жеке жүріп те, қоғамдасып та аулайтын еді. Олар аңды құс салып аулауды ұнатты. Аңды әр қашанда әр алуан жорықтар, соғыстар, шапқыншылықтар кезінде қаумалап аулайтын: осының арқасында әскер азық-түлік қорын толықтырып, алдын ала дайындық маневрлер жүргізген әсерде болатын. Деректемелерде аңды қаумалап аулау туралы жиі айтылады. «Тоғұрыл-хан (Ван-хан) Туланың Қара Тоғайына бет алып, ...жол-жөнекей аң аулады»<sup>32</sup>. Кейде көп адамның қаумалап аң аулауы ұйымдастырылды, оларға түрлі тайпалар мен әулеттер қатысты: «Шыңғыс-хан мен керейіттердің билеушісі Ван-хан бір-біріне былай деді: «Жауға кенеттен соққы беру керек. Бір ортақ күшпен соққы беретініміз немесе жабайы аңды топ құрып қаумалап аулайтынымыз сияқты»<sup>33</sup>. Жоғарыда баяндалғандар XII—XIII ғасырдың басындағы наймандар, керейіттер, жалайырлар туралы жай ғана көшпелілер демей, қайта аңшы-көшпелілер деп айтуға мүмкіндік береді.

«Ормандағы» аңшы тайпалардан аңшы-көшпелілердің айырмашылығы ең алдымен олар қора-қора қой ұстайтын еді. Сонымен қатар тұрғын жайлары жөнінен де айырмашылығы болды. Аңшы-көшпелілер — наймандар, керейіттер, жалайырлар киіз үйлерде, яғни киізбен жабылған, оңай жығып алуға қолайлы үйлерде тұрды. Мұндай үйлерді қорасында қойы жоқ ормандағы тайпалардан кездестіру мүмкін емес еді.

Наймандар, керейіттер, жалайырлар доңғалақты арбаларды пайдаланды. Бұл арбаларды Рубрук тәптіштеп суреттеп береді, олар жөнінде Рашид ад-Дин мен «Монғолдардың құпия шежіресі» де жиі айтады. «Монғолдардың құпия шежіресіне» сәйкес, Орталық Азия көшпелілерінде арбалардың екі түрі болған. Бұл деректерді Рубрук пен Карпинидің мәліметтері де қуаттайды. Арбалар әр түрлі заттарды алып жүру үшін ғана емес, сонымен қатар жығылып-жиналмайтын киіз үйлерді алып жүру үшін де пайдаланылған. «Біз екеуіміз, — деп Ван-ханға айтып баруға әмір етті Шыңғыс-хан, — күркелі арбаның екі жетегіміз, біреуі сынып қалса, өгіз үйді сүйрей алмайды, біз екеуіміз күркелі арбаның екі доңғалағымыз, біреуі сынса, ол орны-

нан қозғалмайды»<sup>34</sup>. Көшпелілерде тез жиналып көшіп-кону арбаларды, күркелі арбаларды қажет етті. Үздіксіз шапқыншылықтар мен соғыстар кезінде күркелі арбалар жүк артатын көліктен пайдалырақ еді, күркелі арбаға өгізді жегу мен оған керек-жаракты тиеуге күш азырақ жұмсалып, адам саны да аз керек етілетін. Киіз үйлері арбаға артылған ауыл өте тез қозғала алатын. XI—XIII ғасырларда наймандар, керейіттер, жалайырлар белгілі бір бағыт пен жолдар арқылы көшіп жүрген. Рубрук былай деп атап өтеді: көшпелілерде «кез келген бастық өз қоластындағы адамдар санының көп не аз болуына қарап, өз жайылымдарының шекараларын, сондай-ақ өз малын қыста, жазда, көктем мен күзде қайда жаюға тиіс екенін біліп отырады». Сонымен бірге олардың аң аулайтын, әсіресе қаумалап аулайтын жерінің де жайын ойластыруына тура келген<sup>35</sup>.

Көшпелілер мал шаруашылығымен және аңшылықпен қатар үй қолөнерімен де айналысты: киіз басты, киіз үйдің шанырақ, басқұр, уық-кереге секілді саймандарын, арба, ыдыс-аяқ, ер-тоқым, садақ, жебе, найза және басқа қару-жарак жасады. Наймандардың, керейіттердің, жалайырлардың шаруашылығын натуралды шаруашылық деп сипаттауға болады. Ақшаны мүлдем дерлік білмеуі ықтимал, сауда айырбас түрінде жүргізілді. Бірақ натуралдық шаруашылық жүргізуші көшпелілер, дегенмен, аз ауқымда болса да, халықаралық сауда аясына тартылды. Наймандарға, керейіттерге, жалайырларға қажетті бұйымдардан жетіспейтіні қару-жарак, әр түрлі «сәнсалтанат әшекейлері», тағам өнімінен — ұн, маталар еді. Әдетте көшпелілер аң және мал терілерінен тігілген киім киген<sup>36</sup>. Деректемелерде сол кезде наймандар, керейіттер, жалайырлар жүргізген сауда туралы, алуан түрлі айырбас мәмілелері туралы хабарлар өте аз. Дегенмен де, сол кезде Орталық Азия далаларына Орта Азиядан мұсылман көпестерінің келгені туралы бірсыпыра деректер бар. «Монғолдардың құпия шежіресінің» мәліметтеріне қарағанда, наймандарда, керейіттерде, жалайырларда өндірістегі белгілі бір саралану байқалған. Бұл деректемеде «темір ұсталары», «ағаш шеберлері» жайында айтылады.

Сонымен, монғолдарға дейінгі наймандардың, керейіттердің, жалайырлардың шаруашылығын — көшпелі өмір салты үстем болған, товар-ақша қатынастары нашар дамыған және натуралды шаруашылық басым болған көшпелі мал шаруашылығы деп сипаттауға болады.

**Мемлекеттің құрылуы.** Орталық Азияның көшпелі тайпаларының XII ғасыр бойында күш-қуатының артуы олардың ең ірілерінде — наймандарда, керейіттерде, жалайырларда — алдыңғы феодалдық мемлекеттік құрылымдар — ұлыстардың пайда болуына жеткізді. Б. Я. Владимирцовтың көрсеткеніндей, ұлыс алғашқы қауымдық құрылыстың институты болған жоқ. Ұлыс ру да, тайпа да емес, ол рулық-тайпалық институттардан жоғары тұрды. «Ұлыс» ұғымы ол кезде «халық» дегенді білдірді. Ұлыстың құрамында қандас туысқан адамдардың болуы міндетті емес еді, оған хан руының өкілдері ғана емес, сонымен бірге бөгде адамдар да енді. Әрбір ұлыс белгілі бір аумақты иеленді, наймандар мен керейіттердің ең үлкен күшті ұлыстарының өз шекаралары болып, олар ара-тұра болса да қорғалып отырды. Шыңғыс-хан талқандаған керейіттер ұлысының билеушісі Ван-ханның наймандар иелігін қорғаған найман қарауылымен қақтығыста қаза тапқаны мәлім. Армян авторы Степанос Епископ монғол сарайы жанындағы жоғары лауазымды қайраткерлердің бірі жайында айта келіп, бы-

лай дейді: «Бұл адам саны ең көп және күшті джалакир (жалайыр) тайпасынан болатын...»<sup>38</sup>. «Бұл жалайыр тайпасы үлкен-үлкен он тармақтан тұрады, олардың әрқайсысы жекелеп алғанда үлкен халыққа айналды...»<sup>39</sup>.

Ұлыстарды, «Монғолдардың құпия шежіресінің» терминдері бойынша «жаратылысынан хандар» басқарған<sup>40</sup>. Хан, ұлыс билеушісі басқару аппаратын, бірінші кезекте хан ставкасы-ордасын, оның күзетін басқару және әскерге, жасаққа қолбасшылық ету органдарын құрды. Мемлекеттік биліктің белгілі бір институты ретінде — орда көшпелілерде сонау қиандар заманынан белгілі. «Ляо күшейе бастаған кезден бері хандардың тұрақты орындары қалыптаса бастады, олар орда деп аталды»<sup>41</sup>. Хан ордасы басқару орталығы, ұлыстың өзінше бір үкіметі болды, кез келген Орталық Азия мемлекеті үшін аса маңызды екі саланы — ханның мал-мүлкі мен хан әскерлерін басқарды. Хан мен мемлекет мүлкінің арасында айырма болған жоқ. Керейіттер ұлысының билеушісі Ван-ханның «өз жайлаулары мен қысқы жайылымдары болды»<sup>42</sup>, яғни хан жайылымдары қатаң белгіленді. Ұлыстың әскерлері XII ғасырдың өзінде-ақ ондықтар, жүздіктер, мындықтар, түмендер бойынша құрылған отрядтарға бөлінді. Меркіттерге жорық жасар алдында Жамұха мен керейіттердің Ван-ханы әскерінің саны екі түмен болған<sup>43</sup>. Кейін Шыңғыс-хан империясының кезінде болғанындай, бүкіл ұлыс халқы, сірә, осы әскери-әкімшілік бөліністері бойынша есептелген болса керек. Ақырында, ұлыстарда сипаты жөнінен заңға жақын, орныққан дағдылы құқық нормалары қолданылды. Мәселен, «Монғолдардың құпия шежіресінде» ұлыста кісі өлтірушілік үшін өз бетінше емес, заң арқылы жазалау шаралары айтылады. «Заң, Ұлы шындық, Еке-Төре» де аталды<sup>44</sup>. Ұлыстардың істерін ерекше шерби деген атағы бар қызмет адамдары жүргізген. Бұл атақ пен лауазым иелерін хан тағайындаған. Найманның мемлекеттік істері қағаз жүзінде жүргізілген. Қағаздар ұйғыр жазуымен жазылып, хан мөрімен бекітілген.

Керейіттер мен наймандар, ең алдымен оның билеуші тобы несториандық бағыттағы христиандар болды<sup>45</sup>. Ақырында, христиан діні кейіннен Шыңғыс-хан әулетіне де енді. Шыңғыс-хан ұлдарының бірі Төленің әйелі, керейіттер билеушісі Ван-ханның жиені, Мөңке-хан мен Құбылай-ханның анасы христиан қызы болғаны мәлім. Мұндай жағдай наймандарда да болды, керейіттер сияқты, олар да Орталық Азияның басқа халықтарынан бұрын христиан дінімен танысқан орта ғасырлардағы ұйғырлардың мәдени ықпалында болды.

Дүниежүзілік діндердің біреуіне тартылу да әлеуметтік қатынастар дамуының белгілі бір деңгейінің айғағы болып табылады.

**Көрші халықтармен өзара қатынастары.** Деректемелер наймандар мен керейіттердің көрші тайпалармен соғыстары туралы мәліметтерге толы. Рашид ад-Дин былай деп жазады: «...Керейіттер көптеген тайпалармен, әсіресе найман тайпаларымен көп жауласты... Бұл кезде басқа тайпаларға қарағанда олардың күші басым әрі күдіретті болатын»<sup>46</sup>... керейіттердің Ван-ханымен наймандар қырғыздардың аймағы бойынша және ұйғырлар елімен шектесіп жатқан шөл далаға дейін үнемі қырқысып, жауласып жүрді». Рашид ад-Дин наймандардың қырғыздармен, керейіттердің Цзинь мемлекетімен соғыстары туралы мәліметтер келтіреді. Соғыс кезендері көршілермен бейбіт қатынастар жағдайымен алмасып та отырды. Қытай деректемелерінде керейіттер мен наймандардың көшпелі көршілерімен ғана емес,

сонымен қатар отырықшы мәдениеті бар мемлекеттермен — Танғұт мемлекетімен (Си Ся) және ұйғыр иелігімен тығыз мәдени және саяси байланыстар жасағаны туралы мәліметтер де бар<sup>47</sup>. Наймандар мен керейіттердің билеуші тобы ұйғырлардың ықпалымен несториан бағытындағы христиан дінін, ұйғыр жазуын, сондай-ақ мемлекеттіліктің басқа да элементтерін қабылдады<sup>48</sup>. Керейіттердің танғұттармен қатынастары да осы байланыстардың дәлелі болып табылады. Мысалы, керейіттер ұлысының билеушісі Ван-ханның інісі Қарабітай (Керандай) бала кезінде танғұттарға тұтқынға түсіп, кейін Танғұт мемлекетінде аймақ билеушісі қызметіне дейін өскен. Оның қыздарының біреуі танғұттар билеушісінің әйелі болған<sup>49</sup>. Керейіттердің танғұттармен және ұйғырлармен байланыстары болғанын керейіт билеушілерінің, атап айтқанда, Ван-хан мен оның ұлы Сангуннің сәтсіздікке ұшыраған кезінде танғұттар мен ұйғырлар жеріне барып паналағаны растайды<sup>50</sup>.

«Юань-ши» қазіргі Қазақстан аумағында мемлекеттік құрылымы болған қаңлылар мен керейіттердің өзара саяси және аумақтық байланыстарының қалыптасқанын, бірқатар қаңлы шонжарларының өкілдерінің керейіттер билеушісі Тоғұрыл Ван-ханда қызмет атқарғанын көрсетеді. «Бухуму... Оның ата-бабалары қаңлы тайпасының ата-тегінен келе жатқан атақты адамдары. Хайланьбо (Қайранбай — Бухумудың атасы) керейіттердің Ван-ханында қызмет еткен. Ван-ханды (монғолдар) өлтірген кезде, Хайланьбо бала-шағасын тастап, бірнеше мың салт аттыларын ертіп, солтүстік-батысқа қашты. Тайцзу (Шыңғыс-хан) елші жіберіп, оны өзіне келуге (яғни бағынуға) шақырды. Бірақ ол былай деп жауап қайырды: «Бұрын мен де, мархабатты тақсыр (Шыңғыс-хан) да Ван-ханға қызмет еткенбіз. Қазір Ван-хан өлді, бірақ мен өзім қызмет еткен адамға опасыздық жасай алмаймын»<sup>51</sup>. В. В. Бартольдтің атап айтқанындай, қаңлылар мен қыпшақтар наймандардың ұлысында да өмір сүрген<sup>52</sup>. «Юань-шиде» наймандар мен қаңлылардың шонжарлары арасында тығыз туыстық байланыстар болғаны жөнінде мынадай деректер келтіріледі: «Шаостар (Чаос) наймандардан шыққан. Оның арғы атасы Тайянь (Даян) наймандардың билеушісі болған. Оның арғы атасы Цюйшулай (Күшлік)... Бэдэинь (Бөде) Шаостың ұлы... Бэдэинь қаңлы тайпасынан шыққан нағашы әжесімен тұрды...»<sup>53</sup>.

Бұған наймандар мен қаңлылардың туыстығын ертеректе VII ғасырдың екінші жартысында ұйғыр саяхатшыларының да көрсеткенін қосуға болады. Жол-жөнекей көргендері мен есіткендерін айта келіп, олар Алтайда Няньба-энь (наймандар) мен кан-ли (қаңлылар) мекендейді деп хабарлайды.

Сонымен, найман және керейіт тайпалық бірлестіктері ішкі әлеуметтік байланыстары жөнінен өте күрделі болды және көшпелі монғол, түрік тайпаларын біріктірген, Орталық Азияда күдіретті мемлекет — Шыңғыс-хан империясы құрылуын көп жағынан дайындады, сондай-ақ монғолдардан кейінгі кезеңдегі, қазақ халқы мен басқа да қазіргі түрік халықтарының өз тарихы басталған кездегі этникалық үрдістерде айтарлықтай рөл атқарды. Отырықшы халықтардағыдан ерекше болғанымен, наймандар мен керейіттерде мемлекеттілік нысандары болған. Наймандар мен керейіттердің ұлыстары «бастапқы үлгідегі мемлекеттер», яғни ертедегі феодалдық мемлекеттік құрылымдар болды.

Наймандар мен керейіттердің, сондай-ақ жалайырлардың этникалық

сипаттамасы туралы мәселе ұзақ уақыт бойы даулы болып келеді. Наймандармен және керейіттермен генеалогиялық жағынан туыс онғұттарға келетін болсақ, онғұттардың несториандық эпитафияларының тілін зерттегенде олардың қыпшақ тобы тілдеріне жатқанын көрсетеді. Көптеген зерттеушілер, мысалы, В. В. Бартольд, Б. Я. Владимирцов, И. П. Петрушевский, П. Пельо<sup>54</sup> наймандарды батыс монғолдар деп санайды. Алайда ХІХ ғасырдың өзінде-ақ наймандар тегінің түріктерден шыққаны ықтимал деген пікір айтылды<sup>55</sup>. Жапон зерттеушісі С. Мураяма наймандардың этнонимін, есімдерін, атақтарын, сондай-ақ кейбір тарихи мәліметтерді талдау негізінде наймандар түркі тілдес деген қорытындыға келді<sup>56</sup>. Осы тұрғыдан алғанда, Рашид ад-Диннің наймандар Шыңғыс-хан империясында болуы нәтижесінде ғана өздерін монғолдарға «қоса» бастаған, ал «ерте заманда олар бұл атауды мойындамаған»<sup>57</sup> деген ескертпесі жаңа мәнге ие болады. Рашид ад-Диннің мәліметіне сүйене отырып, басқа бір үрдісті: түрік-наймандар монғолдардың көршісі және сәтсіздікке ұшыраған бәсекелесі болған, сөйтіп Х—ХІІ ғасырларда монғолдардың ықпалына түсіп, ішінара монғолданған, соның салдарынан өздерін монғолдарға қоса бастаған деуге де болады. Сондықтан да «олардың (наймандардың) әдет-ғұрпы монғолдардікіне ұқсас болған...»<sup>58</sup>. Наймандардың этникалық тегі жөніндегі түріктік тұжырымдаманы жақтаушыларға осы кезге дейін бірдей дәлел болып келе жатқан факторлар осындай қайшылықты жағдайда ғана қалыптаса алатын еді.

Сонау ХІХ ғасырда В. В. Бартольд, Н. А. Аристов, Г. И. Грумм-Гржимайло, Х. Ховорс бастаған керейіттердің түрік және монғол текті екендігі туралы пікірталасы аяқталды деп санауға әлі ертерек. Керейіттер түріктер болғанның өзінде<sup>59</sup>, олардың мемлекетін 1202 жылы монғолдардың талқандауы, керейіттердің батысқа қарай жылжуына жаулап алушылар әскерлерінің құрамында орын алып, сонымен қоса ХІІІ ғасырдың басынан-ақ монғолдармен араласып кетуіне әсер етті. Мәселен, «Юань-шиде» монғолдармен етене араласып кеткен керейіттерге ерекше мән берілген. Мүмкін, Рашид ад-Диннің «олар монғолдардың руынан» деп жазуы да сол себептен болар. Наймандар мен керейіттер сияқты, жалайырлардың да этникалық сыр-сипаты осы кезге дейін жұмбақ күйінде қалып отыр. Жалайырлардың тегі кім болған — олар монғолдар ма, әлде түріктер ме — бұл мәселеге ғылыми басылымдарда арналған беттер аз емес. Шешімдердің кереғарлығы жағдайында олардың бәрі де қисынға жүгіну немесе сезімге салыну сипатындағы дәлелдерге негізделген. Сонымен бірге жалайырлардың тегі туралы Рашид ад-Дин жазып қалдырған аңыздарға талдау жасау жалайырлардың шыққан тегін орта ғасырлардағы түркі тілдес ұйғырлардың тарихымен байланыстырып жорамалдауға мүмкіндік береді. Ертеректегі жалайырлардың этникалық номенклатурасы олардың құрамы біртекті болмағанын көрсетеді: онда ХІІ ғасырға қарай түркі тілдес және басқа, негізінен монғол тілдес тайпалар да болған. «Юань-шиде» кейбір жалайырлардың — монғол жалайырларына, ал қалғандарының жай жалайырларға жатқызылуы осыны көрсетеді. Дегенмен де бұл проблемамен танысу олардың ізашарлары болуы мүмкін ортағасырлық Орхон мен Селенга ұйғырлары талқандалғаннан кейінгі үш ғасыр ішінде жалайырлар түрік этникалы келбетін жоғалтып, Орталық Азия тарихының сахнасына жаңа сапамен шыққан деген әсер қалдырмайды<sup>60</sup>.

**Шыңғыс-хан империясының құрамындағы наймандар мен керейіттер.** Орталық Азия аумағындағы билік үшін күрес барысында Шыңғыс-хан қуатты керейіт ұлысының билеушісі Ван-ханмен одақтастық қатынастар орнатты. 1185 жылы керейіттердің Ван-ханы, Шыңғыс-хан, монғолдардың жажрат тайпасынан шыққан Жамұқа әскерлерімен аттанып, Селенга өзені бойында көшіп жүретін меркіт ұлысын талқандады<sup>61</sup>. Бұл жеңіс Шыңғыс-ханды күшейтіп, оны билік жолындағы бақталас басқа да қолбасшылармен бір қатарға қойды. Көптеген тайпалар, соның ішінде жалайырлар, барластар және басқалары Шыңғыс-ханға қосылды.

Шыңғыс-хан өзінің қамқоршысы, керейіттердің Ван-ханына әскери көмек көрсетті. 1194 жылы Ван-ханды інісі Эрхэ Хара наймандардың әскери көмегін пайдаланып, өз ұлысынан қуып жіберген еді. Ол 1196 жылға дейін танғұттар (Си Ся) елінде және ұйғырлар мен қарақытайлар иеліктерінде қашып жүрді. Шыңғыс-ханның көмегімен қайтып келіп, керейіттер ұлысында билікті өз қолына алды<sup>62</sup>. 1198 жылы Шыңғыс-хан Ван-ханмен және чжурчжэндердің Цзянь мемлекетімен одақтасып, татар ұлысына қарсы жорық жасады да, оны күйрете жеңіліске ұшыратты<sup>63</sup>. Осы жорықтан қайтып оралғаннан кейін Шыңғыс-хан татарларға қарсы жорыққа қатысудан бас тартқаны үшін Керулен өзеніндегі журкин тайпасын шауып, оны қирата жеңіп қолбасшыларын қатал жазалайды<sup>64</sup>.

Көп кешікпей, найман ханы Инанч-білге өлгеннен кейін, оның екі ұлы Даян-хан мен Бұйрық-ханның арасындағы өзара қырқысты пайдаланып қалмақшы болған Шыңғыс-хан мен Ван-хан 1199 жылы Бұйрыққа қарсы жорыққа шықты. Әскер жинап үлгірмеген Бұйрық-хан Алтайдан аса шегініп, сонда жеңіліс тапты. Сол екі арада, Бұйрықпен араздығына қарамастан, Даян-хан Шыңғыс-ханға қарсы әскер жіберді. Керейіттер мен монғолдардың біріккен күштері наймандарды бұл жолы да тас-талқан етті<sup>65</sup>.

1200 жылы Шыңғыс-хан мен Ван-хан меркіттердің әскерін ойсырата жеңді. 1201 жылы Жамұқа Шыңғыс-ханның монғолдары мен Ван-ханның керейіттеріне қарсы наймандар, меркіттер, татарлар, ойраттар, жажраттар және басқа да тайпалардан қуатты қол жасақтады. Осы қолды жеңу Шыңғыс-ханды көшпелі ақсүйектердің өзара бақталас өкілдерінің ішіндегі ең күдіреттісіне айналдырды. 1202 жылы Шыңғыс-хан татар ұлысын біржола талқандады. Сол жылы наймандар Шыңғыс-ханға бірлесіп қарсы шығу жөнінде Алахуш-дигит Хуриге ұсыныс жасады. Бірақ онғұттардың билеушісі наймандармен ежелгі байланыстарына қарамастан бас тартып, шабуыл жасалғалы жатқанын Шыңғыс-ханға хабарлап қояды. «Юань-ши» бұл жөнінде былай деп көрсетеді: «Даян-кэхань (қаған) бір-бірімен туыстасу үшін және Шофанды (солтүстік жақты, яғни Монғолияны) басып алу мақсатымен (Алахуш-дигит Хури) одақ жасасу үшін келісуге елші (Алахуш-дигит Хуриге) жіберді. Онғұттар арасында мұны жақтайтындар бар еді. (Бірақ) Алахуш-дигит Хури елшіні ұстап алды. (Ол) құрметпен (Шыңғыс-ханға) алты көзе шарап (өз елшісі арқылы) жіберіп, бұл туралы хабарлады... Елші қайтып келгеннен кейін (Алахуш-дигит Хури) 500 жылқы мен мың қойды сыйға тартып, Даян-кэханьға бірлесіп шабуыл жасауға уағдаласты...»<sup>66</sup>.

Шыңғыс-хан уақыт өткізбей, 1204 жылдың көктемінде 45 мың атты әскерді бастап наймандарға жорыққа аттанды. Найман ханының қоластында шамамен 50—55 мың адам бар еді<sup>67</sup>. Наймандар армиясынан саны кем болса да, монғол әскері одан ұйымшылдығымен және жауынгерлік тәжіри-



бесімен басым түсті. Даян-хан шайқасқа шыққысы келмей, Алтай асып кетпекші болды. Бірақ ұлы Күшліктің талап етуімен шайқасатын болып ұйғарылды. Сөйтіп, наймандардың әскері Орхон өзенінен өтіп Нагу тауларының шығыс беткейіне тоқтады. Шайқасты монғолдар бастады. Олардың алдыңғы шептері наймандарды тауға қарай ығыстырды, ал кешке қарай монғолдардың негізгі күштері қарсыластарын екі қанаттан орап өтіп, ойдағыдай қоршап алды. Қақпанға түскен наймандар қоршауды бұзып өтуге тырысты, бірақ қараңғы түнде жартастардан құлап қырылды. Наймандардың бір бөлігі, соның ішінде Даян-ханның ұлы Күшлік қашып құтылды. Наймандар жеңіліс тапты. Даян-хан жарақаттан өлді. Наймандардың көпшілігі Шыңғыс-ханға берілді, олардың басқа бір бөлігі монғолдарға жанталаса ұмтыла соңғы шайқасқа шығып ерлікпен қырылып кетті. Наймандардың едәуір бөлігі, сондай-ақ меркіттердің, керейіттердің және басқаларының аман қалғандары Күшлікпен бірге кетті<sup>68</sup>. 1206 жылы монғолдар Бұқтырма өзенінде наймандардың Бұйрық ханын жеңіп, оны өлтірді. 1206–1207 жылдары Шыңғыс-хан үлкен ұлы Жошы-ханды Енисей-Ертіс өзендерінің аралығындағы «орман» халықтарын, атап айтқанда, Енисейдің жоғарғы ағысында мекендейтін түркі тілдес қырғыздарды бағындыруға жіберді. Қытай деректемелерінің мардымсыз деректерінен қырғыздардың бұл аймақтағы әсер-ықпалын жорамалдауға болады. «Цзилицзисалар (қырғыздар) жөніндегі кіші (бағынышты) мемлекет дегеніміз... гулигань (курыкан) мемлекеті...»<sup>69</sup>. XIII ғасырдағы Енисей қырғыздарында қалалар мен бекіністер болғаны жөнінде деректер бар. Мәселен, «Юань-шиде» Енисейдің жоғарғы ағысына жорық жасаған кезде қалалардың бекіністі дуалдарын шабуыл жасап алу үшін монғолдардың тас атқыш құралдары, қоршау қаруларын пайдаланғаны туралы айтылады<sup>70</sup>.

Орталық Азия аумағындағы соғыстардың салдарынан 1190–1206 жылдары Қазақстан жеріне наймандардың, керейіттердің, меркіттердің бір бөлігі көшті. Күшлік-хан бастаған наймандар Алтайға келіп, осында ертеде монғолдар талқандаған керейіттер мен меркіттердің қалдықтарымен бірікті. Наймандар Бұқтырмада тағы да жеңіліс тапқаннан кейін Күшлік-хан өз ұлысының қалдықтарымен Алтай жерін біржола тастап, Жетісуға қашуға мәжбүр болды. Наймандар мен керейіттердің едәуір бөлігі Шығыс Қазақстанда қалып, монғолдарға бағынды.

Монғолдар талқандағаннан кейін найман мен керейіт топтары, жалайырлар қалыптасып жатқан көптеген түрік халықтарының құрамына, атап айтқанда қазақ халқының құрамына біртіндеп сіңісе берді. Наймандар монғол дәуірінде қазақ даласына қоныс аударып, Сырдарияға дейін жетіп, қазақ халқының қалыптасуына белсене қатысқан. Керейіттерге келетін болсақ, олардың бір бөлігі батысқа, Еділ бойына дейін барып, онда өздерінің керейіт деген этнонимін сақтап қалды және кейініректе осы атаумен өзбектер мен қырғыздардың құрамына, ал шағын тобы қазақтардың да құрамына кірді. Керейіт этнонимі Қара теңіз өңірі далаларының топономиясынан да кездеседі. Керейіттердің басқа бір бөлігі Солтүстік Қазақстанда қалды да, бұрынғы этнониміндегі -іт жалғауын жоғалтып, керей (қара керей, абақ керей) деген атпен Орта жүз қазақтарына қосылды. Егер орта ғасырлардағы дала халқының монғол дәуірінде тұрақты түрде және алыстан қоныс аударуын ескерер болсақ, керейіттер мен керейлерді олар батыс керейіттерінің шығысқа қарай кері көшіп немесе керейлердің жекелеген топтарының ба-

тысқа қарай одан әрі ілгерілеп қарым-қатынас жасау мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. Орталық Азия халықтарының этникалық тарихынан жақсы біліп отырғанымыздай, мұндай араласу мейлінше дағдылы құбылыс болған.

### 3. ҚАРАҚЫТАЙЛАР ЖЕТІСУДА

Қарақытайлар мемлекетінің құрылуына Орталық Азиядан келген көшпелі тайпалардың шапқыншылығы себепші болды, олардың үстем тобы едәуір аумақта билікті басып алды. Бірақ тұтас алғанда қарақытай конфедерациясы Қарахан билеушілері тұсында да шекаралық қызмет атқарған, сөйтіп бұл үшін «наградалар мен үлестер» алған Оңтүстік-Шығыс Қазақстан мен Алтай тайпаларының жетекші рөл атқаруы жағдайында жергілікті этникалық-саяси негізде қалыптасты<sup>71</sup>.

1125 жылы Елюй Даши әскерінің Емілге келуі Жетісуда қалыптасқан мемлекеттік институттарға түбегейлі өзгеріс енгізген жоқ. Қарақытайлардың саяси ықпалы Жетісудың бір бөлігіне, Сырдарияның оң жағалауына және басқа аудандарға таралды<sup>72</sup>.

Қарақытай бірлестігін басқару органдарының қалыптасуына жергілікті дәстүрлер күшті ықпал жасады. Мұның өзі қарақытай армиясындағы өзгерістердің мысалынан айқын көрінеді. Армияны әскери бөліністерге бөле отырып, Елюй Даши Қатұн-Балықтың өзінде-ақ әрбір отрядтың санын 500 адамнан белгіледі. Бірақ Жетісуда гурхан бұл тәртіпті күрт өзгертті: бір әскери басшының қол астында жүзден аспайтын жауынгер болуға тиіс болды. Осы арқылы армияны басқару ішінара бөлшектенді. Жергілікті тайпалардың шекараларды қорғау жөніндегі қызметі сақталып қалды.

Бұдан былай қарай өз құрамына Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның тайпаларын қамтыған қарақытай әскері мұндай әскери ұйым сипатынан айрылды. Жаулап алу барысында қарақытайлардың әскери жасағы негізінен құрамында түркі тілдес тайпалар мен халықтардан тұрған армиямен алмастырылды. Сонымен бірге алғашқыда Жетісуда, ал сонан соң Мауараннахрда — жергілікті этникалық ортада келімсек этникалық топтардың шаруашылық және этникалық «сіңісуі» жүріп жатты.

Қарақытайлар келгенде қалалар мен отырықшы қоныстарды қиратып келген жоқ. Қарақытайлар Орта Азияның қалаларымен және егіншілік аймақтарымен үнемі сауда жүргізуге мүдделі болды. Олардың арасында мал өсірушілермен қатар егіншілікті білетін жартылай көшпелі топтар аз емес еді. Деректемелерде: қарақытайдың таралуы бейбіт сипатта болғанын бір ауыздан атап көрсетеді<sup>73</sup>. «Олар (қарақытайлар) қаланы алған кезде, оның тұрғындары үшін еш өзгеріс жасамады, — деп жазды Ибн әл-Асир, — тек әр үйден бір динардан ғана алды. Егістік пен сол тәрізділерге келетін болсақ, олар халыққа берілді»<sup>74</sup>. Бұл орайда үлестік жерлерді иеленушілер өздерінің гурхан қамқорлығында екендігінің белгісі ретінде өзінше бір үлгідегі сақтау грамоталарын (пайцзалар) алды.

Жағдай XII ғасырдың 40-жылдарының басында Салжұқтардың Мауараннахрда жеңілуінен кейін өзгерді. Жаңадан жаулап алған аймақтарда қарақытай әскерлері шоғырланды және оларға алым төлеу міндетті бола бастады.

Қарақытайлар тұтас алғанда өздеріне дейінгі болған саяси құрылымды

және әр түрлі аймақтар арасындағы өзара байланыстарды өзгертпеді. Жергілікті жерлерде билік басында осында бұрын билік еткен әулеттердің өкілдері отырды. Орын алып келген талас-тартыстар сарыны жойылмай, қайта күшейе түсті, өйткені «Түркістан патшалары», Жүзжанидың айтуынша, қарақытайлардың көмегімен бір-бірін «бағындыру және талқандау» әрекеттерін жалғастыра берді<sup>75</sup>. Ұдайы жанжалдармен өздерін титықтата отырып, қарақытай әскерлерін ұстауға мол сыйлықтар беруде шаш-етектен шығындарға ұшырап, жаулап алушыларға алым төлеп, жергілікті билеушілер өздерінің үлестерін бөлшектеуді күшейтті, ал мұны гурхандар белсене қолдап отырды. Осының салдарынан қарақытай иеліктерінің құрамына кіретін Қазақстан мен Орта Азия аймақтары, сондай-ақ гурхандарға вассалдық тәуелділікті мойындаған бірлестіктер шаруашылық және саяси жағынан әлсіреді. Жетісуда, Мауараннахрда, Ферғанада бір мезгілде бірнеше ұсақ және ірі мәліктер мен сұлтандар биледі<sup>76</sup>.

Іле алқабы мен Мауараннахрдың қарлұқтары, Бесбалық ұйғырлары, Самарқандтағы соңғы Қарахандар іс жүзінде өздерінен алым жинайтын гурхан билеушілерінің басқаруында болды. Қарақытай шонжарларының басқаруы үлкен ауыртпалыққа ұшыратты, ал олардың қысым жасауы, әсіресе салықтар жинау кезіндегі шамадан тыс талаптары наразылық туғызды<sup>77</sup>. Ибн әл-Асир былай деп атап көрсетеді: «қарақытайлар» Түркістан мен Мауараннахр елінде тұрды және олардың халқын ауыр езгіге салды. Олардың әрбір қалада билеушісі (болды), ол қарақытайларға ақша жеткізіп беріп тұрды<sup>78</sup>.

Хорезмде алымдар мен салықтарды гурханның арнайы жіберген жинаушылары<sup>79</sup> мезгіл-мезгіл жинап алып отырды, басқа аудандарда алым жинау мен оны қарақытайлардың астанасына жеткізу құқығы жергілікті феодалдарға берілді<sup>80</sup>.

Империяның жариялануына дейін өздерінен де күшті болған наместниктер институтына сүйене отырып, қарақытай көсемдері өздерінің әулет меншігі ретінде үлесті жерлерді иемденуге талаптана қоймады. Кейбір өлкелердің, мәселен Тараздың наместниктері кейін келе толық билік жүргізген әміршілерге айналып алды<sup>81</sup>.

Санжар сұлтанды жеңгеннен кейін гурхан Баласағұн түбінде Ғұз-ордада өз ордасын құрды. Ұйғыр көпестері Жетісуды Чуғал (Жікіл) деп атады. Деректемелерде хабарланғанындай, оның тұрғындары бейбіт, егіншілікпен айналысады, билеушінің пайдасына оннан бір үлес төлейді, ал гурхан ордасының орасан кендігі соншалық, оны аралап шығу үшін жарты күн керек болады<sup>82</sup>.

Қарақытай мемлекеттік бірлестігінің қалыптасуымен бірге басқарудың патриархаттық-феодалдық принциптері орнығып, нығая берді. Алайда жоғарғы билікті мұраға қалдыру жүйесі өзіндік сипат алды; гурханға, әдетте, бұл да гурхан атағын алатын әйел мұрагер болды. Мұның өзі жергілікті мұсылман халқының түсінбеушілігі мен наразылығын туғызды. Бұл дәстүрді айыптау Шығыс авторларының шығармаларынан көрініс тапты<sup>83</sup>. Мұрагерліктің мұндай принципінің болу себебі мынада еді: қарақытайлардың әулеттік одағы некелесетін ер және әйел ру-фратриялардан, император руы мен император әйел руының екі ру-фратриясынан тұратын, сондықтан олардың екеуінің де бірдей дәрежеде гурхан тағына отыруға құқығы болды. Осыдан «алмасып мұраға алу» келіп шықты, оның мәнісі екі рулас әулет

топтары өкілдерінің арасында билікті бөлуде емес, одан да гөрі өздерінің соңындағы генеалогиялық ортақтығымен байланысты көшпелі тайпалардың арасында белгілі бір әскери-саяси тепе-теңдікті орнықтыруда болатын<sup>84</sup>.

Елюй Даши 1143 жылы өлді де, билік гурханның жесірі Табуянға көшті, ал жеті жыл өткен соң басқару тізгінін Иле алды. Оның тұсында тұңғыш рет халық санағы жүргізілді. 84 мың отбасы жазылды, бұл, тегінде, Сырдария мен Еміл арасын мекендеген көшпелілердің саны болса керек. Қарақытайлардың бүкіл өмір салты даланың тұрмыс белгілерін сақтады<sup>85</sup>. Иленің патшалық құруы 13 жылға созылды, ол өлгеннен кейін 1155 жылы тақ Елюй Дашидың қарындасы Бұсұғанға берілді. Оның мұрагері Чжилугу болып, ол 1169 жылдан бастап шамамен 1203 немесе 1214 жылға дейін патшалық құрды. Қарақытай мемлекетінің тарихындағы жаңа кезең соның есімімен байланысты. Бөлшектену үрдісі қарақытай әскербасыларының шын мәнінде автономиялы наместниктерге айналуына әкеліп соққан еді. Гурханның атынан әрекет жасай отырып, олар іс жүзінде әбден дербес болды да, оған тек алым жіберіп тұрумен шектелді.

Шынына келгенде, гурханның биледі деген аты ғана болды.

**Езгінің күшеюі және феодалдық қырқыстар.** XII ғасырдың орта шенінен бастап қарақытайлар өздерінің салық саясатын айтарлықтай өзгертіп, ашық тонауға көшті, бейбіт қоныстарға шапқыншылық жасады, «өлтірді, тұтқынға алды, тонады және есепсіз көп адамды қолға түсірді»<sup>86</sup>.

Жетісу мен Мауараннахрдағы қарақытайлардың жағдайы феодалдық қырқыстардың созылуынан әлі де біраз уақыт біршама берік болып қала берді. Мәселен, отырықшы халықтан салықтар алуға мүдделі қарлұқтар өздерімен бәсекелесуші Самарқанд тамғаш-ханы (1156) ықпалынан уақытша құтылды. Гурхан бұған дереу араласып, өзінің қолшоқпары Жағры-ханға қарлұқтар «қару-жарак асынуын қойып, егіншілікпен айналысатын болсын» деп, оларды Самарқанд пен Бұхарадан көшіруге бұйрық берді<sup>87</sup>. Самарқандтан аттанған қарлұқ атты әскері жол бойында кездескеннің әрбірін «тонап, қырып жоя отырып», Бұхара жағына бет алды, бірақ қантөгіс ұрыста оны қарақытай әскерлері тас-талқан етті. Көп ұзамай гурхан Балқыдан айрылды, оның билеушісі жыл сайын харадж (жер салығын) беріп тұратын еді. 1198 жылдың сәуір-мамыр айларында Хорасан мен Орта Азияның онымен шекаралас аймақтарын басып алуға ұмтылған Ауғанстан жерінен шыққан гурид билеушілері қарақытайларға күйрете соққы берді.

Іле-шала гурханның қол астынан құтылуға тырысқан Хорезм де қарақытайларға қарсы күреске шықты. Гуридтерге қарсы күресте оны қолдаудан бас тартқан хорезмшах Бұхараны қоршап, содан соң басып алды. 1205 жылы жазда қарақытайлар Термезден кетті, осыдан кейін олардың вассалдары — Самарқанд пен Бұхара билеушілері — гурханға қарсы күресте Хорезммен одақтасу амалын іздестіре бастады. Мауараннахр Үзкентке дейін дерлік осындағы «әрбір қала мен әрбір өлкені» алған және өздерінің наместниктерін қойған хорезмдіктердің қолында қалды. Тараз да Хорезмге біршама тәуелді болып қалса керек. Жергілікті жасақтың 1210 жылы талқандалып, тұтқынға алынған қолбасшысы символды түрде таққа отырғызылып, Хорезмге жіберілді.

Алайда, Самарқандта түбегейлі өзгерістер бола қоймады. Ол былай тұрсын, хорезмшах «бәрі де қытайлар белгілегендей болсын» деп ондағы

сұлтанды арнайы наместникпен бірге Самарқандқа сый-сыяпатпен аттандырып салды<sup>88</sup>.

Гурханның Іле алқабындағы (Қойлық және Алмалық) өз вассалдары – қарлұқ билеушілерімен қатынасы шиеленісе түсті. Ол Ғұз-ордадан Қашғарға көшуге мәжбүр болды<sup>89</sup>.

Көп кешікпей найман тайпаларының күшті конфедерациясымен одақтасқан қарлұқтар Қашғар шегінде қарақытайлардың ең соңғы гурханы Чжилугуді қолға түсірді. Қарақытайлардың иеліктері біржолата наймандардың қолбасшысы Күшліктің қолына көшті.

#### 4. ҚЫПШАҚТАР

XI ғасырдың басында бұрынғы кимек, қыпшақ және куман тайпалары қоныстанған аумақта әскери-саяси үстемдік қыпшақ хандарының қолына көшті. Қыпшақтардың билік басына келген билеуші әулеттік шонжарлары оңтүстік және батыс бағыттарда белсенді қимыл жасай бастады, мұның өзі оларды Орта Азия мен Оңтүстік-Шығыс Европа мемлекетімен тікелей белсенді қарым-қатынас орнатуға жеткізді.

XI ғасырдың екінші ширегінде қыпшақтардың әскери-тайпалық шонжарлары Сырдарияның төменгі және орта аңғарынан, Арал өңірі мен Каспий өңірі далаларынан оғыз жабғуларын ығыстыруына экономикалық та, саяси себептер де болған еді. Саяси фактор ең алдымен XI ғасырдың бас кезінде Орталық Азия тайпаларының батыс бағытында қозғалуына ұласқан сыртқы оқиғаларға байланысты болатын. Сонымен бірге қыпшақтардың өзін-өзі билеуге және өз мемлекетін құруға ұмтылған әулеттік топтардың орталықтан аулақтау сарынының маңызы аз болған жоқ. XI ғасырдың бірінші жартысында күшейген қыпшақ тайпаларының көсемдері, тегінде, жайылымдық жерлердің тапшылығына ұшырап, сонымен қатар Еділ бойы, Үстірт және Сырдарияның төменгі ағысы арқылы өтетін аса маңызды сауда жолдарын өз бақылауына алуға ұмтылған болса керек. Азияны Еуропамен жалғастырып жатқан жолдың бұл учаскесі маңызды баю жолдарының бірі ретінде мейлінше қажетті болатын.

Қыпшақтар билігінің Арал өңірі мен Сырдария бойындағы аймақтарға таралуына байланысты этникалық-саяси жағдайдың өзгеруіне қарай XI ғасырдың 2-ширегіннің басында «Оғыздар даласы» (Мафазат әл-гузз) деген атаудың орнына «Қыпшақтар даласы» (Дешті Қыпшақ) деген атау пайда болды<sup>90</sup>. Маңғыстауды, сондай-ақ оған жапсарлас жатқан аймақтарды қаратып алған қыпшақтар Хорезмнің солтүстік шегіне жақындап келді. Сол арқылы қыпшақтардың саяси ықпалы едәуір кеңейді. XI ғасырдың ортасында кумандардың негізгі бұқарасы мен билеуші тоқсоба және бұржоғлы руларының қоластындағы қыпшақ тайпаларының үлкен топтары оңтүстік орыс және Қара теңіз өңірі далалары мен Византия шекараларына дейін қоныс аударды. Осы оқиғалардың нәтижесінде қыпшақ тайпаларының жері этно-аумақтық екі бірлестікке: Еділ өзені бөліп жатқан Шығыс қыпшақ және Батыс қыпшақ бірлестіктеріне бөлінді. Қазіргі Қазақстан аумағының көп бөлігі Шығыс қыпшақ ұлысы ханының билігінде болды.

Қыпшақ ақсүйектерінің шығыс Дешті Қыпшақ тайпалары қоныстанған аумақты едәуір кеңейтуіне мүмкіндік берген XI ғасырдың бірінші жарты-

сындағы қаулаған қауырт оқиғалар Сырдариядағы оғыздар державасымен, Орта Азиядағы салжұқтар, хорезмшахтар және карахандар әулеттерімен соғыстарға және қақтығыстарға әкеп соқты. Сыртқы қауіпсіздікті камтамасыз ету қажеттігі де рөл атқарып, ол қыпшақтар мемлекетінің құрылуына объективті себеп болды.

Ғылыми әдебиетте қыпшақтарда мемлекет болу проблемасына екі көзқарас бар. Олардың біріншісін жақтаушылар қыпшақтарда бір жағдайда — бұрынғы мемлекеттік құрылым<sup>91</sup> ретінде, ал екінші жағдайда, атап айтқанда, хорезмшахтардың мәдени ықпалы барысында қыпшақтардың мемлекеттік дәстүр элементтерін игеруі<sup>92</sup> ретінде қарастырылатын мемлекеттік болған деп санауға бейім.

Екінші пікір бойынша, мемлекеттің болу мүмкіндігінің өзі бекерге шығарылады<sup>93</sup>. Мәселен, қыпшақтардың саяси құрылысы Ұлы Далаға мемлекетсіз үйренісудің үлгісі ретінде анықталады<sup>94</sup>. Алайда, екі жақтың да көзқарасындағы айтарлықтай олқылық проблеманы кимектер мен қыпшақтар арасындағы сабақтастық байланыстар тұрғысынан қарастыруды ұнатпаушылық болды. Айта кетелік, мұндай мүмкіндік кимектерде мемлекет болғаны анықталғаннан кейін ғана туды<sup>95</sup>. Жазбаша деректемелердің мәліметтері қыпшақтарды Кимектер мемлекетінің толық құқылы мұрагерлері болған деп санауға мүмкіндік береді.

Қыпшақ хандығының саяси негіздері қыпшақ және куман тайпаларының едәуір топтарының шығыс Дешті Қыпшақта орталықтан аулақтау ниеттерімен жасаған қоныс аударуынан кейін XI ғасырдың орта шенінде едәуір нығайды.

XI ғасырдың екінші жартысынан XII ғасырдың бірінші үштен біріне дейін қыпшақ хандарының саяси бірлігінде де біршама тұрақтылық байқалады, солардың ішінен деректемелерде ең елеулі екі билеуші — «күдіретті» билеуші және «ең үлкен құрметке ие патша» бөліп айтылады.

Бұл айтылғандар қыпшақтардың этно-әлеуметтік қауымында ерекше ықпалы бар билік иелері жоғарғы хандар болған деп санауға мүмкіндік береді.

Қыпшақ хандарының билігі әкесінен баласына мұраға қалып отырған. Елбөрілі әулеттік ру саналған, хандар солардан шыққан. Тарихшы Джузджани (1260 жылдан кейін қайтыс болған) қыпшақ ханының әлеуметтік руы туралы мынадай құнды мәліметтер келтіреді: жас кезінде Қазақстан аумағынан Үндістанға монғолдардан қашып барған «(ұлы)ханның асқан ұлы ұлығы», Дели сұлтанатында ол «Елбөрі ханы және имектердің шахы» ретінде белгілі болды<sup>96</sup>. «Ұлық-ханның әкесі де, — деп жазады одан әрі Джузджани, — Елбөрі тайпасының арасында күшті кісі болған және хан атағымен аталған»<sup>97</sup>, ал оның атасы Елбөрі Абар-ханның ұрпағы саналады. Демек, Абар-хан қыпшақтардың әулеттік елбөрі (елбөрілі) руының генеалогиялық негізін қалаушыдан басқа ешкім де емес.

Осыған байланысты Махмұд Қашғаридың қыпшақтар арасындағы Табар-хан есімді тұлға туралы мәліметі назар аудартады. Алайда ол Табар-хан жөнінде ешқандай қосымша мәліметтер келтірмейді. Ал барлық жағынан алып қарағанда, Табар-хан мен Абар-хан бір-ақ адам. Осыны негізге ала отырып, Табар-хан (немесе Абар-хан) XI—XIII ғасырдың басындағы Қыпшақ хандары әулетінің алғашқы атасы болған деуге болады.

Орда деп аталған хан ордасында ханның мал-мүлкі мен хан армиясын

басқарған ханның басқару аппараты орналасты. Әскери-әкімшілік жағынан Қыпшақ хандары ертедегі түріктердің дәстүрлерін ұстанып, екі қанатқа: ордасы Жайық өзенінде, Сарайшық қаласы орнында орналасуы ықтимал оң қанатқа және ордасы Сығанак қаласында (Сырдарияда) орналасқан сол қанатқа бөлінді<sup>98</sup>. Неғұрлым күштісі оң қанат болды. Дұрысына келгенде, хандықтың орталығы Торғай далаларында болса керек. Әскери ұйым мен әскери-әкімшілік басқару жүйелеріне ерекше мән берілді, өйткені олар көшпелі тұрмыстың ерекшелігін көрсетті және көшпелі тіршілік әдісі үшін ең табиғи және қолайлы болды.

Үстемдік еткен ақсүйек топтарының қатаң иерархиялық жүйесі (хандар, тархандар, югурлар, басқақтар, бектер, байлар) айқын көрсетілді, сонымен қатар рулар мен тайпалар да өздерінің әлеуметтік маңызы жағынан бөлінді. Орталық Азияның көшпелі мемлекеттерінде рулар мен тайпалардың қатаң иерархиясы қоғамдық және мемлекеттік дамудың негізгі принципі болды.

Қыпшақ хандығында мемлекеттік істер жүргізіліп, ақсүйектер көршілес және алыстағы елдердің билеушілерімен хат жазысып отырды. Жазба деректерде қытай, үнді, ұйғыр ғұламалары мен данышпандары қатарында, қыпшақтан шыққан оқымыстылар да аталады. Қыпшақтардың мұсылман дініне тартылуы олардың мәдени-әлеуметтік дамуының жоғары деңгейін көрсетеді.

Қыпшақ көшпелі қоғамы өркениетінің өзіндік ерекшелігі — оларда байланыс желісінің өте жетілдірілгендігі болып табылады. Қыпшақтар елінде қолданылған коммуникациялық байланыстар жүйесі сол кездің «техникалық» прогресінің ең жоғарғы талаптарына сай келетін. Осыған байланысты XI—XIII ғасырдың басындағы қыпшақтардың этникалық аумағының кең-байтақ кеңістігі олардың қоғамының коммуникациялық мүмкіндіктеріне сәйкес болғанын атап өту жеткілікті.

Қыпшақ қоғамы әлеуметтік және сословиелік жағынан тең болған жоқ. Негізгі теңсіздік малға жеке меншік еді. Жылқы басты байлық саналды. Орта ғасырлардағы авторлардың хабарлағанындай, қыпшақтар елінде көптеген адамдар бірнеше мың жылқы, ал олардың кейбіреулері он мың және одан да көп үйірлі жылқыны иеленген<sup>100</sup>.

Қыпшақ тайпаларының көшіп-қонуы тез малшы топтары жүздеген, ал кейде мыңнан да астам шақырым жерге көшіп жүрді. Олардың көшетін аумағы тарихи дәстүрлерге, байлық дәрежесіне және табиғат жағдайларының сипатына қарай әр түрлі болып отырды. Негізгі жайылымдардың орны мен көшу жолдары, сан ғасырлық тәжірибе ұрпақтардың бойында қалыптасты. Осыған байланысты «отан» (этникалық аумақ) ұғымына «жайылымдық жер», «жайлау» және «қыстау» ұғымдары арқылы ой жүгіртуге болады. Тұрақты көшу жолдарын елеулі экономикалық, әлеуметтік немесе саяси себептер ғана өзгерте алатын. Көшу жолдары мен жайылымдарды бөлу қоғамның қалыпты тіршілігін қамтамасыз еткен жайылымдық-көшпелі жүйенің негізгі шарты болды. Мал ұрлау қатаң жазаланды, дағдылы құқықтың (төре) орныққан нормалары бойынша жазаланды деп есептелді. Жеке меншіктегі малға рулық-тайпалық белгілер (таңбалар) салынды. Малынан айрылған, демек, көшу мүмкіндігін жоғалтқан еркін қауым мүшесі отырықшы тұрғындар-жатақтар (ятұқтар) қатарына өтті. Кедей ятұқтар жеткілікті мөлшерде мал пайда болысымен-ақ, ол қайтадан көшпелі шаруашылыққа ауысып

отырды. Қыпшақ қоғамында ең құқықсыз топ соғыс тұтқындары есебінен толықтырылып отыратын құлдар болды. Этникалық аумақ шептерінің көптеген ерекшеліктерін басқа халықтармен этникалық-саяси қарым-қатынастар анықтады. Қыпшақ хандары Орта Азия мемлекеттерімен, әсіресе хорезмшахтармен ерекше табанды күрес жүргізді. Егемендікті тану, әдетте, вассалдардың билеушілерге адалдыққа ант беріп, алым төлеуінен, оның соғыс жорықтарына өз қолдарымен қатысуынан көрінді. Салжұқтар әскерінің құрамы көбінесе қыпшақ көсемдері бастаған тайпалық топтармен толықтырылып отырды.

XI ғасырдың екінші ширегінде хорезмшахтар салжұқтардың өктемдігіне қарсы қыпшақ және оғыз тайпаларынан тұратын әскер қолдарын қызметке кең көлемде тартты. 1065 жылы салжұқтардың билеушісі Алып Арслан хорезмшахтарды бағындырып, қыпшақтарға қарсы Маңғыстауға жорық жасады, онда қыпшақтардың жақсы бекінген қамалы орналасты. Қыпшақтарды бас идіруге көндірген Алып Арслан оғыздардың шағрақ тайпасына шабуыл жасап, олардың 30 мындық әскерін талқандады<sup>101</sup>. Осыдан кейін салжұқ сұлтаны Жент пен Сауранға жорық жасады. Осы соғыс науқанының нәтижесінде қыпшақ тайпаларының бір бөлігі уақытша Хорасан салжұқтарына тәуелділікке түсті. Сірә, осы тайталастар барысында қыпшақтар оғыз-салжұқтардың алқабұлақ тайпасын тұтқынға алса керек, бірақ соңғылары, Махмұд Қашғаридың айтуынша, олардан құдайдың көмегімен құтылып кеткен<sup>102</sup>.

XI ғасырдың соңғы ширегінің аяғында Маңғыстауда және Каспий теңізінің шығыс жағалауында бұрынғысынша қыпшақтар билік жүргізді, оларға оғыз және түрікмен тайпаларының жекелеген топтары саяси жағынан тәуелді болды. 1096 жылы «құдіретті» хан бастаған қыпшақ бірлестігінің тайпалары Хорезмге жорық жасады. Алайда хорезмшахтардың қамқоршылары салжұқтар оларды Маңғыстауға қайтуға мәжбүр етті.

Махмұд Қашғаридың жанама мәліметтеріне қарағанда, қыпшақтардың әскери-көшпелі шонжарлары қарахандар әулетінің билеушілерімен саяси жағынан күрделі өзара қатынастарда болған. Қарахандар қыпшақ ұлысының шығыс шектеріне жорықтар жасады, ал кимектер Ертіс жағалауынан Жетісудағы түріктердің мұсылман державасына шапқыншылық жасады. Қыпшақ хандары өз жерінің оңтүстік-батысында, Тараз аймағында Қарахандар мемлекетімен шекаралық мекен ретінде Кенжек Сенгір бекінісін салды.

XI ғасырдың аяғында Жент, Жанкент және төменгі Сырдарияның басқа да қалалары қыпшақ көсемдерінің қолында қала берді. Алайда XII ғасырдың бірінші жартысында бұл аймақ қыпшақ хандары мен оны қайткен күнде де иеленуге тырысқан Орта Азияның мұсылман әулеттері арасындағы табан тірескен күрес өңіріне айналды. Кутб ад-дин Мұхаммед билеген кезеңде (1097–1127) қыпшақтар хорезмшахқа пәрменді қарсылық көрсетіп, төменгі Сырдария мен Арал және Каспий теңіздері аралығындағы далалық жерлерді өздеріне сақтап қалды. Қыпшақ билеушілері Мұхаммедтің мұрагері, ұлы Атсызды (1127–1156) күшті де алғыр қарсылас деп білді. Хорезмшах билігінің алғашқы кезінде Санжарға адал бодан болып қала берді. Сол екі арада, көп кешікпей ол өзінің бүкіл ой-ниетін ең алдымен шектес жатқан қыпшақ тайпаларын бағындыру арқылы өз билігін күшейтуге бағыттады. Исламды таратуды желеу еткен хорезмшах Атсыз



Жентке жорық жасап, оны жаулап алды да, сонан соң солтүстікке аттанып, Маңғыстауды өз иеліктеріне қосты.

Қырға бойлай еніп, бірнеше сәтті жорықтар жасай отырып, хорезмшах Атсыз 1133 жылы «дінсіздер арасында зор құрметке ие болған»<sup>103</sup> қыпшақ ханын жеңді. Деректемелер жоғарғы қыпшақ ханының байырғы өз ұлысы шегінде алғаш рет ірі жеңіліске ұшырауының себептері туралы ешқандай қосымша мәліметтер келтірмейді. Шынына келгенде, қыпшақ хандығының бытыранқылығы сол кезден (XII ғасырдың екінші жартысынан) басталып, күшейе түседі, оны бірқатар себептер туғызды, олардың негізгілері: қыпшақ тайпалары арасында, ең алдымен олардың ақсүйек топтарында Хорезмді жақтайтын бағдардың қалыптасуы, қаңлылардың ірі бірлестігінің құрылуы, билік жолындағы әулеттік өзара қырқысқан күрестің күшеюі болды.

Атсыздың дербестікке ұмтылудан туған тәуелсіз қимылдарына Санжар ескерту жасап, Хорезмге жорық ашты және хорезмшахты өзіне бағындырғандығын білдіруге мәжбүр етті. Жазбаша деректемелердің хабарлауына қарағанда, қыпшақтардың әскери-ақсүйек шонжарлары 1145–1152 жылдарда Атсызға Жентті үш рет беруге мәжбүр болған. Хорезмшах Жентті «әлемнің ең басты жері және исламның аса ұлы шекаралық шет аймағы»<sup>104</sup> деп білді, сондықтан бұл қаланы иеленуге ерекше мән берілді. Жент пен Маңғыстауды өз иеліктеріне қосу арқылы ол көршілес көшпелі тайпаларды Хорезмге тәуелді етті. Атсыз өзінің үлкен ұлы Әл-Арсланды Жентке билеуші етіп тағайындады.

XII ғасырдың екінші жартысынан бастап, әсіресе Текеш билік құрған дәуірде (1172–1200) қыпшақ шонжарларымен жақындасуға нысаналы саясат жүргізілді. Қыпшақтардың, қаңлылардың, кимектердің тайпалық топтарының басшыларын хорезмшахтар қызметке тарта бастады. Қыпшақ бірлестігі мен хорезмшахтар әулетінің билеуші шонжарлары бір-бірімен туыстық байланыстар орнатты. Қыпшақ ханы Жанкеші өзінің қызы Теркен-қатынды хорезмшах Текешке берді. Орта ғасырлардағы қатынастар дәстүрлеріне сәйкес, түрлі деңгейлердегі этникааралық байланыстарда «та тулық пен туыстық одағы» сияқты қасиеттердің ерекше зор маңызы болды. Олар екі жақты қоғамдық-саяси қолдаудан көрінген нақты және көбінесе тығыз байланыстардың тұтас жүйесін туғызды.

Ұран тайпасының көсемі Алып Қара бастаған қыпшақтар 1181 жылы Женттің шекарасына келіп, хорезмшахқа қызмет етуге тілек білдірді. Алып Қара өз ниетінің шын екенін дәлелдеу үшін үлкен ұлы Қыранды оғландармен (бектердің балаларымен) бірге хорезмшахқа қызмет ету үшін Гурганджға жіберді. Текеш жіберілген адамдарды лайықты қарсы алып, Қыранға өз қызын ұзатады. Көп кешікпей Текештің ұлы Мәлік-шах пен Алып Қараның біріккен әскерлері қарақытайларға қарсы аттанды. Осы бірлескен қимылдардың нәтижесінде Таразға дейінгі жер азат етілді. Текеш Иран мен Азербайжанның билеушісі атабек Жиһан Пехлеванға (Қыран оның да қызына үйленген еді) жазған хатында өзіне Түркістанның барлық түкпірлеріндегі қыпшақтардың сансыз қолы қызмет ететінін хабарлаған<sup>105</sup>.

Әл-Бағдадидің мерзімі 1182 жыл деп көрсетілген мәліметтері бойынша, Мәлік-шах тек Женттің, Рибат пен Баршылықенттің ғана емес, сонымен қатар қыпшақтардың әкімшілік-саяси орталығы Сығанактың да билеушісі деп аталған. Алайда бұл деректер аймақтағы саяси жағдайдың ара-тұра

көрінісін ғана бейнелеген. Ол жағдай жалпы алғанда хорезмшахтар өздерінің тәуелсіз қыпшақ ұлысының негізін шайқалтуға бағыттап жүргізген саясатының мақсатында туғызып, қолдап отырған мейлінше тұрақсыздығымен сипатталды. Бұл үшін олар қыпшақ ақсүйектерінің өкілдерінен хорезмшахтардың ниеттерін қолдайтын шектеулі әскери сословие құрды. Мұндай бағыттың идеологиялық негізі қыпшақтарды, ең алдымен олардың шонжарларын ислам дініне енгізу болды<sup>106</sup>. Солай бола тұрса да, қыпшақ тайпаларының едәуір топтары XII ғасырдың аяғына дейін ислам дінін мойындамады. Жент пен Фараб арасындағы байтақ жер XII ғасырдың аяғына дейін пұтқа табынатын қыпшақтар аймағы деп саналған. «Осындай кейінгі кезге дейін, — деп атап өтті В. В. Бартольд, — исламды қабылдамаған қыпшақ мемлекетінің болу мүмкіндігі халықтық элементтің қаншалықты күшті болғанын көрсетеді»<sup>107</sup>.

Хорезм билеушілерінде қызметте жүрген қыпшақ тайпалары көсемдерінің Дешті Қыпшақтағы далалық тайпаластарының жағына шығып кетуі сирек кездеспейді. 1195 жылы Сығанақ пен Жент билеушісі қыпшақ ханы Қадыр-Буке қасиетті соғыс сылтауымен аттанысқа шыққан Текештің әскерімен шайқасты. Шайқастың нәтижесі ұран тайпасынан шыққан қыпшақ ұландарының хорезмшах қосынынан Қадыр-Буке-хан жағына өтуі нәтижесінде шешілді. Талқандалған әскерінің қалдығымен Текеш Хорезмге қайтып оралды.

XII ғасырдың ортасында қыпшақтар мен кимектердің әскери қолдары Еділ бойында орналасқан Саксин мен оның төңірегіне жорық жасады. Осы оқиғалардың нәтижесінде Саксин тұрғындары қыпшақ хандарына тәуелді екендіктерін мойындады, сөйтіп қыпшақ хандары оған өз наместниктерін (басқақтарын) тағайындады. Орныққан дәстүрге сәйкес, Хорезм билеушілері қанлылар мен қыпшақтардың хандарының руынан әйел алатын. Біріккен қанлы тайпалары XII ғасырдың екінші жартысы — XIII ғасырдың басында өзін-өзі билеуге ұмтылған және сол арқылы Қыпшақ хандығының саяси бірлігіне жәрдемдеспеген үлкен саяси күш болды. Хорезмшахтардың негізгі әскери тірегі қанлылар мен қыпшақтардың топтары болғаны мәлім. XIII ғасырдың басында хорезмшахтар сарайында қанлылардың басшысы Әмин Мәлік үлкен рөл атқарды, ал оның қызын хорезмшах Ала ад-дин Мұхаммед алған еді. Хорезмшахтар мемлекеттік және әскери лауазымдар берген қыпшақ ақсүйектері хорезмшахтардың мүдделерін қорғайды. Қыпшақ қоғамында қыпшақтардың едәуір топтарының Хорезмді жақтаған бағыт ұстауы, сондай-ақ жоғарғы билік үшін бақталастықтың орталықтан аулақтану сарындары туғызған ішкі қайшылықтар күшейді. Осы жағдайда хорезмшахтар қыпшақ көсемдері арасында шеберлікпен араздық отын тұтатып, қолдап отырды.

XII ғасырдың аяғында Қадыр-Буке-хан мен оның жиені Алып-Дерек дауласып қалды. 1198 жылы Текештің ұлы Мұхаммед Алып-Дерекпен бірге далаға жорық жасады. Қадыр-Буке-хан талқандалып, Хорезмге жеткізілді. Хан билігі Алып-Дерекке көшті, ол хорезмшахтарға тәуелсіз саясат жүргізді. Қыпшақ ханының одан әрі күшеюінен қауіптенген Текеш Қадыр-Буке-ханды босатып, оған Хорезмнің көп әскерін берді де, оны Алып-Дерекке қарсы аттандырды. Соның нәтижесінде Алып-Дерек талқандалды, алайда Қадыр-Буке-ханның өзі хорезмшахқа тәуелді болып қалды.

XIII ғасырдың басында мұсылмандық Азияда бірінші болуға дәмелен-

ген хорезмшах Мұхаммед (1200–1220) мемлекетінің құрамына Сығанақ аймағы да кірді. Сығанақ иелігінен айырылғанына карамастан, қыпшақ хандары Хорезмге қарсы табанды күрес жүргізуін жалғастыра берді. Женттен Мұхаммед солтүстікке қарай Дешті Қыпшақтың қыпшақтарына қарсы талай рет жорық жасады. 1216 жылы Қадыр-ханға қарсы бір соғыс жорықтары кезінде ол Ырғызға дейін жетіп, онда Торғай даласында монғолдардан қыпшақтар еліне қашқан меркіттерді қуып келе жатқан Шыңғыс-хан әскерімен мүлдем күтпеген жерде қақтығысып қалды. Сұлтанмен шайқастан кейін монғолдар түн жамылып шегініп кетті. Бұл Қазақстан жеріне монғолдардың алғашқы келуі болатын, ол қыпшақтардың хорезмшахтармен ұзаққа созылған бақталастығын тоқтатты.

Қыпшақ мемлекеті құлады, алайда оның даму үрдісін XIII ғасырдағы ауыр оқиғалар біржола күйреткен жоқ, тек қана тұншықтырып тастады, сөйтіп XV ғасырда, қазақ халқы мен мемлекетінің қалыптасу кезеңінде қайта шықты.

**Тайпалық және этникалық құрамы.** XI ғасырдың бірінші жартысынан XIII ғасырдың басына дейін қыпшақ этникалық қауымдастығының қалыптасуы дамудың сапалық жаңа кезеңіне аяқ басады, мұның өзі ең алдымен олардың жерінде – Шығыс Дешті Қыпшақта қыпшақ хандары күш-қуатының артуына байланысты еді, ал олардың билігін өз мемлекеті шеңберінде күшті әулеттік елбөрілі руы заңдастырды.

XI ғасырдың орта шенінде қыпшақ және куман тайпалары батысқа қарай қозғала бастады. XI ғасырдың екінші жартысында оңтүстік орыс далалары шегінде болған саяси және этнографиялық өзгерістерді парсы тарихшысы Хамдаллах Казвини атап өткен, оның мәліметтері бойынша, Дешті Қыпшақ деген Дешті Хазардың нақ өзі. X ғасырда оңтүстік орыс далалары Дешті Хазар ретінде белгілі болған. Кумандар 1055 жылдан бастап ертедегі орыс жылнамаларында айнытпай аударылған «половец» деген атпен кездеседі. Барлық жағынан алып қарағанда, «половечтер» терминін екі мағынада: дәл кумандарды білдіретін нақты және бүкіл қыпшақ тайпалары бірлестігіне қолданылған кең көлемдегі мағынада түсіну керек. Алайда жылнамаларда бұл мағыналары ажыратылмаған.

Жазбаша (ертедегі орыс) ескерткіштердегі мәліметтерді түсіндірген кезде белгілі қиындықтардың тууы содан. Орта ғасырлардағы Византия тарихнамасына да байланысты істің жайы нақ осындай. 1078 жылы византиялықтар өздерінің батыстағы көршілерінің шын этникалық атауы кумандар екенін бірінші болып біліп, бұл атауды Дешті Қыпшақтың барлық түрік тайпаларына таратты. Бұл дәстүр Византия әдебиетінде тура XIV ғасырға дейін сақталды.

«Половец даласының» шегі ертедегі орыс жылнамаларында Еділ мен Днепр аралығында деп белгіленді. Ал, мұсылман деректемелеріне сәйкес, батыс Дешті Қыпшақ әлдеқайда көп жерді алып жатқан. Мәселен, араб географы әл-Идрисидің (XII ғ.) мәліметтері кумандардың көшіп жүретін жерлері Днестр мен Днепр аралығында орналасқан, ал Днепрден шығысқа қарай қыпшақ тайпаларының ордалары жатқан деп санауға мүмкіндік береді<sup>108</sup>. Батыс бірлестігі қыпшақтарының тайпалық құрамы он бір тайпадан: тоқсоба, йетиоба, бұржоғлы, елбөрілі, қаңғароғлы, анджоғлы, дурут, құлабаоғлы, жартан, қарабөріккі, қотан тайпаларынан тұрған<sup>109</sup>.

Біршама біртектес этникалық құрамы атап өтіледі, оған тек түрік тайпа-

лары: қыпшақ, куман және печенег тайпалары ғана кірген. Қыпшақ тайпаларының батыс конфедерациясындағы жетекші әулеттік тайпа тоқсоба мен бұржоғлы болған. Қазақстан аумағында құрылған Шығыс қыпшақ бірлестігінде этникалық байланыстардың даму және терендеу дәрежесі, сондай-ақ қыпшақ этносының қалыптасу деңгейі Шығыс ұлыс қыпшақтарының тайпалық құрылымы бойынша әжептәуір айқын анықталады. Араб ғалымдары Ахмет ат-Тыни (1235–1318) және ад-Димашкидің (1301–1349) еңбектерінде Шығыс ұлыс қыпшақтарының рулық-тайпалық құрамы туралы нақты деректер бар. Ол 16 этникалық компоненттен тұрған. Олардың 8-і негізгі тайпалар болған да, одан кейінгі 8 этникалық компонент неғұрлым ұсақ бөлімшелер болып табылады. Қыпшақтардың он алты тайпалық конфедерациясы тізімінің өзі ретсіз кездейсоқ сипатта болмағанын атап өту маңызды. Керісінше, онда бәрі де аталған этникалық бөліністердің әрқайсысы әулеттік, әлеуметтік және саяси орны мен деңгейіне сәйкес қатаң реттелген.

Ең бірінші жетекші, тандаулы тайпа бөрілілер (басқа деректемелер бойынша, елбөрілілер) болып, қыпшақ хандары ұрпақтан ұрпаққа солардың қатарынан шығып келген. Бөрілі терминінің семантикасы «қасқыр» мағынасымен байланысты. Тарихи және этнографиялық әдебиетте бірқатар түрік этносының аңызға айналған негізін қалаушы ретіндегі қасқырға табыну және түрік тайпаларының ертедегі даму сатыларындағы қасқырдың тотемдік рөл атқаруы кеңінен белгілі. Бөрілілер (елбөрілілер) Орталық Азиядан шыққан ертедегі түрік тайпасы болған. Екіншісі – тоқсоба, ол да «тоғыз тайпалы» деген мағынамен тандаулы тайпаларға есептеледі. Одан әрі йетиоба, яғни жеті тайпалы (жетіру), содан соң «төрт тайпалы» дегенді білдіретін дурут тайпасы (туртоба) келеді. Бесінші тайпа етіп әл-арс аталады, олар аландарға туыстас иран тайпасы астар деп саналады. Осының бәріне қарағанда, Арал теңізіне көршілес мекендеген түркі тілдес астардың (арстардың) жекелеген топтары қыпшақ тайпаларының құрамына енсе керек. Одан әрі бұржоғлы тайпасы келеді, олар басқалармен қатар оңтүстік орыс далаларында қыпшақ қоғамының үстем тобын құрып, ал Мысырда өз ортасынан мамлюк-сұлтандар әулетін шығарған. Жетінші етіліп манқұроғлы тайпасы көрсетіледі, олар, тегінде, кимек тайпаларының біреуіне жататын болса керек. Бірқатар деректемелердің мәліметтері бойынша, кимектер елінде Манқұр таулары болған. Тотем ретінде, сірә, таулардың аты кимектер конфедерациясының жекелеген топтарына берілген болса керек. Соңғы ірі тайпа ретінде имек тайпасы – мұсылман тобының көптеген жазбаша деректемелері бойынша, түркі тілдес кимек этносының нақ өзі аталады. XI ғасырдан бастап, шынына келгенде, Кимек қағанаты құлағаннан кейін, жазбаша деректемелерде кимек атауы енді аталмай, ол өзінің диалектілік түріндегі имектерге орнын толық босатып берген. Қыпшақтар мен имектердің этникалық-саяси және этникалық-мәдени асқан тығыз байланыстарының топтасудың жоғары деңгейіне жеткені соншалық, Махмұд Қашғари (XI ғ.) дәуірінде имектерді қыпшақтар деп атаған, ал қыпшақтар болса өздерін басқа атаумен атаған.

Тайпалардың қарастырылып отырған тізімі тұрғысынан алғанда, ад-Димашки имектер жөнінде: «ал олар (имектер) сол кезде-ақ хорезмдіктерге айналған еді» деген мазмұндағы ескертпелерге сәйкес<sup>110</sup>. Бұл арада ең алдымен имек ханының қызы, хорезмшах Текештің әйелі Теркен-қатынның қызметі-

нде болған 10 мың адамдық имек әскерінің контингенті айтылып отыруы ықтимал.

Ұсақ бөлімшелер арасында бірінші кезекте тағ этнонимі аталған. Ертедегі оғыз аңыздарына қарағанда, тағ тайпасы оғыздардан шыққан. Содан соң ертедегі башқұрт тайпасы — жекелеген топтары X ғасырда Арал өңірі мен Каспий өңірі далаларына қоныстанған башқұрттар айтылады. Соның ізінше куманлу этнонимі, яғни куман + — лу (билеу немесе қатынас аффиксі) тайпасы аталады<sup>111</sup>. Бұлар, сірә, кумандардың негізгі көпшілігі Шығыс Европаға көшіп кеткеннен кейін Қазақстан аумағында қалған куман тайпаларының топтары болса керек. Одан соң екі тайпа: базанак (бажанак) және бажна тайпалары айтылады, ал олар башқұрттармен бірге печенег тайпаларының одағына кірген. IX ғасырдың бірінші жартысында олар оғыздардың, кимектер мен қарлұқтардың одағынан жеңіліс тауып, содан кейін іле-шала негізгі бұқарасы Арал теңізі, Жем мен Жайық аймағынан батысқа ауып көшуге мәжбүр болған еді.

Жазбаша деректемелердің көрсетіп отырғанындай, аталған түркі тілдес үш тайпаның жекелеген бөлімшелері Батыс Қазақстанда қалып, қыпшақтар бірлестігінің құрамына енген. Осыдан кейін қарабөріккі аталады, олар да Арал өңірінің печенег тайпаларына жатады. Семантикасы жағынан бұл тайпа қарақалпақ тайпасының атауына сай келеді. Содан соң ұз, шындығында оғыз тайпасы келеді, өйткені халық оларды осылай атаған. Қыпшақтар құрамында ең соңынан аталатыны — жортан (шортан) этнонимі. Бұл сөздің «шортан» деген мағынадағы семантикасы оның түрік негізінде екенін көрсетеді.

Демек, конфедерацияға кимек(имек, манқұроғлы), оғыз (ұз және тағ), печенег-башқұрт (башқұрт, бажанак, бажа), ас, куман (куманлу, бұржоғлы (?) және жортан) тайпалары мен қыпшақ тайпаларының өздері (бөрілі/елбөрілі, тоқсоба, йетиоба және төртоба) енген, оларды атап көрсетудің әсіресе қыпшақ этникалық қауымдастығының қалыптасу жолы туралы мәселені қарастыру кезінде принципті маңызы бар.

Қыпшақтар конфедерациясы тайпалық құрамының XI—XII ғасырларға қатысты құрылымы оның күрделі және әр текті болғанын барынша айқын көрсетеді. Қыпшақ конфедерациясы өзінің қыпшақ тайпаларымен қоса, түркі тілдес кимек, куман, печенег, ертедегі башқұрт, оғыз тайпаларын, сондай-ақ иран тілдес этникалық жіктердің түркі тілдес элементтерін жинақтаған. Ал мұның өзі иерархияға және оған қоса әлеуметтік организмдер болатын. Тегінде, топтасу және бірігу негізінде туыстас қыпшақ тайпалары одағынан халық болып ұйысу үрдісі жүріп жатқан болса керек. Қыпшақ мемлекетіне ұйымдасқан қыпшақтар халықтың қалыптасу сатысында бірқатар жағдайларда өздерінің қоластындағы халықты сіңістіре отырып, кеңбайтақ аймаққа таралуға қабілетті болып шықты.

Қыпшақ қауымдастығының қалыптасуына аталған тайпалармен қоса, XII ғасырдың екінші жартысында шағын топтары Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал өңірі далаларының шегінде этникалық-аумақтық бірлестік құрған көп санды қанлы тайпалары пәрменді түрде қатысты.

Зерттеу әдебиетінде қанлы этнонимінің пайда болуы туралы мәселеде бірнеше пікір бар. Бірқатар зерттеушілер қанлыларды кангарлар (печенегтердің тандаулы тайпасы) деп санайды. Сонымен қатар қанлылар печенег тайпалары бөлігінің қыпшақтармен сіңісуінің нәтижесі деп қарастырыл-

атын болжам бар. Үшінші бір жағдай да бар, онда қаңлы этнонимі кимек-қыпшақ тайпаларының Сырдария мен Арал өңіріндегі ертедегі печенег-оғыз тайпаларын жаулап алуына байланыстырылады. Қаңлы этнонимінің біршама кейінгі кезде, XI ғасырда пайда болуы туралы атап өтілген ұйғыр елшілерінің Алтай аймағында, басмылдармен, тоғыз-ғұздармен және карлұқтармен көршілес болған кара қаңлы (немесе кара қаңлығ) этнонимін айтуы туралы фактіні ескергенде оны түсіндіру қиындай түседі<sup>112</sup>. Оғыз -хан туралы тарихи аңыздарда қыпшақтармен, ұйғырлармен, карлұқтармен бірге қаңлылар ежелгі түрік халықтары ретінде аталады. Жеке адам этнонимі ретінде қаңлы атауы жөнінде XI ғасырда Махмұд Қашғари былай дейді: «Қаңлы — қыпшақтардан шыққан ұлы адамның аты»<sup>113</sup>.

Сонымен бірге қыпшақтардың этникалық құрамына Қазақстан аумағына Шығыс Түркістаннан X ғасырда келген ұрандар, сонан соң баяттар, сол сияқты азқиштер мен түргештер сияқты түркі тілдес тайпалар енген. Соңғы екі тайпаның XII ғасырда Қара теңіз өңірінде пайда болуы, тегінде, қыпшақ тайпаларының, солармен бірге азқиштер мен түргештердің солай қарай қоныс аударуына байланысты болса керек. Қыпшақтардың этникалық компоненттерін сондай-ақ карлұқтар, жікілдер, қайлар да құрады.

Қазақстан аумағында қыпшақ халқының қалыптасуын этникалық аумақ, шаруашылықты жүргізу түрлерінің біртектестігі, қоғамдық қатынастар жүйесі мен тіл бірлігі жәрдемдескен этникалық-мәдени белгілердің жымдасу үрдісі жеделдете түсті. Қыпшақтардың әр түрлі этникалық топтармен өзара тығыз іс-қимылы этникалық қауымдастыққа әсер етті. Қыпшақтардың саяси салмағының барған сайын өсе түсуіне байланысты көптеген тайпалар мен этникалық топтар өздерінің біртұтас этносқа жататындығын ұғынып, қыпшақ этнонимін қабылдады және өзін-өзі қыпшақтар деп атай бастады.

Алайда қыпшақ халқы қалыптасуының соңғы кезеңін монғол шапқыншылығы үзіп жіберді. Этнос ретінде қыпшақтар қазақтардың этногенезінде елеулі рөл атқарды. «Қазақ» сөзінің өзі қыпшақтар мекендеген аймақта пайда болған деуге барлық негіздер бар. «Қазақ» терминінің алғаш рет таралған аймағы шығыс Дешті Қыпшақпен, басқаша айтқанда, қазіргі Қазақстан аумағымен байланысты болды. «Қазақ» сөзінің осы фонетикалық құрамында пайда болуын А. Н. Самойлович шамамен XI ғасырға жатқызды<sup>114</sup>. «Қазақ» этнонимінің пайда болуы мен шыққан тегі туралы мәселенің тарихнамасы ғалымдардың кейде қереғар келіп жататын толып жатқан пікірлерін қамтитындығын атап өткен жөн. Алайда бұл аса маңызды әрі көкейкесті проблемаға әзірше кесімді жауап айтылған жоқ. Методологиялық тұрғыдан алғанда, қазақ халқының тарихы мен құрылу уақытын деректемелердегі қазақ этнонимінің пайда болуынан әдістемелік тұрғыдан ажырата білу керек.

Қазақ терминінің еш күмән келтірмейтін бірінші рет айтылуына келер болсақ, ол 1245 жылы Мысырдың Мамлюк мемлекетінің қыпшақ ортасында құрастырылған көне қыпшақ шығармасында (түрік-араб сөздігінде) айтылады. Онда «қазақ» сөзіне «еркін, кезбе» деген мән беріледі<sup>115</sup>. Бұл семантика бастапқыда қазақ терминіне әлеуметтік мағына берілген және ол әдетте әкесінің шаруашылығын мұраға алмаған адамды білдірген деп санауға мүмкіндік береді (түрік қоғамы жағдайында, Минората дейтін — әке мүлкінің негізгі мұрагері кенже ұлы болған, ал үлкендеріне жеке шаруа-

шылықтар бөлініп берілетін ғұрып; әдетте үлкен ұлдары өз руынан, тайпасынан, қоғамынан уақытша кетіп, тіршілігіне қажетті нәрселерді соғыс істеріне қатысу арқылы тапқан ғұрып болған).

Қазақ ұғымының пайда болуы XIII ғасырдан гөрі неғұрлым ертерек уақытқа қатысты деп те санау дұрыс болар еді, алайда хронологияны анықтайтын ешқандай тікелей деректер әзірше табылған жоқ. Дегенмен де, жазбаша деректемелерде бұл жөнінде жанама деректер бар.

Институт ретінде қазақтану әмбебап, сатылы сипатта болды. Ол түрік тайпалары арасында да, араб Шығысының (са'лук), Батыс Европаның (норвег викингілері), Русьтің (кезбелер) және т. б. қоғамдарында да орын алды. Осы әлеуметтік құбылыстың мәні бірдей болған жағдайда әрбір ретте терминологиялық ерекшелік байқалып отырды.

Қазақтану институтының қалыптасуы мен уақыты жөнінде X ғасырдағы араб географы Ибн әл-Факихтің шығармасында, оғыз ханзадасы Балқик Ибн Жабғудың әңгімесіне байланысты сюжетте өте қызықты мәліметтер айтылады, оның мазмұны мынадай: «Менің бабаларымның біреуі, — дейді Балқик, — сол кезде патша болған әкесіне ашуланып, одан бөлініп кетті. Ол өзіне келгендерді, жасақшыларды және қарақшылық (са'лук) жасауды ұнататын басқа адамдарды серік етіп тандап алды»<sup>116</sup>.

Қазаққа айналудың бұл классикалық сипаттамасы, тегінде, Сырдарияның төменгі ағысын жайлаған оғыз билеушілері жабғудың тарихымен байланысты болса керек, ал оның тарихи тамыры, жанама көрсеткіштерге қарағанда, IX ғасырда жатыр деп айқын анықталады. Ибн әл-Факих қазаққа айналудың арабша «са'лук» терминінің оғызша баламасын келтірмейді. Оның әрекетінің аты — «са'лука» бәдәуилер арасында тайпада өзіне орын таба алмаған, сондықтан топ құрып алып, қарақшылық жасау жолымен бақыт іздеп кеткен кедей болса да, алғыр адамдарды білдірген. Алайда, терминологиялық жағынан ерекше болғанымен, қазаққа айналу институтының мазмұны жөнінен әр түрлі (оғыз және араб), бірақ біртектес көшпелі екі қоғамда сәйкес келетіндігі айқын аңғарылады.

Қай жағынан алып қарағанда да, Ибн әл-Факих арабтың «са'лук» сөзін «қазақ» терминінің орнына қолданған деп зор сеніммен айтуға болады. Төменде көрсетілгендей, оғыз-түрікмен қоғамында IX—X ғасырларда орын алған «қазақ» ұғымы қыпшақтар ортасына сіңісіп кеткен. Мұндай алғышарт оғыздар мен қыпшақтардың кейіннен генетикалық, тілдік, әлеуметтік және шаруашылық-мәдени жақындығының қалыптасуына жеткізген сан ғасырлық аса тығыз этникалық-саяси және этникалық-мәдени өзара байланыстарының объективті фактісінен ғана туындамайды, сонымен бірге жазбаша деректемелердің қосымша материалдарына да негізделді. Мәселен, XIII ғасырдағы хорасан түрікмендерінің арасында антропоним құрамында «қазақ» термині атап өтілген. «Данишкеде-и Маккул-у Манкул» кітапханасындағы бір қолжазбаның колофонында анық қолтанбамен былай деп жазылған: «Бұл қолжазбаны алған Біләл бин Жабраил бин Мұхаммед Әли ат-Түрікмени әл-Қазақи, хиджраның 660 жылы»<sup>117</sup>, яғни 1262 жыл. Бұл адамның жеке атындағы «әл-Қазақи» деген сөзді, сірә, қай этникалық ортаға жататындығын көрсететін басқа нисбамен қосақтап алынған нисба ретінде қабылдау керек болар. Әл-Қазақи терминінің түрікмен этнонимімен қосақталуы Мысырдың қыпшақ-араб сөздігінде «қазақ» терминіне әлеуметтік мағына берілгені сияқты, бұл ұғымда әлеуметтік мән болған жоқ, қайта

этникалық ерекшелік болды деуге жеткілікті негіз береді. Өз есімінде этникалық белгілерді көрсететін екі нисбаны (ат-Түрікмени және әл-Қазақи) қосарластыра келтіру әлдебір ерекше және сирек кездестін нәрсе емес. Сол кездегі жазбаша еңбектерде бір есімде әр түрлі екі этнонимнің жазылу мысалдары бар, мысалы, Сайф ад-дин Канкар ат-Турки.

Қарастырылып отырған Біләл бин Жабраил бин Мұхаммед Әли ат-Түрікмени әл-Қазақи деген жеке адамның есімінен Шығыс Дешті Қыпшақтан шыққан, Хорасан түрікмендерінің қоғамындағы қыпшақ қазақтары өкілінің аңғарылатыны күмәнсіз. Бір ғажабы түрікмен-оғыз ортасына әл-қазақи түріндегі терминнің фонетикалық құрылысы тән емес, керісінше, олар үшін «әл-қазахи» деп жазылған термин заңды, яғни оларға тән фонетикалық нормаларға сәйкес «әл-қазақи» сөзінің үшінші буынындағы «қ» әрпі «х» дыбысымен алмастырылады. Рашид ад-Дин Раб-и Рашидидің Хорезм-Хорасаннан хат алысуына жататын «Вакф-наме» деген жазбаша құжатында этникалық сипатта екені күмән туғызбайтын «қазахлу», «қазақтар» деген атаулардың кездесуіне қарағанда, Хорасан аймағында қазақтар айтарлықтай топ болған.

Баяндалған материал XI–XII ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ қыпшақтарының қоғамында «қазақ» деп аталатын этникалық-әлеуметтік топтардың болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Алайда, бұл айтылғандардан қазақ халқы монғолдардан бұрынғы уақытта қалыптасқан деген тұжырым туындамайды. XI–XIII ғасырдың басында далалық өңірде де, егіншілік алқаптарда да мекендеген және бірнеше шаруашылық-мәдени үлгілер шеңберінде олардың қоғамы тіршілігінің тұтас және бірыңғай жүйесін құрған қыпшақ тайпаларының топтасуы қазақ халқының қалыптасуында аса маңызды кезең болды. Этникалық үрдістердің дамуы негізінде XI–XII ғасырларда Қыпшақ хандығында қазақ халқының этникалық ұйытқысы қалыптасады.

**Қыпшақтардың этникалық жер аумағы.** Қыпшақтардың этникалық жер аумағының қалыптасу үрдісі этностың негізгі қоныстанған аймағының анықталуымен мейлінше тікелей байланысты.

Кимек қағанының қол астында болған кең-байтақ жер XI ғасырдың басында әулеттік елбөрі руынан шыққан хандар бастаған қыпшақ шонжарларының қолына толық көшті. Кимек тайпалары шығысында Алтай мен Ертістен батысында Еділ мен Оңтүстік Оралға дейінгі, солтүстігінде Құлынды даласынан оңтүстігінде Балқаш көлі мен Жоңғар Алатауына дейінгі кең-байтақ жерді алып жатқаны мәлім. Қыпшақ хандары саяси дәуірлеуімен қоса-қабат, оңтүстік бағытта ілгерілеп, Сырдарияның орта және төменгі аймағын, Арал және Каспий өңірі далаларын Қыпшақ хандығының қоластына қаратты. Қыпшақ ақсүйектері Сырдария бойы қалаларының билеушілеріне айналды.

XI ғасырдың екінші жартысы – XII ғасырдың басында қыпшақ хандарының біршама орталықтануы мен бірлігі қыпшақ тайпаларының Хорезм жағына қарай, сондай-ақ Жетісудың солтүстік-шығысы мен Оңтүстік Қазақстан ауданына қарай одан әрі жылжуына себепші болды. XI ғасырдың екінші жартысының бас кезінде қыпшақтар Маңғыстау мен Үстіртте орнығып алды, бұл жерлерде олармен бірге оғыз тайпаларының қалған топтары (кешаттар мен чағрақтар) көшіп жүрді. Әл-Идрисидің «Кіші картасында» «Қыпшақтар даласы» (Сахра әл-қыфчак) деген географиялық атау келтірілген.



Бұл этнотопоним Каспий және Арал теңіздерінің арасында орналастырылған, мұның өзі XI ғасырдың екінші жартысына қатысты тарихи шындықты көрсетеді. Аса бағалы деректеме ретіндегі тарихи карталар жөнінде, атап айтқанда, этнонимияны картаға түсіріп бейнелеудің — көрсетілетін объектілердің немесе құбылыстардың мәнін мейлінше айқын көрсетіп беретінін айту керек. Орта ғасырлардағы географиялық карталарды салыстыру әдісі осы карталар арасындағы тиісті уақыт кезеңі ішінде қоныстану географиясы үрдістерінің нәтижелерін бейнелейтін айырмашылықтарды атап көрсетуге мүмкіндік береді.

Қыпшақ тайпаларының куман тайпаларымен бірлесе отырып, Еділден батыс бағытына қарай қозғалуы мейлінше табысты болып шықты, соның нәтижесінде оғыздар мен печенегтер Еділден Днестрге дейінгі ұлан-байтақ дала өңірінен ығыстырып шығарылып, оған қыпшақ және куман тайпалары қоныстанды.

Қыпшақтардың батысқа қарай қозғалуының бастапқы кезеңдері Махмұд Қашғаридің географиялық картасынан көрініс тапқан, онда олардың мекендеген жері Еділден батысқа қарай, Каспий теңізінің (Бахр Абискун) солтүстік-батысында деп көрсетілген. Ортағасырлық ғалым Еділ өзенінің өзін қыпшақтар еліне жатқызған. Айта кетер мәселе, төменгі Еділ бойындағы өзі аттас орталығы болған Саксин аймағы XII ғасырдың бірінші жартысында қыпшақтар бағындырып алғанға дейін дербестігін сақтап келген.

Закария Казвинидің (XIII ғ.) «Аджаиб әл-махлукат» деген шығармасында келтірілген тарихи картаның деректері де XI ғасырдың екінші жартысына жататын болса керек, онда қыпшақтар орыстардан шығысырақ орналас-тырылған, ал ол кезде орыстардың жинақы қоныстанған аймағы Орталық Ресей шегінде болатын. Әл-Мустауфидің (XIV ғ.) картасына сәйкес, қыпшақтар Еділдегі бұлғарлар мен Солтүстік Кавказды мекендеген черкестер арасында шоғырланған, бұл да осы мәліметтер мерзімін XI ғасырдың екінші жартысы деп анықтауға мүмкіндік береді<sup>118</sup>.

Қыпшақ хандары оңтүстігінде өз мемлекетінің шегін кеңейтіп, Тараз төңірегіне дейін жетті, онда Қарахандармен шекарада Кенжек Сенгір бекінісін салды. Орталық Дешті Қыпшақ пен Қарахан мемлекеті билеушілерінің үлестері арасындағы табиғи шекара Балқаш көлі мен Алакөл ойпатындағы көлдер болды. Қыпшақтардың шығыс шептері XI ғасырда Ертістің оң жағалауы мен Алтай тауларының беткейлерін қамтыды. Махмұд Қашғари имектерді (кимектерді) Ертіс аңғарына, олардың ертедегі «имек даласы» деп аталған негізгі аумағына шоғырландырады. XII ғасырда қыпшақ тайпалары Алтайда наймандармен, қаңлылармен және керейіттермен шектесіп жатты.

Солтүстік-шығысында қыпшақтар өркениет пен мәдениеттің саян-алтай ошағымен байланысты болды, ал оны таратушылар қырғыздар, хакас-тар және басқа тайпалар болатын. Қыпшақ хандығының солтүстік шекаралары Қазақстанның кең даласын Батыс Сібірден бөліп жатқан орманды-дала өңірімен өтті. Солтүстік-батысында қыпшақтар Еділ бойы мен Орал өңірінің тұрғындарымен этникалық-мәдени және саяси қарым-қатынас жасады. Қыпшақ тайпаларының ертедегі бұлғарлар және башқұрттар дүниесімен өзара әсері XI ғасырдың бірінші жартысы — XIII ғасырдың басында көбінесе қыпшақтардың тіл және мәдениет жөніндегі ықпалы бағытында өрістеді<sup>119</sup>. Оның бер жағында, Махмұд Қашғаридың анықтауынша, XI ғасы-

рдың ортасына дейін башқұрт тілі кимек тіліне мейлінше жақын болған. Қыпшақтар кемелденген дәуірде қарым-қатынас жасалған этностардың қыпшақтану үрдісі жоғары өрлеп отырған.

Қыпшақ тайпаларының этникалық-саяси бірлестігі шегіндегі этникалық жер аумағы, XII ғасырдың 30-жылдарынан хорезмшахтар едәуір белсенді саясат жүргізе бастаған оңтүстік-батыс шептерін қоспағанда, біршама тұрақты болды. Хорезмшахтар әулетінің өкілдері қыпшақ хандарының қолында болған Аралдың оңтүстік өңірін, Сырдария бойындағы қалалар мен Маңғыстауды қаратып алуға бар күшін салды. Хорезмшах Мұхаммед қыпшақтардың Сырдария бойындағы иеліктерін өзінің ықпал аясына қосып, сондай-ақ қыпшақ хандарының оңтүстік ордасы Сығанак қаласын бағындырып алды. Бұл жеңістер орасан зор мұсылман дүниесінде бірінші болуға дәме білдірген хорезмшахтар мемлекетінің ең дәуірлеген шағына сәйкес келді. Алайда қыпшақ хандарының хорезмшахтармен тайталасының одан кейінгі барысын шығыстан төнген қаһарлы монғол күштері тоқтатты.

Мұсылмандардың жазбаша деректемелерінің мәліметтеріне қарағанда, XI–XII ғасырларда қыпшақ тайпаларының халық саны бүкіл түркі тілдес халықтар ішінде ең көбі, ал олардың қоныстанған аймағы ең көлемдісі болған. Сол арқылы ортағасырлық авторлар көшпелілердің қоғамдық және әлеуметтік өмірінің маңызды жағын — этникалық қоғамының иерархиялы екенін көрсетті. Этностар иерархиясы олардың этникалық жер аумағының иерархиясына сәйкес келетін. Күш-қуаты жағынан қыпшақтар қарастырылып отырған дәуірде Орталық Азияда алдыңғы қатарда болды.

Қыпшақтардың Қазақстан аумағындағы көшіп жүретін аймағы Есіл мен Тобыл, Нұра, Елек пен Сарысу бойында болды. Маңғыстау мен Үстірттегі қыстауларынан қыпшақ рулары жаздыгүні Жем, Сағыз, Ойыл, Қобда, Жайық өзендерінің аңғарларына кететін, Каспий теңізінің солтүстік жағалауынан жаздыгүні Еділ, Бала және Үлкен өзендерінің аңғарлары мен Оңтүстік Орал тауының етегіне көшіп баратын. Араб географы әл-Омаридің деректері қыпшақтардың тарихи қалыптасқан көшу жолдары болғанын дәлелдейді: «Қыпшақтардың хандары қысты Сарайда өткізеді, ал жайлаулары, бір кездегі Тұран жайлаулары сияқты, Орал таулары аймағында»<sup>120</sup>. Қыпшақ тайпаларының бірқатар рулары Арал өңірі мен Сырдария бойындағы аймақта қыстап, жаз кезінде солтүстікке, Қазақстанның орталық аудандарына кетіп отырған. Бірақ барлық жерде бірдей халықтың көпшілігі болған жоқ. Мәселен, Ертісте имектер (кимектер) жинақы мекендеді, Арал өңірінде адам саны көп қанды тайпалары орналасты, ал Жайық пен Еділ арасында куман тайпаларының едәуір топтары қоныстанды. Қыпшақтармен бірге Батыс Қазақстанда оғыз және печенег тайпаларының қалған топтары мекендеді, Сырдарияның төменгі ағысы мен Маңғыстауда — түрікмендердің жекелеген топтары, этникалық жер аумағының шығысында наймандар, керейлер мен арғындар көшіп жүрді, ал Қазақстанның оңтүстігін көшпелі және жартылай көшпелі имек, қарлұқ, жікіл, ұран, кай тайпаларының өкілдері мекен етті.

Этникалық сана-сезімінің нығаюы әдетте этнос мүшелерінің өз жері мен мемлекеттік ұйымына ұмтылуымен ұштасады, олар да кері байланысты — этностың тұрақты тіршілік етуін қамтамасыз етеді.

Жер аумағы мен сол аумақты мекендеп, шаруашылық жағынан игерген этнос арасындағы аса тығыз байланысты оның тұрғын халқы жақсы ұғы-

нды. Қыпшақтардың өздері мекендеген аумаққа тарихи құқықтары бар екендігіне көзқарасын сырттан байқаушылар Алтайдан Еділге дейінгі жерді қамтып жатқан Дешті Қыпшақ («Қыпшақтар даласы») ұғымы арқылы аңғартқан. Дешті Қыпшақта, шынына келгенде, қыпшақтардың этникалық жер аумағы сақталып қалған.

**Шаруашылығы.** Қыпшақтардың негізгі шаруашылық кәсібі мал шаруашылығы болды. Орта ғасырлардағы жазбаша деректемелерден қыпшақтардың жылқы, қой, сиыр, өгіз, түйе өсіргенін білеміз. Қыпшақтар малының құрамында қыста жаюға неғұрлым бейімделген жылқы мен қой басым болды.

Олардың мал шаруашылығында ет пен май қорын тез толтыратын қой шаруашылығының зор маңызы болды. Сондай-ақ қойдың жүні мен терісінен жылы киім дайындалды. Қыпшақтар қойдың екі тұқымын өсірген. Олардың едәуір бөлігі кішкене құйрығы бар, бірақ ұзақ көшуге өте бейімделген қой болған. Сонымен бірге құйрықты қой да өсірген; олар көктем алдындағы жемшөп жеткіліксіздігіне біршама жақсы төзетін еді.

Көшпелі тұрмыс жағдайында алыс жайылымдарды игеруге мүмкіндік берген ерекше жылдамдығы мен төзімділігі, соғыста және қаумалап аң аулауда пайдаланылатындығы арқасында жылқы аса бағалы жануар деп есептелді. Сондықтан қыпшақтар тек қана тебіндеп жайылатын жылқы өсіруге ерекше көңіл бөлді. «Бұл даланың (Дешті Қыпшақтың) ерекшеліктері мынада: оның шөбі малға арпаның орнына жүреді, басқа елдерде мұндай ерекшелік жоқ. Онда малдың көптігі де сондықтан», — деп атап өткен араб саяхатшысы Ибн Баттута<sup>121</sup>. Жылқы санының көп болуы әрқашанда байлықтың өлшемі, малшы билігінің экономикалық негізі болған.

Кейбір жазбаша ескерткіштерде қыпшақтар елінде он мың тамаша жылқы иеленгендердің көп болғаны жөнінде мағлұматтар бар. Орталық Қазақстандағы қыпшақ тайпалары мекендеген аумақтағы обалы қабірлерде жылқының екі тұқымы — басы кішкене, аяқтары ұзын әрі жіңішке, шоқтығы биік салт мінетін аттар байқалды, мұндай асыл тұқымдыларының сүйектері түркі тілдес бай шонжарлардың қабірлерінен кездесті. Сондай-ақ асыл тұқымды жылқымен қоса әдеттегі жылқылар: жатаған, басы-үлкен, аяғы қысқа әрі мықты, өте төзімді, көшпелі тұрмыста тұрақты пайдаланылатын жылқылар өсірілгені анықталды.

Қыпшақ жылқысы өте жоғары бағаланды, оларға шектес және алыс елдерде сұраным көп болды. Мәселен, Дешті Қыпшақтан Үндістанға апарылатын қарапайым жылқы «күміс ақшамен жүз динарға сатылған, ал жақсы аттың құны 500 динар және одан да артық бағаланған»<sup>122</sup>.

Түріктер даласының жылқысы климаттың қатаң болуымен сипатталатын жергілікті табиғи жағдайларға жақсы бейімделген еді, сүтінің мол және еті мен майының сапасы жақсы болуымен ерекшеленді. Қыпшақтар сиыр және қой етінен жылқы етін артық көретін, ал бие сүтінен тамаша, шипалы сусын — қымыз дайындайтын.

Жазбаша деректемелердің мәліметтеріне қарағанда, қыпшақ қоғамында асыл тұқымды жылқыларды өсіруге зор көңіл бөлінген. Күш көлігі, тамақ көзі ретінде және салт мінуге арналған асыл тұқымды жылқылар көптеп өсірілген. Бұл салада ұрпақтардың сан ғасырлық тәжірибесі елеулі нәтижелерге жетуге мүмкіндік берді. Мәселен, әрбір ру-тайпаның жылқылары өзінің бірегей түсімен ерекшеленді. Кейде белгілі бір тайпаның атауы жы-

лқысының түсі бойынша анықталатын. Бұл жағынан батыс қыпшақ бірлестігінің құрамына «құла жылқылы» (кулабаоғлы) тайпасының енуі назар аударарлық. 1223 жылы монғол қолбасшысы Жошының өз әкесі Шыңғыс-ханға Дешті Қыпшақтан айдап әкелінген 20 мың қыпшақ жылқысын сыйға тартқанын мысал ретінде келтіре кеткен де жөн<sup>123</sup>. Қыпшақтардың эмпириялық селекцияға байланысты шаруашылық қызметі туралы бағалы ақпарат көшпелі мал шаруашылығы қоғамының өндіргіш күштері дамуындағы негізгі тетіктердің бірін ашып көрсетеді.

Қыпшақтар қой, жылқы шаруашылығымен бірге ірі қара өсірумен де айналысты, бірақ саны жағынан ол әлдеқайда аз болды. Сиырлар мен өгіздер көшкен кезде алыс қашықтықта көп жүрісті көтере алмайды. Мұның өзі қыпшақ тайпаларының белгілі бір топтарының тұрақты қыстаулары бар жартылай көшпелі тұрмыс салты болғанын көрсетеді. Этнографиялық зерттеулер көшпелілердің негізінен ең кедей бөлігі сиыр ұстағанын көрсетеді. Ірі қара көбінде жегуге пайдаланылды. Ибн Баттута қыпшақтардың арбаға жылқы жегетінін атап өтеді, сонымен бірге «арбаның ауыр-жеңілдігіне қарай оған өгіз бен түйе де жегіледі» дейді<sup>124</sup>.

Қыпшақтардың Батыс Қазақстан аудандарына ілгерілеуіне қарай олардың жекелеген топтары түйе шаруашылығымен айналыса бастады. Құмды және шөпсіз жерлерде түйе ең пайдалы да қолайлы үй жануары болды.

Малды азықтандыру үшін орасан зор жайылым қажет болды, сондықтан қыпшақтардың көші-қоны ғасырлар бойы орныққан белгілі бір маршруттар бойынша жүзеге асырылды. «Әркім өз малын, — деп жазды Вильгельм Рубрук, — қыста, жазда, көктемде және күзде қайда жаятынын біледі.»<sup>125</sup>

Қыпшақтарда аң аулау қосалқы кәсіп болды. Әл-Джахизге сәйкес, «көшпелі түріктер аң аулағанда, әсіресе қарақұйрықтар мен құландарды қуған кезде ғажап төзімді». Махмұд Қашғари қыпшақтар даласында мекендейтін, сол жерде ауланатын жабайы ірі аң — бұлан аулауды атап көрсетеді.

Қыпшақтар аң аулағанда садақ пен жебеден басқа, олар аңға құс салған, қоянды, түлкіні, тіпті қасқырды да итпен ұстаған.

Араб-қыпшақ глоссарийлерінде қыпшақтар аулаған жабайы аңдар мен құстардың аттары келтірілген: сағыр киік — ақбөкен, құлан, бұғы, сусар, тиін, күзен, түлкі, ақ құйрық және т. б. Осында аңға салатын иттер (кылбарық, тазы) мен құстардың (лашын, бүркіт) аттары келтірілген.

Қыпшақтар үшін бағалы аң терісі басқа елдермен сауда жасаудың маңызды көзі болды. Махмұд Қашғаридың айтуынша, түріктерде қымбат бағалы аң терісі иджұқ деп, ал «Тәржіман» араб-қыпшақ сөздігінде — курс деп аталған.

Анды жеке шығып аулаумен қатар қыпшақтар қаумалап аулауды да ұйымдастырған, оның шаруашылық жағымен бірге өзінше бір маневр, әскери өнер, жасақтардың жауынгерлік әзірлігін сақтау амалы болды.

Жалпы алғанда, аң аулау дербес сала болмай, шаруашылықтың негізгі түрі — мал шаруашылығына көмекші ғана болған.

Аң аулаумен қатар қыпшақтар негізінен ең кедей, өзен жағасында тұратындары балық аулаумен де айналысты. «Диуан лұғат ат-түркте» және араб-қыпшақ түсіндірме сөздіктерінде қыпшақтардың балық аулағандағы еңбек құралдарының терминдері келтірілген, олар: арғақ — қармақ, ағ — ау, ұжан (ұлүк) — кішкене қайық, кеме — үлкен қайық және т. т.

Орта ғасырлардағы нарративтік деректемелердің бір бөлігінде қыпшақтардың дәнді дақылдар мен бұршақ дақылдарын өсіргендігі туралы айтылады. Қыпшақтар негізінен тары еккен. Әл-Омари былай деп атап өткен: «Оларда (қыпшақтарда — Ред.) егістіктің көлемі өте шағын және бидай мен арпа аз себіледі. Оларда негізінен тары өсіріледі, олар сонымен тамақтанады және жерден өндірілетіндері жағынан алғанда олардың басты тамағы сол»<sup>126</sup>. XII ғасырда Дешті Қыпшақты аралап өткен Петахья «бұл жерде нан жемейді, тек күріш пен тары жейді» деп көрсетеді<sup>127</sup>. Қыпшақтар тарыдан басқа, өте аз болса да, бидай мен арпа еккен. Олар астықты Орта Азияның егіншілерінен мал шаруашылығы өнімдеріне айырбастап та алып отырған. Қыпшақтардың кейбір топтары суармалы егіншілікпен айналысқан, мұны Ұлытау мен Торғай аудандарындағы суландыру жүйелерінің, көптеген бөгеттердің, құдықтар мен тоғандардың қалдықтары дәлелдейді.

Кейбір дәнді дақылдардың қыпшақтар шаруашылығында дәстүрлі болғанын, қыпшақ тайпаларының ол атауларды қолданғанын орта ғасырлардағы түсіндірме сөздіктерде сақталған арнаулы терминдер көрсетеді. Бұл терминдердің бастапқы негізі түріктерден шыққанын атап өту керек, олар: экин — егіс, буғдай — бидай, арпа — арпа, тутарған — күріш, маржамақ — жасымық, тару — тары, ирдан — қырман, ашлық — астық және т. б.

Сонымен, қыпшақ тайпалары қоныстанған аумақтың орасан кең-байтақ жерді алып жатуы мен өзіндік ерекшелігі бар географиялық жағдайлары — оларда орта ғасырлардағы қыпшақ қоғамының біртұтас өндіріс жүйесін құрған көшпелі мал шаруашылығынан егін шаруашылығына дейінгі бірнеше шаруашылық-мәдени үлгілердің дамуына себепші болды.

## 5. ОРТА ҒАСЫРЛАР КЕЗЕҢІНІҢ АНТРОПОЛОГИЯСЫ

Ертедегі орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы жергілікті мекендеушілердің бүкіл қоғамдық-саяси құрылысы мен этникалық-мәдени өмірінің мүлдем өзгеруімен ерекшеленеді. Сол кезден бастап Орталық Азияның ұлан-байтақ аумағы, соның ішінде Қазақстан да ертедегі түріктердің қуатты этникалық-мәдени қауымдастығының өрісіне енді. Бұл аумақ ауқымында түрік тайпалары үшін ең белсенді тарихи орталық Алтай болды, шамамен алғанда, б. з. б. V ғасырда Ашина әулеттік руының өмір сүруі кезінен одан әрі солтүстік-батысқа қарай қоныстанып, Оңтүстік Сібірдің көп бөлігін, Қазақстанды, Орта Азияның солтүстік және шығыс бөлігін, Еділ бойын, Шығыс Еуропаға дейін қамтыған көшпелі түріктердің негізгі көпшілігі сол жерден шыққан<sup>128</sup>.

Бірқатар ғасырлар бойы Орталық Азиядан шыққан өзге тайпалардың экспансиясынан гөрі, жергілікті мекендеушілермен бірте-бірте және ұзақ уақыт бойы этникалық-мәдени бірігу, көбінесе қан араластыру басты орын алған Ұлы дала белдеуінің тарихи дамуының бүкіл барысы түркі тілдес тайпалардың бір-біріне одан әрі ықпал етуі мен этникалық-саяси одақтары мен мемлекеттерінің құрылуы үшін берік негіз дайындады.

Осыған байланысты қарастырылып отырған кезеңнің антропологиялық материалдарын жалпы тарихи арнада қарастыру ғылыми тұрғыда дәйекті нәтижелерге жеткізеді. Өкінішке қарай, қолда бар антропологиялық деректердің мерзімі көбінесе жалпы археологиялық тұрғыдан түрік кезең-

дерімен белгіленеді, бас сүйектер тобы түрік қауымының нақты қай субэтникалық тобына немесе тайпасына жататындығы жөнінде егжей-тегжейіне бармай, белгілі бір түрік тайпалары одағы өмір сүрген бір кезеңге жатқызылады. Әлбетте, бұл жазбаша деректемелердегі мемлекеттік шекара-лар мен этнонимдерді нақты археологиялық ескерткіштермен салыстырудың қиындықтарына ғана емес, сонымен қатар түріктердің этникалық-саяси бірлестіктерінің этникалық құрамының әр түрлі болуына, олардың тарихи қысқа уақыт аралығында аумақтық жағынан белсенді түрде орын ауыстыруына байланысты. Солай бола тұрса да, Қазақстанның ортағасырлық кезеңінің антропологиялық материалдарында аймақ тарихының нәсілдік генезі мен этникалық үрдістеріне байланысты ақпараттық мәліметтер аз емес.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып және материалдың шолу сипатында баяндалуын ескеріп, краниологиялық сериялар төменде оларды белгілі бір субэтникалық топқа таңу туралы талқыламай, аумақтық принцип бойынша қарастырылады.

Түріктер заманының (VI ғ. — XIII ғасырдың басы) жинақтап алынған краниологиялық деректеріне талдау жасау Қазақстан аумағынан европеоидтік элементтер монғолоидтік элементтерден біршама басым болатын аралас антропологиялық тұрпатқа тән морфологиялық белгілер кешенін анықтады. Орта есеппен алғанда бұл кезеңнің халқында: бас сүйегінің ұзындығы орташа (179,1 мм), жалпақ (147,3 мм), биіктігі орташа (133,2 мм), брахикранды (82,4), маңдайының кеңдігі орташа (96,0 мм) және еністенуі орташа (83,90), кеңсірігінің үсті біршама дөңес және қабағының доғасы орташа жетілген, бет сүйегі шығыңқы (73,3 мм) және жалпақ (139,1), тайқылау, көлденеңінен қарағанда бұрыштану шамасы орташа (назомалярлық —  $143,70^{\circ}$ , зиго-максиллярлық —  $133,60^{\circ}$ ), мұрны біршама ұзын (биіктігі — 53,2 мм, ені — 25,4 мм), мұрын сүйегі біршама шығыңқы ( $26,20^{\circ}$ ) және кеңсірігінің биіктігі — 3,8 мм, көз аңғарының биіктігі орташа (33,5 мм), азу тіс шұңқырының тереңдігі орташа болған. Усундер заманынан шыққан морфологиялық өзгерістер негізінен алғанда бас сүйек төбесі биіктігінің аздап кемуіне, брахикрания дәрежесінің күшеюіне, бет жағының біршама кеңеюіне және көлденеңінен де, ішінара тік жазығынан да барлық деңгейде оның сәл көбірек толығына қатысты болды. Өзгерістердің мұндай бағыты, анығын айтқанда, монғолоидтік тектер (гендер) қосылуының одан әрі жалғасуының нәтижесі болып табылады, жоғарыда атап өтілгеніндей, ол ертедегі темір дәуірінде басталды, сонан соң Қазақстан аумағына Орталық Азия тайпаларының, соның ішінде ғұндардың, ал қарастырылып отырған кезеңде — түріктердің келуіне байланысты біртіндеп ұлғая берді.

Қазақстанның түрлі аймақтарына Орталық Азия түріктерінің ену дәрежесі мен олардың жергілікті мекендеушілермен араласып-сіңісу үрдісі біркелкі болған жоқ. Бұл ескерту көбінесе физикалық қарым-қатынасқа қатысты, ал этникалық-мәдени кірігу (этнонимнің, тіл мен сөздің, мәдениеттегі дәстүрлердің, шаруашылықты жүргізу элементтерінің араласуы), сірә, неғұрлым терең және жедел сипатта болса керек.

Краниологиялық материалдарды аймақтық тұрғыдан зерттеудің көрсеткеніндей, Қазақстанның шығыс және көбінесе оңтүстік аудандарынан табылған алдыңғы орта ғасырлардағы бас сүйектерінің сан жағынан ең көп тобында Орталық, Солтүстік және Батыс Қазақстан топтарына қарағанда европеоидтік белгілер едәуір көп екенін айта кеткен жөн. Мәселен, Жоға-

рғы Ертіс өңірінің орта ғасырлардағы ескерткіштерден алынған бас сүйектердің топтарында беттің брахикраниясы орташа (80,9), кейбір топтарда мезокрания, биіктігі орташа (72,0), ал кейде аласа (66,0 мм) болуы, ені орташадан (134,0 мм) үлкен (141,2 мм) көлемге дейін араласып отыруы, мұрын сүйегінің едәуір шығыңқы болуы (24,0—32,30<sup>0</sup>) байқалады. Сол арқылы бұл топтар, бір жағынан, өзінің алдындағы усун халқымен тығыз тектік байланысын аңғартады, екінші жағынан, Алтай тауының етегіндегі ұқсас халықпен морфологиялық жақындықты көрсетеді, ал Таулы Алтайды мекендеушілерге қарағанда, ол да біршама европеоидтік сипатта болатын<sup>129</sup>. Атап өтерлік қызғылықты бір нәрсе, Жоғарғы Ертіс бойындағы кимектер мен Солтүстік-Батыс Алтай сrostкиндіктері ескерткіштерінің археологиялық материалдарындағы мәдени сипаттарда да белгілі бір ұқсастық табылады<sup>130</sup>. Халықтың солтүстік-шығыс байланыстарының басым, ал оңтүстік-шығыс байланыстарының әлдеқайда аз дәрежеде болғанын Ертіс бойы топтарындағы оралдық тұрпатты белгілері бар бірлі-жарым бас сүйектер дәлелдей алады, оның Батыс Сібірдің орманды және орманды-далалық өңірінің орта ғасырлардағы мекендеушілеріне тән болғаны мәлім<sup>131</sup>.

Европеоидтік компоненті көп бас сүйектер топтары шоғырланған басқа бір аймақ — Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық археологиялық кешендері<sup>132</sup>. Атап айтқанда, Тектұрмас қорымдарынан алынған топтарда<sup>133</sup> өздерін Арал өңіріндегі Миздахқан зиратының<sup>134</sup> және Өзбекстандағы Фринкент<sup>135</sup> мазарының X—XII ғасырлардағы қабірлерінен алынған материалдармен жақындастыратын морфологиялық ерекшеліктер бар. Бұл жәйтті Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы көшпелі және отырықшы халық арасындағы өте тығыз генетикалық қарым-қатынаспен түсіндіруге болады.

Өкінішке қарай, Орталық, Солтүстік және Батыс Қазақстанның ұлан-байтақ даласындағы түрік тайпаларына қатысты антропологиялық материалдар онша көп емес, дегенмен де олардың дене бітімі туралы жалпы түсінік береді. Жоғарырақта қарастырылған оңтүстік-шығыс аймақтарының халқымен салыстырғанда, бас сүйектердің бұл топтары арасында брахикранияның неғұрлым айқын (82,8—88,8<sup>0</sup>), беттің неғұрлым биік (75,8—76,3 мм) және жалпақ (142,3—147,3 мм), көлденең кескінінің орта бөлігінің аз шығыңқы (зиго-максиллярлық бұрышы — 133,2—136,70<sup>0</sup>), кеңсірік сүйектерінің азырақ шығыңқы (22,0—27,0<sup>0</sup>), көз аңғарының неғұрлым жоғары (33,5—36,3 мм) болуы байқалды. Яғни олардың бітімінде европеоидтік және монғолоидтік компоненттердің арақатынасы соңғылары жағына ойысқан. Кейбір топтарда ол қазіргі тұран тұрпаттас (оңтүстік сібірлік) нәсілге тән бұл компоненттердің айқындық дәрежесіне жетеді, ал қазақтар сол нәсіл өкілдерінің бірі болып табылады. Тұнық (Қырғызстан) қорымынан алынған бас сүйек бойынша Г. В. Лебединская жасаған мүсіндік реконструкцияның суреті келтіріліп отырған бейнесі тұран тұрпаттас нәсілдің қазақстандық нұсқасына жеткілікті дәрежеде жақын, себебі көршілес Қырғызстанда осы нәсілдің нақ сондай үрдісі болған еді.

Қарастырылып отырған шағын аймақтардың орта ғасырлардағы халқына қайта орала отырып, оның, Қазақстанның оңтүстік және шығыс аудандарына қарағанда, дене бітімі жағынан жалпы алғанда неғұрлым біртектес екенін ескерте кетеміз.

Сонымен, түріктер кезеңінде (VI ғ. — XIII ғасырдың басы) Қазақстан

аумағында дене бітімінде европеоидтік-монғолоидтік бітім аралас болған тайпалар мекендеген. Бұл уақытта Қазақстан топтары арасында монғолоидтік компоненттің аумақтық бөлінуі, мысалы, көршілес Орта Азия, Оңтүстік Сібір, Орталық Азия аймақтарындағы сияқты заңды сипатта болмайды, ол аймақта нәсілдік жағынан араласқан топтардың құрамында монғолоидтік элементтердің үлесі батыстан шығысқа қарай бірте-бірте арта береді. Осының алдындағы талдаудан көрінгеніндей, орта ғасырлардағы Қазақстанда бұлайша бөлудің кері бағыты орын алады: батыс пен солтүстікте монғолоидтік компоненттің құрамы шығыс пен батыстағыдан гөрі көбірек тараған. Бұл құбылысты ішінара соңғы аймақтарға орталық, солтүстік және батыс аймақтармен салыстырғанда халықтың көбірек қоныстануымен түсіндіруге болады, ал орталық, солтүстік және батыс аймақтарда климаттық-географиялық жағдайлар халық тығыздығының азырақ болуына әсер етті. Бұл жағдайда жергілікті тайпалармен салыстырғанда саны аз болған шығыстан (Алтай, Орталық Азия) келген келімсектердің тайпалары олармен араласып, сіңісіп кетті, сөйтіп Шығыс және Оңтүстік Қазақстанды мекендеушілердің тектік қорына болмашы үлес қосты деуге болады. Сондықтан соңғылардың дене бітімінде өзгерістер аз болды. Орталық Азиядан келген түркі тілдес тайпалардың көпшілік бөлігі Алтайға едәуір жақын, халқы тығыз аудандарда ұзақ іркілмей, барған сайын одан әрі солтүстік-батысқа қарай ілгерілей берді, онда олардың Қазақстан далаларында шоғырланған, кейде қуаңшылық өңірлердегі саны аз тайпаларымен неғұрлым қарқынды түрде араласып-сіңісуі жүрген еді.



Егер Орталық, Солтүстік және әсіресе Батыс Қазақстаннан алынған IX—XII ғасырлардағы бас сүйектер тобының Таулы Алтайдан алынған неғұрлым ертеректегі (VI—X ғғ.) топтармен физикалық жағынан едәуір ұқсастығын<sup>136</sup>, сондай-ақ Байкал өңіріндегі Усть-Талькин қорымынан алынған сондай материалмен морфологиялық жағынан ішінара жақын ұқсастығы бар екенін<sup>137</sup> ескерер болсақ, Қазақстанды мекендеушілер құрамына монғолоидтік ерекшеліктер енгізген түркі тілдес тайпалардың негізгі бөлігінің бастапқы шоғырлануы мен көшу жолдары едәуір айқындала түседі.

Сонымен, антропологиялық материалдарды зерттеу ертедегі орта ғасырлардағы Қазақстан халқының этникалық тарихы мен нәсілдік-генезіндегі бірқатар өзекті тұстарын атап өтуге мүмкіндік береді. Бұл ең алдымен белгілі



бір аумақты ертедегі және орта ғасырлардағы мекендеушілер арасындағы негізгі антропологиялық белгілердің тікелей сабақтастығына қатысты. Келесі жағдай — Қазақстанның әр түрлі аудандарында қан араласуының қарқыны мен дәрежесінің бірдей болмауы. Аумақтық краниологиялық топтардың нәсілдік құрамындағы европеоидтік және монғолоидтік компоненттердің әр түрлі арақатынасына байланысты жалпы полиморфизмнен басқа, компоненттердің өз ішіндегі кейбір ала-құлалықты атап өтпеуге болмайды. Европеоидтік компонент ертедегі андроновтық тұрпатпен қоса, шығыс Жерорта теңізіне тән тұрпаттың (Қазақстанның оңтүстігі мен батысында) және Орта Азиядағы қос өзен аралығындағы нәсілге тән брахикраниялық европеоидтік тұрпаттың (Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында) элементтерін де қамтиды. Монғолоидтік компонентте де Орталық Азиядағы тұрпаттағыдан басқа, Орал тұрпатты нәсілдің қосындылары бар (Қазақстанның шығысы мен солтүстігінде). Басқа бір маңызды жағдай мынада: антропологиялық материалда біз ден қойып отырған аумақта халықтың толық немесе едәуір дәрежеде араласқаны туралы мағлұматтар жоқ. Барлық жағынан алып қарағанда, келімсек түркі тілдес топтар жаппай бір мезгілде ағылып келмеген, қайта, біртіндеп, шағын топтар болып келген. Түркі тілдес атауларға келетін болсақ, олардың Қазақстан мен көршілес аумақтардың орта ғасырлардағы халқы арасында кеңінен және салыстырмалы түрде неғұрлым тез әрі оңай таралуы бірқатар жағдайларда азды-көпті тәуелсіз, яғни тектік (генетикалық) қарым-қатынассыз немесе, қалай дегенмен де, едәуір әлсіз дәрежедегі тәуелділікте болуы мүмкін. Мұндай құбылыстың түркі тілдес халықтардың этногенезіндегі шектен тыс көрінісі ретінде азербайжандар мен Анадолы түріктерін мысалға келтіруге болады, олардың ертедегі европеоидтік физикалық негізіне азиаттық нәсілдік ділдің ықпалы тиген жоқ, ал лингвистикалық жағынан ертедегі үнді-европалық тілді түрік тілдерінің біреуі (бұл ретте — оғыздардың шағын тобының) толық алмастырды.

Және, ақырында, Қазақстанның кейінгі байырғы тұрғындарының этникалық және нәсілдік генезінде түрік кезеңіне өте елеулі рөл беретін ең маңызды тұстары тұран тұрпатты нәсілдің қазіргі қазақстандық нұсқасына сәйкес келетін антропологиялық белгілердің шағын кешенінің монғолдарға дейінгі дәуірдің өзінде-ақ өмір сүру фактісі болып табылады. Монғол шапқыншылығы кезеңінде Орталық Азия топтарының жергілікті халықпен қан араластыруының жеделдігі онша елеулі бола қойған жоқ. Монғолоидтік элементтердің жаңадан «қосқаны» сол кезең халқының нәсілдік тұрпатындағы бұрынғы жалпы сарындарды бірсыпыра күшейту болды. Бас сүйек биіктігінің кемуі (132,8 мм), брахикрания дәрежесінің күшеюі (83,9), беттің биіктігі (75,6 мм) мен толысу дәрежесінің (назомолярлық бұрышы — 145,60°, зиго-максиллярлық бұрышы — 135,00°), сондай-ақ көз аңғарының (биіктігі — 34,8 мм) және мұрын сүйектерінің (24,10°) ұлғаюы XIII—XIV ғасырларда Қазақстан халқының дене пішінінің біршама көбірек монғолоидтік болуына әкеп соқты. Қазақтардың қазіргі краниологиялық топтары мен «монғол» заманындағы Қазақстан аумағынан алынған материалдар арасындағы морфологиялық айырма одан да гөрі болмашы келеді. Қорыта келгенде, қазіргі қазақтардың дене бітімінде европеоидтік компоненттен монғолоидтік компоненттің үлесі басым және негізгі антропологиялық белгілері жағынан олар Ев-

разияның европеоидтік және монғолоидтік топтарының арасында аралық жағдайдан орын алады<sup>138</sup>.

Сонымен, нақ түріктер кезеңінде, яғни біздің заманымыздағы I және II мыңжылдықтардың тоғысқан кезінде көптеген түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің де лингвистикалық түп-негізі қаланып қана қоймай, сонымен қатар қазіргі қазақтардың ата-бабаларына жақын дене бітімінің негізі болған антропологиялық қабат қалыптасты деп санауға барлық негіз бар.

## 6. ШЫҢҒЫС-ХАН ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ

XII ғасырдың аяғы – XIII ғасырдың басында Орталық Азия мен Қазақстан далаларындағы саяси жағдай күшті көшпелі тайпалар одағы билеушілерінің арасында басқа тайпаларға өз үстемдігін орнату жолындағы күрестің күшеюімен сипатталады. Осы күрестің барысында монғол тайпасының өкілі Темучин (Шыңғыс-хан) Орталық Азия тайпаларын біріктірді, сөйтіп ол Орталық Азия даласындағы ең құдіретті жаулап алушыға айналды. Керейіттер ханының наймандармен, монғол тілдес татар және меркіт тайпаларымен соғыстарында Темучиннің атағы шыға бастады, ол соғыстарға Ван-ханның вассалы ретінде болашақ Шыңғыс-хан белсене қатысты.

Темучин керейіттер мен наймандар ұлыстарының билеушілерін талқандаған кезде ол Орталық Азия далаларындағы бірден-бір құдіретті қолбасшыға айналып, мұны саяси тұрғыдан баянды етті. 1206 жылдың көктемінде Онон өзенінің сағасында Темучинді жақтайтын көшпелі шонжарлардың құрылтайы өткізіліп, сонда ол тоғыз құйрық қыл байланған қасиетті ақ ту желбіреген жағдайда салтанатты түрде ұлы хан деп жарияланды. Сонымен бірге құрылтай Темучинге Шыңғыс-хан атағын бекітіп берді, бұл оның өз есімінің орнын басты. Темучин – Шыңғыс-хан былай деп мәлімдеді: «Мен... түрлі мемлекетті ақиқат жолына бағыттап, халықтарды өзімнің біртұтас билігіме қараттым». Мүмкін, ол Батыс пен Шығысқа жасаған жорықтарының нәтижесінде өзінің қандай шындыққа шығатынын білмеген де болар, атап айтқанда, қашқан наймандар мен меркіттерді қуалай отырып, оларды 1208 жылы Ертіс жағалауында екінші рет талқандады.

Бірлесіп қимылдаған меркіттер мен наймандар тобын 1209 жылы ұйғыр идиқұты (билеушісі) өз иелігіне өтуге әрекет жасаған кезінде тас-талқан етті. Соның салдарынан олардың жолдары екі айрылды<sup>139</sup>.

Талқандалудан аман қалған найман тайпаларын Күшлік-хан Жетісудағы қарақытайлар иелігіне әкетті, ал меркіттер Орталық Қазақстан далаларындағы қыпшақтарға қашты. Наймандардың едәуір бөлігімен Жетісуға ығысқан Күшлік-хан онда қалыптасқан күрделі жағдайды пайдаланып қалуға тырысты.

Аласапыранның басты кінәлілері Шығыс Түркістандағы Тұрфан князьдігінің ұйғыр идиқұты және қарақытайларға вассалдық тәуелділікте болған Жетісу қарлұқтары мен қаңлылардың мұсылман билеушілері еді. Бірсыпыра уақыт бойы Жетісу мен Шығыс Түркістанның жергілікті князьдіктері қарақытайлардың жоғарғы билігін таныды, бірақ XII–XIII ғасырлар шебінде іс жүзінде тәуелсіз болып алды. Сондықтан қарақытайлардың гурханы (билеушісі) найман жауынгерлерін бағынбайтын вассалдарын басып-жаныштау үшін пайдаланбақшы болып үміттенді. Гурханның

сеніміне кірген Күшлік-хан 1210 жылы гурханды тактан тайдырып, мемлекеттегі билікті басып алды, бірақ гурханды өлтіруге батылы бармай оған биліктің сыртқы белгілерін қалдырды. Күшлік қарлұқтарды, қаңлылар мен ұйғырларды өзіне бағындыруға ниеттеніп, оларға қарсы ойран салған шабуылдар жасады.

Осындай жағдайда қарлұқтардың Арслан-ханы, Іле өзенінің аңғарларындағы Алмалықтың билеушісі Озар (Бұзар), ұйғыр идиқұты Баршық арттегін наймандардың жауы Шыңғыс-хан монғолдарынан көмек сұрауға мәжбүр болды. Арслан-хан мен Баршық арттегін өз иеліктері шегіндегі қарақытай наместниктерін өлтірді.

Бұл билеушілердің 1211 жылы Шыңғыс-ханға бағынғаны қытай, монғол және мұсылман (араб-парсы тілдеріндегі) жазбаша деректемелерінде егжей-тегжейлі айтылады.

1211 жылы Жетісуға монғолдардың алғашқы келуі сол оқиғалардың салдарынан болған еді. Бірақ олар ұзақ уақыт болған жоқ, өйткені Шыңғыс-хан оларды солтүстік Қытай жеріндегі Цзинь империясымен соғысуға кері шақырып алды.

1216 жылы бұл науқан ойдағыдай аяқталғаннан кейін монғолдар Батысқа қарай жылжуын қайтадан бастады. Шыңғыс-хан өзінің үлкен ұлы Жошыға қыпшақтарға қашып барған меркіттерді қыруға, ал сенімді қолбасшыларының бірі Жебе-ноянға Күшлік-ханды жазалауға бұйырды. 1218 жылы Күшлік-хан талқандалды да, монғолдар оның Жетісудағы иеліктеріне кірді, оларды христиан наймандар мен буддистердің қысымынан қатты зардап шеккен жергілікті мұсылман тұрғындары қуана қарсы алды.

Күшліктің иелігіндегі жерлердің шегіне кіргеннен кейін монғол қолбасшысы Жебе-ноян жаршылар арқылы хабарлатып әскерлерге бейбіт тұрғындардың мүлкіне тиісуіне тыйым салынсын, ал мұсылмандарға найман билеушілерінің тоқтатқан жария түрде құдайға құлшылық ету құқығы қайтарылсын деп бұйрық берді. Қашып кеткен Күшлікті монғолдар Бадахшанда қуып жетіп, басы алынды. Жошы-хан Қазақстанның Торғай далаларында меркіттермен шайқасып, оларға күйрете соққы бере ыдыратып жіберді. Бірақ келесі күні оған Хорезм шахы Мұхаммедтің 60 мыңдық әскері шабуыл жасады, ол Сырдарияның төменгі ағысындағы Женттен қазіргі қазақ далаларында мекендеген көшпелі қыпшақтарға жорыққа шыққан әскер болатын. Бұл шайқаста ешқайсысы жеңіске жеткен жоқ. Бірақ жалпы алғанда бұл кездейсоқ қақтығыс хорезмшахқа қатты әсер етті, В. В. Бартольдтың пікірінше, Шыңғыс-хан 1219–1221 жылдары хорезмшахтардың мемлекетін шапқан кезде оның монғолдармен ашық шайқасқа неліктен шықпаған себептерінің бірі осы болған. Ал бұдан әрі монғол-хорезм қатынастары барған сайын шиеленісе берді де, соғысқа әкеп соқты.

Шығыс Түркістан мен Жетісуды басып алғаннан кейін монғолдарға Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияға жол ашылды. Басып кіруге «Отырар опаты» деп аталатын жағдай себеп болды. Шыңғыс-хан мен хорезмшах Мұхаммед арасында соғыс болмай қоймайтын еді және оған соңғысының немесе оның Отырардағы вассалы Ғайыр-хан Иналшықтың әрекеті себеп болған жоқ, бұл жөнінде төменіректе айтылады. Соғысқа мынадай себеп болды: Шыңғыс-ханның империясы Орталық Азияның көшпелі қоғамы үстем топтарының белсене қатысуымен құрылған еді, сондықтан жаңа мемлекет осы үстем топтың мүдделерін білдіруге тиіс болатын. Ал көшпелі

шонжарлар үшін жаңа жерлерді жаулап алумен қатар соғыс олжасын да әкелетін үздіксіз соғыс өндірістік қызметтің рөлін де атқаратын. Орталық Азияның саяси біріктірілуі тайпааралық ішкі соғыстардың тыйылуына жеткізді. Оны көшпелі шонжарлардың тұрақты баю көзі – соғыс тоқтатылмағаны былай тұрсын, керісінше, ұлғайтылған жағдайда ғана қолдауы мүмкін еді. Сөйтіп Шыңғыс-хан көшпелі шонжарларына ішкі өзара қырқыстардағыдан гөрі соғыс олжаларын қолға түсіріп, баюға теңдесі жоқ мол мүмкіндіктер және сонымен бірге бай егіншілік елдерді қанау мүмкіндіктерін берген сыртқы жаулап алулар жолына түсті. Көшпелі шонжарлардың мал өсіретін ірі шаруашылықтары үшін жаңа жайылымдарды басып алуға ұмтылыс та аз ынта-ықылас туғызған жоқ. Шыңғыс-ханның соғыстағы жеңіске жету себептерінің бірі оның Түрік қағанаты ыдырағаннан кейін Орталық Азия мен Қазақстанның ең үлкен бөлігінің әскер күштерін, монғол тайпаларын ғана емес, түрік тайпаларын да біріктіруі болды.

Монғолдардың Байырғы Киіз үй – Монғолияның өзінен тыс жерлердегі бастапқы жаулап алушылығы, Сібірдің, Қазақстанның, Шығыс Түркістанның түркі халықтарын қосып алуы бүркемелі сипатта болды, оған «киіз туырлықты халықтарды» біріктіру ұраны пайдаланылды, яғни Орталық Азияның барлық көшпелілерінің жалған бірлігі жөнінде насихат жүргізілді. Шыңғыс-хан сыртқы саяси науқандарына, жорықтарына және келісімдеріне «көшпелі халықтарды» біртұтас империяға топтастыру дәстүрін уағыздауға ұмтылып отырды. Түріктерді монғол бодандарына айналдыру мақсатымен дипломатиялық амалдар арқылы «біріктірудің» бұл саясаты «одақтастық қатынастар» жасасуға, сонымен қатар қарлұқтардың Жетісу және Ферғана князьдіктерінің, ұйғырлардың Тұрфан князьдігінің, онғыт ұлысының билеушілерімен әулеттік құда-андалы болуға әкеп соқты<sup>140</sup>.

Түрлі тілдегі жазбаша деректемелерде Шыңғыс-ханның күдіретті империясы едәуір дәрежеде Қазақстан далалары бір бөлігі болып табылатын Орталық Азияның түрік тайпаларының негізінде құрылғаны көрсетіледі.

Монғол мемлекеттілігінің негізіне түрік дәстүрі елеулі ықпал жасады. Шыңғыс-хан империясы ұйымдастырылуының мәні сонау Түрік қағанатында туып, наймандар мен керейіттер ұлыстарында дамытылған әскери-әкімшілік жүйе болды. Ұлыстардың әскерлері жүздіктерге, мындықтарға, түмендерге бөлінді. Шыңғыс-хан империясының халқы да осы әкімшілік бөліністер бойынша бөлінді.

Көшпелілердің атты әскерлері әрқашанда жоғары жауынгерлік сапасымен және орасан зор шапшандығымен ерекшеленетін, бұлар Шыңғыс-ханның орнатқан темірдей қатаң тәртібімен және бірыңғай басқаруымен ұйымдасып, тау суындай тасқынды, қаһарлы жойқын күшке айналды. Сонымен бірге Шыңғыс-хан көшпелі шонжарлардың адалдығын жаулап алушылық саясат қана қамтамасыз ететінін, оларды опасыздық, қаскүнемдік жасаудан, ал өзі құрған империяны тез ыдыратудан сақтай алатынын түсінді. Жаулап алу тәуелді көшпелілерді соғыс олжаларынан тиесілі үлес алуға дәмелендіріп, Орталық Азияның көшпелі қоғамындағы әлеуметтік егестерді уақытша болса да әлсірету құралы болды.

Жаулап алушылар XIII ғасыр ішінде ойдағыдай жүзеге асырған бұл саясатта Қазақстан мен Орта Азияға жасалған жорық Ескі Дүниенің орасан

зор аумағындағы ғаламат жаулап алушылықтардың ұзақ мерзімді және жоспарланған стратегиясындағы кезекті буын ғана болатын. Шыңғыс-ханның жоспарына бүкіл Евразияны, өз жауынгерлерінің аты жетуге тиіс болған «соңғы теңізге» дейін жаулап алу енді.

Шыңғыс-хан қолының Қазақстан мен Орта Азия аумағына жорығы оған Шығыс Европа мен Алдыңғы Азияға жол ашып берді. Қазақстан мен Орта Азияға жорық жасауға Шыңғыс-хан зор мән берді, сөйтіп оған ұзақ уақыт және мұқият дайындалды. Мұсылман көпестері мен монғолдарға қызмет еткен қашқындардан қарақытайлар мемлекетінің, сонан соң хорезмшахтың ішкі жағдайы мен әскери күштері туралы мағлұматтар алынып, солардың негізінде ойластырылған іс-қимыл жоспары жасалды.

Шыңғыс-ханның жеткен жеңістері туралы хабар Орта Азияда алуан түрлі пікірлер туғызды. Хорезмшах Монғолияға бірінен соң бірін — екі елшілік аттандырды. Өз тарапынан Шыңғыс-хан да елшілік жіберді. 1218 жылдың көктемінде хорезмшах Мұхаммед осы елшілікті қабылдады.

Содан көп кешікпей Шыңғыс-хан Орта Азияға сауда керуенін жіберді. 500 түйеден тұратын керуенде монғол жансыздарын қоса есептегенде барлығы 450 адам болатын. Көп адамы бар керуен 1218 жылдың жазында Отырарға келіп жетті. Отырардың билеушісі қыпшақ Ғайыр-хан Иналшық көпестерді тыңшылық жасады деп күдіктеніп, оларды өлтіруге бұйырып, керуенді тонап алды. Шыңғыс-хан Ғайыр-ханды ұстап беруді талап етті, бірақ хорезмшахтың бұл талапты орындамағаны былай тұрсын, сонымен бірге елшілерді өлтіруге әмір етеді. Бұл Шыңғыс-ханның Хорезмге қарсы соғысына себеп болды.

Тіпті хорезмшах Ғайыр-ханды монғолдарға ұстап бергісі келсе де, оның мұны жүзеге асыруы екіталай еді. Ан-Нисавидің айтуынша, «ол оған (Шыңғыс-ханға) жөнелте алмайтын еді, өйткені әскердің көп бөлігі мен жоғары дәрежелі әскербасылар соның (Иналханның) қыпшақ туыстары болатын. Оның кестесіндегі өрнекті және оның түйінінің негізін солар жасап, оның мемлекетінде толық билік жүргізді». Хорезмшахтың мемлекетінде орта ғасырлардағы Қазақстан далаларынан шыққан қыпшақтар осындай ықпалға ие болған. Шыңғыс-ханның хорезмшахпен соғысу үшін жинаған әскерінің дәл саны белгісіз, одақтастарымен — Жетісу қарлұқтарымен және Шығыс Түркістан ұйғырларымен қосып алғанда 150 мың жауынгер деген сан жобаға келеді.

Жорық 1219 жылдың қыркүйегінде Ертіс жағалауынан басталды. Деректемелердегі мәліметтерге қарағанда, Шыңғыс-хан әскерін Ертістен Сырдарияға дейін бұрынғы жаулап алушылар жүрген жолмен — Жетісу арқылы алып өткен.

Отырарға таянғанда Шыңғыс-хан оны қоршауға ұлдары Шағатай мен Үгедей басқарған әскерлерді қалдырып, Жошы-ханды Сырдарияның төменгі ағысына — Жент және Жанкент қалаларына жіберді, үшінші топ Сырдарияның жоғарғы ағысындағы қалаларды бағындыруға кетті, ал Шыңғыс-ханның өзі негізгі күштерімен Бұхараға аттанды.

Отырардың билеушісі Ғайыр-хан бар күшін салып ең соңғы мүмкіндігін пайдалана отырып қорғанды. Отырарды қоршау бес айдай уақытқа созылды. Қаһармандық қорғаныстың бесінші айы бітуге айналғанда хорезмдік әскербасы Қаража-хаджиб он мыңдық қолымен монғолдарға беріліп, оларды қалаға кіргізіп жіберді. Алайда Отырар сонда да табандылықпен қорғ-

ана береді. «Арыстандай айбарлы» әскерлер тобымен Ғайыр-хан берік қамалға бекініп алды да, монғолдарға оны алу үшін тағы бір ай уақыт керек болды. Қамалды қорғаушылар түгел қырылғанның кейін ғана ол 1220 жылғы ақпанда алынды. Ғайыр-хан қолға түсіп, Шыңғыс-ханның алдына апарылған жерде қатал жазаланып өлтірілді.

Сырдария бойындағы басқа қалалардың тұрғындары да ерлікпен қорғанды.

Шыңғыс-ханның үлкен ұлы Жошы Сырдария бойындағы қыпшақтардың мемлекеттік бірлестігінің орталығы Сығанаққа жақындап келді. Монғолдар қаланы жеті күн, жеті түн қоршап, ақырында, оны шабуылмен алды да, «кеңшілік пен аяушылық қақпасын жауып тастап», бүкіл халықты қырып салды.

Одан соң монғол қолы Ашнасқа жетті. Табан тіресе қарсылық көрсеткеніне қарамастан, қала күш тең болмаған күресте құлады, ал оның тұрғындарының көпшілігі қырып тасталды.

Осының барлығы 1219/20 жылдарда қыс пен көктемде болған еді. Жошы-хан бүкіл 1220 жыл бойы Арал өңірінде, Жентте қалды, ал 1221 жылы кескілескен қарсылықтан кейін Солтүстік Хорезмдегі Әмудария бойында орналасқан Гургендж (Үргеніш) қаласын алды да, жер қайысқан қолды бастап, Арал теңізінің солтүстік-шығысына қарай жатқан Қазақстан даласына жорыққа аттанды, онда қыпшақтардың қарсылығына кездесті. Қанға бөккен шайқаста монғолдар қыпшақтардың быт-шытын шығарып талқандады.

Жебе-ноян мен Сүбедей-ноян басқарған 30 мындық қол Солтүстік Ираннан шығып, 1220 жылы Кавказға басып кірді де, аландарды, қыпшақтарды (орыс жылнамаларындағы половецтерді) және Қалқа өзенінде орыстарды талқандап, орыс жерінің оңтүстік аймағына ойран салып, қазіргі Қазақстан далалары (Шығыс Дешті Қыпшақ) арқылы 1224 жылы Ертістегі Шыңғыс-ханның ордасына қайтып оралды. Сөйтіп, монғолдардың 1219–1224 жылдардағы шапқыншылығының нәтижесінде Қазақстан мен Орта Азия Шыңғыс-хан империясының құрамына кірді.

Араб жазушысы Ибн-Василдің деректері бойынша, 1229–1230 жылдары Батыс Қазақстан аумағында тағы да «татарлар (монғолдар) мен қыпшақтар арасында соғыс оты тұтанды». Ол 1237 жылы лаулай түсті. Монғол жаулап алушыларына қарсы күресте елбөрілік тайпасынан шыққан Башман бастаған қыпшақтар ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Оған қарсы ұрыс монғол әскерлерінің үлкен күштерімен жүзеге асырылды. Бұл жөнінде «Юань-ши» мен XIII–XIV ғасырдың басындағы парсы тарихшылары егжей-тегжейлі хабарлайды. Башман тобы қоршауға түсіп, кескілескен шайқаста жойып жіберілді, оның өзі тұтқынға алынып, өлтірілді<sup>141</sup>.

Бұл қазақ халқы батыр бабаларының монғол жаулап алушыларына қарсы қаһармандық күресінің жалғыз мысалы ғана емес. Осы жеңілістен кейін де қыпшақтар күресті тоқтатпады: «...Мұсылмандардың жыл санауы бойынша хиджраның 639 жылына сәйкес келетін барыс жылында (1241–1242 жж.) қыпшақтар көп қолмен Жошының ұлына соғыс ашып, шайқаста қыпшақтар жеңіліске ұшыраған...»<sup>142</sup>.

Монғол жаулап алушылары жаулап алу барысында құралдардың ауқымды амалдарын, әскери тәсілдерді де, дипломатиялық тәсілдерді де, тыңшылықты, психологиялық соғыс құралдары ретінде үрей таратуды, арандатушылықты, кепіл алу жүйесін түгелдей дерлік пайдаланды — жылнамаларда бұған дәлелдер жетіп артылады.

Монғолдар шапқыншылығы барысында Қазақстан аумағында бір бөлігі Монғолиядан қуып жіберілген наймандар мен керейіттер, сондай-ақ басқа аймақтарда – Орта Азиядағы хорезмшахтар мемлекетінде, Иранда, Ауғанстанда, солтүстік Кавказ және оңтүстік орыс далаларында мекендеген қыпшақтар мен қаңлылар ең ауыр соққы көрді. Олар Хорезммен, Русьпен, Солтүстік Кавказ тұрғындары – аландармен (астармен) одақтасып, монғол жаулап алушыларына табан тіресе қарсылық көрсетті. Жетісуда тұратын қарлұқтар, сондай-ақ қыпшақтардың, қаңлылардың, наймандардың, керейіттердің Шыңғыс-ханға қарсыласпай, бірақ жаулап алудан қорқып бағынған бөліктері де монғолдардың басқа елдерге қарсы жаулап алушылық соғыстарына қатысу салдарынан елеулі шығындарға ұшырады.

Монғол шапқыншылығы Қазақстан үшін де, жаулап алынған басқа елдер үшін де асқан зор апат болды.

Жергілікті халықтың қарсылығын басу үшін Шыңғыс-хан жаппай террор мен зорлық-зомбылық, тұтас аудандарды ойрандау әдістерін қолданды. Оңтүстік Қазақстанның Сырдария бойындағы қалалары мен қоныстары сол әдістердің алғашқы құрбаны болды. Халқын монғолдар толық жойып жіберген түрлі елдер қалаларының қатарында Оңтүстік Қазақстанның үш қаласы – Отырар, Сығанақ, Ашнас аталады. Сөйтіп, монғолдар жаулап алумен қатар адамдарды жаппай қырып-жойып, өндіргіш күштерді қиратты, материалдық және мәдени құндылықтарды жойып жіберді.

Ан-Нисавидің айтқанындай, «адамдар бұрынғы ғасырларда, жойылған мемлекеттер заманында құлақ естіп, көз көрмеген апаттардың куәсі болды». Монғол шапқыншылығын – орта ғасырлардағы асқан зор қасіретті көзімен көргендердің куәлігі осындай<sup>143</sup>.

**Монғолдардың билеп-төстеуінде.** От пен оқтың күшімен алып империя құрған Шыңғыс-хан өзінің әр ұлына үлес бөліп берді. Қазақстанның кеңбайтақ жері оның үш үлкен ұлы арасында бөлінді. Ертістің батыс жағындағы үлкен (далалық) бөлік, Жетісудың солтүстік бөлігін және бүкіл Орталық, Солтүстік және Батыс Қазақстанды қамти отырып, төменгі Еділ бойын қоса, одан әрі «татар (монғол) атының тұяғы тиген жерлерге дейін» Жошы ұлысының (Алтын Орданың) құрамына кірді, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, яғни Жетісудың үлкен бөлігі Шағатай ұлысына, солтүстік-шығыс бөлігі Үгедей ұлысына берілді.

Бүкіл билік бірте-бірте ұлыс билеушілеріне толық көшіп, империя дербес мемлекеттерге ыдырап кетті. Оның ыдырауына құлдыққа түсірілген халықтардың монғол езгісіне қарсы күресі, көптеген елдер мен халықтарды өзіне қарудың күшімен қаратып алған империяның берік болмауы, құрамалылығы, шексіз-шетсіз қырқыстар, экономикалық байланыстардың, ортақ мәдени дәстүрлердің жоқтығы себеп болды.

1252 жылы Алтын Орда ханы Батыйдың қолдауымен Төленің ұлы Мөңке империяның басшысы болып жарияланды. Ұлы хан Мөңке мен Жошы ұлысының ықпал өрісі арасындағы шекара Шу және Талас өзендері арқылы өтті.

XIII ғасырдың 60-жылдарында империяның бірлігі ыдырауға бет алды. Мөңке-хан өлгеннен кейін оның інілері Арықбұқа мен Құбылай ұлы хан тағы үшін соғыс бастады. Соғыс қимылдары Жетісу жерін де қамтыды. XIII ғасырдың 60-жылдарында Арықбұқа жауынгерлерінің халыққа қысым жасағаны сонша, Іле аңғарында ашаршылық болып, талай өмірді қыршыны-

нан қиды. Шежіреші Махмұд ибн Уәли өзара қырқыс соғыстар туралы былай деп жазды: «Сол кезде көптеген адамдар қырғын тапты, аймақтар қаңырап қалды, ал егістік жер кеуіп кетті. Шайқастарда жауласушы жақтардың екеуі де көп жауынгерлерінен айрылды. Олардың екеуінің де қазынасы таусылды, қалалар мен құрылыстар қиратылды, ал адамдар оларды тастап кетіп, қаңғыбастарға айналды».

Сөйтіп, Шыңғыс-хан шабуылының өзінде зардап шекпеген Жетісу қалалары Шыңғыс ұрпақтарының өзара қырқысы кезінде қиратылды. Жазбаша деректемелер мен археологиялық айғақтар өлкеде монғолдар үстемдігі орныққаннан кейінгі алғашқы онжылдық ішінде-ақ Жетісуда қала және отырықшы-егіншілік мәдениетінің құлдырап, егістік үшін игерілген жерлердің жайылымдарға айналдырылғанын дәлелдейді. Қала мәдениеті дамыған және отырықшы-егіншілік пен көшпелі шаруашылығы бар, бір кезде гүлденген, халық тығыз тұратын Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағы өзінің бұрынғы экономикалық және мәдени маңызын тез жоғалтты.

Мұның бірнеше себебі болды. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан монғол жаулап алушылары үшін маңызды стратегиялық аймақ саналды. Жетісу үш монғол ұлысына қарап, тұтастығынан айрылды. Монғолдар жаулап алғаннан кейін ондаған жылдар бойы оған Орталық Азиядан көптеген көшпелілер ағылып келді, мұның өзі егістіктің, өңделетін жер көлемінің күрт қысқаруын туғызды, отырықшылық есебінен көшпелі тұрмысты күшейтті. Қоныстардың қиратылуы, егістіктердің мал тұяғының астында қалып тапталуы, бау-бақтардың, суландыру жүйелерінің жойылуы, отырықшы-егінші халықтың қырып-жойылып, босқынға ұшыратылуы, оның Оңтүстік Қазақстанның Шыңғыс-хан жорығы кезінде-ақ қиратылған қалаларымен экономикалық байланыстарының күрт қысқаруы — осының бәрі Жетісудағы қалалар тіршілігінің экономикалық негізін бұзды. Соның салдарынан ертедегі қалалық және отырықшы-егіншілік мәдениеті бар Оңтүстік-Шығыс Қазақстан XIV ғасырдың ортасына қарай көшпелілер аймағына айналды.

Монғол шапқыншылығы Қазақстан аумағында халықтардың құрылуын күрт тежеді. Ірі тайпалық топтар қоныс аударды. Қыпшақтардың бір бөлігі Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір шегіне көшіп кетті, шығыс пен солтүстік-шығыстан жаулап алушылар кудалаған наймандар мен керейіттер де сол жаққа қарай қозғалды. Көптеген қыпшақтар Жерорта теңізінен Үнді мұхиты мен Тынық мұхитқа дейінгі елдерге қоныс аударды. Амалсыздан көшу монғол билігі орнағаннан кейін де орын алды. Монғол шонжарларының жақсы жайылымдарды басып алуы әсіресе Шығыс Қазақстан мен Жетісуда олардан байырғы халықтың ығыстырылып шығарылуына әкеп соқпай қоймады, ал монғолдардың өздері басып алған аумақты ұлыстарға бөлуі этникалық жағынан туыс топтарды екінің бірінде ажыратып жіберді.

Монғол шапқыншылығы Қазақстанның түрік халқының құрамы мен антропологиялық бітіміне онша елеулі болмаса да, белгілі бір ықпал етіп, онда монғолоидтік сипаттарды күшейте түсті. Алайда, Қазақстан аумағында өздері құрған ұлыстар халқының шағын бөлігі болған монғолдардың өздері жергілікті түркі тілдес халықтың жалпы бұқарасымен тез сіңісіп, оның тілі мен ғұрпын қабылдады.

Тек ең жоғары дәрежелі монғол шонжарлары, хан үйі, ханзадалар тіпті түріктерге айнала отырып, өздерінің монғол тегін мақтан етті. Алтын Орда халқы негізінен қыпшақтардан құралды, орыс жылнамалары осылай деп



көрсетеді. Деректемелердің мағлұматтары бойынша, Алтын Орда хандары «қыпшақтардың патшалары» деп аталған.

Монғолдардың жаулап алуы барысында Монғолиядан Қазақстанға қоныс аударған елеулі этникалық топтар ішінен, наймандар мен керейіттерден басқа, қоңыраттар мен жалайырлар белгілі. Олар өздерінің атын сақтай отырып, жергілікті түрік халқына қосылып кетті.

**Монғолдар жаулап алуының әлеуметтік зардаптары.** Монғол жаулап алушыларының шапқыншылықтары, Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағына көшпелілердің едәуір мөлшерде қоныстандырылуы, монғолдардың феодалдық шонжарларының саяси үстемдігінің орнатылуы, ақырында, монғол ұлыстарындағы үздіксіз қырқыстар қала мәдениетінің құлдырауына әкеп соқты, аймақтың шаруашылық құрылымын түбірінен өзгертті.

Монғолдардың жаулап алуы қоғам дамуын тежеді, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық құрылысында айтарлықтай кері кетушілік туғызды. Монғолдар бағындырған аймақтарда құл иеленушілік тәртіп кеңінен таралды (жүз мыңдаған тұтқындар құлдарға айналдырылды), феодалдық қатынастарда ең артта қалған түрлері орнықты.

Жаулап алынған елдерде, атап айтқанда, жер үлесінің, шартты түрде жерді сыйға тартудың дамыған жүйесі бар феодализм әлдеқашан үстемдік еткен Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда монғолдар қоғамдық қатынастарға ешқандай жаңалық енгізген жоқ. Бағындырылған отырықшы-егіншілік аймақтар халқын ешбір шектеусіз жыртқыштықпен қанауды жалғастыра беру мүмкін еместігіне уақыт өте келе көз жеткізген монғол билеушілері жерді иелену мен пайдаланудың түрлерін үйренуге мәжбүр болды.

Феодалдық қатынастар қалыптасу сатысында болған далалық мал шаруашылығы аудандарында монғолдардың жаулап алуы патриархаттық ғұрыптар пердесімен бүркемеленген ең мешеу феодализм түрлерінің орнығуы мен сақталып қалуына әкеп соқты. Бағындырылған елдердің көшпелі және жартылай көшпелі халқы Шыңғыс ұрпақтарының ұлыстарына кірді, олар монғол феодалдық ақсүйектерінің жаңа үлестері мен жаңа әскери бөліністерін құрады. Бөлініс жергілікті халықтың рулық-тайпалық құрылымын ескере отырып жүргізілді, мұның өзі оның ұзақ уақыт бойы орнығып қалуына жәрдемдескен маңызы зор фактор болды.

Бағындырылған халыққа ауыр алымдар салынып, міндеткерліктер жүктелді. Әскери міндеткерлік ерекше ауыр болды — халық монғол әскеріне жауынгерлер беріп отыруға міндеттелді. Отырықшы халық та әскери қызмет атқаруға тиісті болды.

Мал бағатын көшпелі халық хан сарайы мен өздерінің тікелей мырзаларының пайдасына құшыр төлеуге міндетті болды. Отырықшы халық жер салығын (харадж) төледі. Әскерлерді астықпен, малмен және басқаларымен жабдықтауға арналған алым-тағар, «төтенше салық» (аваиз) және басқа көптеген салықтар белгіленді. Зерттеушілер монғолдар белгілеп, жер-жерден алынып отырған алымдардың түрі кемінде 20 екенін есептеп шығарды<sup>144</sup>. Салық жинау хақы сатып алынатын болды; бұл хақыны сатып алушылар салықты аяусыз жинап, оны белгіленген нормасынан көбейтіп, қайталап жинайтын болды. Сатып алу жүйесі еңбекшілерді зор ауыртпалықтарға ұшыратты.

Ямдарды (почта бекеттерін) ұстауға байланысты почта міндеткерлігі мен тұрғын жай беру де ауыр шығын болды. Белгілі бір жерде орналасқан мо-

нғолдардың әскер қолын киім-кешекпен және азық-түлікпен жабдықтау міндеті де халыққа жүктелді. Бұл міндеткерліктердің ауырлығын қиянат жасаушылық одан әрі күшейте түсті.

Ауыр салықтарымен езгіге салу халықтың жаппай күйзелуіне әкеп соқты.

Шыңғыс-ханның жаулап алу саясаты бағындырылған халықтар үшін қасіретке айналды. Шыңғыс-хан мен оның мұрагерлерінің соғыстары жаулап алынған елдердің өндіргіш күштерін құлдыратты. Сонымен бірге бәрі бірдей біртектес болған жоқ. Шыңғыс-хан империясының мұрасы XVI—XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығынан да, сондай-ақ Орта Азияның, Сібірдің, Еділ бойының, Солтүстік Кавказдың, Қырымның сол кезеңдегі түрік мемлекеттерінен де көрінді. Атап айтқанда, бұл қазақ қоғамының қоғамдық-саяси құрылысынан көрініс тапты, онда сұлтандардың жоғары сословиесі хан тағын жеке иеленуге құқығы бар Шыңғыс-ханның ұрпақтарынан құралды.

Өз кезінде Шыңғыс-хан Ясасының — монғол заңдары жинағының құрамына кірген және XVII ғасырдағы қазақ қоғамы жағдайында мағынасын жоғалтпаған халықтық ғұрыптың кейбір дәстүрлі нормалары қазақтардың заң ескерткіші «Жеті Жарғының» (Тәуке ханның «Жеті жарғысы», «Ережесі» немесе «Заңдары») бір бөлігі болуы ықтимал<sup>145</sup>.

Қазақ мемлекеттілігінің өз негізінде дамығаны және Қазақстанда қоғамдық қатынастар дамуының нәтижесі болғаны күмәнсіз. Бірақ мазмұнынан айырмашылығы — оның түрі дәстүрлі болды, яғни ерте замандар мен орта ғасырлардағы көшпелі державаларда, атап айтқанда, Қазақстан мен Орталық Азия аумағында бұрынғы кезеңдерде болған мемлекеттік институттар түрінде өмір сүрді.

<sup>1</sup> *Pritsak O.* Karachaniden. // *Der Islam*, Bd. 31, 1953, S. 21-23; *Давидович Е. А.* Нумизматические материалы для хронологии и генеалогии среднеазиатских Караханидов. // *Труды ГИМ*, вып. XXVI (Нумизматический сборник, ч. 2). М., 1957, 91–119-б.; *Караев О.* История Караханидского каганата. Фрунзе, 1983.

<sup>2</sup> *Бартольд В. В.* Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. // *Соч.*, т. V. М., 1968, 71-б.

<sup>3</sup> *Махмуд ал-Кашгари.* Диван лугат ат-турк. Т. I. Стамбул, 1915, 283-б.

<sup>4</sup> Бұл да сонда, 330-б.

<sup>5</sup> *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. // *Соч.*, т. I. М., 1963, 315-б.

<sup>6</sup> Хасан Боғра-хан Түркістанға бара жатқан жолда, Қошқарбасы деген жерде өлген. Қараңыз: *Бартольд В. В.* *Соч.*, т. I, 321-б.

<sup>7</sup> *Агаджанов С. Г.* Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX—XIII вв. Ашхабад, 1969, 182-б.

<sup>8</sup> *Давидович Е. А.* Нумизматические заметки (Караханиды, Чингиз-хан, Шейбаниды). // *Известия ООН АН ТаджССР*, 1968, № 3, 70–71-б.

<sup>9</sup> *Ал-Манини.* Шарх ал-ямини ал-мусамма би-л-фатх ал-вахби ала тарих Абу Наср ал-Утби, II. Каир, 1898, 220-б.; *Ибн ал-Асир.* ал-Камил фи-т-тарих. Изд. Торнберга, т. IX, Лугдуни Батаворум, 1868, 209-б.

<sup>10</sup> *Давидович Е. А.* О двух караханидских каганатах. // *НАА*, 1968, № 1, 74-б.

<sup>11</sup> *Ибн ал-Асир.* ал-Камил фи-т-тарих, т. IX, 356-б.

<sup>12</sup> *Бартольд В. В.* О христианстве в Туркестане в домонгольский период, 290–291-б., 192-ескерту.

- <sup>13</sup> Бартольд В. В. Очерки истории Семиречья. // Соч., т. II, ч. I. М., 1963, 44-б.
- <sup>14</sup> Ибн ал-Асир. ал-Камил фи-т-тарих, т. X, 239–240-б.
- <sup>15</sup> Pritsak O. Von den Karluk zu den Karachaniden. // ZDMG, Bd. 101, 1951, S. 292-293.
- <sup>16</sup> Атактар генезисі өте ертедегі тотемдік түсініктерге барып тіреледі, бірақ әлеуметтік қатынастардың дамуы жағдайында бұл және басқа құрметті атактар енді саяси биліктің иерархиялық құрылымын көрсеткен.
- <sup>17</sup> Бартольд В. В. Очерки истории Семиречья. // Соч., т. II, ч. I. М., 1963, 41–47-б.
- <sup>18</sup> Ибн ал-Асир. ал-Камил фи-т-тарих, т. IX, 355-б.
- <sup>19</sup> Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. М., 1983, 187-б.
- <sup>20</sup> Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк, т. I, 107–118-б.
- <sup>21</sup> Ол кезде көптеген түрік халықтарының тілдерінде «ел» термині «халық», «ел», «мемлекет» деген мағынада болған. Бұл ұғым көбінесе азды-көпті ірі тайпалық бірлестіктер жөнінде айтылған.
- <sup>22</sup> Мұндай қоныстар Жүсіп Баласағұн дастанында «көш» деп аталады.
- <sup>23</sup> Ибн ал-Асир. ал-Камил фи-т-тарих, т. IX, 355-б.
- <sup>24</sup> Валитова А. А. К вопросу о классовой природе Караханидского государства. // Труды Кир ФАН СССР, т. I, вып. 1, 1943, 135-б.
- <sup>25</sup> Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк, т. I, 250, 257, 273-б.; Валитова А. А. К вопросу о фольклорных мотивах в поэме «Кутадку билиг». // Советское востоковедение, т. V. М., 1948, 100-б.
- <sup>26</sup> Махмуд ал-Кашгари. Диван лугат ат-турк, т. I, 31-б.; Бартольд В. В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии, 76-б.; Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники. М., 1964, 122–135-б.
- <sup>27</sup> Ибн ал-Асир. ал-Камил фи-т-тарих, т. XI, 57-б.
- <sup>28</sup> Сиасет-наме. Книга о правлении вазира XI столетия Низам аль-Мулька. М.-Л., 1949, 34-б.
- <sup>29</sup> Караев О. История Караханидского каганата. Фрунзе, 1983, 211–215-б.
- <sup>30</sup> «Ляо-ши», гл. 30, изд. Сыбу-бэйяо, Шанхай, 1936, 1100-б.
- <sup>31</sup> Wittfagel K. A. and Feng Chia Sheng. The History of Chinese Society, Liao (907-1125). Philadelphia, 1949, p. 101-102.
- <sup>32</sup> Козин С. Сокровенное сказание. Т. I. М.-Л., 1941, § 115, 105-б.
- <sup>33</sup> Бұл да сонда, § 164, 126-б.
- <sup>34</sup> Бұл да сонда, § 177, 134-б.
- <sup>35</sup> Рубрук. Путешествие в восточные страны. СПб., 1911, 69-б.; Цит. мына кіт. Владимирцов Б. Я. Общественный строй монголов. Л., 1934, 42–43-б.
- <sup>36</sup> Владимирцов Б. Я. Бұл да сонда, 42–43-б.
- <sup>37</sup> Бұл да сонда, 46–59-б.
- <sup>38</sup> Галстян А. Г. Армянские источники о монголах. М., 1962, 41-б.
- <sup>39</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей, т. I, кн. I, М.-Л., 1952, 93-б.
- <sup>40</sup> Козин С. Сокровенное сказание. § 1, 79, 149, 120-б.
- <sup>41</sup> «Ляо-ши», гл. 131 – «Сыбу бэйяо», 117-б.
- <sup>42</sup> Рашид ад-Дин, т. I, кн. I, 126–127-б.
- <sup>43</sup> Козин С. Сокровенное сказание. § 106, 100-б.
- <sup>44</sup> Бұл да сонда, 168-б.
- <sup>45</sup> «Юань-ши», цз. 127. – Мына топтамада: Соинь-бонабэнь, эр-ши-сы-ши, Шанхай – Пекин, 1958.
- <sup>46</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т. I, кн. I, 75, 127, 137-б.
- <sup>47</sup> Кычанов Е. И. К вопросу об уровне социально-экономического развития татаро-монгольских племен в XII в. // Роль кочевых народов в цивилизации Центральной Азии. Улан-Батор, 1974, 165–169-б.
- <sup>48</sup> «Юань-ши», цз. 130.
- <sup>49</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей, т. I, кн. 2, 109-б.
- <sup>50</sup> «Юань-ши», цз. 1, 30-б.
- <sup>51</sup> Бұл да сонда, цз. 130, (1502) 27254-б.

- <sup>52</sup> *Бартольд В. В.* Соч., т. V, 272-б.
- <sup>53</sup> «Юань-ши», цз. 27375 (1423)-б.
- <sup>54</sup> *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. I, кн. 1, 140-б.; *Бартольд В. В.* История Туркестана. Сочинения, т. II, ч. I, М., 1963; *Владимирцов Б. Я.* Общественный строй монголов; *Петрушевский И. П.* Рашид ад-Дин. Сборник летописей, т. I, кн. 1. М.-Л., 1952.
- <sup>55</sup> *Аристов Н. А.* Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности, «Живая старина», вып. III, IV. СПб., 1896. *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. I, кн. 1, 140-б.
- <sup>56</sup> *Murauma S.* Uber de nestorialischen inder Inner Mongolei und Sudchina. - "l'Oriente nella Storia della civiltà, Roma, 1964, pp. 77-80.
- <sup>57</sup> *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. I, кн. I, 102-б.
- <sup>58</sup> Бұл да сонда, 137-б.
- <sup>59</sup> Бұл да сонда, 77-б.
- <sup>60</sup> *Аристов Н. А.* Аталған еңбегі, 107-б.
- <sup>61</sup> *Козин С. А.* Сокровенное сказание, § 101—115, 98—105-б.
- <sup>62</sup> Бұл да сонда, § 178, 136-б.; *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. I, кн. 2, 249-б.
- <sup>63</sup> *Козин С.* Бұл да сонда, § 133, 113-б.; *Рашид-ад-дин.* Сборник летописей, т. I, кн. 2, 249-б.
- <sup>64</sup> Бұл да сонда, § 139, § 136.
- <sup>65</sup> Бұл да сонда, § 158—164, 125—127-б.
- <sup>66</sup> «Юань-ши», 118.
- <sup>67</sup> *Сандаг III.* Образование монгольского государства и Чингиз-хан. Татаро-монголы в Азии и Европе. М., 1970, 22—46-б.
- <sup>68</sup> *Козин С.* Сокровенное сказание, 142—150-б.
- <sup>69</sup> *Кюннер Н. В.* Китайские источники о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. М., 1961, 283-б.
- <sup>70</sup> *Школяр С. Г.* Китайская доогнестрельная артиллерия. М., 1979, 285-б.; «Юань-ши», 151.
- <sup>71</sup> Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. I. М., 1973, 65-б.
- <sup>72</sup> *Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья. Соч. Т. II, ч. I, 51-б.
- <sup>73</sup> Цзинь ши, гл. 121, 1100-б.; Низами Арузи Самаркинди. Собрание редкостей, или четыре беседы. Пер. с перс. С. Баевского и З. Н. Ворожейкиной М., 1963, 40—50-б.
- <sup>74</sup> Материалы по истории киргизов и Киргизии, 66-б.
- <sup>75</sup> *Джузджани.* Табакат-н Насири. Изд. Раверни. Т. I. Лондон, 1881, 90-б.
- <sup>76</sup> Бұл да сонда, 914-б.
- <sup>77</sup> *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. I, ч. I, 148-б.
- <sup>78</sup> *Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья, 51-б.
- <sup>79</sup> Жыл сайын Хорезмнен 30 мың динар алым алынып тұрған: 1958, р. 927.
- <sup>80</sup> *Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья, 51-б.
- <sup>81</sup> Мына есімді билеушілер Таянку, Има, Арбаз, Тума, Шаукем (Джузджани, т. I. 911-б.).
- <sup>82</sup> Цзинь ши, гл. 121, 1100-б.
- <sup>83</sup> Қараңыз: *Бартольд В. В.* Очерк истории Семиречья, 51-б.
- <sup>84</sup> *Wittfagel K. A. and Fend Chia Sheng.* The History of Chinese Society. Liao (907-1125). Philadelphia, 1949, p. 114.
- <sup>85</sup> Ляо ши, гл. 30, 137-б.; Материалы по истории киргизов и Киргизии, 73-б.
- <sup>86</sup> Материалы по истории киргизов и Киргизии, 70-б.
- <sup>87</sup> Бұл да сонда, 68-б.
- <sup>88</sup> Бұл да сонда, 74-б.
- <sup>89</sup> *Джузджани,* т. I, 984-б.
- <sup>90</sup> *Бартольд В. В.* Кыпчаки. Соч., т. V, М., 1968, 550-б.
- <sup>91</sup> *Ахинжанов С. М.* Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. А., 1989,

280-б.; *Кадырбаев А. Ш.* Тюрки и иранцы в Китае и Центральной Азии XIII–XIV вв. А., 1990, 34-б.

<sup>92</sup> *Акинжанов С. М.* Из истории взаимоотношений кыпчаков и Хорезма. // Археологические исследования в Казахстане. А., 1973, 59–70-б.

<sup>93</sup> *Кудряшов К. В.* Половецкая степь. М., 1948; *Федоров-Давыдов Г. А.* Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. М., 1966; *Плетнева С. А.* Кочевники средневековья. М., 1982; *Соныкі.* Половцы. М., 1990.

<sup>94</sup> *Golden P. B.* Introduction to the History of the Turkic Peoples. Ethnogenesis and State-Formation in Medieval and Early Modern Eurasia and the Middle East. Otto Harrassowitz. - Wiesbaden, 1992.

<sup>95</sup> *Кумекоев Б. Е.* Государство кимеков IX–XI вв. по арабским источникам. А., 1972.

<sup>96</sup> *Tabakat-i-Nasiri.* A General of the Muhammadan Dynasties of Asia, including Hindustan from A. H. 194 to A. H. 658, and the infidel. Mugals into Islam by H. G. Raverty. London, 1881, t. II, p. 961, 10097.

<sup>97</sup> Бұл да сонда, р. 791.

<sup>98</sup> История Казахстана с древнейших времен до наших дней (очерк). А., 1993, 76-б.

<sup>99</sup> *Рашид ад-Дин.* Сборник летописей, т. I, Кн. I, 67-б.

<sup>100</sup> *Кызласов Л. Р.* История Тувы в средние века. М., 1969, 164-б.

<sup>101</sup> *Агаджанов С. Г.* Государство Сельджукидов и Средняя Азия в XI–XII вв. М., 1991, 88-б.

<sup>102</sup> *Махмуд ал-Кашгари.* Диван лугат ат-турк. Т. I, Стамбул, 1915, 116, 317-б.

<sup>103</sup> *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. Т. I, М., 1963, 387-б.

<sup>104</sup> Бұл да сонда, 393-б.

<sup>105</sup> *Багдади.* Китаб ат-таваассул ила-т-тарассул. Тегеран, 1936, 165-б.

<sup>106</sup> *Ахинжанов С. М.* Кыпчаки... 207-б.

<sup>107</sup> *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху Монгольского нашествия. Соч. Т. I. М., 1963.

<sup>108</sup> *Кумекоев Б. Е.* Об этнонимии кыпчакской конфедерации Западного Дешт-и Кыпчака XII – начала XIII веков. // Известия НАН РК, 1993, № 1, 67-б.

<sup>109</sup> *Ан-Нувайры.* Нихаят ал-араб фи фунун ал-адаб. // *Тизенгаузен В. Г.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, I, СПб., 1884, 539–540 (текст), 540–541-б. (перевод); *Ибн Халдун.* Китаб ал-ибат, т. 5, Каир, 1284. г. х., 372-б.

<sup>110</sup> *Ад-Димашки.* Нухбат ад-дахр фи аджаиб ал-барр ва-л-бахр. Изд. Мерена. СПб., 1866, 264-б.

<sup>111</sup> *Кумекоев Б. Е.* Об этническом составе кыпчаков XI – начале XIII вв. по арабским источникам. // Проблемы этногенеза и этнической истории народов Средней Азии и Казахстана. М., 1990, 126-б.

<sup>112</sup> *Vacot J.* Reconnaissance en Haute Asie Septentrionale par cinq Envoyes ouigours au VIIIe siecle. // Journal Asiatique, t. 224, 1956, p. 146, 152.

<sup>113</sup> *Махмуд ал-Кашгари.* Диван лугат ат-турк, т. III. Стамбул, 1917, 379-б.

<sup>114</sup> *Самойлович А. Н.* О слове «казак». // Сб. «Кзаки. Антропологические очерки. Л., 1927, 13-б.

<sup>115</sup> Китаб Маджму тарджуман турки ва аджами ва магули ва фарси. Изд. Хаутсма. Лейден, 1894, 25-б.; *Курышжанов.* Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». А., 1970, 154-б.

<sup>116</sup> *Ибн ал-Факих.* Китаб ахбар ал-булдан. Фотокопия Мешхедской рукописи. ИВ РАН, ФВ-202, л. 171-б.

<sup>117</sup> *Togan Z. V.* Londra ve Tahrandaki islami yazmalardan bazilarina dair. // Islam Tetkikleri Enstitusu dergasi, cild III, cuz 2-4, Istanbul, 1960, 156-б.

<sup>118</sup> *Кумекоев Б. Е.* Средневековые мусульманские карты как источник по расселению кыпчаков. // Источники по средневековой истории Кыргызстана и сопредельных областей Средней и Центральной Азии. Бишкек, 1991, 63-б.

<sup>119</sup> Кузеев Р. Г. Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. М., 1974, 455—457-б.

<sup>120</sup> Ал-Омари. Масалик ал-абсар фи мамалик ал-амсар. // СМАЗО, т. I, 236-б.

<sup>121</sup> Ибн Баттута. Тухфат ан-нуззар фи гараиб ал-амсар. // СМАЗО, т. I, 282-б.

<sup>122</sup> Бұл да сонда, 287-б.

<sup>123</sup> Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч. I, 522-б.

<sup>124</sup> Ибн Баттута. Тухфат ан-нуззар фи гараиб ал-амсар, 281-б.

<sup>125</sup> Путешествие в восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука. А., 1993, 95-б.

<sup>126</sup> Ал-Омари. Масалик ал-абсар фи мамалик ал-амсар, 233-б.

<sup>127</sup> Марголин П. В. Три еврейских путешественника XI—XII вв. Ч. III, СПб., 1881, 4-б.

<sup>128</sup> Агеева Е. И. Памятники средневековья (раскопки на городище Баба-Ата).

Цитадель. Оборонительные сооружения и рабады. Некрополь. Общий обзор находок. // Археологические исследования на северных склонах Каратау. Труды ИИАЭ АН КазССР. А., 1962. Т. 14; Агеева Е. И., Максимова А. Г. Отчет Павлодарской экспедиции 1955 г. // Труды ИИАЭ АН КазССР. А., 1959, т. 7; Арсланова Ф. Х. Бобровский могильник. // Известия АН КазССР, ист. арх. и этн., А., 1963. Вып. 4; Соныкі. Памятники Павлодарского Прииртышья (VII—XII вв.). // Новое в археологии Казахстана. А., 1968; Артамонов М. И. История хазар. Л., 1962; Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. А., 1987; Акинжанов С. М. Об этническом составе кипчаков средневекового Казахстана. // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. А., 1976; Соныкі. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. А., 1989; Бернштам А. Н. История киргиз и Киргизстана с древнейших времен до монгольского завоевания. // Краткие сообщения Ин-та материальной культуры. М., 1947. Вып. XIV; Бернштам А. Н. Основные этапы культуры Семиречья и Тянь-Шаня. // Советская археология. 1949, № 11; Вайнштейн С. И. Некоторые вопросы истории древнетюркской культуры (в связи с археологическими исследованиями в Туве). // Советская этнография. 1966, № 3; Соныкі. Мир кочевников центра Азии. М., 1991; Винник Д. Ф. Тюркские памятники Таласской долины. // Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе, 1963; Грязнов М. П. История древних племен Верхней Оби. // Материалы и исследования по археологии. М., 1956, № 48; Гумилев Л. Н. Этносфера. История людей и история природы. М., 1993; Заднепровский Ю. А. Археологические памятники Юга Киргизии в связи с вопросом о происхождении киргизского народа. // Труды Киргизской археолого-этнографической экспедиции. Фрунзе, 1959. Т. III; Соныкі. Древнеземледельческая культура Ферганы. // Материалы исследований по археологии. М., 1962, № 118; Киселев С. В. Древняя история Южной Сибири. М., 1951; Кызласов Л. Р. Этапы средневековой истории Тувы. // Вестник Московского университета, серия IX, история. М., 1964. Вып. 4; Соныкі. История Тувы в средние века. М., 1969; Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники. М., 1964; Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. А., 1992; Кумекон Б. Е. Государство кимеков IX—XI вв. по арабским источникам. А., 1972; Максимова А. Г. Средневековые погребения Семиречья. // Новое в археологии Казахстана. А., 1968; Маргулан А. Х., Акишев К. А., Кадырбаев М. К., Оразбаев А. М. Древняя культура племен Центрального Казахстана. А., 1966; Нурмухамбетов Б. И. Катакомбы Борижарского могильника. // Древности Казахстана. А., 1975; Плетнева С. А. Печенеги, тюрки, половцы в южнорусских степях. // Материалы исследований по археологии. № 62; Пищулина К. А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV — начале XVI веков. Вопросы политической и социально-экономической истории. А., 1977; Савинов Д. Г. Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху. Л., 1984; Сенигова Т. Н. Средневековый Тараз. А., 1972; Толстов С. П. Города гузов. // Советская этнография. 1947, № 3; Соныкі. Древний Хорезм. М., 1948; Черников С. С. К изучению древней истории Восточного Казахстана. // Краткие сообщения Ин-та истории материальной культуры. М., 1957.

<sup>129</sup> *Алексеев В. П.* Палеоантропология лесных племен северного Алтая. // Краткие сообщения Ин-та этнографии АН СССР. М., 1954. Вып. XXI; *Соныкі.* Палеоантропология Алтая эпохи железа. // Советская антропология. 1958, № 1; *Соныкі.* Палеоантропология Хакасии эпохи железа. // Сборник Музея антропологии и этнографии. Л., 1961. Т. XX; Антропологические типы древнего населения на территории СССР. По материалам антропологической реконструкции. М., 1988.

<sup>130</sup> *Потанов Л. П.* Очерк этногенеза южных алтайцев. // Советская этнография. 1952, № 3; *Радлов В. В.* К вопросу об уйгурах. СПб., 1893; *Розов Н. С.* Материалы по краниологии чулымцев и селькупов. // Труды Ин-та этнографии АН СССР. М., 1956. Т. XXXIII; *Савинов Д. Г.* Расселение кимаков в IX–X веках по данным археологических источников. // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. А., 1976.

<sup>131</sup> *Дебец Г. Ф.* Палеоантропология СССР. // Труды Ин-та этнографии АН СССР. М.-Л., 1948. Т. IV; *Соныкі.* Антропологический состав древнего и современного населения Киргизии. // Труды Киргизской археолого-этнографической экспедиции. Фрунзе, 1959. Т. III; *Дремов В. А.* Этнические связи племен среднего Приобья. // Известия Лаборатории археологических исследований. Кемерово, 1967. Вып. I.

<sup>132</sup> *Байпаков К. М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. А., 1986.

<sup>133</sup> *Гинзбург В. В.* Материалы к антропологии древнего населения Южного Казахстана. // Советская археология. 1954, XXI; *Жиров Е. В.* Черепа из зороастрийских погребений в Средней Азии. // Сборник Музея антропологии и этнографии. Л., 1949. Т. X.

<sup>134</sup> *Ягодин В. И., Ходжайов Т. К.* Некрополь древнего Миздажкана. Ташкент, 1970.

<sup>135</sup> *Туркевич Г. Б.* Черепа из зороастрийского костехранилища в Фринкенте под Самаркандом. // Антропологический сборник IV. Труды Ин-та этнографии АН СССР. М., 1963, т. 82.

<sup>136</sup> *Гинзбург В. В.* Черепа из зороастрийского кладбища XIII в. в Фринкенте. // Сборник Музея антропологии и этнографии. Л., 1949, т. X; *Соныкі.* Материалы к антропологии древнего населения Юго-Восточного Казахстана. Черепа усуней и тюрков из погребений на правом берегу среднего течения р. Или. // ТИИАЭ АН КазССР. А., 1959, т. 7; *Гинзбург В. В., Трофимова Т. И.* Палеоантропология Средней Азии. М., 1972.

<sup>137</sup> *Гинзбург В. В., Дебец Г. Ф., Левин М. Г., Чебоксаров Н. Н.* Очерки по антропологии Казахстана. // Краткие сообщения Ин-та этнографии АН СССР. М., 1954. Вып. XVI.

<sup>138</sup> *Исмагулов О.* Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. А., 1970; *Исмагулов О., Сихимбаева К., Исмагулова А. О.* Антропологические аспекты происхождения казахского народа. // Известия НАН РК, серия общественных наук. А., 1993, № 1; *Ярко А. И.* Алтае-Саянские тюрки. Антропологический очерк. Абакан, 1947.

<sup>139</sup> *Кычанов Е. И.* Жизнь Темучина, вздумавшего покорить мир. М., 1972.

<sup>140</sup> *Трепавлов В. В.* Государственный строй Монгольской империи XIII в. М. 1993.

<sup>141</sup> «Юань-ши», Пекин – Шанхай, 1958.

<sup>142</sup> СМЗСО. Т. I, т. 2. СПб., 1884, 1941.

<sup>143</sup> *Шихаб ад-дин Мухаммад ан-Насави.* Жизнеописание Джалал-ад-дина Манкбурны. Баку, 1973.

<sup>144</sup> История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. А., 1979, т. 2. 145-б.

<sup>145</sup> *Султанов Т. И.* Кочевые племена Приаралья в XV–XVIII вв., М., 1972.

## Т ө р т і н ш і т а р а у

### ІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХІІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ОТЫРЫҚШЫ, ҚАЛА ЖӘНЕ ДАЛА ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

#### 1. ҚАЛАЛАР САНЫНЫҢ ӨСУІ


Археологиялық зерттеулер мен материалдар қалалар санының көбейгенін айқын көрсетеді. Егер осының алдындағы кезеңде Оңтүстік Қазақстанда 30 қаланың орны бар деп саналса, бүгінде олардың саны 37-ге жетіп отыр. Егер осының алдындағы кезеңнің жазбаша деректемелерінде 6 қала ғана аталса, қазір олар – 33. Мұның өзі бұл аудан туралы тарихи және географиялық әдебиетте мағлұматтың мол екенін ғана емес, сонымен қатар Шығыстың экономикалық және мәдени байланыстар жүйесіне кеңінен араласқан қалалар маңызының артқанын да білдіреді.

Деректемелерде тау етегіндегі белдеулерде жаңадан Жумишлагу және Манкент қалалары аталады, сол кезде Арыстың орта ағысында орталығы Осбаникет болған Кенже округі құрылған. Фараб округінде орта ғасырлардағы авторлар Отырардан басқа, жаңа астана Кедерді, Весидж және Бұрық қалаларын атайды. Шауғарда Ясы және Шағылжан, Қарнак, Қарашық және Шур (Сури) қалалары пайда болады. Сауран қаласы, Сырдарияның төменгі ағысында Сығанак, Жанкент, Жент, Аснас, Баршыкент белгілі болады. Қаратаудың теріскей беткейінде – Балаж бен Берукет, Сырдарияның орта ағысында Сүткент қалалары орналасты. Сырдарияның төменгі ағысы мен Қаратаудың теріскей беткейлерінде қалалардың қалыптасу үрдісі мейлінше шапшаңдай түседі.

Қалалардың аумағы ұлғаяды. Отырар рабадының көлемі 170 гектарға дейін жетті, ал бұрын ол 5–7 гектардан аспаған еді. Әрине, бұл цифрларды кең көлемде қазу жұмыстары жүргізілгенге дейін түпкілікті деп санауға болмайды, бірақ рабадтардың аталған шекараларының нақ ІХ–ХІІ ғасырларда қалыптасқаны даусыз. Егер бұрын қалалар жұрты көпшілігінің жоғарғы қабаттары VI–VIII ғасырларға жататындарын қоспағанда жалпы көлемі белгісіз болып келсе, қазір барлық дерлік ескерткіштердің көлемі туралы нақты деректер бар, олар Оңтүстік Қазақстандағы қала мәдениеті ескерткіштерінің типологиясын жасауға мүмкіндік береді.

Бірінші топқа көлемі 30 гектардан асатын қала жұрттары кіреді. Бұлар – Сайрам, Отырартөбе, Шортөбе (Қараспан), Құйрықтөбе, Сунақ-Ата, Сауран, Жанкент, Жанқала, Құмкент. Бірінші топтағы қала жұрттарын салыстыру мынадай көрініс береді: Сайрам қаласының жұрты Испиджабқа сәйкес келеді, Шортөбе (Қараспан-1) – Осбаникет, Отырартөбе – Отырар, Құйрықтөбе – Кедер, Шойтөбе – Шауғар, Жанқала – Жанкент, Сунақ-Ата – Сығанак, Сүткент – Сүткент деп саналады. Жазбаша деректе-





Оңтүстік Қазақстандағы қалалар мен қала жұрттарының картасы. IX-XIII ғ. басы.

мелердің мағлұматтарына қарағанда, бұл қалалардың бәрі, Сауран мен Сүткенттен басқалары округтердің астаналары, ал Испиджаб бүкіл Оңтүстік Қазақстанның басты қаласы болған; Жанкент — ғұздардың астанасы, ал Жент пен Сығанақ XII—XIII ғасырдың басында қыпшақтар иеліктерінің орталықтары болды. Бірінші топтағы қала жұрттары аймақтар, жеке иеліктер орталықтарының немесе жай ірі қалалардың орындары болып табылады.

Екінші топ ескерткіштерінің көлемі 15 гектардан 30 гектарға дейін жетеді. Олардың көпшілігі Испиджаб қалаларының тізіміне енетін қалалар деп саналады. Орта ғасырлардағы авторлардың бұл қалалар туралы сипаттамалары үстірт болып келеді, оларда мешіттер мен базарлардың болуы атап өтіледі. Бурух — «үлкен қала», Хурлуг — «күмбезді мешіті бар үлкен қала» деп аталады. Жумишлагау да «үлкен әрі көлемді қала» делінеді. Олардың бәрінде де қаланың маңызды белгісі — күмбезді мешіттер болған. Оңтүстік Қазақстан қала жұрттарының екінші тобын көлемі орташа қалалардың қалдықтары деуге болады. Үшінші топтағы қала жұрттары мейлінше көп. Олардың бір бөлігі жазбаша деректемелердегі қалалармен: Шарапхана — Газгирд, Бұлақ-Қоғал — Манкент, Тамды — Берукет, Қазатлық — Будухкет деп салыстырылады. Ескерткіштердің бұл тобы — шағын қалалардың, қалашықтардың қалдықтары. Тамтаж, Абараж, «Барысқауыптағы бекет» сияқтыларды керуен-сарайлар деп санаған жөн тәрізді.


Оңтүстік-Батыс Жетісудағы деректемелерде белгілі болған қалалар саны 26-ға дейін көбейді. Қалалар саны Жікіл, Балү, Шелже, Такабкет, Көл, Кенжек қалалары қалыптасқан Талас аңғары есебінен артты. Бірқатар көлемді төрткүлдер — 36 төрткүл табылды.

Қалалардың орталық қираған жұртының көлемі бұрынғы күйінде қалған, оның есесіне ұзын дуалдар ішіндегі құрылыстар неғұрлым тығыз бола түседі, онда тұрғын үйлері бір-біріне қаратылып тұрғызылған және аулалары бар жүйелі түрде жоспарланған усадьбалы учаскелер қалыптасады. Бұлайша жоспарлау қазіргі құрылыс жұмыстары аз жүргізілген Ақтөбе, Степнинское, Төлек және Сретинское қала жұрттарында сақталған.

Ертедегі орта ғасырларға арнап жасалған қала жұрттарының типологиясы бойынша Текабкет пен Сус (Талас Ақтөбесі және Шалдобар қалаларының жұрттары), сондай-ақ Кенжек-Сенгір (Шаруашылық) және Шелже орташа қалаларға жатады.

Шу аңғарында Баласағұн қаласы жетекші орынға шығып, астана рөлін атқарады. Ол X—XII ғасырларда хан ордасы ретінде қалыптасады<sup>1</sup>. Алайда оның орнында неғұрлым ерте кездегі қала жұрты жатыр. «Ескі» қала жұртымен қатар мұнда қырық шақты төрткүлдер пайда болады, олар орда, бекініс және егіншілік қоныстар ретінде қабылданды<sup>2</sup>. Талас және Шу аңғарларында осынша көп жаңа қалалардың пайда болуы ауданда отырықшылық пен қала өмірінің дамығанын көрсетеді.

Солтүстік-Шығыс Жетісуда IX—XIII ғасырдың басында қала мәдениетінің жаңа ауданы қалыптасты. Егер IX—X ғасырларда Солтүстік-Шығыс Жетісудың бүкіл аумағында 10 қала ғана болса, XI—XIII ғасырдың басында олардың саны 70-ке дейін көбейген. X ғасырдағы деректер Іле аңғарының сол жағалауында орналасқан екі қала — Талхиз (Талхар) және Лабан қалалары туралы хабарласа, XI—XIII ғасырдың бас кезінде мұнда, орта ғасырлардағы авторлардың мәліметтеріне қарағанда, Екі-Оғыз, Қаялық, «аймақ» астанасы «Несторианское селение», Ілебалық қалалары болған.



Оңтүстік-Батыс Жетісудағы қалалар мен қала жұрттарының картасы. ІХ-ХІІІ ғ. басы.

Солтүстік-Шығыс Жетісудағы барлық қала жұрттары «төрткүл» аталатын үлгіге жатады. Олар тік бұрыш, трапеция түрінде жоспарланған немесе дөңгелек болып келеді, жалпы жер бетінен сәл дөңестеніп тұрады және барлық жағынан бұрыштары мен бойында мұнаралары бар дуалдармен қоршалған. Әдетте дуалдардың ортасына орналасқан бір, екі, үш және төрт қақпасы болады. Төрткүлдер Солтүстік-Шығыс Жетісуда ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік-Шығыс Жетісуда, Тянь-Шанда, Орталық Қазақстанда, Тува мен Монғолияда таралған. Осы үлгідегі, нақ осылайша немесе біршама өзгеше жоспарланған қала жұрттары Сырдарияның төменгі ағысында, Азов теңізі маңында кездеседі. Олардың типологиясы жөнінде әр түрлі көзқарастар бар. Тянь-Шандағы Қошайқорған мен Шырдабек сияқты ірі қалалардың жұрттары орда-қалалар деп саналады<sup>3</sup>. Ыстықкөл қазаншұңқырының төрткүлдері бекіністер және ауылдық қоныстар деп есептеледі<sup>4</sup>. Сырдарияның төменгі ағысындағы суреттеліп отырған үлгідегі қала жұрттары ауылдық мекен-жайлар мен қала үлгісіндегі қоныстар деп саналады<sup>5</sup>.


Солтүстік-Шығыс Жетісудың төрткүлдері жөніндегі сан деректерге талдау жасау және бірінші кезекте, олардың көлемін салыстыру ескерткіштерді үш топқа бөлуге мүмкіндік береді.

Біріншісіне Антоновское, Дүнгене, Шілік; екіншісіне Талғар, Сүмбе, Ақмола енгізілген; үшіншісіне Алматы, Лавар, Қапал, Бояулы, Ақтам, Арасан және басқаларының бәрі жатқызылған.

Бірінші топқа көлемі 30 гектардан асатын қалалар енген. Бұлар — көп қабатты ескерткіштер, мәдени қабаттарының қалыңдығы 2—3 метрге дейін жетеді және одан да қалың. Қазба жұмыстары кезінде қала жұрттарынан алуан түрлі керамика, әйнек, теңгелер, қолөнер шеберханалары мен өндірістік күл-қоқыстар табылды, бұлар мұнда қолөнер мен сауданың дамығанын дәлелдейді. Бұл қала жұрттарының кейбіреулері нақты қалаларға: Антоновское — Қаялыққа, Дүнгене — Екі-Оғызға баланады. Олардың ішіндегі ең ірісі қарлұқ жабғуының астанасы Қаялық ретінде танылған Антоновское болды. Бірінші топты құрайтын төрткүлдер ірі қалалар және астаналық орталықтар болып табылады. Екінші топтағы қалалардың көлемі 10 гектардан 30 гектарға дейін жетеді. Мұнда қолөнер кесібінің дамығаны анықталды, басқа елдерден әкелінген бұйымдар табылды. Бұлар — көлемі орташа қалалар.

Үшінші топ қалаларының көлемі 10 гектарға да жетпейді. Мұндай қала жұрттарының құрылысы Жақсылық қаласының орнын кең көлемде қазған кезде зерттелді. Оларда тұрғын үйлердің дуалдарының жанына ішкі жағында орналасуы, ішкі ауланың болуы тән. Іле қалалары жұртының бұл тобын бұрынғы көшпелілер мен жартылай көшпелілердің ауылдық қоныстары деп санауға болады. Олардың кейбіреулері керуен-сарайлар болуы мүмкін. Сарыжас, Быжы және Айнабұлақ бірнеше қалаларының жұрты бір-біріне жақын орналасқан екі немесе тіпті үш бекіністен тұратындығымен ерекшеленеді. Олар орта ғасырлардағы сияқты жолдардың қиылысында орналасқан.

Бұл кезеңде отырықшы және қала мәдениеті Қазақстанның орталық және шығыс аймақтарына қарай ойысады. Қазақстанның батысында қоныстар пайда болады. Мәселен, Орталық Қазақстанда, Нұра, Кеңгір және Жезді аңғарларында, Ұлытау етегінде ондаған төрткүлдер табылды, мұнда жүргізілген қазба жұмыстары олардың



Солтүстік-Шығыс Жетісудағы қалалар мен қала жұрттарының картасы. IX-XIII ғ. басы.

әкімшілік, қолөнер-сауда және ауылшаруашылық сипатын көрсетеді<sup>6</sup>.

## 2. ҚАЛАЛАР ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Оңтүстік Қазақстанда қала орындары көпшілігіндегі қамалдардың салынуы уақыт өте келе өзгерістерге ұшыраған. Құйрықтөбе қамалын қазу мұнда IX ғасырдың бірінші жартысында өрт болып, соның салдарынан сарай кешені қирағаннан кейін бірсыпыра уақыт өткен соң толық қайта жоспарлау жүргізілгенін көрсетті. VII—IX ғасырдың бірінші жартысындағы құрылыс кешенінің іргелі дуалдары шегінде қарапайым құрылыс махалласы салынады. XI—XIII ғасырдың басында нақ сол жерде қыш-құмырашылар махалласы қалыптасады.

Оксустың, Отырар алқабындағы Бұзықтың қамалдарында, тау етегі өңіріндегі Бұлақ-Қоғал қаласында тұрғын үй құрылыстары пайда болады. Бірақ, мысалы, Баба-Ата сияқты кейбір қалаларда қамалдардағы сарай үлгісіндегі құрылыс IX—XIII ғасырдың басында да болған.

Қазба жұмыстарының көрсеткеніндей, қала бұрынғысынша қаланың жалпы құрылысына қатынасы жөнінен сол баяғы тұйықталуы сақталған жекелеген тұрғын үй махаллаларынан тұрады және махалланың барлық үйлерінің кірер есіктері жалпы махалла ішіндегі кішкене көшеге қаратылатын жоспарлау үрдісімен сипатталады.

Құйрықтөбе қаласы жұртының шығыс бөлігіндегі IX ғасырдың екінші жартысы — X ғасырдың бірінші жартысындағы екі махаллаға ішінара қазба жұмыстары жүргізілді, ал бір махалла толық қазып аршылды. Ол бұрынғы қамал алаңын түгел алып жатыр. Оның көлемі 35x30 м. Үйлер II тәрізді кішкене көшені бойлай тұрғызылған. Бес үй жақсы сақталған, орны айқын аңғарылады. Ал махаллада барлығы 12 үйден кем болмаған, олардың бір бөлігін су шайып кетсе, басқа біреулері кейінгі кездегі құрылыстардың астында қалған.

Құйрықтөбе қаласы жұртының оңтүстік жағында әрқайсысы 8—10 үйден тұратын X—XI ғасырлардағы екі махалла ішінара аршылды. Құйрықтөбенің оңтүстік-шығыс жағында 3200 шаршы метр жерге толық қазба жұмыстары жүргізіліп, қалалық үш махалланың орны тазартылды, олардың мерзімі XI ғасырдың екінші жартысы — XII ғасырдың басы деп анықталып, шартты түрде «Д», «Е», «Ж» әріптерімен белгіленді. «Д» махалласы қала дуалына түйісіп жатыр. Оның құрамында үлкен көшеге шығатын 8 үй бар. Көшенің ұзындығы 52 м. «Д» махалласы алып жатқан жер көлемі 950 шаршы метр болады. «Е» махалласы ұзындығы 40 м де, ені 1,5—2 м болатын кішкене көшенің екі жағына орналасқан екі тұрғын үй кешенінен тұрады. Махалланың жалпы көлемі 704 шаршы метр болады. Махаллада 10 үй бар. «Ж» махалласы көлемі 1050 шаршы метр жерді алып жатыр. Алты үй махалла ішіндегі ұзындығы 32 м болатын кішкене көшені бойлай шоғырланған, ал махалланың түкпіріндегі үйлер ұзындығы 15 метрге дейін жететін тұйық көшелермен қосылады.

Қамалдағы «қыш-құмырашылар махалласы» да сол кезге жатады. Махаллада барлығы 7 үй бар, оларға тұрғын жайды шеберхана ету тән. Тұйық-

талу принципі сақталумен бірге махаллалар, ертедегі орта ғасырлардағы қала махаллаларымен салыстырғанда, көлемі мен үйлер саны жөнінен екі — екі жарым есе ұлғайған.

Қала махаллаларын, соның ішінде қыш-құмырашылар махалласын зерттеу махаллалардың қолөнерге мамандануы туралы мәселеге назар аударуға мәжбүр етеді. Бір зерттеушілер жазбаша деректемелерді негізге ала отырып, монғолдарға дейінгі кезеңде махалла мен қолөнердің ұйымдастырылуы өзара сәйкес келген деп топшылайды<sup>7</sup>. Басқаларының пікіріне қарағанда, бұлардың сәйкес келуі сирек кездесетін жағдай. «Жазбаша деректемелерде, — деп жазады олар, — «айырбасшылар махалласы», «ағаш ұсталары махалласы», «былғарышылар көшесі», «зергерлер көшесі», «етікшілер базары», «опа-далапшылар қақпасы» деген атаулар кездескенімен, бұл белгілі бір саладағы қолөнершілердің өзі аттас махаллада тұрғанына дәлел бола алмайды. Оның үстіне деректемелерде саудагерлер де, түрлі кәсіппен айналысатын қолөнершілер де болатын махаллалар суреттеледі»<sup>8</sup>. Құйрықтөбедегі қазба жұмыстарында қолөнердің махаллалар бойынша шоғырлануы байқалған жоқ, тек бір жағдайда ғана қыш-құмырашылар махалласы туралы айтуға болады.

Махаллалардың әлеуметтік стратификациясы туралы мәселе қызықтырарлық. Топографиялық байқаулар мен жазбаша деректемелердің көрсетіп отырғанындай, бірқатар қалаларда махаллалардың тұрғындарының атақ-даңқы мен байлық дәрежесі бойынша бөлінетіні байқалады<sup>9</sup>. Әзірше Қазақстан махаллаларына қарап, оларды көрінеу кедей немесе бай деп бөлуге болмайды. Олардың бәрі де әлеуметтік жағынан араласып кеткен.

Қарастырылып отырған кезеңдегі қала құрылысының құрылымында пайда болған жаңа элемент мешіт болып табылады. IX—XII ғасырлардағы жазбаша деректемелерде қалаларды сипаттаған кезде мешіт, оның қалада орналасуы — баяндаудың міндетті элементі болып табылады<sup>10</sup>. Құйрықтөбе мен Өрнек қаласының жұртын қазған кезде мешіттердің орны табылды. Бұлар — Қазақстандағы ең ертедегі мешіттер.

Бұл кездегі құрылыс элементтерінің қатарына моншалар да қосылады. Отырар рабадын қазған кезде екі моншаның орны табылды. Құйрықтөбе махалларының біреуінен үйлерге жапсарластырыла салынған және кең есіктері үлкен көшеге шығатын шағын бөлме түріндегі сауда дүңгіршіктерінің қалдықтары табылды.

Қаланың әскери бекінісі жөнінде бірсыпыра деректер алынды. Аршылған учаскелерде XI—XII ғасырдың басындағы Отырар дуалы байқалған жоқ. Сірә, деректемелердегі Отырардың бекіністі дуалдарын монғолдар жермен-жексен етті деп хабарлануы шын болса керек. Отырар рабадының бүкіл дуалын көлденеңінен қазып қарағанда оның биіктігі 1 м болатын топырақтан үйілген алаңға салынғаны анықталды. Дуалдың ені 6,2 м болатын табаны үш қатар етіп шикі кірпіштен қаланған. Шикі кірпіштен тұрғызылған қабырға екі жағынан күйдірілген балшық блоктармен қаланып бекітілген. Блоктардың арасы құрылыс қалдықтарымен және топырақпен толтырылған. Дуалдың жоғарғы жағы жентектелген балшық қабаттарымен және шикі кірпішпен қаланып биіктетілген. Дуал X—XII ғасырларда тұрғызылған деп саналады, соңғы рет XII ғасырдың аяғы — XIII ғасырдың басында жөндеу жүргізілген<sup>11</sup>.

Басқа қала жұртарында жүргізілген қазба жұмыстары қала бекіністерінің

сипаты туралы түсінік береді. Мәселен, X ғасырдағы Баба-Ата шахристанының дуалы екі қатар етіліп кірпішпен тұрғызылған. Бұрынғы жалпақ дуал мен кірпіш қабырға арасы құрылыс қоқыстарымен тығыздалып толтырылған. Дуалдың жиегіне кірпіштен жақтау жасалған. Баба-Ата мұнаралары сегіз қырлы құйма негіз үстіне шикі кірпіштен тұрғызылған. Мұнаралардың біреуі толық аршылды. Оның биіктігі 5,1 м, жоғарғы диаметрі 3,4 м, төменгісі — 4,6 м. Мұнараның ішінде бұрыштары дөңгелетілген үш бұрыш түрінде бөлме орналасқан. Бөлменің төбесі жалпақ етіп жабылған. Мұнараның төбесінде дуалдағы сияқты жақтауы бар. Ақтөбе I шахристаны бекіністі дуалының кесіндісі оның да IX—XI ғасырдың бірінші жартысында күйдірілген балшық блоктардан салынғанын көрсетті. Мұнаралардың түрі трапеция тәрізді етіп жоспарланған. Сыртқы қасбетінен қарағанда олар 3—3,5 м ілгері шығып тұрады.

Оңтүстік-Батыс Жетісуда да қамал құрылысында өзгерістер байқалды. Қызылөзен қаласы жұртының қамалында, VIII—IX ғасырдың бірінші жартысында мықты бекіністі сарай кешенінің төңірегінде қарапайым тұрғын үй салынған. Степнинскоенің Ақтөбе қала жұртының қамалында қалалық бай усадьба мен монша болды<sup>12</sup>. Тараздың қамалынан да X—XI ғасырлардағы моншаның орны аршылды<sup>13</sup>.

Солтүстік-Шығыс Жетісуда Талғар қаласының жұртын қазу жұмыстары оның құрылысында жекелеген махаллаларды анықтауға мүмкіндік берді. Көлемі 4000 шаршы метр болатын XI—XII ғасырдың басындағы махалла толық аршылды. Ол үлкен көшенің учаскесі біріктірген және қалған құрылыстан шеткі үйлердің бүйірдегі қасбетінің саңылаусыз қабырғаларымен оқшауланған үйлерден тұрған. Үйлердің шағын көшелерге шығатын есіктері бар, ал бұл учаскедегі ондай үйлердің саны 12—14.

Талғар махалласын Құйрықтөбенің уақыты жағынан сәйкес келетін махаллаларымен салыстырғанда алғашқысының көлемі үлкен екені аңғарылады. Махалладағы үйлер саны бірдей болғанымен, Талғардағы махалла алып жатқан учаске 4 еседей үлкен. Мұны Іле қалаларының ерекшеліктерімен түсіндіруге болады, олар жерге көшпелілер мен жартылай көшпелілердің отырықшылануы нәтижесінде пайда болған және олар өз құрылысында бұрынғы өмірінің көптеген белгілерін сақтап қалған, атап айтқанда, үйлердің қасында мал ұстайтын үлкен аулалар болған<sup>14</sup>. Сірә, Талғар махаллалары да, жоғарыда Оңтүстік Қазақстан қаласына байланысты жазылғанындай, туысқандар үйлері тобының шоғырлануы сияқты қалыптасқан болса керек. Олар туыс және ортақ бір атадан шыққан әулеттердің үйлері болған.

Солтүстік-Шығыс Жетісу қалаларының бекіністерін зерттеу Талғар дуалының таспалау әдісімен саз балшықтан тұрғызылғанын көрсетті. Дуал табанының ені 7 м, сақталған биіктігі 4 метрге дейін жетеді. Дуалдың табанына қойтастар қаланған. Олардың арасы балшықпен толтырылған, ал дуалдың жоғарғы жағы қалыңдығы 20 сантиметрге дейін жететін балшық қабатымен өсірілген. Балшық дуалдың екі жағынан да, бірақ негізінен сырт жағынан алынған, мұның өзі дуал салумен бір мезгілде ор қазуға мүмкіндік берген. Сүмбе қаласы жұртының дуалдарына да осындай құрылым тән.

Жалпы алғанда, IX ғасырдың орта шенінен XIII ғасырдың басына дейінгі кезеңде Қазақстан қалаларының құрылысында елеулі өзгерістер болған, олар рабадтардың қалыптасуынан, махаллалар көлемінің ұлғаюынан



көрінеді. Сонымен бірге көптеген қалаларда қамалдар салудың сипаты өзгереді. Мешіттер мен қоғамдық моншалар қала құрылымындағы жаңа элементтер болды. Қорғаныс бекіністері неғұрлым мықты бола түседі.

### 3. ТҰРҒЫН ҮЙ

Қазба жұмыстарында анықталғанындай, Оңтүстік Қазақстанда IX ғасырдың екінші жартысы — X ғасырдағы тұрғын үйлерде оның алдындағы уақыттың дәстүрі жалғастырылады. Бұлар — кіре берісі тамбур тәрізді, тұрғын жайдың қабырғаларын бойлай «Г» және «П» түрінде сәкілер орнатылған, айналасында жақтаулары мен каминдері бар ашық үлгідегі ошақтармен жылытылатын, белағашты (өтпелі) етіп жоспарланған бір және екі бөлмелі үйлер. Төбесі бір бағанды және төрт бағанды етіп жайпақ жабылған. Тұрғын үйдің сипатталған үлгілерімен қатар тағы бір түрі — бүйірінде дәлізі бар екі бөлмелі үй пайда болады. Дәлізден үйдің алдыңғы бөлігінде орналасқан қойма мен тұрғын жайға кіретін есіктер шыққан. Тұрғын жай еденінің үлкен бөлігін сәкі алып жатыр, оған еденге тікбұрышты ошақ орнатылған. Үйдің орталық белағаш бөренесі үш ағаш дінгекпен тіреліп жабылған.

Құйрықтөбені қазғанда мәлім болған X—XI ғасырлардағы үйлер бір үлгіде: екі бөлмелі, тұрғын жай мен қоймадан тұрады. Үйге тамбур арқылы кіретін болған. Бөлмеде қабырғаларды бойлай, ені 1—1,5 м және биіктігі 0,3—0,4 м болатын «П» түрінде сәкі салынған. Ортасында, еденде жақтауы бар антропоморфтық алаңша түріндегі ошақ орналасқан. Оның көлемі 1,2x1,5 м, алдыңғы жағы дөңгелек екі дөңеспен сәнделген, оған жақын жерде от жағатын шұңқыр тұр. Кіре беріске қарама-қарсы жақтаумен бөлінген шаруашылық орны бар, оған тас диірмен қойылып, еденін қазып, ыдыс көмілген. Сәкінің шетіне таман биіктігі 0,6 м жуан текше орнатылып, оған сыланған тандыр қойылған. Тандырдың қасында қабырғаға шаруашылық қуыстары жасалған. Үйдің төбесі жалпақ және төрт бағанмен тірелген, ол бағандардың едендегі шұңқырлары сақталып қалған. Басқа үйлердің ішкі көрінісі осыған ұқсас, тек болмашы айырмашылықтары байқалады.

Аталып өткеніндей, дәстүрлі жоспарлануының сақталуымен бірге бұл кездегі үйлер ішкі көрінісінде жаңа құрылымдардың болуымен сипатталады. Бұлар — қабырғадағы қуыстар, текше үстіндегі тандыр, антропоморфтық ошақтар. Нан пісіруге арналған ошақ ретінде Оңтүстік Қазақстанда тандырлардың пайда болуы X ғасырдың екінші жартысына жатады. Бүршік түріндегі жапсырмалары бар антропоморфтық ошақтар неғұрлым ертеректегі жақтаулары бар тікбұрышты ошақтардың дамыған нұсқасы болып табылады. Төмпешіктері мен жапсырмалары бар ошақтар Орта Азияның солтүстік аудандарынан да кездестірілді<sup>15</sup>. Мүмкін, ягнобтықтардың тандырларындағы екі бүр-чига (кеуде) антропоморфтық ошақтардың жұрнақтары болар<sup>16</sup>.

XI—XII ғасырдың басындағы тұрғын үйлерде елеулі өзгерістер аңғарылады. Мұндай үйлер Құйрықтөбеде қазып аршылған. Ұзынынан тізбектеле орналасқан үш бөлмеден тұратын, тізбектеп (түзу, жалғастырыла) жоспарланған тұрғын үйлер сақталған.

Бөлмелері ұзынынан айқастырылып (крест тәрізді жоспарланған) ор-

наластырылған үйлер жаңа үлгіге жатады. Ұзын жағы үлкен көшеге тігінен бір қатарға қойылған бөлмелері бар тұрғын үй тағы бір үлгі болды. Үйдегі бөлмелер саны екеу немесе үшеу. Бұл үлгідегі үйдің айқын бағдары жоқ, жеке бөлмелерінің қандай мақсатқа арналғаны аңғарылмайды.

Бөлменің ішкі көрінісі өзгешелігімен ерекшеленеді. Сәкілер бөлменің жартысын, тіпті бүкіл көлемінің үлкен бөлігін алып тұрады, бұл орайда еден деңгейі тек өтер жерде немесе кіре беріс алдында ғана сақталады. Ашық ошақтардың айқын тікбұрышты бейнесі сақталмаған. Бұл ошақ шұңқырлары мейлінше алуан түрлі: сопақша, дөңгелек, таға тәрізді болып келеді. Олардың бұрын айқын орныққан кіре беріске жақын жердегі орны өзгереді. Енді ол сәкінің үстіне де, еденге де орналастырылады. Ашық ошақтармен қатар бұрынғысынша каминдер кездеседі, олар әдетте сәкілердің шетіне орнатылған. Үйдің көлемі ұлғайып, бірқатар жағдайларда 60 шаршы метрден асып түседі. Көлемі 30-дан 50 шаршы метрге дейін жететін үйлер мейлінше кең таралады. Шағын үйлердің көлемі 30 шаршы метрден азырақ болады.

Жаңа үлгідегі үйлердің XII—XIV ғасырлардағы Солтүстік-Батыс Хорезмде, Бөтентауға жақын қоныстарда тікелей ұқсастары ұшырасты. Хорезмде мұндай тұрғын үй дәстүрлі емес, оның мұнда пайда болуы Хорезм мен Сырдариядағы оғыз-қыпшақ тайпаларының мәдени және этникалық өзара әсерімен түсіндіріледі<sup>17</sup>. Құйрықтөбеде тұрғын үйлердің жаңа үлгілерінің пайда болуы қалаларда көшпелі халықтың жаппай отырықшыланып, үй құрылысына ішкі көріністің жаңа элементтерін, жоспарлау үлгілерін әкелгенін, сонымен бірге дәстүрлі құрылыс әдісі мен ұзынынан (жалғастыра) жоспарлауды мұраға алғанын көрсетеді.

Тұрғын үйлердің жаңа үлгілерімен қатар XII ғасырда түзу жоспарлы дәстүрлі тұрғын үй дамытыла береді. Кіре берісі тамбур тәрізді және үш немесе төрт қабырғасын бойлай сәкі орнатылған ескі дәстүрлі үлгідегі үйлерде жаңа ошақтар пайда болады. Олар еденге орнатылған дөңгелек немесе тікбұрышты темір пештер. Темір пештер өсімдік тәрізді, геометриялық және сәулеттілік оюлармен әсем өрнектелген. Темір пештер мен қазылған дөңгелек шұңқырлар этнографиялық материалдар бойынша жақсы белгілі «сандалдар» деп түсінілуі мүмкін<sup>18</sup>. Әсем өрнектелген темір пештер мен Самарқанд ошақтарының ұқсастығы күмәнсіз. Соңғылары отқа табынумен байланыстырылады<sup>19</sup>. Алайда, кішкене ошақтардың сандалдардың бір түрі ретіндегі пайдаланылуы да мүмкін. Тұрақты ошақтармен қатар, түпсіз қыш цилиндрлер түріндегі алып жүруге қолайлы ошақтардың сынықтары ұшырасты, олардың ішкі жақтары қалыптап, жапсырып және бедерлер салынған өрнектермен сәнді безендірілген. Таға тәрізді ошақтардың сынықтары да кездеседі.

XII ғасырда ташнау пайда болады. Бастапқыда ол жиектері және ұшы жерге жіберілген құбырға немесе ыдысқа қосылған шүмегі бар саз балшықтан жасалған тікбұрышты алаңша түрінде орнатылды. XII ғасырдың аяғы — XIII ғасырдың басында ташнау әдетте күйдірілген кірпіш төселген алаңға ауыстырылады, олардың біреуі жерге қарата төңкерілген үлкен ыдыстың ойылған түбін жауып тұрады. Су төменге кірпіштегі тесік немесе саңылау арқылы ағып кетеді.

IX—XIII ғасырдың бас кезінде Оңтүстік-Батыс Жетісуда да тұрғын үйлердің жаңа үлгілері таралады. Олардың біріншісіне орталықтан жоспар-

лау тән, оның негізі орталық зал немесе аула болып, тұрғын жайлар мен қора-қопсыларға сол арқылы кірген. Бұлайша жоспарлау бай үйлерге де, қатардағы үйлерге де тән. Айырмашылық құрылыстың көлемі мен ішкі көріністің сипатына ғана келіп саятын. Мұндай үйлер Қызылөзен қаласының қираған орталығының оңтүстік жағына орналасқан жинақы топ болып табылады<sup>20</sup>. Бұлар көлемі 200—400 шаршы метр болатын көптеген құрылыстар тұрды. Салтанат жайларының қабырғалары оюлы алебастр тақталармен, оюланған сылақпен түрлі түстерге боялып безендірілген. Үйлер алып жүретін кішкене ошақтармен, сәкі арқылы өткізілген және қабырғадағы тік құдық арқылы сыртқа шығарылған қысқа мұржасы бар тұрақты тандырлармен жылытылған.

Бұл тектес мекен-жайлар Степнинское қала жұртын қазу бойынша да мәлім. Жалпы көлемі 1 га болатын мекен-жай зерттелді. Ол үйден және қоршалған учаскеден тұрды. Үйдің орталық жайы төрт бұрышты, көлемі 3,3x3,3 м, ол жан-жағындағы тұрғын жайлармен және шаруашылық мақсатындағы орындармен жалғасып жатыр.

Сипатталған құрылыстардың жоспарлануы мен түрлеріне Орта Азияда ұқсастары кездеседі. Еденге күйдірілген кірпіш қалау, салтанат жайларының ішкі көрінісінде оюлап және әшекейлеп сылауды пайдалану Ташкент алқабында, Түрікменстанда (Сұлтанқала, Чугундор, Мисриан) болғаны мәлім<sup>21</sup>. Кейбір зерттеушілер балшықты ойып өрнектеу негізінен Соғдыда және Шу аңғарында пайдаланылған деп санайды.

Екінші үлгідегі үйлердің жоспарлану ерекшелігін барлық құрылыстарының орталықтағы ауланы айнала орналасуы деп санауға болады. Мұндай құрылыстар Орловскоедегі Ақтөбе округінде жүргізілген қазба жұмыстарынан белгілі<sup>22</sup>.

Орталықтағы қираған үйінділерден тыс жерлердегі сипатталған үйлердің бір бөлігі, сірә, ауқатты қала тұрғындарының жазғы мекендері болса керек. Бұл «касрлар» — бекіністі мекен-жайлар. «Каср» терминін — павильон, шағын сарай деп түсінген дұрыс<sup>23</sup>.

Ұзын дуалдармен қоршалған аумақтағы қала сыртына орналасқан бай құрылыстармен қатар олардың тағы бір түрі болды. Бұлар — ауылдық округтердің негізгі компоненті болған екі және үш бөлмелі үйлерден тұрды. Олар жалғыз, бестен жиырмаға дейін топталып орналасқан, кейде ішінде құрылыс салмаған учаскесі бар өзінше бір төрткілді құрайды.

Тегінде, мұндай үйлердің көпшілігі ауыл адамдарынікі болса керек, бірінші кезекте, кейбіреулері ұзын дуалдардың ішкі кеңістігінің шет жақтарына орналасқан. Басқалары қатардағы қала тұрғындарының жазғы тұрғын жайлары болуы мүмкін. Орта Азияның солтүстік аудандары мен Қазақстанның оңтүстігінде ертедегі орта ғасырлар кезеңінің өзінде-ақ қала тұрғындарының жаздыгүні жаппай қала төңірегіне көшіп барып, онда қысқа арнап, ауыл шаруашылық өнімін дайындайтын болған.

Жалпы алғанда, Оңтүстік-Батыс Жетісудың аталған кезеңдегі қалалық тұрғын үйін сипаттай келіп, оның ерекшелігін және айрықша белгілерін атап өту қажет. Бұл кезеңнің тұрғын үйлері — қысқа мұржалы тандырлардың болуымен, әшекейлі бұйымдарды пайдалануы және кейбір үйлердің аулаларында киіз үйлердің тігілуімен ерекшеленеді.

Солтүстік-Шығыс Жетісуда Талғар қаласының жұртын қазған кезде тоғыз үйдің орны аршылды. Солардың біреуіне тоқталайық.

Мекен-жай тұрғын үй бөлігі мен ауладан тұрған. Мекен-жайға екі жақтан: оңтүстік және батыс қабырғадан кіретін есік болған. Батыс қабырғадағысы негізгі есік саналған, оңтүстігіндегісі — аулаға мал кіргізуге арналған кең қақпа. Мекен-жайдың тұрғын үйі 6 бөлмеден тұрады. Үйдің құрылысы жерге терендетіліп салынған, қабырғаларының арасы балшықпен бекітілген малтатастар мен кесек тастардан қаланған. Алты бөлменің үшеуі адам тұруға арналған, қалғандары қосалқы міндеттер атқарған: олар қоймалар мен қамбалар болған. Екі тұрғын бөлмеде сәкілер орналасқан, олардың үстіне сыланған тандырлар қойылған, біреуінде ашық жерошақ болғаны байқалды. Сәкілерде, тандырлардың қасында кішкене қойма жасалған.

Шаруашылық мақсаттағы төрт жайдың біреуі жоспарлануы жағынан мейлінше қызықты. Оның көлемі 32 шаршы метр. Онда астық сақтауға арналған 7 қамба бар.

Мекен-жайдың екінші бөлігін көлемі 180 шаршы метр болатын, тас қоршаумен қоршалған кең аула алып жатыр. Ауладағы құрылыстардың бәрі аула қоршауының оңтүстік қабырғасымен жалғасқан. Кіре берістің оң жағында төрт қора орналасқан. Олардың үшеуі ұсақ малға — қой-ешкіге арналған. Еденінде таға тәрізді ошағы бар біреуі ірі қара ұстауға, ал ошақ жылдың суық кезінде төл ұсталатын қораны жылыту үшін пайдаланылған. Ауланың оңтүстік-шығыс жағында тағы бір қораның орны анықталды. Қораның батыс қабырғасын бойлай мал азығы салынатын үш ақыр қойылған. Қорада жылқы, түйе, есек ұсталған деп топшылауға болады.

Қазып аршылған бес мекен-жайдың екеуінде малға арналған қора-қопсыға қоса тұрақты екі киіз үй тұрған. Мәселен, осындай мекен-жайдың біреуінде ауланың оңтүстік-шығыс жағына киіз үй тігілген, оның диаметрі 5,8 м болатын дөңгелек жұрты сақталған.

Іле қалаларының жұртындағы мекен-жайлар жоспарлануы жағынан өзіндік ерекшеліктерімен айшықталады. Сонымен бірге олардың Оңтүстік Қазақстандағы сипатты белгілерінің бірі — тұрғын үйді қамба, қоймалармен ұштастыру болып табылатын ортағасырлық тұрғын жайларына жуықтайтын тұстары да жоқ емес. Талғар тұрғын үйінің негізіне бір бөлмелі құрылыс алынып, ол тұрғын үйдің де, қойманың да міндетін атқарған. Мұндай тұрғын жайлар Жақсылық ауылдық қонысына тән, онда қалқа арқылы бөлінген ошақты бөлігі бар бір бөлмелі секция қазылып тазартылды<sup>24</sup>.

Тұрғын үй мен мал ұстауға арналған кең ауланың ұштастырылуы көңіл аудартады. Бұл — шаруашылығында малшылық тұрмыс сақталған халыққа тән үрдіс. Алғашқы ғасырлардың өзінде-ақ Іле аңғарының усундерінде тұрғын үйлі қоныстардың құрамына кіретін, мал ұстауға арналған қоралар тән болған<sup>25</sup>. Тұрғын үй мен ауланы — малға арналған қораны бірге салу кейінгі кезде Іле бойының қазақтарынан да анықталды<sup>26</sup>.

Талғар қонысының шаруашылығында малшылық және көшпелілік дәстүрлер болғанын дәлелдейтін қызықты жағдай кейбір мекен-жайлардың аулаларына тұрақты тігіліп қоятын киіз үйлер болып табылады. Тұрақты тұрғын үйлер мен киіз үйлерді қатар пайдалану көшпелі дәстүр ерекше күшті болған Еділ бойындағы Алтын Орда қалаларын қазған кезде байқалған еді<sup>27</sup>.

Көшпелі тұрмыс салтынан отырықшылыққа көшетін халықтың өміріне этнографиялық байқау жүргізу көшпеліге тән тұрғын үй — киіз үйдің қысқы тұрақты тұрғын үймен қатар ұсталатынын көрсетеді. Сөйтіп, тұрақты тұрғын

үйдің жанында киіз үйдің болуы көшпелі тұрмыс дәстүрлерінің сақталуын аңғартады, осы тұрғыдан алғанда да Іле қалаларының мекен-жайлары бір жағынан, жергілікті халық арасындағы отырықшылану үрдістерін, екінші жағынан — қала тұрғындары шаруашылығында мал өсірудің әлі де елеулі рөл атқарғанын дәлелдейді. Бұған ауладағы киіз үй ғана емес, сонымен қатар малдың түрлі түліктеріне арнап салынған құрылыстары бар, бүкіл мекен-жайдың жартысын алып жатқан ауланың өзі де айғақ болады. Сонымен бірге тастан, күйдірілген балшық кесектерінен, шикі кірпіштен салынған көп бөлмелі тұрақты тұрғын үйлер қалаларды мекендеушілер тұрмысының орнықты болғанын, ал олардың өмірі бірінші кезекте қолөнермен, саудамен және егіншілікпен байланысты екенін дәлелдейді<sup>28</sup>

#### **4. ҚОЛӨНЕРДІҢ, САУДАНЫҢ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ**

Қалалар санының артуы, олардың аумағының кеңеюі, қала халқының өсуі қолөнер мен сауданың одан әрі дамуына игі әсерін тигізді. Көбейе түскен қала халқын ауыл шаруашылық өнімімен жабдықтау ауыл шаруашылығы өнімдерін барған сайын артық өндіруді талап етті.

Қолөнер өнімін тұтынушылар құрамы өзгереді, егер бұрын, VII—VIII ғасырларда олар бай көпестер мен диқандар болса, енді қатардағы тұрғындар да өнімді негізгі тұтынушыларға айналады. Қала мен ауылдағы тоқыма өндірісінің жай-күйі туралы ешнәрсе белгілі емес деуге болады. Әл-Макдидидің Испиджабтан құлдармен бірге «ақ маталар» сыртқа шығарылатыны туралы ескертпесі ғана бар<sup>29</sup>. Алайда, тоқыма өндірісінің дамығаны даусыз, мұны ұршықбастардың көп табылуы дәлелдейді.

**Қыш-құмыра кәсіпшілігі** Құйрықтөбедегі XI ғасырдағы қыш-құмырашылар махалласындағы пештер мен шеберханаларды қазу жұмыстары бойынша белгілі. Шеберхана екі бөліктен: өндірістік және тұрғын жайдан тұрады. Өндірістік бөлім де екі бөлмеге бөлінген. Көлемі 24 шаршы метр болатын біреуі саз балшық және басқа да өндіріс керек-жарағын сақтауға арналған үш бөліктен тұрады. Бөлменің оңтүстік жағы бос, еденінде керамикамен толтырылған қоқыс төгетін шұңқырлар бар. Қыш-құмыра пеші көлемі 22,5 шаршы метр болатын жабық орында орналаcқан. Оның оттығы алмұрт бітімдес болып келеді, күйдіру қуысы сақталмаған. Оттық қабырғамен екіге бөлінген, қабырға күйдіру қуысының табанына тірек етілген. Шеберхананың адамдар тұратын жағы бүйірдегі дәлізбен қосылған үш бөлмеден тұрады. Шеберхананың бір өзі қолөнерді ұйымдастырудың сипаты және оның мамандандырылуы туралы қандай да болсын қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Ал мұның өзі өте маңызды нәрсе, өйткені ол қолөнердің даму дәрежесі мен онда болатын сапалық өзгерістерді анықтайды. Әзірше Орта Азияның Мерв қаласындағы қыш-құмырашылар махаллаларын қазу жұмыстарына ғана жүгінуге болады, олар XI—XII ғасырлардың өзінде-ақ кемінде 10 адам жұмыс істеген шағын қолөнер шеберханаларының пайда болғаны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді<sup>30</sup>. Афрасиаб қаласының жұртындағы X—XIII ғасырлардағы деп анықталған қыш-құмырашылардың махаллалары мен жекелеген шеберханаларды қазу жұмыстарының материалдарына сүйене отырып, зерттеушілер сол кездің өзінде-ақ шеберханалар бір са-

лаға мамандандырылған, ал қыш-құмырашылар цехтық ұйымдарға біріктірілген деп санайды<sup>31</sup>.

Қазақстан материалдары мамандандырылу туралы жанама материалдар негізінде ғана айтуға мүмкіндік береді. Мысалы, қыш-құмырашылар махаллалары шұңқырларының ақаулы керамикалармен, өндіріс қалдықтарымен, сынған керамикамен толтырылғаны, белгілі бір ыдыстар жиынтығы бар екені аңғарылды. Бір жағдайда оларда ас пісіретін, басқа бір жағдайда ас ішетін керамика ыдыстар ғана болды. Егер шұңқырлар түрлі шеберлердікі болса, сол кездің өзінде-ақ олар маманданған болып шығады. Тараздан табылған, тек үшкіл нәрселер ғана күйдірілген шағын пеш те соны дәлелейді<sup>32</sup>.

IX—X ғасырлардағы керамика жапсырма және қалыпта жасалған топтарының өзгеруімен сипатталады; жапсырып жасалған ыдыстың үлесі 35—40 проценттен 15—20 процентке дейін азаяды. Жапсырып жасалған керамика үлгілері — қазандар, дастарқандар мен қақпақтар болып келеді, шағын ыдыстардың бірлі-жарым даналары ғана кездеседі. Қазандардың ернеулері сәл жалпақтау, кесіндісінен қарағанда үш бұрыш бітімдес жасалған. Құлақтары тұзақ тәрізді, бұрама түрінде, жапсырмалы, шығынқы түрде болып келеді. Қазандардың түрі мен олардың бөлшектері өзгермейді.

Қақпақтар әдетте сфералық түрде, көлемі әр түрлі болып келеді, ортасында мүйізді, құс екені аңғарылатын зооморфтық мүсіншелер түрінде тұтқа орнатылған. Қақпақтардың сыртқы беті түгелдей өрнектермен безендірілген. Өрнектің салыну әдісі мейлінше әр түрлі: ойылып, қалыптап, жапсырып, саусақпен басып жасалған. Өрнектің элементтері де мейлінше алуан түрлі: бір нүктеде түйісетін жолақтар, қиылысқан жолақтар және иректел салынған, тарамдалған сызықтар, шырмауық тәріздес өрнектер немесе бір-бірімен бұрыштары түйісетін секторлар таралатын түрдегі әр түрлі гүлдер сияқты етіліп композициялық тұрғыдан байланыстырылмаған жекелеген стильдер, сызылған шеңберлерді және жүйесіз орналастырылған шұңқырларды ұштастыру, геометриялық етіп бөлінген өрнектері бар дөңестеу етіп салынған гүл шоғы түріндегі өсімдік тәрізді өрнек болып келеді. Дастарқандар геометриялық тұлғалар, сызықтар, өсімдік шырмауықтары, бұтақтар мен бүрлер түрінде қалыппен басып безендірілген.

Қалыпта жасалған ыдыстар арасында көзелер мен саптыаяқтар, құмыра тәрізді ыдыстар мен тегенелер көбірек. Ас ішетін көзелердің бетін әдетте қызыл ангобпен бояп, жылтыратып тегістеген. Бүйірі дөңгелек, ұзын тар мойыны шүмек тәрізді болып келеді. Көзелердің сырты сына тәрізді таңбалармен, «шабақты доңғалақтар», шеңберлер мен түрлі сызықтар түсіріліп безендірілген. Бұрынғысынша, қызылмен бояп жылтыратылған, шүмегі бар әдемі көзелер, теріге бедерлі өрнек салғандай етіп сәнделген оюлы көзелер дайындалған. Мұндай керамика Талас аңғарында көп кездеседі, сірә, оны өндіретін орталық сонда болуы мүмкін.

Кеспектер ұршықша шеңберінде жасалған. Әдетте ернеуі кесіндісінен қарағанда үтір сияқты немесе сәл қайырылып, жоғарғы жағы жалпақтау етіп жасалады. Жасыл және сары ангоб алқызыл және қызыл ангобпен алмастырылып отырады. Бүйірі дөңгелек және тұтқасы ілмешек тәрізді саптыаяқтар таралған. Құмыралар өзеннің ірі топырағы араластырылған саз балшықтан жасалған. Ернеуі сыртына қарай қайырылған. Құмыралардың ілмешек тәрізді етіп жапсырылған екі тұтқасы болады, олардың бүйірге қосылған жері саусақпен басып сәнделген.

Құйма керамика түбі дөңгелек тостағандар болып келеді. Мөлдір етіп жылтыратылып, ақ түсті сырмен боялған. Қоңыр, жасыл және қызыл түспен әшекей салынған. Ақ, қызғылт немесе қара түске құйма жалатылған керамика басқа жақтан әкелінген ыдыстан, атап айтқанда, эпиграфиялық өрнектері бар тостағандар мен табақшалардан күрт ерекшеленеді.

XI–XIII ғасырлардағы керамиканың бәрі құмырашының ұршықшасында жасалған деуге болады. Қолдан жапсырылған бұйымдар өндіру азайған, олар негізінен балаларға арналған ыдыстар, шырағандар болып келеді. Ыдыстардың жаңа түрлері: тостағандар, тегенелер, табақтар таралады, жапсырма дастарқандар мен қақпақтар жасау қысқарады. Ою-өрнекте елеулі өзгерістер байқалады. Егер бұрын ою, жапсыру кең қолданылса, енді суреттер ықшам, біртектес, нақты сюжетке құрылған болып келеді. Қалыппен басып өрнектеу кеңінен пайдаланылады. Жылтыратылған құйма керамика кең таралады. XI–XII ғасырларда жылтыр жағылмаған ыдыстың дені бұрынғысынша құмыра болып табылады. Оның бітімі де бір ізге түседі. Енді олар негізінен көлемі жағынан сараланады. Тегенелер, құмыралар саны көбейеді. Қазандар да қыш-құмыра ұршықшасында дайындала бастайды.

XI–XIII ғасырдың басындағы ыдыстардың мерзімін анықтайтын белгілер – кеспектер ернеуінің сыртына қарай қайырылған кесіндісінің үшбұрыш түрінде жасалуы, қалыпты пайдаланудың кеңінен таралуы болып табылады, қалып арқылы, IX–X ғасырларда болғанындай, қызыл ангоб жалатылған құмыралар ғана емес, сонымен қатар кеспектердің, құмыралардың, тостағандардың бүйірлері, ернеулері безендірілген; қызғылт және сұр ангоб пайда болады; қазандар құлағының түрі өзгереді. Құмыралар, бұрынғысы сияқты, ас ішетін және су таситын болып бөлінеді. Иіліп келген тұтқасы мойыны мен иінін байланыстырады. Кеспек құмыраларға қызғылт-сары бояу жағылады, ернеуінің бітімі өзгеріп, олар көбіне үшбұрышталып шығарылады. Ернеуі сыртына қарай жайпақтала қайырылған кеспек-құмыралар көбейеді, кейде осы жайпақ ернеуге қалыппен басылып өрнек салынады. Құмыралардың көпшілігі өте қарапайым: айқыншап ойып салынған бірнеше жолақпен немесе бірқалыпты толқынды сызықпен безендірілген. Құмыралардың түрі де, өрнектелуі де базарда сату үшін өндірілетін бұйымдардың белгіленген қалыпқа түсірілгендігін атап өткен жөн. Оңтүстік-Батыс Жетісуда минералдық сырмен боялған құмыралар сирек кездеседі.

Саптыаяқтардың пішіні неғұрлым бір сипатта бола түседі. Әдетте бұл ыдыстардың бүйірлері кең, түбі орнықты, тұтқалары ілмешек тәрізді, кесіндісінен қарағанда жалпақ болып келеді. Қазандардың бітімі сфера тәрізді жайпақ, түбі дөңгелек және ернеуі сәл қайырылған болады. Құлақтары жапсырылып, ілмешек тәрізді немесе дөңес доға етіліп жасалған. Арка бітімдес жапсырмалармен сәнделіп, олардың түйіскен жерлеріне шығынқы ілмек жапсырылып жасалған қазандар пайда болады. Тостағандардың түбі дөңгелек бітімді келеді. Сыртқы және ішкі жағына сары бояу жағылады. Құйма ыдыстың ең көп таралған түрі – түбі дөңгелек тостағандар мен табақтар. Шырақтар, құтылар, кеспектерге де жылтыр жалатылған.

Құю үлгілері мен әшекей салу мәнері әр түрлі. Ақ, алқызыл немесе сары бояудың үстінен мөлдір қабықша жалатылған керамика кездеседі. Қабықша астындағы сурет қоңыр, жасыл және сары бояулармен салынған. Әдетте, бояулы құймалардың бедерленген ою-өрнекпен ұштасқан түрлері де

ұшырасады. «Қалақшалап» салынған сурет, көп шұғылалы жұлдыз, стильді гүл немесе ірі нүктелер, желбіреген жапырақтар түрінде өрнектеу кең таралған. Ыдыс ернеулеріне қиғаш немесе Г тәрізді бояу қатарлап жағылады. Кейде бос ыдыстың беті стильдендірілген гүл шоқтарымен және қауырсын сияқты ірі жапырақтармен өрнектеледі. Жетісу ыдысында антропоморфтық және зооморфтық бейнелер сирек кездеседі. Жалтырап тұратын жасыл бояу жағылған, кейде сарғыш сәуле шашып тұратын керамика таралған.

Қазақстанның жылтыратылған құйма керамикасына Орта Азия қалаларының ыдыстары кешенінде ұқсастары ұшырасады. Шалғай аумақтардағы жылтыратылған керамиканың ұқсас болып келуі экономикалық және мәдени тығыз байланыстар, жетекші мәдениет орталықтарының өлшемдеріне бағдар алған қала тұрғындары талғамдарының бір болғанын дәлелдейді<sup>33</sup>. Қазақстан ыдысы Шаш пен Ферғана керамикасына мейлінше жақын<sup>34</sup>. Жалпы алғанда, Қазақстан қалаларындағы IX ғасырдың екінші жартысы — XIII ғасырдың басындағы керамиканың ерекшелігі осында: VI—VIII ғасырларда болған түрлерден өтуі болып табылады; бай безендірілген қақпақтар мен дастарқандардың көпшілігі солярлық белгілермен безендірілген көзелермен, алып жүруге ыңғайлы және тұрақты ошақтармен бірге алғанда біртұтас керамикалық кешен болып табылады. Бұл керамика мұнда, сірә, Орта Азия қалаларының қалыптанып шыққан көп ыдысын алмастырған болса керек.

Алдындағы кезеңнің қыш-құмыра өнімімен салыстырғанда Орта Азияның қала орталықтарынан алынған құйма ыдыстың пайда болуы мен кең таралуы сияқты маңызды жаңалықты атап өту керек. Сонымен бірге, Қазақстан мен Орта Азияның қалалары арасында жалпы сән-салтанаттың дамуындағы бағытты бейнелейтін жылтыратылған керамикамен қатар қалыппен ойып, сызып және жапсырып өрнектелген керамика (сандалдар, алып жүретін ошақтар, қақпақтар, дастарқандар) таралады. Қыш-құмыралар қайталанбас бірегей өнер туындысы саналады және керамика өндірісі дамуының ерекшеліктері туралы, жергілікті халықтың талғамдары, талап-тілектері мен қажеттері туралы түсінік береді. Ойып және сызып өрнектелген ас пісіретін және ас ішетін ыдыстар (құмыралар, көзелер, құты тәрізді ыдыстар) тобы ерекшеленеді, олар қалалардағы отырықшыланған көшпелілермен байланыстырылады. Жалпы алғанда, сол кездің керамикасындағы жаңалықтар едәуір: оларға керамиканың жаңа түрлері мен топтарының пайда болуы, қолдан жапсырып жасалған ыдыстың өндірістен ығыстырып шығарылуы, едәуір дәрежеде қолөнердің ұйымдастыруы барысында бұйымдардың бір ізге түсірілуі жатады.

**Шыны жасау.** Қазақстан қалаларынан көп табылған шыны бұйымдары X ғасырға жатады. Сол кезден XIII ғасырдың басына дейін шыны бұйымдарының түрлері, үлгілері және жиынтығы өзгермейтіні байқалды. Қазақстанның түрлі қалаларынан табылған шынының жақын ұқсастығы аңғарылады.

Шыны ыдыстардың дені үрлеу әдісімен, енді біразы қалыпқа құю арқылы жасалған. Қалып ретінде пайдаланылған ыдыстың қабырғалары мен түптерінде «ара ұясы», шеңберлес сызықтар, розеткалар түріндегі ою-өрнектер болады. Үрлеп жасалған ыдыс сыртынан жапсырылған қайырмаалармен, шыны тіндерімен және жолақтарымен өрнектеледі, кейде түрлі-түсті жап-



сырмалары бар өрнектермен безендіріледі. Шынылардың көп кездесуі орта ғасырлардағы қалаларда шыны өндірісінің жоғары деңгейге жеткенін және халықтың мейлінше алуан түрлі топтары пайдаланғанын дәлелдейді.

Бұйымдарды топтау ыдыстардың бірнеше негізгі түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Шыныдан жасалған бұйымдардың ең көп кездесетін түрлері мөлдіреген жасыл не көгілдір шынының бірнеше үлгісіндегі графиндер болып табылады. Графиндер көбінесе қою-жасыл, қызғылт не қою-көкшіл түсті сыртынан жапсырылған тіндермен әсемделген. Зерттеліп отырған аймақтың графиндері мен Орта Азия қалаларынан табылған шыны бұйымдар арасында тікелей ұқсастықтар байқалады<sup>35</sup>.

Таралу дәрежесі жағынан графиндерден кейінгі орынды — құмыралар алады. Кеселердің бүйірі аласа және аузы кең болып келеді. Кейбіреулерінде бүйірі біртіндеп сыртына қарай кеңейе берсе, екіншілерінде қусырынқы келеді, үшінші біреулердің сыртқы қалыбы күрделі кескінде болып келеді. Кейбір кеселер шаршылай орналастырылған ромбылар мен сопақшалар түріндегі өрнектермен безендірілген. Тостағандар мен саптыаяқтардың тұрқы цилиндр немесе шар тәрізді, тік, жұқа болып келеді. Тостағандардан айырмашылығы — саптыаяқтар бүйірінің ортасында ілмек тәрізді тұтқасы болады. Бүйірлері ромбылар, сопақшалар, алтыбұрыштар (көрездік өрнек) түріндегі өрнектермен безендірілген. Қалыпқа салып үрлегенде түбінде шырмауық немесе шеңбер түрінде өрнек салынған. Рюмка бітімдес ыдыстардың негізі цилиндр тәрізді, аяқтары бар сыйымдылығында жұмсқ абристі болып келеді. Кішкене құтылардың ернеуі кеңейіп, түбі ішіне қарай қайырылған дөңгелек бүйіріне бірте-бірте ұласатын мойыны болады.

Қалың көгілдір шыныдан жасалған және аламбиктері — бу шығатын түтікті қақпақшалар түріндегі алхимиялық ыдыстары бар сфералық үшкіл сынықтар сияқты сирек кездесетін шыны бұйымдар ұшырасады. Аламбиктер — орта ғасырлардағы қалалардың шыны бұйымдары кешендерінде кездесетін дағдылы олжалар. Шыны жасаушылар ыдыс-аяқтан басқа шағын дөңгелектер түрінде терезе әйнектерін жасай білген. Тараздан олардың ақ, көмескі, жасыл және алқызыл түстілері табылды<sup>36</sup>.

Ұсталық кәсіп темір бұйымдар жасаумен байланысты, олар, табылған олжалардың көрсетіп отырғанындай, кең таралған кәсіп болған. Қала ұсталары әдетте жеке махаллаларға орналасқан.

Темірдің кен өндірілген жерлерде өнделгені анықталды. Металл да сонда балқытылған<sup>37</sup>. Ұста дүкендеріне темір қорытпалар әзірленген құйма және темір сынықтары түрінде әкелінген. Қорытпаның екі түрі болған. Біріншісі — «арнаулы крица» деп аталады, ол құрамы әр түрлі, металдың қоспа кесектері көп араласқан, күл-қоқыстары мол болып келеді. Бұл әлі де шикі материал<sup>38</sup>. Мұндай қорытпаларды қосымша өңдеу — күл-қоқыстан тазарту, темірді шындауға келетіндей етіп қыздыру қажет. Мұндай қайта өнделген қорытпа темірдің тығыз кесегі болып табылады, одан жартылай дайын өнімдер, тілімдер, сым шыбықтар, кесінділер — болашақ бұйымдардың бейімделген нұсқалары жасалған. Алматы қаласының жұртындағы ұста дүкенінен нақ сондай қорытпалар табылды. Олар тік бұрышты, көлемі 10—15х5—7 см сом темірлер болып табылады. Кейбір қорытпаларда металдың сапасын анықтау үшін жасалған кесік іздері бар. Талғар ұста дүкенінен жартылай дайын өнімдер — тілімдер мен кесінді тәрізді тағалар табылды. Темір және шойын бұйымдардың сынығы, өнделетін ма-

териал ретінде пайдаланылған қорытпалармен бірге Алматы ұста дүкенінен шойын қазанның сынықтары табылды.

Нашар сақталуы себепті ұста дүкендерінің құрылысын көзге елестету қиын. Алматы ұста дүкенінде темір балқытатын көрік шикі кірпіштен қаланған, ол цилиндр тәрізді, түбінің диаметрі 2 метрге жуық. Оның іші күлге, көмірге және төбесінен құлап түскен күйген кірпіштің кесектеріне толы. Көріктің жанында ыдыстар — су таситын төрт көзе тұрды. Оларда су немесе бұйымдарды шындауға арналған ерітінділер сақталған. Осы жерде қабырғасы қалың керамикалық астауша табылды.

Талғар мен Алматы ұста дүкендерінен ұста құралдары жинап алынды. Олардың арасында қашау, кішкене төс және астауша, қалақша бар. Шеберханалардан табылған бұйымдарға қарағанда, тар шеңберде мамандану әлі болмаған. Мәселен, Александровское қала жұртының (Шу аңғары) ұста дүкендері дайын бұйымдарының жиынтығы мынадай: балталар, жер жыртатын соқа ұштары, кетпендер, жонғылар, шоттар, қайшылар, шегелер, тұтқалар, қашаулар және жауынгерлік дулыға.

Талғар мен Алматы ұста дүкендерінің құрамындағы заттар да алуан түрлі. Бұлар — жер жыртатын соқалардың соғып және құйып жасалған ұштары, кетпендер, балталар, шот балғалар. Темірден ағаш ұстасының кішкене балталары — шоттар да жасалған<sup>39</sup>.

Қала жұрттарын қазғанда, әдетте, бір жүзді пышақтар көп табылды. Темірден қару-жарак — қылыш, семсер, жебелердің ұштары, сауыттар және сауыт шығыршықтары, дулығалар соғылды.

Тұрмыстық құрал-саймандардан қайшылар, шегелер, жонғылар, шынжырлар, кармақтар, дөңес құлақты қазандар жасалған.

**Мыс кәсіпшілігі.** Мыс бұйымдарын жасау барлық қалаларда таралған, оның үстіне полиметалл мен мыс қала орталықтарына жақын Қаратауда, Қырғыз, Іле және Талас Алатауларында өндірілген.

Орталық Қазақстан аймағы бұрынғысынша кен өндірудің, мыс пен қола балқытудың аса ірі орталықтарының бірі болып қала берді. Осында, Жезқазған төңірегінде орта ғасырлардағы Милықұдық қонысы зерттелді. Қонысқа кен осы кезге дейін пайдаланылып келе жатқан Кресто, Петро, Покро кеніштерінен әкелінген. Кен ашық және штольнялар мен шахталар салып, үңгіп қазу әдістерімен өндірілген. Қазып алынған кен бірнеше рет байытылып, қонысқа әкелінген де, онда арнаулы пештерде балқытылған. Олардың қалдықтары, сондай-ақ күл-қоқыстар, металл кесектері, астаушалар, мыс шихтасы салынған көзелер табылды. Мыс қана емес, сонымен бірге қорғасын, қалайы, күміс және темір балқытылған. Ер-тұрманды сәндеуге арналған мыс қаптырмалар, жез тоғалар, шойын қазандардың сынықтары сияқты бұйымдар табылды<sup>40</sup>.

Зерттеушілердің пайымдауынша, мыс кәсіпшілігі маңызы және шеберлер саны жағынан екінші орындағы мамандық болған<sup>41</sup>. Соның алдындағы кезеңмен салыстырғанда, мыс бұйымдар көбірек мәлім. Мыс шеберлері ыдыс-аяқ, шырағдандар, әсемдік заттар жасаған. Олар екінші бірінде зергерлер де болып, қымбат тұратын металлдармен жұмыс істеген. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларының жұртын қазған кезде мыс пен қола бұйымдар табылды. Көптеген заттар Қазақстан мұражайларына кездейсоқ олжалар ретінде келіп түсті.

IX—XII ғасырлардағы металл бұйымдар негізінен, қола шырағдандар мен

оларға арналған тұғырлар болып келеді<sup>42</sup>. Шырағдандарға арналған тұғырлар зор көркемдік талғаммен жасалған. Олар үш аяқты жарты шеңбер түпшелерге бекитін, биіктігі 25—35 сантиметрге дейін жететін дөңгелек немесе көп қырлы салалардан тұрады. Үстіңгі жағында жайпақ табакшасы бар, оған шырақ қойылады<sup>43</sup>. Тұғырлар бедерлі өсімдік және әріп өрнегімен әшекейленген. X—XII ғасырлардағы Отырардың моншаларын қазған кезде табылған тұғырлар өнердің шынайы туындылары болып табылады.

Металдан жасалған көркемдік бұйымдар қатарында құмыралар өте назар аударарлық. Құйрықтөбе қала жұртының XI ғасырдағы қабатынан табылған екі қола құмыра мыс өңдеушілердің жергілікті өніміне жатқызылды. Бұл үлгідегі құмыралар Таяу Шығыстың Эрмитаж бен Меторополитен Музейінің мұражайлық жинағынан мәлім көркемдігі жоғары бұйымдарына ұқсайды. Олардың жасалу мерзімі — X ғасыр<sup>44</sup>.

Жетісудан (Тараз маңы) бүйірі алмұрт бітімдес құмыра табылды, оның жоғарғы жағы қасқырдың басы түрінде орындалған. Қасқырдың көзі қызыл мыстан салынған. Тұмсығының ұшына екі пальметтаның бейнесі және ішінде төрт нүктесі бар, жүрек тәрізді өсімдік оратылып ойып жасалған. Жануардың құлақтары да жүрек тәрізді ширатылып безендірілген. Бүйірінде медальон түріндегі әшекей бар, оған әрқайсысында жиырма шұңқырдың ұшы енгізілген (сірә, шұңқырлар түрлі-түсті шыны көз салуға арналған ұя болар). Құмыра XI—XII ғасырларда жасалған<sup>45</sup>.

**Зергерлік кәсіп.** Қоладан, күміс пен алтыннан білезіктер, шолпылар, сырғалар, қапсырмалар жасалған.

Талас аңғарының таулы бөлігінде, орта ғасырлардағы Шелже аймағында күміс пен алтын кеніші болған. Бұл жерден күміс көп көлемде қазып алынып, оның Қазақстан, Орта Азия және Орта Шығыс қалаларына тасылғанын X ғасырдағы автор әл-Макдиси хабарлайды<sup>46</sup>. Бұл арадан көптеген кен орындары табылды, кен кәсібінің құралдары жиналып, балқыту орындары, күл-қоқыстар, астаушалар, балқыту пештерінің орындары ашылды<sup>47</sup>.

Шымкент көмбесінен және Шу аңғарынан табылған, X—XI ғасырларға жататын ширатпалы бұратылған күміс білезіктер назар аудартады<sup>48</sup>. Жетісу-Сырдария аймағына тән мұндай білезіктер неғұрлым кейінгі кезде де жасалынған. Отырардан XIII ғасырдың басына жататын әшекейлердің қызықты жиынтығы табылды. Бұл — ұштарында сегіз қырлы басы бар қола білезік, күрделі нақышталған, қола шарлар тізілген шаш ұстағыш, айшықты шыны мен көгілдір ұнтақтан қатырып жасалған моншақтар<sup>49</sup>. Отырардан арабша әріптер таңбаланған, XI ғасырдағы белдіктің құйма тоғасы табылды<sup>50</sup>. Жақсылық қала жұртын қазған кезде XI ғасырдың қабатынан қалқан аны бар қола балдақ табылды, онда руналық жазу жазылған<sup>51</sup>. Әшекейлердің бір бөлігі қалыпта құйылған, олардың екеуі Таразда X—XII ғасырдың қабатынан, біреуі Құйрықтөбе қаласының орнынан табылды<sup>52</sup>.

Әшекейлердің ең көп тобы — шыны мен түрлі-түсті тастардан — ақықтан, жұзақтан, хрустальдан, көктастан, яшмадан, інжу-маржандардан жасалған моншақтар. Олар Отырарды, Құйрықтөбені, Қызылөзенді, Талғарды, Сүмбе мен Антоновканы қазған кезде табылды.

Сүйекті өңдеу мен сүйек ою кәсібінің дамығанын жабайы жануарлар мен үй жануарларының кесіп алынған мүйіздерінің бейімделген нұсқаларының табылуы дәлелдейді. Садақтарға арналған сүйек қаптамалар табылды; Құйрықтөбеде қоқыс төгілетін бір шұңқырдан кесілген сүйек-

тер, қалақшалар ұшырасты. Талғардан сүйек түйреуіштер, шахмат тастары табылды.

**Тас өңдеу,** негізінен, орта ғасырлардағы қалалардың жұрттарында ең көп таралған олжалардың бірі — диірмендер жасауға келіп саяды. Олардың ертедегі орта ғасырларда жасалған түрі бүкіл кейінгі ғасырлар бойында сақталып қалды.

**Сауда және ақша айналымы.** IX—XII ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстыратын Жібек жолы бұрынғысынша белсенді жұмыс істей береді. Бірақ енді одан көптеген тармақтар бөлініп шығады.

Жібек жолының Қазақстандағы бөлігі Газгирдтен басталып, Испиджабқа, Таразға, одан Құланға, сонан соң Невакетке, Баласағұнға, Бедел және Ақсу асулары арқылы Шығыс Түркістанға барады. Тараздан Бешташ және Кугарт асулары арқылы Ферғана аңғарына, ал Адахкес және Дех-Нуджикет қалалары арқылы кимектерге баратын еді<sup>53</sup>.

Бұл жерден сауда жолдары Енисей хакастарына бет алып, ол жаққа әрбір үш жылда бір керуен жібек апарып тұрды.

Испиджабтан керуендер Усбаникет, Кедер, Сығанақ арқылы Жанкентке жетті<sup>54</sup>. Усбаникеттен, Кедер мен Сығанақтан Қаратаудың теріскей беткейіндегі қалалар — Балаж бен Созаққа жол шығып, одан әрі Бетпақдала арқылы Дешті Қыпшаққа барады. Жанкенттен кимектерге шығатын жол басталып, ол Сарысудан Ұлытау етегіне және Есілдің жағалауымен Ертіс аңғарына өтетін<sup>55</sup>.

X ғасырда Іле аңғары арқылы керуен жолы өтетін болды. Мұнда жол Шу аңғарынан Қордай асуы, Қастек және Сынтас арқылы келетін. Талхизде керуен жолы тармақталып бөлінеді. Оңтүстік Іле жолы Есік, Шелек қалалары арқылы Кегенге, одан әрі Шығыс Түркістанға өткен. Екінші тармағы Шелектен Сүмбе қаласына, одан әрі Алмалыққа барған. Солтүстік Іле жолы Жақсылық қаласына, Таңбалы-тас шатқалына беттеп, Іле арқылы өткен де, содан соң Екі-Оғыз және Қаялық қалалары арқылы Алакөлдің жағасымен Алмалыққа, Тарбағатай арқылы Ертіс аңғарларындағы кимектерге барған. Солтүстік және оңтүстік жолдар Шелектен Борохудзирге апаратын жолмен қосылып, Іле арқылы өткелден өтіп, одан әрі Көктал, Өсек және Хоргос алқабы арқылы Алмалыққа шыққан<sup>56</sup>.

Қазақстанның оңтүстігінде Испиджаб, Кедер, Отырар және Жанкент, Оңтүстік-Батыста Тараз бен Баласағұн, Солтүстік—Шығыс Жетісуда Талғар мен Қаялық ең ірі сауда орталықтары болды.

Испиджабта жабық базар және мата базары болған<sup>57</sup>. Испиджабтың басқа сауда орындары арасында тималар аталады. Бұлар карбас-маталармен сауда жасалатын арнаулы орындары бар үлкен керуен-сарайлар болған<sup>58</sup>. Әл-Макдиси айтатын рабадтар керуен-сарайлар осылар. Олардың кейбіреулерінде нахшибтіктер мен самарқандықтар тұрған. Сонымен бірге Испиджаб көпестері Бағдадқа дейін товар апарып, онда Мервтен, Балхыдан, Бұхара мен Хорезмнен барған көпестермен бірге Харб ибн Абдаллах әл-Балхи рабадында тұрған<sup>59</sup>.

Отырар алқабы жөнінде деректемелерде «Фараб — бай өңір, оның басты қаласы Кедер деп аталады... — бұл көпестер жиналатын жер» делінген<sup>60</sup>. Кедер деп саналатын Құйрықтөбе қаласы жұртының бір махалласынан сауда дүңгіршегінің орны аршылды.

Алғаш рет дүңгіршектер Соғды мен Пенджикенттен қазып алынды<sup>61</sup>.

Қазір Оңтүстік Қазақстан қаласында да дүңгіршектер болғаны белгілі. Мысалы, олардың бірі мынадай. Ол үйдің тұтас қабырғасына жапсарласып жатыр. Оның көлемі 8,5 шаршы метр. Көше жағынан дүңгіршек ені 1,45 м ойық арқылы қосылған. Солтүстік-батыс бұрышында қамба, оңтүстік-батысында сәкі бар.

Дүңгіршектердің едендерінде жерошақтар болған. Осында жерге көмілген кеспектері бар кішкене қамбалар дүңгіршектермен байланысты. Құйрықтөбе дүңгіршектерінде кеспектердің болуы әл-Макдисидің шығармасындағы Кедердің «шарап дүңгіршектері» туралы хабарлайтын жолдарын еске түсіруге мәжбүр етеді<sup>62</sup>. Нақ солар қазып алынған болуы мүмкін. Сырдарияның төменгі ағысында Жанкент белгілі сауда орталығына айналады, онда хорезмдік көпестер тұрған<sup>63</sup>.

Бұрынығысынша Тараз транзиттік ірі сауда орталығы болып қала берді, ол жөнінде деректемелерде «мұсылмандардың түріктерімен сауда жасайтын орны» және «көпестер қаласы» деп жазылады. Тараз көпестерінің Исфаганда өз тобы болған, ал соңғысының тұрғындары Шелжеде, Талас алқабында сауда жасаған. Жетісудан Тараз арқылы Таластың жоғарғы ағысында өндірілген күміс тасылған. Күміс өндіретін орталықтар Шелже, Текабкет пен Көл қалалары болған<sup>64</sup>. Осында ашылған балқыту пештерінің күлқоқыстары деректемелердің хабарларын растайды<sup>65</sup>.

Іле аңғарында Талғар мен Қаялық сауда орталықтары болды.

Қалалар мен өлке арасындағы сауда кең дамиды. Қалаларға сипаттама бергенде орта ғасырлардағы авторлардың ең алдымен базарларын сипаттап, сол жерлердің товарларына тән бағалар туралы хабарлайтыны кездейсоқ емес<sup>66</sup>. Қалаға өлкеден ауыл шаруашылығы өнімі, негізінен астық, жеміс, ет әкелінген. Екінші халық қала қолөнершілерінен қажетті бұйымдар — керамика, шыны, зергерлік бұйымдар, әшекей заттар алып тұрды.

Қала өмірінде даламен сауданың маңызы зор, ол қалалардың өзінше бір ауылдық өңірі болды. Сауда қала мен даланың екеуіне де пайда келтірді, бұл жөнінен салжұқ құжаттарының бірінде айтылады: «Олардың (көшпелілердің) пайда келтіретін товарлары мен заттары отырықшы адамдардың байлығын, игілігі мен пайдасын арттырудың бір көзі болып табылады. Шонжарлар мен жай халық осы игіліктер мен артықшылықтардан өз үлесін алады»<sup>67</sup>.

Жәрмеңке сипатында болған сауда көшпелі дүниемен шектес Сауран, Жанкент, Дех-Нуджикет қалаларында мейлінше қызу жүргізілген. Испиджабқа мал шаруашылығы өнімімен бірге мал Дех-Нуджикет арқылы келіп отырған<sup>68</sup>. Сауран оғыздармен сауда орталығы болды. Ибн Хаукаль оғыздар Сауранға сауда жасау үшін келген деп атап өтеді<sup>69</sup>. Оғыздар Балаж және Берукет қалаларында да сауда жасаған. Жанкент арқылы оғыздар Хорезммен сауда жүргізген, ал Хорезм Қазақстан даласы, Еділ бойы, Хазария мен славяндар дүниесі арасында аралық рөл атқарған<sup>70</sup>.

Жазиралар мен қалалардың халқы жылқы, мал, жүн, иленбеген тері, киіз, текемет, сүт өнімдерін, құлдар алып отырды. Кейбір қалалар тікелей көшпелілерден алынатын, не әкелінген шикізаттан жасалатын товарларды сыртқа шығаруға маманданды. Мысалы, әл-Макдиси былай дейді: «Шаштан жоғары сортты шегірен ерлер, жебе салатын қорамсақтар мен шатырлар (әкетіледі). Тері түріктерден әкелініп, иленеді... Ферғана мен Испиджабтан — ақ маталармен, қарумен, семсермен және темірмен бірге түріктер-

ден шыққан құлдар. Тараздан — ешкі терілері. Шелжеден — күміс. Түркістаннан, сол сияқты Хутталдан бұл жерлерге жылқы мен қашырлар әкелінеді»<sup>71</sup>. Түріктердің жылқылары ерекше бағаланған. Кимектер сату үшін жылқы өсірген<sup>72</sup>. Түрік қойлары да жоғары бағаланған. Истахри «Хорасанға қой халадждардан әкелінеді, ал Мауараннахрға ет оғыздар мен қарлұқтардан... өздеріне керегінен көп мөлшерде жеткізіледі» деп хабарлайды<sup>73</sup>.

Көшпелілер экспортының маңызды бөліктері арасында мускус пен аң терілерін атау керек<sup>74</sup>. Көшпелілер саудасының маңызды тағы бір бөлігі құлдар екені айтылады<sup>75</sup>. Дала тайпалары қалаға металл жеткізіп отырған. Оны өндіретін орталықтардың бірі Орталық Қазақстан болған<sup>76</sup>. Әл-Идриси кимектердің темір, күміс және алтын өндіргенін айтады<sup>77</sup>. Көшпелілер өз товарларына қалалық орталықтардан киім-кешек, маталар, астық, қала қолөнерінің бұйымдарын, сәндік заттар айырбастап алған.

IX—XIII ғасырдың басындағы кезеңге товар-ақша қатынастарының өсуі тән, ол товар айырбасын ығыстырып шығарды. Қазақстанның ірі қалаларында теңге сарайлары болған. Испиджапта теңгелер соғылған, бұл іс бірсыпыра үзіліспен XI ғасырдың бірінші жартысына дейін созылған<sup>78</sup>.

Отырарда теңгелер соғу жалғастырылды. 1967 жылы Самарқанд көмбесінен Барабтың 222—223 жылдардағы саманилік теңгелері табылды<sup>79</sup>. Отырар және Құйрықтөбе қалаларының жұртын қазған кезде де нақ сондай теңгелер табылған<sup>80</sup>. Бұл қалада қарахандар мен хорезмшахтар кезінде теңге сарайы одан әрі жұмыс істеді. Фарабтан 1164/65—1173/74 жылдарда Қарахан мемлекеті кезінде соғылған теңгелер табылды, зерттеушілердің пікірінше, теңге соғу 1210/11 жылдарға дейін жалғасқаны мүмкін<sup>81</sup>. 1210 және 1217—1218 жылдарда Отырарда соғылған Мұхаммед ибн Текештің теңгесі мәлім<sup>82</sup>. Яссыда хорезмшах соқтырған теңге табылды<sup>83</sup>.

XI ғасырдың 20-жылдарының аяғында Мауараннахрда дирхемнің сапасы күрт нашарлады. Оның құрамындағы күміс 20 процентке дейін құлдырады. XI ғасырдың аяғына қарай «күміс дағдарысы» бүкіл мұсылман Шығысын, соның ішінде зерттеліп отырған аймақтың қалаларын да қамтыды. Сондықтан XI—XII ғасырларда теңге бағамы алтынмен бейнеленіп, ол құнның бұрынғыдан көбірек өлшеміне айналды. Оның айналыс құралы ретіндегі рөлі арта түсті<sup>84</sup>.

Жалпы IX—XIII ғасырдың басындағы сауданы сипаттай келгенде, бұл уақыт үшін халықаралық сауданың дамуы ғана емес, сонымен қатар қала мен даланы қамтитын өлке арасындағы жергілікті сауданың да дамуы тән екенін атап өткен жөн.

**Екіншілік.** Қала халқының көбеюі ауыл шаруашылығының товарлығын арттыруды, жерді пайдаланудың барған сайын интенсивтендірілуін талап етті, өйткені Оңтүстік Қазақстанның бірқатар алқаптарында, сондай-ақ Оңтүстік-Батыс Жетісу қалаларының ұзын дуалдары шегінде суармалы және өндеуге қолайлы жер көлемі шектеулі болатын. Мәселен, мамандардың есептеуінше, Шу аңғарында өнделетін жердің жалпы көлемі 700 шаршы метр, XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басында өнделген жерге тең болған, яғни «артық» жер болмаған, мұның әрбір екіншілік учаскесінен зор товарлы қайтарымды талап еткені даусыз. Сондықтан қолдан суару жүйесі дамытылып, жетілдіріледі.

Отырар алқабында X—XIII ғасырдың басында суландыру жүйелері жана элементтермен толықтырылады, су құрылыстары салынады, басты және

аралық қашыртқылар пайда болады, бөлгіш арнадан су бөлетін ұзын және тар, тармақталған арықтар қазылады. Тармақталған суландыру жүйесін бөлу егіс алқабын едәуір кеңейтуге, суармалы жердің пайдалы қайтарымын арттыруға мүмкіндік берді<sup>85</sup>.

X—XIII ғасырларда Іле өзенінің төменгі ағысында ирригация дамиды<sup>86</sup>.

Бұрынғысы сияқты, қала және ауыл тұрғындары өз учаскелерінде бау-бақша дақылдарын өсірді, жүзім шаруашылығымен және үй жанында мал өсірумен айналысты. Қалалардың жұртын қазған кезде Төменгі Барсханда, Қызылөзен қаласының жұртында шарап ашытатын орындардың қалдықтары табылды, Степнинскоенің Ақтөбесінде екі шарап ашытатын орын қазып аршылды<sup>87</sup>. Қала тұрғындарының үйлерінде ұралар болып, оларда астық, кептірілген жеміс қорлары сақталған.

Қала және ауыл тұрғындары сондай-ақ үй жануарларын — жылқы, сиыр, қой, ешкі ұстаған. Қазып аршылған бірқатар тұрғын жайларда қашалар мен арнайы мал ұстайтын қоралар анықталды. Бұл жөнінен Талғар елді мекені мейлінше ерекше. Сонымен археологиялық материал Қазақстан тұрғындарында ауыл шаруашылығы маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

## 5. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС. СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР

Іргелі сәулет өнері соның алдындағы орта ғасырлардағы сәулет өнерінің дәстүрлерінде дамыды. Түрлері мен құрылымы жетілдірілді. Нақ сол кезден бастап сәулет-құрылыс дәстүрлері мен жаңа идеологияның (исламның) қуатты ұштасуы негізінде сәулет өнері типологиясының негізі қалыптасып, ол содан кейінгі мыңжылдықта тура XX ғасырдың басына дейін дамып келді<sup>88</sup>. Құрылыс өнерінің одан кейінгі ілгері басуы, түрінің жаңаруы және бұл орайда жасалған тәсілдердің жиынтығы жергілікті сәулет өнері бағыттарының даму ерекшелеріне байланысты шоғырланған сарыны бар Қазақстан мен Орта Азия үшін бірыңғай стиль болды. Уақыт өте келе шоғырланған ерекшелік барған сайын айқын көрінетін және нақты сипат ала берді, мұның өзі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда XI—XII ғасырларда дербес Солтүстік Түркістан дәстүрін бөліп көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Қоғамдық және діни үйлердің сәулеті ислам ережелеріне және «мұсылман Шығысы» елдері сәулет өнерінің жалпы бағытына сәйкес дамиды. Діни кешендер ерекше дамыды. Олардың сәулеттік ұйытқысы жинақы немесе алаңдардың шетіне орналасқан іргелі құрылыстардан тұрған.

Араб-парсы деректемелері X ғасырдың өзінде-ақ Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың мешіттері бар қалаларын атайды. Кейбір құрылыстар осы кезге дейін сақталған. Мысалы, бір кезде соборлы мешіт болған Боран мұнарасы. Ол X ғасырдың аяғында немесе XI ғасырдың басында, Жетісу халқы жаппай мұсылмандандырылған кезеңде салынған. Бұл — Орта Азиядағы іргелі мұнаралы сәулет өнерінің сақталып қалған барлық ескерткіштерінің ең ертедегісі.

Мұнара жанында жүргізілген қазба жұмыстары ғимараттың жерасты бөлігінің құрылымын анықтап берді, ол тастан және күйдірілген кірпіштен қаланған алаң түріндегі іргетастан тұрған. Осы іргетасқа мұнараның жер бетіндегі бөлігі, төменгі жағында екі баспалдағы бар сегіз қырлы жартылай

жерасты қабат пен сүйірлене жасалған цилиндр тұрқы тұрғызылған, 22 м болатын ол қазіргі кезге дейін сақталған. Есік жақтауы бес метрдей биікте орналасқан, оған жанастыра қойылған баспалдақпен немесе сақталмаған мешіт құрылысының төбесінен кірген, жоғарыға оралма баспалдақпен көтерілген. Ғимарат күйдірілген кірпіштерді, оюлап-мүсінделген кірпішпен қатарластыра қаланып тұрғызылған. Оның декоры кезектесіп отыратын өрнекті және тегіс белдеулеп қаланған, мұның өзі Орта Азия мұнараларының көпшілігіне тән болатын<sup>89</sup>.

Мұнара төңірегіне шоғырланған кесенелердің орындары қазылды. Олардың жартылай жерасты бөлігі сақталған, бірақ құлаған үйіндісі мен декорының сипаты ғимаратты қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Боран кесенелерінің біріншісі төбесі шатырлы-күмбезді етіп жабылған мұнаралы құрылыс болған. Кесененің ішкі көрінісі әшекеймен және ішінара қызғылт-қызыл түске боялған ганчты ойып безендірілген.

Боран кесенесінің басқа екеуі өзгеше үлгіде: бүкіл төбесі биік барабанда шатырлап-сүйірлеп жабылған порталды-цилиндр тәрізді сағана үлгісінде<sup>90</sup>. Порталдар екі жағынан үш ширектік бағандармен қорғалған, бағандар сәнді жақтаулармен, мүсіндеп қаланып, оюлы ганч пен оюлы кішкене кірпіштерге ұштастырылған ширатпалармен безендіріліпті. Кесенелердің мерзімі — XI—XII ғғ.<sup>91</sup>

Талас аңғарының діни құрылыстары арасында Жамбыл қаласының батыс жағында 18 шақырым жердегі Бабаджа-қатын және Айша-бибі кесенелері ерекше назар аударуға лайық. Бабаджа-қатын кесенесі — күйдірілген кірпіштен шаршылап салынған порталдары бар әсем күмбезді ғимарат. Төрт жағында қабырғалардың ішкі және сыртқы беттерінде сүйірлеу аркалы қуыстар бар. Ішке шығыс жақтағы есіктен кіреді. Ол бұрыштарында сүйір қуыстары бар арка тәрізді. Кесене көп қырлы аласа барабанға қойылған шатырлы күмбезбен жабылған. Күмбез сыртынан күйдірілген текшелермен қапталған. Кесене X—XI ғасырларда салынған деп саналады<sup>92</sup>.

Қасында тұрған Айша-бибі кесенесі ішінара сақталған. Күмбезі құлап түсіп, қабырғалары тұр. Құрылыс шаршылып жоспарланған. Қабырғалардың бұрыштары төрт ширектік бағандармен безендірілген. Қабырғаларға терең аркалы жақтау-қуыстар салынған. Батыс жақтаудың ішкі жағынан михраб ұласып жатқан қуысы жартылай арка және бұрыш дөңестері түрінде жартылай күмбездеп толтырылған. Жақтаушаның үстіңгі қырлары мен бағандары оюланған балшық блоктардан жасалған. Кесененің сыртқы қабырғалары түгелдей оюлы терракот текшелермен қапталған. Кесененің ішінде күйдірілген кірпіштен сатыланып қаланған шағын құлпытас сақталыпты. Кесене XI—XII ғасырларда салынған деп саналады<sup>93</sup>.

Орта ғасырлардағы іргелі құрылыстар туралы сәулеттік археология қосымша мәліметтер береді. Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудағы қазба жұмыстары барысында мешіттер мен моншалар аршылды. Кедер деп саналатын Құйрықтөбе қаласының жұртынан ең ертедегі мешіттің орны қазылды. Ол шахристанның орталығында орналасқан. Мешіттің қабырғалары күйдірілген және шикі кірпіштен араластырып қаланған. Мешіттің көлемі 36,5x20,5 метрге тең. Мешіт оңтүстік-батыстан солтүстік-шығыс бағытында созылып жатыр. Мешіт ішінен еден әр жерден ғана аңғарылды. Мешіттің солтүстік-батыс жартысы жақсырақ сақталған, онда еденнен күйдірілген кірпіштен қаланған 16 бағанның табаны аршылды. Барлығы 50 негіз: қысқа



катарында 5, ұзынында 10 негіз болды. Бағандардың арасы 3 метрден 3,2 метрге дейін ауытқиды. Мешітке жүргізілген қазба жұмыстары кезінде X—XII ғасырдың басындағы керамика кешені табылды. Соборлы мешіттің салынған уақыты X ғасыр деп бағдар алғанда, кейінгі, «жоғарғы» мешіттің мерзімін XI—XII ғасырлар деп санауға болады<sup>94</sup>.

Талас аңғарындағы Өрнек қаласының жұртын қазған кезде сондай мешіт табылды. Өрнек Тараз бен Құланның арасында орналасқан қарлұқтардың Көлшөп қаласы деп саналады. Мешіттің көлемі — 40x20 м. Мешітке оңтүстік жағынан кіреді, ол ұзындығы 3,5 м және ені 3 м дәліз түрінде жасалған. Мешіттің еденінен бағандардың тас негізі табылды. Олардың екеуі тас блоктар түрінде, біреуінің қабырғасында жапырақтар бейнеленген, екіншісінің қабырғасына антропоморфтық бет ойып жасалған. Үшінші негіз екі сатылы блок түрінде орнатылған. Қалған бағандардың табандарына жалпақ тастар төселген. Барлығы 55 баған болған, олардың арасы 3—3,5 метр.

Құйрықтөбе мен Өрнек мешіттері діңгекті немесе бағанды құрылыстардың үлгісіне жатады. Мұндай мешіттердің көлемі бағандар арасындағы төбенің стандартты шаршылары санымен анықталды, олардың аралығы 3,5 метрден 4,6 метрге дейін болды. Оларға Сурхандария облысындағы Саполтепеден табылған мешіттің өте ұқсастығы байқалады. Көлемі жағынан ол біршама үлкенірек: 50x25 м. Оның мерзімі XII ғасырдың басы деп саналады. Осы үлгідегі кейініректегі құрылыстардан Құйрықтөбедегі мешітке Хиуа мен Хазараспадағы XVIII ғасырда салынған Жұма мешіт, Үргеніштегі XX ғасырдың басында салынған мешіттер жақындайды<sup>95</sup>.

Аталған кезеңде Оңтүстік Қазақстан қалаларында моншалар пайда болды. Олар Орта Азияда сәл бұрын салына бастаған<sup>96</sup>. Үлкен қалаларда моншалар ондап саналған. Шығыс қаласында монша қоғамдық құрылыстар катарында көрнекті орын алды<sup>97</sup>. Қазба жұмыстары кезінде Отырардың рабадынан XI—XII ғасырлардағы екі монша аршылды. Нашар сақталғанына қарамастан, солтүстік рабад аумағындағы моншаның жоспарлануы жалпы белгілері жағынан анықталды. Монша балшық қабаты төселіп, тегістелген алаңға салынған. Оның көлемі солтүстіктен оңтүстік бағыты бойынша 11,5 м, ал шығыстан батыс бағыты бойынша 16,5 м, әлем елдеріне қаратып бағдарланған. Жоспарланған негізі крест сияқты етіп алынған. Ортадағы жай жанасатын тұсынан басқа төрт бөлмемен қосылған. Моншаның ішінде шешінетін, тынығатын кең бөлмелер, шомылатын залдар, пештің оттығының үстіне орналастырылған шабынатын бөлмелер болған. Нақ әлгі төрт бөлме сол міндеттерді атқарған. Моншаның шығыс жағына оттық және су құятын бөшкелері бар бөлме орналасқан. Осы жерден моншаны сумен жабдықтаған құдықтың орны қазып алынды, оның қабырғалары күйген кірпішпен қапталған. Сарқынды су моншадан құбыр жолы арқылы үйдің сыртындағы су сіңіргіш шұңқырға ағызылған. Моншаны қыздыру үшін еденнің астындағы жылу өткізгіш каналдар жүйесі қолданылған. Моншаның жоспарлануы Орта Азияның, Кавказдың, Таяу және Орта Шығыстың моншаларымен ұқсас<sup>98</sup>.

Моншаның оңтүстік жақ жанында тағы бір құрылыс орналасқан, сірә, оны кір жуатын орын деп санауға болар. Ол тікбұрышты, екі бөлмелі, көлемді 4x14,5 м. Бір бөлмесінде тандыр пеш орналасқан, катарынан екі кеспек, бөлме ортасына тагор қойылған. Екінші бөлмеде, солтүстік жақтағы бұрышында су сақтайтын орын болған. Оңтүстік және батыс қабырғ-

аларға көлемі 40x40x5 см болатын күйдірілген кірпіш төселген биік сәкілер орнатылған. Құрылысқа жапсарлас көлемі 6 шаршы метр қойма орналасқан, одан екі кеспек табылды.

Отырардың екінші моншасы оңтүстік рабад аумағында, кіре берістен 200 м жерде, бөген жағасына орналасқан және ішінара қазып тазартылды. Оттық және ыстық суға арналған бөшкелер жүйесі аршылды. Қыздыратын ыдыс тікбұрышты етіп жоспарланған бөшке болып табылады, оның қабырғалары мен түбі күйдірілген кірпіштен қаланып, су өткізбейтін бірнеше қабат алебастр-сырмен сыланған. Оның ортасына темір қазан орнатылған, оның аузы бөшкенің түбімен деңгейлес, ал түбі мен бүйірлері оттыққа түсірілген. Монша XI—XII ғасырларда салынған деп саналады.

Таразда екі монша қазылды. Көлемі 13,4x12,4 м болатын біріншісінің әр түрлі мақсатта пайдаланылатын жеті бөлмесі болған. Монша ыстық өткізетін каналдар жүйесімен жылытылған. Ішкі көрінісінің қалдықтары: сәкілер, орындықтар, астаулар, науалар, кертпелер, полихромдық әшекейлер — Тараз моншасының іші бай безендірілгенін дәлелдейді. Ол XI ғасырда салынған деп саналады<sup>99</sup>. Екінші моншаның орны біріншісіне жақын жерден ашылды. Оның жоспарлануы анықталған жоқ — шағын жері ғана тазартылды. Монша біріншісі сияқты ыстық өткізетін каналдар жүйесімен жылытылған.

Шығыс қалаларында моншаның қоғамдық құрылыстар қатарында көрнекті орын алғаны мәлім. Қала тұрғындары өмірінде ол бірінші кезектегі рөлдердің бірін атқарды. Монша мешіттен кейінгі адам ең көп баратын орын болды. Белгілі шығыстанушы И. А. Орбели «Монша және XII ғасырдың сайқымазағы» деген мақаласында моншаны былай сипаттайды: «... бүкіл Шығыстағы сияқты, Кавказда да монша — қала бастығы да, цехтық ұйымдар да, өзі үшін және өз достары үшін монша салған жеке бай кісілер де ерекше қамқорлыққа лайық. Өйткені монша жуыну үшін ғана емес, сонымен қатар күш-қуатты толыстыру, бұзылған көңіл күйің көтеру үшін, демалу үшін, достармен кездесіп, достық әңгіме-дүкен құру үшін, сатып алу мен сату туралы, сауда мәмілесі туралы кездесіп, әңгімелесу үшін және шахматтан немесе нардтан шеберлік көрсету үшін қызмет етеді»<sup>100</sup>. Моншалар өзінше бір емдеу орындары да болған. IX—X ғасырлардағы дәрігер Закария ар-Рази моншаның ағзаға ықпалын суреттей келіп, моншаларды жақсы кескіндемелермен безендіруді ұсынды, ол уайымнан арылтып, қамалаған қалың ойдан сергітеді, өйткені жуыну хайуандық, рухани және табиғи залалды қуаттарды әлсіретеді деген<sup>101</sup>. Моншалар, зерттеушілердің топшылауынша, Орта Азияға Жерорта теңізі аудандарынан келіп, сірә, ерте дегенде VIII ғасырда пайда болса керек. Моншалардың басқа ортадан, атап айтқанда, ертедегі шығыстан шыққаны туралы да ойлар айтылады.

Сәндік-қолданбалы өнер орта ғасырлар кезінде көбінесе ыдысты өрнектеу ісінде, металда, әсіресе, құрылыста көрінді. Үйлердің сәулетін безендіру құрылыс материалдарымен және оның құрылымымен етене байланысты болған. Ол көбінесе құрылыс тұрғызылған материалдың өзімен орындалды. Сары топырақты балшық пен ганч сондай құрылыс материалы болған. Шеберлер тегіс қабырғаны көбінесе кірпішті «қырынан» қалау арқылы жандандырып, белгілі бір суреттер жасаған. Бейнелі қалау осылайша туып, ол кейіннен күйдірілген кірпішке көшірілді. Кірпіштерді тігінен, жалпағынан орналастыру немесе жалпы қатардан жылжытып қалау арқы-

лы суретшілер алуан түрлі өрнекті және жарық әсемдігіне қол жеткізген. Сонымен бірге кірпішті «қырынан» қалау жер сілкінісіне қарсы тәсіл де болған. XI ғасырдан бастап оюлы және жылтыратылған кірпіштер кеңінен енгізілді, ол XI—XII ғасырлар шебінде кеңінен қолданылған сәулеттік терракотаның бастапқы үлгісі болатын.

Сәулеттік декордың басқа ешбір саласы ганчка ойып, әшекейлеу сияқты халықтық қолөнерге мейлінше жақын болған емес. Орындалуы көп еңбекті қажет етпейтін ол фактурасының ақ түсі мен әшекейлеп ойылуы жөнінен әсер қалдыратын. Әр түрлі тұрғыдан орындалған ойып-өрнектеу күн сәулесі түскенде жарық пен көлеңкенің көркем құбылуын туғызған. Бірақ ганч жаңбыр мен желден тез бұзылған, сондықтан сыртқы жақты қаптауға декордың жаңа түрі — оюлы терракота қолданыла бастады. Құрғатылған балшыққа ою-өрнек салып, оны кейіннен күйдіретін ежелгі заманнан белгілі оймыштау тәсілдері сәндік-қолданбалы өнердің осы түрінің дамуына негіз болды.

Қолданбалы өнерде керамикаға, терракотаға, оймыштау мен әшекейлеуге жануарлардың әсем бейнелерін салу жалғастырыла берді. Сүйір аркалармен қоршалып, артқы аяқтарымен тұрған жануарлардың схемалық бейнесі бар оюлы ганч тақтайшалар, аузына бұтақша тістеп, оң жаққа қарай адымдап бара жатқан арыстан бедерлеп басылған терракоталық тақталар<sup>102</sup> ерекше әсер қалдырады, олар X—XII ғасырлардағы Қызылөзен үйлерінен табылды.

Жетісудың христиан (сириялық, несториандық) қауымдарының ең көп таралған ескерткіштері XII—XIV ғасырлардағы қабір үстіне орнатылған қайрақтар болып табылады, олардың кейбіреулері — каллиграфияның және тас қашау өнерінің үлгілері. Олардан Таяу Шығыстың христиандық дәстүрі және сириялық христиандар, түріктер, ортаазиялық иран тілдес тайпалар мен халықтар мәдениеттерінің өзара байланыстары айқын көрінеді.

Орта ғасырлардағы Қазақстан халқының материалдық мәдениетінің, көркем шығармашылығының ескерткіштерін қарастырған кезде қазақ халқы ата-бабаларының қолданбалы өнерде, құрылыс пен сәулет өнерінде айқын көрінетін материалдық және рухани мәдениетінің құрамдас бөліктерін байқауға болады.

## 6. ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ. ИСЛАМНЫҢ ТАРАЛУЫ

Зерттеушілер Муканна көтерілісі (776—780 жж.) талқандалғаннан кейін Мауараннахрда ислам біржола орныққан деп санайды. Мамун наместник болған кезде Орта Азия ол үшін мемлекеттің тірегіне айналды. Орта Азияның қызмет атқарушы шонжарлары халифтер сарайында барған сайын зор рөл атқарды. Орта Азия мен Таяу Шығыс жедел жақындаса бастайды. Осының бәрі халифатқа қараған түрлі халықтар мәдениетінің елеулі бірлігінің орнауына себепші болмай тұра алмады. Зерттеушілердің атап өткеніндей, Хорасан мен Мауараннахр мәдениеттерінің қосылуы ерекше жедел жүріп жатты<sup>103</sup>.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу бұл үрдістерден шет қалмады. Сырдарияның орталығы да, Жетісу да халифаттың құрамына кірмегенімен, араб халифатының, ал содан соң Саманилер мен Қарахандар мемлекеттерінің

саяси, экономикалық және мәдени қатынастары аясына тартылуы сияқты, Орта Азиядан біршама кейіндеп қалса да, олардың мұсылмандануы едәуір жедел жүріп жатты. Тарихшылар мен археологтардың зерттеулерінде мұсылмандар дүниесі өркениетінің ұлан-байтақ жүйесін құрушылардың бірі болып табылатын орта ғасырлардағы Орта Азия мен Қазақстанның қалалық өркениетінің едәуір ішкі бірлігі атап көрсетіледі<sup>104</sup>.

Сол кезде қала жағдайы өзгерді. Бірінші кезекте VI—VIII ғасырларда болғанындай, қала феодалдың ордасынан әкімшілік орталыққа, мемлекет өкілі болып табылатын билік ордасына айналды. IX ғасырдың басына қарай қаланың елеулі өзгерістерсіз бүкіл орта ғасырлар бойы тіршілік еткен үлгісі қалыптасты<sup>105</sup>.

Қала мәдениетінің дамуында жаңа дін — ислам маңызды рөл атқара бастады.

X ғасырдың басында Қарахандар әулетінің негізін қалаушы Сатук ислам дінін қабылдады, ал оның ұлы Боғра-хан Харуб б. Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады<sup>106</sup>. Мұсылман діні бірінші кезекте қалаларда таралды. Ибн Хордадбек Фарабтың бас қаласы Кедердегі мұсылман топтары туралы айтады<sup>107</sup>. Ибн Хаукаль Фараб, Кеңжиде мен Шаш аралығында көшіп жүрген мұсылман түріктер туралы хабарлайды. Әл-Макдиси Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың X ғасырдың аяғындағы қалаларын атай келіп, мешіттерді қалалардағы міндетті құрылыстардың бірі ретінде атайды<sup>108</sup>.

Археологиялық зерттеулер нарративтік деректемелердің мәліметтерін растайды. Құйрықтөбе қаласының жұртын қазған кезде X—XIII ғасырдың басында салынған деп санайтын ғибадатханалы мешіт табылды. Баласағұндағы мешіт пен мұнараның қалдықтары<sup>109</sup>, Төменгі Сырдариядағы<sup>110</sup> және Тараздағы мұсылман сәулет өнерінің діни құрылыстары<sup>111</sup> неғұрлым кейінгі кезеңге жатады. Мешіт пен мұнара әкімшілік биліктің және билік басындағылардың дінге адалдығының нышанын білдірген.

X ғасырдан бастап мұсылмандық жерлеу ғұрпы таралады. X—XI ғасырларға жататын ең ертедегі мұсылман қабірлері Құйрықтөбеге жақын жерден табылды<sup>112</sup>. XI—XIII ғасырдың басында мұсылмандардың жерлеу ғұрпы Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда кеңінен тарай бастады<sup>113</sup>. Исламның таралуымен қатар қала халқы арасында пұтқа табынушылық әлі де сақталады. Зерттеушілер Орта Азия халықтары үшін ислам олардың рухани-діни түсініктерін толық ығыстырып шықпағанын атап өтеді. Мұны археологиялық материалдар дәлелдейді.

Оңтүстік Қазақстан қалаларының жұрттарынан табылған IX—XII ғасырлардағы жылтыр жағылмаған керамика тобында қой мен құс бейнеленген ыдыстар жиынтығы ұшырасты<sup>114</sup>. Ыдыстың қақпағындағы қошқар мүйіз түріндегі тұтқасы реалистікпен орындалып, қошқарды әсірелеп үлкейтілген мүйіздері бойынша ғана анықтауға болатындай етіп стильдендірілген.

Қақпақтардағы бейнелер арасында құстар да кездеседі, олардың ішінен айдарының сипаты бойынша қоразды едәуір сеніммен анықтауға болады. Ит мүсіншелері де табылды. Мұндай қақпақтар тобы әсіресе Отырар, Құйрықтөбе және Оксұс керамикасында көп кездеседі.

Сырдария аймағында ертедегі уақыттан бері қойға табыну аңғарылатыны туралы бұрын да жазылған. Бұл бейне зороастралық фарнға байланысты. Түрлі халықтарда фарн таяу кезге дейін асқан береке-байлық, бақыт,

денсаулық, қаскөй күштерден қорғанысы және үй ішінің гүлденуі рөлін атқарып келгені мәлім. Қойға табыну оғыздар мен түрікменде кең таралған. Оғыз тайпаларының шығу тегін «қоймен» байланыстығын зерттеушілер рудың немесе тайпаның қамқоршысы ретінде қойды құрметтеуімен түсіндіреді<sup>115</sup>. Қой шаман ғұрыптарында құрбанға шалынатын жануар ретінде пайдаланылған. Бауыздалған қойдың қанымен шамандар науқасты ырымдаған<sup>116</sup>. Қой қазақтардың діни көзқарастарында маңызды рөл атқарды, оларда қой құрбандыққа шалынатын жануар әрі киелі ырыс ретінде бағаланған<sup>117</sup>. Сонымен, IX–XIII ғасырдың басында тотемизм жұрнақтары мен жануарлар дүниесін қадір тұтуға байланысты күрделі түсініктердің және зороастризм элементтерінің қосылу үрдісі орнығады.

Авестада қораз — адамдарды жын-шайтанның қастығынан қорғайтын рақымды құдай Сраошидің ең жақын көмекшісі. Балалары бар үйде оларды зұлым күштерден қорғау үшін қораз ұстау қажет<sup>118</sup>. Қой мен қораз түрік тайпаларының рухани түсініктерінде маңызды рөл атқарған, олар қалалық ортаға белсенді түрде енгізілген. Ескі әдет-ғұрып жоралғыларындағы қораз бен тауық түрік халықтарында шамандық ғұрыптар мен үйлену рәсімдерінде жемістілікті білдіріп пайдаланылған.

Құйрықтөбе қаласының жұртында XI ғасырдың қабатынан қабан мүсіні табылды. Бұл хайуанның неғұрлым ерте кезде жасалған деп саналатын бейнесін зерттеушілер авеста пантеонының түрлі қырынан, соның ішінде қабан түрінде де көрінетін ең жауынгер құдайы Веретрагнамен байланыстырады. Қабандар бейнелерінің табылуы — Сырдарияда едәуір кең таралған құбылыс<sup>119</sup>. Құйрықтөбе қабанының осы аймақтағы ертедегі нанымдардың жұрнақтарымен байланысты екені анық.

Отырықшы ортада да бұрынғысынша ертедегі орта ғасырларда атап өтілген отқа табыну таралды. Бұған Құйрықтөбе мен Отырардың XI–XII ғасырлардағы үйлерінде бірнеше үлгідегі бай безендірілген ошақтардың болуы мейлінше айқын дәлел болады. Бұлар, біріншіден, археологиялық әдебиетте жақсы белгілі және зерттеушілердің назарын талай рет аударған<sup>120</sup>, еденге орнатылған, өсімдік, геометриялық және сәулеттік сипаттағы ойып және қалыптап жасалған өрнекпен безендірілген, ошақтар деп аталатын тұтқалы табалар; төменгі жағында кең дөңес тіреуіші бар цилиндр түріндегі ошақтар.

Зерттеушілердің көпшілігі бай безендірілген ошақтарды отқа табынумен байланыстырады. Ошақтарда бейнеленген нышандарға талдау жасай келіп, зерттеушілер маздеизмнің ұлы идеяларының шұғылалары туралы бейнелеп жазады, ол шұғылалар «соғдылардың, тіпті сол кезде-ақ ислам нығайып, араб жазуын қабылдағандардың да үйлеріндегі ерекше ошақтарда жылу беруін жалғастырды»<sup>121</sup>.

Ошақтардың бай безендірілуінде Сырдария аймағының ертедегі халқының отқа табынуы мен діни-мифологиялық тұжырымдамасының сарқыншақтары көрініс тапқан. Отқа табыну түрік халықтарында кең таралған. Мәселен, ертедегі түріктерде отқа тығыз байланысты полисемантикалық құдай Ұмайға табыну орын алған. Қырғыздарда отқа табыну «Ұмайға табынумен араласып, ал кейде жай ғана ұштасып кетеді»<sup>122</sup>. Қазақтар отты әулие (қасиетті), сондай-ақ ана деп атайды<sup>123</sup>.

Ертедегі діни нанымдар дәстүрлері Жетісуда ерекше күшті болды, онда исламның таралуына қарамастан, бұрынғысынша зороастризм, нестори-

андық түсініктегі христиан діні, буддизм сақталып қалды. Халық арасында шаманизмнің және басқа да ертедегі түріктер діндерінің дәстүрлері күшті болды. Мысалы, XII ғасырдың соңғы ширегінде Баласағұнда несториандық митрополия құрылғаны мәлім. Амра каталогында Қашғар мен Невакеттің митрополиті аталған<sup>124</sup>. Несториандықтың таралғанын несториандық жазулары бар, монғолдарға дейінгі уақытқа жатқызылатын қайрақтардың табылуы дәлелдейді. Ақтөбе қаласының жұртынан қазып аршылған шарап ашытатын орын несториандардікі болуы мүмкін, оны салуға крестер бейнеленіп күйдірілген кірпіш пайдаланылған. X ғасырда Жетісуда манихей дінінің көзқарасы күшейді. Ән-Нединнің айтуынша, манихейлер Самарқандта және көбінесе Нукатта (Невакетте) тұрған<sup>125</sup>.

Эпиграфиялық және археологиялық олжалар рухани және материалдық мәдениеттің өзіндік ерекшеліктері болғанын, алайда оның дамуының басты бағыты этникалық-мәдени интеграция болғанын растайды. Мұсылман қаласы мәдениетінің қалыптасуына із қалдырған ертедегі дәстүрлердің сақталуын айта келіп, зерттеліп отырған аймақтың IX—XIII ғасырлардағы қалалық және көшпелі мәдениеті Шығыс мәдениетінің біртұтас тізбегіндегі буындардың бірі болғанын тағы бір атап көрсеткен жөн.

**Тіл, ғылым және әдебиет.** IX—XII ғасырларда исламның таралуына байланысты араб тілі кең өріс алды. Әдеби және ғылыми шығармалар сол тілде жазылады. Шығыстың аса көрнекті ғалымы Әбу Насыр әл-Фараби (870—950 жж.) шығармаларын араб тілінде жазған. Ол Фараб (Отырар) өлкесіне қараған Весидж қаласында туып, Бұхара мен Бағдатта оқып білім алған. Әл-Фараби өзінің ғылыми көзқарастарында өз заманынан әлдеқайда озып кеткен философ әрі энциклопедист ғалым болды.

Әл-Фараби ғылымды теориялық (логика, жаратылыстану, математика) және практикалық (этика, саясат) деп бөлді. Ол өз еңбектерінде адам дүниені, оның мәнін өзінің сезім мүшелері мен парасаты арқылы тани алады деп дәлелдейді. Әл-Фарабидің мәдениет пен ғылымға қосқан үлесі мейлінше жан-жақты және жемісті болды. Логика мен медицина, ғарышнама мен анатомия, философия мен заң ғылымы, математика мен акустика — ол ден қойған ауқымды шеңбер, ұлы ойшыл өзінің көрегендік ақыл-ойымен қамтыған білім салалары, міне, осындай<sup>126</sup>. Қазір ғылымға Фарабтан, Тараздан т. б. қазақ жері қалаларынан шыққан көптеген ғалымдардың, әдебиетшілердің есімдері белгілі болып отыр. Тіпті ондаған Фарабилердің еңбектері мен есімдері анықталды.

XI ғасырда Жүсіп Баласағұни сол кездегі аса маңызды тарихи және әдеби шығармаларының бірі «Құтадғу білікті» жазды. Бұл — Қазақстан мен Орта Азиядағы түрік халықтарының зайырлы әдебиетінің бізге дейін жеткен тұңғыш ескерткіші. Бұл шығармада ақынның өз заманындағы өмір шындығы, қоғамдық сана және белгілі бір әлеуметтік топтардың саяси тұжырымдамасы өзіндік бейнемен көрсетілген.

Өсиеттер мен тағылымдар жинағы болып табылатын дастанда қолөнершілер мен көпестердің мемлекеттегі рөлі жоғары бағаланады. Шығармадан автордың әл-Фараби, Ибн Сина, Бируни көзқарастарымен және философиясымен жақсы таныс болғаны көрінеді<sup>127</sup>.

Махмұд Қашғари шығармаларының құны зор. Оның әкесі Ыстықкөл жағасындағы қала — Барсханнан шыққан. Махмұд Қашғари ұзақ жылдар саяхат жасағаннан кейін, 1074 жылы «Диуан лұғат ат-түркті» («Түрік тілінің

сөздігі») жазды. Бұл еңбекпен автор тіл білімі тарихына үлкен үлес қосты. Бұл шығарма түркі тілдес халықтардың тұрмысы тарихын, мінез-құлқын, сондай-ақ сол заманның табиғи-ғылыми түсініктерін зерттегенде де баға жеткісіз ескерткіш болып табылады<sup>128</sup>.

XII ғасырда Иассы (Түркістан) қаласында тұрған Қожа Ахмет Иассауи өз заманының үздік ойшылы және ақыны болды. Ол Қазақстанда мұсылман дінін таратты және кейіннен оның қабірі үстіне ғажайып кесене салынды. Ахмет Иассауидің «Диуан-и Хикмет» (Данышпандық кітабы) деген өлеңдер жинағы бар. Онда түрік тілінде жаратқанға деген сүйіспеншілік, мойындаушылық пен сопылық уағыздалады. Жинақта мәдени және этнологиялық сипаттағы мәліметтер көп. Ахмет Иассауи төңірегіне ақындар жиналған, оның көптеген шәкірттері болды, солардың ішінде ең белгілісі Бақырғани (1186 жылы өлген), ол да өсиеттер жинағын қалдырған<sup>129</sup>.

Ахмет Иассауидің шығармашылығы туралы айтқанда, оның ұстазы Арыстанбаб есімін атап өту керек, оның өз шәкіртіне мейлінше тікелей ықпал жасағаны сөзсіз. Бұл жөнінде Қожа Ахметтің өлеңдерінде айтылады. Ақын өзін исламмен Арыстанбабтың таныстырғанын, өзіне оның «мыңдаған зікір» үйреткенін атап өтеді. Сопылық білімдердің алғашқы негіздерін Ахметке оның ұстазы берген. «Арыстанбабтың сөздері киелі — соларды тындандар, — деп уағыздайды Ахмет Иассауи, — оларда екіжүзділік, өтірік, пайдакүнемдік айыпталады және адамгершілік кемелденуге, сопылыққа, азбен қанағат етуге шақыру бар». Мұнда «Арыстанбаб сөздерінің» Қожа Ахмет өсиеттерімен тура байланысы, сабақтастығы көрінеді.

Арыстанбаб туралы деректемелердің басқа бір тобын қазақ фольклорының үлгілері әсіресе бақсылардың, шамандардың иелерін шақырулары құрайды. Қазақтардың көзқарастарына сәйкес, Орта Азия мен Қазақстанның мұсылман әулиелері иерархиясында Арыстанбаб жоғарғы сатыда тұрады. Тауап етудің қазіргі дәстүрі де осы көзқарасты растайды, ол бойынша әуелі Арыстанбабтың мазарына, сонан соң Қожа Ахметтің қабіріне бару қажет: «Арыстанбабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген сөз бар<sup>130</sup>

<sup>1</sup> *Горячева В. Д.* Городские центры и монументальная архитектура средневековой Киргизии. Автореф. дис. канд. ист. наук. — Фрунзе, 1976, 10—14-б.

<sup>2</sup> *Кожмяко П. Н.* Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. Фрунзе, 1959, 131—184-б.

<sup>3</sup> *Бернштам А. Н.* Древний Отрар. Изв. АН КазССР, 1951, № 107, сер. археол., вып. 3, 100—103-б.

<sup>4</sup> *Винник Д. Ф.* К исторической топографии средневековых поселений Иссык-Кульской котловины. // Древняя и раннесредневековая культура Киргизстана. Фрунзе, 1967, 101—110-б.

<sup>5</sup> *Толстов С. П.* По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962, 267—282-б.

<sup>6</sup> *Маргулан А. Х.* Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане. // Археологические памятники Казахстана. А., 1978, 3—37-б.

<sup>7</sup> История народов Узбекистана: с древнейших времен до начала XV в. Ташкент, 1950, т. I. 245-б.

<sup>8</sup> *Большаков О. Г.* Город в конце VIII — начале XIII вв. // Средневековый город Средней Азии. М., 1973, 299—300-б.

- <sup>9</sup> *Массон М. Е., Пугаченкова Г. А.* Шахрисябз при Тимуре и Улугбеке. // Тр. САГУ. Нов. сер., вып. 49, 33-б.; *Стужина Э. П.* Китайский город IX–XIII вв. М., 1979, 16–22-б.
- <sup>10</sup> *Волин С. Л.* Сведения арабских и персидских источников IX–XVI вв. о долине реки Талас и смежных районов. // Тр. ИИАЭ АН КазССР, 1960, т. 8. 80–81-б.
- <sup>11</sup> *Байпаков К. М.* Работы первого отряда ЮККАЭ. // АО 1971. М., 1972, 506-б.
- <sup>12</sup> *Шалекенов У. Х., Елеуов М. Е., Алдабергенов Н. О.* Раскопки цитадели городища Актобе. // Вопросы истории социалистического и коммунистического строительства в Казахстане. А., 1978, 161–179-б.
- <sup>13</sup> *Бернштам А. Н.* Баня древнего Тараза и ее датировка. // Тр. ОВГЭ. – Л., 1940, т. 2, 183-б.
- <sup>14</sup> *Байпаков К. М.* Городища типа «торткуль». // Археологические памятники Казахстана. А., 1978, 92–96-б.
- <sup>15</sup> *Писарчик А. К.* Традиционные способы отопления жилищ оседлого населения Средней Азии. // Жилища народов Средней Азии и Казахстана. М., 1982, 78-б., 1-сурет.
- <sup>16</sup> *Давыдов А. С.* Жилище. // Материальная культура таджиков верховьев Зеравшана. Душанбе, 1973, 43-б.
- <sup>17</sup> *Неразик Е. Е.* Средневековые сельские постройки Хорезма в связи с формированием некоторых типов жилищ оседлого населения Средней Азии. // Жилища народов Средней Азии и Казахстана. М., 1982, 175-б.
- <sup>18</sup> *Писарчик А. К.* Традиционные способы отопления жилищ... 93–100, 103-б.
- <sup>19</sup> *Пугаченкова Г. А., Ремпель В. И.* Самаркандские очажки. // Из истории великого города. Ташкент, 1972, 234-б.
- <sup>20</sup> *Кожемяко П. Н.* Раскопки жилищ горожан X–XII вв. на Краснореченском городище. // Древняя и раннесредневековая культура Киргизстана. Фрунзе, 1967, 53–90-б.
- <sup>21</sup> *Буряков Ю. Ф.* Генезис и этапы развития городской культуры Ташкентского оазиса. Ташкент, 1982, 143, 150–151-б.; *Атагарриев Е. А.* Обследование средневековых памятников и раскопки на городище Чугундор. // КД, 1968, вып. I. 46-б.
- <sup>22</sup> *Бубнова М.* Средневековое поселение Актобе I у с. Орловка. // Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе, 1963, 135–137-б.
- <sup>23</sup> *Большаков О. Г.* Город в конце VIII – начале XIII вв... 264-б.
- <sup>24</sup> *Байпаков К. М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. А., 1986, 158-б.
- <sup>25</sup> *Акишев К. А.* Зимовки-поселения и жилища древних усуней. // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук, 1969. Вып. I. 35–44-б.
- <sup>26</sup> *Баскаков Н. А.* Жилища приилийских казахов. // СЭ, 1971, № 4, 112, 115-б., 6-сурет.
- <sup>27</sup> *Федоров-Давыдов Г. А., Вайнер И. С., Мухамадиев А. Г.* Археологические исследования Царевского городища (Новый Сарай) в 1959–1966 гг. // Поволжье в средние века. М., 1970, 71-б.
- <sup>28</sup> *Байпаков К. М.* Раннесредневековые города и поселения Северо-Восточного Семиречья. // Новое в археологии Казахстана. А., 1968, 82–84-б.
- <sup>29</sup> *Волин С. Л.* Сведения арабских и персидских источников о долине реки Талас и смежных районов. // Новые материалы по древней и средневековой истории Казахстана. – ТИИАЭ АН КазССР, А., 1960. Т. VIII, 82-б.
- <sup>30</sup> *Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г.* Средневековый город Средней Азии. Л., 1973, 284-б.



<sup>31</sup> *Шарахимов Ш. Ш.* Гончарное производство средневекового Самарканда. Автореф. дис. канд. ист. наук. Ташкент, 1975, 19–20-б.

<sup>32</sup> *Пацевич Г. И.* Гончарная печь на городище Сарайчик. // Тр. ИИАЭ АН КазССР, 1956, т. I. 76–79-б.

<sup>33</sup> *Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г.* Средневековый город Средней Азии... 277-б.

<sup>34</sup> *Буряков Ю. Ф.* Генезис и этапы развития городской культуры... 96–98-б.

<sup>35</sup> *Абдуразаков А. А., Безбородов М. А.* Средневековые стекла Средней Азии (Опыт химической характеристики). Ташкент, 1966, 37-б., 1-сурет.

<sup>36</sup> *Агеева Е. И.* Средневековое стекло из Тараза. // По следам древних культур Казахстана. А., 1970, 2-сурет.

<sup>37</sup> *Массон М. Е.* К истории горного дела на территории Узбекистана. Ташкент, 1963, 25, 38-б.

<sup>38</sup> *Колчин Б. А., Круг О. Ю.* Физическое моделирование сыродутного процесса производства железа. // Археология и естественные науки. М., 1965, 209-б.

<sup>39</sup> *Савельева Т. В.* Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау. А., 1994, 116–123-б.

<sup>40</sup> *Маргулан А. Х.* Джекказган – древний металлургический центр (Городище Милыкудук). // Археологические исследования в Казахстане. А., 1973, 3–42-б.

<sup>41</sup> *Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г.* Средневековый город Средней Азии... 287-б.

<sup>42</sup> *Сенигова Т. Н.* Осветительные приборы Тараза и их связь с культом огня. // СА, 1968, № 1. 208–225-б.

<sup>43</sup> *Воронина В. Л.* Бронзы Ахсикета из коллекции А. И. Смирнова. // Средняя Азия в древности и средневековье. М., 1977, 134–136-б.

<sup>44</sup> *Маршак Б. И.* Бронзовый кувшин из Самарканда. // Средняя Азия и Иран. Л., 1972, 73-б.

<sup>45</sup> *Ремпель Л. И.* Интересная археологическая находка в долине Таласа. // ВАН КазССР, 1952, № 4, 81-б.

<sup>46</sup> *Спицын А.* Из коллекции Эрмитажа (Чимкентский клад). // ЗВОРАО, 1906, т. 8, вып. I. 249–258-б.; *Кожемяко П. Н.* Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины... XV кесте, 12-сурет.

<sup>47</sup> *Волин С. Л.* Сведения арабских и персидских источников IX–XVI вв. о долине р. Талас и смежных районах... 82-б.

<sup>48</sup> *Бубнова М. А.* Добыча серебро-свинцовых руд в Шельджи в IX–XII вв. // Археологические памятники Таласской долины. Фрунзе, 1963, 225–262-б.

<sup>49</sup> *Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. В.* Древний Отрар. А., 1972, 58–59-б., 15-сурет.

<sup>50</sup> *Настич В. Н.* Поясная накладка из Отрара. // Древности Казахстана. А., 1975, 97–105-б.

<sup>51</sup> *Аманжолов А. С.* Руническая надпись на бронзовом кольце (р. Или). // ВАН КазССР, 1971, № 1. 64–66-б.

<sup>52</sup> *Сенигова Т. Н.* Средневековый Тараз. А., 1972, 165–166-б., 37-сурет.

<sup>53</sup> *Волин С. Л.* Сведения арабских источников... 77-б.

<sup>54</sup> *Бартольд В. В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч., М., 1963. Т. I. 233–237-б.

<sup>55</sup> *Ахинжанов С. М.* Древние караванные пути кимеков. // Материалы I-ой

научной конференции молодых ученых АН КазССР. А., 1968, 429-б.; Кумекон Б. Е. Государство кимеков IX—XI вв. по арабским источникам. А., 1972, 50—52-б.

<sup>56</sup> Байпаков К. М. О локализации городов Северо-Восточного Семиречья. // ВАН КазССР, № 7, 1968, 21—25-б.

<sup>57</sup> Волин С. Л. Сведения арабских и персидских источников IX—XVI вв. о долине реки Талас... 80-б.

<sup>58</sup> Смирнова О. И. Очерки из истории Согда. М., 1970, 132—133-б.

<sup>59</sup> Волин С. Л. Сведения арабских и персидских источников IX—XVI вв. о долине реки Талас... 74-б.

<sup>60</sup> Бул да сонда, 80-б.

<sup>61</sup> Распопова В. И. Металлообрабатывающее ремесло раннесредневекового Согда (Опыт ист.-соц. интерпретации по материалам Пенджикента). — Автореф. дис. канд. ист. наук. Л., 1971, 67—75-б.

<sup>62</sup> Бартольд В. В. Соч., т. I, 1963, 234-б.

<sup>63</sup> Бул да сонда, 235-б.

<sup>64</sup> Волин С. Л. Сведения арабских и персидских источников... 82, 73, 79, 83-б.

<sup>65</sup> Бубнова М. А. Средневековое поселение Актобе I... 225—262-б.

<sup>66</sup> Волин С. Л. Сведения арабских и персидских источников... 81—82-б.

<sup>67</sup> Агаджанов С. Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX—XIII вв. — Ашхабад, 1969, 100-б.

<sup>68</sup> Волин С. Л. Сведения арабских и персидских источников... 80-б.

<sup>69</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. Т. I, М.-Л., 1939, 183-б.

<sup>70</sup> Бартольд В. В. Соч., т. II, ч. I, М., 1963, 240-б.

<sup>71</sup> Волин С. Л. Сведения арабских и персидских источников... 83-б.

<sup>72</sup> Кумекон Б. Е. Государство кимеков IX—XI вв... 91-б.

<sup>73</sup> МИТТ, 178-б.

<sup>74</sup> МИКК: Материалы по истории киргизов и Киргизии. М., 1973, вып. I, 17-б.; Кумекон Б. Е. Государство кимеков IX—XI вв... 93-б.

<sup>75</sup> Волин С. Л. Сведения арабских и персидских источников... 82-б.

<sup>76</sup> Маргулан А. Х. Джекказган — древний металлургический центр (городище Милькудук)... 3—42-б.

<sup>77</sup> Кумекон Б. Е. Государство кимеков IX—XI вв... 96—97-б.

<sup>78</sup> Босворт К. Е. Мусульманские династии. М., 1971, 157-б.

<sup>79</sup> Давидович Е. А. Новые данные по истории Саманидов (Клад медных монет IX—X вв. из Самарканда). // Средняя Азия в древности и средневековье. М., 1977, 112—115, 124-б.; Соньки. Бараб — новый среднеазиатский двор Саманидов и Ануштегидов. — ПВ, 1977, № 72, 124—126-б.

<sup>80</sup> Байпаков К. М., Настич В. Н. Новые данные по истории Отрара X—XIII вв. // Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук, 1978, № 2. 45—46-б.

<sup>81</sup> Кочнев Б. Д. Караханидский чекан Параба (Отрара). // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. А., 1983, 119-б.

<sup>82</sup> Давидович Е. А. Бараб — новый среднеазиатский двор... 126—128-б.; Байпаков К. М., Настич В. Н. Новые данные по истории Отрара X—XIII веков... 47—48-б.

<sup>83</sup> Настич В. Н. Новые факты из истории монетного производства и денежного обращения в Южном Казахстане (XIII—XVII вв.). // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. А., 1983, 144—145-б.

<sup>84</sup> Давидович Е. А. Денежное обращение в Мавераннахре при Саманидах. // НЭ, 1966, т. 6. 116-б.

<sup>85</sup> Грошев В. А. Ирригация Южного Казахстана в средние века (по материалам Отрара и северных склонов Каратау). — автореф. дис. канд. ист. наук. Л., 1980, 11-б.

- <sup>86</sup> Акишев К. А., Байпаков К. М. Земли древнего орошения в низовьях Или. // Земли древнего орошения. М., 1969, 84–96-б.
- <sup>87</sup> Байпаков К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья... 181-б.; Сенигова Т. Н. Средневековый Тараз... 68-б.
- <sup>88</sup> Маньковская Л. Ю. Типологические основы зодчества Средней Азии (IX — нач. XX вв.). Ташкент, 1980.
- <sup>89</sup> Горячева В. Д. Средневековые городские центры и архитектурные ансамбли Киргизии. Фрунзе, 1983, 29–32-б.
- <sup>90</sup> Бұл да сонда, 35–47-б.
- <sup>91</sup> Бұл да сонда.
- <sup>92</sup> Бернштам А. Н. К происхождению мавзолея Бабаджи-Хатун. // КСИИМК, 1956, вып. 61. 86–95-б.
- <sup>93</sup> Археологическая карта Казахстана. А., 1960, 270-б.
- <sup>94</sup> Байпаков К. М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. А., 1986, 139-б.
- <sup>95</sup> Маньковская Л. Ю. Типологические основы зодчества Средней Азии... 108–112-б., 8-сурет.
- <sup>96</sup> Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г. Средневековый город Средней Азии... 307-б.
- <sup>97</sup> Орбели И. А. Баня и скоморох XII в. // Памятники эпохи Руставели. Л. 1938, 159-б.
- <sup>98</sup> Воронина В. Л. Об узбекских банях. // СЭ, 1951, 114–137-б.
- <sup>99</sup> Бернштам А. Н. Баня древнего Тараза и ее датировка. // Тр. ОВГЭ. — Л., 1940, т. II, 183-б.
- <sup>100</sup> Орбели И. А. Баня и скоморох XII в... 159-б.
- <sup>101</sup> Большаков О. Г. Ислам запрещает. // Наука и религия, 1967, № 7, 41-б.
- <sup>102</sup> Кожемяко П. Н. Раскопки жилищ горожан X–XII вв. на Краснореченском городище, 73, 87-б.
- <sup>103</sup> Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г. Средневековый город Средней Азии... 132-б.
- <sup>104</sup> Массон В. М. Успехи среднеазиатской археологии в изучении средневекового города. // Средневековые города Средней Азии и Казахстана. Л., 1970, 3-б.
- <sup>105</sup> Беленицкий А. М., Бентович И. Б., Большаков О. Г. Средневековый город Средней Азии... 162-б.
- <sup>106</sup> Бартольд В. В. Соч., М., 1963, т. I. 318-б.
- <sup>107</sup> МИТТ..., т. I. 44-б.
- <sup>108</sup> Волин С. Л. Сведения арабских и персидских источников... 80–83-б.
- <sup>109</sup> Денике Б. П. Искусство Средней Азии. М., 1927, 15-б.; Горячева В. Д. О локализации города Баласагуна. // Страницы истории и материальной культуры Киргизстана. Фрунзе, 1975, 131–133-б.
- <sup>110</sup> Толстов С. П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962, 281-б.
- <sup>111</sup> Бернштам А. Н. К происхождению мавзолея Бабаджи-Хатун... 86–95-б.
- <sup>112</sup> Нурмуханбетов Б. Н. Раннемусульманское кладбище близ города Куйруктобе. // В глубь веков. А., 1974, 85–94-б.
- <sup>113</sup> «Чуйская долина». Труды Семиреченской археолог. экспедиции. МИА, 14, М.-Л., 1950, 30–31, 34–37-б.
- <sup>114</sup> Байпаков К. М. Культ барана у сырдарьинских племен. // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. А., 1980, 35-б, 2, 3-сурет.

<sup>115</sup> *Агаджанов С. Г.* Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX—XIII вв. Ашхабад, 1969, 137—138-б.

<sup>116</sup> *Басилов В. Н., Ниязклычев К.* Пережитки шаманства у туркмен-човдуров. // Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. М., 1975, 126, 129—130-б.

<sup>117</sup> *Валиханов Ч. Ч.* Избранные произведения. А., 1958, 154-б.

<sup>118</sup> *Иностранцев К. А.* Материалы из арабских источников для культурной истории Сасанидской Персии: Приметы и поверья. // Зап. Вост. отд. Русск. археол. об-ва, 1907, т. 18, вып. 2—3, 23—24-б.

<sup>119</sup> *Усова Е., Буряков Ю. Ф.* Терракотовые поделки с городища Канка. — ИМКУз, 1981, вып. 16. 44-б.

<sup>120</sup> *Пугаченкова Г. А., Ремпель Л. И.* Самаркандские очажки. 234-б.

<sup>121</sup> Бул да сонда, 234-б.

<sup>122</sup> *Баялиева Г.* Пережитки магических представлений и их изживание у киргизов. // Древняя и раннесредневековая культура Киргизстана. Фрунзе, 1969, 12-б.

<sup>123</sup> *Валиханов Ч. Ч.* Избранные произведения... 151—153-б.

<sup>124</sup> *Бартольд В. В.* Соч., т. II. М., 1964, 293—294-б.

<sup>125</sup> *Литвинский Б. А., Зеймаль Т. И.* Аджина-Тепе. М., 1971, 129-б.

<sup>126</sup> *Касымжанов А. Х.* Великий мыслитель из Отрара. Аль-Фараби о разуме и науке. А., 1975, 5—22-б.

<sup>127</sup> *Кононов А. Н.* Поэма Юсуфа Баласагунского «Благодатное знание». Юсуф Баласагунский. Благодатное знание. М., 1983. 495—517-б.

<sup>128</sup> *Кареев О.* История Караханидского каганата. Фрунзе, 1983. 38—40-б.

<sup>129</sup> *Массон М. Е.* Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. Ташкент, 1930.

<sup>130</sup> *Есжанов А., Ходжаев М.* Арыстанбаб. А., 1992, 15—22-б.

## Б е с і н ш і т а р а у

### ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

#### 1. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СІЛЕМІ

«Жібек Жолы» деген не, ол қашан пайда болып, жұмыс істей бастады, қай жерден өткен — әркімнің көкейіне алғаш ұялайтын сұрақтар міне осылар. Жауап қайтару үшін тарихи фактілерге жүгінейік.

629 жылы буддалық тауап етуші Сюань-Цзян «Будданың қасиетті сүйектерін көріп, дін ілімін тыңғылықты зерттеу үшін» Қытайдан Үндістанға аттанды. Ол Қытайды Батыспен жалғастырып жатқан және техника жаңалықтарын, діни идеялар мен мәдениет жетістіктерін жеткізуші болған халықаралық жолмен жүрді.

Чаньаннан шыққан көпестер керуенімен бірге қоспақ түйемен Дунхуан арқылы ұлы Гоби шөлінің шетімен жүріп, «Ұлы Айдаһар шағылдары» деген атпен мәлім тұзды шөлден, Хами және Тұрфан жазирасынан, Тянь-Шанның солтүстік беткейлерін бойлай өтіп, сірә, Музур-Ола жотасы болуы мүмкін деп саналатын мұзды таулардан шыққан Сюань-Цзян мен оның серіктері «Мөлдіреген Көгілдір көлге» жеткен. Оны «Қайнаған көл» деп те атаған, сондықтан оның Ыстықкөл екенін білу қиын емес. Көлді айналып өткен тауап етуші Суяб қаласына келіп, онда Батыста шекарасы Қара теңізге дейін созылып жатқан орасан зор империяның әміршісі түрік қағанымен кездескен. Сюань-Цзян түріктердің қағаны мен оның маңындағыларды былайша суреттейді: «Бұл жатжерліктердің жылқылары тамаша екен. Қаған жасыл жібек шапан киген; оның басы жалаңаш, тек ұзындығы бір чжаннан (3,2 м) астам жібек шүберекпен орап, ұштары артына салбыратып жіберілген. Оның ізіне зерлі шапан киіп, шаштарын бұрым етіп өрген екі жүзден астам тархан еріп жүр. Аң терісімен әдіптелген киім және жұмсақ бас киім киген өзге жауынгерлер айбалталар, тулар мен садақтар ұстаған. Түйелер мен атқа мініп келе жатқандардың көп екені сонша, көзбен шолып шығу мүмкін емес».

Өзіне қаған жасаған қабылдауды суреттей келіп, Сюань-Цзян түрік ақсүйектерінің жібек киімдерінің сән-салтанатын талай рет атап көрсетеді және өзінің сыйлыққа «қызыл күрең сәтеннен тігілген толып жатқан киім жиынтығы мен елу тай жібек» алғанын да хабарлайды<sup>1</sup>. Бұл көріністе Шығыспен Батыс саудасының негізгі өнімі, ертедегі және орта ғасырлардағы құрлықаралық ұлы жолға атын берген жібек ерікті болсын, еріксіз болсын бірнеше рет айтылады. Бұл жолдың қашан «іске қосылғаны» туралы сұраққа осы кезге дейін түрлі жауап қайтарылады. Егер «Жібек жолының» жекелеген учаскелердің түп-негізі туралы айтар болсақ, қарым-қатынастар мен айырбас байланыстарының басы уақыты жағынан б. з. б. III—II мыңжылдықтарға барып тіреледі. Бұл байланыстар Бадахшан тауларында көктас

және Жаркентдария өзенінің жоғарғы ағысында, Хотан аудандарында нефрит кеніштерінен кен қазылуы себепті жолға қойылған еді. Бадахшанда өндірілген көктас Иранға, Месопотамияға, Анадолға, Мысыр мен Сирияға шығарылды. I мыңжылдықтың орта шенінде Бадахшанның көктасы Қытайға апарылады<sup>2</sup>.

Орта Азия мен Орта Шығысты Жерорта теңізімен және Үндістанмен жалғастырған «Көктас жолымен» қатар Шығыс Түркістанды Қытаймен байланыстырған «Нефрит жолы» да болды<sup>3</sup>.

Б. з. б. I мыңжылдықтың орта шенінде «Дала жолы» жандана бастады, егер тарихтың атасы Геродоттың суреттеуіне ден қойсақ, оның мынадай бағыты айқын болады: ол Қара теңіз өңірінен Дон жағалауына, содан соң Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтар жеріне, Ертіске қарай, одан әрі Алтайға, Жоғарғы Ертіс пен Зайсан көлі маңын мекендеген агриппейлер еліне шыққан. Бұл жолмен аң және мал терілері, иран кілемдері, қымбат бағалы металдардан жасалған бұйымдар таралған<sup>4</sup>.

Таяудағы кездің өзінде жібектің ойлап табылуы және онымен сауда жасау б. з. б. I мыңжылдық кезіне жатады деп саналып келген еді. Алайда Тайху көліне жақын жерде, Чжецзян провинциясында қазба жұмыстарын жүргізген қытай археологтары неолит дәуіріне жататын жібек маталар, белдік пен тоға тапты. Матаның мезгілі — б. з. б. 2750+100 жж. Оған жасалған талдау сол кезге қарай-ақ, яғни осыдан бес мың жылдай бұрын жібек тоқу қарапайым сатыдан шыққанын дәлелдейді. Б. з. б. VI—V ғасырларда қытай жібегі басқа елдерге, соның ішінде Батысқа да шығарыла бастаған. Алтайдағы Пазырық «патшалық» обаларының б. з. б. V ғасырдағы деп саналатын біреуін қазған кезде феникс кестеленген жібек көрпе табылды. Оңтүстік және Батыс Европа аудандарында б. з. б. VI—V ғасырлардағы қабірлерден жүннен жасалған бұйымдарға тігілген жібек маталар мен шашақтар шықты.

Қымбат тұратын жібектердің таралуына сақтар мен скифтердің көшпелі тайпалары қатысқан, сол кездегі ғажайып товар Орталық Азия мен Жерорта теңізі өңіріне солар арқылы жеткен.

Алайда, VI—IV ғасырлардағы Жібек жолы туралы айтуға бола қоймас, қымбат товарлар дала өңірі арқылы жеткізілген, ол 40-параллель маңынан өткен және Хуанхэ өзенінің үлкен иіндерінен басталып, Алтайдың шығыс және солтүстік сілемдерін, Қазақстан мен Қара теңіз өңірі далаларын кесіп өткен де, гректер мен этрускілер жеріне жеткен деп шамалау дұрысырақ болады<sup>5</sup>.

Жібек Үндістанға сол кезде барған, мұны «сина патто» — «қытай жібегі» деген сөз дәлелдейді.

Б. з. б. I ғасырдың ортасында ғана «Жібек жолы» тұрақты дипломатиялық және сауда жолы ретінде пайдаланыла бастайды. Ал бәрі 138 жылы, император У-ди Батыстың беймәлім елдеріне жіберген Чжан-Цзянға ерген елші керуені Хань астанасынан шыққан кезде басталған еді. Чжан-Цзян 13 жылдан кейін қайтып оралды. Ол қазіргі Ауғанстан аудандарына дейін жетіп, Қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға бірінші болып тура жолмен жүріп өтті. Осының ізінше Батысқа — жібек артқан керуендер аттанып, ал Қытайға Жерорта теңізі жағасынан, Таяу және Орта Шығыстан, Орта Азиядан товарлар әкеліне бастады<sup>6</sup>.

Көп кешікпей халықаралық сауда Орта Азиядағы Зеравшан және Қашқ-

адария аңғарларында орналасқан ел — Соғдыдан шыққан саудагерлердің қолына көшті. Соғдылардың Шығыс Түркістандағы «Тохарлық» қалаларда және Қытайдың Ланчжоу, Дунхуан, Чаньан сияқты қалаларында сауда колониялары болды. Мысалы, Дунхуанда мыңға тарта соғдылар тұрған. Соғдылар Жапонияға өткен, жібек жолы жапондардың ертедегі астанасы Нараға жетіп аяқталған. Осындағы бір ғибадатханада соғды тілінде жазылған қолжазба сақтаулы.

Қазақстанның батысын Қиыр Шығыспен, Амур бойымен керуен жолдары байланыстырып жатты. «Бұлғын жолы» дейтін жол белгілі, ол арқылы Византияның, Иранның, түрік қағанаттары мен соғды княздіктерінің Бохай мемлекеттерімен және Жапониямен байланыстары жүзеге асырылған. VI ғасырда «Бұлғын жолының» теңіздегі бөлігі «Жапонияға баратын жол» деп аталған<sup>7</sup>. II—V ғасырларда Жібек жолы, егер Шығыстан бастасак, Чаньаннан басталып, Ланчжоу ауданында Хуанхэ арқылы өтетін өткелге, одан әрі Нань-Шанның солтүстік сілемдерін жағалап, Ұлы Қытай қорғанының батыс шеті мен «Яшма қақпалары бекетіне» беттеген. Осы арада бір жол айрылып, Такла-Макан шөлінің солтүстігі мен оңтүстігін жағалап кеткен. Солтүстік жол Хами, Тұрфан, Бесбалық, Шихо жазиралары арқылы Іле өзенінің аңғарына; ортаңғы жол Чаочаннан Қашқарға, Ақсуға және Бедел асуы арқылы Ыстықкөлдің оңтүстік жағасына; оңтүстік жол Дунхуан, Хотан, Жаркент арқылы Бактрияға, Үндістан мен Жерорта теңізіне шыққан, бұл — «оңтүстік жол» деп аталатын жол; «солтүстік жол» Қашқардан Ферғанаға және одан әрі Самарқанд, Бұхара, Мерв арқылы Хамаданға, Сирияға барған<sup>8</sup>.

VI—VII ғасырларда, Ферғана арқылы өтетін бұрынғы жол төте және қолайлы болғанымен, Қытайдан батысқа Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін жол мейлінше жандана түседі. Жолдың ауыстырылуын мынадай себептермен түсіндіруге болады. Біріншіден, Жетісуда түрік қағандарының ордалары болды, Орта Азия арқылы өтетін сауда жолдарын солар бақылап отырды. Екіншіден, Ферғана арқылы өтетін жол өзара қырқыс салдарынан VII ғасырда қауіпті болды<sup>9</sup>. Үшіншіден, түріктердің бай қағандары мен олардың төңірегіндегілер теңіздің арғы жағының товарларын ірі мөлшерде тұтынушылар болатын.

Сөйтіп бұл басты жолға айналды да, елші және сауда керуенінің негізгі көпшілігі VII—XIV ғасырларда осы жолмен жүрді. Жібек жолының бұл бағыты бір орнында тұрақтап қалған жоқ, ғасырлар ішінде белгілі бір учаскелері мен тармақтары алма-кезек мейлінше үлкен маңыз алып, керісінше, басқаларымен жүріс тоқтап қалды, ал олардың бойындағы қалалар мен сауда бекеттері құлдырауға ұшырады. Мәселен, VI—VIII ғасырларда негізгі бағыт Сирия — Иран — Орта Азия — Оңтүстік Қазақстан — Талас аңғары — Шу аңғары — Ыстықкөл ойпаты — Шығыс Түркістан болды. Бұл жолдың бір тармағы, дәлірек айтқанда, тағы бір бұтағы жоғарыда айтылған жолға Византиядан Дербент арқылы Каспий өңірі даласы — Маңғыстау — Арал өңірі — Оңтүстік Қазақстанға шықты. Иранға қарсы Батыс түрік қағанаты мен Византия сауда-дипломатиялық одақ жасасқан кезде ол жол сасанилік Иранның айналып өтті. 568 жылы Константинопольге император II Юстинианның (565—576) сарайына түрік қағаны Дизабулдан соғдылық Маниах бастаған елшілік келді, Маниах, қытай шежірешілерінің айтуынша, «...түріктерді үйретіп, бағыттап отырғандардың» бірі болған. Алайда бұл

жолы түріктер де, соғдылар да жібекпен көп мөлшерде сауда жасауға байланысты ортақ мақсат көздеді. Ол бұлардың екеуіне де орасан көп кіріс келтіретін еді.

Жібектің бір бөлігі Қытайдан келіп түсетін, басқа бөлігі Шығыс Түркістан қалалары мен Соғдының өзінде дайындалатын, бұл орайда оны өндірудің өскені сонша, оны өткізу өткір проблемаға айналды. Оны жібекті ең ірі тұтынушы – Византияға сатуға парсылардың кедергі жасауы тереңдете түсті. Оған өте нақты себептер болды, өйткені жібек Византияға сарай мен ақсүйектердің қажеттері үшін ғана емес, сонымен қатар тағылардың әскерлерін жалдаған кезде валюта ретінде де қажет еді, олар бірінші кезекте Иранмен соғыста пайдаланылатын-ды. Егер парсы үкіметі жібекпен емінеркін өткізіп сауда жасауға рұқсат етсе және жібек Византияға дейін жетсе, «онда бірнеше жылдан кейін Евфратта сансыз көп жалдамалы армия тұрар еді де, оған тойтарыс беруге Иранның бүкіл күші жетпес еді».

Сондықтан түріктер мен соғдылар парсылармен уағдаласа алмады да, түріктер Византияға Маниах елшілігін жібереді. Ол Иранды және оның бақылауындағы жерді айналып өтіп, Жетісудан Сырдария бойымен Арал өңіріне, Маңғыстау арқылы Каспий өңіріне, Солтүстік Кавказға, Кавказ жотасы арқылы Константинопольге жетті. Елшілікті жақсы қабылдаған II Юстиниан Талас жағалауындағы қаған ордасына өз елшілігін аттандырды. Сөйтіп, «түріктердің гректерге» баратын жаңа жолы жұмыс істей бастады. Оның бағытын археологиялық олжалар жақсы көрсетеді, олар әсіресе Кавказ жотасының етектерінде көп, онда Мощевая балка қорымы ашылды. Одан жібек бұйымдар, жібек матаға салынған суреттің қиындылары, қытай көпесінің кіріс-шығыс жазбалары және VII–X ғасырлардағы басқа да көптеген шетелдік заттар табылды<sup>10</sup>.

Бұл жолдың бойында Сырдарияның үлкен де бай қалалары тұрды, олар туралы біраз кейініректе XVI ғасырдағы тарихшы Рузбихан былай деп жазды: «Ходжент (Сырдария) өзені Түркістан бекіністерінің арасынан ағып өтеді. Сейхун өзенінен қазып шығарылған арналардың жағасында сондай асқақ көрінетін аса биік замоктар сияқты биік бекіністер ортасынан ағып жатқан өзен жұмақтың қуаныш-шаттығын айтып тұрғандай».

Кейініректе, IX–XII ғасырларда бұл жол «Тянь-Шань» жолына қарағанда азырақ пайдаланылатын болды<sup>11</sup>. Бірақ XIII–XIV ғасырларда ол қайта жанданады. Құрлықтағы саяси жағдай елшілердің, көпестердің және басқа да саяхатшы адамдардың жол тандауын анықтап берді.

Ал Қазақстан Жібек жолы ауқымына кірер қарсанда оның оңтүстігі қандай болған еді? Бұрын атап өтілгеніндей, мұнда ежелден өзіндік мәдениет дамып, оның қалыптасуына көшпелі тайпалар мен отырықшы халықтар қатысты. Бұл ретте этникалық тұрғыдан алғанда көшпелілер де, отырықшы тұрғындар да біртектес еді немесе бір үлгідегі этникалық-саяси құрылымдар шеңберінде біріккен болатын. Отырықшы және көшпелі мәдениеттердің өзара әсері мен бір-бірін байытуы дүниежүзілік прогрестің сара жолы болды. Мұндай кірігудің қойнауында өркениеттің Қазақстан мен Орта Азия халықтары жасаған көптеген жетістіктері, сондай-ақ оны мекендейтін халықтар этногенезінің бастаулары жатыр. Мәселен, б. з. б. VI–III ғасырларда мұнда сақтардың көшпелі және жартылай көшпелі тайпалары мекендеді, олардың жоғары мәдениеті көптеген обалы ескерткіштерді қазу арқылы мәлім, олардың арасында Бесшатыр, Есік, Түгіскен, Ұйғарақ бар.



Сақтардың Қытаймен, Үндістанмен, Таяу және Орта Шығыспен сол кездің өзінде-ақ байланыстары болған. Мұны сақ шонжарларының қабірлерінен табылған қытай айналары, Орта Азиядан, Ираннан әкелінген көркемдігі жоғары шетелдік бұйымдар дәлелдейді. Түгіскендегі шикі кірпіштен қаланған іргелі жерлеу құрылыстары оларды салуға жатжерлік шеберлерінің тартылуы туралы ойға жетелейді. Усун және Кангюй мемлекеттері өмір сүрген уақытта б. з. б. II — біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың бірінші жартысында, Жібек жолы қызу пайдаланыла бастаған кезде, мұнда Рим шынысы мен теңгелері, қытай жібегі, айнасы мен лакталған ыдыс-аяғы, Европаның фибул-ілгектері және Ираннан оймышталып-басылған тастар әкелінеді.

Бұл кезеңде Шу, Талас және Сырдария аңғарларында қалалық орталықтар қалыптасады, оларға мұнаралы дуалдармен қоршалған егіншілік қоныстар негіз болған еді. Қазір олардың көпшілігі Тянь-Шанның тау етегіндегі өңірінен, Арыс аңғарынан, Сырдарияның орта және төменгі ағысынан табылды. Бұл қалалар Арал өңірінің құрғақ шөл аймағында, Жетіасар алқабында әсіресе жақсы сақталған. Олардың күн күйдірген сары дуалдары осы кезге дейін асқақтап тұр, сүйір ұшты мұнаралардың үңірейген көздері жазық далаға қарайды, ал тақырлардың астында ертедегі зор мазарлар жасырынып жатыр.

VI ғасырдың екінші жартысында Қазақстан Кореядан Қара теңізге дейінгі кеңістікті қамтыған орасан зор көшпелі империя Түрік қағанатының құрамына кірді. VI ғасырдың аяғында Қағанат екі бөлікке — Шығыс түрік және Батыс түрік қағанаттарына бөлінеді. Соңғысының орталығы — Жетісу, ал астанасы Суяб қаласы болады.

Жібек жолы учаскесі нақ сол кезде жанданып, ол Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның қалалық феодалдық мәдениетінің дамуында маңызды рөл атқарды. Жетісуда ол толып жатқан қалалық орталықтардың пайда болуына түрткі болды, ал Қазақстанның оңтүстігінде не жол бойында болған, не оған сауда тармақтарымен байланысты қалалардың тез өсуіне себепші болды.

Егер батыстан шығысқа қарай қарағанда, Жібек жолының Қазақстандағы бөлігі міне былайша көрінеді. Жол Шаштан (Ташкенттен) шығып, Тұрбаттағы асу арқылы Жібек жолындағы аса ірі орталықтардың бірі Испиджабқа беттейді. Мұнда түрлі елдердің саудагерлері тоқтаған, қалада Бұхараның, Самарқандтың көпестеріне қарасты сауда құрылыстары мен керуен-сарайлар болды, ал Испиджаб көпестері Мерв, Балх, Бұхара мен Хорезм көпестерімен бірге Бағдаттағы Харба ибн Абдаллах әл-Балхи рабадында өз факторийін ұстаған. Испиджабтан күлдар, ақ маталар, қару, семсер, мыс пен темір тасылған. Испиджабтан керуендер Шығысқа, Шарап, Будухкет қалалары, Тамтаж және Абараж керуен-сарайлары арқылы Таразға беттеген.

Талас аңғарында Жібек жолының бойындағы бірінші ірі қала Жувикат болатын, одан өткен соң Таразға барған. Бұл — Қазақстанның ежелгі қалаларының бірі, ол VI ғасырдың өзінде-ақ белгілі болған. II Юстинианның Иранға қарсы әскери одақ құру және жібекпен сауда жасасу туралы мәселелерді шешу үшін келген, стратег Земарх бастаған дипломатиялық елшілігін түрік қағаны Дизабул 568 жылы нақ осында қабылдаған. Деректемелерде Тараз «көпестер қаласы» деп аталады. Сонымен бірге, ол түргеш-

тердің, ал содан соң қарлұқтардың және қарахандардың астаналық орталығы болған.

Тараздың маңында Бұхарадан шыққандар негізін қалаған Жамукет қаласы тұрды. Ол VI ғасырдың өзінде-ақ аталады, оның негізін Бұхара соғдылары қалаған, оларға Жамук деген кісі басшылық етіп, қала да соның есімімен аталған. Археологтар Жамукеттің жұртын Талас аңғарында, Жамбылға жақын жерде, Талас өзенінің оң жағалауында, Сарыкемердің қарсысынан тапты. Оның қираған жұрты қазір Қостөбе деп аталады. Бұл қалалардан басқа Талас аңғарында, аңғардың ірі күміс кеніштері орналасқан таулы бөлігінде Шелже, Сус, Көл және Текабкет сияқты белгілі қалалар болған.

Аңғардың жазық жағында Атлах қаласы тұрды, оның дуалы түбінде, бұрын атап өтілгеніндей, 751 жылы арабтардың қытай әскерлерімен ықпал өрісі жолындағы шайқасы өткен. Таразға жақын жерде, Таластың бойымен төмен қарай солтүстікке бет алатын сауда жолында Адахкет және Дех-Нуджикет қалалары болған, ал монғолдар кезінде деректемелерде Янги, Янги-Балық және Кенжек қалалары аталады.

Талас аңғарындағы Таразға керуендер Касаннан Шатқал жотасындағы Шанаш және Талас Алатауындағы Қарабура асуы арқылы Ферғана аңғарынан келетін жолмен де барған. Жолдың бұл бөлігі Жібек жолының «Ферғана» және «Жетісу» бағыттарын қосып жатты.

Тараздан шығысқа қарай шыққан жол шөл жерлермен Құлан қаласына бет алады. Тараз бен Құлан арасындағы жер қарлұқтардікі болатын. Құланға баратын жолда Касрибас, Көл-Шөп, Жол-Шөп арқылы өту керек болды. Касрибастың жұрты Қырғыз жотасын бойлай өткен ертедегі жол бойында тұр және Ақыр тастың қираған жұрты ретінде мәлім, ол тастан қаланған құрылыс болып табылады, жоспарлануына қарағанда, сірә, бір кезде замок болса керек. Көл-Шөпке Өрнек қаласының орны сәйкес келеді, оны қазып-аршу оның сипатын көрсетті: бұл — мешіті, жасақтарға арналған казармалары және төңірегінде қолөнершілер мекені бар әдеттегі бекіністі орда.

Қытайлар Цзюйланы деп атаған Құлан қаласы «түріктер елінің Мауараннахр жағындағы шекарадағы сүйкімді қалашық» ретінде белгілі. Жолнұсқаларға қарағанда, ол Тараздың шығыс жағында 17 фарсах жерде жатыр және Құлан ауылының шығыс шетінде орналасқан Луговое қаласының жұртына сәйкес келеді. Құланнан әрі шығыс жақта бір-бірінен 4 фарсах жерде Мирки және Аспара қалалары тұрған.

Жолдан бөлінген бір тармақ Сарыққа, сонан соң «түрік қағанының қонысына» және Қырмырауға барады. Қырмыраудан шыққан жол Жетісудың аса ірі қалаларының бірі Невакетке — қытайша Синчэнге апарады. Бұл атаудың екеуі де Жаңақала деп аударылады. Невакет түрік қағандарының ордасы ретінде және соғдылардың қаласы ретінде белгілі. Сәті түсіп анықталғанындай, Невакетке қазіргі Қызылөзен және Новоивановка ауылдарының арасына орналасқан Қызылөзен қаласының жұрты сәйкес келеді.

Невакеттен шыққан жол Пенджикент (Бунджикент) арқылы Жетісудың аса ірі қаласы Суябқа жеткізген. Ол батыс түріктерінің, сонан соң түргештердің, қарлұқтардың астанасы болған. Ол жөнінде қытай және араб саяхатшылары тура X ғасырға дейін жазады да, сол кезде қала кенеттен шежірелердің бетінде көрінбей кетеді. Астана рөлі Баласағұн қаласына көшеді, ертеректе оның аты, сірә, Беклік немесе Семекна болса керек. Баласағұн

қарахандардың, сонан соң қарақытайлардың астанасы ретінде белгілі, ал XIII ғасырдың басында оны қиратқан да қарақытайлар болатын. Аз уақыттан кейін қала қайта салынды, бірақ XIV ғасырдың өзінде-ақ ол қирап жатты және жартылай қираған сарайлар, мешіттер мен мұнаралар және эпитафиялы ауқымды зираттар ғана мұнда жуырда өмірдің қызу қайнап жатқанын көрсететін еді.

Сәті түсіп археологтар бұл қалалардың орналасқан жерін де анықтады: олар қазіргі Тоқмақ қаласына жақын жерде жатыр және орта ғасырлардағы белгілі екі ескерткішке — бір-бірінен 5 шақырым қашықтықта орналасқан Ақбешім және Боран қалаларының жұртына сәйкес келеді.

Жібек жолы Суябтан шығып, Ыстықкөлдің не солтүстік, не оңтүстік жағасымен жүреді. Оңтүстік бөлігінде керуендер Жоғарғы Барсханнан ірі қаладан өткен, ал солтүстік бөлігі аттары бізге дейін жетпеген шағын керуен-сарайлардың жұрттарымен белгілі. Содан соң бұл жолдар Бедел асуы жанында тоғысқан да, сол арқылы, не Ташрабат арқылы Жібек жолы Қашғар мен Ақсуға апарған.

Ыстықкөл ойпатынан жол Сәнташ асуы мен Қарқара аңғары арқылы Іле аңғарына, содан соң Іленің оң жағалауымен Өсек және Хоргос арқылы Алмалыққа жетіп, одан кейін Такла-Макан шөлінің солтүстік шетімен, Хами және Тұрфан жазирасы арқылы Дунхуан мен Қытайға барған.

X—XII ғасырларда Жібек жолының бір тармағы бүкіл Іле алқабын оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай кесіп өткен. Тармақ Невакеттен басталып, сонан соң Бунджикетке барып, Қастек асуы арқылы Іле Алатауының солтүстік беткейлеріне жеткен. Асуға Баласағұннан тағы бір жол шыққан. Бұл арада бағдар алатын белгі қасиетті Ұрынарж таулары болған, ол таулар Шу және Іле өзендері алаптары арасындағы су айрығын құраған. Бұл таулар туралы сонау VII—VIII ғасырларда қытай жолнұсқаларында айтылып, оларды «Цзедань таулары» деп атайды. Мұнда деректемелерге сәйкес он рудың қағаны әрқашанда билеушілер мен ақсақалдарды бекітіп отырады. Ұрынарж топонимі қазіргі Ұзынағаш қонысының атауында осы кезге дейін сақталған. Жібек жолының сілемі Қастек, Қаскелең және Алматы орындарында тұрған шағын қалашықтар арқылы өтіп, Талғар қаласының солтүстік шетінде орналасқан Талхир қаласына жеткен. Осында Талғар өзенінің оң жағалауындағы тау етегінде орта ғасырлардағы үлкен қаланың қираған жұрты жатыр. Талхиз (Талхир) транзитті сауданың ірі орталығы болған.

Іле аңғарына басқа жолмен де келген — ол Құланнан, Аспарадан не Нузкеттен Шудың орта және төменгі ағысындағы қалаларға барған. Ташөткел өткелінен өткен жол Шу-Іле тауларының солтүстік беткейлеріне барып, солтүстік Балқаш өңіріне түскен. Шуды бойлап төмен қарай жүрген жол Қаратаудың теріскей бетіндегі қалаларға шығарған.

Талхизде Жібек жолы тарамдалған. Оңтүстік жол Есік, Түрген, Шелек арқылы Борохудзир маңында Іледен өтетін өткелге қарай жүріп, сонан соң ол Іленің оң жағалауымен Хоргос арқылы Алмалыққа беттеген де осы жаққа Ыстықкөл аңғарынан келе жатқан жолмен қосылған. Осы бөліктен археологтар шағын Есік, Түрген, Лавар қалашықтары мен үлкен Шелек қаласының қираған орындарын тапты. Іленің оң жағалауымен жол қазіргі Көктал қонысы мен Жаркент қаласы арқылы өткен. Көктал өңірінде Ілебалық қаласы тұрған. Солтүстік жол Талхизден Талғар өзенінің бойымен Іле өзенін-

дегі өткелге дейін жеткен, өткел Қапшағай шатқалында орналасқан. Содан кейін жол Шенгелдіге барып, одан ары Алтынемел асуы арқылы Көксу аңғарына түскен де, қазіргі Дунгановка ауылының орнында тұрған Екі-Оғыз қаласына жеткен. Нақ осы жерден Іле алқабындағы аса үлкен бір қаланың жұрты табылды. 1253 жылы барған Вильгельм Рубруктің айтуынша, бұл қалада «сарациндер» тұрған, яғни иран көпестерінің сауда колониясы болған. Рубрук қаланы Эквиус деп атайды.

Екі-Оғыздан шыққан жол қарлұқ жабғуының астанасы Қаялыққа (Қайлаққа) жеткен. Қаланың базарымен даңқы шыққан, онда мұсылмандардан басқа, өз шіркеуі болған христиандар да тұрды. ІХ Людовиктің монғол ханы Мөңкеге жіберген елшісі монах Вильгельм Рубрук солай деп хабарлайды.

Қаялық ІХ—ХІІІ ғасырдың басында Іле аңғарының солтүстік-шығыс жағын иеленген қарлұқтардың ордасы болды. Ол Қаратал өзенінің аңғарында, Антоновское ауылының шетінде орналасқан. Рубруктің жазбасына қарағанда, Қаялыққа жақын жерде «христиандар қонысы» болған, Жібек жолы оны да басып өткен. Одан әрі ол Тентек өзенінің аңғарына түсіп, Алакөлді айналып, Жоңғар қақпасы арқылы Шихо аңғарына барған да, ол жерден Бесбалық арқылы Дунхуан мен ішкі Қытайға шыққан. Алакөлдің оңтүстік-батыс жағасында ХІІІ ғасырдағы саяхатшылар «аймақ астанасы» деп атаған қала тұрған. Ол Көктұма ауылындағы қала жұртына сәйкес келеді. Қазір бұл ескерткішті көл суы шайып кеткен.

Алайда Земархтың жолымен Европаға жету үшін Жібек жолының Қазақстан бөлігіндегі түпкі нүктелерінің бірі — Испиджаб қаласының жұртына қайтып оралайық. Испиджабтан шыққан керуен жолы Арыстағы Арсубаникетке, одан әрі Сырдарияның бойымен төмен жүре отырып, Арал өңіріне жеткен. Сырдарияны бойлай жүретін керуен жолындағы ең үлкен қалалар Отырар-Фараб пен Шауғар болды. Отырардың қасында Х ғасырда Отырар жазирасында бас қала болған Кедер қаласы орналасты. Ол «түрлі елдерден келген көпестер жиналатын жер» ретінде белгілі.

Отырар көптеген керуен жолдарының тоғысатын торабында тұрды. Бұл жерден бір жол — Шауғарға, екіншісі Сырдария арқылы өткелден өтіп, Васидж қаласына шығады. Соңғысы Шығыстың аса көрнекті ғалымы Әбу Насыр әл-Фарабидің туған жері ретінде белгілі. ХІІІ—ХІV ғасырларда бұл қала Зернук деп аталған. Одан шыққан жол Сырдария бойымен жоғары өрлеп, оғыздардың Сүткент қаласы арқылы Шашқа, төмен қарай Жентке барған. Сол жерден Қызылқұм арқылы Хорезмге, Үргенішке, ал одан Еділ бойына, Кавказға баратын жол шығады. Жібек жолының бұл бөлігі әсіресе ХІІІ ғасырда, Еділдің төменгі ағысында Алтын Орданың Сарай қаласы қалыптасқан кезде жандана түсті. ХІІІ—ХІV ғасырларда бұл жол Сарайшық, Сарай-Бату және Каффа арқылы өткен.

Шауғардан оғыздар мемлекетінің астанасы болған Жанкент қаласына жол шыққан. Бұдан да Қызылқұм арқылы Хорезмге жол барған. Онымен 10 күндік жол өткен.

Шауғардан және кейініректе Иассыдан Тұрлан асуы арқылы өтетін жол Қаратаудың теріскей беткейіне шығып, Сырдарияны бойлай жүретін жолмен қосарласа жүріп отырған. Онымен қарым-қатынас әсіресе ХІІІ—ХІV ғасырларда жанданады. Армян патшасы Гетум мен монах Рубрук солтүстік Арал өңірінен Монғолияға нақ сол жолмен сапар шеккен. Бұл жолдың

бойында Созак, Ұрысоған, Құмкент, Сөгілкент қалалары орналасқан. Жол Таластың төменгі ағысына шығарып, одан жоғары өрлеп, Таразға көтерілген; Билікөлдің батыс жағасын бойлап, Берукет-Паркет, Құтықшын қаласы арқылы тағы да сол Таразға шыққан.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Жібек жолының негізгі торабынан солтүстік пен шығысқа қарай жолдар шығып, олар Орталық және Шығыс Қазақстан аудандарына, кейін Сарыарқа ретінде белгілі болған Дешті Қыпшақ даласына, Ертіс жағалауына, Алтай мен Монғолияға беттеген. Мұнда дала жолы өтеді, онымен аттылы көшпелілердің тайпалары жүріп-тұрған. Бірақ Қазақстанның далалық аудандарында көшпелілер ғана мекендеген деп ойлау дұрыс болмас еді. Мұнда егіншілікке қолайлы жерлерде – Сарысу, Кеңгір, Жезді өзендерінің аңғарларында, Ертіс жағалауында орта ғасырлар кезеңінде егіншілік алқаптар мен қала өмірі пайда болып, дамыды. Сонымен бірге сонау қола дәуірінде-ақ мысқа, қалайыға, қорғасынға, күміске бай кеніштер ұқсатылып, неғұрлым кейінгі кезде нақ сол жерлерде кен қазушылардың, металл балқытушылардың, мысшылар мен күміс ісі шеберлерінің қоныстары өсіп шықты. Орталық Қазақстанның шикізат ресурстарына – малға, жүнге, теріге, металға бай аудандары сауда байланыстары жүйесіне, соның ішінде халықаралық жүйеге тартылып, көптеген керуен жолдарымен Жібек жолы жүйесіне қосылды.

Отырардан Арсубаникет арқылы Арыстанды, Шаян алқаптарымен Қаратаудың аласа тауларынан асып; Шауғар мен Иассыдан Тұрлан асуы арқылы; Сауран мен Сығанақтан; Жанкенттен Орталық Қазақстан даласына жолдар шығып, Сарысу мен Кеңгірдің, Торғай мен Есілдің жағалауларына жеткен. Бұл жерлерден дуалдары құлаған төрт бұрышты қалалар жұрты түріндегі: Болғанана, Жаманқорған, Нөгербек-дарасы Домбауыл, Милықұдық, Ормамбет қоныстары ашылды. Олардың төңірегіндегі көлемді зираттар аршылды, оларда Жошы-хан мен Алаш кесенелері сияқты сәулет өнерінің үлгісі сақталған. Сірә, орта ғасырлардағы деректемелерде аталатын Жубин, Конгликет қалаларын, Ортау және Қойтау жайлауларын, әл-Идрисидегі Гарбин және Махмұд Қашғаридегі Бакырлытау кен орындарын нақ осында шоғырландырған жөн болар.

Жанкенттен солтүстік-батысқа қарай шыққан жол Білеуіт өзенінің жағалауына жетіп, Қоңырат пен Қарсақпай ауданына апарған. Орталық Қазақстанға Отырардан Шауғар мен Ақсүмбедегі Тұрлан асуы арқылы Сарысудың төменгі ағысына және өзенді бойлай жоғары өрлеп, Ұлытауға (Кендірлік тауына), ал одан Есіл мен Ертістің бойымен кететін Сарысу жолы деп аталатын жол да шыққан. Неғұрлым қысқа жол – Созак арқылы Шудың төменгі ағысына, ал одан Бетпақдала арқылы Жезқазған өңіріне апаратын жол саналды. Тағы бір жол – «Хан жолы» жаңа заманға дейін пайдаланылып келді және Тараздан Таластың бойымен төмен қарай Мойынкұм мен Бетпақдала арқылы Атасудың жағалауына қарай кетеді.

Ибн-Бахр мен әл-Идрисидің мәліметтеріне сәйкес, Тараздан Адахкет және Дех-Нуджикет қалалары арқылы Ертіске – кимектер хақанының ордасына қарай және одан әрі Енисейдегі қырғыздар еліне қарай сауда жолы барған. Қырғыздарға әрбір үш жылда жібек артылған керуен жіберіліп отырған.

Іле алқабын Орталық Қазақстанмен, Шу-Іле тауларының солтүстік беткейлерімен содан соң Шуды жағалап, оның төменгі ағысына, одан кейін

Сарысудың жағасына қарай өтетін жол жалғастырып жатқан. Шенгелді маңында солтүстік-Іле жолынан тағы бір маңызды жол бөлініп, ол Көктал мен Бояулы керуендері арқылы Балқаш өңіріне, ал сонан соң Іле өзенінің Ақтам және Ағашаяқ қалаларының жұрты жатқан Ортасу атырауын жағалап, Балқаш жағасына қарай, ал содан кейін ені 8 шақырымнан сәл асатын бұғаз қалдырып, көлдің оңтүстік және солтүстік жағаларын жалғастырып жатыр деуге болатын Ұзынарал түбегі арқылы өтеді. Осы арадағы мүйістен көпшілік бөлігін су басып кеткен қала жұрты табылды. Керуендер бұғазды кешіп, ал қыста мұз үстімен өтіп, Тоқырауын өзенінің сағасына шыққан, сонан соң оны жағалап, Ұлытау етегімен, одан әрі солтүстікке қарай жүрген деп шамалауға болады.

Жоңғар қақпасына беттеген солтүстік-Іле жолынан Алакөлді батыс жағынан айналып өтетін жол бөлініп, ол Тарбағатай арқылы Ертіске, кимектер елінің жеріне барған. Тарбағатайда және Ертіс жағалауында кимек қалалары — Банжар, Қанауыш, Астұр, Сисан қалалары мен «хақан астанасы» — темір қақпалы дуалмен бекітіліп қоршалған үлкен қала орналасқан. Кимектердің қалалары Енисейдегі қырғыздардың, Монғолиядағы ұйғырлардың қалаларымен және Шығыс Түркістанның жазираларымен сауда жолдары арқылы байланысып жатты. Оңтүстік Арал өңірі арқылы Кама алабына Жібек жолын солтүстікпен жалғастырған жол өтті. Осы жерде дайындалған қымбат бағалы аң терілері Орта Азияға, Шығыс Түркістанға, Қытайға, Үндістан мен Иранға апарылған<sup>12</sup>.

## 2. САУДА ЖӘНЕ ТОВАР АЛМАСУ

Бұрын атап өтілгеніндей, Жібек жолы бастапқыда қытай жібегін Батыс елдеріне шығаруға қызмет етті. Өз кезегінде, онымен Римнен, Византиядан, Үндістаннан, Ираннан, Араб халифатынан, ал кейініректе Европа мен Русьтен осы елдерде өндірілетін товарлар тасылды. Бұл ғажайып, таңсық товарлардың тізімі таусылмайды. Бұлар — мирро мен ладан, жасмин суы мен амбра, кардамон мен мускат жаңғағы, өміртамыр (женьшень) мен айдаһардың (питон) өті, кілемдер мен маталар, бояулар мен минералдық шикізат, алмаспен яшма, янтарь мен маржан, піл сүйегі, құйма күміс пен сом алтын, аң терілері мен теңгелер, садақтар мен жебелер, семсерлер мен найзалар және басқа да көптеген заттар. Жібек жолымен сату үшін Ферғананың асыл тұқымды аттары, араб және нисия арғымақтары, түйелер мен пілдер, мүйізтұмсықтар мен арыстандар, барыс пен киіктер, қаршығалар мен сұңқарлар, тотықұстар мен түйеқұстар алып жүрілді. Мәдени өсімдіктер: жүзім, шабдалы, қауын, тәтті тағамдар мен қант, жемістер мен көкөністер Жібек жолы арқылы тарады<sup>13</sup>.

Алайда сауда жасалатын негізгі зат жібек болып қала берді. Алтынмен бірге жібек халықаралық валютаға айналды, ол патшалар мен елшілерге сыйға тартылды, жалдамалы әскерге ақы және мемлекеттік қарыз ретінде төленді. Иранның шахиншахы Хосроу I Ануширван қытай императорынан басқа тартулармен қатар, қытайдың жібек киімі — «ушари» алған, оның көкшіл өңіріне тәж киген және әшекейлер тағынған патша бейнеленген. Қытай, Орта Азия, Шығыс Түркістан билеушілері сарайларының фрескаларында шонжарлар киген жібек киімдерде оларға тән барлық қымбат

бұйымдар әшекейлерімен, ұсақ-түйектерімен, тіпті тігістерімен айнытпай салынатыны кездейсоқ емес. Жібек жолымен тасылатын жібектің де, товарлардың бір бөлігінің де оның Қазақстан бөлігінде тұрған қалаларда қалып отырғаны әбден табиғи нәрсе. Мұны археологиялық олжалар айқын дәлелдейді.

Отырар алқабындағы Мардан қорымын қазған кезде қабірлердің біреуінен қытайдың біздің заманымыздағы I–IV ғасырларға жататын жеті «У-шу» теңгесі шықты. Бұл теңгелердің князь Чжан-Цзянның жолымен Батысқа, соның ішінде Кангюй мемлекетінің орталығы орналасқан Сырдарияның орта тұсына бет алған сауда керуендерімен байланысы болғанына дау жоқ. Қытай деректемелерінде ол кездер туралы былай делінген: «...жуырдағы кездің өзінде шетелдік иеленушілермен қатынастар орнатуды күткен және бәрінен бұрын алыс шет аймақтарда белгілі болу даңқын қымбат тұтқан Қытай сарайы Кангюймен байланысын үзбеді».

Батыспен байланысты қымбат тұратын заттар арасынан Жетісудан табылған күміс құмыраларды атап өту керек, онда византиялық үлгіге еліктеп крестер түрінде қалыппен өрнек салынған. Құмыраларды жасаған шебер өз жұмысын Византияда істелген деп көрсетуге тырысқан. Бір саптыаяқ тұтқасының иілген жерінде «көне заман сипатындағы» бас бейнеленген. Зерттеушілердің пікірінше, Византия үлгілеріне бұлайша еліктеуге тырысушылықты «империя халқы түр-тұрпатының әсерлі әсемдігі» туғызған<sup>14</sup>. Жамбыл қаласында Тараздың орнынан I Юстинианның византиялық алтын солиді табылды, оның бір бетінде дулыға киіп, найза мен қалқан ұстаған император, екінші бетінде қолына крест ұстаған Жеңіс құдайы бейнеленген<sup>15</sup>. Византияның алтын солидінің кең таралғанын және халықаралық валюта ретінде қолданылғанын ескерте кеткен жөн. Кімнің билеушісі күшті екені жөнінде византия және парсы көпестерінің айтысуы туралы Кузьма Индикоплавтың VI ғасырдың орта шеніне жататын әңгімесі мәлім. Персия саудагері тек күміс көрсете алған кезде, византиялық бүкіл әлемге таралған алтын теңге көрсетіп жеңіп шыққан<sup>16</sup>.

Талғар қаласының жұртынан шетелдік бұйымдардың қызықты олжалары табылды. Бұл — көмбе, оның құрамына ішкі жағы ұзақ жасау нышаны — саңырауқұлақ түріндегі медальондармен көмкерілген бала мүсіндерінің оймышталып жасалған бейнелерімен безендірілген қытайдың төрт фарфор тостағаны кіреді. Ыдыстардағы нышандар ер баланың дүниеге келуін (төрт бала) және бірлікті — «и туань хоци» (бір толық бала) тілеу деп те түсіндіріледі. Көмбеде фаянс тостағанның сынықтары да болды. Ішкі жағында, қызыл түске люстрмен жасалған тау және теңіз пейзажы көрінісінде, отырған он бір ер кісі мен бір әйел бейнеленген. Барлық кейіпкерлер алтындатылған әсем киім киінген, алты мүсіннің киімі қызыл, алтауында — алтынмен әдіптелген қара киім. Адамдардың басынан алтын нұр шашылып тұр. Еркектердің бет-әлпеттері мұрындарының етті және қастарының қою болуымен ерекшеленеді. Он еркектің шашы қырылып тасталған, сегізінің мұрты бар. Ортада отырған еркек басқаларынан тұлғалы, ұзын шашы, салбыраған мұрты мен сақалы бар. Ол басына алтын тәж киген, оң қолына ұшы иығы деңгейінде тұрған семсер ұстаған. Ақ жүзді әйелдің көздері қиық, қастары доғадай иілген, мұрны түзу, аузы оймақтай. Ол басына биік бас киім киген, оның астынан ұзын шаштары иығына түсіп тұр. Мүсіндердің арасында аждаһаның қабыршақты денесі иретіліп жатыр. Тос-

тағанның сыртқы жағында нақ сол адамдардың мүсіндері екі қатарға бейнеленген, оларды қара түс арасындағы аждаһаның қабыршақты ақ денесі бөліп жатыр. Тостағанның сыртқы түбінде иероглифтер жазылған сопақша таңба бар<sup>17</sup>. Фарфор тостағандар мен фаянс тостағанның сынықтары Талхизге қытайдан XII ғасырдың аяғы — XIII ғасырдың басында әкелінген.

Көмбе құрамына кіретін үш мыс табақтың фрагменттері де сол кездегі деп саналады. Олардың басқаларынан жақсырақ сақталған біреуінің диаметрі 49,5 см. Ыдыстың ішкі беті бірнеше шеңберлерге бөлінген. Ортасындағы медальонда арыстан денелі, әйел бетті, қанаты бар екі жанды нәрсе бейнеленген, олардың басына тәж кигізілген. Сфинкстер артқы аяқтарымен, бір-біріне арқасын беріп геральдикалық кейіпте тұр, мүшелі құйрықтары айқасып жатыр, беттері тура қаратылған. Доға тәрізді жіңішке қанаттары жоғары көтерілген. Медальонның бос жерлері өсімдік тәрізді өрнектермен толтырылған. Медальонның сыртындағы шеңберге жүгіріп бара жатқан иттер мен түлкілердің бейнелері — «аң қуу» көрінісі салынған. Тағы бір жолақты лира тәрізді мүсіндердің бейнелері алып жатыр, олар өсімдік өркендерінен өрілген. Табақшаға ұқсайтындар көп, оларда сфинкс және аң қуу көріністері бейнеленген. Бұлар — Орта Азиядан, Еділ бойынан, Кавказ өңірінен, Таяу және Орта Шығыстан табылған шыныаяқтар, айналар, табақшалар. Тегінде, мұндай бұйымдарды шығаратын орталықтар бастапқыда Иранда болып, сол жақтан олардың өздері де, сюжеттері де Жібек жолымен таралса керек<sup>18</sup>.

Сырдарияның орта ғасырлардағы қалаларын, атап айтқанда, жиырма жылдай уақыт бойы кең көлемді зерттеулер жүргізіліп жатқан Отырарды қазу жұмыстары кезінде шетелдік заттар табылды. Бұл — шиыршық атып жатқан жолбарыс немесе барыс бедерленіп бейнеленген нефрит қапсырма. Қапсырманың көлемі диаметрінде 3,2—3,5 см, оның бүйірлерінде бекітуге арналған құлақшалар бар. Бейненің иконографиясы оның Қытайда шығарылғанын дәлелдейді. Жыртқыш мүсінін көрсету дәстүрлі аспан аждаһалары «лун» және аждаһа сияқты қасиетті «ақ жолбарыстар — байху» бейнелеріне өте ұқсас. Мұндай «жолбарысты қапсырма-регалиялардың» ертедегі үлгілері Чжоу дәуірінің Чжанго кезеңіне жатады. Қапсырмалардың жасалған уақыты — Тан немесе Сун дәуірі. Қапсырманың пайцзе немесе иеленуші адамның рулық эмблемасы болуы мүмкін<sup>19</sup>.

Отырардан табылған күміс көмбе мәні жөнінен сирек кездесетін, халықаралық сауданы зерттеу үшін маңызды олжалар санатына жатады. Ол өз құрамы жағынан ақшалай-заттай болып келеді. Көмбедегі теңгелер жиынтығының құрамы бірегей: онда Шығыс Түркістан қалалары — Алмалықтың, Пулад пен Эмильдің (Омылдың), Орду әл-Заманың; Европадағы Қырымның; Кіші Азиядағы Сивастың, Конияның, Тебриоздың; Қазақстандағы Женттің теңге сарайларында соғылғандары бар. Теңгелердің жиналған уақыты XIII ғасырдағы 60-жылдардың екінші жартысына жатады, ал олар XIII ғасырдың 40—60-жылдарында соғылған. Көмбедегі күміс бұйымдар әсерлі, олардың арасында құрама белдіктің ұйғырша жазулары бар күміс қапсырмалары; Орта Азияда оратылып жасалған білезіктер мен Еділ бойында өріліп жасалған білезіктер; Кіші Азиядағы бір қаланың қолөнер шеберханасынан шыққан белдіктің тоғасы бар. Көмбе монғол империясы дәуірінде Жібек жолының бойында тұрған қалалардың өзінше бір «визит карточкалары» тәрізді<sup>20</sup>.



Көмбеде линзалар және сопақша күміс кесектері де болды. Олар ақша ретінде қолданылған болуы мүмкін, бұл жазбаша деректемелерде тура көрсетіледі. Мәселен, Флоренция көпесі Францеско Бадуччи Пеголотти Европадан Шығысқа баратын көпестер өзімен бірге маталар әкетуге, оларды Үргеніште сатып, сол жерде ондағы елдерде қолданылатын сомдар (күміс кесектерін) жинап алуға тиіс деп жазған<sup>21</sup>.

Отырарды қазған кезде табылған бұйымдар арасынан XIII—XIV ғасырлардағы қола айналарды атап өткен жөн. Олардың бір бөлігі сырттан әкелінген және қалаға Қытай мен Персиядан Жібек жолы арқылы келіп түскен айналардан алынған көшірмелер бойынша Отырарда құйылған. Мысалы, бұл — сырт жағында «аң қуу» бейнеленген айна мен он екі жылдық хайуанаттар циклының жануарлары мен андары бейнеленген және циклды иероглифтік белгілері бар қытай айнасы<sup>22</sup>.

Отырардағы қазба жұмыстарының бірінде диаметрі 4,3 см болатын, беттерінде бедерлі бейнелер бар қола медальон табылды. Бір бетінде қолында атқалы тұрған садағы және белінде ұштары жоғары қаратылып жебелер толтырылған қорамсағы бар салт атты көрсетілген. Оның қасында ит немесе сілеусін жүгіріп бара жатыр. Басқа бетінде жатқан аждаһа бейнеленген, оның денесі шеңбер сияқты ширатылған. Қытай нышандарына сәйкес, «аспан аждаһасы — лун» бейнеленген. Бұған ұқсас медальондар Жетісудан, Орта Азиядан, Еділ бойынан табылғаны мәлім. Бір ғажабы, сілеусін ерткен, қолында садағы бар салт атты бейнеленген медальондармен XIII ғасырдың аяғы — XIV ғасырдың басында Мысырда шығарылған қола ыдыстың бүйірлері безендірілген<sup>23</sup>.

Оймышталып әдемі сәнделген қола сиясауыт табылды. Сиясауыттың бүйірлерінде және алынбалы қақпағында медальондардағы өсімдік тәрізді өрнек салынған көріністе үйрек бейнелері бар, ал түбінде қанатты сфинкс бейнеленген. Қақпағында ізгі ниет тілеген жазбалар айқын көрінеді<sup>24</sup>. Сиясауыттар XII ғасырдың аяғы — XIII ғасырда Орта Азия мен Хорасанда жасалған. Сиясауыттар көп табылған және көптеген мұражайлардағы көркемдік металдар жиынтығының жинағын көріктендіріп тұр. Мәселен, Өзбекстан Ғылым академиясының тарихи мұражайында бүйірлеріндегі медальондарда хатшылар бейнеленген сиясауыт сақтаулы, ал АҚШ-тағы Метрополитен Музейіндегі сиясауытта тақта отырған билеуші бейнеленген. Отырардан табылған әдемі шыны ыдыс, графин нақ сол кезге жатады. Ол мөлдір ақ шыныдан жасалып, көк, қызыл және жасыл түсті әр түрлі эмальдармен суреттер, геометриялық өрнектер салынған. Ыдыстың иіндері алтынмен апталған. Бұл шыны ыдыс Отырарға шыны ісінің дәстүрлі орталығы Сириядан келген, ал бағалы шыны бұйымдар бүкіл әлемге сол жерден апарылатын. XII—XIII ғасырларда түрлі-түсті эмальдармен әсемделіп, алтын жалатылған шыны бұйымдар дайындау нақ Сирияда жолға қойылған еді. Мұндай бұйымдар Батыс Европада, Кавказда, Еділ бойында, Орта Азияда табылды. Бір қызығы, XIV ғасырда саяхатшы Ибн-Баттута Хорезмде бір жоғары шенді чиновниктің үйінен Сирия шынысының бай жиынтығын көрген. Енді міне Сирия бұйымдары Сырдарияда табылып отыр.

Жібек жолының бойымен бұйымдар ғана емес, сонымен қатар көркемдік стиль сәні де таралды, олардың әлеуметтік тапсырыс болуы және дайындығы бар негізге, белгілі бір этникалық-мәдени ортаға түсіп,

кең таралуы мүмкін. Әмір Темір заманының ақ көрініске көк түспен салынған, толып жатқан әшекейлерімен ерекшеленетін керамикадағы стилі нақ Жібек жолымен таралды деген пікір бар. Ол Юань әулеті кезінде (1279–1368) Қытайдың императорлық шеберханаларында пайда болып, Иранда, Түркияда, Орта Азияда кең таралды<sup>25</sup>. Кобальтпен әшекейленген керамика тостағандардың, вазалардың таңғажайып үлгілері дүние жүзінің көптеген мұражайларының мұрағаттарына көрік беріп тұр.

### 3. МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ ӨЗАРА ӘСЕРІ

Орта ғасырлардың бас кезінде Азияда дүниенің кең-байтақ аймақтары мен елдерді бейнелеген төрт патшалық тұжырымдамасы кеңінен таралды. Бұл «дүние патшалықтарының» әрқайсысы замандастарының көзіне тек өзіне ғана тән артықшылықтарымен көрінді. Суй (589–618), ал содан соң Тан (618–907) әулеттерінің билігімен біріккен Қытай, орталығы Гангадағы Канауджа қаласында болған үнді билеушілерінің патшалығы, Тынық мұхиттан Қара теңізге дейінгі түріктер бірлестігі, Персия мен Византия сияқты күдіретті мемлекеттердің құрылуы әлемнің төрт жағында орналасқан дүниежүзілік төрт монархия: оңтүстіктегі пілдер патшасының (Үндістан), батыстағы асыл заттар патшасының (Иран мен Византия), солтүстіктегі сәйгүліктер патшасының (түрік қағанаттары), шығыстағы адамдар патшасының (Қытай) империялары идеясының негізі болды. Нақ сол идея мұсылман авторларына да ауысты: пілдер патшасы сонымен бірге үнді философиясы мен ғылымының дамуымен даналық патшасы, адамдар патшасы – мемлекеттік басқару және атақты қытай өнертабыстары себепті өнеркәсіп патшасы деп те аталды; сәйгүліктер патшасы жыртқыш аңдар патшасы делінді; ал батыс екі патшалыққа бөлінді: олардың біреуі (аңдар патшасы) Персияның, содан соң арабтардың патшасы, екіншісі (ерлер патшасы) халқының көріктілігі себепті Византияның патшасы болды<sup>26</sup>.

Бұл тұжырымдаманың көрінісі Самарқандқа жақын жердегі Кушания қонысындағы үйдің қабырғаларына салынған әшекей суреттер болып табылады; онда біреуінде – қытай императорлары, екіншісінде – түрік хандары мен үнді брахмандары, үшіншісінде парсы патшалары мен рим императорлары бейнеленген<sup>27</sup>.

Әрбір халықтың бір нәрсесімен атақты да даңқты екенін ақындар былайша суреттейді:

Біліп қойғын, арабтардан өленде ешкім озбайды,  
Ал ежелгі гректердің ұлдарына көрінсең,  
Ем-домымен жан-дүниенді қозғайды.  
Сауық-сайран үнділердің мекені,  
Есеп-қисап, ән-әуенде Римнен кім өтеді,  
Сурет салса Қытай озар өрнегімен, әрімен,  
Ал жалғанда хас шебері Бағдаттын  
Қашан да артық бәрінен.

(Носир Хисроу)<sup>28</sup>

Талас аңғарындағы Жамукат деп саналатын Қостөбе қала жұртынан аршылған VIII–IX ғасырлардағы ғибадатхана қабырғаларының қалың сылақ қабатының оймыштап безендірілуін нақ осымен түсіндіруге болады. Қабырғалық беттерге піскен жемістер шоғы салбырап тұрған жүзім сабақтары, қызғалдақтар, жапырақтар, пальметталар, ромб белдеулері, меандрлардың көмкермелері, өсімдік бумалары бейнеленген. Оймыштау сарындарында, өрнектердің жеке элементтерінде, стильде Афрасиаб пен Варахша, сондай-ақ Саммара мен Фустат сарайларының қабырғалары сәнделген оймыштарға мейлінше жақын ұқсастық бар<sup>29</sup>. Мұның өзі Бағдат шеберлері талғамдары мен халифат астанасының астаналық стиль сәнінің қалалық мұсылман ойкуменінің шетін қамтып, Жібек жолымен қалай таралғанын айқын көрсетеді.

Сол бір алыста қалған оқиғалардың замандастары болған түрлі елдердің авторлары белгілі бір мемлекеттердің неден табысқа жеткені туралы ғана емес, қайта өз халқының өзгелер мәдениеттерінің қазыналарын қалай меңгергені туралы жазған, бүкіл дүниежүзілік мәдениеттің нақты бір түрінің негізгі мазмұны да міне осында болған еді<sup>30</sup>. Езілгендер мен кедейлерге жанашырлық білдіруді уағыздап, рақымсыздықты, дүниеқоңыздық пен екіжүзділікті әшкерелеген, парсының атақты сопыақыны Жалалиддин Румидің (1207–1273) сөздері мәдениеттердің өзара әсері, өзара ұстамдылық пафосына толы<sup>31</sup>. Руми былай деп жазған: «Түрік пен үндінің ортақ тіл табысуы қандай жиі кездеседі. Екі түріктің жат жандар сияқты болуы да сондай жиі кездеседі. Демек, ынтымақтылық тілі — мүлде басқа мәселе: тіл ортақтығынан, ынтымақ ортақтығы қымбат»<sup>32</sup>. Сондықтан Конье қаласында қайтыс болған «жүрек дінін» жырлаушыны соңғы сапарға мұсылмандардың, христиандардың, иудейлердің, буддистердің шығарып салғаны тегін емес.

Қолданбалы өнерде, сәулет өнерінде, қабырғалардағы кескіндемеде товарлардың, мәдени үлгілер мен өлшемдердің Шығыс және Батыс елдеріне таралуымен қатар музыка мен би өнері, қызықты ойын-сауықтар, орта ғасырлардағы өзінше бір «эстрада» өріс алды. Қызықты ойын-сауықтар, музыканттар мен бишілердің, жабайы аңдарды үйретушілердің, акробаттар мен сайқымазақтардың, фокусшы-сикыршылардың өнер көрсетуі ерекше таралды. Бұл өнерге тілмаш керек болмады, кезбе труппалар үшін тіл кедергісі болған жоқ — «дене қимылдарымен түсінісетіндерді жұрттың бәрі бірдей ұғады», — деп жазды Эразм Роттердамский<sup>33</sup>. Грек василевсіне де, Киев князіне де, түрік қағанына да, қытай императорына да ұқсас нөмірлер көрсетілген<sup>34</sup>.

Сарай маңындағы қызметкерлер құрамы шетелдік оркестрлермен толықтырылып отырған. Олар «сарайдағы салтанатты рәсімдерде де, сарайдағы ресми емес салтанаттарда да» ойнаған. Мысалы, патшаның әнді құрмет тұтатын ақсүйектерінің бірі Сюань-цзуньның 30 мың музыкант ұстағаны белгілі<sup>35</sup>. Түрік қағанының Суябқа жақын жердегі өз ордасында елшілер қабылдауының суреттелуі сақталған. «Қаған, — деп жазады осы рәсімді көзімен көрген буддалық тауап етуші Суань-Цзян, — шарап қойып, музыка бастауға әмір берді... Осы уақыттың бәрінде жаңғырыққан металл әуені сүйемелдеген жатжерлік музыка қалықтап тұрды. Бұл тағылардың музыкасы болғанымен, ол да құлаққа жағып, жүрек пен ойды қуанышқа бөледі»<sup>36</sup>. Тан Қытайында ең көп таралғаны Батыстың —

Шығыс Түркістан мен Орта Азия қалаларының музыкасы болғаны мәлім. Кучаның, Қашғардың, Бұхара мен Самарқандтың, Отырар мен Тараздың музыкалық дәстүрлері ресми қамқорлық арқылы қытайдың музыкасымен және музыкалық дәстүрімен ұштасып кетті.

Иран, соғды және түрік актерлері Қытайдың хореографиялық мәдениетіне көп үлес қосты. Барлық артистерден бишілер — жасөспірімдер мен қыздар мейлінше әйгілі болды. «Батыстың секіргіш билерін» әдетте Ташкенттен келген, иран үлгілі кең көйлек және төбесі сүйір, моншақпен әдіптелген биік бөрік киген балалар орындаған. Олар ұзын мата белбеу буынған, олардың ұштары би қимылдарын орындаған кезде желбіреп тұратын. «Шаш биін» алуан түсті кестемен әшекейленген торғын шапан киіп, күміс белдік буынған екі жас қыз орындаған. Олардың кигендері жеңдері тар көйлек пен кішкене алтын қоңыраулар тағылған төбесі сүйір бөрік, ал аяқтарында зерлі қызыл туфли киген. Биші қыздар «құйындай ұйтқыған Батыс қыздары» биін де орындады, онда алқызыл көйлектер мен жасыл шалбар, аяқтарына қызыл күдеріден тігілген етіктер киген соғды қыздары секіре козғалып, шыр айналып, шар үстінде тұрып, қалықтап жүрді»<sup>37</sup>.

Мысалы, Константинопольге Шығыс артистерінің «гастрольге» жиі шығып жүргені мәлім. Мәселен, ақсүйектер қонақасында Византия императрицасы орыс княгинясы Ольганың көңілін сайқымазақтар мен эквилибристикашылар көтерген, ал салжұқ сұлтаны II Арсланның құрметіне I Мануил жасаған мерекеде түрік акробаты қатерлі сальто орындаған<sup>38</sup>. Бетперде киіп те ойындар көрсетілген. Бұл дәстүр мұсылман елдерінде неғұрлым кейінгі кезде де сақталған. Бағдатта Наурызды мейрамдау кезінде тіпті халифтің өзінің алдында да бетперде киіп ойын көрсетілгені мәлім<sup>39</sup>.

Жібек жолы бойындағы ескерткіштерді қазған кезде түрлі жерлерде музыка және театр мәдениеті саласындағы өзара байланыстың дамығанына көптеген материалдық айғақтар табылды. Бұлар — тан заманының биші жігіттері мен қыздары, бетперде киген актерлер, түйе үстіне сыйып кететін музыкалық ансамбльдер бейнеленген терракоталар жиынтығы. Бұл артистер көпшілігінің бет-әлпеті Орта Азия халықтарының өкілдерін көрсетеді. Пенджикенттің, Варахшаның, Афрасиабтың, Топыраққаланың салтанат залдарында және Шығыс Түркістан қалаларында сақталған қабырға суреттерінде бетперде киген музыканттар, актерлер бейнеленген. Пенджикентте — биші қыздың ағаштан жасалған тамаша мүсіні, Сырдария бойындағы Кедер қаласын қазған кезде X—XI ғасырлардағы артистің саздан жасалған бетпердесі табылды<sup>40</sup>.

<sup>1</sup> Зуев Ю. А. Китайские сведения о Суябе. // Изв. АН КазССР, вып. 3(14) сер. истории, археологии и этнографии. 1960, 87—89-б.

<sup>2</sup> Саруаниди В. И. О лазуритовом пути на Древнем Востоке. КСИА. Вып. III. М., 1968, 3—9-б.; Янковская Н. В. Некоторые вопросы экономики ассирийской державы. — ВДИ, 1956, № 1, 33-б.

<sup>3</sup> Лубо-Лесниченко Е. И. Великий Шелковый путь. // Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье. 1956, № 1, 33-б.

- <sup>4</sup> Руденко С. И. Культура населения горного Алтая в скифское время. М.-Л., 1953.
- <sup>5</sup> Ма Юн. Шелковый путь в Востока на Запад. // Курьер ЮНЕСКО, 1984, июль. 22-б.; Франкфор А.-П. Проблема прототипа Великого Шелкового пути в II—I тыс. до н. э. и роль кочевых культур и древних цивилизаций. А., 1987, 78—81-б.
- <sup>6</sup> Бичурин Н. Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, т. II, М.-Л., 1950, 147—168-б.; Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники. М., 1964, 173-б.
- <sup>7</sup> Шавкунов Э. В. Соболя дорога согдийцев. // «Россия и АТР», № 1, 1992, 60—66-б.
- <sup>8</sup> Лубо-Лесниченко Е. И. Великий Шелковый путь, 371—373-б.; Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники, 98—101-б.
- <sup>9</sup> Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. Соч., т. II, ч. 2. М., 1963, 31-б.
- <sup>10</sup> Иерусалимская А. А. Великий Шелковый путь и Северный Кавказ. Л., 1972, 57-б.
- <sup>11</sup> Фазаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михман-наме-ий Бухара (Записки бухарского гостя). М., 1976, 74-б.
- <sup>12</sup> Лубо-Лесниченко Е. И. Великий Шелковый путь, 370-б.
- <sup>13</sup> Шефер Э. Золотые персики Самарканда. М., 1981.
- <sup>14</sup> Маршак Б. И. Согдийское серебро. М., 1971, 83-б.
- <sup>15</sup> Массон М. Е. К вопросу о взаимоотношениях Византии и Средней Азии по данным нумизматики. Труды САГУ, вып. XXIII, кн. 4. — Ташкент, 1951, 97-б.
- <sup>16</sup> Мец А. Мусульманский ренессанс. М., 1966. 367-б.
- <sup>17</sup> Нифонтова Л. К. Последние археологические поступления в Центральный Государственный Музей КазССР. // Изв. АН КазССР, сер. археол., вып. 1(46), 1948, 47—120-б.
- <sup>18</sup> Байпаков К. М. Талгарское блюдо. // Изв. АН КазССР, сер. общ. № 6, 1968, 87—91-б.
- <sup>19</sup> Акишев К. А. Резной нефрит из Отрара. // Археологические исследования в Отраре. А., 1977, 34—42-б.
- <sup>20</sup> Байпаков К. М., Настич В. Н. Клад серебряных вещей и монет из Отрара. // Казахстан в эпоху феодализма. А., 1981, 20—59-б.
- <sup>21</sup> Бартольд В. В. Сведения об Аральском море и низовьях Амударьи с древнейших времен до XVII в. — Соч., т. III. М., 1965, 59-б.
- <sup>22</sup> Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б. Отрар в XIII—XV вв. А., 1987, 196-б.
- <sup>23</sup> Бұл да сонда.
- <sup>24</sup> Смагулов Е. А. Синие лотосы на туркестанском блюде. // Памятники истории и культуры Казахстана. А., 1986, 48-б.
- <sup>25</sup> Бұл да сонда, 49-б.
- <sup>26</sup> Маршак Б. И. Согдийское серебро. М., 1971, 77-б.
- <sup>27</sup> Бартольд В. В. Соч., т. VI М., 1966, 216-б.
- <sup>28</sup> Ирано-Таджикская поэзия. М., 1974, 82-б.
- <sup>29</sup> Ахраров И. А., Ремпель И. Резной штук Афрасиаба. Ташкент, 1977, 35—39-б.; Шишкин В. А. Варахша. М., 1963, 177—181-б.
- <sup>30</sup> Маршак Б. И. Согдийское серебро, 77—78-б.
- <sup>31</sup> Лирики Востока. Переводы. Сост. и выступ. статья Курганцева М. А. М., 1986, 9-б.
- <sup>32</sup> Литература Востока в средние века. Ч. II. М., 1970, 154-б.
- <sup>33</sup> Роттердамский Эразм. Разговоры запросто. Пер. Маркиша С.-М., 1969, 447-б.
- <sup>34</sup> Даркевич В. П. Аргонавты средневековья. М., 1976, 149—160-б.
- <sup>35</sup> Шефер Э. Золотые персики Самарканда, 79—80-б.

<sup>36</sup> *Зуев Ю. А.* Китайские известия о Суябе. // Изв. АН КазССР, сер. ист., археол. и этногр. 3(14)-б., 88–89-б.

<sup>37</sup> *Шефер Э.* Золотые персики Самарканда, 82-б.

<sup>38</sup> *Даркевич В. П.* Аргонавты средневековья, 151-б.

<sup>39</sup> *Мец А.* Мусульманский ренессанс, 280, 320, 332-б.

<sup>40</sup> *Байпаков К. М.* Городище Куйрыктобе. // Памятники истории и культуры Казахстана. Вып. 5. А., 1992, 157–158-б.



# Қ О С Ы М Ш А Л А Р



## ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

<p>Б. з. б. 2,6 миллионнан 800 мың жылға дейін</p> <p>Б. з. б. 800 мыңнан 140 мың жылға дейін</p> <p>Б. з. б. 140 мыңнан 40 мың жылға дейін</p> <p>Б. з. б. 50—45 мың жыл</p> <p>Б. з. б. 40 мыңнан 12—10 мың жылға дейін</p> <p>Б. з. б. XII мың жылдықтан V мың жылдыққа дейін</p> <p>Б. з. б. V—III мың жылдықтар</p> <p>Б. з. б. XVIII—IX ғғ.</p> <p>Б. з. б. VIII—VI ғғ.</p> <p>Б. з. б. 530 ж.</p> <p>Б. з. б. 518 ж.</p> <p>Б. з. б. IV—III ғғ.</p> <p>Б. з. б. IV ғ. — б. з. III ғ.</p> <p>Б. з. б. IV ғасырдың 30-шы жылдары</p> <p>Б. з. б. III—II ғғ. — б. з. V ғ.</p> <p>Б. з. б. 138 ж., б. з. б. 115 ж.</p> <p>Б. з. б. II ғ. — б. з. XV ғасырының бас кезеңі</p> <p>542 ж.</p> <p>552 ж.</p> <p>563—567 жж.</p> <p>567 ж.</p> <p>568 ж.</p> <p>603 ж.</p>	<p style="writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">Алдыңғы палеолит</p>	<p>— Олдувэй мәдениеті</p> <p>— Ашель мәдениеті</p> <p>— Мустье мәдениеті</p> <p>— Қазақстан аумағында осы замандағыдай дене бітімі бар адамның (Homo sapiens) пайда болуы</p> <p>— Соңғы палеолит</p> <p>— Мезолит</p> <p>— Неолит</p> <p>— Қола дәуірі</p> <p>— Қазақстан аумағында тайпалық одақтардың құрылуы</p> <p>— Массagetтердің Кир әскерін талқандауы</p> <p>— I Дарийдің сақтарға жорығы</p> <p>— «Есік» обасындағы «Алтын киімді жауынгер» қабірінен табылған Қазақстандағы ең көне жазба ескерткішінің жазылған мезгілі</p> <p>— Ғұндардың тайпалық бірлестігі</p> <p>— Александр Македонскийдің Орта Азия жасаған жорықтары</p> <p>— Усундер мен кангюйлердің бірлестіктері</p> <p>— Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттеріндегі алғашқы қытай елшіліктері</p> <p>— Ұлы Жібек жолы қызмет етуі</p> <p>— «Түрік» терминінің алғаш рет аталуы</p> <p>— Түрік қағанатының құрылуы</p> <p>— Түріктердің Эфталит патшалығын жаулап алуы</p> <p>— Земарх елшілігі</p> <p>— Тараздың жазба деректемелерде алғаш рет аталуы</p> <p>— Түрік қағанатының Шығыс және Батыс қағанаттары болып ыдырауы</p>
--	---	---



603–704 ж. 629 ж.	Батыс Түрік қағанаты Жазбаша деректемелерде «Ақ өзендегі қала» – Испиджабтың алғаш рет аталуы
629–630 жж. 682–744 жж. 704–756 жж. 705 ж.	Сюань Цзанның саяхаты Екінші Түрік қағанаты Түргеш қағанаты Арабтардың Мауараннахрды жаулап ала бастауы
714 ж. 715–716 жж., 720 ж.	Кутейбаның Испиджабқа жорық жасауы – Білге-қаған мен Күл-тегіннің қарлұқтарға жасаған жорықтары
VIII ғ. 30-жылдары	– Деректемелерде Отырар (Фараб) туралы алғаш рет айтылуы
737–739 жж.	– Араб басқыншыларының Самарқандтағы, Шаш пен Фарабтағы көтерілістерді басып-жаншуы
745–840 жж. 746 ж. VIII ғ. ортасы	– Монғолиядағы Ұйғыр қағанаты – Қарлұқтардың Жетісуға қоныс аударуы – Монғолиядағы найман тайпалық одағының (сегіз-оғыз) құрылуы
751 ж. 756–940 жж. 812 ж.	– Талас шайқасы – Қарлұқтар мемлекеті – Фадл ибн Сахлдың Отырарға жорық жасауы
820–1065 жж. IX ғ. соңы – XI ғ. басы 840 ж.	– Саманилер мемлекеті – Оғыздар мемлекеті – Қырғыздардың Ұйғыр қағанатын талқандауы. Саманилердің Испиджабты жаулап алуы
847–1036 жж. 847–1369 жж. 870–950 жж. 893 ж. 893 ж. – XI ғ. басы 907–1125 жж. 942–1212 жж. 960 ж.	– Ганьсудегі Ұйғыр мемлекеті – Тұрфандағы Ұйғыр мемлекеті – Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби – Саманилердің Таразды жаулап алуы – Кимек мемлекеті – Қиданның Ляо мемлекеті – Қарахандар мемлекеті – Исламның қарахандардың мемлекеттік діні болып жариялануы
965 ж.	– Оғыз жабғуының Киев князі Святославпен әскери одағы; Хазар қағанатының талқандалуы
985 ж.	– Князь Владимирдің түріктермен (оғыздармен) одақтасып, Еділ Бұлғариясына жасаған жорығы
X–XI ғғ. 990 ж.	– Бабаджа-қатын кесенесінің салынуы – Испиджабты Хасан (Харун) Боғра-ханның жаулап алуы
999 ж.	– Мауараннахрда Қарахандар билігінің орнауы
XI ғ. басы – 1219 ж. XI ғ. екінші жартысы	– Қыпшақ хандығы – Дешті Қыпшақ («Қыпшақ даласы») атауының пайда болуы
XI ғ. XI–XII ғғ.	– Жүсіп Баласағұни. Махмұд Қашғари – Айша-бибі кесенесінің салынуы

1092—1220 жж. XII ғ. соңғы ширегі	— Хорезмшахтар мемлекеті — Баласағұнда несториандық митрополиялардың орнығуы
XII ғ. соңы — XIII ғ. басы	— Қазақстан аумағындағы мемлекеттік бірлестіктер — наймандар мен керейіттер ұлыстары
1203 ж.	— Монғолдардың керейіт ұлысын талқандауы
1206 ж.	— Монғолдардың найман ұлысын талқандауы
1206—1227 жж. 1210 ж.	— Шыңғыс-ханның ел билеуі — Хорезмшахтың Тараз түбінде қарақытай әскерлерін талқандауы
1211 ж. 1219—1224 жж.	— Жетісуда Күшлік өкіметінің орнауы — Қазақстан мен Орта Азияны монғолдардың жаулап алуы
1219—1220 жж.	— Монғолдардың Отырарды қоршап алуы және қиратуы
1220 ж., сәуір	— Монғолдардың Сығанақты қоршауы және басып алуы

## ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ<sup>1</sup>

- Абаев В. И. 51, 53  
Абар-хан елбөрілі (Табар-хан) 420  
Абель Ремюза 48, 268  
Абрамзон С. М. 56  
Абруй 304  
Агаджанов С. Г. 56, 313  
Агеева Е. И. 19  
Ақынжанов С. М. 20, 57  
Ақышев К. А. 20, 21, 25, 53, 104  
Александр Македонский 33, 158, 162, 165, 207  
Алпысбаев Х. А. 20, 21, 75, 77  
Алып Арслан 422  
Альбаум Л. И. 381  
Аристей Проконесский 159, 197  
Аристов Н. А. 47, 413  
Арриан 159, 207  
Арсак (Аршак) 207  
Артамонов М. И. 55  
Арыслан-хан Сүлеймен (Шараф ад-Даул) 401, 402, 441  
Асфендияров С. Ж. 50  
Атсыз 422, 423  
Ахмед ат-Тыни 425  
Ахмед ибн Асад 388  
Ахмедов Б. А. 56  
Ахмет Иассауи 485  
Ашбара-Териш-қаған (Шаболо-Дилиши) 297
- Әбді әз-Захир 43  
Әбді әл-Мәлік 400  
Әбу Дулаф 40, 46, 311, 314, 325, 333, 335, 336  
Әбу Ибрахим Исмаил (әл-Мунтасир) 400
- Әбу-л-Фида 311  
Әбілғазы 45–47  
Әли-тегін 400, 401  
Әли-хан 318  
Әмин Мәлік 424
- Базыр Арслан-хан 398  
Байер Г. З. 46  
әл-Балазури 38  
әл-Балхи 40  
Бань Гу 35, 252, 254  
Бань Чжао 35, 276  
Барданес Х. 16  
Бартольд В. В. 17, 18, 30 48–51, 304, 351, 412, 413, 424, 441  
Ибн Баттута 44, 433, 434, 501  
Батый (Бату) 445  
Бекан-Күлүг-шор (Фу-янь-Цюэлю-чо) 304  
Бенвенист Э. 51  
Бернштам А. Н. 18–20, 30, 51, 52, 56, 166, 262, 273  
Беррос 159  
әл-Бируни 41, 334, 341, 484  
Бичурин Н. Я. (Иакинф) 48, 54, 272  
Бретшнейдер Э. 48  
Бумынь 296, 297  
Бунятов З. М. 57  
Буряков Ю. Ф. 274  
Бұйрық-хан 414  
Білге-қаған 37, 302, 306, 390–392  
Білге Күл Қадыр-хан (Илмалмасын-жабғу) 309, 398
- Вамбери А. 46

<sup>1</sup> Көрсеткішке кіріспеде айтылған және сілтемелерде келтірілген есімдер кіргізілген жок

- Ван-хан, караңыз: Тоғұрыл-хан 409, 414, 440  
Ваньянь 257  
Василевский В. Г. 46  
Виденгрэн Г. 51  
Вильгельм Рубрук 409, 410, 434, 498  
Владимирцов Б. Я. 51, 410, 413  
Волин С. Л. 54  
Востров В. В. 55  
Вэн Гуйми (Фэй-ван) 255
- Гао Сянь-чжи 339  
Гаоцзу 245  
Гардизи 41, 49, 308, 312, 314, 327–329, 332, 334  
Гекатей Милетский 159, 197  
Георги И. Г. 16  
Герасимов М. М. 290  
Геродот 33, 49, 158, 159, 161–164, 207, 221, 230, 247, 490  
Гиппократ 219, 231  
Гитриф ибн Ата 340  
Голден П. 57  
Голубовский П. В. 46  
Гордлевский В. А. 51  
Городецкий В. Д. 18  
Григорьев В. В. 46, 47, 161  
Гродеков Н. И. 47  
де'Грот 48  
Грумм-Гржимайло Г. И. 413  
Грязнов М. П. 18, 30, 104  
Гумилев Л. Н. 55  
Гурак 338
- Ғайыр-хан Иналшық, караңыз:  
Алып Дерек 424, 441, 444  
Ғафуров Б. Ғ. 56
- әл-Даких 39  
Дандамаев М. А. 53  
Дарий I 31, 158, 159, 161, 162, 165  
Дарий III 165  
Даян-хан 414, 415  
Дворецкий И. Х. 247  
Дегинь Ж. 45  
Делаклоер Л. 16  
Демезон П. И. 47  
Дизабул 42, 385, 493, 495  
әд-Димашки 426  
Диодор 33, 159  
Дьяконов И. М. 51  
Дюперрон А. 48
- Евдокимов В. В. 21  
Елюй Даши 408, 416, 418  
Елюй Чуцай 36  
Елетміш-қаған 37
- Жалал ад-Дин Манкубирти 43  
Жалалиддин Руми 505  
Жанак ибн Хакан әл-Кимеки 42, 324–326  
Жамұха 411, 413, 414  
әл-Жахиз 38, 39, 334, 434  
Жданко Т. А. 56  
Жебе-ноян 441, 444  
әл-Жейхани 39  
Жошы-хан 415, 434, 441  
Жүзжани 417, 420  
Жүсіп Баласағұни 404, 484  
Жүсіп Қадыр-хан 309, 400, 401
- Зайберт В. Ф. 23, 24, 81, 88, 96  
Закария әл-Казвини 42, 431  
Закария ар-Рази 479  
Зданович Г. Б. 21, 104  
Земарх 299, 385, 495  
Зияд ибн Салих 399  
Зуев Ю. А. 54, 57
- Ибраһим Тамғаш Боғра-хан 401  
Иванов А. 16  
Иванов П. П. 18  
әл-Идриси 41, 42, 308, 312–316, 324–326, 329–331, 335–337, 425, 430, 497  
Илбілге-катын 384  
Илтериш-қаған 384  
Инанч-білге 414  
Инел-қаған 338  
Иркин (Ицзинь Мұқан-қаған, Йанту-қаған) 297  
Исмагилов Р. Б. 25  
Исмаил ибн Ахмад 309, 388, 398  
әл-Истахри 40, 311, 313, 321, 323, 331, 476  
Истеми-қаған 369  
Исхак ибн әл-Хусейн 41, 336  
Итина М. И. 99  
Иштеми-қаған 297
- әл-Йакуби 334  
Йарук-тегін 387  
Йинал-тегін 401  
Йолығ-тегін 37, 392

- әл-Калкашанди 44  
 Карамзин Н. М. 46  
 Кир 158, 162, 164  
 Кир II 162  
 Кляшторный С. Г. 55, 56, 273, 328  
 Ковалевский А. П. 54  
 Кононов А. Н. 56  
 Константин Багрянородный 315  
 Көмеков Б. Е. 56  
 Красильников А. 16  
 Крез 164  
 Кривцово-Гракова О. А. 18  
 Ксенофонт 49, 158, 159, 207  
 Ксеркс 31, 159, 161, 163, 207, 230  
 Ктесий 33, 159, 227  
 Кудама ибн Жафар 39  
 Кузеев Р. Г. 56  
 Кузьма Индикоплов 499  
 Курций Руф 207  
 Кутб ад-дин Мұхаммед 422  
 Кутейба ибн Муслим 338, 339  
 Кучи Гянбинь 257  
 Кушаев Г. А. 21, 25  
 Күл-тегін 37, 48, 49, 306, 390—392  
 Күшлік-хан 414, 415, 440, 441  
 Кюнер Н. В. 54, 253  
 Кычанов Е. И. 54, 56
- Қадыр-хан Жабырайл 402  
 Қадыр-хан Жүсіп 400, 401  
 Қадырәлі бек 45  
 Қадырбаев А. Ш. 57  
 Қадырбаев М. Қ. 20, 21, 24, 53  
 Қапаған-қаған 304  
 Қара-Еске 297  
 Қаража-хаджиб 443  
 Құбылай-хан 411, 445  
 Құрманқұлов Ж. Қ. 24
- Латышев В. В. 49  
 Лебединская Г. В. 437  
 Левина Л. М. 273  
 Левшин А. И. 47  
 Лерх П. И. 17, 30  
 Лившиц В. А. 51  
 Литвинский Б. А. 53  
 Логвин В. Н. 81, 88, 96
- әл-Макдиси 41, 309, 311, 313, 333, 336, 385, 467, 473, 475, 481  
 әл-Макриси 44  
 Максимова А. Г. 104
- Малов С. Е. 54, 56  
 Малявкин А. Г. 57  
 Мамұн 340  
 Маниах 299, 390, 493, 494  
 Мануил I 503  
 әл-Марвази 41, 52, 307, 319, 326, 336  
 Марғұлан Ә. Х. 19—21, 53, 104  
 Маркварт И. 50, 312  
 Марьяшев А. Н. 21  
 Массон М. Е. 18, 30  
 Массон В. М. 286  
 әл-Масуди 41, 311, 320, 321, 328, 331, 332, 335  
 Махмұд ибн Уәли 445, 446  
 Махмұд Қашғари 49, 50, 303, 305, 310, 311, 319, 325, 328, 329, 332, 336, 349, 403, 405, 420, 422, 426, 428, 430, 434, 484, 499  
 Мәлік-шах 41, 401  
 Медоев А. Г. 21, 76, 78  
 Мелиоранский П. М. 49  
 Менандр 299, 385, 390  
 Мессершмидт Д. 390  
 Миллер Г. Ф. 16  
 Миллер К. 312  
 Минорский В. Ф. 52, 329, 332  
 Могилян-хан 306  
 Мочжо 339  
 Мөде шаньюй 245  
 Мөңке-хан 411, 445  
 Муканна 340, 481  
 Мураяма С. 413  
 әл-Мустауфи 431  
 Мұқанов М. С. 55  
 Мұхаммед 338  
 Мұхаммед ибн Текеш 425, 442, 443
- ән-Насави 43  
 Насыр ибн Әли 399  
 Насыр ибн Сейяр 399  
 ән-Нәсір 44  
 ән-Недин 483  
 Нершахи (Мұхаммед Нершахи) 304, 354  
 Несторий 386  
 Низам әл-Мүлік 405  
 Ними (Куан-ван) 257  
 ән-Нисави 443, 445  
 ән-Нувайри 43, 45  
 Нүзүк-Иркин 303  
 Нұх ибн Асад 309, 388  
 Нұх ибн Мансұр 399  
 Нюберг Х. 51
- Оғұлшақ Қадыр-хан 398, 399

Оғыз-хан 45, 427  
әл-Омари 44, 434  
Оразбаев Ә. М. 104  
Орбели И. А. 480  
д'Оссон 45

Паллас П. С. 16  
Пантусов Н. Н. 47  
Пельо П. 413  
Петр I 16, 178, 236, 237, 390  
Петрушевский И. П. 56, 413  
Плано Карпини 409  
Плетнева С. А. 55  
Полибий 33, 49, 159  
Полиен 49, 159, 165  
Помпей Трог 33, 159, 207  
Потапов Л. П. 56  
Прицак О. 54  
Прокопий Кесарийский 49  
Псевдо-Скилак 163  
Птолемей 34, 158, 159  
Пьянков И. В. 53

Радлов В. В. 17, 30, 48, 390  
Рафи ибн Лейс 340  
Рахевильц И. 57  
Рашид ад-Дин 45, 53, 54, 329, 408, 409,  
411, 413, 430  
Ремезов С. 16  
Риттер К. 46  
Ромодин В. А. 56  
Руденко С. И. 53  
Рузбихан 494  
Рукн-ад-дин Бейбарыс 43  
Ибн Русте 39  
Рыков П. С. 18  
Рычков П. И. 16

Саблуков Г. С. 47  
Савинов Д. Г. 56  
Салах ад-Дин 43  
Сальников К. В. 104  
Самашев З. С. 27  
Самойлович А. Н. 428  
Санжар 41, 402, 422, 423  
Сатұқ Богра-хан 398, 399  
Сәтбаев Қ. И. 18  
Сабук-тегін 399  
Скрипкин А. С. 204  
Скунха 162  
Соловьев С. М. 46  
Сорокин В. С. 20

Спитамен 165  
Страбон 34, 159, 162, 207, 219–221  
Струве В. В. 53, 161  
Су У 259  
Суань Цзян 503  
Суй Сун 252  
Суян Сю 36  
Сұлтанов Т. И. 58  
Сұлық(Сулу)-қаған 304, 339  
Сұлық Шабыт-шор 37  
Сүбедей-ноян 444  
Сүлеймен Богра-тегін 401  
Сыма Цянь 34, 48, 246, 253, 258, 259  
Сюань Цзан 36, 48, 301, 304, 340, 386, 491

ат-Табари 38, 310  
Ибн Тагриберди 44  
Тамим ибн Бахр 38, 53, 334, 336  
Таскин В. С. 57  
Татищев В. Н. 46  
Текеш 423  
Темучин, қараңыз: Шыңғыс-хан  
Теплоухов С. А. 104  
Теркен-қатын 423, 426  
Тизенгаузен В. Г. 46, 47  
Тоғұрыл-хан, қараңыз: Ван-хан  
Толстов С. П. 19, 20, 30, 51, 52, 56, 273  
Томирис 165  
Тоникөк 384, 390  
Тугаринов А. Я. 104  
Туған-хан 400  
Туйцзы (Ашина Туйцзы) 302  
Тынышбаев М. 51

У-ди 34, 492  
Уәлиханов Ш. Ш. 17, 30, 47, 57, 77  
Угу 257  
әл-Утби 400  
Уцзюту 47, 257  
Ушаков М. 16

Үгедей-хан 443  
Үшлік (Учжилэ) 303, 304

Фадл ибн Сахл 340  
Ибн Фадлан 40, 46, 54, 331, 334  
Ибн әл-Факих 39, 310, 316, 324, 429  
Фальк И. П. 10  
Фань Е. 35  
әл-Фараби 341, 484, 496  
Фахр ад-Дин Мерверруди 336

Әбу-л-Фидл 331  
Федоров-Давыдов Г. А. 55  
Фишер И. 16  
Френ Х. Д. 46  
Ибн әл-Фурст 44

Хайланьбо (Қайранбай) 412  
Ибн Халдун 44  
Хамдаллах Казвини 425  
Харба ибн Абдаллах  
әл-Балхи 474, 493  
Хасан (Харун) Богра-хан 399  
Ибн Хаукаль 40, 46, 311, 313, 314, 321,  
323, 334, 475, 481  
Ибн Хордадбех 39, 306, 311, 327, 328, 481  
әл-Хорезми 324, 341  
Хуханье-шаньюй 247  
Хұсрау I Ануширван 299, 498  
Хэ-Цю-Тао 252

Цегледи К. 54  
Цицерон 159  
Цылими 227, 254, 257

Черников С. С. 18–20, 30, 53, 104  
Чжан Цзянь 34, 248, 249, 274  
Чжичжи 35, 247, 248  
Чулошников А. П. 50  
Чыкан 303

Чэнь Чжун-мянь

Шаванн Э. 48  
Шағатай-хан 443, 445  
Шаниязов К. 56  
Шпренгер А. 46  
Шыңғыс-хан 36, 408–411, 413–415, 424,  
434, 440

Щерба Г. Н. 108.

Эвдокс 163  
Элиан Клавдий 33  
Эразм Роттердамский 505  
д'Эрбело 45  
Эфор 165

Юль Г. 46  
Юстиниан 299, 493

Яган-тегін Мұхаммед Богра-хан 401  
Ядринцев Н. М. 390  
әл-Якуби 39, 316, 323  
Якубовский А. Ю. 52, 56  
Якут 42, 46  
Янь Ши-Гу 252, 254, 257  
Ярмак Г. Я. 20

## ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТОПОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАР КӨРСЕТКІШІ<sup>1</sup>

- Абай ауданы 155\*  
 Абараж, с. 351  
 Абыралы, тау 196  
 Ағашаяқ, к. 496  
 Ағадыр ауданы 78  
 Адахкет, к. 474, 496, 499  
 Аджина — тепе, қ. ж. 396\*, 397\*, 490\*  
 Азия 39, 41, 63\*, 76  
   Алдыңғы 48, 76, 87, 161, 166, 220, 237,  
   239, 244\*, 442  
   Батыс 102  
   Кіші 13, 41, 319, 499  
   Оңтүстік-Шығыс 71, 75  
   Орталық 8, 9, 13, 14, 34–45, 47–50,  
   52–58, 146, 161, 188, 192, 200, 227, 245,  
   248, 257, 269, 272, 277, 284, 289, 292,  
   293\*, 294\*, 296, 300, 304, 309, 323,  
   327–328, 388–390, 392, 408, 410–412,  
   416, 420, 432, 435, 438, 440–442, 445,  
   448, 450\*, 451\*, 490  
   Ішкі 53, 55, 307, 311
- Азов бойы 458  
 Айбас-Дарасы, қор. 126  
 Айдабол, қор. 105, 226  
 Айдарлы, қойнау 127  
 Айнабұлақ, к. ж. 458  
 Айша-бибі кесенесі 478  
 Ақабек, көне кен қазбасы 107  
 Ақай төбе, қор. 279
- Ақбауыр, қон. 110  
 Ақбешім, қараңыз: Суяб, к. ж. 305, 342\*,  
   353, 354, 360, 361, 373, 376, 377, 387\*,  
   396\*, 397\*, 497  
 Ақбілек өз. 122  
 Ақжал, көне кен қазбасы 107  
 Аққойтас, қор. 126  
 Ақмая, қор. 24  
 Ақмола, к. ж. 458  
 Ақ-Мұстафа, қор. 24  
 Ақоба, кен орыны 136  
 Ақорда, мемл. 14  
 Ақсай, қор. 20, 122, 141, 142  
 Ақсу, өз. 257, 312, 493  
 Ақсу, к. 493  
 Ақсу-Аюлы, қор. 20, 105, 110, 119, 122,  
   124–126  
 Ақтам, к. және қ. ж. 458, 500  
 Ақтас, қор. 141; қоныс 250, 251, 263–265,  
   267  
 Ақтасты, қор. 257, 261, 262  
 Ақтау, к. және тұрақ 91, 149, 150, 190; к.  
   ж. 194; тау 90  
 Ақтепе (Ақ-тепе), к. ж. 373, 375  
 Ақтерек, қор. 263  
 Ақтөбе, к. ж. және қоныс 130, 265, 278,  
   353, 354, 369, 456, 483, 486\*  
 Ақтөбе (орловтық), к. ж. 465, 486\*  
 Ақтөбе (степнинскілік), к. ж. 457, 463,  
   465, 477  
 Ақтөбе, к. 130, 203  
 Ақтөбе облысы 129, 130, 201, 242

<sup>1</sup> Көрсеткішке кіріспеде айтылған топонимдер, сол сияқты «Қазақстан» (барлық тарамдарымен), «Орта Азия» атаулары кіргізілген жоқ.

Қабылданған негізгі қысқартулар: к. — қала, к. ж. — қала жұрты, к. м. — қоныс-мекен, қон. — қоныс, қор. — қорым, өз. — өзен, с. — село.

Жұлдызшамен осы топонимдер тек қана ескертулерде кездесетін беттер белгіленген.



- Акшадария сағасы (Амударияның) 142  
 Акшадария, өз. 142, 143  
 Акшиат, қор. 189, 190  
 Акшолы, қор. 257, 261, 263  
 Алайғыр, ст. 141  
 Алакөл, көл 133, 141, 498, 500  
 Алакөл ойдымы 25, 142, 143, 156, 307,  
 312, 322, 431  
 Аламышық, қор. 363  
 Алатау (Күнгей), тау 141  
 Алатөбе, қор. 163  
 Алебастрово, қор. 202  
 Александровское, к. ж. 471  
 Алексеевский, қор. 131–133, 219, 244\*  
 Алексеевское, қоныс 105, 106, 108, 115,  
 130, 132, 150, 153\*  
 Алқакөл құмы 321  
 Алқау, тұрақ 93  
 Алмалық, к. 417, 441, 474, 497, 502  
 Алматы, к. және к. ж. 19, 49, 51, 56, 58,  
 61, 141, 173, 174, 267, 363, 459, 471,  
 472, 495  
 Алматы облысы 141, 239  
 Алтай 58, 72, 81, 95, 97, 101, 128, 136,  
 137, 156\*, 164, 177, 179, 181, 189, 214,  
 230, 234, 238, 241\*, 242\*, 244\*, 246,  
 296, 298, 306, 308, 310, 322, 323, 328,  
 329, 362, 363, 383, 390, 408, 414, 415,  
 428, 430, 431, 437, 442, 448  
 Шығыс 185  
 Таулы 184  
 Батыс 58\*, 32, 333  
 Монғол Алтайы 306, 310  
 Орталық 243\*, 269\*  
 Оңтүстік 154, 182, 246  
 Солтүстік 330, 333, 453  
 Солтүстік-Батыс 330, 437  
 Алтын Орда 43, 44, 52, 62\*, 63\*, 445, 446,  
 451\*  
 Алтын-төбе, к. ж. 23, 371  
 Алтын-Емел, қор. 173, 263; асу 498  
 Алыпқаш, қор. 188, 189  
 Аманкелді, тұрақ 93, 189  
 Америка 84\*  
 Амудария, өз. 41\*, 142, 148, 161–163, 180,  
 181, 296, 313, 338, 399, 400, 444, 504\*  
 Амұль, к. 300  
 Амур бойы 492  
 Анатолия, обл. 492  
 Англия 41  
 Ангрен, өз. 321  
 Андалусия, обл. 41  
 «Андараз Хифчак», обл. 319  
 Андхой, к. 300  
 Анрахай, тау 141, 142  
 Антоновское, к. ж. 458, 473, 488  
 Арабия 40, 41  
 Араб түбегі 338  
 Араб халифаты 38, 42, 500  
 Аракс, өз. 162  
 Арал бойы 12, 51, 92, 130, 162, 178–181,  
 233, 241\*, 276, 282, 294\*, 315, 318, 320,  
 323, 330, 419, 426, 427, 431, 432, 437  
 444, 453, 492–494, 496  
 Батыс 318, 327  
 Оңтүстік 144, 500  
 Шығыс 142, 144, 175, 222, 280, 294\*  
 Арал-Ертіс суы аралығы 198  
 Арал-Каспий өңірі 207–211, 214, 390,  
 427, 428, 432  
 Арал-Каспий суы аралығы 83, 91  
 Аралсор, көл 320, 322  
 Арал теңізі 12, 25, 33, 130, 142, 143, 160,  
 177–181, 289, 313–315, 318–323, 327,  
 422, 426, 427, 431, 444  
 Арасан, к. ж. және қор. 142, 200, 237,  
 458  
 Арғанаты, тау 196  
 Аржан, қор. 188, 235, 242\*  
 Арқаным, қоныс 23, 24, 105, 149, 150,  
 153, 156\*  
 Армения 40  
 Армян (Қара) теңізі 327  
 Арпа өзен, қойнау 219, 220, 238  
 Арсубаникет, к. 498, 499  
 Артуш (Жайық), өз. 332  
 Архарлы, тау 196  
 Аршакилер державасы 31  
 Арыстанды, өз. 74, 77, 499  
 Арыс, өз. 62, 218, 273, 280, 284, 321, 351,  
 358, 364, 371, 454, 495  
 Асанас, к. 454  
 Аскасия, тау 331  
 Аспара, с. 353, 495  
 Ассирия 164  
 Астрахань, к. 44  
 Астур, к. 500  
 Атасу, қоныс 20, 23, 24, 26, 105, 108, 110,  
 120, 220  
 Атасу, өз. 21, 117, 119, 122–124, 196  
 Атбасар, к. 82  
 Атбасар ауданы 88, 92  
 Атлалық, к. 308, 335  
 Атлант мұхиты 40  
 Атлах, к. 307, 336, 339, 494  
 Атрақана, к. 312, 314  
 Атырау облысы 88, 142, 201  
 Ауғанстан 31, 32, 44, 158, 306, 418, 444,  
 490  
 Афрасиаб, к. 379, 381, 383, 396, 467, 503,

- 504, 506  
Африка 41, 68, 69, 75, 76  
Орталық 44  
Ахеменилер державасы 31, 161, 208  
Ахикет, қ. 314  
Ахмет Иассауи кесенесі 18  
Ашнас, к. 444, 445  
Ащылы, көне кен қазбасы 107  
Ащысай, өз. 196  
Ащысу, қор. 263
- Әзірбайжан 40  
Әкімбек, тұрақ 24, 82
- Баба-Ата, қон. 20, 353, 373, 376, 385, 396,  
452\*, 460, 462  
Бабаджы-Хатун, кесене 478  
Бағдад, қ. 38, 41, 340, 474, 484, 495, 505  
Багнады (Яванды), өз. 331  
Бадагах, қ. және қамал 322, 493  
Бадахшан, обл. 441, 491, 492  
Байбала, қон. және қор. 20, 124  
Байкал, көл 187, 246, 258, 308, 389  
Байкал бойы 247, 438  
Бактрия (Бактрия патшалығы) 33, 163,  
273, 274, 392\*, 493  
Бактрия (Солтүстік) 163, 164  
Баладж, қ. 457, 474, 475  
Балажал, көне кен қазбасы 107  
Балалықтепе, қ. 380  
Баланды, қон. 180  
Баласағұн, қ. 312, 314, 388, 399–405, 417,  
456, 474, 482, 484, 489, 496, 497  
Балиғ, қ. 308, 335  
Балу, қ. 456  
Балқаш, көл 21, 34, 72, 76, 77, 81, 117,  
306, 310, 312–314, 320, 333, 400, 431,  
497, 500  
Балқаш бойы 76, 197, 392, 438, 497  
Солтүстік 21, 72, 76, 77, 81, 83\*, 119,  
196, 200, 496  
Балх, қ. және обл. 196, 338, 402, 418, 474,  
495  
Банжар, қ. 500  
Барақ, қ. 314  
Баратегін, елді мекен 321  
Барсхан, қ. 308, 309, 311–314, 335, 398,  
484, 497, қараңыз: Жоғарғы Барсхан,  
Төменгі Барсхан  
Барчлыгкент, қ. 423  
Барчкент (Барчын), қ. 28, 454  
Басбалдақ, қор. 122  
Басра, қ. 39
- Батпақсу, өз. 117  
Баты, қор. 181, 186  
Батыс Қазақстан обл. 130–135, 143, 201,  
205, 290  
«Батыс өлкесі» 35, 36, 249, 275, 276  
Батыс-Сібір ойпаты 129, 133, 134  
Батыс-Түрік қағандығы 13, 30, 35, 296,  
322, 330, 338, 340, 348, 390, 400, 401,  
491, 495  
Баянауыл, тау 20, 117, 196, 197, 219  
Баяулы, қ. ж. 458  
Бәбіш Молда, қ. 180, 181, 274  
Бәйте, Ғибратхана 20, 60\*, 211  
Бегазы, қойнау 117; қор. 12, 119, 126, 127,  
147, 148, 156\*, 263  
Бедел, асу 276, 474, 492, 497  
Бекліг (Семекна), қ. 309  
Бектеңіз, қор. 188, 189  
Белеуті, өз. 497  
Беловодье қамалы (Харажуван), қ. ж.  
360  
Белокаменка, с. 92  
Беласар, қор. 122  
Бенгалия 44  
Берел, қор. 181, 184–186  
Берікқара, қор. 166  
Берлік, қор. 187, 189  
Берукет (Берукет-Паркет), қ. 454, 456,  
475, 499  
Бесбалық, қ. 248, 303, 306, 308, 493, 498  
Бесқұл, қон. және с. 108, 129, 130, 134  
Бесоба, ауыл; 123 қон. және қор. 124,  
202, 243\*  
Бестамақ, тұрақ 93, 94, 96, 122  
Бестөбе, кен орыны 196  
Бесшатыр, қор. 20, 158, 166, 167, 169, 170,  
172, 217, 219, 224, 226–228, 332, 333,  
458, 494  
Бесшоқы, кен орыны 196  
Бетағаш, қор. 263  
Бетпақлала, шөл 20, 24, 64\*, 73, 74, 117,  
123, 153\*, 196, 197, 321, 474, 497  
Бехистун, жер аты 31, 161, 162  
Бешташ, асу 474  
Биғаш, с. 141, 142  
Биен, қон. және қор. 142  
Биже, қ. ж. 458  
Бильцимисглебен (Германия), тұрақ 78  
Бирки, қ. 314  
Бирма 76  
Битянь, қ. 273, 274, 277  
Боғанаты, қор. 190  
Боголюбово, тұрақ және қон. 82, 92, 131  
Бозащы, түбек 89, 90, 98  
Бозық, қ. ж. 460

- Боксай, қор. 12, 123  
 Болған-Ана, к. ж. 499  
 Борки, қон. және қор. 188–190  
 Боровский, қор. 182, 345\*, 362, 365, 452  
 Борохудзир, өз. 474, 497  
 Боспор патшалығы, Киммер Боспоры 300  
 Ботай, қон. 12, 23, 26, 96, 97, 149  
 Бохай, мемл. 491  
 Бөген, өз. 321  
 Бөріжары, қор. 21, 22, 358, 359, 364, 395\*, 452  
 Бөріқазған, тұрақ 21, 73, 75, 76  
 Братислава, к. 394  
 Бубенцы, қор. 291  
 Будухкет, елді мекен 351; к. 456, 460  
 Букрат (Мула), тау 297  
 Бунджикет, к. 495  
 Бурабай, қор. 130, 133, 236  
 Бурана, қор. 263; к. ж. 397  
 Бурана қорғандары 255\*, 396\*, 398\*  
 Бурлук, қор. 130, 154  
 Бурух, к. 454, 456  
 «Бухайрат ат-түрік», қараңыз: Самжан  
 Бұғылы, тау 117, 119, 127, 196  
 Бұғылы, қор. 108, 119, 128  
 қон. 20, 110, 123, 124, 147  
 Бұлақ-Көбал, к. ж. 456, 460  
 Бұлғария, қараңыз: Еділ (Еділ-Кама)  
 Бұлғариясы 404  
 Бұхара, к. және обл. 40, 44, 300, 304, 338, 341, 342, 370, 393\*, 394\*, 399, 400, 418, 443, 456, 474, 484, 495, 496  
 Бұхара, оазис 273  
 Бұхтарма, өз. 136, 181, 182, 185, 186, 241\*, 415  
 Бүйреккөл, қор. 131, 499  
 Бүтінтау, қон. 464  
 Былқылдақ, қор. 108, 122  
 Біскент, к. 321
- Варахша, к. 375, 379, 383, 393, 396\*, 505, 506  
 Васидж (Зернук), к. 498  
 Васильковское, қон. 96  
 Вахш, обл. 313  
 Вертешселеш (Венгрия), тұрақ 78  
 Весидж, к. 454  
 Византия 14, 48, 299, 300, 369, 370, 385, 395, 396, 419, 425, 493, 494, 502, 504\*  
 Виноградовка, қон. және тұрақ 10, 12, 14, 82, 92, 93  
 Вишневка, қон. 129, 130  
 Володарка, қон. 289
- Вороний Остров, жер 130  
 Вэй, князьдік 296
- Гавгамелдер 165  
 Гаган, көл 312, 326  
 Газгирд, к. 351, 473; к. ж. 351, 456  
 Ганкасир, қон. 310  
 Ганьсу, обл. 296, 309  
 Гао-чан, мемл. 268  
 Гардони-Хисар, қон. 394\*  
 Геих (Жайық), өз. 315  
 Гешуанна, қараңыз: Кушания  
 Гималай, таулар 72  
 Гиндукуш, тау 72  
 Гиркания 207  
 Гиркан теңізі, қараңыз: Каспий теңізі  
 Гоби, шөл 306, 328, 491  
 Горгуз, камал 320  
 Грек-Бактрия мемлекеті 33, 246, 249  
 Грекия 33, 165, 237  
 Гуньюе, Гуньюэ (күнгіт), к. 303, 341  
 Гургендж (Көне-Үргеніш), к. 321, 423, 444  
 Гэкунь, мемл. 246  
 Гяур-кала, к. ж. 280
- Дайбай, көне кен қазбалары 107  
 «Дала жолы» 490  
 Дамаск, к. 43  
 Дамиртач, к. 313  
 Даранда (Дендера), камал 322  
 Дарат, қор. 122  
 Дарбаза, тұрақ 21  
 Дарку, камал 322  
 Дарүйе, жер 321  
 Дахлан, к. 321  
 Дачная, тұрақ 82, 83  
 Дәндібай, қор. 12, 110, 124, 147, 148, 241  
 Дегелең, тау 196  
 Дендера, қараңыз: Даранда  
 Дербент, к. 493  
 Дех-Нуджикет, к. 370, 474, 475, 496  
 Дешті-Қыпшақ 43, 47, 318, 419, 420, 422, 425, 428–433, 435, 451\*, 474, 496  
 Динлин, мемл. 246, 248  
 Дихан, қор. 263  
 Днепр, өз. 425  
 Днепр бойы 158  
 Днестр, өз. 425, 431  
 Дон, өз. 163, 269\*, 317, 390, 391, 490, 492  
 Дон бойы 389, 391  
 Дунай, өз. 245, 391

- Дунхуан, к. 491–493, 495, 496  
Дунген, с. 495  
Дунгене, к. ж. 314, 458  
Дықылтас, қойнау 211–213  
Діңгілже, тұрақ 147
- Евгеньевка, тұрақ 82  
Евразия 24–27, 45, 50, 58, 60, 68, 69, 72,  
87, 101, 148, 159, 164, 177, 178, 184,  
199, 233, 237, 244\*, 251, 287, 291, 301,  
317, 381, 396, 397, 443  
Европа 41, 46, 47, 50, 63\*, 317, 429, 450\*,  
497, 501  
Батыс 45, 76, 429, 492  
Оңтүстік 76, 492  
Оңтүстік-Шығыс 331, 419  
Орталық 77, 205  
Шығыс 13, 38–41, 50, 56, 64\*, 102,  
148, 193, 194, 199, 200, 220, 292, 296,  
318, 435, 442, 451\*
- Евфрат, өз. 494  
Егіз-Қойтас, қор. 363  
Египет 39, 43, 44, 338, 426, 428, 490  
Егіскөк, қойнау 142  
Еділ (Атель, Итиль), өз. 16, 34, 42, 43,  
90, 91, 94, 97, 101, 104, 130, 315, 330–  
333, 419, 424, 425, 431  
Еділдің арғы жағы 203, 207  
Еділ бойы (Поволжье) 16, 28, 30, 40, 42,  
43, 90, 91, 94, 97, 98, 101, 104, 131, 134,  
150, 177, 197, 201, 230, 287, 289, 317,  
326, 389, 391, 419, 431, 435, 447, 476,  
496, 499, 502  
Еділ-Жайық, өзен аралығы 89, 97, 99  
Еділ-Кама, өзен аралығы 90  
Еділ (Еділ-Кама) Булгариясы 40  
Екібастұз, к. 199  
Екі-Оғыз, к. 456, 458, 473, 495  
Елек, өз. 25, 201–205, 210, 219, 233, 243\*,  
432  
Елшібек, қор. 122  
Ембі, өз. 90, 201, 320, 322, 331–333, 427,  
432  
Еміл, к. 416, 419, 500  
Енисей, өз. 37, 128, 187, 390, 391, 415, 474,  
498, 499  
Ерейментау, қыркысы 196  
Ертіс, өз. 12, 38, 72, 81, 82, 92, 108, 117,  
124, 139, 150, 181, 182, 186, 187, 268,  
287, 304, 314, 326, 327, 329–333, 362,  
408, 422, 430–432, 440, 443–445, 473,  
496, 497, 499  
Орта 323  
Шығыс 207  
Ертіс өңірі 21, 60, 62, 72, 182, 219, 221,  
224, 322, 325, 327, 329, 330, 334, 335,  
389, 394  
Жоғарғы 26, 344, 363, 396, 436, 437  
Павлодардағы 182  
Ертіс, с. 182  
Ескөл, к. 314  
Ескі Гузия, к. 315  
Есіл (Ешім), өз. 82, 88, 92, 117, 129, 132,  
136  
Есіл өңірі 24, 60\*, 81, 88, 134, 135, 194,  
244  
Петропавлдық 153\*  
Есіл-Шағыл мөлтек ауданы 195  
Есік, к. 174, 495  
Есік, қорған 171–173; қараңыз: Есік,  
қор.  
Есік, қор. 13, 21, 59, 158, 166, 223, 228,  
229, 231, 232, 271\*, 397\*, 492  
Есік, өз. 166  
Ешкі өлмес, тау 27, 60\*
- Жабрағұн (Жабрағұз, Чағраоғұз), тау  
313, 314  
Жабай-Покровка, қор. және тұрақ 92,  
190  
Жабал Шуб, к. 314  
Жайық, өз. 82, 134, 142, 143, 177, 179, 180,  
201, 203, 320–322, 333, 427, 432, 458,  
474  
Жайық-Елек өзен аралығы 163  
Жайық-Есіл өзен аралығы 24, 60\*, 96,  
98, 100, 153, 192, 193, 242\*, 243  
Жақсылық, к. ж. 458, 473  
Жалғызтау, тау 196, 200  
Жалтыр, көл 190  
Жалтыр, көне кен қазбасы 497  
Жаман Айбат, тұрақ 76  
Жаманқорған, к. ж. 498  
Жамантас, қойнау 122  
Жаман-Тоғай, қойнау 143  
Жамбай-Қарасу, қон. 124  
Жамбыл, к. 18, 38, 313, 353, 354; к. ж.  
354, 390, 391, 477, 493, 500  
Жамбыл обл. 141, 151  
Жамкелес, тау 326  
Жамуқат, к. 28, 61\*, 361, 364, 372, 395\*,  
493, 496, 502  
Жанаф, тау 313  
Жан-қала, құлаған орны 321, 454  
Жанкент, к. ж. 17, 422, 454  
Жаңа Гузия, к. 316  
Жаңадария, өз. 180, 220, 271, 274, 278  
Жаңақорған, к. 273  
Жапония 14, 49

- Жаркент, к. 312, 495  
 Жарлы, өз. 122  
 Жезді ауданы 76  
 Жезді, өз. 460, 496  
 Жезқазған, к. 76, 107, 108, 472, 497  
 Жезқазған кенді аймағы 22, 28, 117, 222  
 Жезқазған мыс қазбалары 12  
 Желдіадыр, тау 196  
 Желдітау, қараңыз: Желдіадыр  
 Жент, к. 61\*, 318–322, 331, 332, 334, 399,  
 400, 422, 425, 441, 443, 444, 454, 456,  
 497, 501  
 Жерорта теңізі 152, 287, 387, 446  
 Жерорта теңізі аймағы 490, 491  
 Жетіасар, қойнау 21, 495  
 Жетіасар оазисі 287  
 Жетіқоңыр 117  
 Жетісу 13, 17–19, 21, 25, 35, 36, 39, 49,  
 52, 55, 63\*, 141, 144, 152, 156, 162, 166,  
 167, 174, 177, 178, 182, 187, 196, 200,  
 218, 220, 222, 224, 227, 231, 233, 235,  
 240\*, 245, 249–252, 256, 260, 264, 269,  
 271, 290, 297–301, 303–311, 314, 315,  
 322, 333, 339, 340, 347, 351, 353, 356,  
 357, 362, 363, 366, 368, 369, 372, 385–  
 388, 390, 392–394\*, 397, 398–401, 403,  
 404, 407, 408, 415, 422, 440, 441, 443–  
 445, 448, 451\*, 462, 472, 476–478, 481,  
 483, 491–493, 498, 501, 505\*  
 Батыс 250, 255, 261, 318  
 Оңтүстік-Батыс 272, 347, 348, 358,  
 360, 456, 462, 464, 465  
 Солтүстік 445  
 Солтүстік-Шығыс 322, 327, 330, 347,  
 456, 458, 465, 473, 485\*, 486\*  
 Шығыс 142, 250, 255, 257, 261, 265  
 Жита, к. 321  
 Жоғарғы Барсхан, к. 314  
 Жол, к. 494  
 Жолқұдық, қор. 181  
 Жол-Соқұлұқ, к. 353  
 Жол-Шуб, к. 494  
 Жон, қор. 287, 293  
 Жоңғария 58, 300, 308  
 Жоңғар Алатауы 141, 251, 261, 311, 314,  
 323, 330, 333, 340  
 Жоңғар қақпасы, тау 308, 323  
 Жорға, тау 196  
 Жосалы, к. 21  
 Жосалы, кен орыны 196  
 Жошы Ұлысы, қараңыз: Алтын Орда  
 Жуантөбе, қор. 166, 173, 174, 232, 240\*  
 Жубин, к. 336, 497  
 Жувара, к. 335  
 Жувикат, к. және елді мекен 351, 493  
 Жужан (Авар) қағандығы 306  
 Жумишлагу, к. 454, 456  
 Журжания, қамал 322  
 Жыланды, қор. 198, 236  
 Жылан Қабақ, тұрақ 88, 89  
 Жыңқар, к. 314  
 Жібек Жолы (Ұлы Жібек жолы) 14, 15,  
 28, 30, 35, 39, 276, 294\*, 287, 291, 294,  
 308, 326, 369, 386, 388, 474, 489–503,  
 504\*  
 Жікіл, к. 147  
 Забайкалье 246, 258, 263, 292  
 Зайсан, көл 186, 268, 492  
 Зайсан ойпаны 181, 182, 185  
 Закавказье 300, 499  
 Зауралье 23, 103, 104, 137, 193, 201, 205,  
 242  
 Оңтүстік 23, 128, 153\*, 154\*, 233, 255  
 Зах, канал 284  
 Зевакино, қор. 137–140, 151, 155, 186, 362  
 Зеравшан, өз. 148, 273, 282, 394\*, 485\*,  
 492  
 Златоуст, көне кен қазбасы 117  
 Золотая Осень, кон. 130  
 Зыряновск, к. 107  
 Зырянов кен қазбасы 268  
 Иерусалим, к. 41  
 Измайлов, к. 151  
 Илак, к. 294  
 Иман-Бұрлық, өз. және тұрақ 96  
 Имантау, тау 196  
 Имантау, кен орыны 107  
 Имекия (Кимекия), к. 324, 328  
 336  
 Индия (Үндістан) 23, 36, 39, 40, 44, 48,  
 52, 75, 76, 287, 385, 386, 395, 433\*, 489  
 490–492, 500, 504  
 Солтүстік 158, 299, 420  
 Ирак 40, 44, 338  
 Иран 14, 15, 31, 32, 40, 159, 161, 241\*, 269,  
 287\*, 299, 300, 338, 369, 377, 388, 423,  
 492–495, 502, 504  
 Солтүстік 207  
 Шығыс 444  
 Испиджаб (Сайрам), к. және обл. 14, 22  
 309, 311–314, 321, 339, 340, 349, 351,  
 369, 386, 388, 398, 401, 403, 405, 454,  
 456, 467, 473–475, 485, 493, 496  
 Исфаған, к. 475  
 Италия 14, 388  
 Итиль (Еділ), өз. 163, 194, 196, 201, 203,

- 204, 230, 290, 292, 390, 391, 415, 424,  
425, 431, 499  
Иштихан, к. 300
- Йаг Сарыч (Грозненское), к. 353
- Кавказ 13, 41, 44, 63\*, 193, 211, 220, 239\*,  
240\*, 299, 300, 445, 480  
Батыс 300  
Солтүстік 188, 241, 287, 390, 391, 431,  
445, 448, 494, 504\*
- Кавказдың алды 214  
Кавказ жотасы 494  
Кавказ өңірі 301  
Кама, өз. 317, 500  
Каменское плато 174  
Кан, мемл. 268  
Кангха, мемл. 274; обл. 313, 373, 376; к.  
ж. 488\*
- Кангюй, княздік 35, 248, 272–275, 277,  
282, 284–287, 294\*, 349, 370, 492, 498  
Кандждех (Кандждеха), округ 313  
Канка, қараңыз: Канчха  
Карантия, қ. 312, 326  
Карьерное, кон. 134  
Каспий-Арал аймағы 389  
Каспий ойпаты 72  
Каспий өңірі 69, 162, 215, 245, 276, 333,  
419, 426, 492, 493  
Каспий теңізі 34, 71, 72, 79, 91, 162, 163,  
206, 210, 215, 245, 246, 299, 313, 314,  
317–319, 321, 322, 327, 331, 333, 334,  
419, 422, 430, 431  
Каффа, к. 498  
Качирский, қор. 362  
Кеген, қ. ж. 473  
Кеген, өз. 166, 261, 265  
Кедер, қ. 28, 31, 374, 454, 474, 475, 479,  
482, 498, 506  
Келес даласы 321  
Кемер, тұрақ 21  
Кенгір, өз. 316, 458, 496, 498  
Кенжак, қ. 494  
Кенжек Сенгір, қ. 456; бекініс 422, 431,  
456  
Кенелі, кен орыны 196  
Кенжида (Кенжиде, Кендждех), обл.  
311, 321, 454, 481  
Кенкөл, қор. 272  
Кенөткел, кон. 188, 189, 191  
Кенсай, қор. 263  
Кент, тау 128, 196; алқап 117; кон. 23,  
24, 60\*, 191, 242\*
- Кердер, к. 313  
Керминкет, қ. 310  
Керулен, өз. 245, 328  
Кетпентау, тау 262  
Кетпентөбе, алқап 166  
Кеш, к. 300  
Кимекия, қараңыз: Имекия  
Кимек қағанаты 322–332, 426  
Кимек (Каспий) теңізі 333  
Конгликет, қ. 499  
Кония, қ. 500, 502, 505  
Константинополь 44, 299, 390, 491, 493,  
505  
Кордова, к. 41  
Корея 14, 246, 495  
Кошо-Цайдам тауы 36  
Көзел, к. 147  
Көкдомбак, с. 138, 139  
Көл, к. 456, 495  
Көлата, қ. ж. 285  
Көлбұлақ, тұрақ 78  
Көлсай, қор. 60\*, 141  
Көк-Мардан, қ. ж. 22, 281–284, 355–357,  
385; қор. 281; қойнау 284  
Көне Үргенш, қараңыз: Гургандж  
Көксеңгір, тау 196; қойнау 142  
Көксу, өз. 18, 498  
Көктал, қ. 497, 500  
Көктал, өз. 196, 474  
Көктұма, с. 498  
Көкше, қор. 151  
Көкшетау, қ. 82  
Көкшетау обл. 96  
Көкшетау, тау 117, 196  
Красноводск, к. 90  
Красный Яр, кон. 96; қор. 190  
Кресто, көне кен қазбасы 108, 117, 472  
Кузнецк Алатауы, тау 333  
Кумания 331  
Күнгүт, қараңыз: Гургандж  
Күрті, өз. 182  
Күрті, қор. 181  
Күршім ауданы 77  
Күршім өз. 136  
Куча, қ. 268, 506  
Кушания, қ. және обл. 242, 300, 304, 504  
Күшікбай, көне кен қазбасы 107  
Кіші Қойтас, қор. 137, 138  
Кіші Өзен, өз. 432  
Кят, қ. 341
- Қадырбай, қор. 17, 263  
Қазалы, қ. 273, 321

Қазаншұңқыр, көне кен қазбасы 107  
 Қазатлық, қ. ж. 351, 456  
 Қазығұрт, жота 351  
 Қайрақтас, тау 196; қор. 200  
 Қайынды, тұрақ 24  
 Қалба жотасы 107, 135, 181, 182, 222, 333  
 Қалқа, өз. 444  
 Қалқан, қор. 261, 263  
 Қалмакқырылған, тау 197  
 Қанай, ауыл 108, 137; қор., қон. және тұрақ 80, 136–138  
 Қапал, с. 141; қор. 142; қ. ж. 458  
 Қапшағай, қор. 263, 498  
 Қарабие, қор. 122  
 Қара-Богаз-Гол, бұғаз 90, 207  
 Қарабұлақ, қор. 287  
 Қарағанды, қ. 58\*, 82, 119, 125, 242  
 Қарағанды обл. 76  
 Қарағанды, тұрақ 24, 82  
 Қаражал, қойнау 138  
 Қаракөл қорғандары 255  
 Қаракұдық, қор. 141–143, 156\*  
 Қаракұм 322  
 Қаракұрым, тау 72  
 Қаракытайлар мемлекеті 42  
 Қарамөңке, қор. 211  
 Қарамұрын, қор. 198, 199  
 Қараоба, қор. 200, 232, 233, 235  
 Қарасай, қор. 122  
 Қарасу, өз. 122  
 Қаратал, өз. 498, қор. 263  
 Қаратау, жота 19–23, 59\*, 72–75, 81, 84\*, 143, 218–220, 248, 278, 287, 300, 315, 320, 368, 375, 393\*, 396, 400, 454, 474, 497, 498  
 Қара теңіз 158, 489, 495  
 Қара теңіз жағалауы 25, 33, 287, 428, 492  
     Солтүстік 156, 161, 188, 214, 230, 239\*  
 Қаратоғай, с. 77  
 Қаратома (Қаратұма), қор. 256  
 Қараүңгір, үңгірдегі тұрақ 88, 89, 99\*  
 Қарахан мемлекеті 30, 37, 42, 44, 46, 54, 389, 398–408, 416, 418, 431, 448\*, 449\*, 476, 481, 482  
 Қарашоқы, қор. 174  
 Қарашұк, қ. 454  
 Қарғалы, өз. 131, 271\*  
 Қарғалы, қор. 173, 263  
 Қарғалы сайы 267  
 Қарқаралы, қ. 127, 221, 222  
 Қарқаралы, тау 20, 117, 196, 219, 221; қон. 126, 128  
 Қарлыға, қон. 130, 188; тұрақ 92  
 Қарлұқия, қ. 314  
 Қарлұқ қағанаты 13, 31, 37, 307, 309, 314, 348, 391, 398  
 Қарнак, қ. 335, 454  
 Қарсақбай, қ. 497  
 Қаршыға, көне кен қазбасы 107  
 Қасан, қ. 339, 494  
 Қаскелен, қ. 497  
 Қасрибас, жер 311, 313, 494  
 Қастек, асу 473, 497  
 Қатон, қор. 181, 186  
 Қатуан даласы 399  
 Қашғар, қ. және обл. 276, 314, 342\*, 399, 402, 419, 420, 493, 497, 506  
 Қашғария 307, 311, 398  
 Қашқадария, өз. 273, 492  
 Қаялық, қ. 314, 418, 456, 458, 474, 475, 495, 496  
 Қобдо, өз. 322, 432  
 Қожай, қон. 96  
 Қожамберді, қор. 133, 155\*  
 Қозыбай, қон. 12; тұрақ 77  
 Қойғабар, қойнау 219, 220, 238  
 Қойқара, тұрақ 89  
 Қойқырылған қала, қон. 147  
 Қолғұтты, өз. 77  
 Қоңырат, өз. 122, 498  
 Қоңырсу, қойнау 190  
 Қоңырдек, қон. 74  
 Қоңыртөбе, қор. 277, 283, 287; қ. ж. 281; қараныз: Мардан-Күйік 283  
 Қорғантас, қойнау 199; қор. 200  
 Қордай, асу 473; разьезд 141  
 Қосағал, қор. 122  
 Қосасар, қор. 61\*  
 Қосөзен аралығы 27  
 Қосқұдық, тұрақ 91, 92, 99  
 Қостанай, қ. 81, 82, 132  
 Қостанай обл. 96, 154  
 Қостөбе, қон. 21, 27, 61\*, 278, 280; қ. ж. 354, 360, 363, 373, 376, 384, 388, 495, 504  
 Қотан-Емел, тау 196  
 Қошқарбасы, жер 448\*  
 Қошқарата, ойпаң 98, 99  
 Қошқорған, тұрақ 23, 73, 77, 78  
 Қошой-Қорған, қ. ж. 458  
 Қуандария, өз. 220, 272–274, 278, 280  
 Құғарт, асу 474  
 Құдырге, қор. 363  
 Қумақөпе, алқап 78  
 Құдайкөл, көл және тұрақ 76  
 Құйған, қойнау 141, 142  
 Құйрықтөбе, қ. 397\*; қ. ж. 22, 23, 354, 358, 360, 364, 366, 371, 374–376, 380, 381, 397, 460–464, 472–476, 479, 482, 483, 495

- Құлажорға, қор. 181, 186, 187  
 Құлан, қ. 27, 308, 310, 312, 314, 335, 340,  
 353, 354, 358, 473, 479, 496, 497  
 Құлынды даласы 182, 333, 430  
 Құлсары, тұрақ 89; қон. 200  
 Құмкент, қ. 499; қ. ж. 454  
 Құмкешу, қон. 96  
 Құнанбайсай, қор. 18  
 «Құндыз жолы» 492  
 Құрбақанас, қор. 200  
 Құрылыс, қойнау 128  
 Құяс, қ. 311, 398  
 Қыземшек, тұрақ 89  
 Қызыл Аңғар; қараңыз: Чигу  
 Қызыларай, алқап 117, 196  
 Қызылауыз, қор. 173, 263, 268  
 Қызылеспе, қор. 263  
 Қызылжар (Петропавл), қ. 23  
 Қызылқайнар, қор. 263, 363, 365  
 Қызылқұм 322, 496  
 Қызылорда обл. 19  
 Қызылсу, өз. (Красная речка) 353, 354,  
 358, 360, 364, 366, 370–372, 376, 380,  
 382, 387, 395\*, 397\*, 462, 463, 477,  
 485\*, 488\*, 494\*  
 Қызылсу, тұрақ 92, 136  
 Қызылрысбек, тұрақ 21  
 Қызылтас, тау 196, 218; кен орыны 196  
 Қызыл теңіз 40  
 Қыпшақ хандығы 420–422, 424, 434  
 Қырғыз Алатауы 251, 472  
 Қырғыз жотасы 495  
 Қырғызия 18, 148, 153\*, 158, 166, 187,  
 252, 269\*, 270\*, 294\*, 343\*, 397\*, 450\*,  
 452\*, 484\*, 487\*  
 Қырғыз қағандығы 37  
 Қырғызстан 36, 158, 290, 292, 396\*, 437,  
 451\*  
 Қырқелді, өз. 131, 134; қор. 18  
 Қыркескен, қор. 281  
 Қыркырхан, аудан 326, 332, 333  
 Қырым 43, 44, 448, 502  
 Қысмышы, қ. ж. 387  
 Қытай 14, 34–36, 40, 44, 48, 52, 54, 57, 69,  
 72, 74, 76, 78, 245, 249, 258, 259\*, 274,  
 275, 288, 293\*, 300, 307, 327, 328, 349,  
 370, 386, 388, 392, 411, 415, 441, 491–  
 495, 497, 498, 504  
 Батыс 246  
 Солтүстік 69, 72, 74, 245, 326  
  
 Лабан, қ. 456  
 Лауар, қ. ж. 458, 497  
 «Лазурит жолы» 493  
  
 Ланчжоу, қ. 493, 494  
 Лебедевка, с. 205; қор. 205  
 Ленинград, қ. 20, 53  
 Леонтьевка, қор. 181  
 Лепсі, өз. 166; қ. ж. 265  
 Ливановка, қон. 96  
 Лисаковка, қор. 154\*  
 Лиссабон, қ. 41  
 Лобнор, көл 246  
 Лоулан, княздік 246  
 Лоюень, мемл. 246  
 Луговое, с. 340; қ. ж. 250, 354, 357, 368,  
 372, 373, 494  
 Ляо, мемл. 258, 326  
  
 Магадевиана 83\*  
 Магадж (Бихар), қ. 386  
 Магриб 40  
 Майбұлақ, қойнау 141  
 Майқайын, кен орыны 196  
 Майқапшағай, көне кен қазбасы 107  
 Майәмір, қор 181, 182, 236\*  
 Майәмір даласы 183  
 Маймург, қ. 300  
 Мало-Красноярка, қон. 106, 108, 139–  
 141  
 Мамлюк мемлекеті 44, 428  
 Маңғыстау обл. 209, 214  
 Маңғыстау, түбек 12, 21, 25, 27, 60\*, 76,  
 79, 83, 89–91, 97–99, 206, 208, 215,  
 317, 422, 423, 430, 432, 493, 495  
 Манкент, қ. 454, 456  
 Манкур, көл 334, тау 426  
 Манней патшалығы 237, 390  
 Манчжурия 306  
 Солтүстік 389  
 Мараканда (Самарканд) 165  
 Маргиана 163, 215, 294  
 Мардан, қор. 281, 286, 293\*, 294\*, 498  
 Мардан-Күйік, қор. 21, 281, 371  
 Марокко 41  
 Масанчи, қон. 141  
 Мауараннахр 39, 62\*, 307, 308, 311, 315,  
 316, 318, 321, 334, 338–340, 399–402,  
 405, 406, 417, 418, 476, 481, 488\*, 494  
 Маханжар, тұрақ 93  
 Мерв, қ. 40, 294\*, 377, 393, 467, 475, 493  
 Мерке, қараңыз: Мирки  
 Месопотамия 492  
 Солтүстік 40, 43  
 Мианкал, қ. 294\*  
 Мидия 164, 237  
 Милықұдық, көне кен қазбасы 108, 117,  
 486\*; қон. 472, 487



- Минусинск ойдымы 151, 177, 308  
 Мирки, к. 308, 310, 335, 353, 386, 494  
 Мичуринская, тұрақ 82, 83  
 Монғолстан, мемл. 14  
 Мойынқұм 499  
 Мойынтоғай қор. 263  
 Молалы, қор. 289  
 Монғолия 14, 37, 44, 69, 72, 74, 84\*, 245,  
 271, 292, 296, 305, 322, 323, 328, 389,  
 391, 408, 414, 442–444, 446, 458, 497,  
 499  
 Батыс 389, 391, 408  
 Орталық 58, 328, 389  
 Солтүстік 58, 164, 296, 328, 329, 390,  
 396  
 Солтүстік-Шығыс 328, 388, 389  
 Монғол империясы 453\*  
 Москва, к. 20, 53, 54  
 Мосул, к. 42  
 Мощовая балка, қор. 495  
 Музур-Ола, жота 490  
 Мула, қараңыз: Букрат  
 Мургат, өз. 163  
 Мұғаджар, жота 209, 322, 331  
 Мыздаққан, бейіт 292, 452\*  
 Мыңбасай, өз. 123  
 Мыңғұрық, к. ж. 373  
 Мыңшұңқыр, қор. 142  
 Мыржық, қор. 24, 122; кон. 118
- Навакет, к. 36, 353, 370, 387, 473, 484, 494,  
 497  
 Наваикат, қараңыз: Невакет  
 Нагорненский, қор. 202  
 Награн, қор. 314  
 Нагу, тау 414  
 Нақши-Рүстем 159, 161  
 Нара, к. 493  
 Нарым, өз. 102, 153, 181, 182  
 Нарым жотасы 107, 222  
 Нарым өлкесі 102  
 Нарын, өз. 398  
 Нахшеб, к. 300  
 «Нефрит жолы» 492  
 Нижне-Иволчинское, к. ж. 258, 270\*  
 Нишапур, к. 40  
 Новоивановка, с. 494  
 Новоникольское, тұрақ 26, 80  
 к. ж. 108, 130, 131, 134  
 Новопавловское (Ключевское), к. ж.  
 377  
 Новопокровка, к. ж. 372  
 Нойын-Ула, қор. 262\*, 270\*  
 Нуджах, камал 322
- Нузкет, к. 353, 497  
 Нұра, өз. 19, 112, 117, 118, 121–123, 196,  
 316, 432, 458  
 Нұрманбай, қойнау 20  
 Нұрмамбет, с. 137–139; қор. 198\*, 199,  
 223
- Обаған, өз. 88, 96  
 Обалы, қон. 134, 135  
 Обалысай, тұрақ 76  
 Обь, өз. 319; жоғарғы 452\*;  
 Обь өзені өңірі  
 жоғарғы 156  
 орта 453  
 Оғыз мемлекеті 322  
 Оғыз (Хорезм) шөлі 321  
 Ойжайлау, қойнау 141; қор. 151, 152  
 Ойыл, өз. 320, 322, 432  
 Оңжайлау, қойнау 60\*  
 Окс (Амудария), өз. 156\*, 243, 394  
 Оксус, к. ж. 460, 482  
 Олдувэй 83\*  
 Онағаш, қойнау 143  
 Онгин, өз. 408  
 Онгин жазуы 37  
 Онон, өз. 225, 440  
 Ордос, жота 245, 247, 249, 388  
 Орду, к. 309, 312, 400  
 Ордукент, к. 307  
 Оренбург, к. 63\*  
 Ормамбет, к. ж. 499  
 Орта Азия қос өзені аралығы 99, 100\*  
 276  
 Ортадағы империя 257  
 Ортасу, өз. 497  
 Ортау, тау 196; қор. 110; кон. 20, 124, 498  
 Орхон, өз. 48, 297, 390, 408, 414  
 Ор, өз. 25, 134, 218  
 Орал 12, 82, 83, 202–204, 315, 322, 331,  
 333, 420, 430, 431  
 Орал жотасы, Оңтүстік 83, 84\*, 90, 96,  
 97, 100, 153\*, 193, 202, 232,  
 243, 244, 316, 322, 330, 331, 333, 430,  
 432  
 Орал, к. 60\*  
 Орал өңірі: 25, 30, 60\*, 62, 95, 101–104,  
 134, 143, 205, 241\*, 274, 287,  
 292, 331, 431  
 Оңтүстік 158, 163, 164, 177, 179, 180,  
 200, 203, 204, 207, 209, 215, 289, 330,  
 492  
 Шығыс 166  
 Оралсай, қор. 18  
 Отырар, к. ж. және аймақ 14, 22, 30, 59\*,

- 62\*, 311, 314, 315, 340, 341, 351, 356,  
369–371, 396\*, 443, 445, 454, 461, 471,  
474, 476, 480, 482, 484, 485, 487, 488,  
496, 498, 500  
округ 351; к. ж. 21, 23, 27 тағы да  
қараңыз: Фараб
- Отырар оазисі 19, 21, 22, 27, 62\*, 278, 281,  
283, 286, 287, 294, 354, 370, 371, 374,  
385, 388, 395\*, 460, 474, 476, 496, 498,  
506
- Отырар төбе, к. ж. 395\*, 454  
Отюкен, к. 306, 328; тау 306
- Өгізтау, тұрақтар 72  
Өзбекстан 89, 294\*, 437  
Өзен, өз. қараңыз: Үлкен Өзен, Кіші  
Өзен  
Өленті, өз. 196, 197  
Өнежек, тұрақ 76, 78, 79  
Өрнек, к. ж. 189, 461, 479  
Өрнек, қойнау 19  
Өсек, өз. 474; қор. 495  
Өтеген, қор. 263\*
- Парсы теңізі 40  
Павлодар обл. 21, 59\*, 155  
Пазырық қорғандары 146, 158, 185, 222,  
224, 238, 262, 492  
Пайкенд, к. 338  
Пәкстан 23  
Палестина 42–44, 338  
Памир-Оңтүстік-Шығыс 312, 357  
Памир-Алтай таулары 58\*, 240\*, 395\*,  
396\*  
Парфия 33, 162, 208, 216, 263, 273\*,  
Солтүстік 243\*  
Пасаргады, к. 231  
Пенжикент, к. 309, 354, 357, 368, 376, 380,  
383, 395, 398, 474, 486, 488,  
496, 506  
Пенчуть, к. 308, 335  
Пеньки, тұрақ 59\*, 137, 155\*  
Персополь, к. 159, 208, 231, 251  
Персия 33, 164, 299, 502, 504  
Пестрое, қон. 129  
Петербург, к. 49, 56  
Петро, көне кен қазбасы 117, 471  
Петровка, қон. 26, 108, 117, 130, 131  
Петропавл, к. 59\*, 82, 130, 134, 154  
Петропавловский, қор. 131  
Пещеры, тұрақ 80  
Покро, көне кен қазбасы 471  
Покровка, қор. 188, 190, 362
- Прохоровка, қор. 205  
Пскент, к. 321  
Пулада, к. 502  
Пұшық–Мардан, к. ж. 279\*, 280\*  
Пышақшытөбе, к. ж. 371
- Рамитан, к. 338  
Ран, к. ж. 22  
Рей, к. 40  
Ресей 16, 46, 49, 56, 62\*, 63\*, 231, 392, 431  
Оңтүстік 161, 230  
Рибат, к. 423  
Рим, к. 203  
Рим империясы 431  
Румдар теңізі 40  
Русь 14, 498, қараңыз: Киев Русі 429, 445
- Сабран, қараңыз: Сауран  
Сағыз, өз. 200, 402  
Сағынды, қор. 142  
Садчиковское, қон. 130, 154  
Садыр-Қорған, к. ж. 42\*  
Сайрам (Испиджаб), к. 349, 351, 386; к.  
ж. 18, 454, көл 310  
Сакастан (Сейстан) 31  
Саксин, к. және аймақ 43, 424, 431  
Салжұқ мемлекеті 44, 63\*, 401, 402  
Салуния, к. 314  
Саманилер мемлекеті 42, 309, 311, 398,  
399, 402, 481,  
Самарқанд, к. 274, 285, 300, 309, 338, 339,  
341, 395, 399, 400–402,  
418, 485, 487–489, 505, 506  
Самжан (Бұхайрат ат-түрік «Түрік  
көлі», қараңыз: Ыстықкөл  
Саңғыру, қор. 122, 126  
Саңғыл-Арық, канал 371  
Санташ, асу 473, 495, 497  
Сапол-теке, к. ж. 479  
Сарай, к. 44, 432, 498  
Сарай-Бату, к. 498  
Сарайшық, к. 30, 420, 485\*, 498  
Сарғары, қор. 189, 190  
Сартабан, қор. 20  
Сарыарқа 18, 19, 26, 60\*, 72, 74, 76, 84\*,  
153\*, 154\*, 193, 499  
Сарығ, к. 496  
Сарыжас, к. ж. 458  
Сары-Ишикотрау, шөл 313  
Сарығамыс, қон. 201; тұрақ 89, 213  
Сарыкемер, ауыл 495  
Сарыкөл, көл 131, 138, 139

Сарысу, өз. 19, 73, 81, 316  
Сарытау, қор. 257, 261, 263  
Сарыташ, бұғаз 78  
Сарытоғай, қор. 263\*  
Сасанилер мемлекеті 31  
Сатшықыз 92  
Сауран (Сабран), к. 17, 22, 309, 333, 336, 422, 454, 475, 476, 497  
Саяк, қон. 76; кен орыны 196, 222  
Саяк мыс карьері 12  
Саян-Алтай таулары 13  
Саян, жота 247, 308  
Свинчатка, тұрақ 80  
Сейтмантөбе, қор. 278  
Селевкилер мемлекеті 208  
Селенга, өз. 309, 408, 412, 414  
Селенга тасы 37  
Семекна, қараңыз: Бекліг  
Семізбұғы, тау және тұрақ 76, 77  
Семиозерное, қон. 130, 131  
Семипалатное, с. және қор. 130, 132  
Сенек, тұрақтар 89, 90  
Сеут, к. 41  
Сивас, к. 502  
Сикүл, к. 308, 335  
Синташта, қон. 24, 104, 149, 150, 153\*  
Синьли, мемл. 246  
Сирия 40, 43, 44, 287, 338, 387, 391, 490, 491  
Сир мемлекеті 328  
Сисан, к. 500  
Сичжоу, қараңыз: Турфан  
Сиюй 35\*  
Скифия 34, 49, 63\*, 235, 240\*  
Согюй, қараңыз: Яркян  
Соғды 161, 163, 218, 300, 301, 304, 305, 340, 348, 368, 375, 376, 393, 395, 396, 465, 474, 493, 494  
Созак, к. 474, 496, 499  
Соленое озеро (Тұздықөл), қон. 26; тұрақ 93, 96  
Солянка, қор. 290  
Сор, тұрақ 93  
Сорқұдық, көне кен қазбасы 108, 196  
Сретенское, к. ж. 456  
Степняк, к. 136; көне кен қазбасы 107, 183, 197; қон. 105, 107  
Субаникет, к. 313  
Суджин құлпытасы 37  
Сузы, к. 159, 161  
Сунақ-Ата, к. ж. 454  
Сурхандария обл. 479  
Сус, к. 456, 493  
Сусе, иелік 272, 273\*, 274

Сус-Чалдовар, к. 353  
Суықбұлақ, қон. 108, 221  
Суяб, к. 36, 64, 274, 300, 301, 303, 304, 307, 309, 339, 341, 353, 369, 376, 392, 489, 491, 495, 496, 505  
к. ж. 256  
Султан-Уиз-Дағ, тау 313  
Сүгілкент, к. 496  
Сүмбе, к. ж. 265, 458, 462, 473  
Сүткент, к. 311, 321, 336, 454, 496  
Сығанак, к. 17, 22, 52, 63\*, 316, 336, 400, 420, 423, 424, 432, 444, 446, 454, 457, 474, 497  
Сынтас, қор. 201, 243\*  
Сыпра-оба, қор. 198, 232  
Сырдария обл. 17, 388, 395  
Сырдария өңірі 287  
Сырдария, алқап 19, 21, 399  
Сырдария, өз. 14, 34, 49, 51, 52, 56, 59\*, 61\*, 142, 144, 161–163, 165, 166, 175, 178, 180, 218, 221, 240\*, 241\*, 272–274, 277, 278, 285, 293\*, 294, 299, 307, 308, 311, 313–316, 318, 319, 321–323, 327, 330, 334–336, 347, 357, 368, 351, 370, 400, 405, 415, 416, 418, 420, 422, 427–430, 432, 441, 443, 454, 458, 464, 481, 482, 492, 495, 498, 500  
Төменгі 21, 144, 287, 368, 369, 371, 395, 482  
Сібір 16, 17, 30, 54, 69, 73, 81, 82, 103, 137, 153, 155\*, 177, 193, 194, 221, 235, 242, 251, 271, 319, 347, 388, 389, 442, 447  
Батыс 56, 83, 95, 98, 100\*, 102, 104, 128, 129, 135, 182, 191–193, 237, 242\*, 333, 370, 431, 437, 446  
Оңтүстік 56, 65, 102, 137, 141, 143, 153\*, 179, 230, 241\*, 244\*, 269\*, 289, 330, 383, 435, 438, 450\*, 452  
Солтүстік Шығыс 242  
Сілеті, өз. 196  
  
Тағыбай-бұлақ, қон. 20, 127  
Тагурды Мұғаджар, тау 331  
Тайатқан, тау 117, 196  
Тайғак, қор. 263\*  
Тайху, көл 492  
Тақабет, к. 456  
Такла-Макан, шөл 497  
Талапты, ауыл 141; қор 141, 142  
Талас, к. 36, 304, 496, 505  
Талас, өз. 34, 37, 54, 64, 166, 218, 248, 250, 273, 275–277, 287, 304, 307, 309, 314, 318, 319, 342\*, 347, 391, 393, 397, 405,

- 445, 475, 494–496, 499  
 Талас алқабы 17, 28, 37, 62, 251, 264, 270, 283, 286, 307, 309, 311, 319, 353, 354, 361, 368, 371–374, 384, 391, 393, 396, 452\*, 456, 468, 472, 475, 479, 480, 486, 487, 491, 493, 494  
 Талас Алатауы 471, 496  
 Талғар, к. 27, 28, 30, 308, 385, 474, 476, 497  
 Талғар, қор. 263  
 Талғар, қ. ж. 17, 300, 458, 462, 465, 472, 473, 501  
 Талдықорған, к. 236, 134  
 Талдықорған обл. 141  
 Талды-Нұра, өз. 117  
 Талжан, қор. 122  
 Талхиз (Талхир, Талғар). к. 14, 314, 474, қ. ж. 495  
 Тамғалы, сай 220, 239, 475  
 Тамғалытас, койнау 20  
 Тамды, қ. ж. 456  
 Тамтаж, қон. 351  
 Танаис, қараңыз: Дон  
 Тангут мемлекеті (Си ся) 412, 414  
 Тараз, қ. және аймақ 14, 17, 18, 22, 31, 38, 39, 307, 309, 311–314, 321, 336, 339, 341, 353, 354, 358, 361, 367, 369, 370, 371, 373, 388, 394, 395, 397, 398, 401–405, 417, 418, 422, 423, 431, 452, 462, 467, 470, 472, 499, 501, 506  
 Тарбағатай, жота 136, 181, 186, 187, 306, 308, 323, 325, 330, 335  
 Тарбан, Трабан (Отырар) 351  
 Тасмола, койнау 20, 297; қ. ж. 189, 191, 192, 198, 199, 220, 236  
 Тастөбе, қор. 363  
 Тастыбұлақ, қор. 130, 131, 154, 155; қон. 105, 110  
 Тасқұм, шөл 313  
 Таутары, қор. 141, 142, 156  
 Тахама (Балқаш), көл 313  
 Ташқала, қ. ж. 393  
 Ташкент, қ. 18, 158, 273, 287, 311, 351, 375, 392, 395–397, 505  
 Ташкент оазисі 272–274, 277, 282, 286, 287, 293, 373, 465, 494  
 Ташкент обл. 163  
 Тәжікстан 78  
     Оңтүстік 151  
 Тәңірқазған, тұрақ 73, 75  
 Тәрім, өз. 312  
 Тебриоз, қ. 502; қ. ж. 494  
 Текабкент, қ. 353, 456, 475, 496  
 Теккем-тепе, қор. 148  
 Тектұрмас, қ. ж. 360, 361; қор 437  
 Тельман тұрақтары 23, 59\*, 82, 92, 93  
 Темірастау, қор. 122  
 Темір-Қаңқа, қор. 151  
 Теңлік, қорған 251, 255  
 Тентек, өз. 498  
 Тентексор, тұрақ 90  
 Терекла, өз. 130, 133  
 Терексай, сай 391  
 Терен, қор. 211  
 Терісакқан, өз. 88, 96, 117  
 Термез, к. 393\*, 402, 418  
 Терхин құлпытасы 37  
 Тесіктас, к. 196  
 Тибет 312  
 Тигровая балка, қор. 151  
 Тобыл, өз. 82, 88, 93, 96, 97, 117, 130–136, 188, 330, 432  
 Тобыл-Есіл орманды даласы 242  
 Тобыл-Есіл өзен аралығы 189  
     Приишимье-Тобыл өңірі 24, 60\*, 81, 88, 134, 135, 194, 244\*  
 Тоғай, кен орыны 222  
 Тоқалы, тұрақ 21  
 Токио, к. 54  
 Токмак, к. 497  
 Тоқырауын, өз. 497  
 Тола, өз. 390, 408  
 Томпақасар, қор. 61\*  
 Тон, к. 308, 314  
 Тонг, к. 308, 335  
 Топыраққала, к. 506  
 Торғай, өз. 60, 81, 82, 88, 499  
 Торғай обл. 96  
 Торғай ойпаңы 24, 74, 82, 88, 93, 154\*  
 Торғай даласы 420, 424, 435, 441  
 Тоқарыстан 297, 299, 306, 310, 392\*  
 Төлек, қ. ж. 456  
 Төменгі Барсхан, к. 313, 314, 476  
 Төребайтұмсық, қор, 281  
 Төрткөл Балықшы, қор. 351  
 Төрткөл-төбе (Шараб), қ. ж. 387, 397\*  
 Төрткөл (Төменгі Барсхан), қ. ж. 372  
 Трабан, қараңыз: Тарбан  
 Трофимовка (Трофимовский), қор. 362  
 Трушникова, қон. 106–108, 115, 139–141, 191  
 Тува 58, 164, 179, 186, 189, 199  
     Солтүстік 236  
 Тулис тау 307  
 Туран, мемл. 313  
 Туран жазығы (даласы) 69, 72, 74  
 Турфан, аймақ 304, 489, княздік 440, 442  
 Турфан оазисі 309, 387, 491, 495  
 Тұздықөл (Соленое озеро) 26, 93, 96

- Тұзун, қ. 308, 335  
Тұрар, Тұрарбанд, қараңыз: Отырар  
Тұрбат, асу 351  
Тұрлан, қараңыз: Терісаққан Тұрлан асуы 84\*  
Түгілі, кон. 123  
Түгіскен (Тағыскен) қырка 142; қор. 1, 2, 126, 145, 148, 166, 174–179, 219, 228, 241\*, 289  
Оңтүстік 175, 177–180  
Солтүстік 142, 144, 147, 175, 176, 180  
Түрген, қ. 495  
Түрік көлі, қараңыз: Самужан  
Түркістан, қ. 14, 18, 22, 28, 31, 351, 353; қ. ж. 21  
Түркістан, аймақ 293, 305, 323, 327, 333, 334, 336, 342, 343, 344, 346, 392\*, 397\*, 417, 423, 448, 449\*, 451\*, 475\*, 486\*, 492  
Шығыс 34–36, 63\*, 187, 246, 276, 286, 296, 299, 300, 306, 307, 312, 323, 326, 328, 370, 385, 396, 398, 400, 401, 428, 440, 442, 443, 473, 492, 499, 505  
Түрікстан өлкесі 17, 47, 58\*; оазисі 364  
Түрікменстан 51, 63\*, 207, 343, 344, 346, 465, 487\*  
Оңтүстік 146  
Түпқорған, қырат 78  
Түргеш қағандығы 13, 30, 35, 296, 303, 305, 315, 339, 348  
Түрік қағандығы 51, 54, 296, 297, 300, 305, 306, 353, 389, 390, 392, 442, 495  
Батыс Түрік қағандығы 297, 300, 305, 306, 310, 315, 322, 348, 362  
Тянь-Шань 35, 52, 162, 218, 240\*, 310, 314, 328, 451, 458, 489, 495  
Орталық 58\*, 394\*, 396\*  
Солтүстік 73, 244\*
- Уәлиханов, тұрақ 23, 73, 77, 84\*  
Угам жотасы 321  
Украина 94  
Угедей ұлысы 445  
Уросоған, қ. 499  
Усбаникет, қ. 454, 473  
Успен кеніші 107  
Уструшана, аймақ 313, 321, 375  
Усть-Буконь, с. 138; қор. 183  
Усть-Бухтарма, қор. 181, 185  
Усть-Нарым, кон. 106, 219  
Усть-Талькин, қор. 438  
Усунь «Усунь-го», мемлекеті 35, 246, 248, 253, 257, 264, 272, 275, 276, 294\*, 492
- Ұзынағаш (Урун-Ардж), қ. 497  
Ұзын-Арал, түбек 499  
Ұзынбұлақ, қор 263\*  
Ұйғарақ, қор 165, 174–176, 218, 232, 235, 241\*, 289, 494  
Ұйғыр қағандығы 306, 308, 323, 328, 329  
Ұйғыр-Тұрфан княздігі 343\*  
Ұлыбай, қойнау 193  
Ұлы Жібек жолы, қараңыз: Жібек жолы  
Ұлы Қытай қабырғасы 491  
Ұлытау, жота 19, 196, 219, 278, 435, 458, 498  
кон. 126, 128, 197  
Ұратөбе, көне кен қазбасы 107
- Үзбой, құрғақ арна 162, 206, 207  
Үзгент, қ. 400–402, 418  
Үлбі, өз. 136  
Үлкен Ақмай, тұрақ 78  
Үлкен Қобда, өз. 219  
Үлкен Өзен, өз. 432  
Үнді мұхиты 446  
Үндістан, қараңыз: Индия  
Үйтас, қараңыз: Қараөзек  
Үнгірқара, қор. 260, 263, 264  
Үргеніш, қ. 393\*, 444, 478, 498, 502  
Үстірт, қырат 40, 44, 60\*, 72, 83, 89, 90  
Үштаған, тұрақ 90
- Фабричный, пос. 141  
Фараб, қ. 311, 313, 321, 336, 340, 351, 369, 424  
аймақ 454, 474, 481, 483, 496  
қараңыз: Отырар  
Ферғана, обл. 218, 256, 260, 273, 275–277, 294\*, 307, 308, 311, 313, 314, 339, 357, 370, 394\*, 401, 417, 452, 470, 493  
Батыс 294  
Ферғана алқабы 34, 148, 163, 473, 494, 498  
Франция 14, 41  
Фринкент, қор. 437, 452\*, 453\*  
Фуму, иелік 273, 274  
Фрунзе, қ. 393, 394, 396
- Хазария (Хазар қағандығы, Хазар мемлекеті) 300, 317, 322, 389, 390, 475  
Хазар (Каспий теңізі) 39, 313, 321

- Хайхам, к. 324  
 Хакан Харлук, к. 314  
 Хакасия 164, 453  
 Хамадан, к. 40, 49  
 Хами, алқап және қала, 489, 491, 493  
 Хамукет, к. 304  
 Хамун, көл. 31  
 Ханарык, канал 284  
 Ханауш, к. 497  
 Ханбарт, қон. 314  
 Хангай, жота 328, 408, 415  
 Хантай, таулары, Хантау 265  
 Хан-Тәңірі, тау 392\*  
 Хань, империя 35, 257  
 Харажкент, к. 395\*  
 Харлак, қон. 314  
 Харранжуван (Беловодье камалы), к. 353  
 Хвалынский, қор. 99  
 Хиуа, к. және обл. 479  
 Хилок, өз. 408  
 Хинган, тау 328  
 Ходжент, к. 339; өз. (Сырдария)  
 Хора, к. 319, 321  
 Хорасан, обл. 40, 43, 313, 318, 321, 334, 338, 339, 340, 377, 418, 422, 430, 476, 481  
 Хоргос, өз. 273, 497  
 Хорезм, мемл. 181, 216, 239\*  
 Хорезм аймағы 28, 40, 43, 44, 52, 64\*, 147, 156, 180, 181, 273, 280, 282, 286\*, 293\*, 294\*, 299, 311, 315, 316, 318, 321, 334, 417, 419, 422–425, 430, 444, 451, 453, 464, 465, 475, 486, 495  
 Хорезм шөлі, қараңыз: Оғыз шөлі  
 Хорезм оазисі 181, 269\*  
 Хорезмшахтар мемлекеті 42, 44, 420, 441, 444, 475  
 Хотан, к. және аймақ 65\*, 312, 400, 401, 490, 492, 493  
 Хуанхэ, өз. 492, 493  
 Хук, к. 314  
 Хунну, мемл. 257  
 Хуньюй, мемл. 246  
 Хулуг, к. 456  
 Хутухчин, к. 496
- Цейлон 44  
 Целинный, қор. 201  
 Цюйше, мемл. 246
- Чага, қараңыз: Шага  
 Чанаг, асу 276
- Чаньан, к. 256, 489–491  
 Чаочан, к. 491  
 Чернореченск, қор. 181  
 Чжанье-Чаньчжоу 246, 249  
 Чжецзян, провинция 490  
 Чжоу-коу-дань, үңгірлі тұрақ 78  
 Чигу (Қызыл Алқап) 252, 257  
 Чигу-чэн (Қызыл Алқап қаласы) 248, 264, 265, 276  
 Чугундор, к. 485  
 Чумышское, к. 353
- Шабғар, к. 351, 369, 388, 496, 497, аймақ 454, 498, 499  
 Шаға, с. 370; қор. 21, 359, 364, 394\*, 395\*  
 Шағалалы, өз. 82, 92, 96, 112; қон. 106  
 Шағатай ұлысы 14, 445  
 Шағылжан, к. 454; камал 333  
 Шакпақата, тұрақ 76  
 Шандыауыл, тұрақ 80  
 Шараб, к. 387, 493; қон. 351  
 Шарапхана, к. 351, 456  
 Шар, өз. 136  
 Шардара, өз. 156\*, 278  
 Шарын, өз. 166, 255  
 Шатқал жотасы 276, 321, 496  
 Шатпакөл, тұрақ 88  
 Шаушықұм, қор. 281  
 Шахбаған, тұрақ 78  
 Шахристан, к. 392\*  
 Шахрисябз, к. 273\*, 485\*  
 Шаш, к. және аймақ 21, 28, 158, 162, 307, 311, 313, 338, 339, 341, 349, 351, 375, 469, 475, 481, 499, 498  
 Шаш, өз. 158  
 Шаша, өз. Сырдария) 321  
 Шаш-Илак аймағы 285  
 Шаштөбе, қор. 278  
 Шаян, өз. 321, 497  
 Шаянды, тұрақ 88  
 Шәуілдір, к. 321  
 Шебір, тұрақ 89, 98  
 Шелек, к. 495  
 Шелек, өз. 166  
 Шелекті, қор. 181, 183, 184  
 Шелжі, к. және аймақ 456, 473, 475, 477, 487, 495  
 Шелпек, қор. 263  
 Шеңгелді, жер 497  
 Шеңгелдідегі қираған жұрттар 17  
 Шерубай-Нұра, өз. 117, 119, 122  
 Шершен, өз. 312  
 Шихо, оазис 493; өз. 499  
 Шожағай, өз. 117

- Шокпар, станция 141  
 Шолак жегде, қор. 264  
 Шолак таулары 173, 174, 251  
 Шон-Қақпа, қор. 283, 286  
 Шопа, өз. 124  
 Шормак, қор. 263\*  
 Шортандыбұлақ, қон. 126  
 Шортөбе (Қараспан), к. ж. 456  
 Шошқалы, қор. 263\*  
 Шөлтөбе, қор. 278  
 Шу, өз. 36, 215–219, 248, 250, 265, 273, 303, 309, 312, 314, 315, 231, 341, 353, 347, 499  
 Шу алқабы 17, 241\*, 251, 264, 265, 270\*, 271\*, 276, 301, 312, 319, 320, 341\*, 342, 353, 369–371, 393\*, 395\*, 456, 465, 471, 472, 476, 484\*, 486, 498  
 Шульба, өз. 23, 108  
 Шульба, тұрақ 23, 80, 81  
 Шур, к. 454  
 Шу-Іле өзен аралығы 303  
 Шу-Іле таулары 141, 143, 220, 251, 313, 368, 497, 499  
 Шу-Талас өзен аралығы 18  
 Шутөбе, қор. 351, 454  
 Шұбарат, қор. 289  
 Шұнақ, тау 117, 196, 197  
 Шығыс 38, 41, 44–46, 50, 63\*  
   Көне 87, 162, 163, 239  
   Қиыр 269\*, 450\*, 493  
   Орта 30, 31, 369, 479, 494, 501  
   Таяу 31, 44, 99, 161, 369, 377, 473, 481, 492, 495  
 Шығыс Рим империясы 386  
 Шығыс түрік қағандығы 37, 300, 301, 304–306, 310, 400, 401, 495  
 Шығыс Түркістан, қараңыз: Түркістан  
 Шымкент, к. 351, 386  
 Шымкент обл. 239  
 Шыңғыс, жота 117, 196  
 Шыңғыстау, тау 181, 219, 333  
 Шылбыр, қойнау 167  
 Шырдабек, к. ж. 167  
 Шыршық, өз. 284, 321  
 Шыштөбе, к. ж. 353  
 Шігіл, Шігіл-Балық, к. 307, 311, 387  
 Шігіл, елді мекен 311, 398
- Шідерті, өз. 139, 196, 198  
 Шілікті алқабы 182  
 Шілікті, қор. 158, 181–184, 228, 232, 236, 237  
 Шірік – Рабат, қон. 180, 181, 274
- Ырғыз, өз. 320, 322, 424  
 Ыстықкөл, көл 36, 58\*, 307, 312–314, 342\*, 483, 487, 491, 493  
 Ыстықкөл ойпаңы 17, 276, 398, 458, 485, 493
- Іле, өз. 17, 20, 28, 30, 59\*, 156, 166, 167, 169  
 Іле Алатауы 174, 225, 239\*, 240\*, 248, 270, 273, 314, 341\*, 405, 441, 474, 477, 493  
 Іле алқабы 28, 174, 248, 260, 264, 303, 314, 347, 398, 417, 418, 445, 456, 466, 474, 497, 498  
 Іле-Балық, к. 458, 497  
 Іңкәрдария, құрғақ арна 142, 144, 187
- Эфталит мемлекеті 277, 299
- Юени, иелік 273, 274
- Ява, арал 76  
 Явленко, қон. 92, 106, 112, 130–134;  
   Тұрақ 82, 112  
 Яз, қор. 148  
 Якке-Парсан, қон. 156\*  
 Яксарт (Сырдария), өз. 156\*, 241, 394\*  
 Янки, к. 496  
 Янги-Балық, к. 496  
 Янгикент, к. 316, 318, 319, 321, 335, 422, 443, 454, 456, 474, 475, 498, 499  
 Януай, мемл. 272, 277  
 Яр, к. 314  
 Яркенд, қараңыз: Жаркент  
 Яркендария, өз. 491  
 Яркян (Согюй), иелік 257  
 Яссы (Ясы), к. 454, 475, 484, 498, 499  
   қараңыз: Түркістан

## ЭТНИКАЛЫҚ АТАУЛАР КӨРСЕТКІШІ

- Абилер 162  
Аварлар (жужандар, жуань-жуаньдар)  
296, 297  
Ажлар 327, 329  
Азкишилер 39, 41, 310, 327  
Аздар 306  
Аландар 42, 276, 286, 292, 318, 354, 426,  
440; қараңыз: Яньцай, аорстар  
Албандар (лабан) 310  
Алқа-бұлақ 319  
Алтайлар 56  
Анджоғлы 425  
Апасиактар 162  
Арабтар 31, 38, 44, 56, 305, 307, 308, 315,  
338–341, 389, 494  
Аргиппейлер 161, 490, 164, 247  
Арғындар 432  
Аримаспылар 161–164, 182  
Аргу 310, 312  
Арийлер 159  
Асилер 161  
Астар 318, 426, 427  
Афшар 319  
Ашина 296, 300, 309
- Әл-арс 426
- Бажғарлар 318  
Бажна (бежене) 318, 319, 426, 427  
Барластар 414  
Барсхан 40, 310  
Басмылдар 37, 302, 306  
Башқұрлар 56, 319, 320, 331, 431  
Башқұрттар 40, 426, 427  
Баяндұрлар 319, 322, 327, 329  
Баят 319, 428  
Бежене, қараңыз: Бажна  
Бектілі 319  
Берберлер 44  
Бескіл 310
- Бириш 310  
Бистан 310  
Бома 308  
Будун 300  
Бұзұқтар 319  
Бүкдүз 319  
Бұлақ (моула) 310  
Бұлғарлар 40, 42, 331, 431  
Бұржоғлы 419  
Буртас 40
- Венгрлер, қараңыз: мазарлар, мажарлар
- Гректер 13, 31, 158, 165, 219, 490  
Гуздер, қараңыз: оғыздар  
Гулиган 308  
Гэлолу (Гелу) 310, қараңыз: қарлұқтар
- Гұндар, қараңыз: хундар
- Дайлар (дахтар) 161, 162, 164, 208–211,  
214, 215  
Дербиктер 162  
Дулаттар 48  
Дұртоба 319  
Дурут 425, 426
- Жағрлар (шағр) 319  
Жалайырлар 45, 408, 416, 446  
Жартан 425  
Жарұқлұғ 319  
Жебни (Жебекей) 319  
Жікілдер 310, 311  
Жуылдар 319  
Жұрқин 414  
Жужандар қараңыз: аварлар



- Елбөрілі (Елбөрі) 420
- Ива 319  
Иғдыр 319  
Ида (Эфтал) 297, қараңыз: эфталиттер  
Иириктер 163  
Имектер 423, қараңыз: кимектер  
Имурлар 319  
Индиялықтар (индустар) 426  
Исседондар 25, 163, 164  
Иетиоба 425, 426, 531
- Кангюй 25, 27, 36, 48, 52, 56, 272–277,  
281–287, 385  
Канки, қараңыз: кангюй  
Каспилер 161, 165  
Керейіттер (керей) 408–416, 432, 440,  
442, 444  
Кешаттар 430  
Кеңгерестер, қараңыз: қаңғарлар  
Кимектер (имек) 14, 29, 38–42, 44–46,  
49, 56, 57, 308, 312–316, 319, 322–326,  
328–340
- Қазақтар 7, 8–11, 13, 16, 27, 30, 46, 48–  
54, 57, 58, 219, 414, 415, 428–430, 437,  
439, 440, 444, 447, 448, 466, 480, 482–  
484  
Қаилар 297, 319, 327, 428, 432  
Қаңғарлар (кеңгерестер) 13, 27, 37, 314,  
315, 323, 427  
Қаңлы 45, 48, 412, 423, 424, 427, 428, 432,  
440, 444  
Қаңғароғлы (канаарлы) 425  
Қара біріклі (қара бөріклі) 425  
Қарабұлақ 319  
Қарақалпақтар 13, 56, 320, 355, 427  
Қара-қаңлы 427  
Қарақытайлар 416–419, 441  
Қара-түргештер 304  
Қарлұқтар 13, 14, 35–46, 52–56, 304–316,  
319, 321–323, 326–330, 333–337, 339,  
340, 384, 388, 389, 398, 403, 418, 427,  
428, 432, 440, 441, 443, 444, 475, 494,  
496  
Қарахандар 14, 326, 398–407, 431  
Қидандар 291, 326, 408, 411, 414–418, 423,  
440, 443, 494 қ а р а ң ы з: қарақытай  
Қотан 425  
Құлабаоғлы 425, 433  
Құмандар (командар половецтер) 29, 42,  
54, 327, 329–331, 419, 420, 425–427, 431, 432
- Құн 327  
Қыпшақтар 13, 29, 30, 37–53, 56, 57, 318,  
319, 322, 327–333, 384, 412, 416, 419–  
435, 440, 441, 443–446  
Қытайлар 31, 34, 36, 277, 296, 307, 339,  
494  
Қырғыздар (Енисейлік) 13, 37, 39, 53, 297,  
306, 308, 320, 326, 328, 330, 411, 415,  
431, 482, 497
- Лабан, қараңыз: албан  
Лазана 310  
Ланиқаз (нилқаз) 327, 329
- Мазарлар (венгрлер) 315  
Манқұроғлы 426, 427  
Массагеттер 53, 159, 161, 162, 164, 167,  
175, 208–210, 221, 276  
Меркіттер 411, 414, 415, 440, 441  
Монғолдар 50–52, 408–415, 420, 424,  
441–447, 461  
Моула (бұлақ) 310  
Мохэ 258
- Наймандар 408–416, 432, 440–444, 446  
Нукарда 318
- Оғыздар 13, 14, 37–46, 49–56, 306–337,  
340, 384, 389, 419, 422, 426, 427, 430–  
432, 456, 475, 482, 496  
Октуғра-оғыз 318  
Отыз-татарлар 297, 328  
Орыстар (рустар) 40, 41, 444
- Өзбектер 13, 56, 320, 415
- Парндар 25, 208  
Пасиандар 161  
Парсылар 31, 56, 158–165, 492  
Печенегтер 40, 52, 54, 315, 318, 319, 327,  
329–331, 427, 431, 432  
Половецтер (командар) 425, 444
- Роксаландар 205  
Рустар (орыстар) 40, 41, 444
- Савроматтар, қараңыз: (Сарматтар)

Сакарауктар (Сакара ұлдар) 161  
 Сақтар 13, 21, 25, 34, 46, 56, 158, 161, 162,  
 166, 170—175, 178—182, 214, 219—238,  
 262, 288—290, 490, 492  
 Сақтар (амургиялық)  
 Сақтар парадрайалық 158, 161  
 Сақтар-тиграхауда 31, 158, 161, 162, 164,  
 166  
 Сақтар-хаумаварга 31, 158, 161, 163, 165  
 Салур 319  
 Сарматтар (Саирима, Савроматтар) 25,  
 158, 161—164, 179, 180, 201, 204, 205,  
 214, 215, 221, 233, 274, 289, 290—292,  
 490  
 Сары-түргештер 304  
 Сегіз-оғыз 408  
 Селжуктер (салжұқтар) 13, 55, 318, 402,  
 422  
 Скифтер 13, 25, 158, 159, 161—164, 208,  
 214, 215, 221, 229, 238, 490  
 Соғдылар 37, 297, 301, 304, 305, 311,  
 315, 338, 339, 349, 363, 369, 383, 385,  
 386, 388, 391, 405, 482, 490—493, 503  
 Сюнну, қараңыз: хундар

Тағ 426, 427  
 Танғұттар 412, 414  
 Татаб, қараңыз: қаилар  
 Татарлар (кимек тайпасы) 320, 322, 323,  
 327—329, 414, 440, 444  
 Таттар 303  
 Ташилдер 310  
 Ташлық 310  
 Тәжіктер 426, 427  
 Төле, қараңыз: тиректер  
 Тибеттіктер 307, 308, 340  
 Тиректер 296, 300, 301, 310, 328  
 Токсоба 419, 425—427  
 Тоғыз-ғұздар (тоғыз-оғыздар) 38—40,  
 307, 313, 316, 322, 323, 326—330, 340,  
 398, 427  
 Тоғыз-татарлар 323, 328  
 Торк (оғыздар) 13, 317  
 Тугухун 258  
 Тұқлуктар 301  
 Түркмендер 13, 51, 55, 311, 320, 327, 429,  
 432, 482  
 Турлар 161  
 Тугер 319  
 Түргештер 13, 30—43, 46—52, 54—56, 163,  
 296—311, 320, 325, 327, 328, 334—339,  
 347, 349, 353, 361—365, 369, 380—385,  
 389—392, 404, 405, 425, 427, 433—437,  
 442, 446, 474, 475, 480—482, 489, 491,  
 492, 494, 502

Түрктер-ғұздар 321  
 Түріктер-қарлұқтар 311, қараңыз: қар-  
 лұқтар  
 Түріктер-шарұқтар 311  
 Түріктер-шігілдер (шікілдер) 311

Уархун(вархонит)-түріктер 300  
 Уге (У-цзе) 187  
 Узы 315; қараңыз: оғыздар  
 Ула-йондулұғ 319  
 Уран 423, 424, 428, 432  
 Урегир 319  
 Усундер 20, 21, 25, 34, 36, 48, 51—56, 166,  
 227, 248—268, 275, 288—291, 437, 466  
 У-цзе, қараңыз: уге  
 Учуктар 318—320

Ұйғырлар 37, 45, 306—309, 323, 328, 340,  
 386, 387, 411, 417, 427, 440—443  
 Ұлұғ-оқ 303

Үйшүндер (усундер) 258  
 Үш-қарлұқ 307

Фаракия 310  
 Фисагеттер 163

Хазарлар 40, 317, 330, 391  
 Хакастар 431, 473  
 Халаждар 310, 311, 319, 475  
 Халух, қараңыз: қарлұқтар  
 Хим 310  
 Хорезмдіктер 418, 426  
 Ху 304  
 Хундар (сюнну, ғұн, гун) 25, 34, 48, 51,  
 54—56, 187, 245—249, 257—260, 274,  
 275, 292, 296, 388, 436

Цзу-бу 408

Чапыш (шабыш, чэбиши) 304  
 Черкестер 431  
 Чештер 257, 268  
 Чжисилер 46, 310, қараңыз: жікілдер  
 Чумук-құн (чумукун) 301

Шағра 422, 430  
 Шарұқтар 310, 314, 319

Шары (Сары) 327  
Шігілдер (жікілдер) 40, 42, 52, 307, 310–  
314, 402, 428, 432  
Шортан 427

Эймур 322, 327–329  
Этрустар 490

Эфталиттер 33, 48, 297, 299, қараныз: Ида  
Юэчжи 34, 246–249, 272–274, 388

Яғма 37, 52, 302, 398, 402  
Язғыр 319  
Яньмо 322, 328, қараңыз: имектер  
Яньцай (аорстар, аландар) 48

## ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

АО	– Археологиялық ашылулар
АТР	– Азиялық-Тынықмұхиттық аймақ
ВАН	– ҚР ҒА-ның хабаршысы
ВДИ	– Вестник древней истории
ВМУ	– Вестник Московского государственного университета им. М. В. Ломоносова
ВИА	– Всеобщая история архитектуры
ГИМ	– Мемлекеттік тарихи музей
ГПБ	– М. Е. Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік көпшілік кітапханасы
ЗВОРАО	– Записки Восточного отделения Русского археологического общества
ИВ РАН	– Институт востоковедения Российской Академии наук
Изв. АН КазССР	– Известия Академии наук Казахской ССР (ҚР ҒА-ның хабарлары)
КАЭЭ	– Кыргыз археологиялық-этнографиялық экспедициясы
КСИА	– Краткие сообщения института археологии АН СССР
КСИЭ	– Краткие сообщения института этнографии АН СССР
КСИИМК	– Краткие сообщения о докладах и полевых исследованиях института истории материальной культуры АН СССР
КирФАН СССР	– Киргизский филиал АН СССР
МИА	– Материалы и исследования по археологии СССР
МИКК	– Материалы по истории киргиз и Киргизии
МИТТ	– Материалы по истории туркмен и Туркмении
МОЭ	– Материалы по отделению этнографии Географического общества СССР
МХЭ	– Материалы Хорезмской экспедиции АН СССР
НАА	– Азия мен Африка халықтары
ППВ (ПВ)	– Шығыстың жазба ескерткіштері
СА	– Советская археология
СВ	– Советское востоковедение
СИАЭ	– Серия истории, археологии и этнографии

СМАЭ	— Сборник музея антропологии и этнографии
СОН	— Серия общественных наук
СТ	— Советская тюркология
СЭ	— Советская этнография
ТВОРАО	— Труды Восточного отделения Русского археологического общества
ТИИАЭ АН КазССР	— Труды института истории, археологии и этнографии АН КазССР
ТИЭ	— Труды института этнографии АН СССР
ТОВГЭ	— Труды отдела Востока Государственного Эрмитажа
Тр. ИИА АН УзбССР	— Труды института истории и археологии АН Узбекской ССР
Тр. САГУ	— Труды Среднеазиатского государственного университета
Тр. ТАКЭ	— Труды Туркменской археологической комплексной экспедиции
Тр. ЮТАКЭ	— Труды Южно-Туркменистанской археологической комплексной экспедиции
ТХАЭЭ	— Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции
ЭВ	— Эпиграфика Востока

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	7
Редакциялық алқадан .....	12
Ертедегі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы .....	16
1. Қазақстандағы археологиялық ескерткіштерді зерттеу тарихынан. Археология проблемалары және оларды талдап зерттеу .....	16
2. Жазбаша деректемелер .....	31
3. Қазақстанның ертедегі және орта ғасырлардағы зерттеу тарихы (б. з. б. VII ғ. — б. з. XIII ғасырдың басы). Жазбаша деректер бойынша .....	45
<b>БІРІНШІ БӨЛІМ. Ежелгі Қазақстан .....</b>	<b>67</b>
<i>Бірінші тарау. Ежелгі тас ғасыры (палеолит) дәуіріндегі Қазақстан .....</i>	<i>68</i>
1. Табиғат жағдайлары және ертедегі гоминидтер мекендеген орта .....	69
2. Ежелгі палеолит .....	74
3. Соңғы палеолит .....	79
4. Мезолит .....	81
<i>Екінші тарау. Жаңа тас ғасырындағы Қазақстан .....</i>	<i>85</i>
1. Неолит .....	85
2. Энеолит .....	95
<i>Үшінші тарау. Қазақстан ертедегі дәуірде .....</i>	<i>101</i>
1. Қола дәуіріндегі Қазақстан тайпалары .....	101
2. Шаруашылық, мәдениет және қоғамдық қатынастар .....	105
3. Орталық Қазақстанның тайпалары .....	117
4. Солтүстік және Батыс Қазақстанның тайпалары .....	128
5. Шығыс Қазақстан тайпалары .....	136
6. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу тайпалары .....	141
7. Қола ғасырының антропологиялық сипаттамасы .....	150
<b>ЕКІНШІ БӨЛІМ. Сақ-сармат дәуіріндегі Қазақстан .....</b>	<b>157</b>
<i>Бірінші тарау. Ертедегі темір дәуірі .....</i>	<i>158</i>
1. Б. з. б. VII—IV ғасырлардағы тайпалар және олардың қоныстануы туралы жазба деректер .....	158

2. Ертедегі темір дәуіріндегі Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан .....	166
3. Ертедегі темір дәуіріндегі Шығыс Қазақстан .....	181
4. Ертедегі темір дәуіріндегі Солтүстік Қазақстан .....	187
5. Ертедегі темір дәуіріндегі Орталық Қазақстан .....	196
6. Батыс Қазақстанның савромат-сармат мәдениеті .....	200
7. Арал-Каспий даласының тайпалары .....	206
8. Сақ дәуірі тайпаларының шаруашылығы, тұрмысы және қоғамдық құрылысы .....	215
9. Сақтардың мәдениеті мен өнері .....	229
<b>Екінші тарау. Ғұн және усун мемлекеттері .....</b>	<b>245</b>
1. Этникалық және саяси тарихы .....	245
2. Ежелгі усундердің әлеуметтік-экономикалық қатынастары .....	250
3. Ғұндардың шаруашылығы, әлеуметтік-экономикалық қатына стары .....	258
4. Усундер мен ғұндардың материалдық мәдениеті .....	260
5. Тұрғын үй, тұрмыс және үйдегі өндіріс .....	264
<b>Үшінші тарау. Кангюйлер .....</b>	<b>272</b>
1. Саяси тарихы .....	274
2. Археологиялық ескерткіштер .....	277
3. Шаруашылық, қолөнер, сауда .....	282
4. Ертедегі темір дәуірі мен біздің заманымыздың шебіндегі антро- пология .....	288
 <b>ҮШІНШІ БӨЛІМ. Ертедегі және дамыған ортағасырлық мемлекеттер 295</b>	
<b>Бірінші тарау. Ертедегі ортағасырлық мемлекеттер .....</b>	<b>296</b>
1. Батыс түрік және Түргеш қағанаттары .....	296
2. Қарлұқтар .....	305
3. Оғыздар .....	314
4. Кимек қағанаты .....	322
5. Қарлұқтардың, оғыздардың, кимектердің шаруашылығы .....	333
6. Арабтар .....	338
<b>Екінші тарау. VI–IX ғасырлардың бірінші жартысындағы отырықшы және көшпелі мәдениет. Қала мен дала .....</b>	<b>347</b>
1. Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара әсері .....	347
2. Қалалар мен қалалық қоныстар .....	349
3. Қала мен қоныс құрылысы. Зираттар .....	353
4. Көшпелілердің материалдық мәдениеті .....	362
5. Қолөнер, сауда, ауыл шаруашылығы .....	366
6. Архитектура және өнер .....	372
7. Наным-сенімдер және дін .....	383
8. Тіл, жазу және әдебиет .....	389
<b>Үшінші тарау. Дамыған ортағасырлық мемлекеттер .....</b>	<b>398</b>
1. Қарахан мемлекеті .....	398
2. Наймандар, керейіттер, жалайырлар .....	408
3. Қаракытайлар Жетісуда .....	416
4. Қыпшақтар .....	419

5. Орта ғасырлар кезеңінің антропологиясы .....	435
6. Шыңғыс-хан шапқыншылығы .....	440
<b>Төртінші тарау. IX ғасырдың екінші жартысы – XIII ғасырдың басындағы отырықшы, қала және дала халқының мәдениеті .....</b>	<b>454</b>
1. Қалалар санының өсуі .....	454
2. Қалалар құрылымындағы өзгерістер .....	460
3. Тұрғын үй .....	463
4. Қолөнердің, сауданың, ауыл шаруашылығының дамуы .....	467
5. Сәулет өнері және құрылыс. Сәндік-қолданбалы өнер .....	477
6. Дін және мәдениет. Исламның таралуы .....	481
<b>Бесінші тарау. Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы .....</b>	<b>491</b>
1. Ұлы Жібек жолының Қазақстандағы сілемі .....	491
2. Сауда және товар алмасу .....	500
3. Мәдениеттердің өзара әсері .....	504
<b>Қосымшалар .....</b>	<b>509</b>
<b>Хронологиялық көрсеткіш .....</b>	<b>510</b>
<b>Есімдер көрсеткіші .....</b>	<b>513</b>
<b>Тарихи-географиялық және топографиялық атаулар көрсеткіші .....</b>	<b>518</b>
<b>Этникалық атаулар көрсеткіші .....</b>	<b>534</b>
<b>Қысқартулардың тізімі .....</b>	<b>538</b>



# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

(көне заманнан бүгінге дейін)

төрт томдық

I том

«Атамұра» баспасының бас директоры  
*Мұхтар Құл-Мұхаммед*

Бас редакторы *Әділхан Пірманов*  
Редакторлары *Кәдірбек Сегізбайұлы, Жеңісхан Түктібаев,*  
*Райхан Райбаева, Қайрат Мүлікбаев*  
Техн. редакторы *Валентина Голубцова*  
Суретшісі *Қансейіт Төрқұлов*

«Атамұра» корпорациясының компьютерлік  
орталығында терілген

Компьютерде беттеген *Наталья Развинавичене*  
Компьютерде терген *Қазнагүл Құлынбаева*

ИБ № 37

Теруге 26.02.96 берілді. Басуға 9.04.96 қол қойылды. Формат 60x90 1/16.  
Таймс гарнитурасы. Шартты баспа табағы 34. Есептік баспа табағы 42,034.  
Таралымы 5000 дана. Бағасы келісімді. Тапсырыс № 4089

«Атамұра» баспасы, 480083, Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі, 157.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ұлттық агенттігінің  
Кітап фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.

**Басылым Алматы темекі компаниясы  
акционерлік қоғамының,**

**ФИЛИП MORRIS**

**компаниясы тобының**  
қаржылай демеуі мен Зерттеу және  
айырбас жөніндегі Халықаралық  
Кеңестің қолдауының нәтижесінде  
жарық көрді

This book was published thanks  
to financial support  
of **Almaty Tobacco Company,**  
a Member of the


**PHILIP MORRIS**

**Family of Companies**  
and cooperation of the International  
Research & Exchanges Board (IREX)


Оңтүстік Қазақстан және Жетісудағы

Ұлы Жібек

КАРТА



# ортағасырлық қалалар мен КОЛЫНЫҢ СЫ



## ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:

- - Қазіргі елді мекендер
- - Ортағасырлық қалалар
- - Керуен жолдары

ЕСКЕРТПЕ: Картадағы ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің атаулары әр дәуірде, әрбір ғылым еңбекте, зерттеулерде әртүрлі аталып жүр.